

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ  
ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ**

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ  
ЭНЦИКЛОПЕДИЯ**

**Алматы, 2021**

ӘОЖ 1/14 (03)

КБЖ 87я2

Ф 53

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының  
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

**Құрастырушылар:**

*Т.Х. Ғабитов, философия ғылымдарының докторы, профессор С.  
Е. Нұрмұратов, философия ғылымдарының докторы, профессор*

**Рецензенттер:**

*Қ.А. Затов, философия ғылымдарының докторы  
Ғ. Т. Телебаев, философия ғылымдарының докторы,  
профессор  
Ғ.Қ.Құрманғалиева, философия ғылымдарының докторы*

**Мақалалар авторлары:**

*Л.Ә. Асқар, Қ.Ұ. Әлжан, Ә.Ш. Әлімжанова, Н.Ж. Байтенова, Т.Х. Ғабитов,  
Қ. Жамалов, Д.М. Жанабаева, Қ.А. Затов, З.М. Қодар, К.М. Қоңырбаева, Ә.  
Құранбек, А.Д. Мейірманов, Қ. Мұханбетәлиев, С. Мырзалы, С. Е. Нұрмұратов,  
Ғ.Ж. Нұрышева, А.О. Омырбекова, Е. Осербәев, Ж.Б. Ошақбаева, Д.С. Раев, А. Рыскиева, А.  
Сағиқызы, Б.М. Сатершинов, М. Сәбит*

**Ф 53 Философиялық энциклопедия.** – Алматы: Лантар Трейд, 2021. – 527 б.

ISBN – 978-601-304-004-2

«Философиялық энциклопедияда» маңызды философиялық ұғым-терминдер мен көрнекті философтар туралы мәліметтер алғаш рет жүйелі түрде қазақ тілінде берілген. Философиялық энциклопедия философия пәні бойынша мектеп оқушылары мен студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, оқытушылар мен ғалымдарға, философия және рухани мәдениетпен айналысушы мамандар мен жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 1/14 (03)

КБЖ 87я2

ISBN – 978-601-304-004-2 © Лантар Трейд,  
2021

## ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА

Энциклопедияда мақалалар әліпби тәртібімен орналасқан. Ұғым-терминдер атауын қою бояулы бас әріптермен берілді. Бір мағынадағы ұғымдардың қатар қолданылып жүрген бірнеше атаулары болса, алдымен ғылымда қолданылып жүрген негізгі атауы берілді де, екінші атауы жанына курсив әріптермен жазылды. Мыс., **ТАБУ**, *тыйым салу*. Энциклопедияда қамтылған ұғым-терминнің аты, нақты бір мақаланың ішінде аталса, ол курсивпен терілді. Энциклопедияда жиі қайталанатын сөздерге қысқарту жүйесі қолданылды. Энциклопедияда мақала атауы сол мақаланың ішінде қайталанған сайын тек басқы әріптермен берілді. Мыс., **Мәдениет** – М., **Мәдениеттен** – М-тен, **Шешендік өнер** – Ш.ө.

## НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР

археол. – археологиялық	мемл. – мемлекеттік
архит. – архитектуралық	мыс. – мысалы
әдеб. – әдебиеттер	нем. – немісше
элеум. – элеуметтік	парс. – парсыша
б.з. – біздің заманымыздың	проф. – профессор
б.з.д. – біздің заманымызға дейінгі	псих. – психологиялық
грек. – грекше	т. б. – тағы басқа
ғ. – ғасыр	ун-т – университет
ғыл. – ғылыми	филол. – филологиялық
ж. – жылы	филос. – философиялық
ин-т – институт	франц. – французша
исп. – испанша	ф-т – факультет
корр.-мүшесі – корреспондент-мүшесі	Шығ. – Шығармалар
лат. – латынша	эстетик. – эстетикалық

## АЛҒЫ СӨЗ

«Философиялық энциклопедия» деп аталатын бұл кітаптың мақсаты – еліміздің 30 жыл тәуелсіз кезеңі тарихында көпэтносты Қазақстан қоғамындағы ұлттық мемлекеттіліктің негізі болып табылатын ұлттық рухани мәдениетте қалыптасқан философиялық үдеріс пен дәстүрді кешенді зерттеу арқылы, әдіснамалық талаптарға сай энциклопедияны дайындау.

Ұлттық философия – халықтың дәстүрлі дүниетанымын, тарихи-мәдени және эстетика-этикалық ұстанымын, тілі мен ділін, болмыс-бітімін айғақтап, әлемдік өркенниеттегі орнын айқындайтын рухани құндылықтардың мәйегі. Әбу Насыр әл-Фараби мен Махмұт Қашқари, Ахмет Иасауи мен Абай Құнанбайұлы сияқты даналар шыққан ұлы дала ұрпақтарының мәдениеті – тұтас бір өркеніет жемісі ретінде бұрын арнайы қарастырылмайтын. Тек қана еліміз тәуелсіздік алған соңғы отыз жылда ғана Қазақ елінің философиялық мұрасына арнайы назар аударыла бастады.

Қазіргі тарихи кезеңдегі Қазақстанның тәуелсіздігі философия ғылымына жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Қазақ халқының рухани қайта өркендеуі өзінің шынайы тарихын пайымдау арқылы, төлтума мәдениеті пен ұлттық философиясын қайта түлету арқылы жүзеге асырылады. Бұл еліміздің қоғамдық-гуманитарлық білім саласына, оның ішінде ұлттық философияға, мәдениеттану және саясаттану ғылымдарына келелі міндеттер жүктейді. Қолға алынып отырған бұл энциклопедияның да ғылыми өзектілігі осында.

Аталмыш ғылыми-танымдық еңбектің Қазақстан халқын біріктіруші ұлттық идеясын пайымдаудағы сипаты көпэтносты халқымыздың ынтымақта өмір сүруіне, еліміздегі рухани және әлеуметтік кеңістікті жаңғыртуға өз үлесін қосатындығына сенімдіміз. Жоғарыдағы қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер шешілуі тиіс: әлемдік классикалық және қазіргі заманғы философиялық ойдың негізгі ұғымдарына түсіндірме беру; гуманитарлық ғылым саласы ретіндегі философия терминдерінің мәнін ашып, жан-жақты түсініктеме беру; қазақтың және басқа этнос өкілдерінің философиялық ұғым-түсініктерін сипаттап, олардың мәндік-мағыналық

негіздерін зерделеуден өткізу; қазіргі және дәстүрлі қазақ қоғамындағы негізгі философиялық ұғымдардың мазмұнын ашу.

Бұл еңбек мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Практикалық жағынан алғанда қазақ тіліндегі философия бойынша энциклопедиялардың, сөздіктердің, анықтамалықтардың тапшылығын ескерсек, бұл кітап осы олқылықтың орнын толтыра алады деген үміттеміз. Әрине, басқа сөздіктерде философиялық ұғымдарға ұтымды нұсқа берілген сипаттамалар әдебиеттер тізімінде көрсетілу арқылы қолданылды. Шығарма елімізде қазіргі кезеңдегі отан тарихын ежелгі заманнан тәуелсіздікке дейін және жанаша тарихты қайта зерделеуден өткізіп жатқан дәуірде қалыптастырылды. Ол ұғымдық түсініктемелер тұрғысынан маңызды ғылыми және философиялық әдістемелік бағдар ретінде өзіндік қызметін атқарады деген ойдамыз.

Энциклопедия философия саласындағы зерттеулердің ғылыми-әдіснамалық мазмұнының артуына ықпалын тигізері сөзсіз. Жұмыстың нәтижелерін философия, мәдениеттану және саясаттану ғылым-дарына арналған кешенді зерттеулерде, пәнаралық жобаларға, жалпы ағартушылық және тәрбиелік бағдарламаларда пайдалануға болады.

Энциклопедияның теориялық және қолданбалы нәтижелерін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің барлық мекемелері қолдана алады. Оқушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және ғылыми қызметкерлер бұл еңбекті анықтамалық және ғылыми түсіндірме ретінде пайдалана алады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының қауіпсіздік Кеңесіне, Ұлттық-мәдени орталықтарға, әкімшіліктерге, Үкімет ұйымдарына пайдасын тигізеді деген үміттеміз.

Білім мен ғылымның әртүрлі салаларына қатысты энциклопедиялық сөздіктер мен анықтамалықтарды жариялау жағынан бізбен көршілес Ресейдің анағұрлым алда екені күмән туғызбайды. Ал біздің елімізде бұл бағыттағы жұмыстардың енді ғана қарқын алып келе жатқаны белгілі. Негізінен мұндай жинақтардың пайда болуына «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы мұрындық болып келді. Гуманитарлық білім салаларына қатысты қазақ тіліндегі осындай еңбектердің зәрулігі байқалады.

Елімізде осы салада жазылған энциклопедиялардың көпшілігі толыққанды ғылыми сипатта емес және қолданбалы тұстары аздау. Сондықтан осы ғылым салаларының негізгі ұғымдарын тарихи-философиялық зерттеу мәдени-тарихи ахуал мен рухани жағдайды қайта қалпына келтіруге септі-гін тигізіп қана қоймай, оның сабақтарын қазіргі Қазақстандағы қоғамдық ойды дамытуға да пайдалануға болады. Осы себептерге байланысты бұл энциклопедияның күтілетін ғылыми нәтижелері бәсекеге толықтай қабілетті бола алады, сонымен қатар, олар ұлттың ұйысуы мен қоғамның бірігуі үшін қазіргі әлеуметтік саланың модернизациялануы кезеңінде үлкен маңызға ие болары анық.

Авторлар философияның дәстүрлі кезеңі мен қазіргі жаһандану процестері үдеген кезеңдегі сабақтастық идеясын терминдерге жеткілікті деңгейде түсіндірмелер беру арқылы айқындайды. Әрбір ұлттың, ұлттық мәдениеттің философиялық салалар бойынша жеткілікті деңгейдегі энциклопедиялық сөздігі болуы керек, ол тек тілдік қорды ғана нығайтып қоймай, сонымен қатар жалпы дүниетанымдық көкжиекті, қазақ тілінің рухани ауқымын да барынша кеңейтеді, сонымен қатар практикалық жағынан алғанда қоғамда ұлтаралық қатынастарын жетілдіруге, азаматтардың философиялық мәдениетінің деңгейін көтеруге өз үлесін қосады.

**АБАЙ (Ибраһим) Құнанбаев** (29. 7(10.8). 1845, қазіргі Шығыс А Қазақстан обл. Абай ауд. Қасқабұлақ жайлауы – 23. 6(6.7). 1904, сонда, Балашақпақ жайлауы, бейіті Жидебайда) – ақын, философ, ағартушы гуманист.

А-дың ұлылығын танытатын өлеңінің бірі – «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес». Осы өлеңнің бастапқы тармағындағы сөздердің мәнісіне үңілсек, табиғат сөзін қалыпты мағынада алып, аспан мен жер, күн мен айды айтып отырған сияқты. Олардың өмірі адам өмірінен ұзақ екені талассыз. Ескі филос. еңбектерде табиғат өлсе де, адам өлмейді деп, осы екеуін біріне-бірін қарама-қарсы қою кездеседі. Мыс., Сократ адамды табиғатқа қарсы қойып, әділдік, ізгілік секілді адамның жақсы қасиеттерін зерттеу қажет те, ал табиғатты зерттеу деген көңіл бөлуге тұрмайды деп санаған. Табиғат өзгереді, құриды, мәңгі өзгермейтін жаратушы бір Алла ғана деген ұғым бар. Жақсы адамның өзі өлсе де, жаны өлмейді деген пікірді философтар да айтқан.

А. әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік филос. түйіндері бар ғұлама. Ақынның рухани, даналық мұрасы – терең мағыналы филос. идеяларға толы. Ол күллі Шығыста филос-ның негізгі мәні болып табылатын «жетілген адамды» өзекті және басты проблема етіп қарастырып, соған айрықша көңіл бөлді. Адамгершілік туралы ілімді дамыта отырып, адамды адамгершілік, кісілік тұрғысынан жетілдіру принциптерін, ұлттық эстетика мәселелерін алға тартты. Адамның шексіз танымдық мүмкіндіктері жөнінде, білім мен ғылымның әлеум. рөлі туралы, адамтану мәселелерін көтерді.

Даналықтың өлшемі бола білген философ-ақынның рухани мұрасы шын мәнісінде, қазақ халқының зерделі ойы мен өмірі тұрғысындағы энциклопедия секілді. А-ды танып, белсенді игере отырып, сол кездегі қазақ қоғамының экон., саяси, құқықтық, отбасылық, мәдени-тарихи, моральдық хал-жайынан айқын да толық мағлұматтар алуға болады.

«Әрбір ғалым-хакім емес, әрбір хакім-ғалым», «Адаспай тура із- деген хакімдер болмаса дүние ойран болар еді» – деген пікір ғұламаның филос. көзқарасы. Жалпы, А-дың философиялық, көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. А-дың қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық алты бөлек шығармадан тұратын А-дың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. А. өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп, көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық

сананы ұштастырады. А-дың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, элеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды.

А-ға дейінгі қазақ ақындары мен жырауларының дүниетанымдық айшықтарына көркем филос. тән. А-дың шығармашылық келбетін, дүниеге деген көзқарасын айқындаған үш қайнар көз туралы сонау отызыншы жылдардың өзінде-ақ М.О. Әуезов «Абай Құнанбаев қазақ халқының ұлы ақыны» атты еңбегінде белгілі бір жүйелі пікір қалыптастырғаны белгілі. Ол «Ұлттық және бүкіладамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның творчестволық ісіне азық болды. А. қазақ елінің ұлттық рухы мен менталитетін, оның көкейтесті арманы мен данагөй ойларын абыздық көрегендікпен өлеңмен өрнектеуді қазақ эпосынан үйренді. Сондай-ақ А-дың жүйелі ойларының үлкен бір арнасын қалыптастыруына Шығыстың рухани қазынасының да ықпал-әсерінің аз болмағандығы сөзсіз. Өйткені, ол күллі араб пен парсының батырлық жырларын, Шығыстың атағы жер жүзіне мәшһүр классик ақындарын, ат-Табари, Рабғузи, Рашид-эд-Дин, Захиреддин Бабыр, Әбілғазы Баһадур ханның тарихи еңбектерін, сондай-ақ логика ғылымының негіздері мен мұсылмандық құқ, Шығыстың шарифат қағидаларын ұғындырар ғұламаларының еңбектерін жетік меңгергенді. Сол еңбектерді түпнұсқасында оқитын жан-жақты білімдар, ғұлама болатынды. Барлық Шығыс ойшылдары секілді ақынның «Адам бол!» дейтін үндеуден өріс алатын, оның бүкіл творчествосының өзегіне айналған, адамды адамгершілік тұрғысынан жетілдіруге, сол арқылы қоғамды сындарлы кейіпке жеткізуге ниет ететін ақындық негізгі мұрат бұл тұрғыда оның ежелгі алып ой өкілдерімен рухани туыстығына куәлік береді.

А. адамгершілік идеясын өмір бойы ту қылып көтеріп өткен. Ол азаматты шыққан тегі, атқарып жүрген қызмет-мансабы, атақ-даңқы мен дәулетіне қарай емес, оның жан дүниесіне, өз еліне, халқына көрсетер қызметіне қарай құрметтеуге үндейді. Ғылым, философия, білім, тарих, әдебиет пен өнер барлық мүмкіншіліктерін жұмсай отырып, мемлекетке ықпал етуге, ондағы адамдардың адамгершілік тұрғысынан жетілуіне көмектесуге тиіс деп білді қазақ данасы. Оның философиялық-этикалық концепциясының, жалпы дүниетаным жүйесінің негізгі мәні, міне, осында. А. – қазақ философиясы мен әдебиетінің классигі ретінде қазақтың күллі рухани өмірінің тұтастығының тұғырнамасы, барша шығармаларында бүкіл адамзаттық мұрат пен арман-мүдделерді жыр еткен бір ұлттың әлемдік деңгейдегі терең ойлы асқақ философ-ақыны. Ол өзінің бүкіл творчестволық қажыр-қайратын адамгершіліктің биік мақсаттарын, нағыз кісіліктің, салауатты халық болудың жолдарын іздеуге және оларды іске асыруға, сөйтіп, тұлғаның адамгершілік тұрғысынан биіктерге көтерілуін насихаттай отырып, ол өмір мен өлім туралы кең мағыналы қорытындылар



жасайды. Соның арқасында ол тек бір халықтың данышпан философ-ойшылы ғана болмай, бүкіл әлемдік мәдениеттің көрнекті өкіліне айналды.

### **АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ “ТОЛЫҚ АДАМ” ІЛІМІ**

Абай - ұлы философ, ойшыл. Оның дүниетанымдық және философиялық ой-толғаныстарында өте көптеген мәселелерге көңіл бөлінген. Абайдың осы ой-толғаулары мен философиялық ізденістерінде адам мәселесі орталық орын алады. Абай адам мәселесін жан-жақты философиялық, биологиялық, психологиялық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қарастырады. Абайдың бүкіл философиясының квинтэссенциясы, негізгі принципі ретінде “Адам бол!” деген ой тұжырымын алуға болады. Абай өзінің бүкіл болмысын, білімі мен өмірлік тәжірбиесін, поэзия мен прозасын, бүкіл ой-толғанысы мен философиясын адам бойында кісілік пен адамгершілікті, білімділік пен парасаттылықты, әділеттілік пен қайратты, елдің қамын, бүкіл адамзат қамын ойлайтын, дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адамды тәрбиелеуге жұмсады. Абайдың пікірі бойынша адамгершілік нормалары мен принциптерін күнделікті өмір сүру тәсіліне айналдырған адамды ғана нағыз адам деп есептеуге болады, сондықтан: “Адам болам десеңіз, оған қайғы жесеңіз... Бес нәрседен қашық бол. (Бес дұшпан - Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ) Бес нәрсеге асық бол (Бес асыл іс – Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рақым)”. Адам үшін оның өміріне мән беріп тұрған негізгі нәрсе - өз бойындағы адамилықты жоймау, бүкіл өмір бойында адамға лайықты өмір сүру. Осы дүниеге адам болып келгендіктен, осы дүниеден де адам болып кету керек. Адамның адамдық қасиетін өмір сүру барысында жоғалтып алмау бұл да адамның ең алдымен өз алдында, басқа адамдар алдындағы жауапкершілігі, ол адам тарапынан белгілі бір ерік-жігерді, қайратты қажет етеді.

Абай философиясының негізгі ерекшелігі ең алдымен адама мәселесін философияның негізгі мәселесі ретінде алып қалыптастырады. Абу Хайян ат-Таухиди айтқандай адам адам үшін мәселеге айналды. Бұл, әрине Абай философиясына антропологиялық сипат береді, бірақ Абайдың философиялық антропологиясының өзіндік сипаты бар, ерекше философиялық ілім, жүйе болып табылады. Абай үшін адамды жаратқан Құдай болғандықтан, адамның бойындағы адамдық табиғатпен емес, Аллаға деген сеніммен, махаббатпен анықталады. Сондықтан Абайдың философиялық антропологиясы Құдайдан адамға өтеді.

Абайдың философиялық антропологиясының келесі өзіндік ерекшелігі дүниежүзілік философияда, әсіресе Шығыс философиясында кең тараған “эмбебап адам”, “жан-жақты жетілген адам” ілімінің көптеген нұсқаларының ішінде (герметизм мен гностицизмдегі Антропос, Каббаладағы Адам Кадмон, маздаизм мен зороастризмдегі Гейомарт, Ежелгі Үндінің діни философиясындағы Пуруша, Ежелгі Қытай философиясындағы шэн жэнь, соның ішіндегі Конфуцийдің әлеуметтік идеал болып табылатын цзюнь-цзы, арабтілдік мұсылман Шығыс философиясындағы әл-инсан әл-кәмил және ортаазиялық жәуанмәрттілік ілімдер) өзіндік орны бар. Абай адам мен кісі мәселесін жан-жақты, ауқымды қарастыру арқылы, өзінің кісілік философиясы арқылы жан-жақты жетілген “толық адам” тұжырымын негіздеді. “Толық адам” ілімі тұрғысынан Абайдың өзінің қаншама “толық”, жан-жақты жетілген адам екендігіне тағы да көзіміз жетеді. Абайдың пікірінше Аллағы тән негізгі сегіз қасиет бар: тіршілік, ғылым, күш, көру, есту,

тілек тілеу, сөз, бар болу. Осы қасиеттер адамға да тән бірақ олар Алланың бойындағыдай жетілмеген. Егер бұл қасиеттер адамда да жетілген күйінде болса, онда Алла мен адамның арасында айрмашылық болмас еді.

Абайдың пікірінше жауанмәрт, яғни жан-жақты жетілген толық адамға үш негізгі қасиет: шындық, ізгілік, даналық тән болуы керек. Шындықты Абай әділеттілік, ізгілікті қайырымдылық, мейірімділік деп, ал даналықты ғылымның бір аты деп түсіндіреді. Әділеттілік – жақсылықтың анасы, ар-ұждан да әділеттілікке негізделеді. Ешуақытта әділеттілік сезімдерінді жоғалтпай, жақсылық жасаудан шаршамандар деп үйретеді ұлы ойшыл, себебі әділетсіз иман да, адамгершілік те болуы емес. Ғылым мен даналық та адам бойында жақсылық пен адалдық қасиеттердің болуын үйретеді, яғни қайырымдылық қасиеттерін тәрбиелейді. Абай бұл қасиет барлық адамдардың бойында бар деп айтады. Бірақ аз төмен дәрежеде, сондықтан әрбір адамның парызы, яғни толық адам болу үшін осы қасиеттерді жетілдіру қажет және де оларды өз бойында сақтап, тек қана игі, жақсы істерге жұмсалу керек.

Пенде мәселесіне келетін болсақ, ол Абайдың айтуынша өз басында еркі жоқ, барлығына тәуелді – байқұс. Пенденің бүкіл өмір болмысы жан сақтауға бағытталған, оның алдына қойған тілек, мақсаты – мал табу, тамақ пен киім, мансап пен атақ. Пенде жеке басының қамы үшін, жан сақтау үшін арын сатуға дейін барады. Аяқтап келгенде пенденің өмірлік мақсаты – мал табу, тамақ пен жан сақтау үшін арын сатуға дейін барады. Пенденің өмірлік мақсаты - өзінің қара басының қамы ғана. 38-сөзінде Абай айтқандай, пенденің “толық адам” болуына Алла ерік берген. Бірақ, адам әруақытта да Алланың берген еркін дұрыс пайдалана алмаған, көп жағдайда пендешілік жасап, шайтанның торына түсіп отырған. Абай “мұңлы шайтан құдайдың қуған жаны, - деп шайтан дүниетанымына зер салған. Абайдың данышпандылығы, ұлылығы, көрегендігі, оның сол кездегі көтерген мәселелердің бүгінгі күн үшін де өзекті, өзінің маңыздылығын жоймағандығынан да көруге болады. Абайдың философиялық ой-толғаныстары тек оған дейін өмір сүрген Батыс және Шығыс философтарының ойымен сабақтасып қана жатқан жоқ. Абай өзінің көптеген өлеңдері мен “қара сөздерінде” пендеге тән әдепсіздік, әділетсіздік, надандық, арсыздық, пара және пәлекорлық, мақтаншақтық, менмендік, арамдық және т.б. теріс қасиеттері туралы жиіркенішпен, ренішпен айтса, жан-жақты жетілген толық адамға тән адамгершілік, ізгілік, шыншылдық, білімділік, әдептілік пен әділеттілік, қайраттылық пен төзімділік, имандылық сияқты көптеген қасиеттеріне жан-жақты талдау жасап, адамның өз бойында осы қасиеттерді бар мүмкіндігінше жетілдіру қажеттігін айтады. Абайтың “толық адам” ілімі – адам, адамилық, адамгершілік принциптеріне негізделген. Абайдың осы мәселені өзінің терең мағыналы философиялық жүйесінің орталық, өзекті мәселе ретінде алуы оның өз халқының бойында адамилықты дамыту, тәрбиелеу, адамның өмірінің соңына дейін өзінің адамдық қалпын сақтай алуы, бір сөзбен айтқанда “адам болуын” тілеген ой-толғанысының, жүрек қобалжуының нәтижесі деп қарау керек. **Байтенова Н.Ж.**

**АБСОЛЮТ** (лат. *absolutus* – сөзсіз) – еркін, «мұқтажсыз», толық, өзге ешнәрсеге тәуелді емес, дара, тіршілік атаулының бәрін өз бойында қамтып,

сақтайтын және әлемнің жалпы негізі болып табылатын, мәңгі, шексіз, кәміл жетілдірілген және өзгермейтін болмыстың толықтығын белгілейтін философиялық категория. А. барлық жаратылыстың шығармашылық бастамасы және субъект пен объектінің үйлесімді тұтастығы ретінде түсіндіріледі. А. – объективті, мәңгі, шексіз, өзіне-өзі жеткілікті болатын, біртұтас жаратылыс және кез-келген салыстырмалылыққа әрі шартты тіршілікке қарама-қарсы құбылыс. А. – дүниенің басы мен аяғы. А. терминін философиялық айналымға XVIII ғ. соңында М. Мендельсон мен Ф. Якоби Б. Спинозаның табиғатты (тұлғасыз Құдайды) пантеистік түсіндіруіне балама ретінде енгізген. Содан кейін Шеллинг пен Гегельдің философиялық жүйелері арқылы А. «біртұтас», «апейрон», «нус», «логос», «дао», «барлық», «субстанция», «жалпыға бірдей субстрат», «өлшеусіз», «тануға болмайтын», «түпсіз болмыс», «кәміл», «максимум» және «минимум» сияқты барынша жалпы ұғымдарды жинақтап қорытындылайтын категорияға айналды. Көне заманғы «пратхи», «ци», «брахма», «бос кеңістік», «реттілік», «морфа» және т. б. идеялар мағынасы жағынан А. ұғымына жақын. Гегель философиясында дүниелік парасат (абс. рух) А. рөлін атқарады; Шопенгауэр философиясында – ерік, Бергсон ілімінде – түйсік, Франк ілімінде – «игерілмейтін», Тейяр де Шарденде – ақылмен қол жеткізілетін «Альфа» мен «Омега» тұтастығы нүктесі, метафизикалық орталық, қайнар көз және түпкі мақсат. Олар А. ұғымының шексіз кәмілдігінен оның өзгермейтіндігі және өзіне-өзі тепе-тең болатындығы туралы түсінікті өрбітеді. Интуицияны бірінші орынға қоятын философтар А-ті образдық білім, ұғым және таңба формасында игеру мүмкін емес, бірақ тікелей біздің ар-ұжданға, интуицияға, наным-сенімде болатын құбылыс ретінде онымен нақты күй кешуге болады деп есептейді.

**АБСОЛЮТТІ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ АҚИҚАТ** – таным үдерісінің даму өрісін сипаттайтын таным теориясының категориясы. Жалпы ақиқаттың классикалық теориясы бойынша, ақиқатқа мынандай ұстанымдар тән: 1) шындық білімге тәуелді болмайды; 2) адам ойы мен шындық арасында түбегейлі сәйкестік орнатуға болады; 3) ой мен шындық сәйкестігін анықтау өлшемі бар; 4) сәйкес келу теориясының өзі логикалық тұрғыда қайшы келмейді. Ақиқаттың өзі объективті, нақты процесс. Осыдан келіп ақиқаттың абсолюттілігі мен салыстырмалылығы келіп туындайды. А. ж. с. а. ұғымы таным жүйесін белгілі бір уақыт пен кеңістікте болып

отыратын тарихи жағдаймен байланысты үдеріс ретінде түсіндіріледі. Ол: 1) бұдан бұрын танылған және ғылым дамуының бұдан былайғы үдерісінде танылатын заттар мен құбылыстар арасындағы; 2) ғылымның бұдан кейінгі дамуы барысында біздің біліміміздің құрамында өзгеруі, дәлелденуі, теріске шығарылуы мүмкін білім мен теріске шығарылмаған күйінде қалатын білім арасындағы арақатынастарды ашып көрсетеді.

**АБСОЛЮТТІК ИДЕАЛИЗМ** – идеализмнің негізгі түрлерінің бірі. Рухтың алғашқылығын және материяның одан кейінгілігін, туындылығын мойындай отырып А.и. субъективті идеализм сияқты дүниедегі барлық нәрселердің негізі жеке, адамдық сана деп емес, қайдағы бір объективті о дүниелік сана – «абсолютті рух», «дүниежүзілік парасат» және т.с. деп біледі. Ойды материалдық заттармен салыстырғанда алғашқы деп қарастырып, А.и. олардың арасындағы шын мәніндегі байланыстарды түсіндіруде метафизикалық танымға келіп соғады. Мысалы, Платон жалпы ғылымдарды «идеялар дүниесінде» мәңгі өмір сүреді, ал материалдық заттар осы идеялардың солғын көлеңкесі деп есептеген. Гегельдің «абсолютті рухы», шын мәнінде, материядан бөлек алынған, оған қарама қарсы қойылған, абсолюттендірілген ұғымнан басқа ештеңе де емес. А.и. дәл ұғына білудің кейбір жақтарын абсолюттендірумен қатар «парасатсыз жетілгендікті» де бастапқы негіз ретінде мойындайды (Шопенгауэр, Э. Гартман). Қазіргі заманғы Батыс философиясында А. и. персонализм және басқа да мектептер түрінде көрінеді. А.и. әдетте теологиямен бірігіп кетеді де, діннің өзіндік бағыт алған философиялық негізі болып кетеді.

**Әдебиет: Философиялық энциклопедиялық сөздік. – М., 1983.**

**АБСТРАКТІЛІК ПЕН НАҚТЫЛЫҚ** – Гегель бұл терминдерді бір-біріне әрі қарама-қарсы, әрі ажырамас бірлікте қараған. Оның пайымдауынша абстрактілік те, нақтылық та, ең алдымен, болмыста болатын қасиет және соған байланысты ойлау жүйесіне де тән ұғым. Гегельдің пайымдауынша, нақтылық сан алуандықтың бірлігі, тұтастығы. Оның мағынасы: әрбір жеке зат, процесс, құбылыс – тұтас нәрсе, олардың әрқайсысы көптеген қасиеттердің, белгілердің, қатынастардың іштей байланысқан бірлігі, оқшауланған түйіні. Тұтастық не бірлік кездейсоқ, бір-біріне селқос нәрселердің жиынтығы емес, бірінен-бірі туындайтын нәрселердің бірлігі. Осындай табиғаты бір, бірақ әр түрлі құбылыстардың дербес тұтастығын нақтылық дейміз. Мысалы, Жер басқа аспан денелерінен біршама дербес, нақты тұтастық, адамдар қоғамы, ондағы әрбір халық, мемлекет т. б. дүниелерден қаншалықты тәуелсіз, дербес болса да, олар сол шеңберде өзіндік іштей байланысқа құрылған. Үлкен тұтастық ішінде олар қанша түрге бөлінсе де, жалпы табиғаты бір. Яғни, Н. тұтастықтан бөліп алған жеке қасиет бола

алмайды, себебі ол іштей дербестікке ие емес, сондықтан да басқа дүниемен өз дербестігі негізінде қатынас жасай алмайды. А. осындай дербес тұтастықтың ажырамас бір жағы, қасиеті, белгісі т. б. Бұл сондықтан да қарапайымдылық, жетілмегендік, сыңаржақтылық ұғымдарымен барабар. Бірақ өмірдің өзінде А. құбылыстар, формалар, қатынастар болады. Өмірдің өзіндегі осындай жалған көріністер адамға А. қайсы, Н. қайсы екенін ажыратқыза бермейді. Алдамшы көріністермен адастырыпбағады. Эмпирикалық логиканың (Локк, т. б.) А. п. Н. туралы тұжырымы тап осы өмірдегі жалған көріністің көшірмесі. Олар да құбылыстарға тән бір ортақ қасиетті бөліп алып, олардың барлығының шын табиғаты осы деп түсіндіреді. Бұл адасушылықтың әлеуметтік негізі бар. Сондықтан да оны жөніне келтіру өте қиын. Төңкерілген дүниенің төңкерілген санасын орнына келтіру үшін дүниенің өзін аяғына тұрғызу қажет. Бірақ оны түсіну үшін бұл міндетті емес.

**Әдебиет: Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996.**

**АБСТРАКЦИОНИЗМ** (лат. *abstractio* – дерексіздік, бөлініс, окшаулық) – қазіргі заман өнеріндегі қоршаған ортаны бейнелеуде нақты заттарды ескермейтін ағым. Абстракті өнер шындықты тікелей көрсетпейтіндіктен, оны кейде «затсыздандырылған» деп айтады. Ол үшін бейнеленетін нәрселердің көркемдік бітімдері (кеңістіктегі формалары, аумағы, бояуы т. б.) маңызды емес, бірінші орынға суреткер – тұлғаның субъектілік көңіл-күйі шығады. А. 1910 ж. Мюнхенде, Амстердамда, Мәскеуде шамамен бір уақытта қалыптасты да, 1930 ж. Париж бен Нью-Йоркте кеңінен өрістеді. А-нің эстетик. бағдарламасын 1910 ж. В. Кандинский «Өнердегі руханилық туралы» еңбегінде айқындап берді. А. екі бағытта дамыды: оқыс бояулар мен кескіндердің қиюласуын үйлесімді етуге ұмтылу және геометриялық абстракцияларды құрастыру. Біріншісі экспрессионизм және фовизм тәрізді ағымдармен түбірлес болып, түсті заттық шындықтан толық ажырат- қысы келді. Осы бағытта Оп-Арт деп аталатын, бояудың қиюластығын елестететін музыкалық және басқа да ассоциациялардан туатын синестезия идеясына негізделген ағым пайда болды. Бұл түрдегі А-нің кубизммен ортақ шыққан тегі бір болғанымен, одан айырмашылықтары да болды. А-нің осы бағытының тармақтары бірнеше: М. Ларионовтың сәулешілдігі, К. Малевичтің супрематизмі, Л. Попованың стиль тобы 1917 ж. Голландия- да жаңа пластицизм идеясын ұсынды: геометриялық бітімдердің анықтылығы, айқындылығы және қарапайымдылығы табиғат ретсіздігінен жоғары тұрады. А-нің кейбір көріністері дадаизм мен сюрреализм өкілдерінің кейбір шығармаларынан байқалды.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.**

**АБСТРАКЦИЯ** (лат. *abstractio* – ойша бағамдау) – шынайылықтың бейнесін ойша бағамдау және толтыру арқылы құрастыру. Ойша бағамдау арқылы заттың немесе құбылыстың қарапайым жобасын жасайды, ал толтыру арқылы оны күрделендіріп, түрлі нобайына алаңдамай, танымдық мәні бар ғылыми таңбаға айналдырады. Абай бұл сөзді ой суреті деп аударған.

**АБСУРД** (лат. *absurdus* – жалған естілетін, үйлесімсіз) – мәнсіздік, қайшылықты ой. Орта ғасырларда логикалық категория ретінде қолданылған. А. Камюдің шығармаш.-нда философиялық мәнге ие болды. Француз ойшылы өзінің «Сизиф туралы миф» деген шығармасында: «Мағынасыздық адамзат өркениетінің тағдыры, осыны түсінген тұлға тағдырын жеңіп шығады» дейді. Бұл ой бағыты белгілі дәстүрге айналып, ХХ ғ-дың 2-жартысында С. Беккет, Э. Ионеско есімдерімен әйгіленген А. драмасын тудырады

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т. 12. – Астана: Аударма, 2007.**

**АБЫРОЙ** – адамның рухани сапасын, құндылықтық тұғырын анықтайтын, оның әлеуметтік ортаға және қоғамның жеке адамға моральдық қатынасын бейнелейтін этикалық категория. А. жеке тұлғаның өзінің өзіне деген талғампаздығы мен талапкерлігі негізделетін, өзіндік сананың бақылау формасы. А. ар-ұжданнан бастау алып, адамның қоғам алдындағы өз борышы мен жауапкершілігін саналы түрде түсінуінің бір тәсілі. Жеке адамды құрмет тұтып қадірлеу, сыйлау, оның құқығын, ерік-бостандығын мойындау және т. б. талаптардан тұратын жеке тұлғаның А-ы оған деген қоршаған әлеуметтік орта мен жалпы қоғамдық-әлеуметтік қатынас арқылы көрініс табады және сол арқылы реттеліп отырады, яғни қоғамның адамға және адамның қоғамға деген қатынасын білдіреді. А. адамның қоғамдық бітім-болмысын, бейнесін, беделін танытады. Бұл жағдайда А. жеке тұлғаның әлеуметтік және моральдық бостандығының маңызды жағы болып табылады. А. адамға ғана тән сапалық қасиет. А. адамның бойына туа бітетін немесе біреуден сыйға алатын нәрсе емес. Сондықтан А. жүре қалыптасатын моральдық процесс және адамның саналы ғұмырынан бастап өмірінің соңына дейін созылатын шексіз үдеріс.

**АВАНГАРДИЗМ**, *авангардшылдық* (франц. *avant – gardisme* – ал-ғы шептегілер) – қалыптасқан қағидалар мен дәстүрден, өмір бірқалыптылығынан алшақтай отырып, көркем мәдениетті жаңғыртпақ болған мәдени ағым. А. ХІХ ғ-дың аяғы мен ХХ ғ-дың 60–70 жылдарында өрістеді. Ол модернизмнің тым әсіреленген бағыты ретінде қалыптасты. А-нің

басты мәнісі – мәдени мирасқорлықтың маңызын кемітіп, «мәңгі құндылықтар» деген ұғымды қайта қарау. А-нің пайда болуына философияда постклассикалық ағымның (Шопенгауэр, Ницше, Бергсон, Хайдеггер, Сартр, т. б.) ықпал етуі; психологияда – фрейдизм мен психоанализдің қалыптасуы, лингвистиканың мәдениеттанулық деңгейде көрінуі; еуропа-орталықтық принциптен бас тартып, шығыстық мәдениеттерге, дінге назар аудару; теософия, антропософия, жаңа эзотериялық ілімдердің жандануы үлкен әсерін тигізді. А. ұғым-терминін өнертануда алғашқы рет қолданысқа енгізген француз көркем өнер сыншысы Т. Дюре болды. А. өкілдері өнерді өмірден айырып қарап, оның әлеум. маңызын жоққа шығарды, өнердің ерекше эстет. табиғатын әсіреледі. Реализмді теріске шығарғандардың барлығы өздерін «авангардшылар» қатарындамыз деп есептеді, тарихи-мәдени маңыздылығы бойынша А-нің екі бағытын айыруға болады: ғаламдық және шағын аумақты. Соңғылары өздерінің жеке ізденістері мен тәжірибелері арқылы жалпы А-нің ықпалын күшейтті. А. өнердің әр саласында өзінше көрініс тапты: театрда реалистік декорация абстракті конструкциямен алмастырылды, қойылымның шарттылығына, еркіндігіне ерекше назар аударды (Б. Брехт, Вс. Мейрхольд, Е. Вахтангов т. б.); әдебиетте (А. Бехер, П. Элюар, М. Пруст, Ф. Кафка, Э. Ионеско т. б.) жаңа рәміздік-шарттылық тәсілдер кеңінен қолданылды; бейнелеу өнерінде (П. Пикассо, М. Шагал, С. Дали, Матисс т. б.) абстракшылдықтың, дадаизмнің, сюрреализмнің, конструктивизмнің т. б. тәсілдері алдыңғы қатарға шықты; музыкада, әсіресе, таспаға жазып алып алу және электронды синтезатордың пайда болуы оны 20 ғ. ырғақтарына сәйкестендірді; сәулет өнеріндегі А. стиліндегі ғимараттар адамзат қиялының нәтижесі ретінде көрініс тапты. Ғасыр басында А. бағыты қаншама әділ сынға ұшырағанымен, өзінің мәдени құндылығын жоғалтпады.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Мәдениет философиясы. Т. 19. – Астана: Аударма, 2006; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т. 12. – Астана: Аударма, 2007.**

**АВЕСТА** – ежелгі Орталық Азияда, Иранда және оған көршілес аймақтарда кең таралған зороастризмнің (әулие Зәрдештің ілімі – б.з.д. VI ғ.) қасиетті жазбалар жинағы. «Авеста тілі» деп аталатын көне тілде б.з.д. III ғ-да хатқа түсірілген. Сасани әулеті заманында (III–VII ғ.ғ.) А. 21 кітаптан құралған. Ғалымдардың сараптауы бойынша, біздің заманымызға соның төрттен бірі ғана жетті. А-ның діни-философиялық мазмұны өзінің әсіре дуализмімен айқындалады. Ол бойынша, әлемде екі күш – жақсылық пен жамандық бір-бірімен толассыз күресте болады. Бұл қағиданың терең мәдени маңызы бар: жақсылық пен жамандықтың арасын ашу өркениетті дамудың түбегейлі мақсатына жатады. Адам зороастризмде еркін таңдау

құқығына ие: ол жақсылықтың немесе зұлымдықтың жағында бола алады. Түбінде ізгілердің саны көбейіп, жақсылық бастауы жеңіске жетеді. А. тек діни мінәжаттар мен уағыздардан тұрмайды, оны Шығыс мәдениетінің әмбебапты жәдігерлігі деп қарастырған жөн. А. бойынша барлық жан иелері тұтас әлеммен үзеңгілес, үндес дамып отырады. Жаны бар барлық құрылымдар тек мағыналы болып табылады. Бұл бүкіл адамзатты құрметтеуге жол ашады. Сондықтан, зороастризмнің құнды идеяларының әлем мәдениетіне қосқан үлесі жоғары. А. исламдық мәдениетке, әсіресе, сопылық ағымға үлкен әсерін тигізді. Көптеген ғалымдар (М. Бойс, В. Бартолд, А. Бернштам, Ә. Марғұлан т. б.) Зәрдеш ілімін қалыптастыруға Орталық Азияны мекендеген сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының қатысқандығын атап өтеді. Зороастризм қазақтың дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуына да зор ықпалын тигізген (барлық Иран-Түркі халықтарына ортақ Наурыз мейрамы, от және сумен тазарту, аластау дәстүрлері, қалыңдықтың отқа май құюы т. б.) А. сарындары мен желілері ежелгі түркі эпостарымен үндесіп отырады. Ғалымдар А. ықпалы Оғызнамадан, Қорқыт Ата кітабынан, Ахмет Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, Асан Қайғы, Бұқар жырау шығарм.-нан байқалатындығын дәлелдейді.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Т. 1. – Астана: Аударма, 2005; Ислам. Энциклопедиялық сөздік. / құр. Б. Аяған. – Алматы: Аруна, 2009.

**АВТОРИТАРИЗМ** (лат. *auctoritas* – билік, ықпал ету) – бір немесе бірнеше адамның шексіз билігіне негізделген кейбір ерекше демократиялық емес режимдердің сипаттамасы. А. билеген қоғамда экономикалық, азаматтық, рухани бостандықтар сақталса да, толық мөлшерде дамымайды. Бұл терминді неомарксизмнің Франкфурт мектебінің өкілдері енгізген. Олардың ойынша А. сипаттары саяси мәдениетке де, бұқаралық санаға да тән. Мұндай саяси нұсқада ерікті сайлаулар өткізілмей, тек мемлекеттік құрылымдар ғана билік етеді, яғни, нағыз демократиялық сипаттар мүлде жоқ. Көбінесе мұндай құрылымдарда белгілі жеке тұлғаның шексіз диктатурасы орнатылады. Бұлардың қатарына теократиялық режимдерді де жатқызуға болады. Мұндай жағдайда саяси билік діни басшылықтың қолында шоғырланады.

**АГНОСТИЦИЗМ** (грек. *agnostos* – біліп болмайтын, белгісіз) – болмысты тану, дербес ақиқатқа жету мүмкін емес дейтін тұжырымға негізделген философиялық ілім. А. танымды жоққа шығармайды. А. таным туралы емес, оның мүмкіндігін анықтайтын, нақты дүниеге қатысы туралы ғылым саласы. Дүниені неге біліп, тануға болмайды? Себебі біз оны тек адами түрде ғана сезінеміз, уақыт пен кеңістік арқылы ғана танимыз.



Демек, біздің танымымыз шектеулі. Тек бар нәрсені ғана білуге болады. Жоқ нәрсені білу мүмкін емес. Оған тек сенуге ғана болады. Міне, бұдан философия мен діннің айырмашылығы шығады. А. таза филос. ұғым. Егер дін көзге көрінбейтін нәрсені бар десе, философия бар нәрсенің өзін танып, білу мүмкіндігіне күмәнданады. А. ұғымын ХІХ ғ-дың діни сайыстарында ғылыми көзқарасты айқындаушы ретінде 1869 ж. Т.Гексли енгізген. А-нің қайнар көздері – скептицизм, Зенонның апориялары, Д. Юм ілімі, И. Канттың антиномиялары. А-нің өкілдері танып, білу құбылысының шынайы қиыншылықтары: мәңгі өзгерістегі тіршілікті толық ұғынудың беймүмкіндігін, оның нақты адамдардың сезімі мен санасында өзгеше түрленуін түсінген. А. ілімі қазір көп қолданылмаса да, өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 18. Таным теориясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 16–17.

**АДАЛДЫҚ** – адамның ішкі рухани болмысының мазмұндық құрылымын анықтайтын этикалық ұғым, адамгершіліктің маңызды талаптарының бірін белгілейтін моральдық категория. А. – адал – араб тілінің «рұқсат етілген», «таза» деген мағынаны беретін сөзінен келіп қалыптасқан сипаттық мазмұнды бейнелейтін аксиологиялық ұғым. А. шыншылдық, әділдік, принциптілік, кісілік, адамгершілік, қанағаттық, ынсапшылдық, айтқан уәдесінде тұрушылық, мойнына алған істен жалтармаушылық, тазалық сияқты моральдық сапаларды қамтиды. А. – өзін жасанды қылықпен, қорқақтықпен, өтірікпен «ластамаған», турашыл және батыл, достықты қадірлейтін адамды сипаттайтын ұғым. Оған ие адам – өз жақындарын әрі басқа таныс және бейтаныс адамдарды құрметтейтін кісі. Діни философияда, оның ішінде, исламдық этикада А. ұғымына өте зор мән беріліп, биік маңызға ие болады. Ол – адамның пенделік тіршілігінде өзі-не рұқсат етілген іс-әрекет ауқымын, пайдаланатын азық-түлік, басқа да қажеттіліктер шеңберін анықтайтын рухани кеңістік.

Қазақ даласы өркениетіндегі А. ұғымының этик. қуатын «Ақиқатқа хақ тұрған – адалдықтың белгісі», «Ала ойлаған алысқа бармайды», «А-тан ауған ер бір кеселге жолығар» (Балпық би), «Арам – өзін ойлайды, адал – өзгесін ойлайды. Халықтың таңдауы – өзгесінің қамын жейтіннің жағында» (Әйтеке би), «Адал болсаң жұртыңа, ағалыққа жарарсың» – деген ұстанымдардан байқаймыз. Демек, А. – өмірдің барлық жағдайларында адамның өз уәдесіне және қалыптасқан адамгершілік нормаларға сәйкес әрекет жасау жөніндегі парасаттылық талап. А. – ұлық мінез. Қазыбек биге сүйенсек, «А-ты әрқашан жасырмаған елміз, адал ниетті ақтай білген елміз». «Адал адамның аты арып, тоны тозбас» дейтін тұжырым жасайды

қазақы таным. А. ұғымын табиғат тазалығымен салыстыратын тұсты «адал болсаң судай бол...» (Жанқұтты шешен) дейтін теңеуден көреміз. А. – өмірдің барлық жағдайларында адамның өз уәделеріне және қалыптасқан адамгершілік нормаларға сәйкес әрекет жасау жөніндегі парасаттылық талап.

**АДАМ** – жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің тарихи үдерісі мен дамуының иегері, сөйлей алатын, ойлауға қабілетті, саналы, рухани әлемі бар, биологиялық-әлеуметтік тіршілік иесі. А. туралы алғашқы идеяларға мифтер мен діни-мистикалық көзқарастар куә бола алады. Ежелгі Үндідегі алғашқы А. туралы әрі мифологиялық, әрі діни және философиялық дүниетаным көне үнділік әдеби мұраларда – Ведаларда, оның жалғасы – Упанишадтарда қалыптасқан. Бұл әдеби мұралар А. рухани-адамгершілік қасиетке ие жаратылыс ретінде қарастырылады және оны құмарлық әлемінен азат ету жолдарын ұсынады. Ежелгі Үнді философиясында А. әлемдік жанның бір бөлігі ретінде түсіндіріледі. Ежелгі Қытайда А. туралы ілімнің өзінше бір формасы қалыптасты. Оның көрнекті өкілінің бірі – Конфуций. Оның көк аспан концепциясының өзегі – А. және оның жер бетіндегі тыныс-тіршілігі мәселесі болды. Конфуций, ең алдымен, адамның рухани мінез-құлқына, адамгершілігіне баса назар аударады. Конфуций ілімі бойынша, А. дао заңына сәйкес өмір сүруі керек және оны оқып-білу арқылы өзін-өзі жетілдіруі қажет. Түпкі мақсат – «кемел адам» дәрежесіне жету. Ежелгі грек философиясында А. дербес, жеке дара өмір сүре алмайды, ол текабсолютті реттілік және космос ретінде қабылданатын белгілі бір қатынас жүйесінде ғана өмір сүре алатын жаратылыс болып табылады. Аристотель А-ды «саяси жануар» – қоғамдық, мемлекеттік, саяси жаратылыс деген болатын. Аристотель бойынша А-ды басқалардан ерекшелеп тұратын нәрсе, оның әлеуметтілігі мен ақыл иесі болуы. Христиандық философия бойынша, А. – «құдай бейнесі». Аврелий Августин үшін А. – жан мен тәннің қарама-қарсылығы. Бірақ А-ды А. ететін жан. Жан – А-ның жеке имманентті субстанциясы. Фома Аквинскийдің түсінігінде А. – жануар мен періште арасындағы аралық жаратылыс. А. жан мен тән тұтастығын білдіреді, бірақ жан «тәннің қозғаушысы» болып табылады және А-ның мәнін анықтайды.

Әл-Фараби орта ғасырлық мұсылмандық философияда алғаш рет А-ды таным объектісі ретінде мәселе көтергеннің бірі болды және ол А. туралы түсінікті кеңейтті. Әл-Фараби А. тұжырымдамасын жаңа деңгейге көтерді. Ол «А.» ұғымын ұлттық, нәсілдік ұғымдардан дербес қарастырды. Бүкіл адамзатты рухани тазалығына қарай біріктіру ұстанымын ұсынып, оны «қайырымды қала» және «кемелденген адам» концепциясы арқылы ашуға тырысты. А. – оның философиясының өзегі болып, аспан сферасы мен жер бетін түйістіруші нысана дәрежесіне көтерілді. Әл-Фараби А-ды тән мен жанның және рухтың тұтастығы деп қарастырады, «А. – ғалам айнасы»

деген түсінікті орнатты. Әл-Фараби А-ды Құдайдың жаратқанын мойындай отырып, ақыл иегері ретінде А-ның дербестігін мойындайды. Ол А-ның жер бетіндегі тіршілігі аясында барлық жақсылыққа ұмтылып, дамудың шыңына жетуді мақсат тұтуы міндетті болып табылады.

Рене Декарт үшін А-ның тіршілік иесі екенін дәлелдейтін жалғыз қасиеті оның ойлай алу қабілеті. Ол оның «ойлай аламын, яғни өмір сүремін» деген тұжырымынан туындады. Ж.П. Сартрдің пікірінше, А – еркіндік деген сөз болып табылады: «А. әуел баста кәміл түрде жаратылмаған, ол өзін-өзі жаратады». Сонымен А. – ақылы, санасы арқылы танып білетін, сол арқылы өзін-өзі ұйымдастыра алатын, қоршаған ортаны игере алатын, оны өз қажетіне қарай белгілі бір мөлшерде өзгерте алатын жаратылыс. Қазіргі ғылыми жетістіктерге сүйене отырып, А-ды эволюциялық даму жемісі деуге толық негіз бар, бұл орайда биологиялық факторлармен бірге, әлеуметтік фактордың да маңызы зор деуге болады. Сонымен бірге, әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі А-ды аяқталмаған процесс ретінде қарастыруға меңзейді.

А. – ғарыштың тудырған ғажап пендесі. Өйткені, оның тәні болса да, ол ең алдымен – рух. Осы тұрғыдан алып қарағанда А-ның басқа тіршілік әлемінен айырмашылығы – шексіздікке кетеді. Сондықтан, ғасырлар бойы қайсыбір дін «А-ды Құдай жаратты» деген қағиданы осы уақытқа дейін ұстап отыр. Бүгінгі таңда тек гуманитарлық ғалымдар ғана емес, сонымен қатар, жаратылыс танушылар да «антроптық принципті» қолдап отыр. Осыдан 13 млрд. жыл бұрын «Ұлы Жарылыстың» негізінде пайда болған Дүние – Ғарыш Әлемі – қажетті түрде сан-алуан кездейсоқтар тоғысының барысында тіршілікті, содан кейін саналы пендені – А-ды тудырады екен.

Адамзат тарихында мыңдаған жылдар шеңберінде А-ға деген сан-алуан анықтамалар жасалды. Солардың ішіндегі ең кең тарағаны – «Homo Sapiens» – саналы А., яғни, ол – рухани пенде. А. өз алдына неше-түрлі мақсат-мұраттар қойып, соларды іске асыруға ұмтылады. Оларды іске асыру жолында ол басқа А-дармен сан-алуан саналы қарым-қатынасқа түседі. А-ның неше түрлі алаңдау мен күту, қайғы мен қасірет, шаттық пен шығармашылыққа толы ішкі рухани өмірі бар. Американ саяси қайраткері, сол елдің Конституциясын жасауға ат салысқан Д. Франклин А-ға «Homo Faber» – құралданған А. деген анықтама берді. Шынында да, тек қана А. еңбек құралдарын жасап оларды үнемі пайдаланады. Мысалы, маймыл жерде жатқан бұтақты, я болмаса тасты алып пайдалануы мүмкін. Бірақ, содан кейін ол оны лақтырып тастайды да, оған екінші рет қайтып оралмайды. Бірде бір маймыл жасанды өз ойына сәйкес келетін құрал жасап көрген жоқ. Оны істей алатын тек қана А.

Голландия ойшылы И. Хейзинга А-ға «Homo Ludens» – ойнайтын адам – деген ат қойып, сол жөнінде көлемді еңбек жазды. А. өз өмірінің шеңберінде жүздеген әлеуметтік рөлдерді ойнайды. Мысалы, ол – әке, жұмыста есепші, біреудің жолдасы, я болмаса, туысы, саяси партияның мүшесі, ауладағы футбол командасының капитаны т.с.с. Әрбір рөлдің мазмұны мен әлеуметтік нормалары өзгеше. Тіпті өлер алдында А. сол рөлді ойнап, ол да болса оны қоршаған жақындарына өнеге болып қалады. Сонымен, рөлдер тек театр сахнасында ғана ойналып жатқан жоқ, ол бүкіл

жер бетінде А-дар бар жерде жүріп жатыр. Ал жануарларға келер бөлек, олардың күшкітері бір-бірімен ойнап өз табиғи инстинктерін оятады, уақыт өтіп есейген сәтте олар тоқталады.

Француз ойшылы Э. Кассирер А-ға «Homo Symbolicus» – рәміз, белгі жасайтын А. – деген анықтама берген болатын. Кең түрде алғанда символға қайсыбір халықтың тілі, бабалардан қалған аңыз-дастандар, дін, өнер қағидаларын, неше түрлі өмірдегі кездесетін рәміз, белгілерді (мысалы, машинамен келе жатып, алдымыздан ортасында қызыл кірпіш көрсетілген дөңгелек белгіні көргенде, біз тоқтап әрі қарай жүрмейміз) т.с.с. жатқызамыз. Қайсыбір нақыл сөздер, көркемәдебиеттегі салыстырма, бейне, мысалдардың т. с. с. әр жағында неше-түрлі мән-мазмұнның жатқанын байқауға болады. Мысалы, Прометей бейнесі бізге нағыз адамды сүю (гуманизм), ал Сизиф болса нәтижесіз зардапқа әкелетін еңбек, Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлу – мөлдір махаббатың символдары ретінде көрінеді.

И. Кант А-ның ішкі ар-ұжданына таңғалып, оған «Homo Morales» деген анықтама берген болатын. Уақытында ұлы Абай оны «нұрлы жүрек» десе,

Шәкәрім «үш анықтың» біреуіне жатқызды. Егер де А-ның ар-ұжданы болмаса, ол жануарлардан қулық-сұмдығы жүздеген есе асатын нағыз жан түршігерлік сайтанға айналар еді. Бүкіл көркем әдебиеттің дәріптейтін аса құнды А-ның қасиеті – оның ар-ұжданы. Қиын-қыстау жағдайда нағыз А. өз ар-ұжданын, абыройын сақтап қалу жолында өзінің тәнін құрбан етуге дейін барады. Абайдың «Адам бол!» ұстанымы қазақ философиялық ойының А. туралы мағыналық келбеті болып табылады.

**Әдебиет: Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: Бастау, 2008; Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова. – Алматы: Раритет, 2007.**

**АДАМ ӨМІРІНІҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ** – адамның екі дүниенің бақытына жетуді көздеп, өмір бойы іздейтін және адам атына лайық болуға тырысып әрекеттенетін мақсаты. Ғасырлар бойы талданып келе жатқан бұл мәселе болашақта да талай рет көтерілетіні сөзсіз, яғни, бұл Адамзаттың өзіне қойған «мәңгілік» сұрақтарының біреуіне жатады. Орыстың ұлы ойшылы Л.Н. Толстой «Адамның ішінде екі «мен» бар сияқты және олар бір-бірімен сыйыспай күресіп жатқан сияқты» дейді. Бірі «мен ғана нағыз өмір сүріп жатырмын, қалғандардың бәрі өмір сүріп жатқан сияқты ғана, сондықтан, бүкіл дүниенің мән-мағынасы маған деген жақсылықтың болуында» дейді. Екінші «Мен»: «Бүкіл Дүние саған емес, өз мақсаттарына жаралған, сондықтан, саған бұл өмірде жақсы ма әлде жаман ба, ол оны білгісі де келмейді, – дейді, – бұл өмір сүруге деген қорқыныш сезімін әкеледі» деп қорытады ұлы ойшыл. Әрине Адамның ішкі өмірі неше түрлі қайшылықтардан тұрады. Біршама жағдайда біз тек ақыл-оймен ғана емес, инстинктер, интуиция арқылы бір нәрселерді (жақсы, я жаман болсын) жасауымыз ғажап емес. Адам өз өмірінде, басқа тіршіліктер сияқты, әр түрлі қажеттіктерін өтейді. Жаңғыз ғана дәулетке жету Адамды қанағаттандырып, оның өмірінің мән-мағынасын құрай алмайды. Оның сыртында талай рухқа негізделген Адамның қажеттіктері тұр. Адам қажеттіктерінің төменнен жоғары көтерілетін тізбесін жасауға болады. Ең төменгі іргетасты

физиологиялық (тамақтану, тыныс алу, қозғалу, киім, баспана), жыныстық (дүниеге ұрпақ әкелу) т. с. с. қажеттіктер құрайды. Екінші – экзистенциалдық қажеттіктер (қауіпсіздік, ертеңгі күнге деген сенімділік, өмір сүру жағдайларының және қарым-қатынасқа түсетін қоршаған адамдардың тұрақтылығы т. с. с.). Үшінші – әлеуметтік қажеттіктер (басқа адамдармен бірігіп, қарым-қатынасқа түсіп, солардың сый-сияпатына ие болу). Төртінші – престиждік, яғни, беделді басқалардың назарына ілігу, еңбек сатыларымен жоғарылау, жоғары тұлғалық бағаға ие болу т. с. с. Бесінші – рухани қажеттіктер – шығарм. арқылы өз мүмкіндігінді өмірге енгізу, іске асыру.

Төменгі қажеттіктер өтелмейінше одан жоғарғылар әлі де болса Адамды қызықтыра алмайды. Өтелген қажеттіктер өз күшін жойып, Адамды жоғарғы қажеттіктерді игеруге итермелейді. Егер де қоғамның даму деңгейіне байланысты төменгі қажеттіктерді өтеу – қиын мәселеге айналса, ол Адам өмірінің негізгі мән-мағынасына айналуы мүмкін. Бүгінгі таңда қаншама Адам «нан табу» мәселесінің шеңберінен шыға алмай жүр?! Оны тарихи қалыптасқан қоғам өмірінің кемшілігі ретінде қарау жөн болар. Сонымен, өмірдің ең биік мән-мағынасы – шығармашылық сатыға көтеріліп, өз қабілеттеріңді іске асыру, соның арқасында өз тұлғаның ерекше орнын анықтап, қанағаттану болмақ. Ондай Адамға тән нәрселер:

- өмірдің әрбір күнін теңдесі жоқ сый ретінде қуанышты сезіммен қабылдау;
- басқаларды өзің сияқты бағалап қабылдау;
- басқаларға тәуелді болмау, әр мәселе бойынша өз пікіріңді көрсете білу, өзгелердің пікірін де қабылдап сыйлау;
- өз таңдаған ісінді сүю, шығарм. деңгейінде игеру;
- үнемі өз қабілеттеріңді әрі қарай дамытуға тырысу;
- мақсат-мұратқа жететін құралдарды таңдау, жақсылық пен жамандықты, сұлулық пен көріксіздікті айыра білу;
- қай жерде болмасын өзіңді қарапайым сыпайы ұстай білу.

Шығарм. адамның тектік қасиеті. Сондықтан, әр адам өзінше шығарм. сатысына көтеріледі. Мысалы, талай жылдар гүл өсіріп, осы істі сүйетін адам күндердің бір күнінде гүлдің бір жаңа түрін тудырмай қоймайды. Киім тоқитын көп балалы әйел журналдағы көп өрнектерді игереді де, күндердің бір күнінде өз өрнегін ойлап шығаруы мүмкін. Бәлкім, ол өрнек модаль журналында басылмас, бірақ, ол шығарм. деңгейге көтерілді емес пе?! Егер қайсыбір нәрсені бұрынғыдай емес, жаңа жолмен, әдіспен жасасаңыз – ол да шығарм. нышаны болмай ма? Көп жағдайда өз өміріңнің мән-мағынасын жоғалтып алмас үшін белгілі бір алдыңа қойған мақсатқа жете алмасаң, соған деген көзқарасыңды өзгертсең болғаны. Ондай ахуал қарапайым адамдардың арасында қиын-қыстау заман кезінде жиі кездеседі. Адамның өмірінде тіпті ойға келмейтін қиын жағдайлар туып (соғыс, жер сілкінуі, түрмеге түсу, қатерлі ісіктің пайда болуы т. с. с.) қолынан еш нәрсе келмей, тағдырдың тәлкегіне түскен кезде ол өмірінің мән-мағынасын жоғалтып түңілуі мүмкін. Ондай жағдай болмағанның өзінде әр А. өз өмірінің аяғында «қайғылы үштіктен» (зардап, күнә, өлім) өтеді. Осындай жағдайдың өзінде Адам өз өмірінің мән-мағынасын жоғалтып алмауы керек. Ол «ой-толғау құндылықтарына» көшу керек, сонда зардап шегудің өзінен жан-дүниені

тазартатын, көп нәрселерге жаңа баға берілетін мән-мағынаны табуы мүмкін.

**Әдебиет: Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: Бастау, 2008.**

**АДАМНЫҢ ӨЛІМІ МЕН ӨЛМЕСТІГІ.** Қайсыбір өмірдің өліммен аяқталатынын әрбір адам біледі. Біз ырқымыздан тыс бұл дүниеге келгеннен кейін, уақыты келгенде еріксіз кетуіміз керек. Ол бізге тәуелді емес – табиғи заңдылық. Адамзаттың мыңдаған жылға созылған өмір тәжірибесі бірде-бір өлген Адамның тіріліп өмірге қайта келгенін көрсеткен жоқ. Әсіресе, жақын Адамдардың бұл дүниеден кетуі біздің жан-дүниемізде ауыр жаралар қалдырады. Енді біз оларды ешқашан да көре алмай, іштегі сырымызды айтып, бірге қуанып, сонымен бірге қайғы-қасіретімізді бөлісе алмаймыз. Бәрі де өткен шақтың қойнауына кетті. Сол сәтте біз өзімізді де сондай тағдыр күтіп тұрғанын үрейлене аңғарамыз. Сонымен қатар, біз ақыл-ой таразысына «мәңгілік өмір сүру» мәселесін салсақ, онда оны Адамға берілген ең ауыр жаза екенін байқауға болар еді. Өйткені, егер Адам шексіз өмір сүре берсе, онда оның еш мән-мағынасы болмай қалады. Шексіз өмір жөніндегі ой өрісі бүгінгі күннің ашынған өзекті мәселелеріне немқұрайлы қарауды тудырып, қоғам өмірі мелшиіп бір орнында тұрып қалар еді. Мәселеге терең карағанда, өмірдің мән-мағынасы болуының өзі оның өліммен бітетінінде болса керек. Расында да, біле-білген Адамға өмірдің шектелгені әрбір күн мен жылды, минут пен сағатты бағалауға, тиімді жұмсауға итермелейді. Өйткені, өмірді ешқандай байлыққа сатып алуға болмайды, бірақ, оның бір ғана өлшемі бар – ол «Ұлы мәртебелі Табиғаттың» (діни сенімдегі адам үшін – Құдайдың) әр адамға берген өмір жасы, яғни, уақыты. Бұл дүниеде бір де бір жасалған ұлы нәрсені істеген Адамдар, әрине, өз өмірінің шектелгенін біліп, сондықтан, асығып, «соны үлгірсем екен» деген ой-үмітпен оларды аяқтады емес пе?! Егер ол мәңгілік өмір сүрсе, сол ұлы істерді бастамас та еді ғой. Антик дәуіріндегі стоиктер «Өлімді есіңнен шығарма!» деген болатын. Оның терең мәні – өз өмірінде әр іс-қимылды, басқа адамдарға деген қатынастарды, айтайын деген сөзінді, әрбір сәтті – өмірдің соңындағы сияқты сезінуде. Мұндай өмірлік бағытты ұстау – Адам өміріндегі қайсыбір уақиғаны терең сезініп-тебіренуге, мейлінше мазмұнды өмір сүруге әкеледі. Жайшылықты өмірде байқалмайтын кішігірім нәрселерге көңіл бөлініп, Дүниенің ғажаптығы айқындалып сезіледі. Бұл Дүниеде қайсыбір тіршілік

формасы – соның ішінде адам да – бір ұрпақты екінші ұрпақпен ауыстырып өз өмірін жалғайды. Табиғаттың «даналығы» осында. Соның арқасында алға өрлеу – даму бар.

Әр Адам өлімді. Адамның жүрегі мен тынысы тоқтап, санасының өшуімен теңейді. Дегенмен де, адамның кейбір жақтары әлі де болса талай күндер тіршілік жасайды. Мысалы, Адамның сақал-мұрты, шашы, тырнақтары дене толығынан шіріп біткенінше өсе береді. Уақытында ұлы Платон «философия ғылымы бізді абыроймен өлуге үйретеді» деген болатын. Бұл пікірге толығынан қосылуға болатын сияқты. Кейбіреулер өмірінің жартысын «гүлге қонған көбелек» сияқты өткізіп, қырыққа келіп, ақылы тоқталған кезінде өз алдына өмірлік мақсаттар қойып, оны асыға істей бастағанымен аяқтауға уақыты жетпейді. Ондай Адамға өлер алдында «Әттең-ай!» деген өкініш келіп, сол аянышты сезіммен өмірден кетеді. Екіншілерге өлім үрейін аттап өтуге діни сенім көмектеседі. Олар тәні болмағанмен, «жан-дүнием мәңгі өмір сүреді» деген үмітпен өмірмен қоштасады. Үшіншілер «бұл күйбең өмірде ішіп-жеу, ойын-сауық құру, әр сәттен ләззәт алудан басқа еш нәрсе жоқ» деген өмірлік бағыт ұстайды. Бірақ, оқтын-оқтын мешітке барып, «кім біледі, мүмкін Алла тағала бар шығар» деген ой кейбір кезде оның жүрегін сыздатады, садақа беріп, намаз оқытады. Бірақ, бәрібір ол болашақ өлімнің мұздаған лебінен құтыла алмай, жаны түршігеді. Философиялық дайындығы бар адамға келсек, ол өз өмірін бүкіл Табиғаттың, Ғарыштың өмірімен байланыстырып, өзін телегей-теңіздегі бір ғана тамшы ретінде сезінеді. Ол оны үлкен тебіреніске әкеліп, өлім өмірдің соңында келетін заңды табиғи үрдіс екеніне көзі жетеді. Ондай Адамды өлім үрейлендіре алмайды.

Бесінші Адамдар – өз тағдырының шеңберінде тырысып бағып, өмірдің шаттығын да, зардабын да толығынан басынан өткізіп, бұл өмірде өзіне тән із қалдыру жолында бар күш-қуатын аямай жұмсап, өлім алдына өмірден қанағаттану, тәубаға келу сияқты сезіммен келеді. Ол өз өмірінде үлкен өкініш жоқ. Орындалмаған армандар болғанның өзінде, ол оны табиғи заңдылық ретінде түсінеді. Ол – нағыз Адам. Ондай Адам көп жұрттың есінде мәңгілік қалады. Соңғы жылдары Батыс университеттері мінбелерінде «аутоназия» (auto – өзім, nazia – өлім) мәселесі қызу талқылануда. Орыс әдебиетінде бұл терминді өз тілдеріне жақындатып «эвтаназия» дейді. Бұл – Адамның өз еркімен, қоғамның көмегі арқылы бұл дүниеден кетуі. Яғни, оның «суицидтен» – өзін-өзі өлтіруден айырмашылығы – ол қоғамның рұқсаты және көмегімен өз қалауы бойынша дүниемен қоштасады. Тәндік-сезімдік ләззәт алу өмір бағытын ұстаған Батыс Адамы өмірінің соңында да еш зардап шекпей бұл өмірден тәтті ұйқыға шомылып кете барғысы келеді. Адам қатерлі ісікпен (рак) ауырып, қатты зардап шегуде, я болмаса, қартайып, қолынан күш кетіп ешкімге керек болмай қалған т. с. с. жағдайда қоғам ондай

Адамдарға өз еркімен дүниеден кетуге көмектесуге болады деп түсіндіреді. Бұл мәселені Батыс цивилизациясының гуманистік даму жолындағы үлкен жетістіктерінің бірі ретінде көрсеткісі келеді. Бірақ, мұндай көзқарас бүкіл дүниежүзілік діндердегі өмір мен өлім жөніндегі терең сенімге қайшы келеді. Бұл Дүниеге келген әр адам тағдырға мойынсынуы керек. Соңғы өмір зардаптарынан өту – Адам рухын шексіз күшейтіп, оның ішкі жан-дүниесін тазартып, Адамның абыроймен бұл дүниемен қоштасуына мүмкіндік жасайды. Мәселеге философиялық тұрғыдан келсек, бұл Дүниеде Адамнан асқан құндылық жоқ, сондықтан, ешкімнің де Адам өмірін (және Адамның өзі өз өмірін) қиюға құқы жоқ.

Адамдардың өлместігі – өз өмір шеңберіндегі басқа Адамдарға жасаған жақсылығымен байланысты болса керек. Өйткені, ол олардың есінде қалады. Ол дене ретінде көз алдымызда жоқ болса да, рух ретінде – бізбен бірге өмір сүріп қала береді. Ұлы Кун фу цзы айтқандай, жақсы Адам халықтың сый-сияпатына ие болса, жаман Адам ит сияқты бір шұңқырда ұмыт болып қалады.

Десек те, әрине, қазіргі Адам мұндай көзқараспен келіскісі келмейді, ол тәндік өлместікті армандап, барлық үмітін ғылымға артады. Әсіресе, тез қарқынмен дамып келе жатқан гендік инженерия саласы болашақта Адам өмірін бегілі бір уақытқа ұзарта беруге болатынын айтады. Алайда, ол – адамды тығырыққа тірейтін жол. Әрине, гендік инженерияның жетістіктеріне сүйене отырып тұқым қуатын аурулармен күрескен жақсы. Ал Адамның өмірін гендік жолмен ұзартуға бағытталған зерттеулер қандай салдарларға әкелуі мүмкін – оны ешкім бүгінгі таңда білмейді. Кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, оның теріс салдары – ядролық бомбаны ойлап шығарғаннан да жаман болуы мүмкін. Екінші жағынан, Адам дүниедегі ең теңдесі жоқ биік құндылық болғаннан кейін оның өмірі мен денесіне жасанды тәжірибелер жасау – қылмыс болар еді.

Мәселенің моральдық жағына келер болсақ, бірде-бір жер бетінде өзі тудырған қауып-қатерден сақтану мәселесін адамзат әлі шешкен жоқ. Жеке Адамның өмірін ұзартпақ түгіл, бүкіл адамзаттың құрып кету мүмкіндігі (ядролық соғыс, я болмаса экологиялық апат) осы уақытқа дейін күн тәртібінен шығарылған жоқ. Егер ол «күнбе-күн соғыс-қақтығыстарда бір-бірін осы уақытқа дейін өлтіріп жатса, ол адамға тәндік өлместіктің керегі қанша?» деген заңды сұрақ дереу ойға келеді.

Қорыта келе, тәндік өлместік бүкіл миллиардтаған жылдар бойы қалыптасқан іргетасты табиғат заңдылықтарына қайшы келеді. Бізге берілген теңдесі жоқ сый – өмірді – бақытты мүмкіндіктерді іске асыруға, өз өмір шеңберінде үлкен маңызды істерді жасап өз ізінді қалдыруда болса керек. Оларды өлім жоя алмайды.

**Әдебиет: Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: Бастау, 2008.**



**АДАМГЕРШЛІК** – адамдық сипатты айқындайтын, оның рухани кемелденуінде шешуші рөл атқаратын этикалық ұғым. А. – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. А-тің шығуы мен дамуы адамзат қоғамының пайда болуы және дамуымен тығыз байланысты. А. нормалары қоғамның ең алғаш пайда болған кезеңінен бастап адамдардың өзара қарым-қатынастарын реттеп отырған. А. – «кісілік», «ізгілік», «имандылық» сияқты ұғымдармен мәндес. А. адамның адамшылық сапасы шеңберінде өмір сүру қабілетінің біріне жатады. Халықтық дүниетанымда мінез-құлықтың әртүрлі жағымды жақтары осы ұғымнан таратылады. Кабуснамада: «Адамның адамгершілік қасиеті хайуандықтан аулақ болуында» (Қайқаус) – деп көрсетіледі. Мінез-құлық пен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей А. белгілерін атап өтуге болады: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, қайырымдылық, кісілік, адалдық, кешірімділік, кең пейілділік, сыйластық, әділдік, қанағатшылдық және т. б. А. қағидаттар – адамның теңдігін құрметтейді, мейірімділігін мақұлдайды, кешірімпаздығын қолдайды, кемшілігін кешіреді, адамның тұлғалық ерекшелігін сыйлайды деген идея тұжырымдалады. Құран Кәрім – А. ережелерін тек идеялық тұрғыдан мойындаумен ғана шектелмейді, керісінше, оларды әдеп ережелері ретінде күнделікті тіршілікте қолдану- ды талап етеді. Өйткені мораль қағидаларын іске асырудағы негізгі тәсіл – талап. А. талап – ішкі әлемнің рухани мазмұнын сыртқы қатынаста іске асыру. Құран бойынша, адам А. қасиеттерінің арқасында қоғамда жақсы көрінеді, Алланың сүйген құлына айналады. Хадисте: «А. – тақуалық» деп көрсетіледі. Орта ғасырдағы мұсылман философиясының өкілі, Өл- Ғазали исламдық А. концепциясының негізгі мазмұны – жақсылық пен жамандықты ажырата білу деп тапты. Оның А. ілімі «көркем мінез» немесе «кемел адам» бағдарламасы арқылы көрініс тапты. А. – мейірімді жүректі адамның тіршілік жолы болып танылды. Ғазали түсінігінде адам ғұмырының мақсаты – А. кемелдігіне жету. Ол А. категориясының құрылымына: жақсылық, туралық, адамның өзін-өзі бақылауы, достық, адалдық, сабырлық, жомарттық, ерлік, ұят, әділдік, кешірімшілдік сияқты сапалық қасиеттерді жатқызды. А. ұстанымдары – әлеуметтік-мәдени дамудың жемісі. А. қасиеттердің қалыптасуына ерекше ықпал жасайтын факторлар: туыстық қатынастарды реттеу, қандастарын өлтіруге тыйым салу, әлсіздерге қамқорлық жасау, еңбектің қоғамдық жолмен бөлінуі және адамдар арасындағы ынтымақтастықтың қалыптасуы.

Қазақ дүниетанымы А-ті «адамдықтан үлкен ат жоқ», «адам болып туған соң, адам болып өлу лазым», «адам бір-біріне қонақ» –деген ұстанымның шеңберінде мойындайды. А. ұғымын қазақ би-шешендері аса маңызды феномен ретінде қарастырған. «Қайырымды туыс бар болса,

бар-жоғына қарасар» (Ақтайлақ шешен). Шәкәрім адам өмірінің мәнін, оның руханиятымен өлшей отырып, адамның болмысының негізгі мәні тіршіліктің мазмұнды болуында, ал мазмұнды болуды адамгершілік қасиетпен байланыстырады. А. – адамның қоғамдағы әрекет факторы, адамның толықтай мәні, руханиятының өлшем бірлігі ретінде анықталады.

А. құндылықтарының қалыптасуы үшін жүйелік (қоғамдық, мемлекеттік) және тұлғалық субъектілердің ара салмағын дұрыс айқындаудың маңызы зор. БҰҰ қабылдаған «Адам құқықтарының жалпы декларациясының» басты баптарын адамдық қарым-қатынас нормаларына айналдыру – А. құндылықтарын қастерлеу шарттарының біріне жатады. Оның басты әдептік баптары төмендегідей: барлық адамдар тең құқылы, ерікті және қадірлі; азаматтар нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, шыққан тегіне, дініне, сеніміне, мүліктік және лауазымдық жағдайына қарамай заң алдында бірдей; өмір сүру құқығы, адамның бас бостандығы мен жеке өмір сүру еркі – қасиетті болып табылады.

А. қағидаттарының сақталуы өтпелі қоғам жағдайында ерекше маңызды мәнге ие болады. Бұл кезеңде ескі ұстанымдар мен мінез нормалары мәнін жойып, жаңасы әлі қалыптасып, орнығып үлгермеген кезде халықтың әлеуметтік мінезінде әртүрлі ауытқулар орын алып, девиантты құбылыстар пайда болуы мүмкін. Ол адамзат тарихында дәлелденген нәрсе. Өркениеттілікке апаратын жол халықты А-ке, имандылық пен ізгілікке, салауатты өмір салтына баулу.

**АДАМНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ** – даналыққа қол жеткізу арқылы адамның жетілген бітімі қалыптасуы. А. ж. ж. д-ын Сократ оның игілікті тегіс қамти алуы хақындағы өзінің идеясымен байланыстырады. Эпикуршылар А. ж. ж. д-ын оның қайырымдылық мінезінің жетілуімен өлшейді. А. ж. ж. д-ы туралы Эпикур іліміндегі негізгі идея, ол – адамның өзін-өзі тәрбиелеуі мен үйренуі арқылы даналық шегіне жетіп, қайырымдылық шыңына көтерілу мұраты. А. ж. ж. д. мәселесінде Демокрит пен Эпикур білім арқылы қорқынышты жеңу жолын ұсынса, стоиктер тағдырға қарсы адамның дербестігін жетілдіру жолын ұсынады. Стоицизм бұл орайда адамды тағдыр қиындықтарына қарсы тұра алатын қабілетін тәрбиелеу мәселесін көтереді. Ежелгі грек философиясындағы А-ның ж. - ж. д. тұжырымдамасындағы басты ұстаным: адам құндылығын түсіну, оның шығармашылық әлеуетін мен кемелдене алу қабілетін мойындап, адамның онтологиялық болмысын анықтау. Әл-Фараби А. дамуындағы басты мақсаты интеллектуальды-рухани жетілу арқылы бақытқа жету деп көрсетеді. «Бақытқа жету жолын көрсету» деген трактатында: «Бақыт – ол әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол қандайда бір жетілу болып табылады». Әл-Фарабидің пікірінше, адамның жан-жақты жетіліп, бақытқа

жетуі үшін жағымды іс-әрекет, ізгі мінез, дұрыс ақыл қажет. А. ж.-ж. д-ын адам әдебінің жетілуімен сәйкестендіреді. А-ның ж-ж д., әл-Фарабидің айтуы бойынша, практикалық ақылдың міндетіне жатады. Практикалық ақыл адамның кәміл дамуы үшін мүмкіндік жасайды. Әл-Фарабидің А-ның ж.-ж. д. ілімінен шығатын түйіндер: адам барлық заттың өлшемі, ол – басты құндылық, адам ақылы табиғат құбылыстарын танудағы басты құрал, адамзат қоғамының прогресіне кәміл сенім, адам дамып кемелденуі арқылы көркемділік, сұлулық, үйлесімділік ұғымдарының кеңеюі. Әл-Фараби үшін жан-жақты жетіліп, кемелденген адам – өз күш-қуатын адамдардың игілігіне жұмсайтын тұлға. Ондай адам ақыл мен әдептілікті, ізеттілікті үйлесімді тоғыстырады.

**АДАСУ** – ақиқат ретінде жаңсақ қабылданатын, нақты шындықпен сәйкес келмейтін сана мазмұны. А. ұғымын танымдық тұрғыда және моральдық тұрғыда қарастыруға болады. Танымдық тұрғыда А. таным-ның шындықтан ауытқуын білдірсе, ал екіншісі, адамның өмір жолында қателесуін, теріс жолға түсіп, азғындауын, адамгершілік, кісілік жолдан шығуын білдіреді. А. да шындықты, объективті дүниені біржақты бейнелейтін белгілі бір шындыққа сүйенеді. А-дың басталуы таным жолын таңдау еркіндігін дұрыс пайдаланбаумен, шешілетін мәселенің күрделілігімен, ойды іске асыру барысындағы мәліметтің толымсыздығымен байланысты. А-дың психологиялық және әлеуметтік негіздері болады. Бірақ оны моральдық-психологиялық феномен ретіндегі саналы өтіріктен ажырата білуіміз керек. Өтірік істің шынайы болмысын бұрмалаумен байланысты, біреуді саналы түрде қателесуге итермелеу мақсатын көздейді. А. – қателескен пайымға негізделетін ақиқаттан ауытқу, ол әр кезде жаңсақ алғышарттарға сүйенеді. Сондықтан, оны қателесуден ажырата білуіміз қажет. Қателесу ойлаудың тек формальды тұсындағы ауытқуларды ғана көрсетеді. А-ға алғашқы жіктемені Ф. Бэкон өзінің «идолдар» туралы ілімінде берген болатын. Оның философиялық жүйесінің сынға арналған бөлігі негізінен адамның адасуының себептерін анықтауға және оларды жоюдың жолдарын ұсынуға бағытталған. А. – адамға тән құбылыс, яғни өмір жолында қателесу, тіршілік бағдарынан шатасу, теріс жолға түсу, азғындап адасу, адамгершілік, кісілік жолынан шығу дегенді білдіреді. Діни философия А-ды адамның кәміл жаратылыс болмауымен байланыстырады. Адамға тән үштік құрылым: жан, тән және рух, оған А-дың тән болатындығын дәлелдейді. Екінші фактор еркіндікті орнымен пайдаланбау. Құранда: «Сәмуд қауымына келер болсақ, біз оларға тура жолды көрсеттік. Бірақ олар адасушылықты таңдады» (44/17-аят) делінеді. Мұхаммед пайғамбар: «Ей қауым! Сендерден бұрынғы қауым осы себепті (тағдыр жайлы таласқа түскені үшін) адасқан. Кітаптың бір бөлімін екінші

бөліміне қарсы қойғаны үшін адасты...» – деп айтқан. Ислам дінінде кісілік жолы «құдай жолы» мәнімен үндеседі. Абай әділет пен шапағаттан айрылу – А-дың басы екенін аңғартады. «...Ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та һәммасы босанады. Аллаяр софының бір фәрәдан жүз фәрә бижай (жайсыз, қолайсыз) дегені басына келеді» дейді Абай. Енді бірде Абай: «Мал, мақтан, ғиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егер адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады» дейді. Бұл тәлім сөздер кісілік жолдан адастыратындардан аулақ болу шартын уағыздайды.

**АДДИТИВТІЛІК** (лат. *additives* – қосылатын) – бүтін объектіні сипаттайтын шаманың мәні, осы объектіні кез келген әдіспен бөлшектеген кездегі жеке бөліктерді сипаттайтын шамалар мәндерінің қосындысына тең болатын қасиетті білдіретін ұғым. Мысалы, бүтін дененің көлемі оны құрайтын жеке бөліктер көлемдерінің қосындысына тең болса, ондай шама А. көлем болады. Сондай-ақ мұндай шамаларға сызықтың ұзындығы, беттің ауданы, физикалық дененің массасы т. б. жатады.

**Әдебиет: Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996.**

**АДОРНО** Теодор (Людвиг Визенгрунд) – 1903 жылы 11 қыркүйекте Германияның Майндағы Франкфурт қаласында дүниеге келіп, 1969 жылы 6 тамызда Швейцарияның Виспасында өмірден өткен еврей текті неміс философы әрі психологы, франкфурттық мектеп өкілі, мәдениеттанушы, өнер (солшыл) социологы. Жастайынан музыкатанумен айналысып, И.Г. Гете атындағы Франкфурт университетінде оқып, 1931 жылдан осында дәріс берді. 1934 жылы Ұлыбританияға, 1938 жылы АҚШ-на эмиграция жасап, 1949 жылы Майндағы Франкфуртқа қайта оралды.

А-ның философиялық ұстанымы өткен заман мен қазіргі заманның маңызды ілімдерімен пікірталас барысында қалыптасты: мысалы, Гуссерльмен (А-ның диссертациясы соған арналды), Кьеркегормен (1933 жылы ол туралы кітабы шықты), Гегельмен (оның диалектикасын Адорно мейлінше кең, эстетикалық, эклектикалық түрде қабылдады) және т. б. XIX–XX ғасырлар аралығындағы философиялық ілімдермен пікір таластырды. А-ға Ницшенің, Зиммельдің, Бергсонның, С. Георг мектебінің және басқаларының ықпалы болды, бірақ қандай типтегі болмасын философиялық ойды немесе көркем шығармашылықты Адорно мәдени сын тұрғысынан қарап, оларды белгілі бір тарихи сәтті бейнелейтін бейсаналы әлеуметтік импульске теңгерді. Сол себепті де ол ойлаудың, соның ішінде «жалған идеология» түріндегі көркем ойлаудың да логикалық түрде аяқталған, соңғы нәтижесін қабылдамады. А-ның шығармашылығында музыка үлкен рөл ойнайды. 1940-шы жылдары ол Г. Эйслердің «Фильмге арналған музыка

туындысы» атты кітабының жалпы мәдени-сыни бөлімін жазды, «Доктор Фаустус» романын жазу барысында Томас Маннға философия мен музыка тарихы жөнінен кеңес берді, 1949 жылы ойлаудың диалектикалық және әлеуметтанулық барысы көрініс тапқан «Жаңа музыканың философиясы» атты еңбегін жазды.

**АЗАМАТТЫҚ** – адамның әлеуметтік болмысын, қоғамдағы орнын, тұлғалық бітімін анықтайтын ұғым. А. құқық ғылымы тұрғысынан да қарастырылады. Бұл тұрғыда А. – адамның нақты бір мемлекетке саяси және құқықтық қатысы. Мемлекеттің және оның билігіне бағынатын адамның арасындағы өзара қарым-қатынасты білдіреді: мемлекет өз азаматының заңды құқылары мен мүдделерін қамтамасыз етуге, қорғауға әрі оған шетелде қамқорлық жасауға кепілдік береді; ал азамат мемлекеттің заңдарын және т. б. өкімдерін бұлжытпай сақтауға әрі оның белгілеген міндеттерін орындауға міндетті. Мұндай құқылар мен міндеттердің жиынтығы азаматтың саяси-құқықтық дәрежесін айқындап, оны шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардан ерекшелейді. ҚР-ның Конституциясында адамның азаматтығы бекітілген.

А. ұғымы моральдық философия тұрғысынан алғанда адамның әдептік сапасын білдіреді. Ол әдетте, А. парыз ұғымы тіркесінде қолданылады. А. парыз – адам мен қоғам үйлесімділігін білдіретін әлеуметтік-этикалық ұғым, жеке тұлғаның туған жер, ата-мекен, Отан, халық алдындағы парызы мазмұнын білдіреді. Қазыбек би «Алтын ұяң – Отан қымбат, туып өскен елің қымбат, кіндік кесіп, кір жуған жерің қымбат» деген. Адамзат пен Отанды сүйю тек А. парыз ғана емес, сонымен бірге, ар-намыспен де байланысты. «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген осыған меңзейді. Азамат үшін тіршіліктің ең қиыны, күрделісі – нағыз адам болу. Адамға өз ісін жетік білу де А. парыз. Пайғамбар хадистерінде «үйренуге қорланбадым, әркімнен үйрендім, әркімге үйреттім» деген тәлімдік сөздер бар. А. парыз адам құқықтарын қастерлеумен тығыз байланысты. Азамат өз құқығын пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге, қоғам, заң және басқа тұлғалар алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет. А. парыз азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет және халықтың шынайы билігі бар жағдайларда толық жүзеге аса алады.

**АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ** (ағыл. *civil society*) – мемлекеттің зорлық-зомбылығынан қорғануға өзінің заңды құқықтары бар азаматтардың қоғамдастығы. Ұзақ және күрделі тарихы бар бұл ұғым қолданысқа XVII– XVIII ғғ. кірді. Бұл ұғымның тарихи тамыры латын сөздері *civis*, *civilis*, *civitas* (азамат, азаматтық, қала, мемлекет) мағынасына жақын. А.қ. ұғымы қоғам өмірінің саяси және саяси емес аумақтарын ажыратуға мүмкіндік береді және екі мағынада қолданылады.

Кең мағынадағы А. қ. қоғамдық қатынастардың дербес және мемлекетке тікелей тәуелді емес аумағы. Өзінің шын тар мағынасындағы А. қ. жеке тұлғаның, азаматтар қоғамдастығының және мемлекеттің тең хұқығымен сипатталатын қоғамның өркениетті болмысы. А. қ. үш негізді қалыптастырады: жекетұлғалық, ұжымдық және мемлекеттік. Мемлекет тұлға мен қоғамды біріктіретін күш. Ол қоғам дамуының белгілі кезеңінде пайда болады да, өз мүшелерін оларды заңдастырылған шаруашылық, экономикалық, жанұялық, мәдени, хұқықтық және өзге қатынастары арқылы азаматтық қоғамдастыққа біріктіреді. А.қ. қалыптасуына үш фактор әсер етеді; мемлекеттің заңға бағыныштылығы, қоғамның мәдени ахуалы және мемлекет бодандарының азат азаматтарға айналуы. А. қ. дамуының ең басты кедергісі мемлекеттің қоғамға үстемдігі. Мемлекет үстемдігі, оның әрбір тұлғаны билеп-төстеуі А. қ-ды жоюға және бағынышты қылуға әкеледі. Ондай жағдайда бұқаралық аумағы азайып, азаматтық тең бастамалар кеміп, тұлғаның мемлекет алдындағы борыш пен міндеттері көбейе береді. Демократия жағдайында А. қ. мемлекет билігінің кейбір бөлігін өзін-өзі билеу органдарына таратып, мемлекетпен талас-тартыссыз өзара қатынаста болуға тырысады. Өзінің дамуында А. қ. мемлекеттік биліктің демократиялық институттарының қалыптасуына, адам құқықтарының тең мүмкіндікте болуына ықпал етеді, ашық саяси жүйелер қалыптастырады.

**АЗҒЫНДЫҚ** – адамгершілік талаптарына қарама-қарсы іс-әрекет пен мінезге бой ұратын әдеттерді білдіретін ұғым. Оған, негізінен, қоғамдық пікірмен айыпталатын теріс қылықтар мен пиғылдар жатады. Зұлымдық, арамдық, күнәһарлық, нәпсіқұмарлық, имансыздық А-қа біршама жақын ұғымдар. Халықтық дәстүрлі әдеп жүйесі А-тың айқын көріністеріне қанағатсыздықты, арсыздықты, ұятсыздықты жатқызады. Азғын адам халқына қасірет әкелетін, оның намысын аяққа басатын, адамгершілік қасиеттерден адасқан тұлға болып табылады. А. көріністеріне мұсылмандардың киелі кітабы Құран Кәрімде, Пайғамбар хадистерінде әділ баға берілген. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» атты еңбегінде А. себептерін жан-жақты талдаған. «Адам туа бітті ізгілікке жақын ба, жоқ әлде зұлымдыққа бейім бе?» деген сұрақ А-тың бастауын адамның табиғатынан іздейді. Кейбір ғалымдар адам жануарлар әлемінен шыққан, сондықтан соқыр сезімдер оның соңынан ілесіп жүреді, адам өзіне-өзі абай болмаса жардан құлатпай қоймайтынын айтады. Енді бір ғұламалар «адам туғаннан сәби сияқты пәк, тек оны бүлдіретін қоғам» деген пікірді жақтайды. Шындыққа келгенде адамзат туа азғын болмайды, ол жүре қалыптасатын құбылыс. Өмірдегі барлық жақсылықтар адамзат тіршілігінің бүкіл болмысын қамти алмайтындықтан А. туындайды. Сондықтан А. адамзат болмысының көлеңкелі сипатты сияқты феномен.

**АЙДУКЕВИЧ Казимеж** (1890–1963) – поляк философы және Львов-Варшава мектебінің логигі, өзінің көзқарасы жағынан Вена үйірмесінің логикалық позитивизміне жақын болды. «Тіл және мән», «Дүниенің сыр-

сипаты және ұғымдық аннотация» (1934) деген еңбектерінде «радикал-конвенционализм» принципін ұсынды, бұл ұстынға сәйкес кез келген ғылымның принциптері ұғымдары шартты келісімдердің нәтижесі болып табылатын анықтамаларға негізделген. Тұжырым ережелерінің де, осы теорияға қатынасы бар тәжірибе үзінділерін таңдаудың да осындай сипаты болады мыс. «Дүниенің ғылыми перспективасы» (1934) деген мақаласында ғылыми теориялардың «өзара кешірімділігі» туралы тезистің негізін қалады. 50 ж. А. марксистер тарапынан жасалған сынның ықпалымен бұл тезистен бас тартты, бірақ толық материалистік позиция ұстанған жоқ. Логикалық семантика мен прагматика жөнінде бірқатар еңбектер жазды.

**Әдебиет: XX ғ. философиясы. Әлемдік энциклопедия. – Москва-Минск, 2002.**

**АЙМАУЫТОВ Жүсіпбек** (1889, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. Қызылтау атырабы – 1931, Мәскеу) – жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. Әкесі Аймаұт кедей болғанымен арғы аталары Дәндебай мен Қуан текті, дәулетті, ел арасындағы білікті кісілер. Жүсіпбек жастайынан арабша хат тану, оқу үстіне, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренген. Он бес–он алты жасында Павлодарға қашып барып, орысша-қазақша екі класты мектепке түседі. Бір жағынан бала оқытып, каражат таба жүріп, оқуын 1914 жылы бітіреді, Семейдегі оқытушылар семинариясына түседі. Оны 1918 жылы аяқтайды. А. 1911–1914 жж. ауылда мұғалім, 1919–1922 жж. Респ. Халық ағарту комиссариатында алқа мүшесі, Семей губ. Оқу бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1922–1924 жж. Қарқаралыда мұғалім, 1924–1926 жж. Ташкенттегі «Ақ жол!» газетінде қызметкер, 1926–1929 ж. Шымкент педтехникумының директоры қызметтерін атқарған. 1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезеңінде қамалып, 1931 атылып кеткен. Әлеуметтік төңкерістер заманында өмір сүрген А. өзінің қысқа ғұмырында артына аса бай әдеби, ғылыми мұра қалдырған. Ол Шекспир, В. Гюго, Г. Мопассан, А. Дюма, А.С. Пушкин, Р. Тагор, Н.В. Гоголь, Л.Н. Толстой, Дж. Лондон шығармаларын, «Интернационалды», бірқатар ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударған. А. «Ақбілек», «Қартқожа» романдарының, «Күнікейдің жазығы» повесінің, «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқор» пьесаларының авторы. Публицистикасында оның әсіресе «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы көзге түседі. А. прозадағы үлкен эпикалық формаларды да, таза лирикалық жанрларды да жақсы игерген. Егер роман таза еуропалық форма болса ол оған шығыстық ұйқастық, ырғақты үрдіс элементтерін енгізген. Оның романдық ауқымды полотно жасау деңгейі сол кездегі Шолоховтың ізденістерімен парапар, ол прозаға «сана ағымы» деген тәсілді Джойспен қатар енгізген. «Ақбілек» романында ол қазақ қызының орыс офицеріне бірте-бірте өзі берілгенін суреттеп, халқының қолдан берген намысын аза тұтады. А. шығармашылығы әлде де көп зерттеуді талап ететін ашылмаған құбылыс. Егер ол зерттелсе, қазіргі Латин Америкасы жазушыларымен тең, еуропалық модернист жазушыларымен тең ұлы жазушының келбеті ашылар еді.

**АЙТАЛЫ АМАНГЕЛДІ ӘБДІРАХМАНҰЛЫ** 1939 жылы 10 қыркүйекте Астрахан облысы, Володар ауданы, Болдырево ауылында туған. 1964 жылы Гурьев мемлекеттік педагогика институтын, 1967 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ аспирантурасын бітірген. Философия ғылымының докторы, профессор. ҚР Әлеуметтік ғылым академиясының академигі. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, «Білім мен тәрбиенің дүниетанымдық әлеуметтік мәселелерін зерттеу» орталығының жетекшісі. Қазақстан Білім беру ісінің Құрметті қызметкері. Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы. 1999-2007 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.

КСРО-ның «Құрмет белгісі» Орденімен (1986), еліміздің «Парасат орденімен» (2001) мен марапатталды, «Қазақстан ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» құрметті төсбелгісінің иегері (2009); III дәрежедегі «Барыс орденімен» және т.б. медальдармен марапатталды.

А.Айталы өзінің шығармашылық жолында философия ғылымы саласында ұлттаралық қатынастар, этномәдени және ұлттық даму мәселелерін ғылыми талдаумен айналысып келеді. Сонымен қатар дін философиясының, қазақ диаспора құбылысының көптеген заманауи қырларын ашумен айналысты. Жоғары білім саласындағы педагогикалық қызметпен ғылыми зерттеулерді қатар алып жүрді. Мәселен, «Қазақстандағы діни ұйымдар мен діни ахуал: XIX ғ. соңы – XXI ғ. басы» ғылыми-зерттеу жобасының және бірнеше басқа да этномәдениетке қатысты ғылыми жобалардың ғылыми жетекшісі болды.

**А. Айталы 200-ден аса ғылым мақалалардың, монографиялардың, оқу құралдарының авторы: Социализм и интернациональное воспитание масс Алма-Ата: «Казахстан» 1979.-123с.; Ұлттану: оқу құралы.- Алматы: Арыс, 2000.-223б.; Ұлт мұраты: депутат көзқарасы. Астана: Елорда, 2003.-154б.**

**АЙТЫС** – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. А. – синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. А-та осыған орай лирик., эпик., драм. сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі әсер-ықпал жасап отырған. Батыр және лиро-эпос жырларына да әсерін тигізіп, өзі де арнасы кең мол салаға айналған. Көшпелі елдің қызық-қуанышын бөлісіп келген А. халқымыздың сан алуан ойын-той, әр түрлі дәстүрлі думандарда қуана қызықтайтын театры іспеттес болған. Жұрт көпшілік алдында сөз сайысына түскен екі ақын-ның жеңіске жету жолындағы тапқырлықтары мен алғырлықтарына куә болып, солардың біреуінің намысын жыртып, тілеуін тілейтін жанкүйеріне айналады. Бұған А-тың сауықшылдық, эстетик. ләззат беретін сипаттары да айтарлықтай қызмет атқарады. «Аттың жалы, түйенің қомында» дегендей көп дайындықты керек етпейтін А. кез келген жерде өте береді де, мұның тыңдаушысы да, бағасын беріп төрелік айтушысы да халық немесе қадірлі ел ақсақалдары болады. А-тың дәстүрлі өнерге айналуына көшпелі өмір салты ікелей әсер еткені байқалады. Көшпелі елде шілдеhana, ойын-тойға ерекше мән беріліп, қонақ кәдеден бастап, кішігірім ауыл А-тары да өтіп отырған. Бұлар ертенгі көрнекті А-қа бастайтын дайындық тәрізді бүкілхалықтық



сипат алған. Арқалы А. ақындары бірін-бірі іздеп келіп айтысатын дәстүрге жалғасты. Бір де бір үлкен жиын, ас-той ақындар А-ынсыз өтпейтін болды. Бұл дәстүр А-тың сан алуан мазмұнды, мол ауқымды жанрға ұласуына қолайлы жағдай жасады.

А-тың алғашқы бұлақ көзі тұрмыс-салт жырларындағы «Жар-жар» мен «Бәдік» жырларынан басталған. Кейін қыз бен жігіт айтысына да (қ. қайым өлең) ұласқан. Келелі ақындар айтысы – екі дай жұрттың ортасында бетпе-бет отырып, қолма-қол шығарылып айтылады. Қазақ қоғамында ақынның ақын болып танылуы да тек айтыс арқылы жүзеге асқан. Көбіне- көп айтыста жеңілген ақын өткен айтысты ел арасына таратуға міндетті саналған. Сөйтіп, бір-біріне логик. ой-жүйемен терең жымдасқан екі ақынның өлеңдері біртұтас дүниеге, қисса, дастан секілді желілі шығармаға айналған. Айтыс ақындарының ұғымында өлең белгілі бір кісіге қонатын өнер саналған. Кемпірбай, Базар, Бұдабай, Бақтыбай, Сүйінбай, Жамбыл тәрізді ақындар өлеңнің «киесі бар, иесі бар» деп білген. Мыс., Бұдабай, Бақтыбай, Жанақ ақындар түсінде бір ақсақалды әулиенің «өлең аласың ба, көген аласың ба?» деген таңдатуынан соң, өздерінің өлеңді қалағандарын айтады. Бұл табиғатынан осы өнер түріне бейім жаратылған ақындардың ой-қиялының жемісі болуы да ғажап емес.

А-тың негізгі салмағы да, түйіні де өмір шындығы. Бетпе-бет келген екі ақын да сол орайда женудің сан алуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастырады. Ә дегеннен амандасу, ел жағдайын сұраудың өзінде айтыс боларлық түйін, сын тағарлық мәселелер іздестіріледі. Қарсыластардың қай-қайсысы да негізгі уәж, аталы ойларын бірден жайып салмай, аңысын аңдап, құрылған тор, айталы қақпанға түсіруді көздейді. Оның алдын орап, матап, шырмап, қисынды да уәжді сөзбен тоспақ болады. Машығы мол, айла-тәсілі көп, аталы сөзді орнымен қолдана білген ақын ғана мәрелі жеңіске жетеді. Суырып салма өлеңге ысылған, ағыл-тегіл жыр иесі айтыста сөз таппағаннан жеңілмейді, аталы сөзден, жүйелі ойдан, бұлтартпас шындықтан тосылады. Мұны қанша өкінішті болса да жұрт алдында ашық мойындауға, кейінгі жырлау кезінде жасырмай айтуға мәжбүр болған. Бұл шыншылдық ойды «Аталы сөзге арсыз жауап қайырады» деген мәтелімен айтыстың әділ қазысы болған халық өзі түйіндеп отырған.

А. түркі елдерінде көне дәуірден белгілі. М. Қашқаридің «Диуани-лұғат-ат түрк» атты еңбегіндегі «Жаз бен Қыстың айтысы», Қ.А. Иасауидің «Диуани хикметіндегі» Жұмақ пен Дозақтың айтысы» бұл жанрдың ғасырлар қойнауына жол тартатынын аңғартады. Қазақ айтыстары жанрлық сипаты жағынан түре айтыс, сүре айтыс болып екіге бөлінеді. Алғашқысына бір-бір ауыз өлеңмен қайырылатын айтыстар жатса («Жар-жар», «Бәдік»), кейінгісіне келелі, кесек ақындар айтысы енеді («Ақсұлу мен Кеншімбай», «Әсет пен Ырысжан», «Сүйінбай мен Қатаған», «Жамбыл мен Құлмамбет», «Молда Мұса мен Манат қыз», «Кемпірбай мен Шөже», «Орынбай мен Тоғжан», «Біржан мен Сара» т. б.). А. мазмұндық сипатына қарай, қдет-ғұрып айтысы және ақындар айтысына жүйеленеді. Соңғысы тақырып аясына қарай жұмбақ А., мадақ А., т. б. болып жіктеледі.

Әдеб.: Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи, ч. ККҚ. – Спб, 1870; Валиханов

Ч. Соч. – Спб, 1904; Айтыс. 3 томдық. – А., 1964, 1965, 1966; Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Қызылорда-Тәш., 1927; Ысмайлов Е. Ақындар. – А., 1956; Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – А., 1958; Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – А., 1973; Төрекұлов Н. Ақындар айтысы. Кіт: Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. – А., 1979, 134–155 б.; Бердібаев Р. Айтыс өнері. Кіт: Сарқылмас қазына. – А., 1983, 67–141 б.; Айтыс өнері. – А., 1979; Айтыс. – А., 1990.

**АЙЫРМАШЫЛЫҚ** – бір объектіде бар белгілердің басқа объектілерде жоқ болып шығуы негізінде жасалған салыстырмалы сипаттама. А. барабарлықпен байланысты. Сонымен бірге А. пен барабарлық анағұрлым кең мағыналы ұқсастық категориясында ұштасады. Дүниені тану объектілердің барабарлығымен, А-ты анықтаумен тығыз байланысты. Бейнеленген объект формальды логиканың тар шеңберінде шектеліп белгіленген жағдайда А. пен барабарлық байланысы сырттай сипатталады. Осы объектілердің өзі бір белгілерімен барабар болса, басқадай белгілерімен өзгеше болады. А-ты диалект. тұрғыдан алғашқы түсіндірген – Гегель. Оның «...ойлаушы парасат, былайша айтқанда, айырманың қарабайыр айырмашылығын мәнді айырмашылыққа дейінгі, қарама-қарсылыққа дейін айқындайды». А-тың мәні қарама-қарсылық, қайшылық категорияларында толық қамтылады.

**АККУЛЬТУРАЦИЯ** (лат. *adcultura* – білім, даму) – белгілі бір халықтың мәдениеті жоғары дамыған басқа бір халықтың мәдениетін толық немесе жартылай қабылдауы нәтижесінде болатын мәдени өзара ықпал процесі. А. ассимиляция және этникалық бірегейлік пен тұтастану процестерінің көптүрлілігіне қатысты қарастырылады. А. ұғымы алғаш рет Солтүстік Америкалық үндістік тайпалардағы мәдени өзгерістерді зерттеген мәдени антропологияның американдық мектебінде (Д. Боас, У. Холмс, У. Мак-Джи, Р. Лоун) XIX ғ-дың аяғынан бастап қолданылды. Алғашқы тар мағынасында бұл ұғым үндіс тайпаларының ақ нәсілді американдықтардың мәдениетін біржақты қабылдап, ассимиляцияға ұшырауына байланысты пайдаланылды. XX ғ-дың 30 ж-нан А. ұғымы мәдени антропологиялық мектептің басты ұғымдарының біріне айналды. А. процестерін зерттеуде 1940 ж. жарияланған Линтонның «Американ үндістерінің жеті тайпаларындағы А.» еңбегінің үлкен теориялық маңызы болды. Бұл еңбекте А-ның екі типі аталады: 1) әскери-саяси өктемдік жоқ жағдайында өзара қарым-қатынасқа түскен мәдениеттердің бір-бірінің құндылықтарын еркін қабылдауы; 2) әскери немесе саяси басым топтың бағыныңқы мәдениетке өз құндылықтарын нысаналы және күшпен танытуы. 1950 ж-дарға дейін А. процестерін зерттеу Батыстағы мәдениеттің басқаларына тигізген әсерлерін қарастырумен байланыстырылды. Басқалары батыстандыру аймағы болып табылады делінді. 1950–60 жылдардан бастап А. аумағы кеңірек қарастырылды. Батыстық емес мәдениеттердің өзара байланысы және олардың А-лық қуаты сараланып, испандандыру, жапондандыру, қытайландыру процестері ғылыми талдаудың пәніне айналды (Дж. Фостер, Дж. Фелан, т. б.); А. тәсілдері күрделі қоғамдардағы урбанизация процесін зерттеуде пайдаланылды (Р. Билз). Егер бұрын басым мәдениеттің «төмен» мәдениетке тигізген әсерлері сөз болса, енді кері әсер (мыс., африкалық

*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

әуендік ырғақтардың қазіргі музыкаға әсері) туралы жиі айтыла бастады. А-ны әртүрлі мәдениеттердің тоғысуы нәтижесінде жүзеге асатын мәдени сұхбат ретінде қарастыру алдыңғы қатарға шықты.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006: Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова. – Алматы, 2007.**

**АКСИОЛОГИЯ** (грек. *axia* – құнды, *logos* – ілім) – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта алатын орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім. А-ның негізгі мәселесі – «Игілік деген не?» деген сұрақты алғашқы болып Сократ қойған. Платон философиясында құндылықтар жалпы ізгілікпен байланыстырылып, әмбебапты мәнге ие болды. Мәдениеттануда құндылықтар мәселесі ерекше орын алады, өйткені мәдениет адамзат жасаған барлық құндылықтардың жиынтығы деген түсінік кең тараған. Құндылықтардың болмыстық жалпы мәнін ашуға бағытталған А-ның филос. қырынан, оның мәдениеттанулық өлшемі өзгеше болып келеді. А. әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін, мәдени құндылықтардың қалыптасуын, нақтылы даму тектерін және бағдарларын айдындайтын білімдердің нақтылы-тарихи жүйесі ретінде көрініс тапты. Бұл әсіресе, тарихи мәдениеттануда анық байқалды. Мәдениет – адамдық қарым-қатынастарды реттеудің маңызды тұлғалық-әлеуметтік тетігі, ал құндылық – норма, үлгі, мұраттармен қатар осындай реттеу жүйесінің шешуші элементі екендігі белгілі. Сол себепті А. әлеум.-мәдени талдаудың маңызды құралына жатады. Қазіргі мәдениеттануда құндылықтардың тарихтан тыс әмбебапты жүйелерінен бас тартып, тарихи әдістеме арқылы теңсұқықты құндылықтар жүйелерінің молдығына негізделінген мәдени-тарихи релятивизм мектебі

(Дилтей, Шпенглер, Тойнби, Сорокин т. б.) қалыптасты. Салыстырмалы мәдени зерттеулердің дамуы нәтижесінде кез келген мәдениет құрылымының, басымдылықтарының және мазмұнының салыстырмалылығы туралы идеялар (Боас, Риверс, Бенедикт) өрістеді. Сонымен қоса А-лық плюрализм концепцияларының тарауы бұрынғы жалпы құндылықтар ілімінің негіздерін шайқалтып, олардың құрамына нақтылы-тарихи мәдени контекстіні енгізді. Қалыптар мен құндылықтар әрбір мәдениетте өзіндік сипатымен айқындалғандықтан бүкіл адамзатқа бірдей тұжырымдалған мәдениет кодексін ұсыну мүмкін емес. Алайда жалпы-қоғамдық ынтымақтастық, үйлесімдік пен келісімді де бекерге шығаруға болмайды, яғни тұлға үшін ортақ мақсаттар да қажет (Клакхон). А-лық зерттеудің маңызды жақтарына психоанализ (Әсіре-Мен, Құндылық архетиптерін талдау – К. Юнг), құндылықтар сұхбаты (М. Бахтин), т. б. жатады.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007. Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 22–25.

**АКСИОМА** (гр. *axioma* – мақұлданған қағида) – белгілі теорияда дәлелденбейтін тұғырда алынатын және одан (немесе оның жиынтығынан) теорияның барлық басқа сөйлемдері ондағы тұжырымдау ережелері бойынша қорытып шығарылатын қайсыбір ғыл. теорияның бастапқы тұжырымы (сөйлемі). Ежелгі заманнан ХІХ ғ. ортасына шейін А. интуитивті айқын және априорлы ақиқат сөйлемдер деп қарастырылды. Бұл ретте адамның практикалық таным әрекеті мен қатыстылығы назардан тыс қалып келді. Адамның практикалық әрекеттері миллиардтап қайталана отырып, адам санасында логикалық бейне болып қалыптасады, сөйтіп көп рет қайталануы себепті аксиомалар мәніне ие болады. Қазіргі аксиомалық әдіс А-дан бір ғана шарттың орындалуын осы теорияның барлық басқа сөйлемдерін қабылданған логикалық ережелер көмегімен түйіндеу үшін бастапқы қағидалар болып қалуын талап етеді. А-ның ақиқаттығы туралы мәселе не басқа бір ғылыми теориялар шеңберінде, не осы жүйенің интерпретацияларын (интерпретация және модель) табу барысында шешіледі: кейбір формальді аксиомаланған жүйенің осы немесе басқа бір пәндік салада жүзеге асырылуы осындағы қабылданған А-ның ақиқаттығын дәлелдейді.

**Әдебиет:** Философиялық энциклопедиялық сөздік. – М., 1983.

**АКСИОМАТИКАЛЫҚ ӘДІС** – дәлелді логикалық тұжырымдар негізінде ғылыми теорияларды құру әдістерінің бірі. Белгілі бір ғылыми теорияны А. ә-пен құру деп аксиомалар жүйесінде алдын ала белгіленген логикалық ережелер бойынша теоремаларды (салдарды) алуды айтады.

Бұл әдіс матем. дәлелдемелердің дедуктивтік сипатын анықтайды. Ол туралы алғашқы түсінік Ертедегі Грецияда (Аристотель және Эвклид еңбектері) пайда болған. Интуитивтік немесе мазмұнды аксиоматика. Мұның үлгісі – Эвклидтің «Бастамалары». Ертедегі гректердің матем. ой-өрісі осы «Бастамаларда» жинақталып біріктірілген. Ол кезде ғылымды аксиомаландыру оның тілін емес, қайта тұтас геом. білімді қамтыды. А. ә-ті осылайша түсінуді мазмұнды аксиоматика деп атайды. Ньютон классикалық математиканы, Декарт пен Лейбниц математиканы және Спиноза этиканы құруға А. ә-ті пайдаланған. Бірақ олар А. ә. жайындағы ілімге ешбір жаңалық енгізбеді. А. ә. тек ғылыми-зерттеудің жаңа объектісін тануға ғана пайдаланылды. Мазмұнды аксиоматиканың кемшіліктері ашылған соң, ол математика мен ғылым дамуында басқадай жетілген аксиоматикамен ауыстырылды. XIX ғ-дың 2-жартысынан бастап математика мен логиканы негіздеуге байланысты формальды аксиоматика пайда болды. Сөйтіп, аксиоматикалық теория формальдық жүйе ретінде қарастырылатын болды. Осының нәтижесінде аксиоматика арқылы эвклидтік емес геометриялар құру мүмкіндігі анықталды. Математиканы формальдау, формальды есептеу ретінде зерттелетін жасанды тілді құру және табиғи тілдің таңбаларын ауыстыру арқылы модель әдісімен байланысты қиыншылықтан құтылу бағдарламасы күн тәртібіне қойылды. Бұл формалистік бағдарлама еді. Өйткені үздіксіз дамуда болатын математиканы қатып қалған аксиоматикалық шеңбермен шектеуге мүлде болмайды. Матем. білімнің мазмұны мен формасы теорияның формальды қайшылықсыздығы мен мазмұнды құрылымы арасындағы қайшылықты Гильберт бағдарламасы шеше алмады. Гедель бүкіл математика үшін тұтас аксиоматика жүйесін құруға және матем. білім түгіл арифметиканы толық формальдауға және аксиомаландыруға мүлде болмайтындығын тамаша дәлелдеді. А. ә. бар білімді жүйеге келтіру және жаңа теориялар жасап шығару үшін қажет. Ол матем. теорияларды біріктіріп, олардың ортақ элементтерін табуға көмектеседі. Соңғы жылдары А. ә. физиканың жаңа салаларында, теориялық биологияда, лингвистикада, космологияда жиі қолданылады.

**АКЦИДЕНЦИЯ** (лат. *accidentia* – кездейсоқ жағдай, кездейсоқтық) – заттың уақытша, өткінші, мардымсыз, кездейсоқ қасиетін (маңызды, субстанционалды қасиетінен айырмашылығы) білдіретін философиялық ұғым. Бұларды алып тастау заттың мәнін (заттың мардымсыз қасиетін) өзгертпеуі мүмкін. Алғаш рет А. ұғымын Аристотель «Метафизика» және «Физика» еңбектерінде қолданған. Кейіннен Порфирий «бөлінетін» (түс көру) және «бөлінбейтін» (адамның терісінің түсі) А. туралы пікірлерді дамытады. А. туралы ойлар схоластикалық дәстүрде де таралған, онда заттың кейбір қасиеттерінің субстанциядан тыс бола алатындығы көрсетіліп, оны

«шынайы А.» деп атайды. Декарт пен Гоббстың «шынайы А.» идеясының жақтастары мен пікірталастарының нәтижесінде Спиноза А. ұғымынан бас тартып, оның орнына «модус» (субстанцияның жекеленген нақтылы көрінісі) терминін енгізеді. Бұл ұғымды сондай-ақ Кант, Фихте және т. б. философтар қолданған.

**АҚАТАЙ Сәбетқазы Нұржақияұлы**, философ, антрополог, ағартушы-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (11.10.1938, Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Ақсуат ауылы – 2003, Алматы қаласы), философия ғылымдарының докторы (1995), профессор (1999). Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген (1969). Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында оқытушы (1969-71), Мәдениет министрлігінің қызметкері, Мәдениет және өнер қызметкерлерінің білімін жетілдіру институтының ректоры, Мәдениет проблемалары орталығында ғылым бөлімінің меңгерушісі (1988–95) қызметтерін атқарды. 1995 жылдан ҚР ҒМ – Ғылым академиясының Философия институтында жетекші ғылыми қызметкер болды. «Мировоззренческий синкретизм казахов» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

С. Ақатай – әйгілі тарихшы, философ-ойшыл, этнограф, археолог, қазақ өнертану ғылымының атасы Әлкей Марғұланның шәкірті болды. С. Ақатай - Жазушылар одағының мүшесі, 15-ке тарта ғылыми монографиялар мен жинақтардың, 400-ден астам ғылыми, публицистикалық, саяси, әлеуметтік, әдеби сыни мақалалардың авторы. Зерттеуге алған мәселелері толғақты, көпшілік ойынан шығатын, әлеуметтік пікір туғызатын дүниелер еді. 40 жылға созылған шығармашылық дәуірінде Сәбетқазы Ақатайдың қалам тартқан мәселелері тобынан қалам тартпағандарын санап шығу оңайырақ болар. Оны кітаптары мен жинақтау атауларынан-ақ білуге болады: «Эзоп мысалдары», «Қазақтың музыкалық фольклорлы», «Арал тағдыры», «Күн мен көлеңке», «Эстетикалық категориялар», «Тышқан жылғы қырғын», «Көшпенділер эстетикасы», «Дүниеге қазақы көзқарас», «Инжу-маржан секілді», «Мәдениет айдынындағы Қазақстан», «XXI ғасыр қарсаңындағы Қазақстан философиясы», «Тереннен тартқан тамырлар: әдеби мақалалар», «Эстетикалық категориялар», «Найман хандығы», «Қазақтың фольклорлық ұлағаты: энциклопедиялық анықтама» және т. б.

Оқытушылық жұмыспен бірге С. Ақатай қоғамдық-ағартушылық және әкімшілік жұмыстарды қатар атқарды: Алматы шет тілдері институтында оқытушы, Бқылас атындағы Қазақ ұлттық музыкалық аспаптар мұражайының директоры, кафедра меңгерушісі, проректор, аға ғылыми қызметкер, Республикалық мәдениет қызметкерлері біліктілігін арттыру институтының ғылыми бөлім меңгерушісі болған. О. Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабын қазақ тіліне аударған. «Азат» қозғалысы төрағаларының бірі болды.

**АҚМАМБЕТОВ Ғалихан Ғаламғалиұлы** – 1935 ж. 31 қаңтарында Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында дүниеге келген. 1956 ж. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ды бітіреді. 1956–1960 жж. Орал мемлекеттік педагогикалық институтында оқытушы қызметін атқарады. 1960 ж. Мәскеудегі КСРО ҒА Философия институтына аспирантураға түсіп, 1963 ж. кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1964–1971 жж. ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында ғылыми қызметкер, 1971–1976 жж. ҚазМУ-дің Философия және этика кафедрасының меңгерушісі, 1976–1995 жж. ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтының Әлеуметтік философия және антропология бөлімінің меңгерушісі (1992 ж. бастап ҚР ҰҒА Философия институты) қызметтерін атқарды. 1983 ж. Мәскеуде «Тұлға этикалық мәселе ретінде» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. 1995 ж. Қазақ мемлекеттік заң университетінің құқық философиясы кафедрасының меңгерушісі, 2005 жылдан қазіргі кезге дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің философия кафедрасының профессоры. Ғ.Ғ. А-тің жетекшілігімен 25 ғылым кандидаттары мен 7 ғылым докторлары диссертациялар қорғады. 100-ден аса ғылыми мақалалардың авторы.

**Негізгі еңбектері:** «Проблемы формирования сознания личности» (1972), «Проблемы нравственного развития личности» (1973), «Проблемы субъекта и объекта философии» (1975), «Природа нравственного конфликта» (Берлин, 1982), «Я и общество» (1989), «Сознание в социокультурном контексте» (1993) т. б.

**АҚПАРАТ**, *информация* (лат. *informatio* – түсіндіру, баяндау, хабардар ету) – 1) істің жағдайы, қандай да болмасын оқиға немесе біреудің қызметі туралы хабарлау, мәлімет беру; 2) ХХ ғасырдың ортасынан бастап адам мен адам, адам мен автомат, автомат пен автомат арасындағы деректер алмасуды, жануарлар мен өсімдіктер арасындағы сигналдар алмасуды, тұқым қушылық белгісін бір клеткадан басқа бір клеткаға, бір ағзадан (организмнен) екінші бір ағзаға жеткізуді қамтитын жалпы ғылыми ұғым; 3) кибернетиканың негізгі ұғымдарының бірі. Ақпарат үздіксіз (аналогты) не үзілісті (дискретті) болуы мүмкін. Ақпаратты жеткізу, қабылдау, түрлендіру және сақтаудың жалпы мәселелерімен ақпарат теориясы айналысады. Ақпаратты зерттеуде математикалық статистика әдістері де қолданылады.

**Әдебиет:** ҚҰЭ. Т. 1., 201 б.

**АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ** (лат. *informatio* – түсіндіру, хабарлау) – 1945 жылы жапон ғалымы Е. Масуда енгізген термин. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дамыған елдердегі капитализмнің бұрынғы индустриалдық капитализмнен бөлек екендігі айқындала түсті. 1960–70 жылдары Батыс ғалымдары (Д. Белл, Р. Арон, З. Бжезинский, О. Тоффлер, Рим клубы өкілдері т. б.) принципті жаңа қоғам қалыптастыру туралы ілімдерін көпшілікке ұсынады. Оны әртүрлі атаулармен атады: супериндустриялық өркениет, постиндустриалдық қоғам, технотронды, телекоммуникациялық, ақпараттық қоғам. 1990 ж. шыққан Д. Нэсбит пен П. Эбурдиннің «Мега-тенденциялар. 2000 ж.» еңбегінде жаңадан қалыптасып келе жатқан өркениеттің төмендегідей басым бағыттары аталып өтті: 1) жаңа жоғары технологиялар; 2) социализмнің кейбір элементтерін еркін нарықтық қатынастармен үйлестіру; 3) әмбебапты өмір салты және мәдени ұлтшылдық; 4) жеке және мемлекеттік дәулеттіліктің ұштасуы; 5) өнер мен көркем мәдениеттің өркендеуі; 6) діни жаңғыру; 7) тұлға марапаты. Өркениеттіліктің басты тірегіне әмбебапты ақпараттандыру жатады. А.қ. тіршіліктің барлық салаларын қамтып отыр: техникалық салада – жаңа ақпараттық технологияларды өндірісте, іскерлік қатынастарда, білім беру саласы мен күнделікті тұрмыста қолдану; экономикалық салада ақпарат ең басты тауарға айналды, әлеуметтік салада ақпарат өмір сапасын көтерудің негізгі құралына айналды; саяси салада ақпараттың еркін және ғаламдық алмасуы демократия мен азаматтық қоғамды насихаттады, мәдениет саласында А.қ. жетістіктері мәдени сұхбат пен құндылықтар алмасуына себебін тигізді. Ақпараттың принципті жаңа түрлері адамзат мәдениетінің жазу бітімінен экрандық мәдениетке ауысуына негіз болды.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әлеуметтік философия. Т 17. – Астана: Аударма, 2005: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.

**АҚЫЛ**, *интеллект* (лат. *intellectus* – түсінік, таным) – мәселелерді тануға, ұғынуға және шешуге жалпы қабілеттілік. А. ұғымы тұлғаның сезіну, қабылдау, есте сақтау, ұғыну, ойлау, қиялдау сияқты барлық танымдық қабілеттерін біріктіреді. Академик Н.Н. Моисеевтің айтуынша, А. ең алдымен, мақсат қою және сол мақсатқа жететін ресурстар мен стратегияларды жоспарлау. А-дың бастапқы нышандары жануарларда да болады және осы деңгейде де А. мақсат қою және мақсатқа жету арқылы жануарлардың дамуына ықпал еткен және ықпал етеді. А. ықпалы бір адам өмірімен шектелмейді. Homo sapiens түрінің интеллекті дамығаны сонша ол оны жанурлар әлемінен бөліп әлеуметтік және өркениеттік дамуға көшірді. В. Прайдтың айтуынша, А. адамзат дамуының қазіргі және келешектегі динамикасын анықтайды.



А. қабілет ретінде басқа қабілеттер арқылы жүзеге асады. Олар тану, үйрену, қисынды ойлау қабілеттері, зерделеу арқылы ақпаратты жүйелеу, оның пайдалылығын анықтау, онан байланыстар, заңдылықтар және айырмашылықтар табу, ұқсас нәрселерді бір бірімен салыстыру. Адам ақылының мәнді қасиеттері ретінде А-дың сыншылдығы мен тереңдігін, елгезектігі мен икемділігін, қисындылығы мен уәжділігін атауға болады. А-дың кейбір қасиеттерінің дамуы бір жағынан генотипіне тәуелді болса, екінші жағынан өмірлік тәжірибесіне байланысты. Тоталитарлы әлеуметтерде тар ойлау шеңбері пайда болады, ол өз-өзіне тек мансапқор, пенделік мақсаттар қойып, ол зерделік балаңдыққа әкеледі. Тұлға тек топтық, тобырлық стереотиптермен тірлік етеді. А. мазмұнында деформация пайда болады. Ондайда ой ригидтік нәрсеге айналады, өзгеріске көнбейді, бәріне тек шаблонмен қарайды. Бұл А-дың басты қасиеттерін жоғалтумен бірдей.

**АҚЫН** – поэзиялық шығармаларды ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркем сөз өнерін қалыптастыратын тұлға. А. көшпелі қоғамда әлеуметтік пікірді жеткізуші. Қазақтың сөз мәдениетінде жырау, жыршы, өлеңші сияқты тұлғалар айқындықты өнер ретінде меңгерген. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде шынайы А. өзінің суырып салып өлең айтуымен дараланған. Ол өлеңді, жырды домбыра немесе қобыз сияқты музыка аспаптарының сүйемелдеуімен орындаған. А-ға тән қасиеттер: а) ескіше оқыған, көп білетін адам; ә) қасиет пен құндылықтардың суретшісі, жасаушысы, содан әлеуметтік мәртебесі жоғары дара тұлғалыққа ие болды; б) халықтың көркемдік талғамын қалыптастырып, жалғастырған сөз шебері, ауызша А. жырлап не жазып шығаратын өнер иесі; в) А. айтыста тіршіліктегі ащы-тұщының себепті байланысын есінде сақтады, реті кел-генде ашық, жанға батыра еске салды. Оның асыл сөзі – ақиқаттың айқын үні, ойшылдың өткір ойы. Оның серпілісі өз қиялынан, таным объектісінен қанат тапты, нақты оқиғаны өрнектеуімен көп құлағына жақты. Өрекет бастауын адамдыққа және бітімге арнады. А. тойда, ойын-сауықта көптің іліп аларына көңіл бөлді. Ол бұралқы сөзбен емес, батыл оймен, әнді дауыспен көпті өзіне қарата алды. Мұндай тұлғалық пен тектілік қазақы танымды ерекшеледі. Тілдері нық, ойлары анық болды. Ашық сөз саптауда немесе жарыста сөзін жинақы таратты, ойын тартымды, әдет-ғұрыптың жағымды, оң жақтарын жеткізумен көптің көңілін жаулап алды. А-дар туралы «Тәңірі қуат берген, Тәңірі жарылқаған шабыттылар» деген түсініктер таралған.

А-ның жаны таза. Жаны тазаның ағартушылығы арыдан басталады. Оның талғамы, ой өрісі, мәдениеті көп алдында сыннан өтті, ширатылды. А. дүние танымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренгенін де дер кезінде нақышына келтіре өрнектеген. Шығармаларының көпшілігінде заман туралы айтады,

шындықты айтып, халық қамын білдіреді. Осы тұрғыдан қазақтың жаман мінездерін, ескі қалдықты, билердің үстем қылықтарын сынайды. Бұл А-дық қабілет пен мұратқа тән ерекшелік.

А. қабілеттің арқасында табиғатқа тіл бітіп, адамның тұла бойындағы күдірет, бас бостандық, ел мен жер танытқан шындық (Шал, Шернияз, Мәделі, Ақмолла, Майлықожа, т. б.) көріністері ашылды; ел мұңы, заман зары мен жыры (Махамбет, Дулат, Шортанбай, т. б.) ұрпақтар жанында әрдайым жаңғырды. Сергек ойлы ақындар, сыршыл әншілер, ұғымтал сазгерлер (Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса,) қазақ музыкасының мазмұны мен түріне, орындаушылық өнеріне көптеген жаңалықтар енгізді. Қазақы таным алдағы күнге деген үмітімен, өткен күнге деген сағынышымен ерекше. А. алдымен өз басы мен болмысының иегері болды, адамдық туралы ойланды, адамгершілікті түсіндіріп бақты. А-та елге, жерге, ағайын-жұртқа деген сезімталдық, сүйіспеншілік, сенімділік үнемі және үлгілі тұрғыда таратылады. Әдебиетте А-ды – әнші А., айтыскер А., жазбаша А. деп жіктеушілік орын алған. А-дық жырау мұраты – шығармашылық қажеттіліктен туындайтын көркемдік пайымдаумен және субъективті сапалықпен, яғни, өзін ұрпақ-ұлтымен үйлестіретін және еліне қызметін тездететін ізденістермен үндес. Мұндай тұлғалық пен тектілік қазақы танымды ерекшеледі. А-дық білімді өндіру қабілеті, тіл шеберлігіне деген жауапкершілік. Онда адамның тұлғалық деңгейі мен тіршілік тұтастығын жеткізетін, тұрмыс-салт мұқтаждарын көрсететін кемелдік айқын. А-дықта тіл мен білімнің жетілу эволюциясы қатар жетіледі. Өйткені А. халқымен тілдеседі, заманымен үндеседі. Тұлғалық пен тіршілік тұтастығын, тіпті халықтың идеялық, рухани біліктілігін нығайту – А-дық толғаныстың мәңгі тақырыбы. Оның басты бір сырын А. Байтұрсынов: «Ертедегі адамдардың табиғаттан ұзап кеткен жері болмаған соң адамның өзі де табиғатпен қатар, табиғатпен жалғас, сабақтас өзектес сияқты күйде өмір кешкен» деп түйіндейді.

А. номадтық мәдениеттің синкреттік тұлғасы, ауыз әдебиетінің халық дәстүрлерін сақтаушы. Сондықтан олардың көрнектілерін «халық ақындары» деген (Нұрпейіс, Кенен, Жамбыл т. б.). Халық ақындары тек қазақта емес, сонымен бірге тыныс-тіршілігі ұқсас қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, түркімен сияқты халықтарда да бар. Ақындық өнер қазақтың жазба әдебиетінде де жалғасқан. Жазба әдебиетіндегі А-дар бұрынғы фольклордың құндылықтарын сақтай отырып, заманның жаңа талаптарына сай жанрлық, стильдік, көркемдік, идеялық-мазмұндық өзгерістерге барған (Абай, Шәкерім, Мағжан, С. Торайғыров, С. Сейфулин, М. Шаханов, О. Сүлейменов т. б.). Зерттеушілер қазақ поэзиясының тарихи кезеңдеріне, мәдени ақпарат беру тәсілдеріне, стилі мен жанрына қатысты А-дарды жыршы ақындар және жазушы ақындар деп екі топқа бөледі. Қазіргі

күндері ауызекі ақындарды шығарм. ерекшеліктеріне байланысты: айтыс ақындары, әнші ақындар, термешілер т. б. деп жіктеп таратады.

**Әдебиет:** Исмаилов Е. Ақындар. – А., 1956; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т. 12. – Астана: Аударма, 2005; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.

**АЛГОРИТМ** (Орта Азия математигі әл-Хорезмидің арабша есімі-нің латынша *algorithmi* деп берілуінен шыққан) – бастапқы берілген мәліметтермен бір мәнде анықталатын нәтиже алу үшін қай амалды (жұмысты) қандай ретпен орындау қажеттігін белгілейтін есептерді (мәселелерді) шешу (математикалық есеп-қисаптарды орындау, техникалық объектілерді жобалау, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу, т. б.) тәсілдерінің дәл сипаттамасы.

**Әдебиет:** ҚҰЭ. Т. 1. – 258 б.

**АЛҒАШҚЫ САПАЛАР** – Р. Бойль мен Дж. Локк енгізген ұғым. Таным теориясының негізгі ұғымы ретінде А. с. жайындағы ілімді жасаған Дж. Локк болды. А. с. затқа тән және оның объективтік сипатта болатын қасиеттері (қозғалыс, тыныштық, өткізбеушілік, фигура, ұзақтық). Механикалық материализм затқа тән кеңістік және уақыт тұрғысындағы сападан басқа сапалардың барлығын бекерге шығарады. Локк барлық сапаларды алғашқы және туынды деп екіге бөлді. Туынды сапалар затқа тән емес, субъективтік елес, қиял ғана, шындық дүниеде болмайтын, субъективтік сипаттағылар – түс, иіс, дәм, дыбыс. Туынды сапалар адам санасына және оларды қабылдаушы субъектіге толық тәуелді. Барлық сапаларды алғашқы және туынды сапа деп, объективтік және субъективтік деп бөлу, сөйтіп, оларды бір-біріне қарсы қою – Локк материализмінің үлкен олқылығы. Өйткені сапа мен сан арасындағы байланыс бұл ұғымнан әлдеқайда күрделірек. Барлық сапалар объективті. Сапа заттың ішкі айқындығынан, сезімдік сипаттарының, қасиеттерінің тұтастығы мен жиынтығынан көрінеді. А. с. жайындағы Локктің ілімі кейіннен Беркли, Мах, Авенариустың және Юм мен Канттың таным теорияларына арқау болды.

**АЛЕКСАНДРИЯ МЕКТЕБІ** (б.д.д. I ғ. – б.д. VI ғ.). Антика философиясындағы А. м. ғылыми әдебиеттерде екі түрлі түсіндіріледі. Бұл бір жағынан – б.д.д. I ғасырда Мысырдағы Александрия қаласында өмір сүрген Филон Александрийскийдің философиясы. Филон Александрийский стоиктік платонизмнің әдістерімен Інжілге түсіндірме жазған ойшыл. Бұл бағыт платондық идеяларды болмыстың негізі деп санайды, дегенмен, осы мектеп идеяларды барлық әлемге жайылған және барлық жанды және жансыз заттарды жарататын шығармашылық от бейнесінде пайымдайды. Әлі де

таза монотеистік әдістерді қолдануды меңгермеген сол кездегі барлық ерте христиандық діни ілімдер стоиктік платонизмнің зор ықпалында болды. Александрия қаласынан шыққан Климент пен оның шәкірті Ориген де осы ойлау салтының өкілдері саналады. Екінші жағынан кең мағынасында – А. м-не бірінші ғасырлардағы пұтқа табынатын жаңа пифагоршылдық пен эклектикалық мектептерді және жаңа платондық дәстүрдегі барлық бағыттарды жатқызады. Егерде жаңа платоншылдық ілімдердің Римде, Сирияда, Пергамда, Александрияның өзінде де кеңінен таралғанын есесек, онда А. м-н Филонның және 2–3 ғасырларда өмір сүрген александриялық христиан ойшылдарының философиялық мектебі деп санау қисынға келеді.

**АЛЛЕГОРИЯ** (грек. *allegoria* – пернелеп айту), пернелеу – оқырманның не көрерменнің санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей, бейне жасаудың көркемдеуші құралы, көркемдік тәсіл. А. көркемдік тәсілдердің ең көнесі, бастауын мифтен алып, фольклорда ерекше дамыған. Әлемдік сөз өнерінде ғасырлар бойы қалыптасқан типологиялық ортақ бейнелер А-лар арқылы беріледі. Алайда, ұлттық ұғым-санада, дәстүр-салтқа байланысты мұндай бейнелер барлық халықта бірдей әсер тудырмайтын кездері де болады. А. ауыз әдебиетінің барлық жанрларында, оның ішінде жануарлар туралы ертегілерде, халық мысалдарында, өтірік өлеңде, жазба әдебиетте, сатиралық жанрларда жиі қолданылады. Ол пернелеп айтуға, дерексіз ұғымды деректі нәрсеге ауыстырып бейнелеуге икемді тәсіл болғандықтан мысал жанрында ерекше дамыған. Эзоп, Лафонтен, Крылов, Абай, Байтұрсынов т. б. шығармаларында А. айрықша орын алған. Абайдың «Қарға мен түлкі» мысалындағы түлкі мен қарға бейнесі арқылы адам баласының бойындағы қулық пен аңқаулық, даңғазалық сияқты мінез табиғаты пернелей өткір мысқылмен шебер берілген.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; ҚҰЭ. Т. 1., 273 б.**

**АЛТЫНСАРИН Ыбырай** (1841–1889) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы. Туып-өскен жері – Қостанай облысының Қостанай ауданы, Арқарағай ауылы. Ол ерте оқып, ерте есейген. 1850 ж. Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне оқуға түседі. Мектепті бітірген соң, Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина болып қызмет атқаратын үлкен әкесі Балғожа Жаңбыршыұлының хатшысы болады (1857–1859). Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. 1860 жылы Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылады, әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгілінеді. Ы-дың бүкіл өмірін арнаған ағартушылық-педагогтық қызметі осылай басталады. Тікелей өзінің араласуымен халықтан жинаған қаржыға мектеп үйін және интернат салып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің жаңа ғимаратын салтанатты түрде ашады. Ол кезде Ы. бар болғаны 23 жаста еді. Ы. инспекторлық қызметке кіріскен соң оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай,

Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашады, оларды қажетті кітаптармен жасақтайды. Әсіресе, елді көшпелі өмір салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа үлгілі білім беру тәсілін ұсыныс етеді. Нәтижесінде, 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылады. Бі. мұнан әрі қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қол өнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар аярайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. Тіптен, Қостанайдан ашылатын ауыл-шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырады. Бі-дың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп-интернат аштыруының тарихи мән-маңызы зор болды. Бі. оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән береді. «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық, «қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы оқушыны отан сүйгіштікке, еңбекке, кісілікке – тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән-мағынасын жоймақ емес.

**АЛХИМИЯ** (лат. *alchemia*), шын мәнінде табиғатта кездеспейтін ерекше зат – «философиялық тас» арқылы жай металдардың қасиетін өзгертіп, оларды құнды (асыл) металдарға айналдыру мақсатын көздеген орта ғасырдағы ізденістерді білдіретін ұғым. А-шылдар еңбектері нәтижесінде көптеген маңызды заттар (қышқылдар, тұздар, сілтілер, т. б. элементтер) алу әдістері табылды. А. 1000 жылдан астам (IV–XVI ғғ.) өмір сүрді. Ол орта ғасырдағы діни-мистикалық және дүниетанымдық, натурфилософиялық та ілім болды. А. ілімі «философиялық тасты» тауып, оның қасиетін пайдаланса, ол жай металдарды алтын және күміске айналдырып қана қоймай, адамды жастық шаққа қайта оралта алады деп тұжырымдайды. А-шылдар жер бетіндегі құбылыстарды, жанды, жансыз тіршілікті, табиғат пен қоғамды, адам өмірі мен заттар тіршілігін тұтас алып қарастыруды, зерттеп тануды жақтады. Олардың көпшілігі мұсылман дініндегі сопылық ағымның өкілдері болды. Сопылар көзқарасы бойынша адамдардың толық жетілмеуі – олардың өз мәнін түсінбейтіндігінде. «Философиялық тасты» табу құралы әр адамның өзінде. Араб тілінде «тас, зат» немесе тағы да «аз-зат» – «күн сәулесі» деген ұғымды білдіреді. Ал «зат» (мән) «амалдан» өзге үш элементтен тұрады. Атап айтқанда, күкірттен (жан), сынаптан (мән), тұздан (тән). Ағылшын ғалымы Р. Бойль (1661 ж.) А-ға қағидаларына қарсы шығып, химияны ғылыми жолға қоюға тырысты. Ол химиялық элементке алғаш дұрыс анықтама берді.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. Аударма, 2006; ҚҰЭ. Т. 1. – 322 б.; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 27.

**АЛЬТРУИЗМ** (франц. *altruisme*, лат. *alter* – басқа) – басқаның мүдделері үшін өзіміздікі тежеп, оған жанқиярлықпен қызмет етуге дайындықты білдіретін ізгілік принципі. Ғылыми колданысқа А-ді эгоизмге қарсы

ұғым ретінде О.Конт енгізген. Эгоизм мен А-нің арақатынасы бүкіл этика тарихында арқау болған мәселелердің біріне жатады. «Егер мен өзім үшін болмасам, онда кім мен үшін?», «Мен басқа үшін емес өзім үшін өмір сүргім келеді» деген дұрыс мағынадағы өзін сүю А-тік қағидалармен толықтырылып отырылу қажет. «Егер мен тек өзім үшін болсам, онда менің керегім де жоқ», – дейді альтруист. Шынайы А. руханилықпен, басқа адамдардың қасиеттілігін мойындаумен, басқаға деген жылылықпен сомдалып отырады. А. принципі адамгершіліктің алтын ережесінде тұжырымдалған: «Өзіне не тілесен, басқаға да соны тіле!». А-нің таза көрінісіне аналық махаббат жатады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде А. кісілік қасиеттермен, басқаға деген жылы көңіл-күймен, сұхбатшылдықпен т. б. анықталады. Ұлы Абай айтқандай, «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй сол Алланы жаннан тәтті». Шынайы А. өмір ләззаттарынан бас тарту да, аскетшілдік пен тақуашылдық та емес. Қазіргі әлемдік мәдениеттегі бейбітшілдік, келісімдік, күш көрсетпеу, әмбебаптылық пен жалпы ғаламдық приоритеттер идеялары А-ның жаңа қырларын айқындайды.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 28–29.**

**АМАНАТ** – әлеуметтің, елдің, ұлт пен ұлыстың сенімін ақтау формасында көрінетін жеке адамның моральдық болмысындағы этикалық-аксиологиялық категория. А. адам мен адамның бір-біріне сенуінен, оның адамгершілік қасиетіне, кісілік мінезіне, ізгілік ниетіне, имандылығына, адалдығына, әділдігіне, кішіпейілділігіне, азаматтығына, қайырымдылығына, елжандылығына, бауырмалдылығына, ізеттілігіне, білімділігіне, көрегенділігіне, көргенділігіне, ибалылығына, ұяттылығына, намыс пен уәдеге беріктілігіне және т. б. оң моральдық құндылықтарға үміт артуынан туындайтын этикалық бірлік. А. тапсырма, міндет, өсиет мағынасында қолданылады. А. мұсылмандық этикада ешқандай ақысыз тапсырылып, жүктеліп отыратын әрі А. алған адамның оның орындалуын өзіне парызға балап, адамдық, кісілік іс деп білуі. Ең алдымен, А. негізінде сенім жатады. Екіншіден, А. орындаушы үшін парыз болып табылады. Ол А. алған адам үшін міндеттілікке айналады. Осыдан қазақтың: «Аманатқа қылма қиянат» деген өсиет сөзі келіп шығады. Мысалы, рух – Алланың өзінің жақсы қасиеттерімен адамға берген аманаты. Сондықтан, шынайы мұсылман аманатты орындап, рухты таза сақтап, өсіруге міндетті. Олар А-ты орындау мәселесін ерекше моральдық құндылық деп танып, аса зор мән берген және оны орындамау кешірілмес үлкен күнә болып есептелген. А. екінші адамға қарыз деп саналған. Сондықтан А-ты алу өте жауапты, қиын іс болып есептелген. Мыс., Қайқаус: «Аманаттың қиындығы үш түрлі. Біріншісі –

аманатты өз малыңнан мұқият сақтаймын деп әуреленесің, екінші – сұраған уағында беруің шарт, үшіншісі – аманатты жоғалтып алсаң, иесінен үлкен ұятқа қаласың. Аманатты қабылдама, қабылдаған соң оны сақтап, түймедей түгел иесіне тапсыруың қажет. Бұл жомарттықтың жолы деуге болады» – деп көрсетеді. А. адамның жоғары рухани жетілуінің, биік имандылық пен кісілік қасиетінің, жоғары этикалық мәдениетінің көрсеткіші ретінде бағаланады. Жат жерде жазым болған батырлардың, ел-жұртына сәлемі, кемел дананың келер ұрпаққа өсиеті, өлім аузындағы адамның сары ауыз бала-шағасын, ғазиз жарын немесе кәрі ата-анасын жан досына аманаттауы осындай парыз-қарызға жатады. Шәкәрім философиясының орталық идеясы, аманатпен байланысты болған: «Үлкенге құрмет, кіші – үлкенге аманат» деген. Оны орындамау аманаттаушының алдындағы ғана емес, құдай, әруақтың алдындағы да үлкен күнә болып саналады. Бүкіл мұсылман халқы осындай танымды ұстанған биік мораль философиясымен өмір сүреді. Сонысымен рухы биік, болмысы асқақ, жүзі жарқын болған. А-ты ант-су ішпей-ақ, құжаттап хаттама жазбай-ақ, құдай алдындағы, пенде алдындағы, ар-ождан алдындағы міндет хақында мүлтіксіз орындап отыруға тырысқан.

**АМБИВАЛЕНТТІЛІК** (грек. *amphi* – екі жағынан, лат. *valentia* – күш) – бойында қарама-қарсы сезімдер (қуаныш – қайғы, махаббат – жеккөру т. б.) туғызатын жағдайды білдіретін психологиялық ұғым. А. адамның қоршаған ортаға қарым-қатынасының күрделілігін, екіұштылығын және құндылықтар жүйесінің қайшылығын білдіреді. А. терминін алғаш швейцарлық психолог Э. Блейлеф ұсынған. К. Юнг оны мәдениеттануда қолдана бастады. К. Юнгтің ұжымдық бейсаналық ілімінде архетиптік сананың мазмұнына екіұштылық тән, себебі тұрақты ескі сананың бейнелері жаңа мазмұн динамикасының салдарынан адамның тылсым дүниесіне ығыстырылады, бірақ ол күнделікті өмірде жоғалып кеткен жоқ, тылсым дүниеден бастау алатын А. көріністеріне әкеледі. М. Бахтиннің мәдениеттану теориясында А. орта ғасырлар мен Қайта Өркендеудің күлкі-әзіл мәдениетіне тән көркем бейнелерде байқалады. А. бұл жағдайда ортағасыр адамына тән дене мен рухтың дуализмінен туындайды және жеке тұлғаның тіршілігіндегі циклдік өзгерістерге (ескі – жаңа, туу – өлім, жас – кәрі т. б.) қатысты байқалып отырады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне де А-тік көріністер тән: көшпелі тынымсыз қозғалыс және әлеуметтік тұрақтылық, мұсылманшылық және тәңіршілік, күнделікті тіршілік және сауық мәдениеті, еркіндік және қауымдастық т. б.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.

**АНАКСАГОР** (*ναξαγόρας*) **Клазомендік**, (шамамен б.д.д. 500–428 жж.) – ежелгі грек философы, математик, астроном, афиналық философиялық мектептің негізін қалаушы. 30-жылдардың соңында құдайсыздығы үшін қуғындалған, өмірінің соңын Ламсакта өткізген. А. шығармаларынан 20 үзінді сақталған.

А. көзқарасы милет мектебінің және Парменидтің болмыс туралы ілімінің әсерінен қалыптасты. А. әлемнің мәңгі элементтері, «тұқымдар» (немесе «гомеомериялар») туралы ілімді таратты. Әлем алғашында сансыз көп ұсақ сезіммен қабылданбайтын бөлшектер, «тұқымдардан» тұратын қозғалыссыз формасыз қоспа ретінде суреттеледі. Жаңа дәуірдегі «алғашқы күш» идеяларының негізін құрады. Кейін ол баяулап, аспан денелерінің тізбегін құрайды. Айналу жылдамдығының әсерінен қараңғы, суық және ылғал ауа ашық, ыстық және құрғақ эфирден арылады. Қозғалыстағы тұқымдар өзінен ай-рықша нәрселерден бөлініп, өзіне ұқсастармен қабаттасады, сөйтіп бірқа-лыпты заттардың массасы пайда болады. Бірақ ол массалардың тұтастай ажырап кетуі мүмкін емес, өйткені «әрқайсысында біртұтастықтың бөлігі бар», әр зат өзінде не нәрсе көбірек болса, соны білдіреді. Осы өзгерістер кезінде кез келген заттың жалпы саны өзгермейді, өйткені «ешнәрсе пайда болмайды және жоғалмайды, бар заттармен бірігеді және олардан бөлініп шығады. Бұл принциптер бір түрлі заттардың тұқымдарына ғана емес (перипатетикалық мектепте «гомеомериялар» деп аталған), жылы мен суық, ақ пен қара, құрғақ пен ылғал, сұйық пен қою сияқты қарама-қарсылықтарға да қатысты. А. концепциясының тағы бір ерекшелігі: бос қуыстықты теріске шығару, заттың шексіз бөлшектенуін мойындауы, үлкен мен кішкенең салыстырмалылығын бекітуі, шексіз кішкене физикалық өлшемдер идеясы. А. күн мен айдың тұтылуына бірінші рет дұрыс түсініктеме берген ғалым.

**Әдебиет:** Рожанский И.Д. Анаксагор. – М: Мысль, 1983; **Фрагменты ранних греческих философов. Часть 1: От эпических космогоний до возникновения атомистики.** Изд. А.В. Лебедев. – М.: Наука, 1989.

**АНАКСИМАНДР МИЛЕТТІК** (*Ἀναξίμανδρος*, шамамен б.д.д. 610–547 / 540 жж.) – ежелгі грек жаратылыстанушысы, милеттік мектептің екінші өкілі, географ және натурфилософ, доксографтар бойынша, Фалестің «шәкірті», «туысы», «жолдасы». 547/546 ж. Прозаикалық «Табиғат туралы» трактатын жарыққа шығарған. Оның негізгі мазмұны – космогония, космография, метеорологиялық феномендердің этиологиясы. Трактаттың бір ғана үзіндісі сақталған, онда космостың пайда болуынан бастап, тірі жаратылыстардың және адамның пайда болуына дейін сипатталған. Әлем олимпиялық құдайлардың қатысынсыз, өздігінен дамиды. Барлық заттың негізі бір нәрсе ғана емес, ол шексіз бастаудан (апейрон) тұрады, оған үздіксіз қозғалыс тән. Апейрон құйын тәріздес процестің нәтижесінде ыстық пен суықтың, ылғал мен құрғақтың т. б. физикалық қарама-қарсылығына айналады, олардың өзара әсерлесуі шар тәрізді космосты тудырады, космостың ортасында қатты және суық бөлшектерден пайда болған цилиндр түріндегі Жер тұр, ал жеңіл және ыстық бөлшектерден аспан мен жұлдыздар



пайда болған.

А. әлемді тірі жаратылысқа теңейді. Ол қартаймайтын уақытқа қарағанда, пайда болады, өседі, қартайды, өледі, содан соң қайта пайда болады. Яғни, әлем мәңгі емес, ол жоғалады, оның орнына апейроннан басқа әлем пайда болып отырады. Алғашқы бастаулардың тіршілік ету күйлері туралы айта келіп, А. материалды күйлердің паритеті туралы идеяны ұсынды. Ылғалды кебеді, құрғақ ылғалданады және т. б. Қарама-қарсы күйлер ортақ негізге ие, олар ортақ бірлікке шоғырланады, содан бөлініп шығады. Бұл принцип Гераклиттің «қарама қарсылықтардың бірлігі мен күресі» ілімінің тууына жол ашты.

**Әдебиет:** Лосев А.Ф. *История античной эстетики, Ранняя классика.* – М., Ладомир, 1994. – С. 312–317; Лебедев А.В. *ТО APEIRON: не Анаксимандр, а Платон и Аристотель // Вестник древней истории.* 1978. № 1–2.

**АНАКСИМЕН МИЛЕТТІК** (Ἀναξίμανης, б.д.д. 585/560 – 525/502). – ежелгі грек философы, милеттік натурфилософия мектебінің өкілі, Анаксимандрдың шәкірті. А. милеттік мектептің соңғы өкілі, ол құбылыстар мен заттардың табиғи себебін іздеу – стихиялық материализм қарқынын күшейтіп, аяқтады. Оның «Табиғат туралы» трактаты сақталмаған, оның пәні – космогония, космография және метеорологиялық феномендердің этиологиясы. Фалес пен Анаксимандр сияқты әлемнің алғашқы бастауы ретінде белгілі бір материяны алған. Ол материя – шектеусіз, шексіз, формасыз ауа, басқа заттың барлығы ауадан пайда болады. А. ауасы мөлдір және көзге көрінбейтін субстанция. Сонымен қатар, ауа – белгілі бір сапалық қасиеттерге ие бастау, жалпы стихиялықтың жалпыланған-абстрактілі, универсалды мазмұнға ие бейнесі болып табылады. А. бойынша, әлем «шектеусіз» ауадан пайда болады, заттардың әр түрлілігі ауаның әр түрлі күйіне байланысты. Ауаның сұйылуына (қыздырылуына) байланысты ауадан от, ал қоюлануына (салқындатуына) байланысты жел, бұлттар, су, топырақ, тастар пайда болады. Сұйылған ауа отты табиғаты бар аспан шырақтарын тудырады. А. тұжырымының маңызды аспектісі: сұйылу мен қоюлану негізгі, өзара қарама-қарсы, бірақ тең функционалды, материяның әртүрлі күйлерін құрауға қатысатын процестер.

А. негізінен метеорология және астрономия қызықтырған. Метеоролог ретінде, А. ойынша, бұршақ бұлттан шыққан судың қатуынан пайда болады; егер осы қатқан суға ауа араласса, онда қар пайда болады. Жел – тығыздалған ауа. Ауа райының күйлерін А. Күннің белсенділігімен байланыстырған.

А. ойынша, Күн – Жер мен Айға ұқсас дене, ол қатты қозғалыстың әсерінен қызған. Жер мен аспан денелері ауада қалықтап тұрады. Жер қозғалмайды, басқа шырақтар мен планеталар космостық желдердің әсерінен қозғалыста болады.

**Әдебиет:** Фрагменты ранних греческих философов. Т. 1. – М.: Наука, 1989. – С. 129–135; Томсон Дж. *Исследования по истории древнегреческого общества, т. 2. Первые философы.* Пер. с англ. – М.: 1959. – С. 153–154; Лосев А. Ф. *История античной эстетики. Ранняя классика.* – М.: Ладомир, 1994. – С. 312–317.

**АНАЛОГИЯ** (грек. *analogia* – сәйкестік, ұқсастық) – әр түрлі объектілердегі кейбір қасиеттердің ұқсастығы. Логикада дедукция индукция- мен

қолданылатын ой тұжырымы. А да ой өрісі жекеден жекеге немесе жалпыдан жалпыға қарай ойысады. Адам өз ойын тұжырымдай отырып, кейбір белгілердің ұқсастығынан сол нәрселердің басқа белгілеріндегі ұқсастық туралы қорытынды жасайды. А-лық тұжырым жасау адамзат енді-енді қауымдаса бастаған шақтың өзінде-ақ қолданыс тапқан. Мысалы, адамдар алғаш қауымдаса бастаған кезеңде табиғат заңдылықтарын әлі жете меңгере алмаса да, аң аулауда, басқа да тіршілік салаларында А-лық тәсілді стихиялық түрде қолданды. Ұқсастырылатын белгілердің сипатына қарай: қасиеттер А-сы және қатынастар А-сы болып екіге бөлінеді. Егер заттар белгілерінің ұқсастығы олардың қасиеттері арқылы салыстырылатын болса, онда ол қасиеттер А-сы деп аталады. Заттар қатынастар негізінде салыстырылса, онда ол қатынастар А-сы болады. Салыстырмалы заттар А-сының объективті негізі олардың қатынасы, жекелеген қырлары арасындағы заңды байланыстар. А. – алынған қорытынды ықтималдық сипатта. Ал оның дәрежесін көтеру үшін төмендегідей шарттар орындалуы тиіс: 1) салыстырылатын заттардың ортақ белгілері көп және әр түрлі сипаттарды қамтуы; 2) заттардағы ортақ белгілердің маңызды болуы; 3) ортақ белгілермен ауыстырылатын белгілер арасындағы заңды байланыстардың барлығы. А. ізденушінің білімін ұштауына, ақиқатқа қол жеткізуіне септігін тигізеді, бірақ оны ғылыми зерттеудің бірден-бір, негізгі тәсілі ретінде қарастыруға болмайды. А. – танымдағы көмекші тәсіл, білім жетілдіруіндегі көптеген әдістердің бірі болып қала бермек.

**АНАРЫС, Анахарсис** (б.д.д. VI–VII ғғ.) – тарихта «Скиф Анахарсисі» деген атымен белгілі, сақ тайпасынан шыққан ғұлама. Шыққан тегі – патша тұқымынан, анасы – эллиндік. А-тің тікелей жазған еңбектері бізге жетпегенімен, ол туралы көптеген куәліктер, нақыл сөздері мен философемалары сақталған. А. туралы естеліктер Геродот, Платон, Аристотель, Плутарх, Диоген Лаэртский еңбектерінде кездеседі. Плутарх оны «әлемдегі жеті ғұламаның бірі» деп таниды. А. өмірінің біршама бөлігін Афинада өткізіп, атакты реформатор Солонмен достық қатынаста болған, Отанына қайта оралған соң, туысының қолынан қаза тапқан. А. мұрасы зерттеуде постмодерндік интермәтін (мәтіндегі мәтін) тәсілін ұтымды қолдануға болады. Себебі, А-ке танылған ойлау үрдістері басқа авторларда сілтеме және афоризмдер түрінде келтірілген. Диоген Лаэртскийдің «Атакты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері» атты еңбегінде А. айтты деген кейбір афоризмдерге назар аударайық: «Элладалықтар қызық осы: мұнда сөзді ақылдылар айтады да, ал мәселені ақымақтар шешеді», «Базар – адамдардың бірін-бірі алдап-арбап, ұрлап-жырлауы үшін әдейі жасалған орын». «Өлі көп пе, тірі көп пе?» деген сұраққа А. «Ал теңізде жүзіп жүргендерді қайсысына қосамыз?» деп қайыра сұрақ қойған екен. А-тің 800 жолдай өлеңінің біразы «Латын антологиясы» атты жинақта жарияланған. А-тің тұлғалық мәдениетін антикалық отырықшы және сақтық көшпелі өркениеттердің үйлесімді қосылуы деп қарастыруға болады. Ол эллиндік барлық дәстүрді алғысы келмей, кейбіреулерінің теріс екендігіне назар аударды. Бұл туралы А-тің мына бір жолдары тарих қойнауына келген: «Адам алғашқы бокалды денсаулық үшін көтереді, екіншісін – көңілді болу

*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

үшін, үшіншісін – ар-ұятын жиып қоюға, төртіншісін – ақылынан алжу үшін көтереді». А-тың ғұмырбаяны мен ғұламалығы сол кездегі көшпелілердің мәдени өркениеттік дамуының айырықша көрінісі.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Т. 1. – Астана: Аударма, 2005.**

**АНАХРОНИЗМ** (грек. *anachronismos* – кері уақыт) – 1) жыл санаудағы уақытқа сәйкессіздік (хронол. қателіктер); 2) бір дәуірдің оқиғалары мен сипаттамаларын жаңылыс немесе шартты түрде екінші дәуірге телу. А. орта ғасырлар мен Қайта өрлеу дәуіріне, классицизмге тән дүниелерде (өнер мен әдебиет) жиі кездеседі. XIX – XX ғ-ларда А. шығарманың кемшілігі ретінде қарастырылды. Тек кейбір жағдайларда ғана көркемдік тәсіл деп ұғынылды (мыс., Б. Брехтің «Юлий Цезарь ісі» атты романындағы А.). А. ауыспалы мағынада ескінің қалдығы, жаңа заман дүниетанымымен сәйкеспейтін, көнерген, күні өткен көзқарас, ұғым, салт-дәстүр дегенді де білдіреді.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.**

**АНИМИЗМ** (лат. *anima* – рух, жан) – заттық дүние құбылыстарының жандылығын білдіретін термин. А. терминін ғылыми қолданысқа ағылшын этнографы және мәдени антропологи Э.Б. Тайлор (1832–1917) енгізген. Ежелгі мәдениетке талдау бере келе, магия, тотемизм, фетишизм сияқты ескі сенім-нанымдардың қатарында ол А-ді де атап өтеді. Оның пікірі бойынша, А. кейінгі дамыған діндерге апаратын баспалдақ есебінде болады және олардың ментальдық дүниесіне енеді. Басқа халықтардың дүниетанымы мен сенімі-нанымдарындай А. қазақтың дәстүрлі рухани мәдениетінде терең ұялаған. Мыс., Ш. Уәлиханов қазақы түсінікте жанның үш түрі бар дейді: ет жан, шыбын жан, рухи жан. А-нің көрінісіне қазақы дүниетанымдағы «киелі», «қасиетті» жер бедерлері мен атаулары жатады. Табиғат аясындағы мәдениет үшін қоршаған орта киелі таулардан, құтты өзендер мен көлдерден, ағаш-бұталардан т. б. тұрады. Табиғи құбылыстар да қасиетті мағынаға ие болады, олардың рухы және иесі бар делінеді.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.**

**АНОМИЯ** (франц. *anomie* – заң, ұйымдасудың жоқтығы) – қоғамның құндылықтар жүйесіндегі түбегейлі дағдарыстарды білдіретін ұғым. А. өзінің төмендегідей белгілерімен анықталады: 1) қалыптасқан құндылықтардың мәнін жоғалтуы салдарынан болатын ретсіздік, нормативтік-баптық вакуум; 2) әлеуметтік үйлесімдіктің жоғалуы, қоғамдағы құндылықтардың жиынтық бейнесіне айналған жеке тұлғалар беделінің жоғалуы; 3) адамдардың жоғары мұраттардан, өмірлік құштарлықтарынан айырылуы; 4) мінез-құлықтағы тұрақсыздық, өзін-өзі өлтірудің көбеюі, т. б. А. терминін ғылыми айналысқа енгізген француз ғалымы – Э. Дюркгейм (1858–1917). «Еңбектің қоғамдық бөлінуі» кітабында А. еңбек бөлінісінің бұрмалануы нәтижесінде пайда болады деп тұжырымдайды және оның себебін мамандандыру кезіндегі

адамдар арасындағы ынтымақтастық пен үйлесімдіктің жоғалуынан көреді. «Өзін-өзі өлтіру» деген еңбегінде Дюркгейм эгоистік, альтуристік және А-лық суицидтердің түрлерін атап өтеді. Соңғысы дәстүрлі шектеу нормалары шайқалған кезде ырықсыз құмарлықтан туындайды делінеді. Шектелмеген тілектер орындалмаған жағдайда адамдарда шешімі жоқ тұйық дағдарыстар пайда болады. А. ұғымын қазіргі социологияда әрі қарай дамытқан американдық ғалым – Р. Мертон (1910). Ол А. мәселесін ауытқушылық әрекетпен байланысты қарастырады. Мұндай әрекет тұлғалық мақсаттарға заңды құралдармен жете алмайтын жағдайларда қалыптасады. Нақтылы мәдени жүйеде туындайтын мүдделер үстемдік етіп тұрған басқарушы және реттеуші тетіктерге қайшы келуі мүмкін. А. әсіресе, өтпелі қоғамдарда жиі кездеседі. Бұрынғы әдетке айналған бағдарлар жаңа талаптарға сәйкес құндылықтармен жылдам ауыстырыла берілмейді. Мұндай қайшылықтар тұлғалар санасында ауытқушылық туғызуы мүмкін.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007. Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**АНСЕЛЬМ Кентерберийский** (1033–1109) – ортағасырлық теолог, философ, ерте схоластика кезеңінің көрнекті өкілі, 1093 жылдан Кентерберийскийдің архиепископы. Негізгі шығармалары: «Монолог», «Пайымдауға қосымша» («Proslogion»), «Грамматика жөніндегі сұхбат» және т. б. Ансельм Кентерберийский ілімінің толығымен схоластикалық сипатта болмағанын оның философияда платондық дәстүрлерді жалғастыруынан көруге болады. Сенім ақыл-ойдан жоғары болуы керек деп тұжырымдайды: «түсіну үшін сену» қажет; әйтсе де сенім «рационалды» түрде негізделуі де мүмкін. Христиандық сенім догматтары А. үшін – ешқашан да өзгермейтін ақиқат; солай дегенмен де адамның сенімін нығайту үшін оларды ақыл-ойдың көмегімен түсіндіргенді жөн санайды. Сенім мен ақылдың арақатынасы мәселесінде А. августиндік ұстанымды жақтады: сенім ақылдың алдында болады («түсіну үшін сенемін»). Осылайша А. рационализмі фидеизмге бағытталды. Универсалийлер жөніндегі мәселеде А. шектен шыққан реализм бағытын ұстанды. А. құдай болмысын онтологиялық тұрғыда дәлелдеуді дамытты. Дегенмен, А. бойынша ақыл-ой диалектика өнерінің көмегімен сенімнің ережелерінде көрініс тапқан ақиқаттарды анықтауы қажет. А. пайымдауынша «құдайлық аянды» рационалды жолмен дәлелдеуге болады. Осылайша диалектика сенімнің айрықша құралына айналды: христиандық діни ілім бір жағынан диалектикалық пайымдаудың алғышарттарын негіздесе, екінші жағынан одан шығатын қорытындыларды алдын-ала анықтап қояды. Діни ілімнің догматтарын (әлемнің жоқтан жаратылуы, Үштік, алғашқы тектік күнә догматтары, Иесус Христостың адамзатты құтқару жолында құрбан болуы және т. б.) рационалды түрде тұжырымдауды А. философиялық «реализмнің» концептуалды негізінде жүзеге асырды. А. этикалық мәселелерге де ерекше көңіл бөлді (мысалы, ерік-жігер бостандығы мен таңдау еркіндігі), тілдің семантикалық қызметін зерттеу мен тілді басқаратын ішкі заңдарды іздеу негізінде ақиқат (референциалды, препозиционалды және

Философиялық энциклопедиялық сөздік  
актуалды ақиқаттар туралы ілім) жайлы өзінің концепциясын ұсынады.

**АНТАГОНИЗМ** (грек. *antagonisma* – талас, тартыс, күрес) – жаулаушы жақтардың немесе тенденциялардың белгілі бір себептерге байланысты ымыраға, бітімге келмейтін шиеленіскен қарама-қайшылығы. А. термині қайырымдылық пен зұлымдықтың күресі ретінде діни жүйелерде, философиялық тұрғыда И. Канттың, А. Шопенгауердің, К. Маркстің және т. б. ілімдерінде қолданылады. А. әлеуметтік және индивидуалды деп бөліп қарастыруға болады. Әлеуметтік А. Маркстің әлеуметтік философиясында маңызды орын алады. Онда қарама-қайшылықтарға түрткі болатын жеке меншік делінеді. Индивидуалды А-дер халықаларық ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекеттер мен сыбайлас жемқорлықта, экстремизм де көрініс табады. Индивидуалды А. қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға байланысты орын алады. Мәселен, бұл жағдайда А. адамның өз-өзінен, билік пен мәдениеттен жатсынуынан туындайды.

**АНТИНОМИЯ** (грек. *ἀντινομία* – заңдағы қарама-қайшылық) – белгілі бір мәселеге қатысты қарама-қайшы екі пікірді логикалық тұрғыда біріктірудің мүмкін еместігін білдіретін ұғым. Ең алғашында А. термині жекелеген құқықтық заңның ішкі қарама-қайшылығын көрсеткен. А. идеясы Гераклит пен Платонның ілімдерінде, Зенонның апорияларында қолданылған. Философиялық ұғым ретіндегі А. түсінігі Канттың «Таза ақылға сын» еңбегінде ақыл-ойдың сезімдік тәжірибенің шегінен шығып, «өзіндік затты» тани алмайтындығы туралы тезисін дәлелдеуде анықталған. Кант ілімі бойынша осының әсерінен ақыл-ойдың шешілмейтін қайшылыққа келіп тірелуі, мақұлдауды да (тезис) терістеуді де (антитезис) негіздеудің мүмкіндігін туғызады: а) Әлемнің басталған уақыты мен кеңістіктегі шеңбері бар. Ол шектелген. Әлемнің уақыттық шеңбердегі басы және кеңістіктегі шеңбері жоқ. Ол – шексіз; ә) Әлемдегі кез-келген күрделі субстанция қарапайым бөлшектерден тұрады – Бірде-бір күрделі зат қарапайым бөлшектерден тұрмайды. Дүниеде бірде-бір қарапайым нәрсе жоқ; б) Әлемдегі барлық құбылыстарды табиғат заңдылықтарының негізіндегі себептілік арқылы түсіндіру жеткіліксіз. Оларды түсіндіру үшін еркін себептіліктің де бар екендігін мойындау қажет. – Әлемде ешқандай еркіндік жоқ. Әлемдегінің бәрі тек қана табиғи заңдылықтардың негізінде өмір сүреді; в) Әлемде оның бір бөлшегі не болмаса, себебі болып табылатын қажетті мән бар екендігі даусыз. – Әлемде де, әлемнен тыс та оның себебі болатын қажетті мән жоқ. Бұл дәлелдерді тезис және антитезис түрінде баяндаған Кант олардың софизм емес екендігін, дегенмен, алғышарттардың өзгеруі барысында теріске шығарылу мүмкіндігін де көрсетеді. Кант бойынша А.-ны шешудің жолы – құбылыстар мен өзіндік заттарды (феномендер мен ноумендер) ажырататын және кеңістік пен уақыттың субъективті табиғаты жайлы ілім – трансценденталды идеализмде берілген. Канттың концепциясын Гегель біршама өзгертіп, өзінің диалектикалық логикасының негізін жасауда жетекшілікке алады. Гегель бойынша қарама-қайшылық – абстрактілі категорияларды нақты шындықты түсіндіруде сәтсіз қолданудың нәтижесі ғана емес, ол даму үрдісіндегі рухтың, болмыс пен

ойлаудың объективті және қажетті негізі. Сондықтан А.-ны тек қарама-қайшылық деп түсіну жеткіліксіз болмақ, өйткені, дамудың антиномиялық сипаты, оның мәнінің диалектикалық қарама-қайшылықта болатындығын көрсетеді. ХХ ғасырдағы философиялық ізденістерде де бұл ұғымның аса маңызды орын алатындығын ғылыми білімнің дамуын зерттеуде (К. Поппер, И. Лакатос, Т. Кун және т. б.) А.-ны кеңінен пайдаланған ғылым әдіснамасы бағыттарынан көруге болады.

**АНТИСФЕН** – (б.д.д. 435–370) Афинадан шыққан грек философы, Сократтың шәкірті, киниктер мектебінің негізін салушы. А-нің жетпіске жуық философиялық және риторикалық еңбектерінің (негізінен Сократтың сұхбаттары мен трактаттар, сөздері) аты белгілі, оның ішінде «Аякс» пен «Одиссей» деп аталатын екі декламациясы толығымен сақталған. Жеке білім ғана ақиқат болуы мүмкін деп Сократтың ілімін ары қарай дамытты. Платонның идеялар туралы ілімін сынға алып, тек жеке заттардың болмысын нығайтады. Дегенмен, киниктердің сыны өркениеттердің барлық жетістіктерімен бірге алғанда үлкен мән-мағынаға ие болды, мұнда ол адамдарды тек қана керекті қажеттіліктермен шектеліп, азға қанағат етуге шақырған. А. пікірінше ең жоғарғы ләззат пен игілік – еңбек, өмірдің мақсаты – рақымшылық. Сол кезеңдегі қалыптасқан әртүрлі ілімдерді жинақтаған А-нің философиясы өзінен кейінгі дәуірлерде қалыптасқан көптеген философиялық жүйелерге негіз болды. Антикалық тарихта ол киниктер, стоиктер, скептиктер және т. б. бағыттардың қалыптасуына ықпал еткен ойшыл болып саналды. Мысалы, Ксенофонт шығармасында А. Сократтың сенімді шәкірті ретінде аталса, өзін Сократтың ізбасары санаған және Антисфенмен көзқарастары қарама-қайшы келген Платон өз диалогтарында оны Сократтың теріске шығарған және келемеж еткен софистердің бірі деп жазады; киниктердің ілімімен таныс болған Афиней еңбектерінде А. «ит» және киниктердің басшысы деп сипатталады; А-нің этикалық іліміне қарағанда диалектикалық парадокстарын тереңірек зерделеген Аристотель оның ізбасарларын киниктер емес, антисфениктер деп атау керек дейді. Бұл шындыққа жақын келетін сияқты, өйткені, стоик Зенон өз ілімінің түпнегізін А-мен байланыстырады, ал, скептиктер дүниені пайымдауға болмайды деген көзқарасты берік ұстанған А-ді өздерінің ілімінің негізін салушы деп есептейді.

Антисфеннің философиялық шығармалары өзінен кейінгі дәуірлерде өмір сүрген Цицерон, Дион Хрисост Фемистий, Юлиан, Прокл және т. б. ойшылдардың арасында кеңінен танымал болды.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.**

**АНТИЦИПАЦИЯ** (лат. *anticipo* – тәжірибеге дейінгі түсінік) – алдын-ала білу, қайсыбір нәрсе туралы алдын-ала жорамалданған түсінік. Стоиктер мен эпикуршылар ілімдерінде жекелеген нақты заттарды қабылдағанға дейінгі санада пайда болатын – тікелей логостан алынған жалпы ұғым, яғни туа біткен идеялар А. деп аталады. Кант бойынша қабылдау А-сы таным принципі, формалды түрде кез-келген тәжірибені анықтайтын

априори болып табылады. Қабылдау А-сы сапа категорияларымен (шындық, терістеу, шектеу) генетикалық тұрғыда байланыста болады және интуитивті шындыққа тән парасаттың «математикалық» негіздері тобына кіреді. Қабылдау А-сының схематизацияланған (яғни, уақытша формада берілген) қағидасын дәлелдеу Канттың уақыттағы заттарды (соның ішінде уақыттың «толықтығы» феномені) түйсінудің құрылымдық ерекшеліктері экспликациясына негізделген. Қазіргі заманғы философияда А. термині мүмкін болатын тәжірибені жорамалдау, зерттеудің нәтижелерін болжау мағынасында қолданылады және «мақсат», «ғылыми болжам» категорияларын зерттеумен тығыз байланысты. Психологияда А. – ағзаның қандай да бір қимыл-қозғалыстарында көрініс табатын белгілі бір жағдайды күтуі; адамның өзінің іс-әрекетінің нәтижесін оны жүзеге асырмай жатып елестетуі. А. – логика ғылымында кейіннен негізделетіндігі болжанған, дәлелді алғышарттарды уақытша қабылдау.

**АНТРОПОКОСМИЗМ** (көне грек. *άνθρωπος* – адам, *κόσμος* – үйлесімдіктегі біртұтас әлем) – адам мен әлемнің үйлесімді бірлігі туралы философиялық концепция. Адам мен әлем байланысы метафизика саласындағы маңызды мәселелердің бірі болғандықтан әлемдік философия дәстүрінде түрлі нұсқадағы А-ның сан-қилы анықтамалары берілген. А. мистикалық-окультистік ағымдардан бастап ХХ ғасырдағы сциентистік модернистік метафизикалық көзқарастардың барлық аясында көрініс табады. Бұл бағыттардың негізгі идеялық мәні адам мен әлемнің «қандық туыстығы» идеясымен сипатталып, олардың бірлігі рәміздік көріністер арқылы бейнеленеді. Бұл күрделі әрі қозғалыстағы бірліктің астарлы мәні сакралды рәсімдерде, тұрмыстың, күнделікті және өмірлік тәжірибелердің ғұрыптық салт-жораларға айналуында көрініс беріп, өнердің табиғи-рәміздік бейнелерімен жеткізіледі.

**АНЫҚТАМА** (лат. *definitio*) – кең мағынасында алғанда ұғымның мазмұнын ашуға көмектесетін амал. Ал ұғымның мазмұнын ашу дегеніміз сол ұғымның құрастыратын маңызды белгілерді көрсету. Кез келген анықтама анықталушы (*definiendum*) және анықтаушы (*definiens*) ұғымдардан тұрады. Анықтама бірнеше танымдық қызмет атқарады: а) анықталушы ұғымның мазмұнын ашуға көмектеседі; ә) сол ұғымды оған ұқсас ұғымдардан айырып береді; б) беймәлім терминдердің, қысқартылған сөздердің мәнін ашуға көмектеседі. Осы атқаратын танымдық қызметіне қарай анықтамалар нақты А., және көрсетінді А., айқын А. және көмескі А. болып бөлінеді. Нақты анықтама нәрсені, ұғымды мәнді белгілер арқылы анықтайды. Өз кезегінде ол тектік – түрлік өзгерістер арқылы және генетик (шығу тегіне қарай) анықтау деп екіге бөлінеді. Көрсетінді анықтама терминнің, атаудың, сөздің нені меңзейтіні туралы сұраққа жауап береді. Берілген анықтамамыз дұрыс болу үшін белгілі бір ережелерді сақтау қажет.

Олар анықтаманың анық та айқын және қайшылықсыз болуын талап етеді.

Сонымен қатар ойдың екі ұшты, айнымалы болуынан сақтайды. А.беру ғылыми зерттеулерде, қарапайым сұхбаттасу барысында жиі қолданылады.

**Әдебиет:** *Логический словарь* М., 1994; Тұрғынбаев Ә., Есімханов Е., Раев Д. *Логика*, – Алматы, 1996; Бөлекбаев С.Б., Ғабитов Т.Х., *Логика*. – Алматы, 1997; Мұхамбеталиев Қ. *Логика*. – Алматы, 2002.

**АПОДЕЙКТИКА** (грек. *apodektikos* – сенімді), логикада – дау-талассыз дәлелденетін, мейлінше нанымды, айқын білімді білдіретін термин. Аристотель А. деп ақиқаттылығы мен жалғандығы дедуктивті тәсілімен тұжырымдалған дәлелдемені айтады. Аристотельше силлогизмнің өзі А-лық білім құралы. Пікір айтуда А. терминімен қатар, мағынасы тұрғысынан қарайлас аподиктика (қажеттілік) ұғымы кездеседі. Формальды логикада пайымдаулардың модальдылығына қарай олар проблемалық, ассерторлық және аподиктикалық болып бөлінеді. А-лық пайымдауда нәрсе мен оның қасиеті арасындағы байланыс көрсетіледі. А-лық пайымдауды білдіру үшін «қажетті», «болуы тиіс», «міндетті түрде», т. с. с. қолданылады. Кейде мындай сөздер жасырын тұруы да мүмкін. Мысалы: «су 1000 С температурада қайнайды».

**АНТРОПОЛОГИЯ** (грек. *anthropos* – адам, *logos* – ілім) – адамның шығу тегін, дамуын, дене құрылысын, нәсілдік ерекшеліктерін зерттейтін жалпы биология ғылымының қоғамдық ғылымдармен тығыз байланысы бар саласы. Антропология терминін алғаш рет Аристотель енгізді. Антропология ұғымы көне грек дәуірінен бастап белгілі болғанымен орта ғасырдың аяғына дейін адамның физикалық құрылысын зерттейтін, ішінара адам психологиясы мен этнологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын да ғылым саласы болып келді. XIX–XVIII ғасырлардағы Франция ойшылдарының пікіріне сәйкес адамға тән құрылысын, тіршілік-әрекетін, тілін, мінез-кұлқын, материалдық және рухани қазыналарын т. б. зерттеу. Қазіргі кезде мұндай көзқарасты АҚШ, көптеген Батыс Еуропа елдерінің антропологтары қолдайды. Ал екінші көзқарас – адамның дене құрылыс ерекшеліктерінің уақыт, кеңістік бойынша өзгерісіне ерекше мән беру. Мұны Ресей, т. б. елдердің ғалымдары қуаттайды. Қазіргі кезде антропология 3 түрлі өзекті мәселеге – адамның дене құрылыс ерекшеліктеріне, шығу тегі мен оның дамуына, этникалық құрамының қалыптасуына ерекше көңіл бөледі. Осыған байланысты эволюциялық антропология, физикалық антропология, этникалық антропология болып бөлінеді.

Қазақ халқының жалпы антропологиялық типі еуропеоид және монголоид тектес нәсілдердің қосындысынан пайда болған деп тұжырымдалған. XX ғасырдағы Қазақстан жерінен табылған палеоантропологиялық мате-



риалдар қазақтардың ежелден автохтонды халық екендігін толық дәлелдеді. Ғылымда қазақтың антропологиялық типі метистік топқа жатқызылып, оған тұрандық түр (тұраноид) деген нәсілдік атау берілді. Қазақ антропологи Оразақ Смағұлұлы 60-жылдары республиканың әр өңірінен қазақтардың бас сүйегі мен қаңқа сүйектерін жинап, Санкт-Петербургтегі антропология және энтография мұражайына тапсырды. Осы жылдары қазақтардың тіс құрылыстары зерттеліп монографиялық еңбек жарияланды: (О. Смағұлов, К. Сикымбаева «Қазақстанның этникалық одонтологиясы», 1977 ж.).

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; ҚҰЭ. Т. 1.**

**АНТРОПОМОРФИЗМ** (грек. *antropos* – адам, *morphe* – форма, пішін) – адамзаттық, халықтық дүниетанымдағы жаратылыс иелерін (құдайды, періштелерді, мал-жан иелерін), табиғаттағы нәрселерді (ғарыштық, геогр. объектілерді, жан-жануарларды, өсімдіктерді т. б.) адамға ұқсату құбылысы, өнердегі көркемдік әдіс. А. ежелгі дүниетаным мен ілкі санадан бастау алатын құбылысқа жатады. Ол байырғы мифол. және діни аңыздардан айқын байқалады. А. қазақ халқының арасында да кеңінен таралған. Адам кейіпіндегі киік, жың, пері, дию, жезтырнақ, албасты т. б. ұғымдар осының айғағы. Көшпелі қауым өздеріне бағыт-бағдар сілтеуші жұлдыздар (Темірқазық, Жетіқарақшы, Ақбозат пен Көкбозат т. б.), желеп-жебеуші табиғат күштері (Жер-ана, Көк тәңірі, Ай, Күн, т. б.), төрт түліктің иелері мен киелері (Қамбар ата, Шопан ата, Зеңгі баба, Ойсыл Қара) туралы түрлі аңыз-әңгімелер шығарған. «Жеке батыр», «Толағай», «Балқаш», «Қаратал» секілді ата-қоныс, мекен-жай атауларына байланысты, байғыз, көкек, сауысқан, қарға, тасбақа т. б. аң-құс, жан-жануарлар туралы аңыздар халықтың дүниетанымындығы А-ге айқын мысалдар болып табылады. Қазіргі санада ол тілдік метафоралар мен көркем бейнелер арқылы сақталған (жарық дүние, мүлгіген табиғат, қатаң қыс, қу түлкі т. б.). Поэзияда антропоморфтандырылған бейнелер басты көркемдік құралдардың біріне айналды. А-ді тек архаикалық сананың қалдығы деп қарастырған дұрыс емес. Ол ғылым мен техниканың озық салаларында да жиі көрініс табады (ойлайтын машина, есептеу техникасы, ақылды робот т. б.).

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова ж. т. б. – Алматы, 2007.**

**АНТРОПОЛОГИЯ философиялық, философиялық антропология** – кең мағынада адамның табиғаты мен мәні туралы философиялық ілім, тар мағынада – ХХ ғасырдың бірінші жартысында пайда болған батысеуропа-лық философиядағы бағыт (мектеп). «Антропология» сөзі грекше

«антропос» (адам) және «логос» (ілім) сөздерінің бірігуінен пайда болған. А. философияның бір бөлімі. Мұнда адам оның тікелей эмпирикалық сипатында емес, жалпылық деңгейінде, яғни болмыстың құрамындағы айрықша шындық ретінде қарастырылады. Адам бұл мағынада философияның пәні ретінде алынады. А. философияның бөлімі ретінде адам болмысын, табиғаты мен мәнін, оның өмірінің мәнін және осыған байланысты сұрақтарды зерттеу пәні етеді. А. адам арқылы негізгі философиялық, дүниетанымдық мәселелерді шешуге тырысады. Тар мағынада – А. ХХ ғасырдың 20-шы жылдары негізінен Германияда пайда болған, кейінен Австрия мен Швейцарияға тараған философиялық бағыт. Оның негізін қалаушылар Макс Шелер, Гельмут Плеснер и Арнольд Гелен болып табылады. А. бастауы М. Шелердің «Адамның космостағы жайы» (1928) және Г. Плеснердің «Органикалықтың сатылары және адам» деген еңбектерімен байланысты. А. Шелердің пікірінше, адамды нақты-ғылыми, философиялық және діни тұрғыдан тануды біріктіруі шарт. Көптеген бөліктерге таралған адам бейнесін біртұтастыққа жинау қажет. Адамның жануарлар мен өсімдіктерден ерекшелігі – адам өз-өзін тануға қабілетті, өзінің психикалық күйін бақылап, тани алады. Жануарлар өз денесіне сәйкес болса, адам өз денесін «билей» алады. Жануарлар өз ортасына тәуелді болса, адам әлемге ашық, ол қоршаған ортасына тәуелді емес. Яғни бұл оның космостағы жайын анықтайды.

Плеснердің ойынша, антропология «тірі болмыс» және оның «табиғи көкжиектер» философиясы негізінде құрылуы керек. Адам өз өмірінің объектісі және субъектісі ретінде қарастырылуы керек. Адамды жаратылыстану, психология ғылымдарындағы «тән» немесе «жан», «сана», «психика» ретінде емес, логика заңдары мен этикаға негізделген абстракттілі субъект ретінде емес, психофизикалық нейтралды өмірлік тұтастық ретінде зерттеу керек. Сондықтан А. философиялық биологиямен бірге ғана құрылуы керек.

Адам жағдайының формуласы ретінде Плеснер «эксцентрлік позиционалдылықты» алады. Позиционалдылық кез келген тірі дененің жалпы базистік құрылымы. Ол организмнің қоршаған ортамен қарым-қатынас процесі кезінде өзін біртұтастық ретінде ұстай алуға қабілеттілігі және сол мезетте қалыптасуға да, дамуға да қабілетті болуында. Адамның позиционалдылығы «эксцентрлігі» арқылы іске асады.

Гелен адам философиясын табиғат философиясы негізінде жасайды. Адамның инстинктерінің дамымағандығы оны ол іс-әрекет жасауға итермелейді. Іс-әрекеттің нәтижесі және сонымен қатар оның мүмкіндігінің шарты жасанды мәдениет әлемі болып табылады. Бұл бейшара жаратылыстың тіршілік етуі үшін қолайлы бірден бір арнайы орта мәдениет қана. Сондықтан, Геленнің ойынша, адам мәдениетті жаратылыс. Сондықтан да

адам әлі аяқталмаған жаратылыс. Солай бола тұра ол әрқашан әлемнен өзінің тіршілік ету шартын күшпен алады және өзін өзі міндет және мәселе ретінде таниды. А. әсерінен діни антропология, педагогикалық антропология, мәдениет антропологиясы, әлеуметтік антропология, психологиялық антропология сияқты жеке дара бағыттар пайда болды. Қазіргі күні А. батыстық философиядағы ең бір негізгі бағыттардың бірі болып табылады. А. басты бағыттары – биологиялық және функ-ционалдық. Бұл бағыттардың бөлінуінің негізгі критеріі – адамды тану мәні бойынша немесе оның өзін өзі көрсетуі мен жағдайы бойынша.

**Әдебиет:** Гуревич П.С., Степин В.С. *Философская антропология. Очерк истории // Философские исследования.* – 1994. – №1. – С. 114–129; *Проблема человека в западной философии. Сб. переводов.* – М., 1988; *Феномен человека. Антология.* – М., 1993.

**АНТРОПОСОФИЯ** (грек. *anthropos* – адам, *sophia* – даналық) – мистикалық ілім, теософияның бір түрі. Адамды А. ұғымы кеңінен таралған екі мағынасында қолданылады: 1) А. 1-ші дүниежүзілік соғыстың алдында 1912 жылы неміс оккультисті Рудольф Штейнер (1861–1925) («Құпия ғылым», 1910; «Антропософия тезистері», 1925) негізін салған және Антропософиялық қоғам атауымен өзі басқарған діни-философиялық ағымның атауы.

2. А-ның негізінде пифагорлық және жаңа платондық мистиканың, гностицизм, каббализм, масондықтың, сондай-ақ неміс натурфилософиясының діни-философиялық идеяларының қосындыларынан тұрады. Әлі күнге дейін де өз ықпалын жоғалтпаған А. идеясының санкилы нұсқалары адамзат пен мәдениеттің өзіндік санасының іргелі үлгілерінің бірі болып саналады. XX ғасырдың басында Ресейде антропософиялық үйірмелер болған. Қазіргі таңда А. Германия, Англия, АҚШ секілді елдерде сақталған.

**АНТРОПОЦЕНТРИЗМ** (грек. *anthropos* – адам, *centrum* – орталық) – дүниенің орталығына адамды қоятын италияндық Қайта Өркендеудің тұжырымдамасы. Ол еуропалық Жаңа заман мен Ағартушылық идеологиясы мен өмірлік өлшеміне және гуманизмнің маңызды шартына айналды. Адамды әлемнің түпқазығы деп есептеу арқылы оның белсенділік идеясы тұжырымдалды. Еуропалық жасампаз «фаустық адам» іргетасы антикалық қоғамда қалыптасқанымен, антикалық субъект табиғат аясынан шыға алмады. Жаңа заманда адам еріктері мен мінез-құлықтары туралы концепция қалыптасты, оның қағидалары нарыққа, демократияға, азаматтық қоғамға бет бұрған әлеуметтік мәдениетті басшылыққа алды. Неміс философы И. Кант адамды қашанда құрал түрінде алмай, оған түпкі мақсат ретінде ұмтылу керек деді. А-нің кейбір қағидалары XIX ғ-дың екінші жартысында қалыптасқан мәдени антропологияда ұтымды қолданылады. XX ғ-дың

кейбір мәдениеттанушылары антропоцентристік өркениеттің шектерін де атап өтті: табиғатқа қарсы бағытталған тежеусіз адамдық шовинизм экологиялық дағдарысқа әкелді.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 53–54.

**АНДАУ** абайлау, байқау, аңғару – Адам айналадағы тіршілік құбылыстарымен үйлесімді қарым-қатынаста болу үшін сол құбылыстардың ішкі-сыртқы мәнін және олардың себеп-салдарын дер кезінде аңғара білуі шарт. А. процесі өз кезегінде пайымдау және зерделеу жүйесіне өтіп, ол ақылмен түйсіну, тану процестеріне ұласады. Ойшыл ғұламалар белгілі бір ұғым, таным, түсінік мәндерін ашқанда осы процестер «ізімен жүріп отырып» түсіндіреді. Сонда мәселенің төркіні айқын, анық болып шығады.

**Әдебиет:** ҚҰЭ. Т. 1., 387 б.

**АПАТИЯ** (грек. *ἀπάθεια*: *ἀ* – терістеу бірлігі, *πάθος* – аффект, лат. *tranquillitas animi*, енжарлық, самарқаулық) – антикалық этикада аффектіге бой алдырмау немесе оған самарқау қарауды білдіретін термин. А. этикалық түсініктің қайнар көздері Платонның философиясынан басталып, киниктер мен мегар мектептерінде толық мазмұнға ие болғандығы Аристотельдің «Никомах этикасы» еңбегінде атап өтілген. Киниктер мен стоиктер философиясында тағдыр адамға қандай қуаныш сыйласа да асып-таспай, барынан айырылып, бақытсыздыққа душар болып, тағдыр тәлкегіне ұшыраса да қайғыға батып, қорқыныш пен үрейге салынбай, тұрақтылығын сақтап, адамшылық жолынан таймайтын дана (софия) адамның болмысы А. ұғымымен берілген. Рим ойшылы Сенека А. сөзін грек тілінен «қандай да болмасын азапқа мойымайтын жан (рух) деп тәржімалаған жөн» деп санаған. А. ұғымы әсіресе стоиктердің этикалық ілімінде ізгілік атаулының айрықша қасиеті болып, өзгеше мән-мағына береді. Егер де мегарлықтар апатияны мүлдем «сезімсіз» сүлесоктық күйі десе, стоиктер оны «сыртқы» заттарды теріс ұғынудың салдарынан пайда болатын аффектілерді (оларға ең алдымен қайғы, үрей, құштарлық, ләззатты жатқызады) женудің оң тәсілі деп түсіндіреді. Стоиктердің пайымдауынша А. – бақытқа жетудің бірден-бір қажетті шарты. Адам А-қ кемелдікке философиямен шұғылдану, өзін-өзі ізгілікке тәрбиелеу және қатаң өмір салтын (аскеттік) ұстануы арқылы ғана жете алады.

Филон Александрийский тарапынан ерте христиандық этикаға енгізілген А. термині, мұнда әулие жанның болмысын суреттеуде қолданылды. Сонымен қатар, А. терминінің этикалық түсінігі Жаңа заманда Спинозаның, кейін И. Канттың философиясында көрініс тапқан.

**Әдебиет:** Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.

**АПЕЙРОН** (грек. *A* – терістеу бірлігі, *peiron* – соңы, шегі) – ежелгі грек философиясындағы «шексіздікті» білдіретін термин. Әлемнің көне мифтік-эпсаналық суреттемелерінде (ведаларда, орфийлер мектебінде және т. б.) «шексіздік» маңызды космогониялық принциптің рөлін атқарды. «Шексіздік» ежелгі мысырлық Гермопольдік тегонияда (б.з.д. 2-ші мыңжылдық) алғашқы космогониялық төрт мүмкіндіктің бірі болса, үнділік веда ілімінде Адити (персонафикацияланған шексіздік) «рта» ғарыштық заңының қорғаушылары Адит құдайларының анасы ретінде сипатталады. Ал, байырғы гректік орфийлік тегонияда әлемдік жұмыртқа «шексіз хаоста» (кеңістікте) пайда болады. Антикалық ойлау дәстүрінде *A.* ұғымын Мелисс Самосский жалпы ғарыштың атрибуттық сипаты деп қарастырса, Парменид, Элейлік Зенон, Аристотель нақты емес объектінің нышан-белгісіне ұқсатады. Өзіне дейінгі философия дәстүріндегі *A.* ұғымының мазмұнын талдаған Аристотель ойшылдардың барлығының *A.*-ды онтологиялық принцип тұрғысында пайымдағанын атап көрсетеді.

Анаксимандр философиясында *A.* – «түпнегіз», «барлық тіршіліктің бастамасы мен негізі», уақыт пен кеңістік тұрғысынан басы да соңы да жоқ, мәңгілік, шексіз алғашқы материя. *A.* – ешқандай қасиет пен сапаға ие емес, бірақ та барлық сапалы анықталған денелердің негізі; «кәріліктің не екенін білмейді», «өлмейді және жойылмайды». *A.* универсумның субстанциалды және генетикалық бастамасы. Ғарыштың барлық элементтері содан пайда болған. Үнемі қозғалыста болатын *A.* дымқыл мен құрғақ, жылы мен суық секілді қарама-қарсылықтарды туғызады. Ал бұлардың өзара араласуы жер, су, ауа, отты – алғашқы төрт элементтерді қалыптастырады. Сонымен, Анаксимандрдан бастап көптеген философтар *A.* ұғымын космогониялық материяның атрибуты ретінде зерделейді. Анаксимандрдың шексіздікті әлемнің алғашқы бастамасы деп тұжырымдауы *A.*-ға байланысты әртүрлі қағидалардың ішіндегі аса маңыздысы болып табылады. Анаксимандрдың *A.*-ды материалды, белгісіз ең алғашғы бастама деп бірінші болып айтуы келешек философиялық идеялардың дамуына түрткі болды. Анаксимандрдың *A.* туралы пайымдауы ішкі логикалық ойдың дамуының нәтижесі. Сол себепті де оның суды (Фалес), ауаны (Анаксимен), отты (Гераклит) не болмаса барлық төрт стихияны алғашқы бастама деуден бас тартып, абстрақтылы, белгісіз, сапасыз, материалдық бастама *A.* деп тұжырымдауы философиялық ойдың қалыптасуында өзіндік ерекше мәнге ие болды.

Милеттік тағы бір философ Анаксимен *A.*-ды ауамен ғана байланыстырғандықтан, *A.* субстанциядан қасиетке айналады. Пифагор мектебінің дәстүрінде *A.* шекті – шексіздік онтологиялық қарама-қарсылықтарының жұп элементтері деп пайымдалады. Платон *A.*-ды шексіздік, анықталмағандық, өткіншілік тәрізді ұғымдармен байланыстырады. Ал,

Аристотельдің ойынша А. субстанциалды емес, акциденталды түрде ғана болуы мүмкін.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**АПШЕРЦЕПЦИЯ** (лат. *ad* – ға, ге жұрнақтары, *per ceptio* – қабылдау) – қабылдаудың саналы сипатын білдіретін ұғым және өткен рухани тәжірибе мен жинақталған білім, алынған әсерлердің қорына жаңа қабылдаудың тәуелділігі. Бұл терминді Лейбниц енгізген. Оның философиясында А. ұғымы өзіндік санамен (перцепциядан айырмашылығы) байланысты. Ал, Кант философиясында трансценденталды А. ұғымы маңызды рөл атқарады. Қазіргі заманғы психологияда А. – жаңа қабылдаудың адамның психикалық өмірінің жалпы мазмұнына тәуелділігі ретінде түсіндіріледі. А. – саналы қабылдау, оның көмегімен және сонымен бірге, өмірлік тәжірибенің негізінде – қабылданған объектінің еркшеліктері жайлы болжамдар ұсынылады. Жаңа білімдерді игеру нәтижесінде адамның қабылдауы үздіксіз өзгереді, тереңдей түсіп, мазмұндылығы мен мәнділігі артады. А. тұрақты және уақытша болуы мүмкін. Бірінші жағдайда қабылдау тұлғаның тұрақты болмысына (дүниетанымы, білімі, әдеттері және т. б.), екіншісінде – тікелей қабылдау кезіндегі психикалық жағдайына (көңіл-күйі, бірсәттік сезімі, үміті және т. б.) әсер етеді. Жоғарғы жүйке жүйесі қызметінің ми қыртысының нейрондық байланыстарының тұйықталуы мен сақталуына негізделген жүйелілік сипаты – А-ның физиологиялық негізі болып табылады.

**АПОКАТАСТАСИС** (грек. – бұрынғы болып өткен күйге қайта оралу, қалпына келу) – заттың өткен қалпына қайта оралу қажеттілігін білдіретін ұғым. Пифагорлықтар бұрынғы болған нәрсе қайтып орнына келеді деп есептесе, Гераклит дүниенің мәңгілік алмасу екендігін, оттың бірде сөніп, бірде лапылдап жанып өз шеңберінде кезекпе-кезек ауысып отыратындығын айтады. Пифагор мектебі мен Гераклит көзқарастарынан бастау алған А. туралы ілім стоиктер мектебі ойшылдарының көзқарастарында концептуалды мәнге ие болып, одан әрі өрбіді. Гераклиттің ізімен стоиктер де оқиғалар мен заттардың дүниенің айналмалы қозғалысында қайталанып отыруы мүмкін екендігіне сенеді. Олар кезекпен ауысып жатқан дүниелердің бір-бірімен тепе-тең болатындығын көрсетіп, сондықтан да алдыңғы әлемге тән оқиғалар мен тіршілік иелерінің (реинкарнация идеясы) жаңа әлемге қайта келуге мәжбүрлігін шындыққа балайды.

А. ұғымы Ф. Шлейрмахердің теологиясының маңызды элементі ретінде көрінсе, ХІХ ғасырдағы еуропалық ой кеңістігінде мәңгілік оралу жайындағы ілімді Фридрих Ницше ары қарай дамытты.

**АПОЛОНИЙЛІК ЖӘНЕ ДИОНИЙСИЛІК** – Ф.Ницшенің адамдық болмыстың екі бастауы мен мәдени типтерді сипаттауға байланысты енгізген ұғымдары. Бұл типтер ойшылдың «Музыка рухынан трагедияның туындауы» атты еңбегінде тұжырымдалған. А. және Д. бастамалары мифол. шығарм.-тың қиялдық бейнелері емес, олар бір болмыстың екі қыры ретінде табиғаттың өзінен нәр алып, көркем өнер тұлғасының бойында тылсымдық бастау ретінде оның ырығын билейді. Бірін-бірі толықтыра отырып, А. және Д. мәдениет ежелгі грек болмысының ғарыштық тұтастығын құрастырады. А. бастау – жарық, салқынқанды пайымдаушы, сыншыл және рационалдық бітімде болып келсе, Д. – қызу, күңгірт, шығарм.-сезімдік, органикалық-иррационалдық түрде айқындалады. Д-ді А-ның басуы трагедияға әкеледі, ал трагедия, Ницше бойынша, мәдениет дамуының қозғаушы күші болып табылады. Кейінгі Еуропада рационалдық жеңіс рухани мәдениеттің құлдырауына әкеледі. Аполлондық бастау, Ницше бойынша пластикалық өнердің бейнелерінде ұяланады. Аполлон – үйлесімділіктің құдайы және бүкіл болмыс формаларынан әсемдікті тапқысы келеді. Бірақ бұл әсемдік кейбір жағдайларда химералар тәрізді, адамды ұйқыдағы түс көру мен елес сияқты шатастырып кетуі де мүмкін. Аполлон жеке тұлғалық принципін жүзеге асырады. Сократ сөзімен айтқанда, «Өзінді таны!» дейді. Д. бастау музыка өнерімен түбірлес келеді. Оны түсіндіру мақсатында Ницше мас болу мен түс көруден мысалдар келтіреді. Мүлгіген тұлғалық санада бейнелер калейдоскоптағыдай қисынсыз ауыса бреді. Дионис – әлемнің жүрегі, оның сағынуы мен асқақтануы. Ретсіз хаостан да ырғақ табуға болады. Д. мәдениет адамның тылсым дүниесінің шексіздігін білдіреді. Д. экстаз тоқтаусыз қайнап жатқан тіршілік ағына ену болып табылады. А. және Д. м. адамзаттың рухани тарихындағы әсерлі, әрі мазмұнды символдарға жатады.

**Әдебиет: Ницше Ф. Трагедияның музыка рухынан туындауы. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.**

**АПОРЕТИКА** (грек. *Апорία* – апориялар) – Аристотель мен Ф. Брентано еңбектерінде кездеседі. Мәңгілік сауалдардың жауабын табу іздейтін философиялық ойлаудың ерекшелігін көрсету үшін Н. Гартманның таным метафизикасында қолданған негізгі ұғымдарының бірі. Философия тарихын жүйелердің ауысуы деп санайтын түсіндірмелерге қарсы Гартман философия тарихынан сан қилы метафизикалық концепцияларда әртүрлі мағынада тұжырымдалатын, бірақ, ешқашан да өзінің түбегейлі нақты шешімін таппай келе жатқан субстанция, еркіндік, мүмкіндік пен шындық және т. б. осы секілді шешілмейтін философиялық мәселелердің тұрақты түрде қарастырылып келе жатқанына назар аударады. Гартман А-ны феноменологиялық әдіске альтернатива ретінде ұсынады. Тарихи-ғылыми

зерттеулерде А. әдісін эволюция теориясына қатысты бес апорияны (эволюция және тұрақтылық, эволюция және эпигенез, эволюция және революция, эволюция және эманация, эволюция және инволюция), генді түсінуде әртүрлі апорияларды анықтаған орыс биологы А.А. Любищев кен қолданған.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**АПОРИЯ** (грекше *aporia* – тығырық) – көне грек философиясында шешімі қиын немесе шешілмейтін мәселелерге байланысты қолданылған ұғым, бақылау және тәжірибе арқылы алынған қорытындылар мен сол қорытындыларды ойша талдап көрудің арасында туатын қайшылықтарды білдіреді. А. көне грек философы Зенонның (б.з.б. V – ғ.) тұжырымдарымен байланыстырылады, бірақ оның өзі бұл терминді қолданбаған. Зенонның ең белгілі А-лары – «Дихотомия», «Жебе», «Ахилл және тасбақа». Ол белгілі бір нәрсенің немесе заттың өлшемі туралы ұғымдар қайшылықты деп пайымдайды. Өз пікірін дәлелдеу үшін Зенон бірнеше дәлелдер ұсынады. Оның пікірінше, мөлшер мен өлшем ұғымының қайшылықтылығына байланысты бір заттың көп болуы мүмкін емес: өйткені, бір затты екіге бөлу үшін үшінші нәрсе керек. Егер бір нәрсені көп деп түсінсек, оны шексіз мөлшерде көп деп тануға тура келеді. Себебі, ол қаншаға бөлсең де, бөліне береді. «Дихотомия» (екіге бөлу) апориясында қозғалушы дене белгілі бір қашықтықты жүріп өту үшін әуелі оның жартысын, ал осы жартыны өту үшін оның жарты бөлігін, сонан соң оның жартысын жүріп өтуі керек. Осылайша, шексіздікке дейін жалғаса береді, яғни қозғалушы дене қозғалысты бастамауы да мүмкін. А. екінші бір түрі бойынша: қозғалыс өзінің қозғалыс мәнінде тұрғанда тоқтауы, кідіруі мүмкін емес. «Ахилл және тасбақа» апориясы: желаяқ Ахилл тасбақаны қуып жете алмайды, себебі тасбақаға дейінгі қашықтықты жүріп өткенше, тасбақа өзінің орнын ауыстырып, белгілі бір қашықтыққа жылжып кетеді. Ахилл осы қашықтықты игергенше тасбақа тағы да алға жылжи береді, осылайша жалғаса береді. Зенонның осы аталған және тағы басқа апориялары қозғалысты математикалық өрнектеудің және бұл процесте қолданылатын ұғымдардың қайшылықты екенін көрсетті. Ол қайшылықтар бірлігін түсіне алмағанымен, қозғалыстың қайшылықты екенін дұрыс байқады. Зенонның А-лары антикалық математиканың, логиканың және диалектиканың дамуына жол ашты. Ол кеңістік, жеке мен жалпы, бүтін мен бөлшек, қозғалыс пен тыныштық ұғымдарындағы қайшылықтарды көрсетіп, олардың шешімін іздеуге негіз салды. «А.» ұғымы философиялық мәнге Платонның және Аристотельдің философиясында ие болды. Аристотель оған «қарама- қарсы тұжырымдар теңдігі» деген анықтама береді. Әйгілі неміс философы И. Канттың антиномиялары осы А-ға ұқсас .



**АПОСТЕРИОРИ** (лат. *a posteriori* – кейінгіден) – а priori-ға («тәжірибеге дейін» берілген білім) қарама-қарсы, тәжірибеден алынған білімді білдіретін философиялық термин. Осы екі білім түрлерінің қарама-қарсылығы туралы тұжырымдар Аристотель мен Боэций, сонымен қатар ортағасырлық христиан схоластарының еңбектерінде кездеседі. Лейбниц «ақыл-ой ақиқаттарынан» яғни, а priori-лық танымнан басқа барлық тәжірибелік танымды немесе «іс жүзіндегі ақиқаттарды» А-лық таным деп санайды, яғни А-лық таным тікелей тәжірибеден алынады. И. Кант бойынша, А-лық білім априорлық білімнің қасиеттеріне ие бола алмайды. Сезімдік қабылдаудың көмегімен алынатын апостериорлық білім әрқашанда кездейсоқты әрі ол ақиқат бола алмайды, өйткені, өткен тәжірибеге негізделген мұндай білім болашақта ескі нұсқасымен сәйкес келмейтін жаңа тәжірибе жинақтау мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Мұндай білім қажеттік, заңдылық, жалпымағыналық дәрежеге көтерілуі үшін априорлы білім формаларымен тексерілуі тиіс.

**АПРИОРИ** (лат. *a priori* – алдымен, бұрын, дейін) – тәжірибеге дейін берілген және одан тыс, тәуелсіз алынған, санаға әуел бастан тән, тіпті туа біткен білімді білдіретін таным теориясындағы, нақтылап алғанда Кант философиясында маңызды мәні бар философиялық термин. А-лық білім апостериорлық білімге қарама-қарсы. Сезімдік қабылдаудың көмегімен алынған білім реттелмеген және анық емес білім саналып, оған шынайы білім ретіндегі сезімдік аңдаудың А-лы формалары (кеңістік пен уақыт) және ақыл-ой (себеп, қажеттілік және т. с. с.) қарама-қарсы қойылады. Антика дәуірінде Аристотельдің заттарды олардың себептеріне байланысты тануды екіге бөліп көрсетеді: заттардың алғышарттары болатын себептерін (мақсатты, формалды себеп) тану – бұл А-лық таным; ал, оның іс-әрекетінен шығатын себептерді тану – апостериорлық таным. Лейбниц заттардың себептерін білу олардың соңғы және жоғарғы себептерін (ол бұл себептерді «мәңгілік ақиқаттар» деп атайды) таныған кезде ғана толық болады деген ұйғарым жасап, «А-лық» терминінің мағынасын өзгертеді және А-лық танымды ақыл-ой үшін дерексіз, алғышартсыз, өздігінен айқындалатын білімге теңестіреді. Неміс философиясына Вольф кіргізген А. ұғымы Кант философиясында негізгі ұғымдардың біріне айналды. «Таза ақылға сын» еңбегінің кіріспесінде Кант біздің білімдеріміздің пайда болуының мәні туралы жаза келе: «біздің танымымыз тәжірибеден басталса да, тәжірибе арқылы болса да, оның барлығы тұтасымен алғанда тәжірибеден туындайды деген ой тұмау керек» – деп пайымдайды. Канттың пікірінше заттар біздің сезімдік аңдауымызды аффицирлендіре отырып, сонымен бір мезетте адамның танымының ішкі белсенділігін оятады. Адамның тәжірибелік таныммен бірге, тәжірибеден тыс тану қабілеті –

танымның бұл белсенділігінің көрінісі болып табылады. Мұндай танымды Кант А-лы таным деп атайды. Бұдан арғы уақытта Кант қандайда бір нақты тәжірибеге емес, кез-келген тәжірибеге тәуелсіз болатын білімді ғана А-лы білім деп атайды. Кант А-лық білімдердің ішінен де ешқандай эмпирикалық білім араласа алмайтын, жалпымағыналық және қажетті сипаты бар «таза априорлық» білімдерді бөліп көрсетеді. Кант бойынша бұл А-лық жалпымағыналық және қажетті білім эмпирикалық жолмен емес, тәжірибеге дейін немесе тәжірибеден тыс тұжырымдалады. Әйтсе де, бұл білім түрлері өзінің формасы жағынан алғанда ғана априорлы, ал олардың мазмұны тәжірибеден шығады. Кант сезімдік аңлаудың А-лық формалары – кеңістік пен уақытты және А-лық ақыл-ой формалары – сан, сапа, модальдық, қарым-қатынас категорияларын бөліп көрсетеді. Сезімдік аңдау мен ақыл-ойдың А-лық формалары сезімнің аңдаумен тәжірибеден алынған ретсіз білімді ұйымдастырады, өзара байланыстырады, тәртіпке келтіреді және қажеттілік, жалпымағыналық дәрежеге көтереді. Қазіргі заманғы ғылым әдіснамасында ғылымның негізгі постулаттары білімнің А-лық формаларына жатқызылады (дегенмен, оларды таңдауда шарттылық пен конвенциалдылық ескеріледі).

**АПРОБАТИВТІК ЭТИКА** (лат. *ap-probatio* – мақұлдау, құптау) – мораль теориясы, мұнда ізгілік атаулы – беделдің мақұлдауымен немесе бұйыруымен болады деп түсіндіріледі. Мұндай беделге (құдай, адамның немесе қоғамның моральдық сезімі) кімді, не болмаса нені жатқызуына байланысты А.э. теологиялық, психологиялық және әлеуметтік-апробативті теорияларға бөлінеді. Моральдың ең басты заңын құдайдың абсолютті еркі деп ұғынатын жаңа протестантшылдықтың этикалық ілімін теологиялық теорияға мысал ретінде келтіруге болады.

Әлеуметтік-апробативтік этиканың негізін қалаушы француз әлеуметтанушылары К. Дюркгейм мен Леви-Брюль болып саналады. Бұл ғалымдардың теориялары бойынша «ұжымдық түсініктер», моральдық құндылықтар мен ережелердің қандай да бір объективті және танымдық мән-мазмұны жоқ, олар тек қоғамның билігіне негізделіп, қабылданған. Сондықтан да олардың ақиқаттылығын ғылыми тұрғыда дәлелдеу нәтижесіз болмақ. Мораль ұғымын бұлайша психологиялық және әлеуметтік-апробативтік тұрғыда айқындаудың салдары мораль құбылысын скептикалық және нигилистік тұрғыда талдаған түсіндірмелерді туғызды (мәселен: логикалық позитивизм, эмотивизм). Жалпы алғанда, А.э-ның моральды бағалаудағы нақты объективті өлшемдер барлығын теріске шығаруы, адамның өз бойындағы немесе қоғамда қалыптасқан адамгершілік түсініктерін соқыр сенім немесе субъективті бейімділік деп қана қабылдап, оған қатысты рационалды-сыни көзқарасынан бас тартуына әкеледі.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**АР** – адам бойындағы адамгершілік қасиеттің өлшемі, тұлғаның өз әрекеті мен ниеті үшін жауаптылығын сезінуі және адамның өзіне-өзі ұждан тұрғысынан баға бере білуін бейнелейтін әдептанулық категория. Этикалық әдебиетте А. туралы көптеген анықтамалар мен түсіндірмелер кездеседі. Сенека А. деп адамгершілік өлшемдеріне байланысты біздің мінез-құлықтарымызды құптайтын немесе айыптайтын ішкі дауысымызды айтады. Стоиктер яғни ежелгі Стоя қаласының ойшылдары бұл ұғымды адамды қорғап тұратын күшпен теңейді. Діни танымда оны адам бойындағы имандылық деп қарастырады. Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистерінде «кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» деген пікір бар. Қазіргі батыстық этикада А-дың беделшілдік және гуманистік түсініктері айқындалған (Э. Фромм). Біріншісі сырттан танылған құндылықтарға икемделумен байланысты болса, екіншісі адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне қатысты. Қазақ халқының дәстүрлі әдеп жүйесінде А. ұғымы жоғары бағаланады. Кісіліктің негізгі қасиеттерінің бірі – арға кір түсірмеу. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» дейді халық мақалы. Қазақта «Ұят кімде болса, иман сонда» деген мақал бар. Абай арды надандық ұят және шын ұят деп екіге бөледі. Надандық ұяты дегеніміз – жас баланың сөз айтудан ұялғаны сияқты ақылы қысқа, өрісі тар, ойы таяз жанның ұялмайтын нәрсеге ұялуы. Ал шын ұят – шарифатқа, абыройға теріс, ақылға сыйымсыз, сөкет қылықтан ұялу. Бұл – тек есті адамға ғана тән қасиет. Ал екіншісі – өзің істеген қатеден, нәпсіге еріп қылған қылықтан ұялу. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өзің сөгіп, қылған қысымның аты екенін айтады. Абай, Шәкәрім барлық әдептілік түсініктерін «А. ілімі» маңайына топтастырған. Ары бар кісі ғана иманды, ізгі, парасатты болып келеді. Шәкәрім айтқан «арлы азамат» – жақсы мен жаманның айырмашылығын терең түсінетін, сөз бен істе түзу, әділ, намысшыл адам. Оның пікірінше руханилыққа жеткізетін 4 жол бар: 1) еңбек; 2) өнер; 3) жалпы білім; 3) А. ілімі. Соңғысы кісіліктің түп қазығы болып табылады. А. – адам болмысының моральдық мазмұнын анықтайтын жинақтық (кумулятивті) түсінікті білдіретін ұғым. А. ұғымы адамның өз іс-әрекеті үшін өзінің алдындағы моральдық жауапкершілікті түсінуін және оны сезінуін, сонымен қатар, әділетті де пәк болуға деген ішкі ниетін, ішкі интенциясын білдіреді. Сондықтан А. индивидтің адалдық, шыншылдық, әділдік, кеңпейілділік, кісілік, ұждан сияқты сапалық белгілерін бағалаумен байланысты болатын моральдық-этикалық және әлеуметтік кешенді құбылыс. А. адамдардың табиғи болмысынан өрбіп отыратын жалпы рухани-әдептік кеңістікті қамтитын жалпы категория. А. – адамға қатысты сезім, оның тұлғалық құрылымының құрамдас бөлігі болып табылатын болмыстық қасиет. «А-сыз адамның қоры» (Ж. Баласағұн), «Ары жоқтың ақылы жоқ» (мақал), «А. жазасы –

бар жазадан ауыр жаза» (М. Әуезов) дегендер жоғарыда айтылғандардың дәлелі. Сонымен бірге, А. қандайда бір мәдени немесе әлеуметтік дәстүрдің, материалдық немесе жеке адам амбициясының ықпалымен өмірге келген салыстырмалы ұғым ретінде де қабылдануы мүмкін. Қоғамның моральдық өмірінде А. адамның мінез-құлықтарын реттеуші қызметін атқарады. Бір жағынан ол адамның іс-әрекетін бағалайтын болса, екінші жағынан, адамды кейбір маңызды, әлеумет үшін құнды істерге итермелейді, үшіншіден, ол теріс істерден сақтандырушы қорғанысы болады. Мұны «Арға мінәжат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкірлік тұрмас па» (Қазыбек би) деп айтқаны айғақтап тұр. Шәкәрімнің «ар ілімі» бойынша, А. – адамның Алла аманатын сақтаушы және жауап беруші рухани субстанциясы, А. – жанның болмысы. А. – адам болмысындағы түйінді моральдық құндылық. А. мен зұлымдық егіз ұғым ретінде анықталады. Шәкәрім: «Дәлелім – ұждан, зұлым бар тетелес» – дейді. Ардың атрибуты ретіндегі адам әділ болуы керек деп есептейді. А. – адамның адами болмыс кеңістігі, өрістік шегі. А. адамның моральдық санасының негізгі ұстындық категориясы. А. – тұтастай бір концепт, ілім. Сондықтан А. – адамзатына тән моральдық жүйе. Қазақта «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» – дейтін ұстаным бар. «Арыңды сатпа, малыңды сат» (Бапан би) – дейтін қағида бар. А. ілімі әлеуметтік реттеушілік, ұйымдастырушылық қызмет атқаратын қағидалар, ұғымдар жүйесі болып табылады. А. концептіне арқау болатын моральдық жүйе негізінен әділеттілік ұғымы төңірегіне тоғысады. Әділдік ардың ішкі мәні мен мазмұнын білдіретін алтын дінгек қызметін атқаратын ұғым, ол – адамның арлы санасын өлшеу таразысы. Әділдік теңдік пен шынайылыққа негізделеді. Арлылық мінездің шолғыншы-өлшеуіші ретінде «ұят» ұғымын алуға болады. Ұят – А-дың нақты жағдайда көрініс табу формасын білдіреді. Мысалы, қорқақтық жасау – ұят, әдепсіздік көрсету – ұят, үлкенді сыйламау – ұят, қонақты күтпеу – ұят және т. б. Сондықтан «ар-ұят – адамның жан азығы» болып табылады. А. түсінігіне тиімділік және эмоционалдық компоненттер біріктірілген. Ол ұжданды пайымдауда көрінетін іс-әрекеті үшін өзінің жауапкершілігін түсінуді және қуаныш пен мақтаныш немесе ұялу мен өкініш сезімдерінен көрінетін моральдық қанағаттануды немесе жәбірленуді қамтиды. Қазақы дүниетанымда адамдағы ішкі рухани ардың шектеулілік мүмкіндігін бұзатын, яғни жоққа шығаратын құбылыстар қатарына адамның биологиялық тіршілігі үшін маңызды рөл атқаратын тамақ, ұйқы, күлкі сияқты іс-әрекеттер жатқызылады.

**Әдебиет. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; ҚҰЭ. Т. 1, 394 б.**

**АРАБ-МҰСЫЛМАН ЭСТЕТИКАСЫ** – мұсылман әлемі ойшылдарының орта ғасырлардағы араб тілінде жазған еңбектері арқылы қалыптасқан эстетикалық талғамдар мен талаптар жүйесі, адамзат өркениеті тарихындағы ислам ренессансы деп аталатын мәдени өрлеу кезеңінің жемісі. Бұл құбылыстың ілімдік негіздерін жасаушылардың қатарында шығыс перипатетикасының (қ. Перипатеттер мектебі) өкілдері (әл-Фараби, 870–950, ибн Сина, 980–1037, ибн Рушд, 1126–98) тұр. Олар Аристотельдің «Поэтикасына» сүйене отырып, поэтик. тілді, оның ақиқаттығы не жалғандығына қарамастан, эмоциялық оң және теріс әсерлер туғызатын құрал ретінде қарастырды. Бұл ғұламалар көркем шығармашылықты көне грек тіліндегі «мимесис» (еліктеу) ұғымы арқылы түсіндірді. Көркем шығарма жасаушы табиғатқа еліктеу арқылы қабылдаған бейнесін қиял дүниесімен ұштастырады деп білді. Сопылық бағыт ықпалындағы ойшылдар поэтикалық құбылыстар мен жасампаздық бағытын ұстанды. А.м.э. тән негізгі ұғымдардың бірі – әдеп. Ол антикалық білімділік принципімен қоса кейінгі гуманизм идеясын да өз бойына сіңіреді. Жалпы алғанда, әдептің эстетикалық мазмұны айқын – ол жоғарғы құндылықты білдіреді. Әдемілік пен әсемдік – кемел адамды тәрбиелеу мақсатымен тікелей байланысты. Бұл жоғарғы қасиеттер пендешілік пен пайдакүнемдіктен арылуға себебін тигізді және құштарлық арқылы мінсіз жетілуге әкеледі. А.м.э. өкілдері формалар мен әуендер сұлулығынан ләззат алу – сол формалар мен әуендердің адам табиғатына жақындығынан деп түсіндіреді. Бұл ағымның көрнекті өкілдері – Әбу Әли ибн Хазым (994–1064) және ибн әл-Хайсам (965–1039). Философтар, ақындар әлем сұлулығы мен үйлесімділігі туралы жазды (әл-Фараби, ибн Сина, Омар Хаям, ибн Рушд). Сұлулық кейде Пифагор рухында түсіндіріліп, ғарыштың, пластик. формаларының, түстердің және дыбыстардың жарасымдылығы тұрғысынан қаралды. «Риясыз ағайындылар» энциклопедиясының авторы, сопылық бағыттағы ойшылдар мен ақындар (ибн әл-Араби, 1165–1240, Руми, 1207–73) болмысқа ұқсатылып жаратылған бүкіл әсемдік пен көркем құбылыстардың ұштастырылуын эстетикалық тұрғыдан баға беру өлшеміне айналдырды. Олар зиялылық пен имандылықты біріктіре білген сұлулықты дәріптеді. Әдебиеттануда өлеңдердің мазмұн, пішіні, дәстүр мен жаңашылдық, көркемдік талғамдар мен нормалардың өзгеруі, эстетикалық таным проблемалары үлкен орын алды. Исламдағы бейнелеу өнеріне қойылған шектеулер көркем шығармашылықтың бұл саласын теориялық тұрғыдан жеткілікті зерттеуге мүмкіндік бермеді. Суретші шығармасындағы бояудың тазалығы мен қанықтығы, нәзіктік, үйлесімділік, жеңілдік-шеберлік үлгісі ретінде танылды. Махаббатты, гүлдерді, бақтарды бейнелеген әсем суреттер музыка сияқты көңіл күйді қанаттандырып, қайғы-мұңды сейілте алады, рухани күш беріп, қажыр-қайратынды шыңдай түседі деп ойлады. Хұснихат өнері жоғары

бағаланды. Орта ғасырлардағы мұсылмандардың эстетикалық идеялары әлемдік эстетикаға үлкен ықпал етті.

**Әдебиет:** Мең А. Мусульманский ренессанс. – М., 1966; Т. Ғабитов (ҚҰЭ – 405-бет). Ислам. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Аруна, 2009; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007.

**АРАБ ФИЛОСОФИЯСЫ** – Орта ғ-да мұсылман дінін қабылдап, араб тілін қолданған шығыс халықтары ойшылдарының философиялық ілімдерінің жүйесі. А.ф-ның шығу тарихы мутазилиттер («ерекшеленушілер») қызметімен байланысты. IX ғ-да арабтар антикалық дәуірдегі жаратылыстану және философиялық ілімдеріне қатысты мұраларымен кеңінен таныса бастайды. Басты назарда Аристотель философиясы болды. А.ф. кейде мұсылман философиясы немесе араб тіліндегі философия деп те аталды. Себебі бұл ұғымға арабтардан өзге парсы, түркі т. б. халықтар өкілдерінің философиялық көзқарастары да енеді. Мыс: түркі жұртының ғұламасы Әбу Насыр әл-Фараби, парсылық Әбу Әли ибн Сина – оқулықтарда «Араб философтары» болып аталады. Сондықтан бұлардың бәрінің басын қосып айтқанда «Араб философиясы» деуден гөрі, «Араб тіліндегі философия» деген шындыққа сиымды. Осы тұрғыдан қарастырсақ, XII–XIII ғ-да араб тіліндегі философияның мынадай бағыттары болған: 1) Шығыс перипатетизмі; 2) «Таза ағайындар» ілімі; 3) Сопылық ілім; 4) Мұсылман философиясы; Шығыс перипатетизмі Аристотель еңбектерін насихаттап, талқылау жасаған философиялық мектеп. Мұның басында әл-Кинди (IX ғ.), әл-Фараби, ибн Сина, ибн Бадж, ибн Туфейль және ибн Рушд (Аверроэс) тұр. «Таза ағайындар» ілімі – оқу жүйесіне арнап жазылған 51 томдық энциклопедиялық еңбекте жинақталған. Бұл алғаш рет ғылым түрлерін жүйелеу, әрі оны оқыту мәселесіне арналған. Сопылық ілім – шығыста кеңінен дамыған ілім. Бұл бағыттың аса көрнекті өкілдері: Қ.А. Ясауи, ибн Араби т. б. мұсылман философиясының аса көрнекті өкілі – Әбу-л- Уәлид Мұхаммед әл-Ғазали. Ол әл-Фараби, ибн Сина сияқты ғалымдармен болмыс туралы бел шешіп айтысқа түскен. Сопылық ілім мен мұсылман философиясының ұқсастықтары көп.

Араб тіліндегі философияны ғылымда «фәлсафа» деп те атайды. Бұл, әсіресе, шығыс перипатетиктеріне тән. Фәлсафа тарихы әл-Киндиден басталып, ибн Рушдпен аяқталады. Фәлсафаның философиядан өзгешілігі – ол Платон, Аристотель еңбектерін мұсылмандық негізінде зерттей отырып, жоғарыда айтылған ойшылдар ойлаудың ерекше жүйесін жасаған. Бұл – грек философиясын тек қайталау немесе оған еліктеу емес, философияның ерекше тарихи типі. Араб тіліндегі философияның тарихи маңызы – Ф. Бэконнон (1561–1626) Спинозоға (1632–1677) дейінгі мерзімді

камтиды. Жаңа заман философиясы көтерген басты-басты мәселелерді шығыс перипатетиктері мен мұсылман дін танушылары өз кездерінде-ақ күн тәртібіне қойған. Фәлсафа мен батыс философиясы арасындағы сабақтастық схоластар (схластика) мен Сигер Брабантский, Роджер Бэкон еңбектерінен айқын аңғарылады.

Араб философиясының тарихи кезеңдері немесе оның орталықтары өзгеріп тұрған. IX–X ғ-да араб философиясы орталығы Халифатта болса, саяси себептерге байланысты X–XI ғ-да ол Орта Азия мен Иранға ауысқан. Бұхара, Самарқан, Мерв, Нишапур, Исфahan, Рей, Хамадан, Отырар сияқты қалаларда ғылым, білім өріс алды. Араб философиясының үшінші орталығы мұсылмандық Батысқа (Испанияға) ауысты. Осыдан әрі қарай араб философиясы тұтастығынан айрылып, ұлттық сипаттарға ие бола бастады. Бұл тұста тек Мағриб ойшылы Абд әр-Рахман Әбу Зейд ибн Халдун (1332–1406) есімін ғана атаймыз. А.ф. тіліндегі философия түркі жұртында кеңінен өріс алды. Түркістан сопылық ілім орталығына айналды. Ясауи ілімі бүкіл түркі халықтары мәдениетінің дамуына елеулі әсер етті.

**Әдебиет:** Избр. произ. мыслителей стран Ближнего и Среднего Востока 9–14 вв. – М., 1961; Григорян С.Н. Средневековая Востока. – М., 1966; Соколов В.В. Средневековая философия. – М., 1979; Койре А. Очерки истории философской мысли. – М., 1985. ҚҰЭ. – 407 бет.

**АРАЛАСУ** – қазақ дүниетанымында адам мен қоғамның, адам мен адамның арасындағы қарым-қатынасты бейнелейді. Адам болмысының өзі үнемі дамып, өзгеріп және жаңарып отыратын араласу процесі, ол адамның мәндік ерекшелігі. Адам өз болмысының құпияларын өзін қоршаған ортадан оқшау, тұйық жағдайда толық ашуы, көрсете алуы мүмкін емес, адам қоғамда ғана толық қалыптасады. Адам болмысы А. арқылы, оның өзіндік «Менінің» «Басқамен» үздіксіз жүріп отыратын сұхбатында ғана айқындалады. Адам өзін қоршаған ортамен: табиғатпен, қоғаммен, басқа адамдармен А-ға мәжбүр деуге болады. А. – қазақ халқы үшін өмірдің мәні, басты құндылықтардың бірі және қазірге дейін солай болып қалып отыр. Белгілі қазақ философы Қ.Ш. Нұрланова араласудың бес деңгейін бөліп көрсетті: қарым-қатынас, келіп-кету, сіз-біздесу, араласу, іштесу. А. қазақ үшін терең мазмұнға ие, ол өмір кеңістігінде өзінің туысқандарымен, отандастарымен, адамзаттың басқа өкілдерімен бірге өмір сүру тәсілі. Қазақ халқының араласуға құштарлығының негізінде малдың қамымен ұзақ уақыт бойы табиғат аясында оқшау өмір кешуі жатыр. Сол себепті қазақ халқы басқалармен кездесудің, жүздесудің әрбір сәтін қастерледі, өз ұрпағын «кісікіік» болып, жалғыз өмір сүрмей, А. арқылы адам қоғамында бақытты өмір сүруге шақырды. Осы қасиет қазақ халқының қазіргі заманда бүкіл адамзат қауымдастығымен тіл табысып, ынтымақтаса өмір сүруінің себептерінің бірі.

**АРМАН** – адам көкейіндегі ізгі ниет, болашақтан күтер үміт, алға қойған мақсат. Қазақ халқында «А-сыз адам жоқ» делінеді. Халықтың жоқтау өлеңдерінде де «А-да кеткен» тіркесі көп кездеседі. Мәселен «ел ішіне сау келсең, тағлым айтпас ер ме едің? Жол көрсетіп, сонда өлсең, А-ым бар дер ме едім?» (Абай). Бұл мағынада опасыз жалған дүниеде адам А-ының шексіздігі, оқыс қазаға байланысты, қайғыға ұласқан ащы арман сөз болады. А. сөзінің қолданылу аясы кең. Ол – шығармашылық қиялдың дайындық сатысы да. Адам өз болашағы үшін күресудің орнына құрғақ қиялға берілсе, мақсатына жете алмайды. Енжар, селсоқ адамның қиялы сүреңсіз келеді, ондай кісіні көбінде мұң басады. Ол болашақ үшін күреске құлықсыз, ондайларды өмір қызықтырмайды. Бос қиялға салынған кісі, өмір ауыртпалықтарын, оның қуаныш, қайғы-қасіретін түсінбейді. А. – адам үшін аса қажетті қасиет.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; ҚҰЭ. Т. 1. – 440 б.**

**АРГУМЕНТ** (лат. *argumentum* – нәрсе, пән, белгі) – 1) философияда – пікір (немесе өзара байланысты пікірлер жүйесі) қандай да бір ойдың немесе теорияның ақиқаттығына келтіретін дәлел. А. логикада дәлелдеудің негізгі алғышарты ғана емес, пікір мен идеяның толық негізі ретінде де қаралады. Оған қойылатын жалпы талаптар: ақиқаттылық, дәлелділік, айқындылық, бір мәнділік, сенімділік; 2) математикада – а) тәуелсіз айнымалы шама, оның мәндеріне функцияның мәндері тәуелді болады. (мыс.,  $x^2$  функциясының  $A-i$  –  $x$  *sint* функциясының  $A-i$  *t,e* функциясының  $A-i$  –  $z$  т. б.); ә)  $z=x + i y = r (\cos + i \sin)$  комплекс санының  $A-i$  – абсцисса осінің оң бағыты мен сол комплекс сан арқылы анықталатын жазықтықтағы (ординаттары  $x$  және  $y$ )  $r$  радиус-векторының арасындағы бұрыш.

**Әдебиет: ҚҰЭ. Т. 1. – 428 б.**

**АРИСТИПП** (шамамен алғанда б. д. дейінгі 435–355 жылдар) – ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті, кирен (гедонистік) мектебінің негізін салған. Жазба еңбектері сақталмаған. Оның өмірі мен ілімі, философиялық көзқарастары туралы деректерді Диоген Лаэртий, Ксенофонт, С. Эмпириктің шығармаларынан кездестіруге болады. А. таным теориясындағы сенсуализмді этикадағы гедонизммен ұштастырады. А. бойынша өмірдегі биік мақсат ләззат алуда, дегенмен көзсіз құмарлықтың құлы болуға, соның жетегінде кетуге болмайды, әр нәрсенің шегін білу, парасатты ләззатқа ұмтылу – жоғарғы игілік. А. жоғарғы игілікке жету жолы ләззаттан тыйылу емес, оны дұрыс пайдалануда: кемеңі оған мініп келе жатқан адам емес, оны қажет жағына бағыттап отырған адам басқарады, сол секілді ләззаттан қашқан адамды да ұстамды санауға болмайды дейді. А. қайырымдылық пен зұлымдықтың, ақиқат пен жалғандықтың өлшемі – ләззат пен қайғы-қасірет



деп тұжырымдайды.

**АРИСТОТЕЛЬ** (б. з. б. 384–322 жылдары) – ежелгі антикалық философияның көрнекті тұлғасы, гр. философы-энциклопедисі және ғалымы, көне заманның данышпан ойшылы. А. Фракиядағы Стагирде дүниеге келген, Афиныдағы Платон мектебінде білім алған және тәрбиеленген. 335 ж. Афиныда өзінің философиялық мектебін (ликей) ашқан. А. философияны үш салада қарастырған: 1) теориялық бөлімі – болмыс туралы ілім; 2) практикалық бөлімі – адамның іс-әрекеті туралы ілім; 3) поэтикалық бөлімі – шығармашылық туралы ілім. А. философиясында алғаш рет өткен дәуір көзқарасына терең талдау жасалды. Ол «Метафизика» деп аталатын кітабында философияның негізгі мәселелерінің бірі – болмысты жан- жақты анықтай отырып, өзіне дейінгі ойшылдарға, әсіресе, Платонның философиясына сын ескертпелер айтты. А. өзінің ұстазына бағыттаған қарсылығында «Платон идеялар дүниесін жеке бөліп алып, оның сезімдік заттар дүниесімен арасындағы байланысты үзіп жіберді» деп көрсетеді. Әрине, Платон олардың арасын қосуға да әрекеттенді. Сондықтан ол сезімдік заттар дүниесі идеяларға біршама «қатысы» бар деп есептейді. Оның бұл түсіндірмесі баяғы замандағы пифагоршылардың әдісін қайталағаны. Олар заттардың сандарға қатысы бар, яғни соларға еліктейді деген болатын. Мұндай ой желісі мәселені толық шешіп бере алмайды, қайта бұл екі дүниенің арасындағы алшақтықты қайшылыққа әкеліп ұрындырды. А. Платонның идеяларын талдай келе, оның логикалық ілімінің қайшылығын да ашты. А-дің анықтамасындағы «материя» Платонның ұғымындағыдан әлдеқайда өзгеше. «Материя», А-дің ойынша, «субстрат» (латын тілінде «негіз», «астар» деген мағына береді). Ол өзінің анықтаушысынан, формасынан айырылған процесс. А. өзінің шығармасында мұндай өзара байланысты, өзара сабақтас ұғымдар тізбегін: мрамор – мүсін – мүсінші көрсетіп берді емес пе? Сонда адам ғой негізгі, оның іс-әрекеті де маңызды рөл атқарады екен ғой. Біз осы ойды терең талдай отырып, мына пікірге ойысамыз. Айталық, мрамор – субстрат материалды зат болса, оның бойында табиғи ерекшеліктерінің бәрі бар. Ал енді осы мрамор мүсіншінің қолына түсті делік. Одан шебердің қолы арқылы тамаша мүсін пайда болады. Сонда бұл ненің нәтижесі? Бұған жауап бере келіп, әрине, Платон мен А. мұны күні бұрын адамның басына ұялаған идеяға байланысты дер еді. Өйткені, осы идеяның негізінде ғана мрамордан салтанатты сарайдың, адамның, жан-жануардың мүсіндері, әдемі ыдыстардың, тағы өзі пайда болады ғой. А-дің ойлау процесінің мәселелерімен көп айналысқанын жақсы білеміз. Оның осы мәселеге арналған «Категориялар», «Бірінші аналитика», «Екінші аналитика», «Топика» тағы басқа да еңбектері бар. А. таным теориясына Платонға қарағанда әрі көбірек, әрі тереңірек көңіл аударды. Ол бұл мәселені Платоннан гөрі тым өзгеше, әрі түсінікті етіп баяндады. Ол Платонның мифке сүйенген таным теориясынан бас тартты. Егер Платон таным тек еске түсіру, сайып келгенде, үнгірге қамалған адамдардың дүниені сырттан түскен сәулелер арқылы ғана, елес арқылы қабылдауы деп есептесе, А. бұл теорияға басқаша мән берді. Ол бізге әлі де толық жетпеген «Философия туралы» деген трактатында адамдардың танымын үнемі даму процесінде

қарайды. Ол Платоннан өзгеше, адамды үнгірде қамағаннан гөрі, оларды сырттағы жарық сәулелерге қарай жетелейді. А-дің осы бір теңеуі дүниені танудың ақиқат жолына қарай бастағанын байқаймыз. А-дің ойынша, практикалық ілімдер – этика мен саясаттың адам қызметіне тікелей қатысы бар. Олар адам ойлары мен әрекетінің іске асуын айрықша айқындайды. Өйткені, адамгершілік пен зерде адамның өз еркінің қалауымен тығыз байланысты. Сонымен бірге өз бетімен немесе еріксіз іс-қимылдар жасау адамның ішкі рухани дүниесіне тікелей қатысты. А-дің қоғамдық-саяси көзқарасы оның «Саясат» деп аталатын еңбегінде айқын көрініс тапты. Оның осы шығармасы «Этикамен» сабақтаса келіп, біртұтас ілім құрайды. Өйткені, оның «Саясат» деген шығармасындағы адам алдымен өзінің адамгершілік қасиеттерімен ғана айрықша даралануға тиіс. Ізгі ниетсіз адам нағыз бұзылған, әрі дөрекі жан. Сондай-ақ, ол жыныстық қатынас пен тамаққа деген құмарлық жағынан хайуаннан ешбір айырмашылығы жоқ жануар болып шығады. А-дің ойынша, демократияның бес түрі бар, олар заңға негізделген демократия және жоғары үкімет билігі тобырлар қолында болған кездегі демократия. А-дің ойынша, құл – табиғи құбылыс. Өйткені, біреулер өз табиғаты жағынан құлдар, екіншілері еріктілер. Сөйтіп, А-дің ойынша, адам табиғаты жағынан тең болмайды екен. Біреудің екіншіге бағыныштылығы дененің жанға, жануардың адамға тәуелділігі сияқты. Адамдардың өзара тең болмау себебі оның бірі ауыр дене еңбегімен, екіншісі ой еңбегімен, ақылмен айналысады.

**АРОН Раймон Клод Фердинанд** (1905–1983) – француз философы, әлеуметтанушы, саясаттанушы және публицисті. 1928 жылы Париждің Жоғары мектебін бітірген (Онда Ж.П. Сартр, П. Низан, Ж. Кангийем, А. Койре сынды философтармен бірге оқыған). 1930 жылы білімін жалғастыру үшін Германиядағы Кельн (1930–31), Берлин (1931–33) университеттерінде ассистент болып қызмет атқарады. Германияға билік басына ұлтшыл-социалистер келгеннен кейін Францияға келген А. Гавр лицейінде (1933–34) оқытушы, Жоғары қалыпты мектептің (1934–39) әлеуметтік құжаттама орталығында хатшы, Сен-Клудағы қалыпты мектепте (1935–39), одан кейін Тулуза университетінің әлеуметтік философиясының профессоры болып қызмет етеді. Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен әскер қатарына алынады. Неміс әскері Францияны оккупациялағаннан кейін ағылшын елінде эмиграцияда жүрген А. «Азат Франция» журналының редакциясын басқарып, фашистік Францияның әскери-саяси ахуалына шолу жасалып тұрған – «Француз хроникасын» мерзімді басылымын шығарып тұрады. Соғыс аяқталғаннан кейін еліне оралған А. біраз жылдар А. Мальроның (Ш.де Голльдің екінші үкіметіндегі ақпарат министрі) кеңсе директоры болып қызмет істейді. Саяси зерттеулер мен әкімшілік Ұлттық мектебінде сабақ береді. 1958–68 жылдары Сорбонна университетінің әлеуметтік кафедрасын басқарады. 1968–70 әлеуметтік зерттеулер жоғары мектебінің профессоры болады, ал 1970 жылдан өмірінің соңына дейін «Коллеж де Франста» қазіргі заманғы өркениет әлеуметтануы кафедрасын басқарады. А-ның негізгі еңбектері тарих философиясы, қазіргі заманғы индустриалдық қоғамның әлеуметтік-мәдени және саяси қарама-қайшы-

лықтары мәселелерін, сондай-ақ тарихи танымның эпистемологиясы мен әдіснамасы мәселелерін талдауға арналған. Алғашқы еңбектерінде жаңа кантшылдық бағыттың баден мектебінің, Э. Гуссерльдің феноменологиясы мен М. Вебердің саяси философиясының ықпалында болады. Жас кезінде марксизм идеяларымен әуестенген А. кейіннен бұл көзқарастарын өзгертеді, 1955 жылы жарық көрген «Интеллигенцияның апиыны» атты жұмысында КСРО-дағы «нақты социализмді» жақтаушы француз интеллектуалдарына қарсы шығады. А-ның пікірінше батыстың солшыл интеллигенциясының ортасында (экзистенциализмнен бастап, антифашизм мен марксизм мектебінен өткендерге дейін) ендігі жерде «КСРО-ның лагерлік жүйе екендігін мойындайтындар» мен «бұл лагерлерді әшкерелейтіндердің арасында принципті түрде айқындық болуы тиіс». Тоталитаризмнің қарсыласы А. «кеңестік жүйеге» ілтипат білдірген Сартрмен қоса, Мерло-Понтидың (өзін «а-коммунистпін» деп атап, «егер де марксизм жалған болса онда тарих өз мәнін жояды» деген тезисті жариялаған) «бейтарап» позициясына да белсенді түрде қарсы шығады. «Еленбейтін революция» атты еңбегінде еуропа елдерінде 1968 жылғы болған студенттік толқуларды қолдаған солшыл интеллектуалдарды тіпті қатты сынады. Сол кездегі Францияда күшейіп тұрған антиамерикандық көңіл-күйге қарама-қарсы А. АҚШ-ты «еуропалық либерализмнің өнімі» деп санады және КСРО-ның Шығыс Еуропадағы тоталитарлық экспансиясына тоқтау салады деген ниетпен АҚШ-тың Еуропада болуын, батыстың әскери-саяси альянс құруын құптайды. 1960–70 жылдары А. деидеологизация концепциясы (А. ғылымды партиялық идеологияның альтернатива ретінде санады) және «жаһандандыру» мен біртұтас индустриалды қоғам теориясының басты теоретиктерінің негізін салушылардың бірі болды.

**АРТЕФАКТ** (лат. *artefactum* – жасанды істелген) – табиғилықтан тыс қолдан жасалған нәрсе, мәдениеттің жемісі. А. ретінде тек денелік белгілері емес, сонымен бірге таңбалық, рәміздік мазмұны бар кез келген жасанды нәрсе қарастырыла алады. Мәдени А-ға мыналарды жатқызуға болады: адамдар жасаған заттар мен нәрселер, техника және еңбек құралдары, киім-кешек пен тұрмыстық жабдықтар, тұрғын үй, жол т. б. А. ретінде қоғамның рухани өмірінің кез келген құбылысын (ғылыми теория немесе наным-сенім, өнер және фольклор туындысы, моральдық қағидалар т. б.) алуға болады. А-ының пайда болуын және олардың негізіндегі адамдық мақсаттар мен мүдделерді талдау арқылы, заттық болмыстың символикасын айқындауға болады. А-лар әлемі – таңбалар әлемі және оларды адамдық әрекет контекстінде ғана түсінуге болады. Адам тұрмайтын үй қаңырап бос қалады, функционалдық мазмұны ескірген құндылықтар тек «музейлік» мағынаға ие болады. Қазіргі мәдениеттерде А. мәдениеттердің динамикасын зерттеуде бастапқы алғышарт ретінде қабылданады.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.

**АРУАҚ** – жан денеден бөлек өмір сүреді деген көне ұғымнан туған діни наным бойынша қайтыс болған адамдардың тіршіліктегі адамдарды желеп-жебеп жүретін рухы. А. түсінігі генотеистік сенім-нанымдар жүйесіндегі ата-бабалар культімен тығыз байланысты. Көзі тірісінде дара тұлға ретінде көріне білген халықтың қадірлі адамдарының А-тарын құрметтеу қазақ мәдениетіне тән құбылыс. Ш. Уәлиханов айтқандай «қазақтар Алладан гөрі А-тың есімін көбірек атаған». Дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамында құрметті адамдар (әдетте, ел намысы мен азаттығы үшін күрескен батырлар, әділ билер, шапағатты ел және ру басылары, атақты ақын-жыраулар, діни қайраткерлер т. б.) А-ы ел қорғауға аттанған сарбаздардың ұранына айналған. А-тарды құрметтеу, оларға сыйыну, қолдауын тілеу, қиын-қыстауда А-тан арқатіреу іздеу дәстүрлі қазақ мәдениетінде кең тараған құбылысқа жатады (зиярат маңында А-ға арнап дұға оқу, бата жасау, сырқат адамдардың қайыр-шапағат тілеп, А-тың басына түнеуі, мәжбүрлі қоныс аударғанда зияраттан бір уыс топырақ ала кету т. б.).

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 1. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. – Астана: Аударма, 2005; Ислам. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Аруна, 2009.**

**АРХАИКА** (грек. *Archaikos* – ескі, көне) – өнер дамуының көне заманғы түрі. Өнертану ғылымында Архаика атауымен ежелгі грек және мысыр өнерін айтады. Ежелгі грек өнері (б.з.б. VIII–VI ғ-да) Грекия жерінде, грек аралдары шоғырында, Кіші Азия мен Оңт. Италия жағалауларында дамыған. А. өнері өткінші рөл атқарады. А. – монументті бейнелеу өнері мен сәулеттік пішіндердің қалыптасқан кезеңі. Ол кезеңде бағандармен қоршалған периптер типтегі ғимараттар мен ордерлер жүйесі (дори және ионика) құрылды. Мүсіндеу өнерінде жалаңаш денелі атлет жігіттер (курор) және киімдері мен төгілген шаштары өте дәлдікпен сомдалған қыздар (кора) мүсіндері сияқты негізгі типтер қалыптасқан. Б.з.б. VI ғасырдың 3-ширегінде құмыра жасау өнерінің қара фигуралы, яғни балшықтан жасалған құмыраны тұтас қарамен бояп, соның үстінен өткір пышақпен бедер салу мәнері гүлденді. Бұл өнер Африка елдерінің кейбірінде осы күнге дейін бар.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. – Астана: Аударма, 2006; ҚҰЭ. Т. 1. – 450 б.**

**АРХЕТИП** (грек. *arche* – бастау, *tipos* – бейне) – алғашқы үлгі, түпнұсқа. А. жалпыадамзаттық рәмізділіктің негізіне, шығарм. жасампаз қиялдың нәр алатын бастауына жатады. А. өнерде ерекше рөл атқарады. Мәдени А-тер – бұл ілкі мәдени түпнұсқалар, адам және оның табиғат пен қоғам-

дағы орны жөніндегі түсінік-рәміздер, тарихтың терең қойнауларынан үзілмей «өсіп» шығып, қазіргі мәдениеттің нормалық-құндылық кеңістігінде өз маңызы мен мағынасын жоғалтпаған және бүгінгі адамдардың әрекеттеріне жалпы жоба беретін баптық-құндылық бағдарлар. А. туралы ілім-дер К. Юнгтің «аналитикалық психологиясында», Л.С. Выготскийдің «мәдени-тарихи теориясында», Дж. Кулидің «Рәміздік интеракционизмінде» және мәдениетті құндылық-рәміздік жүйе мен адамдар тіршілігінің рухани интенциясы деген түсініктерде жан-жақты дамытылды. К. Юнгтің аналитикалық психологиясында А. көмескі сананың тылсымдық құрылымдарында «ұжымдық бейсаналық» түпнұсқалар ретінде сақталды. Мәдени тұлғаның рухани-шығармашылық қазынасын қауымдық тылсымдағы А-тер құрастырады. Оларға адамның рухани өмірін априорлы (тәжірибеге дейін) қалыптастыратын және оның іс-әрекетін, мінез-құлық жүйесін жалпылама анықтайтын құндылықтар қисыны жатады. Осының негізінде адамда «мендік» сезім, этноста ортақ уақыттық-кеңістік өрісі пайда болады. Әрбір халық өз мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік алған кезде А-теріне жиі оралады. Мыс., Қазақстанда соңғы жылдары мәдениет пен өнердің әр саласындағы «ұлттық негіздерді жаңғырту» идеясы осымен тұстас.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 67–69.

**АРХИТЕКТОНИКА** (грек. *architektonike* – құрылыс өнері) – 1) үйдің құрылымдық жүйесін құрылыс заңдылықтарына сай, жоғары көркемдік дәрежеде жүзеге асыру және оның нақтылы шешімін табу шеберлігін білдіретін сәулет өнерінің ұғымы; 2) көркем шығарманы құрастырудың жалпы эстетикалық жоспары, оның бөліктерінің өзара байланысының үйлесімдігі. Жалпы мәдени туындыларға қатысты да А. ұғымы қолданылады. Әр алуан құрылымдық жүйелердің үйлесімділігін арттыру үшін оның әсемдігі мен функционалдық сәйкестігі біртұтас болуы керек. А-да құрылымның бас элементтері мен қосалқы бөліктерінің арасындағы икемділікке үлкен көңіл бөлінеді. Мыс., мәдени туындының сыртқы бітімдерінің безендірілуі, қоршаған ортамен және тұрмыс қажеттіліктермен үйлесімділігі, құрастырылу қисындығы А. талаптарына сай келеді.

**АСАН ҚАЙҒЫ Сәбитұлы** (XIV ғ-дың ақыры – XV ғ-дың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ, Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда обл. Шиелі ауд. «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі А.Қ. мазары делінеді. А.Қ. заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай орда-

сы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған «көшпелілер философы» (Ш. Уәлиханов) атанған. А.Қ. «өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс, білік-дерек береді» (М. Әуезов). А.Қ. қазақ халқы ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. Шу мен Арал аралығында Қазақ ордасы құрылған кезде Асан қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды.

Ішкі саясатта жер-су, жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу, ел жұртының хал-ахуалын жақсарту мақсатында А.Қ. хан алдына өзінің «ымыраға келу теориясын» ұсынған. Хан мен қара бұқара арасындағы қарым-қатынасты ушықтырмай, әділет тұрғысынан шеше білген. Сыртқы саясатта халқының өсіп-өркендеуіне ұйытқы болып, қазақ қоғамының үлгісін жасаған. Ол іздеген «Жерұйық» шұрайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы. А.Қ. осы тарихи ойларын хандармен, сұлтандармен, билермен, әсіресе, Жәнібек ханмен арпалысып жүріп, іске асырмақ болған. Елі мен жұртының болшағы туралы қатты қайғырып толғанған абызды халық Асан қайғы деп атаған. Ол жаңа хандыққа үлкен үміт артып, қазақ халқының бақытты болашаққа жетуін көкөсеген. Осы мақсатты көздеп ол сол хандыққа қазақ руларын түгелдей енуіне түгелдей күш-жігерін жұмсаған. А.Қ. елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып «адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін» мамыражай, еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерұйық» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел шолып шығады, әр қоныс, мекенге байыпты сын, баға беріп отырады. Бұл бағалары әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді. А.Қ. есімі тек қазақ халқына ғана емес, басқа да ағайын халықтарға (қырғыз, қарақалпақ, ноғай т. б.) кеңінен тараған. Бұл орайда жырау толғауларындағы жоғардағыдай философиялық және психологиялық мәні зор қанатты сөздердің атқарған өзіндік рөлі ерекше. Ақынның философиялық дүниетанымы үш бағытқа бөлінеді: 1) этикалық дүниетаным – ұлы жыраудың философиялық ойларының өзегін құрайды. Адам, адамшылықтың басты қасиеттері, олардың мәні мен сипаты жоғары имандылық деңгейінде қарастырылған. Поэтикалық формамен берілген этикалық ұғымдар, түсініктер, қағидалар Шығыс өркениетіне тән ерекшеліктермен сабақтастық тауып, адамгершіліктің алуан қырлы болмысын айқындайды; 2) поэтикалық зерде және философияның қазақ дүниетанымында егіз ұғым екенін жырау өз толғаулары арқылы толық дәлелдеп берді. Адам өмірінің мәні, мақсаты, өлімнің растығы, қоршаған дүниені тану мәселелері А.Қ. философиясының

басты бағыттары; 3) А.Қ. гуманизмі, адамға деген сүйіспеншілігі тарихи сана арқылы түркі халықтарының жадында сақталған. Ноғай, өзбек, түркімен, қырғыз, қарақалпақ халықтары арасында А.Қ. есімі ілтипатпен аталып, құрмет тұтылады. Оның ақындық ойы мен жыраулы философиясы өзінің танымдық күдіреттілігімен ерекшеленеді. Қазақ халқы ғасырлар бойы тарихи сатыларында А.Қ. есімін үстемдікке, озбырлыққа, әділетсіздікке қарсы ұстанған ізгілік символына айналдырды.

**Әдебиет:** Потанин Г. *Живая старина*. – СПб., 1917. Вып. II–III; Әуезов М. *Асан қайғы: Қазақ әдебиетінің тарихы*. 1-т. – А., 1960; Халид Құрбанғали. *Тауараих хамса*. – А. 1992. К. Толысбайұлы, М. Жармұхаммедұлы (ҚҰЭ – 471–72 бет).

**АСКЕТТІК** (грек. *asketes* – жаттығу, ерлік) – өмір игіліктері мен ләззатынан саналы түрде бас тартып, адами немесе діни мұраттарға жету үшін, өзін рухани құтқару мен жоғары мағыналықты көздеп өткінші дүние құндылықтарын тәркі ету. А. көптеген діни (буддизм, индуизм, иудаизм, христиан, ислам) және философиялық (пифагоршылар, стоиктер, гностиктер, неоплатоншылар) жүйелердің жалпы принципі болып келеді. Бір діннің аумағының өзінде А-тің бірнеше баламалары болды. Мыс., христиандықта монахтық А. пен дүниелік А. ажыратылған. Христиандық діннің адам денесінің қасиеттілігі және оның қайта тірілуі мен мәңгі өмір үшін қажеттілігі туралы қағидаларына қарамай, А., әсіресе алғашқы христиандық әулиелердің өмірінде кең орын алған. Батыс Рим империясының құлдырау жағыдайында өріс алған әдепсіздікке қарсы А. руханилықты сақтаудың бірден-бірі жолы деп есептелген. А. принциптер Айса пайғамбардың өміріндегі (мыс., шөлде эзәзілдік нәпсіқұмарлықпен күресу) тәрбиелік құндылықтар ретінде уағыздалды. Орта ғасырда католиктік және православиялық ағымдарда монахтық А. (целибат) қарапайым адамдар үшін де үлгі болып жарияланған. Протестантизм сыртқы монахтық А-тің орнына «моральдық аскеза» принципін ұсынды. Рухани тазару алдыңғы орынға қойылды. Ислам дінінде де А. жоғары бағаланған. А. әсіресе, сопылық бағыттың негізгі өмірлік принциптерінің біріне айналды. Оны Қожа Ахмет Иасауи уағыздарынан байқауға болады. Оның пікірі бойынша, адам нәпсіқұмарлықтан арылу үшін өзіне өзі джихат жариялауы керек, нәпсіні тыйған адам түбінде әулиеге айналады, Жалпы алғанда, А. адамзаттың рухани тәжірибелерінің бірі ретінде қабылдануы керек.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. *Қазақ этикасы мен эстетикасы*. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.

**АСҚАҚТЫҚ** – жоғары құндылығымен адамды шаттық сезімге бөлейтін, бірақ өзінің орасан зор күшімен және аумақтылығымен адамның

оны қабылдау мүмкіндіктерінен асып түсетін, болашақ мүмкіндіктері зор нәрселер мен құбылыстардың эстетикалық құндылығын білдіретін категория. Осы игерілмеген, кейде шамасынан тыс қатерлі күштердің алдында тұлға еріксіз болып келеді. Егер әсемдік еркіндік саласына жатса, онда А. адамның салыстырмалы тәуелділік аймағында қалып қояды. Бұл жағынан А. әрекет етіп отырған объектінің қабылдаушы субъектіден басымдылығын білдіреді. Табиғаттың орасан зор немесе пәрменді құбылыстары, тарихи төңкерістер, тұлғалардың жанқиярлық рухани немесе әлеуметтік ерліктері мен ауқымды шығармашылығы адамдағы А-тың объективті бастауларына жатады. А. күнделікті өмірдің әдетті жүрісіне ретсіздік әкелуі мүмкін. Бұл шұғыл өзгерістер адамда кеңеттен пайда болған шаттану немесе тылсымдық үрейлену туғыза алады. Адам толық меңгергеннен кейін А. әсемдікке айналады. Өнерде А. аумақты, көтеріңкі (пафостық), монументалдық туындыларда анық көрініс табады. Өнер тарихында А. мәселесі алғашқы рет антикалық мәдениетте шешендік өнердің тартымдылығы мен көтеріңкілігіне байланысты қойылды (Цецилий – I ғ.). Псевдо-Лонгин «А. туралы» деген трактатында оны эстетикалық категория түрінде қарастырады. Жаңа заман эстетикасында әсемдік пен А-тың ара-сындағы айырмашылықтарға басты назар аударылады. Шиллер А-тың математикалық (аумақ, көлем, сан) және динамикалық (сапа, серпін, күш, әсер) бастауларын атап өтеді. XX ғ. эстетикасында А. көркем мәдениеттің басты құндылықтарының біріне айналады.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.

**АССИМИЛЯЦИЯ** (лат. *assimilatio* – ұқсасу, сіңісу, сіңу) – үлкен этникалық ортада саны кем және саяси-мәдениеті мен әлеуметтік жағдайы төмен халықтың өзінің ұлттық болмысынан айырылып, басым халық арасында сіңіп кетуі құбылысы. Мәдени А. – белгілі бір, әдетте, «әлсіз» мәдениетті өзінен жоғары тұрған сыртқы мәдениеттің арасында толық немесе жартылай таралып кетуі. А-ның негізгі тетіктеріне жаугершілік, этноаралық неке, ұлттық салт-дәстүрлерді орындамау, діни ажыратушылық, ана тілін ұмыту, мәдени элитаның доминатты топқа қосылуы жатады. Мәдени А. ұлттық ділден мүлден айырылумен аяқталады. А. табиғи немесе күштеу жолдарымен жүреді. Табиғи А. жаңа этномәдени аймаққа әртекті ұлттардың қоныс аударуы жағдайында жылдам және органикалық түрде жүреді. Осы жолмен Американың көптеген этностары қалыптасқан. Алайда, бастапқы кезде Жаңа Әлемде басқыншылық та, байырғы халықты қыру процестері де болған. Империялық сипаттағы елдерде А. процесі негізінен күштеу арқылы жүзеге асқан. Мәдени жағынан алғанда, А-ның әртүрлі этномәдениетке



тигізетін оң ықпалын да (адамдық бірегейлену, мәдениеттердің тоғысуы мен сұхбаты, мәдениет құндылықтарының таралуы мен алмасуы т. б.) ескерген жөн.

**АССОЦИАЦИЯ** (лат. *associatio* – қосу, біріктіру, байланыстыру) – психикалық элементтер арасындағы өзара байланыс. Психикадағы бір элементтің, белгілі бір жағдайда онымен байланысты басқа элементтерді де туындататыны А-ны білдіреді. Адамның әліпбидегі әріптерді бірізділікпен айтуын қарапайым А-ның нәтижесі ретінде көрсетуге болады. Субъектінің объектімен өзара қатынасының нәтижесінде пайда болатын А. заттар мен құбылыстардың шынайы байланыстарын бейнелейді. А. психикалық іс-әрекеттің қажетті шарты. А-ның пайда болуының физиологиялық негізінде – И.П. Павлов ашқан уақытша жүйке байланысының қалыптасу механизмі, яғни, ми қыртысының әртүрлі бөліктерінің арасындағы жүйке жолдарының түйісуімен, осы бөліктердегі қозудың тұйықталуы жатыр. А. адам психикасындағы барлық күрделі құрылымдардың пайда болуының негізін құрайды.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**АСТРОЛОГИЯ** (грек. *actron* – жұлдыз және *logos* – сөз, ілім) – аспан шырақтарының жердегі тіршілікке және адамға (темпераментіне, мінезіне, қылығына және болашағына) тигізетін әсері жайлы ілім. Астрологиялық болжам шырақтардың аспан сферасындағы көрінерлік қозғалысы мен олардың аспан сферасындағы өзара орналасуы бойынша (Гороскоп) анықталады. А. ежелгі Вавилонда жұлдызға табынуға және жұлдыз аңыздарына байланысты шықты. Кейін Рим империясында (алғашқы гороскоптар б.з.б. II–I ғасырларда шықты) кеңінен таралды. Христиан діндарлары астрологияны қабылдамады. А. IX–X ғасырларда Арабияда едәуір дәрежеде дамыды. XII ғасырларда астрология Еуропаға ауысты. Мұнда ол XVII-ші ғасырға дейін қолданылды. Дүниеге ғылыми көзқарастың қалыптасуына байланысты XVII ғасырдың ортасынынан астрология ілімі Еуропадан ығыстырыла бастады. I-дүниежүзілік соғыстан кейін, сирек кездесетін ғарыштық ерекше құбылыстармен биоғарыштық ритмдерге т. б. байланысты, астрологияға қайта қызығушылық пайда болды. XX ғасырдың ортасынан бастап астрология бұқаралық мәдениеттің бір түріне жатқызылады.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. – Астана: Аударма, 2006; ҚҰЭ. Т. 1., 494 б.**

**АТАМЕКЕН** (араб «мәкан» – орын, жай) – ұрпақтан ұрпаққа қалып отырған «кір жуып кіндік кескен» аймақ, өңір, өлке. Түркі қауымына ортақ «ата» сөзімен қосылып, әуелде «ата қоныс» ұғымында қолданылған. Кейін

келе мәні кеңейіп «ата-бабалар ғұмыр кешкен, олардың өз ұрпақтарына мәңгілікке қалдырған иелігі, ең қымбат мұрасы» деген ұғымды білдіретін термин ретінде орныққан. «Ата» – көне түркі дәуірлерінде әрі қолбасы, әрі елбасы болған кісілер есіміне жанама қосылатын атау. «Ата» сөзі тір- кескен қасиетті орындардың бәрі де сондай адамдардың аттарымен бай- ланысты болып келеді. А. осындай жерді, мекенді киелі рухқа теңеуден шыққан. Демек ол – ұран тектес сөз. Бұл, әсіресе ежелден аталар рухына – аруаққа сыйынған түркі қауымдарына тән нәрсе. А. көне замандарда ру, тайпа иелігіндегі белгілі-бір аймақ, өңір болса, бергін келе туған жер, Отан ұғымдарының баламасына айналған. Ол еліміздің, мемлекетіміздің негізі. Аумалы-төкпелі заманда империялық отаршыл және кеңестік қызыл саясат салдарынан шетке ауып кеткен қандас бауырлар Қазақстанның егемендік алуына орай өз А-іне қайтып оралуда.

А. – ата бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен жай; жанға жылы да жақын отбасы ордасы, кіші отанның айшығы; мекен- жай қонысында ел мен ер жандүниесінің жақындасуы, күш-жігері мен үміті- нің жандануы; табиғи-эволюциялық түсінікке, тіршіліктің табиғи ортасын сезіне білуге, соған бейімделуге негізделген дүниетаным мен табиғаттану- дың саласы; өмірлік жолда табиғи құбылыстардың түп-тамыры мен нақты көріністерін ұғыну барысында тоқығанды тірлікке тірек етуді үйрену.

Жер – атаға да, анаға да ыңғайлы мекен-жай, үлкен мен кішінің анасы да, жүректің жайлы панасы, кез келген жанның бесігі, әрі күллі ырыстың кіндігі. Халық үшін табиғат, тірі жәндік, тірі жан – бәрі де шындық. Адам да шындық. Осы тұрғыдан адам табиғатты пайымдады, оған бейімделді, табиғаттың енді бір өңір-өлкесін – ел-жұртты сақтауды діттеді. Өмірлік мекен-жайда тіршілікке бейімделу, адамдардың бір-бірімен жақындасу, туыстасу дәстүрлері мен ойлану түрлерінің жаңа түрлері байыпталды. Табиғаттағы нақты көріністерді қабылдау, бағалау – қоғамдық қатынастың түріне және өзара түсінісудің деңгейіне байланысты. Кіндік кескен жер мен туған ел-жұрттың ұқсастығын ұғыну, оны қадірлей білу, тәуелді тіршілік ортасына біртіндеп жақындаушылық – қазақтандың басты кезеңдерінің бірі. Қазақтың атамекенмен, оның байырғы атажұртымен табысуының атап айтарлық ерекшеліктері табылады. Ерекшеліктер табиғи-тарихи, тарихи-танымдық заңдылықтардан ауытқи бермеді.

Қазақ туған жер, өскен ортасымен тілдесті, ататегімен түсінік іздесті- тірді. Орта деп отырғанымыз – «туған жер – тұғырың, туған ел – Қыды- рың» деген тыңғылықты түсінік. Содан: «әркімнің өз жері – жұмақ», «жер тоймай, ел тоймайды», «жері семіздің – малы семіз», «туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық», «туған жердің ауасы да шипа», «ауырлықты жер көтерер» деп түйін түптелді, қанатты сөздер ел аузында жатталынды. Қазаққа туған жердің мал-жанымен қатар, торғайы да сүйкімді, бәрі

бірдей құнды. Ол қашанда туған жері мен туған үйінен үйлестікті аңсады. Ұлағаттылыққа лайықты ұстанымдардың арқауын ақиық ақын Мұқағали Мақатаев: «Құс ұясыз, Жыртқыш інсіз болмайды. Отансыз жан өмірінде оңбайды. Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды. Тірі адамға – сол қайғы. Білесің бе, Отанның сен не екенін?». «Мекен-жайым жер менің, Жерде жүрген ақын деген пендемін,..Уақыт бер аздаған, Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» деп ширатты. Қазақ өзіндегі – бас азаттығын, елдегі – дін мен жер еркіндігін жоғары қойған. Өйткені адам өз елінде көгереді, өсіп-өнеді. Отбасына опасыздық жасамайтын жан тазалықты іздейді және табады, ал «отан үшін күрес – ерге тиген үлес» дейтіндер көгереді, елімен жарасқандар, отанын сүйетіндер өсіп өнді. Отанын сүйгеннің болымы толады. Себеп: «Ошағы бірдің – білегі бір, Отаны бірдің – тілегі бір». Тілегі мен білегі бір тоқшылық пен молшылықта өзін зор тұтады, бағы ұтады, түбінде адамдығына жетті. Қазақ жан мен тән бостандығында туған жерін А.ретінде ыстық жүрегімен, тікелей ықыласымен қабылдаған, оның атамұрасын сүйсіне суреттеген. А-де атамұра қалыптасты, аяқ алысты, мал-жан бауырласты.

**Әдебиет: ҚҰЭ. Т. 1. – 506 б.**

**АТАРАКСИЯ** (грек. – *átaraxía*, *á* – терістеу бірлігі, *тарaxή* – кобалжу) – кобалжымауды, алаңсыздықты, жан тыныштығын білдіретін антикалық этикадағы термин. Демокрит, Эпикур, Лукреций дүниені тану, қорқынышты жеңу, жан дүниенің кобалжуынан аулақ болу А-ға бастайтын жол деп түсіндіреді. Скептиктер (Пиррон және т. б.) А. жағдайына пікір айтудан өзінді шектеумен және қорқыныш пен кобалжудан құтылу арқылы жетуге болады деп санайды. Ал, стоиктер болып жатқан оқиғаларға, қуаныш пен қайғыға самарқаулықпен қарауды үйрететін апатия жайлы ілімді дамытады. Түптеп келгенде, антика ойшылдарының атараксия ұғымына қатысты ойлары – жанның аффектіге бой алдырмауының идеалы, ойды, назарды сыртқы жағдайлардан ішкі күйге аудару және сезімді ақылға жеңдіру секілді ортақ түсініктерге жинақталған.

**АТАТҮРІК, Ғази Мұстафа Кемал Ататүрік** (1881, Селаник – 10.11.1938, Стамбул) – Түркі Республикасының негізін қалаушы, оның тұңғыш президенті (1923), түрік әлемінің әйгілі қайраткері. Селаниктегі әскери лицей мен әскери мектепті (1902), Стамбулдағы Бас штабтың академиясын (1905) бітірген. А. өз Отанының тәуелсіздігі мен тұтастығына, ұлттық мәдениеттің дамуы мен ана тілдің жетілу мәселесіне белсенді араласқан. Жас түріктер төңкерісіне (1908), Түркияның Италияға қарсы соғысына (1911–1912), Балқан соғысына (1912–1913) қатысып ерлік танытады. І дүниежүзілік соғыстағы қаһармандығы мен қолбасшылығына орай А-ке түменбасы (генерал) және «Мұстафа Кемал паша» деген ерекше лауазым беріледі.

А. жүргізген ішкі және сыртқы саясаттың принциптері «кемализм» дәстүрін құрайды. А. заманында жасалған «кемализм» идеологиясы ұзақ мерзімді алты ұлттық постулаттар жүйесінен тұрады. Олар: 1. республикашылдық – басқарудың республикалық формасының өзгермеуі; 2. халықтық – «тапсыз» қоғам мүшелерінің барлығының құқығын қорғау; 3. ұлтшылдық – ұлттық мүддені қорғау; 4. лаицизм – мемлекеттің зайырлы болуы және мемлекетті исламнан бөліп қарау; 5. этатизм – мемлекеттің ең алдымен экономикадағы жетекші рөлі; 6. революцияшылдық – ескінің қалдығымен күрес және модернизация.

Мемлекет пен қоғамның тоқырауына жол бермейтін, ұлттың жаңғыруын айқындайтын бұл принциптер 1937 ж. ресми түрде Түркия Республикасының Конституциясына арнайы енгізіледі. «Кемализм» идеологиясы Осман империясының әртекті халқынан біртұтас азаматтық ұлтты – түріктерді қалыптастыруға, ұлт лидері бастаған мемлекеттің ілгері дамуына халықтық ұмтылысты жұмылдырды. А-тің ұлтшылдық идеологиясы түріктердің жалпыұлттық өзіндік сана-сезімін нығайтуға, оны ұлт-мемлекет тіркесінде қабылдап, түрік мәдени кеңістігін ұйыстыруға серпіліс енгізді. А-тің тікелей өзі жасаған «Халықты жетілдіру жоспары» түрік ұлтшылдығы мен бірлігін нығайтатын мына қағидаларды қамтыды:

1. ұлттық келісім туралы пакті; 2. ұлттық тәрбие; 3. ұлттық мәдениет; 4. тіл, тарих және мәдениет біртұтастығы; 5. түріктік өзіндік сана-сезім; 6. рухани құндылықтар. Ұлтшылдық призмасы арқылы халықшылдық ұстанымына назар аудару, түрік жолын анықтау ұмтылысын жандандырды. Ол «әрбір халық өзінің қоғамына сәйкес келетін талаптар мен заңдылықтар және уақыт талабына сай ішкі жағдай мен ахуал бойынша реформация жүргізетінін» атап өтті. Байырғы түрік қоғамының ерекшеліктері мен рухани мұқтаждықтарын ескере отырып, А. жаңа мемлекет құруға күш салды, Түркияда саясат, құқық, ағарту, ғылым, әскери іс, т. б. салаларда реформалар жасады. Еркектер мен әйелдердің құқықтары теңестірілді, дін мемлекеттен бөлінді, араб жазуының орнына латын әліпбиі қабылданды (1928). «Түрік тарихының басты бағыттары» еңбегінде жалпыұлттық идеологиялық қағидалар айқындалынды. Түрік тілін араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздерден тазартуға, бүкілтүріктік тіл ретінде оның қолдану аясын кеңейтуге ерекше назар аударды. XX ғ. бас кезіндегі өз жолын іздеген Түркияның стратегиялық бағыттары мен тәжірибесі Қазақстан үшін үлкен қызығушылық тудырады. Әлемнің ең жетекші елдерімен ықпалдасу Түркия мен Қазақстан тәжірибесіне ортақ. Бұл жол басқа елдерге үлгі бола алады.

**Әдебиет:** *Ataturk un Soylev ve Demegleri C. III. – Ankara, 1989; Mehmet Ozel, Ataturk. – Ankara, 1996; Ә. Нысанбаев, К. Есмағамбетов. Ататүрік. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. Т. I. – А., 1998.*

**АТАУ** – белгілі бір затты, материалдық объектіні кең ауқымды мағынасында таныта алатын сөз. Логикалық семантикада «семантикалық үшбұрыш» дейтін ұғым бар. 1) атау; 2) атау білдіретін зат (денотат, яғни десигнат); 3) атаудың мәні. Термин білдіретін объект термин денотаты деп, термин білдіретін қасиет – терминнің мағынасы деп есептеледі. Қандай да болсын болмыс түрін төрт нәрсе белгілейді: атауы, әлпеті, сапа-қасиеті, мән-мағынасы. Атау бұлардың өзінен кейінгі үшеуін де қамтитын болғандықтан, ол ең маңыздысы болып табылады.

**Әдебиет: ҚҰЭ. Т. 1. – 509 б.**

**АТЕИЗМ** (грек. А – сыз, сіз емес қосымшасы және theos – құдай) – табиғаттан тыс күштерге (рухтар, құдайлар, ақыреттік өмір т. б.) сенуді жокқа шығаратын көзқарастар жүйесі, бүкіл дін атаулыны бекерге шығару. Адамзаттың тарихи даму барысында А. әр түрлі әлеуметтік топтардың идеялық қаруы ретінде пайдаланылды. Маркстік А. диалектикалық және тарихи материализмді өзінің филос. негізі етіп алды. Ол атеистік тәрбие жүйесінің теориялық негізін құрайды. Коллективтендіру, тәркілеу т. б. саяси науқандарда дін иелері қатты қудаланды. 1932 ж. КСРО бойынша дінге қарсы 10 газет, 23 журнал шығарылды. 1954 жылғы 7 шілдеде және 10 қарашада СОКП ОК-і атеистік насихатты күшейту туралы арнайы қаулылар қабылданғаннан кейін бұл бағыттағы жұмыстар жаңа қарқын алды. Жоғары оқу орындарында ғылыми атеизм негіздері курсы оқытылатын болды. КСРО ҒА-ның Тарих ин-ты жанынан 1947 жылдан ұйымдастырылған дін тарихы және атеизм секторы «Дін тарихы және атеизм мәселелері» деп аталатын журнал шығара бастады. 1964 ж. СОКП ОК-нің шешімімен Қоғамдық ғылымдар академиясы жанынан Ғылыми атеизм ин-ты құрылып, «Ғылыми атеизм мәселелері» атты мерзімді басылымды жарыққа шығара бастады. Кеңестік жүйенің әрбір халыққа тән өзіндік салт дәстүр, діни сенім-наным ерекшеліктерін күштеп жою бағытында жүргізген әрекеттері бұқара халықты рухани тоқырауға соқтырды. КСРО ыдырап, ондағы көпшілік елдер, соның ішінде Қазақстан өз егемендігін алғаннан кейін, дін мәселесі Конституциямыздың аясында өз жолын, арнасын тапты. «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға... хақылы» делінген онда (19-бап).

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 73–74.**

**АТОМАРЛЫҚ ФАКТ** – логикалық атомизм ағымының (Б. Рассел, Л. Витгенштейн) бұл басты ұғымы бойынша, бүкіл дүние бір-бірімен байланыссыз, ары қарай ажырамайтын, өзара тәуелсіз фактілерден тұрады.

Бұл ұғым дүниенің бірлігін, оған тән ішкі байланысты, тұтастықты жоққа шығаратындықтан, шеткері тұрғыдағы плюралистік көзқарасқа апарды. А.ф. ұғымының пайда болуы математикалық логикада өз орны бар «атомарлық» сөйлемдердің кейбір қасиеттерін сыртқы дүниенің құбылыстарына бейсыни көшірмелеуден туған деуге белгілі бір негіз бар.

**АТОМИЗМ** (гр. *atomon* – бөлінбейтін), атомистика, барлық заттардың дербес элементтерден (атомдардан) құралатыны туралы ілім. Кеңірек мағынасында А. ұғымы объектінің, үдерістің, қасиеттің дискреттілігін, үздіктілігін білдіреді (мысалы, элеуметтік атомизм, логикалық атомизм және т. б.). А. алғаш антикалық философияда көне грек атомистері Левкипп пен Демокриттің философиялық ілімінде орын тебеді. Бұл ілім бойынша, дүниеде бәрі де әрі қарай бөлінбейтін өте ұсақ бөлшектерден (атомдардан) тұрады; атомдардың қозғалысы, өзара әсері арқылы барлық құбылыстар түсіндіріледі. Алғашында философиялық гипотеза статусына ие болған бұл ілім кейіннен (XVII–XIX ғғ.) физика мен химияда (жалпы жаратылыстануда) өз жалғасын тауып, нақтылы ғылыми сипат алады (заттардың атомдық-молекулалық құрылымы туралы ілім жүзінде). XX ғ. кванттық физиканың дамуы атомизм идеясына жаңа серпін беріп, дискреттіліктің (континуалдықпен қатар) материя құрылымына тереңнен тән екендігі айқындалды. Қазіргі физиканың ұйғаруынша, корпускулалық-толқындық дуализмнің микродүниенің негізгі бір қасиеті болып табылатыны осы дискреттілік (үздіктілік) пен континуалдықтың (үздіксіздіктің) өзара диалектикалық бірлігінің айғағы іспеттес.

**АТРИБУТ** (лат. *attribuo* – қосамын, үлестіремін, қасиет) – белгілі бір объектінің қажетті, мәнді ажырамас қасиеті. Мысалы созылу, салмақ, түртүс және т. б. – материалды заттар А. болып табылады. Логикада А. деп сөз болып жатқан жайтқа байланысты мақұлданатын не терістелетін нәрсені айтады; А. маңызды немесе маңызды емес, қажетті немесе кездейсоқ болуы да мүмкін.

А-сыз заттың болмысының айқындалуы, танылуы, тіпті болуы мүмкін емес. Кезінде Аристотель тұрақты А-тың кездейсоқ, өтпелі күйдегі ерекшелігін айқындап, заттың өткінші уақытша құбылысын акциденция деп атады. Декарт А. субстанцияның негізгі қасиеті деп санады. Сондықтан да, Декарт философиясында материалдық, заттық, денелік субстанцияның негізгі атрибуты – созылу, кеңістікте белгілі бір орын алу болса, рухани субстанцияның атрибуты – ойлау болып табылады. XVIII ғ. философ-материалистері материяның басты А.-ы кеңістікте созылу мен қозғалыс деп тұжырымдайды. Диалектикалық-материалистік философияда кеңістік пен уақыт, қозғалыс, сондай-ақ, жүйелілік пен бейнелеу материяның атрибутта-

ры деп танылды. Заттарға тән қасиеттерді білдіруде А. ұғымы қазіргі заманғы философияда да (философиялық антропология, неотомизм, персонализм және т. б. бағыттарда) кеңінен қолданылады. Мысалы: шындықтың бес А.-ы анықталып көрсетіледі, олар: энергия (қозғалыстың қайнар көзі), кеңістік (созылу), уақыт (өзгеріс), сана (белсенді түрде бейнелеу) және форма (ұйымдастыру, құрылым).

Исламдық танымда А. ұғымы «исм» (есім), «сифа» (сапа, қасиет), «уасф» (сипаттау) терминдерімен берілген. Ортағасырлардағы мұсылман философиясында А. мәселесінің екі түрлі аспектісі қарастырылған. Бұл бір жағынан Құдай, Бастапқы Мән, Бастапқы Баршылық және т. б. сипаттағы дүниені жаратушы алғашқы түпнегіздің А-тары мәселесіне байланысты болып келеді. Мұнда А. ұғымы Бастапқы түпнегізді түсіну және оның өзі жаратқан дүниесімен байланысын бейнелеуге қатысты қолданылады. Мәселенің екінші қыры дүниедегі жаратылған заттардың атрибуттары тұрғысынан туындайды. Бұл жағынан алғанда А.-р мәселесі категориялар (макулат) және предикаттар (махмулат) туралы сауалдарға жақын келеді. Ал, мұсылмандық перипатетизмде бұл екі мәселе де бірлікте қарастырылады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**АУГУСТИН, Әулие Аурелий Августин** (354–430) – христандық теолог, «шіркеу аталарының» (католиктерде) бірі, христиандық дүниетаным жүйесін жасаған әулие. Христиандық әлемде дін және философия мәселелері бойынша шексіз беделі болған және «Ұстаз» деген атаққа ие болған. Антикалық мәдени мұра мен оған христиандықтың қатысы туралы пікірталаста сенім мен ақылдың үйлесімдігі туралы ілімді тұжырымдап, «Қасиетті Жазу» мен «Қасиетті Өсиеттің» күмәнсіз беделдігін мойындай отыра, адамның діни өміріндегі ғылым мен философияның рөлін кемітпеді. А. жүйесіне рухани бастауларды әсірелеу тән. Адам үшін, дейді ол, Құдай мен дүние арасында таңдау бірден-бір құндылық болып табылады. Адам тіршілігі құндылықтарының арасында ылғи жақсы көріп аялайтын игіліктер мен тек пайдалануға жарайтындарын бөлуге болады. Біріншісіне – тіршіліктің бастауы болып табылатын абсолютті жақсылық ретінде Құдайды сүю жатады. Екіншісіне – адамзат мәдениетінің жемістері мен нақтылы дүнияуи игіліктерді қосуға болады. Оларсыз тіршілік ету мүмкін емес. Бірақ, оларға үйреніп, жақын көруге болмайды. А. Құдайға біртіндеп жақындатып, тән мен жанды тазартатын, аскеттік сипатта болатын «катарсис» жүйесін тұжырымдады. А-нің мәдениетке деген көзқарасы «Құдай қаласы туралы» еңбегінде берілген. Ол екі адамдық қауымдастықты бөліп қарастырады: «Жер қаласы» – құдайды ұмытқан өзімшілдікке негізделген мемлекет пен мәдениет және «Құдай қаласы» – өзін ұмытқан, Құдайға деген сүйіспеншілігі шексіз рухани бірлестік. Рим империясының соңғы уақытына ұқсас

«Жер қаласы» нәпсіқұмарлық пен күнәһарлыққа толы және «алғашқы күнәдан» бастау алады. Осы қалада өмір сүруге мәжбүр адам бар ықыласын Құдайлық Қалаға бағыттауы керек. А-нің теологиялық ілімдері оның эстетикасымен де тығыз байланысты.

**Әдебиет:** Августин. Исповедь. – М., 1991; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 18. Таным теориясы. – Астана: Аударма, 2006.

**АУРА** (грек. *aura* – ұшқындау) – 1) жай көзге көрінбейтін адамның биоэнергетикалық қабыршығының сәулелік ұшқындауы; 2) заттар мен тұлғалардың маңайынан ұшқындар шығатын болып көрінетін ерекше бір қалып, көңіл-күй, райлылық; 3) бейнелеу өнерінде – нимб, ореол. А. ұғымы индуизм мен буддизмде қалыптасқан. А-ның түстері сана бастауларына, адамның көңіл-күйі, сезімі және ойларына қатысты өзгеріп тұрады. Ізгі ниеттер жарығырақ түстерді тудырса, төмен ойлар қараңғылау бояуларды әкеледі. А-ны көру қабілеті спонтанды тылсымдық түрде немесе рухани тәжірибенің арқасында пайда болады. Адамның даму деңгейіне байланысты ол әр түрлі болады: ұлы мистиктерде өте айқын, инстинктілерде – бұлыңғыр. Санскритте А. прабхамандала – «сәулелі шеңбер» немесе диантачакура – «жарық дөңгелегі» деп аталады.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.

**АУТИСТИК ОЙЛАУ** (грек. *autos* – өзім) – тұлға немесе мәдени феноменнің тұйық, терең үңілген типі. А. о. тұлғаға қатысты болса «шизоид» термині де қолданылады. Оны «шизофреник» түсінігімен ауыстыруға болмайды. Шизоид – туысқандарының қанында шизофреникалық гендердің болуы мүмкін, бірақ, өзі шизофрениямен ауыра алмайды, өйткені, бұл орынды оның сипаттамалық типі алып қойған, оның басты белгілері: өзіне өзі сіңу (интроверсия) және материалды өмірмен салыстырғанда рухани өмірді басты деп есептеу. Бұл мағынада А.о. – идеализмнің синонимі. Бірақ А.о. философиялық емес, психологиялық ұғым болып табылады. Шизоид-аутист міндетті түрде ақын не философия профессоры емес, маңыздысы – оның санасы белгілі бір бағытта жұмыс істейді. А.о. ұғымын швейцариялық психолог және психиатр Эуген Блейлер енгізген, ал Эрнест Кречмер «Тән құрылымы және мінез-құлық» деген кітабында оны суреттеп берген. Әдетте, ол арық және ұзын тұра, салқынқанды, тарамысты болып келеді. Әр мәдениеттің, өнердің әр түрінің өзіндік адам типі бар. XX ғ-да аутист-шизоидтар жиі кездеседі. Сыртқы тұрқымен аутистік типке жататын XX ғ. мәдениетінің ұлы өкілдері: Джеймс Джойс, Густав Малер, Арнольд Шенберг, Дмитрий Шостакович, Карл Густав Юнг. XX ғ. А.о. тек жеке тұлғалар емес, сонымен бірге тұтас ағымдарға да тән. Неомифологизм және



авангардшылдық өнерге аутизм тән емес, оның сипаттамалық белгісіне полифониялық мозаика жатады. Аутистер екі типті болады: авторитарлар – бұлар, әдетте, жаңа бағыттардың негізін салушылар (Н.С. Гумилев, А. Шенберг, В. Брюсов) және дефензивтілер (агрессияшыл емес, қорғанушы ұстанымдағылар); мысалы, олардың қатарынан Ф.Кафканы – қорғансыз, әйелдерден және әкесінен қауіптенетін, өзіне өзі сенімсіз, бірақ өзінше тұтас – көруге болады. Классикалық аутистер қоршаған орта жағдайларына мүлдем бейтараптық танытады және осы арқылы төтенше жағдайларға тез икемделе алады. Мысалы, социалистік қоғамға іштей жат композитор С. Прокопьев компартияға арнап опералар жазды. Ол бұл ісіне нашар ауа-райына төзімділік танытқан тәрізді қарады, ал ішкі рухы таза күйінде қала берді. А. Швейцер сияқты тынымсыз шизоидтар өзінің ішкі дүниесінің үйлесімділігіне сүйеніп, жанқиярлық әрекеттерге барады. Л. Витгенштейн «Логикалық-философиялық трактатын» жазғаннан кейін философ кедей болуы керек және философ балаларға көмек беруі қажет деген өзінің аутистік адамгершілік императивіне сүйеніп, әкесінің миллиондаған мұрасынан бас тартып, алыс ауылға мектеп мұғалімі болып аттанды. А.о-дың мәнісін Гессе өзінің «Ақын» деген нақыл әңгімесінде дәл суреттеп береді. Онда қытай ақыны отанынан алыста бір ұстаздан тәлім алады. Отанын сағынған оны ұстазы үйіне қайтарады. Төбе басынан үйін көріп, оны лирикалық сезінуден кейін, ол ұстазына қайтып келеді. Өйткені, ақынның ісі – күнделікті өмірден гөрі, өз сезімдерін жырлау.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы.** – Астана: Аударма, 2006; **Мәдени-философиялық энциклопедия.** – Алматы, 2007.

**АФИНАЛЫҚ МЕКТЕП** (б. д. д. 5 ғ.) – философияда антика ой өрісінің Афинаға көшіп, Платон, Сократ, Аристотель және өзгелердің шығармашылығында дамуы. Бұл мектептің философтары адамды табиғаттан ажыратып, оның рухани құбылыс екенін алғаш әйгілейді. Бұл құбылыстың басында алдымен софистер тұрып (Протагор: адам барлық заттың өлшемі), кейін ол өзінің классикалық нұсқасын Сократ философиясында табады («өз-өзінді таны»). Ұлы итальян суретшісі Рафаэль Санти бұл философтардың бейнелерін өзінің әйгілі «А. м.» (1509–1511) жұмысына енгізген.

**АФФЕКТ** (лат. *affects* – жан толқынысы) – адам көңіл-күйінің шұғыл өзгеріп, әсерленуі (үрейлену, масаттану, ызалану). А. кезінде стрестік жағдайлар туындап, адам өзінің жүйкесін толық бақылай алмайтын ерекше сезімдік кейіпке түседі (оқыс мимикалар, айқайлау, жылау т. б.). Бұл құбылыс, әсіресе, балаларда жиі кездеседі. (мазасыздану, үрейлену т. б.). Қуаныш кернеген немесе қайғы-қасіретке душар болған ересек адамның да

жан толқынысы А. түрінде болуы мүмкін. А-тің мәдени жағын алсақ, онда оның тылсымдық не рухани тазарудың (катарсис) функциясын атқаратынын ескерген жөн. Әсіресе, өнер шығармаларынан ләззат алу, оны тамашалау кезіндегі А-лер адамның көңіл-күйін көтеріп, тұлғааралық ерекше бір ынтамақтастықты тудырады. А. феномендері қазіргі бұқаралық мәдениет тұрғысынан да жиі қолданылады (тартымды ету, адамның ішкі дүниесіне жақындау). Кейде А. пайда табуды көздеген адамдар үшін тылсымдық инстинктерді қоздыру мақсатында да қолданылады.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**АХИМСА** (санскр. *ahinsā* – тірі жанға қиянат жасамау) – тек адамзат баласына емес бүкіл жан иесіне рахымды болу. Жалпы тірі жанға қиянат жасаудан сақтану. Үнді философиясы мен діни дүниетанымына тән бұл этикалық принцип адам табиғаттан ажырамайды, барлық тірі жан иесі бір-біріне жақын туыс деген идеяға саяды. А. – индуизм, буддизм және жайнизм діндерінде адамгершілік қағидаларына негізделіп, маңызды рөл атқарады. Бұл қағида белгілі бір іс-әрекеттерді талап ететін императив қана емес, ол сондай-ақ барлық тірі жандар мен жәндіктерді аяп, жан ашырлықпен қарауға шақырады. А. идеясы упанишадада кездеседі, онда адам өз бойынан құдыретті бастама Атманды көрсе, оны басқалардан да көре алатындығы айтылады. Брахман, буддизм, жайна ілімінің рухани ұстаздары өмірді теріс ойлармен, ғайбат сөздермен, іс-әрекеттермен жоюға, ластауға болмайды деп насихаттайды. А-ның қатаң қағидалары әсіресе жайна ілімімен тығыз байланысты. Олардың доктринасы бойынша өзгенің басына қайғы әкеліп, қастандық жасау жанды абсолютті пәктікке жету қабілетінен айырып, соңында қайғы-қасірет қиянат жасаушының өзінің алдына келеді. Жайна ілімін ұстанушылар мен келеңдерге (монахтарға) тірі жандарды өлтіріп алмау үшін аңға шығуға, балық аулауға, жер жыртып, мал шаруашылығымен айналысуға тиым салынады. Жайналар қатаң тәртіпті ұстанатын әдеттегі вегетариандықтар да емес, олар тіпті өсімдіктерді жеуге де тиым салады. Өсімдіктерді өмірге пайдалану оларды жойып, құртуға алып келеді дейді. Олар үшін ең керемет тағам табиғи жолмен жерге түскен жеміс-жидектер. Майда жәндіктерге де зиян келтірмес үшін сүзгіден өткізілген су ішеді. Жайна келеңдері (монахтары) ауыздарына шыбын-шіркей кетіп қалмас үшін дәке таңып, жолда құрт-құмырсқаларды басып кетпеу үшін алдарын сыпырып жүреді.

Батыс мәдениеті А. ұғымымен Махатма Ганди (1869–1948) арқылы таныс болды. Ол осы ұғымның мазмұнын кеңейтіп, А-ны рухани тазалық, сабырлылық, қанағат, өзіңнің бар тіршілікпен бірлікте екенінді саналы

түрде ұғыну жолы деп түсіндіреді. М. Ганди А-ны ұстану ақиқатты (яғни, Жаратушыны) танудың қажетті шарты, әлеуметтік-саяси мәселелерді шешудің кепілі деп санады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**АХМЕТ ИҮГІНЕКИ, Югнаки Адиб Ахмед ибн Махмуд** (XII ғ-дың соңы, Түркістан өңірі – XIII ғ-дың басы, сонда) – ортағасырлық ақын, хакім, ойшыл. Иүгінеки (қазақша Жүйнек) қ-нда туып, өскен. А.И-дің ғұмыры, өмір сүрген ортасы туралы деректер тым тапшы. Зағип болып туып, фәни жалғанның жарық сәулесін көрмей бақиға озған Ахмед жастайынан ілім-білімге құмартып, түркі тілдері мен араб тілін жетік меңгерген. Шариғат қағидаларын жан-жақты зерттеп-танып, терең іліміне сай «Әдиб Ахмед» деген құрметті атқа ие болған. Ақыл-ойы толысып, діни танымы әбден кемелденген шағында А.И. қысқаша тақырып-тақырыптарға бөліп, Ислам құндылықтарына негізделген өлең-жырларын өмірге келтіре бастайды. Кейін бұл жәдігерліктердің басы біріктіріліп, «һибат ул-хақаиқ» («Ақиқат сыйы») деп аталатын дидактик. өлеңдер жинағына айналған. Мазмұны, танымдық нәрі жағынан алғанда «Ақиқат сыйы» – Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауи мұраларымен іштей астасып, IX–XIII ғ. аралығындағы түркі дүниесінің рухани қазыналарының жарқын туындысына айналды.

А.И-дің «Ақиқат сыйы» біздің заманымызға жетпей, біржолата жоғалып кеткен. А.И. мұрасының XIV–XV ғ-да жасалған 3 түрлі көшірмесі, 3 түрлі үзіндісі бар. Оның ішінде ең ескісі – 1444 ж. Самарқанда Арсылан Қожа тархан Әмірдің қалауымен Зәйнүл Әбідін бин Сұлтан Бақыт Жужани Құсайын көшіріп жазған нұсқа. Көне ұйғыр, арагидік арабша хатқа түскен нұсқаның жалпы көлемі – 508 жол. Бұл мұра қазір Стамбулдағы Айя-София кітапханасы қорында сақтаулы; 2-нұсқа Стамбулда 1480 ж. Шайх заа Абд әр-Раззақтың ұйғыр және араб жазуымен көшірілген, 506 жолдан тұратын үлгісі. Парсыша, тәжікше түсініктемелері бар, Стамбулдағы Айя-София кітапханасында сақтаулы бұл жәдігерлікті Н. Әсім 1915 ж. алғаш жариялаған; «Ақиқат сыйының» үшінші арабша нұсқасы XIV ғ-дың ақырында, немесе XV ғ-дың басында 524 жол өлең көлемінде көшірілген. Ол Стамбулдағы Топ-Қапы сарайында сақтаулы. Сол сияқты «Ұзын көпірдегі Сейіт Әлі» деген кісінің кітапханасынан табылып, Анкара кітапханасына табыс етіліп, кейін мүлдем жоғалып кеткен А.И. мұрасы туралы дерек бар. Анкарадағы Маариф кітапханасынан табылған ( көлемі төрт бет), Берлин ҒА-нда сақтаулы тұрған (1 бет) өзге нұсқалардың із-жосықтары А.И. еңбектерінің қаншалықты кең көлемде таралғанын дәлелдей түседі.

А.И. үшін бұл дүниеде тұрақты ешнәрсе жоқ, бәрі де өзгереді. «Жас картаяды, жаңа ескіреді», «Барлық толған (нәрсе) азаяды, түгел кемиді».

Сол себепті бұл дүниенің қызығы да жалған, өкінішті. Мұнда «менікі» деген жоқ. Өйткені «менікі деген» ертең «өзгелердің еншісі» болып шығады. Сондықтан дүниеқорлық пен ашкөздік адамға бос бейнет әкеледі, ал оны ойлай берсең, ол сенің тек «уайым-қайғыңды көбейтеді, (одан да) еңбек ет» деп тұжырымдайды. Кішіпейілділік пен жомарттықты, сабырлық пен көнбістікті мадақтайды.

**Шығ.:** Ахмед Йүгенеки. Ақиқат сыйы. Түпнұсқасының фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэтикалық аудармасы. Баспаға дайындағандар: Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов. – А., 1985; Хибат-ул хақайық. – Ташкент, 1971. Ә. Құрышжанұлы, Б. Сапарұлы, А. Көшкенова (ҚҰЭ – 572 бет).

**ӘБДІЛДИН Жабайхан Мүбәрәкұлы** (16.02.1933 ж.т. Павлодар обл., Май ауд., Майтүбек а.) – белгілі ғалым-философ әрі қоғам және мемлекет қайраткері; философия ғыл. докт. (1968), профессор (1970), Қазақстан ҰҒА-ның академигі (1983), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1993). 1954 ж. ҚазМУ-дің философия факультетін, 1958 ж. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу МУ-нің аспирантурасын бітірген. 1958–84 жж. Қазақстан ҒА-ның Философия және құқық институтының кіші, аға ғыл. қызметкері, бөлім меңгерушісі, директоры қызметтерін атқарады. 1984–1986 жж. Қазақстан ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімінің акад.-хатшысы, 1986–1996 жж. ҒА-ның вице-президенті болды. 1990 ж. Қазақстан Жоғары Кеңесінің халық депутаты, 1994 ж. ҚР тұңғыш Парламентіне депутат болып сайланды. 1995 жылдан ҚР Парламентінің сенаторы, Сенаттың Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Президент жанындағы адам құқықтары бойынша комитеттің төрағасы болды. 2005 жылдан Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттің профессоры. Ә. Қазақстанда әйгілі диалектикалық-логикалық философиялық мектептің негізін қалаушы, ХХ–ХХІ ғғ. тоғысындағы бүкіл әлемдік философияның көрнекті өкілдерінің бірі. Оның басқаруымен жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ондаған ғылыми монографиялар (солардың ішінде «Диалектикалық логика» атаулы 4 томдық іргелі еңбек) жарық көрді, ғылым докторлары мен кандидаттарының қуатты жаңа легі дайындалды. Ә. парламент депутаты ретінде тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуына, жаңа Конституциясының қабылдануына, саяси және құқықтық реформалардың іске асуына, мемлекетіміздің әлемдік қауымдастыққа танылуына өз қомақты үлесін қосты. Ә. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (1984), ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығының (1994), Ш. Уәлиханов атындағы бірінші сыйлықтың (1974) лауреаты. Екінші дәрежелі Барыс, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

**Шығ.:** Проблема начала в теоретическом познании. – Алматы, 1967; Диалектико-логические принципы построения теории. – Алма-Ата, 1973 (Ә.Н. Нысанбаевпен бірге); Диалектика Канта. – Алма-Ата, 1974; Формирование

логического строения мышления в процессе практической деятельности. – Алма-Ата, 1981 (Қ.А. Әбішевпен бірге); Диалектическая логика. В 4 кн. – Алма-Ата, 1985–87 (ұжымдық еңбек); Логико-гносеологический анализ науки. – Алма-Ата, 1990 (ұжымдық еңбек); Логика конкретного понятия. – Алматы, 2005 ж. т. б.

### **ӘБЖАНОВ Төлеуғазы Ысқақұлы**

Т.Ы.Әбжанов 1935 жылы 7 тамызда Ресей Федерациясы Кемеров облысында дүниеге келген. 1957 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетін аяқтады. Еңбек жолын ауылдық мектептен бастаған. 1960 жылдың аяғынан Т.Ы.Әбжанов Қарағанды педагогикалық институтының философия кафедрасында еңбек еткен. 1967-1970 ж.ж Киев мемлекеттік университетінің аспирантурасын тәмамдап, кандидаттық диссертациясын қорғаған. Осы жылдары Төлеуғазы Ысқақұлы алматылық және киевтік философиялық мектептерінің жемісті байланысының қалыптасуына үлкен үлес қосты. 1990 жылы Т.Ы.Әбжанов докторлық диссертациясын қорғады. Оның ұсынысымен 1994 жылы философия тарихы, логика және дінтану кафедрасы құрылды, осы кафедраны 2000 жылға дейін басқарып келді. Соңғы жылдары Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің философия және мәдениет теориясы кафедрасының профессоры болды.

Т.Ы.Әбжанов – 60-тан аса ғылыми жарияланымдардың авторы, оның ішінде Қазақстанда, Ресейде, Украинада жарыққа шыққан монографиялар, оқу құралдары және мақалалары бар. Оның жетекшілігімен осы аймақтан тысқары жерлерде танымал болған философия тарихының Қарағандылық мектебі қалыптасты. Профессор Әбжанов әр қашанда азаматтық көзқарас ұстанып, қоғамдық өмірге белсенді араласқан. Ол облыстық қазақ тілі қоғамының ұйымдастырушысы, оның ҚарМУ-дегі филиал жетекшісі. Қазақ халқының рухани біртұтастығы мен қазақ тілі және мәдениетінің жаңашыры ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында, конференциялар және дөңгелек үстелдерде сөйлеген сөздері қазақ зиялы қауымының арасында кең қолдауға ие болған.

Өмірінің соңғы жылдары Төлеуғазы Ысқақұлы республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Әлемдік мәдени мұра және Қазақ энциклопедиясы атты көп томдықтың қазақ тілінде жарыққа шығуына белсене араласты. Қазақстандық философиялық ойлау мәдениетіне Т.Ы.Әбжановтың қосқан үлесі баға жеткісіз. Оның ақыл-парасаты, ерекше ойлау қабілеті, әріптестері мен шәкірттеріне деген қамқорлық қатынасы Қазақстан және одан тысқары жерлерде құрмет пен беделге ие болды. Т.Ы.Әбжанов 2008 жылдың 11 қыркүйегінде ұзақ сырқаттың салдарынан көз жұмды.

**Негізгі еңбектері:** Проблемы теории познания и методы в истории философии. Алма-Ата, 1990 (қосавторлықта); Путь к человеку. Алматы, 1992 (қосавторлықта); Вехи истории мышления. Алматы, 1994.

Ә

**ӘБІШЕВ Қажымұрат** (1931 ж.т., Қызылорда обл., Сырдария ауд., «1-май» с-зы) – филос. ғыл. докторы (1985). Қызылорда пед. ин-тін бітірген (1951), профессор, Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. 1974 жылдан бастап ҚР ҰҒА Философия институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер болып қызмет атқарып келеді. Ә. қазақстандық философиялық мектептің, диалектикалық логика мектебінің дамуына үлкен үлес қосты. Оның ғылыми зерттеулері тұлға, еркіндік, құндылық және шығармашылық сияқты маңызды философиялық мәселелерге арналады. Ә. адам, тұлға, құндылықтар мәселесі, жаттану, еркіндік сияқты адам болмысының терең әрі күрделі мәселелерін көтереді. Ә. қазақ және орыс тілдерінде жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арнап, «Философия» оқулығын жазды. 2011 жылы «М.Шоқай: әлеуметтік-философиялық ойлары» атты монографиясын жазды. 16 кітаптың авторы, олардың барлығы Ә. зерттеулерінің нәтижесі, олар Пхеньян, Тегеран, Варшава, Москва, Киев, Парижде өткен ғылыми форумдар, конгрестер мен симпозиумдар, конференцияларда баяндалды. Ә. «Әлеуметтік философия», «Батыс философиясының антологиясы» сияқты кітаптардан бастап әлем-дік философия мұрасын қазақ тіліне аударумен айналысып келеді. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында Платон, Аристотель, Гегель, Кант, Сартр, Хайдеггер сияқты философтардың еңбектерін қазақ тіліне аударды. 2011 жылы «Таңдамалы» туындылары жарық көрді, оның ішінде жеке шығармаларымен қатар ең негізгі аудармалары да жинақталған. Ә. ондаған ғылыми-зерттеулер жобасының жетекшісі болып, іргелі зерттеулер жүргізді. 2011 жылы «Ғылым дамуына қосқан үлесі үшін» белгісімен марапатталды.

**Шығ:** «Человек. Индивид. Личность» (1978), «Развитие общественных отношений и категорий мышления» (1981), «Логика свободы и логика отчуждения», «Тоталитаризм как форма отчуждения» (1996), «Проблема специфики индивидуального развития» (1998), «Человек в мире отчуждения» (1996), «Трансформация системы образования. Взгляды философов» (2000), «Отчуждение и проблемы экологии» (2002), «Власть как ценность и власть ценностей: метаморфозы свободы» (2007).

**ӘЖЕНОВ Матиполла Салахаденұлы** (15.11.1932 ж.т., Атырау обл., Теңіз ауд., Кудряшов с. – 2011, Алматы) – филос. ғыл. докторы (1974), проф. (1976). ҚазМУ-ді бітірген (1955). 1955–1960 жж. Атырау педагогикалық институтының (қазіргі Атырау мемлекеттік университеті) оқытушысы, 1963–1978 жж. Астрахан, Атырау педагогикалық институттарының аға оқытушысы, доценті,

кафедра меңгерушісі, 1978–1983 жж. ҚазМУ-дың жанындағы қоғам-дық ғылымдар оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі, 1983–1985 жж. ҚазМУ-дың философия-экономика факультетінің деканы, 1985–1994 жж. ҚазМУ-дің Біліктілікті жетілдіру институтының директоры; 1994 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Біліктілікті жетілдіру институты әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі болды. 4 ғылым докторы мен 32 ғылым кандидатын дайындаған. Негізгі ғылыми-зерттеу саласы – қоғамның әлеуметтік құрылымы. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

**Шығ: Изменение социально-классовой структуры Казахстана в процессе коммунистического строительства. – Алматы, 1973; На пути к социальной однородности. – Алматы, 1986; Социальная стратификация в Республике Казахстан. – Алматы, 1997.**

**ӘБУ Әли ибн Сина**, Әбу Әли Хусейн ибн Абдуллаһ (лат. транскрипциясы – Авиценна 980 жылы Бұхара қаласы жанындағы Афшана ауылында дүниеге келіп, 1037 жылы Хамаданда дүниеден өткен ортағасырлық ғалым, философ, дәрігер. Орта Азия мен Иранда өмір сүріп, түрлі әмірлертұсында дәрігерлік және уәзірлік қызметтер атқарған. Басты философиялық еңбектері – «Дауа кітабы» («Құтқару кітабының» қысқаша мазмұндамалық нұсқасы), «Өсиеттер мен кеңестер кітабы», «Білім кітабы» (парсы тілінде, «Данеш наме»). Ә. Ә. ибн С. философиясы бір жағынан метафизика, гносеология және логика салалары бойынша шығыс аристотелизмі дәстүрін, екінші жағынан неоплатондық онтологиялық тұжырымдаманы дамытады. Ә. Ә. ибн С-ның пікірінше, тек құдай ғана абсолютті тіршілікке ие, қалғандардың бәрі де өздігінше тек мүмкін нәрселер ғана, олардың болмысқа енуі тек құдайдың құдіретімен болатын жәйт. Әйтсе де құдай жаратқан табиғат уақыт пен кеңістік ішінде бола тұрып, эманациялар иерархиясы арқылы мұнан әрі өзіндік қозғалыс ұстыны бойынша дамиды. Ә. Ә. ибн С-ның әлеуметтік ілімінде әділетсіз қоғамға қарсы қарулы көтеріліс жасауға дейін баруға болатыны туралы ой да айтылады. Мұсылмандық дін ілімі өкілдері (әсіресе, Әбу Мұхаммед Ғазали) оны «дін бұзарлығы» мен «атеизмі» үшін айыптаса, Әбу-л-Уәлид Мұхаммед ибн Рушд оны натуралистік көзқарасы үшін сынға алады. Ә.Ә. ибн С-ның философиялық және жаратылыстанымдық ғылымдарға арнаған трактаттары бірнеше жүздеген жылдар бойы Шығыс пен Батыста кең таралған тарихи мәні зор мәшһүр еңбектер қатарында келеді. Ә. Ә. ибн С-ның араб және парсы тілдерінде азын-аулақ өлеңдері де сақталған. Оның поэтикалық шығармаларына арқау болған тақырыптар – материяның мәңгілігі, ағартушылық пен ғылымды уағыздау. Өлеңдерінің өзіндік белгілері – афоризмге толылығы, көркемдік бейнелеу әдістерінің қарапайымдылығы. Парсы тіліндегі өлеңдерінің басым бөлігі рубаяттар

түрінде жазылған. Ә.Ә. ибн С. шығармалары классикалық түркі, парсы, араб және орта ғасырлардағы еврей әдебиетіне елеулі ықпал жасаған.

Ә.Ә. ибн С. дәрігерлік кәсіппен он алты жасынан бастап шұғылданды. Жергілікті тәбиб әдістерін үйренген соң, ол кітаптардан ескі грек, рум, үнді, парсы, қытай медицинасының негіздерін өңдеп жетілдірді. Әсіресе, ескі грек жұртының атақты дәрігерлері Гиппократ пен Галеннің еңбектерімен толық танысып, олар айтқан қағидаларды толықтырды, қатесін түзетті, ескірген ұғымдарын алып тастады. Соның арқасында Гиппократ пен Галеннің даңқы қайта жайылды, әйтпегенде Еуропада олардың еңбегі түгіл есімі де ұмытыла бастаған еді. Оның күрделі туындысы – «Дәрігерлік ғылымның каноны» («Қшабәл-қанун фи-т-тибб»), бұл – көлемі 200 баспа табақ, 5 кітаптан тұратын медициналық энциклопедия. Араб тілінде өте көп мәрте көшірілді. Латынша аудармасы XII ғасырда жарық көріп, аз уақытта бүкіл дүние жүзіне таралды. Күллі Шығыс пен Батыста Ә.Ә. ибн С. осы кітап арқылы бес-алты ғасыр бойы медицина ғылымының дара жетекшісі, дәрігерлердің ұлы ұстазы болды, «Медициналық ханзада», «Шейхур-райс» деген ұлы есімге ие болды. Түркі халықтары арасында оның есімі «хакім Лұқпан» деген атпен аңыз болып таралды. Баспа әдісі пайда болғаннан кейін «Канонның» басылуы Инжілмен бәсекелес өтті. Араб тіліндегісін санамағанда латынша аудармасы отыз шақты рет басылды. «Канон» орыс, өзбек тілінде ғалымның 1000 жылдық салтанатына байланысты Ташкентте (1954–1960) басылып шықты.

«Медицина – саулықты сақтау, науқасты кеселден айықтыру үшін адам тәнін зерттейтін ғылым», – дейді автор. «Медицинаның бір бөлігі – білім, екіншісі – амал, мұның екеуі де ғылым, біреуі медицинаның түп негізі болса, екіншісі – амал жасау ережелері». Ә.Ә. ибн С.-ның ең негізгі насихаты – саулықты күні бұрын сақтау. Бұл жөнінде оның қоятын шарттары: тағамды талғай білу, денені шынықтыру және таза ұстау. Бұл ережелер осы күнге дейін маңызын жойған жоқ. Ә.Ә. ибн С. ауруды емдеуде дәріні кең қолданды. Гиппократ дәрінің 200 түрін, үнді тәбибтері 800 түрін пайдаланған болса, ол өз дәуірінде 2600 түрлі дәрі қолданылып, оның жартысының көбісін өсімдіктерден алды.

**Шығ: Четверостишия. – Душанбе: «Литературный Таджикистан», 1953; Канон врачебной науки, кн. 1 – I Таш., 1954 – 1960; Математические главы «Книги знания». – Душанбе, 1967; Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы // Әлемдік философиялық мұра. Т. 4. Құраст.: Т.Х. Ғабитов, Ғ. Құрманғалиева. – Алматы, 2005. – 568 б.; Ислам. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Аруна, 2009.**

**ӘБУ-Л-УӘЛИД ИБН РУШД**, Мұхаммед ибн Ахмад ибн Рушд – 1126 жылы Кордовада туылып, 1198 Мароккодағы Марракеште дүниеден өткен атақты мағрибтық араб философы, Батыс Еуропада латынша Аверроэс деген атпен танымал. Бас қазы және муфтидің отбасында дүниеге келіп,



тәрбиеленді, өз заманының ұлы ғұламаларынан білім алды, ибн Араби сынды атақты сопымен, ибн Туфейль және ибн Зухр сияқты белгілі ғалымдармен достық қатынаста болды. Кордова халифатындағы Жүсіп және әл-Мансур сұлтан-дардың тұсында олардың қамқорлығында болып, Мароккода, Севильяда, Кордовада лауазымды қызметтер атқарды.

Ә.У. ибн Р. Аристотельдің бірқатар шығармаларын аударды, оларға жазған түсініктемелері еуропалық философтардың ежелгі грек философиясымен танысуына ықпал етті. Оның шығармаларының көпшілігі латын тілінде сақталды. Оның пантеистік ілімі Еуропаға кеңінен таралып, аверроизм деп аталды. Алайда бұл ілім мұсылмандық және христиандық қатаң қағидаларды өзгертпей сақтауға тырысушылар тарапынан қуғынға ұшырады. Ә.У. ибн Р-тың әл-Ғазалимен пікірталасы философтар қауымына жақсы таныс, оның барысында ол философияның рационалистік қорғаушысы болып көрінеді. Ә.У. ибн Р. қос ақиқаттылық ілімінің негізін қалады. Ә.У. ибн Р-тың негізгі философиялық шығармалары: «Терістеуді терістеу», «Философия мен дін арасындағы байланыстарға қатысты қорытынды жасайтын пікір». Оның латын тіліне аударылып, бірнеше мәрте қайта басылған медициналық шығармасы «Colliget» (арабша «Куллийат», «жүйе» деп аударылады). Оған қоса Ә.У. ибн Р. күн дақтарын зерттеген астроном деп те есептеледі. Оның көптеген шығармалары иврит тіліне де аударылды.

**Шығ.: Ислам. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Аруна, 2009.**

**ӘБУ МҰХАММЕД ӘЛ-ҒАЗАЛИ**, бин Мұхаммад ат-Туси әл-Ғазали – (1058–1111) – аса ірі діндар, философ және факихшы. Хорасандағы Тус қаласында туған, Нишапурде әл-Жуайнидің (имам әл-Харамайн) шәкірті болған. Ұстазы қайтыс болған соң, 1058 жылдан бастап салжұқ уәзірі Низам әл-Мүліктің қасында болып, 1091 ж. Бағдатта ол негізін қалаған Низамийа медресесіне фиқһтан дәріс беретін ұстаз етіп тағайындалды. 1095 ж. исламшылар Низам әл-Мүлікті өлтіргеннен кейін Ә.М. әл-Ғ. қажылық сапарды сылтау етіп, Бағдатты тастап кетеді де, 11 жыл бойы Шамда (Дамашық), Туста, т. б. бірқатар қалаларда болады.

Ә.М. әл-Ғ. адамдарды танымдық қабілеттері бойынша «қалың бұқара» (әл-һамма, әл-һауамм) және «таңдаулылар» (әл-хасса) деп екі топқа бөлді. Діни дәстүрлер соңынан көзсіз еретін қарапайым қауым мен ислам қағидаларын қорғаумен ғана шектелетін мутакаллимдерді ол алғашқы топқа жатқызды. Екіншісіне ең алдымен сенімді дәлелдер мен дәйектемелер көмегі арқылы ақиқатқа жетуге тырысатын философтарды енгізді. Сонымен қатар «таңдаулылар» қатарына тұрмыс-тіршілік мәнін логикалық қисындардан бұрын түйсік арқылы түсінетін сопыларды да кіргізді. Ә.М. әл-Ғ. сопылықтың өзін-өзі жетілдіру бағытынан оның пайдалы жақтарын көрді,

бірақ сопылар ұсынған Құдаймен онтологиялық бірлікке жету бағдарын теріске шығарды, өйткені ол «бірлікке жетуді» ең жоғары танымдық күш-қуат – зерде түйсігі арқылы күдіретті пайымдау нышаны ретінде ғана таныды. Ол өзінің бірқатар шығармаларында әлемнің мәңгілігі мәселелері, себептілік теориясы т. б. бойынша мұсылман философтарымен, шығыстық перипатетизм өкілдерімен (Әбу Насыр әл-Фарабимен, Әбу Әли ибн Синамен және т. б.) пікірталасты өрістетті. Философтар көзқарастарына түсініктеме жазып, олардың іс жүзінде мұсылман әлеміне таралуына себепкер болды. Ол өзінің «Ихйа улум әд-динле» («Діндегі ғылым сәулесі») деп аталатын басты еңбегінде діни-философия мен этика қағидаларын саралап, онда суннит дәстүршілдігі қағидаларын сопылық түсініктермен үйлестірді (мысалы, шариғатта көрсетілген ғұрыптарды сопылық дәстүрмен толықтырды). Адам еркі мен жазмыш туралы мәселеде Ә.М. әл-Ф. «таңдап алу» ұғымын (касбаны) дамытады, оған сәйкес адам Алланың ұсынған жақсы-жаман әрекеттерінен өзіне қажетін таңдап алуына ерікті екендігін, бірақ соған орай жауап та беретіндігін айтады. Ә.М. әл-Ф. мұсылмандық ақыл-ойдың дамуына, сондай-ақ ортағасырлық еуропалық философияға зор ықпал жасады. Оны әдетте «хуждат әл-Ислам» (ислам дәйекшесі) деп атайды.

**Шығ: Ислам. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Аруна, 2009.**

**ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ**, Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870, Отырар қ. – 950, Сирия, Шам) – қыпшақ даласынан шыққан ұлы энциклопедист ғалым, ойшыл, философ, математик, астролог, музыка теоретигі. Әскербасының отбасында дүниеге келген. Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларында білім алған. Ә. Н. әл-Ф. – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің 2-ші ұстазы» атанған ғұлама. Оның заманы «Жібек жолы» бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экон-сы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келді. Ә.Н. әл-Ф. Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл филос., логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, геогр., матем., мед., муз. салаларынан 164 трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады (Аристотельдің «Метафизика», «Категория», «Бірінші және екінші аналитика» сияқты басты еңбектеріне түсіндірмелер жазған). Арабтың атақты ғалым-географы ибн-Хаукалдың «Китаб әл-масалик уә-л-мамалик» ... атты еңбегінде және XIII ғ-да өмір сүрген ибн-Халликанның өзінің «Уфиат әл-аиан фи өз-заман» атты еңбегінде Ә. Н. әл-Ф-дің арғы аталарының

аттары (Тархан, Ұзлағ) таза түркі тілінде келтірілген. Болашақ ғалым алғашқы сауатын туған жерінде өз тілімен ашса да, 12–16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп Бағдадқа кетеді. Ә. Н. әл-Ф. дүниеге келгенге дейін 126 жыл бұрын түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Фараб к. бейбіт жолмен ислам дінін қабылдаған болатын. Ол кез санасы ашық әрбір мұсылман ислам діні ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Ә.Н. әл-Ф-дің араб тілді ғалымдар санатына қосылуы осы кезден бастау алады.

Ә. Н. әл-Ф. дүниетанымы екі әлемнің – көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-Рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі. Ә. Н. әл-Ф. заманының әлеум.-саяси көзқарастарын, тіл мәдениетін, филос.-гуман. (филос., логика, этика, эстет., саясат, социол., лингвист., поэзия, шешендік, муз.) және жаратылыстану (астрон., астрол., физ., хим., геогр., космол., матем., мед.) ғылымдары салаларын терең меңгеріп, осы бағыттарда өзі де құнды ғыл. жаңалықтар ашты. Ә.Н. әл-Ф-дің филос. көзқарасында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады; танымның болмысқа тәуелділігін растады; ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын күдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан іздеді. Аристотель қағидаларынан өз дүниетанымына жақындарын қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Ұлы ойшыл философияға үлкен мән берді, оған көп үміт артты. Ол философияны қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы, халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты ғасырларға жалғастыратын құрал, әлеум.-этик. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері» және т. б. саяси-әлеум. трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталды. Қайырымдылық дегенде, ақыл-ой әділдік, бақыт және теңдік идеяларын құптаған ежелгі ойшылдар дәстүріне сүйенді. Тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескертті.

Ә. Н. әл-Ф-дің азаматтық, саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары «Фусул әл-мадани» («Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері») трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әр түрлі болса да, негізінен, бір мақсатқа – адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты – тәндік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы.

Ә. Н. әл-Ф. «Азаматтық саясатта» қоғамды талдауды қаладан, ал «Нақыл сөздерде» ең кішкене ұядан – отбасынан бастайды. Аристотель сияқты ол да үйді бірнеше бөлекке – ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі. Үйдің өзіне тән мақсаты

болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан, ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық гуманизмнің биік көріністерін табамыз.

Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Ә. Н. әл-Ф. жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық – үшеуінің бірлігінде. Ә. Н. әл-Ф-дің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Ә. Н. әл-Ф. көркемдік, сұлулық хақында былай дейді; ол – өмір шындығының өзіне тән қасиетті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік тән мен жан қасиеттерінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды.

Ә.Н. әл-Ф. әмбебап музыкант та болған. Саз аспаптарында ойнап, ән салған, өз жанынан ән, күй шығарған. «Музыканың ұлы кітабы» – ғұламаның әрі музыка жайында, әрі физ.-мат. жайында жазған тарихи үлкен туындысы. Мұнда муз. акустика мәселелері барынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы, т. б. жайында көптеген дұрыс, соны пікірлер айтылған. Өзінің барлық саналы ғұмырын ислам діні мен ғылымды бір-бірінен айырмай, егіз өргізуге арнаған ұлы бабамыз хижра (ражаб) айында, Шам шаһарында (Дамаскі) қайтыс болғанда, оны сол елдің әміршісі Сайф ад-Даула өз қолымен жерлеген. Ұлы ғалымның мүрдесі Сириядағы Баб әс-Сағир зиратында жатыр.

**Әдебиет:** Машанов А. Әл-Фараби. – А., 1970; Көбесов А. Әл-Фараби. – А., 1971; Бурабаев М. О логическом учении аль-Фараби. – А.-А., 1982; Қазақ даласының ойшылдары. IX–XII ғ. – А., 1995; Қасымжанов А. Х. Философия аль-Фараби. – А., 1998; Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы // Әлемдік философиялық мұра. Т. 4. Құраст.: Т.Х. Ғабитов, Ғ. Құрманғалиева. – Алматы, 2005. – 568 б.

**ӘБУ РАЙХАН ӘЛ-БИРУНИ**, Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бируни (4.10.973, Қият қ. Маңы (Қарақалпақстан, Бируни қ. – 11.12.1048, кейбір деректер бойынша, 1050 жылдан кейін, Ғазни қ. Ауғанстан) – орта-азиялық энциклопедист-ғалым. Негізгі еңбектері тарих, математика, астрономия, география, топография, физика, медицина, геология, минералогия т. б. ғылым салаларын қамтиды. Ол өз заманына лайық білім алып, Әбу Абдаллаһ әл-Хорезми, Әбу Наср әл-Фараби, Ғаббас әл-Жауһари т. б. дәстүрлерін жалғастырды. Орта Азия мен Иран қалаларында болып, атақты

астроном, математик Әбу Наср Мансур ибн Ирактан дәріс алды. Ә. Р. әл- Б. – парсы, араб, грек, үнді (санскрит) тілдерін меңгерген оқымысты. 995–1010 ж-дары Иранда тұрды. Ол 1000 жылы орта ғасыр ғылымының энциклопедиясы аталған, өзінің әйгілі «әл-Асар әл-Бақийа ән әл-Құрұн әл-Халийа» («Бұрын-ғы ұрпақтар ескерткіші») деген еңбегін жазды. 1010 ж. Хорезм әкімі Мамун ибн Мұхаммед ұйымдастырған Үргеніштегі (қазіргі «көне Үргеніш») ғыл. ортлықта Ә. Р. әл-Б-дің басшылығымен Әбу Әли ибн Сина, Әбу Саһл Массих, Әбу Хасан ибн Хаммар, ибн Мискавейх т. б. көрнекті ғалымдар ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізді. Ә. Р. әл-Б-дің «Асыл тастар» (1048) еңбегі бөлімнен құралған. 1-бөлімде (36-тарау) лағыл, меруерт, ақық, маржан, қараба, алмас, шыны, «Жылан тасы» т. б. баяндаған. 2-бөлімі (12 тарау) алтын, күміс, сынап, мыс, темір, қорғасын, қалайы.

**Әдебиет:** Әлемдік философиялық мұра. Т. 5. – Алматы: Жазушы, 2006;  
**Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 14. Философия тарихы. – Астана: Аударма, 2006.**

**ӘДЕП** – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптарды білдіретін ұғым. Ә-тің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтіруімен байланысты. Бұл сипатта Ә. мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Мәдениеттің қалыптасу барысында ізгі мінез-құлық белгілері әдептілік талаптарына айналып отырған. Ә. өлшемдері арнаулы қаулы арқылы жарияланбайды және олар данышпан адамдардың ойлап тапқан құндылықтары емес. Ә. ережелері өркениет пен мәдениеттен сұрыпталып алынған. Қазіргі заманғы ғылым Ә-тің қалыптасуына әсер еткен 3 басты факторды атап өтеді. Олар: жыныстық қатынасты реттеу арқылы аналық рудың пайда болуы; тайпа мүшелерін өлтіруге тыйым салу; қариялар мен балаларға қамқорлық ету. Мәдениеттің өзегін салт-дәстүр Ә. құрастырады. Егер соқыр сезім жануарлар тіршілігіне қалай әсер етсе, салт-дәстүр де алғашқы адамдардың іс-әрекеті мен мінез-құлқына, ақыл-ойына сондай әсер етеді. Дәстүрлі қоғамдағы Ә-тің қарапайым түрін кейін рационалды имандылық қағидалары алмастырды. Алайда бұдан көне Ә. жоғалып кетті деген ой тұмайды. Себебі көне мәдениет қазіргі ұлттық мәдениеттің архитипі қызметін атқарады. Қазақ халқының ұлттық Ә. жүйесі сонау көшпелілер мәдениетінен нәр алады. Ол қазіргі заман талаптарына сәйкес жаңара түскенімен, бастапқы негізін сақтап келеді. Ә. – адамның жаратылысынан бері қарай пайда болған әрі тәрбие арқылы қалыптасып, қол жеткізілген рухани білім жүйесін білдіретін жинақтық ұғым, философиялық этикалық категория. Ә. адамның оң мінез-құлықтық нормалардың жиынтығы. Ә. адамда туа пайда болмайды, жүре қалыптасатын, оның өмірімен бірге өсіп, жетілетін моральдық болмыс, моральдық сапа мөлшері. Сондықтан Ә. – кез-келген қоғамның түпкі мақсаты. Қоғамдағы жоғары құндылық – әдепті адам.

Әдепті адам – қоғамның рухани байлығы, биік мәртебесі. Ә. – адам баласын жоғары дәрежеге көтеретін рухани ілім, білім. Ә. нормалары – ол адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынасты жарасымдылық, сыйымдылық, үйлесімділік, қолайлылық, жағымдылық, ұнамдылық, бір сөзбен айтқанда, адамгершілік-имандық шарттар тұрғысынан әлеумет мінезін реттеудің шартты қағида-ережелері болып табылады. Ә. ұғымы философияның адамгершілік құлық саласы – әдептанудың арнайы зерттейтін пәні болып табылады. Ә-тілік – нәсіл қуатын құбылыс емес. Ол – алдыңғы буыннан кейінгі буынға мұра ретінде берілетін, ал жас ұрпақ оқып-үйренетін, бойына сіңіретін, дамытып, жетілдіретін, рухани ынта мен еңбекті қажет ететін моральдық сапа. «Аға әдепті болса, іні әдепті. Апа әдепті болса, сіңлі әдепті», «Мейірімділікті ападан үйрен, әдептілікті данадан үйрен» дейтін қазақ мақалдары, Абайдың: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» – дегені соның дәлелі. Ә-ке тәрбиелеу қоғамдық институттар: отбасы, мектеп, ұжым, мекемелердің төл ісі. Мұхаммед Пайғамбар Құран әдебін тікелей өзі бастап орындап, біздерге үлгі қалдырып: «Мен жақсы әдетті толықтыру үшін жіберілдім» (Муатта, Хуснул хулқ 1) – десе, Аристотель: «Барлық өнер атаулы және соның ішінде тәрбие өнері адамға табиғаттан жетіспеген жақтарын толықтыру мақсатын көздейді» – деп жазады. Ә-тің өз наным-сенімдері, ұстанымдары, өлшемдері, негіздері, рухани ұйытқысы мен мәйегі болады. Әдептанудың мақсаты – адамға жамандықтың зияндылығын түсіндіріп, одан бойды аулақ ұстауға баулып, тура жолды: әдептілік, адамгершілік жолын сілтеу. Ә. адамның өмір сүру тәсілі мен амалына, өмір жолына байланысты. Демокрит: «Жақсы адам болып қалыптасу үшін жаратылысынан көрі, жаттығудың рөлі зор» – десе, И. Гете: «Біз өз бойымызда Ә. сезімін дамытуға тиіспіз. Өйтпесек, адамдардың ілтипатынан оп-оңай айрылып қалуымыз мүмкін. Бұл қателігі үшін адам өмірде өте көп зиян шегеді. Өкінішке орай, ұрпақтарын осы ауыр зияннан құтқара алмай-ақ келеді» – деп көрсетеді. «Ә-ті бала – арлы бала, ә-сіз бала – сорлы бала» – деп келеді халық мақалдарында. Әдеп әліппесі адамды кісілігі тұтас тұлға етіп тәрбиелеуді, тұрақты ізгі қасиеттерін қалыптастыруды көздейді. Ә. турашылдық, азғыруға қарсы тұру, ізеттілік талаптарының бұзылуына қарсы тұру тілегі, ұялу сезімі, адамдарға қайырымдылық, мейірімділік көрсету, қанағатшылдық, өзін басқаның орнына қоя білу мәрттігі, қайырлы іс істеуге, жамандыққа қарсы тұруға ұмтылу, кішіпейілділік, кешірімділік, пәктік, өзгенің тілегін құрметтеу, ұқыптылық, тазалық және т. б. сияқты ұғымдарды қамтиды.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.

**ӘДЕТ** – қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына, тұрмыс-тіршілігіне қойылатын бұлжымас қағидаларға айналған моральдық талаптар, жөн-жосық, жол-жоралғы. Ислам дінін тұтынатын халықтарда шарифатқа қосымша ретінде қолданылады. Ә-тің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік нормаларына сәйкес ретке келтіріп отырумен байланысты. Келесі бір мағынасында Ә. адамның күнбе-күнгі тіршілік қажетіне байланысты қалыптасқан тұрақты мінез, іс-қимыл ерекшеліктерін білдіреді. Қазақта «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген қанатты сөз бар. Оң мағынасында Ә. күнделікті өмірде қолданылатын ой тізбектері мен іс-қимыл реттілігін ұтымды, дайындықсыз, қалыптасқан түрде жүзеге асыруға себебін тигізеді. Бұл сипатта Ә. саналы пайымнан гөрі адамның бейсаналық, тылсымдық қатпарларынан бастау алып отырады. Жағымды Ә. қоғамдағы тұлғааралық және топаралық үйлесімдік пен ынтымақтастықты арттырудың құралы іспеттес және тұлғаны қайталанылатын шешімдерден босатып, оның әрекетін күрделі мәселелерді шешуге бағыттайды. Қылық пен мінез-құлықтағы теріс Ә. адамдық қауымдастық мәдениетіне кері әсерін тигізіп, тұлғалардың берекесін кетіріп және оғаш қылықтарымен өзінің де абыройы мен қадір-қасиетін төмендетеді. Жүріс-тұрыс мәдениеттілігін күнделікті өмірде дәйекті қолдану қазіргі өркениеттіліктің маңызды талабына айналып отыр.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**ӘДІЛДІК, әділеттілік** – құқықтық мәдениетте адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың белгілі бір моральдік тәртібін анықтайтын принцип, адамның қоғам алдында ғана емес, сонымен бірге қоғамның тұлға үшін де жауаптылығын көрсететін, адамдардың өмірінің заңдылығы мен саналылығын білдіретін әлеум.-этикалық категория. Ә. – ізгіліктің ірге тасы. Ә. уақыт ағынында өзгеріп отырады. Оның алғашқы түріне көне қоғамдағы «жазалаушы әділеттілік» деген жатады. «Қанға қан, жанға жан», талион, кек алу принциптері ілкі санада Ә. саналды. Қылмыс пен жаза, әрекет пен айыптау мәселелері Ә.-тің осы түсінігімен түбірлес. Қоғамдағы меншіктік қатынастардың қалыптасуына байланысты жазалаушы Ә-тің орнына оны тепе-теңдік тұрғыдан түсіну алдыңғы қатарға шықты. Қоғамдық байлықты барлығына бірдей үлестіру идеясы Ә. талабына айналды. Бұл ұран желеуімен талай қантөгістер, төңкерістер, бүліктер жүріп жатты. Әлеум. әділеттілікті орнатамыз деген желеумен бір ғасырға жуық коммунистік идеялар өз халықтарын тоқырауға әкелді. Соц. қоғам «байлық – бұл әділетсіздік, ол кісіні аздырады, адам неғұрылым кедей болса, оның руханилығы жоғарылай түседі» деген жаңсақ пікірді негіздеді. Шын мәнісінде, қабілеті мен білігі тең емес адамдарға мүлікті бірдей үлестіріп беру әділетсіздіктің

айқын көрінісіне жатады. Мұндай түсінік әлеум. енжарлыққа әкеп соғады. Алайда әлеум. теңдік – өркениетті қоғам құрудың басты шарты. Адамдар құдай алдында, әдеп, құқық, заң алдында тең және бірдей мүмкіндікке ие. Нарықтық қоғамда «мүмкіндіктер теңдігі мен әділеттілігі» деген өмірлік принципі кең етек жайған. Қоғамдық қатынастар әрбір адамның өзіндік мақсатына жету мүмкіндіктерін шектемеуі керек. Ә-тің басты өлшемі – адам құқықтары теңдігінің жүзеге асуы, нәтижелер теңдігінің жүзеге асуы. «Нәтижелер теңдігі» қоғамдық байлықты өмірде табысқа жете алмаған адамдардың пайдасына қайта бөлуге әкеледі. Бұл экономикалық даму ынталылығын азайтады. Мыс., дәрігер мен санитардың, профессор мен ассистенттің еңбегін тең бағалау әділетсіздікке жатады. Алайда қоғам мүліктік теңсіздікті тым тереңдетіп жібермеуге тырысуы қажет. Қоғам үшін пауперлер мен люмпендердің, кедей адамдардың қатары көбеюі қымбатқа түседі. Ол қоғамдық ынтымақтастық пен тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді.

Қазақтың дәстүрлі әдебі Ә-ті биліктің басты сипаттамасы ретінде алады. Әділ билік ақын-жырауларда әрі мәдени, әрі әдептік, әрі құқықтық феномен ретінде суреттеледі. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі әдептік және құқықтық бастаулардың синкретизмі тек күнделікті қолданыста емес, сонымен бірге ғылыми әдебиетте оларды ажыратпай пайдалануға әкеледі. Бір мысал келтірейік. Әдеп және құқықтық реттеу тетіктерінің мызғымас бірлігі қазақтар арасында мәдени синкретизмге де негіз болады. Ол тек рулық-тайпалық қатынастармен шектелмей, сонымен бірге қоғамдық тұтастықтың элементтері болып табылатын әртүрлі әлеуметтік топтар мен жіктерді, қауым мен отбасыны, меншіктік, мұрагерлік қатынастарды, әлеуметтік бірлестіктердегі неше түрлі демографиялық топтарды (қариялар, балалар, әйелдер) қамтиды. Бұл жерде әлеуметтік бедел мәселесі, әлеуметтік қатынастардың не сұрықсыздығы, тұрлаусыздығы, не шиеленістілігі, жанжалдылығы, не келісімділігі, ынтымақтастығы жыраулар үшін алдыңғы қатарға шығады. Мысалы, Бұқар жырау шығармаларындағы өзекті мәселелердің бірі – елдің бірлігі. Ол «бірлік болмай тірлік болмас»– деген қағиданы ұстанады, халықты бірауыздылыққа, ынтымаққа, елді қорғауға насихаттайды. Ру-руға бөлініп өзара қырқысу елді жақсылыққа алып келмейтіндігін, бір-бірімен тату тұруды, ру аралық қақтығыс халықты елдігінен айырып, ел тағдырын мүшкіл қалға алып келуі мүмкін деп елді бірлікке шақырып, елдің қорғанысын күшейту қажет деп, Абылай хандығын нығайту саясатын жүргізді.

Әлеуметтік ынтымақтастық құндылығы хандық дәуірінде мынадай құқық-әдептік тетіктердің қуатымен жүзеге асты. Бұл мәселенің өз астары бар. Өйткені қазаққа көршілес мұсылман елдерінде тұлғааралық қарым-қатынас шарифат заңдарымен реттеліп келеді. Қазақ хандығында көшпелі мәдениетке негізделген әдет құқығы өз күшін жоймады. «Қасым ханның



қасқа жолының» негізі орта ғасырларда қыпшақ, шағатай ұлыстары қолданған «яргу» заңынан алынған, қазақша жарғы (хақихат) деген ұғымды білдіреді. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл, әділ шешуден шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық бұқарасы ардақтап «қара қылды қақ жарған» деп мадақтаған. Өзінің мазмұны бойынша бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери-демократия арнасына барып тіреледі.

Ә-тің нысаны – елдегі тыныштық. Бұл жөніде ақын-жыраулар шығармашылығында талай тиянақты ойлар айтылған. Қазақ арасында рулық қақтығыстар, ағайын арасындағы жанжал, екі адамның ұрыс-керісі бола қалған күнде қазақтың ағайындық береке деген ескі жосығы болған. Мұндайда қалыс ағайындар қарап тұрмайды, оларды берекеге шақырып, араға арашашы, дәнекер болады. Бірер шәугім шайын беріп немесе бірер малын сойып, оларды бір дастарханнан дәм татуға шақырады. Дәмнен үлкен нәрсе жоқ деп білетін халқымыз мұндайда салт бойынша дәмге үйірілуі, ағайын берекесінен аспауы шарт етіледі.

Қазақта тәртіп адам еркіндігін шектеуге бағытталмаған. Қоғамдық тәртіп жайлы халықтың көзқарасының негізінде бейбіт өмірге деген құлшыныс, тыныш өмірді аңсау жатыр. Бір ғажабы, қоғамдық тәртіп заңмен, құқықтық нормалармен тікелей байланыстырылмайды. Тіптен, қоғамдық тәртіп туралы ойдың өзі әлі жеке-дара боп шықпаған еді. Ол ел ішінің тыныштығы, ағайын татулығы, ел жарастығы тәріздес ой-ағымдардың бір қабаты, ажырамас бөлігі түрінде өмір сүрді. Халықтың бірлігі, ынтымақтастығы, тату-тәттілігі – оның өз азаттығынан, еркіндігінен айырылып қалмауы үшін қойылар ең бірінші талап. Алауыздықтан бойын аулақ сала білген ел ғана еркін өмірге лайық, айтпесе құлдық пен күндікке душар болу қауіпі әрқашан дайын.

Сонымен, хандық дәуірінде кісілік ынтымақтастықтың ерекше тәртібі болғандығы күмән келтірмейді. Әрине, оны Ф. Хайек тұжырымдаған батыстық өркениетке тән «адамдық ынтымақтастықтың кеңейтілген тәртібі» деп теңестіру дұрыс болмас. Әр этномәдениетке өзіне тән адам мен әлеумет арасындағы үйлесімділікті нығайту тетіктері болған. Бұл жерде белгілі социолог Э. Дюркгеймнің «органикалық ынтымақтастық» ілімін еске алуға болады. Осындай ынтымақтастыққа әр кісі жеке-дара әрекеттеніп (клетка сияқты) өз мүдделерін көздегенімен, жалпы осы әрекеттердің түпкі бағыты тұтастықты жетілдіруге, икемді етуге және сақтап қалуға арналған. Әрине, көшпелілік органикалық тұтастықта сегментарлық, рулық, кландық мүдделер үстемдік етеді. Хандық дәуіріндегі осындай ынтымақтастық тәртібін зерттеушілер «әскери демократия» деп те атайды. Бұл еркіндік рухының қазіргі тәуелсіздікке енді ғана қолы жеткен Қазақстан үшін де ғибараты мол. Еңбекке, жаугершілікке деген ұмтылыс көшпенді қазақтар арасында батырлықтың дүниетанымдық, аксиологиялық, эстетикалық ұғымын сараптап шығарды. Құба далада, шетсіз-шексіз жерінде, табиғат

аясында күнелті, өзінің батырлығына сүйенген, өзін аман сақтап қалатын әскери әдіс-айласының мықтылығына, сүйенген көшпелінің бейнесін елестете аламыз. Сондай тарихи кезеңдегі тарихи тұлғалар халқымыздың қазіргідей жері, территориясы, егеменді мемлекетілігінің негізін салды. Міне, жауынгерлік дүниетанымының тарихи қызметі де осында.

Көшпелілер айыптыны тар қапаста ұстамаған, түрме болмаған, көптеген қылмыс жазасын қатігездік емес, керісінше, ру аясындағы мәмлеге келумен шешкен. Қылмыстыларды, тіпті кісі өліміне дейінгі айыпты мен жәбірленушіні татуластырып табыстыру, достастыру, құдандалы ету, бір-бірінен бала асырап алу секілді ізгі шешіммен табыстыратын. Кішігірім өкпе-араз, жанжал-ұрыс аяққа жығылу, ат мінгізіп шапан жабу, бас иіп тағзым ету, иіліп ас ұсыну секілді әдетке баулу, бірлікке, достыққа келтіру, кеңдік пен біліктілік таныту арқылу шешімін тауып, Ә. орнатқан

Қазақы дүниетанымда әдептік, құқықтық және діни құндылықтардың синкретизмі жайлы мынадай тұжырымға келуге болады: дәстүрлі қазақ қоғамында Ә. пен еркіндік имандылық талаптары аясында тоғысқан.

**ӘДІС, метод** (грек. *odes* – «бір нәрсеге жетудің жолы») – көздеген мақсатқа жетудің тәсілі, тәртіпке келтірген қызмет жүйесі. Ә. философияда зерттелетін нәрсенің ойша нұсқасын жасау үшін қажетті таным құралы болып табылады. Ғыл. негізделген әдістерді саналы түрде қолдану жаңа мағлұматтар алудың аса маңызды шарты. Танымның даму процесінде ғылыми ойлау жүйесінің индукция, дедукция, талдау және жинақтау, аналогия, салыстыру, эксперимент, бақылау және басқа да Ә-тері жасалып, қалыптасты. Нақты ғылым түрлерінің арнайы Ә-тері де болады. Өйткені олардың зерттеу объектілеріне тән өзіндік ерекшеліктері бар. Философияның өзге нақты ғылымдардан айырмашылығы – мұнда танымның жалпыға ортақ Ә-і жасалады. Бүкіл танымдық Ә. негізінде болмыстық, объективті заңдылықтары жатады. Диалектикалық Ә-тің объективті негізін материалдық әлем дамуының неғұрлым жалпылама заңдылықтары құрайды. Бұл Ә. өзге ғылым Ә-терін алмастырмайды, тек олардың жалпы философиялық негізі болып табылады және барлық салалардағы таным құралы ретінде қызмет атқарады.

**ӘЗІЛ** – адамның өзінің айналасындағы адамдарды күлкіге шақыру арқылы ұялтуға, сөзге тоқтатуға, астарлы, ұрымтал ой айтуға бағытталған әрекеті. Ә-ді бір адамның екінші адамды, сынау, сыр тарту үшін айтылатын астарлы, көңілді, күлкілі пікірі деп те айтуға болады. Яғни болмысқа, құбылысқа, нақты оқиғаға қатысты көзқарасты білдірудің, баға берудің бір түрі. Алайда, Ә-де де адамның кейбір қасиеттерін сынап-мінеу, іліп- шалу, тәлкек ету пиғылы жатады. Яғни әзіл болса да, артында зілі болуы

мүмкін. Тек сол ниет жүрекке ауыр тимейтін етіліп, қалжыңға сүйеп жүзеге асырылуы қажет. Ә. – күлкілі сөзді жатқа айту ғана емес, оны шеберлікпен орындау. Сондықтан да қазақ халқы мұны «әзіл-оспақ», «әзіл-қалжың» деп қосарлап айтады. Мыс., Қайқаус: «Әзіл-сықақ айту айып емес, оны аңлап айтқаның абзал. Әзіл айту керек, бірақ әзілің зілді болмасын» (Қабуснама) деп ескертеді. Демек, Ә. адамның намысына тимегені дұрыс, олай болмаған жағдайда ол жамандықтың бастамасы болуы мүмкін. Сондықтан Ә. алды – әдепті сөз болуы шарт. Мазак, бұралқы сөзбен кісіге әзіл айтудан аулақ болу керек. Ащы Ә-дерде сатираның уыты, ал көңілге қаяу түсірмейтін Ә-дерде юмордың белгілері болады. Олай болса, Ә. – тапқырлықтың, юморлық сезімнің жемісі бола алады. Алайда әзіл-оспақ, әзіл-қалжыңды сатира, юморға жатқызуға болмайды, себебі, біріншіден, сатира, юмор өмірлік болмыс құбылыстарын ұзақ уақыт байқап-көрудің, зерттеп-білудің, ақыл- ой, дүниетаным елегінен өткізудің нәтижесінде туады. Екіншіден, сатира, юмор белгілі бір дүниетанымның, саяси-элеуметтік көзқарастың көрінісі ретінде ресми шығарма түрінде жалпы жұртқа жария етілу үшін жазылады. Ал, әзіл-қалжың түріндегі шымшыма сөз кез келген жерде – отбасы, ошақ қасында, той-томалақ, әртүрлі отырыстарда айтылады. Онда ресми сипат, кең танымалдық болмайды. Қазақ даласында осындай әзіл-қалжың көп айтылған. Мыс., Абай Қоңыркөкше болысы болып тұрған кезде, оның үйіне Байкөкше ақын келеді. Ол есіктен ене бергенде Абай оны: « – Тақыр жерге қауылдап шөп бітеді, Қай адамға мал мен бақ көп бітеді, – деп іледі. Сонда Байкөкше: – Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң, Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді» деп әзілге әзілмен жауап қайтарады. Ә.-қалжың сатира, юмор сияқты ескінің элеуметтік қалдықтарына, қоғамның ілгері дамуына кедергі болатын зиянды пиғылдырға қарсы бағытталмайды, айтысып, қағысып отырған жеке адамдарға ғана тиістіріліп, тек соны сөзден тосу ниетімен айтылады. Сатира, юмор қоғам мүшесінің барлығының мініне бірдей бағыттала береді, ал Ә.-оспақ дәстүрлі сөз қағыстыру реті бар адамдар арасында ғана, яғни құрбы мен құрдас, жезде мен балдыз, жеңге мен қайын, құда мен құдаша арасында айтылады. Халқымыз «Әзілің жарасса атаңмен ойна» деп Ә-ді кек тұтпай, қолдап отырған. Бірақ Ә. сөздің басты шарты – құрмет, кішіпейілділік, кіршіксіз ақкөңілділік болып есептелген. Әдептен атталып айтылған Ә. сөз қадірсіз болады да ол өзіңе қайтып оралады, зор ұятқа қалдырады деген ұстанымға сүйенген.

**ӘЙТЕКЕ БИ** – **Әйтек Байбекұлы** (1644–1700) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі, қоғам қайраткері. Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Әмір-Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ жұрты «Синесоф буа» (жаны пәк жан) атаған Сейткүл әулиенің үшінші ұрпағы.

Шешендік қасиетінің ашылуына әкесі мен Қосуақ бидің ықпалдары болады. Жеті жасынан бастап Әйтеке Жалаңтөс батыр мен атасы Ақша ханның тәрбиесінде болады. Ол алғаш Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс салдырған әйгілі «Тіллә-қари» (Алтынмен апталған), «Шердор» (Арыстанды) медресесінде білім алады. Нәтижесінде дін, құқық, аспан әлемі, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шығады. Ақша бабасынан елшілік, ел басқару жолдары мен тәсілдерін үйренеді. Ал Жалаңтөстен әскери қолбасшылық дағдыларын үйренеді.

Медресені тамамдаған Ә. туған ауылына оралып, әкесімен ел басқару істеріне араласа бастайды. Жиырма бір жасында Бұқара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болады. Ал 25 жасында Кіші жүз оны бас би етіп сайлайды. 1680 жылы Салқам Жәңгірдің ұлы Тәукені хан етіп сайлауға айрықша ат салысады. Кейін Тәуке хан құқықты «Хан кеңесін» сайлап, Әйтеке Кіші жүз атынан осы кеңестің мүшесі болып сайланады. Осы тұста елге жаңа заң үлгілерін жасау керек болды. Тәуке хан, Әнет баба, Соқыр Абыз, Майлы, Төле, Қазыбек т. б. билердің қатысуымен 1684 жылы «Жеті жарғы» қабылданды.

«Жеті жарғыда» Ә. ұсынған баптардың ішінде – «Сүйек құны», «Өнер құны» белгілі. 1685 жылы Әлі сұлтан мен қарапайым халық арасындағы үлкен жанжал дауға айналып кете жаздайды. Әлі сұлтанның тентек ұлы бір кедейдің сұлу, ақын, әнші-домбырашы қызына дегеніме көнбедің деп өшігіп, бір күні қып қызыл орамал тартып, үйден ұзай бергенде, бүркітін шүйілтіп, қастандық жасайды. Бүркіт қыздың басын мылжалап өлтіреді. Ашынған ағайындары төреден құн сұрайды. Әлі сұлтан барған адамдарды маңына жолатпай, келген билерді ит қосып қуып жібереді. Ақыры ел арасы екіге жарыла бастайды. Ең соңында құн сұраушылар жағы Ә. биге келіп өтініш жасайды. Ол қасына сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, байбақты батыры Шоланды ілестіріп Әлі сұлтанға барады. Ә-нің айбарынан ығысатын Әлі сұлтан амалсыз құн төлеуге келіседі. Ә. қыз құнына қосымша оның өнерлі екенін айтып, «өнер құнын» және қыздың жоқтаушыларын келеке қылып, сүйек сындырғаны үшін «сүйек құнын» төлеуді талап етеді. Бұл екі құнның әрқайсысы негізгі құнның жартысына тең екен. Сөйтіп, Ә-нің қаһарынан қаймыққан Әлі сұлтан толық екі құн төлеуге мәжбүр болады. Бұл оның ата дәстүр-салтына жетіктігімен бірге, өнерлі адамға айрықша құрметін көрсетеді.

Ел аузында Ә. айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Биді халық «айыр тілді Ә.» деп атаған.

**ӘЛЕМ КАРТИНАСЫ**, *әлем суреті* – тарихи кезеңдерді мәдени типология бойынша бейнелеу үлгілеріне қатысты ұғым. Белгілі неміс

мәдениет тарихшысы Р. Гвардини «Жаңа заманның ақыры» атты кітабында Ә. к-сы жөнінде өзінің тартымды концепциясын ұсынады. Ол адамзат тарихын үш кезеңге (антикалық, орта ғасырлық және Жаңа замандық) бөледі. Антикалық адам, деді ол, әлемнің сыртына шықпайды, оны ішінен суреттейді. Әлем әркімнің орны алдын ала белгіленген тұтастық емес, сондықтан адам әлемде өзін еркін сезінеді. Антикалық адам үшін әлем құдайылық бастаудан құралады. Адам әлемде өмір сүргені тәрізді, әлем де адамның ішінде болады. Антикалық әлем, ғылым-білімдердің жай жинағы емес, ол әртүрлі көзқарастар мен типологиялардың жинағы. Гректер Элладаны қолдарынан келмегендіктен емес, бір-бірімен толассыз тартыста болғандықтан біріктіре алмады. Ортағасырларда Ә. к., Гвардини бойынша, мүлдем өзгеріп кетеді. Құдай әлемді жаратқанымен, одан тыс тұр. Адамдық болмыстың тірегі осы құдайға жету жолымен айқындалады. Діни философ ретінде ол ортағасырлық адамды рухани ізденгіштігі үшін жоғары бағалайды. Ортағасыр адамы әлемнің символикалық бейнесін қалыптастырды. Жаңа заман суреті, философ бойынша, XVII ғ-ға таман қалыптасады. Ғылым мәдениеттің дербес саласы ретінде діни бақылаудан босанады. Макиавели саясаттың аморальды принципін жариялайды: мемлекеттік мақсат мораль мен азаматтық еркіндіктерден жоғары тұрады. Т. Гоббс бәріне қарсы күрестегі адамдық тіршіліктің қожасы болып табылатын мемлекеттілік идеясын негіздейді. Дж. Бруно жаңалықтары негізінде шексіз әлемдер түсінігі қалыптасады, бұл Жердің әлем орталығы болудан қалуына әкеледі. Библиялық дүниелік болмыстың ақыры туралы эсхатологиялық ілім күмәнға алынады. Осыдан келіп адам жер бетіндегі тірегінен айырылады: басқа жағынан алғанда, адам өзіне өзі шексіз еркіндік жариялайды. Адам өзін өзі абсолютты құндылық деп есептейді, әлем жаратылған дүние болудан қалып, «табиғатқа» айналады, адам өзін оның иесімін деп жариялайды. Бұл адамдық құлдырауға әкеледі. Қазіргі заманда адам әлеммен қайта тұтасуға ұмтылады және осы үшін жаңа діни мағына іздейді.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.

**ӘЛЕМ** – болмыстың даму процесінде алуан түрлі формада болатын әрі ұдайы өзгеріп отыратын бүкіл дүние. Ә-нің кеңістік пен уақыт бойынша шеті де шегі де жоқ. Ә-ді зерттеу мен тікелей шұғылданатын ғылым – астрономия. Ә. жөніндегі ұғымның дамуын бірнеше кезеңге бөледі. Ә-нің шексіздігі туралы алғашқы пікір ертедегі грек ғалымы Гераклит (б.з.б. V ғ.) еңбектерінде кездеседі. Ол – әлем мәңгілік аспан денелерін құрайтын материя жаңадан жасалмайды және жойылмайды деп тұжырымдаған. Жер-

дің шар тәрізділігі туралы түсінікке сүйеніп, грек философы Филолай (б.з.б. V ғ.) және грек астраномы Аристарх Самоскийлер (б.з.б. IV–III ғғ.) жердің қозғалатыны жөнінде жорамал жасаған. Коперниктің «Аспан әлемінің айналысы туралы» кітабы әлем тануда ғылыми зерттеуге жол ашты. Кейінгі замандарда әлем туралы Ньютон, Эйнштейн тұжырым жасады. Егер XX ғ-ға дейін әлем туралы ілім Ньютонның бүкіл әлемдік тартылыс заңы мен Евклидтік геометрияға негізделсе, қазіргі заманғы ғылым әлем танудағы өзіндік теориялық тұжырымына Эйнштейннің жалпы салыстырмалық теориясы мен евклидтік емес геометрияны пайдаланды. Ә. кеңістік тұрғысынан да, уақыт тұрғысынан да шексіз, оның басы болған емес, ақыры да болмайды. Ә-ді құрайтын материя ешқашан да жойылмайды. Ол үнемі бір түрден екінші түрге ауысып отырады.

**ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯ** – белгілі түрде қоғамның сапалық өзгешелігін, оның заңдарын, әлеуметтік идеалдарын, шығу тегі мен дамуын, өткені мен болашағын, әлеуметтік процестердің логикасын пайымдайтын философияның бөлігі. Бұл философияның саласы адам мен қоғамның арасындағы өзара байланысты қарастырады. Бұл бағыттың негізін қалаушы – Сен-Симон (XIX ғ.), классиктері – Конт, Маркс, Энгельс, Спенсер, XX ғ. өкілдері — Фуко, Бодрийяр, Бурдьё.

**ӘПЕНДІ** – ел ішінде қулық-сұмдықты білмейтін, қақ-соқпен жұмысы жоқ, жүріс-тұрысы тосын, жасына қарамай аңқау-аңғал, қылығы қызық, әйтседе жан дүниесі таза адамды сыпаттайтын этикалық ұғым. Ол табиғи жүріс-тұрысымен және орнықты сәлем-сауқатымен ғана емес, ерекше әңгімесімен көптің көңілінен шығады. Ондай жанның мінезі мен жүріс-тұрысының әдеттегі қалыптардан алшақтығын көргенде немесе ол туралы естігенде жұрт мәз болып, сергіп қалады. Адамдар қай-қайдағы күлкілі жайттарды соларға апарып жамап, әр жерде қалжың-күлкіге айналдырып айтып жүреді. «Ә.» сөзін бұрынғыда – жағымды, жақсы мағынада, кейінірек – теріс, келемеждеу сыңайында қолдану – ел санасына сіңіп кетті. Теріс мағынада Ә-ні «әпербақан» мағынасында да қолданылады. Әпербақандыққа көбіне а) алаңғасарлық, әңгүдіктік, әулекілік сияқты ұнамсыз мінез-қылықтар тән, ә) қоғамда әлеуметтік құндылықтар ауысқан, көп жақты дағдарыстар көрініс берген кезеңде өршиді. Қоғамның үйреншікті сүрлеуінен шығатын мұндай мінез-құлықта қатыгездік, дөрекілік, өзгенің абыройы мен намысын аяқ асты ететін теріс қылықтар басымдық етеді. Оның шет көріністері – ымырасыздық, қиратушылық қазан төңкерісінен кейінгі ұжымдастыру, байларды тәркілеу және репрессия кезінде етек алған әпербақандықтан халқымыз сұмдық жапа шеккені белгілі. Ә-нің сүйеніштаянышы – оның әдеттен тыс үмітінде, қоғамның өтпелі кезінде – оның тәртіпті бүлдіргіш жойқындығында.

**ӘРЕКЕТ** – (араб. – харекет, амал, тәсіл) адамның кейде әлеуметтік топтың әлдебір істі атқаруға белсене кірісуі. Ә. қажеттіліктен, талпыныстан және мақсатқа жетуге қажетті біліктілік пен тәжірибелік дағдылардан құралады. Адамды әрекетке ұмтылдыратын негізгі күш ниет. Ә-тің сыр-сипатын түсіну үшін ниетті мақсаттан ажырата білу керек. Мақсат дегеніміз – Ә. арқылы әлдебір нәтижеге жету болса, ал ниет сол нәтижеге жетуге итермелейтін күш. Сондықтан Ә-ке баға беру ниеттің сипатын айқындаудан басталады, яғни ниет кез келген Ә. сырын ашудың «кілті» болып саналады. Демек, Ә. қажеттіліктен, тек ниеттен ғана құралмайды. Ә. кезінде адам мақсатқа жетудің әр алуан құралдары мен мәліметтерді пайдаланып, түрлі амал-тәсілдер, есептер т. б. қолданылады. Бұларды игере білу барысында қалыптасатын біліктілікті, кәсіби дағды мен шеберлікті иелену басты шарт. Жалпы адам табиғатына тән Ә-тің ойын, оқу-іздену, еңбек түрлері бар.

**ӘСЕР** – өлшемділігі энергия мен уақыттың немесе жол мен қозғалыс мөлшерінің көбейтіндісіндей болатын физикалық шама. Ә. – психикалық құбылыстардың пайда болып, дамуына себепкер болатын қандай да психикалық процестер мен қасиеттер арқылы туады. Ә-ден тыс, әсерге тәуелсіз ешбір психиканың болуы мүмкін емес. Біздің психикамызға ықпал ететін объективтік дүниенің әсерлері тікелей және жанама, кездейсоқ және жоспарлы, жағымды және жағымсыз т. б. бірнеше салаларға бөлінеді. Олардың кейбіреулері қарапайым психикалық процесс түйсікті тудырса, екіншілері одан күрделірек процесс қабылдауды, ал қайсы біреулері бұлардан да күрделі әрі сапалы процестер мен қасиеттердің қалыптасуына себепкер болады. Сыртқы дүниенің Ә-інен пайда болған психикалық процесіміз сол әсердің тек пассивті бейнесі ғана болып қоймай, сол сыртқы ортаға саналы түрде әсер етуімізге, сол арқылы табиғатты өзімізге белсенді түрде бағындыруымызға да көмектеседі.

**ӘСЕМДІК** – материалдық және рухани дүниенің адамды ләззатқа бөлейтін сипаты, эстетикалық ұғым. Ә. әдемілікпен тектес. Бірақ әдемілік объектілердің сыртқы және ішкі қырларын бірдей қамтыса, Ә. құбылыстардың сыртқы көзге түсетін және пішіндік ерекшеліктерін эстетикалық тұрғыдан қабылдауға жатады. Ә. ең алдымен, тепе-теңдік, тұтастық, үйлесімділік, ырғақтылық, мақсатқа сәйкестілік, түс пен жарықтың белгілі бір мөлшері т. б. табиғи өлшемдермен айқындалады. Ә-тің осындай табиғи өлшемдерін эстетикалық түйсінуде адамның сезім мүшелерімен қатар, оның ішкі түйсігі мен ақыл парасаты ерекше рөл атқарады. «Пішіннің сыртқы Ә-дігі» (Гегель) оның ішкі мазмұнымен сәйкес келмеуі мүмкін. Жылтырағанның бәрі әдемі емес. Керісінше, сыртқы сұрықсыздық пен сиықсыздық тасасында жоғары жан сұлулығын кездестіру әбден мүмкін.

Ізгілік пен жылылықтан алыс Ә. кейпіне ежелгі қазақ аңыздарындағы Пері қызы, грек мифологиясындағы Нарцисс бейнелері жатады. Ә-ті рухани сұлулықтан алшақтатып жіберген дұрыс емес. Өмір мен өнерді Ә. рухани қуаныш пен ләззатқа бөлей отырып, қоғамда зор танымдық және тәрбиелік рөл атқарады. Адам дүниені Ә. үлгісінде қайта құруға ұмтылады. Адамның түрі де, киімі де, жаны да, ойы да әсем болуы керек. Шынайы Ә. адамның шығарм. дарыны мен қабілетін дамыта отырып нағыз әдемі және сұлу тұлға мұратына ұмтылуына жігерлендіреді. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында Ә. өмір мұратына айналып, оған үлкен көңіл бөлінген. Мыс., қазақтар киелі әйел құдай Ұмайды өте әсем, сұлу және қайырымды, жарқын жүзді, күміс шашы аспанды жарқыратқан, күн сәулесі мен кемпірқосақ нұрына шомылған, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас келіншек немесе қыз ретінде таныған.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы.** – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.

**ӘУЕЗОВ Мұхтар Омарханұлы** (28.09.1897, қазіргі Шығ. Қазақстан обл., Абай ауд. – 27.06.1961, Мәскеу. Алматыда жерленген) – ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), филол. ғыл. докт., проф. (1946), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1957). Ә-тің шығарм. мұрасының аса қомақты бөлігі – оның ғылыми зерттеулері. Ол қазақ ауыз әдебиетін жинақтап, жүйелеп, қазақ әдебиеті тарихы, Абай өмірі мен шығарм., әдебиеттану мен фольклордың теориялық-проблемалық мәселелері жөнінде іргелі еңбектер жазды. Ол философия тарауларын гносеология, логика, психология, философия тарихы, метафизика, онтология, рационалды психология деп қарастырады. Әрі қарай философия тарихын – ескі және жаңа философияға бөліп, қазақ танымына ыңғайлап, Фалестен классикалық неміс философиясына дейінгі кезеңге шолу жасайды. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясы – тек көркем шығарма ғана емес, ұлтымыздың болмысы мен дәстүрлі тұрмысын көркем оймен кестелеген, дала тарихы мен философиясы тұнған даналық дастаны. Жазушының әдеби-көркем., ғыл. шығарм-н тану керектігі қазақ халқының қоғамдық және филос. ойының даму тарихын білу үшін ғана емес, жалпы түркі халықтарының философиясы мен психологиясын түсіну үшін де қажет. Ұлттық рух диалектикасын терең түсіне білген Ә. өмір бойы оны байытудың жолдарын қарастырумен болды. Театр, кино, музыка сияқты басқа да қазақ кәсіби өнерінің барлық саласының дамуына тікелей өзі басшылық жасап отырды.

**ӘУЛЕТ** – (парс. ұрпақ) бір атадан тараған ұрпақтар. Дәстүрлі қазақ қоғамында қандас-туыстық байланысты айқындауда жеті ата ұстанымы



негізге алынған. Туыстық байланыс жеті атаға дейін созылып, одан әрі жекжаттық байланысқа созылады. Ә-тер рулардың қалыптасуының қайнар көзі болды. Жеті атаға толған әрбір әулет руға айналып отырды. Ғылыми әдебиеттерде «Ә.» ұғымы елдегі ең жоғарғы билік лауазымы мұрагерлік жолмен берілген замандардағы билеушілер шежіресін тарату үшін де қажет болды. XVIII–XIX ғасырдағы Қазақстан мен Орта Азияның қоғамдық саяси өмірінде Әбілқайыр Ә-і, Абылай Ә-і ерекше рөл атқарды. Ресейде Романовтар Ә-і, Францияда Бурбон Ә-і, Қытайда Цинь Ә-і т. б. жекелеген мемлекеттерде Ә-тің билік жүргізуі жалғасуда.

**ӘУЕСТІК** – адам айналадағы заттар мен құбылыстарды көргісі, білгісі, игергісі келген кезде туатын сана сезімнің бастапқы түрі. Ә. мазмұны даму дәрежесі жағынан жағымды не жағымсыз болуы мүмкін. Адамның рухани адамгершілік қабілетінің қалыптасуына кейбір ұсақ-түйек жайттар мен әуестенушілік болады. Бұл жағымсыз Ә. Ал адам үшін және басқалар үшін рухани азық боларлық ізгі істерге әуестенсе, ол жағымды Ә. болады. Ә.-тің жағымдысы да, жағымсызы да адамға іштен туа бітетін қасиет емес, мұның қай-қайсысы болмасын тек қана тәрбиенің жемісі.

**ӘУЛИЕ** (араб. жекеше түрі – уәли – дос, желеп жебеуші) – Аллаға жан-тәнімен беріле табынған ғашық, такуа, жаратушы иеге сенім, тәуекелмен өмір сүретін ер, халық сеніміне ие болған қасиетті абыз. Тәңірге сенген ежелгі түркілер Ұмай ананы, Қызыр Атаны, ата-баба аруағын желеп жебеуші санап, оларға үнемі сиынып отырған, олардың көріпкелді сәуегейлігін қастерлеп бас иген. Күнге, Айға, Отқа табыну, ел иесі көкбөріні қасиет тұту, су иесі Сүлейменге жалбарыну, тіршілігінің негізі төрт түлік малдың иелері – Қамбар атадан, Шопан атадан, Ойсыл қарадан, Шекшек атадан жәрдем күткен. Қазақтың көне дүниетанымында Ә. рухани, болмыстық әлемге енуге ұмтылған, байланыс орнықтыруға талпынған. Мұнда, біржағы, тәңірлік түсініктердің ежелгі наным-сенім элементтері сақталған, біржағы, ислам діні мен мұсылмандық дәстүрде жаңарған жаңа дүниетанымдық ұстанымдармен бірге араласып, Ә. бейнесі мен рухының мағынасы толыға түседі. Ислам дінінде Ә. дін жолындағы, дінді уағыздаушы, айтқаны келетін сәуегей адам. Мұхаммед пайғамбардың серіктерін, туыстарын, үрім-бұтақтарын, кейінгі діни-рухани қайраткерлерді Ә.-пір тұту дәстүрі барлық мұсылман елдерінде бар. Қазақ даласына ислам дінінің сопылық ілім түрінде енуі Ә-ні қасиетті деп тануға үлкен әсер етті. Сопылар ұстанымындағы дәруіштік, пәктікке ұмтылу, зікір салу, т. б. қазақтардың ежелгі нанымдарына ұқсас еді. Халық оларды әулие санап, пір тұтты. Баба түкті Шашты әзиз, Арыстан баб, Баб ата, Қожа Ахмет Ясауи, Бекет ата, Сопы Әзиз, Оқыш ата, т. б. Ә-лер білімпаз діндарлығымен де, қарапайым ізгілігімен де халық жадында

мәңгілік сақталған. Ә. наным-сенімнің, үміт-арманның, мінез тұтастығының бірлігін оятты. Қазақ халқы ел қорғаған батырларды, ұлт бірлігін сақтаған билерді, ақыл-парасатымен тұтас аймаққа үлгі болған аналарды әулиелер қатарына қосып, олардың аруақтарын құрметтейді. Ә-лер туралы түсінік барлық діндерде кездеседі. Христиан дінінде де «ұлы қасірет шегуші», «апостол», «монах», «блаженный» (дәруші) т. б. бар. Шіркеу күн түзбесінде оларды құрметтеу күндері көрсетілген. Шіркеу қасиетті Ә-лерге арнап ғибадатхана салады, діни мейрам тағайындайды, соған шоқынуды, сый тартуды уағыздайды. Христиан дінінде III–IV ғ-ларда патшалардың, князьдердің, епископтардың, патриархтардың, Рим папаларының есебінен Ә. атағын алғандар саны көбейді. Рим папасы Пий жылма-жыл орта есеппен 5 адамды «қасиетті», 4 адамды «блаженный» деп жариялап отырды.

Қазақ халқының ислам дінін қабылдауы барысында тәңірлік дүниетанымның кейбір элементтері жаңа дүниетанымдық ұстанымдармен бірге араласып, Ә. ұғымының мағынасы толыға түсті.

**Әдебиет: Әлемдік философиялық мұра. Т. 6. Мұсылман философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006.**

### **БАБЫР, Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр** (14.02.1483, Ферғана аңғары, **Б**

Ахси қ. – 26.12.1530, Үндістан, Агра қ.) – Орта ғасырдағы түркі әдебиетінің көрнекті өкілі, Орта Азия, Ауғанстан, Үнді елдерінде кең ой-өрісімен, ақылымен ерекше із қалдырған көрнекті мемлекет қайраткері, даңқты қолбасшы, лирик ақын, дарынды жазушы, ғұлама ғалым, атақты тарихшы. Бабыр түркі тілдерімен қатар араб, парсы тілдерін жетік меңгерген, Шығыстың классикалық поэзиясынан еркін сусындаған, тарих, философия, табиғаттану ғылымдары, сәулетшілік және соғыс өнері бойынша білім алған.

Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр әйгілі шығыс шайырларының ішіндегі түркілік поэзияны ілгері дамытқан классик ақын ғана емес, «Бабырнама» сынды мемуарлық туындыны дүниеге әкелген шебер прозашы. Ғылымның сан саласын бойына дарытқан Бабыр – таңғажайып поэзиялық туындылары және «Бабырнамамен» қатар, «Муфассал» (аруз жөнінде), «Рисола-и харбия» (әскери іс жөнінде), «Рисола-и мусика» (музыка туралы), «Мұбайын» (шариғатқа байланысты «Әсиетнама»), сынды трактаттарды және «Хатта Бабуриді» (Бабыр әліппесін) жазған жан-жақты ғұламағалым. Ескі парсы, түркі-шағатай, хинд, тәжік тілдерінде өте таза сөйлей білген Бабыр, аталған туындылармен қатар, парсы тілінде жазылған «Волидия» атты еңбекті түркі тіліне сапалы аударып, аудармашылық қырынан да таныла білді. Бабыр жүйрік қаламгер ретінде ғана емес, Үндістанда үш ғасырға жуық билік құрған «Бабырлар империясының» (моғолдар) негізін қалаған мемлекет қайраткері, полемология саласын жетік білген ержүрек қолбасшы ретінде де әйгілі. Бабырдың лирикасы сол кезеңде кең тараған

шығыс классикалық поэзиясының жанрларында – ғазал, рубаят, туйық, маснави т. б. өлеңдер түрінде жазылған. Ол өз жырларында шын мәніндегі махаббатты, табиғи сезімді, адам бойындағы асыл қасиеттерді жырлады. Туған жерден алысқа кетуге мәжбүр болып, елін, Отанын сағынып жазған өлеңдері, өмір мәні жайлы, халықты өнер-білімге шақырған еңбектері бар. Лирикалық шығармалары «Қабулдық диван» (1519), кейіннен «Үнді диваны» (1529–30) жинағына енген.

Бабыр шығармашылығының шыңы, оның атын тарих бетіне мәңгі өшпестей етіп жазып қалдырған еңбегі – «Бабыр-нама». Кітап өмірбаяндық сипатта жазылған, XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басындағы Орта Азия, Ауғаныстан, Үнді халықтарының тарихын бейнелейді. Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың бас кезіндегі Орта Азиядағы негізгі саяси оқиғалар баяндалады. «Қабул-уәлаяты» деп аталатын, қазіргі Ауғаныстан өңірінде орын алған тарихи оқиғалар екінші бөлімінде айтылса, үшінші бөлімде Солтүстік Индиядағы саяси оқиғалар, осы елдің географиясы, халқы, әдет-ғұрпы, салт-санасы сипатталады. Сол кезеңдегі түркі тектес ру-тайпалардың бәріне бірдей түсінікті шағатай тілінде жазылған. «Бабырнамадағы» басты кейіпкер – автор, яғни Бабырдың өзі. Ол өз образын өзінің қимыл-әрекеті үстінде ашып, бейнелеп отырады. Ол көбінесе өмірдегі сан-алуан жайттарды таза философиялық тұрғыда саралайды, сондықтан тарихи-философиялық шығарма деп айта аламыз.

**БАЙТҰРСЫНҰЛЫ Ахмет** (1873–1938) – ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Туған жері – бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысы (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Ақкөл ауылы). 1882–84 жж. ауыл мектебінде оқыды. 1890 ж. Торғайдағы екі кластық, орыс-қазақ училищесін, 1895 ж. Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген. 1895–1909 жж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1909 ж. патша үкіметінің саясатына наразылық білдіргені үшін Семей түрмесіне жабылып, 1910 ж. жер аударылды. 1913 ж. Орынборда «Қазақ» газетін ұйымдастырып, 1917 жылдың аяғына дейін оның редакторы болды. Патша үкіметі құлатылғаннан кейін ұлт-азаттық қозғалыс күшейеді. 1918–19 жж. Алашорда қатарында болады. 1919 ж. маусымның 24 Қазақ өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитеттің мүшелігіне тағайындалады. 1922–25 жж. Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілресейлік ОАК-ның, ҚР ОАК-нің мүшесі, Түркістан Компартиясы ОК-нің органы «Ақ жол» газетінде қызметкер. 1925–29 ж. Қазақ халық ағарту институтында (Ташкент) және ҚазПИ-де оқытушы бол-

ды. 1929 ж. маусымында қамауға алынып өзі Архангельск облысына жер аударылған, ал жұбайы мен қызы Томскіге жіберілген. 1934 ж. Қызыл Крест комиссиясында қызмет еткен Е. Пешкованың (Максим Горькийдің зайыбы) қолдауымен А. Б. босатылған. Сол кезде ол жанұясымен бірге Алматыға қайта оралған. 1937 ж. қазан айында А. Б. тағы да қамауға алынған, екі айдан соң, желтоқсанның 8-інде «халық жауы» есебінде атылған.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Б-ның екінші кітабы – «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Б. демократиялық, ұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырады. Б. орасан еңбегі араб графикасындағы қазақ әліпбиін жасауы. Б. ұлы Абайдың тұлғасы мен шығармашылығын алғаш насихаттаған ойшыл. Ал педагогика саласында көп еңбек сіңірді. Б. ойынша баланың тілі ана тілінде шығып, алғашқы үш жыл бойы тек ана тілінде сөйлеуі тиіс. Сонда ғана ол тіл оның қанына сінеді. Егер Б. дүниетанымына келсек, ол өзін еуропалық рационализм бағытында тәрбиелеген, саяси ұстанымы жағынан либералды демократ болған, мәселелердің бәрін бейбіт жолмен шешуге тырысқан. Міне, осы нәрселердің бәрі Б. ұлт зиялысы, көрнекті тұлғасы деңгейіне, қазақ ұлтының руханилығы жоғары азаматы тұғырына дейін көтереді.

**БАҚ** – қазақ мәдениетінде бақыт, құт-береке, дәулет түсініктеріне жақын мағынада қолданылатын ұғым. Б. – кісілік қасиеттердің ерекше бір көрінісіне жатады, адамның тіршіліктен күтетін үмітін, ниетін, арманын білдіреді. «Таудай талап бергенше, бармақтай Б. берсін» деген халықтық нақыл сөз бар. Бағы жанған адам таусылмас дәулетке, құтты өмірге, адамдық сыйластыққа жеткен тұлға. Халықтық дүниетанымда Б. өмір жолын таңдап алумен байланыстырылады, оның басты кепілі – адам қасиетті жоғалтпау болып табылады.

**БАҚСЫ** (ежелгі түрік тілінде – бақ, яғни көру, қарау) – емші, сәуегей, дәнекер, тылсым дүниемен сұхбатта болатын – медиум, жыршылық, музыкалық т. б. ерекше қасиеттері бар шамандық наным өкілі. Бақ – ежелгі түркі сөзі, қазақ тілінде, «бақ», «бақылау», «кесел бағу» сөздерімен тәркіндес. Б. типтес адамдар жер бетіндегі көптеген халықтарда бар, олардың әсіресе түрік-моңғол халықтарының өмірінде алар орны ерекше. Б. «шаман» дінінде пайда болды. Көне сенім бойынша, адам қайтыс болған соң, жан денені тастап, ерекше бір тылсымдық дүниеге рух түрінде енеді. Қазақы

түсінікте ол аруаққа айналады. Аруақтар адамдарды не қолдап отырады немесе кесірін тигізетін де аруақтар бар. Б. осы «жын-рухтармен» тылсымдық байланысқа түсіп, оларды өз мақсаттарына пайдалана алады. Шамандық демонологиядағы кесірлі рухтарға албасты, жезтырнақ, сөрел, марту, обыр т. б. жатады. Кейін ислам діні орныққан соң олардың қатары жын-пері, шайтан, диюлармен толықтырылған. Ал, періште, перизаттар да қорғаушылардың санын толықтырған. Исламға дейінгі Б. «қам» жасаумен /«камлание»/ әрекеттенсе, кейін зікір салу да Б-ның «жын шақыру» құралына айналған. Бұл дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі діни синкретизмнің бір көрінісіне жатады. «Шақырылған» жындарының көмегімен Б. гипноздық өнер көрсете алған. Әсіресе, Б-ның емшілік әрекеттері халық арасында кең тараған. Адамның тылсым дүниесіне тікелей әсер ету қабілеті арқылы Б. әртүрлі жүйкелік аурулар мен ісіктерді, функционалдық ауытқуларды емдей алған. Тарихи куәліктер Б-ның бедеулік пен қатерлі ісіктерді, сынықтарды жаза алатындығын көрсетеді. Б. емшілікпен қатар балгерлік, құмалақ ашу, сәуегейлікпен де шұғылданған. Мыс., ғұн патшасы Еділдің айналасындағы Б-лар 451 жылғы Каталун шайқасының тағдырын алдын ала болжай білген. Б-ның негізгі музыкалық аспабы қобыз болды. Қобыз сарындарында Б-лар зарлы не қаһарлы үн шығарып, жындарымен тікелей байланысқа түсе алған. Түркі мәдениетіндегі ең атақты Б. дана – Қорқыт Ата. Қазақ халқының жадында сақталған атақты Б-лар Қойлыбай, Балақай, Жанақ Шөмен т. б. Б. өнері туралы дәлелді мәліметтер бурят ғалымы Доржи Банзаровтың (1823–55), қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың (1835–65), ағылшын философы Томас Карлейльдің (1795–1881) еңбектерінде кездеседі.

Б-лық ертедегі шаман дінінен сақталған ұғым. Ол кездегі сенім-нанымда: жан иесі тұрпайы денеден және нәзік болмыстан тұрады. Адам өлген соң тұрпайы денесін тастап, нәзік болмысымен жан баласы көріп-біле алмайтын жаңа бір әлемге рух түрінде өтеді; ол әлем – фәни өмірдің жалғасы, сондықтан рух онда түрлі қалыпқа еніп, әрекет жасайды; бұлар табиғат құбылыстарына да әсер етіп отырады деп түсіндірілді. Қазақтар олардың жақсылық істерін басқаратынын аруақ, періште, перизат т. б. десе, жамандық істерді басқаратынын пері, шайтан, жын, албасты, жезтырнақ т. б. деп атайды. Осы көне сенім бойынша Б-лық – әлгі тылсым әлеммен байланысқа еніп, ондағы түрлі рухтарды өз қызметіне пайдалана алатын адам. Б-ның «жын-рухтарының» аты болады. Жекелеген индивидуум ретінде қажетті кезде олар өз бақсысының алдында әйел, шал, қыз т. б. бейнелерде тізіліп тұрады-мыс. Б. шақырған жындарының «көмегімен» гипноздық өнерде көрсете алады. Қай жаққа қолын сілтесе, сол жақта 5–10 қадам жерде тұрған заттар қылышпен шапқандай кесіліп кете береді. Киіз үйдің туырлығы тілініп, кірпіш үйдің қабырғасы қақ айрылады. Көрермен жұрт мұның бәрі бақсы шақырған «жарғыш жындардың» әрекеті деп біледі.

Қылыштың жүзімен жүреді. Шоқ темірді қолымен ұстап, тіліне қариды, өткір пышақпен өз мұрнын «кесіп» тастайды. Ақыр аяғында денесінде бірде бір жара немесе сызат, белгі қалмайды. Әйел бақсыны халық «елті» деп атаған. Б-ларға тән қасиеттердің бірі – емшілік (тәуіпшілік). Шығу тарихы отқа табыну мен шамандықпен тығыз байланысты психологиялық тәсілдерін әр елдің бақсылары сол халықтың өзіне тән ерекше әдістер арқылы қолданған. Мысалы, қазақ Б-лары қобызда ойнап, зарлы не қаһарлы үн, әуендер шығару, түсініксіз жыр жырлау, «жынын шақырып» зікір салу немесе гипноздық т. б. «керемет» көрініс, әрекеттер жасау арқылы жүйке жүйелеріне әсер ете емдейді. Табиғаттың құдіретті күштеріне иландырып, өзіне баурап алады. Әрине, бұл іс әркімнің қолынан келе бермейді. Ол үшін үлкен табиғи дарын, қасиет керек. Б-лар емшілікпен қатар балгерлікпен де шұғылданған. Олардың келешекті болжайтынына, адам тағдырын шешіп, оның ойын сезіп тұратынына, өткен өмірін де ашық айтып бере алатынына, табиғи құбылыстар тудыра алатынына, жын шайтандарды қуатынына халықтың белгілі бір бөліктері бұрын да, кейін де сенеді. Оған негіз де жоқ емес еді. Адамның өз табиғатындағы ғылым ашпаған жұмбақтар әлі толып жатыр. V ғ-да Еділдің айналасында көптеген даңқты Б-лар болған. Олар әрбір күрделі оқиғаларды күні бұрын болжап, патшаға жеткізіп отырады екен. 451 ж. Каталауын шайқасының тағдырын бақсылар құмалақ ашып, бірнеше күн бұрын айтып берген. Болжам дәл келген. Түркі-моңғол Б-лары бас киімді көбіне «тымаққа» ұксас етіп, құс қауырсындарынан қадап жасайды. «Жындармен» күрескен кезде Б-лардың киімі сауыт ретінде түрлі тылсымдық рөл атқарады; бақсылық тұқым қуалайды, ол адал, жаны таза, иманды адамдарға қонады, өз жолын дұрыс ұстай алмаса «қасиеті таяды» немесе «Б. буып» кемтар болып қалуы да мүмкін делінеді. Қазақта ең атақты Б. бағаналы Қойлыбай – барлығының пірі қорғаушысы. Онан соң бағаналы Балақай Б., Жанак Б., Көкшетау даласында Шөмен Б. т. б. болған. Б-ны басқа тілдерде: шаман, спиритуалист т. б. деп айтады. Қазақ жеріне мұсылман діні ене бастағаннан кейін ел өмірінде Б-лардың орны мен рөлі төмендеді. Коммунистік идеология кезінде Б-лыққа мүлде жол берілген жоқ. Б. және Б-лық туралы кейбір мәліметтер П.С. Паллас пен П. Рычковтың экспедициясы жазбаларында (18 ғ.), бурят ғалымы Доржи Банзаровтың (1823–55), қазақ ғалымы Шоқан Уалихановтың (1835–65), ағылшын философы Томас Карлейльдің (1795–1881) еңбектерінде кездеседі.

**Әдебиет:** Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – А., 1985; Қазақ бақсы-балгерлері. – А., 1993. А. Алдашев, Д. Омаров (ҚҰЭ – 2 том, 90 бет).

**БАҚЫТ** – адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Б-тың негізінде адамның өмірі мағыналы және нәтижелі болған кездегі өз болмысына деген ризашылық

сезімінің қалыптасуы жатыр. Арман сияқты Б. та мұраттың тылсымдық-эмоциялық көрінісі болып табылады. Мұрат тұлғаның болашаққа деген сенімін білдірсе, Б. оның іске асу деңгейін көрсетеді. Әдептану саласында Б. мәселесімен шұғылданатын ілімді фелицитология деп атайды. Б. – көп мағыналы ұғым. Оның басты түсініктері: 1) бақ-дәулет, «қолға қонғанқұс», ырыздық; 2) қуаныш, ләззат, рақат; 3) жақсылыққа, ізгілікке жету, даналық; 4) өмірден өз орнын табу, толыққанды тұлғаға айналу. «Құс – ұшуға жаралған, адам – бақытты болуға жаралған» дейді халық мақалы. Б-ты өмір сүру – қуанышты болу, дәулетке кенелу, рахатқа бөлену. Адамға қуаныш әкелетін оқиғалар – табысқа қол жеткізу, іс-әрекеттің марапатталуы, алға қойған мақсаттың орындалуы, бала-шағаның қызығы. Қуаныш сезімі адамға күш беріп, кісінің жігеріне жігер қосады. Алайда қуаныш пен Б-тың арасында айырмашылық та бар. Қуаныш өткінші, жеке бір сәтке байланысты болса, Б – адамның бүкіл өмірінің арқауы. Өмірде адамгершілікке жат, әдептілікке сымайтын жалған қуаныштардың да кездесуі мүмкін. Қазіргі жағдайда Б-ты өмір сүру мәселесі өркениеттілік құндылықтарымен (нарық, демократия, адам құқыларын қастерлеу т. б.) тікелей байланысты. Т. Джефферсон «Тәуелсіздік декларациясында» мемлекет өз табиғаты бойынша Б-қа ұмтылуды қорғап, тұлғалардың іскерлігі мен дербестілігін ынталандыруы қажет екенін, бұл Б. үшін мәнді болып табылатынын атап көрсетеді. Қазақ дәстүрлі қоғамында түрік-ислам философиясымен үндес «екі дүниенің бақыты», яғни – баянды бақыт ұғымы белгілі. Демек, адамның діни-рухани талаптарға сай мағыналы, мәнді өмір сүруінің заңды нәтижесі ретінде адамға берілетін сый – бакилық Б-қа деген сенім бар.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**БАЛАСАҒҰН Жүсіп** (1017 – ө.ж. белгісіз) – Қарақандар мемлекетінде өмір сүрген ұлы түркі данасы, ақын, «Құтты білік» атты дидактикалық-этикалық поэманың авторы. Б-ның тарихи-мәдени рөлін мынадай түйіндермен айқандауға болады: 1) Б. Ислам Ренессансының арнасында әл-Фарабидің даналық өрісін ары қарай дамытып, түркі тілінде алғашқы философиялық, мәдениеттанулық, саясаттанулық туындыны дүниеге әкелді; 2) Б. поэзиясы, бір жағынан, ежелгі түркі жазбаларының (Орхон-Енисей жазулары, «Қорқыт ата кітабі» т. б.) төл дәстүрін жалғастырса, екінші жағынан, тәжік-парсы (Рудаки, Фирдоуси) поэзиясынан нәр алған; 3) Б. шығыс перипатетикасы дәстүрінде ақыл мен білімді жоғары бағалап, оған қоса түркі халықтарының маңызды дүниетанымдық принципі – сопылықты көркем бейнелерімен суреттеп берді; 4) «Құтты білікті» өзінің көтерілген мәселелерінің аумағы, исламдық және исламға дейінгі халықтық

салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды бейнелеу деңгейі бойынша ортағасырлық түркі мәдениетінің энциклопедиясы деп бағалауға толық негіз бар.

«Құтты білік» төрт әлеуметтік-мәдени бастау: әділдіктің (Күнтуды елік), бақыттың (уәзір Айтолды), ақылдың (Ұғдүлміш) және қанағаттың (диуана Одғұрмыш) сұхбаты түрінде құрылған. Бұл поэмасында Б. кісілікке жетудің жолдарын зерделеп, ренессанстық «мінсіз жетілген адам» идеясын әсерлі бейнелейді, сол кездегі озық мемлекеттердің бірі – Қарақандар еліндегі саяси, әлеуметтік, тұлғалық өмірге ғұламалық талдау беріп, оның жетістіктері мен кемшіліктеріне сараптау жүргізеді. Б. – түркі халықтарының рухани аталарының біріне жатады.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 5. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. – Астана: Аударма, 2005.**

**БАТА**, бата беру – қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі әдеп талаптарына сай адамға ізгі тілек білдіру. Қазақы тіршілікте адамның көңіл-күйі, кісілік қасиеттері, құт-берекелі өмірі жоғары бағаланған. «Жақсы ниет – жарым ырыс» деген халық. Ниеттің ақтығы, тұлғалық қасиеттерді сыйлау, оның болашағына үлкен үміт арту күнделікті өмірдің күйкілігінен туындайтын қиындықтар мен сұрықсыздықтан арылуға көмегін берген. Әдетте, адам мен қауымның фәниден бақиға дейінгі өмірінің түйінді сәттерінің бәрінде (дастархан басында, той-думандарда, қиын сапар, алыс жолға аттанғанда, тұсау кескенде, құрбандық шалғанда т. б.) қадірлі адам қол жайып, Б. береді. Оны беретіндерге, әдетте, жасы үлкендер, сыйлы қонақтар, ел ақсақалдары, елеулі тұлғалар т. б. жатады. Б.– дуалы тілек, сондықтан қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, дұрыс жол ашады және бәле-жаладан қорғайды деп есептелген. Б. аруақтарға да бағыштап айтылады. Оның өзіндік қисыны, орны бар. Кез келген тілек Б-ға жатпайды. «Батамен ер көгереді, жанбырмен жер көгереді» деген халық.

Екі мың жылдық тарихы мен дәстүрі бар Б-ның мақсаты – адам мен ғалам жаратылысының тылсымы мен тазалығын іздеу, Жаратқан Иеге ниетін түземек адам дұғасын оқыды, пайғамбарға салауат айтып, тілегін тіледі. Б-да күнделікті өмірдің пайдалы жағын салыстыру сипатымен қатар анимистік – магиялық наным-сенімдердің элементі кездеседі. Белгілі бір істі бастарда, жауға, жолға, аңға шығарда ақ тілеу, әзіз ақсақалдан Б. алу салтында осы екеуінің де ізі бар. Ислам дініне енген кезден бергі қазақ дәстүрінде Б. салты өлгенге Құран оқу, аят оқу сияқты діни наным-сенімдермен ұштастырылған, оны өлген адам мен «Құдай алдындағы парыз» деп есептеген. Ағайын-туғандар әдетте өлген адамның жылына дейін, кейде одан кейін марқұмның үйіне дүние, мал, ақша апарып, оның жақындарына көңіл айтады, өлікке бағыштап дұға оқытады. Б. беру – түркі тілдес халықтардың киелі қасиеті. Б-дан халықтың адал жаны, биік рухы, ашық тілегі, киелі сөзі көрініс табады.



Осы қасиеттер рәсім-салт арқылы адамның жан-тәніне, мінез-құлқына сіңеді, күш-қуатқа демеу береді, жақсы іс-әрекеттің нышанын құрайды. Біздің халқымыз үшін, ақ бата – адам мен қауымның қуанышына орай адал ниет, жақсы тілек білдіру, тіл, көз сұғынан сақта деген тілеу, бастамақ істің тұсаукесері және қасиетті тұмары, Құдай алдында берілген серт, айтылған уағда, сұрап алған үкім. Б-ның құндылығы – танымның тұнықтығы, ойлану шоқтығы, бағалау өрнегі, түсінік тереңдігі, сана-сезім серпілісі, сол нысаналы уәждің нәтижесі мен өлшемінде. Қазақ Б-ны көкіректе тазалықты баптау деп ұққан. Сондықтан одан асқан тілектестік ниет болмаған. Б. адамның ісіне, іскерлігіне, ізетіне, кісілігіне берген түйінді тілек.

Б. дәстүрін сақтаған халықтың діттегені: ел-жұртының бір-біріне деген мейірімін жеткізу, сүйіспеншілігін айту; ұзақ сапар алдында ақ жол тілейтін жақындықтың рәсім салтын ілтипатпен сақтау; ақсақалдар мен кемеңгерлердің дуалы аузынан шыққан өсиет арқылы береке-бірлікке шақыру; ағайын-туғандықтың айғағы ретінде жақсы іске бас болу, үлкен-кішінің жолын ашу; мұсылмандықтың дәстүрін сақтай отырып бірлесе топтасып, аруақтарға ниетін арнау және бағыштау.

Б-ны кез-келген адам бермеген. Бұл құрметті рәсім топ ішінде көңіл тоқтатқан, көпті көрген, көпті тоқыған, сақа адамның үлесіне тиген, яғни жұрттың ойынан шығатын таңдаулы тұлғаларға, көреген кісілерге, қалаулы рухани ұстаздарға сенім білдіріп, олардың аузынан есітуге ықылас танытқан. Оқығаны да, тоқығаны да мол зиялы жандардың ойы көсем, сөзі шешен болған. Олар а) халықтың бітімгер дәстүрін өздерінше жалғастырды, ә) адам болу, ұлтжанды болу, ел-жұртты ұлағаттау, отанын сүю мәселелерін әрдайым тілге тиек етіп, жарастыққа жаңа тыныс ендірді. Елде Төле бидің, Қыбырай бидің, Абыздың, Абайдың, Сүйінбайдың, Жамбылдың, Әсеттің, Бауыржан Момышұлы сияқты ұлағаттылардың Б-сы деп, жатқа және жиі айтылатын тың тілектер молшылық.

Б. беру кейде өлеңмен, кейде тақпақ, көркем қара сөзбен айтылып, ауыз әдебиетінің бір жанры боп қалыптасқан. Осы күнгі Б. от басына амандық, молшылық, жастарға өмір, бақыт, білім тілеу мазмұнында болып келеді. Елін ертеңіне еліктіретін, ерін естілікке баулайтын халқымыздың осы даналығының тәлім-тәрбиелік маңызы қашанда бәсеңсімейтіні хақ.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова. – Алматы: Раритет, 2007.

**БАТЫРЛЫҚ** – адамнан қоғамның тарихи дамуына, халық мүддесіне орай және көпке ортақ мақсат үшін белгілі бір құрбандықты талап ететін, қоғамдық мәнге ие ерекше іспен және мінез-құлықпен сипатталатын моральдық сапа. Б. әрекет – әр сәтте адамның жоғары моральдық қасиетімен

және оның физико-психологиялық қабілетімен тығыз байланысты, оның жеке басындағы ерекше ерлік қуатты, табандылықты, қайсарлық пен қажырлықты талап етеді. Мыс., Ж.П. Сартрдің түсінігінде Б – өзін-өзі Б. еткен адам. Б. мәселесінің көптеген – этик., психол., эстет., әлеум. және т. б. қырлары бар. Алайда, философия үшін бұл категорияны әлеум. тарихи үдерістердің мәнін зерттеуге негізделетін әлеум.-этик. феномен тұрғысынан қарастырудың маңызы зор. Осыған байланысты Б. мәселесін қарастыруда Б-тың өлшемі, оның тарихи формалары, жеке тұлғаның тарихтағы рөлі туралы мәселелер туындайды.

Б. мәселесіне әлеум.-филос. тұрғыдан талдау жасауға қадам жасағандардың бірі итальяндық философ Вико болды, ол «Б.» ұғымын адамзат дамуы тарихының белгілі бір кезеңін атау үшін қолданды, мысалы, «құдайлар дәуірінен» кейінгі болған және «адамдар дәуірінің» жалғасы бола-тын «батырлар дәуірін» немесе Б-лық дәуірді атап көрсетеді. Вико Б-ты антикалық қоғамдағы азаматтық өмір сүру жағдайымен байланыстырды да бұдан былайғы «парасатты» адамзат тарихында Б. қажет болмайды дейтін тұжырымға келеді. Бұл концепция әрі қарай Гегельдің ілімінде өз жалғасын табады, оның түсінігіндегі Б. адамның жеке мүддесінің немесе жеке іс-әрекеттің жалпы халықтық мүддемен сәйкес келуімен, жалпыға бірдей сипатқа ие болуымен ерекшеленді. Гегельдің пікірінше, антикалық батыр әрекет пен моральды, сезім мен борышты бір-біріне қарама-қарсы қоймаған. Гегель «батырлық дәуірді» мемлекеттердің және жалпы мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңіне жатқызды. «Мемлекетте батырларға енді орын жоқ: соңғысы тек өркениетке дейінгі кезеңде ғана кездеседі. Олардың мақсаты – құқықтық, қажеттік және мемлекеттік әрі олар оны өзінің жеке ісі ретінде жүзеге асырады» (Шығ., 7 том. – М.-Л., – 1934, – 112 б.) – деп жазады Гегель.

Ағартушылық дәуірінде, әсіресе, XVIII ғасырдың соңы, француздардың буржуазиялық революциясы кезінде мемлекет қызметкерлері, әсіресе, республикалық Рим және сонан соң Рим империясы қызметкерлері батырлар болып саналды. Республиканы қорғаушылар, ішкі тәртіпті сақтаушылар аса құрметке ие болып мадақталды, кейде олар абсолюттендірілді.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропалық романтизм өкілдері ағартушылардың Б. туралы іліміндегі патриоттық идеяны әрі қарай дамыта отырып, батырдың – орда бұзар – типін (Байрон, Мицкевич, Мадзини және т. б.) жасауға тырысты. Ағартушыларға қарсы сыншыл романтизм ағымы діни философияға негізделе отырып, Б-тың индивидуалистік концепциясын ұсынды. Ағылшын философы Карлейль өзінің «Батырлар және тарихтағы батырлық» (1841, 1891 жылы орыс тіліне аударылған) деген еңбегінде Б-ты құдайдан болатын ерік-бостандықтың көрінісі болып табылатын жеке тұлғаның ұлы іс-әрекеті ретінде қарастырады. Тарихтың діни тұрғыдағы белсенді бастамасы туралы қағиданы ескере отырып, Карлейль «батырлар

культі» концепциясын жасады. Ол жоғарыдан төмен қарайғы тарихта бірінің орнын екінші басқан батырлар иерархиясын жасады: ежелгі дүние құдайлары, пайғамбарлар, ақындар және буржуазиялық дәуір батырлары – «жаңа ғасыр ақылмандары» ретінде жасалынды. Бұл идея әрі қарай Ницше философиясында өз жалғасын тапты, ол үшін батыр идеалы – ол «асқақ адам», «ізгілік пен зұлымдықтан жоғары тұратын» және қоғамдық нормалар мен ұстанымдарға бағынатын адам.

Қазақ қоғамында Б. белгілі бір топтың өкілі ретіндегі адамға тән қаһармандық қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Б. – адамның әлеуметтік мұратына, қызметіне сай болатын өзіне ғана тән ұстанымымен, өмір салтымен, психологиялық жүйесімен, наным-сенімімен, дәстүрімен ерекшеленетін феномен. Қазақ даласындағы Б. түсінік жеке тұлға мүддесінің халық, туған ел, туған жер, отан, әлеумет мүддесімен байланысты көрініс табатын кешенді құбылыс болған. Б. сана, ең алдымен, ар-намыс, борыш, азаматтық, аманат, парыз және т. б. ұстанымдарға құрылатын, іске асырылатын әлеуметтік қызмет формасы. Б. мінез қазақ санасында әр кезде әлеумет мүддесіне негізделетін, қоғамдық сипат алатын мінез түрі. Көшпелілер дүниетанымында батыр адамның өмір салты, тіршілік дәстүрі халықтың өмір жағдайымен, дәуірлік уақыт пен кеңістікке тікелей байланысты қарастырылады. Б-тың тағы бір ерекше белгісі өлімге деген көзқарасының басқалардан өзгеше болуы. Сондықтан қазақта «Ер – өзі үшін туады, елі үшін өледі» деген ерекше түсінік болған.

**БАТЫСШЫЛДАР** – осылай деп XIX ғасырдың басындағы Ресейде Батысты жоғары қойып, батыстың рухани даму жолын ең тиімді деп санаған орыс интеллектуалдарын атаған. Олардың ең алғашқысы және бірегейі Петр Чаадаев болған. Ол өзінің француз тілінде жазылған «Философиялық хаттарының» аудармасын «Телескоп» журналында жариялағанда (1836) оған патша Николайдан бастап, бүкіл Ресей интеллигенциясы қарсы шыққан. Осыған байланысты кейін славяншылдық бағыты пайда болған. Олардың айтуынша Ресейдің Батыстан бөлек өз жолы бар, ол ұжымдық сананың һәм православиенің жолы. Сол кезден бастап бұл екі бағыт адамзат дамуына кейінірек қосылған әрбір ұлтта бар. XX ғ. басында пайда болған Алаш қозғалысы алғашқы қалыптасу кезеңінде Б. сипатта болған, кейін революция тұсында оның құрамында орыстың славяншылдығына ұқсас пантюркизм және панисламизм бағыттары қалыптасқаны белгілі.

**БАХТИН М.М.** (1895–1975) – көрнекті әдебиеттанушы, философиялық антропологияның белгілі өкілі, эстетик. Оның есімі философия мен мәдениет тарихы салаларында елеулі жаңалықтарымен танымал. Ол Ф.Достоевский романдарындағы диалогтық құрылымдарды зерделеген, «басқа» сөзінің

түрлерін ажыратып берген, «күлкі-әзіл мәдениеті» категориясын жан-жақты талқылаған, ортағасырлық және Қайта Өрлеу мәдениеттеріндегі «ресми» (шіркеулік) және «халықтық» (карнавалдық) типтерді айшықтаған. «Франсуа Рабле шығармашылығы және ортағасырлар мен Ренессанстың халықтық мәдениеті» (1965) атты еңбегінде Б. карнавалды халық мейрамы ретінде көрсетіп, оның жаңғыртушы бастауларына үлкен назар аударады. Бұл «дұрыстықтардың», «өмір бейнелерінің», «адам тағдырларының» алмасытын уақыты – тазалаушы күлкі уақыты. Осы сипатта Б. өндіруші «төмендіктердің» бейнесі болып табылатын, күлкі тудыратын «көңілді материя» категориясын арнаулы негіздеді. Бұл тым өзін жоғары бағалайтын дандайсыған адамдарды тәубеге келтіруге бағытталған. Халық өмірінің бір бастауы – күлкі адамды жоғары көтереді, оның рухының толық ашылуына мүмкіндік туғызады. Достоевский поэтикасында Б-ді адам тағдырының шұғыл бұрылыстары қызықтырады. Күлкі-әзіл мәдениеті авторды шынайы өмір трагедияларын терең түсінуге мүмкіндік береді («Достоевский поэтикасының мәселелері»). Б. көркем сөздің жалпы мәселелерімен де айналысты («Сөз өнерінің эстетикасы»). Бұл зерттеу асқақтық еріктен гөрі, үйлесімді әрі салқынқанды стилімен дараланады. Зерттеуші бұл ізденісінде тек сөзді емес, сонымен бірге адамды, авторды, оның өмірлік тағдыры мен бетбұрыстарын көпырғақты мәдени қалыптарда зерделейді. Адамтану мәселелеріне байланысты Б. қылық категориясына арнайы назар аударады және осы арқылы адамның рухани өсу сатыларын айқындайды («Қылық философиясына») Б. еңбектері адамдық мәдениетті зерделеуде өзінің жан-жақтылығымен және тереңдігімен көзге түседі. XX ғ. мәдениеттануында Б-ның еңбектері ерекше орын алады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 80.**

**БАШЛЯР Гастон** (1884–1962) – француз философы, неорационализмнің негізін қалаушы. Батыстық сциентизм жағдайында ол жаңа ғылыми рухқа, классикалық емес мәдениет талаптарына сай жаңа ғылыми әдістемені негіздеуге ұмтылды. Ол өз ілімін бірде «қолданбалы рационализм», бірде «диалектикалық рационализм», кейде «техникалық рационализм» деп атаған. Б. бойынша «таза ақыл» (рационализм) мен «таза тәжірибе» (эмпиризм) ұстанымдарынан бас тартып, оларды органикалық негізде қосу қажет. Б. білім дамуының мына кезеңдерін атап өтеді: 1) ғылымға дейінгі (таза эмпиризм үстемдік етеді); 2) ғылыми (рационалды абстрактылы ойлаудың қалыптасуы); 3) жаңа ғылыми рух немесе ғылымның классикалық емес кезеңі. Бұл үшінші кезеңде түпкілікті ақиқаттардан бас тартылады, ғылым ашық жүйе болып жарияланады және ол тәжірибелік тексерулерге дайын тұрады. Сонымен қоса, ол ғылымды таным құралдарының жиынтығы деп қарастырады. Б. үшін ең маңыздысы – адамның синтездеуші

шығармашылық қабілеті. Ал бұл, Б. бойынша, сананың спонтандығынан туады және ғылым, поэзия және басқа да рухани мәдениет формаларын біріктіре алады. Б. көзқарастары қазіргі постмодернизмге де, К. Поппер мен Т. Кун тұжырымдамаларына да жақын. Негізгі еңбектері: «Жаңа ғылыми рух» (1934), «Рационалды материализм» (1953), «Қолданбалы рационализм» (1962).

**Әдебиет: Әлемдік философиялық мұра. Т. 15. – Алматы: Жазушы, 2006; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 80.**

**БЕДЕЛ** – адамның жалпы жұрт мойындаған қадір-қасиеті, ықпалы, көзқарастар жүйесі немесе белгілі бір қасиеттеріне, сіңірген еңбегіне көрсетілген лайықты құрметті білдіретін ұғым. Б. – белгілі бір адамның, топтың, қоғамдық ұйымның, әлеуметтік институттың жалпы әлеумет қабылдаған, мойындаған қабілеті мен еңбегі. Б.-дің ресми және бейресми түрлері болады. Б. алдын ала белгіленіп қойған, маңдайға жазылған нәрсе емес, ол әлеуметтік қызмет барысында қалыптасады. Б. қоғамдық қатынас ретінде адамдардың қоғамдық нормаларға, әлеуметтік тәртіпті ұстап тұру құралдарына бағынудың тарихи өзгеріп отыратын формасын білдіреді. Ықпал ету аясы мен тәсіліне қарай Б. саяси, моральдық, ғылыми, тәрбиелік және т. б. түрлерге жіктеледі, яғни билік, ғылым, өндіріс, тәрбие салаларында кеңінен іске асырылып отырады. Б. билікті жүзеге асыру тәсілдерінің бірі де болып табылады. Экономикалық және саяси қатынастарға байланысты Б.-дің қолданылу аясы, оның негіздері және Б. иегерінің өзі өзгеріп отырады.

Қоғамдық реттілік мемлекеттік механизмдерсіз сақталып отырған алғашқы қауымдық құрылыста тәртіп дәстүр, дағды күшімен, беделге немесе құрметке ие болған адамдар арқылы сақталып отырды. Құл иеленуші қоғамда моральдық Б. құлдықезгімен ауыстырылды. Орта ғасырда Құдай және Пайғамбарлар, «қасиетті» адамдар Б.-і жоғары маңыздылыққа ие болды. Олардың Б.-і Құран Кәрімде, Хадистерде, Інжілде бекітіліп отырды. Қайта Өрлеу дәуірі мен жаңа заманда діни Б. теріске шығарылып, моральдық Б.-дің (Т. Гоббс) маңыздылығына назар аударылды. Гоббстың түсінігінде Б. білімге немесе қандай да бір адамның даналығына негізделуі тиіс болды. Т. Гоббс: «Мен кімнің өкімі, кімнің үлгісі қандайда бір басшылыққа алынатын болса, соны бедел деп атаймын...» (Т. Гоббс, Таңд. ШЖ. – М., 1926, – 197 б.) – деп жазады. XVIII ғ. француз материалистерінің (Гольбах, Гельвеций, Дидро) еңбектерінде құдай Б.-і саналы құқық Б.-мен ауыстырылады. Гольбахтың айтуынша, «елес болып көрінетін құдай беделіне қарағанда, ізгі адамдарды ұлықтайтын және қылмысты жазалайтын» саясат «біршама құрметтеу сенімін орнықтырады...» («Табиғат жүйесі» – М., 1940. – 345 б.). Батыстық индивидуализмнің дамуы адам еркінің автономиялылығын бекіту үшін моральдық Б.-ді теріске шығаруға әкелді. Фихте этикасында «таза Мен»

ұяты әдептіліктің жалғыз өлшемі болып табылды, ал Б-ге бағыну ұятсыздық болып табылды. Ницше этикасында Б. «құлдар» моралінің ұстанымы ретінде жарияланды.

Қазіргі философияда Б-ді түсіндіруде бір-біріне қарама-қарсы екі үрдіс орын алады, олар: фашизм идеологиясы (фюрерге табыну) шеңберінде өзінің ұшқары формалары арқылы көрініс тапқан авторитаризм (Б. иесінің шексіз күнәсіздігін мойындау), яғни кез-келген Б-ді нигилистікпен теріске шығару және «жеке тұлғаның абсолютті еркіндігін» анархиялық жолмен уағыздау. Мыс., К. Ясперс адам қандайда бір жағдайды таңдауда ерікті дей отырып, адам бостандығы «Б-дің шүбәсіздігіне» және тіпті «билік беделіне» негізделетіндігін көрсетеді (К. Ясперс, Свабода и авторитет, 1951). Тәртіп сақтау құралы ретінде Б. өндірісте, билікте, басқару ісінде және қоғамдық өмірдің басқа да салаларында адамдардың кез-келген қызмет түрінде кездеседі. Б. жеке басқа табынушылыққа айналуына жол бермейтін қажетті шарт болып табылады. Халық бұқарасы мен жеке адамның тарихтағы рөлі Б. туралы түсініктердің негізі болады.

**БЕЛСЕНДІЛІК** – өзінің негізгі белгілерінің (мақсаттылығы, мотивтері, саналығы, әрекет әдіс-тәсілдеріне ие болуы, эмоционалдығы) айшықталуымен, сонымен бірге, адамның бастамашылдығы және жағдаяттылық сияқты қасиеттермен ерекшеленетін, адам әрекетінің ерекше түрі немесе ерекше әрекет. Б. адамның тіршілік қозғалысының қарқынын білдіретін ұғым. Б. салыстырмалы түрде анықталады. Б.-тің қозғаушы күші – қажеттілік пен құштарлық. Тіршіліктің негізі – қозғалыс пен әрекет болса, оның қарқынды немесе баяу жүруі қажеттілік пен құштарлық ауқымына байланысты. Б. қарапайым, биологиялық, әлеуметтік, психикалық болып жіктеледі. Б. ұғымы әртүрлі ғылым саласында дербес ұғым, сондай-ақ, әртүрлі тіркестерде қосалқы ұғым ретінде кеңінен қолданылады. Тіпті белсенділікпен кейбір қосарлана айтылатын сөз тіркестері өз алдына ұғым ретінде қалыптасуда. Мыс.: белсенді адам, белсенді өмірлік позиция, белсенді оқыту, жүйенің белсенді элементі сияқты сөз тіркестері. Б. ұғымының кең мағынаға ие болғандығы соншалық, көп жағдайда оны қолдану белгілі бір анықтылықты, нақтылауды талап етеді.

**БЕЙСАНАЛЫҚ** – адам санасында зерделі сипатта анықталмайтын психикалық, тылсым процестердің жиынтығы, мәдениеттануда – сана құбылыстарынан сапалы өзгешеліктері бар қоғамдық сананың санаға дейінгі

және төменгі саналық құрылымдары. Б. мәселесін мәдениетте қарастыру шығарм. табиғатын зерттеуден басталады. Платон шығарм. процесі эростың көрінісі ретіндегі санаға дейінгі құбылыстармен байланыстырылды. Орта ғасырларда Б. адам мен құдайдың тылсымдық бірлігі арқылы түсіндіріледі. Ары қарай Б. шығарм. қиял және интуицияға қатысты зерттелді. Кант қиялдаудың жасампаз қабілетін саналық пен Б-тың бірлігі деп түсіндірді. Данышпандар, – дейді Кант, – Б-лық қалыпта ерекше бір шабытпен жасампаздыққа барады. Олардың әрекеті табиғатпен ұқсас, айырмашылығы тек табиғаттың объективтілігінен гөрі адамдық Б-тың субъективті түрде және еркін болуында. Шеллинг шығарм. процесін толық иррационалды тұрғыдан түсіндіріп, Б-ты логика мен өмір практикасынан тыс интуициялық акт ретінде қарастырды. Иен романтиктері Б-ты табынатын культке дейін көтерді. Шопенгауер оны барлық әлемдік процестердің негізіндегі әлемдік ырық ретінде қарастырды. Б-ты жаңа зерттеу деңгейі З. Фрейд және оның шәкірттерінен басталды. Фрейд Б-ты санадан тәуелсіз адам жанының құрамдас бөлігі, тұлға құрылымының маңызды элементі – «Ол» ретінде қарастырады. «Ол-н» негізін сексуалды-биологиялық қуат құрастырады. Б. ұстаным түрінде әрекет ететін және тұлғаның ішкі дүниесінің бөлігіне айналдырылған мәдениетті Фрейд «Әсіре-мен» деп атады. Интериоризацияланған мәдениет және сексуалды Б. инстинктердің арасында, Фрейд бойынша, қақтығыстар туып отырады. Егер мәдениет адамға шамасынан тыс талап қойса, онда адамда невроздар пайда болады. Мәдениет тек бір тұлғаның ғана жетістігі болмағандықтан, үлкен тобырлық немесе ұжымдық невроздар тууы мүмкін. Осы сипатта Фрейд көптеген мәдениеттер, тіпті, мәдени дәуірлер невротикалық болмады ма деген сұрақ қойды. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында мәдениеттегі Б-тың табиғатын әлеум. факторлармен түсіндіретін ілімдер қалыптасты. Леви-Брюль ежелгі халықтардың логикалық ойлауға дейінгі формалары туралы баяндады. К.Г. Юнг Б-ты мәдениет бастаулары – архетиптер арқылы түсіндірді. Ұжымдық, Б.Юнг бойынша, адамзат тарихының терең қойнауларынан бастау алады; миф, эпос, діни нанымдарда сақталып, түс көруде жаңғыртылады. К. Хорни Б-ты адамның болмыстық негізіндегі өз тұрақтылығын сақтауға бағытталған ұмтылыстарға әкеп тірейді. Леви-Строс Б-ты адам әлеміне тән рәміздер және таңбалар арқылы түсіндіреді. Б., әсіресе, тілдік құрылымдарда терең қалыптасқан.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.

**БЕЙСЕНОВ Қасымбек Шайжанұлы** (1949 жылы Жамбыл облысы Шу қаласында туған) – философия ғылымдарының докторы. ҚазМУ-дың философия бөлімін (1971, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Шымкент педогогика институтында оқытушы (1971–

1994), 1994 жылдан Тараз мемлекеттік университетінің оқу ғыл.-әдістемелік кешенінің директоры, кейін Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының директоры қызметтерін атқарды. Қ. Бейсенов 100-ден аса ғыл. еңбектің авторы. Негізгі философиялық кітаптары: Философия тарихы, А.-А., 1992; Қазақ топырағында қалыптасқан ғақыلياتты ой кешу үрдістері, А., 1994; Ата жұрт философиясы, Тараз, 1997.

Қасымбек Бейсеновтың ұстанымы бойынша, көне нұсқаларды философиялық тұрғыдан терең зерттеушілік кейбір авторлардың тарихқа “жанашырлық жасауына”, “қамқорлық етуіне”, “шапағатын тигізуіне” әкеліп ұрындырады. Ондай “қамқоршылардың” тіпті “көшпелілігі” үшін “жеңілдік” жасап кейбір халықтарды “еуропалық мәдениет деңгейіне” дейін өлермендік жасап сүйрейтіндер де бар. Қасымбек Бейсенов қазақ халқының философиялық ойларын бүкіл адамзат философиясы тарихымен бірлікте, басқаша айтқанда, біртұтас әлеуметтік процестің бір бөлшегі ретінде қарастырды.

Қасымбек Бейсенов Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының директоры ретінде, Ә.Марғұлан атындағы археология институтымен бірлесіп қазақтың рухани мұрасын жаңғыртумен, қазба жұмыстарын, этнографиялық экспедицияларды ұйымдастырумен тікелей айналысты.

**БЕЙСЕНОВ Бағдат Қайбылдаұлы** (14.03.1968 – 09.05.2020). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы Бейсенов Бағдат Қайбылдаұлы. Бағдат Бейсенов 1968 жылы 14 наурызда Түркістан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауылында дүниеге келіп, 2020 жылдың 9 мамыр күні қайтыс болды. Ол 1996 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия бөлімінің бакалавриатын тәмамдаған. 1998-2000 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің аспирантурасында оқыған. 2001-2018 жылдары ғылым философиясы және дінтану кафедрасының ассистенті, оқытушысы, аға оқытушысы, доценті қызметін атқарған. 2002 жылы философия тарихы мамандығы бойынша «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлеуметтік философиясы» (Ғылыми жетекшісі проф.Орынбеков М.С.) тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 2004 жылы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына аудармашы ретінде қатысқан. 2010 жылы дінтану, философиялық антропология, мәдениет философиясы мамандығы бойынша «Қазақ руханиятындағы ислам құндылықтары» (Ғылыми жетекшісі проф.Байтенова Н.Ж.) атты докторлық диссертацияны табысты қорғаған.

Бағдат Бейсенов оқу құралдарының («Қазақ ойшылдары дін туралы», 2012; «Зайырлы қоғамдағы діни құндылықтар», 2014; «Әлемдік дін: буддизм», 2015; «Христиандық тарихы: оқу құралы», 2016); «Дін феноменологиясы және діндер тарихы» (2006), «Еркін ой тарихы» (2006), «Ислам тарихы» (2007), монографияның («Дін және қоғам», 2013); тестілер жинағының (2007), типтік бағдарламалардың авторы. Қосавторлықта, Бағдат Бейсеновтың қатысуымен «Қазақстандағы діндер» монография (2008), «Дінтану: энциклопедиялық сөздік»: Том 1, Том 2 (2018); «Дінтану: оқу құралы» (2019) басылып шығарылды. 70-тен астам ғылыми мақалалары ҚР БҒМ ҒК ұсынған ғылыми журналдарда, халықаралық Scopus, Web of Science базаларында индекстелген рейтингтік ғылыми журналдарда, халықаралық



конференция материалдарында және т.б. жарық көрді. «Ұлттық қауіпсіздік аясындағы діни айқындалу мәселесі» (2007-2009), «Ұлттық идея аясындағы Қазақстандағы діндер» (2008), «Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер» (2009), «Жаңа діни ағымдар және қазіргі Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін сақтау мәселелері» (2009-2011), «Қазіргі Қазақстандағы діннің рөлі» (2012-2014), «Дінтану: энциклопедиялық сөздік (қазақ тілінде)» (2015-2017) секілді ҚР БҒМ тарапынан бөлінетін іргелі жобалар аясында ғылыми қызметкер ретінде ғылыми зерттеулермен айналысты. Бейсенов Қайбылдаұлы факультет пен кафедра тарапынан тапсырылған қоғамдық жұмыстарды жауапкершілікпен, уақытында атқарды. Ғылыми-зерттеу жұмысын ұстаздық қызметпен сабақтастыра білетін, жауапкершілігі мол, әріптестері арасында құрметке ие қызметкер болған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұжымы, әріпестері, шәкірттері философия ғылымдарының докторы Бейсенов Бағдат Қайбылдаұлын үлгілі ұстаз, ерекше талантты ғалым, керемет кеңпейіл, ерекше жан ретінде танып біледі. **Байтенова Н.Ж., Альджанова Н.К.**

**БЕЙІМДЕЛУ**, *адаптация* (лат. *Adaptatio* – бейімделу) – 1) биологияда тірі организмнің сыртқы орта жағдайында тіршілік етуге икемделуі, олардың эволюциялық даму барысында қалыптасқан биологиялық қасиеті. Эволюциялық даму ілімі бойынша тарихи даму барысында тіршілік ортасының қолайсыз жағдайларының ықпалынан организмнің әлсіз клеткалары жойылып, белсенділері өніп-өсіп, табиғи сұрыпталу нәтижесінде оларда төзімділік қасиеттері пайда болады. Б. – белгілі бір биологиялық түрдің сыртқы ортаның нақтылы жағдайында тіршілік ету тәсілін қамтамасыз ететін морфофизиологиялық, популяциялық және басқа ерекшеліктер жиынтығы. Мысалы, жазық далада тіршілік ететін сүтқоректілер жүгіруге, ормандағылар өрмелеуге, су жануарлары жүзуге бейімделеді. Жан-жануарлардың қоректену тәсілінің, реңі мен пішінінің әр түрлі болуы, кейбір мүшелерінің атқаратын қызметінің өзгеруі, т. б. олардың орта жағдайында Б-дің нәтижесі. Б. – жалпы және дара болып бөлінеді. Жалпы Б. – қоршаған ортада тіршілік етуге икемделу, мысалы, құрлықта тіршілік ететін жануарларда аяқтың, ұшатын құстарда қанаттың пайда болуы; Дара Б. – белгілі бір тіршілік жағдайына икемделу, мыс., тұяқты сүтқоректілердің тұяғының әр түрлі пішіндері. Биологияның басты мәселесінің бірі – Б-дің тарихи дамуының механизмі. XVIII ғ-да Б. организмге болмысынан тән құбылыс деп танылған. Б. тірліктің тарихи дамуының негізгі 3 факторының – өзгергіштік, тұқым қуалаушылық және табиғи сұрыптау нәтижесінде қалыптасып дамиды. Бірақ қазіргі кезде табиғи сұрыптау теориясы күрделі Б-дің көптеген құпияларын түсіндіруде қиындықтарға кездесуде, мыс., құстар мен жәндіктердің қанатының пайда болуы. Адам организмі мен жануарлар үшін Б-дің маңызы зор. Қоршаған ортада ауа райының, температураның өзгеруі, оттегінің жетіспеуі, әртүрлі жұқпалы вирустардың әсеріне қарамай, Б-дің нәтижесінде организмнің ішкі ортасы тұрақты деңгейде болады, яғни организмнің дене қысымы, қанның морфолог. құрамы мен физ-хим. қасиеттері, қышқылдық үйлесімі және т. б. көрсеткіштері қалыпты мөлшерден ауытқымайды; 2) социологияда – жеке адамның не

элеуметтік жіктің қоғамдағы жаңа рухани, экон. және мәдени құндылықтар мен нормаларға икемделуі. Ол қоғамда пайда болған жаңа принциптерге сай материалдық және рухани игіліктерді игеруге деген ынтаға тікелей байланысты. Б. адамның не қоғам мүшелері көпшіліктің мақсат-мүддесі қоғамдағы қарым-қатынастың жаңа принциптері мен толық үйлесімділік тапқанда жүзеге асады. Элеуметтік өзгеріс көпшілік элеумет тарапынан қолдануды қажет етеді. Оныз элеу. икемделу баяу жүреді. Мұндай баяу икемделу аккомодаттану деп аталады. Аккомодаттану Б. процесіне ұласпаса, ондай жағдай қоғамдағы бейберекеттікке, бүлікке алып келуі мүмкін.

**Әдебиет:** *Философский энциклопедический словарь.* – М., 1983; *Философиялық сөздік.* – Алматы: *Қазақ энциклопедиясы*, 1996.

**БЕЛГІ** – сезіммен қабылданатын, басқа бір зат, құбылыс, қатынастың өкілі түрінде көрінетін нәрсе. Б. ақпаратты қабылдау, сақтау, өңдеу және беру үшін қолданылады. Контекстке байланысты әр түрлі түсіндірілетін және көпмағыналы таңбаға қарағанда Б-нің кесімді анықталған бір мағынасы бар. Тілдік (нақты бір белгілер жүйесіне енетін) және тілдік емес Б-лерді ажыратады. Тілдік Б-лер бір-біріне тәуелсіз емес және белгілі бір құрастыру, түсіну және қолдау ережелеріне сай тұтастықты қалыптастырады. Нәрсе туралы ақпаратты сол нәрсені тікелей келтірмей-ақ Б. арқылы алу және пайдалану қабілеттілігі абстракты-ұғымдық ойлаумен байланысты адамзаттың мәдени тарихындағы маңызды жетістік болды. Көркем мәдениет саласында өнердің ерекшелігінен пайда болған әрбір өнер түрлері-нің өзіндік бейнелеу-белгілеу жүйелері бар. Бояулы сурет өнерінде Б-лік құралымдарға жататындары: сықақ, түс, ырғақ, композиция. Олардың нақтылы тоғысуы белгілі бір мазмұнды, яғни көркем ақпаратты білдіретін Б. жүйесін құрастырады. Заманның мәдени-көркем стилінің Б. жүйесін талдау, оның ділдік типтерін аңғаруға негіз болады. Оның өзі адам санасына тән сол дәуірдегі әлем бейнелерімен танысуға мүмкіндік береді.

**БЕЛЛ Даниэл** (1919 ж.т.) – америка философы және элеуметтанушысы, «постиндустриалдық қоғам» теориясын негіздеушінің бірі, футуролог. Өзі қалыптастырған «постиндустриалдық қоғам» концепциясының арқасында Б. батыстағы элеум. болжамның жетекші өкіліне айналды және АҚШ-тың интеллект. өмірі мен қоғамдық пікірінде үлкен беделге ие болды. Қазіргі капиталистік қоғамдағы дағдарыстық құбылыстарды ол капиталистік экономиканың «рационалдық» принциптері мен гуманистік бағыттағы мәдениеттің арасындағы ажыратушылықпен түсіндіреді. Б. батыстық мәдениеттің дағдарысы туралы «діни орталықтық» ұстанымды дамытады және дағдарыстан шығу жолы ретінде діни жаңғыруды ұсынады.

**Әдебиет:** Б-дің негізгі еңбектері: «Идеологияның ақыры» (1960); «Келе жатқан постиндустриалдық қоғам» (1973); «Капитализмнің мәдени қайшылықтары» (1976). *Философия. Энциклопедический словарь.* – М., 2004. – 82–83 бб.

**БЕРГСОН Анри** (1859–1941) – француз философы, интуитивизмнің негізін салушы. Оның философиясы және «интуиция» мен «өмірлік тал-

пыныс» сияқты ұғымдары классикалық емес философия мен модернизмнің қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. Позитивизм мен рационалдық парадигмалардың басты қағидаларын теріске шығарып, Б. уақыт, яғни «ұзақтық» ұғымына субъектілік және психологиялық түсіндірме беруге ұмтылды («Сананың тікелей көріністері»). Б. бойынша, заттық дүниенің қозғалыссыз бітімдеріне сай келетін ұғымдарды пайдаланушы интеллект қозғалысты, соның ішінде «тіршілік талпынысын», шындықты жасаушы, әсіресе, сананың атрибуты болып табылатын «ұзақтықтық» шығарм. стихиясын түсіне алмайды. Ол тек жануарлар инстинктеріне ұқсас тікелей сезіну, иррационалдық интуиция арқылы ғана қабылдана алады. Интуиция мүдделісіз болғандықтан, дейді Б., шындықты күнделікті өмір қажеттіліктерімен және пайдалы нәрселерді іздеумен ғана байланысты интеллектіге қарағанда, тереңірек ашады. Дүниені интуициялық жолмен қабыл-даудың бір түрі ретінде Б. «таза өнер» дегенді қояды. Комедия, Б. бойынша, таза өнерге жатпайды, өйткені, ол әлеум. айыптаудың түріне жатады. Б. өнерді ғылымға қарағанда танымның маңызды әрі әмбебапты формасы ретінде алады. Кейін ол рухани мәдениет бітімдерін «статикалық» дін рухтарын бейнелейтін мифологиялық шығарм. деп қарастырады («Мораль мен діннің екі бастауы», 1932). Жоғары құндылық ретінде Б. құдайға жеткізетін қасиетті интуицияны алады. Б. шығармасының кейбір жақтары постмодерндік мәдениетте көрініс тапты.

**Әдебиет: Два источника морали и религии. – М., 1994; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – 87–88 бб.**

**БЕРДЯЕВ Николай** (1874–1948) – көрнекті философ, персонализм мен экзистенциализмнің идеологы. Ғасыр басында жария марксизм дегенге жақындап, кейін діни философияға бет бұрды. 1922 ж. Кеңес үкіметі оны шетелге жер аударып жібереді. 40-тан артық кітаптарының ішінде филос. түбегейлі трактаттар («Еркін рух философиясы», 1927 т. б.), мәдени-тарихи туындылар («Ресей тағдыры», 1918, «Орыс идеясы», 1946 т. б.), әдебиеттану саласында («Достоевскийдің дүниетанымы», 1923) және өмірбаяндық («Өзін тану», 1947) эсселері бар. Б. ұлт пен мәдениет, мәдениеттегі жалпы-адамзаттық және ұлттық бастаулар, мәдениет және өркениет, соғыс және мәдениет сияқты түбегейлі мәселелерді талқылауға көп көңіл бөлді. Б. аталған сұрақтарды бірінші, батыл және ашық қойды және олар қалыптасып келе жатқан ғылым – мәдениеттануда үлкен қызмет атқарады. «Орыс рухы» туралы пайымдауларында Б. орыс рухының «пейзажы» орыс жерінің «пейзажына» сәйкес келеді деді. Сонымен бірге, Б. орыс халқына тән бюрократтық орталықтандырылған билікті жақтау, саяси өмірдегі стихия мен иррационалдылық, ұйымдастыруға әлсіздік сияқты ділдік белгілерді атап өтті. «Орыс халқында, – деді Б., – кез келген мәдениетке, тұлғалық бастауларға, оның құқықтары мен абыройлығына, барлық құндылықтарға қарсы мистикалық толассыз қарсы әрекет бар». Жалпы орыс мәдениетіне, оның пікірі бойынша, амбиваленттік тән. Б. орыс халқындағы мейірімділікті, тынымсыз адамгершілікті, қарапайымдылықты жоғары бағалады. Сондықтан 1917 жылдан кейін рухани мәдениетті талқандау ұзаққа созыла алмайды, түбінде мәңгі рухани күш қайтадан күдіретіне енеді. Басқа да орыс

философтары сияқты Б. «мәдениет» және «өркениет» ұғымдарын бір-бірінен ажырата қарастырады. Мәдениет рухани және ақсүйектік құбылыс болып табылады. Өркениетте техникалық, «шиналық» жақтар басым. Б. халықтың бірлігі мен рухани егемендігін қызу қолдады, дәйекті демократ болды. Адамдық тұлға және оның тіршілігі Б. ізденістерінің өзегі болды.

**Әдебиет:** *Судьба России.* – М., 1990; *Философия. Энциклопедический словарь.* – М., 2004. – 88–90 бб.

**БЕРЕКЕ** – қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениетінде ауызша жасалатын келісім түрі. Ол айырбас, сауда-саттық барысында қолданылған. Жалпы әдет жосындарында б. ин-ты бүкіл келісімнің, мәміле атаулының негізгі шарты болған. Билер сотында оны дауласушы тараптарды татуластырып, бітімге келтіру үшін де пайдаланылған. Яғни, дау қуып, талап қоюшы жақтың материалдық мүддесін мүмкіндігінше қанағаттандырып, разы қылатын Б-лі келісім табуға тырысқан.

**БЕРКЛИ, Джордж** (1685–1753) – англо-ирландық спиритуализмді насихаттаушы философ. 1685 жылы 12 наурызда Ирландияның Килкенни графтығының Томастаун елді мекенінің маңында дүниеге келген. Бастапқыда Килкенни колледжінде, кейін Дублиндегі Тринити-колледжінде оқып, осы колледжде дәріс берді. 1710 жылы дін қызметкері болды. 1713 жылы Лондонға көшіп келіп, «Көрудің жаңа теориясының тәжірибелері», «Адамзат білімінің ұстындары туралы трактат», «Гилас пен Филонус арасындағы үш әңгіме» атты философиялық еңбектерінің және тапқыр шешендігінің арқасында танымал философқа айналды. 1713–1721 жылдары Еуропаны кезді; 1723 жылы Бермуд аралдарында үндіс балаларына арнап колледж ашпақшы болды, бірақ қаржы тапшылығынан аша алмады. 1728–1731 жылдары Род-Айлендте қалып, «Алсифрон, немесе Майда философ» еңбегін жазды. 1734 жылы Дублинде Клойн епископы болып тағайындалды және «Сейрис немесе Философиялық толғаныстар мен зерттеулердің тізбегі» деп аталатын соңғы еңбегін жазды. 1752 жылы ол барлық қызметті тастап, отбасымен Оксфордқа көшіп келді. 1753 жылдың 14 қаңтарында Оксфордта көз жұмды.

Б-дің діни астарлы философиясы сол заманда сәнге айналған реалистік, атеистік және материалистік идеяларға қарсы бағытталды және Дж. Локктің сенсуалистік ілімінің ықпалын бойына сіңірді. Адамның танымға деген қабілетін бекіте отырып, Беркли сезімдік тәжірибені білімнің көзі деп есептеді. Берклидің ілімінше, шындығында тек рух қана өмір сүреді, ал бүкіл материалдық әлем біздің сезімдеріміздің алдауы ғана, сондықтан Локктің «материалдық субстанциясы» қате идея. Рухтың екі түрі болады: соңғы ақылдар және Әлемдік Зерде (Құдай). Адамдар толығымен рухани әлемге бағынышты. Б.-дің негізгі тұжырымдамасының бірі – «өмір сүру – демек, сезіну». Осы тұжырымдаманың негізінде Б. субъективтік идеализм

доктринасын жасап шығарды. Тек «Мен» жалқы субъектін ғана мойындау солипсизм деп аталады.

**БЕНТАМ, Иеремия** (сондай-ақ Джереми Бентам) – 1748 жылы 15 ақпанда дүниеге келіп, 1832 жылы 6 маусымда қайтыс болған ағылшын әлеуметтанушысы, заңгер, саяси либерализмнің аса ірі теоретиктерінің бірі, ағылшын философиясындағы бағыт – утилитаризмнің негізін қалаушы.

Б. адвокат отбасында өсіп, 1760–1763 жылдары Оксфордта заңгерлік білім алды. Өзінің этикалық ілімін «Деонтология немесе мораль туралы ғылым» деп аталатын шығармасында баяндады. Жеке, дараланған мүддені жалғыз шынайы мүдде деп есептеді, ал қоғамдық мүддені солардың жиынтығы деп қарастырды. Б. этикасының негізінде «пайда ұстыны» жатыр, ол бойынша адамдардың әрекеті, олардың қатынастары әкелген пайдасына қарай моральдық тұрғыда бағалануы тиіс. Пайданы анықтауда адамның жеке мүдделері ескеріледі. Моральдың өлшемі «пайда, тауып, бақытқа жету» болып табылады. Адамдардың жеке табыстары, олардың саны көбейген сайын, бақыттың жалпы жиынтығының артуына әкеледі.

Саяси көзқарасы бойынша, либерализмнің жақтаушысы, Ж.Ж. Руссоның қоғамдық шарт теориясын қарсыластық рухын қоздырады деп сынады, алайда ағылшын парламентінде сайлау құқығын кеңейтуге байланысты реформа жасау қажеттігін қорғады. Еркін сауда идеясын қолдады, бәсекелестік қоғамның тұрақтылығын, әділеттік пен теңдікті қамтамасыз етеді деп санады. Сөз еркіндігін, шіркеудің мемлекеттен бөлінуін, әйел теңдігін, некені бұзу құқығын, құлдыққа тыйым салуды, қинау мен азаптауға тыйым салуды, гомосексуалистерді жазалауды доғаруды жақтады.

Оның идеялары әрқилы бағаланды. К. Маркс оны «буржуазиялық топастықтың дарыны» десе, К. Поппер Бентамды Исаяия Берлинмен қатар, либерализмнің пайғамбары деп бағалады.

**Әдебиет:** Покровский П.А. Бентам и его время. – Пг., 1916.; **Философский энциклопедический словарь.** – М.: «Советская энциклопедия», 1983. – 49 б.

**БИ** – дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі халықтық билік жүйесінің құрылымдық элементін білдіретін әлеуметтік бірлік. В.В. Бартольдтың пікірінше, «би» сөзі шамамен XIV–XV ғғ. ежелгі түркі тіліндегі «бек» атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып, басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Кейін келе бастапқы семантикалық сипаттан арылып, көбінесе, пікірталасты, дау-дамайды, саяси-әлеуметтік жанжалдарды шешіп, кесімді төрелік айтушы, әділ үкім шығарушы, дауласқан жақтарды ымыраға келтіруші, мәмілегер адамды бейнелеу үшін қолданылған. XVII ғ. өмір сүрген Махмуд ибн Уәли («Бахр әл-асрар фи манақиб әл-ахйар») «жоғарғы мәртебелі әмірлер мен елге сыйлы, пендәуи тірліктен азат

адамдардың» барлығы Б. аталғанын жазады. Шоқан Уәлиханов: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес; тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар, тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігіне және шешендігі бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болды. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған. Сонымен, бұл би деген атақ келіп билік айтуға және төрелік сөз сөйлеуге патент сияқты нәрсеге айналған» (Уәлиханов Ш. Мақалалар мен хаттар. – Алматы, 1949. – 56 б.) дей келіп би болудың әлеуметтік шарттарын көрсете отырып, би тұлғасын сомдайды. Би – халықтың өз ішінен, өз әлеуметтік өмірінен шыққан лауазым, би болуға халықтың өзінен жолдама алатынын көрсетеді. Би болу, Әйтеке би айтқандай «дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген» өнерлі адамның қолынан келген. Қазақ халқы биге аса құрметпен қарап, оны батырдан да жоғары санаған. «Батыр деген – ақ барақ ит: екіншісі бірі табады, би деген – ақ шарифат, мыңнан біреу шығады» деген қазақ мәтелі соның дәлелі. Ал қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бұл ұғым алты түрлі мағынада: 1) ел билеуші, иелік етуші; 2) сот, төреші; 3) батагөй, шешен; 4) бітістіруші бітімгер, мәмлегер; 5) ақылман, кеңескер (кеңесші); 6) елдестіретін елші, дипломат ретінде қолданылады.

**БИЛІК** – қазақ халқының дәстүрлі санасында «ел басқару», «өкім ету» сөздері мен бірге мәндес ұғымды білдіреді. Қазіргі құқықтану, саясаттану ілімдерінде де Б. «өкімет» атауының синонимі ретінде қолданылып жүр. Мәселен, саясаттану ілімінде Б. экон., идеол., ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктер арқылы, сондай-ақ, беделдің, дәстүрдің, күштің жәрдемімен адамдардың, әлеум. топтар мен жіктердің мінез-құлқына, іс-әрекетіне ықпал етуге қабілетті әлеум. қарым-қатынастардың пішімі. Ол қоғам мүшелерінің арасындағы әлеум.-табиғи айырмашылықтарға, субъективті-объективті қарым-қатынастарға байланысты қалыптасады. Оның мақсаты – қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз ету, ал ішкі мән-мазмұны – үстемдік пен бағыныштылықты орнықтыру. Экон., саяси, құқықтық, әскери, рухани және отбасылық Б. түрлерінің арасында қоғамдық дамудың ұйытқысы әрі саяси күрестің негізгі нысаны болып саналатын мемлекеттік биліктің маңызы ерекше (қ. Билікті тармақтарға бөлу). Өкіметтің ерік-қалауын топтастыру, айрықша басқару аппаратын иелену, арнаулы органдар дербестігін қамтамасыз етіп, қоғамдық тұрмысты тәртіпке келтіру ісіне дара иелік ету, қоғам мен жеке тұлға қарым-қатынасында мәжбүрлеу мүмкіндігіне жету Б-ке тән белгілер болып табылады. Субъектінің мақсатына орай Б-тің нысанына ықпал ету үшін пайдаланылатын құралдардың барлығы «билік

ресурстарын» құрайды. Мыс., қоғамдық өндіріс пен тұтынымға қажетті материалдық игіліктер, ақша, құнарлы жерлер, пайдалы қазбалар т. б. Б-тің экон. ресурсы, ал әлеум., әскери, т.с.с. ресурстарды туындатушы әмбебап қор саналатын адамзат баласы демогр. ресурс ретінде бағаланады. Б-тің негізгі міндеті – қоғамды басқарудың стратегиясын айқындап, дамудың негізгі бағыттары бойынша нақты шаралар қолдану, әлеум. процесстерді шұғыл басқарып, дамудың орнықтылығы мен сындарлылығының маңызды өлшемдеріне бақылау орнату, ал ең басты принципі – оның заңдылығы (легитимділігі). Б. әлеум. құрылымның ең күрделі әлеум. және саяси қарым-қатынастарын қамтитын қоғамдық, ұжымдар мен олардың арасындағы қарым-қатынастарды қамтитын көпшілік немесе қауымдық және жеке адамдық, шағын топтық деңгейлерінде салтанат құрып, қызмет атқарады. Саясаттану ілімінде Б-тің пайда болып, жүзеге асуының әр қилы пішімі зерделенеді. Ол басқару пішіміне орай – монархиялық (абсолюттік және конституциялық), республикалық (президенттік және парламенттік); мемлекет құрылысының пішіміне орай – унитарлық, федеративтік, конфедеративтік; саяси режиміне орай – тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық; саяси ағымына орай – консервативтік, неоконсервативтік, либералдық, неолибералдық, социал-демократиялық болуы мүмкін. Б-тің заң шығарушы, атқарушы және сот қызметі тармақтарына бөлу жаңа дәуірдің үлкен теориялық жаңалығы болды. Олардың арасында тежеу мен тепе-теңдік жүйесінің болуы, яғни дербес билік тармақтарының өзара үйлесімділігін сақтау, олардың заңға бағынуын қамтамасыз ету принципі демокр., азаматтық қоғам орнатып, құқықтық мемлекет құруға берік негіз қалайды.

**Әдебиет:** *Философский энциклопедический словарь.* – М., 1983; *Философиялық сөздік.* – Алматы: *Қазақ энциклопедиясы*, 1996.

**БИОГЕНЕТИКАЛЫҚ заң** – табиғаттағы әрбір тірі организмнің жеке дамуы (онтогенез) кезінде сол түр эволюциясының (филогенезінің) аса маңызды кезеңдерін қысқаша және жылдам қайталап өту заңдылығы. Мұндай заңдылықты 1864 ж. неміс эмбриологы Ф. Мюллер (1821–1897) және 1866 ж. неміс ғалымы Э. Геккель (1834–1919) өз зерттеулерінде дәлелдеп берген. Б.э. онтогенездік пен филогенездік дамудың арасында болатын өзара тығыз байланыстылыққа негізделген. XIX ғ-да Санкт-Петербургтік акад. К. Бэр бір типке жататын көптеген жануарлар ұрығының дамуында бір-біріне ұқсас белгілердің болғандығын анықтаған. 1910 ж. орыс ғалымы А.Н. Северцев (1866–1936) Б.з-ды тағыда нақтылай түсіп, онтогенез кезінде филогенездік дамудың барлық сатысы түгелдей қайталанбайды, тек олардың ұрықтарының даму сатысы ғана тез арада қайталаанады деген қорытынды жасады. Мұны ғылымда А.Н. Северцевтың филэмбриогенез теориясы

деп атайды. Мыс., желілер (хордалылар) типіне жататын балықтардың, қос мекенділердің, бауырмен жорғалаушылардың, құстардың, сүтқоректілердің (осы класқа жататын адамның да) ұрықтарының алғашқы даму сатысында біріне-бірі ұқсас белгілері (дене тұрқының ұзынша болуы, хорданың, жүйке түтігінің, желбезек саңылауларының пайда болуы, және т. б.) қалыптасады. Бұл олардың арғы ата-тектерінің туыстық жақын екендігіне дәлел бола алады. Э. Геккель барлық көп клеткалы жануарлардың арғы ата-тектері қазіргі гидраға ұқсас жануарлар деген қорытынды жасаған, өйткені олардың бәрінің даму кезеңінде гастрұла сатысы болатындығы анықталған. Онтогенездік даму кезінде тұқым қуалайтын өзгергіштік белгілері пайда болады да филогенездік дамуға негіз болады. Б. з-ның қағидаларының дұрыс екендігін орыс ғалымдары А.О. Ковалевский (1840–1901), И.И. Шмальгаузен (1884–1963) зерттеулері дәлелдей түсті. Оның негізгі қағидаларын палеонтол., салыстырмалы анатом., эмбриол., соңғы кездегі биохим., генетик., т. б. зерттеулер де дәлелдеді. Б.з. қағидалары организмдердің өзара туыстық жақындығын анықтауға және эволюциялық процестердің даму бағыттарын дұрыс түсіндіруге негіз болды.

**Әдебиет:** **Философиялық сөздік.** – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996.

**БИОЭТИКА** – биологиядағы этикалық мәселелерді қарастыратын ғылым. Адам ғұмырын ұзарту, жасанды адамдарды өмірге келтіру және бейімдеу, талантты тұлғаларды генетикалық тәсілдермен сұрыптау, тұқым қуалайтын сырқаттармен күрес, адам ағзаларын дәрігерлік мақсаттарға пайдалану және т. б. қазіргі заманның өзекті мәселелеріне айналып отыр. Б-лық зерттеулерде моральдік қасиеттер бүкіл тіршілікті қамтитын эволюция арқылы сарапталады, оның алға жылжуына септігін тигізетіні – оң құндылыққа, қарсы әрекет ететіні теріс құндылыққа жатады. Б. эволюциялық этика, экологиялық этика, әлеуметтік биология сияқты ағымдармен қатар дамыды. Б-ның дамуына үлес қосқан ғалымдар: Г. Спенсер, Тейяр де Шарден, К. Уоддингтон, Д. Козловский және т. б. Б-лық мәселелер қазіргі ғаламдық парадигмалармен тығыз байланысты.

**БИХЕВИОРИЗМ** – (ағылш. *Behaviour*) – психологиядағы адамның өзін-өзі ұстау тәртібін түсіндіретін бағыт. Бұл терминді алғаш 1913 жылы Американдық зерттеуші Джон Уотсон қолданған болатын. Бихевиористердің пайымдауынша зерттеу жұмыстарында зерттеу пәні адам мен жануардың санасы емес, олардың тәртібі болуы тиіс.

**Әдебиет:** **Философиялық энциклопедиялық сөздік.** – М., 1983.

**БОДРИЙАР Жан** (1929 ж.т.) – француз эстетигі, мәдениеттанушы және әлеуметтанушы. «Постмодерндік сахнаның магі, гуруы, меланхолик



Ницше» сияқты теңеулерге ие болған. Постструктуралистік және пост-фрейдистік «Париж мектебінің» теоретиктеріне жақын ұстанымда болған. АҚШ-тағы осы ағымның көркем тәжірибесіне теориялық талдау берген. Б. өзінің алғашқы еңбектерінде заттар мен «тұтынушы қоғам» құндылықтарына әлеум.-психологиялық талдау береді. Солшыл радикалдық рухта Б. күнделікті өмірдегі зат-таңбаның үстемдігін, оның тұлғадан жоғары тұрғанын сынайды. Ол заттарды: функционалдық (тұтынушы игіліктер), функционалдық емес (антиквариат, көркем коллекциялар) және метафункционалдық (ойыншықтар, роботтар) деп бөледі және соңғыларын болашақ ұрпақ таңдайды дейді. 80 жылдардан бастап Б. симулякр (табиғилық пен мәдениет жетімсіздігінің куәгері) ұғымын жиі қолданады. Заттық ортаның нарциссизмі жоғалған қуаттың симулякрына айналады. Зат реалдылығы принципі бұзылады, оның орнын фетиш, түс көру, жоба (хэппенинг, қараушы және концептуалдық өнер) ауыстырады. Адам өзіне жетіспейтінді затқа таңа береді, тойымдылық жоқ жағдайда мәдениет таңбалық түпсіз тұңғиықпен алмастырылады. Классикалық өнердің түп-қазығын әсемділік, білімділік, құндылықтар иерархиясы, субъектілік құрастырса, пост-модерндікте жасанды артефактылар алдыңғы қатарға шығады. Оның орталығында субъект емес, объект тұр. Қалыптасқан жағдайда да дейді Б., стратегия таңдау қажеттілігі пайда болды. Үш түрлі стратегия бар. Кәдімгі бағдар – ақылды субъектінің объектіде билік жүргізуге ұмтылуы өткен шақта қалды. Мысқылшыл позиция субъектінің объектіден ой арқылы жоғары тұруына негізделген, ол жасанды, ирреальды болып табылады. Тек объектінің мәжбүрсіз ойын ережелерін қабылдаған фатальдық стратегия ұтымды болып шығады.

Б-дың мәдени концепциясы симуляционизм (Х. Стайнбах, Д. Кунс) мен феминизмнің (С. Шерман, Ш. Левин, Б. Крюгер) көркем тәжірибесіне үлкен әсерін тигізді.

**Әдебиет: Система вещей. – М., 1995; Әлемдік философиялық мұра. Т. 15. – Алматы: Жазушы, 2006; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – С. 104–105.**

**БОЛМЫС** – бүкіл әлемнің тұтастығын, дүние мен адамның бірлігін, тіршіліктің мәнісін білдіретін философиялық категория. Б. ұғымында философияның өзіндік мағынасы, бастауы мен әдістемесі айқындалады. Қарапайым санада Б-тың баламалары ретінде әлем, ғарыш, дүние, табиғат, өмір тәрізді жалпы ұғымдар қолданылады. Адамзат өзінің және қоршаған дүниенің бар екендігіне сенеді. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында дүние қаншама аумалы-төкпелі, өткінші болғанымен, оның негізінде тұрақтылық бар екендігі баяндалады. Индивид үшін жәй ғана бар болу жеткіліксіз, ол «адам болу» шарт. Тек бұл дүниеде өмір сүру шынайы Б-қа жеткізбейді.

Адам бұл дүниеде бар болуы арқылы мәңгілік Б. мүмкіндігіне ие болады. Оны жүзеге асыру әркімнің өзіне байланысты. Тіршіліктегі болымсыздық тұлғалық мүмкіндіктерді жүзеге асыра алмаудан туындайды. Шекспирдің «Гамлетінде» Б. мәселесі адамдық, моральдық таңдаумен үйлесімді қарастырылады: «Болу ма, әлде болмау ма, міне – мәселе осында. Тағдыр тәлкегіне үндемей шыдау керек пе, әлде мойынсұнбай қарсылық көрсету керек пе? Қорлыққа көну – өз адамдығын өзі таптау. Болу дегеніміз – «адамдық абырой үшін күресу» дейді.

Б. туралы филос. ілімнің ұзақ тарихы бар. Ежелгі мәдениетте Б. көбінесе нақтылы зат немесе оны құрайтын түпкі бөлшектермен (субстрат) теңестірілген. Кейін Б. жалпы табиғаттың синониміне айналды. Жаңа заман философиясында. Б. өзінен-өзі туындайтын субстанция кейпіне ауысты. Бұл онтология деп аталады. Б. мәселесін жан-жақты қарастырған философ – Гегельдің пікірі бойынша, ешқандай айқындылығы жоқ бас- тама, таза Б. абстракцияға жатады. Ол мазмұны жоқ бос пішін ретінде ештеңемен, жоқтықпен барабар. Егер ештеңені бар деп қабылдасақ, онда ол басқа ештеңелерден бөлінеді. Яғни, бірдене болып табылады. Ештеңе мен бірдене Б. категориясын философияның бастауы ретінде ұғады. Мыс., сапа дегеніміз әр заттың өзіндік Б-ымен барабар айқындық. Сапалық айқындықтың жоғалуы осы заттың Б-ының жоғалуымен бірдей. Қасиет өзіндік Б-тың басқа нәрселермен қатынасын білдіретін айқындық. Бірдей сапалар мен қасиеттерді салыстыру нәтижесінде сан анықталады. Маркстік философияда Б. ұғымын материя категориясы ығыстырды және оның басты белгісі ретінде санадан адамнан тәуелсіз өмір сүру ұсынылады. Бұл адамсыздандырылған Б-қа әкелді. Қазіргі философия ғылымында Б. мәселесінің әр түрлі қырлары жан-жақты талқыланып келеді. М. Хайдеггер ой Б-ы жөнінде терең пайымдаулар келтіреді. Жалпы экзистенциализм ілімінде тіршілік адамның Б-пен етене байланысы ретінде қарастырылады. Филос. антропологияда адам Б-ының әлеуметтік және биологиялық негіз- дері, оның кеңістік пен уақыт жүйесіндегі бітімдері зерттеледі. 20 ғ-дың соңында философтар Б-ты көпжүйелі процесс ретінде қарастырады. Филос. әдебиеттерде Б-тың мынадай негізгі түрлері аталады: 1) табиғи және адам жасаған заттар мен процестер Б-ы; 2) адам Б-ы; 3) рухани Б. Оларды бір-бірімен салыстыра қарастыруға болады. Мыс., адам және табиғат, адам және қоғам, руханилық және материалдық. Б-ты ой елегінен өткізу – адам мен дүние туралы пайымдаудың басты алғы шарттарының бірі.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 13. Диалектикалық логика. – Астана: Аударма, 2006.**

**БОР (Bohr) Нильс** Хенрик Давид (7.10.1885–18.11.1962) – ұлы дат ғалымы, физик-теоретигі әрі ойшылы, кванттық теорияны жасаушылардың

бірі. Атомның кванттық моделін жасағаны үшін физика саласы бойынша Нобель сыйлығын алған (1922). 1920 ж. бастап Копенгагендегі Теориялық физика институтын басқарған. Бірнеше шет елдік Ғылым академияларының академигі. Физиктердің копенгагендік мектебі деп аталатын халықаралық ғылыми мектептің ұйымдастырушысы әрі басқарушысы. «Атомдар мен молекулалар құрылысы туралы» (1913) деген жұмысында атом құрылысының кванттық принциптерін ұсынғаннан бастап кванттық механиканың түбегейлі жарық көргеніне дейін (1927 ж.) тікелей қатынасып, физикалық-теориялық әрі философиялық-методологиялық тұрғыдан осы үдерісті қадағалап отырған. Осы теорияның қалыптасуында зор маңызы бар сәйкестік және толықтырғыштық принциптерінің авторы. Сәйкестік принципіне сүйене отырып, В. Гейзенберг кванттық механиканың матрицалық вариантын жасап шықты. Толықтырғыштық принципі арқасында Н. Бор кванттық механиканың логикалық дәйекті интерпретациясына қол жеткізген. Бұл екі принциптің де терең философиялық, логикалық-методологиялық мән-маңызы бар екені анықталды.

**Шығармалары:** Бор Н. Избранные научные труды. В 2-томах. – Т. 1. Статьи 1909–1925. – М.: Наука, 1970. – 583 с.; – Т. 2. Статьи 1925–1961. – М.: Наука, 1971. – 675 с.

**БОРЫШ** – адамның қоғамдық пікір және ішкі қозғаушы күштердің ықпалы негізінде қоғам, ұлт, әлеуметтік топ, ұжым алдындағы азаматтық міндеттерін білдіретін этикалық категория. Б. адамға міндеттер ретінде танылатын және оларды мүлтіксіз орындау оның ішкі моральдық қажет-тігі болып табылатын қоғам, ұжым тарапынан қойылатын талаптардың жиынтығы. Б. талаптарында қандайда бір әлеуметтік топтың мүдделері көрініс табады. Сол жалпы мүдделерді қабылдап мойындауы және оны индивидтің ішкі қажеттігіне айналуы, оны өз жауапкершілігіне алып, жанашырлық танытуы және олардың жеке мүддеге кіріктірілуі борыштық сана мен сезімнің пайда болуына әкеледі; әлеуметтік талап адамның ішкі моральдық сапасына айналады, жеке адам үшін шартты әлеуметтік мінез нормасына ауысады және сол әлеуметтік топтың немесе бүтіндей халықтың қоғамдық санасында бекіп орнығады.

Қазақ даласы өркениетінде Б. елдің, жұрттың, бүкіл әлеуметтің алдындағы азаматтық парызбен, жауапкершілікпен, адамгершілік мінезбен байланыстырылды. Мыс., оны «Е, е, қарағым, бір атаның баласы екенбіз. Жер нәсібі – ел нәсібі, ел нәсібі – ер нәсібі... жер менікі емес, құдайдікі. Құдайдың жері бәрімізге жетеді. Еркін жайлап, қыстап шығыңдар» (Арыстан би), «Бәрінен жолдас-жорамен, ағайын-туысыңмен, ел-жұртыңмен сіз-біз десіп, сүрген өмірге не жетсін» (Бөлтірік шешен), «Ай мұсылман, жарандар, малыңнан зекет беріңіз, аз өмірдің ішінде, тату бол

да тәтті бол» (Қабан би), «Жалғанды ойлап тұрсаң бірлік керек» (Төле би), «Елдің тұтастық бірлігі – жаныңнан, сағыныш қызуы – қаныңнан» (Шоған би) деген шешендік нақылдар әлеуметтік бірлік пен тұтастықты сақтау борышын атқару болып тұрған «елдің бірлігі, бидің білігі емес пе» (Бөлтірік) дейтін ішкі биік мәдениет соның дәлелі. Жеке адамның ішкі мәдениеті мен ішкі рухани болмыстың моральдық сапасына байланысты. Бұдан қандайда бір адамның азаматтық, кісілік, адамгершілік тұрғыдағы жетілу дәрежесі, оның өз парызы мен қарызы, міндетін терең түсіну деңгейі көрініс табады. Азаматтық борышын өтеу ердің Отан, халық алдындағы парызын адалдықпен орындауының азаматтың толысып, рухани жетілгендігінің, ерлік кемеліне келгендігінің белгісі. Оны «Ер жігіт өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Ел ауырын ер көтереді», «Ер – елдің ық жағының қаласы, жел жағының панасы» (қазақ мақалы) дегендер мақұлдайды.

**БОХЕНЬСКИЙ Юзеф** (J. M. Bochenski) – (1902–1995) Польша елінің философы, Швейцарияда атақты философ болған, Фрибург университетінің профессоры. Ғылыми жолы – Львов университетінен басталған, сол жерде ол 1920–1926 жылдар аралығында экономиканы және құқықты зерттеген. 1927 жылы доминикан орденінің мүшесі болған, 1 жылдан кейін Фрибургта философияны зерттеуге кіріскен. 1931 жылы философия ғылымының докторы атағын алған. Төрт жыл бойы Римнің Ангеликум университетінде теологияны зерттеумен айналысқан.

Онтологияның негізгі мәселесі – бұл материя мен нысанның (форманың) арақатынасы. Бохеньский нысандардың төрт түрін атап көрсеткен: органикалық емес дене, өмір сүру, жануардың болмысы, адамның болмысы. Адам жаны мәңгілік өмір сүреді. Адам мақсатын біледі, таңдауды жасауға қабілетті. Сондықтан ол Жер бетіндегі неғұрлым толық өмірге ие. Гносеологияда Бохеньский екі принципті дәлелдеген – интеллигибельділік (ақыл-ойдағы дүние) принципі және қоса қатысу (ат салыстыру) принципі. Ю. Бохеньскийдің ғылыми қызығушылықтары кең ауқымды мәселелерді қамтиды, шығармашылығы халықаралық деңгейде танымал. Философия, логика, дін философиясы бойынша бірнеше еңбектердің авторы.

**Әдебиет: XX ғ. философия. Әлемдік энциклопедиясы. – Москва-Минск, 2002.**

**БОЭЦИЙ, Аниций Манлий Северин** (шамамен 480–524 жж.) – римдік философ және мемлекет қайраткері. Римде ауқатты отбасында дүниеге келді, оның әкесі 487 жылы консул болды. 510 жылы оның өзі остготтардың королі Теодорихтің тұсында консул болған. Кейінірек византиялық император Юстинианмен келісіп, бүлік ұйымдастырмақшы деген айыппен Тицин (қазіргі Павия) түрмесіне қамалып, 524 жылы өлтірілді.

Б. «соңғы римдік және бірінші схоласт» (М. Грибман), «ортағасырлықтың негізін қалаушы» (Э. Рэнд) деп саналады. Ол грек философы-неоплатонигі Б. шығармаларын аударды, Цицеронның «Топикасына» комментарий жазды, логика, математика және музыка мәселелерін қарастырған бірқатар шығармалар қалдырды. Оның «Философиямен жұбану» атты еңбегі ортағасырларда кеңінен танымал болды. Б. антик дәуірдің рухани-философиялық мұрасын ортағасырлық мәдениетпен байланыстырушы, антикалық интеллектуалдық-философиялық дәстүрдің ортағасырлық руханиятпен сабақтастығын жүзеге асырушы қуатты транслятор болып табылады. Ол аристотельдік ілімнің ұғымдық аппаратын рухани тасымалдап қана қоймай, ортағасырлық философиялық ойлау мәдениетіне теологиялық проблематиканың негізгі сипатын да енгізді: универсалийлер мәселесі, тринитарни (Құдіретті Құдай, Оның Ұлы және Қасиетті Рух арақатынастары), субстанция және акциденция мәселелері. Оның іліміне сәйкес, субстанция – бұл барша атрибуттар мен акциденцияларды айқындайтын барлық мәнділіктердің негізі. Егер субстанция – заттардың жалпы негізі болса, универсалийлер – бұл жалпы атаудың мәні. Олар ақыл-оймен абстракциялаудың нәтижесі болғанымен, әлемде бар және нақты өмір сүретіндерді бейнелейді.

**БӨЛЕКБАЕВ САҒАДИ БАЙҰЗАҚҰЛЫ** - (23.01.1946 ж.т., Алматы обл., Кербұлақ а., Беріктас а.) – философия ғылымдарының докторы (1999 ж.), профессор (2000 ж.). 1973 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің философия-экономика факультетін бітірген. Қарағанды мемлекеттік университетінде, Қазақ Мемлекеттік Университетінде, Қазақ мемлекеттік архитектура-құрылыс институтында, Қазақ мемлекеттік заң университетінде, Орталық Азия университетінде, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-де ғылыми жұмыс бойынша проректор, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2018 жылдан бері ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтында бас ғылыми қызметкер ретінде қызмет атқаруда. С.Б. Бөлекбаевтың ғылыми зерттеу саласы өтпелі кезеңдегі экономика мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасы, халықаралық қатынастар, түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті, философия тарихы, әлеуметтік философия, логика, сана мәселелерін қамтиды. 270-тен аса ғылыми еңбектің, 10-нан астам монографияның авторы. Оның еңбектері Чехия, Польша, Нидерланды, Германия, АҚШ, Қытай, Ресей, Украина елдерінде жарық көрді. Ғылым мен педагогикалық саланы қатар ұштасыра отырып, талантты ұстаз ретінде жас ғалымдардың кәсіби тұрғыдан қалыптасып, ғылыми тұрғыдан жетіле түсуіне үлкен ықпал етті. Б.-тың жетекшілігімен ондаған кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. ҚР БҒМ-нің тапсырысымен ғылыми және білім саласындағы жобаларды әзірлеумен айналысып, ғылыми-әдіснамалық және сараптамалық қолдауын да көрсетеді. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы» туындысын

тәржімалауға қатысты. Ғылым мен білім саласына қосқан еңбегі үшін «ҚР ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен, ҚР БҒМ министрінің үш рет алғыс хатымен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абылай хан атындағы ҚазХҚЖЭТУ-дің мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Негізгі еңбектері: Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию. Алматы, 2016, Феномен сознания: новые подходы. Алматы, 2015, Логика. Алматы, 2010, Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад? Алматы, 2010.

**БРАХМАНИЗМ** – ежелгі Үндістанда ведашылдықтың негізінде пайда болып, оны алмастырған діни-философиялық жүйе. Ведалар дегеніміз – діни сарындағы дұғалардың, құрандардың, құрбандық шалу негізінде айтылатын сөздердің, табиғаттың поэтикалық бейнелерінен хабардар ететін өлеңдердің жиынтығы. Б.з.б. IX ғ-дан бастап Ведаларға түсіндірмелер – упанишадтар маңыздылығы арта түседі. Упанишадтарда Брахман және Атман идеялары кеңінен көрініс таба бастайды. Б.

– абсолютті шындық, мәңгі руханилық, бұл дүниеде одан тысқары ешнәрсе де жоқ, олай болса бізді қоршаған ортаның мәніде осы Б-де. Атман – осының тұлғалық мойындалуы. Б-де о дүниемен салыстырғанда адам өмірінің өткінші екендігі және оның мәнсіздігі туралы идеялар басты орын алған. Адамның о дүниедегі тағдыры оның бұл дүниелік ғұмырындағы адамгершілік іс-әрекеттеріне байланысты. Ендеше бұл дүниеде күнәһар болғандар, атап айтқанда: адам өлтірушілер – жыртқыш аңдарға, ет ұрлаушылар – қаршығаға, астық ұрлаушылар – сабаукүйрық- қа, брахманды өлтірушілер – ит пен есекке, ал маскүнемдікке салынған немесе ұрлық жасаған брахманның өзі де сарыбас жыланға айналады. Брахмандарды сыйлап-құрметтеу, күншіл болмау, адамның өзін-өзі ұстай білуі, мейірімді болу және т. б. қасиеттер қоғамның әр мүшесінің өз орнын табуына мүмкіндік беретін басты шарттар болып саналды. Бұл «карма» түсінігінде түйінделген. Карма дегеніміз әрбір адамның тіршілікте жасаған іс-әрекеттері мен оның салдарының жиынтығы, осы арқылы оның болашақтағы тағдыры анықталады.

**БРЕНТАНО Франц** (Franz Brentano, 1838–1917) – неміс философы және психологы, феноменология идеяларын алғаш рет жарыққа шығарған. Аналитикалық философияның кейбір идеяларын қолдаған. Философия мен теологияны зерттеген. Оның философиялық көзқарастары Аристотель ғылымының негіздеріне сүйенген. Оның пайымдауынша, «философия әдісінің нақты ғылым әдістерінен еш айырмашылығы жоқ». Оның ғылыми философияға көзқарасы неміс философтары А. Мейнонг пен Э. Гуссерльге және логикалық позитивизмге айтарлықтай әсерін тигізеді. Оның философиясы физикалық және психикалық феномендердің арасындағы шекараны анықтаудан басталған. Психикалық феномендер тегінің белгісі – интенционалдылық. Сана әрқашанда бір нәрсеге қатынас арқылы сипатталады: «мен түйсіктерімді сеземін, «мен сезінемін», «мен бір нәрсені ойлаймын».

*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

Дәл өз қалпындағы физикалық объект интенционалды емес. Brentano ақиқатты қызық түсіндіреді. Ақиқат – бұл көзге көрініп тұрған анықтылықты сезіп, өз бойынан өткізу. Ақиқат мәселесі – бұл эмпирикалық жолмен білімді дәлелдеу мәселесі, онда іштегі тәжірибе маңызды рөл атқарады. Іштегі тәжірибенің заттары – психикалық феномендер. Сондықтан, психикалық феномендер көзге көрініп тұрған эмпирикалық анықтылыққа ие болады.

**Әдебиет: XX ғ. философия. Әлемдік энциклопедиясы. – Москва-Минск, 2002.**

**БРОЙЛЬ Луи де** (15.08.1892–19.03.1987) – қазіргі физиканың дамуына қомақты үлес қосқан атақты француз физигі. Оның алғашқы алған білімі Париж университетінің гуманитарлық ғылымдар факультетінің әдебиет саласынан (1910 ж.) болғанымен, ол өзінің туған ағасы физик Мористің және А. Пуанкаре кітаптарының («Ғылымның құндылығы», «Ғылым және гипотеза») әсерімен физика мен оның философиялық мәселелеріне көңілі ауып, көп ұзамай (1923 ж.) Сорбонна университетінде физика ғылымдарының мамандығын алады. Оны физиканың уақыт, кеңістік, зат пен жарықтың табиғатын зерттейтін философиялық маңызы бар салалары қатты қызықтырады. 1924 ж. Б. Париж ун-тінің дәл ғылымдар факультетінде «Кванттар теориясы бойынша зерттеулер» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғайды. Бұл жұмысында Б. кванттық механиканың қалыптасуында зор рөл атқарған барлық микробөлшектерге тән корпускулалық-толқындық дуализм туралы гипотезасын ұсынады. Кейіннен бұл гипотеза өзінің эксперименталдық дәлелін тауып, 1926 ж. Э. Шредингердің толқындық механиканы жасап шығаруына тікелей қолғабыс еткені белгілі.

Б. физик-теоретик ретінде бүкіл физика ғылымының тарихына, даму логикасына, философиялық мәселелеріне орай терең зерттеулер жүргізіп, оның дамуына зор үлес қосқан ғалым әрі ойшыл. Оның орысшадан аударылған басты еңбектері: Введение в волновую механику. – М., 1934; Революция в физике. – М., 1963; По тропам науки. – М.: ИЛ, 1962.

**БУРАБАЕВ МҰҚАШ СЕЙСЕМБАЙҰЛЫ** (1931-2010) - философия ғылымдарының докторы, профессор. Алматы облысында дүниеге келген. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Фарабитану саласымен айналысып, көптеген жылдар бойы ҚР ҒА Философия және құқық институтында фарабитану бөлімін басқарды. ...Сфера научных интересов М.С. Бурабаева охватывала широкую область историко-философских исследований: наследие Абу Насра аль-Фараби, проблемы генезиса и развития казахской философии, проблемы духовно-нравственных оснований тюркской философии. 40 лет научно-исследовательской деятельности М.С. Бурабаева были связаны с ИФП КН МОН РК, в котором он прошел трудовой путь от младшего научного сотрудника до заведующего отделом фарабиеведения и восточной философии. В течение долгого времени коллектив единомышленников под руководством М.С.

Бурабаева вел интенсивную работу по исследованию многогранного наследия аль-Фараби, освещая, комментируя различные аспекты его учения и в последнее время занимаясь сравнительно-сопоставительным анализом творчества аль-Фараби с философскими поисками других мыслителей. Результатами этой огромной, многотрудной деятельности под руководством М.С. Бурабаева стало осуществление наиболее важного дела – перевода на русский и казахский языки и издания большинства трактатов аль-Фараби. Это «Историко-философские трактаты аль-Фараби», «Трактаты о музыке и поэзии», «Избранные трактаты аль-Фараби» и др. результаты научно-исследовательской деятельности ученого получили отражение в следующих индивидуальных и коллективных монографиях:

Еңбектері: «Становление социалистического сознания в Казахстане», Алма-Ата: Наука, 1981. – 338с., «О логическом учении аль-Фараби». Алма-Ата, Наука, 1982.-199с, Социальные, этические и эстетические взгляды аль-Фараби», Алма-Ата: Наука, 1984.- 324с, «Идейные связи общественно-философской мысли Казахстана и России: вторая половина 18-начало 20 в». Алма-Ата: Наука, 1987.-197с., «Проблемы бытия и познания в философии аль-Фараби»: Алма-Ата: Наука, 1988.-221с., «Общественная мысль Казахстана». Алматы: Гылым, 1991 – 254с., Аль-Фараби в Казахстане. Алматы, 2009.-207с.

### **БҰҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ** (ағыл. *mass culture* – бұқаралық мәдениет)

– XX ғасырда Батыс елдеріне тән мәдени тип. Б.м. ұғымында қазіргі өркениетті елдерді қамтыған төмендегідей құбылыстар көрініс тапты: аксүйектік (элитарлық) мәдениеттен оның бұқаралық бітіміне ауысу, бұқаралық ақпарат бұлақтарының жан-жақты дамуы, мәдени өнімдерді тұтынудың индустриал.-нарықтық түрлерінің үстемдік етуі, адамның рухани өмірін стандарттау және оны жарнама арқылы реттеу, адамдардың көңіл-күйі мен бос уақытын нарықтық мақсаттарда қолдану т. б. Б.м. адам тіршілігіндегі жалғыздық пен көпшілік, руханилық пен пендешілік, сезім мен парасат сияқты түбегейлі парадигмаларды шешуге бағытталған. Ондағы қойылып отырған тағы бір мәселе – ұйқы мен жұмыс арасындағы бос уақытты қалай өткізу туралы. Егер постиндустриалдыққа дейінгі қоғамда тек азын- аулақ аксүйектердің қолы бос болса, қазіргі Б.м-те бұл деңгейге халықтың көпшілігі жете алды және оны қызықты өткізуге мүмкіндіктер туды. Б.м. тағы бір ерекшелігі оның жазу мәдениетінен экрандық өркениетке өту заңдылықтарымен байланыстылығында. Интернет жүйесімен тұтастырылған Б.м. ұлттық мемлекеттік шектен шығып әмбебапты жалпыадамзаттық сипатқа ие бола бастады, мәдени сұхбатты бір стильге келтіру оның қарым-қатынастық мүмкіндіктерін арттырды. Алайда Б.м. ішкі қайшылықтарға толы және оны барлық ұлттық мәдениеттерге үлгі ретінде ұсыну дұрыс емес. Мәдени құндылықтарды конвейерлік тәсілмен өндіру олардың тұлғалық шығармашылық мазмұнын кемітіп, адамдық жатсынудың жаңа формаларын қалыптастырады. Тек пайданы көздеу, ұлттық дәс- түрлі



мәдениетке жат әсіре сексуалдылықты, зорлық-зомбылықты, нәсіп-құмарлықты, арсыздықты, руханисыздықты дәріптеуге әкеп соғады. Б.м. үлгілері қазақ халқының ұлттық құндылықтар сүзгісінен өтуі қажет.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы.** – Астана: Аударма, 2006; **Мәдени-философиялық энциклопедия.** – Алматы, 2007.

**БҰҚАР жырау** (1693, бұрынғы Баянауыл, Далба тауы бойында – 1787, сол жерде) – әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне-көп Абылай хан өтінішімен, «сәуегейлік айтшы» деген тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен. Бұлары дәлме-дәл келіп отырған. Әкесі Қалқаман батыр болған. Бұхар жыраудың өзінен Ақербіс, Жарылғап, Жанта есімді үш ұл тараған. Жарылғап ұрпақтарынан Құреке ақын, ғалым Б. Аяпбергенов және т. б. белгілі адамдар шыққан. Бұхар жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білді. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күреске біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салды. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысынан үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет етті. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес ой бейнелерін жасады. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлады: «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай, Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай, Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай. Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам, Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай!». Осы бір шумақ жырда халық пен ханның байланыс-бірлігін қиыннан қиыстыра білген. Жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады. Ал. «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларма» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз етеді. Бұхар жыраудың Абылай хан саясаты жөніндегі байламды пікірлері де орнықты, әділ. Ол қасындағы Қытай мен Ресей туралы да ұстамды бағыт ұстанады. Соның арқасында ата жауы Жоңғарлардың іштей іріп, азып-тозуы үшін ұтымды саясат қолдана отырып тарих сахнасынан кетуіне қолайлы жағдай жасағанын мақтанышпен жырлайды.

Бұхар жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар табандап жылжып келе жатқан

қайшылығы мол заманды елестетеді: «Күнбатыстан бір дүшпан, Ақырында шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты боп. Күншығысқа қарайды. Шашын алмай, тарайды, Құдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Затсыз, тексіз бір көпір, Аузы-басы жүн кәпір, Жемқорларға жем беріп, Азды көпке теңгеріп, Ел қамын айтқан жақсыны. Сөйлетпей ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды, Қағазға жазар малыңды. Есен алар пұлыңмен, Солдат алар ұлыңнан. Күндердің күні, Абылай, Жаяулап келер жұртыңа, Жағалы шекпен кигізіп, Балды май жағар мұртыңа, Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан.» Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған. Бұл «Қилы заман» толғауының қалай туындағанын Мәшһүр Жүсіп Көпеев былайша түсіндіреді. Абылай хан бір салтанатты күнде ат үстінде Бұқардан сұраған: «Асан қайғының қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар дегені не тантық, суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан шығады. Миға қонбайтұғын сөз ғой» – депті. Сонда Бұқарекен қырын қарап тұрып, атының басын бұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып, көзіне жас алып; «Әй, хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек!» деп, осы толғауды айтыпты.

**Әдебиет:** «Таң» журналы, 1925, №1–4, С. Негимов., М. Жармұхамедұлы. XVIII–XIX ғ. қазақ ақындарының шығармалары. – А., 1962.

**БІРЛІК** – қандайда бір әлеуметтік бүтіннің құраушы элементтері арасындағы өзара қарым-қатынасты, өзара ықпалды байланысты талдауға негізделі отырып, қоғамдық өмірдің дамуының бүгінгі мен ертеңін анықтауды көздейтін әлеуметтік философиялық категория. Б. – қоғамның ішкі тұтастығы мен тұрақтылығын, оны құраушылардың өзара үйлесімділігі мен жарасымдылығын, қауымдық ынтымақтастық пен татулықты, әлеуметтік бүтіннің мықтылығы мен қуаттылығын анықтайтын және оларға негіз болатын тұғырнамалық мазмұн. Түркілік Б. философиясына зейін аударсақ, Орхон-Енисей жазбаларында Тоныкөктің (646–731 жж.) түркі қағанатының ішкі тұтастығын ел Б.-не тиянақтағанын байқауға болады. Оған жазбадағы: «...Менің ақылғөй Тоныкөктің ой-пікірін тыңдады да айтты... Мен оған ақылдылық ағайын және даңқ ағайын ретінде бағындым» – деген жолдар кепіл. Күлтегін (684–731 жж.) де түрік қағанатындағы «інілі-ағалының дауласқанын, бекті халықтың жауласқанын» көріп күйзеліп, өзіне: «Біз не үшін күрестік? Мемлекетіміздің құрып бара жатқанын көру үшін бе?» – деп сұрақ қойып, түркі халқының бірлігін сақтап, тату-тәтті болып Б-те өмір сүруге шақырады.

**БЭКОН** (Васон) **Роджер** (1214 ж.ш., Ұлыбритания, Ильчестер – 11.06.1292, Оксфорд) ағылшын философы, жаратылыстанушы, францискалық монах. Оксфорд ун-ін бітіргеннен кейін сонда оқытушы болып істеді. 1277 ж. астрологияны қорғағаны үшін франциска орденінің қуғындауына ұшырады. Б. абстрактылы әрі негізсіз теориялық болжамдарды сынға алды. «Үлкен еңбек» (Opus majus), «Кіші еңбек» (Opus minus), «Үшінші еңбек»

(Opus tertium) деп аталатын шығармалардың авторы. Б-ның пікірінше, ақиқатты тану, білім және жат жерлер мен белгісіз халықтарды зерттеу тәжірибеге негізделуі керек.

Нақты тәжірибеге негізделген білім принципін ұстана отырып, Б. оптика мен механиканы («практикалық геометрияны») дамытуды насихаттады, математиканы барлық ғылымдардың «есігі мен кілті» деп есептеді.

**Әдебиет:** Southern R.W. *Western views of Islam in the Middle ages*. Cambridge, Massachusets, 1962; Соколов В.В. *Средневековая философия*. – М., 1979.

**БЭЖОН** (Bacon) **Фрэнсис** (22.01.1561, Ұлыбритания, Лондон – 09.04.1626, Хайгет) – ағылшын философы, ойшыл. Атақты «Жаңа Органон» трактатының (1620) авторы. Табиғат күштерін, заңдылықтарын танып-біліп, оларды іс жүзінде қолдануда ғылым ерекше орын алады деп білді. Б. ғылым дамуының алғышарттарын: 1) схоластиканы сынау және бұрынғы ілімдердің ақиқаттығына күмән келтіру; 2) ақыл-ойды адасудан, қателіктен, жалған бейне – идолдардан («әулет идолы», «үңгір идолы», «алаң идолы», «театр идолы») тазарту; 3) ғылым жетістіктерін дұрыс түсіндіре алмайтын аристотельдік силлогистиканың орнына индуктивтік жаңа теорияны қолдану арқылы ақиқатқа жету деп негіздеді. Б. табиғатты тану негізінде мәдениетті мақсатты түрде өзгерту адамзаттың басты мүдделерінің бірі деп түсінді. Бұл жолда адамдар әр нәрсеге сеніп-табынушылық сияқты жалған көзқарастардан аулақ болып, танымның ақиқатқа белсенді әсер ететін, соның арқасында табиғат алдына қойылған сұрақтарға дұрыс жауап алуға мүмкіндік беретін тәжірибе екендігін түсінуі керек. Б. нақты шындық – білуге болатын жеке денелер ғана, ал жан, рухты т. б. ғыл. тұрғыдан тануға болмайды деді. Б. дін мен ғылым бір-біріне кедергі жасамай, әрқайсысы өз жолымен ақиқатқа жетуіне болады деп пайымдады.

**Әдебиет:** Бейсенов Қ. *Философия тарихы*. – А., 1992; *Философия және мәдениеттану*. – А., 1998; Әбішев Қ. *Философия*. – А., 1998.

**ВАРВАРЛЫҚ** (грек. *Barbaros* – тағылық) – 1) XIX ғ. қоғамтануындағы

В (Л. Морган, Ф. Энгельс) мәдени-тарихи кезеңдердегі адамзат дамуындағы орта дәуір (тағылық, варварлық, өркениет); 2) астарлы мағынасында – әсіре қатігездік, мәдениетсіздік. Ежелгі гректер мен римдіктер В. деп түсініксіз тілде сөйлейтін барлық бөтен адамдарды атаған. Гегель айтқандай, варвар жалқау келеді және мәдениетті адамнан өзгешілігі алдына жайбарақат және топастықпен қарауында, өйткені, мәдениет іс жүзінде әрекет етуге әдеттік пен мұқтаждық арқылы анықталады. В-ландыру деп, әдетте, антикалық мәдениеттің біртіндеп құлдырауын, оның эстетикалық үлгілерінің қарапайымдалуын (схемашылдық және гигантомания), формализм мен эклектиканың өрістерін айтады. Б.э.д. III ғ. бастап провинциялардың романдануы басталды, бұл римдіктердің жергілікті «В.» халықтардың арасында сіңіп кетуіне әкелді. Нақтылы алғанда В. қоғамдық тұтастық пен тұлғаның арасындағы үйлісімділіктің бұзылуынан бастау алады. Рим империясының соңғы ғасырларында антикалық қалалық мәдениеттің құлдырауы басталды. **Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. *Мәдениет философиясы*. – Астана: Аударма, 2006; *Мәдени-философиялық энциклопедия*. – Алматы, 2007.

**ВЕБЕР Альфред** (1868–1958) – неміс мәдени әлеуметтанушысы және экономисі. Мәдени-әлеуметті кең мағынада алып, әлемдік тарихтың әлеум. философиясы ретінде түсіндірді. Оның көзқарастарының қалыптасуына ағасы М. Вебердің, Шпенглердің, Хайдеггер мен Ясперстің ықпалы зор болды. Шпенглер тәрізді В. әрбір адам онда өзінің орнын, дүниежүзілік тарихтың әмбебапты үлгісін жасағысы келді. Шпенглерден өзгеше ол осы үлгінің теориялық негізінде философия емес, қайта синтетикалық ілім – әлеуметтану жату керек деді. Тарихи процесті В. ерекше бір ырғаққа бағынған көп деңгейлі қозғалыс деп қарастырады. Оның басты деңгейлері: 1) тарихи деңгейлер деп аталатын, экономикалық және саяси құрылымдарды өзіне қосатын тәндік-витальдық және әлеуметтік-экономикалық бірлестіктер; бұл нағыз әлеуметтік аспект болып табылады; 2) ғылым мен техниканың өзіндік дамуы қисынынан туатын рационалды-интеллектуалдық деңгей; өркениеттілік аспект; 3) діни, философиялық, ізгілік трансценденттік негіздерін таба алатын рухани-жандық деңгей; мәдени аспект. В. мәдениет пен өркениетті Шпенглер сияқты қарсы қоймайды. Тарихи прогресс өркениеттіліктің ғылыми-техникалық өлшемдері арқылы да, мәдени құндылықтардың ашықтылығы нәтижесінде де жүзеге асады. В. бюрократтық-әкімшілік жүйенің роботқа айналған тұлғаларының қауіптілігі жөнінде ескертеді. В. әлемдік мәдениеттегі номадтардың рөлін жоғары бағалап, олар тарих катализаторлары болды дейді.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.**

**ВЕБЕР Макс** (1864–1920) – атақты неміс экономисі, әлеуметтанушы, философ, тарихшы және мәдениеттанушы. В. «идеалды типтер» теориясын қалыптастырды. Идеалды типтер – деректемелік материалдарды ұғымды түрде ретке келтіруге мүмкіндігін беретін үлгілер, схемалар, бітімдер. В. оларды өзінің нақтылы зерттеулері мен өмірлік тәжірибе қисындарын жүйелендіру мақсатында қолдана алады. Мыс., антика, феодализм, капитализм ұғымдары осындай үлгілерге жатады. Алайда, идеалды типтер нақтылы өмір байлығын және күрделілігін толық қамти алмайды. Сол себептен ғалым олардың шектілігін де аңғаруы керек деген пікірде. Мәдениеттану тұрғысынан В-дің екі еңбегін: «Протестанттық этика және

капитализм рухы» (1904–1905) және «Әлемдік діндердің шаруашылық этикасы» (1905) атап өтуге болады. Бұл еңбектердің басты идеясы – әр елдердегі экономикалық өмір оларда қалыптасқан діни-әдептік нормаларға тікелей байланысты өтеді. В. дінді, бір жағынан мәдени жүйенің белгілерін (тұлға мен қоғамның құндылықтары, таңба мағыналары, рәміздері) бойына жинақтайтын әлеуметтік-мәдени институт ретінде қарастырса; екінші жағынан, дін әлеуметтік әрекетке мазмұн және мағына беретін дербес құрылымға жатады. Данилевский, Шпенглер және А. Тойнбиге тән өркениеттерді биологияландырылған қарау ұстанымдарына қарсы шығып, В. жаңа ғылымды – ғылым социологиясын жасады. Оны П. Сорокин мәдениет социологиясымен теңестірді. Әлемдік тарихты экономика шешеді деген Маркстен өзгеше, В. адамдар дүниесінде тұтыну емес, ақиқат, ізгілік және әсемдік билеуі керек деді. Адамдық қауымдастықтардың мәдени тағдырына биліктің тигізетін ықпалы зор. В. 3 түрлі бағындыру тәсілі мен билікті атап өтеді: «жария» немесе рационалды тип (демократия, парламентшілдік); дәстүрлі тип (әдетте, монархия); харизматикалық тип (әдетте, диктатура мен «көсемшілдік»). В. бойынша, нақтылы әлеуметтік жағдай мен заман талаптарына сай рационалдылық, дәстүрдің және харизманың бірлігі қоғамдық өмірдің орнықтылығын қамтамасыз ете алады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.**

**ВЕДАЛАР** (санскр. *veda* – білім) – үнді әдебиетінің ең көне (б.з.д II мыңжылдықтар соңы – б.з.д. I басы) діни және философиялық мұралары. В. әнұрандар мен құрбандық шалу формулаларынан (Ригведа, Самаведа, Яджурведа, Атохорваведа), теологиялық трактаттардан (брахмандар мен упанишадтар) тұрады. В-дан Ежелгі Үндістанның мәдени-әлеуметтік өмірі туралы көптеген деректер ала аламыз. В. мифологиясы өте тартымды болып келеді. Оның басты кейіпкерлеріне бір-бірімен ғарыштық қақтығыста болатын Дэвалар мен Асуралар құдайылық кландары жатады. Дэвалар ғарышты ретке келтіруші, үйлестіруші, құрастырушы, сақтаушы күштерге жатады. Олардың арасында жиі айтылатындары: Агни, Брихаспати, Вануна, Вайо, Вишну, Индра, Митра, Пушан, Савитар, Сурья және т. б. Индра Дэвалардың патшасы ретінде құрметтеледі. Яджурведада Рудру Жо- ғары Құдай ретінде басқаларынан жоғары қойылады. Ведалық құдайлар пантеонында көпшілігінің анасы түрінде Адите қарастырылады және ол Әлемнің Аналық Өрісі деп алынады. Асуралар қатігез, ашулы ғарышқа бастау болатын ретсіз, стихиялық материяны білдіреді. Дэвалар мен Асуралардың арасындағы шек шартты түрде болады, ғарыштық процесте кейбір Асуралар Дэвалар қатарына өте алады. В. мифологиясында құдайлардан басқа абыздар, батырлар, демондар да әрекет етеді. Олардың барлығы «рита»

деп аталатын әлемдік бір заңға бағынады және ақиқат («сатья»), парызбен («врата») байланысты. В-да құдай мен адамның арасындағы үйлесімділікті маңызы дәріптеледі.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**ВЕРИФИКАЦИЯ** (лат. *verus* – ақиқатты және *facio* – жасаймын) **принципі** – логикалық позитивизмнің (неопозитивизмнің) ғылым тілін талдауда, ғылыми ұйғарымдардың ақиқаттығын орнықтылауда қолданатын қағидасы. В.п. бойынша әрбір ғылыми ұйғарымның ақиқаттылығы түптің-түбінде эмпириялық тексеру, таза эмпириялық анықталған фактілермен тәжірибе жүзінде тексерілуі, демек қарапайым фактілерді хаттамалайтын сөйлемдерге келіп телінуі тиіс. Хаттамалық сөйлемдердің ақиқаттылығы сәйкесті оқиғаны тікелей бақылау арқылы орнатылатын болса, теориялық сөйлемдердің ақиқаттылығы олардың логикалық салдарларын хаттамалық сөйлемдермен тікелей салғыластыру жолымен анықталады. В.п. неопозитивизмде ғылыми ұйғарымдарды ғылыми еместерінен ажырату үшін қызмет ететін қағида есебінде де қолданылады. Бұл тұрғыдан метафизикалық ұйғарымдар верификацияланбайтындықтан ғылым санатынан аластатылып, философияның рөлі тек ғылым тілін логикалық талдаумен шектеледі. В.п. гносеологиялық түп негізі адам танымы сезімдік тәжірибе шеңберінен аса алмайды дейтін эмпиристік көзқарасқа саяды. В.п. гносеологиялық және методологиялық қауқарсыздығы анықталғандықтан, оның жақтастары қатаң верификациялаудан бас тартып, бұл принциптің (жартылай не жанама верификациялауға саятын) осалдау вариантын қабылдауға мәжбүр болды. Қазіргі ғылым философиясы мен методологиясында В.п. орнын әлдеқайда басқа қағидалар басып, верификациялау ғылыми білім дамуының өте күрделі үдерісінің бір сәті есебінде қарастырылады (мысалы, постпозитивизм фальсификациялау принципіне жүгінеді).

**ВЕСТЕРНИЗАЦИЯ** (ағыл. *western* – батыстық) – Батыс мәдениеті үлгілерін қабылдау, басқа мәдениеттердің батыстандырылуы немесе батыстық донор мәдениеттен реципиент ретінде жеке құндылықтарды қабылдауы. В. деп Америка мен Африка құрлықтарындағыдай батыстық мәдени нормаларды күшпен енгізуді айтпайды. В. негізінен, мәдени қабылдаушы елдің басқарушы элиталық тобының белсенділігімен жүргірізілген. Мыс., Бірінші Петр жүргізген реформаларды, Түркиядағы Кемал Ататүріктің «жас түрікшілдер» революциясын, Латын Америкасының АҚШ-тық құндылықтарды біртіндеп қабылдауын т. б. атап өтуге болады. В. тек батыс технологиясы мен өндіріс жаңалықтарын қабылдаумен шектелмей, осы өркениеттілікке тән құндылықтарды (демократия, адам құқықтарының басымдылығы, толеранттылық, ақпарат еркіндігі, азаматтық қоғам т. б.)

енгізумен, айқындалады. Бұл белгілері бойынша В. қамтыған елдер деп Жапония, Оңтүстік Корея, Шығыс Еуропаның кейбір мелекеттерін атап өтуге болады. ТМД кеңістігінде В. әлі қарқын алған жоқ. Жастардың тек батыстық бұқаралық мәдениет үлгілерімен әуестенуі шынайы В-ға жеткізбейді. В. ұшырап отырған елдерде оған қарсы дәстүрлі мәдениеттің оппозициялық көңіл-күйі де қалыптасады. В-ға қарсылықты, әдетте, діни топтар мен маргиналдық қауым көрсетеді. Өйткені, олар В. нәтижесінде қоғамда алып отырған орындарынан айырылып қалу қаупінен қорқады.

**ВИНДЕЛЬБАНД Вильгельм** – 1848 жылы 11 мамырда Потсдамда туылып 1915 жылы 22 қазанда Гейдельбергте қайтыс болған неміс философы, жаңакантшылдық Баден мектебінің негізін қалаушы. Цюрих (1876), Фрейбург (1877), Страсбург (1882) және Гейдельберг (1903) университеттерінің профессоры. Ол философия тарихы бойынша мынадай еңбектерімен белгілі: Ежелгі философия тарихы (1888 ж.) және Жаңа философия тарихы (1878–1880 жж.). Бұдан басқа «Еріктің еркіндігі туралы», «XIX ғасырда неміс рухани өміріндегі философия» еңбектерін жариялады.

Өз жұмыстарында В. философияны білімнің құрылымын логикалық талдаумен айналысатын ғылыми әдіснама деп қарастырды және тарихи білімнің әдіснамасын қалыптастыруға тырысты. Ең алдымен ол ғылымдардың танымдық мақсаттарының формальдық сипатының негізінде оларды номотетикалық (жалпы заңдарды зерттейтін) және идеографиялық (тарихи айғақтарды, жалқы ерекшеліктерді сипаттайтын) деп бөледі. Зерттеудің номотетикалық әдісінде ойлау жалқыдан жалпыны түсінуге өтуге тырысса, идеографиялық тәсілде ойлау жалқыда тұрақтайды. В. пікірінше, бұл екі әдістің келтіретін пайдасы бірдей. Тұтас таным бұл екі тәсілді де қамтиды. Сонымен бірге жаратылыстану заңдар туралы ғылым болса, тарих – оқиғалар туралы ғылым. Ал философияны В. құндылықтар туралы ғылым ретінде қарастырады. Ол теориялық ұйғарымдар мен эмпириялық мәліметтерге сүйенетін тәжірибелік ғылымдармен салыстырғанда бағалауға негізделеді. Ол логикалық, этикалық, эстетикалық және діни құндылықтарды жіктейді.

**ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ** (лат. *virtus* – ақиқат) – компьютерлік техниканың негізінде кеңістіктік-уақыттық континуумды адам тілектеріне сай өзгертіп, жаңа әлемді, шындықты – қолдан жасалған құрылымды қалыптастыру нәтижесі. В.ш. сөздің тар мағынасында «электронды көзәйнек» киіп алғаннан кейін пайда болатын ойындық немесе техникалық қажетті жасанды шындыққа жатады. Бұл жағдайда сана компьютер құрастырған мүмкін әлемге енеді, онда виртуалды түрде көріне, сезіне және әрекет ете алады. Сөздің кең мағынасында В.ш. – бұл сананың кез келген өзгертілген түрлері: жүйкелік шатасу, наркотиктік немесе шараптық мас болу, гипноздық қалып,

наркоз, ұзақ уақыт тар кеңістікте қалған адамдардағы психикалық өзгерістер (түрмедегілер, су асты кемелеріндегі т. б.). «Виртуалды» (ақиқат) ұғымында парадокс бар: қарапайым сана оны «қиял, иллюзорлы, ойдан шығарылған» деп есептейді. Бұл парадокс шындықты бағалаудан да туындайды. Өйткені, ХХ ғ. философиясында реалдықты мойындауға қатысты материалистер мен идеалистер бөлінуі бұрмаланып жіберілді. «Қайсысы бұрын болды?» деген сұрақтың орнына тіл мен шындықтың прагматикалық маңызын айқындау алдыңғы қатарға шықты. «Шындық» сөзінің өзі тілдік формаға жатады. Сол себепті жасанды иллюзорлы шындық виртуалды деп аталады, ол басқа «шындықтардан» шынайы болып табылады. Бақытты және бақытсыз адамдардың шындығы әртүрлі. Еуропалық экзистенциалист әлемді шығыстық дзэндік уағызшыдан басқаша көреді. Сондықтан кез келген шындық виртуалды болып табылады.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.

**ВИТГЕНШТЕЙН Людвиг** (1889–1951) – аналитикалық философияны жасаушылардың бірі, неопозитивизмнің негізін қалаған. Ол өзінің алғашқы шығармашылық кезеңдерінде логикалық талдауға ден қойып, тілдің логикалық, әмбебаптық белгілерін, оның ақпараттық-танымдық белгілерін кеңінен зерттеген. Осының айқын айғағы ретінде В-нің 1921 жылы жарық көрген «Логикалық-философиялық трактатын» айтуға болады. Осы шығармасында «әлем мен логиканың» салыстырмалы байланысын тіл мен таным арқылы шешуге ұмтылды. Нақты, дұрыс, анық сөйлемдер мен тілдің маңызы арқылы объективті дүниені тануға болатынын дәлелдеп, білім формасының жалпы негізін жасауға әрекеттенді. Бірақ қайшылықтар мен өзгерістерге толы өмір, әсіресе, адам тағдырының үнемі қылдың үстінде тұратыны В. сияқты ойшылды толғандырмай қойған жоқ. Ол осы тілдің өзі, таным мен логиканың процесі адамдардың шым-шытырық өмірінің формасымен, дүниедегі өзгерістермен тығыз байланысты екенін аңғарды. Сөйтіп, оның философиясы тіл мен сөйлемнің ішкі логикалық жүйесін талдаумен шектелген, әрбір айтылған пікір мен ойдың мәнін ашуға ұмтылды. 1953 жылы жарық көрген «Философиялық зерттеулері» осының айқын көрінісі. В. шығармашылығының осындай екі кезеңінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның бірінші кезеңі тілдің логикасы арқылы математика мен басқа да жаратылыстану салаларының үлкен қарқынмен дамуына жол ашты. Әсіресе лингвистика, психология мен семиотиканы, олардың логикасын, ішкі байланыстарын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Батыс Еуропадағы ғылым мен техниканың өркендеуіне, олардың өзін-өзі тереңірек тануына В-нің осы кезеңде зор үлес қосқаны даусыз. Ал екінші кезең алғашқының



жалғасы ретінде дами келе оны көптеген жаңалық ашуға бастап әкелді. Ол, ең алдымен, қарапайым ақиқатты анықтауды қолға алды. Яғни тіл мен сөйлемнің ақпараттық-танымдық бейнесі арқылы адам көптеген мәселені шеше алмайды екен. Адам үшін ең басты, көкейтесті мәселе – оның өмірі, мақсаты, бақыты, борышы, тағдыры. Ал бұл мәселелер білімнің шекарасынан тыс жатыр. Оларды білімнің логикасымен түсіну, анықтау оңай емес. Ендеше оларды музыка, поэзия, дін мен философия арқылы өмір тәжірибесінің формалары ретінде ғана сипаттауға болады. Алғашқы кезеңнің өзінде-ақ неопозитивизмнің көш басшысы тіл мен танымның, сөз бен сөйлем мәселелерінің өте қиын процесс екендігін атап көрсетті. Қаптап жатқан шым-шытырық ұғымдар мен түсініктер адамға арналып жасалынып қойған, бірақ оны адастыратын қуыс-қуыс, ұшы-қиыры жоқ жолдар сияқты одан екіншісі бірі адасып, шыға алмайды. Өйткені осы жолдардың өне бойы толып жатқан белгілер, түсініксіз көрсеткіштер, бұралаң-бұралаң жолдар. Оның үстіне осы шым-шытырық жолдарда түрлі сөздермен, оның тізбектерімен белгіленген философиялық көмескі жарықтар, көлеңкелер, сансыз ұғымдардың «патшалықтарында» әр дәуірдің философтары тудырған елестер қуыс-қуыстарда, шығар тесік таппай адасып жүр. Философтың міндеті осы шытырманға толы қуыстардан адамдарға жол көрсетіп, аман-есен, адастырмай алып шығу. Ал ол үшін, ең алдымен, әрі дұрыс, әрі нақты әдіс қажет. В. өзінің философиялық міндетін осы әдісті тудырудан бастады. «Менің барлық берерім – әдіс, ал сіздерді жаңа бір ақиқатқа үйрету менің қолымнан келмейтін жүк» дейді ол. Сөйтіп философия жаңа әдіс ұсынды. Бірақ философия В. үшін логикалық тұжырымдардың, дайын нәтижелер мен тәжірибелердің жиынтығы емес, керісінше, шығармашылықтың, іс-қимылдың негізі болатын. Философия теория емес, қызмет. Ол «Мәдениет пен құндылық» атты еңбегінде «Философияны шын мәнінде тек тудыруға болады», – деп өз ойын ашық айтты. Ендеше, философия ғылымдардың, логикалық ойлардың жиынтығы ғана емес, ол өмір сүрудің формасы. Енді философия адамға, оның тағдыры мен тіршілігіне ерекше назар аудара бастады. Философия тек логикамен, таным процесімен ғана айналысып, әдіснама мен жалпы теория мәселелерінен әлемдегі болып жатқан жан түршігерлік процестерден тыс қала алмады.

**ВОЛЬТЕР (Франсуа Мари Аруэ, 21.11.1694, Париж, – 30.05.1778, сонда)** – француз философы, жазушы және публицист. XVIII ғ. француз ағартушыларының бірі. В. өзінің «Философиялық хаттарында» ағылшын философы Дж. Локктың сенсуализмін ұстанды, француз материализміне, әсіресе, Гольбахқа қарсы шықты. Өзінің басты философиялық мақалаларын «Энциклопедияда» басты. В. табиғи құқық мектебінің өкілі ретінде әр индивидтің бостандығы, жеке меншігі, қауіпсіздігі, теңдігі идеяларын

мойындады. Шығармаларының көпшілігі діни соқыр-сенімге, қанаушылыққа, клерикалды изуверлікке, деспотизмге қарсы бағытталған. Өзінің публицистік памфлеттерінде («Діни төзімдік туралы трактат», 1763), көркем шығармаларында (мысалы, «Гебры» трагедиясы) діни төзімділік идеясын уағыздады. Шіркеуге, дінге қарсы шыға отырып, ол атеизмнің жауы болды, оған арнайы памфлетті («Homélie sur l'athéisme») арнады. XVIII ғ. ағылшын буржуазиялық еркін ойлаушылары сияқты деизмді ұстанды, әлемді жаратушы құдайдың бар екендігін мойындағанмен, оның әлемдегі заңдылықтарға араласпайтындығын «космологиялық» («Атеизмге қарсы»), «телеологиялық» («Le philosophe ignorant») және «моральдық» («Энциклопедиядағы» «Құдай» мақаласы) дәлелдермен тұжырымдады. Абсолютизмге қарсы шыға отырып, ол өмірінің ақырына дейін монархист болып қалды, яғни қоғамның «білімді бөлігі», интеллигенция, «философтарға» сүйенетін, ағартушылық монархизм идеясын ұстанды. Білімді монарх – оның саяси идеалы («Генриада» поэмасы, «Минос заңдары» трагедиясы). 28 классикалық трагедия жазды, бастылары: «Эдип» (1718), «Брут» (1730), «Заира» (1732), «Цезарь» (1735), «Магомет» (1741), «Меропа» (1743), «Семирамида» (1748), «Құтқарылған Рим» (1752), «Қытайлық жетім» (1755), «Танкред» (1760). Философиялық романдары: «Видение Бабука», «Задиг немесе тағдыр», «Микромегас», «Кандид», «Вавилондық ханша туралы ертегі», «Scarmentado» және т. б.

**Әдебиет:** Вольтер. *Статьи и материалы.* – М – Л., 1948; Соколов В.В. *Вольтер.* – М., 1956; Кузнецов В.Н. *Вольтер и философия французского просвещения 18 в.* – М., 1965.

**Г**

**ГАДАМЕР Ганс Георг** (1900 ж. т.) – неміс философы, филолог, өнертанушы, герменевтиканың негізін салушылардың бірі. Негізгі еңбегі – «Ақиқат және метод». Герменевтика философиясының негізгі белгілері» (1960). Хайдеггердің ізімен Г. түсіндіруді логикалық құрал түрінде емес, адамдық болмыс тәсілі ретінде қабылдайды. Герменевтика Шляейрмахердегідей мәнді ашу да, Дильтейдегідей таным әдісі де емес. Г. дүниені түсіндіруде «ақылға дейінгі» (дәстүр мен бедел тәрізді) құрылымдардың маңыздылығын атап өтеді. Мәтінді түсіну үшін, дейді ол, біз оның жеке бөліктерінің мағынасын білуге ұмтыламыз, бірақ, бұл үшін тұтастықты алдын ала білуіміз қажет. Г. түсінудің диалогтық табиғатын атап өтеді. Түсіну – сұрақ-жауаптық құрылымға негізделген: мәтінді түсіну үшін, онда қойылған сұрақтарды біліп, бөтен сұрақтар қоймау қажет. Сұрақты тек өзімізге қоя білсек қана түсіне аламыз. Г. тіл мәселелеріне үлкен көңіл бөліп, Хайдеггер тәрізді, оны болмысты тану дәнекері ретінде алады. Медиум ретіндегі тілдің әмбебаптылығы герменевтиканың әмбебаптылығын дәлелдейді. Герменевтиканы тәжірибе түрінде алған Г.

практик түсіндірмеші ретінде философия тарихынан (Платон, Аристотель, Гегель, Гуссерль, Хайдеггер) және әдебиет тарихынан (Гете, Рильке, Гельдерлин, Паул Целан) көптеген мысалдар келтіреді.

**Әдебиет:** Гадамер Х. *Актуальность прекрасного.* – М., 1991; **Мәдени-философиялық энциклопедия.** – Алматы, 2007; **Философия. Энциклопедический словарь.** – М., 2004, 139–141 бб.

**ГАЛИЛЕЙ Галилео** (15.02.1564–8.01.1642) – итальяндық физик, астроном, математик, қазіргі эксперименттік-теориялық жаратылыстанудың негізін қалаушылардың бірі, өз заманының әйгілі ойшылы. Оның зерттеулері (инерция заңын, қатынастылық (относительділік) принципін, денелердің еркін құлауының, көлбеу беттермен қозғалысы заңдылықтарын және т. б. ашуы) алғашқы ғылыми теория болып табылатын механиканы құруда зор рөл атқарды. Телескоп жасап, аспан денелерінің қозғалысын зерделеу арқылы, көптеген астрономиялық жаңалықтар ашумен бірге (мысалы, Юпитердің серіктерін, Күн бетіндегі дақтарды, Айдағы тауларды және т. б.), ол аспан мен жердегі құбылыстардың бірлігін, Коперниктің гелиоцентристік жүйесінің заңдылығын дәлелдеуге, сөйтіп ортағасырлық схоластикалық дүниетанымнан арылуға зор үлес қосты. Атомистік ілімді қолдап, табиғаттың заңдары математика тілінде жазылған, оларды тануда эксперимент қоюмен қатар абстракциялық ойлаудың күші қажет екенін көрсетіп, ғылыми танымда шіркеу авторитеті мен схоластикалық спекуляцияға қарсы шығып, дүниенің кеңістік пен уақытта шексіздігін мойындап, жалпы материалистік дүниетанымдық көзқарасты ұстағаны үшін Г. инквизициялық қудалауға ұшырағаны белгілі.

**ГАНДИШІЛДІК** – Үндістанның рухани «атасы» Мохандас Карамчанд («Махатма») Гандидің ілімін ұстанушылардың дүниетанымдық, саяси-мәдени жүйесі. Үнді-будда мәдениетінің қойнауында Махатма Гандидің (1869–1948) реформаторлық қозғалысы туындады. Ол бұл қозғалыс барысындағы өзінің табиғатта әрекет ететін «махаббаттың» заңына ұдайы сүйеніп отырды. Г. бұл жайында былай деп жазды: «Махаббат заңы біздің санамыздан тыс өмір сүреді. Табиғат заңдылықтарына сүйенген ғалым қандай ғажайып жаңалықтар ашса, махаббат заңын өз өмірінде үлкен сүйіспеншілікпен қолдана білген адам да бұл өмірде айтарлықтай табыстарға жетері сөзсіз, ал кейде ғалымдардың жеткен межесінен асып түсуі мүмкін». Г. сатьяграха («сат» – шындық, ал «аграха» – табандылық деген мағыналарды береді) қозғалысының дем беруші, басшысы болды. Ол өзінің ізбасарларының көмегіне сүйене отырып, халықты талай ғасырларға созылған қалың ұйқысынан оятты. Үндістанда саяси-этикалық қайта құруларды жүзеге асырудың қажеттігін діни – этикалық тұрғыдан негіздеп,

дәлелдеп берді. Ганди үшін бұл қозғалысты ұйымдастырудағы басты мәселе – халықты өздерінің әділетті ісі үшін табанды күрес жүргізуге баулып, үйрету болды. Ол ондаған жылдар бойы тәуелсіз Үнді мемлекетін құру мақсатында дхарманы, ақиқатты және күш көрсетпеуді уағыздады. Г. күш қолданбау, әділеттілік, қайырымдылық, жан тазалығы, ізгілік сияқты қасиеттер – ағылшын отаршыларын елімізден қуып шығып, қанаушылық пен отаршылдық бұғауынан босануға толық мүмкіндік береді деген сөздерді жиі қайталайтын. Бірақ үнді қоғамын қайта құру мақсатындағы өзінің жасампаздық қызметінде Г. өзі де мүлдем күтпеген қиындықтар мен адам жанын түршіктіретін талай сұмдық оқиғаларға тап болды. Мәселе ағылшын империализмінің арсыз саясатында ғана емес еді, мәселе үнді халқының өзінде болатын. Өйткені, бұл кезеңде индустар мен мұсылмандар арасында қанды шайқастар басталып кеткен болатын. Бұл қатыгез қақтығыстардың барысында адам қаны көп төгілді, ұлттың бірлігі мен мемлекеттің мүддесі діни-қауымдық фанатизмнің құрбандығына шалынды. Біртұтас Үндістан мемлекеті екіге қақ жарылып, бір-бірінен бөлек екі мемлекет пайда болды (Үндістан және Пәкстан).

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**ГАРМОНИЯ**, *үйлесімділік* – (грек. *Harmonia* – сәйкестік, келісім, үндестік) – белгілі бір тұтастықтың бөліктері мен элементтерінің бірегейлігі, бірге әрекет етуі, өзара үндестігі. Адамдық сезім және мағыналықпен толықтырылған үйлесімділікті әсемдік деп атайды. Г. хаос, ретсіздік, жүйесіздік ұғымдарына қарсы бағытталған. Жалпы тіршілік пен адамзаттың қалыптасуын хаостан Г-ға өту деп бағалауға болады. Антикалық мәдениетте Г. әлемдік әмбебапты дүние құрастырушы принцип түрінде қабылданады. Натурфилософтар макроғарыш пен микроғарыштың (адамдық әлемнің) үйлесімдігін басты ұстанымға айналдырған. Платон бойынша, үйлесімділік ізгілік пен әсемдіктің негізгі белгісі болып табылады. Гераклит үйлесімділік арқылы қарама-қарсылықтар бірігеді деген. Жалпы антикалық мәдениетте адам мен полис, тән мен жан, адам мен табиғат арасындағы Г-ны жоғары бағалау тән. Қайта өркендеу мәдениетінде Г. гуманизм аясында қарастырылды. Лейбниц бүкіл әлемге тән үйлесімділік туралы жазды. Қазіргі мәдениеттануда Г. принципі жалпы адамдық мәдениетті бейнелеуде кең қолданыс тауып отыр.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова. – Алматы, 2007.**

**ГАРТЛИ**, Хартли (Hartley) Дейвид (30.08.1705, Армли, – 28.08.1757, Бат), ағылшын ойшылы, ассоциативті психологияның негізін салушылардың бірі. Священниктің ұлы, Кембриджде теологияны оқыған, кейін медициналық білім алып дәрігер болып қызмет еткен.

Г. адамның жүріс-тұрысын басқару үшін психикалық процестердің нақты заңдарын анықтауға талпынып, ол үшін Ньютон физикасының принциптерін қолдануға тырысты. Г. пайымдауына сәйкес сыртқы эфирдің сезім органдарында, мида, бұлшық еттерде осындай вибрацияларды тудырады. Ал бұлар қарапайым сезінуден бастап ойлау мен ырыққа дейінгі психикалық құбылыстардың реті мен байланыстарына параллельді қатынаста болады. Локк ілімін басшылыққа ала отырып, Г. алғашқы болып ассоциация механизмін психикалық әрекетті түсіндірудің әмбебапты принципіне айналдырды. Г. сәйкес адамның психикалық әлемі біртіндеп бастапқы элементтердің күрделенуі нәтижесінде қалыптасады. Дамудың қозғаушы күштері – ләззат алу мен азап шегу. Жалпы ұғымдардың қалыптасуында Г. осылай түсіндіреді: олар өзгеріссіз қалатын ассоциациялардан барлық кездейсоқтық пен маңызды еместің ажыратылуы барысындағы жалқылардан қалыптасады; ой қорыту факторы болып табылатын сөз арқылы тұрақты белгілердің жиынтығы тұтастық ретінде сақталады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004, 418 с.**

**ГАРТМАН** (Hartmann) **Николай** (20.02.1882, Рига – 09.10.1950, Гёттинген), сындарлы (немесе жаңа) онтологияның негізін қалаушы. Басында неокантшылдықтың марбургтік мектебінің ізбасары болды, бірақ бұл мектептің субъективизміне («методологизміне») көңілі толмаған Г.Э. Гуссерльдің және М. Шелердің ықпалымен болмыс туралы аристотельдік-схоластикалық ілімнің модернизациясы болып табылатын онтологиялық концепцияны қалыптастырды («Онтология негіздеріне» – Zur Grundlegung der Ontologie», 1935; «Онтологияның жаңа жолдары» – «Neue Wege der Ontologie», 1942). Г. сәйкес болмыстың құрылымы қатпарлы және сондықтан сапалы тұрғыда әртүрлі төрт қатпардың неорганикалықтың, органикалықтың, руханилықтың иерархиясы ретінде қарастырылуы тиіс. Әртүрлі қатпарлардың тіршілік ету формасы мен категориялық құрылымы сәйкес келмейді, мысалы, имматериалды қатпарлар (рух, психикалық) тек уақытта ғана тіршілік етеді. Жоғарғы қатпарлардың әрқайсысы төменгіден тамыр алғанымен, толығымен ол арқылы анықталмайды. Болмыстың төменгі формалары өздерін өзіндік бекемдеуде белсенді, ол жоғарғылар өздерін танытуда үлкен бостандыққа ие. Г. түпкілікті философиялық мәселердің шешілуі мүмкін емес деп санады. Этикада Г. Шелердің ізінше мәңгілік «этикалық құндылықтар» теориясын дамытты. Г. үшін бұл саладағы негізгі мәселе құндылықтар мен ырық еркіндігі, олар екі түрлі пәрменділіктің

(«детерминациялардың»): идеалды (ырық үшін бағдар болып табылатын құндылықтардың) және реалды (құндылықтарды іске асыратын ырықтың) арақатынасы ретінде қарастырылады («Этика» – «Ethik», 1926).

**ГАРТМАН** (Hartmann) **Эдуард** (23.02.1842, Берлин – 05.06.1906, Грослихтерфельде), неміс философы. Г. философиясының негіздері – Шопенгауэр волюнтаризмі мен Шеллингтің «тепе теңдік философиясы». Г. өзінің негізгі шығармасы – «көмескі саналық философиясында» (1869, орыс. ауд. 1902) жаратылыстанулық-ғылыми материализмге мистикалық идеализмді, әлеуметтік прогресс идеясына тарихқа деген пессимистік көзқарасты қарсы қойды. Г. панпсихизм позициясын ұстанды, өсімдіктерде және тіпті, атомдарда түйсік бар деп санады. Барлық тіршіліктің негізі көмескі саналы рухани бастау деп пайымдады. Ғарыш Г. бойынша, иррационалды процестің жемісі, ондағы сана өмірдің негізі және дамудың қозғаушы күші болып табылатын көмескі саналы әлемдік ырықтың құралы ғана. Иррационалдылықты танудың негізінде Г., пессимизм тұрғысындағы этиканы қалыптастырды («Адамгершілік сана феноменологиясы» – «Phenomenologie des sittlichen Bewusstseins», 1879). Ол адамзаттың ақыл ойын біртіндеп жаулап алған үш иллюзиядан: осы дүниелік бақыт иллюзиясынан, о дүниелік бақыт иллюзиясынан және тарихи даму барысында қол жететін бақыт иллюзиясынан құтылуға шақырды. Соның нәтижесінде Г. нигилистік дінді уағыздады («Адамзаттың діни санасы» – «Das religiöse Bewusstsein der Menschheit», 1882): Ғарыштың парасатсыздығы мен мақсатқа сәйкессіздігін сезіну арқылы эволюция оның жойылуына алып келеді.

**ГАССЕНДИ** (Gassendi) **Пьер** (22.01.1592, Шантерсье, – 24.10.1655, Париж), франц. философы. Экс-ан-Прованса коллежінің философия профессоры, 1623 жылы иезуиттер философиялық көзқарастары үшін колледжден шеттетті. 1626 жылдан Диндегі собордың канонигі, кейін шырақшысы болды. Г. сондай-ақ астроном және матем. зерттеулермен айналысты. 1645 ж. Г. Парижге қоныс аударады және Корольдік колледжде математика профессоры болып қызмет атқарады. Парижде Ф. Бэконмен, Т. Гоббспен, Г. Гроциймен, Т. Кампанелламен кездесті.

Г. алғашқы философиялық еңбегі – «Аристотеликтерге қарсы парадоксальды жаттығулар» (1624 ж. жасырын атпен жарық көрді, орыс тіл. 1968 ауд.) – схоластикалық псевдоаристотелизмге қарсы памфлет. Г. философияны ғылыми негізде жасақтауды міндет етті және оны жаратылыстанумен сәйкестікке келтірілген Эпикурдың атомистік материализмінен аңғарды. Г. негізгі философиялық еңбектері – «Философия жиынтығы» (орысша ауд. 1966 ж.) «Эпикур философиясының жиынтығы» (орысша ауд. 1966 ж.) – тек 1658 ж. өзі қайтыс болғаннан кейін жарық көрді.

«Философия жиынтығы», «Логика», «Физика» және «Этика» деп аталатын үш бөлімнен тұрады. «Логика» Логикада Г.гносеологиялық ілімінің негізі болып табылатын материалистік сенсуализм принципінен ұстанады.

«Физикада» өздігінен қозғалатын көптүрлі атомдардан тұратын дүниенің материалдық бірлігін қолдайды. «Этикада» эпикуризмді басшылыққа алып, бақытты ең жоғарғы игілік ретінде қарастырады, игіліктің белгісі болып табылатын «парасаттылыққа» негізделген бақыт пен азаматтық игіліктердің ажырамастығын дәріптейді. Г. философиясына екі ұшты ақиқат ілімінің өзіндік формасы тән болды. Г. сәйкес ақиқат екі түрлі нұр бастаулары – дәлелдеу мен аян арқылы аңғарылады, олардың алғашқысы табиғи құбылыстарды айқындайтын тәжірибе мен ақылға, екіншісі тылсым құбылыстарды білдіретін құдайылық беделге негізделген.

**ГВАРДИНИ Романо** (1886–1968) – неміс католик философы және теолог. Адамның болмыстық негіздерін діни тұрғыдан түсіндірген. Ол батыстық мәдениеттану тұрғысынан мәдени-тарихи бірлестіктерге жіктеме берумен айналысқан. Ол тарихи-мәдени типтерді қалыптасқан христиандық дәстүрде антикаға, ортағасырларға және жаңа заманға бөледі. «Жаңа заманның ақыры» еңбегінде адамның тарихи заман мен өз болмысын сезінуі арқылы көрініс табатын әлем бейнелеріне суреттеме береді (қараңыз: әлем суреттері). Г. аталған еңбегінде батыстық мәдениеттің мемлекет пен құқыққа, білімге, еркіндік пен тұлға белсенділігіне, руханилық пен діни сенімге қатысты құндылықтарына жан-жақты сипаттама беруге ұмтылады. Г. бойынша, егер Құдай өз орнын жоғалтатын болса, онда адам да бағдарынан айырылып қалады. Христиандық сенім, дейді ол, адамдық болмыстың қолайлы ахуалының кепілі болып табылады. Г. «мәдениет» ұғымының пайда болуын Жаңа заман ғылымының қалыптасуымен байланыстырады. Ғылымның дамуы нәтижесінде адам қуаттылығын арттыратын техника пайда болады. Бірақ техникаландырылған мәдениет адамның рухани болмысынан, сенімінен алшақтап кетеді. Г. шығарм. батыстық мәдени типті зерделеуде құнды негіз болып табылады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.**

**ГВАТТАРИ Феликс** (1930–1992) – француз психоаналитигі әрі философ. Шизоанализдің негізін қалаушылардың бірі. Өзінің көптеген шығармаларын Жиль Делезбен бірігіп жазған: «Капитализм және шизофрения» (Т. 1. «Анти-Эдип», 1972, «Кафка» (1975), «Ризома» (1976), «Философия деген не?» (1990). Гваттари сондай-ақ жеке орындаған еңбектердің де авторы: «Психоанализ және трансверсальдық» (1972), «Молекулярлық революция» (1977), «Машиналы бейсаналылық» (1978), «Шизоаналитика-

лық картографиялар» (1989) және басқалары. Неврозды түсінудің басы деген оймен шизофренияны зерттеуге бірқатар жұмыстарын арнады. Психоаналитикалық идеяларға қызыққанымен, кейінірек Фрейдтің, Лаканның, Маркузенің және әртүрлі бағдардағы басқа да психоаналитиктердің тұжырымдамаларын сынады. Жаңашыл, «төңкерістік» психиатриялық практиканы орнықтыру үшін La Borde баламалы психиатриялық клиникасының негізін қалады. Саяси және психиатриялық бастауларды біріктіретін дискурс жасауға ұмтылды. Бейсаналық ұғымын индивидтің ішкі әлемінің құрылымы ретінде кеңейтуді ұсынды. «Машиналы бейсаналылық» тұжырымдамасын ойлап шығарды, ол бойынша бейсаналылық өзін әртүрлі бейнелерді, сөздер мен қалауларды өндіріп шығаруға итермелейтін абстракттілі машинизмдерге толы. XX ғасырдағы тіл философиясына тән дәстүрлі тәсілдерді түрлендіре отырып, «Білдірілетін – Білдіретін» жүйесінің әркілы компоненттерінің үлес салмағы мен маңызын барынша радикалды түрде сипаттады. Оның осындай интеллектуалдық ізденістерінің мақсаты мәдениетке қарсы тұратын абстрактылы декодировканы табу болды. Гваттари, сондай-ақ Делезбен бірлесіп «ризома» (тамырсыздық) тұжырымдамасын жариялады.

**ГЕГЕЛЬ Георг Вильгельм Фридрих** (1770–1831) – классикалық нем. философиясының көрнекті өкілі. Оның шығармашылығының даму кезеңі Германияның саяси-әлеуметтік жағдайының біршама үлкен өзгеріске түсіп, елдегі ішкі қайшылықтар белең алған тұста басталды. Сондықтан ол өзіне дейінгі барлық ойшылдардың, әсіресе, XVII–XVIII ғасырлардағы ағылшын және француз ағартушыларының, сондай-ақ, неміс жерінде кеңінен өрістеген ғылым мен мәдениеттің, өнер мен әдебиеттің жетістіктерін толық зерттей отырып, оларды өз жүйесін жасауға кеңінен пайдаланды. Гегель негізінен өзіне дейінгі философияны тек пайымның әдісінде ғана қалыптасқан деп айқындай отырып, зерденің сан-қилы шығармашылық кезеңдеріне айрықша мән берді. Ол өзінің алғашқы философиялық шығармаларында қоғам өміріне, әсіресе, дін мен саясат мәселелеріне айрықша назар аударды. Г.-дің осы алғашқы шығармаларының ішінен болашақ диалектикалық, зерделілік әдісті тудыруға негіз болған еңбектерінің бірі – «Кім абстрактылы ойлайды?» деген мақаласы. Бұл шағын ғана еңбек болғандығына қарамастан, таным теориясының келелі мәселелерін көтерді. Ол ең алдымен ұзақ жылдар бойы қалыптасып келген таным процесіндегі тек сезімділік пен танымға ғана сүйенген абстрактылы ойды қатты сынға алды. Расында да Г.-ге дейінгі дәуірде сезімділік, пайым – нақтылықтың бейнесі, ал абстрактылық – ойдың жоғарғы даму процесімен тығыз байланысты деген көзқарас айрықша орын алып келді. Нақтылық дегеніміз көптеген анықтамалардың синтезі, көпжактылықтың бірлігі. Яғни нақтылық қандай



да мәселеге болмасын, объективті, тарихи, ішкі байланыстарды анықтау арқылы қарауды талап етеді. Ендеше, таным процесі әуелі абстрактылықтан басталып, нақтылыққа қарай өрлейді. Бұл – таным процесіндегі негізгі ұстын. Бұл ұстынды К. Маркс өзінің «Капиталын» жазу процесінде шебер пайдалана білді. Таным процесінде логика мен диалектикаға ерекше назар аудара отырып, пайым мен зерденің өзара байланысын тереңнен зерттеген Г. өзінің алғашқы еңбектерінің бірі «Рух феноменологиясында» зерделі ойдың негізін көрсетті. Бұл шығарма Г. философиясының «ақиқаттың қайнар көзі және жасырын сыры» рухтың көріну формаларын, яғни оның сана, өзіндік сана, рух, абсолюттік субъекті арқылы даму жолдарын суреттеп берді. Г. «Рух феноменологиясында» сананың қалыптасу және даму жолдарын қоғам өмірімен байланыстыра отырып айқындап берді. Сана әуелі қарапайым түрде (яғни жеке индивидтің санасы ретінде) басталып, сан ғасырларға созылған тарихи белестерден өтіп, қоғамдық санаға дейін көтеріледі. Г. «Рух феноменологиясында» зердеге де ерекше мән береді. Зерде сана мен ойдың тұңғиығына батып кеткен пайымнан келіп шығады. Г. философия тарихында философияны ғылым ретінде қайтадан тудыра отырып, оның жаңа жүйесін жасауға талпынған ойшыл. Оның осы мақсатта жазылған басты еңбегі – «Философиялық ғылымдардың энциклопедиясы» деп аталады. Бұл шығарма негізінен барлық ғылымдарды қамтыған: «Логика ғылымы», «Табиғат философиясы», «Рух философиясы» деп аталатын үш кітаптан тұрады. Г. өзінің «Рух феноменологиясын» абсолюттік біліммен аяқтай келіп, оның абсолюттік идея ретінде басынан кешірген логикалық, табиғи және рухани кезеңдерін терең зерделі ой елегінен өткізді. Яғни ол осы кезеңдерді көрсете отырып, логика ғылымына, жаратылыстану саласына және қоғамдық білімдерге (қоғамдық сананың формаларына) жан-жақты талдау жасады. Г-дің философиясындағы пайым мен зерденің диалектикалық арақатынасы оның үлкен шығармасы «Логика ғылымында» айқын көрсетілген. Логикада ғылыми ұғыну пәні ойлаудың өзі болып саналады. Ал кез келген ғылым бір нәрсе, бір зат туралы ойлау Г. тілімен айтқанда, әрбір ғылым іске асатын ой. Ендеше, ол логиканы ойлау туралы ілім деп анықтай отырып, оның басқа да ғылымдармен іштей тығыз байланыстылығын және сонымен қатар олардан айырмашылығы мен өзгешелігін айқындады.

Г. философиясындағы үлкен бір жаңалық – ол рухтың жан-жақты дамуын диалектикалық негізде баяндап берді. Әсіресе оның «Философия ғылымдарының энциклопедиясы» деген шығармасының «Рух философиясы» деп аталатын бөліміндегі проблемаларды жан-жақты талдай отырып, сол мәселелерді шешудегі зерделі ойына көңіл бөлейік. «Рух философиясында» үш кезең қамтылған. Ол – құқық, мораль және парасат (адамгершілік). Міне, осылардың арасындағы байланыстарды нұсқаған Г.

бұлардың бір-бірімен сабақтасып, жалғасып жатқанын көрсетеді. Айталық, құқ меншіктен басталып, келісім арқылы құқ дәрежесіне дейін көтеріледі. Мораль болса өзінің даму процесінде парасатпен (адамгершілікпен) аяқталады.

Г-дің диалектикасы бойынша адам осы қажеттіліктің темір құрсауынан зерденің «кулығы» арқылы босанып шыға алады. Өйткені, адамдардың еркі мен бостандығы, олардың дүниетанымдық қабілеті қандай да болмасын қоғам заңдылығын өзіне бағындыра алатын сияқты. Бұл жерде ол тарихтағы ұлы адамдардың, саяси қолбасшылар мен әскери көсемдердің (Александр Македонский, Цезарь, Шыңғысхан, Ақсақ Темір, Наполеон, тағы басқалары) ерік-жігері мен мақсаттарына жеткенін дәлелдейді. Алайда, Г-дің диалектикасы бұл адамдар тарихтың даму заңын қаншама бұрмалап, мақсаттарына жеткенімен, олар тарихтың объективті даму заңын өзгерте алмады деп көрсетеді.

**ГЕДОНИЗМ** (грек. *hedone* – көңілділік, рақаттану) – Кирен философиялық мектебі (б.з.д. IV ғ.) мен Эпикурдың (б.з.д. 341–270) дамытқан этикалық ілімі. Г. эвдемонизмнің бір тармағына жатады және ләззат алуды (негізінен сезімдік) тіршіліктің бастауы мен өмір мағынасы деп жариялайды. Жақсы игілік рақаттануға жеткізеді, жамандық қайғы-қасірет әкеледі. Г-нің салыстырмалы толық ілімін Сократ шәкірті Аристипп қалыптастырған. Эпикурейшілдікте Г. принципі сезімдік ләззаттардан рухтың тыныштығына (атараксия) және қасіреттен құтылу жолдарын іздеуге көбірек бағытталған. Қайта Өрлеу мәдениетінде Г-тік бастаулар адам құдіреттілігіне қатысты қарастырылады., Жаңа заманда моральдік Г. тұрғысынан пайымдаулармен философ-ағартушылар және жазушылар әуестенген (мыс., XIX ғ. ағылшын әдебиетінің классигі Оскар Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті»). Қазіргі философиялық дәстүрде (Сантаяна, Дрейк) Г. индивидуализмді дәріптеумен байланысты.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**ГЕЛЬВЕЦИЙ Клод Андриан** (31.1.1715, Франция, Париж – 26.12.1771, сонда) – француз философы. Гельвеций философиясына Локктың таным теориясы негіз болды. Гельвецийдің айтуы бойынша, дүние түйсік арқылы танылады. Ол есте сақтауды танымның екінші құралы деп санады, оған «ұзаққа созылатын, бірақ әлсіз түйсік» деп анықтама берді. Ойлауды түйсіктің араласу нәтижесі ретінде түсіндірді. Адамның ақыл-ойы, оның қабілетінің әртүрлі болуы тумысынан болады деген көзқарастың негізсіз екендігін дәлелдеуге талпынып, оның түрліше болуы қоғамдық тәртіпке,

тәрбиеге байланысты; тек тәрбие арқылы адам қабілетті болады, адамның мінез-құлқын жөндеуді мемл. заңдарды өзгертуден бастау керек; адам – өзін қоршаған орта мен тәрбиенің нәтижесі деген қортындыға келген. Гельвеций – этикада ақылды эгоизм теориясының негізін салушы. Бұл теория бойынша, адамның мінез-құлқы мен іс-әрекеттері олардың жеке мүдделерімен айқындалады. 1758 ж. Гельвецийдің діни тәртіпке қарсы бағытталған «Ақыл жөнінде» деген кітабы шықты. Өкімет орындары бұл кітаптың таралуына тыйым салып, оны өртеп жіберді. Бұл кітаптағы ойын кеңейте түсіп ол «Адам жөнінде» деген атақты кітабын жазды. Бірақ бұл кітабы өзі дүние салған соң, 1773 ж. жарық көрді.

**Әдебиет:** *Счастье. Поэма.* – М., 1936; *О человеке, его умственных способностях и его воспитании.* – М. 1938.

**ГЕНДЕРЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР** – қоғамдық құбылыстар мен өзгерістерді пайымдау үшін гендер деген әлеуметтік жыныс ілімінің танымдық мүмкіндіктерін пайдаланатын пәнаралық білім. Г.з. 1960 жылдардағы АҚШ феминизм қозғалысының қатты дамуына байланысты қолға алынған. Сондықтан алғашқы зерттеулер «әйелдік зерттеулер» (women's studies) болған. Мұндай зерттеулердің кең тарағаны сонша енді еркектердің құқықтары мен ерекшеліктерін қорғау үшін «еркектік зерттеулер» (андрология) қажет болды. Сөйтіп, 70-жылдардан 80-жылдарға дейін зерттеу бағыттары күрт өзгерген.

Қазіргі кезде гендерлік зерттеулер әйелдер мен ерлердің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени мәртебесін, гендерлік рөлдері мен гендерлік қарым-қатынасын зерттеуді қамтиды. Қоғамдағы гендерлік қатынастарға ықпал ету жөніндегі саясатты, стратегиялар мен бағдармаларды әзірлеу мен жоспарлау үшін ақпарат беру.

**ГЕНЕАЛОГИЯ** – туыскандық қатынастарға негізделген, шыққан арғы тектен бастау алатын ұрпақтар сабақтастығын білдіретін ұғым. Г. жай хронология немесе ата-бабалар аттарының жалаң тізімі емес, ол нақтылы адамдардың тек өзінің жақын тегін біліп қана қоймай, сонымен бірге бүкіл этноспен табиғи байланысын және рухани тұтастығын сезінуге бағытталған. Г. тек адамдардың туыскандық-тектік бірлестіктерін ғана сипаттамайды. Мыс., тілдік байланыстарда «Г. ағашы» тәсілі қолданылып, тілдік шоғыр, топ, бөліктер айқындала алады. Айталық, қазақ тілі Алтай тіл шоғырындағы түрік тобы, қыпшақ бірлестігіне жатады. Г. принципі қазақтың дәстүрлі мәдениетінде кең қолданыс тапқан. Жеті аталық үрдіске негізделген туыскандық қатынастар бүкіл этносты біріктірген («қарға тамырлы қазақ»). Қазақ мәдениетіндегі Г-лық принцип әрбір адамды қауыммен тұтастырып тұрған әлеуметтік тетік қызметін атқарған. Г-ның

қазақ өміріндегі нақтылы көрінісіне шежірешілдік жатады. Шежіре, әдетте, «Г. ағашы» принципі бойынша құрылып, онда бүкіл этностың арғы тектері анықталған. Орталық Азия халықтарының ең белгілі шежірелеріне жата- тындары: «Түрік шежіресі», «Моңғолдың құпия шежіресі», «Әбілғазы- Баһадүр-ханның шежіресі», Ұлықбектің «Сұлтандар шежіресі», Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» және т. б. Ислам діні қуат алғаннан кейінгі қазақ арасындағы шежірелерде арғы текті Адам атадан бастау да дәстүрге айналды. Сонымен қоса қазақ мәде- ниетінде субмәдениеттерге қатысты Г-лық құрылымдар да кездеседі: Үш жүздің шежіресі, қожаның шежіресі, төренің шежіресі, төлеңгіттің шежіресі, сунақтың шежіресі, ноғайдың шежіресі және т. б.

**ГЕНЕЗИС** (грек. *Genesis* – пайда болу, қалыптасу) – генетикалық- диахрондық әдістемеді дамушы құбылыстың, нәрсенің, болмыс бітімде- рінің бастапқы кезеңі, шығу тарихы, қалыптасу сатылары. Г. ұғымы мәде- ниеттану ілімінде кеңінен қолданыс табады. Тарихи мәдениеттануда тарихи-мәдени типтердің қалыптасуына үлкен мән беріледі. О. Шпенглер, Н. Данилевский, А. Тойнби оқшау мәдени типтерді зерделегенде, олардың бастапқы қалыптарын талдау нәтижесінде алынған ерекшеліктерінен кейінгі даму бағыттарын айқындайды. Мифологиялық санада Г. хаостан (ретсіздіктен) гармонияға (үйлесімділікке) өту ретінде қарастырылады. Антикалық мәдениетте Г. табиғи және әлеуметтік нақтылы болмыс бітім- дерінің қалыптасуы түрінде зерделенген (Логос, атом, стихиялар, субстрат пен субстанция). Жаңа заманда Гердер, Кант, Гегель және т. б. Г. ұғымын жалпы даму ілімінің аумағында қарастырады. Эволюциялық теорияның қалыптасуы Г. ұғымын жан-жақты толықтырды. К. Юнг Г. ұғымын даму- дың бастапқы үлгілері-архетиптер тұрғысынан зерделейді. Феноменоло- гияда ғылыми зерттеудің статикалық және генетикалық әдістемелері негіз- деледі. Қазіргі мәдениеттануда құрылымдық-синхрондық зерттеулердің генетикалық-диахрондық ізденістермен бірге жүзгізілуі маңызды әрі нәти- желі болады деп есептеледі.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.**

**ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЭПИСТЕМОЛОГИЯ** (грек. *genesis* – шығу тегі және *epistemologia* – таным теориясы) – биогенетикалық концепцияның нұсқасы. Негізгі мәселесі – білімнің құрылымы мен дамуының алғашарт- тары болып табылатын психологиялық механизмдерді зерттеу. Бұл жерде онтогенетикалық дамуды экспериментальды зерттеу барысында алынған деректерді қазіргі заманғы логика мен математиканың жалпы теория- ларымен біріктіру талпынысы жасалған. Білім дамуының тарихи және

сондай-ақ онтогенетикалық процесі эгоцентризм мен феноменализм қалпынан басталады. Бұл қалып танушы субъектінің өз позициясын түсіне алмауымен сипатталады. Бұдан әрі бұл даму объектінің мәніне терендеу арқылы да және өзіндік танымдық белсенділікті рефлексиялау арқылы да жүзеге асады. Зерттеудің осы стратегиясын Ж. Пиаже «жылдамдық», «ұзақтылық» сияқты физикалық ұғымдардың қалыптасуын генетикалық талдау барысында қолданады. Бұл стратегия аталған ұғымдарды кеңістіктік реттілік қатынасынан шығаруға мүмкіндік берді.

**ГЕНОН Рене** (1886–1951) – француз ойшылы, философия бакалавры. 1912 жылы ислам дініне кірген. Интегралды дәстүр ілімінің авторы. Басты жұмыстары: Индуистік ілімдерді зерттеуге жалпы кіріспе (1921) Теософия, немесе бір жалған діннің тарихы (1921), Спириттердің қатесі (1923), Шығыс пен Батыс, Қазіргі әлемдердің дағдарысы, Әлем падишасы, Рухани және уақытша үкімет, Крест символикасы (1931), Болмыс ахуалының көпнұсқалылығы (1932), Шығыс метафизикасы (1939), Көп болу патшалығы және уақыт жорамалы (1945) және т. б. Г. ілімінше, гуманизмге және техникалық прогреске қарсы Ақиқат бір түптен шығып, кейін, даму емес, құлдырау үстінде болған. Сондықтан ең игі мақсат патшалығынан безіп, бұрынғы ақиқатты тірлікке жету ләзім. Міне, осы мақсатта бұрынғы дәстүрлі танымдарды зерттеп, оларды интегралды (тұтас) дәстүрге айналдыру керек. Бұрынғы тірлік руханилығы мол сана патшалығы болған. Кейін сол тірлік бұзылып, сана орнын сан басып, әлем көп болу патшалығына ауысқан. «Абыл мен Қабыл» деген шығармасында Г. көп болу әлемінің қарама-қайшы күштері ретінде көшпенділер мен отырықшыларды атайды. Г-ша, бұл екі таным бір біріне тәуелсіз, бірақ көшпенділер бұрынғы бірлікке, біртұтас Ақиқатқа жақындау. Отырықшылар, керісінше, бұл идеяға қарсы шығып, әлемде шашыраңқылықты және көп болу нұсқаларын көбейткен. Осының нәтижесінде руханилық қылсын, қазір жоқ болудың қасында. Кезінде Қабыл Абылға қалай зұлымдылық жасаса, отырықшылар да көшпенділерді солай жоқ қылады. Міне, осы тұрғыдан Г. дәстүрлі қоғамға бірігуді көксейді. Іс жүзінде тарих қайталанбайды, мұндай қоғамға бірігу мүмкін емес. Сондықтан қазіргі метафизика күйреген заманда Г. идеялары, қанша білімге толы болса да, кертартпалық сипатта көрінеді. Мысалы, шайтанның мұнарасы ретінде ол Кеңес одағы мен Америка Құрама Штаттарын атаған. Әлемнің азып-тозуы иудейлік және масондық ұйымдардың тірлік етуінен деген. Бұл саяси қақтығыстарға әкелетін тұжырым. Сонымен қатар, Г. әлемдік рухани элита қалыптастыру керек деген идеясы құптауға тұрарлық. Г-ша, тек эзотерикалық деңгейде дәстүрдің қосындылары рухани тәжірибеге айналады.

**ГЕНОТИП** – органикалық жүйедегі барлық тұқымдық факторлардың жиынтығы, фенотипте көрінетін тұқымқуалаушылық белгілер. Мәдениеттануда гомогендік және архетип ұғымдарына жақын мағынада қолданылады. Мифологиялық сананы талдаушы ғалымдар Г-тің ілкі дүниетанымда арғы ата-тек түсінігімен тығыз байланыстылығын атап өтеді. Арғы ата-тек туралы адамдардың ежелгі түсініктерінде тотемдік сенім-нанымдар басымдық танытқан. Тотемизм Г. ретінде нақтылы бір киелі жануарды немесе табиғи құрылымды алумен байланысты. Мыс., түркілер өз тотемі деп Көкбөріні қабылдаған. Иудаистік-христиандық-исламдық дүниетанымда Г. символында Адам ата алынады. Жер шарындағы барлық адамдар бұл тұрғыдан Адам ата мен Хауа анадан өсіп өрбіген. Мәдениеттің гомогендігі оның бір этникалық аяда қалыптасып, дәстүр сабақтастығының үзілмегендігін білдіреді. Мыс., қазақ мәдениеті көшпелі түркілік дәстүрдің архетиптерін XX ғ. басына дейін сақтап келген гомогенді құрылымға жатады.

**ГЕНОФОНД** – органикалық жүйелердегі әр түрлі тұқымдық жинақтың сапасы мен түрлік ерекшеліктерінің қосындысы. Мәдени Г. деп нақтылы бір этностық немесе өркениеттің адамзаттың жалпы мәдени қазыналар қорына қосқан құндылықтарының жиынтығы, әлемдік мәдениеттердің көптүрлілігі мен өзіндік ерекшеліктерін атайды. Этномәдени Г. халықтың ғасырлар бойы жинақтап, сұрыптап, уақыт сынынан өткізген игіліктер жүйесін қамтиды. Бұл мәдени Г. тарихи сабақтастықта архетиптер ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Мәдени Г. халықтың шығарм. және жасампаздық үлгілерін, табиғат пен қоғамдық ортаны меңгерудің ұғымды тәсілдерін, білім беру мен тәрбиелеудің ұлттық бітімдерін, көркем өнердің құнды туындыларын, әртүрлі идеяларды т. б. қамтиды. Мыс., қазақтың мәдени Г-да скиф-сақтардың аң стилі, әскери демократияның далалық үлгілерінде қалыптасқан бірегейлену мен ынтымақтастықтың айрықша формалары, ортағасырлық түркі даналарының парасаттылық өрісі, эпос-жырлардағы отансүйгіштік сарындар, суырып салма ақын-жыраулардың өнер жетістіктері, сөз мәдениетінің биік тұлғалары – билердің шешендік өнері т. б. терең ұялаған.

**ГЕНОЦИД** (грек. *Genos* – тек, қауым, лат. *caedo* – өлтіремін) – нәсілдік немесе этностық басымдылық пен жеккөрушілікті желеу етіп, адамдық бірлестіктерді жою әрекеттері. Нәсілдік Г. адамзат тарихында ақ нәсілдің айрықшылығы және үстемдігіне негізделген ұстанымдарды басшылыққа алып, Американың байырғы тұрғындары үндістердің бірталай бөліктерін құртып жіберу әрекеттерінде, негрлерді құлдыққа сатып, оларды туған жерлерінен аластату қимылдарында, Гитлердің «арийлік нәсілдің» үстемдігін орнату мақсатындағы еврейлерді қудалауында және т. б. көрініс

тапты. Г-тің негізі – этностарды «адамдар» және «адамсымақтардан» деген принцип бойынша алалау. Этникалық Г-тің мысалдарына қазіргі заманда да кездесетін әртүрлі «этникалық тазартулар» мен ұлтаралық соғыстар жатады. Г. этникалық емес негізде де жүзеге асуы мүмкін. Мыс., Камбоджадағы пол-потшылардың халықты өлтіру зұлымдықтары. Қазақ халқы да өз тарихында бірнеше Г-тік зұлымдықтарды басынан өткізді (XVIII ғ., XX ғ-дың 30 ж-нда). Г. қазіргі әлем мәдениетіндегі басты құндылықтардың бірі болып есептелетін күш көрсетпеу принципі бойынша қатты айыпталады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРТА** – адамды қоршаған табиғат, қоғамдық өмірдің қажетті әрі тұрақты шарты; географиялық қабықтың бір бөлігі. Г. о. түсінігі табиғаттың қоғам өміріне әсер ететін құбылыстары мен процестерін де қамтиды. Қоғам дамыған сайын оның материалдық қажеттерін қамтамасыз ететін табиғат ортасы да кеңейе береді. Г-лық қабықтың географиялық ортаға енбейтін бөліктері де ондағы табиғат жағдайлардың қалыптасуына әсер етеді. Мыс. Гималайдың биік шыңдары географиялық ортаға еңбегенімен көршілес аймақтардың климатын қалыптастыруға қатысуы арқылы олардың географиялық ортасына да күшті ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, географиялық қабық тұтасымен Г. о. болып табылады. Г. о. қоғам дамуындағы рөлі жөніндегі мәселе ойшылдар назарын ежелден- ақ аударып келеді. қазіргі кезде табиғат пен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастар біртұтас жүйе аумағындағы қарым-қатынас ретінде қарастырылады. Г. о. – қоғам дамуының материалдық қайнар көзі. Адамзат қоғамы табиғатты сыртқы фактор бола тұра, осы өзгерістер жүретін Г-лық о-ның айрықша құрамдас бөлігі болып есептеледі. Сондықтан Г-лық о-ның қоғамдық элементтері мен табиғи элементтерінің қайшылықтары қоғамдық өндірісті дамытушы фактор ретінде айқындалады. Адамзат тіршілігін табиғат пен қоғамның ұдайы өзара әрекеттесуі ретінде бағалауға болады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. ҚҰЭ: Т. 2. 655 б.**

**ГЕОСАЯСАТ** – мемлекеттердің не мемлекеттер блоктарының терри-ториалдық кеңістік ерекше жағдайларының жергілікті, аймақтық, құрлық-тық және әлемдік халықаралық процестердегі орны мен нақты-тарихи ық-палын түсіндіретін теория. Географиялық ортаның қоғам өміріне тигізетін әсерін зерттеуге байланысты шыққан. XVIII ғасырда оны Ш.Л. Монтескье, А.Р.Ж. Тюрго және т. б. дамытты. Олар халықтардың материалдық және рухани өмірі, географиялық ортаның ерекшеліктеріне тәуелді деп пайым-дады. Француз философы Монтеске «Заңдар рухы туралы» деген еңбегінде «Ауа райының өктемдігі басқа өктемдіктердің барлығынан да күштірек»

дейді. Оның пікірінше қоғам дамуы үшін ең қолайлы жақ – солтүстік бөлік. Ал жер шарының оңтүстік жағында күннің ыстықтығы, ауа-райының мамыражай болып тұратындығы адамның денесін балбыратып, күшін кетіреді, халықты жігерсіздікке, жалқаулыққа бейімдейді дейді. XIX ғасырда бұл теорияны Г.Т. Бокль, Ф. Ратцель, В. Кузен, Ж.Э. Ренан, К. Риттер одан әрі дамытты. Ағылшын ғалымы Г.Т. Бокль «Англиядағы өркениеттің тарихы» деген еңбегінде адам баласының өмірі мен тағдырын басты-басты төрт физ. жәйт, атап айтқанда: ауа райы, тамақ, топырақ және ландшафт, яғни жердің жалпы бедер-бейнесі билейді дейді. XX ғасырда гитлерлік Германияда геогр. саясатты өз мүдделеріне пайдаланбақ болды. К. Хаускофер және басқалар фашистердің басқыншылық соғыстарының «зандылығын» дәлелдеп, мұндай соғыстарды «тіршілік кеңістігі жолындағы күрес» деп атады. Осыған байланысты Кеңес Одағы кезіндегі геосаясаттың теріс жақтарымен қатар ғыл. негізді тұжырымдамалары да жоққа шығарылды. Географиялық саясат мәселелері тиянақты зерттеу ісіне Р. Челлен (Швеция), А. Мэхэн (АҚШ), Х. Маккиндер (Ұлыбритания) және т. б. мол үлес қосты. Олар мемлекеттердің орналасу ерекшеліктеріне, жол қатынасына, теңізге шығу мүмкіндіктеріне, көрші елдермен қарым-қатынас жасауға табиғи кедергілердің (таулар, шөлдер, батпақты жерлер, қиын асулар, т. б.) болу-болмауына, олардың ауқымы мен халықтың ұлттық құрылымына, жер бедеріне, топырақ құнарлылығына, қазба байлықтарына, жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне т. б. айрықша назар аударды.

ҚР-ның сыртқы саясатында да географиялық фактор маңызды рол атқарады. Қазақстанның географиялық, геосаяси және геоэкономикалық жағдайларын ескере отырып, Президент Н.Ә. Назарбаев Еуразия идеясын ұсынды. Ел астанасының бұрынғы Ақмолаға көшірілуі де географиялық жағдайдың елдің ішкі және сыртқы саясаты мен экон. дамудағы рөлін ескеруден туындаған.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. ҚҰЭ: Т. 2. 667 б.**

**ГЕРАКЛИД** Понтийский – (Понт Эвксинсийдің оң түст. жағалауындағы Гераклея қаласынан), еж. грек. философы, Платон академиясының мүшесі, Сотион мәлім. сай Аристотельдің дәрістеріне де қатысқан, кейбір мәтіндерде перипатетиктер мектебіне жатқызылады. Спевсипп қайтыс болғанан кейін (б.э.д. 339 ж.) схолярк қызметіне үміткер, Ксенократтан бірнеше дауысқа ұтылған соң, Гераклеяға қайтып оралып өз мектебінің негізін қалауы мүмкін. Диоген Лаэртий (Ү 86–88) Г. шығармаларының каталогын сақтаған (47 атау, негізінен диалогтар). Г. парадоксальдылыққа бейім жарқын жазушы ретінде танымал болған, оның диалогтарының кейіпкерлері, әдетте, тарихи тұлғалар (солардың қатарында Фалес, Пифагор



– «философия» терминін ойлап тауып, өзін алғашқы болып «философ» деп атаған Пифагор туралы аңыз Г. диалогтарынан бастау алады). Сал. Цицеронның Г. еліктеп жазған «Мемлекет туралы» диалогы. Г. шығ. жоғалып кеткен, оның көзқарастарын қалпына келтіру доксографтардың үзінділері мен мәліметтеріне негізделеді. Физикада («Табиғат туралы») Демокриттің өзгермейтін және мәңгілік атомдарына қарсы Г. сапалы өзгешеліктер тән және құдайы әлемдік ақылмен басқарылатын «жапсарласпаған молекулалар» туралы түсінікті дамытты. Г. концепциясы Лампсактан шыққан Стратонға және б.з.д. I ғ. Вифиниядан шыққан дәрігер-натурфилософ Асклепиадқа үлкен әсер етті. Г. диалогтарында Жердің өз осімен айналуы, Венера мен Меркурийдің Күнді, Күннің Жерді айналып қозғалуы (сал. Тихо Брагенің гелиогеоорталықтық жүйесімен), гелиоорталықтық гипотеза және тіпті, басқа планеталық жүйелердің бар екендігі туралы болжамдары сияқты астрономиялық теориялар талқыланды. Жанның астральдық концепциясы («жан Құс жолынан шығатын – жарық») «Аидтегі нәрсе туралы» диалогындағы жанның субстанционалдығын теріске шығаруымен ұштасып жатты.

**ГЕРАКЛИТ** Эфэстік (б.д.д. 544–483 жж.) ежелгі грек философы. Ол басилевс (патша) титулының мұрагері болған, бірақ ол мұрагерліктен бас тартып, інісіне берген. Бірден бір трактаты аңыз бойынша Эфес қаласының қорғаушысы Артемиданың храмына арнаған. Бұл трактаттан 140 шамасында үзінділер сақталған. Кітап метафоралық тілмен, арнайы көп мағыналылықпен, аллегориялармен, жұмбақтармен жазылған. Сондықтан Г. «Қараңғы» («Темный») деп атап кеткен. Трактат үш бөлімнен тұрады: «Әлем туралы, мемлекет туралы, құдай ілімі туралы». Пери-патетикалық доксография Г. метафорикасын сөзбе сөз түсініп, оны «физик» деп бір жақты түсіндірген, бірақ грамматик Диодоттың пікірінше, (Диоген Лаэртций. IX, 15) Г. трактаты «табиғат туралы» емес, «мемлекет туралы». Г. әйгілі «Бәрі ағады, бәрі өзгереді» (ежелгі грекше *παντα ρει και ουδεν μενει*). Бұл фразаның дәл формулировкасы «*παντα ρει και κινειται, και ουδεν μενει*». Сондықтан да аудармасы: «Барлығы ағады және қозғалады және де ешнәрсе өзгеріссіз тұрмайды (сол күйде тұрмайды)». Диалектиканың алғашқы тарихи формасының негізін қалаушы.

Г. грек философиясында бірінші болып өз жүйесінің ортасына өзгеру мен тәртіп мәселесін қойды. Оның ілімінің бастысы – Логос туралы. Грекше «логос» «сөз», «ой» деген мағынаны білдіреді. Кейінірек ол «ілім» деген сөзді білдіретін болды. Әлемде, Г. бойынша, барлығы өзгерісте болады. Ол әлемді суы үнемі өзгеріп отыратын өзенмен салыстырды: бір өзенге екі рет енуге болмайды. Бұл өзгерістерде қарама-қарсылықтар заңы билік етеді. Барлық бар нәрсе өзінің қарама-қарсысына өте алады және өтіп отырады.

Жылы суық болады, күн түнмен ауысады, өмір өліммен ауысады т. б. Г. және барлық мүмкін болатын қарама-қарсылықтардың түрлерін көрсетеді. Қарама-қарсылықтар бір мезетте өмір сүреді, бірінен соң бірі келіп отырады, бір-біріне өтіп отырады. Сонымен қатар, ол қарама-қарсылықтардың сәйкес келу теңдігі туралы идеяны ұсынады. Біздегі бір нәрсе тірі де, өлі де, дейді Г. Бірақ қарама-қарсылықтар өздігінен өмір сүрмейді, ол әлемді билейтін универсалды күштің қасиеті. Ол күштің аты – Логос. Г. Логос ұғымына Космоста бәрі бағынатын, тіпті Космостың өзі де бағынатын универсалды заңдылық мағынасын береді. Логос – белгілі бір әлемдік зерде, ол барлығын сол барлығының көмегімен басқарады. Логос біртұтас емес, ол қарама-қарсылықтардың бірлігі. Логос, Г. ойынша, барлығында бар, бірақ өз санасынан жоғары көтеріле алмайтын адамдар оның бар екендігін білмейді. Адамдар жеке нәрселерді байқамайды, біртұтастықты түсінуге қабілетсіз. Г. ойынша, жекелікке жалпылық тұрғысынан қарау керек.

Логосты оттан байқауға болады: өзінің өзгерісінің біркелкілігіне қарай от Г. байқаған әлемді құрайтын эфирдің алауы, су мен түтіннің бір-біріне ауысуының өлшемі болып табылады. Барлығын гармонияға әкелетін Логос немесе өлшем, әлемге мәндік бірлік береді. Адам міндетті түрде Логосты тануы керек, өйткені адамның жаны оттан жаралған, ол ақымақтықтың, сонымен қатар, ұйқы мен өлімнің әсерінен болатын ылғалмен өшірілуі немесе бәсеңдетілуі мүмкін. Белсенді күйінде жан материалды түрде сыртқы заттардың отты элементімен жанасады, одан қорек алады. Егер жан ақымақтыққа, бірте-бірте ылғалдануға қарсылық білдірсе, ол белгілі бір уақытқа өлімді де жеңеді. Ақымақ адам мен ақылды адамның айырмашылығы олардың жандарының «ылғалды» немесе «құрғақ» болуымен байланысты.

Г. адамдардан безіп, таулы шөптерді қорек етіп, жалғыз өмір сүрген деген аңыз бар. Оның өлген уақыты белгісіз. Диогеннің айтуынша, ол 60 жасында, б.д.д. 484–481 ж. аралығында қайтыс болған.

**Әдебиет:** Кабисов Р. С. Логос Гераклита и наука логики // *Философия и общество. Philosophy and society.* – М., 1998. – № 3. – С. 135–154; Кессиди Ф. Х., Кондзёлка В. В. Гераклит и Древний Восток // *Философские науки.* – 1981. – № 5. – С. 94–100; Гераклит // *Фрагменты ранних греческих философов. Часть 1: От эпических теокосмогоний до возникновения атомистики / Изд. подг. А. В. Лебедев.* – М.: Наука, 1989. – (Памятники философской мысли.).

**ГЕРДЕР Иоганн Годфрид** (1744–1803) – неміс философы, ағартушы, жазушы және әдебиеттанушы, мәдениет теоретигі. Ол адамзат тарихындағы ең түбегейлі органикалық негізде өлі және тірі табиғат эволюциясы нәтижесінде адам мен қоғамның қалыптасуы жөніндегі теорияны ұсынды. «Адамзат тарихы философиясының идеялары» (1784–91) атты 4 томдық еңбегінде адамзаттың үздіксіз қарыштауы туралы жазды. XX ғ. басына дейін бұл идея аксиомалық сипатта болып келді. Оның пікірі бойынша, қоғам –

бұл серпінді тетіктері, алдымен тіл, кейіннен оның негізінде қалыптасқан ғылым, колөнер, өнер, дін, отбасы, мемлекет болып табылатын органикалық тұтастық. Халықтар тарихы, Г. бойынша, әрбір буыны алғашқысы және келесісімен ажырамас байланысқан мәдени дамудың тұтас тізбегі болып табылады. Мәдени дамудағы тіл мен қоғамдық институттардың қызметін жоғары бағалау Г-ді қазіргі мәдениеттанудағы рәміздік және әлеуметтік мектептерге жол ашушы деп санауға негіз бола алады. Г. әлемдік деңгейдегі Шекспир, Сервантес, Пушкин сияқты даналардың шығарм. әр уақытта ұлттық сипатта болады деді. Әрбір халық өзінің арнаулы бағдарламасы бойынша дамиды. Сонымен қоса, бұл дамуда этнос парасаттылық және әділеттік мақсаттарын көздеуі керек. Бұл жағдайда адамның жоғары қасиеті – гумандылық жүзеге асады. «Халық әндері» (1778–79) жинағында Г. поэтикалық шығарм.-та барлық халықтардың теңдігі туралы идеяны қолдайды. Оның шығарм. мәдени-тарихи әдістеменің негізін қалады.

**Әдебиет:** Гердер И. *Идеи к философии истории человечества.* – М., 1977; **Философия. Энциклопедический словарь.** – М., 2004.

**ГЕРМЕНЕВТИКА** (грек. *hermeneutike* – түсіндіру өнері) – алғашқы мазмұнында көнеліктен немесе көпмаңыздылықтан түсініксіз мәтіндерді түсіндіру өнері және ілімі. Г. ежелгі антикалық дәуірде көне ақындардың (ең алдымен – Гомердің) шығармаларындағы рәміздерді, таңбаларды, құпиялап айтуларды түсіндіру тәсілі ретінде қалыптасқан. Ортағасырларда Библиядағы көркем бейнелер мен меңзеп айтуларды түсіндіруге байланысты Г-ны діни өкілдер жан-жақты қолданған. Қайта Өрлеу дәуірінде Г. антикалық мәдени мұралардың тілін тірі, сол замандағы мәдени тілге аудару мақсатында пайдаланылған. Ф. Шлейермахер еңбектерінде Г. Қасиетті Жазу мәтіндеріндегі астарлы тілді жаңаша түсіндіру үшін кеңінен пайдаланылды. Ол үшін догматтар мен рәміздер діндарлық сезімдер болып табылады, дамушы діни тәжірибе сенімнің субстанциясына айналды. Шлейермахер қазіргі философиялық ұғымдарды қолдану тәжірибесі арқылы ескі діни мәтіндерге жаңа мазмұн беруге болады дейді. Қазіргі мәдениеттануда – Г. «тұлғалық түсінуші тәжірибемен» (Г. Гадамер) байланыстырылады. Гадамер бойынша, тарихи құрылымдар мен мәдени деректерді түсіндіру тіл мүмкіндіктеріне негізделген. Табиғи тіл өз мағыналарымен ойын жағдайында болады. Г. міндеті өзімен-өзі тұтас мәтінді дәл жектізу. Әсіресе, поэзияда Г. қажетті, өйткені, ақын жиі сәуегей кейпінде өз ойын жеткізеді. Г. мәселелерін де қарастырған. «Басқа мәдениетті түсіну үшін, дейді М. Бахтин, оның «ішіне» ену керек. Сонымен қоса, басқаны түсіну үшін өзіндегі тұрақтылықты да сақтау қажет».

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.

**ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ ШЕҢБЕР** – герменевтика философиясының басты ұғымдарының бірі. Оны ғылыми қолданысқа енгізген Шлейермахер. Г. ш. – бөлік пен тұтас нәрсенің диалектикасына негізделген мәтіндерді ұғынудың тәсілі: тұтастықты ұғыну оның бөлек бөліктерін ұғынудан жиылады, ал бөліктерді ұғыну үшін алдын ала тұтастықты ұғыну қажет.

Дәстүрлі қоғам құбылысын ұғынуымыз үшін алдымен дәстүр ұғымына тоқталуға тиіспіз. Дәстүр (лат. *Traditio* – тапсыру, жүктеу) – әлеуметтік-мәдени тәжірибе қосындыларын ұстап қалу, орнықтыру және таңдамалы түрде сақтау ісінің әмбебап құралы. Дәстүр қазіргі нақты қызмет жүйесінде бұрынғы заманның уақыт сынынан өткен нұсқаларын қайта тудыруды қамсыздандырады, яғни, ол осы шақ пен болар шақты өткен шақ құндылықтарымен негіздейді. Тар мағынада Дәстүр дегеніміз мемлекет нұсқауынсыз, өзінен өзі тірлік ететін құндылықтар қуаты. Дәстүрлі таным өзіне ешбір мақсат немесе бағыт-бағдар қоймайды, себебі оның мақсаты өз ішінде өзімен бірге қызмет етеді. Ешкім Дәстүрдің себебін іздемейді, өйткені ол бұрында бар болған, ал оның өнімділігі үйреншікті нұсқаға дәлдігімен есептеледі. Дәстүр мұндай тірі шынайы, «бастапқы», ой елегінен өтпеген деп аталады (В.Л. Абушенко). Ол бір жағынан, белгілі әрекеттерді және ережелерді ұстану арқылы таралса, екінші жағынан, ауызша, фольклор мен мифология арқылы таралады. Дәстүр бүкіл құрамы символикалық мағынаға толы, белгілі мәдениетте бекіген мағына мен архетиптерге сілтеме жасайды. Шынайы Дәстүр ритуалдық нұсқасы түпкі мағынасын жоғалтқанда әдет-ғұрыпқа айналады. Өте ерте замандардың өзінде, Ежелгі Шығыс немесе антикалық қоғамдарда Дәстүр өзгеріске түсіп, ақылға көнуге икемделіп, мамандар жасайтын мәдениеттің қолына түседі. Мұнда ол әріптік-таңбалық нұсқаға ауысып, белгілі мәтіндерде сақталады. Осындай өңдеуден өтіп, Дәстүр қайтадан нақты рәсімге айналады да, осы шақтағы тірі субъектердің ұстанымы ретінде қызмет етеді. Сөйтсе де, ол дәстүртанушы тұлғаның мұқтажына байланысты түрлі сипатқа ие болады. Оны тұтынушы немесе жаратушы тұлғалар пайдалануы мүмкін. Соңғы жағдайда авторлық Дәстүр пайда болып, жаңаша тәжірибе қалыптастырады. Міне, осындай жағдайларда шынайы және бастапқы емес, екінші дәрежедегі Дәстүрді сөз етуге болады. Бастапқы және екінші дәрежедегі Дәстүр қосындысы кең мағынадағы Дәстүр ұғымын құрайды. Дәстүр бұл екі түрін біріктіретін нәрсе, олардың сыртқы күштің қатысуынсыз өз бетінше тірлік етуіне, ал айырмасы екінші дәрежедегі авторлық Дәстүр жекетұлғалық ой елегінен (рефлексия) өтуіне байланысты. Дәстүрлі қоғам деп өзгеріске түсуге құлықсыз, тек дәстүр шеңберінде тірлік ететін қоғамды атайды.

**ГЕРМЕС** (грек. *Hermes* – ежелгі грек мифологиясында Зевстің ұлы) – малшылық пен сауданың құдайы, жолаушылардың пірі (оны бейнелеген

мүсіндер – гермалар – жол бойына қойылатын), құдайлардың хабаршысы. Ежелгі Рим мифологиясында Меркурий деп аталған. Эллинистік дәуірде Г. магияны қолдаушы деп есептелген.

**ГЕРОНТОКРАТИЯ** (грек. *Gerontros* – қария, *kratos* – билік, күш) – ағылшын этнографы У. Риверс XX ғ-дың басында енгізген, қауымдық мәдениеттегі қариялардың ерекше орны мен билігін білдіретін ұғым. Г. дәстүрлі қазақ мәдениетінде белең алған әлеуметтік құбылысқа жатады. Көшпелік қоғамдағы ақпараттық берілудің ауызекі бітімдерінің үстем болуы «жазылып қойған хатпен бірдей» ақсақалдардың әлеуметтік ролін арттырды. Г-ның қазақтардағы тағы бір бастауы ұлттық мәдениеттің туысқандық қатынастар негізінде қалыптасуынан нәр алады (жеті аталық үрдіс). Туысқандық қатынастарды басты құндылық санайтын генеалогиялық-шежірешілдік дәстүр арғы тектің маңыздылығын дәлелдейді. Г. ұлттық мәдениетте жасы үлкен адамдарды құрметтеу рәсімдерінен көрініс табады.

**ГЕТЕ Иоганн Вольфганг** (1749–1832) – ұлы неміс ақыны, дана ойшыл, табиғаттанушы. Жас кезінен үйінде арнаулы жан-жақты білім алды, жеті- сегіз жасынан бірнеше көне және еуропалық тілдерді меңгерді, француз мәдениетімен жетік таныс болды. Лейпциг және Страсбург университетін бітірді. Г-нің рухани қалыптасуына Винкельман, Гердер және Шиллер үлкен әсер етті. «Гец фон Берлихинген» (1773) атты драмасында реформация кезеңін- дегі бүлікшіл рыцарьдың бейнесін ашып көрсетті. Бұл шығармасында романтизм ықпалы байқалды. 1774 ж. Г. «Жас Вертердің азаптары» атты романын оқушы қауымға ұсынды. Бұл романында Г. жас кезіндегі күмән- дану мен тынымсыз ақиқат іздеуден гөрі, тұрақты қалыптасқан бейнелерге көбірек бас ұрады. Ол Спиноза пантеизмінен әуестеніп, адамға деген шы- найы махаббатымен дараланған Прометей, ізгіліктің жоғары моралін дәйек- ті ұстаған Христос, тынымсыз ізденістегі Мәңгі Жид, Фауст бейнелеріне үңіледі. Г. антикалық классикалық мәдениетке үлкен мүдделілік танытады. Антикалық өнер мен әсемдік Г. бойынша, Ежелгі Грекияда мүмкін болған еркін мемлекеттегі тұлға мен қоғам арасындағы үйлесімділіктің көрінісі. Тек осы жағдайда адам адам бола алады. Осындай мұратты азаматтық салада қоғамдық қайшылықтар теңестіріп, үйлесімділікпен шешеді. Үйле- сімділік тұрғысынан кез келген саяси күштеу тұлғаның жан-жақты дамуын шектеу болып табылады. Сол себепті Г. француз төңкерісін қабылдамады, оған қарсы сатиралық пьесалар жазды. «Соңғы Гомерид» болғысы келген Г. Илидаға еліктеп «Ахиллеаданы» жаза бастады, бірақ аяқтамады. Веймарда Г. бірінші министр қызметін атқарды. Ол басқару қызыметімен қатар, білім беру, денсаулық сақтау істерімен көп айналысты. Бұл кезеңде Г. табиғаттанушы ғалым ретінде салыстырмалы морфология (терминді өзі

енгізген), физика (оптика мен акустика), минералогия, геология және метеорология салаларында маңызды жаңалықтар ашты. Г-нің өсімдіктер мен жануарлар жүйелеріндегі құрылымдық бірлік туралы идеялары дарвинизмге жол ашты. Г-нің бүкіл еуропалық ағартушылық ойдың тұжырымдамасына жататын еңбегі – «Фауст» трагедиясы. Кейін Ф. Ницше жалпы батыстық мәдени типті фаустық адам деп атаған. Фауст бейнесінде ақиқатты тынбай іздеуші, азаттық үшін күрескер, рухы жоғары, нағыз жасампаз кейіпкер суреттелген. Мефистофель болса, Г-нің өзіндік күмәндарын білдіреді. Г. еуропалық Жаңа заман мәдениетін биік тұрғыға көтере білген тарихи-мәдени тұлға.

**Әдебиет:** Гете И. Избр. филос. произв. – М., 1964; **Философия. Энциклопедический словарь.** – М., 2004.

**ГИПЕРМӘТІН** (грек. *hyper* – жоғары, ар жағында) – мәтіндер иерархиясында, жүйеге айналған, сонымен қоса мәтіндердің көптігін білдіретін арнаулы құрылым. Г-нің қарапайым мысалына сөздіктер мен энциклопедиялар жатады: ондағы әрбір мақала осы сөздіктегі басқа мақалаларға сілтеме береді. Осындай мәтінді әр түрлі оқуға болады: Г-дік сілтемелерді ескермей, қажетіне қарай, бір мақаладан екіншісіне сілтемелерді ескере отырып, мақалаларды басынан аяғына дейін немесе бір сілтемеден келесісіне ауысып, Г-дік саяхат жасау кездеседі. В. Рудневтің «Қазіргі мәдениет сөздігі осы үшінші тәсілмен құрастырылған. Айталық Г. мақаласын оқу үшін гипершындық, виртуалдық шындық, сананың өзгерілген түрлері сияқты мақалаларымен міндетті түрде танысу қажет. Г. әдетте, тізбектік сипатта болады және ол түзу сызықты емес ой лабиринтіне ұқсас. Оған бір енгеннен кейін, қайта шығу қиындық туғызады.

Мыс., «Көк шалғынды кесуші» фильмінде кейіпкер компьютерлік виртуалды шындықтармен танысқан соң, парасаты мен денесі күшейіп, әлемдік билікке ұмтыла бастады, бірақ компьютерлік Г-ге түскеннен кейін одан шыға аламай қалды, өйткені, ол өз паңдығының қақпанына түсті. Мыс., Адам белгілі бір Г-ді қабылдайды: нақтылы бір тіл ойындарды, қарым-қатынас шеңберін, ойлау тәсілдерін, әдетті кітаптарды т. б. Енді ол осыөзін жалықтырған дүниеден кетейін десе, оны қалыптасқан Г. ережелері ұстап тұрады. Олардан шығу үшін үлкен ырық қажет. Бірақ, ол адамды ырықсыз билей алады. Г. адаммен ойын ойнағандай болады.

**Әдебиет:** Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.

**ГИПЕРШЫНДЫҚ** – гипермәтін және виртуалды шындық ұғымдарына жақын, француз философы Жан Бодрийар ұсынған ұғым. Г-ты түсіну үшін шындықты мәтінмен қоса алу керек те, мәтінді гипермәтін ретінде қабылдау қажет, сонда Г. түсінігі шығады. Бодрийар пайымдауынша

біз осы Г-та өмір сүріп тұрмыз. Бұқаралық ақпарат құралдары, толассыз ақпарат ағыны адам санасын мүлдем билеп алған. Адам дауыл кезіндегідей кемеңгір үстінде бір шетінен екіншісіне домалай береді. Мыс., 1991 ж. Ирак пен АҚШ-тың арасындағы соғыс шындық мағынасында болған жоқ. Бұл компьютерлер дисплейі мен видеопроекторлар экранына «отырғызылған» гипермәтіндік соғыс болды. Бұл ешқандай мистика емес, ол Г. метафизикасы, ояу түс. Тіпті, компьютерлік көркем әдебиет және оның тым болмаса, бір классигі белгілі. Оның фамилиясы да – Джойс, бірақ есімі Джеймс емес – Майкл және ол «Улиссі» емес, компьютерлік роман «Тал түсті» жазды. Бұл романды тек компьютер дисплейінде ғана дәл оқуға болады. Ол Г. түрінде құрастырылған. Клавиштерді басу арқылы оны соңынан басына дейін де, эпизодтарын ауыстырып та оқи беруге болады. Г-та уақыт пен кеңістік жасанды болып шығады: кеңістік – прагматикалық, ал уақыт болса – сериалды. Мыс., Г-та қазіргі оқиғаны суреттей келе, тарихтың терең қойнауларына кетіп қалуға болады, одан болашаққа жету үшін бір кнопка жеткілікті. Г. – адамдық мәдениеттің ерекше бір тілдік бітіміне жатады.

**ГИПОТЕЗА** (гр. *hypothesis* – негіз, топшылама) – ақиқаттылығы анықтала қоймаған ғылыми болжау немесе топшылама. Г. ұсыну және оны эксперимент жүзінде тексеру арқылы ғылыми танымда жаңа білімге қол жеткізіледі. Ғылым дамуы тарихының ұзына бойында гипотезалар сілемі жатқаны белгілі. Олардың ғылыми теория құрудағы рөлі зор: алғашында Г. түрінде ұсынылған ғылыми ұйғарымдар өзара бәсекелесіп екшеліп келе ақиқат түрінде сипат алып, теорияны құрудың қажетті сәтін анықтайды. Мысалы, қазіргі физиканың ең дамыған теориясы болып табылатын кванттық механиканың қалыптасуы мен дамуы тарихын алатын болсақ, оның бастауында М. Планктың (1900 ж.) кванттық Г.-сы жатқаны белгілі. Содан бастап 1927 ж. кванттық механика ғылыми теория ретінде құрылып аяқталғанға дейін, Г. теорияны дамытудың формасы ретінде қызмет жасап отырады. А. Эйнштейннің фотоэффект заңдылықтарын түсіндіруде кванттық гипотезаны қолдануы, Н. Бордың кванттық постулаттары, Э. Шредингер мен В. Гейзенбергтің математикалық гипотезаларға негізделген зерттеулері, кванттық механиканы интерпретациялаудағы әртүрлі гипотетикалық тұрғыдағы тұғырнамалардың (концепциялардың) өзара бәсекесі және т.с.с. Ғылыми проблемаларды шешу Г.-лар ұсыну және оларды тексеру арқылы іске асады және осы үдерісте олар бірін бірі ауыстырып, ақиқат білімге жетуге бастайды. Ғылыми теория құрылғаннан кейін де оның күрделі құбылыстарды түсіндіруде қолданылуы әртүрлі дәрежедегі Г.-лар ұсынуы қажет етеді. Ғылыми теориялық таным дамуының сұлбасын былайша өрнектеуге болады: «Проблема – гипотеза – идея – метод – теория». Гипотезалық білімге әрқашан ықтималдылық тән екенін ескерсек, Г. ұсыну,

негіздеу, тексеру, оның дәлелденуі немесе теріске шығарылуы ләзімінің маңызды екені байқалады. Ықтималдылық ғылыми танымға іштей тән екені анықталады. Қазіргі ғылым методологиясында верификациялаудан гөрі фальсификациялау үдерісінің алға шығуы осыған байланысты.

**ГНОСТИКТЕР** (грек. *gnosis* – білім) – христиан теологиясын Көне Шығыс діндерімен, неоплатонизм және пифагореизммен біріктірген діни философиялық ағым. Г-дің түсінігі бойынша, құдайды тану мүмкін емес. Оны тек материядан тыс құрылуынан танысың. Себебі, материя – зұлымдық, қасірет. Философия тарихында ізі қалған Г. ретінде Мысырлық Валентинді және Сириялық Валентинді атауға болады. Екеуі де II ғ-да өмір сүрген.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**ГОББС Томас** (1588–1679) – ағылшын философы, қоғамдық келісім теориясының негізін салушылардың бірі. Г. көзқарасының қалыптасуына Ф. Бэкон, Галилей, Гассенди, Декарттармен қарым қатынаста болуы үлкен әсер етті. Г. XVII ғ-да өрістеген Жаңа заман мәдениетінің филос. және саяси-әлеуметтік бастауларын негіздеуде үлкен қызмет атқарды. Ф. Бэкон сияқты білімді адам өмірі мен игіліктерінің басты қайнар көзі деп есептеп, әсіресе, қоғам туралы ілімдерді бір жүйеге келтіргісі келді. Г-тың әлеуметтік ілімі еуропалық ойдың ары қарай дамуына үлкен әсер етті. Г. мемлекетті құдайшылықтан гөрі адами бастаулардан қалыптасатын «жасанды дене» деп қарастырды. Табиғи жағдайда, дейді Г. адамдармен бір-бірімен толассыз соғыс («бәрінің бәрімен соғысуы») жағдайында болды. Адам адамға қасқыр сипаттас келді. Жалпы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін адамдар қоғамдық келісімге келіп, құрастырылған мемлекетке өз құқықтары мен азаттықтарын берді. Мемлекетті басқарушының қызметі – осы бейбітшілік пен ел құттылығын қорғап отыру. Г. өз отанындағы азаматтық соғыс зардаптарын дұрыс шешу үшін тұрақты азаматтық келісім қажет деді. Әдептіліктің негізінде Г. бойынша, табиғи заң – өзін-өзі сақтауға және табиғи мұқтаждықтарды өтеуге ұмтылу жатыр. Г-тың 18 ғ-да жан-жақты шарықтаған Ағартушылық мәдениеттің алғышарттарын қалыптастырудағы рөлі үлкен болды. Негізгі шығармалары: «Табиғи және саяси заңдар элементтері» (1640), «Философия негіздері» трилогиясы, «Дене туралы» (1655), «Левиафан» (1651) және «Азамат туралы» (1642), «Адам туралы» (1658).

**Әдебиет: Гоббс Т. Избр. произв. – М., 1964. Т. 1–2. Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.**

**ГУМАНДЫЛЫҚ** (лат. *humanus* – адамдық, адамгершілік) – тұлға ретіндегі адамның, оның еркін дамуы және өз қабілеттерін жүзеге асыру



құндылығын мойындау, адам игіліктерін қоғамдық қатынастарды бағалаудың өлшемі ретінде қабылдау. Тар мағынасында – орта ғасырдағы діни схоластикаға қарсы Қайта Өрлеу дәуіріндегі зайырлы еркін ой. Бұл өзіндік құндылықтардың түбірі адам екендігін мойындаудан бастау алады. Г-тың теориялық тұжырымы ретінде И. Канттың мына ойын келтіруге болады: «Мен мынаны айтамын: адам және кез келген ақылды жан басқаның ырқынан туындаған құрал емес, әр уақытта мақсат болып табылады, өзіне не басқа ақылды жандарға бағытталған әрекеттерінде ол қашанда мақсат ретінде алынуы қажет». Теориялық ілім ретінде Г-ның негізінде адамның ешқандай шартсыз, өзімен өзі жеткілікті құндылығы идеясы жатыр. Еуропа-орталықтық ұстаным бұл идея тек Батыста қалыптасады деген пікір айтады. Алайда, ортағасырлық мұсылман философиясында мінсіз жетілген адам ұғымын (әл-камили әл-инсаний) Ислам Ренессансының өкілдері (әл-Кинди, әл-Фараби, суфийлер, парсы-тәжік ақындары) жан-жақты зерделеген. Христиандық мәдениетте Г. идеясы «басқаға деген махаббат» және «жақынға деген махаббат» түсініктері арқылы берілген. Егер біріншісінде адам өзін және жақындарын адамзатқа деген абстракты сүйіспеншілік үшін құрбандыққа шалуға тиіс болса, онда екіншісі нақтылы адамға бағытталған. Г. алыптылық (титанизм), не әлсіздік пен пақыршылық идеологиясы емес. Оның негізінде адамды қастерлеу идеясы жатыр.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т. 12. – Астана: Аударма, 2005.**

**ГУМБОЛЬД Вильгельм** (1767–1835) – неміс филологы, философ, өнер теоретигі, немістің классикалық гуманизмінің көрнекті өкілі. Тарихтың мақсатын ол көркем туындыға ұқсас, белгілі бір үйлесімді тұтастық болып табылатын, адамдық даралықты қалыптастыратын және руханилық мұраттарды жүзеге асырудан көрді. Тұлғалар мен ұлттардың ерікті ішкі дамуы Г. бойынша, өзіне рухани шығарм. тұлғалардың әрекетін қосып алды. Мемлекет әрекеті, дейді Г. шектелген және ол сыртқы шекаралар мен ішкі құқық қорғау қызметтерімен анықталады («Мемлекет әрекетінің шекаралары», 1792). Бірнеше теориялық еңбектерінде («Ежелгіні, әсіресе гректікін зерттеу туралы», 1793, «Эстетикалық тәжірибелер») грек өнерінің маңыздылығын атап өтті. Г. шығарм.-ның биігіне оның тілтану еңбектері жатады. Тіл тек дайын қарым-қатынас құралы емес, ол өз бойына «халық рухын» жинақтаған. Г. мәдениетті «тарихта әрекет етіп отырған халықтардың рухын» білдіретін органикалық тұтастық деп есептеді. Г. дербес пән ретіндегі тіл философиясының негізін қалады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**ГУМИЛЕВ Лев Николаевич** (1912–1992) – тарихшы, географ, түркі халықтары мәдениетін терең зерттеушілердің бірі, көрнекті мәдениеттану-

шы. Акындар Н. Гумилев пен А. Ахматованың ұлы, 1930–50 ж. қуғынға ұшыраған. Еуразиялық тарихқа қатысты еңбектерінде ол мәдениетті табиғи орта, этнос және мутациялық ғарыштық әсерлердің өзара қатынасынан туатын нәтиже деп алады. Бұл өзара байланыс «пассионарлық» деп аталатын адамдардың қайталанбалы күш серпінділігін және шығармашылығын тудырды. Г. бойынша, этностар өз бастауларын ғарыштан алады. Жаңа халықтардың пайда болуы (этногенез) – табиғи құбылыс және пассионарлық өрлеу кезеңдерінде этностар адам қолы мен рухани дамудың жемісі болып табылатын ерекше мәдени типті өмірге әкелді, әрбір пассионарийлер, дейді Г., өздерін белгілі бір мақсаттарға жаңқиярлықпен бағыттайды, әрбір мәдениет тек өзіне тән діл мен іс-әрекет, қылық түрлерін қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге бұрынғы мәдениеттермен тектік, дәстүрлі байланыста болады. 1200–1500 жылдар аралығында этнос өзінің мәдени дәстүрін дамытады, кейін пайда болған жаңа пассинарийлер бөлек мәдени дәстүрді қалыптастырады. Этностардың ауысуы не басқалардың арасында сіңіп кету, не мүлгіген реликтіге айналып кету, не әлеуметтік қақтығыстар түрінде болуы мүмкін. Көптеген зерттеулерінде Г. еуразияшылдық идеясына үндес пікірлерді қолдаған. Ол Н.С. Трубецкойдың жалпыадамдық мәдениет жоқ деген қағидасын қолдайды. Г. бойынша, тек күрделі органикалық мәдени этникалық жүйе тарихта табысты әрекет ете алады. Осындай жүйе еуразиялық – Ресей мәдениетінен көрініс табады. Г. түркі-славяндық мәдениеттің ортақ белгілеріне көп назар аударады. Ол еуразиялық Ұлы даланы бірнеше мәдени ареалдарға бөліп, номадалық мәдениеттің тарихи орнын әділ анықтап беруге ұмтылады. Г. Орталық Азияны әлемдік мәдениеттің басты ошақтарының бірі деп қабылдайды. Г-тің философия мәселелерін көтерген негізгі еңбектері: «Ежелгі түркілер» (1967), «Этногенез және Жер биосферасы» (1979), «Ежелгі Русь және Ұлы дала» (1989), «Русьтен Ресейге дейін» (1992) т. б.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**ГУССЕРЛЬ Эдмунд** (1856–1938) – неміс философы, феноменологиялық бағыттың негізін салушы. Математика мен логика мәселелерімен көп айналысқан. 1900–1901 жылдары екі томдық «Логикалық зерттеулерін» жариялап, жаңа философиялық тәсіл ретінде феноменологияның дүниеге келгенін жариялады. Еңбектің бірінші томында («Таза логикаға пролегомендер») Г. енді өзі «психологизм» деп атаған бұрынғы көзқарастарын сынайды. Логика мен математиканың негіздерін эмпирикалық ғылыми психологиядан іздеу дұрыс емес. Тек априорлы ғылым ретіндегі философия ғана рационалды ұғымдарды негіздей алады. Бірақ философия дескриптивтік феноменологиямен толықтырылуы қажет. Дүние қалай болса, оны сол күйінде алу керек, «заттардың өзіне қайту қажет» дейді. Г. феноменологиясы

заттар мәнділігін таным актілерінен табады. «Логикалық зерттеулердің» екінші томында «білдіру» және «мағына» сияқты маңызды логикалық мәселелерге назар аударады. Бұл томда интенционалдық ұғымын жан-жақты қарастырады. Г. барлық ділдік құбылыстарда интенционалдық бар дейді. Ол философиядағы өзі «натурализм» мен «тарихшылық» деп атаған ағымдарды сынға алды. Философия рефлексиялық ілімге айналу керек. Бұл жағдайда «таза сана» немесе «трансценденталдық Эго» дараланып, ол үшін барлығы объектілерге айналады. Сана объектілері «таза мәндер» немесе «эйдостар» болып көрінеді және феноменологияның міндетіне оларды суреттеп беру жатады.

**Әдебиет:** Гуссерль Эд. *Логические исследования*. – М., 2001; *Философия. Энциклопедический словарь*. – М., 2004; *Мәдени-философиялық энциклопедия*. – Алматы, 2007.

**ҒАБИТОВ Тұрсын Хафизұлы** 1991 жылы Қазақстанда бірінші ұйымдастырылған мәдениеттану кафедрасын 1995 жылға дейін басқарды. Оның басшылығымен алғашқы мәдениеттанулық зерттеулер жүргізілді, қазақ мәдениетін зерттеудегі ең маңызды отандық мәдениеттанулық ғылымының теоретикалық-әдіснамалық мәселелері анықталды. Профессорлар Т.Х. Ғабитов, Ж.М. Мүтәліпов және А.Т. Құлсариева 2001 жылы мәдениет және ақпарат Министрлігінің конкурсында «Қазақстанның онжылдықтағы үздік кітабы» деп танылып, қазақ және орыс тілдерінде бірнеше мәрте басылып шығарылған «Мәдениеттану» оқулығының авторы болды. Сонымен бірге, Т.Х. Ғабитов жаңа буында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарияланған «Қазақ мәдениетінің тарихы» (2020, 60 б.т.), «Мәдени-философиялық энциклопедия» (2019, 20 б.т.), «Қазақ философиясы» (2019, 17 б.т.); «Қазақ этикасы» (2020, 17 б.т.), «Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі» (2013, 25 б.т.) және т.б. монографиялардың авторы; қазақ және орыс тілдеріндегі «Философия» және «Ғылым тарихы мен философиясы» оқулықтарының (авторлар ұжымы; 2000-2019 жж.); қазақ тіліндегі «Философиялық энциклопедиялық сөздіктің» (С.Е. Нұрмұратовпен бірге; 2013, 32 б.т.), «Культура и цивилизация» оқулығының (авторлар ұжымы; 2006 ж.) жетекші авторы болып табылады.

Т.Х. Ғабитов шетелде және шетел тілдерінде жарияланған бірнеше кітаптар мен ұжымдық монографиялардың авторы: «21 st-Century Narratives of World History» (АҚШ, Чарльз Уеллер және т.б., «Скопус» базасында, 2017, 40 б.т.), «Kazakh Culture studies» (Германия, 2014, 15 б.т.), «Kazakh Culture challenges» (2018, 14 б.т.), «Culture challenges» (КазНУ, 2015, 13,5 б.т.), «Казахи: опыт культурологического анализа» (Германия, 2012, 20 б.т.), «Диалог и самоидентификация культур» (Германия, 2012, 15 б.т. А.К. Жолдубаева), «The National Philosophy» (Баку, 2019, коллектив, 30 б.т.) және т.б.

Профессор Т.Х. Ғабитов заман талаптарына сай қазақ тілінде «Антрологияның тарихы мен теориясы» деген видеокурстар, «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты мультимедиялық оқулық, «Дәстүрлі және заманауи қазақ мәдениеті. Хрестоматия» атты электрондық кітап, «Қазақстанның рухани мұрасы және мәдени ескерткіштері» атты каталог-контент, «Мәдениеттану кітапханасы» атты электрондық кітап

жариялады. Ол философия секциясының мүшесі ретінде «Қазақ халқының философиялық мұрасы» бойынша 20 томды, «Әлемдік философиялық мұра» топтамасында 20 томды, әл-Фарабидің 10 томдық шығармалар жинағын құрастыру мен жариялауға қатысты. Профессор Ғабитов Т.Х. «Мәдени мұра» аясында 568 беттік «Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы» атты антологиялық жинақтың құрастырушысы болды. Т.Х. Ғабитов «Құрмет» орденінің (2019), «Үздік ЖОО оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007), Қазақстан ғылымы мен білімінің дамуына көрнекті үлес қосқаны үшін берілетін президенттік ғылыми стипендияның иегері. Ол 2001 жылдан ҚР Әлеуметтік Ғылымдар Академиясының академигі, «ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкері» (2008), «ҚР ғылым саласына қосқан

**ҒҰЛАМА** – (араб. білгір, дана) дін ілімдеріне жетік, оқымысты, ақыл-**Ғ** парасат иесі. Қазақ даласына Ислам діні мен мәдениетінің орнығуына орай, ислам ілімінің негіздерін, Құран ілімін, хадис ілімін, фикх ілімін терең де, жан-жақты меңгерген, ислам ахлақын өз бойында қалыптастырған адамдарды осылайша атаған. Ғ. ғалымдар ислами оқу орындарында ұстаздық қызмет атқарған, ар-ұяты таза, көркем мінезді, кемел, ілім мен білімді елі үшін жиған ғұламалар ел арасында абыройға ие болған. Ғ-лардың ілімі мен өнегелі өмірі киелі адамдар ретінде қастерленіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. **Әдебиет: Ислам. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Аруна, 2009; Құран Кәрім аудармасы. – Алматы: Дәуір, 2003.**

**ҒЫЛЫМ** – объективті, жүйелі және негіздемелі білімді бағамдауға, зерделеуге арналған адам танымының ерекше түрі. Танымның басқа да түрлерімен (мифологиялық, діни, философиялық, көркемдік және т. б.) тығыз байланыста өмір сүреді. Ғ-ның басты мақсаты – шындықтың өзіне тән заңдарды ашу, сөйтіп адамның түрлендірушілік іс-әрекетіне негіз болатын білімге қол жеткізу. Ғ. дүниені танып-білуге бағытталғандықтан оның кез келген заты, құбылысы, үдерісі ғылыми танымның объектісі бола алады. Объектінің әртүрлі жақтарын зерделеп, Ғ. оларды өзінің зерттеу пәніне айналдырады. Ғылыми танымның объектісі мен субъектісі, олардың өзара әсері мәдени-тарихи дамып, субъектінің танымдық іс-әрекетінің белсенділігі барған сайын артып отырады. Сондықтан Ғ. өзіне тән танымдық іс-әрекет пен білімнің бірлігі деп анықтауға болады. Санқырлы дүниені объективті бейнелеп, оның ғылыми суретін жасап Ғ. өзара байланысқан көп салалы мәдениеттің бір ғана саласын құрайды. Ғ-ның пәндік облысы тарихи дамып, кеңейіп, кәділгі практика шеңберінен асып, тек болашақта ғана игерілуі мүмкін объектілерге жол салады. Сондықтан Ғ-ми іс-әрекеттің

қажетті бір формасына Ғ. эксперимент жатады. Оны іске асыру үшін айырықша құрал-жабдықтар, приборлар қажет. Ғ-ми іс-әрекеттің өзіне сай әдістері, арнайыланған тілі, приборлар кешені болады. Әдіс мәселесі мұнда маңызды рөл атқаратындықтан, жаңа әдістер оңтайланып, іріктеліп, олардың мүмкіндіктері зерттелініп отырады. Мұндай білімдер жүйесі Ғ-ми әдіснамада жинақталады, дамытылады. Ғ. субъектісі (ғалымдар, Ғ-ми қауымдастық) оның тілін, әдістерін, құрал-жабдықтарын еркін игеруі үшін арнайы дайындықтан өтуі, Ғ-ми мектептерде тәрбие алып, жаңа Ғ-ми мәселелерді қойып шешуге бейімделуі тиіс. Ғ. қоғам өмірімен, қоғамдық мұқтаждықтармен тығыз байланысқан әлеуметтік институт болып табылады. Ғ. кәсіби айналысу үшін оған тән құндылықтар жүйесін, Ғ-ми зерттеудің идеалдары мен нормаларын игеру қажет. Мұнда, әсіресе, ақиқат мәселесі, ақиқатты іздеу, ақиқат білімді өндіру, оның критерийлерін ажырата білу сияқты сауалдар алға шығады. Ғ-ми білім қалыптасуы көне заманнан басталып, алғы – Ғ. сатысынан өтіп, сөздің өз мағынасына сай келетін нағыз Ғ. сатысына көтеріледі. Нақтылы Ғ-ми білім дамуының үш тарихи кезеңі бар: классикалық (XVII–XIX ғғ.), классикалық емес (XIX ғ. соңынан XX ғ. соңғы ширегіне дейін) және постклассикалық емес (XX ғ. соңғы ширегінен бастап). Ғ-ми білім дамуының әр кезеңінің өз ерекшеліктері (объектілерінде, әдістерінде, теориялық құрылымында, идеалдары мен нормаларында және т. б.) бар. Ғ-ми білім өз даму үдерісінде тұтас теориялық танымның алғашқы формасы болып табылатын философиядан біртіндеп тарихи бөлініп шығады. Осыған орай Ғ. былайша жіктеледі: математика, жаратылыстанулық, техникалық және әлеуметтік Ғ-дар.

XIX ғ. ортасына қарай Ғ-ң пәндік (дисциплинарлық) құрылымы орнығып, өте күрделі өзара байланысқан Ғ-ми пәндер жүйесі пайда болады. Әрбір Ғ. саласы іштей дифференциацияланып, өзіне сай идеалдар мен нормаларға, философиялық-дүниетанымдық негіздемелерге ие болып, зерттеуші объективті шындықтың Ғ.-ми суреттемесін сомдайды.

Қазіргі Ғ. дамуының басты заңдылықтарына мыналарды жатқызуға болады: Ғ. дифференциациялануы мен интеграциялануы, математикаландырылуы, үздіктілік (революция) пен үздіксіздіктің (эволюция) бірлігі, сабақтастық принципі, философияның, теориялық білім мәртебесінің жоғарылауы, Ғ-дардың өзара әсерінің, ішкі бірлігінің артуы және т. б. Ғ-ның әлеуметтік институт ретіндегі атқаратын қызметтері (функциялары) де тарихи өзгеріп отырады. Қазіргі Ғ-ң негізгі қызметтерін былайша жіктеуге болады: мәдени-дүниетанымдық, тікелей өндіргіш күш ретіндегі және оның әлеуметтік күш ретіндегі қызметтері. Ғ-ң әлеуметтік күш ретіндегі қызметі қазіргі жаһандану заманында барған сайын арта түсуде. Қазақстанда Ғ-ды дамытудың жаңа бағдарламасы негізінде Қазақстан халықтары алдына интеллектуалды ұлтқа айналу, индустриалдық-инновациялық дамуды

арттыру, сөйтіп, дүние жүзіндегі ең дамыған елу елдің қатарына қосылу сияқты міндеттер тұр.

**Әдебиет:** Изотов М.З., Фидирко В.А., Шайкемелев М.С. *Наука в Казахстане: история и современность (Философское исследование в двух книгах).* – Кн. 1. – Алматы: ИФиП МОН РК, 2006; Изотов М.З., Сарсенбаева З.Н. *Наука в Казахстане: история и современность.* Кн. 2. – Алматы: ИФиП МОН РК, 2009.

**ҒЫЛЫМ ӘДІСНАМАСЫ** (методологиясы) – ғылыми танымның әдістерін, реттеуші принциптерін зерделейтін ғылым философиясының маңызды бір тарауы, құрамдас бір бөлігі. Әдіс-айласыз адам іс-әрекетінде ештеңе тынбайтыны белгілі. Ғылыми іс-әрекеттің де өзіндік әдістері, айла-тәсілдері, идеалдары мен нормалары бар. Ғылым философиясы әдіс мәселесіне әрқашан ерекше көңіл бөліп, оның мәнін, түрлерін, талаптарын, барлық құралдарын талдап, жетілдіріп отырады, онсыз ғылыми зерттеу-дің алға басуы күмәнді. Ғ.ә. философияның әдіснамалық қызметіне, осы бағыттағы оның жетістіктеріне сүйеніп, соларды ғылыми танымның ерекшеліктеріне сай түрлендіріп, нақтыландырады. Философия тарихында әдіснама мәселесі әр заманның мәдени-әлеуметтік даму деңгейінде зерделеніп, философиялық әдістер қатары Сократтың диалектикалық мысқылынан (ирониясынан) бастап, антикалық диалектикалық ойлау әдісі (Сократ, Платон, Зенон, Аристотель), ортағасырлық схоластикалық ойлау әдісі, метафизикалық, формалды-логикалық әдіс, индуктивтік әдіс (Ф. Бэкон), дедуктивтік әдіс (Р. Декарт), диалектикалық әдіс (Гегель, Маркс), аналитикалық әдіс (Л. Витгенштейн), феноменологиялық әдіс (Гуссерль), герменевтикалық әдіс (Гадамер) болып тізбектеліп өз жалғасын табуда. Философия мен әдіснама (методология) бір-бірімен өте тығыз байланыста, бір-бірінен айырғысыз бірлікте дамиды. Ғылым философиясы мен Ғ.ә. да ішкі бірлікте қарастырған жөн. Қазіргі философиялық әдебиетте әдістерді жалпылық деңгейіне қарай бірнеше топқа бөліп жіктейді: философиялық әдістер (мысалы, бір-біріне қарама-қарсы диалектикалық әдіс пен метафизикалық әдіс, индуктивтік әдіс пен дедуктивтік әдіс), зерттеудің жалпы ғылыми әдістері, жеке ғылыми әдістер, пәндік және пәнаралық әдістер. Философиялық әдістер адам іс-әрекетінің барлық салаларына (соның ішінде ғылымға да) ортақ, ең түпкілікті, ең терең ойлау заңдары мен заңдылықтары негізінде дамытылған әмбебап принциптер (даму, қайшылық, нақтылық, тұтастық, детерминизм принциптері және т. б.) түрінде іске асады. Бұл әдістер ғылыми танымдық, оның әдіснамалық мәселелерін де, философиялық-гносеологиялық тұрғыдан, яғни адамның жалпы танымдық іс-әрекетінің маңызды бір саласы ретінде талдауға мүмкіндік береді. Жалпы ғылыми әдістер қатарына қазіргі ғылымның басым көпшілігінде кеңінен қолданыс тапқан зерттеу әдістері (жүйелілік әдісі, жүйелі-құрылымдық әдіс, статистикалық-ықтималдылық әдіс, модельділеу әдісі және т. б.)

жатады. Әрбір жекелеген ғылымдарда өз зерттеу объектісіне, мақсаты мен міндеттеріне сай қолданылатын әдістер, айла-тәсілдер жиынтығы жеке ғылымның әдістер тобын құрайды. Пәндік әдістерге ғылымның жеке дара саласына (мысалы, физикаға) кіретін пәндердің әрқайсысының өзіне ғана тән әдіс-айлаларын жатқызады. Пәнаралық әдістер, өзінің атауы көрсетіп тұрғандай, бірнеше (екі не одан да көп) ғылыми пәндер тоғысқан аралықта туындайтын кешенді мәселелерді зерттеуде қолданылатын интегративті мәндегі әдістерден құралады.

Қазақстандық философиялық мектепте ХХ ғ. 60-жылдары диалектикалық-логикалық әдіс кеңінен дамытылып, қазіргі ғылымның логикалық-методологиялық мәселелері осы тұрғыдан зерттеліп, көптеген жетістіктерге қол жеткізілген болатын. КСРО ыдырап, маркстік-лениндік философия тұғырынан тайып, тәуелсіздікке қол жетіп, философиялық плюрализмнің таңы атқан бүгінгі жағдаятта да, сол мектептің түлектерімен бірге (Ж. Әбділдин, Ә. Нысанбаев, Қ. Әбішев, Т. Ғабитов, М. Изотов, В. Дунаев және т. б.) диалектикалық-философиялық рухта тәрбиеленген жас философтар буыны қалыптасып (З. Исмағамбетова, С. Нұрмұратов, Н. Аюпов және т. б.) философия ісін алға жалғастыруда.

Ғылыми танымның әдістері зерттеудің жалпы логикалық әдістері және өз мағынасындағы ғылыми әдістер болып бөлінеді. Соңғылары өз ретінде теориялық білім құрудың әдістері және эмпириялық білім құрудың әдістері делініп екіге бөлінеді. Жалпы логикалық әдістерге талдау және синтез, абстракциялау, жалпылау, индукция және дедукция, аналогия және модельділеу жатады. Эмпириялық зерттеудің ғылыми әдістерінің қатарына бақылау, суреттеу, салыстыру, тәжірибе қою, эксперимент жасау кіреді. Теориялық зерттеудің ғылыми әдістерін формализациялау әдісі, аксиоматикалық әдіс, гипотетикалық-дедуктивтік әдіс, абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу әдісі құрайды. Ғылыми танымның реалдық үдерісінде бұлар өзара әсерлесе қызмет жасайды және ғылымның дамуына орай жаңа зерттеу әдістері, айла-тәсілдері туындап дамып отырады.

**Әдебиет:** Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. – Алматы: Жазушы, 2005–2008; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. – Астана: 2005–2008.

**ҒЫЛЫМИ БОЛЖАМ** – ғылымның ашқан заңдары мен заңдылықтары негізінде табиғат және қоғам құбылыстарының болашақ жай-күйі туралы немесе әлдебір қазіргі кезде беймәлім құбылыстар туралы ұсынылатын топшылама білім. Ғ.б-ды былайғы болжамдардың түрлерінен (мысалы, діни негіздегі сәуегейліктен, интуитивті түрде немесе халықтық жосын негізінде жасалатын жорамалдардан) бөлектеп қарастырған жөн. Қандай да болмасын құбылыстың немесе үдерістің болашағын болжау үшін басты үш

шарттың орындалуы тиіс: біріншіден, зерттеуші ғалым сол нәрсенің (заттың, құбылыстың, үдерістің) өз табиғатын, қазіргі жай-күйін (қасиеттерін, бастапқы параметрлерін) білуі; екіншіден, оның қозғалысының заңдарын білуі; үшіншіден, оның болашақ қозғалысының жағдайларын бағдарлай білуі тиіс. Осы үш шарт орындалғанда ғалым (не ғалымдар тобы) сол білімдердің синтезделген қорытындысы ретінде Ғ.б. жасай алады. Мысалға, космостық ракетаның Марсқа ұшуын алайық: алдымен, ракетаны ғылыми білімдер негізінде конструкциялау, жасап шығару қажет; екіншіден, оның қозғалыс заңдарын білу қажет; үшіншіден, оның ұшуының Марсқа дейінгі жағдайларын топшылай білу қажет. Міне, осы үш түрлі білімдердің басын қосып, синтездеп қана ғалым (немесе ғалымдар тобы) ракетаның ұшуын басқаруға, оның ұшу траекториясын қадағалап, қажет болса, коррекция енгізуге, сөйтіп Ғ.б. негізінде көздеген нысанға жетуге деген мүмкіндігін іске асырады.

Қоғамдық құбылыстарға, үдерістерге байланысты Ғ.б. жасау әлдеқайда күрделі, өйткені жалпы қозғалыстың ішіндегі ең күрделі формасы осы әлеуметтік қозғалыс екендігі белгілі. Ғалым сондықтан, алдымен қоғамға тән күрделі байланыстардың, қоғамдық қатынастардың ішкі мәнін, даму заңдылықтарын ашып, соларды қолдану әдістерін тағайындауы тиіс. Зерттеліп отырған қоғамдық құбылыстардың мән-жайын, заңдылықтарын ашпай Ғ.б. жасау мүмкін емес. Қазіргі ғылымның (қоғамдық ғылым- дармен қатар жаратылыстану және техникалық ғылымдардың да) жетіс- тіктері негізінде адамзат болашағын, адамзат алдындағы туындайтын жаһандық мәселелерді шешу жолдарын зерделеу ісін математикалық модельдеу әдісі негізінде Ғ.б. XX ғ. 60–70 жылдарынан бастап Римдік клуб өкілдері қолға алғаны белгілі. Қазақстан жағдайында Президент Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен «Қазақстан-2030» стратегиясының жасалуы да осындай Ғ.б.ның бір көрнекті мысалы бола алады.

**Әдебиет:** Римский клуб // Новейший философский словарь. 2-е изд. – Минск: Интерпрессервис; Книжный дом, 2001. – С. 833–839; Қазақстан–2030. – Алматы: Білім, 1998.

**ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ** – ғылыми танымның даму үдерісінде ғылымның жаңа салаларының, жекелеген ғылымдардың туындауына байланысты оларды белгілі бір негізде логикалық бөлу, тарқату. Антикалық заманда барлық білім философиямен теңгеріліп, философия ауқымында қарастырылып келді, яғни білімнің бірлігі, біртұтастығы орын алды. Алғаш болып жинақталған білімді жіктеуді іске асырған Аристотель, қолдану аясына орай оны теориялық, практикалық және шығармашылық деп үшке бөлді. Араб-мұсылмандық ортағасырлық философияның өкілдері Аристотельге сүйеніп бұл мәселенің шешімін өздерінше нақтылады. Мысалы,



эл-Фараби өзінің арнайы трактатында оларды жүйелі түрде бөліп, жан-жақты тарқатады: тіл туралы ғылымдар, логика, математика, жаратылыстану ғылымы, философия, азаматтық ғылым және т. б. XVII ғ. бұл мәселені ағылшын философы Ф.Бэкон өзінше шешіп, тарих ғылымы, философия, өнер деп ғылымдарды негізінен үш топқа бөлген. Гегель диалектикалық даму принципі негізінде өз философиялық ілімін логика, табиғат философиясы және рух философиясы деп үшке бөліп қарастырады да, әрқайсысын тағы да үшке бөледі: логика болмыс туралы, мән туралы және ұғым туралы үш ілімнен тұрады; табиғат философиясы механиканы, физиканы және органикалық физиканы қамтиды, ал рух философиясы да субъективтік рух, объективтік рух және абсолюттік рух делініп үшке жіктеледі. Б.М. Кедровтың жіктеуінше, ғылымдар негізінен мынандай топтарға бөлінеді: 1. Философиялық ғылымдар (диалектика, логика). 2. Математикалық ғылымдар. 3. Жаратылыстанулық ғылымдар. 4. Техникалық ғылымдар. 5. Әлеуметтік ғылымдар. Әрбір топтың өзіндік ішкі таралымы және бар. Мысалы, жаратылыстану ғылымдарын алсақ, олар механика, физика, химия, геология, география, биохимия, биология, адам физиологиясы, антропология болып жекелеген ғылымдарға тарқатылады. Ал жекелеген ғылымдардың өзі бірталай ғылыми пәндерге бөлшектенеді. Мысалы, физиканың жекелеген пәндеріне акустика, оптика, термодинамика, электродинамика, статистикалық механика, кванттық механика және т. б. жатады. Ғылымдарды осылайша жіктеудің маңызы өте зор. Біріншіден, бұл ғылымдардың тарихи даму үдерісіне, философиядан бөлініп шығуының тарихына, адам танымының төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге қарай даму логикасына дәл келеді. Екіншіден, бұл әр жеке ғылымның бүкіл ғылыми таным өрісінде алатын орнын анықтап береді, олардың бір-бірімен байланысын, иерархиясын түсінуге мүмкіндік ашады. Үшіншіден, ғылыми танымның даму үрдісін тап басуға, оның болашағына көз жүгіртуге жағдай жасайды. Ғ.ж. мәселесін шешудің басқа да жолдары, әдістері болуы мүмкін. Адамзат мәдениеті дамуының тарихи сатыларына орай ол әрқилы шешіліп, ғылым дүниесін тұтас қабылдап, оны дұрыс түсінуге белгілі бір масштаб береді.

**Әдебиет:** Аль-Фараби. *Философские трактаты.* – Алма-Ата: Наука, 1970; Энгельс Ф. *Диалектика природы.* – М.: Политиздат, 1964; Кедров Б.М. *Классификация наук.* – М.: Мысль, 1985.

**ҒЫЛЫМ ЛОГИКАСЫ** – ғылыми танымның логикалық заңдылықтарын зерттейтін филос. ғылымның бір саласы. Ғылым, ғылыми теория өзінің зерттейтін затын ұғым мен ой формаларында бейнелейді. Соның арқасында ғылым берілген пән саласында ой-өрісінің барысын, ережелерін анықтайды. Осыған орай әрбір ғылымның өзіндік логикасы бар деуге

болады. Олай болса ғылымды логикалық тұрғыдан талдау мәселесі әбден заңды. Ғ. л. жалпы ғылымға, ғылыми білімге тән заңдылықтарды зерттейді. Филос. зерттеудің арнайы бір объектісі ретінде Ғ. л. жөнінде мәселе алғаш позитивизм философиясында көрсетілген. Позитивизм философияны формальды логика деп түсінеді де, философияның міндетін ғылым тіліне талдау жасау деп анықтайды. Көрнекті позитивист Рейхенбахтың айтуынша, философтың қолынан бар келері – ғылым нәтижелерін талдау, оларға мағына беру және дұрыстығын анықтау. Таным теориясы ғылымды талдау болады. Философияның өзіндік проблематикасын жоққа шығаратын бұл концепция, әрине, қате. Бірақ бұдан ғылым логикалық талдаудың объектісі бола алмайды деген қорытынды шықпайды. Формальды логика дайын, қалыптасқан білімді қарастырады; білімнің жалпы ғылымға тән формальдық құрылымын, элементтерінің байланысын зерттейді. Ғылы- ми білімді талдап зерттеуге формальды логиканың дайын аппаратын қолданудың практикалық пайдасы зор. Қазіргі оны пайдаланбайтын ешбір ғылым саласы жоқ. Мұндай зерттеу адамның кейбір іс-әрекет функцияларын машинаға жүктеуді жүзеге асыру үшін де қажет. Сайып келгенде, «ғылым логикасы» – өз алдына ғылым саласы ғана немесе ерекше логикалық жүйе емес, ол ғылым сияқты күрделі объект жайындағы білімдер- дің жиынтығы.

**ҒЫЛЫМ ФИЛОСОФИЯСЫ** – адам іс-әрекетінің ғылыми білімдер өндіретін айрықша формасы болып табылатын ғылыми танымның тұтас алғандағы қалыптасуы мен дамуының және қызмет етуінің жалпы үрдістерін, заңдарын тарихи өзгертіп отыратын мәдени-әлеуметтік аяда зерделейтін философиялық білімнің бір саласы. Ғ.ф.-ның пәніне жататын мәселелер: ғылым дегеніміз не, ол қашан пайда болды және қалай дамиды; оның адам танымының басқа формаларының (мифология, дін, философия, кәдуілгі таным, көркем таным және т. б.) арасында алатын орны, атқаратын қызметтері; ғылыми танымның объектісі мен субъектісі, даму заңдылықтары, құрылымы, жаңа білімге бастайтын әдістері; ғылыми ақиқат дегеніміз не, оның критерийлерін талдау; ғылыми танымға тән идеалдар мен нормалар, ғылыми құндылықтар, ғылымның әлеуметтік институт ретіндегі болмысы; ғылымның жалпы адам мәдениетінде алатын орны, даму кезеңдері, мәдени-әлеуметтік сипаттары, ғылыми іс-әрекеттің өзіндік ерекшеліктері; ғылыми революциялар және ғылыми рационалдылық мәселесі, қазіргі ғылымның адамзаттың жаһандық мәселелерін шешудегі рөлі, болашағы және т. б. Ғ.ф. өзіне қажетті деректерді ғылым тарихынан алады, сондықтан ол тарихи-ғылыми зерттеулермен тығыз байланыста дамиды. Ғ.ф. ғылымды мәдени-әлеуметтік феномен есебінде қарастырып, оның қазіргі өркениет дамуындағы рөлін, адам ойының, білімінің, мінез-құлқының, адамгершілік

қасиеттерінің өзгеруіне тигізетін әсерлерін (мысалы, биоэтикалық мәселелерді) зерделейді. Ғ.ф. философиялық білімнің айрықша бір облысы ретінде XIX ғ. орта тұсында пайда болады. Бұған дейін философия мен ғылыми танымның өзара байланысына қатынасты мәселелер философия тарихының ұзына бойында әр дәуірдің өз тарихи ерекшеліктеріне орай қарастырылып отырған. Бұл мәселелер Жаңа заман философиясында (Ф. Бэкон, Р. Декарт, Г. Лейбниц, Дж. Локк, И. Кант, Г.В.Ф. Гегель және т. б.) орталық орын теуіп, Ғ.ф. пайда болуының алғышартын жасауға зор үлес қосты. Ғ.ф. алғаш Батыс Еуропада XIX ғ. ортасында үстемдік құрған позитивистік философияның құзырына ілігіп, оның тарихи үш формасы (алғы позитивизм, эмпириокритицизм және неопозитивизм) құрамында дамып, өзіндік мәртебеге ие болады. Содан бері Ғ.ф. бойынша зерттеулер қарқынды түрде жүргізіліп, қазіргі философияның өзекті бір саласы ретінде дамып келеді. Әлеуметтік-саяси, гуманитарлық және жаратылыстанулық ғылымдар философиясы бойынша академик Ә. Нысанбаевтың ғылыми басшылығымен халықаралық философиялық мектеп қалыптасты.

**Әдебиет:** Степин В.С. *Философия науки. Общие проблемы.* – М., 2006; Абдильдин Ж.М. *Развитие материалистической диалектики в Казахстане.* – Алма-Ата, 1975; Абдильдин Ж.М., Нысанбаев А.Н. *Диалектико-логические принципы построения теории.* – Алма-Ата, 1973; Нысанбаев Ә. *Ғылым тарихы және философиясы.* – Алматы, 2013.

### **ҒЫЛЫМ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕК-**

**ТЕБІ** – XX ғасырда ғылымды айрықша әлеуметтік институт және танымдық қызметтің жоғарғы формасы ретінде зерттейтін кәсіби философияның саласы. Қазақстанның ғ.ф-ның тарихы шартты түрде кеңестік және посткеңестік кезеңдерден тұрады. 1962–1990 жылдарда кеңестік кезеңде жаратылыстану ғылымдарының философиялық мәселелерін зерттеуге арнап, математикалық теорияны құрудың, ғылыми-теориялық танымның диалектикалық-логикалық тұжырымдамасын жасалды. Ғ.ф-ның өзіндік зерттеу пәні және соған сәйкес әдістері бар. Оған мәдениет жүйесіндегі ғылымның табиғаты, оның түсінігі, адамның құндылықтар жүйесі, тағдыры мен жауапкершілігі, ғылымды қазіргі қоғамның өндіргіш күші ретінде ұғыну, философияны жалпы әдіснама және дүниетаным ретінде қарастыру жатады. Қазақстандық философиялық-әдіснамалық мектептің тарихын шартты түрде 3 кезеңге бөлуге болады. Осы заманғы ғылыми танымның келелі логикалық-әдіснамалық мәселелерін жүйелі түрде зерттеу XX ғасырдың 60-шы жылдарынан басталды.

XX ғасырдың 80-ші жылдары жаратылыстану және математикалық ғылымдардың әдіснамалық мәселелерін жүйелі түрде зерттеуде әлеуметтік-мәдени және категориалық талдаулар бірлігінің үстемдігі айқын байқалды. Ғылымның дамуы барысында оның түсініктемелік сұлбалары қалай пайда

болатыны және дамитыны, ғылыми теориялары, тұжырымдамалары, қағидалары мен мақсаттары қалай қалыптасатыны айқындала түсті. Физика, математика, геология, география, химия және биология ғылымдарының нақты деректері негізінде адамның ғылыми ақиқатқа жетуінің күрделі әрі қайшылықты процестері, оның ғылыми дүниетанымының дамуы теориялық-әдіснамалық жолмен егжей-тегжейлі қарастырылды. Қазақстандағы ғылым философиясы және әдіснамасы дамуының екінші кезеңінде (XX-ғасырдың 80-жылдары) алғы шепке тұтас алғанда ғылымның категориялық және ұғымдық аппаратының қалыптасу және даму заңдылықтарын ашып көрсету шықты. КСРО мемлекеті ыдырағаннан кейін, қазіргі ғылымның дүниетанымдық келелі мәселелері арнасында, ғылым философиясы және әдіснамасы бойынша жарық көрген бұрынғы отандық әдебиетте тіпті қарастырылмаған жаңа проблемалар бой көтере бастады. Жеке алғанда, бұл ұлттық мәдениет аясындағы ғылымның келелі мәселелері, оның ұлттық кейіптері т. б. еді. Осы уақыттан бастап Қазақстандағы ғылым философиясы және әдіснамасы дамуында үшінші кезең басталды (90-жылдар), ол ғылымды маркстік талдау шеңберінен шығуымен қатар, әлеуметтанудың, саясаттанудың, психологияның, педагогиканың, мәдениеттанудың әдіснамалық мәселелерінің қарқынды зерттелуімен сипатталады.

Қазақстанның жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде мәртебесін алуы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен философиясының рухани көкжиегін кеңейтті және жаңа болашақты ашты. Адамның дүниеге, қоғамға, өзінің әлеуметтік және мәдени болмысына қатынасының көптеген мәселелерін философиялық-саяси ұғыну мен талдау әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар дамуының қажетті шарты болып табылады. Тәуелсіздіктің жиырма екі жылында үшінші мыңжылдықтың қауіп-қатерлеріне жауап беретіндей жаңа біртұтас интегралды дүниетанымның өзегі болатындай философия мен саясаттану формасын зерттеуге және Қазақстан халқын рухани жағынан дамыту үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда. Осындай жағдайда қалыптасып келе жатқан өзара түсінісудің жаңа интегралды философиясы жаңа құндылықтар жүйесін, жаңа дүниетанымды қалыптастыруға, көпэтносты қоғамды одан әрі іштей рухани топтастыруға шақыруы тиіс. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арнап біздер 10 көлемді кітаптар даярлап шығардық. Олар: «Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы: әлеуметтік-гуманитарлық талдау»; Нысанбаев Ә. «Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм»; Нысанбаев Ә. «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі» және тағы басқалар. Философиялық пайымдаудың қазақ және түркі философиясы сияқты жаңа типін аштық және оны мәдени-тарихи негіздедік. Бұл тәуелсіздіктің рухани жемісі.

**Әдебиет: Нысанбаев Ә. Ғылым тарихы және философиясы. Оқу құралы. – Алматы, 2013.; Идеи. Концепты. Судьбы. Институту философии и политологии – 50. – Алматы, 2008.**

Д

**ДАВИД Анахт** (жеңімпаз, V ғ. аяғы – VI ғ. бірінші жартысы) – армян философы, логикі. Неоплатонизмнің александриялық мектебінің өкілі. Александрияда оқып, сонда оқытушылық қызмет атқарған. VI ғасырдың 30 жылдары Арменияға оралып, ежелгі армян философиясының греко-фильдік мектебіне жетекшілік жасады. Өзінің «Философия анықтамасы» еңбегінде антикалық релятивизм және агностицизмнің өкілдерін сынады. Оның «Порфирийдің кіріспесін талдау», «Философияның анықтамасы» атты еңбектері грек тілінде жазылып, кейін армян тіліне аударылды. Ол философия ғылымын құдайлық және адамзаттық ұғымдар туралы ғылым ретінде, өнер мен ғылымның шыңы ретінде, мән-мағына туралы ғылым ретінде, даналыққа құштарлық ғылым ретінде қарастырды. Оның еңбектері армян философиясының қалыптасуына елеулі рөл атқарды.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.**

**ДАҒДЫ** – адамның мақсатты қозғалысты атқаруы мен реттеуін, автоматты түрде орындауын атайды. Қозғалыстың автоматталуының өрістеуі іс-қимылды саналы реттеудің ұлғаюымен қатар жүреді. Іс-қимылдың автоматтануының нәтижесінде оның құрылымдары өзгеріске ұшырайды. Іс-қимылды игеру нәтижесінде қажет емес қозғалыстар жоғалады, яғни, қозғалысты орындау ырғағы жеделдетіледі. Сонымен, іс-қимылды атқаруда дәйектілік, үйлесімділік және қозғалыс жылдамдығы артады. Іс-қимылды сенсорлы бақылау әдістері өзгереді. Іс-қимыл нәтижелерін бақылау үшін маңызды бағдарларды жылдам ажырату мен айқындау қабілеті дамиды. Іс-қимылды орталық реттеу әдістері өзгереді. Д. – бұл саналы автоматтандырылған іс-қимыл. Д-ны қалыптастыруда басты құрал адамның бақылайтын және орындайтын іс-қимылын сөзбен жеткізу болып табылады. Сонымен қатар, идеалды іс-әрекет – жүзеге асырылуы тиіс іс-қимыл бейнесін «ақыл-ойында» бейнелеу. Адам дағдысы саналы автоматтандырылған іс-қимыл ретінде пайда болады. Д. іс-қимылды орындаудың автоматты тәсілі ретінде қызмет атқарады. Адам дағдысының қалыптасуына адамның бұрынғы тәжірибелері де ықпал етеді. Әрбір дағды адамдағы дағдылар жүйесіне өзара әрекеттестік негізінде қосылады. Д. іс-әрекеттің қай түрінде де маңызды орын алады. Д-ланған іс-қимыл шапшаң және жылдам атқарылады. Д-ның нәтижесінде атқарылатын іс-қимыл нәтижелі болады. Д-ның нәтижесінде адам санасы іс-әрекеттің маңызды, шешуші сәттеріне жұмылдырылады. Д-ны бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады. Мысалы, жазу, оқу, есептеу, спорт түрлеріне байланысты дағдылар, еңбек, мамандық машықтары және т. б.

**ДАЙ Чжэнь**, Дай Дунъюань (19.01.1723, Сюнин – 01.07.1777, Пекин) Қытай философы, жаңаконфуцианшыл. Хань кезеңіндегі конфуцианшыл

классиктер мұрасын зерттеуге қайта оралуға шақырған бағыттың өкілі. Математика, астрономия, лингвистика, тарих және география ғылымдарының дамуына үлес қосқан ғалым. Басты шығармалары «Мэн-цзы сөзінің мэн-мағынасы», «Түсіндірмелер және куәгерлер көзімен», («Мэнь-цзы және Шу Чжэн» Пекин, 1961). Д. Ч-нің теориялық ой-пікірінің негізгі үдерісі – алдыңғы жаңа конфуцианшылдық мойындаған жалпы ұғымдық оппозицияларды үйлесімдендіруге ұмтылу. Барлық құбылыстар және заттар табиғи қажеттілікке бағынған. Дүние қалыптасу мен даму процесінде болып табылады. Д. Ч. принциптерді (ли) сезім мен құштарлықтарға қарама-қарсы қоюға қарсы шықты. Өйткені әрбір заттың негізгі ерекшелігін құрайтын болғандықтан принциптер, сезім мен құштарлықтар бөлінбейді. Алдыңғы жаңа конфуцианшылдықтан ерекшелігі Д. Ч. принциптер анық түрде адам жүрегінде болмағандықтан, принциптер терең талдау көмегімен анықталады. Д. Ч. бойынша, адамдардың танымдық қабілеттері от жалыны әр түрлі болуы тәрізді ерекшеленеді. Танымдық қабілеттер оқып-үйрену көмегімен жетіледі. Д. Ч. таным мен практикалық өмірдегі эмпирикалық-аналитикалық ыңғайдың басымдығын негіздеді.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.**

**Д’АЛАМБЕР Жан Лерон** (16.11.1717, Франция, Париж – 29.10. 1783, сонда) – француз математигі және философы, Париж ҒА-ның (1741), Санкт-Петербург ҒА-ның (1746), т. б. академиялардың мүшесі. 1751 жылдан Д. Дидромен бірге «Ғылым, өнер және қолөнер энциклопедиясын» шығаруға қатысты. Д’А. осы энциклопедияның математика және физика бөлімдерін басқарды. 1757 ж. ол саяси қудалауға шыдамай одан шығып кетеді де, бірыңғай ғылыми жұмыспен шұғылданады. Ол «Энциклопедияның» алғашқы томдарына арнап «Дифференциалдар», «Теңдеулер», «Динамика», «Геометрия» атты маңызды мақалалар жазды. Оның философиялық еңбектерінің ішінде «Энциклопедияға» жазған «Ғылымның пайда болуы және дамуы» (1751) атты кіріспе мақаласы көрнекті орын алады. Д’А-дің философиялық ой-өрісінің әлсіз жақтары таным теориясы жөніндегі көзқарасынан анық байқалады. Осыған байланысты Дидроның сынына ұшырайды. Ол музыка теориясы мен музыка эстетика мәселелеріне де арнаулы еңбектер жазған. Осы еңбектерінде музыка өмірдің алуан түрлі құбылыстарын реалистік тұрғыдан бейнелей алады деп, Франциядағы опералық өнер мәселелерінің төңірегінде туған «буффондар ағысы» деп аталатын қызу идеологиялық күреске қорытынды жасады.

**Әдебиет: ҚҰЭ. – Т. 3. – 133 б.**

**ДАЛАЛЫҚ ТАНЫМ** – көшпенділер дүниетанымына негізделген баламалы білік. Д.т. ерекшелігі – ол ешқашан өзгермейді, мың жылдар бойы

қабылдаған құндылықтарды сол күйінше ұстана береді. Мыс., егер иран тілдес халықтарды алсақ, олар зороастризм, манихейство, ислам арқылы өзінің рухани ділін өзгерткен халық. Ал көшпенділердің дүниетанымында осы діндердің элементтері бар да, ықпалы мардымсыз. Себебі көшпенділердің тіршілігі тек ритуалға, миф-аңыздарға негізделген. Ондағы ең басты қағида – «біз және өзгелер», қан тазалығына негізделген рулық қарым-қатынас.

**ДАМУ** – кері қайтарылмайтын, бағытталған, заңдылықты өзгерістерді білдіретін философиялық категория. Дүниеде өзгерістердің санқилы түрлері орын алатыны белгілі. Оларды сандық және сапалық өзгерістер деп екіге бөлуге болады. Сандық өзгерістер белгілі бір шекке дейін нәрсенің сапасына селсоқтық танытып, оның ішкі күйіне соқтықпай өтеді. Сапалық өзгерістер, керісінше, нәрсенің ішкі күйін, құрылымын түрлендіріп, оның басқа күйге ауысуына жетелейді. Бұлар кері қайтарылатын және қайтарылмайтын болып бөлінеді. Осы кері қайтарылмайтын өзгерістер философиялық мағынасындағы дамуға жатады. Философияда даму категориясымен сыбайлас жалпы, яғни кез келген өзгерісті білдіретін қозғалыс категориясы бар екені белгілі. Кез келген өзгеріс (қозғалыс) даму емес, даму қозғалыссыз болмайды, ол қозғалыстың айрықша деңгейі. Қозғалысты болмыстың айрылмас қасиеті, атрибуты – десек, даму да тап солай болмыстың өзіндік бір атрибуты болып табылады, яғни дамуға да жалпыламалық тән. Қазіргі ғылым (синергетика) мұны дәлелдеп, даму органикалық дүниеге ғана емес, органикалық емес дүниеге де іштей тән екенін көрсетіп отыр. Бұл даму туралы философиялық ілім болып табылатын диалектиканың әмбебаптығының, қуаттылығының тағы бір дәлелі. Даму түпкілікті философиялық мағынасында өзінің нақтылы формаларын объективті заңдар бойынша тудыратын іс-әрекетті субстанцияның әмбебап өмір сүру тәсілін өрнектейтін ұғым болып табылады.

**Әдебиет: Хамидов А.А. Развитие // Диалектическая логика. 4-х кн. Кн. 2. – Алма-Ата, 1987. – С. 498–542.**

**ДАНАЛЫҚ** – адамзаттың сан ғасырлық таным процесі мен өмір тәжірибесі нәтижесінде жинақталған рухани ілім-білімді игеріп, оны ұрпақтан ұрпаққа ұлағатты ой пікір, өнегелі түсінік, ізгілікті іс-әрекет түрінде жеткізе білетін адам қасиеті. Д. – ауқымы кең, күрделі құбылыс, оған бір жақты, кесімді анықтама беру мүмкін емес. Ол әдетте, надандыққа қарсы мәнде қолданылады. Д-тың мән-жайын алғаш зерттеп, ашып беруге философия талпынған. Өйткені, «философия» деген сөздің өзі грекше «Д-ты сүю» мағынасын білдіреді. Басқа ғылым түрлері тәрізді философиялық ілімдер де даналықтан бастау алады. Сократтың «Менің білетінім – өзімнің ештеңе

білмейтіндігім, өзгелер оны да білмейді» деуінде үлкен мән бар. Білмейтінін біліп, түсінуге, әлем ақиқатын танып, ой түюге ұмтылу – адамды рухани кемелдікке, данышпандыққа бастайтын жол. Қазақ ойшылы Абай да «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп толғайды; ештеңені біліп-тануға ұмтылмайтын, қарны тойып, құлқыны тоят тапқанына мәз хас надандықты, тоңмойын тоғышарлықты мансұқ етеді. Қазақ халқында «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген сөз қарғыстың ең жаманы саналады. Дүниенің, өмірдің және өз табиғатының сырын танып, білу үшін адам баласы оқу-білімге ұмтылады, ғылымға ден қойып, логикаға, методологияға сүйенеді. Д-тың, көбінесе, білімділікпен, оқымыстылықпен шендестіріле қаралатыны сондықтан. Бірақ даналық білім аясында шектеліп қалмайды; оның негізгі өлшемі – түсінік. Әр нәрсені білу бір басқа да, түсіну – басқа: яғни білім оқумен келсе, түсінік оқығанды көкейге тоқумен, өз еркімен жақсылыққа ұмтылып, ой қорытумен, игілікті қам-қарекетпен қалыптасады. Білім – өткінші, уақытша, салыстырмалы, Д. яки түсінік жүйесі – мәңгілік нәрсе. Білімділер қай заманда да көп болған, қазіргі кезде де жетіп артылады, а дана кісілер, данышпандар бұрын да, қазір де аз. Гераклит «Көп білгеннен дана болмайсың» деп осы шындықты меңзеген. Ұлы Абай да «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым» дейді. Д-тың тарихи бастауы – мифтік аңыздар мен діни әпсаналардың желілерінде, өнер туындылары мен әдеби, философиялық шығармаларда жатыр. Қорқыт ата, Асан қайғы, Толағай, сондай-ақ Прометей, Сизиф, т. б. мифтік тұлғалардың ой-толғам, іс-әрекеттерінде өмірдің өкіншілігіне қарсы күрес, мәңгілік өріне – Д. тәліміне талпыныс бар. «Дүние, қудым сені жалықпай-ақ, Ұстатпайсың судағы балықтай-ақ, Көрсетіп бірде алдыңды, бірде артыңды, Қойдың ғой дидарыңды танытпай-ақ» деген қазақтың қара өлеңінде халықтық фәлсафаның – өзін қоршаған әлемді, өмірді, дүниедегі өзінің орнын тануға құштарлықтың, экзистенциалдық түсініктің сарыны жатыр. Жалпы, дәстүрлі қазақы дүниетанымның өзі Д-қа, Ғ.Қараш айтқандай, «өмір пәлсапасына», ізгі түсінікке, рухани кемелдік аңсарына негізделген.

**Әдебиет:** Нысанбаев Ә. Қазақ философиясы. – Тегеран, 2002; Нысанбаев А., Аюпов Н., Габитов Т. Тюркская философия. – Алматы, 2006. ҚҰЭ. – Т. 3, 142–143 бб.

**ДАНЫШПАН** (ғалым, оқымысты) – кемелдікке жетіп, даналық қасиеттерді меңгерген тұлға. Д. болмыстың заңдылықтарын терең түсініп, толық сезінеді және өзі де сол заңдылықтардың аясында ауытқымай өмір сүреді. Оның қарапайым адамдардан айырмашылығы – өзінің іс-әрекетін, барша ғұмырын өткінші қызықтың, жеке бастың қамына емес, мәңгілік құндылықтарға, жалпыадамзаттық аңсарларға бағыттап, өз тұтастарына, кейінгі ұрпақ өкілдеріне өнеге таратып, ізгі ықпалын тигізеді.

**ҚҰЭ. Т. 3. 146 б.**



**ДАРАЛЫҚ** – жеке тұлғаның қоғамдағы өзіндік ерекше болмысы. Тұлға ретінде әрбір адам әлеуметтік жағдайларға байланысты қалыптасады. Д. тұлғаның өзіндік дүниетанымын, оның әлеуметтік жағдайларға байланысты қалыптасатын ерекше ғұмыр жолын, болмысының өзіндік мәнін көрсетеді. Әрбір адамның өзгелерден ерекшеленетін өзіндік бітімі бар. Сондықтан тұлғалардың даралығы алуан түрлі болып келеді. Д. – табиғи қасиет. Қоғамда адамдардың осы табиғи қасиетіне қарай даралықтың әртүрлі деңгейлері қалыптасады. Әлеум. ортада Д-ты көре біліп, қоғам өмірін соған байланысты ұйымдастырудың маңызы өте зор. Яғни әрбір адам қоғамнан өзінің даралық қасиетіне лайық орын алуы қажет. Қоғамның өркениет жолымен дамуы тұлғалардың Д. қасиеттерін ескеруге тікелей байланысты.

**ҚҰЭ. Т. 3, 149 б.**

**ДАРВИНИЗМ**, *дарвиншілдік* – тірі табиғаттың эволюциясы (тарихи дамуы) туралы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болған ғылыми ағым. Эволюциялық даму туралы ғылымның негізін салушы Ч. Дарвиннің есімімен байланысты аталған. Д. негізі бойынша адамзат қоғамының даму заңдылықтары биологиялық даму заңдылықтарына сәйкес дамиды, яғни қоғамдық өмірдің дамуын айқындайтын факторы ретіндегі табиғи сұрыпталу, өмір сүру үшін күрес маңызды принцип деп көрсетті. Д. қоғамды тұтас гармониялық бірлікте деп танитын теорияға қарама-қарсы, қайта қоғам дамуының қайшылықты және конфликтілік ерекшелігін ашып көрсеткен, әлеум. және биологиялық процестің байланысына негізделген теорияны ұсынды. Кейбір әлеуметтік дарвинистердің еңбектерінде алғашқы қауымдық қоғам өмірінің кейбір қырлары, адамның іс-әрекетін реттеудегі әлеуметтік қалып пен әдет-ғұрыптардың рөлі зерттеледі (Беджог, Самнер т. б.).

**ДАРЫНДЫЛЫҚ** – адам қабілетінің ерекше дамыған түрі. Д. адамның белгілі бір ғылым, өнер т. б. салаларда ерекше жетістіктерге жетуінен байқалады. Д-тың жалпы және нақтылы екі түрі болады. Ақыл-ойы ерекше дамыған адамның қай салада еңбек етсе де тындырымды атқарып, сапалы нәтижемен аяқтай білуі дарындылықтың жалпы түріне жатады. Ал Д-тың нақты түрі ғылымның, өнердің т. б. қызметтердің жеке белгілі бір саласында ерекше жетістікке жеткендер еңбегінен көрінеді. Сәбидің ерекше қабілетін дер кезінде байқап, жетілдіре түссе шынайы дарындылық иесіне – талантқа айналады, ал дұрыс бағдар беріп, баулымаса, тәрбиелей алмаса, қабілеті өшіп, ерекше қасиет-қарымын жоғалтуы мүмкін. Пси- хологтардың (Б.М. Теплов, Н.С. Лейтес, т. б.) зерттеулері бойынша, балалардың осындай ерекшеліктері жоғары жүйке қызметінің туа бітті қызметіне (мидағы уақытша байланыстардың тез жасалып, берік орны-

ғуы, қозу және тежелу процестерінің, алмасу қабілетінің молдығы, динамикалық стереотиптердің шапшаң жасалып, жақсы орнығуы, т. б.) байланысты екенін көрсетті.

**ҚҰЭ. Т. 3, 155 б.**

**ДАНТЕ Алигьери** (1265–1321) – Қайта өрлеу дәуіріндегі ұлы итальян ақыны. Италиян әдеби тілін қалыптастырушы, «Комедия» шығармасының авторы. Д-нің ұлы шығармасына тәнті болған халқы, ұрпағы кейіннен оны «Құдіретті комедия» деп атады. «Құдіретті комедия» (1307–1321) әлемге әйгілі шығарма болды. Д. бұл шығармасында ортағасырға тән сюжетті алып, өзінің қуатты көркемдік қиялымен оқырманды тамұқтан, күнәдан тазаруына жол ашады және ұжмақтан өткізеді. Д-ні кейбір аңғал замандастары ол «О дүниеде болып келген-мыс» деп ұққан. Д-нің «Құдіретті комедия» шығармасы «Тамұқ», «Күнәдан тазару», «Ұжмақ» деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Тамұққа, терең жер астына, күнәһар адамзат өкілдері, кісі өлтіргендер, өзіне қол салғандар түседі де, мәңгілік рухани және дене азабын тартады. Күнәдан тазару жолына түскенде тауға шығып, күнәдан тазарған соң ұжмаққа кіреді. Күнәдан тазарып ұжмаққа барғанша көп азапты жолдардан өтеді. Ал, ұжмаққа кіргендер өмірін мәңгі-бақи рахатта өткізеді. Ақын М. Мақатаев «Комедияның» 1-бөлімін қазақ тіліне аударды, ол 1971 ж. жеке кітап болып шықты.

**Әдебиет: Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007; Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Т. 14. Философия тарихы. – Астана: Аударма, 2006.**

**ДАО** (қыт. жол) – қытай философиясының ең басты ұғымы. Д. бүкіл әлемнің, әрбір заттың даму заңдылығы, ғарыштық үйлесімділік пен қуаттың жарқын бейнесі. Бір өзі бар абсолютке тең, бүкіл тірліктің негізі, әрбір бастаманың басы, Д. әрбір қайталанбас сәттің нәрі. Д. сезім арқылы тануға көнбейді, ол барлық жерде және еш жерде емес, түрсіз және ныспысыз. Заттар әлемі Д. арқылы жасалып, өмір заңына бағынады, яғни, өткінші: барлық заттар ұлы айналымда болады, кейіннен шегіне жетіп, қайтадан өзінің қайнар көзі Д. қайтып, содан жаңадан туылады. Б.з.д. VI–IV ғ.ғ. ол Лао Цзы, Чжуан Цзы, Ле Цзы еңбектерінде баяндалып, кейін конфуцийшіл және чань буддашыл ілімдер арқылы дамыған Д. туралы ілімге қытай мәдениетінің барлық филос. діни, саяси, эстетикалық иірімдері өрілді. Авторлығы Лао Цзыға телінетін Д.-Дэ-Цзин (Д. мен Дэ туралы кітап) заманынан бері Д. туралы түсініктемелердің өзі бес мың томға жуық болды. Лао Цзы бойынша, Д. мәңгілік, негізсіздік, қуыс, құрдым сынды онтологиялық қасиеттері бар мейлінше кең шынайылық. Бірақ қанша тіл жетпес, түсініктен тыс болса да ол Дэ арқылы көрінеді. Дэ дегеніміз ізгілік, әділдік, асыл қуат. Дэ, Д-ның этикалық көрінісі ретінде, адамның

қоғаммен, табиғатпен және өз-өзімен қарым қатынасын табиғи жолмен түзеуге бағытталған. Осы заңдылықтар бойынша, Дао мен Дэ «цзы жэнь» – табиғилық және «у-вэй» әрекеттенбеу қағидаларын ұстанады. Демек, Д. ғылыми ілімнен гөрі рәсімге ұқсайды. Бірақ қытайлықтар түсінігінше Д. рәсімге де, ырымға да жатпайды. Адамдар ақылгөйліктен бас тартып, әрбір заттың немесе құбылыстың табиғи болмысын таба білуге тиіс.

**Әдебиет:** Китайская философия. Энциклопедический словарь. – М.: Мысль, 1994. – 573 б.; Дао и даосизм в Китае. – М., 1982; Кобзев А.И. Категории дао, дэ, ци в истории китайской философии // 16-я НК ОГК. – Ч. 1. – М., 1985. Шығыс философиясы. – Алматы, 2009.

**ДАОСИЗМ** – Қытай философиясының негізгі бағыттарының бірін және дәстүрлі дінін білдіретін термин. Дао цзя, дао цзяо іліміне сәйкес келеді. Даостық философияда маңыздысы дао туралы ілім. Д-де Дао барлық бар нәрсенің субстанттық заңдылығы, космос, адам, қоғамның мезгілсіз болмыс заңы; тудырушы бастау, формаға ие болған заттардың генетикалық алғышарты, жол, циклдік уақыт принципі, әлемнің онтологиялық мәнімен бірігуге талпынған адамның өмірлік жолы. Даоға игі күш дә тән. Д. жетекші концепцияларына цзы жань («табиғилық») және у вэй («әрекетсіздік», мақсатты әрекеттің жоқтығы) жатады. Д. іліміне сай эгоистік ұстанымдар мен даодан бас тарту адамдардың адасуына әкеледі, олар әлемді өзіндік мәні бар деп түсінілетін жеке заттарға бөле бастайды. Бірақ даоның ешқандай шекарасы жоқ: дао-әлемде барлығы теңестірілген, біртұтастыққа біріктірілген. Барлық қайшылықтар үйлесімділікке келтірілген, объект пен субъект бір-біріне қарсы қойылмаған. Осыдан даостық философиядағы релятивизм шығады. («Чжуан-цзы»). Дао – ғарышпен біріккен, ақиқатты таныған данышпан үшін өмір мен өлім туралы қарама-қарсы түсінік жоқ. Д.-де адам біркелкі психосоматикалық тұтастық, руханилық (жан) пен материалдыққа (тән) бөлінбеген. Рухани бастау – «рух» (шэнь) квази-материалды субстанция «пневманың» (ци) нәзік күйі ретінде түсіндіріледі. «Рух» денемен қоса өледі де әлемдік «пневмаға» жайылып кетеді, бірақ дао-универсум мәңгі, сондықтан, оған ұқсас адам да мәңгі болуы тиіс. Мәңгілік даомен қосылған кезде іске асады.

Д. тарихы екі этапқа бөлінуі мүмкін: пайда болуы мен қалыптасуы; қалыптасқан бағыттың дамуы. Д. пайда болуының алғышарттары ежелгі діни сенімдерде. Оның түптамыры Чу патшалығындағы шамандық сенімдермен және маг, сиқыршылардың ілімдерімен байланысты болуы мүмкін. Б.д.д. III–IV ғғ. философиялық рефлексияның нәтижесінде алдыңғы ғасырда стихиялық түрде қалыптасқан түсінік негізінде ілім пайда болады. Оны ұстанғандар кейін б.д.д. I–II ғ.ғ. пайда болған «дао және дә» (даодэ цзя) мектебіне жатқызылды. Бұл ілімнің ескерткіштеріне аты жартылай аңызға айналған данышпан Лао цзы жазды деген «Дао дә цзин» және

IV–III ғғ. философы Чжуан Чжоудың көзқарастары баяндалған «Чжуан-цзы» трактаттары жатады. Одан басқа Д. негізін қалаушыларға Ле Юйкоу (Ле-цзы, б.д.д. III–IV ғғ. шамасында) және эклектизмге жақын Лю Аньды (Хуайнаның-цзы, б.д. II ғ.) жатқызуға болады.

Діни-философиялық жүйе ретінде даосизм б.д. Лао-цзы мен Чжуан-цзы ілімдерінің; натурфилософтар (иньян цзя); «рух» концепциясының; шамандар мен магтардың сенімдерінің; «өлмейтін қасиетті адамдар» (сянь, шэнь сянь) туралы түсініктің синтезі нәтижесінде пайда болады. Даостар ілімін ежелде мифтік «Сары императорға» (Хуан ди) құпия ашылған кезде пайда болды деп есептейді. II ғ. Лао-цзы құдай аталып, «даоның денесі» ретінде қабылданады. Сол кезде институционалданған даостық бағыт – Тяньши [дао] («Аспан ұстаздарының Жолы») пайда болады. Бірінші патриарх Чжан Даолин болған. «Аспан ұстазы» титулы Чжан руында мұраға осы күнге дейін беріліп келеді.

VII–VIII ғғ. буддизмнің әсерімен даостық монахтық институт және монастырьлар пайда болды, ал діни практикада психотехникалық әдістер (медитация) басымдылыққа ие болды, негізгі зейін ішкі өзіндік жетілдіру жолдарына бағытталады. Д. әдебиетке, өнерге және т. б. қытай мәдениетінің басқа да аспектілеріне өте көп ықпалын тигізді. Д. дәстүрлі медицинаға әсері теория жүзінде де (адам денесінің Әлемнің құрылымына сәйкестігі, организмнің тіршілік етуі мен құрылымы туралы ілімдер), практика жүзінде де (инемен емдеу, фармакология) елеулі. VII ғ. Д. Кореяға – Когурё мемлекетіне енді. Жапонияда синтоизмге де ықпалын тигізді. Қазіргі күні ҚХР-да Д. ұстанушылар Ассоциациясы бар. Д. Тайвань мен Гонконгта өте танымал.

**Әдебиет:** Древнекитайская философия. – Т. 1. – М., 1972; Дао и даосизм в Китае. – М., 1982; Торчинов Е.А. Даосизм. СПб., 1993; Шығыс философиясы. – Алматы, 2009.

**ДӘСТҮР** (лат. *traditio* – тапсыру, жүктеу) – әлеуметтік-мәдени тәжірибе қосындыларын ұстап қалу, орнықтыру және таңдамалы түрде сақтау ісінің әмбебап құралы. Д. қазіргі нақты қызмет жүйесінде бұрынғы заманның уақыт сынынан өткен рухани нұсқаларды қайта түлетуді қамтамасыз етеді, яғни, ол осы шақ пен болар шақты өткен шақ арқылы байланыстырып, құндылықтарымен негіздейді. Тар мағынада Д. дегеніміз мемлекет нұсқауынсыз, өзінен өзі тірлік ететін құндылықтар жүйесі. Д-лі таным өзіне ешбір мақсат немесе бағыт-бағдар қоймайды, себебі оның мақсаты өз ішінде өзімен бірге қызмет етеді. Ешкім Д-дің себебін іздемейді, өйткені ол бұрында бар болған, ал оның өнімділігі үйреншікті нұсқаға дәлдігімен анықталады. Д. осы мағынада «тірі, шынайы, бастапқы», ой елегінен өтпеген деп аталады. Ол бір жағынан, белгілі әрекеттерді және ережелерді ұстану арқылы таралса, екінші жағынан, ауызша, фольклор мен мифология арқылы таралады. Д. бүкіл құрамы символикалық мағынаға толы, белгілі

мәдениетте бекіген мағына мен архетиптерге сілтеме жасайды. Шынайы Д. ритуалдық нұсқасы түпкі мағынасын жоғалтқанда әдет-ғұрыпқа айналады. Өте ерте замандардың өзінде, Ежелгі Шығыс немесе антикалық қоғамдарда Д. өзгеріске түсіп, ақылға көнуге икемделіп, мамандар жасайтын мәдениеттің қолына түседі. Мұнда ол әріптік-таңбалық нұсқаға ауысып, белгілі мәтіндерде сақталады. Осындай өңдеуден өтіп Д. қайтадан нақты рәсімге айналады да, осы шақтағы тірі субъектердің ұстамы ретінде қызмет етеді. Сөйтсе де, ол дәстүртанушы тұлғаның мұқтажына байланысты түрлі сипатқа ие болады. Оны тұтынушы немесе жаратушы тұлғалар пайдалануы мүмкін. Соңғы жағдайда авторлық Д. пайда болып, жаңаша тәжірибе қалыптастырады. Міне, осындай жағдайларда шынайы және бастапқы емес, екінші дәрежедегі Д. сөз етуге болады. Бастапқы және екінші дәреже- дегі Д. қосындысы кең мағынадағы Д. ұғымын құрайды. Д. бұл екі түрін біріктіретін нәрсе, олардың сыртқы күштің қатысуынсыз өз бетінше тірлік етуіне, ал айырмасы екінші дәрежедегі авторлық Д. жекетұлғалық ой елегінен (рефлексия) өтуіне байланысты. Д-лі қоғам деп өзгеріске түсуге құлықсыз, тек Д. шеңберінде тірлік ететін қоғамды атайды.

**ДЕВИАЦИЯ** (көнелатын. *deviatio* – ауытқу) – жалпыға ортақ қалыпты нормадан ауытқу, яки жеке адамның немесе топтың осы жалпыға ортақ қалыпты нормадан ауытқып, оның жалпы қоғамға немесе белгілі бір топқа жағымсыз әсері болатын әлеуметтік әрекеті. Бұл термин мәдениеттануда субмәдениетті түсіндіру үшін қолданылады.

**ДЕГРАДАЦИЯ** (франц. *degradation* – құлдырау) – бірте-бірте төмен- деу, құлдырау; жағымды қасиеттердің төмендеуі немесе жоғалтуы. Мәде- ниет деградациясы, белгілі бір мәдениеттің тұрақты элементтерінің (қалып- тары мен идеалдарының) құлдырауын немесе жоғалып кетуін білдіретін ұғым- термин.

**ДЕГУМАНИЗАЦИЯ, бейгумандық** – қоғамдық өмірдегі рухани, адамгершілік және гумандық құндылықтарды жоғалту немесе мойындамау, қабылдамау, адамдарды сыйламау, оның адамгершілік қасиетіне менмендік таныту. Өнердегі Д. ұғымын ғылыми айналымға енгізген – Ортега-и-Гассет. Өнер шығармаларынан бейгумандық әсер қалдырар деген жерлерін алып тастау керек деген ой Ницшенің «тіпті қарабайыр, адам өмірін бейнелеуде сол өмірдің өзін сүренсіз қалпында бере салған» деген тұжырымымен түйінде- леді. Д. өнерде ХХ ғ-да пайда болған авангардтық-модернистік ағымға социологиялық және эстетикалық талдау жасау барысында кеңінен қолданады.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 19. Мәдениет фило- софиясы. – Астана: Аударма, 2006; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.**

**ДЕИЗМ** (лат. *Deus* – құдай) – құдайдың болғандығын, кейіннен өз заңдары бойынша дамиды дүниенің бейнесіз алғашқы себебі ретінде мойындайтын ілім. Д-нің негізін қалаушы – 17 ғ. ағылшын философы Г. Чептер. Құдайдың әлеммен және адаммен байланысын мойындайтын теизмнен, құдайды табиғатқа сіңістіретін пантеизмнен және құдайдың болғандығын бекерге шығаратын атеизмнен Д-нің айырмашылығы бар. Шіркеулік дүниетаным үстемдік еткен кезде Д. көбінесе атеизмнің жасырын формасы, материалисттердің діннен аластауының қолайлы әдісі болды. Францияда – Вольтер, Руссо, Англияда – Локк, Ньютон, Толанд, Германияда – Лейбниц, Лессинг, ал Россияда – И.И. Панин және т. б. Д. өкілдері болды.

**Әдебиет: Философиялық энциклопедиялық сөздік. – М., 1983.**

**ДЕКАДАНС** (франц. *dekadance* – түңілу) – ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы өмірден түңілу, келешектен үмітсіздікке бой алдыру сарындары, дара тұлғалардың жекеленуі байқалғанын білдіретін, Еуропа мәдениетінде көрініс тапқан тоқырау құбылысының жалпы атауы. ХХ ғасырда модернизм ұғымымен байланыстырылған кейбір бағыттардан Д. өзінің ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Д. аумалы-төкпелі замандағы адамның құлазыған көңіл-күйін ашып көрсетуге ұмтылып, қоғамдық талас-тартыстан алшақтап дарашылдық, сыршылдық сезімге бой ұрады. Төңкерістік бағыттағы үрдістердің қоғамды соқыр сенімнің жетегімен қиратуға бағыттайтынын көріп, Д. бағытындағы суреткерлер торығу күйін кешті. Д. бағытындағы суреткерлердің көзқарасы бойынша, кез-келген таптық күрес пен қоғамдық прогресс формасының мақсаты қоғамдағы қатынасты қайшылыққа әкеледі деп таниды. Өнердің саяси және азаматтық тақырыптан оқшаулануы суреткерлердің пікірінше шығармашылықтың еркіндік жағдайымен тікелей байланысты. Д. «өнер өнер үшін» деген қағиданы қолданғаны да тек қоғамдық күрестен бас тарту деп қана қарамай, көркем өнердің, әдебиеттің өзіндік құндылығын ескеру, шығармашылықтың еркіндікті сақтауға ұмтылу деп таныған жөн. Д-тың Тұлғаның еркіндігін тануы жалпы эстетикалық құндылықтардан, сұлулықты талғам биіктігімен пара-пар тең қарастырумен үндеседі. Д-тың тұрақты тақырыбы – өмір мен өлім мотиві, рухани құндылықтар идеалына деген сағыныш сарыны болып табылады. Д. барлық жағынан өнер мен әдебиетті әр деңгейде суреткер шығармашылығынан көрініс тапқан бағыты – «модерн» стилінде, символизм ағымында деп айтуға болады.

**ДЕКАРТ Рене** (латынша аты Картезий) – 1596 жылы 31 наурызда Лаэ қалашығында дүниеге келіп, 1650 жылы 11 ақпанда Стокгольмде өмірден озған француз математигі, философы, физигі және физиологы, аналитикалық геометрия мен қазіргі алгебраикалық символиканың негізін

қалаушы, физикадағы механицизмнің, психологиядағы рефлексологияның, философиядағы дуализм мен түбегейлі күмәндану әдісінің авторы.

Д. философиясы дуалистік ілім, өйткені ол дүниеде екі объективті мәннің бар екенін мойындайды. Біріншісі созылмалы (*res extensa*) және зерделі (*res cogitans*), дегенмен ойланатын жандағы олардың өзара әрекеті мәселесі оның философиясында шешілмеген күйінде қалды. Кәдімгі материядан басқа Д. көзге көрінбейтін нәзік материяның кең көлемін бөліп көрсетеді: солардың көмегімен жылудың, тартылыстың, электрдің және магнетизмнің қызметін түсіндіруге тырысады. Д. философияға қосқан басты үлесі танымның әмбебап әдісі ретіндегі рационализм философиясын классикалық құрастыруы болды. Д. пікірінше, зерде тәжірибенің берген мәліметтерін сыни бағалайды да олардан табиғатта жасырын болатын математикалық тілде айтылатын шынайы заңдарды шығарады. Тиімді қолданған жағдайда зерденің қуатында шек жоқ. Д.-ң тағы бір маңызды қыры механицизм. Материя (оның ішінде нәзік материя) элементарлық бөлшектерден тұрады, олардың жергілікті механикалық өзара әрекеті барлық табиғи құбылыстарды тудырады. Сондай-ақ Д. философиялық дүниетанымына скептицизм және алдыңғы схоластикалық философиялық дәстүрді сынау тән. Сананың өзіндік дәйектілігі, *cogito* – ойлау (декарттық тезис – «ойлаймын, демек, өмір сүремін» – лат. *Cogito, ergo sum*), сол сияқты туа бітті идеялар теориясы да картезиандық гносеологияның бастапқы бабы болып табылады. Д. дүниетанымы картезиандықтың бастауы болды және ол мына бағыттардан көрінді: голландиялық (Барух Спиноза), неміс (Готфрид Вильгельм Лейбниц) және француздық (Николь Мальбранш).

**ДЕКОНСТРУКЦИЯ** – француз ойшылы Ж. Деррида ұсынған ұғым, постструктурализм заманының сыни-философиялық ұстанымы. Оның өзгешелігі – егер модернизм кезеңінде сын дәстүрді құлату, жою, күйрету құралы болса, Д. сынаса да сын объектісін жоюға тырыспайды. Керісінше, оның бүге-шігесіне жетіп, қайта тірілтуге бейім болады. Әрине, тірілкенде, ол шартты түрде тірілтеді. Бірақ постструктурализмнің ең үлкен жеңісі – ойлау процесінің шарттылығын ұғыну, метафизикадан бас тарту. Егер Платоннан бері нақты дүние Идеялар әлемінің көшірмесі деп саналса, қазір бұл байланыс жоққа шығарылып, ойлау дегеніміз таңбалау әрекеті деп айгіленеді. Демек зерттеушінің мақсаты әр ғасырдағы әр қоғамның, әр өркениеттің, әр автордың таңбалау ерекшелігін айқындау. Міне, Д. дегеніміз осындай айқындаудың құралы. Д. метафизикалық дәстүрді бірнеше бағыттан сынайды. Біріншіден, бар болу метафизикасы ретінде сынау. Себебі Хайдеггердің болмыс дегеніміз бар болу деген тұжырымы батыс метафизикалық жүйелерінің темірқазығына айналған еді. «Мән, тірлік ету, субстанция, субъект, ой аттамы, сана, Құдай, адам сынды

негіз, бастау, орталықтың барлық атаулары бар болудың өзге түрі ретінде таңбаланған» (Деррида). Ойлап қарасаңыз, бар болу, сәйкестік, әңгіме, сана сияқты метафизиканың негізқалаушы ұғымдары жоқ болу, өзгешелік, хат, дене іспетті қудаланған қосалқы терминдердің ізі екенін пайымдау қиынға соқпайды. Батыс философиясының метафизикалығы уақытты, тарихты қарадүрсін зерделейтінінен де байқалады. Тарих белгі бір текті құрылым, белгілі бағыттағы ой жобасы ретінде ұғынылады. Уақыт концепциясына сүйенген метафизиканың тарихын қарадүрсін деуге болады, себебі метафизика түсінігінің өзі уақытқа тәуелді. Демек метафизиканы жою үшін, уақыттан тыс болу керек. Д. мақсаты терминді қайта тірілту емес, осындай әрекеттің мүмкіндігін немесе мүмкін еместігін анықтау. Әдетте Д. объектісі ретінде метафизикалық жүйелер, философ. дискурстар көрінеді. Деррида Д. мақсатын төмендегідей түсіндіреді: «философиялық мәтінді оның формалық құрылымында зерттеу, оның мәтінді типтерінің өзгешілігін және көпнұсқалығын көрсету, философиялық мәтіннің саханалық кеңістігін, оның синтаксисын ұғыну». Д-ғы жалпы даму екі негізгі әрекетке байланысты. Бірінші әрекет – айналдыру, екіншісі – қайта тірілту. Айналдыру – аттап өтуге болмайтын әрекет, себебі бинарлық оппозицияның күшін жою дегеніміз тек қана оппозиция мүшелерінің орнын ауыстыру емес. Олай істегенде Д. жасалатын аймақ қозғалусыз қалады. «Мәселе әрбір сатылы тәртіптен (иерархиядан) бас тартуда емес, себебі анархия әрқашанда тірлік етуші билікті күшейтеді. Белгілі иерархияның терминін өзгерту немесе, орнын ауыстыру қажет емес, иерархияның өзіндік құрылымын өзгерткен жөн» (Деррида). Екінші әрекет предикат пен ұғымдар иерархиясын қайта жасап, жаңаша қортындылауға байланысты. Бұл сатыда ұғымдардың аласталуы, иеліктері мен мүмкіндіктері қайта жанданып, жаңа ұғымдар айналдырудың бірінші адымындағы үстемдік құрған дәстүрлі ұғымдарға енгізіледі. Сонда ғана Д. толық жүргізілді деп айтуға болады. Д. қос амалды ілім. Бірақ мәселе уақыт тізбегіндегі жалғастықта емес. Деконструкцияның екі ағымы – айналдыру мен қайта тірілту – бір уақытта жасалады. Сөйтсе де олардың арасындағы өзгешілік сақталады.

Әдебиет: Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007; Пост-модерн философиясы. Әлемдік философиялық мұра. – Алматы, 2007.

**ДЕЛЕЗ Жиль** (1925–1995) – француз философы. Философияны Сорбоннада оқыды, 1948–1968 жылдары бірқатар лицейлерде, кейінірек Лион және Сорбонна университеттерінде сабақ берді, 1969 жылдан 1987 жылдары – Париж-VIII университетінің профессоры. Д-ге, оның Юм, Бергсон және Ницше туралы, сондай-ақ Пруст пен Захер-Мазох туралы жұмыстары бүкіл әлемдік танымалдық әкелді. Д. философиясының негізгі тақырыбы имманенттіктің спинозалық мәселесі мен трансценденттіктің



кантиандық мәселесі. Бұл философтың ойлау өзгешелігі мынадан аңғарылады: біріншіден бұл тәжірибе, қалау мен өмір терістеу немесе игеру заңына бағынатын (диалектикаға қарсы қойылады) таза қақтығыстар немесе кездесулер ретінде анықталатын қатынастардың сыртқы табиғаты және екіншіден бұл алдын ала (априори) тәжірибеге ешқандай форма бермейтін «пластикалық» трансцендентті өрісті құрайтын гетерогенді өзара ұйысатын жоспарлардан құралатын өмір сүрудің, уақыт пен ойлаудың алуан түрлі және дифференциялы сипаты. Басқаша айтқанда, Д. басты тақырыптары – «тысқарылық» тақырыбы және «ұйысу» немесе «қабатталу» тақырыбы.

Д. ойлау теориясы қалаудың жалпы теориясымен тығыз байланысты, оны ол Гваттаримен бірге «Анти-Эдипті» (1972) жариялады. Д. де Фуко сияқты тарихи мақсатқа сенбейді, тарихи кесіндіге сенеді. Оның пікірінше, философияның міндеттері мен құралдары үнемі жаңарып отыратындықтан, ол мәңгі. Өзінің «Фуко туралы» жұмысында ол жаңа үрдісті байқайды: шексіздік пен шектіліктің арғы жағында ұйысатын «шектеулі-шексіздікке» деген қызығушылық. Негізгі айырма философияны әуел бастан мазалап келген ішкі қақтығыс бойымен өтеді, онда ұғымдардың имманентті өндірісі (әрбір маңызды сәт сайын философтың басынан өткізген логикалық-мәселелік тәжірибесі) қашанда трансценденттілікке (тәжірибені априорлы форманың астарына итермелеуге деген бейімділік) қарсы қойылады. Осы себепті де философиялық мұраның бір бөлігі қашанда тірі, ал түйісу қашанда ішкі қайшылыққа толы.

**ДЕМИУРГ** (грек. *Demiurgós* – шебер, қолөнерші, жаратушы). Бұл терминнің философиядағы мағынасы – ежелгі жаратушы негіз, теологияда – құдай, дүниені жаратушы. Көне Грекияда кейбір ортаның әлеуметтік мәртебесін көрсеткен. Демиург деп жер иеленуші шонжарлар – евпатридтерге және жер жыртушы – геоморларға қарсы шеберлер мен саудагерлерді және еркін мамандық иелері – емшілерді, ақындарды, әншілерді атаған.

**ДЕМИФОЛОГИЗАЦИЯ** – гуманитарлық ғылымда ғылыми зерттеулерді мифологиялық танымнан арылту әдісі ретінде танылады. Д. қазіргі кезеңде тарих, философия, дінтану және мәдениеттану ғылымында қолданылады. Д. терминін ғылыми айналымға ХХ ғ-дың 40 ж-дары неміс философы, әрі теологы Р. Бульман енгізді. Д. христиан діні, оның қасиетті кітаптардағы жазбалардағы қайшылықтарды айқындау, түсіндіру қажеттілігінен туындаған термин.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т 12. – Астана: Аударма, 2005; Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ой. Ақыл. Адамгершілік. – Алматы: «Білім», 1994.

**ДЕМОГРАФИЯ** (грек – халық және – жазу) – белгілі бір халықтың, ұлттың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, территорияға бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы. Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Халықтың ұдайы өзгерісі – ұрпақ алмасу, туу мен өлу яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асады. Белгілі бір аймақтағы халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі (иммиграция) мен олардың бөтен аймаққа қоныс аударуына (эмиграция), яғни халықтың көшіп-қону қозғалысына да байланысты. Сондай-ақ, халық санының өзгеруі адамдардың жасына, отбасы жағдайына, балалар санына немесе білім деңгейіне, мамандығына, әлеуметтік ахуалына орай бір күйден екінші күйге, бір топтан екінші топқа ауысуына тәуелді. Демография ғылымының негізін салушы – ағылшын ғалымы Джон Граунт (1620–1674). Ол алғаш рет Лондондағы тіркелген адам өлімдерінің бірнеше жылдық жазбалары негізінде халық арасындағы өлудің көрсеткішін жасауға және оның заңдылықтарын анықтауға талпыныс жасаған. Халықтың ахуалын, оның экономикаға байланысын У.Петти және Г.Кинг (Ұлыбритания), одан соң А.Депарсье (Франция) зерттеді. 18 ғ-да мұндай зерттеулерді математика әдістердерді қолдану арқылы В. Керсеб (Голландия), П.В. Варгентин (Швеция), Л. Эйлер (Ресей) және т. б. жалғастырды. XIX ғ-дан бастап көптеген елдерде халықты тұрақты есепке алу жолға қойыла бастады және ол жөніндегі нақтылы талдаулар жасау мүмкіндіктеріне қол жеткізілді. А. Кетле (Бельгия), Ж. Биртильсон (Франция), У. Фарр (Ұлыбритания), В. Лексис, Г.Ф. Кнапп (Германия) т. б. көптеген статист-зерттеушілердің еңбектері нәтижесінде демографиялық процестерді сандық тұрғыдан екшеу мен талдаудың әдістері дами түсті. 1855 ж. француз ғалымы А. Гийардың еңбегінің тақырыбында «Демография» термині тұңғыш рет қолданылып, автор оған «адамзаттың табиғи және әлеуметтік тарихы» деген анықтама береді. Қазақстандағы демографиялық процестерді тарихи-әлеуметтік тұрғыдан қарастырған алғашқы зерттеулер қатарында М. Шоқайдың шет ел баспасөзінде, М. Тынышбаевтың 1924 ж. «Сана» журналының 2–3 сандарында жарияланған деректерін, т. б. статистикалық еңбектерді атауға болады. Бүгінгі таңдағы кәсіби демографтар М. Тәтімов, Ұ. Ысқақов, Ә. Ғали, М. Сембин, Е. Мұсабеков, С. Қарасаев, А. Елемесова, Н. Ермекова, А. Әлжанов және т. б. еңбектерінде жалпы қазақ халқының, Қазақстан халқының өсу, даму заңдылықтарын зерттелді.

**Әдебиет:** Большая советская энциклопедия, 8 т. – М., 1972; Тәтімов М. Қазақ әлемі. – А., 1993.

**ДЕМОКРАТИЯ** (грек. – халық және билік) – қоғамды, мемлекеттік билікті саяси және әлеуметтік ұйымдастырудың негізгі пішімдерінің

бірі; ұдайы дамып, жетіліп отыратын саяси режим. Қазіргі кезде Д. атауы бірнеше мағынада: мемлекеттің тұрпаты мен жалпы саяси жүйесін; мүшелерінің теңдігіне, басқару органдарының сайланбалылығына және көпшілік дауыспен шешімдер қабылдау принциптеріне негізделген кезкелген ұйымның сипатын; қоғамдық құрылымның мұраттарын және соны жақтайтын саяси көзқарастар желісін бейнелеу үшін қолданылады. Тіпті Д-ның көпшілік мойындаған бірегей анықтамасы да қалыптаспаған. Әр дәуірде өмір сүрген ойшылдар Д-ны өз заманының құндылықтары, нақты бір әлеуметтік ортаның аңсар мұраттары тұрғысынан түсіндіруге тырысты. Адамзат тарихында Д. қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымның бастапқы ұйымдық пішіні ретінде пайда болған. Мыс., алғашқы қауымдық Д. әскери тайпалық Д. Осы заманғы Д. – ұзақ мерзімді тарихи дамудың жемісі, ол қоғамның өзін әлеуметтік-экономикалық үрдістер негізінде дамытуға орай қалыптасты. Бірнеше кезеңнен тұратын тарихи процесс ретінде Д-ның ежелгі дәуірлік, классикалық және осы заманғы теориясы түзілген. Ежелгі дәуірлік Д-ның теориясы – ежелгі грек топырағында, Афина республикасында б.з.б. V ғ-да дүниеге келді. Мұнда жоғары билік тұрақты шақырылып тұратын Халық кеңесінің қолында болды. Оған 20 жасқа толған әрбір афиналық еркін азамат ретінде қатысқан. Өйткені полис – мемлекеттегі әрбір еркін азамат ел билеуге қақылы әрі міндетті санаған. Ал Д. терминінің өзі алғаш рет грек тарихшысы Геродоттың шығармаларында ғана қолданылған. Ежелгі философ Платон мемлекеттік құрылымды 3 түрге: монархия, аристократия және Д-ға бөліп, олардың әрқайсысы «заңды және заңсыз болуы мүмкін» дейді. Оның пікірінше Д. ел басқарудың жақсы және жаман пішімдерінің, яки бір жағынан – монархия мен аристократияның, екінші жағынан – тирания мен олигархияның арасында өмір сүреді. Жаңа дәуір ойшылдары енді Д-ның негізгі екі қағидасына – еркіндік пен теңдік ұстанымдарына көңіл бөліп, адамның өзіндік Д. идеяларын негіздеуге талпынды. Әсіресе Д-ның классикалық теориясын қалыптастыруға Ж.Ж. Руссо мен австриялық социолог И. Шумпетер (1883–1950) елеулі үлес қосты. Шумпетердің ойынша, қоғамды басқаратын халық емес, кәсіпқой топтар. Көпшілік тек солардың біреуіне, әдетте, жетекшісіне дауыс береді. Мұнда халық емес, жеке адам басым тұрады. Тұлғаның еркіндігі, барлық азаматтардың саяси теңдігі мен ажырамас құқыларының сақталуы және т. б. маңызды саналады. Осы заманғы Д. ұғымына плюрализм (алуан түрлілік) және элита (таңдаулы топ) теориялары жолбасшылық жасап, жаңа мазмұн білдіріп отыр. Яғни алғашқы теориясы бойынша, қоғамда өзіндік мүдделерін көздеген әр түрлі топтар көбейген сайын олардың арасында тек біреуінің оқшау шығып, жеке дара үстемдік ету қаупі азаяды, сөйтіп, өзге топтардың биліктен өгейсітілуіне жол бермейді.

Қазақстанда Д-лық үрдістердің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуының өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазақ хандығындағы мемлекеттік бас-

кару жүйесінде негізгі билік үш жүзге ортақ ханда бола тұра, мемлекеттік маңызы бар мәселелер барлық уақытта Хан Кеңесі арқылы шешімін тапты. Бұл бір жағынан хан билігін белгілі бір мөлшерде шектеудің көрінісі болса, екіншіден Хан Кеңесіне мүше адамдардың өз ой-пікірлерін жоғары билікке ашық жеткізуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, үш жүздің хандарын сайлап қою және оларға өз хандығы аумағында дербес шешім қабылдауға құқық берілуі жергілікті мемлекеттік басқарудың жетілген үлгісін көрсетеді. Құрылымдық жағынан хандықтан төмен болып саналатын, алайда қажет уақытта ханға да қарсы келуге, өз руының мүддесін қорғауға құқы бар рубасы ақсақалдар билігі жергілікті өзін-өзі басқару әдісін қалыптастырған еді. Сонымен қатар тәуелсіз сот билігі – билер соты қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениетінің ажырамас бөлігі болып қалыптасты. Қазақ түсінігінде сөз бостандығы мен пікір еркіндігінің шарықтау шегін білдіретін «Дат» ұғымы қазақ қоғамында ерте кезден-ақ қалыптасқан дала Д-сының дамығандығын аңғартады. Отарлаған қазақ даласын басқаруды патшалық Ресейдің реформалауынан кейін (1867–1868) басталған Д-лық үрдістердің тежелу процесі Кеңес үкіметі орнатқан тоталитарлық қоғамның ыдырауына дейін созылды. 1991 жылдан бастап Қазақстан әлемдік мемлекеттік басқару жүйелерінде тиімділігімен танылған Д-лық даму жолына түсті. Қазіргі заманғы Д-ның классик үлгісіне сай келетін мемл. басқару жүйесін, экон. құрылымын, әлеуметтік кепілдіктер ережелерін қалыптастырып, саяси, экономикалық және құқықтық реформаларды жүзеге асырды. Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылып (1-бап) еліміз дамуының басты стратег. бағыттары айқындалаған.

**Әдебиет:** *Философский энциклопедический словарь.* – М., 1983; *Философиялық сөздік.* – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996.

**ДЕМОКРИТ Абдерлік** (*Δημόκριτος*; шамамен б.д.д. 460–370) – ежелгі грек философы, Левкиптің шәкірті, атомистиканың негізін қалаушылардың бірі. Грекиядағы Абдеры қаласында туған. Өмірінің көп уақытын саяхаттаумен өткізіп, көп елдердің философиялық ілімдерін оқыған. (Ежелгі Египет, Вавилон, Персия, Үндістан, Эфиопия). Афинада пифагоршыл Филолайды, Сократты тыңдаған, Анаксагормен таныс болған. Демокриттің өмірі абдерліктер үшін түсініксіз болды. Ол әрқашан қаладан молаға кетіп қалатын болған, кей кездегі себепсізден себепсіз оның күлуі (сондықтан «Күлегеш философ» деген атқа ие болған) оның жерлестерін ойға қалдырды, олар Д. есінен ауысқан деп есептеп, атақты дәрігер Гиппократты шақыртқан. Гиппократ Д. кездескеннен соң оның денінің сау, ақыл-есінің дұрыс

екендігімен қоса, өзі кездескен адамдардың ішіндегі ең ақылдыларының бірі деген қорытынды жасаған. Оның оқушыларының ішіндегі әйгілісі Бион. Д. философиясының басты жетістігі Левкипптің «атом» туралы ілімін дамытуы. Атом – заттың шынайы болмысқа ие, бөлінбейтін, жойылмайтын, пайда болмайтын бөлігі (атомистік материализм). Ол әлемді атомдардың бос кеңістіктегі жүйесі ретінде суреттеді, Әлемде атомдар саны шексіз, олардың формалары (идеялар εἶδος – түр, кескін) да шексіз. Атомдар бос кеңістікте бейберекет қозғалыста болады, олар формалары, өлшемдері, реті сәйкес келген кезде бір-біріне бірігеді немесе бір-бірінен ажырайды. Бір-бірімен қосылған атомдар күрделі денелер құрайды. Қозғалыс – атомдарға тән қасиет. Денелер – атомдардың комбинациясы. Екі атомның арасында кішкене бос кеңістік болады, сондықтан кез келген денелердің арасында да бос кеңістік болады. Осыдан атомдар жақындаған кезде бірін-бірі итереді. Сонымен қатар, атомдар арасында бір-біріне тартылу да болады.

Денелердің әртүрлі сипаты толығымен атомдардың қасиеттерімен, комбинацияларымен, біздің сезім мүшелерімізбен қатынасымен анықталады. Сезілетін қасиеттер атомдардың бірігуімен, тек біз үшін пайда болады. Табиғатта ақ та, қара да, сары да, қызыл да, ащы да, тәтті де жоқ.

«Жалпының пікірі» барлығы қабылдаған пікір, біз үшін де сол, ал ол заттың өз табиғаты емес, оны Д. «шын мәнінде» деген терминмен белгілейді. Адамдар қара, ақ, тәтті немесе ащы деп мойындаған нәрсе шын мәнінде сол «бір нәрсе» және «ешнәрсе». Ол атомдарды «бір нәрсе» десе, бос кеңістікті – «ешнәрсе» деп атады. Атомистердің негізгі методологиялық ұстанымы изономия болды (грекше: барлығының заң алдындағы теңдігі), ол былайша тұжырымдалды: егер белгілі бір құбылыс табиғат заңдарына қайшы келмесе, онда шексіз уақытта және шектеусіз кеңістікте ол бір кезде орын алған, не болмаса, бір кезде пайда болады; шексіздікте мүмкіндік пен тіршілік егудің арасында шекара жоқ. Бұл принципті жеткілікті негіздің жоқтығы деп те атайды: белгілі бір дененің немесе құбылыстың басқа емес, осы күйде болуына басқа негіз жоқ.

Егер белгілі бір құбылыс әр түрлі күйде болса, онда олардың барлығы шын мәнінде бар дегенді білдіреді. Д. изономия принципінен бірнеше қорытынды жасады: 1) кез келген формадағы және өлшемдегі атомдар бар (сонымен қатар өлшемі бүкіл әлемге сай келетін); 2) Ұлы бос кеңістікте барлық бағыттар мен барлық нүктелер тең; 3) атомдар Ұлы Бос кеңістікте кез келген бағытта, кез келген жылдамдықпен қозғалады. Соңғы тұжырым бойынша, қозғалыс өздігінен түсінікті қажет етпейді, себебін тек қозғалысты өзгерту үшін ғана іздеу керек.

Космология. Ұлы Бос кеңістік шексіз. Бос кеңістіктегі атомдардың алғашқы хаостық қозғалысында өздігінен бір мезетте құйын пайда болады. Ұлы Бос кеңістіктің симметриясы құйынның ішінде бұзылады, сол жерде

орталық және периферия пайда болады. Құйын кезінде пайда болған ауыр денелер құйынның ортасына қарай тартылады. Жеңіл мен ауырдың айырмасы сапалы емес, өлшемдік қасиетке ие. Әлемнің ортасында ауыр атомдардан тұратын Жер қалыптасады. Д. әлемі сфералық-симметриялы құрылымға ие. Д. құдайдың болмысын мойындайды. Д. ойынша, құдайлар атомдардан тұрады, ал құдай – космостық зерде.

**Әдебиет:** Асмус В.Ф. Демокрит. – М.: МГУ, 1960; Верлинский А.Л. Дата рождения Демокрита у Аполлодора и Фрасилла (Заметки о методах античной хронографии) // MOUSEION: Профессору Александру Иосифовичу Зайцеву ко дню семидесятилетия. Сб. статей. – СПб., 1997. – С. 100–127.

**ДЕРБЕСТІК** – жеке тұлғаның, халықтың, ұлттың т. б. әлеуметтік ортаның ешкімге тәуелсіз болмысы, бітімі, ұстанымы. Д. ғылымы жеке тұлғаға қатысты оның субъектілігін, кісілік қасиетін көрсетеді, кемелділік деңгейіне көтерілгенін байқатады. Қазақ халқынында «көппен көрген – ұлы той» деген нақыл сөз бар. Дүрмекке еріп, көптің бірі ретінде өмір сүру, әрине жеңіл, жеке жауапкершілігі аз болады. Кеңес дәуірінде де адамның көпшілдігі, ұжымдық жоғары бағаланды. Көптің пікірі қашан да дұрыс деп есептелді. Жеке адамның уәжі қаперге алынбады. Ал шындығында, көпшілік Абай айтқандай, топ, тобыр, дүрмек. Көп ойланбайды, қайда айдасан, сонда ығады. Көптің сүйенері – қоғамда үстемдік құратын идеология мен психология, көп жағдайда нақты мәселенің мәнісін байыптап жатпайды. Д. ұғымы халыққа, ұлтқа, мемлекетке және т. б. әлеум. ортаға қатысты сол әлеум. қауымдастықтың ешкімге тәуелсіздігін өзгелермен қарым-қатынаста, өз мүддесінен туындайтын немесе жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтау принципіне негізделген саясат ұстанатынын білдіреді. Д. – салыстырмалы түрде алынған ұғым. Дүниеде өзгелермен байланыссыз, өзімен-өзі оқшаулана өмір сүретін ештеңе жоқ. Бәрі бір-бірімен байланысты. «Адамның күні адаммен» дейді халық даналығы. Бірақ айналаңмен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап, «өзгелерді өзің сыйлап, өзінді өзгелерге сыйлату» (М. Шоқай) үшін адамға да, қоғамға да Д. қажет. Д-ке ұмтылу – өмір сүрудің мәні, тіршілік заңы. Таным процесінде құбылыстардың өзара байланысын, бір-біріне ықпалын көрсету және олардың өзіндік сипатын, Д-гін ашу негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

**ДЕРЕК** 1) хабар-ошар. Әдетте, бұрыннан көпшілікке белгілі, таныс нәрсе туралы мағлұматқа, жаңалыққа және т. б. қатысты қолданылады; 2) ғылымдағы ізденіс нәтижесі, табылған мәлімет, оқиғалар дәйегі, ғыл. дәлел; 3) логика мен ғылым методологиясындағы эмпирикалық білімдердің түйіні, айрықша ой қорыту бітімі; 4) ЭЕМ-дерде сақталатын мәлімет. Сондай-ақ, арнайы әдебиетте «заңи Д.» деген тіркес те кездеседі. Ол құқықтық қарым-қатынастардың пайда болып, өзгеруіне не тоқталуына

себепші жағдаятты бейнелейді. Заңи Д-тер оқиғаларға, яғни адам еркінен тыс мән-жағдайларға (зілзала, кесімді мерзімнің өтіп кетуіне, т. б.) және іс-әрекеттерге, яғни адамның өз ырқымен, көбінесе, заңсыз жасалатын мән-жайларға (қылмысқа, тәртіп бұзушылыққа, т. б.) бөлінеді.

**ДЕРРИДА Жак** – француз философы. Еуропа постструктурализмінің ірі өкілі. Мәдениеттегі хаттың рөлін зерттейтін грамматологияның негізін қалаушылардың бірі. Алғашында Гуссерль мен Хейдеггер идеясының ықпалында болды. Еуропалық сана мен мәдениеттің барлық формасының метафизикалық танымда көрініс беруін сынау арқылы ғылыми ортада әйгілі болды. Д. еуропалық метафизиканың ықпалынан арылудың жолы ретінде мәдениеттің бастауына, ондағы алғашқы белгілерге, метафоралық қабаттарда сақталған мәдени дәуір дәстүрлеріне сүйенуді ұсынады. «Тіл», «мәтін» оларды зерттеу арқылы «хат», «хаттануға» үнілу, соның негізінде метафизикалық таным табиғатын ашу концепциясын жүйелеген. Д-ның осы бағыттағы ғылыми көзқарастары «Грамматология туралы», «Хат және оның өзгешелігі» (1967) еңбектерінде көрініс тапқан. Д. структурализмді «логоцентризмнің» бір көрінісі ретінде сынағанымен, оның концепциясының кейбір пунктері осы бағытқа үндесіп жатады. Д-ның Ницше стиліне арналған еңбегі бар, сондай-ақ «Почта белгісі туралы. Сократтан Фрейдке дейін және олардан басқа да» (Минск, 1999) деген еңбегінде Фрейд концепциясына талдау жасаған.

**Әдебиет:** Деррида Ж. *Эссе об имени.* – СПб, 1998; **Философия. Энциклопедический словарь.** – М., 2004. – С. 224–226; **Мәдени-философиялық энциклопедия.** – Алматы, 2007; **Постмодерн философиясы. Әлемдік философиялық мұра.** – Алматы: Жазушы, 2007. – Т. 15.

**ДЕСКРИПЦИЯ** (лат. *Descriptio* – суреттеу) – жалқы нәрсені жалпы ұғымдар (көріністер) көмегімен суреттейтін және оның өзіндік төл немесе жалпы атауын алмастыратын логикалық (тілдік) құрылым. Алуан түрлі есептеулердің формалды жүйелерінде (формализация) пайдаланылады.

**Әдебиет:** Гильберт Д., Бернайс П. *Основания математики.* – М, 1979. Т. 1.

**ДЕСПОТИЗМ** (грек. *despots* – әмірші, билеп-төстеуші) – қоғам мүшелерінің, мемлекеттегі басқа да субъектілердің ерік-жігері мен құқықтарын басып-жаншып, дөрекі де қатал тәсілдермен, озбырлықпен, зорлық-зомбылықпен басқаруға негізделген шектеусіз биліктің түрі. Д., әсіресе, абс. монархияға тән сипат. Д. шаруашылық процестерін бюрократиялық жолмен басқаруға, одан түскен пайданы мемлекеттің толық бақылауына алуға бейім. Қоғам мүшелеріне, шаруашылық қарым-қатынас субъектілеріне экон. еркіндік бермейді. Саяси салада оппозициялық партиялар құруға үзілді-кесілді тыйым салып, пікір алуандылығын тұншықтырып отырады. Қоғам

тек басқарушылар мен бағыныштылар санатына жіктеледі. Деспотиялық басқару шарғысы түбінде қоғамды толықтырып, іштен тозуға душар етеді.

**ДЕСТРУКЦИЯ** – М. Хайдеггердің фундаменталды онтологиясының негізгі ұғымдарының бірі. Бұл ұғымды Хайдеггер Гуссерльдің жас кезіндегі философиясына, әсіресе, оның феноменологиялық редукция тәсіліне қарсы пайдаланады. Егер бұрын Декарт, Кант философиясында сана абсолютті құбылыс ретінде дәріптелсе, Гуссерль сананың белгілі бір объектіге бағытталғанда ғана өз-өзін толтыратынын ашып, идеализмге үлкен соққы жасады. Мысалы, сіз Декартты оқымасаңыз, сізде Декарт философиясы туралы түсінік болмайды. Сол сияқты табиғаттың белгілі бір құбылысы туралы ойланбасаңыз, ол туралы да сізде түсінік қалыптаспайды. Демек, санаға тумысынан түсіну қабілеті беріледі де, оның орындалуы сананың ыждаһатына, белгілі бағытта жұмыс істеуіне байланысты. Демек, Гегельдің абсолютті рух туралы ілімі жалған. Себебі бүкіл таным жұмысы жеке саналардың қызметіне байланысты. Міне, осы тұрғыдан Гуссерль бұрынғы филос. дәстүрге алаңдаудың қажеті жоқ, бұрынғы түсініктерді жақшаға шығарып, өз қабылдау мүмкіндігіне қарай жаңаша түсінік қалыптастыр дейді. Феноменол. редукция дегеніміз осы. Себебі редукция деген сөз орнына қайту, қайтадан бастау деген мағынаны береді. Егер Гуссерль феноменол. редукция ұғымы арқылы әрбір философтың өзінше көзқарас қалыптастыруға ерікті екенін дәлелдесе, Хайдеггер бүкіл бұрынғы филос. дәстүрді жокқа шығарады. Себебі бұрынғы классик. философияда болмыстың дауысын тыңдау, болмыспен сәйкестікте болу жоқ дейді. Демек, болмысты ұғынудың бұрынғы жолдарын жақшаға алу керек. Егер классикалық философия бар нәрсе туралы іліммен шектелсе, Хайдеггер бар нәрсенің өзегі уақыт дейді. Әрбір бар нәрсе тек уақыт ішінде бар, уақыты таусылғанда жоқ болады. Яғни, болмыстың мүмкіндігі уақытта. Сондықтан бұл ұғымдар бір біріне етене жақын. Хайдеггер ойынша Д. үш әрекеттен құралады: а) редукция, бар нәрседен болмысқа қайта оралу; б) конструкция, немесе болмыс түсінігін қалыптастыру; в) деструкция, немесе дәстүрлі түсініктерді жаңаша түсінікке сәйкестендіру. Сонымен, Д. редукциямен де, конструкциямен де шектелмейді. Д. арқылы ғана онтология өз ұғымдарының шынайылығын аша алады. Бұл әрекет дәстүрлі метафизикалық ұғымдарды бір уақытта пайдалану мен өшіруіне байланысты болды.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006. Т. 19; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.

**ДЕТЕРМИНИЗМ** (лат. *determine* – анықтаймын) – дүние құбылыстарының объективтік заңдылықтық өзара байланысы және өзара шарт-



тылығы туралы философиялық ілім. Бұл ілімнің ішкі арқауын себептілік ұғымы құрайды: өзара байланысып тұтасып жатқан құбылыстардың бірі (себеп) екіншісін (салдары есебінде) белгілі бір жағдайларда қажетті түрде тудырады, дүниеге келтіреді. Осыдан барып кейде Д. мен себептілік ұғымдарын синоним ретінде қолдану қалыптасқан. Алайда, Д. ұғымының шеңбері әлдеқайда кең, оның құрамына себептілік ұғымымен бірге заң және заңдылық, қажеттілік пен кездейсоқтық, мүмкіндік пен шындық, ықтималдылық сияқты ұғымдар байланысын себептілікке сайып қою Д. ілімінің мазмұнын кедейлендіріп, сыңаржақ түсінікке жетелейді. Философия мен ғылым дамуының белгілі бір кезеңінде (атап айтқанда XVII–XVIII ғғ.) дүниенің механикалық суреттемесі орнығып, сыңаржақ механикалық Д. басымдық танытады. Бұл көзқарасты атақты француз ғалымы П. Лаплас классикалық ғылым мен философияның түсініктеріне орай былай қорытады: егер де бір ұлы ақыл иесіне барлық құбылыстардың бастапқы жағдайлары мен оларға әсер ететін күштер белгілі болса, онда механика заңдарын жетік меңгерген ол үшін дүниеде бәрі де – өткені де, болашағы да – ап-айқын болар еді, белгісіз ештеңе де қалмас еді. Мұндай тұжырым тарихтан лапластың Д. деген атаумен әйгілі. Статистикалық механиканың, математикада ықтималдық теориясының, биологияда эволюция теориясының кванттық физиканың дамуына орай мұндай көзқарастың тарихи шектеулілігі анықталады. Осыған байланысты Д. ілімі және оның негізгі арқауы болып табылатын себептілік ұғымы тұғырдан тайды, құрдымға кетті, дәрменсіздігін білдірді деген қорытындылар жасалып, XIX ғ. соңына XX ғ. басында индетерминистік көзқарас басымдық таныта бастаған болатын. Қазіргі философиялық тұжырым бойынша, кең мағынасындағы Д. ілімі өз күшін жойған жоқ, тек оның категориялық құрылымының күрделілігін, дүние құбылыстарына тән байланыстардың, заңдылықтардың, қасиеттердің көптүрлілігін ескерген жөн. Сонда Д. принципінің әмбебаптығын, оның қазіргі ғылымдағы методологиялық маңызының пәрменділігі ашыла түседі.

**Әдебиет:** Парнюк М.А. Принцип детерминизм в системе материалистической диалектики. – Киев: Наукова думка, 1972; Сабитов М.С. Диалектика необходимости и случайности в квантовой механике. – Алма-Ата: Ғылым, 1974.

**ДЖЕМС Уильям** (1842–1910) – амер. психологі және философы, прагматизмнің негізін салған. Метафиз. тәсілдің негізсіз екенін ұғына отырып, Д. оған диалектиканы емес, иррационализмді қарсы қойды. Д. «сан ағысы» ретінде қарастырған психикалық зерттеулерінде ырықтылық және эмоциялық негіздердің рөлін баса көрсетті. Ақиқаттың объективтік ұғымын прагматиктік пайдалы әрекет, мүдделерге сәйкестік ұстанымымен алмастыра отырып, Д. дәлелдеуге және ғыл. негіздеуге болмайтын наным құқын қорғады. Д-тің «радикал эмперизмі» іс жүзінде нақты шындылықты «таза тәжірибеге», санаға субъективтілікпен телу деп, ал «бейтарап монизмі» материя мен рухты нақты сол «тәжірибенің» екі жағы деп қарайды. Д. дінді қорғады және Нью-Йоркте өзі құрған мистикалық «тәжірибені зерттеу» жөніндегі арнаулы ұйымға белсене қатысты.

2002.

**ДЖЕНТИЛЕ Джованни** (1875–1944) – итал. философы және саясатшы. Муссолини үкіметінің ағарту министрі. Рим ун-тінің проф-ры. «Маркстің философиясы» еңбегінде марксизмді сынады. Д. Гегельдің ілімін қайта қарап, «актуализм» жүйесін – неогегельшілдіктің субъективтік-идеалистік бір түрін жасады. Д. бойынша, мәнді нәрселердің бәрі – әрқашан актуальді, белсенді; оның шығармашылық кеңістік пен уақытқа байланыссыз Д-ның материясы – өлі, енжар болса да, ой мен бірлікте. Солипсизмнен аулақ болу үшін Д. универсалды «мен» ұғымын енгізеді. Нақты шындық индивидуалдық сананың идеяларына қатыссыз, қайта әлемдегі өзінен тыс трансценденталдық негіздің таза ойлануы болып табылады, ол өзінің қалыптасу үдерісінде барлық қарама-қарсылықты жеңіп шығады. Әлеум.-саяси көзқарастарында либерализмнен фашизмге қарай ойысты, адамгершілік рухының жүзеге асуы ретіндегі тоталитарлық мемлекеттің уағызшысы болды, жеке адамдарды мемлекетке жаппай бағынуға шақырды.

Әдебиет: XX ғ. философия. Әлемдік энциклопедиясы. – Москва-Минск, 2002.

**ДЗЕНДІК ОЙЛАУ** – будда дінінің бір тармағы дзен-будданың негізінде қалыптасқан ұғым-термин. Дзен-будда классикалық үнді буддасының Қытайға, одан Жапонияға өткен түрі. Оның идеясы – адамның өмір сүруінің, жалпы табиғатының ішкі әлемінде өтіп жатқан үдерісімен байланысқа түсу арқылы тану. Д. о-дың негізгі мақсаты сананы сәулелендіру, оны «сатори» деп атайды. Д.о. аналитикалық, логикалық ойлау жүйесіне қарама-қарсы санаға инстинкті түрде ықпал ету деп анықтама беруге болады. Д.о. бағыты, оның мәселесі әр қырынан К. Юнг, Д. Судзуки, т. б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Әдебиет: **Философия. Энциклопедический словарь.** – М., 2004. **Қазақ халқының философиялық мұрасы. Таным теориясы.** – Астана: Аударма, 2006. Т. 18.

**ДИАДА** (грек. – жұптық, егіздік) – бұл философиядағы анықтал-маған, дайындалмаған ұстанымды талқылауға арналған пифагорлы-платондық термин, қарама-қарсылықтағы көпшілік және материалдық ағым монаде бұл нақтылық және жекеліктің ұстанымдық формасы. Кейінгі доксографиялық ғылымда монаде және диаданы Пифагорлық таным жазуларында деп атаса, оны көне ескерткіштік анализдер қалыптасу кезеңі мен терминологиялық пайда болуының бастауы деп көне Академияны көрсетеді.

Әдебиет: **Философиялық энциклопедиялық сөздік.** – М., 1983.

**ДИАЛЕКТИКА** (грек. *dialektikē* – әңгіме-дүкен құру, пікір жарыстыру, айтысу өнері) – болмыс пен танымның қалыптасуы мен дамуының ең жалпылама заңдары мен заңдылықтары туралы ілім және соған негізделген шығармашылық ойлау әдісі. Д. сондықтан философиялық теория, әдіс және ғылыми танымның, жалпы шығармашылық іс-әрекеттің әдіснамасы болып табылады. Д. ұстанымдары дүниетанымының да негіздерін құрайтындықтан, оның теориялық, методологиялық және дүниетанымдық қыз-

меттерінің біртұтастығы анықталады. Д-лық ойлау көне грек философы Гераклиттен бастау алып, Платон мен Аристотельдің ілімдерінде антикалық Д. деп аталатын өзінің тарихи алғашқы формасына енеді. Мұнда Гераклиттің: «Бәрі де ағады, өзгереді, бір өзенге екі рет кіруге болмайды» деген атақты ой-тұжырымы мен Логос идеясын, элейлік Зенонның қозғалысқа тән қайшылықтарды айқара ашқан априорияларын, «Д.» терминін алғаш енгізген Сократтың софистерге қарсы күресе отырып, ақиқатқа жету жолы қарама-қарсы пікірлердің диалог (сұрақ- жауап) түріндегі тоғысуында жатқанын, сондықтан қайшылықсыз адам ойының дәрменсіздігін көрсетуін атап өткен жөн. Платон өз шығармаларын негізінен осы диалог формасында жазып, идеялар дүниесін танудың әдісі ретіндегі Д-лық ойлаудың ғажайып үлгілерін жасап берді. Аристотель өзіне дейінгі философия тарихын тұтастай қорытып, Д-лық ойлаудың категорияларын тізбектеп, олардың алғашқы кестесін құрды. Аристотельдің Д-сы идеялар дүниесін ғана емес, ең бастысы реальдық дүниені танудың әдісі ретінде материя мен форманың, мүмкіндік пен шындықтың, болмыс пен болмыс еместің арақатынасын түсіндіруге бағытталады. Д. толық түр- дегі тарихи екінші формасы классикалық неміс философиясында қалып- тасады. Мұнда алдымен И. Канттың зерденің (антиномиялары туралы ілімін атауға тиіспіз: зердесі ақиқатты тануға ұмтылысында қажетті түрде шешіл- мейтін қайшылықтарға, антиномияларға кезігеді, содықтан «өзіндік заттар» дүниесін танып-білу мүмкін емес. Кант ғылыми-теориялық танымның (математиканың, физиканың, космологияның) мүмкіндіктерін зерделеп, оларды ойлаудың априорлық формалары ретіндегі категориялармен ұштас- тырады да, 12 категорияны логикалық түрде жіктеп, кестесін жасайды. Канттың іліміне сүйенген Гегель Д-ны объективтік идеалистік тұрғыдан әрі дамытып, оның теориялық құрылымын мейлінше жетілдіріп, категория- лардың тарихи және логикалық тұрғыдан негізделген өз заманына сай ғылыми жүйесін тұрғызады. XIX ғ. соңы мен XX ғ. батыстық философия дамуында Д-лық идеялар әртүрлі деңгейде және бағытта қолданыс тауып, экзистенциалдық Д. (Ж.-П. Сартр), негативтік Д. (Т.В. Адорно), герме- невтикалық Д-ның көптүрлі плюралистік нұсқалары дүниеге келтірді.

XX ғ. 50–60 жж. бастап кеңестік философияда жаңа даму дүниеге келіп, Э.В. Ильенков, Б.М. Кедров, М.М. Розенталь, П.В. Копнин, В.Ф. Асмус, Е.П. Ситковский, Г.С. Батищев, В.С. Библер, В.С. Швырев сияқты белгілі ғалымдар Д. теориясын дамытуға айтарлықтай үлес қосты. Осы бағыттағы зерттеулер легі академик Ж.М. Әбділдиннің басқаруымен Д-лық логиканың Қазақстандық мектебінде XX ғ. 60–90 жж. табысты жүргізіліп, нәтижелері төрт томдық «Д-лық логиканың», екі томдық «Д-лық логиканың тарихы» сияқты монографияларда қорытындыланды.

**Әдебиет:** Абдильдин Ж. *Сочинения в пяти томах.* – А.: Өнер, 2000–2001.; *Диалектическая логика. В четырёх книгах.* – Алма-Ата: Ғылым, 1995–1997.; *История диалектики. В 2-х кн.* – Алматы: ИФиП МОН РК, 2000.

**ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ ЛОГИКАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕКТЕБІ** – халықаралық ауқымда танылған отандық философиялық зерттеу бағыты. Бұл бағыттың алғашқы нышандары 1958–70 жж. Ж. Әбділдиннің, А. Қасымжановтың, Ә. Нысанбаевтың, Г.А. Югайдың және т. б. еңбектерінде көрініс тапты. Сол кезден бастап диалектиканың өзекті мәселелерін жүйелі зерттеу мақсатында Қазақстан ҒА-ның Философия және құқық ин-тында (қазіргі Философия, саясаттану және дінтану ин-ты) жас ғалымдардың шығарм. тобы құрылды. Алғашқы зерттеу нәтижесі ретінде Ж. Әбділдин, А. Қасымжанов, Л. Науменко, М. Баканидзе жазған «Таным логикасы және диалектикасы проблемалары» (А., 1963) атты ұжымдық монография жарыққа шықты. Мұнда авторлар 20 ғ-дың 50-жылдары КСРО көлемінде бой көрсете бастаған диалект.-филос. ағымға үн қосып, адам ойы мен танымының табиғаты, логиканың диалект. тұжырымдамасы, нақты ұғым, таным субъектісінің белсенділігі, т.с.с. мәселелерді тереңдете қарастырды. Жаңа заман философиясындағы батыл қадамға баланған бұл зерттеулер арнаулы басылым беттерінде «диалектикалық логиканы жасақтаудағы қомақты табыс, соны бағыт» ретінде бағаланды. Осы кездегі жарық көрген А. Қасымжановтың, Б. Қасеновтің, З. Мұқашевтің, Н. Мұсабаеваның, К. Рахматуллиннің, Г. Югайдың зерттеулері Қазақстанда іргелі филос. мектептің қалыптасқанын байқатты. Сондай-ақ, 1967–68 Ж. Әбділдиннің «Теориялық танымдағы бастама проблемасы», Л.К. Науменконың «Монизм – диалектикалық логиканың ұстыны», М.И. Баканидzenің «Логикалық формаларды субординациялау мәселесі», Б. Сахариевтің «Арнаулы салыстырмалылық теориясындағы кеңістік пен уақыттың өзара байланысы мәселесі» сияқты бірегей сипаттағы монографияларының жариялануы Д. л. қ. м-н жаңа бір белеске көтерілді. Д.л.қ.м-нің көрнекті өкілдері – Ж. Әбділдин мен Ә. Нысанбаев 1974 ж. Ш. Уәлиханов атынд. бірінші республикалық сыйлықты иеленді. Ал 1984 ж. олармен бірге бір топ философ-ғалымдар (М. Баканидзе, А. Ивакин, Л. Науменко, М. Сәбитов) диалект. логика мәселесін зерттеудегі терең теориялық нәтижелі еңбектері үшін Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаттары атанды.

**Әдебиет:** *Диалектическая логика*, кн. 4. – А.-А., 1985–87; *История диалектики*, кн. 2. – А., 2000; Абдильдин Ж.М., *Собр. соч. в 5-ти томах.* – Аст., 2000–01.

**ДИАЛОГ** (грек. *dialogos* – сөйлесу, сұхбаттасу) – мәдениеттануда белгілі бір мақсат пен міндетті шешуде өзара қайшылықты көзқарасы болса да, соған қатысушылардың байланысын, бірге жұмыс істеуін айтады. Мәдениет Д-ы – мәдени жүйенің (құбылыстың) байланыс үдерісі, соның нәтижесінде әрбір мәдениет өзінің ерекшелігін сақтап, өз орнын айқындайды. «Мәдени элементтің» бірін-бірі байытатын Д-ы олардың дамуының негізін қалайды.

Олардың өзара байланысы, құндылықтары, қалыптары дәстүр үндестігінің сырын ашып, әрбір мәдениет өзінің қайталанбас қуатын таниды. Дамушы, бірін-бірі толықтырушы Д-тың негізі – өзара байланыста, қарым-қатынаста болған мәдениеттердің өзін тануы, мәдениеттің тарихи танымы, өмір сүру салты, сондай-ақ, әртүрлі мәдениеттер арасындағы «теңсіздік».

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006. Т. 19.; Нысанбаев А. Независимость. Демократия. Гуманизм. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007.

**ДИАСПОРА** – әлеуметтік ғылымдарда ұлттың ата жұрты болып табылатын елден тысқары өмір сүретін бір бөлігі. Д. күштеп көшірудің, геноцид қатерінің, экон. және геогр. факторлардың әсері салдарынан пайда болады. «Д.» термині алғаш рет еврейлердің Палестинадан тысқары жерлерде тұруына қатысты, әсіресе, оларды б.з.б. VI ғ-дың басында Вавилон патшасы Навиходоносор II-нің, одан соң б.з. I–II ғ-ларында римдіктердің қудалауына байланысты қоныс аударуынан кейін қолданыла бастаған. Кейінірек «Д.» термині басқа этн. қауымдастықтар мен діни қауымдастықтарға да қатысты қолданылатын болды. Д. өзі тұрып жатқан елдегі аз этн. топ болып табылады да, әрдайым өзінің тегі шыққан елмен рухани және шаруашылық байланыста болуға тырысады. Бұл ұғымды алғаш рет ғылыми айналымға енгізген және негіздеген Ә. Нысанбаев болды. Бүгінгі таңда 40 мемлекетте 5 млн. -ға жуық қазақ Д-сы тұрып жатыр.

**Әдебиет:** Қазақ диаспорасы: бүгіні мен ертеңі. – Астана: Елорда, 2005. – 352 б.

**ДИАХРОНИЯ** (грек. *dia* – арқылы, *chronos* – уақыт) – түрлі тілдік жүйе мен тілдік құбылыстың тарихи дамуы, бүтіндей алғанда лингвистикалық зерттеудің пәні. Синхронияға қарама-қарсы қойылады. Д. зерттеу объектісіне тарихи тұрғыдан келу бағдарында әдебиеттану мен семиотикада да қолданыс тапты. Д. зерттеу – мәдениетті тарихи тұрғыдан, уақыт жағынан түрлі кезеңде қалыптасқан мәдени құндылықтарды салыстыра зерттеу. Эволюциялық зерттеу – Д. тәсілі. Мәдениетті Д. тұрғыдан зерттеудің басты ұстыны хронологиялық жолмен сатылай зерттеу болып табылады.

**ДИДРО Дени** (1713–1784) – француз философы, жазушы, өнер теоретигі. XVIII ғ. француз «Энциклопедиясын» ұйымдастырушы, әрі редакторы. Д. тұжырымы бойынша адамның өзін сүюі жақсы қасиет, бірақ Гельвеций тұжырымы бойынша адамның өзін сүюі эгоизмнің бастауы деген пікірге қарсы тұрады. Д-ның ірі шығармалары: «Философиялық ойлар», «Аллея, немесе Скептиктің серуені» (1747), «Көзі көретіндерге сабақ үшін соқырлар туралы хат» (1749), «Табиғатты тану туралы ойлар.» «Д. Аламбердің Д-мен

әңгімесі», «Д. Аламбердің түсі», «Монахиня», «Рамоның жиені», «Жак-фаталист және оның қожайыны», т. б.

**Әдебиет:** Дидро Д. *Собр. соч.* – М., 1935–1947. Т. 1–10; **Философия.** *Энциклопедический словарь.* – М., 2004. – С. 238–239.

**ДИКТАТУРА** (лат. *dictatura* – үстем билік) – мемлекеттік билікті жүзеге асырудың күш қолдануға негізделген тәсілі. Мазмұны мен мән жағынан демократияға қарсы ұғым. Д., әдетте, әлеум.-экон. дағдарыстың асқынып, әлеум. топтар мен жіктердің арасындағы саяси күрестің шиеленіскен кезінде, төтенше жағдайларда пайда болады. Ол авторитарлық және тоталитарлық, әскери және азаматтық, революциялық, консервативтік, реакциялық, т. б. мемлекеттегі биліктің тармақтарға бөлінбейтіндігімен, азаматтық-қоғамдық бастаманы басып, жаншылдығымен сипатталады. Саяси және әлеум. бақылау тәсілі дәркі күшке негізделіп, армияға арқа сүйеді. Елде қатаң тәртіп орнайды. Марксизм-ленинизм ілімі Д. ұғымын кеңінен қолданды, бірақ тек өзінің идеол. мүддесі тұрғысынан түсіндірілді; яғни белгілі бір топтың – әлеум. жіктің үстемдік құруы ретінде бейнеледі. Алғашқы кезеңде пролетариат Д-сы қанаушы топтың қарсылығын басу үшін керек, одан кейін ол әлеум.-әулеттік айырмашылықтың бәрін жояды, тапсыз қоғамға өтуге алғышарттар әзірлейді деп санады. Шын мәнінде, пролетариат Д-сы тұрпайы күштеу, зорлық-зомбылық арқылы орнап, басшылық жасады. Сондықтан сенімнен айырылып, көздеген мақсатына жете алмады.

**ДИЛЬТЕЙ Вильгельм** (1833–1911) – неміс философы және мәдениет тарихшысы, өмір философиясының көрнекті өкілі, философиялық герменевтика мен түсінуші психологияның негізін қалаушы. 1833 жылы 19 қарашада Висбаден маңында Бибрихте реформаторлық шіркеу пасторының отбасында дүниеге келді. Гейдельберг, кейінірек Берлин университетінде теология мен философияны оқыды. 1864 жылы Берлин университетінде доктор дәрежесін алды, ал екі жылдан кейін Базель университетінің профессоры болды. Одан ары Киль (1868), Бреслау (1871) және Берлин (1882) университеттерінің профессоры болып, 1911 жылы 3 қазанда Больцано (Австрия) маңындағы Зейсте қайтыс болды. Д. батыс өркениеті мен неміс ойына қатысты көптеген жұмыстары тарихнама мен әдебиеттанудың классикалық мұрасына айналды. Д. ұсынған «рух туралы ғылымдары» (*Geisteswissenschaften*) кеңінен танымал болды. Тарихи зерттеудің мәнін ұғынуға ұмтылу оны тарихтың әдіснамасымен айналысуға, әсіресе мәдени шығармашылықтың барлық формаларын оның негізінде жатқан дүниені пайымдаудың (*Weltanschauung*) көрінісі ретінде түсіндіруге тарихшыға мүмкіндік беретін түсінудің ерекше актын талдауға итермеледі. Интерпретация тәсілін Д. герменевтика деп атады. «Тарихи зердені сынауды» Кант жүзеге асыра

алмады, бұл олқылықты Д. Рух туралы ғылымға кіріспеде толтырады. Ол дүниені пайымдаудың үш типін бөліп көрсетеді: натурализм (позитивизм), объективті идеализм (пантеизм) және еркіндік идеализмі (теизм). Д. методологиядан философияға ауысты. Зерттеп отырған оқиғасын түсінуге тырыса отырып, тарихшының өзі тарихқа батып кетеді. Оның жұмыс тәсілі, демек, Декарт пен Кант философиясында негізгі орын алатын абстрактілі және уақыттан тыс зерде арқылы түсіндіріле алмайды, бірақ анағұрлым дәлірек философиялық негіздемені – адамның өмір сүруін анықтайтын өмірдің тұтас ауқымын қажет етеді. Д-дің бұл идеялары психикалық өмірдің тұтастығына назар аударатын қазіргі психологиядағы үрдістердің және «экзистенциалдық философияның» пайда болуына әкелді.

**ДИОГЕН Лаэрттік** (III ғ. – II ғ. жартысы) – грек жазушысы. Оның 10 кітаптан тұратын «Өмірі, ілімдері және атақты философтардың нақыл сөздері» деген көлемді шығармасының ежелгі заман философиясы тарихы жөнінен бізге дейін жеткен бірден-бір жиынтық еңбек ретінде маңызы бар; онда грек философиясының Секст Эмперикпен аяқталатын өкілдерінің өмірбаяндық мәліметтері мен ілімдері қамтылған. Д. кейде тіпті анекдот деуге болатын әртүрлі нақыл сөздер мен мәліметтерді жинастырушы ретінде назар аударуға лайық. Әсіресе стоиктер мен Эпикурға арналған бөлімдері қызықты, соңғы кітабында Эпикурдың бізге жеткен бірден-бір шығармасы оның үш хаты мен «ең басты ойлары» келтірілген. Д. стоиктерге сын көзбен қараған; ал скептиктер мен Эпикурға ілтипатпен қараған.

**Әдебиет: Лосев А.Ф. Диоген Лаэртций – историк античной философии. – М., 1981.**

**ДИОГЕН Синоптық** (б.з.д. 404–323) – грек философы, киниктер мектебінің негізін салушы Антисфеннің шәкірті, Д. өз ұстазының ілімін аңғырт реализм бағытында дамытты. Бірақ Д. шығармашылығы бізге Диоген Лаэрттің ықпалымен теріс, өңі айналған күйінде жетті. Соған карамастан Д. С-тың философиялық ілімі болды деп ұйғаруға дерек бар. Ол өркениет игілігінің бәрін жоққа шығарып адамзат бұрынғы тағылық күйіне оралып аңша тіршілік етуін көкседі. Бүкіл мәдениетті адамзат өміріне зорлық жасайтын күш деп танып, мемлекет атаулыны мойындамады, өзін бүкіл әлемнің азаматымын деп, әйел мен балалардың ортақ болуын насихаттайды. Д-нің моральдық және қоғамдық өмірге немқұрайлы қарауы оны арсыздыққа итермелеп, енжар етті. Ал Македонскийдің маған қандай тілеуіңіз бар деген сұрағына Д.: былай тұр күн сәулесін қалқаламай деп жауап қатады, ондағысы материалды игілікке жиіркенішпен қарауы. Д. құдайға табынуды, дінді адам ойынан шыққан деп санауды мойындамайды, оның мойындайтыны – тақуалық ізгілік.

**Әдебиет: Философиялық энциклопедиялық сөздік. – М., 1983.**

**ДИСКУРС** (лат. *discurses* – сөз, баяндау, әңгімелесу, сөйлесу) – сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына талдау беретін ұғым-термин. Структуралистер ғылыми айналымға қосқан бұл ұғым-термин философияда, социологияда, семиотикада, мәдениеттануда, когнитивті талдауларда қолданылады. Ұғым-термин арқылы қандай да бір тікелей оқырманға не тыңдаушыға бағытталған концепция (ғылыми, философиялық) белгіленеді. Д. адамдардың сөйлеу арқылы жасаған қарым-қатынасынан кейін ғана мағынасы болады, яғни мағынасы мен белгісін, сөз бен ойдың бірлігін айқындайды.

**ДИСКУРСИВТІЛІК** – (ежелгі латындық – талқылау, пікір алмасу, аргумент, түйін) талқыланған, түсініктілік, логикалық, себеп-салдарлық (сезімдікке, интуитивтілікке, тікелей емеске қарағанда).

**Әдебиет: Философиялық энциклопедиялық сөздік. – М., 1983.**

**ДИССИДЕНТ** (лат. *dissidens* – келіспейтін) – мойындамайтын, басқаша ойлайтын адам. Орта ғасырда католицизмге қарсы келгеннің бәрін шіркеу дінінен безген Д. деп танып, қуғынға ұшыратты, аяусыз жазалады. Үстем шіркеу уағыздарын орындамайтын христиандарды Д. деп атады.

«**ДИУАНИ ХИКМЕТ**», «Ақыл кітабы» – мұсылмандық қағидалары өлеңмен жазылған дидактикалық дастан. Бұл еңбек XII ғ-да жазылған, авторы – Қожа Ахмет Иасауи. Түпнұсқасы бізге толық жетпеген. «Д.Х»-тің XV–XVI ғғ.-да көшірілген бірнеше қолжазбасы сақталған. Олар негізінен Стамбұл, Ташкент, Мәскеу, Алматы қ-ндағы кітапханаларда сақталған.

«Д.Х»-тің ең көне нұсқасы араб графикасымен жазылып, сақталған нұсқа болып отыр. Барлық түркі халықтары «Д.Х»-ті түпнұсқадан аудармай оқи береді. Өйткені ол бәріне ортақ көне түркі тілінде жазылған. «Д.Х»-тің лексикографиялық ерекшелігі оның түркі тілдерінің қыпшақ тобына жақын екенін көрсетеді. «Д.Х»-тің негізгі түйіні: арабша білмейтін оғыз, қыпшақ руларын құрайтын көшпелілерге құран аяттарын ана тілінде түсіндіріп насихаттау, олардың мұсылмандық шарттарын жетік ұғынуына көмектесу болып табылады. (Менің хикметтерім Алладан пәрмән, оқып ұққанға мағынасы бар құран). Осы талаптарға орай ол өз дастанын қыпшақ, оғыздың өлең құрылысына бейімдеп, поэзия тілімен жазды. Хикметтер қазақтың он бір буынды қара өлең ұйқасына тым жақын тұр. Сол себепті бұл жырлар көшпелілерге, оның ішінде қазақ оқушыларының жүрегіне өзінің ақыл, насихаттық мазмұнымен де, құрылысымен де жылы тиіп баурап отырады. Тіпті, түркі елдерінде, әсіресе, қазақ жерінде кең етек алған айтыс үлгісін ақын мейілінше ұтымды пайдаланады.

«Д.Х.» бастан-ақ үлгі-өнеге, ақыл-насихат түрінде келеді. Ол мұсылман дінінің негізін құрайтын түйінді мәселе: имандылықты арқау ете



отырып, бұған сан алуан діни, әдеби, аңыз әңгімелерден тыс, нақты өмірлік деректер де келтіреді. Бұл орайда ол Мұхаммет пайғамбар мен оның төрт шарияларының үлгілі істерін жұртқа паш ете отырып ой тастамақ болады. Ақын мақсатының түйіні: бұл баянсыз өмірден жақсылық, ол дүниедегі бақи ғұмыр үшін ұмтыл, құдайға күндіз-түні құлшылық етіп, Алланың сүйікті құлы болуға талаптан, адамгершілік, имандылықтың жолынан табыл дегенді ұсынады. Қожа Ахмет жұртты жамандық пен зұлымдықтан, озбырлық пен надандықтан сақтандырғанда, өз басынан кешкен қателіктерін, айып-күнәларын аяусыз сынап, сол қателіктерінде сақтандыруды қарастырады, сөйтіп рухани тазару мәселесін көтерді. Мұның сара жолы сопылықты айта келіп, оның қиын да күрделі екенін де жасырмайды. Ақын бұл тұста тариқат, шарифат, хақиқат, магрипат ілімін алға тартып, ғылым-білімді игерудің міндет-мақсаттарын да бағдарлайды. «Д.Х»-тегі ой түйінінің салмағы «Дәптер сани» тұжырымдамасына келіп тіреледі. Мұның мәні – «Екінші дәптер « деген сөз. Ақын осы екі дәптер арқылы бұл дүние мен ол дүние мәселесін қатар алып, салыстыра ой түймек болған. Сол арқылы адам баласын құдай алдындағы тазалық пен имандылыққа тәрбиелемек болады.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 14. Философия тарихы. – Астана: Аударма, 2006; Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. – Астана: Аударма, 2006. Т. 5.**

**ДОКТРИНА** – (лат. – ілім) қандай да бір жүйеленген ілім (әдетте, философиялық, саяси немесе идеологиялық), байланысқан тұжырымдама, ұстындар жиынтығы. «Д.» термині (оған сәйкес синонимдік «ілім», «тұжырымдама», «теория» терминдерімен салыстырғанда) көбінше схоластикалық не догматтық ықпалдағы көзқарастарды түсіндіруде жиі кездеседі.

**Әдебиет: Философиялық энциклопедиялық сөздік. – М., 1983.**

**ДОСПАМБЕТ жырау.** Досмәмбет (1940 ж. Азов қаласы, – 1523 ж., Астрахань маңы) – көне қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, жорық жыршысы. Қазақ халқының қалыптасу кезеңінде өмір сүрген жырау. Руы кіші ноғайлы. Өз заманындағы жорықтарға, Қырым, Ноғайлы, Қазан хандықтары арасындағы ұрыстарға қатысқан. 1523 жылы Астрахань жорығы кезінде Д. ж. бастаған шолғыншылар тосқауылға ұшырайды да, жырау ауыр жараланып, қайтыс болады. Д. ж. мұрасының дені жоғалған. Ел ауызында, жекелеген қолжазбаларда сақталған бірлі-жарым туындылары 19 ғасырдың бас кезінде әртүрлі жинақтарға енді. Совет үкіметі тұсында «Алдаспан» антологиясында (1971) оның табылған шығармалары толық жарияланды («Қалаға қабылан жаулар тигей ме», «Қоғам көлдер, құм, сулар Қоныстар қоған өкінбес...», «Айнала бұлақ басы тең...» т. б.). Д. жырларынан оның ой-өрісі, мұрат-мақсаты, рухани өмірі, моральдік қағидалары, дүниеге

көзқарасы аңғарылады. Жауынгер жырау туындыларының рухы ескілігіне, көркемдеу әдістерінің көнелігіне қарамастан көңілге әсер етелік терең, тілге орамды келеді.

**Әдебиет: Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 1996.**

**ДОСТЫҚ** – адамдардың бір-біріне қарым-қатынасын білдіретін әлеуметтік ұғым. Д. мақсат-мүдденің ортақ болуы, өзара мейірбандылық, бірін-бірі құрмет тұту сияқты шынайы сезімді білдіретін адамдар арасындағы ең жоғарғы гуманистік қатынасқа негізделеді. Бұл ұғым адамзат қоғамының ғасырлар бойындағы қарым-қатынасының даму тарихында өркениет пен гуманизмнің дамып, кемелденуі нәтижесінде қалыптасқан. Ұлы ойшылдар мен гуманистер Д. идеясын әрдайым уағыздап отырған. «Пікір бірлігінен Д. туады» (Демокрит). «Уақыт та, арадағы шалғайлық та Д-ты әлсірете алмайды» (Герцен).

**Әдебиет: Философиялық энциклопедиялық сөздік. – М., 1983.**

**ДӨРЕКІЛІК** – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы тұрпайылық, дөрекілік сынды ұғымдарымен қатар қолданылатын әлеуметтік ұғым. Д. әрекеттің немесе кез-келген бір амалдың қателікке негізделіп нәтижесінде Д., тұрпайы қарым-қатынас сезімін білдіретін адамдар арасындағы ең төменгі қатынас негізінде байқалады. Д-тің қоғамда жиі кездесетін түсіндірмелері:

- 1) Әдепсіз, тұрпайы, көргенсіз (Д. адам, дөрекі жауап, Д. қылық, Д. қарым-қатынас) т. б.;
- 2) Жауапсыз, қарапайым ережелерді ұстанымсыз (Д. қате, Д. түрде тәртіпті бұзу, Д. ойын т. б.);
- 3) Нәтижесіз, Д-лі, жан жылулығынан жұрдай (Д. сөз, Д. іс, Д. айла, Д. әрекет т. б.).

**Әдебиет: Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 4.**

**ДУАЛИЗМ** (лат. *dualis* – екі жақты) – материалдық және рухани мәдениетті екі қарама-қарсы, бірақ негізі мәдени элементте бір-бірімен тығыз байланыста болады деп қарастыратын ілім, яғни мәдениет Д-і.

**ДУЛАТИ Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар** (1499–1551) – әйгілі тарих-шы, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес елдердің тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін «Тарихи Рашиди» кітабы мен «Жаһаннама» дастанының авторы, Жетісу жеріндегі ежелгі Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Д.-дың ата-бабалары кезінде Моғолстан мемлекетінің құрамына енген қазіргі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Қырғызстан және Шығыс Түркістан жерлерінде ұлысбегі, тархан қызметтерін атқарған, өздерінің мұрагерлік иеліктері – Маңлай-Сүбені дербес басқарған. Өз әкесі Мұхаммед Хұсайын

Моғолстанның Жүніс ханының күйеу баласы, Ташкентті билеген. Оны кейін Әмір Темірдің немересі Мұхаммед Шайбани хан өлтірген. Анасы Хуб-Нигар ханым – Жүніс ханның қызы. Бұл ретте Мұхаммед Хайдар Моғолстанның Сұлтан Саид ханмен және Үндістандағы баласы Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалаушы Захираддин Мұхаммед Бабырмен бөле. Әкесі өлгеннен кейін Д. біраз уақыт осы Бабырдың қолында тұрады. Содан кейін Бабырдың рұқсатымен Сұлтан Саид ханға келіп, оның Қашқардағы сарайында тұрып, сарай қызметін басқарады. Саид ханның Әбубәкірге қарсы соғыстарына қатысады. Жан-жақты білімді, сарай қызметін жетік білетін адам ретінде ханның мұрагер баласы Әбу ар-Рашид сұлтанның тәрбиешісі болады. Сұлтан Саид өлгеннен кейін таққа отырған Рашид Дулат тайпасының басшыларынан қауіптеніп, оларды қуғындай бастайды. Мұхаммед Хайдардың немере ағасы – Саид Мұхаммедті өлтіреді. Осыдан кейін өз басына қауіп бұлты үйіріліп келе жатқанын сезген Мұхаммед Хайдар Үндістанға қашады. Ол мұнда ұлы Моғолдар сарайында әскербасы болып, Кашмирді жаулап алу соғысына қатысады. Жаулап алғаннан кейін Ұлы Моғолдар атынан біраз уақыт Кашмирді билеп тұрады. Ол осында өзінің атақты еңбегі «Тарихи Рашидиді» жазуға кіріседі. Ол сол кездегі саяси оқиғалар мен оған қатысқан қайраткерлерді, сондай-ақ Моғолстан мемлекетінің, Қазақ хандығының өткен тарихын жақсы білген. Оның тікелей өзі куә болған жайлары да көп еді. Содан да болар ол орта ғасырдағы қазақтарға, әсіресе дулат тайпасының тарихына қатысты өте құнды материалдар береді. Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы, одан кейінгі кезеңдері, олардың қырғыздармен, өзбектермен қарым қатынасы жайында кеңінен сөз болады.

**ДУЛАТОВ Міржақып** (1885–1935) – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайреткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері. Д. 1885 жылы 25 қарашада қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданына қарасты «Қызбел» ауылында дүниеге келеді. Әкесі Дулат өзіне жетерлік дәулеті, ескіше сауаты бар адам болады. Балаларын жастайынан оқуға береді. Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897–1902 жылдары, ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. Бұл мектеп Міржақыптың білімін толықтырумен қатар, азамат ретінде қалыптасуына да аса зор ықпал жасайды, Мұқан мұғалім ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған оқу орнының, дәлірек айтқанда, Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ мектебінің түлегі болатын. Өз шәкірттеріне де ол осы рухта тәлім-тәрбие, терең білім береді. Екі жасында анасынан, он екі жасында әкесінен айырылып, жетім қалған Д. М. бұдан кейін Асқар деген ағасының тәрбиесінде болады. 1902 жылы, уездік мектепті бітірген соң, еңбекке араласады. Біраз жыл ауыл мектептерінде бала оқытады. 1904 жылы

Д. М. Омбы қаласына келеді. Осында ұлт зиялыларының ұстазы Ахмет Байтұрсыновпен кездеседі. Бұдан кейінгі уақытта бірі – ұстаз, бірі – избасары ретінде жұптарын жазбайды. 1906 жылы Петербургке барып қайтады. Бұл сапарынан ол саяси күрескер ғана емес, шабытты ақын болып оралады. 1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетіне «Жастарға» деген өлеңін, бүркеншік атпен «Біздің мақсатымыз» деген мақала жариялайды. Мақалада Д. М. қазақ халқының басындағы қиын жағдайдың анық себепте-рін саралап, отарлық саясатты әшкерелейді. Патша өкіметі мақала авторын тұтқындамақ болғанмен, бүркеншік аттың иесін таба алмайды. 1909 жылы Петербургте М. Д-тың «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Бұл кітап та патша әкімшілігінің қуғындауына ұшырайды. 1913 жылы ол Ахмет Байтұрсыновпен бірге «Қазақ» газетін шығарып, басылымның бұдан кейінгі жұмысына белсене араласады. 1920 жылы Ташкентке келіп, сондағы «Ақ жол» газетінде қызмет атқарады. 1922 жылы жазықсыз қамауға алынады. Түрмеден шыққан соң, 1922–1926 жылдары Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болады. 1928 жылдың аяғында бір топ қазақ зиялыларымен бірге қамауға алынады да, он жылға сотталып, 1935 жылы тұтқында қайтыс болады. Д-тың алғашқы кітабы – «Оян, қазақ!» деген атпен Петербург қаласындағы жарық көрген өлең жинағы. Одан кейін 1913 жылы Орынборда «Азамат», ал 1915 жылы «Терме» атты өлеңдер кітаптары басылып шығады. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы – ел тағдыры болды. Д. М. проза жанрымен де айналысады. 1910 жылы оның осы жанрдағы туындысы «Бақытсыз Жамал» романы Қазан қаласында басылып шықты. Бұл – қазақ әдебиетіндегі таза көркем проза үлгісінде туған тұңғыш роман еді. Бұл жылдары Міржақып бірқатар мақалалар мен фельетондар жазады. 1922 жылы Ташкентте екі бөлімнен тұратын «Есеп құралы» оқулығын бастырады. «Балқия» пьесасын жазады. 1991 жылы шығармаларының бір томдық, ал 1996–1997 жылдары екі томдық жинақтары жарық көрді. Д. шығармашылығы жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіліп, бірқатар кітаптар мен мақалалар жарияланды.

**ДУН** Чжуншу, б.д.д. 190 ж. немесе 179 ж., – б.д.д. 120 немесе 104 ж. қазіргі Хэбэй провинциясындағы Хэншуй уезді) – философ, мемлекет қызметкері, конфуцийшілікке мемлекеттік идеология сипатын берген «Хань дәуірінің Конфуцийі», «жаңа мәтіндер мектебінің» көшбасшыларының бірі. Шенеуінік қызметіне алу үшін конфуциандық канондар бойынша емтихан алуды бірінші болып енгізген. Император мектебінде сабақ берген, Сыма Цяньнің ұстазы болған. Д.Ч. идеялық мұрасы 82 философиялық және әлеуметтік-саяси эсселер, оларды құрастушылар «Чунь цю фань лу» («Көктемдер мен күздердің мол шықтары») деп атаған. Конфуцийшілдіктің шекарасында жоғары дәрежедегі натурфилософия жасады, онда даосизм мен иньян цзя

идеяларын қолданды. Д.Ч. бойынша, әлемде барлығы «алғашқыбастаудан» («алғашқысебеп») – юань, «Ұлы Шектік» (тай цзы) тәрізді) пайда болады, ол «пневмадан» (ци) пайда болады және даоға бағынады. Даоның әрекеті карама-қарсы күштер инь мен янның кезектесіп ауысуымен және «бір-бірін тудырып отыратын» «бес элементтің» (у син) циркуляциясы арқылы іске асады. Бірінші рет инь ян және у син екілік және бестік классификациялық құрылымы бүкіл универсумды қамтитын біркелкі жүйеге біріктірілді.

**Әдебиет:** Дун Чжуншу. (О небе и человеку. О познании). Ауд. М.Л. Титаренко // Антология мировой философии. Т. 1. Ч. 1. – М., 1969; Дун Чжуншу. Чунь цю фань лу. Ауд. А.С. Мартынов // Древнекиайская философия. Эпоха Хань. – М., 1988.

**ДУНС Скот Иоани** (1266 Макстон, Шотландия, – 08.11.1308, Кельн) орта ғасырлық теолог және философ, схоластиканың өкілі. Францискандық-монах; «Нәзік доктор» (doktor subtilis). Оксфордта, Парижде оқыды және оқытушылық қызмет атқарды. Августшылдық дәстүріне ілесе отырып, Д. С. сенім мен білім, теология мен философия аражігін ашты. Адам ақылы (интелект) тек жаратылған затты таниды. Құдай өз бетінше адам ақылының табиғи объектісі болып табылмайды. Шектілік пен шексіздік – болмыстың түрлі модустары. Адам ақыл-ойы құдайды тек шексіз болмыс ретінде біле алады. Орта ғасырлық реализмнің түсінігіне арқа сүйей отырып, предикаттардың (универсалилердің) емес, субъектілердің (индивидтердің) алғашқылығын мойындады. Индивид – жеке предикаттарға (түрлерге) сәйкес келетін қасиеттердің жиынтығы емес, ең алдымен индивид қасиеттердің бірлігі. Бұл жерде дәл «осы» затқа тән белгілі бір тұтастық. Д. С. жеке заттың сипаттамасы үшін «осылық» (haecceitas) ерекше ұғымын енгізді. Д. С. ілімінің негізгі мәселелерінің бірі – ерік бостандығы. Дүниенің жаратылуы – бұл индивидтердің жаратылуы. Индивидтер универсалилермен анықталмайды. Бірақ, тек абсолютті азат ерік қана әмбебап «осыны» жарата алады.

Заттың жаратылысынан бұрын оның мүмкіндігі (идея) құдай ақылында болады. Жаратылыс актісінде ерік индивид қасиеті ретінде тең мүмкіндіктерге таңдау жасайды. Осылайша, ерік азат, бұл таңдау кездейсоқ; ақыл, білім таңдаудың тек шарты мен мүмкіндігі, бірақ оның себебі емес. Ғылым білімді талдауда Д. С. ғылыми білімнің қажеттілігі танылатын объектінің қажеттілігінде емес, таным процесінің қажеттілігінде жатыр деп есептейді.

**Әдебиет:** Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.

**ДҮНИЕ** – тұтас алғандағы бүкіл объективтік шындықта бардың бәрі. Д-ге бірлік, біртұтастық тән. Д-нің бірлігі, біртұтастығы философияда әртүрлі түсіндіріледі. Қандай көзқарасты ұстану адамның дүниеге көзқарасын, дүниетанымын анықтайды. Философия мен ғылымды Д. мен адамның

қарым-қатынасы мәселесі қызықтырады. Адам да сол Д-нің бір бөлігі, бірақ Адам сонымен бірге Д-мен барабар: ол Д-ні сезінеді, тұтас қабылдайды, танып-біледі, өзгертеді, оған терендеп бойлайды, оның тұтас суреттемесін жасайды, меңгереді. Адам әмбебап жан иесі ретінде дүниемен теңгеріледі, сол Д-де еркін өмір сүруге ұмтылады. Адамзат практикасының дамуы бұл еркіндік дәрежесінің барған сайын арта түсуіне әкеліп соғады. Д. ұғымымен қатар кейде Әлем, Ғарыш (Космос) ұғымдары қолданылады. Әлем ұғымы астрономиялық мағынасы бар ұғым, ол галактика, мегагалактика сияқты ұғымдармен нақтыланады. Космос ұғымы антикалық философияның жемісі: онда миф пен логос, хаос пен космос қарама-қарсы қойылады. Космос хаостан мүлде бөлек, ол белгілі бір тәртібі, ішкі заңдылығы бар біртұтас Д., сондықтан антикалық философияның басты ерекшелігі оның космоцентризмінде делінеді. Яғни бәрі табиғат та, қоғамда да, адам баласы да сол бір Космос, сонымен қамтылады, сонымен анықталады. Бүкіл Д. макрокосмос делінсе, адам микрокосмос деп есептеледі. Қазіргі ғылымда космос ұғымы астрономиялық (аспан, аспан денелері) мағынасында қолданылады.

**ДҮНИЕГЕ ҚАТЫНАС** – адамның дүниемен байланысын, өзара қарым-қатынасын білдіретін ұғым. Оның басты түрлеріне практикалық, танымдық, этикалық, эстетикалық және діни қатынастар жатады. Адамның дүниемен байланысы, қарым-қатынасы оның дүниеге көзқарасында бейнеленеді, сонымен қатар, керісінше, оның дүниеге көзқарасы, дүниетанымы оның іс-әрекетінде, мінез-құлқында, басқа адамдарға, жалпы дүниеге қарым-қатынасында көрініс табады.

**ДҮНИЕГЕ КӨЗҚАРАС**, *дүниетаным* – тұтас дүние және ондағы адамның алатын орны туралы жалпылама түсініктердің жүйесі. Д.к-тың басты түйіні дүние мен адамның қарым-қатынасы мәселесінде жатыр. Дүние бар, сол дүние дамуының ең жоғарғы нәтижесі болып есептелетін саналы адам бар, ал бұлардың арақатынасы қандай? Ең алдымен дүние дегеніміз не? Адам дегеніміз кім? Дүние шекті ме, шексіз бе, мәңгі ме, өткінші ме? Адам қалай және қашан пайда болған? Оның өмірінің мәнісі неде? Адам дүниені танып-біле ала ма? Адамның бұл дүниедегі орны қандай? Адам нені қалайды, нені таңдайды, неге ұмтылады, нені армандайды? Ізгілік пен зұлымдық, махаббат пен жауыздық, қайырымдылық пен қайырымсыздық, бақыт пен бақытсыздық, өмір мен өлім, ақылдылық пен ақымақтық және т. б. осындай сауалдар адам баласын мазалайды, толғандырады, күйзелтеді, ойлантады, сана-сезімін серіктіреді. Міне, осындай дүние мен адам қарым-қатынасы төңірегіндегі бітпес сұрақтар тізбегі Д.к. құрамына еніп, жауап күтеді. Сондықтан ол адам санасының қажетті құрамдас бөлігі болып

табылады. Адам баласы пайда болғалы бұл мәселелер заманына сай әр елде, әртүрлі дәрежеде шешіліп отырады. Әр дәуірдің өзіне сай жиынтықты Д.к., дүниетанымы бар деуге әбден болады. Сонымен бірге бұл дүниетанымның жекелеген адамдар санасында қалыптасып, индивидуалды көрініс табатынын ескерген жөн. Д.к. құрылымында әртүрлі білімдер (өмірлік-практикалық, ғылыми, кәсіби және т. б.) мен құндылықтар жүйесі, іс-әрекет бағдарламалары өзара байланысында орын теуіп, адамдардың дүниені және өзін-өзі мүмкіндігінше тұтас түсінуіне жағдай туғызады. Д.к-тың жалпы адамзатқа тән тарихи формаларына эпсана (миф), дін және философия жатады. Философия Д.к-тың өзегін құрайды. Белгілі бір философиялық жүйеде құрылған Д.к. сол философиялық ілімнің ұстындарына негізделеді, сондықтан ол теориялық түрде ой елегінен өткізілген, барлық бөліктерінде өзара жымдастырылған, сындарлы түрге еніп, сол көзқарасты ұстанған адамның барлық іс-қимылын, ойлау желісін, құндылықтық бағдарын, эмоциялық реакцияларын, өмірлік ұстындарын анықтайтын болады.

**ДҮНИЕНІҢ ҒЫЛЫМИ СУРЕТТЕМЕСІ** (*картинасы*) – ғылыми танымның негізгі ұғымдары, принциптері мен заңдарын синтездеу арқылы құрылатын дүниенің жалпылама қасиеттері мен заңдылықтары туралы түсініктердің тұтас жүйесі. Д. ғ. с. замана ағымына сай әрқашан өзгеріп, дамып отырады, яғни оған тарихилық тән. оның мазмұнын әр кезеңдегі ғылыми білімдердің қосындысына ғана сайып қоюға болмайды, ол сол заман мәдениетінің айшықты сипаттарын өз бойына дарытып, дүниетанымының көкжиегін білдіретін философиялық-әдістемелік негізде құрылады. Д. ғ. с-нің: жалпы ғылыми пәні бойынша өзара байланысты ғылым салаларына сай құрылатын (жаратылыстанулық, қоғамдық-гуманитарлық және ғылыми-техникалық) және жекелеген ғылымдар базасында пайда болатын үш деңгейі бар. Бұлардың арасында терең байланыс бар, өйткені дүниенің жалпы ғылыми суреттемесі жекелеген ғылымдар жетістігіне сүйеніп құрылады және керісінше, жалпы ғылыми суреттеме өз ретінде жекелеген ғылымдардың дамуына оң әсерін тигізіп, бағыт-бағдар беріп отырады, сөйтіп олар өзара корреляциялық байланыста дамиды. Жекелеген ғылым беретін суреттеме сол ғылымның зерттеу пәнін бейнелеп, дүниенің жалпы ғылыми суреттемесінің әлдебір бір көрінісі, қырларын ретінде күй кешеді. Бұлардың арасындағы орталық буынды жараталыстанулық, әлеуметтік-гуманитарлық және ғылыми-техникалық суреттемелер құрайды. Д. ғ. с. ғылым дамуының басты негіздемелерінің біріне жатады.

**ДН** (араб. – сенім, наным, илану, әл-Исламның балама аты; Д. басқа дінге де қаратылып айтыла беріледі, лат. *religio* – сенім, құдайшыл, табыну) – дүниетаным, не дүниені қабылдау, сондай-ақ Алланың (немесе бір

және бірнеше Құдайдың, Жаратушының) барлығына сену негізіне сәйкес өзін-өзі ұстау, соған қатысты адамның «табиғи» ұғымынан, танымынан биіктігі «қасиетті» бастау, барлығының бастауы, Жаратушыға тән құбылыс ретінде қабылданады. Д-нің басты белгісі – адам ақыл-ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сену және мойындау. Ислам философиясының түсіндіруінше, Д. дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш. Алланың барлығына сенім. Бүкіл әлемді және адамды жаратушы ие – Жалғыз Алла адам баласының жүрегін өзіне ұштастыра жаратады, яғни Жаратушының барына сеніп, оның ажырамас бөлшегі екенін адам өз жүрегі арқылы сезетін болады. Д-нің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдаймен байланысын орнату болса, ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы Аллаға арналады. Сөйтіп, шынайы діндар болып, жас кезінен Алланың ғана бұйрығын орындаушы болып өседі. Барлық тіршілік құбылыстары Алла Тағаланың қолында екеніне және күнәлі істері үшін оның қарғысына ұшырайтынына мұсылман кәміл сенеді. Осы сенім – оны жаман істерден тежеуші және тура жолдан, имандылықтан шықпауына себепші. Иманын жоғалту адамның дінін жоғалтуына алып келеді. Д-и тұрғыдан Д. – бүкіл болмыстың түпкі себебі барын, дүние болмысының жаратылу мақсатын, оның сыр-сипатын түсіндіріп, танып-білуге және адамның рухани жетілуіне мүмкіндік жасайтын әдіс-әрекеттер мен бүкіл дүниетанымды, болмысты толық қамтитын өте кең, ауқымды ұғым.

Д-нің шығуы қазіргі ғылымның зерттеулері бойынша 40–50 мың жыл бұрынғы палеолит (тас дәуірі), яғни алғашқы қауымдық қоғамның салыстырмалы түрде жоғары деңгейдегі даму кезеңіне жатқызылып отыр. Аталмыш кезеңнің мәдениет ескерткіштері жан-жануарлар культі мен аңшылыққа қолданылған сиқыршылық белгілерін сақтаған. Сондай-ақ, Д-и наным-сенімдердің болғандығын сол ежелгі дәуірлердегі өлген адамды еңбек құралдары және әшекей бұйымдармен бірге жерлеу дәстүрінің белгілері де дәлелдейді. Д-нің шығуы адам ақыл-ойында теориялық ойлау және ойдың шынайы өмірден ажырау мүмкіндігінің пайда болу деңгейімен де (Д-нің гносеологиялық негізі) байланысты. Яғни жалпылама ұғым өзі белгілейтін нәрседен бөлініп, өзінше дербес өмір сүре бастайды, сондықтан нақтылы бар нәрселердің адам санасында бейнеленуінің негізінде абстрактілі түсінік пайда болады. Бұл мүмкіндіктер адамның тек қана нақтылы іс-әрекеттерінің тұтас жиынтығымен, қоғамдық қатынастарымен (Д-нің әлеуметтік негізі) байланыста ғана іске асады. Адамзат тарихының өн бойында Д. адам сенімінің сипатына және халықты қамтуына байланысты сан түрлі күйде болды. Бірінші жағдайға қатысты оның тотемизм, анимизм, натурализм, шаманизм, фетишизм, политеизм (көптәңірлі), монотеизм (бір тәңірлі), деизм



(әлемді жаратқан соң, одан әрі дамуына араласпайтын, белгілі бір тұлға кейпіндегі емес әлдебір бастапқы себепті мойындайтын ілім) т. б. түрлері пайда болды. Соның ішіндегі тарихи тұрғыдан Д-нің неғұрлым ертедегі, ең алғашқы көріністері – сиқыршылық, тотемизм, ғұрыптық жерлеу культі және шамандық болып табылады. Құдайды тұлғалық Бастау ретінде мойындау барлық діндерге тән емес. Ол қазіргі Д-дерден, мәселен, ислам, христиан, иуда Д-деріне тән, ал будда, даосизм Д-деріне тән емес. Халықты қамтуы жөнінен Д-нің тайпалық-халықтық (мыс., иудаизм) және ұлтаралық немесе әлемдік (буддизм, христиан, ислам) түрлері белгілі. Әлемдік Д-дердің әрқайсысы түрлі ағымдар мен конфессияларға бөлінеді. Мысалы, ислам Д-інің сүнниттік, шииттік ағымдары, христиан дінінің католиктік, православие және протестанттық конфессиялары т. б. Д-нің екі сипаты бар.

Төменгісі – сыртқы, ғибадат ету, ал жоғарғысы имандылық. Имандылық барлық дерлік Д-дерге ортақ, діннің ішкі мәнін білдіреді, сондай-ақ, ғибадатты да қамтиды, адамның сыртқы және ішкі болмысын тәрбиелейді. Д-нің имандылық сипатын қабылдайтындар бүкіл болмыстың себебінің, заңдылықтарының бар екенін толық түсініп, оларды танып-біліп, бойына сіңіріп және бұлжытпай орындауға ұмтылады. Барлық Д-дердің ұқсастығы және негізгі мақсаты – бір жаратушыға деген сүйіспеншілікке жету және оның мейірімі мен кешіріміне ие болу, рухани тазарып, жетілу. Олардың ішкі мәнінде ғана емес, салт-рәсімдерінде де көптеген ұқсастықтар бар. Мысалы, тасбих тартып, Құдайдың қасиетті есімдерін қайталау; ән айтып, билеп, зікір салып Құдайды мадақтау, ғибадат ету, дұға оқу және т. б. Дүние жүзі халқының дені, негізінен, әлемдік үш Д-ді (будда, христиан, ислам) ұстанады.

**Әдебиет:** *Философский энциклопедический словарь.* – М., 1989; *Кобеева О.*

*Ислам: Исторические очерки. Дінтану негіздері.* – А., 1998; *Батай Ж. Теория религии.* – Минск, 2000. (ҚҰЭ – 3 том, 321 бет).

**ДЮРИНГ Евгений** (12.01.1833 Берлин – 21.05.1921 Новавес), неміс философы, саяси экономика және құқық және әдебиет тарихы мәселелерімен айналысқан. 1863–1877 жж. Берлин университетінің приват-доценті. Ол ойлаудың жаңа тәсілін айқындайтын «шынайылық философиясының» өзіндік жүйесін жасауға талпыныс жасады. Бірақ оның әрекеті метафизикалық материализм, позитивизм және кантшылдық элементтерінің қоспасы болып шықты. Ол философияны ақырғы немесе жоғарғы ақиқат тұралы априорлы ілім деп санады. Д. пікірінше дүниенің ақыры жоқ, бірақ дүниенің уақыт бойынша бастауы бар. Дүние бастапқыда абсолютті тыныштық күйде болған. Тыныштықтан қозғалысқа өтуді Д. материяға тән әлдебір «механикалық күш» ұғымымен түсіндіреді. Осылайша, Д. алғашқы қозғаушы күш идеясынан бас тартуға тырысты және материяның атрибуты ретіндегі қозғалыстың материалистік тұғырнамасынан қашқақтады. Д. уақытты кеңістік пен материядан тыс қарастырды. Д-тің социологиялық тұжырымдамасы идеалистік көзқарасқа негізделген. Әлеуметтік теңсіздіктің, қанау мен қайыршылықтың себебі – зорлық. Зорлық таптардан, әлеуметтік теңсіздіктен, қоғамның әлеуметтік құрылымынан тыс қарастырылды. Д.

*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

бойынша қоғамды социалистік қайта құру революциялық төңкеріс жолымен емес, Прудонның ұсақ буржуазиялық социализм негізінде ұсақ өндірушілерді біріктіру жолымен іске асуы тиіс. Ол марксизмнің саяси экономикасына, материалистік диалектикасы мен ғылыми социализм идеяларын жақтамады. Оның идеялары неміс социалист-демократтарының арасында танымал болды. Ф. Энгельс Д-тің көзқарасын «Анти-Дюринг» шығармасында сыни тұрғыдан талдады.

**ДЮРКГЕЙМ Эмиль** (1858–1917) – француз социологы, позитивист, француз социологиялық мектебінің негізін қалаушы. Бордо (1896) мен Сорбоннада (1902) социология мен педагогика пәндерінің профессоры.

Қоғамдық өмірдің әр түрлі қырын жан-жақты зерттеуде үлкен еңбек сіңірген ғалым. Мәдениеттің қызметі жеке тұлғаның қажеттігінен туындайды деген көзқарастарға қарсы болды. Д. қоғамның алғашқы кезеңіндегі сол қоғам мүшелерінің ұжымдық бірлестікті сезінуі туралы концепциясы белгілі дәрежеде ғылыми қызығушылық туғызды. Ол мәдени құбылыстың объективтілігін айқындай келіп, оған кіретін ұжымдық таным құрылымын төртке бөлген: біріншіден жалпы ортақ идея мен сезім (тіл, әдебиет, саяси, діни көзқарастар); екіншіден, имандылық пен адамгершілік қалыптар; үшіншіден құқық және құқықтық сана; төртіншіден, экономикалық негіздер (ақша, салықтар, кіріс, баға, құн, экономикалық мақсаттар). Д. көзқарасы бойынша мәдени қызмет әлеуметтік қайшылықтарды жұмсартуға ықпал етуі тиіс. Оның «Социологиялық әдіс» (1899), «Қоғамдық еңбектің бөлінісі туралы» (1900), «Өзін-өзі өлтіру. Әлеуметтік этюд» атты еңбектері орыс тіліне аударылған.

**ЕВГЕНИКА** (грек. *eugenes* – асыл тұқымды) – адамның тұқым қуалаушылығы және оны жақсарту жолдары туралы адам генетикасы мен медициналық генетиканы қолдануды пайдалануға шақыратын ілім. Е-ның әсіре бағыттары нәсілшілдік пен «әлеуметтік дарвинизм» ағымдарының теріс идеяларын пайдалана отырып, адамдардың мәдени теңсіздігі олардың психофизиологиялық айырмашылықтарына байланысты және адамдардың «жаңа тұқымын» шығару керек деген антигумандық қағидаларды ұстанған. Бірақ, Е-ның және оның жаңғыртылған қазіргі бағыттарында көптеген маңызды адамдық мәселелер көтерілген. Неоевгениканың өкілдері (П. Рамсей, Ч. Френкель, Дж. Ледерберг, Д. Рорвик, М. Эбон және т. б.) тұқымдық инженерияның қойған жаңа мәселелеріне назар аударады. «Жасалып жатқан адам» еңбегінде Г. Рамсей зиянды тұқымдық мутацияларға қарсы күрес қажеттігін алға қояды, сонымен бірге ол адам «фенотипін» жөндеу, жасанды пробиркалық нәресте, тұқымдық бақылау, демографиялық қысымды азайту мәселелерін гуманизм мен этика талаптарына сай шешуді қалайды. Ч. Френкель «Е. елесі» деген мақаласында биомедициналық биоэтикаға тәуелді болуын жақтап, жаңа Е-лық жобалардың адамзат құндылықтарынан алшақтамауын қолдайды. Дж. Ледерберг клондау (адамдардың жасанды баламаларын көбейту) идеясының озық жақтарына басты назар аударды. Бірақ, адамдарды генетикалық жолмен модификациялау көптеген гуманитарлық және этикалық қиындықтармен кездесті. М. Эбон «Адамда клондау:

**Е**

тамаша жана үміт немесе жана үрей» еңбегінде бұл мәселеге үлкен байыппен қарауға шақырады. Жаңа Е-ның қойған көптеген мәселелері бойынша қазіргі әлемдік өркениеттілікте қызу пікірталас жүріп жатыр.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**ЕВКЛИД** – (б.з.б. 4 ғ. – б.з.б. 3 ғ.) ежелгі грек математигі. Математика бойынша алғашқы теориялық трактаттардың авторы. Е-тің ғұмырнамалық деректері бойынша б.з.д. 3 ғасырда Александрияда оның ғылыми қызметі өткен. Оның басты еңбегі – «Бастау» (латындық нұсқасы – «Элементтер») планиметрия, стереометрия және сандар теориясының кейбір мәселелерін баяндаған. Бұл еңбекте өзіне дейінгі гректік математиканың дамуының нәтижесін қорытындылап және математиканың даму көкжиектерінің іргетасын қалады. Е. дүниетанымына Платон мен Аристотель шығармашылығы ықпал етті. Оның «Фигуралардың бөлінуі туралы» атты еңбегі араб тіліндегі аудармасында сақталған. Е-тік алгоритм екі бүтін санның бөлінушісін табу тәсілін көрсетеді. Е-тік геометрияның аксиомалар жүйесі мынандай негізгі ұғымдарға сүйенеді: нүкте, түзу, жазықтық және қозғалыс. Е-тік геометрия – нақты физикалық кеңістіктің құрылымын бейнелеу үшін жасалған алғашқы қадам. Е-тік кеңістік б.з.б. (математикада) бұл евклидтік геометрияда аксиомаларымен бейнеленетін кеңістік. Е-тік емес геометрияның ашылуы кеңістік ұғымының априорлығын мойындаудың негізсіз екендігін дәлелдеді.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.**

**ЕГЕМЕНДІК** (француз – *souverainete* немесе *souveranitat* – жоғары билік) – мемлекет пен биліктің негізгі сипаттамасы. Е. мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси іс-әрекетінің тиісті формаларында көрінетін мемлекеттік биліктің тәуелсіздігі мен үстемдігі. Суверенитет терминін алғаш рет мемлекеттік-құқықтық мағынада XVI ғасырда француз ғалымы Ж. Боден енгізді. Оның пікірінше, «Е. – бұл мемлекеттің абсолютті және тұрақты билігі». Саяси Е. идеясының қалыптасуы Батыс Еуропада ұлттық-тәуелсіз, орталықтандырылған мемлекеттердің пайда болу үдерісімен сай келеді. Мұнда Е. шіркеуден, басқа мемлекеттен және биліктің басқа орталықтарынан тәуелсіздікті белгілейтін қасиет. Е. мемлекет идеологиясы – жоғары феодал-билеуші-сеньордың үстемдігі туралы ортағасырлық түсінікке қарсы қойылды. Н. Макиавелли түсіндірмесінде егеменді билік бүкіл билік ретінде көрінеді. Жаңа заманда феодалдық монархтың жеке билігінің саяси егемендігі мемлекеттің, кейін халықтың (Дж. Локк, Б. Спиноза, Жан-Жак Руссо) үлесіне өтеді. Е. ең алдымен мемлекеттің өз қызметін жүзеге асыруда іске асады. Е. мемлекеттің құқық жүйесінде көрінеді. Мемлекеттің құқықтық өкілеттілігі мемлекеттік егеменділіктің шынайы іске асуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттің Е-гі халықаралық қатынастарда тәуелсіз, яғни халықаралық құқықтың дербес субъектісі ретінде әрекет етуін айқындайды. Мемлекеттердің егеменді теңдігі БҰҰ жарғысында бекітілген. Еге-

менді теңдік қазіргі заманғы халықаралық құқықтың жалпы мойындалған қағидаттарының бірі. Т. Гоббс теориясында Е. мемлекеттің өзасаматтарына деген билігінің абсолюттілігін білдіреді. Бірақ бір адамның бүкіл билігі мемлекеттік заңның бүкіл билігіне біртіндеп орын береді. Б. Спиноза мен Г. Гроций саяси Е-лік ұғымын мемлекеттіліктің сапалы сипаттамасына қатысты көрсетеді.

Қазақстан Е-гі 1991 жылы жарияланды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы тәуелсіз елдің қатарына жатады.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – Астана: Аударма, 2007. – Т. 20.**

**ЕЛ** – көне түркі тілінде «халық» сөзінің синонимі ретінде қолданылған атау. Е. – қоғамды басқаратын және оның экономикалық және әлеуметтік құрылымын күзететін таптық қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты. Е. – белгілі бір территорияда, бүкіл қоғамның атынан ішкі және сыртқы саясатты жүргізеді, өз аумағында барлығына міндетті заңдар мен ережелер шығаруға және салық жинауға құқылы. Е-дің негізгі белгілері: 1) белгілі бір аумағының болуы, 2) мемлекеттік билік қызметін іске асыратын органдары мен мекемелерінің ерекше жүйесінің болуы, 3) мемлекет тарапынан бекітілген белгілі бір ережелер жүйесін бекітетін құқықтың болуы. Е-діктің рәміздері: елтаңба, байрақ, ән-ұран. Ежелгі түркілердің өзіндік Е-дік институттары болған. Дәстүрлі қоғамдағы көшпелі шаруашылық қарым-қатынастарының дамыған кезеңдерінде Е. атауы қауымдық-туыстық құрылымының (патриархалды отбасы, ру, тайпа, мемлекеттік бірлестік) жоғары деңгейін білдіретін мағынаға ие болды. Мәселен, Көк түркілердің алғашқы мемлекеттік құрылымдары (Батыс Түрік қағанаты, Шығыс Түрік қағанаты), сондай-ақ, ірі тайпалық бірлестіктер құру негізінде дамыған ежелгі қазақ руларының одағы «ел» деп аталған. Әрбір Е-дің өз территориясы және өзіндік шекарасы, таңбалары болған және олар өз қарамағындағы жер аумағының шегін өзге тайпалық одақтардан қорғап отырған. Заманауи әлемдік саясаттану ілімінде Е. атауы көбіне «мемлекет» ұғымымен қатар қолданылып жүр. Ол негізінен, географиялық мәдени, әлеуметтік, экономикалық және тарихи жағынан қолданылады.

**Әдебиет: Қадырбаев А.Ш. За пределами Великой степи. – Алматы, 1997.**

**ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ** – қытай халқының дәстүрлі философиялық білімдер жүйесі. Тек Қытайдың ғана емес, Шығыстың және Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің рухани өркениетінің ажырамас бөлігіне айналған. Е.Қ.ф-ның пайда болу тарихы б.д.д. 1-мыңжылдықтан бастау алады, оны «алтын ғасыр» деп атаған. Е.Қ.ф. діннен гөрі дәстүр аясында дамыды. Қытай дәстүрі негізгі алты философиялық мектепті атайды: конфуцийшілдік (жу цзя), даосизм (дао цзя), легизм (фа цзя), моизм (мо цзя), атау-

лар мектебі (мин цзя), иньян мектебі (иньян цзя). Жаңа дәуір басында Қытайға таралған Махаяна буддизмі даосизммен бірігіп Қытайдағы философия мен діннің үшінші тармағы болған қытайлық буддизмді (чань-буддизм) құрады.

Е.Қ.ф-на ерекше категориалды аппарат, философиялық рефлексияның ерекше тілі тән, оның қалыптасуына иероглифтік жазу өз әсерін тигізген. Қытайлықтардың ойлау формасы мен стиліне нақты қоршаған орта, отырықшылық мәдениет те әсерін тигізді. Ол мәдениеттің жалпыдүниетанымдық сұрақтарына жауап ретінде қалыптасты, экономикалық және саяси практикамен тығыз байланыста болды, сондықтан оның сипаты да практикалық болды. Жекелеген заттар, табиғи құбылыстар (жыл мезгілдері, күнтізбе, әлемнің материалды элементтері – ағаш, жер (топырақ), су, металл, от және т. б.) бірте-бірте натурфилософияның, кейінірек философиялық мектептердің де негізгі философиялық ұғымдарына айналды. Бұл қытай философиясы онтологиялық және гносеологиялық мазмұннан ада болды деген сөз емес, ол қытайлық өркениеттің белгілі бір рухани бастауы, оның этикалық және саяси негізі бола отырып, кейін дәстүрге айналды.

Е.Қ.ф. маңызды ерекшелігі оның антропоорталықтық және рационалистік сипатында жатыр. Адам өзінің ішкі және сыртқы байланыстырының көптүрлілігімен қытайлық философтардың назарындағы бірден-бір мәселе болды. Қытай философиясының көптеген негізі тұжырымдары жалпы-адамзаттық мағынаға ие, олар күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Ойлаудағы органицизм заттарды үнемі қозғалыста қабылдады: «ци», әлемнің әмбебап субстраты, динамикалық өзгерістердің үздіксіз ортасы, «ян» және «инь» – қарама-қарсы екі күштің қозғалысы арқылы полярлануы арқылы түсіндіріледі; әрбір затта «инь» мен «ян» бар, олар кезекпен басымды бола отырып, өзгерістерге пульс береді. Алғашқы «Аспан – Адам – Жер» үштігі үнемі гармонияда болуы керек. «Чжи» – затты білу – оны сипаттап қана қою емес, сонымен қатар істеуге деген нұсқауды да білдіреді, білімге ие болу деген «өз ісін білу» дегенді білдіреді. Е.Қ.ф. өзінің бойына метафизиканы, этиканы және социологияны біріктірген. Сонымен қатар, адам, оның табиғи және қоғамдық мәні, оның субъективті мүмкіндіктері, зердесі, әлемді тануға қабілеттілігі басты назарда болды. Бұл әлемде адамның өмір сүруіне лайықты орын іздеуге, табиғатты аялауға, табиғат пен адам ара-қатынасын үйлесімділікке әкелуге бағытталған рационалды философия болды. Онтологиялық тұрғыда оның негізгі сұрағы болмыстың бастауы туралы, яғни Е.Қ.ф-ын әлемді сезімдік және рационалдық танудың шегі туралы ілім деуге болады. Ежелде пайда болған «біртұтастық», «жол», «алғашқы бастау», «Ұлы Шектік» сияқты ұғымдар кейін қытай философтарының онтологиялық және гносеологиялық тұжырымдамаларының орталық категорияларына айналды. Е.Қ.ф. өзіндік ерекше категориалды аппарат тән, ол батыстық философиялық дәстүрдегі ұғымдармен сәйкес келе бермейді.

Қытай философиясы әлемнің біртұтас суретін жасауға талпынды, онда адам мен космос-табиғаттың және қоғамның біртұтастығы орын алады. Бұл «біртұтастықтық» жекелік пен бөлектіктен жоғары тұрады.

Е.Қ.ф. әлеуметтік және саяси іс-тәжірибемен өте тығыз байланыста болды. Қытайда философиялық білім дәстүрлі түрде табиғат туралы, қоғам және адам туралы, сонымен қатар, мемлекетті басқару туралы барлық білімдердің кешенін қамтыған. Яғни онтологиялық және гносеологиялық тұжырымдамалар моральдың және саяси конструкциялардың формасына ие болды. Әлеуметтік іс-әрекеттің және қоғамдық құрылымның ережелері әлемнің мәні мен құрылымы туралы көзқарастан туындайды. Яғни «философия» ұғымы мен «қоғамдық-саяси ой» ұғымы арасында шекара жүргізу өте қиын. Философияның мағыналық тереңдігі мен көпқырлылығы, кейін «идеологизациялануы» (мемлекеттің доктринасына айналуы) дәстүрлі қытай қоғамында оның жалпымәдени рөлінің жоғары болғанын көрсетеді. Философия халықтың қарапайым санасына терең еніп, бұқаралық сананың стереотипін қалыптастырды. «Аспан астын» (социумды) реттеу ісі әлемдік гармонияны да ұстауда маңызды фактор деп түсінілді. Батыс Чжоу (б.д.д. 1 ғ. басы) кезеңінде қытай философиясының орталық категориясының бірі – «дэ» қалыптасты, ол тудыру және ретке келтіру күшін білдірді. «Дэнің» күшіне сай Аспан барлық затты тудырады және көбейтеді. Билеуші – «ван», Аспан Ұлы бола отырып, «Аспан мен Жердің (космостың) ұлы «дэсіне» айналады, оны адамдардың әлеміне айналдырады, Аспан астын гармонияға әкеледі. Чжоулық ванның билігі номиналды болып қалған кезде Аспан асты елінде жай-күй әр адамның «дэсіне» тәуелді болып қалады. Қытай философиясының негізгі екі мектебінің негізін қалаушылар – Конфуций (Кун цзы) мен Лао цзы – осыған байланысты жеке адамның іс-әрекетінің жолы мен өлшемі болып табылатын «дао» категориясын енгізеді. «Дэні» толтыру «даоны» танып-білу мен оны ұстану арқылы іске асады. Конфуций мен Лао цзы «даоны» танудың бір-бірін толықтыратын үлгілерін жасады. Конфуций үшін адамсүйгіштік пен адамның іс-әрекетін реттейтін ереже, рәсім «ли» басты және адам бойындағы табиғи-хаостық бастауды қатаң бақылауда ұстай білетін «текті ер» («цзюнь цзы») идеал болды. Конфуцийлік мәдениеттің басымдылығына қарсы даосизм «табиғилықты ұстану» стратегиясын ұсынды. Барлық іс-әрекеттегі пиғыл мен мақсатты бағыттаудан бас тарту («у-вэй» ұстанымы) данышпанға оқиғалардың жалпыәлемдік табиғи ритмі ретіндегі «даоға» қосылуға мүмкіндік береді.

**Әдебиет:** Древнекитайская философия. – М., 1972–1973. Т.1–2; Васильев Л.С. Проблемы генезиса китайской мысли. – М., 1989. – 309 с.; Древнекитайская философия. Эпоха Хань. – М., 1990; Китайская философия. Энциклопедический словарь. – М., 1994. – С. 573; Рубин В. А. Личность и власть в древнем Китае: Собрание трудов. – М., 1999. – 384 с.

**ЕЛЕСТЕТУ** – бұрын қабылданған заттың немесе құбылыстың бейнесі және қиялдан туындаған бейне; сезім түрі. Көрнекі-бейнелілік білім түріндегі бейнелеу. Қабылдаудан ерекшелігі е. жеке объектілердің тікелей шындығынан жоғары тұрады және оларды ұғыммен байланыстырады. Е. екі формада – жадының және қиялдың бейнелері түрінде іске асады. Жадының елестетуі таным үдерісінің қажетті шарты ретінде қызмет етеді. Таным үдерісінің объектінің сақталған бейнесі түйсінуде өзектендіріледі. Шындықта толық қабылданбайтын Е. және ойдағы тілектер қиял бейнелерінің көмегімен жасалады. Егер түйсінуді нақты шынайлыққа ғана қатысты болса (осы шаққа), ол Е. осы шаққа, өткенге және болашаққа да қатысты. Жеке сезімдік бейнелеудің түрі ретінде, адам елестетуі тілмен жанама байланысты, жалпы мәнді мазмұнмен толықтандырылған, саналы түрде ұғынылған.

**ЕЛТАНУ** – құрлықтарды, елдерді, ірі аудандарды кешенді түрде зерттеумен айналысатын географиялық ғылымдар жүйесіндегі пән. Е. – нақты бір аумақтарда физикалық және экономикалық географияға сәйкес бекітілетін жалпы заңдылықтар мен технологиялық сипаттар қалай көрінетіндігін көрсетеді. Е. – географияның көне саласы. Е. аудандық түрлі елдерді тану қажеттілігінен сонау антика заманында пайда болған. Мыңдаған жылдар бойында Геродот және Страбоннан бастау алған елтану яғни табиғат, тарих, экономика, мәдениет және саясатты қамтумен өзінің әмбебап сипатын көрсетеді. Ғылымның дамуы, әсіресе Х ғасырда жүйелі географиялық ғылымдардың қарқынды өсуіне алып келді. Бұл Е-дың ғылыми деңгейінің жоғарылуына алып келді. Заманауи Е. саласының әдебиеттерінде экономикалық-географиялық және физикалық-географиялық сынды екі түрлі бағыт қалыптасқан. Бұл екі бағыт табиғат және қоғамға тән заңдылықтардың айырмашылықтары мен табиғи және экономикалық аудандастырудың түбегейлі сәйкессіздігінен туындады. Е. – белгілі бір ел туралы алуан түрлі білімдерді біріктіру және жүйелейтін пән. Е. – елдің өндірістік-аумақтық құрылымының даму көкжиегін және хал-ахуалын, табиғи және еңбек ресурстарын, өндірістік базасы мен аумағын пайдаланудың негізгі сипаттарын айқындайды.

**ЕЛІКТЕУ** – психологияда, жеке адамдардың немесе әлеуметтік топтың басқа бір жеке адамдардың және топтардың іс-қимылын, қозғалысын ұқсастырып жасауы. Аристотель адамның қалыптасуында еліктеу маңызды рөл атқарады деп атап көрсетті. Е-ді зерттеудің іргетасын И.П. Павловтың шартты және шартсыз рефлексстерді зерттеуілері қалады. Е. – бұл қоғамдық тәжірибені игерудің бір жолы. Е-дің онтогенездің алғашқы кезеңіде маңызы айрықша. Сәби Е-дің нәтижесінде іс-қимыл, дағдыларды, жүріс-тұрыс

ережелерін, сөйлеуді үйренеді. Е. бойынша іс-қимыл мен дағдыларды игеру қарым-қатынас, қабылдау, дамуының жоғары деңгейін болжайды. Кері жағдайда, Е. қозғалысты сырттай қайталауға айналады. Е-дің мұндай түрі психикалық дамуында ауытқушылық бар балаларда кездеседі. Е. дамуындағы бұзылу қоғамдық тәжірибені игерудегі қиындықтардың пайда болуына, психикалық дамудың тежелуіне алып келеді. Е. ерікті және еріксіз іске асады. Ерікті Е. мектеп жасына дейінгі балалар мен сәбилерді оқытып-үйретуде жетекші әдістердің бірі ретінде қолданылады. Бұл балаларды оқыту процесінде жас ерекшелікке сай жетіле береді. Е. адам өмірі мен іс-әрекетінде маңызды рөл атқарады. Е. нәтижесінде адам жүріс-тұрыс нормалары мен еңбек дағдыларын үйренеді. Е. антикалық және XVI–XVIII ғасырлардағы классикалық эстетиканың негізгі қағидаттарының бірі. Өнерге еліктеу (мимесис) ретінде қарау пифагоршылдықта (музыка аспан үйлесімділігіне Е. ретінде) қарастырылып, кейін бұл көзқарасты Платон және Аристотель өрбітті. Өйткені Платон бойынша, көрінетін әлем жоғары идеялар әлеміне Е., шынайылыққа еліктеуші өнер тек еліктеушілікті ғана көрсетеді. Аристотельдің пікірінше еліктеуге ұмтылу тірі жандарға, әсіресе адамдарға тән. Еліктеу өнердің мәнін құрайды, жиіркеніштілік пен жексұрындылық бейнеленген кезде де бұл қанағат сезімін береді. Е-дің тәсілі мен объектісі әдеби жанрлардың негізгі қасиеттері болып табылады. Платон өнердегі ұсқынсыздықты, адамгершілік тұрғыдан айыпталатын нәрсені бейнелеуді айыптаса, ал Аристотель мұндай бейнелеуді дұрыс деп санап, комедияны эпос пен трагедиядан төмен қойды. Себебі, комедияда, «нашар адамдарға» еліктеушілік бар. Жаңа заманда Е. классицизм эстетикасында кеңінен қолданылды. Ш. Батте «Бірыңғай қағидатқа негізделген нақышты өнер» (1746) атты еңбегінде барлық өнер үшін осындай бірыңғай қағидатты Е. деп санады. Е-ге тек «әсем табиғат» лайықты деп санаған классицистер антикалық өнердегі идеалды үлгіге еліктеуге ұмтылу ең жақсы тәсіл деп санады. «Табиғаттағы әсемдік» ұғымын неміс классикалық философиясының өкілдері сынға алды.

**ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ** – қоғамдық ғылымдарда «еңбек бөлінісі» термині түрлі мағыналарда қолданылады. Қоғамдық бөлінісі адамдардың белгілі бір тобы орындайтын түрлі әлеуметтік қызметтердің іс-әрекет түрлерінің қоғамдағы бөлінуі және қатар өмір сүруін көрсетеді. Кәсіби Е. б. қызметті бөлу, мамандану және осымен байланысты түрлі салаларды қамтиды (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ғылым, білім, әскер, басқару және т. б.). Техникалық еңбек бөлінісі белгілі бір еңбек түрін бөліп көрсету, атап айтсақ, шеберханада, завод-фабрикада, ұйымда, ұжымда және адамдар орындайтын жеке қызметтер мен операциялар. Е. б. адамдар арасындағы іс-әрекет алмасуы және өзара тәуелділіктен көрінеді. Адамзаттың тарихи



даму барысында еңбек бөлінісі өндіргіш күштер және өндірістік қатынастар деңгейіне байланысты әртүрлі түрге ие болады. Іс-әрекетті үйлестіру және бірлесу қажеттілігін тудырады, яғни, әлеуметтік құрылыммен тығыз байланысты.

Антикалық ойшылдар (Платон, Ксенофонт) қоғам үшін еңбек бөлінісінің басымдылығын (товар жақсы дайындалады, адамдар өз бейімі мен қабілеттері бойынша іс-әрекет саласын таңдай алады) жоғары бағалады. Платон еңбек бөлінісінен қоғамның топтарға бөлінуінің негізін, мемлекеттің иерархиялық құрылысының негізгі ұстынын көрді. «Е. б.» терминінің авторы А. Смиттің пікірінше, Е. б.-нің шырқау шыңы өндіргіш күштердің яғни, жұмысшының біліктілігі мен өнертапқыштығының «ұлы прогресіне» алып келетіндігін және Е. б. қызметкерді шектеулі жан иесіне айналдыратынына атап көрсетеді. ХІХ ғасырдың ортасынан бастап, еңбек бөлінісіне қоғам дамуының басты факторы, қоғамдық байланыстардың және әлеуметтік құрылымның және адамдардың алуан түрлі қабілеттерінің дамуы негізі ретінде қарау, ал Е. б.-нің теріс салдарына прогрестің қажетті шығындары ретінде қарау басым болды (О. Конт, Г. Спенсер, Э. Дюркгейм). Е. б.-н зерттеумен М. Вебердің рационализация және бюрократия туралы теориясы тығыз байланысты. Қазіргі заманғы батыс әлеуметтану ғылымында өнеркәсіпте, бюрократиялық мекемелерде, ғылымдағы Е. б. және оның әлеуметтік қабаттар мен жинақылыққа ықпалы зерттеледі. Е. б.-н қоғамдық жүйеден тәуелсіз және индустриалды қоғам дамуымен байланысты қарастыру үдерісі байқалады. Ал кейбір батыс әлеуметтанушылары Е. б. адамды функционалды элементке, ірі бюрократиялық мекемелер мен мемлекеттің манипуляциялау объектісіне айналдыратынын атап көрсетеді.

Е. б. дамуының қазіргі үдерістері қоғам дамуы үшін қажетті жаңа салалардың жеке бөлініп шығуы және кәсіби еңбек бөлінісінің өсуі болып табылады. Қазіргі материалды өндірісте дамудың түрлі сатылары (қол еңбегі, механизация, автоматизация, компьютеризация) және осымен байланысты еңбек бөлінісінің формалары көрініс тапқан. Ғылым саласында (ірі ғылыми зерттеу институттары, ғылыми мамандықтар, техникалық еңбек бөлінісі) ғылымды ұйымдастыру, басқару және үйлестіру органдарын құру қажеттілігі туындады.

**ЕРІК**—іс-әрекет мақсатын және оны іске асыру үшін қажетті ішкі жігерді таңдауға деген қабілеттілік. Е. — санаға және іс-әрекетке телуге болмайтын өзгеше акт. Кез-келген саналы іс-қимыл, тіпті мақсатқа жету жолында кедергілерді жеңумен байланысты қимылда ерік болмайды. Е-те ең бастысы іс-әрекет мақсатының құндылықтық сипаттамасын ұғыну және тұлғаның ұстанымдары мен ережелеріне сәйкестігі. Е-тік қимылды іске асырғанда адам өзекті қажеттіліктер мен импульсивті қимыл билігіне қарсы тұрады.

Е-тік қылық құрылымы бойынша шешім қабылдау және оны жүзеге асырудан тұрады. Е-тік іс-қимыл және өзекті қажеттіліктер мақсатында сәйкессіздік туындағанда шешім қабылдау түрткі күресін тудырады. Философия және психология тарихында еріктің түрлі түсіндірілуі ең алдымен детерминизм және индетерминизм қарама-қарсылығымен байланысты. Детерминизм Е-ті сырттан туындаған (физикалық, психологиялық, әлеуметтік себептер, ал супранатуралистік детерминизмде – жазмыш ұғымы) ретінде қарастырса, индетерминизм Е-ті автономды және өзіндік күш ретінде қарастырады. Волонтаризм ілімінде Е. әлемдік үдерістің, адам іс-әрекетінің бастапқы және бірінші негізі ретінде қарастырылады. Ерік-жігер адам мінезімен тығыз байланысты және Е. адам мінезінің қалыптасу және қайта түлеу үдерісінде елеулі рөл атқарады.

**ЕРКІНДІК** – адамның сыртқы жағдайлар мен құбылыстарға тікелей тәуелділік ауқымында қалып қоймай өз мақсат-мүдделерінің қисынына сәйкес белсенді іс-әрекеттерге қабілеттілігін танытуы. Адам белсенді іс-әрекетінің нәтижесінде алдына қойған мақсатына жетеді. Тұлғаның ішкі Е-дігінің нақты іске асуы объективті мүмкіндік арқасында жүзеге асады. Қоғамдық ой тарихында Е. мәселесі адамның ерік бостандығына қатысты қарастырылды. Адам мақсаты мен ниеттерінің шығу көзіне тәуелсіз түрде еркіндікке ие. Адам өз мүддесіне объективті сәйкес келетін таңдау және қалаудың нақты мүмкіндігін сақтайды. Өйткені сыртқы жағдай адамға өз мүддесімен қажеттілігіне қарсы әрекет жасауға мәжбүрлемейді. Объективті шарттар және нақты жағдайға тәуелді түрде адам еркіндікке ие болуы немесе еркіндікке ие болмауы да мүмкін. Адамдар іс-әрекетінің бір саласында еркін, ал басқа салада еркін болмауы мүмкін. Абстрактілі еркіндік болмайды. Е. әрқашан нақты және салыстырмалы. Адам өз мақсатына жету құралын таңдауда белгілі бір шамада еркіндікке ие. Адам іс-қимылдың белгілі жоспарын таңдау жолымен өз мақсатын нақты өмірде іске асырады. Іс-әрекеттің түрлі салаларында таңдау еркіндігіне ие адам қоғамдық дамудың белсенді субъектісі болып табылады. Таңдау еркіндігіне ие болғандықтан адам өз іс-әрекетінде жеке тәжірибесімен қатар, материалды және рухани мәдениет жетістіктерін қолданып, мәдени мұраны ізбасар ұрпаққа бере алады. Әрбір нақты тарихи дәуірде еркіндікке ие адамдар мөлшері өндіргіш күштердің даму деңгейімен, табиғат пен қоғамдағы объективті үдерістерді адамдардың танып-білу дәрежесімен, нақты қоғамның әлеуметтік және саяси құрылысымен айқындалады. Тұлғаның еркіндігі нақты қоғамдағы еркін-діктің бір бөлшегі. Адамзат тарихының бүкіл өн бойында адам еркіндігі қоғамдық ілгерілеудің қуатты қозғаушы күші болды. Е. ұғымы өркениетті елдерде нақты құқықтар мен демократиялық бостандық ұғымымен етене байланысты қарастырылады. Е. – жеке адамның, ұлттың, ұлыстың,

қоғамның өз мүдделері мен мақсаттарына сай іс-әрекет жасап, өз қалауы мен таңдауын іске асыруы. Саясатта Е. мәселесі ұлттың тәуелсіз, құқықтық мемлекет құру идеясымен байланысты қарастырылады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.**

ЕС – өткен өмір туралы түсініктердің белгісін сақтап, керек кезінде жандандыра алатын құбылыс. Е. 5 қосындыдан тұрады: 1) естеліктерді орнықтыру 2) оларды сақтау 3) еске түсіру 4) тану 5) орынды пайдалану. Е-тің орнықтыру қабілеті бұзылса, амнезия (еске түсіре алмау) ауруына шалдықтырады. Белгілі нәрсені еске сақтау үшін біз оны түсінуіміз қажет. Тек жақсы ұғынылған нәрселер ғана Е-імізде оңай жаңғырады. Е., Е-ке сақтау сана-сезімнің басты құралының бірі.

**ЕСІМ Ғарифолла.** 1947 жылы Павлодар облысында дүниеге келген, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері. Өзінің шығармашылығын философияның әртүрлі саласына арнаған ғалым тұлға, мәдениет, дін, қоғам, адам, сана философиясымен айналысып келеді. Оның философия мен дін тарихына жататын дүниелерді, адам, қоғам мен сана болмысына қатысты нысандарды ғылыми талдаумен айналысқаны зиялы қауымға белгілі. Көптомдық «Сана болмысы» еңбегі және «Адамзат» атты шығармасы оқырмандар арасында кең тарап кетті. Е.-нің герменевтикалық тәсілмен байыптаған «Хакім Абай» және «Шәкәрім даналығы» атты шығармалары қазақ философиялық ойын танудағы және оны насихаттаудағы белгілі бір сапалы деңгейі болып табылады. Абай мен Шәкәрімнің терең ойлы дүниетанымына бойлау арқылы қазақтың ерекше менталитетін, болмысын айқындау зерттеушінің алдына қойған өзіндік мақсаты және ол осы мақсатқа жету барысында өзінің философиялық-этикалық пайымдаулары арқылы оқырмандарын сұхбатқа шақырады, бірге ойлануға, толғануға итермелейді. Фәлсафа тарихына үлкен мән бере отырып Е. қазақ болмысының ерекше қыры оның мұсылмандық сипаты екендігін көрсетіп береді. Қазақ Елі идеясын тұжырымдай отырып ғалым қазіргі елімізде ата-бабаларымыз ежелден армандаған «Жерұйықты» қалыптастырудың өзіндік тиімді технологиясын қазіргі кезеңдегі жаңашылдық пен дәстүршілдіктің үйлесімді түйісуінен, өзара ықпалдасуынан және инновациялық ойлаудан іздейді.

**Әдебиет: Сана болмысы. Саясат пен мәдениет туралы ойлар. – Алматы, 1994. – 1–10 томдар; Хакім Абай. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1995. – 200 б.; Абай туралы философиялық трактат. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 83 б. және т. б.**

**ЕУАЗИЯШЫЛДЫҚ** – ХХ ғасырдың 20 жылдарында ресейлік эмигранттар арасында пайда болған тарихи-мәдени тұжырымдама және оның негізінде қалыптасқан қоғамдық-саяси ағым. Е. Ресей мәдениетінің өзіндік ерекшеліктеріне басты назар аударады. Оның басты өкілдері Л.П. Карсавин, Н.С. Трубецкой, П.Н. Савицкий, Н.А. Алексеев, Г.В. Флоровский (кейін ауытқыған) Ресей болашағының даму жолдары мен сипаты жөнінде батысшылдар және славянофильдермен пікірталас жүргізген (бағдарламалық жинақ: «Шығысқа ауысу. Сезімдер және жасалымдар. Е. тұжырымдары»). Е. Ресей және орыс этносының ерекшеліктерін славянофильдерден өзгеше дәлелдеген. Бұл ерекшелік, дейді олар, орыс этносының синтетикалық табиғатымен сипатталады. Ресей Батыстан да, Шығыстан да өзгеше, айрықша өркениет типі болып табылады. Бұл еуразиялық мәдени типке, Ресей тарихы мен орыс діліне шығыс «тұрандық», негізінен татар-моңғол жаугершілігінен қалған түркі-татарлық ықпал зор болған. Е-дар азиялық мемлекеттермен тығыз қарым-қатынасты орнықтыруды жақтаған. Олар Батыс мәдениетіне еліктеуге қарсы шығып, оны «Еуропаға бас ию», «руханисыз интернационализм» деген. Кеңес Одағы тарағаннан кейін Е. идеясы кейбір жаңа тәуелсіз мемлекеттерде де қайтадан жанданды. Мұны бұрынғы тұтас өркениеттілік типке (Кеңес Одағы) тән ортақ құндылықтарды аңсау немесе ұлтаралық келісімді тұрақты етуге бағытталған саяси идея деп бағалауға болады.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004, 267–268 бб.;**  
**Қазақ халқының философиялық мұрасы. Мәдениет философиясы. – Астана: Аударма, 2006. Т. 19.;** **Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы, 2007;**  
**Евразийство в XXI веке: проблемы и перспективы. – Алматы, 2009.**

**ЕУРООРТАЛЫҚТЫҚ** – философия мен мәдениеттанудағы адамзат өркениеттілігінің басты құндылықтары тек Батыс Еуропада қалыптасты дейтін ұстаным. Е-тың түп-тамыры антикалық өркениетті варвар-тағыларға қарсы қоюдан бастау алады. Бұл ұстаным бойынша, бүкіл Шығыс енжар, әрекетсіз, тұлғасыз, мүлгіп жатқан өркениеттілік үлгілерін ғана дүниеге әкелді. Адамзат мәдениетінің шынайы бастауы тек Ежелгі Грекиядан нәр алады. Орта ғасырларда Е. ұстаным христиандық-батыстық үлгілерді ғана мәдени құндылықтар деп есептеген католицизмге тән болды. Жаңа заманда Е. көзқарастар Батыс елдерінің отаршылдық пиғылдарын бүркемеледі. Крест жорықтары мен географиялық жаңа ашулар, қатігез отарлық соғыстар, Еуропадағы индустриалдық қоғамның жетістіктері тек бір ғана үлкен әріппен жазылған Еуропа өркениеті бар деген көзқарастарды тудырды. Ағартушылық мәдениеттің өкілдері білім мен мәдениетті теңестіріп, еуропалықтардың басқа «надан» және «таза» халықтарды өркениеттендіру миссиясы туралы айтты. Мәдени прогресс деп олар еуропалық өркениеттің әлемнің барлық түкпірлерінде жеңіске жетуін (вестернизация) қабылдады. Еуропалық ағар-

тушылықтың кейбір өкілдері (Монтескье, Вольтер, Гердер, Гете) Е-тың әсіреленген түсініктерінен бас тартып, бірегей жалпы адамзаттық мәдениет тарихы идеясын ұсынды. Егер Гердер Шығыстағы табиғи-идиллиялық бастауларды сөз етсе, Гегель адамзат руханилығының таралуындағы Иран, Үндістан, Египет мәдениеттерінің рөлін жоғары бағалады. О. Шпенглер мен Леви-Строс Е. мәдени жүйенің дағдарыстарына басты назар аударды. Алайда, еуропалық мәдениеттану Е. көзқарастардан ХХ ғ-да да арылмады. М. Вебер еуропалық рационалдықты басты ғылыми әдістеме деп қарастырды. Э. Трельч Еуропадан тыс этникалық өзіндік сана бітімдері жоқ, тек Еуропада тұлғалылық бар деп есептеді. Оның пікірі бойынша, антикалық-жерортатеңіздік мәдениеттерден бастау алатын ағылшын-саксондық және романдық өркениеттер серпіні ғана әлемді біріктіре алады. Ол әлем өркениеттілігі үшін «сары нәсіл» қауіптілігін жариялайды. Е. ұстанымның белгілі бір нышандары С. Хантингтонның «өркениеттер қақтығысы» және Ф. Фукуяmanın «тарихтың ақыры» ілімдерінде байқалады. Алайда, қазіргі әлемдік мәдениеттануда Е. көзқарастардың шектілігін түсіну басым.

**Әдебиет:** *Философия. Энциклопедический словарь.* – М., 2004; *Қазақ халқының философиялық мұрасы. Таным теориясы.* – Астана: Аударма, 2006. Т. 18.

**ЕШТЕҢЕ** – қандай да бір сапаның, айқындылықтың, болмыстың жоқтығын белгілейтін онтологиялық категория. Мән, болмысты сыни онтология ұғымдарына қарама-қарсы ұғым ретінде. Е. философия тарихында бейболмыс ұғымымен сәйкестендіріледі. Кейде бұл ұғымдар сипаттамасы бір-бірінен ажыратылды. Бейболмыс болмыс ұғымын терістеуде ештеңе ұғымына қарағанда неғұрлым абстрактілі түрде түсіндіріледі. Е. категориясы ежелгі философияда онтологияның қалыптасуымен бірге пайда болды. Ежелгі грек философиясында ештеңе алғаш рет Демокриттің болмыс (атом) және бостық (ештеңе) туралы ілімінде дербес категория ретінде көрінеді. Е. көптіктің, қозғалыстың және өзгерістің болуының қажетті шарты ретінде қарастырылады. Софист Горгий ештеңені әлейлік болмыстың сырт жағы ретінде түсіндіреді. Болмысқа (эйдостардың жиынтығы) қарама-қарсы бастаудың бір белгісі ретінде Е. Платон мен Аристотельдің онтологиясында маңызды рөл атқарады. Платон мен Аристотель болмыс және ойлау тұрғысынан Е-ні бейболмыс ретінде, эйдостар бірлігі тұрғысынан – Е. өзге ретінде, сезімдік дүние заттарына қатысты қарағанда Е. материя ретінде түсіндіріледі. Е. – бұл таза мүмкіндік, пассивті (енжар) және тәуелді. Бұл сапаларды Е. әрбір нақты затқа береді. Платон дүниетанымында – Е-нің платоншылдықта ашылған негізгі мазмұны сақталады. Алайда, Е. мен зұлымдықтың сәйкестілігі ерекше атап көрсетіледі. Зұлымдық – бұл жақтың немесе болмыстың кемшіңдігі, ештеңенің болмысқа басып енуі. (Кейін бұл

идея христиандық теодицеяда қолданылды. Августин зұлымдыққа ешбір онтологиялық мәртебені берген жоқ).

Христиандық философияда Е. туралы антикалық түсінік құдайдың дүниені жоқтан жаратуы туралы догматты түсіндіру үшін қолданды. Е. категориясы апофатиялық дінтанушылар өкілдерінің ой-пікірлерінде елеулі орын алды. Олардың пікірінше Құдайға ойдың жақындауының бара-бар жолы айқындылықты дәйекті түрде алып тастау, осының нәтижесінде құдайдың бүкіл болмысы адам танымы үшін Е.-ге сәйкес болып шығады. («Ареопагитиктер» Иоанн Скот Эриугена; араб тілді философияда Ибн Рушд). Құдай және Е.-ні тікелей сәйкестендіру ортағасырлық философияда (Каббала; И. Экхарт және оның мұрасынан бастау алатын неміс мистиктерінің дәстүрі). Г. Гегель мистикалық дәстүрдің идеясын қолдана отырып, Е. ұғымын өз жүйесіне («Логика ғылымы») енгізді. Мұнда Е. өзіне қарама-қарсы – таза болмыспен сіңісіп кетеді.

А. Шопенгауэр, Ф. Ницше және А. Бергсон тіпті Е. ұғымының ақылға қонымдылығын теріске шығарады. XX ғасырда бір қатар ағымдар үшін (протестанттық ортодоксальды емес теология, православиелік діни философия, экзистенциализм) Е. мәселесін қайта жандандыруға талпыныс тән.

**ЖАҒДАЙ** – заттың қоршаған орта құбылыстарымен өзара қатыстылығын бейнелейтін философиялық категория. Әрбір зат қоршаған ортаның құбылыстарымен өзара байланыста ғана өмір сүреді. Заттың өзі шартты болса, ал Ж. затқа сыртқы салыстырмалы объективті дүниенің алуан түрлілігі тәрізді көрінеді. Адам баласы табиғат заңдары мен құбылыстарын танып-білген соң өзінің тіршілігі мен іс-қимылы үшін қолайлы жағдай жасады. Өз кезегінде Ж. құбылыстар мен үдерістерге ықпал-әсер ете отырып, өзі де олардың ықпал-әсеріне душар болады. Адамзат қоғамының материалдық және рухани өмірінің нақты жағдайында туындаған кез-келген Ж.-дың өзі де түбірімен өзгеріске ұшырайды.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.**

**ЖАҒЫМПАЗДЫҚ** – адам мінез-құлқындағы ұнамсыз қасиет; жағымпаз адам айналасындағы адамдар мен қызметтестеріне, өзінен қызмет жағдайы жоғары тұратын адамдарға жақсы көріну үшін шектен тыс қошеметшіл болады. Психологияда адам бойындағы жиіркенішті мінез, өз қабілет-қарымына, біліктілігіне өзі күмән келтіретін, оңай жолмен артық пайда табуды не билік мансапқа қол жеткізуді өмірінің мақсаты тұтқан адамдар бойында кездеседі. Ж.-тың әлеуметтік ортаға, ұжымға, тұлға аралық қатынасқа, жалпы қоғамға тигізетін психологиялық зардабы мол. Ж. жайлаған ұжымда адамгершілік ұстындары мен жалпы адамзаттық құндылықтар рөлі

төмендеп, тұлға аралық қарым-қатынастарда қатерлі бір өлшемді көзқарас орнайды. Адамзат қоғамы Ж-ты дертті мінез-құлық санап, оны әжуә-күлкіге айналдырады.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2005. Т. 12.**

**ЖАҚСЫЛЫҚ** – адамның моральдық болмысын құраушы сапа мазмұнын анықтайтын этикалық категория. Адамның антропогенездік белгісі, оң іс-әрекетін, әдет-дағдысын, мінез-құлқын белгілейтін қасиеттердің жиынтық атауы. Ж. – адамға ғана тән болатын, адамды жан-жануарлардан ерекшелеп тұратын, оны адам болмысы ауқымында ұстаушы бастаманың бірі. Ж. – моральдық-рухани құндылық. Конфуций «Ж.» пен «жамандық» тек адамға ғана тән болмыстық белгі деп білген. Б. Диденко «Міне, осы- дан жалпыадамзаттық трагедия – «Ж. пен жамандықтың» мәңгі күресі пайда болады» – деп есептеген. Ресейлік академик Н. Амосов әлемдегі жамандықтың өмір сүру шындығын және оның тамырын үзудің, қоғамды одан мүлдем тазартудың мүмкін еместігін мойындай отырып, «Ж. бар, өйткені жамандық бар» дейтін тұжырым жасайды. А. Августин: «Ғаламның таңғажайып әсемдігі Ж. пен жамандық жиынтығынан тұрады. Адамгершілікке жат қылықтың өз орны бар және ол Ж.-тың дұрыс көрініс табуына көмектеседі. Ж. адамға көп ұнайды және ол парасатты қылық болып есептеледі, егер оны жамандықпен салыстыратын болса» – деп көрсетеді. Исламдық философияда мұсылманның Ж.-қа шақыру міндеті, әсіресе, жамандықтың кең тамыр жайған кезінде адамның жеке парыздарының ең алдына шығатындығы айтылады. Әл-Ғазали бастаған Ешари кәламшыларының пікірі бойынша, Ж. Алланың қалауына тәуелді құбылыс. Құдай нені жақсы деп тапса, сол жақсы. Қожа Ахмет Ясауи (XI – XII ғғ.) өзінің «Диуани хикмет» атты еңбегінде Ж. жасағандарға Алланың сыйын былайша баяндайды: «Жақсыларды жарылқап, жаманға берер жаза, қияметте жазаларын тартар, достар». Түркілік ғұлама Махмұд Қашқари (XI – XII ғғ.): «Үш адамды Ж-қа бастағанды ғалым біл, оның ісін жұртқа жайып, қолдан келсе тәлім қыл» – деп Ж. жақсыдан шығады дегенді айқындап, жақсының Ж-ғын айт нұры тасысын дегенге саяды. Енді бір бәйітте: «Күліп келген адамның бетіне күл шашпағын, Ж. ет қашан да, қалыбыннан аспағын» – деп Ж-ты дәріптейді. Ортағасырлық түркілік ойшыл Ахмед Йүгінеки Ж. та, жамандық та тілден болатынын ескертіп: «Не келсе де тілден келер бір басқа, содан – жақсы, жаман атақ бір басқа. Тыңдашы: адам ерте тұрып күн сайын, осы тілге табынбайды құр босқа» – деп жазады. Әл-Ғазали өзінің кемел адам тұжырымдамасын «Ж.» категориясының төңірегіне шоғырландыра отырып, «Ж. не?» деген сұраққа: «адамның қарапайым болуы, басқалардың кемшілігіне қарамау, жомарт болу, өкпелемеу, ғайбат сөз айтпау, өтірік

сөйлемеу, басқаны жәбірлемеу, алдамау, қиянат жасамау, өсек айтпау, өзімшіл болмау, балағаттамау, кинамау, дұшпандық жасамау сияқты теріс қылықтардан аулақ болуы және адамға бірінші болып сәлем беру, әр адамға Ж. жасауға ұмтылу, қонақжай болу, үлкендерге құрмет көрсету, кішілерге ізетті болу, дархан мінез, ренжіскен адамдарды татуластыру, туыстармен қарым-қатынасты нығайту, науқас адамның көңілін сұрау, шақырылған орындардан қалмау сияқты амалдар – жақсы қылықтардың қатарына жатады» – деп жауап береді. «Жақсы мінез адамдарды бақытқа жеткізеді» – дейді Ғазали. Спиноза Ж. та, жамандық та болмайды, Ж. немесе жамандық туралы ойлар адамның бәрін тұтастай қамти алмайтын қабілетсіздігінен және шектілігінің салдарынан деп көрсетеді. Ол адамның жақсы сезімдері қатарына еркіндікті, жауапкершілікті, парызды жатқызады. XIX ғ. неміс философы А. Шопенгауэр өзінің этикасында Ж. әрекеттердің адамның өз пайдасы басқаның мүддесі үшін құрбан ету арқылы болатындығын айта келіп, оның түпқазығын төмендегілерге тоғыстырады: 1) не адамның өз мүддесі осы жақсылық әрекетпен бүркемеленеді; 2) не ырымшылдық, яғни оның қайырымы алдағы уақытта болатынына үміттену; 3) не басқаның қайғысын бөлісу сезімі; 4) не басқаға қайырымдылық жасайтын дархан мінез, яғни басқаның мұқтажын өтеуден туындайтын көмектесу ұстанымы. Ф.Ницше Ж.-ты «адамгершіліктің үздіксіз іске асырылуы» ретінде қарастырады және Ж. «нұрынан барлық әлем тіршілік етеді, әсіресе онымен отбасы жанданады, өмір түрлене түседі» деп есептейді.

Қазақ халқының рухани-әлеуметтік философиясында Ж. – маңызды моральдық-аксиологиялық категорияларының бірі болып табылады. Бұл ұғымның аксиологиялық құзыры қазақтың шешендік өнерінде айтарлықтай көрсетілген. Мыс., Досбол шешен: «Жан денеге қонақ, тіршілікте еткін Ж. – бұл өмірден өткенде өзіңмен кетер сол-ақ» – дей келіп, Ж. категориясының өмірмәнділік мәртебесін айқындайды.

**ЖАМАНДЫҚ** – сыртқы қоршаған ортаның, әлеуметтің, қоғамның, жеке адамның дәстүрлі, қалыпты жағдайдан ауытқу қисынын белгілейтін моральдық категория. Августин философиясы бойынша: «Адам табиғатынан Ж.-тың тұтқыны». Мұхаммед пайғамбар: «Ж. адамның жанын күйзелтеді. Егер сен Ж. істеген кезде жаның ауырса, онда сен имандысың» – деп айтады. Мұхаммед пайғамбар хадисінде: «Сен бір Ж.-ты көрсен оны қолыңмен түзет, егер оған шамаң жетпесе тіліңмен түзет, оған да шамаң келмейтін болса оған іштей наразылық таныт» (Муслим, Иман) – делінген. Мұсылман Сүннетінде: «Мұсылмандардың жаман деп қабылдағандары, Алла құзырында да жаман болып табылады» – деп айтылған. Құдай нені жаман деп есептесе, сол жаман болып табылады. Мутазилиттердің көзқарасында Ж. Алланың еркіне тәуелді емес. Оны адам өз ақылымен біле алады.



Құранда: «Көк пен жерді және екеуінің арасындағыны босқа жаратқан жоқпыз. Отқа тап болғандардың жағдайы нендей өкінішті» (67, 27 аяттар). Мұнда Алланың бос, яғни жаман нәрсені жаратпайтындығы айтылады. Егер біз өзіміз істеген жаман істерімізді Аллаға таңсақ, онда Алла жаманды жаратушы және өтірікші болар еді. Алайда Алла Тағала мұндай сипаттардан пәк дейді. Хадисте: «Алла тағала былай дейді: Мен құлдарымның барлығын Ж.-тан пәк етіп жараттым. Бірақ шайтандар кейіннен оларды діндерінен адастырды» – деп көрсетілген. Құранда: «...Әр адамның қол жеткізгендерінің сауабы да өзіне, жасаған Ж-ының да зияны өзіне» (Бахара сүресі, 2/267-аят), «...Ал және бір Ж. келсе, өзіңнен. ...Кім Ж.-қа болысса, оған да одан бір тиесі бар» (Ниса сүресі, 78, 85-аят) – деп айтылған. Махмұд Қашқари (XI–XII ғғ.) Ж.-тың жаман адам мінезінің болмысы екенін: «...Адамның жаманы барсығандықтар» – деп, олардың Ж. басында тұрып, опасыз келетіндігін айтып тұр. Тағы бір бәйіттерінде Махмұд Қашқари: «Жақынын жамандап, дүние жияды, әйтеуір, амалдап туысын қуады» – деп Ж.-қа итермелейтін мінезді сынап отырып, «жолдасыңды жамандап, артық пайда іздеме» дей келе, «Ж.-тан аулақ бол жаның сонша күйгенше» – деп уағыз айтады. Қазақ би-шешендері Ж.-ты адам мінезіндегі төмен қасиеттерге жатқызып, оның иесіне баға беріп, сынап-мінеген. Мысалы: «Жаман еркек жер қадірін білмес, жаман әйел ер қадірін білмес» (Майқы би) – дей келіп, Ж. мазмұнына ие болатын мінезді бағалаған болса, Бөлтірік шешеннің: «Төрем, сіздің үйдің қайсы бір дәмін татып қарасам, бәрінен елдің көз жасының соры шығады» – дегенді айта отырып, Ж.-пен жасалған істің нәтижесіне қоғамдық пікірді білдірсе, «...Ешкімнің қақын жемендер, артында оның сұрақ бар» (Қабан би) – деп Ж.-тың ақыры кәдік екенін ескертеді. Құрмысы шешен: «Адамды алдау, арыңның алдында қылмыс. Ағанды алдау, анаңның алдында қылмыс» – деп пендені алдайтын мінезді Ж. іс деп танып, оны үлкен қылмыс ретінде мойындайды. Балпық би Ж. иесі жаманды төмендегіше бағалайды: «Жаманды ашу кернейді».

**ЖАН** – басым жағдайда адамның болмыстық бітімінің құрылымдық элементін, кісілігінің, субъектілігінің ішкі имманентті бастауын, дене тіршілігінің қайнар көзін білдіретін категория. Ж. ілімі барлық адамзат мәдениетінде орын алады, бірақ ол әртүрлі формада болып, әртүрлі мағыналық контексте қолданылуы мүмкін. Көбінесе діни және философиялық ілімдерде Ж. – жеке дара дене-бітімі болмайтын, мәңгілік элемент, адам денесінің тіршілік көзі. Жалпы мағынада Ж. – өмір ұстыны, тәнді тіршілікке келтіретін бастама ретінде анықталады. Заттарды алғаш рет «жанды» және «жансызға» бөлуге байланысты алғашқы қауымдық наным-сенімдерде Ж. тән мүшелерімен әрі олардың қызметімен ұқсастырылды: қанмен (иудаизм), мұрынмен (Анд үндістері), жүрекпен (ежелгі египеттер),

мимен (Гален тұжырымдамасы) және т. б. Ежелгі гректер Ж-ды үш түрге бөледі: «ақылды» (баста), «батыр» (кеудеде) және «құмартушы» (ішек-қарында). Эпикур Ж. салауаттылығын біліммен байланыстырды. Ежелгі Египетте Ж-ның әртүрлі (ка және ба) түрі өмір сүретіндігі мойындалады. Ж-ды көлеңкемен, адам бетінің немесе денесінің су бетіндегі, айнадағы бейнесімен ұқсастыруы (адамның) жиі кездеседі. Мәдениет дамуының алғашқы кезеңдеріне зооморфтiк Ж. туралы түсініктер сәйкес келеді; әртүрлі халықтардың наным-сенімдерінде құс-бейнелі Ж. кең тараған. Ж-ның жеке болмыстық сипаты туралы сенімдер анимизмге байланысты қалыптасты. Көне түркілер Ж-ды құт деп атаған. Құтты үшке бөлген: ауа құт (адам ұйықтаған кезде денеден бөліне алады және әлемді шарлай алады), көлеңке құт немесе жер құт (адамның жанында жүретін құт, оны киелі, қасиетті адам көре алады), ие-құт (тәнді өздігінен тастап кете алмайды). Қазақтар ет жан, шыбын жан, рухи жан туралы айтқан. Таулы алтайлықтар Ж-ды жетіге түрге жіктейді: тын (тыныс), құт (адамның өмірлік қуаты), жула және сүр (денеден бөлек жүре алатын нұсқа), ауру көрмес және жаман көрмес, ізгі және кекті (өлген адам жаны немесе рухы). Кейінгі діни философияда Ж. адамның рухани мәні, оның тұлғалық қасиеттерін анықтайтын күш ретінде анықталады. ХХ ғасырдың аяғында пайда болған жаңа діни бетбұрыс өкілдерінің бірі – Виссарионның қазіргі діни ілімінде (Соңғы Өсиет) Ж. – адамның жаратылысынан тәніне енгізілетін мәңгі құдайылық табиғаттың рухани бастауы деп анықталады. Ж. арқылы тіршілік иесі өзіне діни құндылықтарды (жақсылық, ізгілік, қайырымдылық, махаббат, әсемдік т. б.) қосып алған адамға айналады. Фома Аквинский бойынша, Ж. – бейматериалдық субстанция, бірақ ол өзінің тіршілігін тек тән арқылы ғана іске асыра алады. Ж. «тәннің қозғаушысы» болып табылады және адамның мәнін анықтайды. Діни философия бойынша Ж. – дененің тіршілік ету қабілеті. Бірақ адам Ж-ының бүкіл басқа тіршілік иелерінің өмір сүруінен айырмашылығы, адам Ж-ы тек рухпен біріккенде ғана тіршілік қабілетіне ие болады. Алла тағала рух арқылы адамның тәніне Ж. салғаннан кейін ғана адам өзінің өмірлік мақсаттарына келе алады немесе адам мақсатты-тіршіліктік жаратылыс қалпына ене алады. Ж. адамға берілген басқа қасиеттерге қарағанда маңыздырақ құбылыс, өйткені адам тек Ж-ның қуаты арқылы ғана тіршілік етеді, өмір сүре алады. Ж. арқылы ғана адам тәні шынайы тіршілікке қол жеткізеді. Ал Ж. тән арқылы ғана өзін көрсете алады, дами алады. Тән Ж-ның даму кеңістігі. Ж. адамның жердегі тіршілігі үшін жаратылған. Әл-Фараби «Азаматтық саясат» деген трактатында Ж-ды беске бөледі: қоректенуші, сезінуші, пайымдаушы, ұмтылушы және теориялық. Ж. науқасы – жағымсыз әдеп деп біледі. Фараби мұндай Ж. тәнмен бірге өледі деп есептейді, өйткені ол күнәға батқан, былғанған, кәмілділікке ұмтылмаған Ж. Адам Ж.-ның тек теориялық ақыл қуаты арқылы ғана бақытқа жете

алады дейді. Теориялық ақылдың көмегімен кәмілдікке жеткен Ж. мәңгі, өлмейді, ондай жанның өмір сүруі үшін материя (тән) қажет болмайды. Ал өз кезегінде Ж. тән арқылы ғана өзін көрсете алады, дами алады. Ж-ның даму құралы – тән. Тән тозғанда Ж. өз тіршілігін тоқтатады. Ж. адамның жердегі тіршілігі үшін жаратылған. Рух о дүниенің, яғни Алланың қалауын орындаса, Ж. дененің бұл дүниедегі мақсаттарын орындайды. Осыдан адам рухы жоғары тартылса, тән жердегі тіршілікке тартылады дейтін таным қалыптасады. Адамның Ж-мен қатынас коммуникациясын вертикальды және горизонтальды бағытта қарастыруға болады. Мінездің жаманын да, жақсысын да таңдау Ж-ның құзырына берілетін құбылыс. Әл-Ғазали адам Ж-ының өздігінен болатын субстанция екендігі, Ж. тәнге енетіндіктен болмай қалуы мүмкін еместігі және тәндік қайта тірілу мәселесін көтереді. Ж. – рухани субстанция, ол өздігінен пайда болады, кеңістікте орын алмайды, сондай-ақ, ол денеде де болып табылмайды және денеге енбеген, денемен қосылмаған да, денеден бөлінбеген де субстанция. Ол Алла мен оның періштелері сияқты ғаламның ішінде де, сыртында да болмайды. Ғазалидің пікірінше, Ж.-ның тіршілік ұясы тән болғандықтан, оның тіршілік етпеуі мүмкін емес. Ж. өзінің тіршілігін үш жағдай арқылы тоқтатады: 1) тән өлген соң; 2) оның өзіне қарама-қарсылық негіз болғанда; 3) Алланың бұйрығымен жойылады. Сондықтан әл-Ғазали: «Ақылмен танылатын Ж-ның қадірі көзбен көрінетін тәннен жоғары тұрады» – деп есептейді. Ибн Баджаның адам туралы іліміндегі басты мәселе – адам Ж-ы.

XX ғ. француз философы-теологы Пьер Тейяр де Шарден: ...біз «Ж-ды» табиғаттың әртүрлі каналдары арқылы тоғыса отырып, әсемдікке және ақиқатқа біріктіру үшін бүкіл тән күшінің қайта түрлендіру фокусы ретінде түсінуімізге болады – деп жазады. Қазақ дүниетанымында Ж. ұғымы діни таным ауқымында қарастырылады.

**ЖАУАПКЕРШЛІК** – адамның онтогенездік мәнін, болмыстық бітімін, рухани мазмұндық сипатын, психологиялық қалпын, құқықтық қатынасын, әлеуметтік мәртебесін, моральдық сапасын белгілейтін философиялық категория. Ж. адам өмірінің маңызды сапалық жақтарының бір қырын анықтайтын экзистенциялық білім мазмұны. Ж. адамды белсенді субъект тұрғыда анықтайды. Ж. – тұлғаның субментальды тектұғыры. Ж. – адамның өз іс-әрекеттерінің нәтижесін көре білу, сезіне білу қабілеті, оның әлеуметке пайда, зиянын анықтай білу мүмкіндігі. Ж. жеке адамның немесе оның топтарының қоршаған ортаға қатыстылығын анықтайды, адамның қоршаған орта алдындағы парыз міндетін атқару қызметін сипаттайды. Ж. адамның оң моральдық құндылықтар радиусында айналып, адами болмыс шеңберінде болуын бақылаушы күш, қадағалаушы қуат феномені. Ж. ұғымы туралы түсініктер көне дәуірлерден бастап қалыптасқан. Философиялық категория

ретіндегі теориялық негіздері XVII–XVIII ғасырлардан бері қалыптасты. Жәбриттік бағытты ұстанушылардың айтуынша, адамдардың басқа Ж.-терімен қатар этикалық Ж.-терін де қабылдауымыз қажет. Ислам діні бойынша, адам Ж. – иесі болып табылады. Ж. – адамның жауап беру мүмкіндігі мен қабілеті. Ж. адамның өзіне деген Ж.-тен басталып, отбасы, жақындарына, отаны, наным-сенімі, жаратушы, бүкіл адамзат, әлем алдындағы Ж.-пен аяқталады. Құранда дербес Ж.: «Сен өзіңнен ғана жауаптысың» (Ниса сүресі, 84-аят), қоғамдық Ж.: «Қашан сендерге сәлем берілсе, одан жақсырақ немесе соның өзін қайтарындар» (Сонда, 85-аят), жаратушы алдындағы Ж.: «Көктегі және жердегі нәрселер Алланикі. Іштегілеріңді жарияласаңдар да, жасырсаңдар да Алла сендерден оның есебін алады» (Бақара сүресі, 284-аят) – деп айтқан. Мұхаммед пайғамбар Ж. туралы: «Бәрің... жауаптысыңдар... Мемлекет басшысы, қол астындағы халық үшін жауапты. Жанұя қожайыны жанұясына жауапты...» – дегенді айтады. Дінде Ж. о дүниеде де іске асатын мүмкіндік. Құранда: «Ол күні олар, Өттен Аллаға мойын ұсыну керек еді!» – деп көрсетіледі. Мұхаммед пайғамбар хадисінде: «Мұсылмандар, бірін-бірі сүйеде, бір-біріне жаны ашуда және бірін-бірі қорғау тұрғысында бір мүшесі ауырғанда басқа мүшелері де мазасызданатын бір бүтін дене сияқты» (Бұхари, Әдеп, 26) – дегенді келтіреді. Құран Кәрім бойынша, Алла ақыл берген пенделерінің бәрін жауапкершілікке тартады. Мұхаммед пайғамбар хадисінде мынандай үш адам Ж.-тен босатылған: 1) оянғанға дейін ұйықтап жатқан адам; 2) дұрысталғанға дейін есі ауысқан адам, яғни жынды адам; 3) үлкейгенге дейінгі бала (Бұхари, Худуд, 22). Ұйықтап жатқан адамның жауапты болмауының себебі, дінде ұйқы ақыл мен сананың уақытша тоқтауы болып саналады. Ұйқы өлімнің бір түрі болып есептеледі. Қорқыт тек өмірді сүйген адам ғана халықтың тағдыры мен болашағы алдындағы өзінің Ж.-ін түсінеді және іс-әрекеттегі ұқыптылық адамдардың үлкен Өмірдің алдындағы Ж.-і деп санайды. Мутазилиттік бағыт бойынша, адам өз іс-әрекетін өзі істейді және өзі оған жауапты болады. Сунниттік бағыт адам істеуге ұмтылғаны үшін және берілген мүмкіндікті пайдалана отырып, сол істі істегені үшін жауапты деп есептейді. Құранда: «Алла адамға шамасы жететіндей ғана (Ж.) жүктейді» (Бақара сүресі, 267-аят) – делінген. Спиноза адамның Ж.-ін оның Құдай туралы не ойлайтындығымен байланысты деп есептеді. Ж. – өнегелі құбылыс деп анықтайды. И. Кант адам өз әрекет максимумына жауапты деп есептейді. XX ғ. философы Б. Констан Ж.-ті екі тұрғыда қарастырады: 1) Ж. – әлдебір әрекетті жүзеге асырудағы мін-дет; 2) ол – өз әрекетіне жауаптылықтағы қажеттілік. Мұнда Ж. ар-ұжданнан кен ұғым болып, ол парыз ұғымымен теңестіріледі. Қорыта айтқанда Ж. ұғымы антикалық дәуірде эстетикалық, ортағасырда – діни, қайта өрлеу дәуірінде – саяси, жаңа дәуірде – жекелік, XX ғасырда – әмбебаптық тұрғы- да қарастырылады. Ж. әртүрлі негіздер бойынша: парыз күші, субъектісіне,

адамның қатынасқа түсуіне, шығу тегіне, ауқымына байланысты жіктеледі. Ж. субъектісіне қатысты сыртқы (объективті), ішкі (субъективті) болып бөлінеді. Сыртқы Ж. адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде қандай орын алатынына байланысты. Сыртқы жағдайлар индивид арқылы игеріледі, оның ішкі заңы болып қолданылады. Ішкі Ж. жеке тұлғаның позициясы. Абай адамның әлеуметтік және моральдық Ж-ін сөз етіп, олардың ішкі және сыртқы қырларын қарастырады. Ж-тің реттеуші, басқарушы, бақылаушы, дифференциялаушы қызметтері бар. Ж. құрылымы объектілер, субъектілер, санкциялар арқылы анықталады. Ж. субъектісі – қандай да бір нәрсе үшін жауапты адам, объектісі – субъект Ж-інде болатын нәрсе. Жер бетіндегі жауапты жаратылыс – адам, себебі өз тіршілігін өзі ұйымдастырады. Ж. категориясы адамды басы бостықтан құтқарып, өз сезімдері мен құмарлықтарына иелік еткізетін құндылықтардың бірі. Адам тек Ж. түсінігімен ғана қарапайым табиғаттан бөлектеніп, моральдық болмыс дәрежесіне көтеріледі.

**ЖАНАМАЛАУ** – бір ұғымның (немесе объектінің) тек үшінші ұғым (объект) арқылы ойға алынып және танып-білінетін басқаға қатынасы. Яғни объектінің қасиеттері басқа объектілермен өзара қатынасқа түсуі негізінде ашылады. Белгілі бір мақсаттар немесе нәтижелерге жету негізінде қандайда бір үдерістің немесе іс-әрекеттің құрылымын сипаттайды. Жанамаландыру диалектиканың, логиканың және таным теориясының ұғымы ретінде таным үдерісінің құрылымын сипаттайды. Жанама білім – бұл негізделген, қабылданған, дәлелденген түйін. Түсіндіру, негіздеу, дәлелдеу бастапқы алғышарттардың жанамаланған түрін көрсетеді. Дәлелдеу мақсатын көздеген ойлау дискурсивті үдеріс болып табылады. Бұл үдерістің әрбір жаңа қадамы өзінің ізашар алдыңғысымен жанамаланған. Танымдағы тікелей және жанаманың қатынасы қарастырылатын зат және оның логикалық өрістетуі арасындағы қатынас ретінде көрінеді.

**«ЖАҢА ФИЛОСОФТАР»** – ХХ ғасырдың ортасында пайда болған батыс қоғамдық ойындағы әлеуметтік-философиялық бағытты белгілеу үшін қолданылған атау. «Ж. ф.» қатарына Француз интеллектуалдарының бір тобы (Б. А. Леви, А. Глюксман, Г. Лардро, К. Жамбе, Ж. М. Бенуа, Ж.П. Долле, М. Герен, М. Клавель) кіреді. «Ж. ф.» (Бенуа мен Клавельді қосқанда) 1968-ші жылғы «студенттік революцияның» солшыл радикал және анархистік өкілдері қатарында болды. Жастар қозғалысы жеңіліске ұшыраған соң олар өз көзқарастарын өзгертіп билікпен ымыраға келеді. «Ж.ф.»-дың әлеуметтік-философиялық көзқарастары структурализм, экзистенциализм, неофрейдизм идеясы және солшыл радикалдық идеологиясының өзара үндесуі болып табылады. «Ж.ф.»-дың еңбектерінің негізгі мазмұнында

ағартушылық, неміс классикалық философиясының ойшылдары көзқарастарындағы «мифтерді» теріске шығаруға ұмтылу айқын көрінеді. Олардың пікірінше, мифтер қатарына ғылым мен ақылға, әлеуметтік прогреспен әлемді қайта құру мүмкіндігіне деген сенім, тарихтың белсенді субъектісі және жоғары құндылық ретіндегі адамға деген көзқарас жатады. «Ж. ф.» билікті бастапқы әлеуметтік субстанция ретінде қарастырады. Бұл мемлекеттің алуан түрлерінде көрініс береді. Үстемдік ету – бағыну қатынасының формасымен және дәрежесімен өзгешеленетін мемлекеттің алуан түрлерінде көрініс береді. Бұл саяси қатынастар экономикалық қатынастармен салыстырғанда басым болғандықтан, әрқашанда зорлық пен зұлымдықтың көзі болып табылады.

Ағартушылық дәуірінен бастап, өз үстемдігін саяси мәжбүрлеу әдістерімен ғана емес, билеуші таптар қызметіндегі ғылым, білім көмегімен жүзеге асыратын биліктің жаңа түрі пайда болды. «Ж.ф.»-дың пікірінше, технократиялық даму жолына түскен адамзат батыстық капитализм жолын қайталауға мәжбүр. Бұл жол зор қиындықтар мен варварлық формада өтеді. «Ж. ф.» болашақтан варварлықтың үстемдігін, гуманистік мұраттар және құндылықтарды елемеушілікті, антидемократизм мен тұлға унификациялануын көреді. Қоғамдық прогрессті толық реакцияшыл идея деп жариялаған Ж. ф. марксизмді адамдарды қанаудан азат ету мүмкіндігі туралы теріс иллюзияны жақтаушысы ретінде айыптайды. Тағдыр талайына тәуелділік жазылған дәрменсіз адамға «Ж. ф.», «варварлық» алдында стоиктік позицияны қабыл алуды, не болмаса «бүлікті», «қарсыласуды» ұсынады. Бірақ бұл «қарсыласу» нақты саяси іс-қимыл саласында емес, сана сферасында, яғни нақты үміт және әлеуметтік мұратпен байланысты емес позицияны дайындау болып табылады. Тұлғаның өзін-өзі қорғауының осы утопиялық нұсқасы тек таңдаулы интеллектуалдар тобына арналған. «Ж.ф.»-дың пікірінше, адамзаттың қалған бөлігіне биліктің жансыз құрылымдарының қуыршағына айналуына, тұтқындары тағдырын қанағат тұтынуды ұсынады. «Ж. ф.» өз көзқарастарында батыстық зиялылар мен орта топтың дүние түйсігін және арман-аңсарын бейнелейді.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2006.**

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ** – зерттеу объектісі жалпы болмыс, табиғат құбылыстары болатын ғылымдардың жиынтығын беретін ұғым. Ж. ғылымдары ежелгі грек ғылымынан бастау алады. Алайда, ол XV ғасырдың екінші жартысында, яғни Қайта өрлеу заманында табиғаттың зерттеу нысанына айналуына сәйкес қарқындап дамыды. Ж. – ауқымы кең, әмбебеп ұғым. Ол ғарыштық (макроәлем), жасушалық (микроәлем) табиғат нысандарын, ғаламның жалпы қасиеттері мен құрылымын, тірі табиғатты қамтиды. Ж.

ғылымдары ғылыми нақтылығымен, жүйелілігімен және табиғат байлығы көздерін игеру жолдары ретіндегі практикалық мәнімен ерекшеленеді. Ж. ғылымдары: а) физика, химия, физикалық химия; б) биология, ботаника, зоология; в) анатомия, физиология, генетика; г) геология, минералогия, палеонтология, метрология, география (физикалық география); д) астрономия (астрофизика және астрохимия) деп топтастырылады. Зерттеу нысанына байланысты математика Ж. ғылымдары қатарына жатпайды, дегенмен оның зерттеу әдістемелері әмбебап рөл атқаратындықтан, басқа ғылым салалары үшін таным құралы ретінде қарастырылады. Қазақстанда ХХ ғасырдың бірінші жартысында, білім ордаларының ашылуына сай Ж. ғылымдарының зерттеулері қалыптасып, дамиды. 1946 жылы Ғылым академиясы ашылып, Ж. және техникалық ғылымдар салалары бойынша зерттеулер басталды. 1976 жылы оның құрамында: физика-математикалық ғылымдар бөлімі; жер туралы ғылымдар бөлімі; химия-технологиялық ғылымдар бөлімі; биологиялық ғылымдар бөлімі; қоғамдық ғылымдар бөлімі жұмыс істеді.

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ** – адам ойының белгілі бір функцияларын қайталайтын, қолдан жасалған жүйелердің метафоралық ұғымы. «Computer science» (сөзбе-сөз аударғанда компьютер ғылымы) ұғымын ғылыми қауымдастық, осы мәселе бойынша өткен бірінші Халықаралық біріккен конференция барысында (Вашингтон, 1969 ж.) айқындады. Ж.и-нің практикалық қолданылу саласы – компьютерлік сарап жүйесін жасау.

Ж.и. мәселелері жан-жақты айналысатын ғылымдар мен арнайы пәндер бағытты, саналы әрекет тәрізді әсер қалдыратын компьютер жұмысының алгоритм ережелерін құрастыруды жете зерттеудің керектігін көрсетеді. Саналы деп баға беруге болатын компьютерлік бағдарламалар жасаудың қажеттігі жұмыс нәтижесін белгілейді. Ж.и-нің кез-келген схемасы мен теориялық негізі ақпарат (әсіресе кодтау, қайта кодтау және оны тарату) болатыны болжанады. Ж.и. қалыптасқан мәселелер жиынтығында тек сандар мен берілген деректерге ғана емес, сонымен қоса, білімге, белгілер мен нышандарға да сүйену маңызды болады. Жалпы, Ж.и-ні жетілдірудегі өзекті мәселелерді шешудің уақытқа тәуелді екендігі күмән туғызбайды.

**ЖАТТАНУ** – философияда, әлеуметтануда, әлеуметтік психологияда әртүрлі мағыналарда кең көлемді қолданылады. Термин қоғамдық келісім теориясында (Т. Гоббс, Ж.Ж. Руссо және т. б.) адам құқының мемлекетке берілу актісі ретінде қарастырылады. Неміс классикалық философиясында Ж. категориясын И.Г. Фихте, Ф.В. Шеллинг қарастырған. Әсіресе Г.В.Ф. Гегель осы ұғымды рухтың өзіндік дамуымен терең байланыстыра зерттеген. Дінді сынаған Л. Фейербах Құдайдан адамның өзінен жаттанған, оған үстемдік

жүргізетін бұлдыр, жаратылыстан тыс өмір сүру таңылатын жеке мәнді көреді. К. Маркс жаттануды еңбек бөлінісімен, жеке меншікпен байланыстырды және оны буржуазиялық өндіріс тәсілінің өзіндік ерекшелігі (жаттанатын еңбек) ретінде қарастырды. Маркстік философия дәстүрінде Ж. адам қызметі мен оның нәтижелерінің адамның өзіне жау болатыны және оны өзіне бағындыратын дара күшке объективті түрде айналатыны көрсетіледі. Қазіргі заманғы батыс ғылымында Ж. ұғымы объективті және субъективті мәндерде қолданылады. Бұл – адамның әлеуметтік ортаға, өзінің қызметіне, оның нәтижелеріне деген Ж. сезімі. Адамзат қауымдастығының тарихи дамуына байланысты адамның әлеуметтік өмірден алшақтауы Ж. ретінде түсіндіріледі. М. Хайдеггер Ж-ды адамның қауымдастық жағдайындағы болмысының тәсілі ретінде, ал Э. Фром қазіргі заманғы әлеуметтік психологияның ең бір жалпы ұғымы ретінде қарастырады. Ж. өзінің тар ауқымдағы ұғымында құбылыс, заттар, тауар-ақша қатынасы, техника мен технологияның адамға жүргізетін үстемдігі ретінде, ал кең ұғымында – әлеуметтік байланыстар жиынтығының сапалық жағдайы ретінде көрінеді. Ж. қазіргі заманның негіздік үрдісі ретінде, адамның әртүрлі: экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, рухани қырлары бар еріксіздігі ретінде сипатталады. 1960–1970 жылдары индустриалды әлеуметтануда еңбектегі Ж-ға эмпириялық зерттеулер жүргізіліп, оны женудің жүйесіне кірген «адами қатынас», «еңбек гуманизациясы» және т. б. нақты бағдарламалар жасалды. Адами қатынастарды ұйымдастырудың тарихи қалыптасқан тәсілі ретіндегі Ж-ды жеңу мәселесі, теориялық және сол сияқты практикалық мәндердегі кешенді зерттеулерді қажет етеді.

**ЖАУЫЗДЫҚ** – адамдық қасиеттерден жұрдай немесе психикалық сырқатқа ұшыраған жандар тарапынан жеке адам өміріне және адамзат тірлігіне қарсы жасалатын қастандық әрекет. Әр түрлі теріс идеялық (діни, саяси) ағымдар ықпалы да адамды мұндай әрекетке баруға итермелейді. Ж. рухани кембағалдықтың, болымсыздықтың моральдық, болмыстық негізі болады. Қазақстанда лаңкестік, экстремистік әрекеттерді жүзеге асыруды мақсат еткен халықаралық ұйымдар немесе шетелдердің құрылымдық бөлімшелерін ашуға тиым салынған. Ж., лаңкестік әрекет жасаушылар кезкелген елдің заңы бойынша қатаң жазаға тартылады.

**ЖАҒАНДАНУ** (глобализация, *global* – әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) әлемдік ауқымдану, ғаламдану, жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастықтың құрылу үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет американдық экономист Т. Левита енгізген (1983). Ж.-дың жаңа сатысының түрлі қырларын ХХ ғ. ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Элвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеп,



ғылымға «ақпараттық қоғам», «техникалық революция» «ақпараттық жарылыс», «ғаламдық мекен» ұғымдарын енгізеді.

XX ғ-дың 40–50 жылдары әлемдік тәртіп, жаһандық инфрақұрылым құру идеясы АҚШ-тың: Халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесі (ХҚК), «Рэнд» корпорациясы, Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығында тұжырымдалады. Ж. әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерінің жалпыадамзаттық құндылыққа ие болуы, сан-алуан әлемнің біртұтастыққа айналуы логикасы біріктіретін өзгерістер жиынтығы деп түсіндіріледі. Ж. әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктері бар: 1) дәстүрлер, діндер, мәдениеттер мен идеологиялардың «ұқсастығы» негізінде пайда болған «менталдық» немесе мәдени Ж. Мұнда желілік мәдениет, кибермәдениетпен ұштасқан ежелгі мәдени дәстүрлердің (классик. еуропалық, америкалық, шығыстық, мұсылмандық және үнділік) синтезі негізінде біртұтас, жалпыадамзаттық мәдениет нышандары көріне бастады. Бұл жағдайда әрбір ұлттың, халықтың өзіне тән ділі мен мәдениетін сақтап қалуы өзекті мәселеге айналады; 2) экономикалық Ж. екі үрдістің – нарық саласы (капитал, еңбек ресурстары, тауарлар және қызмет көрсетулер) және экономика нысандары, экономиканың ұйымдық құрылымдары жиынтығы ретінде, компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі; 3) аймақтық Ж., мұның жоғары мәнін мемлекетаралық құрылымдардың күшеюі, мемлекетаралық экономикалық және әскери-саяси одақтар көрсетеді; 4) ақпараттық-коммуникациялық Ж. қазіргі заманғы интеграциялық үрдістердің ішінде аса ықпалдысы болады. Оған: коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат тарату үшін пайдалану, жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы, адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерленуі жатады; 5) этникалық Ж. планета халқы санының өсуі және әртүрлі этникалық топтардың өзара ассимиляциясы сынды екі бөліктен тұрады.

Ж. неғұрлым жылдамырақ экономикалық даму, техникалық жаңалықтар мен басқару дағдыларын жедел енгізу және тарату, елдегі өмір деңгейінің жоғарылауы, жаңа экономикалық мүмкіндіктер туғызуды көздейді. Ол тұңғыш рет әлемдік экономиканың барлық құрамдас бөліктерін – өндірісті, ғылымды, қаржыларды, тұтынуды біріктіріп, кері айналмас сипатқа ие болып, экономикалық дамудың шартына айналуға.

Ж-мен бірдей өз болмысын айғақтап отырған даралану (локализация) құбылысы туралы да айтуға болады. Бұл Ж. нәтижесінде жетістікке қол жеткізген мәдениеттердің өзіндік құндылықтарын паш етіп, басқаға мойындатқысы келген ойдан, өзіндік ерекшелігін сақтағысы келуден туындайды. Қазақстанның Ислам, Ресей және Қытай, АҚШ өркениеттерінің әсерін сезінетіні қоғамдық өмір салаларынан тікелей көрінеді. Мұның, әрине жағымды да, теріс те жақтары бар. Бір жағынан, алдыңғы қатарлы мәдениет

жетістіктерін қабылдаса, екіншіден, ұлттық құндылықтардың шайқалуына алып келетін мәнгүрттік, дүбаралық белгілер ұлғайды. Мәнгүрттік белгілердің ұлғаюы ел дамуының болашағына теріс ықпалын тигізеді, сондықтан елімізде қабылданып отырған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын, көне мәдени мұраларды жаңа заман талабына сай жаңғырту деп қабылдауымыз керек.

**Әдебиет:** Нысанбаев А. *Глобализация и проблемы межкультурного диалога.* – Алматы, 2004. В 2-х томах.

**ЖӘДИТШІЛІК** (арабша – жаңа әдіс) – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтары арасында өріс алған қоғамдық-саяси және мәдени ағартушылық қозғалыс. Алғаш ХІХ ғасырдың 80-жылдарында Қырым, Еділ бойы татарларының арасында қалыптасты. Кейіннен Ж. Орталық Азиядағы барлық дерлік түркі халықтары (қазақ, қырғыз, өзбек, т. б.) арасында жалғасын тауып, өрістей түсті. Ж-тің ірі өкілдері қатарына қатарында И. Гаспралы, Ш. Маржани, А. Ибрагимов, М. Абдурашидханов, М. Бехбуди, А. Фитрат, Ф. Ходжаев, т. б. болды. Ағартушылық сипатта жүрген Ж. қозғалыс қоғамдық өмірдегі рухани тоқыраушылықты сынға алып, оны жаңғыртуды көздеді. Ж. патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталды. Түркі халықтарының ерікті әрі өркениетті болуын қалады. Мұсылмандық хадими (ескіше) мектептердегі ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып келген оқу тәрбие жұмыстарының жүйесін жаңа заман талабына сәйкестендіріп, қайта құруды ұсынған ілгерішіл бағыт ұстанды. Мектеп-медреселердегі өз беделдерінен айрылып қалғысы келмеген кейбір дін иелері Ж-ті шаригатқа қарсы әрекет ретінде бағалады. Ж-ке патша өкіметі тарапынан да қысым көрсетілді. Жәдит мектептері оқушыларының басым көпшілігі Қазан, Орынбор, Уфа қалаларында білім-тәрбие алған татар, башқұрт және қазақ жастары болды. Олардың арасында Стамбұл, Мысыр, Бағдад оқу орындарының түлектері де кездесетін. Патша өкіметі оларға өзінің Орта Азия мен Қазақстандағы отаршылдық саясатына зиянын тигізетін саяси сенімсіз адамдар ретінде қарады. ХІХ ғасырдың соңында Ресей мұсылмандары қадимшілдер және жәдитшілер болып, іс жүзінде бір-біріне қарсы екі топқа бөлінді. Қадими бағытты қолдаушылар «Сират әл-мустақим» («Тура жол») атты партия құрып, 1907 ж. Орынбор қаласындағы баспахана иесі, бай Ғ. Хұсайыновтың қаржысына «Дін уа мағишат» (Дін және өмір) деген журнал шығарды. Бұл журнал Гаспралы басшылық еткен Бақшасарайда (Қырым) 1883 жылдан бастап шығып отырған «Тәржіман» газетінің Ж. көзқарасына қарсы күрес жүргізді. Ж. бағыт пен қадимшілер арасындағы тартысты патша өкіметі әдейі қоздырып, бір-біріне өшіктіріп, айдап салып отырды. Мұндай кедергілерге қарамастан, Ж. қозғалысы екпін алып, жер-жерлерде аталмыш

бағыттағы мектеп-медреселер ашыла бастады. Мұндай оқу орындарында жаратылыстану пәндеріне, түркі халықтарының төл тарихы мен әдебиетіне ерекше көңіл бөлінді. Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусеиния», Қазандағы «Мұхаммедия», Қырғызстандағы «Шабдания» секілді мектеп-медреселер Ж.-тің ірі ошақтарына айналды. 1913 ж. бүкіл Түркістан өлкесінде Ж. бағыттағы 92 мектеп-медреселер қызмет етті. Қазақстандағы Ж. бағыттағы мектептердің ең ірілерінің бірі – «Мамания» мектебі болды.

**Әдебиет:** Бартольд В.В. *История Культурной жизни Туркестана.* // Соч., т. 2, ч. 1. – М.; Просветительская деятельность джадилов Туркестана. – Таш., 1995; Исхаков Д., Амирхан Р. *Джадидизм и национальная идеология.* – «Идель», 1996. – № 1–2; Омаров Ә. *Қазақстандағы ағарту ісі және патша өкіметінің орталық саясаты.* – А., 1997. М. Тәжімұратов, Т. Жексембаев. (ҚҰЭ – 3 том, 614 бет).

**ЖЕКЕ АДАМҒА ТАБЫНУШЫЛЫҚ** – саяси немесе діни билік иерархиясында жоғарғы лауазымды адамның атқаратын рөлі мен міндетті қызметін шектен тыс жоғары бағалау, асыра дәріптеу болады. Авторитарлық және тоталитарлық мемлекеттерде қолданылатын идеология бойынша «көсемдерге» пайғамбарлар мен көріпкелдерге тән қасиеттер таңылып, жеке адамға табыну жүзеге асырылады. Ж. а. т.-тың негізі, тірегі – мемлекет басшысын ұлттың көсемі ретінде қабылдайтын сана мен «әділ патшаға» үміт артуға негізделген құлдық саяси мәдениет болады. Қоғамдағы бар билік тармақтарының бүтіндей бір адамның қолына шоғырлануы, адам тағдырының жеке бас жетістіктері мен мүмкіндіктеріне емес, өз іс-әрекетінен гөрі басшылықтың оң қабақ көрсетуіне тәуелділігі жоғарғы мансап иесіне табынудың басты себебі. Саяси тұлғаға тәуелділік сезімін халық санасына жан-жақты сіңіруден, «күдіреті күшті» басшыға деген құлдық сезім, жарамсақтық, жағымпаздық психологияны ұстанғандар қалыптасады. Азаматтық құқық аяққа басылып, халықтың өзін-өзі басқару мүмкіндігі ескерусіз қалатын Ж. а. т. авторитарлық және тоталитарлық жүйені ұстанған мемлекеттерге тән. Дегенмен ол арақидік демократиялық мемлекеттерде де кездеседі, оған мысал ретінде Ш. де Голь басқарған кездегі Францияны айтуға болады. Ж. а. т.-тың әр түрлі ауыр зардаптар әкелетініне қарамай, оның белгілері кейбір дамушы мемлекеттерде (Солтүстік Корея, Куба және т. б.), қазіргі посткеңестік елдерде өріс алып отыр.

**ЖЕКЕ ТҰЛҒА** – белгілі бір тәртіппен экономикалық қызметке қатысушы және толық құқықты қызмет субъектісі ретінде әрекет етуші адам. Ж. т. өз атынан әрекет етеді және ұжымдық құрылым болып табылатын заңды тұлға сияқты фирма құруға мұқтаж емес. Сондай-ақ ол құқық қатынастарына қатысушы адамды (азаматты) білдіретін термин ретінде де қолданылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша Ж. т. – ҚР немесе басқа мемлекеттің азаматы, сондай-ақ азаматтығы жоқ адам. Яғни «Ж.т.»

ұғымы «азамат» деген ұғымға тең мағынада қолданылады. Азамат (Ж. т.) – құқықтың жеке субъектісі, оның құқықтық қабілеті (құқыққа қабілеттілігі), яғни азаматтық міндет атқару қабілеті бар. Азаматтық құқықтық қабілет туылған сәтінен бастап туындайды және барлық азаматтарға бірдей деп танылады. Ол адамның нақты құқықтары мен міндеттерінің пайда болуының шарты мен алғышарты. Азаматтық кодекстің 18-бабына сәйкес азаматтың ҚР шегінде немесе одан тыс жерлерде мүлікті, соның ішінде шет ел валютасын меншіктенуге; мүлікті мұраға алып қалдыруға; республика аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жер тандауға; республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға; дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп заңды тұлғалар құруға; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысуға; өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына, зияткерлік қызметтің өзге де туындыларына зияткерлік меншік құқығы болуға; басқа да мүліктік және жеке беймүліктік құқықтарды пайдалануға құқы бар. Әрекет қабілеттілігі азамат кәметке, яғни 18 жасқа толғанда толық көлемде пайда болады. Әрекет қабілеттілігі азаматтың экон. қызметке қатысуын, атап айтқанда, жеке кәсіпкер ретінде қатысуын қамтамасыз етеді. Азамат өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді. Жеке кәсіпкер несиенің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты талаптарын қанағаттандыруға дәрменсіз болса, ол соттың шешімімен дәрменсіз (банкрот) деп танылады. Шет елдің азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға ұлттық құқықтық режим беріледі, олардың да Қазақстанның азаматтары сияқты өзіндік беймүліктік құқықтары болады.

**ЖЕМҚОРЛЫҚ** – мемлекеттік басқару құрылымында лауазымды қызмет атқаратын адамның өзіне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке басының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалануы, қоғамның тұрақты дамуына қарсы жасаған қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Ж-тың жалпы белгілері: лауазым иесінің делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі), ақша, бағалы қағаздар, мүлік сипатында пайда табу, пара алу, туыстық, жерлестік т. б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік, қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу. Ж-тың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болуына, елдің экономикалық өсуі қарқынының тежелуіне және әлеуметтік-саяси шиеленістердің күрт асқындауына соқтырады. Жүзеге асуы түрлеріне қарап Ж. екіге бөлінеді: жеке-леген лауазымды қызметкер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкердің бірігіп жасаған, сыбайластық әрекеттері. Жоғарғы лауазымды мемлекет қызметкерлері жаппай Ж-қа салынған жағдайда,

құқық қорғау органдары оларды жасаған заңға симайтын іс-әрекеттері үшін, қылмыстық жауапкершілікке тарта алмайтын жағдай қалыптасады. 1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті халықаралық бизнестегі Ж-қа қарсы күрес туралы конвенцияға қол қойды. Қазақстан осы конвенцияға қосыла отырып, ұдайы сыбайлас Ж-қа қарсы жұмыстар жүргізеді.

**ЖЕТИ ДАНА** – ежелгі грек тарихында, б.д.д. VII–VI ғасырларда өмір сүргендері туралы мәліметтер берілетін, негізінен мемлекеттік тұлғалар болған деп көрсетілетін адамдар. Тарихи мәліметтерде 17 адамның аттары аталады. Олардың өмірлік ұстанымдары, ғибратты даналықтары, қысқа сөздері сол тарихи дәуірлерде кең танымал болған. Платонның ойынша («Протогор») бұл данышпандар Милеттен шыққан Фалес, Митиленнен шыққан Питтак, Коринфтен шыққан Периандр, Линдостан шыққан Клеобул, Приеннен шыққан Биас, Лакедемоннан шыққан Хилом, Афинадан шыққан Солон болған. Ж.д.-ның бізге жеткен, ең көп таралып кеткен нақыл сөздері: «Бәрі өз уақытында болады» (Питтак), «Өзіңді өзің таны» (Фалес), «Ешнәрсе шамадан тыс емес» (Солон, Хилон), «Ең үлкен байлық – ешнәрсені тілемей» (Биас), «Бәрінен жақсысы – шаманы білу» (Клеобул), «Ләззат алу өткінші, рахымшылдық мәңгі қалады» (Периандр).

**ЖЕТИ ҚАЗЫНА** – түрік халықтары дүниетанымына ортақ ұғым. Қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлі, философиялық түсініктерінің бірі. Көшпенділік тұрмыс салтына байланысты өмірге келген Ж. қ. ұғымын халық ер адам тіршілігімен байланыстырады. Оның бірнеше нұсқалары бар, бір деректе оған: 1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ақыл-білім. 4. Жүйрік ат. 5. Қыран бүркіт. 6. Берен мылтық. 7. Жүйрік тазы (ит) жатқызылса, енді бір деректе ол: 1. Жүйрік ат. 2. Қыран бүркіт. 3. Құмай тазы. 4. Берен мылтық. 5. Қанды ауыз қақпан. 6. Майланғыш ау. 7. Өткір кездік – деп көрсетіледі. Ер жігіттің жүйрік аты – қанаты. Қыран бүркіт – қуаты. Құмай тазы – абыройын асырар сенімді серігі. Мылтығы – қаһарлы оты. Қақпаны – серті, ауы – әдіс-айласы, кездігі – сұсы ретінде танылады. Халық жеті қазынаны өмір, тіршілік сұранысының негізі ретінде қарастырған.

**ЖИД Андре** (1869–1951) – француз жазушысы, философ. Нобель сыйлығының лауреаты (1947). Дидак. бағытта жазылған «Жер бетіндегі айқындылық» (1897) кітабында мәдениетке жауапты тек қана бүлікшілер деген ой айтты. Өйткені олар жер бетінің ащы тұзы және Құдай алдында да жауапты деп ой түйеді.

**Шығ. жинағы. 1–4 т.т. (1935–1936).**

**ЖОМАРТТЫҚ** – адам бойындағы жақсы қасиеттерінің бірін білдіретін, оң моральдық сапасын белгілейтін этикалық категория. Жарлығы,

жарымжанға, жасқа, кәріге, мүгедек жандарға, яғни басқаның жәрдеміне мұқтаж адамдарға ешқандай ақысыз, пайда күтпестен көмекке келу Ж. мінез санатына жатқызылады. Ж. – бір адамның екінші адамға немесе оның тобына қарымтасыз, міндеттеусіз қызмет жасап, жақсылық жасауға шын пейілділігі, нақты ісі арқылы көрініс табатын оң моральдық сапасы. Тым шашылу Ж-тан көрі ысырапшылдыққа жақын. Құранда: «Қолыңды мүлде мойныңа байлаулы қылма да, бүтіндей ашпа да. (Өте сараң болма, барыңды да жайып салма). Онда сөгіске ұшырап таршылыққа қаласың» (Исра сүресі, 29-аят). Жасаған қайырымың Ж.-қа жатуы үшін алдымен, ниетің таза, түзу болуы, Алланың ризашылығын ойлап, ешқандай пайда, рахмет, мақтау күтпей жасалуы шарт. Адамзат тарихында мұндай Ж.-ты Пайғамбарлар және оның сахабалары жасаған. Мұхаммед пайғамбардың «Мың бір хадисінде»: «Жомарт кісінің қателіктерін кешіріңдер, себебі Алла тағала, ол сүрінген сайын қолынан ұстап, құлатпайды. Төмендегі алушы қолдан, жоғарыдағы беруші қол жақсы» – деп айтылған. «Жомарттан асқан нарлық жоқ» (Қожбанбет би), «Жомарт болар кісіні табағынан танимын. Бай болатын жігітті пейілінен танимын» (Балпық би), халық мақалы «Кең болсаң кем болмайсың» – дегендерден Ж-тың адамды дұрыс мінезге қарай бағыттайтын әрі оң іс-әрекетті көрсететін моральдық жүйенің бір ұшы екендігін аңғартады. Жомарт адамның әлеуметтік беделі үстем болып, халық оны құрметтеген, ол тек пенденің сүйіспеншілігіне ғана ие болмаған, сонымен бірге, Алланың да махаббатына ие болған. Хадисте: «Жомарт кісі Аллаға жақын, жәннатқа жақын, адамдарға жақын және жәханнам отынан ұзақ» (Тиризм сүресі, 40-аят). «Дүниеде ең бақытты адам кім?» – дегенге, бұрынғының даналығы: «Өзінің әділдігімен, жомарттығымен көзге түскен адам» – деп жауап берген. Бұл – жақсылық басқалардың да басында болсын деп қана қоймай, солай болуына іс жүзінде көмектесіп, шаттық сыйлау қабілеті. Жомарт адам оңайлықпен бұл мінезін тастай алмайды. Ондай кісі қолында беретін ешнәрсесі болмаса да бұл мінезден ажырай алмайды, яғни адамның қолында ештеңесі болмаса да жомарт болуы әбден мүмкін. Сіз танымайтын адамның жанынан өтіп бара жатып, онымен өзіңіздің жылы шырайыңызбен бөлісе білсеңіз, онда сіз – жомартсыз. Біреудің қайғысын бөлісіп, көңілін ауласаңыз, онда ол – Ж. «Жомарттың қолын жоқ байлайды» – деген халық мақалы осыдан болса керек. Өзінің пайдасы үшін біреуге жақсылық жасаса ол Ж-қа жатпайды. Ж. – бар жақсылық өз басымда ғана болсын, «Менің арбам жүре тұрсын, басқанікі тұра тұрсын» – дейтін мінезге қарама-қарсы, адамды биік мұратқа ұмтылдыратын қасиет қуаты. Ж. қоғам мүшелері арасындағы өзара сыйымдылықты, үйлесімділік пен жарасымдықты, сыйластықты, бірлік пен татулықты, сүйіспеншілікті нығайтуда маңызы зор моральдық құндылық, адами интеллект күші болып табылады. Қазақ мақалы: «Жомарт дос көбейтеді, сараң мал көбейтеді»

– дейді. Ұлықпан Хәкімнің патша-уәзір жайындағы әңгімесінде патша: «Ж.-тың шегі қайда?» – дегенде, уәзірі: «Барын беру» – деп жауап беріпті. Қазақты: «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – нар кісінің ісі» – деген мақалындағы «нар кісі» – Ж. қасиетті білдіреді. Ж. – адам болмысын құраушы элемент. Болмысыңмен болыс, басқаға жәрдем қолың соз, басқаға сүйіспеншілікпен қара, солай істесең, сен – жомартсың. Ахмет Йүгінеки: «Жомарт – ер, халайықтың құрметтісі» – десе, казак мақалы: «Жомартта жоқ болса да – тоқ» – деп айтылады. ХІ ғасыр ойшылы Қайқаустың пікірінше, адам ақыл, Ж. және туралықсыз жұмыс істей алмайды, өйткені бұл үш қасиет болмайтын адам жоқ, бірақ салғырттық, енжарлық, парасатсыздық және даурықпалық адамға сол ұлы жолды жауып қояды. Оның айтуынша, жомарт адамдардың бірнеше өнері болуы керек: 1) ер жүректілік, мәрттік пен сабыр, қанағат, айтқан уәдеде тұру, көңіл тазалығы, шыншылдық; 2) өз пайдасын көздеп басқаларды азаптамау, оларға қамқорлық жасап, жәрдем беру; 3) жамандардың жамандығынан жақсыларды сақтай білу, тура сөз сөйлеу, әділ болу, жақсыларға жамандық жасамау және зиян келтірмеу. Сонымен бірге, ол Ж.-тың шарттарын да анықтауға тырысады. Олар: 1) дауыс көтеріп дауласып біреудің бетін жыртпайды; 2) жұртты ант ішіп, талап қоюға әдеттендірмейді; 3) халыққа қатал емес мейрімді, ғаріп-ғасірлердің қатесіне кешірімді болып, бақыл болмау керек; 4) бұзық адамдардың жаман істерін жарияламайды және көпшілік алдында біреуге жекелей үгіт-насихат айтпайды; 5) біреудің қанын төгуді мақсат етпейді, халықты жаман іске үйретпеу керек; 6) менмендіктен, кесапаттықтан, біреуге қастандық жасаудан аулақ болу басты шарт. Халқымыз: «...Жомарттан артық нарлық жоқ» деп ақыл айтады.

**ЖИЫНДАР ТЕОРИЯСЫ** – жиындардың жалпы қасиеттері туралы ілім. Жиын ұғымы, қарапайым матем. түсініктердің бірі болғандықтан, оны мысалдар арқылы ғана түсіндіруге болады. Бір мектеп оқушыларының, берілген шеңбер нүктелерінің, берілген теңдеу шешулерінің т. б. жиындары туралы айтуға болады. Мұндағы оқушылар, нүктелер, шешулер т. б. қарастырылып отырған жиындардың элементтері деп аталады. Жиынды анықтау үшін тек қана осы жиын элементтеріне тән қасиетті көрсету жеткілікті. Мыс., барлық бүтін сандар жиынын құрайтын сандарға (элементтерге) ғана тән қасиет – олардың бүтіндігі. Берілген  $x$  белгілі бір  $M$  жиынының элементі екендігі былай жазылады:  $x \in M$ . Бір элементі де жоқ жиын бос жиын деп аталады. Егер  $A$  жиынының әрбір элементі  $B$  жиынының ішкі жиыны немесе бөлігі деп аталып, ол былай белгіленеді:  $A \subseteq B$  немесе  $B \supseteq A$ . Яғни  $B$  жиынының ішкі жиындарының бірі – осы  $B$  жиынының өзі ( $B \subseteq B$ ). Бос жиынын кез келген жиынның ішкі жиыны деп есептеледі. Берілген  $B$  жиынының өзінен басқа кез келген бос емес  $A$  ішкі

жиыны осы В жиынының дұрыс бөлігі деп аталады. Элементтерінің саны шектеулі не шектеусіз жиын деп аталады. Қандайда болмасын бір заңдылық бойынша А жиынының әрбір элементіне В жиынының белгілі бір ғана элементі сәйкес болсын; егер В жиынының әрбір элементі А жиынының тек қана бір элементіне сәйкес қойылған болса, онда А және В жиындарының арасында өзара бір мәнді сәйкестік [қысқаша: (1-1)-сәйкестік] бар делінеді. Екі шекті жиын элементтерінің сандары өзара тең болғанда ғана олардың арасында (1-1)-сәйкестік болады. Осы жағдайда жалпылай келгенде өзара (1-1)-сәйкестігі бар екі шектеусіз жиын (сан жағынан) эквивалентті деп аталады, немесе олардың қуаттары бірдей деп саналады. Әрбір шектеусіз жиынның өзіне тән дұрыс бөлігі болады. Бұл шарт шектеулі жиындар үшін орындалмайды. Егер А шектеусіз жиынының В шектеусіз жиынына қуаты тең дұрыс бөлігі болып, ал В-нің А-ға қуаты тең дұрыс бөлігі болмаса, онда А шектеусіз жиынының қуаты В шектеусіз жиынының қуатынан үлкен делінеді. Қуат түсінігі шектеусіз жиындардың шексіздігінің өзі де әр түрлі болатындығын көрсетеді. Барлық натурал сандар жиынына тең қуатты жиын саналымды жиын деп аталады. Саналатын жиын қуаты – шектеусіз жиын қуаттарының ішіндегі ең кішісі. Барлық нақты сандар жиынының қуаты континуум қуаты деп аталады. Қазіргі математиканың дамуына Ж.т. дифференциалдық тендеулердің сапалық теориясында, топологияда, вариациялық есептеуде, нақты айнымалы функциялар теориясында жиі қолданылады. Ж.т-ның негізін Б. Больцано, неміс математиктері Г. Кантор мен Р. Дедекинд қалады.

**Әдебиет:** Александров П.С., Колмогоров А.Н. Введение в теорию множеств и теорию функций. – М.-Л., 1948. Ч. 1.; Хаусдорф Ф. Теория множеств, пер. С нем. – М.-Л., 1937; Нысанбаев Ә. Ғылым тарихы және философиясы. – Алматы, 2013.

**ЖҰРТШЫЛЫҚ** – бір-бірімен өзара тікелей қарым-қатынас жасамаса да, белгілі бір ортақ мүдде жолында біріккен, алайда ресми түрде ұйымдаспаған топ, көпшілік қауым. Қазақтың дәстүрлі түсінігінде кездесетін Ж. ұғымын, әлеумет және діни ұғымда қолданылатын жамиғат түсініктеріне синоним ретінде қарастыруға болады. Ол жалпы тобыр ұғымына сай келе бермейді. Көптің жүрген жерінде дау-дамай мен бас араздықтың қоса жүретінін білген Абай көптің сауатсыз билігін дұрыс көрмейді. Ретіне қарай ақылға, жөнге салынуы керек жетесіз, билікке көнбеген тобыр – ессіз қара күш. Ақын пікірінше, ақылсыз тобыр – есінен айрылып, басқаның жетегіне ергендер. Сондықтан, «көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел», – дейді.

**ЖҮЙЕ** – белгілі бір формада ретке келтірілген, бір-бірімен өзара байланысқан және белгілі бір бүтінді құрайтын элементтердің тұтастығын



білдіретін философиялық категория. Элементтер арасындағы қатынас Ж-нің құрылымын құрайды. Этимологиялық тұрғыда Ж. ұғымы бүтіннің құраушысы, ассамблея дегенді білдіреді. XX ғасырдың екінші жартысындағы ғылым мен техниканың өзіндік ерекшеліктерінің бірі жүйелік зерттеу, жүйелік тұрғыдан келу және жалпы жүйелік теория туралы идеяның жаппай таралуы болып табылады. Ж. ұғымы зерттеу объектісін тұтастық тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Зерттеу объектісінің шамадан тыс кеңдігі және соған орай анықтамалардың көп болуы Ж.-ге берілетін сипаттаманы жинақтап, ықшамдауды талап етеді. Сондықтан оның кейбір элементтерін және олардың арасындағы өзара байланыстың кей тұстарын біріктіруге қажеттілік байқалады. Мұндай көзқарас әдебиеттерде кеңінен орын алған. Ж. ұғымы кей жағдайларда құрылым ұғымына теңестіріледі. Басқа әдебиеттерде Ж. мен құрылым ұғымының ара жігін ажыратуға ұмтылыс байқалады. Жалпы Ж-лік теорияның негізгі ұғымдарына мыналар жатқызылады: «тұтастық», «элемент», «құрылым», «байланыс» және т. б. Тұтастық өзінің бүтіндік қасиеттерін өз құраушы элементтерімен теңестірмейді және құраушы элементтерді тұтастық тұрғыдан талдауды қаламайды. Мұндай көзқарас, әсіресе, гештальтпсихологияда кең тараған. Алайда Ж. элементі өзіндік болмысы тұрғысында тым күрделі құрылым, Ж. тұрғысынан алғанда ол әрі қарай жіктелмейді, яғни бөлінбейді. Ж. элементі бірқатар қасиеттерге ие және басқа элементтермен қандайда бір қатынасқа түседі. Ж. құрылымына реттілік, ұйымдастырылу, құрылғылық тән, бұны элементтер арасындағы өзара қарым-қатынас сипаты талап етеді. Ж-лік тек элементтер арасындағы өзара қатынастан ғана емес, сыртқы ортамен де қарым-қатынасы арқылы да көрініп отырады. Таңдап алынған өлшемдер бойынша Ж.-ге жіктеме жасауға болады. Құраушы элементтерінің табиғатына қарай, материалдық және идеалдық Ж. деп жіктеуге болады. Материалдық Ж. – ол белгілі бір дәрежеде өзара қатынаста болатын материалдық элементтерден тұратын Ж. Материалдық Ж. салыс- тырмалы қарапайым және салыстырмалы күрделі болады. Біршама қара- пайым Ж. тікелей өзара ықпал жасап отыратын салыстырмалы біртекті элементтерден тұрады. Біршама күрделі Ж. элементтері кіші жүйелерге топталады әрі олар қандайда бір бүтін ретінде өзара қатынасқа түседі. Идеалды Ж. – ол элементтері белгілі бір өзара қатынаста және идеалдық сипатта болатын – ұғымдар немесе идеялар. Идеалды Ж-ге, мысалы, кез- келген ғылымның ұғымдар жүйесі жатады. Материалдық Ж-ге қарағанда, идеалдық Ж. тек адамның таным әрекетінің негізінде ғана пайда болады. Әдебиеттерде, сонымен қатар, статикалық және динамикалық Ж. атап көрсетіледі. Статикалық Ж. әртүрлі өзгерістерге салыстырмалы берік, біршама тұрақты, ішкі тепе-теңдігі сақталған болып келеді. Оның беріктігі мен ішкі тепе-теңдігі белгілі бір уақыт аралығында өз қалпын сақтап қалуы

арқылы көрініп отырады. Динамикалық Ж. құрылымы уақыт өткен сайын өзгеріп отырады. Сыртқы ортамен қатынасының сипатына қарай ашық және жабық Ж. болып бөлінеді. Жабық Ж. сыртқы ортадан оқшауланған болып келеді. Барлық статикалық Ж. жабық Ж. болып табылады, бірақ олар өздеріндегі динамикалық өзгерістерді жоққа шығара алмайды. Термодинамиканың екінші заңы бойынша оқшауланған физикалық Ж-нің тұрақты зат алмасу және энергияны сақтау қабілеті уақыт өте әлсірейді, осының нәтижесінде энергия қоры жойылады да энтропиялық (ішкі ретсіздік) жағдайы жоғарылайды. Ж.-гі ішкі айырмашылықтар жойылады. Термодинамиканың екінші заңы біртекті келешек жөнінде пессимистік болжау жасайды. Ашық Ж. сыртқы ортамен тұрақты зат алмасуымен және энергия алмасуымен сипатталады. Биологиялық орта осының мысалы бола алады. Мұндай ашық Ж. метоболизм және сыртқы ортамен тұрақты зат алмасудың арқасында энергияның тұрақтануынан арылып отырады. Барлық ашық Ж. өзінің өздігінен реттеле алу және ішкі тұрақтала алу қабілетімен ерекшеленеді, оның себебі онда бақылау үдерісі іске қосылып отырады. Екінші қатардағы кибернетиканың дамуына байланысты аутопойетикалық Ж. шығуы байқалады. Аутопойесис тірі жүйенің сыртқы ортамен қарым-қатынасындағы автономдық қабілетін көрсетеді. Мұндай Ж. өзінің тұрақты өзгере алу қабілетімен сипатталады. Әдетте мұндай Ж. тек сол жүйенің ішкі құрылымы талап еткен функцияны ғана атқарады, оларды өзін-өзі түсіндіре алатын Ж. деп атайды. Бұған кереғар аллопойетикалық Ж-ні атап көрсетеді, оның функционалды қызметі сыртқы себептермен анықталады. Термодинамиканың екінші заңына ерекше түсіндірме жасаған И. Пригожин болды. Оның пікірі бойынша, Ж-дегі қайтарымсыз жағдайлар мен үдерістер ондағы реттілік көзі болып табылады. Тепе-теңсіздік орнаған жағдайда ретсіздіктен, хаостан реттілікке ауысуға болады деп мойындалады. Сол Ж-нің қоршаған ортамен өзара ықпалын бейнелейтін материяның жаңа динамикалық қалпы пайда болуы мүмкін. Бұл жаңа құрылымды Пригожин диссипативтік (ауыспалы) құрылым деп атады, өйткені олардың тұрақтылығы энергия мен заттардың диссипациясына (ауыспалылығына) байланысты болды. Әркелкі динамика және синергетика теориясы Ж. эволюциясының жаңа парадигмасын жасады. Бұл парадигма энергияның энтропияға прогрессивті өтуінің термодинамикалық принципін қайта қарастырды. Бұл парадигма бойынша, Ж-дегі реттілік, тепе-теңдік және тұрақтылыққа үнемі динамикалық теңсіздік процестер арқылы қол жеткізіледі.

**ЖҮРЕК** – адам мен жануарларға тән қан айналу жүйесінің ортақ ағзасы; қанды ұсақ тамырларға айдайды және оның күре тамырға қайтып оралуын қамтамасыз етеді. Омыртқасыз жануарлардың кейбір түрлерінде (буылтық

кұрттарда, моллюскілерде, буынаяқтыларда) Ж. арқа жағында орналасқан, бір қарынша және бірнеше жүрекшелерден тұрады. Барлық омыртқалы жануарларда және адамда Ж. дененің кеуде қуысында орналасқан. Қазақ дүниетанымында Ж. тек қан айналдыру емес, сонымен бірге сезім, сезімдік таным мүшесі ретінде де қарастырылады. «Ж-іммен сездім», «Ж-ім сезді» деген сөз тіркестері жиі қолданылады. Ұлы Абай «Ж-іңнің түбіне терең бойла» – деп атүсті шешімдер шығарудан сақтандырып, айтылатын ойдың терең мағыналы болуына меңзейді.

**ЖЫРАУ** – қазақ дәстүрлі поэзиясының басты өкілі, топ алдында сөз сөйлеуші, қобыз, домбырамен сүйемелдеп жыр шығарушы ерен тұлға, хан мен билердің ақылгөйі, хан ордасындағы халық жаршысы. Бізге белгілі Ж-лар поэзиясы қазақ пен ноғай айырылысқан заманнан бері пайда болып, XIX ғ. Махамбет және Зар Заман өкілдерінің шығармашылығында шарықтау шегіне жетеді. Ж-лар поэзиясын грек антикасындағы эпикалық дәстүрмен, Еуропадағы ортағасырлық рыцарьлық әдебиеттің құбылысымен салыстыруға болады. Айырмашылығы, біздегі Ж-лар поэзиясы авторлық поэзия және таза жыр-дастан поэзиясы емес, дәстүрлі танымдағы лирика. Егер рыцарьлық нұсқасындағы ақындар әйел, ханым бейнесін дәріптесе, Ж-лар асқақ елсүйгіш сезімін романтикалық дәрежеге, имани ұстаным деңгейіне көтерген. Ж-лар сөзсаптауының поэтикасына келсек, олардың жырлары көбінесе жеті-сегіз буындық, толғау түрінде келеді. Оның осылайша атануы да тегін емес, себебі Ж-лар өлеңі адуынды шабыт, еріксіз толқу арқылы келеді. Сондықтан оларда медиативтік, ойға тура шығу бағыты басым. Ж-лық поэзиясының бейнелік құрылысына келсек, жыраулар бір маңызды ойға негізделген құбылыстарды тізіп, ойын жұмбақтау арқылы, ең соңғы жолдарда ғана тақырыбының шешімін ашып береді. Ж-лық поэзия көшпенділер тіршілігінің жағдайында сахнасыз театр, риторика, софистика, дәстүрлі өмір философиясы қызметін атқарған.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2005. Т. 12.**

**ЖІГЕР** – батылдық, тапқырлық. Жасқаншақтықтың, толқудың, орнықсыздықтың болмауы. Қазақ ұғымында Ж-лі адам деп, – қайратты, өзінің алған бетінен қайтпайтын, көздеген мақсатына жетпей тоқтамайтын, ерік күші, рухани болмысы мықты адамдарды айтады. Ж-лі болудың негізі рухтың мықтылығымен, сенімнің тереңдігімен астасып жатады. Сондықтан Ж. адами болмысты жетілдіруге қажетті қасиеттердің бірі.

**ЖІКТЕЛУ** – белгілі бір ұстындар негізінде ғылымдар арасындағы өзара ішкі байланысты ашу және оның логикалық жағынан негізделгенін көрсе-

ту. Ғылым тарихында ғылымдарға әртүрлі Ж. беріліп келді. Мыс., ежелгі грек философы Аристотель ғылымдарды үшке бөлген: теориялық философия (логика, аналитика, физика, математика, метафизика), практикалық философия (этика, политика, экономика) және шығармашылық философия (поэтика, риторика, өнер). Ал Сен-Симон объективтік ұстынға негізделген (математика, астрономия, физика, химия, физиология) Ж. ұсынды. Оның шәкірті Огюст Конт бұл Ж-ді одан әрі айқындай түсті және социологияны өз алдына ғылым етіп бөлді. Жаңа диалект. Ж-ның алғышарты Гегельдің «Табиғат философиясы» мен «Философиялық пропедевтикасында» координация ұстыны субординация немесе даму ұстынына ауыстырылды. Ол бүкіл ғылымды үшке («механизм», «химизм», «организм») бөлді. Қазіргі ғылымдарды Ж. ұстындары: ғыл.-зерт. пәніне байланысты объективтік ұстын, адамның практикалық және танымдық қызметінің табиғатына сәйкес субъективтік ұстын, субординация немесе даму ұстыны, құрылымдық ұстын, формальдық координация ұстыны, мазмұндық ұстын деп бөлді. Ж. – әрбір тарихи дәуірде пайда болатын, сарқылмайтын мәңгілік мәселе. Ғылымдарды маркстік Ж.-дің олар зерттейтін пәндерді айқындау және ғылым-ның жаңа саясатын болжау, кітапханалық іс, ғыл.-зерт. ин-ттарының жоғары оқу орындары құрылымын және халық ш-ның перспективалық салаларын анықтау, сондай-ақ теориялық зерттеулерді практикасымен, ғылымды өндіріспен ұштастырудың жаңа формаларын табу үшін маңызы зор.

Ж. (логикада) – белгілі бір ұстын негізінде жіктелетін кластар немесе топтар арасындағы ішкі және қажетті байланыстарды ашатын, білімнің белгілі бір саласын логикалық жүйеге келтіретін логикалық операция. Ж. негізіне формальдық және диалект. ұстындар жатады. Осыған байланысты формальдық логикадағы Ж. формальдық, ал диалект. логикадағы Ж. мазмұндық деп аталады. Формальдық Ж. әрбір топ ішінде заттар арасындағы ұқсастыққа (абстрактілі-жалпылыққа) негізделген. Абстрактілі-жалпылық белгілі бір топқа жататын барлық заттарға тән сыртқы, қайталана беретін белгілер, қатынастар. Мұнда топ ішіндегі заттардың ортақ қасиеттеріне негізделген ұқсастық ұқсас емеске, тепе-теңдік айырмашылыққа қарама-қарсы қойылады. Формальдық Ж-де жіктелетін топтар арасындағы белгілі бір рет байқалады, бірақ ол сыртқы және жасанды сипатта. Мұндай Ж. ұғымының көлемін бөлумен және объектілерді кластары бойынша реттеумен байланысты. Формальдық ұстындарға сәйкес заттарды топтарға бөлу мазмұндық Ж-дің алғышарты, формальдық ұстындардың танымдық рөлі де осында. Мазмұндық Ж-де жіктелетін заттар кластары немесе топтары арасындағы ішкі және қажетті байланыстарды ашуды көздейді. Сондықтан диалект. ұстындарға негізделген Ж.-де формальдық логиканың кемшіліктері жойылды. Өйткені диалект. (мазмұндық) Ж. әрбір топтағы заттар арасындағы сыртқы ұқсастық қана емес, сонымен бірге тіпті ұқсас

емес заттар, бірін-бірі жоққа шығаратын жақтар, белгілер арасындағы қатынастарды ескереді. Егер формальдық Ж. негізінде ұқсас емеске (айырмашылыққа) қарсы қойылған ұқсастық (тепе-теңдік) біржақты ескерілсе, онда мазмұндық Ж. ұқсастық (тепе-теңдік) пен ұқсас еместік (айырмашылық) диалект. бірлікте болады. Нақтылы жалпылық – белгілі топқа жататын заттарды біртұтас етіп біріктіретін терең ішкі байланыс заңы. Сондықтан мұндай Ж-де жіктелетін заттар дамуының бір кезі. Мыс., эволюциялық топтарға негізделген өсімдік пен жануарлардың биол. жүйесі, Д.И. Менделеевтің периодтық заңына негізделген хим. элементтердің периодтық жүйесі, Ф.Энгельс ашқан ғылымдардың Ж-і т. б. диалект. Ж. – жіктелетін заттар арасындағы объективтік байланыстар мен қатынастар логикасының көрінісі. Демек, ол даму мен дүниенің материялық бірлігі ұстындарына негізделген.

### З

**ЗАЛАЛ** – тұлғаға немесе жеке меншікке келтірілген қандай да бір зақымның, заттай шығынға ұшыраудың, заңды және заңсыз түрде тигізілген зияндықтың салдары. Заңды тұлғаның құқығы бұзылуы салдарынан ала алмай қалған табысы, бұзылған құқын қалпына келтіру үшін жұмсаған немесе жұмсауға тиіс шығыны, оның мүлкінен айрылуы немесе мүлкінің бүлінуі. ҚР Азаматтық кодексі бойынша, құқығы бұзылған тұлға, заңда немесе келісімшартта көрсетілсе, өзіне келтірілген З-дың толық өтелуін талап ете алады.

Билік және басқа да мемлекеттік органның немесе өзін-өзі басқару органының заңға сай келмейтін акт шығаруы салдарынан, осы органның лауазымды адамдары әрекетінен (әрекетсіздігінен) кісіге немесе заңды тұлғаға келтірілген З-ды мемлекет немесе жергілікті мемлекет органдары өтеуі тиіс. Осымен қатар З. шығыстың табыстан (пайдадан) артық болуы, кәсіпорынға немесе жеке кісіге қатысы бар немесе қатысы жоқ себептермен келтірілген шығын. Өндірістік-шаруашылық қызметтің қаржы нәтижелері ретіндегі З. бухгалтерлік баланс бойынша және жекелеген операциялармен айқындалады. Шығынның бір бөлігі – айыппұл, өсімпұл, тұрақсыздық айыптары, ақауы бар өнім шығару және жұмыссыз бос тұрудан келген З. өнімнің өзіндік құнына кіреді. Келісімшарт талаптарын бұзған жақ, осы бұздан қарсы жаққа келтірілген З-дың орнын толтыруға міндетті. Зардап шегуші тарап, келісімшарттың бұзылуынан туындаған З-ды заң көлеміне сыйымды тәсілдермен азайтуға тырысады. Мұндай қағида нарық экономикасы дамыған Америка мен Ұлыбританияда қолданылады. Сонымен бірге, Германияда келісімшарт қасақана бұзылса, ықтимал, болжалды З.-дың қандай мөлшерде болатынына қарамастан, оның міндетті түрде өтелуі талап етіледі. Қазақстанда осы, соңғы үлгі қолданыс тапқан.

**ЗАЛЫМДЫҚ** – адам бойындағы рухани жетілмеушіліктен туындайтын рақымсыздық, қаскөйлік, арамдық, қастандық жасаудан тартынбау тәрізді әрекеттер арқылы көрініс беретін, халықтың жек көру, жиіркену, айыптау сезімін тудыратын ең ұнамсыз қасиеттердің бірі. З. тірі жанға жаны ашымайтын қатыгездікпен астасып жатады. Кез келген қоғамда З. әрекет

көпшілік тарапынан айыпталып қана қоймай, оған қарсы әлеуметтік және құқықтық ықпал жасалады, оның алдын алу шаралары қолданылады. З. жолға адамның түсіп кетпеуі үшін өзінің табиғи өзімшілдігін шектеуі абзал.

**ЗАҢ** (лат. *lex*) – құбылыстар арасында қайталанып отыратын қажетті, маңызды, тұрақты қатынас. Ол ақиқат әлем, табиғат, қоғам құбылыстарына іштей тән болады. Ол нақты дамушы жүйенің, адамзат қауымдастығы рухани өмірінің өзінен ұйымдасуының, қалыптасу үдерісі түрінің, оның жалпы сатыларының өзгеруі, қозғалуы, дамуының қажетті үрдісі. Жүйенің өздігінен дамуы оған имманентті қайшылықтардың тигізетін әрекеті ретінде анықталады. Өмір сүріп тұрған қатынас ретінде З., күрделі диалектикалық өзара байланыс, себептілік және функционалдық байланыстардың мәнді қатынастарымен жүзеге асады.

Күнделікті өмірде З. екі түрлі жағдайда қарастырылады: 1) құбылыстардың қажетті байланысы ретіндегі З-дар (мысалы, «табиғат З-дары», «Ойлау З-дары»). Табиғат З-дары стихиялық күш ретінде әрекет етеді. 2) ұғымның ұйымдастырушы және бағыттаушы функциясының өзіндік ерекшелігін бейнелейтін, адамдар үшін міндетті қоғамдық нұсқаулар («мемлекеттік заңдар», «қылмыстық З-дар» және т. б.). Адамның саналы әрекетіне бара-бар қоғамдық-тарихи З-дар, адами қызметтің өзіндік З-дары болып есептеледі. Олар қоғамдық практика үдерісінде пайда болып, жүзеге асады. Табиғат және қоғам З-ның әрекеттері адам санасынан тыс, объективті. Танылған З-дар болашақты болжауға, теорияны практика жүзінде тексеруге табиғи және қоғамдық үдерістерді басқаруға мүмкіндік береді.

**ЗАҢДЫЛЫҚ** – тарихтың алға басқан дамуын көрсететін, объективті өмір сүретін, қажетті, маңызды, қоғам өміріндегі қайталанатын байланыс. Ғылымда З. көптеген тәжірибелерден өткізу арқылы тексеріледі. З. өзінің қайталанғыш қасиетімен ерекшеленеді. Белгілі бір заңға бағынбайтын құбылыстарда кездесіп тұрады. Ол жаңа З. пайда болғанын білдіреді.

**ЗАРАТУСТРА**, Заратуштра, Зәрдеш – гректерде Зороастр деген атпен белгілі. З. идеяларының ежелгі грек философиялық ойының дамуына қосқан үлесі туралы ғалым Жак Дюмен Гиммен өзінің «З. гимндері» аудармасының алғы сөзінде былай деп жазады: «Батыстың Азия ұлдарынан ең алғаш қабылдағаны З. болды. Оның ілімі Христос ілімі қабылданғаннан төрт ғасыр бұрын Грекияны өз даналығымен байытты. З. есімі Платонға белгілі еді. Будда мен Конфуций идеялары Еуропаға әлі жетпеген уақытта, гректер Зороастр атаған З. Батыстағы ежелгі азиялық данышпандықтың бірден-бір белгісі болды. Платонның замандасы және шәкірті Евдокс Книдский өз ұстазын Зороастрмен салыстырады». Зороастризмдік салт-дәстүр исламда да өз қолтаңбасын қалдырады. Мыс., бес уақыт намаз оқудың түптамыры жайлы А. Тарақты: «Осы дәстүр Сырдария бойында туған Зәрдеш діні арқылы Яхуда дініне ауысты, одан ислам дініндегі бес уақыт намаздың орнығуына себепші болды» деген пікір айтады. З. да адамзатты ойландырған келелі сұрақтарға, толғандырған мәселелерге жауап іздеп, оның рухани ізденісіне өз үлесін қосты. Тарихта өшпес ізін

қалдырған, адамзаттың рухани ұстаздарының бірі З-ның туған жері, өскен елі туралы мәселелер ғалымдар арасында қызу пікір таластар тудырады. Профессор А.Қасымжановтың пікірінше, «З-ның өз елінде тұрақ таппай, Шығыс Иран патшасы Виштаспаның сарайында қамқорлықта болуы, міне, осының бәрі зороастризмді парсылық құбылыс деп есептеуге тиіс болды да, оның алғашқы пайда болған аймағы және оның табынушылары көшпелі малшылар болғандығы ұмыт қалды». Ұзақ уақыт бойы тарихи дәстүр З-ның Отаны Батыс Иран деп келсе, қазіргі заман ғалымдарының басым көпшілігі зороастризмнің отаны Шығыс Иран немесе Орталық Азия деп санайды.

**Әдебиет:** Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 1. – Астана: Аударма, 2006.

**ЗАТ ПЕН ӨРІС** – материяның қатынастылы алғандағы дербес физикалық түрлері. Классикалық физикада олар бір-біріне мүлдем қарама-қарсы қойылып қарастырылатын, өйткені, З. құрылымы бойынша үздікті (дискретті), ал Ө. үздіксіз (континуалды) деп саналатын. Кванттық физиканың дамуы, әмбебап корпускулярлық-толқындық дуализмнің ашылуы З. пен Ө-тің өзара байланыстылығын, оларды қарама-қарсы қоюдың қатынастылығын көрсетті: З. элементарлық бөлшектерден тұрады, ал элементарлық бөлшектер өз ретінде физикалық Ө-тердің кванттары болып табылады екен. Классикалық ғылым мен философияда З. пен материя ұғымдары өзара теңгеріліп келсе, физикалық Ө-тердің (электромагниттік өріс, гравитациялық өріс және т. б.) ашылуы материя ұғымының философиялық мағынасының баюына, оның құрылымы туралы түсініктердің тереңдеуіне әкеліп соқты. Қазіргі физикада материяның өзара әсерінің фундаменталды төрт түрі бар екендігі (әлсіз, күшті, электромагниттік және гравитациялық) ашылып, мәселе осылардың өзара бірлігін дәлелдейтін, оларды біріктіретін бірегей Ө. теориясын құру күн тәртібіне қойылуда. Бұдан З. ұғымы және соған сай микробөлшек ұғымы жоқ болады деген түсінік тұмауы тиіс: З. және Ө. ұғымдарының өзара байланысы туралы түсінік жаңа деңгейге көтеріледі деп тосылуда.

**ЗАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ЗАТСЫЗДАНДЫРУ** – тарихи-философиялық дәстүрде неміс трансцендентальды-сыни философияда және марксизмде қабылданған ұғым. З. ж. з. алғаш рет Гегель философиясында объективті және субъективті рухтың диалектикасы, қалыптасу идеясын дамытуды қарастыру үшін қолданылған. Нақты категориалды және терминологиялық статуска маркстік философияда ие болды. З. – адамның қабілеттері затқа айналып, сол арқылы іске асатын процесс, соның арқасында зат әлеуметтік-мәдени, яғни, «адамдық затқа» айналады. З. іс-әрекеті, әлемді өзгерте отырып, адамның өзін де өзгертеді. Затсыздандыру – заттың қасиеттері, мәні және «логикасы» адамның, оның қабілеттерінің игілігіне айналу процесі, соның арқасында адам дамиды. Адам танымдық және рухани-құндылықтық тұрғыдан қабылдауының арқасында бұрынғы мәдениеттің формаларын затсыздандырады, оларды өзінің қоғамдық әлеміне қосады.

**ЗАУЫҚ** – әуестік, әуесқойлық негізінде пайда болатын, оған түрткі болатын жай-күй. Психологияда З-тың бірнеше түсіндірмесі болса да, арнайы әдебиеттер терминнің әлі де болса жете зерттелмегенін көрсетеді. З-тың негізгі сипаттамалары: 1) кең көлемді сұраныстар, қажеттіні ойлаудан туындайтын, әсерленудің түрі; 2) заттық, нәрселік З.; 3) З. саналы ұғынылған, ой-елегінен өткізілген де болады. Осыдан Фрейд тек әуестік қана емес, бейсаналы З-тың да болатынын көрсетеді. Ол қашан да болса, саналы түрде ой елегінен өткізілген, бірақ өзіне «тиым салынғанынан» бейсаналық аймағына ығыстырылған. Мұндай З. көрген түстерде, мінез-құлықтың еріктен тыс өзгерістерінде, түсіндірмелерде өзі туралы белгілер береді. Қанағаттандырылуы мүмкін емес З-тан фрустрация (сұранысты қанағаттандырудың мүмкін еместігі, мақсатқа жету жолындағы ақиқат және жорамал бөгеттердің болуынан туындайтын сәтсіздіктен әсерлену, үрей, көңіл қалу, ашу шақыруда көрініс табатын психологиялық стресс түрі) жағдайы пайда болады.

**ЗӘБІР** – бұл адамды жәбірлеу – сықақ ету, ақымақ қылу, күлкі ету, мазақ қылу; кімге болса да қорлық көрсету – қалжындау, кемсіту, жанын қинау; кімді болса да қорлау – жұрттың сыйлы адамының адамгершілігіне нұқсан келтіру, ұрысу, ұялту, аласарту т. б. З. көбінесе әлеуметтік қоғамда моральдық қатынастардың үйлесімділігі орнамаған жағдайында көбірек орын алады. Құқықтық мемлекет азаматтарды кез келген З-ден қорғауы тиіс.

**ЗЕЙІН** – адам өмірінде, таным үдерісінде, білім алу ісінде алатын маңызы үлкен, психикалық әрекеттің белгілі бір нәрсеге бағытты шоғырлануы. Оқушының тапсырманы түсіне қоймауы, есінде дұрыс сақтай алмауы, қате жіберуі, оған дұрыс З. қоймаудың салдарынан болады. З. қою көбінесе, адамның жеке басы ерекшеліктеріне, айналысып жатқан іс-әрекетінің сипаты мен маңыздылығына, оның мүддесіне, талап-тілегіне, мақсат-мұратына, ерік-жігер сапаларына, темпераментіне, мінез бітіміне байланысты. З-нің физиологиялық негізі акад. А.А. Ухтомскийдің (1875–1942) доминанта теориясы бойынша түсіндіріледі. Бұл теория бойынша, сыртқы дүниенің көптеген тітіркендіргіштерінің ішінде біреуі миға күшті әсер етеді де, оның бір бөлігін айтарлықтай қоздырады. Мидың осы қозған бөлігі қалған бөліктердегі әлсіз қозуды өзіне тартады. Осыдан мидағы қозу үдерісі күшейе түседі. Мұндай жағдайда, адам З-і бір нәрсеге шоғырланады. Адам З-і ырықты, ырықсыз және үйреншікті болып бөлінеді. Адам өмірінде ырықты және ырықсыз З-дер саналы түрде белгілі ерік күшін жұмсауды талап етіп, елеулі орын алады. Үйреншікті З. адамның әдетіне айналып кеткен, ол арнайы күш жұмсауды қажет етпейді. Жеке адам З-нің негізгі ерекшеліктеріне: тұрақтылық, оның бір нысаннан екінші нысанға оңай ауысуы, бөлінуі, нысанды қамту көлемі, алаң болмаушылығы т. б. жатады.

**ЗЕНОН Әлейлік** (Ζήνων ὁ Ἐλεάτης, шамамен б.д.д. 490–430) – ежелгі грек философы, Парменидтің шәкірті. Өзінің апорияларымен



(«шешілмейтін тұжырымдар») танымал. Аристотель «Софист» диалогында 3-ды диалектиканың, яғни, «қабылданған пікірлерді» сыни талдау немесе reduction ad absurdum арқылы қарсыластың пікірін теріске шығару өнерінің негізін қалаушы деп атаған. Парменидтің біркелкі қозғалыссыз болмыс туралы ілімін қорғау мақсатында бірнеше апория тұжырымдады. Сол арқылы көптік пен қозғалыстың бар екендігін мойындау логикалық қайшылықтарға әкелетіндігін көрсетті. Қырық шақты апорияларының ішіндегі ең әйгілілері: Дихотомия, Ахилл мен тасбақа, Садақ оғы мен Қозғалыстағы денелер. Бұл апориялардың барлығы қарсылық арқылы дәлелдеуді білдіреді. Бұлардың барлығын шешімімен қоса Аристотель баяндаған (Физика, VI, 9).

**Әдебиет:** Аристотель. Физика. Книга 6. // Философы Греции. Основы основ: логика, физика, этика. – Харьков, ЭКСМО-Пресс, 1999. – 1056 б.; Платон. Парменид // Платон, Сочинения в трёх томах. – М., 1968–1970; Фрагменты ранних греческих философов. Часть I. От эпических теокосмогоний до возникновения атомистики // Изд. подг. А.В. Лебедев. – М.: Наука, 1989. – 576 с.

**ЗЕРДЕ** – парасат, мақсатты әрекет, ұйымдастыру және өндірісте адам мәнінің негізін құрайтын таным ретінде көрінісін табады. Ол заттардың объективті құрылымын, заңды байланыстарын білдіретін, ойлаудың ең жоғарғы түрі. Заттардың бүтіндей құрылымын жүйелі түрде көрсететін теориялар 3. танымының жемісі. Логика мен методология 3. танымы тәжірибесінің философиялық қорытындысы қызметін атқарады. 3. тұлғаның рухани әлемінің қалыптасуы, оның өзіндік санасының құралы, өз өмірін ой елегінен өткізуі тәсілі, демек, парасатты ой мәнділіктерінің қуаты, қызметі болады.

Ұйымдастыру саласында 3. адам өмірінің қайнар көзі, нормативті бастау, ретке келтіруші әрекет ретінде алға шығады. Мұнда 3. қызметі көпшіліктің өзара ұйымдаспаған қызметін саналы реттеушіге айналдыратын, қоғамдық құрылымдар жасаудан көрініс табады.

Еңбек қызметіндегі әмбебап шығармашылық принцип ретінде 3. материяны рухани – ой елегінен өткізген, оны көптеген түрлердегі заттарға айналдыра алатын адам қабілеті ретінде көзге түседі. Жетілген еңбек құралдары, епті қолдармен жұмыс істейтін конструктор, шебер, суретші 3-сіне игерілуі керек материалдық болмыс қарсы тұрады. Философия түріндегі 3-нің көптеген көріністерін қорытындылаған адам, өзін жан иесі ретінде бүтіндей жетілдіру үшін, оның барлық шығармашылық қуатын толық пайдаланады. Сондықтан да, антика философиясында 3. мен философия тең өлшемде құдайлардың берген сиы ретінде қарастырылады. Қазақ ұғымында 3. тікелей тұлғаға байланысты қолданылады, зерделі жан, яғни, парасатты адам ұғымын береді.

**ЗЕРЕКТІК** – адамның тапқырлығы, ненің де болса алдын алған, айтарлықтай нәтижеге жеткізетін көрегендігі, өзінің жанындағы заттар мен болып жатқан құбылыстарды танып білуіндегі сезімталдығы, ақыл- ойының ұшқырлығы, ойлау әрекеттерінің оралымдылығын білдіретін даралық қасиеті. 3. адамның психикалық әрекетіндегі түйсіну, қабылдау, сезіну, ойлау, талдау мен біріктіру, нақтылау мен абстракциялау, салыстыру мен

пайымдау сияқты амал тәсілдерімен тығыз байланысты. Сондай-ақ, ол жеке адамның жоғарғы жүйке қызметінің ерекшеліктеріне, темпераментіне, мінез-құлқы мен қабілетті деңгейіне де қатысты. Қазақ ұғымында 3-тік, зерек (алғыр) оқушы, зерек (алғыр) адам ұғымында, адамның жеке басы қасиеттеріне байланысты қолданылады.

**ЗЕРГТЕУ** – жаңа ғылыми білімнің пайда болу үдерісі, таным қызметінің түрі. З. объективтілігімен, дәлелділігімен, дәлдігімен сипатталады. Оның өзара байланысты екі деңгейі ажыратылады: эмпириялық және теориялық. Бірінші деңгейде ғылымның жаңа фактілері анықталады және оны қорытындылау негізінде эмпириялық заңдылықтар құрастырылады. Екінші деңгейде бұрын ашылған фактілер мен эмпириялық заңдылықтарды түсіндіруге, сонымен қатар, болашақ оқиғалар мен фактілерді алдын ала болжауға, көре білуге мүмкіндік беретін, тек осы пәндік сала үшін құрастырылған жалпы заңдылықтар алға шығады. З.-дің негізгі құрамдас бөліктері болатындар: алға міндет қою; бар мәліметтерді талдау; бастапқы гипотезаны қалыптастыру; гипотезаны теориялық талдау; экспериментті жоспарлау мен ұйымдастыру; экспериментті өткізу; алынған нәтижені қорытындылау және талдау; алынған фактілер нәтижесінде бастапқы гипотезаны тексеру; жаңа фактілер мен заңдарды құрастыру т. б. З. әр түрлі негіздерге сүйеніп топтастырылады. Оның ең кең таралғаны іргелі және қолданбалы, сандық және сапалық, бірегей және кешенді және т. б. болып келеді.

**ЗЕРГҮ** – сірескен ауыр сезім, рухтың тұнжыраған жай-күйі, әрекетсіздік, қажу жағдайлары. Жалғыздықта немесе бос, қияли сағынышпен өмір сүру, келеңсіздіктен шаршау, өз жайы туралы уайым қайғы шегу, өзгерісті тілеу. Кімді немесе нені де болса сағынып қайғыру, шаршау негізінде пайда болатын адамның психологиялық жай-күйі.

**ЗИЯЛЫЛЫҚ** (ағыл. сөзі *intellectualism* – интеллигенттік) – кәсіби түрде ой еңбегімен, шығармашылықпен, мәдениетті дамыту, таратумен (ғылым, өнермен шұғылданатындар, заңгерлер, инженерлер, дәрігерлер, журналистер және т. б.) айналысатын адамдар тобы. «Зиялы» терминін ХІХ ғасырда жазушы Н. Бобрыкин айналысқа енгізіп, ол басқа тілдерге де ауысқан. Адамның жоғарғы мәдениетін, ақыл-парасаты мен адамгершілігінің жиынтығын біріктіретін З. тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды тарихи тұрғыдан түсініп, бағалай білуі, әлемдік және ұлттық мәдениет туындыларын талғампаздықпен белсенді игеруі, ізгілік және әділеттілік сезімдерінің молдығы, басқа жанға, жалпы адамзат баласына сүйіспеншілігі, өзге ой-пікірге төзімділігі және т. б. қасиеттерінен аңғарылады. ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларының бір тобы қазақ қоғамының саяси мәдениетінің қалыптасуына негіз қалады.

**ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ** (интеллигенция) жөнінде көптеген теориялар бар. Егер шығыстық дәстүрде зиялы қауым деп белгілі патша айналасында топтасқан аздаған ойшылдары, ақындары бар сарай қауымы есептелсе, Батыста бұлай деп өзін тек ой, өнер жұмыстарына, рухани ізденіске арнаған

топты атаған. Батыста зиялыны интеллектуал десе, Ресейде интеллигенция деген. Орыс интеллигенциясы әрдайым қарапайым халық жағында болып, өзін билікпен ымырасыз күресте қалыптастырған. Қазақ даласындағы Алаш қозғалысының өкілдері де сондай болған. Кеңес дәуірінде кеңес үкіметіне берілген партиялық интеллигенция пайда болған. Бұл таза идеологиялық, қолдан жасаған құбылыс еді. Оның салқын салдарларынан әлі де арыла алмай келеміз. Қайта құру дәуірінен бері кеңес интеллигенциясының ең үздіктерінің Батысқа көшуі басталды. Қазіргі посткеңестік интеллигенция өзінің бұрынғы қадірлі мәртебесін орнықтыруға талпынуда.

**ЗИЯТКЕРЛІК** (лат. *intellectus* – таным, түсінік, ақыл) – адамның ойлау қабілеті, ақылы, парасаты. З. термині ежелгі гректердің «нус» (ақыл) ұғымына сәйкес және мағынасы бойынша Платон мен Аристотельдің «нус», адам жанының ең жоғарғы парасатты бөлігі туралы іліміне тең келеді. Терминді осы мәнінде ортағасырлық схоластика (Құдай зияткерлігі ретінде және т. б.) қабылдады. Сонымен бірге, З. термині схоластикада жоғарғы таным қабілетін (рухани мәндерді жоғарғы сезімдік ұғыну) төменгі таным қабілеті (элементарлық абстракция) ретіндегі парасатқа (*ratio*) қарама-қарсылықта белгілеу үшін қолданылады. Кант образдық мәнде, зияткерлік терминін (неміс. *verstand* – ақыл) ұғымды қалыптастыру қабілеті ретінде, ал парасатты (неміс. *vernunft*) метафизикалық идеяларды қалыптастыру қабілеті ретінде қолданды. Бұл сөздің қолданылуы неміс классикалық философиясында кең таралымын тауып, Гегельдің ақыл мен парасат концепциясында нақтыланды. XIX ғасырдың соңында экспериментальді психологияда, парасаттың дамуы дәрежесі ретіндегі З-ті көптеген арнайы тесттер көмегімен және факторлық талдаулар арқылы оның статистикалық өңдеу жүйесін анықтайтын бағалау әдістері пайда болады.

**ЗОРЛАМАУШЫЛЫҚ ҰСТЫНЫ** өз бастауын тірі жан иесіне зиян тигізбеуді дәріптеген, ежелгі Үнді елінің джайнизм философиясынан алады. Дегенмен З. ұ-ның тікелей зерттеле бастауы, америка ойшылы Генри Дэвида Тороның (1817–1862) қызметімен байланысты. XIX ғасыр ортасында АҚШ-та құлдықты жою жолдары іздестірілген күрестің өрістеуіне байланысты, тақырып оның басты зерттеу нысанына айналады. Өзінің «Азаматтық ырыққа көнбеу туралы» деген саяси эссесінде, сол тарихи дәуірдегі АҚШ қоғамын зорлық жасамай өзгертуге болатыны айтылады. Бұл идеяның құндылығы қарулы көтеріліске шақырудың, ресми билікпен террор жолымен есеп айырысудың, зорлық көрсетудің орнына күшке салмау, зорлық көрсетпедің балама ретінде ұсынылуында болды. Осындай көзқарас кейін Л.Н. Толстой, М.К. Ганди, М.Л. Кинг еңбектерінен көрінісін табады. Осы ретте этика мәселелерімен айналысқан А. Швейцердің қыспақ көрсетпей, зорлық жасамай адамгершілікке жатпайтын әрекеттерге қарсы тұрақты күрестің жүргізілуі керектігі туралы идеясын атап айтуға болады.

Әлем халықтарының бастарынан өткізген ұлт-азаттық көтерілістері, төңкерістер, азамат соғыстары және т. б. әлеуметтік дамудың өтпелі дәуірлерінде зорламаушылық ұстынының өзекті бола түсетінін көрсетеді.

Откен XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы жергілікті және халықаралық қақтығыстарға толы болды. Кеңес үкіметінің құлауымен халықаралық қақтығыстар көбейді. Жаһандану үдерісінің қарыштап дамуы әсерінен терроризм, мәдени сепаратизм әлемдік сипатқа ие болды. Осыдан З. ұ. зорлыққа жәй балама емес, парасат күшіне сүйеніп, қақтығыстан шығудың жолы ретінде қарастырыла бастады. Атап айтқанда, қазіргі заманғы халықаралық дипломатия қарым-қатынастың осындай үрдісін пайдаланады.

З. ұ. қазіргі Қазақстан үшін өзекті мәселелердің бірі. Ядролық қарудан бас тарту, халықаралық қауіпсіздік ұйымдарын құруға ынта білдіру, пост-кеңестік кеңістіктегі экономикалық интеграция, «қақтығыс ошақтарына» айналған жерлерде бейбіт өмір мен келісім орнату шараларына қатысу Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында бейбітшіліктің жолын ұстайтынын көрсетеді. Атап айтқанда, З. ұ. мен ынтымақтастық мемлекетіміздің сыртқы саясатының негізіне алынған. Ал ішкі саясат деңгейі дамуында ресми билік, ұлтаралық және дінаралық келісім шарттарын, билік пен саяси оппозиция өкілдерінің өзара байланысында өркениетті саяси күрес, билік пен азаматтық қоғам институттары арасындағы жемісті байланыстар принциптерін ұстанады.

**ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ** XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында пайда болып, кең өріс алған. Оның негізін қалаушылар – Л. Гумплович, К. Каутский, Е. Дюринг Германия және Венгрия мемлекеттерінің пайда болу тарихына сүйеніп, мемлекет тек соғысу және жаулап алу негізінде қалыптасады деп мәлімдеген. Австриялық социолог және мемлекеттанушы Гумплович сыртқы зорлық теориясының өкілі. «Тарихты қарасаңыз, ол бізге мемлекеттің зорлық арқылы емес, өзге бір тәсілмен пайда болуының бірде бір мысалын келтірмейді. Ол аздай, бұл бір тайпаның өзге тайпаға жасаған зорлығы болатын, ол күштілеу жат тайпаның өзінен әлсіз, отырықшыланып үлгірген тұрғындарды жаулап, басып алуында көрініс тапқан». Гумплович хайуандар өмірінің заңын адамзат қоғамына аударады, сөйтіп әлеуметтік құбылыстарды анайыландырады. Оның айтуынша, жабайы ордалардың, қоғамдардың, мемлекеттердің әрекеттеріне табиғаттың күрделі заңы билік етеді. К. Каутскийдің ойынша да, мемлекет сырттан жаулап алу арқылы пайда болады. Оның бұл тұрғыдағы уәждері Гумпловичкіне өте ұқсас. Е. Дюрингтің ойлары да осы бағытта дамыған. Сөйтіп, З. з. т. бойынша, бір тайпаның өзге тайпаны жаулап алуы құлшылықтың негізгі себебі деуге де болады.

Бірақ іс жүзінде бұл теория құлшылықтың себептері мен табиғатын аша алмаған. Құлшылықты тудыратын бір тайпаның өзге тайпаны жаулап алуы ма, әлде, керісінше, қоғамның таптарға бөлінуіне байланысты жаугершілікті құлшылық туғызғаны жөнінде пікірталас ғылымда жалғасуда. Жаугершіліктің өзі, бір тайпаның өзге тайпаны жаулап алуы, тек еңбек құралдары және қоғамдағы өндіріс біршама деңгейге көтерілгенде ғана өзге халықтарды жаулап алатындығы тұжырымдар басымдық танытады. З. з. т. айтуынша, жеке меншік құбылысының пайда болуы да жаугершілікке байланысты. Зорлық құлшылықты тудырады, ал құлшылық – жеке меншікті.

Ал соңғы нәрсеге тайпалардың көшпелі тұрмыстан отырықшылыққа көшуі де байланысты. Мұндай жағдайда туындайтын мемлекеттік билік тек білек күшіне негізделген. Ол ру-тайпалық мемлекет. Оның негізі – бір тайпаны өзге тайпаның күштеп басып алуы.

Тарихқа жүгінсек, мемлекеттік билік жеке меншік құбылысын тудырады деген тезиске сену қиын. «Жеке меншік мемлекеттік биліктің құралы» деген тезиске сену одан да қиын. Бәрі де керісінше. Жеке меншік ақыр аяғында мемлекеттік билікті тудырумен шектелмей, оның сипатына да ықпал етеді. Әрине, белгілі мөлшерде З.З.Т. растауға да болады. Мысалы, моңғол шапқыншылығы нәтижесінде орыс халқы жаулап алынып, Алтын Орда мемлекеті құрылды. Бұл мәселе Ұрым империясы, көне герман мемлекеті, тіпті, АҚШ тәжірибесінде де расталады. Сонда да, бұл теория тарихтағы зорлықтың мәртебесін мейлінше көтергенімен, көптеген мемлекеттердің және құқылық жүйелердің тіпті де жаулап алу нәтижесінде пайда болмағаны есепке алынбайды.

**ЗҰЛМАТ** – түрлі табиғи апаттар (зілзала, топан су, өрт, құрғақшылық, жұт) мен төтенше саяси-әлеуметтік қайшылықтарды білдіретін ұғым. Көшпенділік өмір салтына байланысты «жұт» жылдары халық өміріне қатер төндірді, үлкен сын болды. Сондықтан, «жұт жеті ағайынды» деп, оның ұзаққа созылуынан сақтанды. Қазақ халқы тарихындағы Жоңғар шапқыншылығы, 1931–1933 жылдардағы ашаршылық, 1937–38 жылғы жаппай саяси қуғын-сүргін оқиғалары З. жылдары деп аталады.

**ЗҰЛЫМДЫҚ** – имансыздық, қиянат жасау, кісі ақысын жеу, қастық іс-әрекеттерге бой алдыру. 1) адамға қарсы жасалатын З. жазықсыз кісі өлтіру, нахақ қан төгу, бүлік шығару, азғындық жасау, адамдар арасындағы қарым-қатынас тәртібін қасақана бұзу, қысым жасап қорлық көрсету, қызмет бабын пайдаланып, қиянат жасау болады. 2) адамдар тобына, немесе бүкіл адамзатқа қарсы жасалған қастық әрекет. Ізгілік пен З. – адам бойындағы, рухани болмысындағы бір-біріне қарама қарсы сипаттар. Адам табиғатынан ізгілік жасауға құштар, дегенмен кейбір адам жасынан З-қа бейім болып өседі. Мұндай бейімділік сол адамның өскен ортасындағы, оның тәлім-тәрбиесіндегі кінәраттар салдарынан болатыны даусыз.

**ИГІЛІК** – адамның белгілі бір қажеттерін қанағаттандыратын, оның ниеттеріне, мақсаты мен мүддесіне сәйкес келетін, рухани және материалдық байлықты білдіретін жалпы ұғым. И. табиғи және қоғамдық болып бөлінеді. Табиғат И-тері – табиғи үдерістердің, мысалы, топырақтың құнарлылығы, жер асты пайдалы қазба байлықтары. Қоғамдық И-тер – адам қызметінің нәтижелері. Екі жағдайда да И. ненің болса да әлеуметтік анықтамасы, оның адам үшін пайдалылығы маңызды болады. Материалдық және рухани И. сұраныс, қажеттерді қанағаттандыру шарттарына байланысты ажыратылады. Сондықтан, материалдық И-ке азық-түлік, киім-кешек, баспана, өндіріс құрал жабдықтары және т. б. жатса, рухани игілікке – білім, рухани мәдениеттің жетістіктері, адамның мінез-құлқынан көрінетін адамгершілік қасиеттері және т. б. жатады. Адам бойындағы жасампаздық

Философиялық энциклопедиялық сөздік  
мүмкіндіктер ең жоғарғы И. болып табылады.

**ИДЕАЛДАНДЫРУ** (франц. *idealisation*) – ақиқатында ешқашан болмаған объектілер туралы ұғымдарды ойша құрастыру. Олардың шынайы прототиптеріне (демек, ұғымдарда бейнеленетін қоршаған орта заттарына) жақын ұғымның пайда болуы. «Нүкте», «түзу сызық», «шеңбер», «абсолютті қара дене» И. (идеализация) нәтижесінде пайда болатын ұғымға мысал бола алады. Егер «ағаш», «жануар» және т. б. қоршаған ортадан табылатын (демек, осы ұғымдардың мазмұнын құрайтын қасиеттерге ие болған заттар, мысалы, ақ қайың «бұл ағаш» деп айтылады) ұғымдардан айырмашылығында ақиқат өмірден осы «нүкте» ұғымына негіз болатынды табу мүмкін емес, демек, объектінің ұзындығы, ені, биіктігі жоқ. Математикалық «түзу сызық», «шеңбер», физикалық «инерция» т. б. ұғымдар осыған ұқсас сипатқа ие болған. И. үдерісі ақиқат өмірде бар заттарға тән қасиеттерге назар аудармай, пайда болатын ұғым мазмұнына шынайы негіз, бейнеде болатын белгілердің енгізілуімен сипатталады. И. нәтижесі болатын ұғымдар туралы, олар идеалданған объектілер нәтижесі деп айтылады.

**ИДЕАЛДАНҒАН ОБЪЕКТ** – идеализация нәтижесі болатын ой таным конструкциясы. Ғылыми теорияның элементі болатын И.о. таным қызметінің маңызды құралы. Теориялық ұстанымдар қалай да, реалды объектілерге тікелей қатысты болмайды, керісінше өзінің көптүрлігі мен эмпирикалық қасиеттері және қатынастарында алынған реалды объектілерді зерттеген кезде қол жетпейтінді, мәнді байланыстар мен заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін И.о-інің таным қызметі болады. И.о. сипаты дамыған ғылыми білімге тәуелді. Объектілер туралы эмпирикалық түсініктерді идеалдандыру жолымен пайда болған И.о. бөлектенеді. Дегенмен, И.о-іні кіргізу, зерттелетін құбылысты теориялық талдаудың мүмкіндігімен

байланысты. Дамыған ғылыми теорияларда жеке И.о-лер немесе олардың қасиеттері емес, керісінше И.о-тің құрылымы мен жүйелері қарастырылады.

**ИДЕАЛДЫЛЫҚ** (греч. *idea* – түр, бейне) – адамның мақсатты қызметі үдерісінде пайда болатын, оның еркі мен санасы түрлерінде көрінісін табатын объективті әлемнің субъективті бейнесі. И. аймағын табиғи, әлеуметтік, мәдени және рухани болмыстың көптеген түрлері құрастырады. Таным теориясында И. – адам қызметі түрлерінде, сананың, парасаттың қоршаған органы ойда бейнелейтін және тілде көрсететін қабілеті ретінде көрініс табады. Ол логикада сүйенетін ерекше ережелері бар идеалдандырылған объектілердің (сандар, фигуралар, ғылымның абстрактілі объектілері) ерекше болмысқа ие болған тобы ретінде алға шығады. Әлеуметтікте И. адамдардың қарым-қатынасын реттейтін жалпы маңызды мәдени нормалар жиынтығы, діни ережелер, мораль, құқық, өнер, ғылым ретінде көзге түседі. Дара-кісілік тұрғыда И. сұраныстар, мақсат, тілек, ойлар, рухани жан ізгілігі ретінде адамның ішкі әлемін құрайды. Бұлар адамның әлемдегі белсенділік детерминантын анықтайтын өмірлік қызметінің ерекше түрі. Сол арқылы ол өзінің жоғарғы, әмбебап, нағыз адами қасиеттерін анықтайды, жүзеге асырады.

**ИДЕАЛИЗМ** – философияның негізгі сұрағы, шешіміне байланысты пайда болған, Рухтың, идеяның, сананың біріншілігін, материя, табиғаттың, болмыстың, объективті шындықтың екіншілігін мойындайтын ұғым. И-нің кез келген түрі материализммен сай келмейді, қайшылықта болады. Терминді 1702 жылы Г.В. Лейбниц идеалист Платон мен материалист Эпикур философиясы салыстырмасында қолданған. Дегенмен, ең алғашқы идеалистік ілім ретінде санды, шекті мен шексіздікті заттардың алғашқы негізі деп есептеген Пифагор философиясы мойындалады. Пифагор әсерін сезінген Платон идеализмді классикалық деңгейге көтерді. Платон жаңаплатоншылдар идеализмі, кейін Г. Гегель философиясы арқылы объективті идеализм атауына ие болады. Объективті идеализм адам санасынан тыс заттардың реалды өмір сүретінін мойындайды және руханиға объективті болмыс үлесін береді. Ол субстанциальді (мәнді), сондықтан да заттықпен салыстырғанда ақиқат өмір сүреді. Адам ойы, ұғымдары, бейнелер оның өзінен тыс өмір сүретін объективтенген руханилықтың көрінісі, сондықтан да, адам ойының түрлері болмыс түрлеріне бара-бар, тең болады. Сайып келгенде, шындық, жақсылық, әсемдік, көркемдік және т. б. объективті өмір сүреді. Объективті идеализм XIX ғасыр мен XX ғасыр басында абсолютті идеализм атауымен (Ф.В. Шеллинг, Г.В. Гегель) және жаңагегельшілдер (Т. Грин, Ф.Г. Брэдли, Б. Бозанкет, Дж. Ройс, Б. Кроче және басқалар) философиясында кең таралымын табады. XVIII

ғасырда Дж. Беркли, Д. Юм философияларында субъективтік идеализм қалыптасады. Беркли негізін қалаған субъективті идеализм: «Өмір сүру – демек, қабылдауда болу» («существовать – значить, быть в восприятии»). Осылайша, субъективті идеализм ненің болса да (заттар мен денесіз идеялардың, рухтардың), тәжірибе аймағынан тыс өмір сүретініне күмән келтіреді. Субъективтік идеализмде болмыс жалғыз ақиқаттық болатын тәжірибеге сәйкес келеді. Субъективтік идеализм түрі болатын солипсизм (солипсизмге ең жақын келген имманенттік мектеп өкілдері В. Шуппе мен Р. Шуберт-Зольдерн) болмысты таным субъектісінің санасымен шектейді. Субъективтік идеализм тәжірибеден тыс заттардың өмір сүретіні туралы сұрақты «мәні жоқ» деп жариялайды. Субъективті идеализм ХІХ ғасырдың екінші жартысында және ХХ ғасырдың бірінші жартысында (прагматизм, эмпириокритицизм, махизм, неопозитивизм) кең таралымын тапты.

**ИДЕАЛЬДІ ТИП.** Әлеуметтік және тарихи танымда қолданылатын, концептуальді тәсілдерді анықтау үшін М. Вебер ұсынған әдістемелік категория. И.т. категориясының қалыптасуы, оның кең көлемді танымал болуы ХХ ғ. классикалық білімнен, классикалық емес білімге өту үдерісінің тек жаратылыстану ғылымдарында емес, сонымен қатар, социогуманитарлық білімде де жүзеге асқанынан мәлімет береді. М. Вебер ғылым жасаған теория мазмұнының сынға алынбай ақиқатпен теңестіріліп, терең мәннің бейнеленуі деп берілуін, зерттеу жұмысына кедергі жасайтын, оның бағытын бұрып жіберетін «теория мен тарихты араластыруды» қауіпті қате деп есептейді. Оның пікірінше, «капитализм», «христиандық» тәрізді ұғымдар жиі бақыланатын эмпирикалық ақиқат қорытындысынан шығарылмайды. Сондықтан, ақиқатта нақты баламасы (аналогі) болмайтын зерттеуші «қиялы» И.т. болып көрінеді. Олар эмпирикалық ақиқатқа деген белгілі бір зерттеу бағытындағы көзқарастан пайда болады. И.т. «ғылыми пәндік фантазия» жемісі болып көрінетіндіктен, біздің бос ой шырмағына (ойынына), әлде ғылыми мәнді ұстанымға қатысты екенімізді ешқашан анықтау мүмкін емес. Кез-келген концепцияның ғылымилығының жалғыз белгісі – зерттеудің жемістілігі. И.т-тің эвристикалық мәнділігі жоғары болса, ол соғұрлым ғылыми мәнді болады. Бұдан маңызды екі салдар туындайды: біріншіден, эмпирикалық мәліметтердің тек бір ғана жиынтығына жататын өзара бәсекелес, бірнеше И.т-тік конструкцияның паралельді өмір сүруі мүмкін. Олардың қайсысының ақиқат болатыны туралы сұрақ қойылмайды, арадағы айтыс тек қандай И.т-тің ғылыми білімнің өсуін қамтамасыз етіп, жұмысты жемісті істейтініне байланысты шешіледі. Екіншіден, нақты И.т. қаншалықты жетілген болып көрінсе де, ауыспалы, салыстырмалы, ол ерте ме, кеш пе жаңамен ауысады. Вебердің ойынша, тарихта және әлеуметтік ғылымдарда қолданылатын И.т-дің



өзара айырмашылығы бар. Тарихта көптеген жеке оқиғаларды жинақтап, жалпы заңдарды шығаруға бағытталмаған, дара оқиғаларды «мәдени мағынасында» түсінуге ұмтылатын И.т. осы «тарихи индивидуумды» түсіндіретін, себепті байланысты нақты үйлестіру бейнесі ретінде құрылады. Оқиғалардың жалпы ережелерін іздеуге бағытталған әлеуметтік ғылымдар олардың нақты кеңістік уақыттағы анықтығына көңіл бөлмейді. Сондықтан әлеуметтанушы барлық тарихи дәуірлерге және кез-келген географиялық нүктеде қолданылатын таза идеалды үлгілерді құрастырады. Басқаша айтқанда, әр түрлі И.т. арасындағы айырмашылықтың сандық сипаты, олардың жалпылық дәрежесі болады.

**ИДЕНТИФИКАЦИЯ** (лат. *identificare* – сәйкестіру, бірегейлендіру, теңдестіру). Саналы немесе бейсаналы, сәттік немесе тұрақты түрде өзін басқа мәндімен теңдестіру. Арнайы әдебиеттерде қарастырылатын И.: 1) Сәттік И., бұған И. механизмі көмегімен тұлғалық белгілері, құндылық ұстанымдары қалыптасатын баланың рөлдік ойыны мысал болады. Тұрақты И. алғашқы және кейінгі қатардағы болып бөлінеді. Алғашқы И. баланың сәби шағында алғашқыда анасымен, сосын оның жынысына байланысты пайда болады. Кейінгі қатардағы И. жастық шақта, туыстық байланыстардан тыс (оқытушы, жетекші, досы және т. б.) қалыптасады. 2. Топтық И. (әлеуметтік теңдік) өзін қандай да бір әлеуметтік топпен теңестіру, оған кіретінін ұғынып, оның мақсаты мен құндылықтарын бөлісу. Адам өз өмірінде сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша айырмашылықта болатын бірнеше әлеуметтік топпен (мектеп сыныбы, жұмыс ұжымы, бір спорт клубының жанкүйерлері, бір партия мүшелері, бір үйдің, қаланың, мемлекеттің тұрғындары және т. б. болуы мүмкін) теңестіріледі. 3. Өзін көркем шығарма кейіпкерімен теңдестіру. Мұның нәтижесінде шығарма мазмұнын, мәнін жақсы түсіну орын алады. 4. И. психологиялық қорғану механизмінің бір түрі ретінде, бейсаналық деңгейде қатер төндіруші объектіге ұқсаумен байланысты болады. 5. Таным үдерісі ретіндегі И. (белгілі бір салаға жатқызу) немесе қандай да бір объектілерді білу. Бұған адам жадында жазылған эталонмен қабылданатын объектіні салыстыратын перцептивті (демек, қабылдаумен байланысты) И. жатады. И. қазақ тілінде бірегейлену, сәйкестену, етенелесу деген сипаттарда қолданылып жүр.

**ИДЕОГРАФИКАЛЫҚ ЖӘНЕ НОМОТЕТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР.** И. тәсіл неміс жаңақантшылдарының баден мектебінің негізін қалаған Виндельбанд пен Риккерттің еңбектерінде өзінің кең көлемді теориялық негізделуін табады. Таным әктісі сонымен бірге объектіні жасаудың әктісі болады деген субъективті идеалистік бастаудан негіз алған Виндельбанд пен Риккерт ғылымды оның пәніне қарай емес, зерттеу тәсілдеріне қарай

топтауға талпынып, ғылымды бір-біріне қарама-қарсы тұратын екі топқа бөледі: бір ғылымдар (жаратылыстану-математикалық) жалпыны, заңды, қайталанатынды іздестіруде қорытындылайтын номотетикалық тәсілді пайдаланады. Екіншілері (тарихи ғылымдар) жекелендіретін идиографикалық тәсілмен жеке мен ерекшені оқып зерттейді.

**ИДЕОКРАТИЯ** – мемлекеттік саяси құрылым, билеуші топтың қоғамдық жүйені басқарған кезде мүлік жағдайымен немесе басқа себеп, басымдықтарымен есептеспей, керісінше, нақты, немесе қиялдағы идеалдарды, идеологиялық доктриналарды басшылыққа алуы.

**ИДЕОЛОГИЯ** (грек. *idea* – ой, түсінік және *logos* – ілім) – адамдардың қоршаған ортаға және бір-біріне деген қатынасын бейнелейтін немесе қоғамдық қатынастардың өзгерістері дамуын бекітетін ой-түсініктердің жиынтығы. Әлеуметтік ақиқаттың идеологиялық бейнеленуі негізінде белгілі бір қоғамдық мақсат-мүдделер жатады. Терминнің түрлі тарихи дәуірлердегі мазмұны әр қалай болды. Алғаш рет Дестют де Трасидің «Идеология элементтері», Кабанистің «Адамның табиғи және құлықты табиғаты арасындағы қатынастары», Вольнейдің «Моральдің физикалық принциптері» еңбектерінде алғашқы көрінісін тапқан ұғым И. деп аталған. Олар идеялардың пайда болуының жалпы және өзгермейтін заңдарын ашатын ғылымды жасадық деп есептеген. Ақиқаттың шынайы бейнесі ретіндегі И.-ның танымдық құндылықтары болады және ғылыммен қайшылыққа келмейді. Нақты ғылымдар белгілі бір әлеуметтік ортада пайда болатындықтан дүниетанымдық көзқарастардан тыс тұра алмайды, сондықтан, И-мен байланысты болып, күрес алаңына айналады. Оған Коперник ілімін, Дарвин теориясын, Эйнштейннің салыстырмалылық теориясын, кванттық механиканы және т. б. жатқызуға болады.

**ИДЕЯ** (грек. *idea* – ой, түсінік) – саналы мақсат пен оның болашақтағы танылымының, сыртқы ортаны бейнелеудің, практикалық өзгертудің түрі. Философия тарихынан И. категориясы дамуының бірнеше деңгейін көруге болады. Анаксагор мен Демокрит философиясында оның ақылмен аңғарылатыны айтылады. Ал Платон И-ны сезімдермен емес, парасатпен аңғарылатын және материалдық емес, идеалды мән деп түсінді. Оның философиясындағы И. денесіз, нақты заттардан тәуелсіз ақиқат өмір сүретін объективтік болады. Орта ғасыр философтары И-ны Құдай рухына тән заттар бейнесі деп түсіндірді. Құдай заттарды өз И-сына байланысты түрлерде жасайды, заттар – Құдай ойының бейнесі, Құдайдың өзімен – өзінің сұхбаты нәтижесі. Суретші шығармасын алдымен ойында жасап, сосын қағазға түсіретіні тәрізді, заттар да алдымен Құдайдың ойында И. ретінде өмір сүрді, – дейді Ансельм Кентерберийский.

Жаңа дәуір философиясында И-ның пайда болуы, оның танымдық құндылығы, объективтік әлемге қатынасы туралы оны адамның таным үдерісі ретінде қарастырылған алдыңғы қатарлы пікірлер қалыптасады. Мысалы, Локк И-ның тәжірибе жүзінде пайда болғанын негіздейді. И. ұғымының жете зерттелуіне неміс классикалық философиясы өкілдері де ат салысқан. Гегель объективті идеализм тұрғысынан И. ұғымын түсіндіре отырып, оның объективтігі туралы пікірді қорғайды. «И. объективті ақиқат, немесе соған барабар ұғым болады. Егер қандай да бір нәрсе ақиқат болса, ол өзінің И-сы арқылы ақиқат болады немесе, басқаша сөзбен айтқанда, қандай да бір зат қаншалықты ақиқат болса, ол соншалықты өзінің И-сы арқылы ақиқат болады», – дейді. И. өз дамуында: өмір, таным (теориялық және практикалық И.) және абсолюттік идея ретіндегі үш сатылы үдерістен өтіп, объективтік пен субъективтіктің, практикалық пен теориялықтың, өмір мен танымның теңдігін білдіреді. Абсолюттік И. – бұл ойдың бұрынғы барлық қозғалысы жүйесінен тұратын толық ақиқат. И. өз дамуында әртүрлі кемелдік сатыларға жетеді. Бір И-лар айқындыққа жетелесе, басқалары жорамал, жеткілікті дәрежедегі ықтималдыққа ие болып, гипотезалар тұрғызуға негіз болады. Ғылым мен практика гипотезаға негіз болған И-ның объективтік ақиқаттығын анықтағанда, ол нақты дамуы арқылы айқындыққа жеткен теорияға айналады. Ғылымда құбылыстар түсіндірмесінде, таным үдерісінің дамуында, жинақталған фактілер мен ашылған заңдар талдауында И. белсенді эвристикалық рөл атқарады.

Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасының саяси кеңістігінде күн тәртібіне қойылып, зерделеніп жатқан ұлттық И. ұғымының, «ел бірлігі» доктринасының да мазмұны терең.

**Әдебиет:** *Общациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа.* – Алматы, 2006.

**ИЕРАРХИЯ** (грек. *Hierarehia* – *hieros* – қасиетті және – билік) – мәдениеттануда әр сатыда тұрған түрлі мәдениетті көрсететін теориялық бағыт. Бұл жүйені теориялық бағыт бойынша мәдениеттанушылар белгілі бір мәдениетті маңызды, құнды болашақта дамуға бейім деп бағалайды. Екінші бір мәдениет құндылығы, маңызы жағынан төмендеу, өз құндылығын жоя бастаған деп бағаланады. Бірақ, бұл көзқарасқа қарсы тұрар концепция – эгалитаризм (мәдениет теңдігі).

**ИЗОМОРФИЗМ** (грек. *isos* – тең, бірдей, *morphe* – түр, пішін) – көркем мәтіндегі мазмұн мен түрдің сәйкестігі. Кең мағынада алатын болсақ, көркем шығармадағы мазмұн мен форманың (идея, сюжет, стиль т. б.) үндесуі. Кейбір зерттеушілер қандай да болмасын көркем шығармаға И. тән деген тұжырым жасайды. Алайда, И. көркем шығармада көрініс табуы

әрқалай, көбіне суреткердің шеберлігіне, көркем шығарманың эстетикалық деңгейіне байланысты болады. Мыс., көркемдік жүйенің барлық саласында да И. бірдей көрініс таппауы мүмкін. Поэтикалық шығармаларда параллелизм үлкен рөл атқарады, онда мазмұндық пен дыбыстық бірліктің орны ерекше. Тіпті бейнелеу мақсатында объекті болып отырған бейне, не заттың ерекшелігіне байланысты лексикалық сөз байлығының өзін іріктеп, қолдану ерекшелігі байқалады. Н. Буало өзінің әйгілі «Поэтикалық өнер» атты еңбегінде идиллия жанрына талдау жасағанда «қарапайым» және «табиғи» деген ұғымдарды қолданса, ал одаға талдау жасағанда «экспрессивті» және «патетикалық» деген терминдерді қолданады. И. белгілері өлең өлшемдерінде, синтаксистік құрылым жүйесінде де көрініс табуы мүмкін (Қ. Ысқақов, Ф. Достоевскийлердің «тығыз» синтаксисі, немесе М. Әуезов, Л. Толстойлардың кең тынысты стилі т. б.).

**ИЛАНДЫРУ** (лат. *verificare* – ақиқатты көрсету) – объективті дүние туралы пайымдаулардың ақиқаттығы сезімдік деректермен салыстыру арқылы анықталуы керек деген позитивизмнің негізгі принциптерінің бірі. Ұғым Вена үйірмесінде тұжырымдалған. И. негізіне таным сезімдік тәжірибенің шеңберінен шыға алмайды деген тезис алынған.

**ИЛЬЕНКОВ Эвальд Васильевич** (18.02.1924. Ресей, Смоленск – 21.03.1979, Мәскеу) – орыс ғалымы, философия ғыл. докт. (1960). Ұлы Отан соғысына қатысқан (1943–1945). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1950). 1950 жылдан өмірінің соңына дейін КСРО ҒА-ның Философия инс-тында кіші, аға ғыл. қызметкер болып жұмыс істеді. И. диалектиканың, диалект. логиканың түбегейлі мәселелерін философия тарихымен, неміс классик, философиясының жегістіктерімен байланыстыра зерттеп, адам ойының табиғаты, ойлау заңдылықтары, идеалдылық т. б. проблемаларды зерделеді. Ғалым ғыл. ойлау теориясының логикалық-диалект. теориясын талдау жасауға елеулі үлес қосты, ғыл. таным дамуының ойлаудағы қарама-қайшылық ұстыны, танымдағы абстрактілік пен нақтылықтың арақатынасы, логикалық пен тарихилық диалектикасы т. б. мәселелерді терең талдады. Ол этиканың, эстетиканың, психологияның, мәдениет теориясының жеке адами тұлғаны қалыптастыру мен оны жан-жақты дамытуға байланысты мәселелерін диалект. философия тұрғысынан зерттеп, оларды жүйелі түрде шешудің теориялық тұжырымдамасын жасады. И. Қазақстан философтарымен тығыз байланыста болып, олардың зерттеулеріне жоғары баға беріп, қолдап отырды, қазақстандық білікті мамандар даярлауға ат салысты. Алматыда «Диалектикалық логиканың өзекті мәселелері» тақырыбы бойынша өткізілген алғашқы бүкілодақтық симпозиумға қатысып, баяндама жасады (1968). И. идеяларына АҚШ, Канада, Финляндия т. б. елдердің

бірқатар философтары назар аударып, ықылас қойды. Оның еңбектері Германия, Италия, Ұлыбритания, Грекия, Жапонияда т. б. елдерде жарық көрді.

**Шығ.: Диалектика абстрактного и конкретного в «Капитале» Маркса. – М., 1960; Об идолах и идеалах. – М., 1968; Диалектическая логика. – М., 1974 (2-ое изд., 1984); Что же такое личность? – М., 1979 (2-ое изд. 1984); Философия и культура. – М., 1991.**

**ИМАНДЫЛЫҚ** – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі-бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадыр-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Мұсылмандық дүниетаным бойынша иман иманнан пайда болады. Ал иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни, имандылық – Алла тағалаға иман еткен адамға бітетін көркем мінез. Алла жіберген әрбір пайғамбарының міндеті – иман мен имандылыққа уағыздау деп саналған. Ең соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.): «Мен ең ғажап көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім», – деу арқылы әлемдегі тәлім-тәрбие мен имандылықтың қаншалықты маңызды екенін көрсеткен, имандылыққа өзі бірінші үлгі болған. Алла тағала адамды иман мен имандылық үшін жаратқан, сондықтан «Алланың мінезінен үлгі-өнеге алыңдар» (Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар), – деп уағыздалды. Иmandылықтың негізін мұсылмандар Құранда деп біледі. Құран Кәрімнен ең көп үлгі алған Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың мінезі жайлы Хазіреті Айша: «Оның мінезі – Құран», – деп жауап берген. Құранда: «Негізінен иман етіп ізгі іс жасағандар, намазды толық орындап, зекет бергендерге Раббыларыңның жанында сыйлық бар», – делінген (Бақара, 2/277). Бұл аяттағы ізгі істер діни ұғым бойынша имандылық болып табылады. Қазіргі зайырлы өркениетті қоғамда да имандылық – аса қастерлі, биік адамшылық қасиет ретінде ұғынылады. Иmandылыққа қарама-қарсы жағымсыз сипат – имансыздық.

**Әдебиет:** Ахмад ибн Ханбал – Муснад. Вехби Уылдыз – Илһам қайнақлары. – 1977; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; М. Иса (ҚҰЭ – 4 том, 246 бет).

**ИММАНЕНТТІК ЖӘНЕ ТРАНСЦЕНДЕНТТІК.** И. (лат. *immanens* – ненің болса да ішіндегі, оған тән, ненің де өзіне тән) – қандай болса да бір заттың, құбылыстың, үдерістің мазмұнына тән болатын қандай да бір қасиет, заңдылық. И. термині Аристотель философиясынан бастауын алады, орта ғасыр схоластикасында қолданылды, философиялық ой тарихында пайдаланылады. Мысалы, Спиноза пантеизміндегі Құдай табиғатпен имманентті. Философия сыртқы әлемнің барлық денелері мен құбылыстарына және таным үдерісіне іштей имманенттер, демек қарама-қарсылықтар, қайшылықтар тән екенін көрсетеді.

Т. – орта ғасырдағы схоластика философиясының эмпирикалық таным, яғни, біздің сезімдік тәжірибемізден тыс жатқанды белгілеу үшін енгізген ұғымы. Т. болмыстың сыртқы себебі біз өмір сүретін әлем шекарасы сыртына шығатын ретінде имманенттікке қарама-қарсы қойылады. Жалпыға ортақ бастау себебі біз өмір сүретін әлем негізі – Т. деп есептеледі. Діни сенімнің негіздері – (діни рәсімдер мен сананың сезімдік қабыл- данатын объектілерінен басқа) де Т. деп қарастырылады. Т.-ке жақын «трансцендентальды» ұғымы орта ғасыр философиясында бірегейлік, игілік, мүмкіндік, қажеттілік тәрізді сезімдік тәжірибеден шығаруға болмайтын болмыстың ақылмен ұғынылатын анықтамасын сипаттады. Орта ғасыр философиясына қарағанда, одан айырмашылығында И. Кант Т. – деп тануға болмайтын ақиқаттықты, ал трансцендентальді деп априорлық, яғни, тәжірибеден тыс таным түрлері (сырттай сезіну мен ойлау) мен білімді түсінеді.

**ИММАНЕНТТІК ФИЛОСОФИЯ** – В. Шуппе, Р. Шуберт–Зольдерн, М. Кауфман, А. Леклер, И. Рамке, О. Шток және басқалар дамытқан субъективтік идеализмнің эмпириокритицизмге жақын бір түрі. И. ф. өкілдері объективті өмір сүретінін, сыртқы әлемнің санаға қатысын теріске шығарып, объективті әлем сананың ішкі мазмұнын құрайды деген ойды ұстанып, өздерінің философиясын И. ф. деп атайды. И-ті ф-ның негізгі идеялары Шуппенің «Теориялық-танымдық логикасында» (W. Schuppe, «Erkenntnisstheoretische Logik», 1878), Шуберт-Зольдерманның «Таным теориясының негіздерінде» (R. Schubert-Soidern, «Grund-lagen einer Erkenntnisstheorie», 1884), Кауффманның «Имманенттік философиясында» (M. Kauffman, «Immanente Philosophie», 1893) дамытылды.

**ИМПЕРАТИВ** (лат. *imperativus* – бұйрықты) – адам, қоғам, мемлекет әрекетінің сипаты мен мазмұнын анықтайтын жоғарғы талап, маңызды принцип. Сонымен бірге, қоғамдық өмірдің әртүрлі салалары мен қызметтерін реттейтін құқықтың анықтаушы нормасы. Экономикалық И. – табиғатпен қарым-қатынастың тиым салынған шегі, қандай жағдай болғанда да одан өтуге адамзат қауымдастығының құқы жоқ.

**ИМПЕРИЯ** (лат. *imperium* – толық қанды билік, өкілеттілік) – тарихта И. деп басшысы император атағын алған монархиялық мемлекетті (Қасиетті Рим и-сы, Ресей и-сы және т. б.), сосын отарлық жүйесіне ие болған мемлекеттерді (Британия и-сы, Португалия и-сы) айтады. Күнделікті өмірде «И.» термині күшті орталыққа бағынған, үлкен аумақты қамтыған саяси жүйені белгілеу үшін пайдаланылады. Бұл монархиялық билік жүйесі орнаған мемлекеттер мен территорияларға бір адамның, императордың

шексіз билігін білдіреді. Сонымен қатар «И.» терминін әлемнің барлық аймақтарында саяси және экономикалық үстемдігін жүзеге асыра алатын мемлекеттерге қатысты қолдануға болады (қазіргі АҚШ пен бұрынғы КСРО).

**ИМПЛИЦИТТІК** (лат. *Implicite* – шатысқан, шырмалған, анық емес) – логикалық және әдістемелік әдебиеттерде ұғымды «имплицитті болатын», «имплицитті анықталған», «имплицитті кіргізілген» деген сөз тіркестерінде жиі қолданылады. Сөздің астарына байланысты оның әртүрлі мәні болады. Мысалы, салыстырмалы берілген ой жүгіртулерде түсіп қалған, бірақ сөйлемде оның бар екені жобаланған сілтеме туралы, ол осы ой жүгіртуде имплицитті болады деп айтылады. «Имплицитті анықталған» сөз тіркесі, мәні тікелей көрсетілмейтін, сөйлем немесе сөйлемдер арқылы белгілі бір терминнің мәні тікелей тура ашылмайтын кейбір ой жүгіртулер жүйесінде бүтіндей алынған осы теорияда және т. б. белгілі бір терминнің мәні жанама түрде ашылатын терминдерге қатысты қолданылады.

**ИМПРОВИЗАЦИЯ** (лат. *improvisus* – күтпеген, кенеттен суырып салу) – өнер түрлерінде (поэзия, драма, музыка, хореография) кездесетін көркем шығармашылықтың ерекше түрі. Мұнда шығарма өзінің орындалу үдерісінде пайда болып, бірден орындалады. Қазақ халқының суырып салма музыкалық өнері ежелгі замандардан белгілі. Халық шығармашылығының (өлең-жырлар, күйлер) ұрпақтан-ұрпаққа ауызша берілуі, оларды есте сақтаған әншілер, күйшілер, жырау-жыршылардың И. элементтерін пайдалануына мүмкіндік жасады. Музыкалық ойлау түрлеріне, қалыптасқан дыбыс ырғағына сүйенген олар, музыка өнерін еркін түрлендіріп, музыка өнерінің дамуына, жаңаруына ықпалдарын тигізді. Елімізде халық қолдауына ие болған суырып салма ақындар айтысы осы уақытқа дейін жалғасын тауып келеді.

**ИНВАРИАНТТЫЛЫҚ** (лат. *invariant* – өзгермейтін) – жүйенің кейбір мәнді қасиеттерінің, үдерістің физикалық жағдайы мөлшерінің және т. б. сыртқы әсерлерден, соның ішінде қандай да бір орын ауыстырулардан немесе өзгертулерден тәуелсіздігі. Біртекті жүйелердегі тұрақтыны және өзгермейтінді бейнелейтін И. оның құрылымының анықтаушы сәті ретінде алға шығады. И. ұғымы әмбебап себептілік категориясын негізделуі үшін пайдаланылады. Әлемнің кейбір аймақтарындағы себеп-салдарлық құрылым (демек, тек соған тән себеп-салдарлық қатынастар сипатының жиынтығы) кеңістік-уақыттық координаттарды өзгерту кезінде инвариант болады. Заттардың, табиғаттың қасиеттері мен қатынастары идеясын көрсететін сақтау принципі И. ғылыми таным үшін іргелі маңызы бар.

Математикалық зерттеулерде И. қарастырылатын шаманың сол немесе басқа түрлердегі өзгертулерге сай өзгермейтіндігін (мыс. сандар, алгебралық ережелер, формулалар) көрсетеді. Осындай өзгертулер кезінде өзгермейтін шамалар инварианттар деп аталады.

**ИНДЕТЕРМИНИЗМ** – детерминизмге қарама-қарсы философиялық ілім: ол себептілік ұғымының мән-маңызын принципті түрде жоққа шығарып, табиғатта да, қоғамдық өмірде де, таным үдерісінде де кездейсоқтыққа баса мән береді. И. бойынша детерминизм ілімі адам еркінің бостандығын дұрыс түсіндіре алмайды, өйткені адамның таңдауы мен талғамын себептілік тұрғысынан қарастыру – фатализмге, яғни, тағдырға сенуге, өмірде бәрі де мызғымас себеп-салдар тізбегі арқылы алдын-ала анықталып қойылған дейтін көзқарасқа жетелейді. Кейбір философиялық бағыттарда (мысалы, некантшылдықтың бадендік мектебінде) детерминизм принципі тек табиғат туралы ғылымдар саласымен шектеліп, «рух туралы ғылымдар, яғни мәдениет туралы ғылымдар саласы) И-ге бағындырылады. Непозитивизм, прагматизм және персонализм детерминизм принципті әрекетінің аясын тек таза логикалық саламен шектейді. И-дік көзқарас кванттық физиканың дамуына орай (белгісіздіктер принципі, кванттық ықтималдылық) күш алып, себептілік мәселесін XX ғ. философия мен ғылымның алдыңғы шегіне шығарып, И. мен детерминизм күресті.

Қазіргі кванттық физиканың дамуы (белгісіздіктер принципі, кванттық ықтималдылық) себептілік мәселесін XX ғ. философиясы мен ғылымының алдыңғы шегіне шығарып, И. мен детерминизмнің күресін ушықтыра түскені белгілі. Синергетиканың дамуы бұл мәселеге жаңа леп беріп, себеп пен салдар, қажеттілік пен кездейсоқтық, мүмкіндік пен шындық, заң мен заңдылық сияқты категориялардың диалектикалық байланысын тереңдете түсіндірмелеуге жол ашты. Кездейсоқтықты абсолюттендіріп, таза ықтималдылықты асқындыратын И. де, бәрін де, керісінше, қажеттілікке саятын детерминизм де шектілік танытып, қазіргі ғылымда байыпты диалектикалық детерминизмнің құдыреті орнығуда.

**Әдебиет:** Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. – М.: Прогресс, 1986; Сачков Н.В. Эволюция учения о причинности // Вопросы философии. 2003. №4.; Сабитов М.С. Формирование и развитие квантовой механики: Логико-гносеологический анализ. – Алма-Ата, 1984.

**ИНДИВИД**, *индивидуум* (лат. *Individuum* – бөлінбейтін) – бірыңғай, бөлек, бекітілген, қандай да бір тәсілмен ерекшеленген, шектелген нәрсе; бөлектенген, өзімен-өзі болатын мән, немесе жан иесі; әрқайсысы өз бетінше өмір сүретін тірі организм; адамдар ұжымымен салыстырғанда жеке, дара кісі.



**ИНДУКТИВТІК ЛОГИКА** – таным процесінің жекеден жалпыға көшу жолдары мен тәсілдерін іздестіретін логика саласы. И. л.-да теориялық білім мен эмпириялық білімнің арақатынасы, ғылым логикасы, бақылау мен тәжірибе т. б. танымның методологиялық проблемаларына байланысты мәселелер зерттеледі. Жеке мен жалпы ұғым жөніндегі мәселе ежелгі антика философиясында қарала бастады. Сократ жалпы ұғымдардың қалыптасуына зер салады. Аристотель ой қорытындысы жөніндегі ілімінде жалпы мен жекеменің арақатынасын зерттеп, индукцияның сезімдік қабылдаумен тікелей байланысты екенін анықтады. И. л. силлогистикаға тәуелсіз логиканың жеке саласы ретінде қалыптасып, танымның, зерттеудің методологиясы мен логикасына сай пайда болды. Ф. Бэкон ілімі жаңа заманғы ғылыми танымның қажетіне, эмпириялық зерттеудің методологиясы мен логикасына сай пайда болды. Ф. Бэкон танымның жекеден жалпыға көшуі мен ой қорытындыларын жасаудың қай түрін болса да индукцияға жатқызды. Қалыптасқан дайын абстракцияларды пайдаланатын силлогизм бағытына ол индукцияны қарсы қояды. Ф. Бэконның «Жаңа Органонда» негізделген идеялары ағылшын материалисі Дж. Гершельдің еңбектерінде дамытылды. Ол «Жаратылыстану философиясы» деген еңбегінде ғылыми тұжырымдар жасаудың маңызын ерекше атап көрсетіп, табиғат құбылыстарының себепті байланысын ашу арқылы ғана табиғат заңдары анықталады дейді. Гершель себептіліктің мына түрлерін анықтайды: 1) себеп пен салдар арасындағы байланыстың тұрақтылығы, себептің салдардан бұрын болуының өзгермейтіндігі; 2) себепсіз салдар болмайтындығы; 3) себеп қуатының артып-кемуіне сәйкес салдардың артып-кемуі; 4) себеп пен салдар байланысында өзара пропорционал қатынастың сақталуы; 5) себептің жойылуынан салдардың жойылуы. Гершель себеп пен салдардың осы ерекшеліктерін еске ала отырып, себептілік байланысын анықтайтын ережелерді қорытты. Дж.С. Мильдің логикалық ілімі И. л.-ның дамуындағы Бэкондық бағыттың ең соңғы кезеңі болды. Бэкон – Миль логикасына тән ерекшелік – фактіден теорияға, құбылыстан заңға ой жіберетін танымдық процестердің бәрін бірдей дерлік индуктивтік деп қарау. Индукцияны мұндай асыра кең ұғыну Ф. Энгельс сынаған орынсыз индуктивизмге әкеліп соқты. И. л.-ның ертеден дамыған гипотетикалы-дедуктивтік концепциясы бойынша гипотеза ретінде алынған кейбір жалпы қағидалар тәжірибеден алынған фактілер арқылы дәлелденеді. Бұл ретте гипотезаны негіздеу үшін белгілі фактілерді салыстырумен қатар, белгісіз келешекте анықталуы мүмкін фактілерде еске алынады. Теориялық қорытындыларды дедукция және оның тәжірибеде тексерілетін салдарлары арқылы негіздеу тәсілін гипотетикалы-дедуктивтік әдіс деп атайды. Бұл әдістің бастапқы идеялары XVI ғ.-дағы итальян философы Цабереллы мен Галилей еңбектерінде кездеседі. Лейбниц еңбектерінде гипотетико-дедуктивтік концепция толық қалыптасады. И.

л-ны осы концепцияға сүйеніп бір ізге келтірген У. Уэвелл болды. XX ғ-да матем. логиканың дамуына байланысты И. л.-ның осы заманғы формасы қалыптасты. И. л.-дың қазіргі кездегі ең басты мәселесі – бір ойдың (гипотезаның) екінші бір ақиқаттылығы анықталған оймен логикалық байланысын ашу тәсілдерін анықтау. Бұл ретпен алынған ой қорытындысы индуктивтік қорытынды деп аталады. Индуктивтік қорытындыны зерттеу екі бағытта жүргізіледі. 1) Егер дәстүрлі логикада гипотезаға баға берудің тек екі жолы (қабылдау не қабылдамау) ғана болса, ал қазіргі логикада гипотезаға баға берудің анағұрлым кең көп мәнді тәсілі қолданылады. 2) Осы заманғы И. л.-да статистикалық заңдылықтарды ашу тәсілдерін анықтау үшін арнайы зерттеулер жүргізіледі. Сонымен қатар, дәстүрлі логиканың ұғымдары мен әдістерінің қалыптасуы – Милл әдісі, аналогия арқылы қорытынды жасап, гипотезаның мәні т. б. логикалық мәселелер зерттеледі. Жоғарыда айтылған И. л.-дағы зерттеудің екі бағыты да ықтималдық теориясына сүйенеді, сондықтан, оны ықтималдық логикасы деп те атайды. Осы заманғы И. л. идеяларының негізін қалаған XIX ғ-дағы ағылшын логиктері Дж. Бенна мен Кейнс болды. Қазіргі кезде бұл саланы зерттеуде Рейхенбах, Карнап, К.Гемпель, Кемени, И. Бар-Хилель т. б. елеулі үлес қосты. Соңғы жылдарды И. л.-сын зерттеу саласы кеңейе түсіп, ақпараттық теориямен ұштасып жатқаны анықталды. Гипотезаны эксперимент арқылы тексеруде бұл ақпараттық теория терминдерін қолданудың тиімділігі айқын байқалады.

**ИНДУКЦИЯ** (лат. *inductio* – ой салу) – жеке фактілер жайындағы ғылыми білімнен немесе жалпы емес білімнен жалпы білімге, тәжірибелік нәтижелерден теориялық жалпылау мен қорытындыға, жекеден жалпыға, белгіліден белгісізге қарай қозғалудың логикалық әдісі. И. – жалпылаудың және ой қозғалудың формасы. Ол тәжірибелік таным мен ғылыми зерттеудің тарихымен тығыз байланысқан. И. ертедегі үнділік логикада, Лаоцзы еңбектерінде, ертедегі грек логикасында зерттелді. Аристотель өзінің «Бірінші аналитикасында» И-ның қарапайым формасы болатын толық И-ны қарастырды. Оның «Топикасындағы» И. толық емес И-ны да қамтиды. Сондықтан, бұл еңбектегі айтылған И. туралы түсінік едәуір кеңірек және жалпыланған. Дегенмен, И. жайындағы аристотельдік түсінік өте жеткіліксіз және қарапайым болды. Өйткені И-ның танымдағы рөлі мен орны дұрыс түсіндірілмейді, И. ой қорытындысының басқа формаларынан оқшауланып қарастырылды. Жаңа уақыт заманында И. жайындағы ілім онан әрі дамытылды. Бұл жерде Леонардо да Винчи мен Галилео Галилейді айтамыз. Олар шынайы білімге жетуде тәжірибе мен математика рөліне көп көңіл бөлді. Шынайы ғылым мұқият қойылған тәжірибе мен бақылауға негізделеді. Содан кейін тәжірибелік нәтижелерден математика тілінде өрнектелген табиғат заңдары мен заңдылықтарын тануға қарай қозғаламыз. И. – Галилейдің ғыл.-зерт. әдісінің құрамдас бөлігі және жалпылаудың бір түрі. Ф. Бэконның И. туралы ілімінде И. қажетті және сенімді ғылыми ұғымдарды құру әдісі делінеді. Оның пікірінше, тек И. заттың табиғатын ашады, дәлелдеудің нағыз формасы. Сөйтіп, Ф. Бэкон танымдағы И. рөлін жоғары бағалап, дедукцияны мойындамады. Бұл ілім ағылшын ғалымдары

Дж. С. Милль және Дж. Гершель, орыс ғалымдары М.И. Каринский мен Л.В. Рутковский еңбектерінде одан әрі дамытылды. Бұл еңбектердің құндылығымен бірге кемшіліктері де болды. И. мен дедукция арасындағы диалект материализмде ғана зерттеледі және дұрыс түсіндіріледі. И.- таным әдісі, өйткені ол жаңа ғылыми заңның, гипотезаның, ұстындардың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Жеке тәжірибелік фактілерді немесе қағидаларды индуктивтік жалпылау арқылы заң, гипотеза және ұстын пайда болады. Сондықтан, И. тәжірибе мен бақылауға тікелей тәуелді. И. аяқталмаған тәжірибеге негізделгендіктен, проблемалық ой қорытындысын береді. Ол арқылы алынған қорытындының дұрыс немесе қате болуы да ықтимал. Мыс., Лавуазье өзі зерттеген қышқылдардың қажетті бөлігі деген индуктивтік қорытынды жасады. Кейін мұндай қорытындының қате екені анықталды (мыс., тұз қышқылында оттегі жоқ). Зерттеулер мынадай қорытынды тапты: оттегі емес, сутегі – кез келген қышқылдың құрамдас бөлігі. Жалпыланған индуктивтік қорытындының негізі мен өлшемі – қоғамдық практика. Сондықтан, индуктивтік ой қорытынды проблемалық болғандықтан таным процесінде И. мен дедукция тығыз байланысқан. Ньютонның зерттеу әдісі И. мен дедукцияның бірлігіне негізделген. Физиканың аксиомалары немесе ұстындары тәжірибелік фактілерді жалпылаудың нәтижесінде пайда болады. Физика ұстындарының негізгі мақсаты – осы ұстындар дедуктивтік жолмен тәжірибеде тексерілетін логикалық салдарлар алу. Тек, дедукция мен практика арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде шынайы ақиқаттар танылады. Индуктивтік зерттеуде индуктивтік ой қорытындыларының маңызы өте зор. Соңғылар мынадай қорытындыларға бөлінеді: 1) толық И., 2) толық емес И., 3) математикалық И., 4) трансфиниттік (шексіз) И. т. б. ғылыми зерттеуде танымның барлық фор-малары мен әдістерін өзара байланыста ұстау – зор табыс пен жетістіктің кепілі.

**ИНДУСТРИАЛДЫ ҚОҒАМ** – дамыған елдерге байланысты, оның өмір салаларын талдаған кезде қоғамдық ғылымдарда қолданылатын ұғым. И.к. терминін алғаш рет, XIX ғасырда Сен-Симон ғылыми айналымға енгізсе, кейін оны Конт, Спенсер, Дюркгейм сияқты көрнекті социологтар кең қолданған. И. к. өзінің қалыптасу дәуірінде, батыс елдерінде 1950–1960 жылдары жаңа мазмұнмен толыққан. Технологиялық детерминизм принциптеріне негізделген бұл теория Аронның Сорбонада (1956–1959) оқыған дәрістерінде және Ростоудың «Экономикалық өрлеудің кезеңдері. Коммунистік емес манифест» еңбегінде екі нұсқада қалыптасқан. И.к. теориясы қоғам дамуы үдерісіндегі негіздік әлеуметтік-экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өзгерістер, «дәстүрлі» аграрлы қоғамдардың «индустриалды» қоғамға ауысуы нәтижесінде және бұл ауысу қоғам өмірінің барлық салаларына техниканың кең көлемді енуі, техникалық төңкерістермен жүзеге асады. Атап айтқанда, техниканың тез дамуы әлеуметтік-экономикалық дамудың детерминанты болады. И.к. пайда болуы үшін оған ірі машиналық өндіріс негіз болып қаланады (Ростоу), еркін сауда және нарық қатынастарымен экономика жүйесі қалыптасады (Арон). Белл И.к. даму қарқынын анықтайтын еңбек пен капитал болады деп есептейді. Осы тезиске сүйенген Дарендорф қоғамдағы меншік төңірегінде жұмысшы

### *Философиялық энциклопедиялық сөздік*

табы мен капиталистер арасындағы қарсы тұрудың, негізгі қақтығыстың пайда болатынын тұжырымдайды. И.к.-да «дәстүрлі» қоғамдарға тән қатал әлеуметтік шектеулерге шек қойылады, мұраға қалатын артықшылықтар мүмкіндіктер теңдігіне орын береді, азаматтық құқық сақталуы аясы кеңиді, саяси өмір демократияландырылады. Индустрияландыру мүмкіндігі артқан сайын экономиканы және қоғам өмірінің басқа салаларын басқаратын мамандардың рөлі еселей өседі. Билік ғалымдар, инженерлер мен техниктер, сауда, жарнама, қауымдастық пен қатынас салалары сарапшыларынан тұратын өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетін әлеуметтік ұйымға, «техно-құрылымға» өтеді (Гэлбрейт). 1970-1990 жылдар аралығында И.к. бағалауда оны сынау басым болды, қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық даму И.к. тоқырауға ұшырады дегізіп, оның құндылықтарын жоққа шығарады. Адамзат И.к. қарағанда өзінен өзгерістерге ұшырайтын, даму қабілеті үлкен, шартты түрде «постиндустриалды қоғам» деп атауға болатын қоғамдық құрылымға келе жатыр деген ұстаным пайда болды.

**ИННОВАЦИЯЛАР** – алдыңғы қатарлы ғылым мен тәжірибе жетістіктерін пайдалануға негізделген техника, технология, еңбекті ұйымдастыру мен басқару салаларындағы жаңашылдықтар. Сонымен қатар, осы жаңашылдықтардың адами қызметтің әртүрлі салаларында пайдаланылуы.

**ИНАБАТТЫЛЫҚ** – адамның әлеуметтік болмыста онды қасиеттерін білдіретін этикалық категорияның бірі. «Инабат – ердің қазығы емес пе, инабатты ер – елдің қазығы емес пе?» (Қазы би). Инабаттылық тектіліктің – қайнар көзі. И.-тың үлгісін Төле бидің: «Басым бұлтқа тиер деп бұққан – батыр, кесірім жұртқа тиер деп ыққан – батыр» – деп айтқанынан айқын көруге болады. Ғ.Мустафин: «Үлкеннің ақылын тыңдау, сөзге тоқтау, үлкен-кішіні сыйлау – инбаттылықтың көрінісі» – деген. Қазақ әйел адамның И. танытқандығын жоғары бағалаған.

**ИНСТРУМЕНТАЛИЗМ** – прагматизмнің бір түрі, ол Дж. Дьюи еңбектерінде жете зерттелген. И. логиканы этикалық, эстетикалық сана-ның, интеллектінің тез өзгерістерге ұшырайтын түрлерінің қоршаған орта жағдайларына сәйкес қалыптасуының бірден-бір құралы деп қарастырады. И-нің негізгі ұғымы – кеңістік пен уақыт аймағында шектелген ағза, немесе орталық және орта ажыратылатын жағдай (ситуация) ұғымы болады. Ағза сапасында жануар, адам, қоғам, кез келген физиологиялық немесе әлеуметтік құрылым алға шығады. Ағзаның қызметіне байланысты орта – анықтық, тұрақтылық, қайталанатын белгілерге ие болады. Ағзаның ортаға әсері теория және практикалық сипатқа ие болып, проблеманы шешуге бағытталады. Қызмет ортадан белгісіздік элементтерін жояды. Ағза анықтылыққа жетуі үшін реттеуші (лайықты) аспаптар ретінде қарастырылатын құралдарды пайдаланады. Философиялық ағымның атауы осыдан шыққан. Прагматизм тәрізді философияның негізгі сұрағы жауабынан бас тартқан И. аспаптар жүйесіне тең құқықты идея, ғылыми теория, тіл, ағза бөлігі, машиналар, байланыс және хабарласу құралдары тәртібін

**ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЖӘНЕ МОДЕЛЬ** (лат. *interpretatio* – ұғындыру, түсіндіру) – жаратылыстану, математика, логика, таным теориясында қандай да бір тәсілдер мен элементтерге (формулаларға, символдарға және т. б.), теорияларға берілетін мәндер (мағына) жиынтығы. И. термині жеке мәндерге байланысты да қолданылады, мұндай жағдайда осы символдың, айтылғанның, формуланың И-сы туралы сөз болады. И. ұғымының танымдық маңызы бар. Ол ғылыми теорияны – онда бейнеленген ақиқатпен салыстырғанда, теория тұрғызудың әртүрлі тәсілдерін сипаттаған кезде және танымның дамуы барысында олардың арасында пайда болған өзгерістерді көрсеткенде үлкен рөл атқарады.

Модель (лат. *modulus*) – қандай да бір физикалық жүйені, оның басты қасиеттерін және параметрлерін жеңілдетіп көшіретін тәжірибелік құрылым немесе математикалық (логикалық) конструкция. М. ақиқат өмір сүретін жүйелерді қандай да бір бар тәсілдермен зерттеу мүмкін болмаған жағдайларда қолданылады. Тәжірибелік М. жасау – модельдеу деп аталады. М. арнайы жағдайда орналастырылған немесе кейбір орталардың жағдайын жуық шамамен қайталайтын немесе сол, әлде басқа физикалық үдерістегі құбылыстардың бірізділігін қайталайтын физикалық дененің көшірмесіндей болып көрінеді.

**ИНТРОЕКЦИЯ** (лат. *Intro* – ішке (*in*) *iesio* – тастаймын, қоямын) – мүмкін еместік туралы Авенариустың енгізген ұғымы. 1) таным теориясында қабылданатын бейнелердің индивид санасына енгізілуіне байланысты пайда болған мүмкін еместік туралы ұғым. Авенариус пікірі бойынша, бұл – жалпы идеалдылық пен реалдылықтың бөлінуіне жол берілмеуі керектігінен туындайды. Өйткені ол өз философиясының негізіне тәжірибе ұғымын алып, онда материалдық пен руханилықтың қосылып кететінін дәріптеп, жалпы материализмді жоққа шығаруға талпынады. 2) И. ұғымын психологияға енгізген венгер психоаналитигі Ш. Френци болды. Ол И.-ны «Жоғарғы Меннің» қалыптасуы үдерісінде маңызды рөл атқаратын психологиялық механизм ретінде қарастырады. Психологияда индивидтің басқа адамдардың ұйғарымдарын, мотивтерін, көзқарастарын өзінің ішкі әлемі ретінде қабылдауы теңдестірудің негізі болады. И. проекцияға қарама-қарсы.

**ИНСАЙТ** (ағылш. *Insight* – көрегендік, түсіну) – логикалық талдаудан тыс, тікелей танымды білдіретін интуитивизм философиясының термині. Инсайт термині шамамен жобаланған келесі гносеологиялық мазмұндарды: Декарттың анық және айқын идеяларын, Ф. Аквинскийдің тікелей құдайды ұғынуын, Канттың ақылдың тәжірибеден тыс түрлерін, Бергсонның интуициясын сипаттайды.

**ИНСТИНКТ** (лат. *Instinctus* – түйсік, ырықсыз сезім) негізінде туыла біткен, шартсыз рефлексстер жататын, өмірлік маңызы болатын әрекетті жасауға бой ұрғызатын қасиет, түрлердің тұқым қуалайтын икемді мінез-

күлкі. Инстинкт ұғымының ғылыми талдануы XVIII ғасырдан басталды. Оны француз философы және дәрігер Ламетри жануарлардың дене құрылысымен және жүйке жүйесімен байланыстырып, инстинктілік әрекеттердің автоматты жүзеге асатынын аңғарады. Кондиляк оны ақылдың редукциясы, Де Руа енді пайда болып келе жатқан ақыл ретінде анықтайды. Француз ғалымы Фредерик Кювье И-ке тән туа бітетін және таптаурындық белгілерді байқайды. Ламарк өзінің «Зоология философиясы» (т. 1–2) еңбегінде жануарлар И-сі пайда болуының түпкі тегіне байланысты екеніне, маңызды өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыруда пайда болғанына сілтеме жасайды. XX ғасырда экспериментальді биологияның жетістіктеріне сай И. проблемаларының зерттеулері тереңдей түседі. И. түрдің туа біткен мақсатына лайықты мінез-құлық қызметі, сыртқы ортаның белгілі бір әсеріне, ішкі тітіркенулер, қан құрамының өзгеруі (гормональді факторлар) және ішкі секреция бездерінің (жыныс, гипофиз, қалқанша без және т. б.) жауабы ретінде пайда болатыны анықталады. Сеченов пен Павлов жануарлар мінез-құлқы негізінде жататын физиологиялық механизмдерді ашты. Павлов И-ті ағзаның қоршаған ортамен тұрақты байланысы жүзеге асатын, күрделі шартсыз рефлексстер ретінде анықтайды. Ең басты инстинктілер: тамақтану (азық), өзін қорғау (қорғаныс жасау), көбею (жыныстық, ата-аналық), бағдарлық, сұқбаттасу (топтық үйірлік). И-лік қызметтің қалыптасуы анатомды-морфологиялық құрылымның дамуымен, әсіресе, жануардың осы түрінің жүйке жүйесімен тікелей байланысты. Омыртқасыз жануарларда И. қызметті реттеу бастың ганглиясымен, ал омыртқалы жануарларда мидың қабық асты бөліктерімен жүзеге асады. Адам И. бағынышты рөл атқарады. Оның мінез-құлқын әлеуметтік қатынастармен және өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасқан жоғарғы жүйке жүйесі тежеп, өзінің бақылауында ұстайды. Сондықтан адам мінез-құлқының саналы және рухани сипаты, психикасының жануарлар психикасынан сапалы айырмашылығы болады.

**ИЛЛЮЗИЯ** (лат. *illusio* – алдану) – сыртқы дүниенің жаңсақ, фантастикалық бағытта қабылдануы. Қарапайым өмірде И. ерекше арман түрінде, өзін-өзі өмірде алдау арқылы үміттеніп, өмірін жеңілдету түрінде көрініс табады. Өнер тарихында ғалымдар И-ның пайда болу ерекшелігін зерттеп, оның адамға қажеттігін ашып көрсетуге тырысқан. Шындығында, өнердегі И. адамдарға демалыс, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Өйткені ол өмірде жоқ, тек қана шынайы өнердегі И. болып табылады.

**ИМИДЖ** (ағылш. *image* – бейне, бейнелеу) – мақсатты түрде өнер ретінде адамның өзіне, не бұқаралық ақпарат арқылы белгілі бір зат немесе адам жөніндегі керек мәліметті бейнелеп көрсету. Оған жарнаманы да қосуға болады. И. қолданбалы өнердің құрамдас бөлігі және адам беделі мен абыройын, қажеттілігін арттыру үшін де қажет. Сондай-ақ, И. әлеум. саяси бағытта да субъект бағасын арттыруға ықпал етер маңызы бар.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**ИМИТАЦИЯ** (лат. *imitatio* – еліктеу) – өнертану мен мәдениеттануда белгілі бір өнердің стиліне, мектебіне, бағытына, шеберлік мәнеріне еліктеуді білдіретін ұғым-термин. Еліктеуші мүлде басқа тәсілмен, көркемдік құралдарымен мақсат еткенін айнытпай келтіріп, қайталауы мүмкін. И-ның екінші мағынасы – ұқсас жасау, алдау.

**ИМПРОВИЗАЦИЯ** (лат. *improvisus* – суырып салма) – көркем шығарманы ешқандай дайындықсыз аяқ астынан суырып салып айту өнері. И-ның үздік үлгісі ретінде түркі халықтарында, әсіресе оның ішінде қазақ халқында сақталған өнердің ерекше түрі айтысты атауға болады. И. шешендік өнерде, т. б. жанрларда да көрініс тапқан.

Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т 12. – Астана: Аударма, 2005.

**ИМПРЕССИОНИЗМ** (франц. *impressionisme* – әсерлену) – өнерде ХІХ ғ-дың 2-жартысы мен ХХ ғ-дың басында пайда болған бағыт. Тарихта И. терминінің ғылыми айналымға енуін 1874 ж. француз суретшісі К. Моне-нің «Таңның атуымен әсерлену» атты шығармасының көрмеге қойылуымен байланыстырады. Францияда И. көркемдік әдіс ретінде сол жылдары қалыптаса бастады. И-нің ірі өкілдері: Э. Мане, О. Ренуар, Э. Дега, К. Моне, А. Сислей, К. Писсаро т. б. И. адамның өзін қоршаған ортадан алатын сезімдік әсерін, табиғатын, т. б. нәзік беруде елеулі жетістіктерге жетті. Импрессионистер бояу қосындыларын бір-біріне қоспай, таза, айқын түстерді пайдалана отырып, жұмыс істеді. И. бағыты – музыкада, әдебиетте және театрда да көрініс тапты.

Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т 12. – Астана: Аударма, 2007.

**ИНДУИЗМ** – әлемдегі ең ірі діндердің бірі. И-ді ұстанатын үндістердің қасиетті кітабы – Веда және брахмандардың бір орталыққа бағындыру ілімінің негізін құрайды. И. негізі – карма заңына сәйкес жанның істеген ісінің оң не терістігіне сәйкес өлгеннен кейін жаңа түрге айналатындығы туралы ілім. И. діні бойынша, адам өзінің болашақ өмірін өзінің белгілі бір кастасы арқылы белгілейді. Әрбір үндіс сол кастаға сай уағызды қатаң ұстануға тиісті. Осы арқылы ол о дүниеге барғанда қоғам- да жоғарғы дәрежеде болуы мүмкін. И. қоғамда касталық құрылымның берік тұрақталуына қызмет етті. И-де біртекті догма да, әдет-ғұрыптық негіз де, шіркеулік ұйым да жоқ. Табыну, культтік ғұрып храмдарда, жергілікті не үй альтарында, қасиетті жерлерде жасалады. Қасиетті деп табынатындары жануарлар (сиыр, жылан), өзен (Ганг), өсімдік (лотос) болуы мүмкін.

**ИНИЦИАЦИЯ** (лат. *initiatio* – құпия жасау, арнау) – бозбала мен бойжеткеннің есейіп балиғатқа толуына байланысты дәстүрлі мәдениетте кеңінен тараған әмбебап әдет-ғұрып жүйесі. И. мақсаты – жастарды отба-

сылық, қоғамдық және өндірістік өмірге дайындау. Бұл процесс түрлі тайпаларда өз әдет-ғұрыптарына байланысты түрлі деңгейде өтеді (сүндетке отырғызу, тісін қағып алу, татуировка жасау т. б.). Бұның қайсібірінің салдары асқынып, ауыр өтетін кездері болған.

**ИНТЕЛЛЕКТ** (лат. *intellctus* – зерде, ақыл, парасат) – адамның ойлау қабілеті. И. мәдениеттануда және психология мен философияда тұлғаның мәліметтерді саналы түрде саралап, оған баға берудегі қабілеттің тұрақты ерекшелігін көрсететін ұғым-термин.

**ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ** (лат. *intellegens* – зиялы) – білімдар, жоғары талғамды, адамгершілік, парасат-танымымен көрінген зиялы топ, ой қызметінің адамдары. И. ұғымына қысқаша «Оксфорд» сөздігінде халықтың «тәуелсіз, еркін ойлауға ұмтылатын бөлігі» деп анықтама берілсе, француздың «Кіші Ларус» сөздігінде «зерделілер класы» деген анықтама берілген.

**ИНТЕНЦИЯШЫЛДЫҚ** (лат. *intentio* – талпыну, зейін қою) – сананың белгілі затты түсінуге бағытталуы немесе заттың шынайы, шынайы емес екендігіне тәуелсіз сана нақтылығы. И-дық ұғымының тарихы зейінденуші заттың шынайы және интенциялық бағытын айыра білген ортағасырлық схоластикадан нәр алады. XIX ғ-да неміс ойшылы Ф. Брентано бұл ұғымды қайта енгізеді. И-дық психикалық құбылыстардың негізгі қасиетіне айналып, олардың санадағы дәйегі және сананың соларға бағытталуы ретінде көрінеді. И-дық ұғымы А. Мейнонгтың нақтылық ілімінде және Э. Гуссерльдің феноментануында ерекше зерделенеді. Гуссерльде И-дық негізгі ұғымға айналып, феноментану үшін мүлде тосын және негізін қалаушы мағынада пайымдалады. И. – көкейдегі туралы ой бөлу қасиеті. Дүниенің сезімге берілу нұсқаларының және дүние туралы ойдың өзгермелігіне байланысты феноментануда И. өте кең қарастырылады. Әрбір феноменнің өзіндік интенциялық құрылымы бар. Белгілі затқа түрлі қатынас жасауға болады. Мұндағы ең басты нәрсе заттың ежелгі нұсқасын ұмытпау. Сол сияқты заттың санаға берілуі де әртүрлі. Мыс., қабылдау, қиялдау т. б. Жалпы, И-тың құрылымы төмендегідей: интенцияшіл әрекет, интенцияшыл мазмұн мен зат.

**Әдебиет: Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**ИНТЕРМӘТІН** – бір мәтіннің өзге мәтінге кіруі, мәтіндердің кірігуі. Бұл ұғымды әдеби мәтінді көп дауысты құрылым ретінде қарастырған М. Бахтиннің ықпалымен Ю. Кристева кіргізген. Ол үшін мәтін дегеніміз мәтіндер мен таңбалардың өрімі, өзге мәтіндердің өзгеріске түскен нұсқасы. И. мәтін шекарасын бұлдыратып, оны жаңаша пайымдауға жол аша түседі. И. негізгі қасиеті оның ішкі әртектілігі, ашықтығы, көпнұсқалығы. Мәтін өзге мәтіндерден, өзге мәтіндерге қатысты шығарылады және тек бұрынғы мәтіндерге қатысты емес. И-дік аталатын құбылысқа кейде шығармадан кейін жазылған мәтіндерді енгізеді. Мәтіннің қайнар көздері тек мәтіннен бұрын емес, онан кейін де тірлік етеді, – дейді Р. Барт. Бұл тұрғыда, кез-келген



мәтін өзге мәтіндер кеңістігінде жанданып, қосымша мағына тудырады. Идік құбылыс семиотикалық жүйе ретінде бүкіл мәдениетті қамтиды. И. тұрғысынан мәтін мен оқырман, оқу мен хат арасындағы айырмашылық және қарсы тұру жоққа шығарылады.

Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004;  
Мәдени- философиялық энциклопедия. – Алматы: Паритет, 2007.

**ИНТЕРНАЛИЗМ ЖӘНЕ ЭКСТЕРНАЛИЗМ** – ғылымның генезисіне, қалыптасуы мен дамуының тарихына деген екі қарама-қарсы бағыттағы көзқарастар. Интерналистік бағыт бойынша, ғылым дамуының көзі оның өз ішінде, оның ішкі мүмкіндіктеріне, потенциясында. Яғни ғылым дамуының өз ішкі логикасы бар және ол ойлау тәсілінің өзгеруіне байланысты. Мұндай бағыттағы көзқарасты А. Койре, Дж. Агасси, Р. Холл сияқты авторлардың еңбектерінен кездестіруге болады. Э-стік бағыт ғылыми білімнің дамуын әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы өзгерістермен байланыстырады, яғни сыртқы себептерге жүгінеді (Б.М. Гессен, Дж. Бернал, Р. Мертон және т. б.). Қазіргі философиялық-әдіснамалық әдебиетте бұл екі бағыттағы көзқарастардың қарама-қарсылығын жеңуге, сөйтіп синтезді бағыт ұстануға деген талпыныстар бар. Мысалы, Т. Кунның парадигмалық тұғынамасы (концепциясы) осындай бағдар ұстайды, оның түсіндіруінше, қандай да болмасын ғылым дамуының бас кезінде оған қоғам тарапынан әлдебір әлеуметтік мұқтаждық түрткі болады, ал оның толықсыған шағында дамуы көбіне интерналистік тұрғыда, яғни ішкі себептердің әсерімен анықталады.

**ИНТЕРПРЕТАЦИЯ** (лат. *Interpretation* – түсіндірме беру, түсіну) – теорияның элементтеріне (символдарға, формулаларға, өрнектерге және т. б.) мән-мағына беру, сөйтіп оны тұтас түсіну және түсіндірмелеу. Мысалы, кванттық механикаға немесе А. Эйнштейннің қатынастылық теорияларына И. жасаудың ғалымдар мен философтар арасында талай пікірталас тудырғаны белгілі.

И. философиялық (гносеологиялық, әдіснамалық) негізсіз мүмкін емес. Деңгейі бойынша И. эмпириялық және теориялық болып екіге бөлінеді. И. ақиқат болуы үшін оған белгілі бір талаптар қойылады: ол өз предметіне адекватты, логикалық дәйекті, әрі толық болуы тиіс. Теория төңірегінде әртүрлі И-лар туындап, олардың арасында бәсекелік қарым-қатынастар орнығып, белгілі бір интеллектуалдық ахуал пайда болады. Бұл теорияның нақтылануына, әрі қарай дамуының перспективасын анықтауға мүмкіндік берері және оны практикада дұрыс қолдануға жол ашады. Герменевтикада И. мәтінді түсіндірмелеу, оның мән-мағынасын (мазмұнын) түсіну дегенді білдіреді. Мысалы, көркем әдебиет туындыларына немесе киелі кітаптарға (Інжілге, Құранға және т. б.) И. берудің оңай еместігі, дау-дамай туғызатыны, әртүрлі жолдары бар екендігі белгілі.

**ИНТЕРСУБЪЕКТІЛІК** – таным субъектілері арасындағы арнайы қарым-қатынас, өзара араласу мен білімін өзгемен бөлісудің негізі. XX ғ-ға

дейін танымның нанымдылығы таным жасаушы субъектінің әмбебап құрылымына байланысты еді. И. мәселесін алғаш рет Гуссерль Бесін-ші картезиандық медитациясында қояды. Гуссерль феномендық ойлау тәжірибесін санадан бұрынғы әлемге сүйенуден бас тартудан бастағандықтан, оған ойлау тәжірибесінің маңыздылығын қамсыздандыру үшін жаңа негіз керек болады деп таниды. Сондықтан ол ойлауды ойлау арқылы түсіндіруді жөн көреді. Ойлану барысында әрбір субъект әлемді өзінше зейіндейді, бұл дүние – жеке тұлғаның тек өз танымына тәуелді жеке тәжірибесі. Демек, мәселенің шешімі субъектердің, немесе Мен және Өзгенің қарым-қатынасында. Гуссерльдің тұжырымдауынша, Мен табиғи түрде өз санасында Өзгелерді қалап шығарып, мүмкіндікте бар субъектілер – интерсубъектілер қауымын құрайды. Бұл қауымдағы әр кім әлемді өз тәжірибесінен түсінеді. Міне, осыған байланысты Меннің жеке тәжірибесінің негізі ретінде әлем барлығы үшін бар болып қарастырылуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар И-ге Мен өз тәжірибесінің өзгелермен салыстырғанда айырықша екенін кескіндейді. Интерсубъектілер қауымы негізінде ұғыну мүмкіндігінің көкжиегіне және қауымның шексіз кеңістігіне ұмтылған интенционалдық қауым қалыптасады. Бірақ, білім сапасын анықтау мәселесі ашық қалады, себебі өз-өзіне шексіз үніле беруге болады. Кейін Гуссерль жеке тұлғаның рухани тәжірибесіне сүйенген Өмірлік Әлем ұғымын енгізіп, оны И-ке негіз ретінде қарастырады.

**Әдебиет: Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**ИНТУИЦИЯ** (орта ғасыр. лат. *intuitio*, лат. *intucor* – қадағалап қарау, үнілу) – алдын ала әр түрлі дәлелдеу арқылы талдауларға сүйенбестен ақиқатқа тікелей жету. И. тікелей интеллектуалдық білім түрі (интеллектуалдық интуиция) ретінде қабылданды. Декарт өз ілімінде интуитивті түрде табылатын, дәлелдеуді керек қылмайтын айқын, ақиқат танымды И. мағынасында қарастырды. И. мен дедукцияны ақиқатты ашудың басты құралы деп біледі. Спинозаның пікірінше, танымның үш түрі болады: ең төменгісі сезім мүшелерінің көмегімен жүзеге асады; одан кейінгісі ақылға сүйенеді, бірақ әр түрлі дәлелдеуді керек етеді; ең жоғарғысы да ақылға сүйенеді, бірақ дәлелдеуді керек қылмайды, заттың мәнін бірден ашып береді. Бұл – И. болып табылады. Интеллектуалдық И. танымның ең жоғарғы түрі деп танылады. Фейербах И-ны танымның сезім арқылы әсерлену түрі деп таниды. И-ны организмнің ешқандай алдын-ала түсіндірілмей келетін инстинктік қалыбы ретінде (Бергсон), шығарм.-тың санасыз келетін алғашқы шарты (Фрейд) деп те тану ғылымда орын алған.

**Әдебиет: Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.**

**ИРРАЦИОНАЛИЗМ** (лат. *irrationalis* – ақылға қонымсыз, санадан тыс) – табиғат, мәдениет құбылыстарын, адамгершілік бастауларын байқататын методологиялық принцип, әдістанушылық қағида. И. ағымын ұстанған ғалымдар К. Ясперс, К. Юнг және тағы басқалар. Мәдениеттің табиғаты,

оның ерекшелігі туралы иррационалистік таным Ницше, Бергсондардың «өмір философиясында», Ясперс, Сартр сияқты экзистенциалистердің еңбектерінде қалыптасты. И. мәдени-тарихи процестігі негршілдік, үндісшілдік арабшылдық т. б. осы сияқты концепцияларда қолданылады. Мыс., негршілдік бағыт батыстың салқынқанды-рационалистік мәдениетінен өзгешілігі бар негр-берберлердің құндылықты-сезімтал мәдениетінің де өмір сүру құқы бар екенін көрсетіп беріп отыр. Мәдениетке дамыған сезімталдықпен қарайтын И. көзқарас дүниетанымы тұтастығымен ерекшеленеді, ал, әлеуметтік бағытта бір-біріне көмек пен әділдік негізін қалайды.

**Әдебиет:** Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.

**ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫ** – ислам өркениетіне тән рухани және тәжірибелік жүйесі. Ислам өркениеті мен оның филос. дәстүрлерінің қалыптасып, дамуындағы арабтармен қатар, өзге де түрлі халықтар мәдениетінің елеулі үлесі мен атқарған рөліне байланысты бұл құбылысқа анықтама беру кезінде түрлі әдебиеттерде «араб тілді философия», «араб-мұсылман философиясы», «араб философиясы», «исламдық шығыс философиясы» деген тәрізді атаулар жиі қолданылады. Ислам өркениетінің өзіндік сипаты және айрықша ерекшелігі – ислам дінімен тікелей байланысты. И. ф. мұсылмандардың қасиетті кітабы – Құранда тұжырымдалатын «дүниені қабылдау» ауқымында қалыптаса келіп, ислам өркениетінің жалпы мән-мазмұнын бейнелейді. И. ф-ның даму кезеңі үшке бөлінеді: И. ф-ның классикалық кезеңі (VIII–XV ғ-лар); кейінгі (XV–XIX ғ-лар) және қазіргі заман (XIX ғ. – XX ғ-дың 2-жартысы). Кеңестік кезең тұсындағы қазақстандық философияда И. ф. ретінде «мұсылмандық ренессанс» («шығыс ренессансы») деген атқа ие болған ислам мәдениетінің классикалық даму кезеңіне тән шығыс немесе араб тілді перипатетизм (жаңа аристотелшілдік) танылды. Көрнекті орта ғасыр ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу-л-Уәлид Мұхаммед ибн Сина, Әбу Әли ибн Рушд және т. б. ұстанған перипатетизм ислам өркениетінің талаптары мен ізденістеріне сай келетін көне филос. дәстүрді мирас ете отырып, орта ғасырлық Бат. Еуропа ғалымдарының филос. ой-пікірлеріне ықпал етті. Сондай-ақ, қайта өрлеу дәуірі мен жаңа заман философиясына өз әсерін тигізді. И. ф-нда перипатетикалық бағыттан өзге кәлам, сопылық, исмаилшылдық, т. б. қалыптасқан дәстүрлердің әрқайсысының өз тарихы бар. Олардың кейбірі (мыс., исмаилшылдық пен сопылық) өз ықпалын күні бүгінге дейін жойған жоқ. Енді біреулері (мыс., кәлам) ислам әлемінің әр түкпірінде қазір де өзінің гүлдену дәуіріндегіден аз ықпал етпейді, үшіншілері белгілі бір даму сатыларынан өте келе, қазіргі заманның діни-идеологиялық жүйелерінің құрамына енді, я болмаса сопылық идеялармен ұштаса отырып, қазіргі заманғы көрнекті ислам ғалымдарының ой-пікірлерінен орын алып келеді. И. ф. дін (ислам), құқық (фикһ) және теориялық ғылымдармен тығыз байланыста қалыптасып, дамыды. Олардың құрамына жаратылыстану, медицина, математика, филология (грамматикадан бастап риторика мен поэтикаға дейін қамтитын тіл туралы ғыл. білімдер жинағы), практикалық

ғылымдар (этика, саясат) енеді. И. ф-ның айрықша ерекшелігі — оның пікірталастық сипаты. Әуел бастан сұхбаттық филос. дискурсқа баруына оның жалпыға бірдей міндетті қағидадан азаттығы түрткі болды. Идеол. және таза ұйымдық шектеулердің жоқтығы көптеген бағыттардың пайда болуына мүмкіндік туғызды және діни-филос. ой-пікірдің еркін дамуына жол ашты. Христиандық діни ой-пікірден айырмашылығы — бұл бағыттарды сектанттық-еретиктік деп атауға болмайды. И. ф-ндағы елеулі айырмашылықтар (хариджиттер, сунниттер, шииттер) билік мәселесін шешумен байланысты. Ислам мемлекеттері мен олардың идеологиясының дамуы ислам қоғамында метафизика мәселелеріне қызығушылық туғызды. Ол И. ф-ның дамуына жаңа дем берді. Мәселен, сенім мәселесін шешудегі пікір алшақтығымен И. ф-ның хариджиттер, мурджиттер, мутазилиттер және т. б. ағымдар; Алланың мәні мен сипаттары мәселесін шешудегі алшақтықтармен сифатиттер, джахмиттер, хашвиттер, сопылар және т. б.; қоғамды құқықтық реттеу мәселелеріндегі алшақтықтармен ханафиттер, ханбалиттер, шафиштер, маликиттер көзге түседі. Идеялық алшақтықтар салдары VIII ғ-дың өзінде-ақ кем дегенде бес ағымның пайда болуына әкеп соқтырды (сунниттер, шииттер, хариджийалар, мутазилалар, муржиалар). Олардың барлығы өз сенімінің дұрыстығын дәлелдей отырып, бірін-бірі «бұрмалаушылар» немесе «адасушылар» деп айыптап, бір-бірінің көз-қарасына күмән келтірді. Сондықтан «дұрыс сенім» мен «адасу» мәселесі И. ф-нда басты орын алды. Бұл X–XI ғ-лар тоғысында «дұрыс сенім» ретінде «сенімнің кадитриттік белгісінің» жариялануына әкеліп соғып, одан ауытқу сенімсіздік ретінде қарастырылды. Алайда, бұл шара «бастапқы исламға» оралып, бірлікті нығайту талабын қайта жаңғыртқанымен, діндарлар таласындағы алауыздыққа шек қоя алмады. Ислам өркениетінің тарихында XIX ғ-дың басы — XX ғ-дың ортасы — нарық қатынастарының дамуына, ұлттық буржуазияның қалыптасуына, ұлт-азаттық қозғалыстарға байланысты күрделі де қайшылыққа толы «реформалар» кезеңі. Ғасырлар бойғы оқшаулықтан арылу мен техногенді өркениет жетістіктеріне, дүниежүзілік мәдениетке қосылу үдерісі И. ф-нда дәстүрлі қағидаларды жаңаша ой елегінен өткізу қажеттігін тудырды. Дәстүрлі филос. ой-пікірдің іргесі шайқалып, зайырлы білімге, ғылым мен техникаға қызығушылық оянды. Бұл үдеріс Батыс идеяларының ықпалымен жүргізілді, сондықтан «Шығыс

— Батыс» мәселесі бүкіл философияның мәселесі ішіндегі ең өзектісі болып саналды. Егер XIX ғ-дың басында И. ф-нда дін мәселесі басты үстемдікке ие болса, XIX ғ-дың 2-жартысынан бастап конституционализм, парламентаризм, бостандық, ұлт, т. б. мәселелер қозғалды. XX ғ. қарсаңында И. ф., әсіресе, Египет пен Сирияда, еур. филос. ой мен мәдениетке қызығушылықтың оянуынан Батысты мадақтаудан отаршылдыққа қарсы күрес пен еур. өркениетті сынауға қарай ойысты. Әлеум.-саяси мәселелерді шешудегі ағартушылық көзқарас жаңа заманғы И. ф-ның айрықша белгісіне айналды. Басты назар қоғамға пайдалы тұлға ретінде адам мәселесіне, адамгершілік мәселелеріне аударылды. Алайда, бұл И. ф. дәстүрлі құндылықтарды мүлдем ұмытты деген сөз емес. Ол Батыстың филос. идеяларын ислам өркениеті негіздері тұрғысынан, дәстүрлі ислам дүниетанымы тұрғысында қарастырды. Әлеум.-саяси және мәдени жағдайлардың өзгеруі барысында ынтымақтастық мәселесі жаңаша

қарастырылды. ХХ ғ-дың 2-жартысы И. ф-ның алдына мүлдем жаңа – демократия, филос.-теологиялық және әлеум. ойды нарықтық өзгерістер мен индивидуализм тұрғысынан дамыту мәселелерін қойды. Олар ең алдымен, әлеум.-саяси дамудың социализмнен де, капитализмнен де өзгеше «үшінші жолын» іздестірумен сипатталды. Соның негізінде «ислам мемлекеті», «ислам экономикасы» және т. б. тұжырымдамалар жасалынды. Партикулярлық ұлтшылдық пен панарабшылдық түріндегі ұлтшылдық әлеум.-филос. ойдың үстем формасына айналды. Батысқа қатысты екі жақты ұстаным қалыптасты: прогрессивті даму мақсатында Батыстың оңды жетістіктерін пайдалануға ұмтылыс арта отырып, сонымен бірге батыстық өмір салтына сенімсіздік көрсету, оны қабылдамау күшейе түсті. Саяси және әлеум. тұрғыдан алғанда, ислам дербестіктің, филос.-этик. тұрғыдан – рухани және адамгершілік құндылықтардың символы болып қала берді. Батыстық рационализм мен прагматизмді сынай отырып, И. ф-ның өкілдері батыстың филос. ой-пікірлеріне де жол беріп, әдістерін қолданды. ХХ ғ-дағы И. ф-ның дамуы ұлттық егемендікке жету, ислам әлемі елдерінің экон. және саяси тәуелсіздігін нығайту үрдісін қалыптастырумен сипатталады. Бұл ислам өркениеті мен И. ф-ның қарқынды дамуын білдіреді. Дәстүрлі И. ф-нда Әбу Насыр әл-Фараби идеяларының рөлі мен маңызы ерекше. Еуропаға табынушылық бағыттағы көзқарастар, әдетте, орта ғасырлардағы ислам философияларының, соның ішінде әл-Фарабидің де еңбегі мен жетістігі, көбінесе, тек қана гректер мұрасын жеткізуде деп қате тұжырым жасайды. Анығында, оның еңбегінің мәнін пайғамбардан кейінгі кезеңнен бастап өз дәуіріне дейінгі тарихи тұрғыдан жаңа, рухани шындықты ұғынуынан, адам өмірінің шынайы ақиқатын түсінуге ұмтылуынан іздеген жөн. Мұны философия тілінде жүзеге асыруға мүмкіндік берген әдіс – Платонның, Аристотельдің және олардың ізбасарларының ізденістеріндегі ойлар мен дәлелдер жүйесін түсіндіру еді. Қазақстанда И. ф-ның қалыптасуы мен дамуына түркі сопылығының ұлы өкілі Қожа Ахмет Ясауидің рухани қызметі үлкен әсер етті. И. ф-ның айрықша «мәртебесі» мен дүниетанымының ерекшелігін айқындаған филос. және қоғамдық ойдың дамуына Ясауидің қосқан үлесі сопылық – исламдық Алла тұжырымдамасын қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымына енгізу болып табылады. Исламның дүниетанымдық, әсіресе, имандылық пен адамгершілік аясындағы сипаттары қазақ ойшылдарының филос. ізденістерінен де көрініс тапты. Мыс., Абай философиясының дүниетанымдық мәселелерін И. ф. арқылы қарастыруға болады. Абайдың «Отыз сегізінші қара сөзінде» Жаратушы мен ол жаратқан дүниенің тұтастығы ұстынын сатылап көрсететін оның діни-филос. тұжырымдамасының түйіні тарқатылады. Абай тұжырымдамасындағы Жаратушыға көзқарас пен оған қызмет етудің екі қырын, бағытын нақты және анық бөліп қарау қажет: біріншісі – сана күшіне сүйене отырып, сенімнің не үшін қажеттігін анық түсініп, оның ұстындарын ұстанып, исламды қабылдау, екіншісі – исламды соқыр сенімге сүйеніп қабылдау. Абай әрбір адам үшін ең бастысы – сенімнің күштілігіне сену және сенімді ұғынуға ұмтылу деп біледі. Қазақ ойшылының айтуынша, адамға Алла берген сана оны Құдаймен жақындатады. И. ф. идеяларын Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармасында жалғастырып, одан әрі дамытты. Шәкәрім

үшін ақиқатты іздеу — дүниетанымдық бағдар үлгісін таңдап алумен тең. Шәкәрім жақсы меңгерген және өзінің «Үш анығында» көрсетіп берген филос. зерттеу әдістемесі И. ф-н зерттеушілердің назарын аудартады. Философиядағы материалистік бағыт бағдарын талдап, сынап отырып, Шәкәрім И. ф-ның негізгі ережелерін қорғап, жария етті: 1) дүниедегі нәрсенің себепті негіздері — танымның өлшеусіздігінде, Жаратушының құдіреттілігі мен шеберлігінде; 2) жан мәңгі және бастапқы кезден-ақ өмір сүреді және айналымның әрбір кезекті үдерісінде ол жаңа сапалы биіктікке көтеріледі; 3) жанның ажырамас қасиеті — ар-ұждан. Осының бәрін жинақтағанда бұл үш ережені қадағалау — адамның жоғары дәрежеге көтерілуінің шынайы ақиқат жолы.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ислам философиясы. 4 том. — Астана: Аударма, 2005. — 534 б.; Қазіргі мұсылман философиясы. 19 том. — Алматы: Жазушы, 2009. — 519 б.; Ислам. Энциклопедиялық сөздік. — Алматы: Аруна, 2009.

## Й

**ЙОГ** (санскр. *yoga* — байланыс, ойды жинақтау, бірлесу, тәртіп, терең ой) — көне және орта ғасыр үнді философиясының жүйесі. Й. негізгі қағидалары Патанджали, Упанишад йога және Титада жүйеге келтірілген. Й. жанды дүние құбылыстары әсерінен азат етуді көздейді. Ондағы мақсат — санадан, өзін-өзі танудан арылып, абсолюттік тыныштыққа жету, не жеке жанды абсолюттікке, құдайға жақындату. Й. идеясы ХХ ғ-дың мәдениетіне қарқынды ене бастады. Й-ны түсіндірудің жолдары қай кезеңде болмасын көне бастауларға апарды. Й-ны хатха — йога, джанана раджа, бхакти, карма — йога деген бес бағытқа бөліп қарастырады. Джанана — азаттыққа жетудің негізгі әдісі деп дүние құбылыстарының себеп-салдарлық ағысының мәнін тануды айтады, хатха-йога — денешынықтыру арқылы қуат, күш алуды ұстанады. Білімсіздіктен арылған жан өзін ерікті сезінеді. Раджа — джананың теориясына сүйене отырып, сыртқы дүниеден қол ұзу мақсатымен адамның ұстамдылығын жетілдірудің психикалық және физ. әдіс-жолдарының жүйесін қарастырады. Өзін-өзі терең тану (махасамадхи) өліммен тынады. Бхакти — азат болудың негізгі жолы деп «жоғарғыға» жан-тәнімен беріліп, сонымен бірігіп кетуді айтады. Бхакти карма-йогамен тығыз байланысты.

Карма — қоғамға адал қызмет етіп, сол қызметтің жемісінен біржола бас тартуды уағыздайды. Ғасырлық тәжірибесі бар йоганың практикасы күні бүгінге дейін Үндістанда кең тараған.

**Әдебиет:** Философия. Энциклопедический словарь. — М., 2004.

**КАМЮ Альберт** (1913–1960) — француз жазушысы, философ. Экзистенциализм бағытының өкілі ретінде К. нигилистік көзқарастағы «абсурд, мағынасыздық философиясынан» моралистік гуманизмге дейін көтерілді. К-дің танымында ең қайғылы қасірет ХХ ғ-дағы «құдайдың өлімі», яғни адамзат баласының парықсыз өмір сүруі, сондықтан өмір сүрудің өзі мән-мағынасын жоғалтты дегенмен астасады. Мұндай мағынасыз ғасырда кездейсоқтық қана үстемдік етеді. К-дің көзқарасы бойынша адам санасы мен дүние-әлемдегі қайшылық қақтығысынан мағынасыздық туады. Адамзат қоғамындағы мағынасыздық — К. тұжырымдамасының негізгі ұстанымы.

## К

Бұл идея бойынша бүкіл дүние мағынасыздықтан тұрады. Сондықтан адам баласы да мағынасыз тіршілік етуге, мақсатсыз өмір сүруге мәжбүр деп ұйғарады. К. сол мағынасыздықтан құтылудың екі жолы бар деп тұжырым, қорытынды жасайды. Біреуі – өзін-өзі өлтіру, екіншісі – бүлікшілік. К. бүлікшілікті абстракті адамның санасыздық пен мағынасыздыққа қарсы наразылық білдіруі деп түсінеді. Алайда, бұл бүлікшілік төңкерісшілдік мағынасында емес, керісінше жер бетіндегі мағынасыздық «хаосқа» қарамай, оған қарсы рухынды берік ұстап, өмір сүру дейді. К-дің филос. және көркем шығарм-ын – Батыс Еуропадағы рухани атмосферадағы тоқыраудың көрінісі деп тануға болады. К-дің «Бөтен» (1942) повесі, «Сизиф туралы миф» (1942) философ. эссесі, «Оба» (1947) роман – мысал әңгімелері, «Құлдырау» (1956), «Патшалық және қуғындалу» (1957) әңгімелер жинағы, т. б. еңбектері жарық көрген.

**Әдебиет: Камю А. Избр. проив. – М., 1993; Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004. – 349–350 бб.**

**КАНОН** (грек. *kanon* – ереже, қағида, өлшем) – берік сақталған, дәстүрлі, жалпыға түсінікті үлгі. Бейнелеу өнерінде көркем тәсілдер мен ережелердің жиынтығы (композиция өлшемі, колорит, пропорция жүйесі). Бейнелеу өнерінде әр дәуірде белгілі бір К-ның берік сақталуы міндетті болған. К. деп сондай-ақ, көркем шығарм.-та өлшем ретінде баланатын ұлы шығармаларды айтады. К. Шығыстың көне мәдениетіне, Көне түркі мәдениетіне және Еуропа мен Азияның ортағасыр мәдениетіне де тән. Қайта өрлеу дәуірінде К. бейнелеу өнерінің түрлі саласында рационалды жолмен бейнеленген заттың (адам тұлғасының пропорциясы т. б.) үздік үлгісін табуға тырысты.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т 12. – Астана: Аударма, 2005.**

**КАНТ Иммануил** (1724–1804) – нем. философы, ғалымы, классикалық нем. философиясының негізін қалаушы, әрі оның атасы болды. К. И. өзінің философиясын бұған дейінгі дәуірде бір-бірінен алшақ кеткен диалектика, логика және таным теориясы туралы мәселелерді жан-жақты талдаудан бастады. «Таза зердеге сын» (1781) деген атақты шығармасында сөзді бұрын ерекше бағаланып, бас иіп келген зерденің қазіргі кезеңдегі қайшылыққа ұшырап отырған тағдырынан бастайды. К.И. өзіне дейінгі ойшылдардың эмпиризм және рационализм саласындағы сыңаржақ кеткен кемшіліктерін көрсете отырып, философияда бұрын-соңды болмаған үлкен жаңалық – коперниктік төңкеріс жасады. «Таза зердеге сын» атты еңбегінде К. таным үдерісіндегі қайшылықтарды кеңінен ашып, олардан шығу жолын көрсетті. Адамның таным қабілетін сезімдік, пайым және зерде деп үшке бөлді. Ол математиканы, жаратылыстануды және метафизиканы (философияны) априорлы (априорлы – латын тіліндегі тәжірибеден тыс пайда болған ұғым, ой, идея) синтетикалық тұжырым арқылы талдай келіп, таным үдерісінің қалыптасуы мен белгілі бір сатылардан өту жағдайын көрсетті. Осыдан математика – сезімділікке, жаратылыстану – пайымға, метафизика – зердеге

қатысты екені анықталды. К. осылайша белгілеген адамның таным қабілетінің үш түрі философия тарихында ерекше рөл атқарады. Өйткені, бұл, бір жағынан, танымды біртұтас, бірақ ішкі қайшылыққа толы үдеріс деп қарау болса, екінші жағынан, философияны жаратылыстану саласымен тығыз байланыстыруға жасалған әрекет еді. К. уақыт пен кеңістік жаратылыстану саласындағы ұғымдар ғана емес, олар дүниетанудың сезімдік формалары екендігін философия тарихында алғаш рет айқындап берді. К.-тың зерде туралы көзқарасы философия тарихында, бұрын-соңды болмаған терең ойлар мен тың пікірлерді дүниеге ала келді. Оның айтуынша, зерде дегеніміз ол да пайым. Бірақ, ол – пайымның жоғары формасы. Зерде таным үдерісінде категориялармен айналыспайды. Ол ұстындар арқылы көрінеді. К. зерде тудырған қайшылықтарға ерекше назар аудара отырып, оның антиномияларын да жан-жақты талдады. Бұл антиномиялар сырт қарағанда тек ойдың жемісі ғана сияқты. Ендеше, одан туған қайшылықтар жасанды әрі жалған болып көрінеді. К. өзінің «Практикалық зердеге сын» деген шығармасында көптеген мәселелерге жаңа көзқараспен қарады. Атап айтқанда, философ еркіндіктегі себептілік идеясы арқылы жаңа заман ойшылдарының біразына сын айтты. Ол, әсіресе, Спинозаның жалпыға тән себептілікті қамтамасыз ету ілімін барынша сынады. Бұрын мораль мен парасат мәселелеріне тек қана дін үстемдік жүргізіп келген еді. Өйткені діннің айтуынша, мораль мен адамгершіліктің қайнар көзі – құдай. Тек сол ғана мораль мен адамгершілікті беретін. Бірақ К. құдай туралы мәселені шешуге болмайтын трансцендентті ұғым деп есептейді. Сондықтан ол мораль мен адамгершіліктің қайнар көзі бола алмайды. К.-тың ойынша, адамгершілік, парасат адам баласының бақытқа қарай ұмтылуымен тығыз байланысты. Бірақ бақыт деген ұғымның өзі эмпирикалық, оның өзгеруі мен дамуы белгілі бір дәуірдің жағдайымен байланысты. Егер адам белгілі бір іс-әрекетте парызға сәйкес іс атқарса, ондай адамда адамгершілік бар, ол парасатты. Алайда, адамның іс-қимылында әлі де адамгершілік, парасаттылық жоқ. К.-тың ойынша, адамгершілік заңын жай ғана қағазға жазып, іліп қоюға болмайды. Адамға ең алдымен құдайдың болмысын және мәңгі өшпейтін, өлмейтін идеяны беру керек. Бұл адамгершіліктің мақсатына жатады. Сондықтан ұлы философ бұл шығармасында зердеге қарсы шығып, сенімге қарай жол ашады. Оның айтуынша, құдайдың болмысын ғылыми түрде дәлелдеу мүмкін емес, бірақ құдайға сену адамгершілікке бастайды. К.-тың осы идеясы, зерделі ойы кейінгі ойшылдар мен ақын-жазушыларға ерекше әсер етті. К.-тың логикалық идеясы өз мазмұнынан айырылып қалды. Өйткені ойлау туралы түйіннің, қорытындының «өзіндік затқа», оны ойлауға ешбір қатысы болмады.

**КАНТШЫЛДЫҚ** (жаңа кантшылдық) – XIX ғ. Германияда Кантты қолдаушылардың немесе оны сынаушылардың атымен байланысты қалыптасқан философиялық ағым. 1860 ж. К. бір жағынан неміс идеализмінің спекулятивті метафизикасына қарсы оппозиция ретінде пайда болса, екінші жағынан – кейбір жеке ғылымдардың басты қағидаларын негіздеуге байланысты қалыптасқан қателіктерге наразылық ретінде пайда болды. Жаңа кантшылдықтың рационалистік түрлері: метафизика (Фолькельт,



Гартман, Вундт), құндылық философиясы (Гейдельберг немесе оңтүстік-батыс мектебі, Риккерт, Виндельбанд, Ласк), логистика (Марбург мектебі, Коген, Наторп, Кассирер, Либерт, Штамлер). Жаңа кантшылдықтың эмпирикалық түрлері: позитивизм (Дильтей), сенсуализм (Гельмгольц, Мах, Риль) функционализм (Файхингер) ретінде дамыды. 1850 ж. Францияда жаңа кантшылдықты Ренувье дамытты. Ол адамгершілікті таза парасаттық ұғымдар негізінде сараптап, Канттың бостандық, Құдай және өшпеу сияқты «практикалық тұжырымдарына» сүйенеді. Негізгі еңбегі: «la personnalisme» (1901).

**КАПИТАЛ** – адам тәжірибесінің сақталу, бекітілу, толықтыру, даму түрлері ретінде қоғамдық энергияны жинақтаудың, оны біркелкілендірудің және өзгертудің құралы. К. субъектіден жаттандырылған іс-әрекет түрінде өмір сүргендіктен, бір жағынан, адами қасиеттер мен оның күштері арқасында, олардың іс-әрекетінің құралдары ретінде, ол қоғамдық құбылыс ретінде көрінсе; екінші жағынан, қоғамдық өмірді қайта қалыптастырушы заттар жүйесі ретінде көрінеді. К. – экономикалық категория ретінде қалыптасқанға дейін «байлық», «акша», «мүлік», «игілік», «дәулет» ұғымдарын анықтады.

К. Маркс өзінің зерттеулерінде К.-ді адам іс-әрекетінің динамикасы, үдерісі, тірі еңбектің қозғалысы және жиынтық тәжірибенің жүзеге асу түрі ретінде қарастырады. К. мен еңбектің классикалық арақатынасы адам тәжірибесін үлгі түрінде және К. оларды тұтынушы, пайдаланушы ретінде көрсетеді.

Соңғы кездерде, К.-дың экономикалық түрлері экономикалық емес К. түрлерімен тығыз байланыста. К.-дың экономикалық емес түрлері: мәдени К. (мәдени құндылықтар, әлеуметтік бағалау, ақпараттар адам табиғатының игілігіне айналып, адам оны өз пайдасына еркін жұмсай алуы); зияткерлік К. (зияткерлік меншік – кітаптардың, телебағдарламалардың, ашылған жаңалықтардың және т. б. авторлары. Бұл меншік-пайданың қайнар көзіне айналуға). Бұл К. ақпараттық қоғамның тікелей туындысы; саяси К. – саяси іс-әрекет субъектінің еңбегін, саяси әрекетті қоғамның қолдауын, саяси субъектінің жұрт таныған өзіндік платформасының болуын, қоғамдық ұйымдар арасында байланыстың болуын қоғамның мойындауы).

**КАРЛЕЙЛЬ Томас** (1795–1881) – ағылшын философы, тарихшысы. Ол француз материализмінің және шотландиялық утилитаризмнің қас жауы болды. Оның көптеген шығармаларының өзекті мәселесінің бірі – ұлы тұлғалардың тарихты жасауы. Тарих мәселелерін қарастыра келе, ол данышпан, ұлы тұлғалар «орташа көпшіліктен» жоғары тұрып тарихты жасайды деген тұжырымға келеді.

**Негізгі еңбектері:** «Грехи, почитание героев и героническое в истории».

**КАРМА** (санскрит. – әрекет) – көне үнді діні мен философиясындағы таным. К. танымы бойынша тірі жан иесі өзінің өмірінде жасаған жақсы және жаман әрекетінің жиынтығына сәйкес, кейінгі басқа өміріндегі тағдыры шешіледі. К. бойынша өткендегі әрекеті бүгінгіге, бүгінгісі келешектегісіне

Философиялық энциклопедиялық сөздік  
ықпал жасайды деп тұжырымдалады.

**КАРНАП Рудольф** (18.05.1891 – 16.09.1970) – неміс-американдық философ және логик, логикалық позитивизмнің жетекші өкілінің бірі. Шығармашылық қызметінің алғашқы кезеңінде (XX ғ. отызыншы жылдарына дейін) Веналық үйірмесі белсенді қатынасып, логикалық эмпиризм идеяларын (физикализм және т. б.) дамытуға атсалысады. Екінші кезеңінде (1963 ж. дейін) ол ғылым логикасы мәселелерімен айналысып, ғылым тілін талдауға математикалық логика аппаратын қолдануға баса мән беріп, логикалық синтаксис теориясын дамытады. Бұл тұрғыдан ғылым логикасы сөйлемдер, ұғымдар, теориялар арасындағы таза синтаксистік байланыстарды талдаумен айналысады, ал реалдық объектілердің табиғаты, олардың ғылым тілінің сөйлемдеріне қатынасы туралы сұрақтар мүлде тыс қалдырылады, мұндай сұрақтарды ғылыми тұрғыда талқылау мүмкін емес деп санайды. Үшінші кезеңінде «ғылымның унификацияланған тілін» құрумен айналыса жүріп, таза синтаксистік қарастырудың жеткіліксіздігін, ғылыми тіл мен ол суреттейтін пәндік арналардың арасындағы қатынасты ескеру қажеттілігі туралы қорытындыға келеді. К. индуктивтік логиканы ықтималдылық логика ретінде түсіндіріп, индуктивтік қорытындылардың формалдыланған теориясын құрады, семантикалық ақпарат теориясын жасақтаумен айналысады. К-тың алған кейбір нәтижелері кибернетика бойынша зерттеулерде қолданыс табады. Оның орыс тіліне аударылған негізгі еңбектері: *Значение и необходимость*. – М., 1959; *Философские основания физики. Введение в философию науки*. – М., 1971. Осы соңғы еңбегінен қомақты үзінді қазақшаға аударылған // *Ғылым мен техниканың батыстық философиясы*. – Алматы: Жазушы, 2006. – 93–151 бб.

**КАРСАВИН Лев Платонович** (1882–1952) – орыстың діни философы және тарихшысы. Ежелгі христиандық Оригеннің іліміне, II–VIII ғ.ғ. теологиялық, философиялық, саяси-элеуметтік ілімдеріне және патристика өкілдерінің ілімдеріне сүйене отырып христиандық дүниетанымның біртұтас жүйесін жасауға тырысты. Ол В.С. Соловьевтың барлығының біртұтастығы (всеединство) қағидасын, үшеуінің біртұтастығы қағидасымен алмастырды. Бұл қағида бойынша, тарихи үдеріс үшеудің біртұтастығын қалыптастырады, «болмыстың өсуіне» мүмкіндік жасайды және оны жүзеге асырады. Ол Гегельдің «триадасы» секілді, этикада, гносеологияда, тұлға туралы ілімінде метафизикалық жүйе құруға талпынды. Ол ортағасырдың рухани мәдениетінің тарихына байланысты біраз еңбектер жазды.

Негізгі еңбектері: *«Культура средних веков»* (1914), *«Восток, Запад и русская идея»* (1922), *«О началах»* (1925), *«О личности»* (1929).

**КАРТЕЗИАНДЫҚ** – Декарттың ілімін жалғастырушылардың философиясы. К-шылдар өздерінің ілімдерінің бастауы етіп Декарттың «Мен ойлаймын, демек, мен өмір сүремін» қағидасын алады да сананың өзін-өзі анықтауына сенеді. Олар танымның негізін объективті шындықтан іздейді, керісінше, таным процесінің өзінен табуға тырысады. Рациональдық таным заттарды, құбылыстарды сананың өзін-өзі анықтауы арқылы танып-

біле алады. К. ойшындар дене мен жанның дуализмін уағыздайды және таным үдерісіндегі рационалды математикалық тәсілдің ролін ерекше атап көрсетеді.

**КАССАНДРА** (грек. *Kassandra* – Троя патшалары Прима мен Гекубтың қызы) – ешкім сенбейтін қатерлі болжамдар айтатын көріпкелдің бейнесі. «Кассандра әулиелігі» деген сөз тіркесі осының негізінде қалыптасқан. Трояның құлауын К. болжаған. К-ның күрделі оқиғаларға толы тағдыры көптеген өнер туындыларының негізгі сюжетіне өзек болды (Рубенстың картиналары, Клингердің скульптураларында). Сондай-ақ, К. бейнесіне әсіресе әдебиет саласында ерекше орын берілген.

**КАССИРЕР Эрнст** (1874–1945) – неміс философы. Неоканттық Марбург мектебінің өкілі. К. – ерекше бір мәдениет философиясын қалыптастырушы. К. тұжырымы бойынша, кванттық саладағы теориялық тұтас бірлікте көрініс тапқан «мәдениет әлемі» өмір сүреді. Өнердің түрлі салаларын К. «символикалық түрлер» деп танып (тіл, миф, дін, өнер, ғылым, тарих), оларды бір-бірінен өзгеше, біріктіруге келмейтін білім салалары деп есептейді. Өнер символизмнің ең жоғарғы сатысы ретінде адамды ең биік мағынадағы адам ұғымына көтереді. К. идеясының мәдениеттанудың, эстетиканың, символизмнің дамуына жағымды ықпалы болды. К-дің мәдениеттану, эстетика, символизм туралы ойлары «Ақиқат және таным» (1912), «Символикалық формалардың философиясы» (1923–31), «Адам туралы тәжірибе. Адамзат мәдениеті философиясына кіріспе» (1986), т. б. еңбектерінде көрініс тапқан.

**Әдебиет:** Кассирер Э. *Познание и действительность.* – СПб., 1912; *Философия. Энциклопедический словарь.* – М., 2004, 361 б.; *Әлемдік философиялық мұра. Т. 19.* – Алматы: Жазушы, 2006.

**КАТАРСИС** (грек. *catarsis* – тазару) – адамның рухани жан және тән саулығының үндестігі барлық элементер мен қуаттың бірлігінде екенін көрсететін ұғым. К. ұғымы көне грек философиясынан алынып, қазір де эстетикада кеңінен қолданыс тапқан. Көне гректер медициналық тазарту, емдеу арқылы денсаулықтағы бұзылған үндестік қалпына келеді деп таныған. Поэзия мен музыка да К. өзінің қасиетті әсерімен адамның рухы мен жанын тазартады. К-ке тән қасиет музыкада барын Пифагор ілімін дамытушылар айтса, Аристотель трагедия арқылы берілетін үрей мен қайғыдан да аффектілі нәтиже туатынын айтқан. К-тің көрінісіне өз еңбектерінде Платон, Әл-Фараби, Қ.А. Ясауи, Лессинг, Абай, т. б. тұлғалар тоқталып өткен.

**Әдебиет:** *Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т 12.* – Астана: Аударма, 2005.

**КАТЕГОРИЯЛАР** (гр. *katēgoria* – пікір айту, куәгерлік) – дүниедегі заттар мен құбылыстардың және таным үдерісінің неғұрлым ортақ және елеулі байланыстарын көрсететін бірегей, іргелі логикалық ұғымдар. Ғылымның кез келген саласы, оның ішінде философия ұғымдар жүйесін

пайдаланады, олардың ішінде зерттеліп отырған пән саласының неғұрлым маңызды ерекшеліктерін көрсететін негізгілері ғана К. дәрежесіне ие болады. Нақты жаратылыстану, қоғамдық және тех. ғылымдар К-сымен салыстырғанда филос. К. өздерінің жалпыға бірдей және іргелі сипатымен ерекшеленеді: олар практика мен танымның барлық саласында кездеседі және қолданылады, ақиқаттың аса маңызды байланыстары мен қатынастарын олардың неғұрлым жинақталған күйінде көрсетеді. К. мәселесі, олардың танымда атқаратын рөлі ежелгі заман философиясында пайда болды. Ежелгі заман ғылымының осы салаларындағы жетістіктері гр. ойшылы Аристотельдің «Категориялар» деген еңбегінде жинақталған. Онда дүниені танып-білу үдерісінің К. туралы жалпы түсініктердің рөлі жайындағы ғылыми деректердің бәрі жүйелі түрде баяндалған. Аристотель жасаған К. жүйесі (саны, сапасы, уақыты, күйі-жайы, пайда болуы және т. б.) К. туралы ілімнің одан әрі дамуына елеулі ықпал етті. Орта ғ-дағы схоластикалық философияда К. мәселелерінің байыпты зерттеулері болған жоқ, бұл жерде тек Орта Азия ғылымдарының (әл-Фараби, Ибн-Сина, О. Хаям және т. б.) еңбектерін атап өткен жөн. К-ға ықпал етіп машина өндірісіне көшу қажеттігі ғылымның алдында маңызды міндеттер қойып, ал бұл өз кезегінде ғылым дамуының, таным үдерісінің терең «ішкі» логикалық мәселелерін зерттеуді қажет еткен жаңа заманда ғана қайта жанданды. Сондықтан XVII–XIX ғ. философиясында К. мәселесіне, әсіресе нем. классикалық философиясында баса назар аударылды. Оның негізін қалаушы И. Кант К-ны ақыл-ойдың априорлық формалары ретінде, яғни тәжірибеден, ақиқаттан алынған нәтижелері ретінде емес, субъектіні танып-білуші адамның санасына әуел бастан белгілі, тәжірибеге дейінгі ұғым-түсініктер ретінде қарастырады. Сөйтіп, К. туралы мәселені Кант ойлау жүйесінің өзгермейтін тұрақты формалары ретінде идеалистік тұрғыдан шешіп, олардың тәжірибе қорытындысына қатыссыз болатындығын дәлелдеді. К. туралы мәселені Гегель де дәл осылай абсолютті идеяның көріністері ретінде шешті. Бірақ К-ды ол диалект. тұрғыдан олардың өзара байланысы және бір-біріне айналуы тұрғысынан пайымдайды. Гегель философиясындағы К. жүйесі мен оның диалектикасы кейінгі философияға орасан зор ықпал етті. Қазіргі батыс философиясының көптеген бағыттары К. мәселесінде қолдануға келмейтін айқындамаларда тұр. Олардың кейбірі (логикалық позитивистер) К-ды ғыл. тұрғыдан зерттеудің орнына, ғылым тілінің атауларына олардың мазмұнына нұқсан келтіре отырып, логикалық тұрғыдан формальды талдау жасаумен шұғылданады, басқалары (экзистенциалистер) адамның көңіл-күйін болмыстық антологиялық К. дәрежесіне көтереді, үшіншілері (неотомистер) К-ды құдайдың ақыл-ойынан және т. б. бөліп алады. Жаңа ілім К-ды қоғамдық практика мен танымның тарихи тәжірибесін қорытудың нәтижесі – ойлау жүйесінің әмбебап түрлері деп есептейді. Сондықтан К. белгілі бір қоғамдық практикада жинақталып, болмыстың жан-жақты байланыстары туралы ілімдер тереңдеп, толығымен түскен кезде қоғам дамуы-

ның белгілі бір кезеңінде ғана қалыптасуы мүмкін. «Адамның алдында табиғат құбылыстарының желісі бар. Инстинкті адам, жабайы адам өзін табиғаттан бөлмейді. Саналы адам бөліп алады, категориялар дегеніміз осы бөліп алудың, яғни дүниені танудың кішкене сатылары, табиғатты тануға және оны меңгеруге көмектесетін желінің өзекті пункттері». Диалектиканың категориялық аппаратында жекелеген К-мен қатар – материя, сана, қозғалыс, кеңістік, уақыт, практика, шындық және т. б. жалпы және жекелеген, себеп және салдар, қажеттілік және кездейсоқтық, жай-жапсар және құбылыс, мүмкіндік және ақиқат, форма және мазмұн сияқты және басқа да жұптас К-дың маңызы бар. Бұл К. біртұтас заттар мен үдерістердің қарама-қайшы және өзара байланысты жақтарын көрсетеді. Олар табиғи және қоғамдық үдерістердің, күрделі объективті диалектикасын ашып көрсетеді. Іс-әрекет пен танымның дамуына орай жекелеген К-дың рөлі мен орны өзгереді, ойлау жүйесі жаңа К-мен (мәс. жүйе, құрылым, элемент, т. б.) толыға түседі. Көптеген ғалымдар қолданып жүрген жалпы ғыл. түсініктер (хабар, симметрия, функция және т. б.) қазір зор маңызға ие болып отыр. Филос. К. ғыл.-тех. революция аппаратының мәселелерімен айналысуға мәжбүр болатын нақты ғылымдардың К-ымен тығыз байланыста болады. Нақты ғылымдардың осы салада алған нәтижелерін философия жинақтайды және оның өзінің ғана емес, сонымен қатар нақты ғылымдардың да шығармашылықпен дамуына қызмет етеді. Философия, мета ғылымдардың және нақты ғылымдардың К-лары осылай бірін-бірі толықтырып, бір-біріне айналып қана даму үстіндегі танымның әмбебап түсініктерінің жүйесін құра алады. Жанды, жылжымалы және қарама-қайшы болмыс тиісті ұғымдарда ғана дұрыс көрсетілуі мүмкін. Сондықтан таным «икемді, қозғалғыш, релятивті, өзара байланысты, дүниені камтитындай қарама-қарсылықтарда біртұтас болуға тиіс». Филос. К. біртұтас, өзара байланысты дүниенің көрінісі болғандықтан олар бір-бірімен белгілі бір байланыста болады және белгілі бір жүйе болуға тиіс. Бұл арада әрбір К. бүкіл жүйенің мәнісін ашып көрсету арқылы бүкіл жүйенің элементі ретінде ғана ұғынылуы мүмкін.

**КАТОЛИЦИЗМ** (гр. *katholikos* – жалпы, басты, бүкіл әлемдік) – христиан дінінің басты тармағының бірі. Қазір К. дінінің 1 млрд. астам адам өкілі. К. шіркеуі қатал орталықтандырылған. Ватикан – біртұтас бүкіл әлемдік орталық, ал Рим папасы – барлық католиктердің басшысы. Папа сенім мен морль мәселесінде күнәсіз адам, сондықтан оны Иисус Христостың істерін жерде жүзеге асырушы өкілі деп санайды. К. айрықша ерекшеліктері: Қасиетті Рух тек Құдай әкеден ғана емес, Құдай Баладан да тарайды; 1439 ж. Күнәһарлардың жандары азап шегу арқылы тазаратын орын – тазартылу (чистилище) догматы қабылданды; К. – дін қызметкерлерінің билгілі идеясын (иерократия) өздерінің басты қағидаларының бірі ретінде

дәріптейді. Сондықтан да, К. ылғи да билік, саяси міндеттер, папалар билігінің кең таралуы және дін қызметкерлерінің артықшылықтары туралы мәселелерге ерекше көңіл бөледі. К. бойынша, шіркеуден тыс жағдайда адамды құтқару жолы жоқ, құдайдан кешірімді ақша арқылы алуға болады (индульгенция). Осыдан келіп, адамзат тарихы папа билігінің барлық жерде жеңуі үшін күресу тарихы деп түсіндіреді.

Қазір К. ғылыммен, философиялық ағымдармен, медицинамен т. б. тығыз байланыста. Саясатта – адам құқығын мойындайды, реакциялық саяси тәртіптерді санайды, барлық демократиялық күштердің бірігуін уағыздайды. К. Италияда, Испанияда, Португалияда, Францияда, Бельгияда, Австрияда, Латын Америкасында басты конфессия болып саналады.

**КАУЗАЛДЫҚ** (лат. себептілік) – себеп пен іс-әрекеттің заңды байланысы. К. қағида ретінде мынаны көрсетеді: кез келген құбылыстың себебі бар және ол сол мезгілде басқа бір құбылыстың себебі болады. Себепсіз ештеңе болмайды. Себеп пен әрекет бұрыннан қазірге, одан болашаққа баратын қатар түзеді. Себеп сыртқы жағдайға (бірдеңе болып жатады) және ішкі жағдайға (оның арқасында бірдеңе болып жатады) бөлінеді. Бұл екеуінен басқа сылтауды айтуға болады. Егер порох құрғақ болса (сыртқы жағдай) және дұрыс құрылса (ішкі жағдай), онда соққының арқасында (сылтау) – ол тұтанады (әрекет). Философия тарихында, себептілік қағидасын алғашқы рет Демокрит талдады. Оның ілімін кейірінек келе стоиктер мен эпикур жалғастырды. Орта ғасырда себептілік қағидасы тек Құдайдың табиғатымен ғана байланыстырылып қаралды. Жаңа заманда (Бэкон, Галилей, Кеплер т. б.) сырт күштің әсерінсіз табиғатта болатын себептілік (каузалдық) туралы зерттеулер орын алды. Табиғатта болатын объективті себептіліктің орнына субъективті себептілік туралы ілімдер де пайда болды. Юмның пікірінше, каузалдыққа сену ассоциацияға, әдетке байланысты болса, Канттың ойынша, жалпыға бірдей каузалдық қағида-априорлы болады. Шопенгауэр каузалдықтың үш түрін айырып қарастырады: өз мағынасындағы себеп (биорганикалық элемге тән), тітіркену (органикалық-өсімдіктер өміріне тән) және себеп-дәлел (мотив барлық жанды тіршілік иелерінің қимыл-әрекеттерінде кездеседі). Милль, Спенсер т. б. себептілікті индукцияның көмегімен тек тәжірибеде ғана кездеседі деп түсіндірді, ал позитивистер (Конт, Авенариус, Мах т. б.) каузалдық ұғымын функционалды тәуелділік ұғымымен алмастырды. Соңғы кездері, каузалдық бардың мәнін түсіндіруші мүмкіндік ретінде қарастырылады. Қазіргі физиктер каузалдық қағидасын барлық жағдайда қолдануға болмайды дейді. Айталық, микроэлемге байланысты каузалдық тек жұмыс болжамы, мүмкін ереже ретінде қарастырылады.

**КВАНТТЫҚ МЕХАНИКА** – микродүние заңдары мен заңдылықтарының суреттейтін қазіргі физиканың іргелі теорияларының бірі. Ол атақты неміс физигі М. Планк 1900 ж. негіздеген кванттық гипотезадан ( $e=hn$ ) бастау алады. Кванттық идея фотоэффект заңдылықтарын түсіндіруде өз жемістілігін дәлелдеп, жарықтың фотондық теориясына жол ашады (А. Эйнштейн, 1905): Жарыққа тән корпускулалық-толқындық дуализм туралы түсінік орнығады, яғни ол, бір жағынан, толқындық үдеріс, екінші жағынан, фотондар ағымы, яғни корпускулярлық үдеріс екендігі анықталады. Н. Бордың зерттеулерінде (1913) кванттық түсініктер атомның ядролық моделін негіздеуде, оның құрылымын, сәулеленуінің спектрін есептеуде табысты қолданылып, атомдық-молекулалық құбылыстардың байырғы теориясын құруға зор септігін тигізеді. Бұл теорияның қайшылықтарын шешіп, оны алға бастыруда Н. Бордың сәйкестілік принципінің рөлі зор болды. Осы принципке және физика тарихынан белгілі оптика-механикалық аналогияға сүйене отырып В. Гейзенберг матрицалық механиканы (1925) жасап шықты. 1926 ж. Э. Шредингер Л. де Бройльдің барлық микробөлшектердің корпускулалық толқындық табиғаты туралы гипотезасын дамыта отырып, атомдық құбылыстар теориясының тағы бір вариантын – толқындық механиканы тудырады. Сол жылы Э. Шредингер бұл екеуінің математикалық эквиваленттілігін дәлелдегеннен кейін, олар бір теорияға – қазіргі кванттық механикаға айналды. Көп уақыт өтпей М. Борн толқындық теңдеудегі  $\psi$  – функцияның ықтималдылықты түсіндірмесін береді. Кванттық механиканың пайда болып дамуына байланысты микрообъектілердің реалдылығы, себептілік, жалпы алғанда детерминизм, статистикалық және динамикалық заңдылықтар арасындағы қарым-қатынас және т. б. мәселелер төңірегінде пікірталас XX ғ. бойы толастамай жүріп отырғаны белгілі. Мұнда, әсіресе, А. Эйнштейн мен Н. Бордың арасындағы К.м.-ның гносеологиялық мәселелері бойынша орын алған пікірталасын ерекше атап өткен жөн. К.м. пайда болуы А. Эйнштейннің қатынастылық теорияларымен бірге классикалық емес ғылымның дүниеге келуіне әкеліп соқты. Бұл теориялардың өзара синтезделуіне байланысты теориялық физиканың әлі шешіле қоймаған мәселелерінің өршуі (кванттық электродинамика, кванттық хромодинамика, өрістің кванттық теориясы және т. б.), бірегей өріс теориясын, фундаменталдық өзара әсерлердің бірегей теориясын құруға деген құштарлық қазіргі постклассикалық емес ғылымның ең өзекті мәселелеріне айналуға.

**Әдебиет:** Бор Н. *Дискуссии с Эйнштейном по проблемам теории познания в атомной физике* // Бор Н. *Избранные научные труды, В 2-х томах. Т. 2.* – М.: Наука, 1971. – С. 399–433; Фок В.А. *Квантовая физика и философские проблемы* // Там же. – С. 648–650; Джеммер М. *Эволюция понятий квантовой механики.* – М.: Наука, 1985; Сабитов М. *Формирование и развитие квантовой механики: Логико-гносеологический анализ.* – Алма-Ата: Наука КазССР, 1984.

**КВИЕТИЗМ** (лат. – тыныштық) – өмірден алшақ жатқан іс-қимыл. Барынша түңілген, ешқандай ашу-ызаға берілмеген – аффектісіз, жігерсіз қимыл. К.-нің басты қағидаларының бірі – құдайдың еркіне қарсыласпай, жігерсіз бас ию. К. мәнін Ф. Залес былай сипаттайды: «ештеңеге талпынбау,

**КЕЛБҰҒАНОВ Ақылбек Жолмұхаметұлы** (1951–1987). К. 1951 ж. 7 нау-рызында Семей облысы, Аягөз қаласында дүниеге келді. 1968 ж. орта мек-тепті үздікке бітіріп, С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің философия және экономика факультетіне оқуға түседі. Студенттік шағынан өзін ғылым мен білімге бейімділігін, құштарлығын танытқан А.Ж. К. оқуын қызыл дипломға тәмамдап, ҚазКСР Ғылым Академиясының философия бөліміне жұмысқа орналасады. 1976 ж. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ге оқытушылық қызметке ауысып, Көне Үнді, Көне Қытай, Батыс Еуропа философиясы, формальды логика пәндерінен дәрістер оқиды. 1977 ж. ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесі А.Х. Қасымжановтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1983 ж. АҚШ-тың Мериленд университетінде біліктілігін арттырады. 1985 ж. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің философия және экономика факультетінің деканы қызметіне тағайындалады. 1986 ж. Эфиопияның жоғары партия мектебіне жіберіліп, онда философия, мәде-ниет тарихы, логика пәндерінен дәрістер оқиды.

**Негізгі еңбектері:** А.Х. Қасымжанов, К.М Сатыбалдина, А.Ж. Келбуганов. «Круги в познании: ленинское учение о единстве исторического и логического» (1977), А.Х. Қасымжанов, А.Ж. Келбуганов. «О культуре мышления» (1981).

**КЕҢЕСТІК ФИЛОСОФИЯ** – Сталин қайтыс болғаннан кейін марксизм-ленинизм және диалектикалық материализм тұрғысынан кеңестік философтардың философиялық мәселелерді сыни ойлау негізінде, қалыптасқан маркстік-лениндік концепциялардан аз да болса алшақтауға тырысып, көптеген қайшылықты мәселелерді ашық талқылай бастау кезеңін айтады. Бірақ бұл жаңа идеялар идеологиялық догма қойған талаптар шеңберінен шыға алмай, шын мәніндегі еркін ойлау дәрежесіне көтеріле алмады. Соған қарамастан, К. ф. әлеуметтік-гуманитарлық, қазіргі таным концепциясын әлеуметтік-тарихи тұрғыдан негіздеу, әлеуметтік болмыс пен таным мәселелеріне сүйеніп дүниетанымдық көзқарас қалыптастыру, диалектикалық логика философия тарихын материалистік тұрғыдан қайта қарау, әлеуметтануды кеңестік жағдайға бейімдеу т. б. осы сияқты күрделі мәселелерді қарастырып, біршама жетістіктерге жетті. Бұл салада Батищевтің, Бахтиннің, Ильенковтың, Копниннің, Мамардашвилидің, қазақстандық философтар – Әбділдиннің, Қасымжановтың, Нысанбаевтың және т. б. сіңірген еңбектерін ерекше атап өту керек.

**КЕҢПЕЙІЛДІЛІК** – адамның рухани болмысының өлшемі болатын оң моральдық сапаны анықтайтын этикалық категория. К. жомарттықтың негізгі элементтерінің бірі десек болады. К. – ол адам өзіне керек болып тұрған немесе өзі оған мұқтаж бола тұра өзгенің зәрулігін өтеуге қол ұшын беруге ұмтылатын қасиет. Өзін емес өзгенің қамын ойлайтын, жарлы келгенде ішкен асын жерге қойып, қызмет ететін жандардан болатын адам.



**КЕРІ БАЙЛАНЫС** – тірі табиғат, қоғам және техника – технология жүйелерінің қызмет атқару және даму процесін реттеуді көрсететін негізгі ұғымдардың бірі. Егер тікелей байланыс сигналды (дабылды) жүйенің орталық органынан атқарушы органдарға жіберсе (мыс. ми – қолға, аяққа, ішкі органдарға т. б.), кері байланыс – басқару нәтижелері туралы ақпаратты орталық блокқа жібереді. Күрделі жүйелерде (биологиялық, техникотехнологиялық, қоғамдық) кері байланысты болып жатқан процестер туралы ақпаратты жеткізу деп қарастырады. Осы ақпараттар негізінде процесті үдететін, шектейтін, тоқтататын басқарушы шешім қабылданады. Кері байланыс басқарылатын объектінің әртүрлі параметрлерін (мыс. температураның, қысымның қан құрамының және т. б. тұрақты болуын қадағалайды) және организмнің өсуін, тірі табиғат пен қоғамның даму процесін тұрақтандырады.

**КЕСІМДІ ИМПЕРАТИВ** – неміс ойшылы Иммануил Кант философиясының ұғымы, жалпыға бірдей, жеке принципке (максиме) қарама-қарсы, міндетті түрде орындалуға тиіс мінез-құлықтық адамгершіліктік ереже. Канттың пікірінше, адам бір-біріне қарама-қайшы екі дүниенің: сезім арқылы қабылданатын феноменалдық және ақыл арқылы танылатын ноуменалдық дүниенің субъектісі. Феноменалдық дүниеде адам табиғи күштерге, қоғамдық ережелерге тәуелді, яғни өзін еркін сезіне алмайды. Ал ноуменалдық дүниеде адам еркін, сезімнен жоғары, рухани-адамгершілік идеалдар мен құндылықтар үстем интеллигенбелді дүниенің мүшесі. Яғни, адам екі қайшылықтың – табиғат пен еркіндіктің – арасында таңдау жасауға мәжбүр. Кант осы екі дүниенің өзара байланысын, бір-біріне әсерін мойындай отырып, ноуменалдық бастауды жоғары қояды. Оның тұжырымдауынша, адам ақыл-ойының көмегімен адамгершілік ережелерін жасақтауға қабілетті. Бұл ережелерді Кант екі түрге бөледі: шартты және шартты емес. Шартты ережелерді орындау-орындамау адамның өз еркінде. Мысалы, әрбір адам денсаулығын күткені дұрыс. Бұл ереже жалпы түрде ұсынылады, саулығыңыз туралы бас қатырғыңыз келмесе, ол сіздің жеке проблемаңыз. Ал адамгершілік талаптарды, Канттың пікірінше, әрбір адам орындауға міндетті, оларды Кант абсолюттік адамгершілік заң, бұлжымайтын императив ретінде қарастырады. Адамгершілік заң адамның абсолюттік еркіндігін реттеуші нәрсе. Кант «Сен еркін де ақылды болуға тиістісің» деп жария еткенімен, абсолюттік еркіндік түбі жақсылыққа апармайтын түсінді, сондықтан да бұлжымайтын императивті енгізді. (Шектеусіз, абсолюттік еркіндік іс жүзінде аморальдыққа ұшырататынының дәлелін тарихтан да, қазіргі өмірден де көруге болады. Гегельдің өзі абсолюттік еркіндікті жан шошырлық нәрсемен теңеуі тегін емес). Бұлжымайтын императив парыз ұғымына негізделген.

Бұлжымайтын императивтің келесі қағидаларында Кант адамға деген талабын күшейте түседі: «Сенің ісің, тәртібің жалпы заң болсын», «Сенің жігеріңді билеуші ереже дүниежүзілік заңдылық негізіне айналатындай қызмет ет». Яғни, басқаларға үлгі болатындай өмір сүру – әрбір адамның парызы, бұл тұжырым адам өмірінің өлшемі деуге де болады. Аталған талап адамнан көп еңбекті, мықты жігерді, ақылойдың орасан жұмысын қажет

етеді, бірақ адамның рухани, адамгершілік, тіпті кәсіби жағынан жетілуіне зор пайдасын тигізетіні күмәнсіз. Парыздың осыншама императивтік күшінің негізін Кант «адам табиғаты мен адам өмір сүріп отырған дүниенің жағдайларынан емес, а priori таза ақыл ұғымдарынан іздеу қажет» деп түсіндіреді. Ол адамның адамгершілікті өмір кешуі қажет екендігін оның ақылы, парасаты талап етеді, сондықтан адам ақылының бұйрығын міндетті түрде орындауы керектігін ерекше ескертеді.

**КИБЕРНЕТИКА** (гр. – басқару өнері) – өзін-өзі басқаратын машиналар (әсіресе «электронды миы» бар машиналар) туралы ғылым. Алғашқы рет К. терминін ежелгі грек ойшылы Платон – теңіздегі кемені басқару өнері деген мағынада қолданды. XIX ғ. француз ғалымы А.М. Ампер ғылымдарды жіктеу барысында күнделікті саясат және қоғамды басқару туралы ғылымды К. Виннердің «Кибернетика немесе басқару...» (1948) еңбегінің жарық көруімен тікелей байланысты. Виннер кері байланысы бар жүйелерде автоматты реттеу теориясының нәтижелеріне сүйене отырып, басқару кодталған ақпараттары бар сигналдар арқылы жүзеге асады. Осыдан келіп, ол басқаруды ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау, пайдалану және әрі қарай жіберу процесі деп атады. К. негізгі ұғымдары: басқару, ақпарат, кері байланыс, автомат, ес және т. б. XX ғ. екінші жартысынан бастап К. мамандар қандай болмасын күрделі (соның ішінде адамның ойлау қабілетін де) жүйелерді модельдеу арқылы, оларды тиімді басқаруға болады деген тұжырымға келді. Осыған байланысты ғалымдар, философтар арасында «болашақта өзін-өзі қайта өндіре алатын автомат-андриодтар адам өміріне, жалпы адамзатқа қауіп төндірмей ме?» – деген сұрақтар кең өріс алды. Бұл сұраққа жауап ретінде Г. Саймон «Жасандылар туралы ғылым» атты еңбегінде кибернетикалық конструкциялар мен логикалық зерттеулер (К. саласындағы) ақыл-ой ұғымы туралы классикалық түсініктің қазіргі «электронды ойлау» жүйесіне сәйкес келмейтіндігін, осының негізінде «шектеулі ақыл-ой» ұғымын енгізді. Осыдан кейін К-ны техникалық білімнің бір бөлігі ретінде қарастырып, ал К. философиялық мәселелерін техникалық философияның бөлігі ретінде қарастырылып жүр. Болашақта К. зерттеушінің санасын техникалық мәселелерді шешудің алдын-алуға байланысты күрделі мәселелермен кездестіруі мүмкін, зерттеуші санасы мүмкін, өзектенбеген болмыспен кездесуі ғажап емес. Әлеуметтік салада К. ақпараттарға сүйеніп қоғамдық процестерді және оны басқаруды модельдеу арқылы ақпараттық қоғамның техникалық-технологиялық негізін қалауда.

**КИНИКТЕР** (гр. – көгерген ит). Негізін қалаушы Антисфеннің (б.д.д. 444–368) пікірінше, нақты өмір сүретін тек жеке заттар ғана, ал жалпы ұғымдар заттың қандай зат екенін анықтайтын сөз ғана. Білім – ұғымдардың мазмұнын құрайтын пайымдаулар. Антисфен өзінің ұстазы Сократтың рақымшылдық, ізгілік туралы ілімін жалғастырды. Денсаулық сияқты игілікпен салыстырғанда түкке тұрмайтын сөздерден рақымшылдық әлдеқайда құнды және оны жалғыз ғана игілік деп уағыздаған. Адам өзінің негізгі мақсаты бақытқа тек рақымшылдық арқылы жете алады. Рақымшыл болу

үшін көп білудің қажеті жоқ, ол тек іс-әрекет арқылы ғана көрінеді. Кез-келген адам рақымшыл болуға қабілетті, бірақ оған өз құмарлықтарын шектей алатын адамдар ғана жете алады. К-тер мемлекеттік заң мен рақымшылдық заңдарын ажыратып, бөліп қарастырады. Мемлекеттік заң рақымшылдыққа жеткізбейді. К. үшін шын мәніндегі жоғарғы бақыт – бақыттымын деп өлу. К. ілімін ілгері дамытқан Антисфеннің ізбасары Синоптық Диоген (б.д.д. 412–323). Ол рақымшылдыққа, бақытқа, шынайы бостандыққа ұмтылмайтын адамды сынап, ләззатқа деген құмарлықты шектеудің өзі ләззат деп уағыздаған. Ол тал түсте қолына қол шам алып, базар алаңында: «Халық – көп, адам аз екен» деген қанатты сөздерін қалдырған. Бірде базар алаңында бөшкеде отырған Диогеннен Ұлы Александр: «Сіздің қандай өтінішіңіз болса да орындауға әзірмін» – деп сұрағанда, ол: «Күнді қалқаламаңыз», – деп жауап беріпті. К-тер материалдық тұрмыс мұқтаждықтарын елемей, қоғамда қалыптасқан әдет-дәстүрлерді мысқылдап, нағыз данышпандық – рақымшылдық арқылы бақытқа жету деп түсінген.

**КИРЕНДІК МЕКТЕП** (Кирен қаласының атымен), кейде оларды гедонистер деп те атайды. К.М. негізін қалаушы ойшыл Аристипптің (б.д.д. 435–355) көзқарасының қалыптасуына Сократтың да, софистердің де ілімдері үлкен әсер еткен. Танымның қайнар көзі – түйсік. Бірақ түйсік арқылы табиғаттың заңдылықтарын, оның қасиеттерін танып біле алмаймыз. Біз тек өзімізге тән субъективті қабілеттеріміздің нәтижесін ғана тани аламыз. Тек өзіміз сезінген ләззат пен қасірет қана игілік, рақымшылдық. Ләззат өткенге де, болашаққа да бағытталмайды, ол тек қазіргі нақтылық. Сондықтан «қазір ғана ала алатын ләззатқа ұмтылу керек» – деп тұжырымдайды Аристипп. Ләззатқа жетудің бірден-бір жолы – өз еркіңмен қол жетпейтін, не қасірет әкелетін құмарлықтан бас тарту. Аристипп мемлекетті, оның заңдарын рахатқа бөлену, бақытқа жетудің құралы деп қарастырған.

**КИРЕЕВСКИЙ Иван Васильевич** (1806–1856) – орыстың діни философы, әдебиет сыншысы, публицист. К. – славянофилдік философияның өкілі. Оның пікірінше, Еуропа Ағартушылығының тоқырауы олардың діни бастаудан кетіп, рухани біртұтастықты жойып алуында жатыр деп есептеді. Жалпы батыс ойшылдарының еңбектеріне талдау жасай отырып, К. Гегельді рационалист ретінде қарастырып, оны Аристотельдің ілімін жалғастырушы деп санады. Гегельдің ілімі батыс ойының ең биік шыңы. Осыған қарамастан К. оған таза ортодоксалды сенім мен сезімге негізделген орыс дүниетанымын қарсы қою керек деп түсінді. К. түсіні-гінше, өзіндік ерекшелігі бар орыс философиясының міндеті – батыс ойшылдарының алдыңғы қатарлы идеяларын өздеріне сіңіре отырып, шығыс патристикалық ілімі негізінде ілгері даму. К-дің еңбектері 1861 ж. 2 томдық кітап болып шықты.

**КЛАССИКА** (лат. *classicus* – көрнекті, үлгілі) – көрнекті, үлгілі, жұртшылық таныған көркемөнер және әдебиет шығармалары, әлемдік және ұлттық мәдениетте мәңгілік құндылық ретінде бағаланатын дүниелер.

### **КЛЕЩЁВА (ХАФИЗОВА) Райса Ахметовна**

1932 жылы 9 шілдеде партия қызметкерінің отбасында дүниеге келген. Мектепті алтын медальмен бітіргеннен кейін ол М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетіне оқуға түседі. 1955 жылы оқуды бітіргеннен кейін ол Қарағанды педагогикалық институтына жұмысқа жіберілді. Педагогикалық институттың оқытушысы, ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, ҚарМУ оқу ісі жөніндегі проректоры болып жұмыс істеді. 1974-1992 жылдары – философия кафедрасының меңгерушісі. 1992 жылдан 2004 жылға дейін – ҚарМУ философия кафедрасының профессоры.

1963 жылы КСРО Ғылым академиясының Философия институтында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін 1983 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде философия ғылымдарын докторы болды. Оның жетекшілігімен 9 кандидаттық диссертация, бірқатар магистрлік және студенттік диссертациялар қорғалды. Ол өзі бастаған топтан 4 адамның философия докторы атануына көп үлес қосты.

Ол 300-ге жарияланымның, оның ішінде бірқатар монографиялардың авторы. Шетелде де, Мәскеуде, Ленинградта, Свердловскіде, Иркутскіде және бұрынғы Кеңес Одағының басқа қалаларында өткен ғылыми форумдарда бірнеше рет сөз сойледі. Ол Свердловск қаласындағы философиялық ғылымдар бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғауға арналған диссертациялық кеңестердің мүшесі болды. 2004 жылдан бастап бірнеше жыл бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰу-дың философия кафедрасының профессоры қызметін атқарды.

**КОГЕН Герман** (1842–1918) неміс философы. 1876–1912 ж.ж. Марбург қаласында тұрған. Наторп сияқты К. де марбург мектебінің негізін қалаушылардың бірі. К. бойынша, ойлау идеяны ойлау ретінде, ал болмыс ойлау пәні ретінде тепе-тең, бірдей. Шындықтың (нақтылықтың) ешқандай да метафизикалық негізі жоқ. Тәжірибе үрдісі дегеніміз зат қалыптастыру процесі. Кез-келген ғылымның (философияның да) тәсілдік символы – математика. К. пікірінше, Канттың моралі «Ежелгі өсиет» моралі. Сондықтан, мемлекет – ең басты мақсат емес, ол жеке адамдардың моральдық дамуын ұйымдастырушы және гуманистік идеалды жүзеге асырушы құрал. Құдай – барлық идеялардың ортасы, ол – ақиқат идеясы.

**КОГЕРЕНЦИЯ ТЕОРИЯСЫ** (өзара байланыс). К. қағидасы барлық өмір сүріп тұрған денелер өзара байланыста болады деген тұжырымды басшылыққа алады. Онтологияның когеренттік заңы әртүрлі қабаттардың категориялары арасында бар байланысты көрсетеді. К. – факторлар психологияда ерекше қаралады. Ес бөлімдері өздерінің ұқсастығымен, кеңістік және уақыттық жақындығымен, симметриялы орналасуымен және т. б. ерекшеленеді, осының арқасында олар межеленген қабылдаумен бірігуі

мүмкін. Қазіргі психологияның айтуынша, К-тілік факторларының объективті қасиеттері мен белгілері әртүрлі байланыстардың қалыптасуына тікелей себепкер болады.

**КОГНИТИВИЗМ** (лат. – білім, таным). ХХ ғ. 50-жылдарында пайда болып, көптеген пікірталастар тудырды. К. – қоршаған орта, қоғам және адамның өзі туралы қалыптасқан ғылыми білімнің жаңа деректерге, ақпараттарға, ғылыми жаңалықтарға қайшы келуінен туындайтын интеллектуалды қақтығыс. Қақтығыстың нәтижесінде пайда болған дискомфорт пен шиеленісті шешу жолдарын көрсететін концепциялар пайда болды. Олар қақтығыстан шығу үшін әртүрлі шараларды ұсынды: зерттеуші жаңа ақпаратты мойындамайды, не одан қашқақтайды; немесе шындығында ешқандай да қайшылық жоқ деп өзін-өзі сендіреді; немесе қайшылықтарды келістіруге тырысады немесе өзінің көзқарасын сақтау үшін әртүрлі шараларға барады. Дискомфорт айналып келгенде ескі біліммен жаңа білім арасындағы «қашықтық» ретінде тек таным процесінің өзінде ғана шешіле алады. Дискомфорттың шешілуі бар білімді эвристикалық қайта құрылымдау арқылы жаңа ақпаратты түсінуге бағытталғанда ғана мүмкін болады.

**КОЛЛИЗИЯ** (лат. *collisio* – қақтығыс) – қарама-қарсы күштердің, көзқарастардың, ұмтылыстардың, мақсаттардың қақтығысын білдіретін термин. Көркем К. – көркем шығармадағы кейіпкерлердің, ондағы оқиға шиеле-

ністерінің, қақтығыстарының көрінісі. Көркем К. тікелей шығарманың сюжетінде, оқиғадағы тартыста байқалады.

**КОЛУМБАЕВ Бисембай Ергалеевич**, 1946 ж.т. – философия ғылымдарының докторы, профессор. Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ-да қызмет етеді. 75 ғылыми мақала авторы, сонымен қатар мынадай монографиялары: «Үшінші адам: ізденіс, құрылым, адамдағы «адамшылықты» еңсеру», 271 б., Қарағанды, 1992 (Б.Е. Колумбаевтың 2011 жылы «Таңдаулы еңбектерінің» бірінші томы қайта шығарылды); «Пайымдар: Adhominem», 187 б., 2011 (Б.Е. Колумбаевтың «Таңдаулы еңбектерінің» екінші томы қайта шығарылды) және «Адам хроно-топосы», 318 б., (Қарағанды, 2021).

Б.Е.Колумбаевтың философиялық ойларының тамыры, оның өзінің көзқарасы бойынша, «Адам мәселелерін» қарастырудан бастау алады. Ол еңбектерінде бұл мәселені өз жан-дүниесінің рефлексивті толғанысы нәтижесінде дүниеге әкелді. Аталмыш әрекеттер оның кандидаттық диссертациясынан басталды: «Сұқбаттасу адамның әлеуметтік қызметі» және соңғы кітабы «Хроно-топоста» жалғасын тапты. «Сөз» (бірінші бөлім) және «Жан» мәселесі (екінші бөлім) автордың өзі алдындағы жауапкершілігіне тұнып тұр. «Қайдан білемін?» деген сұрақ туындайды. Б.Е. Колумбаев үшін бұл сұрақтың жауабы «жан» берумен тең. Ол тікелей «Адам бір жақты ма?», «Рухани дағдарыстың шешімі бар ма?», «Әлемді неге сұлулық күтқарады?», «Экологиялық мәселелердің шешімі бар ма?», «Қайсысы маңызды: білім бе, әлде сенім бе?», «Постмодернизм қайдан біледі?», «Адам қайдан жазылады және неге жазылмайды?» деген сұрақтарды қояды және жауабын іздейді. Философ үшін өз алдына қоятын мәселелердің шешілгенінен гөрі, олардың шешімсіздігін табу басты мақсат болмақ. Олай болмаған жағдайда, бұл философиялық сұрақ емес болып шығады. Бұның мәні адам қаншалықты «ғалым-философ» болғанымен де, «адам мәселелесінде» жанмен берілу арқылы ғана шынайы шешімін таппақ. Сол себепті, философия ғылым емес, яғни, ғылымдардың ішіндегі ғылым емес, ол тым жоғары сананы қажет етеді, өзімен айналысатын homo sapiens-тен асып түседі. Бұл тек Б.Е. Колумбаеваевтың ойы ғана емес, оның жұмыстарында көрініс табатын сенім – даналыққа қызмет етуге деген махаббаттан шығады.

**КОМИКАЛЫҚ** – адам сезіміне әсер ететін зілсіз, көрнекті, қызық қарама-қайшылықтағы іс-қимылы. Мыс. әйел даусымен сөйлейтін ұзын бойлы, толық еркектің жағдайын К. деп атауға болады. Кейде адамдар комикалық жағдайға әдейілеп, не байқаусызда тап болуы мүмкін. («Бриллиантты қол» фильмін еске түсіріңіз). Комизмнің бірнеше түрін атауға болады: әсерлі комизм, нәзік комизм, қызықты комизм, гротескті комизм, трагикомизм және т. б. Қалжыңдарда көбінесе ашық айтылған күлдіргі сөздермен қатар, жасырын астары бар сөздер де қолданылады. К. жағдай табиғи жолмен қалыптасуы мүмкін, жасанды жолмен де қалыптасуы мүмкін. Біріншісі адам сезіміне оң әсер етсе, екіншісі – берекесіздікке, өрескелдікке әкелуі мүмкін. К-тың жоғарғы сатысы ретінде юморды атауға болады.

**КОММУНИЗМ** (лат. – ортақ) – маркстік-лениндік философияның басты категорияларының бірі. Адамзат тарихы өзінің даму барысында әртүрлі тап күрестерінің арқасында әртүрлі қоғамдық формациялардан өтіп, ақырында осы К-ге жетеді. Бұл адамдардың бәріне игілік, жақсылық әкелетін қоғам. Ондай қоғам туралы алғашқы ойлар Платонның, Аристотельдің, Фарабидің идеалды мемлекет туралы ілімдерінде кездесті. Жаңа заман кезінде Т. Мор, Т. Кампанелланың еңбектерінде, Асан қайғының қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған «жерұйық» туралы ойларында адамдарға байлық, бақыт әкелетін қоғамды аңсап, армандау жатыр. Маркстің, Лениннің, олардың ізбасарларының шығармаларында К. адамдарды тең қылатын, әділетті, жеке меншік жойылған, қоғамдық табыс адамдардың мұқтажы мен физикалық мүмкіндіктеріне қарай бөлінетін экономикалық-қоғамдық формация ретінде уағыздалады. Бұл ұлы ойшылдардың «балалық утопиясы» еді. Өйткені, нағыз рухани жетілудің көзі болып табылатын дін жоққа шығарылып, оның тек апиын деңгейінде сипаттау К. туралы ілімде басымдық танылады.

**КОММУНИКАЦИЯ** (лат. *communicatio* – қатынас, байланыс) – қатынас, байланыс, хабарлау амалдарының жолдары. Адамдардың бір-біріне хабар беру (идея, образ, баға, белгі т. б.) жолдары, бір-бірімен хабар алысушыларды байланыстыратын канал, хабарды беру және алу процесі, хабарды алу және беру барысындағы байланыс т. б. К-ға жатады.

**КОМПАРАТИВТІЛІК** (лат. *comparatiuus* – салыстырмалы) – мәдениеттануда салыстырмалы зерттеу арқылы мәдениеттегі жалпы және ерекше құбылыстарды анықтау, ондағы даму үрдісін айқындау әдісі. К. әдісіне

жататындары: салыстырмалы әдіс (әртүрлі текті объектілерді салыстыра отырып табиғатын ашу), тарихи типологиялық салыстыру (генезисі мен даму жағдайлары бірдей, шығу тегі жағынан түрлі құбылыстардың ұқсастығын түсіндіреді), тарихи – генетикалық салыстыру (құбылыстардың ұқсастығы олардың шығу тегі жағынан жақындығының нәтижесі) т. б. К. ағымы – тарих ғылымында, тіл білімінде, этнографияда, социологияда, заң ғылымында, әдебиеттануда кеңінен қолданыс тапты.

**Әдебиет: Философия. Энциклопедический словарь. – М., 2004.**

**КОНВЕНЦИОНАЛИЗМ** (лат. – келісім) – философиялық қағида ретінде, логиканың қағидаларын тек келісімділіктің шарттары деп есептейді. Сирегірек, термин К. этикада императивтік пен конвенционалдықты (келісімділікті) бір-біріне қарсы қойғанда қолданылады. Р. Карнап К-ді жарасымдылық (төзімділік) қағидасы ретінде қарастырып, ғылымның және қоғамның ережелерін қалыптастырғанда тілдің рөлін ерекше атап өтеді. Егер «конвент» сөзінің ағылшын тілінде де, француз тілінде де заң шығарушы мәжіліс екенін, ал «конвенция» сөзінің келісім-шарт ұғымын беретінін ескерсек К-ді консенсустың идеялық платформасы деп қарауға және жеке адамдардың, топтардың, мемлекеттердің, әртүрлі саяси күштердің пікірлерін келістіру арқылы ортақ келісімге келуге мүмкіндік беретін саяси бағыт ретінде қарастыруға болады. К. саяси философия ретінде – қоғамның ашықтығының, қабылданған саяси шешімдердің сапасын тексеру мүмкіндігінің белгісі деп түсінуге болады.

**КОНВЕРГЕНЦИЯ** (лат. *convergere* – жақындасу, түйісу, қиылысу) – этнографияда әртүрлі халықтардың мәдениетінде қоғам дамуының жалпы заңдарының ықпалымен бір-бірінен тәуелсіз туған өзара ұқсас немесе бірыңғай мәдени құбылыстарды білдіру үшін қолданылатын термин. Ал мәдениет конвергенциясы – мәдениеттердің жақындасуын, бірігуге бейімділігін, процестерді айқындайтын термин. Мәдениет айырмашылығы күннен-күнге азаюда, бұның аяғы синтездік нәтиже беруі мүмкін деген болжам да жоқ емес.

**КОНДИЛЬЯК Этьен де Бонно** (1715–1780) – француз философы, қазіргі сенсуализмнің негізін қалаушылардың бірі. Қоршаған орта туралы деректер түйсік, қабылдау арқылы алынады да ақыл-ой, жігер арқылы өзгеріске түсіп, жаңа білімге айналады. Ол психикалық процестерді де – еске түсіруден бастап ойлауды қоса – жігердің, сезімдік қабылдаудың өзгеруінің нәтижесі деп білді. Бұл ретте адамның көңіл күйі және т. б. субъективті қасиеттері үлкен рөл атқарады.

**Негізгі еңбегі:** «*Traite'oles sensations*».



**КОНДИЦИОНАЛИЗМ** (лат. – жағдай) – француз физиологы, философы Фервори (1863–1921) өзінің таным теориясын осылай атады. Ф. пікірінше, себеп ұғымы көбінесе адамға байланысты айтылатын болғандықтан және ғылыми ұғым болмағандықтан, оны басқа ұғыммен – жағдайлар жиынтығы – ауыстыру қажет. Әлемде тек қана себепке бағынышты бірде-бір құбылыс жоқ. Керісінше, әлемдегі барлық құбылыс жағдайлар жиынтығына байланысты туындайды, өзгереді, дамиды.

**КОНСЕРВАТИЗМ** (лат. – сақтау) – қоғамдық өмірдің дәстүрлі қағидаларын, құндылықтарын сақтау арқылы революциялық өзгерістерді жокқа шығаруға бағытталған саяси философия. Бұл саяси бағыт XVIII ғ. Э. Берктің, Ж. де Местр т. б. монархизмді жақтаған идеялары негізінде қалыптасты. К-ді қоғамдық топтарға, саяси күштерге, жеке адамдарға тән көзқарас деп те қарастыруға болады. Олар дәстүрді қоғамда тұрақтылықты, тәртіпті сақтауды өздерінің басты қағидалары деп есептейді. Осы тұрғыдан олар реформаларға сенімсіздікпен қарайды. К-ң үш түрі бар: дәстүршілдік, либертаризм және неоконсерватизм. Дәстүршілдік – классикалық нарықтық капитализмге тән әлеуметтік жағдайды және дәстүрлі әдептілікті сақтауға ерекше көңіл бөледі. Либертаризм – алғашқы капитализм кезіндегі жеке адамдардың шексіз бостандығын дәріптеп, ұжымдық талап-тілектерді жокқа шығарады. Ф. Хайек адамның шексіз бостандығын қолдай отырып, ұжымдықты – құлдыққа апаратын жол деп түсіндірді. Р. Позик социалистік ұстанымдағы барлығына бірдей болу қағидасын сынға алып, жеке меншікті оған қарсы тұра алатын барьер деп санады. Оның түсінігінде, жеке адамның құқықтары ұжымдық талап-тілектен жоғары тұруы қажет. Мемлекет экономикаға араласпауы керек. К-нің үшінші түрі – неоконсерватизм соңғы кезде неолиберализммен көп позицияда жақындасып, оның көптеген идеяларын өздеріне сіңірді: адамның тарихи, әлеуметтік, саяси белсенділігі, саяси және қоғамдық қатынастарды демократизациялау идеясын, билікке, тәртіппен дәстүрге бұрынғы элитарлық, аристократтық көзқарастардың біразынан арылып, қоғамдық ұйымдарға әлдеқайда жақындады. Неоконсерватизм либерализмнің «мемлекет экономикаға араласпауы керек» деген идеясын басшылыққа алғанына қарамастан, мемлекеттік капитализмге қарсы болды. Ол жеке меншікті мемлекеттік меншікке айналдыру, кейбір өндіріс орындарын корпорацияларға беру сияқты саяси идеяларды қолдамады. Неоконсерватизмнің басты қағидаларының бірі – өндірісті «социалистік» тәсілмен басқарудың тиімсіздігін мойындау. К. идеялар Ұлыбританияда – консервативті партияның бағдарламаларының, Францияда – голлистік саяси бағытта, Еуропаның басқа елдерінде – христиандық-демократиялық партиялардың бағдарламаларында көрініс тапқан. К. АҚШ-тың Республикалық және Демократиялық партияларының ішінде консерватизмді қанат ретінде кездеседі.

**КОНТЕКСТ**, *кеңмәтін* (лат. *contextus* – қосылу, келісім, байланыс) – мәдениеттануда адамның шығармашылық қызметінің нәтижесінің маңызын айқындайтын, мәдени және әлеум.-тарихи жағдайды жалпы түсіндіру үшін қолданылатын термин, белгілі бір үдерістің аясында мәселені қарастыру.

**КОНТРОПОЗИЦИЯ ЗАҢЫ** – логикада мақұлданған оң пайымдаудың оны терістеуші пайымдауға өтуін және керісінше, теріс пайымдаудан оң пайымдауға өту заңдылығын айтады. Осы екі қарама-қарсы тұжырымдардың өзара астасуы мен өзгерістерге ұшырау заңдылығы ол зерделеу жатқызылады.

**КОНФИГУРАЦИЯ** (лат. *configuatio* – біріктіру) – басым бағытты мәдени модельге немесе негізгі тақырыпқа әртүрлі мәдени ерекшеліктерді біріктіру. Зерттеу барысында сол мәдениетте тұрақты көрініс тапқан ерекшеліктерді тану (субмәдениетте, мәдени даралық жағдай нәтижесінде).

**КОНФОРМИЗМ** (көнелат. *conformis* – тәрізді, ұқсас, сәйкес) – ықпалы күшті, үлгілі, стереотипке сынмен қарамай еріп кету, бейімделгіш, пассивті әлеуметтік іс-әрекет түрі. Мәдени К. – Р. Мертонның айқындауынша, тұлғаның мәдени мақсатты, оған жету жолын сын көзбен сараламай қабылдауы.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т 12. – Астана: Аударма, 2005.**

**КОНФЛИКТ** (лат. *conflictus* – қақтығыс) – қарама-қарсы көзқарастардың, пікірлердің, мақсаттардың қақтығысы. К. термині әдетте өнердің әдебиет, театр, кино сияқты салаларының жанрларында қолданылады. Көркем шығармада оқиғаға қатысушы бейнелердің қарама-қарсы іс-әрекет, қимылын көркемдік шиеленіс деп атайды.

**КОНЦЕПТУАЛЬДЫҚ** (лат. *conceptus* – ой, көзқарас жүйесі) – ХХ ғасырдың 70–80 жылдары модернизмде қалыптасқан бағыт. Өнердегі К-тың ерекшелігі – сол өнердегі идеяны материалистік тұрғыдан қабылдауды теріске шығарудан тұрады. Олар «көркемдік идеяны» (басқаша айтқанда, концептуальдық) көрермен санасына схема, диаграмма, таңба арқылы жеткізуге шақырды. Өнердің өз табиғатын ерекше көрсету бағытын ұстанады.

**КОСМОГОНИЯ** (грек. *kosmos* – дүние, әлем, ғарыш) – астрономия ғылымының үлкен бір бөлімі космостық объектілер мен жүйесін зерттейтін арнаулы саласы. Дүниенің пайда болуы туралы көне таным дін мен мифте аңыз боп айтылады және оны әлемнен сырт тұрған жаратқан күштің иесі туралы айтылады.

**КОСМОПОЛИТИЗМ** (грек. *kosmopolites* – әлем азаматы) – мәдениеттанудың әлемдік азаматтық идеологиясын білдіретін ұғым-термин. Антикалық дәуірде қалыптасқан. XIX ғ. ерекше таралымға ие болды. К. ұғымының негізінде әлемдік мемлекет қалыптастыру немесе мемлекеттердің әлемдік федерациясын құру идеясы жатыр. К. идеологиясына сондай-ақ жалпыадамзаттың мәдениетті қалыптастыру және дамыту және әлемдік жаһандық мәселелерді шешу жатады.

**КӨҢІЛ** – айналадағы қоршаған ортаға, жаһанға, ғаламға, ақиқатқа, дүниеге назар салумен байланысатын, олармен өзара үйлесім табуы нәтижесінде орын алатын қилы құбылысты сініріп, қорытатын адам жанының сырлы әлемін білдіретін философиялық категория. К. жеке адамның аксиологиялық тұрғыдағы табиғатымен тікелей байланыста бола тұра, адамның құндылықтық пайымдарын қайталай парықтап пайдаланады. К. – адамның жаны мен тәні арасындағы тұрақты қарама-қайшылықты мәмілеге келуін және қайшылыққа түсуін белгілейтін ұғым. Адамның көңілі тоймай, жалғанды бүтіндей қамтығысы келіп, дүниенің толық иегеріндей күй кешеді. Қиянат қылмаған көңіл – адам өміріндегі аса маңызды моральдық сапа. Хадис бойынша, дүниенің бекзаттығы көңілдің байлығында, ақыреттің бекзаттығы тақуалықта болып табылады. К. абстрактілі ұғым, сондықтан да К-дің саналуан күйін және тұрпатын айқындай түсетін ұғымдар бейнелі ойлаумен ұштас мензеу тіркестермен беріледі. К-дің әсершілдік және танымдық мүмкіндігі шексіз. Ғалам ғажайыбынан, сазды әуезден, сөз өнерінің күдіретінен эстетикалық ләззат алып, олардың «көңілге түрлі ой салар» қуатымен ғибраттанып, хақтықтың шапағатын иеленетін де осы К. Мысалы, «Адам ата мен Хауа ана» қиссасында Алла тағала адам денесін жаратқан төрт затының бірі судан адамның төрт қасиетінің бірі – К-дің жаратылғаны айтылады.

**КӨШПЕЛІЛІК** – шаруашылық-мәдени тип, қуаң даланы игеру тәсілі. Көшпелілік өркениеттілігі б.з.д. мыңыншы жылдықта еуразиялық және афроазиялық аридтік аймақта жайылымдық малшылықты жетілдіру негізінде қалыптасты. Тарихшылар ежелгі, классикалық және кейінгі К-ді атап өтеді. Еуразиялық Ұлы даланың ежелгі К-не сақтар, үйсіндер, қаңлылар, ғұндар т. б. жатса, түркі-моңғолдық классикалық К-лер уақытында бұл мәдени тип әлемдік үдерістерге өзінің терең әсерін тигізеді. Ғылыми әдебиетте К. өмір салтының мынандай белгілері айқындалған: 1) мал бағу шаруашылықтың басым түрі; 2) жыл бойы малды табиғи ұстауға негізделген шаруашылықтың экстенсивтік тәсілі; 3) жер жағдайына қарай маусымдық көшіп-қону; 4) қазіргі капиталистік ранчолардан өзгеше шаруашылықтың натуралдық әдістерінің басымдығы.

Қазақ мәдениетінің негізгі архетипі К-гі тағы бір маңызды мәселе ондағы әлеуметтік құрылымға, қоғамдық ұжымдасу ерекшеліктеріне қаты-

насты. Мұндағы алдымен көзге түсетін нәрсе – қауымдық тұтастық. Егер еуропалық нарықтық қоғамда зат иелену мен азаматтық қатынастар шешуші қызмет атқарса, көшпелілерде туыскандық, рулық байланыстар ең құнды болып есептелінеді. «Ата қоныс» ұғымы К-лер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындау. Қауымдық қатынас мекендер егемендігінен туады. Ата қоныстың әр жағрафиялық белгілері халық санасында киелі жерлер деп есептелінеді, яғни қоршаған орта киелі таулардан, өзендер, көлдерден, аңғарлар мен төбелерден, аруақтар жатқан молалардан т. б. тұрады. Олардың қасиеттілігі аңыз-әфсаналарда, жырлар мен көсемсөздерде болашақ ұрпақтарға мұра ретінде қалдырылған.

К. мәдениет пен климат ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген. Мысалы, Қазақстанда ерте заманнан бері маусымдық жайылымдар пайдаланылған. Жауын-шашыны молырақ арқаның теріскейіндегі орманды-далалы алқапты, оңтүстік-шығыстағы таулы өңірді жұрт ең алдымен жайлау, ал шығыс және орталық аймақты қыстау ретінде пайдаланып келген. Көктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан. Қалыптасқан дәстүр бойынша маусымдық жайылымдардың рулар арасында бөліске түскенімен мал қыстайтын жерлерден басқасын елдің бәрі бірдей пайдаланған.

Қазақта көшіп-қонудың тарихта белгілі «Көлденең бағыттағы», «Тіке бағыттағы» және «Тұрақтың үш түрінің бәрі болған. Олар ең алдымен жылжымалы шаруашылықтағы малдың құрамымен, көшпеліқауым өмір сүрген табиғи-климаттық жағдайларға байланысты болған», – дейді Ө. Жәнібеков.

Қатал даланың табиғатын түсіну, оның ішкі заңдылықтарын терең білу, болжамдық – бұлардың бәрі көшпелілер мәдениетінің маңызды жақтарына жатады. «Құрғақ даланы, – дейді А. Тойнби, – тек бақташы ғана меңгере алады, бірақ сол далада тіршілік етіп, табыстарға жету үшін ол өзінің шеберлігін тынбай жетілдіре беруге міндетті, ол ерекше адамгершілік және парасаттылық қасиеттерді қалыптастырады» (Постижение истории. – М., 1991. – С. 195).

Малшылық егіншіліктен гөрі күрделілеу, өйткені дихан табиғат өнімдерін тікелей тұтынса, көшпелілерде мал табиғи өсімдіктерді өңдейтін механизм тәрізді. Белгілі бір парасаттылық, ізгілік, ұстамдылық, интуициялық жоғары қабілеттері жоқ адамдар қатал далада өмір сүре алмас еді. Кеңістікке үйлесімді мәдениетте адам мен табиғаттың арасында «қытай қорғаны» тұрған жоқ. Керісінше, мәдениет олардың арасындағы нәзік үндестікті білдіретін дәнекер қызметін атқарады. Әрине, көшпелілік мәдениетті бүкіл адамзат үшін ең жоғарғы үлгі деп көтермелеудің қажеті жоқ. Номадалық (ежелгі гректер көшпелілерді nomades – номады деп атаған) өмір салты қалалық мәдениетінің қалыптасуына, оған байланысты жазу-сызудың, оқу орталықтарының, қолөнердің, техниканың дамуына жағдай

туғызбады. «Мен кімін», «Неге өмір сүремін, қалай өмір сүремін, ажалды қалай қарсы алу керек?» тәрізді сұрақтар қауымдық қоғам мүшелерін тым көп ойландырмайды. Бәрі алдын ала шешіліп қойылған, аталардың белгілеп кеткен жолынан таймаса болды. Салт-дәстүр уақытқа бағынбады, ол мәңгілікпен теңесті. Бұрын жасалғаннан айырылу өліммен бірдей. Ал егер табиғи апаттар, әлеуметтік қақтығыстар, жаугершілік келсе, онда көп жағдайда көшпелілер өзгерген ортаға бейімделе алмады. Ескі құндылықтар жүйесі жоғалып кетіп, қауымдық адамдар жаңа игіліктерді өздеріне пір тұта алмады. Талай атағы жер жарған көшпелілер империялары тарих жолынан шығып қалып жүрді. Бұл жерде ғұндар мен моңғолдардың, түріктер мен арабтардың тарихи тағдырын еске алсақ жеткілікті.

**Әдебиет:** *Философия. Энциклопедический словарь.* – М., 2004; *Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 1.* – Астана: Аударма, 2005.

**КУЛЬТ**, *Ғибадат* (лат. *cultus* – күтім, құрметтеу) – ерекше тылсым күшке сену бағытында жасалатын қимыл, әдет-ғұрып, салт-жоралар жиынтығы. К – орталығы түрлі ғибадат етер заттары бар храм, табынатын үйлер. Көп жағдайда көркем шығарм.-тың классикалық үлгісі де К-тік қызмет атқарады. К-тің негізі түрлері – магия (қоршаған ортаға біртылсым күштің әсер етуі, арбау); тілек тілеп жалбарыну, шарапат күту (құдайға, рухқа, Аллаға, Аруаққа жалбарыну); қасиеттілер К-ті.

**КУН Томас Сэмюэл** (1922–1995) – американдық философ және ғылым тарихшысы, қазіргі постпозитивистік ғылым философиясының көшбасшыларының бірі. Гарвард университетінің физика факультетінде оқып, 1943 ж. теориялық физика бойынша бакалавр, 1946 ж. магистр, ал 1949 ж. доктор ғылыми дәрежесін алады. Кейін ол ғылым тарихы және философиясымен айналысып, басты еңбектерін осы сала бойынша жазады. 1958 ж. профессор атағына ие болады. XX ғ. 40–50 жылдары ғылым философиясында неопозитивизмнің абыройы әлі өте зор болатын. Неопозитивизм өкілдері (М. Шлик, Р. Карнап, Ф. Франк және т. б.) өз зерттеулерінде ғылым тарихынан абстракцияланып, ғылыми теориялардың формалдық-логикалық құрылымын талдаумен шектелетін. К. батыс философиясында ғылым тарихына баса көңіл бөліп, ғылым философиясын оның тарихымен тікелей байланыстыра зерделеу қажеттілігіне назар аударған ойшылдардың бірі. Бұл бағыттағы «Коперникандық революция» (1957) деп аталатын бірінші монографиясында, К. астрономия тарихында орын алған ғылыми төңкерісті тәптіштеп талдап, оның мазмұнды тетіктерін айшықтайды. Басты еңбегі 1962 ж. жарық көрген әйгілі «Ғылыми революциялардың құрылымы» деп аталатын монографиясында ол өз идеясын әрі жалғастырып, ғылыми революцияның парадигмалдық тұғырнамасын негіздейді. Бұл тұғырнама

бойынша ғылымның дамуы бір сызықты емес, өте күрделі үш сатылы үдеріс: парадигмаға дейінгі ғылым, парадигмалық (нормалдық) ғылым және экстраординарлық ғылым. Алғашқы сатыда ғылымның дамуында әртүрлі гипотезалар өзара бәсекелесіп, ғылыми қауымдастықтар арасында пікірталас өршіп, әрқайсысы өз моделін ұстанып, эклектикалық күй кешетін болса, екіншісінде ғылыми қауымдастықтың барлық мүшелері мойындаған жаңа теорияның туындауы негізінде ғылым мәселелерді шешудің үлгісі ретінде парадигма пайда болып, нормалдық ғылым орнығады. Парадигма дегеніміз – ғылыми іс-әрекеттің қалыптасқан ережелерінің, стандарттарының, әдістерінің, идеялары мен құндылықтарының, мәселелерді шешу үлгісі болатын жиынтығы. Парадигма пайда болғаннан кейін соның негізінде ғылыми мәселелер бірінен кейін бірі қойылып, табысты шешімін тауып ғылыми прогресс қарыштап алға басады. Біртіндеп берілген парадигмаға қайшы келетін, оның шеңберіне сыймайтын «аномалиялық» фактілер пайда болып, барған сайын көбейіп ғылымның дамуында дағдарыс туындайды, сөйтіп экстраординарлық ғылым сатысы өз күшіне енеді. Мұның нәтижесінде жаңа парадигма туындап, ғылыми революция (ескі парадигмадан жаңасына өту) орын тебеді. Осылайша жаңа деңгейдегі парадигмалық (нормалдық) ғылым дүниеге келеді. К. ғылым дамуының психологиялық, мәдени-әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдаяттарын да ескеріп, олардың жаңа парадигманы таңдау мен қабылдау кезіндегі әсерін көрсетуге ұмтылады. К. ұсынған парадигмалық тұғырнама қазіргі ғылымның философиясы мен методологиясына оң әсерін тигізіп, постпозитивистік дәстүрдің қалыптасуы мен дамуына зор ықпал еткені белгілі.

**Әдебиет:** Т. Кун. Структура научных революций. – М.: АСТ, 2003. – С. 9–269; В.С. Степин. Философия науки. Общие проблемы. – М., 2006; Т. Кун. Ғылыми революциялардың құрылымы // Ғылым мен техниканың батыстық философиясы. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 10-том. – А.: Жазушы, 2006. 201–258 бб.

**КҮНӘ** – (парсы. – қылмыс, айып) – шариғат заңдарына, діни қағидаларға қарсы іс-әрекетті, мінез-құлықты білдіретін этикалық категория. Ислам дінінде ең үлкен күнә – ширк, яғни Алла Тағаланы жоққа шығару немесе оған тең келетін құдірет иесі бар деп сену. Бұл К-ні Алла Тағала кешірмейтіндердің біріне жатады. Ал бұдан басқа үлкенді-кішілі К-ларды қаласа кешіреді немесе соған лайық жаза беруі мүмкін дейтін наным бар. Ислам дінінде үлкен К-лар қатары туралы әртүрлі көзқарастар бар: ата- ана қарғысына ұшырау, сиқырмен айналысу, кісі өлтіру, жалған куәгерлік жасау, ұрлық, парақорлық, құмарпаздық, арам етілген нәрсені пайдалану, екіжүзділікке салыну сияқты мінездер. Кейбір исламдық ғалымдар үлкен К-лар санын 300-ге дейін жеткізеді. Ал кіші К-лар саны шексіз болып есептеледі. Құранда: «Күнә істеуге және шектен шығуда көмектеспендер.

Алладан сақтаныңдар, Алланың жазасы қатты болады» – деп келтіріледі. Сондықтан ислам діні «...Алла сендердің күнәдан аулақ болғандарыңды, мүлде пәк болғандарыңды қалайды» (Ағзаб сүресі, 33-аят) баса дәріптейді. Әбу Ханифа күнә жасаған адамның иман шеңберінен мүлдем шығып кетпейтіндігі туралы көзқарасты көрсетеді. Ол: «Иманы бола тұра кейбір парыздарды орындамаған адам күнәһар мумин болып табылады» – деп айтады. Исламда күнәні адам нәпсіге жеңіліп жасайтыны баса айтылады. Осыған орай Әбу Ханифа: «Ол Алланы жақсы көрмегендігінен емес, нәпсісінен жеңіліп қалғандықтан Аллаға қарсы келеді» – деп жауап береді. Күнә муминге зиян келтіріп, тозаққа кіруіне себеп болады деп есептеледі. Аллаға және пайғамбарға иман етуде күнәлі болған адаммен, оларға сеніп, иман еткен адамдардың күнәсі бірдей емес. Әл-Ашари бойынша, кейбір үлкен күнә жасаған муминдер пайғамбардың шапағатымен тозақтан құтыла алады. Соңғы шешім тек Алладан болады, Алла қаласа жазалайды, қаласа кешіреді. Хадис бойынша, «күнәнің жуылуы – шын жүректен өкіну» болып табылады. Ислам дінінде күнә істегені үшін шын жүректен өкініп тәубесіне келген Алланың ықыласына бөленетін болады. Тағы бір хадисте: «...Дін жолындағы күресте қиыншылыққа сабырлы болып, Алла тағаланың сауабымен үміт етсең, артқа шегінбей, тек алға қарай ұмтылып жан тапсыратын болсаң күнәларың кешіріледі» делінген. Ислам дінінде ата-ананы қадірлемеу – ауыр күнә болып есептеледі. Осыдан ата-анаға не істесең, алдың сол келеді, әкесін сыйламағанды, баласы сыйламайды деген бар қазақ әдебінде. Ата-анаға қатігездік жасаған адам дүниедегі ең күнәсі көп, адамдық ардан безген жан болып саналады. Сонымен бірге, мұсылмандық қағида бойынша, патша адамды күнәлі іске бұйырса, оны орындамауға болады және оның әміріне көнбеуге болады. Ф. Ницше «күнәнің әлемге енуін» тек ақылдың адасуымен байланыстырады. Жалпы күнәні біліп тұрып жасалынған адамның теріс әрекеті деп бағалау философиялық әдебиетте орын алған.

**Әдебиет: Ислам. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Аруна, 2009; Құран Кәрім аудармасы. – Алматы: Дәуір, 2003.**

**КІСІЛІК** – қазақ халқының философиялық дүниетанымында ерекше орын алатын ұғым, адам болып өмір сүрудің жоғары деңгейін білдіреді. Қазақ адамгершілігі биік, ағайын-бауыр, дос-жаран арасында, жалпы қоғамда беделді адамын «жақсы кісі» деп сипаттайды. К. «жақсы адам» ұғымынан жоғары. Жақсы адам өзіне, шағын ортасына ғана жақсылық жасауы мүмкін. Ал кісілікке өзі мен туған-туысқандарының қамын ғана емес, бүкіл қоғам мүддесін көбірек ойлаған адам жетпек. К. адамның рухани байлығының өлшемі, ол материалдық байлықтан жоғары, адамның адамгершіліктік сипатын көрсетеді. «К.» ұғымын түркі дүниесінің ғұлама

ойшылы Жүсіп Баласағұн жақсы талдады (Сөздіктің «Жүсіп Баласағұн» бөлімін қараңыз). Қазақтың белгілі жырауы Шалкиіздің толғауларындағы «кісі» ұғымы жақсы мен жаманның диалектикасының, ізгілік пен зұлымдықтың дихотомиясының нәтижесі, ол: «көрінгеннің бәрін кісі деменіз» дейді. Табиғат берген ақылды даналықпен, көргенділікпен және мейірімділік, жанашырлық, адалдық, қарапайымдылық секілді жақсы қасиеттермен ұштастыра білген, қиындықта басқаға қол ұшын беруге дайын адам ғана кісілікке жете алады. Яғни, қазақ халқы К-ті қоғамнан тыс қарастырмайды. К. «пенде» ұғымына қарама-қарсы ұғым. Екінші ұғымда адамның психобиологиялық негізі басым болса, «кісілік» ұғымында рухани табиғат, әлеуметтік мән басым. Қазақтың түсінігінде, адамның өмірлік мақсаты да – осы К-ке жету.

**КІШІБЕКОВ Досмұхамед** – профессор, философия ғылымдардың докторы, ҚР ҰҒА академигі, 1925 жылы желтоқсанда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі станциясында туған. Шиелі қазақ орта мектебінен кейін 1942 ж. желтоқсаннан 1946 ж. қаңтарына дейін Кеңес армиясы қатарында азаматтық борышын атқарды. 1949 ж. қазан айынан 1953 ж. наурызына дейін Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының «Философия» мамандығы бойынша КСРО Ғылым академиясына жолдамамен жіберілген, аспирант. 1953 ж. наурызында КСРО Ғылым Академиясында кандидаттық диссертация қорғады (Мәскеу қ.). 1965 жылдың қарашасында

«Капиталистікке дейінгі өндірістік қатынастарды социалистік қатынастармен алмастыру заңдылықтары туралы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады (Мәскеу қ.). 1967 ж. оған профессор ғылыми атағы берілді. 1972 жылы наурызында Қазақ КСР Ғылым Академиясында «Философия» мамандығы бойынша корреспондент-мүшесі болып сайланады. 2003 жылы қазан айында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясына академик болып сайланады. 1996 жылдан осы күнге дейін Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде қоғамдық ғылымдар кафедрасының профессоры. Ол 680 басылымдар авторы, оның 55-і кітаптар, кітапшалар, оқулықтар. Оның басшылығымен 18 адам кандидаттық, 5 адам докторлық диссертация қорғады. Д. К. ең алғаш қазақ тілінде жарық көрген «Философия» оқулығының жетекшісі, әрі авторларының бірі (1991 ж.). Оның Ұ. Сыдықовпен бірігіп жазған қазақ тіліндегі «Философия» оқулығы 2008 жылы 9-ші рет өңделіп жарық көрді. Ол «Ұлы Отан соғысында (1941–1945 жж.) Германияны жеңгені үшін» медалімен (1945 ж.), «Халықтар достығы» орденімен (1985 ж.), Академик С.И. Вавилов атындағы бүкілодақтық «Білім» қоғамының медалімен, ҚР Білім министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» (1995 ж.) медалімен марапатталған.

Д.Кішібековтің ғылыми еңбектері: «Өтпелі қоғамдық қатынастар» (1972), «Қазақстан өтпелі кезең. Қиындықтар мен мәселелер» (1976ж.), «Көшпелі қоғам. Генезис, Даму, Құлдырау» (1984), «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең» (1999), «Тарих философиясы және бүгінгі заман» (2002), «Сөз және жазу: дыбыс таңба жүйесінің трансформациясы» (2004), «Ұлттық идея және идеология» (2006), «Қазақтар менталдығының бастауы» (2006), «Мәдениет және өркениет» (2009), «Тәуелсіздік философиясы» (2011), «Өмір мәні» (2012),



**КІШПЕЙІЛДІЛІК** – адамның моральдық тұрғыдан жетілген, кемелденген образын көрсететін, оң рухани мәдениет деңгейін бейнелейтін этикалық категория. «К. – кісінің көркі», «К-тен кемімессің» – дейтін қазақ мақал-мәтелдері К. сияқты моральдық сапа адамның адамгершілік мінезін құрайтын басты атрибут ретінде қарастырады. К. қазақтың этноморальдық жүйесіндегі, адам мен адам қарым-қатынасындағы базистік қағида. К. адамзатына тән қарым-қатынас мықтылығын, адам мінезіне қатысты моральдық құндылықтардың тұрақтылығын және ақыл иегерінің ішкі рухани реттеуші күштерінің салмақтылығын көрсететін ұғым. Қазақтың «Ұлық болсаң кішік бол», «Сол дәулеттің тұсында, аспадым да, саспадым» (Есет би) – дегендер к-тің моральдық сапа болатындығын дәлелдей түседі. Хадис бойынша, К. көрсетілген құрмет болып табылады.

**КЪЕРКЕГОР Серен** (1813–1855) – философ, жазушы. К. шіркеуге, ресми діни идеологияға қарсы шықты. Ол жеке тұлғаға тән дін қалыптастыруды, яғни адамның Құдаймен тікелей қарым-қатынасына жол ашатын мүмкіншілікті іздеді. Объективті өмірді тану емес, адамның өзін-өзі шынайы тануы «субъективті танымның» басты мақсаты деді. Өмірде осы мақсаттағы кредосымен көрінген адам К. ұғымы бойынша нағыз тұлға. К. танымы бойынша, Дүние «өлім сепкен ауру хал» үстінде. Оның пікірінше, бақытсыз – бақыттымын деп, бақытты – бақытсызбын деп, ақиқат – өтірік, өтірік – ақиқат және т. б. ретінде бұл өмірде көрініс тапқан. К. адам өз мақсатына жету үшін үш сатыдан өту керек деп тұжырымдайды: эстетикалық, яғни ешқашан ақиқатқа айналмайтын, «қиялдағы өмір», бір сәтті сезіну мүмкіншілігіне ие кезең; этикалық, яғни адамның шынайы ақиқат өмірі, сол өнерге деген өзінің жауапкершілігін сезіну, бұл кезең ұзақ толғаныс, іштей саралау, өзіндік «Менді» іздеу кезеңі; діни, яғни мәңгілік құндылықтарды таңдау. К-дің ғыл.-философиялық көзқарастары «Не анау – не мынау» (1843), «Үрей және қалтырау» (1843), «Философиялық түйірлер» (1844), «Үрей ұғымы туралы» (1844), т. б. еңбектерінде көрініс тапқан. К. еңбектері көптеген тілдерге аударылған.

**Әдебиет:** Кьеркегор. *Болезнь к смерти.* – М., 1993; *Философия. Энциклопедический словарь.* – М., 2004. – 418 с.; **Әлемдік философиялық мұра.** – Алматы: Жазушы, 2006. Т. 13.

**ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТИ** – ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алатын (сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, ортағасырлық түркілік дала империялары, Алтын Орда, Ақ Орда, т.т.), кейін қазақ хандығы уақытында қалыптасқан, түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестік. Қ. ө. үш үлкен өркениеттердің (православиялық, исламдық, конфуцийлік) тоғысқан жерінде орналасқан.

Бұл ұғымның қалыптасуына «Дала өркениеті» деген түсініктің маңызы зор болды. Аталған ұғыммен қатар Қ. ө. кеңістігі «Орта Азия», «Орталық Азия», «Тұран», «Түркістан» сияқты терминдермен де бірегейлендіріледі. Қ. ө.-нің төмендегідей белгілерін атап өткен жөн: а) көшпелі өркениеттің мәдени негізіне ру-тайпалық одақ жатады; ә) түркі тілінде сөйлеген тайпалар «түрік» этнонимі пайда болғаннан талай ғасырлар бұрын қалыптасқан, бұл қағида Орталық Азияны автохтонды түркі тайпалары мекендігінің бір дәлелі болып табылады; б) мұсылман дінін түркі тайпалары біртіндеп өз еркімен қабылдаған және бұл үдеріс Шыңғыс хан империясы тұсында баяулағанымен, түбінде табысты аяқталған; в) ортағасырлардың соңынан бастап түркі тайпалары моңғолдық этникалық элементтерді өзіне сіңіре бастады; г) XV ғасырда түркілік Орталық Азияда «қазақ» деп бұрынғы мемлекетінен бөлінген адамдарды айтты. Қазақтың және оның ата-тектерінің әлемдік өркениеттілік дүниесіне қосқан басты құндылықтарына жататындары: Еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті (К. Ясперс атап өткен жылқыны пайдалану); Номадалар адамдандырылған қоршаған ортаны кеңейтті, шөл мен шөлейіттерді үйлесімді игере алды. Еуразиялық көшпелілер тарих каталлизаторлары (А. Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграциялық үдерістер жаңа өркениеттердің қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран; Ғұн мемлекеті, Араб халифаты, т.т.). Ұлы жібек жолы және басқа да мәдени коммуникациялық жүйелер арқылы ілкі түркілер мен түркілер Батыс пен Шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер болды. Қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактыларын алғашқылардың бірі болып енгізді. Түркілердің әмбебапты дүниетанымдық жүйесі – тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды. «Адам бол!» ұстанымы, әлемді Жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарыш және басқа адамдармен үйлесімділікте болу, жасы келгендер мен баланы қастерлеу сияқты қазақ дәстүрлі әдебінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады.

Зерттеушілер Қ. ө-і тарихын хронологиялық және рухани-ділдік негіздерде қарастыра отырып, төмендегідей хронотоптарды атап өтеді: 1) сақ кезеңі; 2) кейін қазақ құрамына енген тайпалардың мемлекеттік бірлестіктері (үйсін, қанлы, ғұн); 3) ежелгі түркілік кезең; 4) қарақандар мемлекеттілігі; 5) қимақ-қыпшақ кезеңі; 6) моңғол кезеңі; 7) моңғол империясы ыдырау кезеңі; 8) қазақ хандығы қалыптасуы кезеңі; 9) жоңғар басқыншылығымен күресу кезеңі; 10) Ресейдің отарлау кезеңі, 11) кеңестік кезең, 12) ұлттық интеллигенция мен мемлекеттің қалыптасу кезеңі. Ал Қ. ө-нің рухани мәдени типтеріне жататындары: мифология, Ренессанс,

Жер ұйық, Зар заман, ағартушылық, ұлттық ояну, тоталитаризм мен маргиналдану, төлтума мәдениетті жаңғырту.

Тәуелсіздікке қолы жеткен Қ. ө. алдында ұлттық архетиптерді сақтай отырып, оларды қазіргі әлемдік өркениет құндылықтарымен үйлесімді ету міндеті тұр. Қазақстан үшін бүгінгі ғаламдану дәуіріне аяқ басар тұста жаһандану желеуімен кіріп жатқан, мәдени төмендеуге ұшырататын көптеген діндік, ділдік ықпалдар шырмауында қалып қою қауіпі бар. Бүгінгі таңда қазақ мәдениеті өркениет аясындағы ұлт дәстүріне негізделген жолмен немесе бұқаралық мәдениет үрдісімен жүру жолын таңдауы қажет. Қазіргі қазақстандық мәдениетте екі субмәдениет (қазақтілді және орыстілді) бар екендігі белгілі. Бұл типтік айырмашылықты дұрыс қолдану Қ.ө.-нің мүмкіндіктерін арттырады. Өйткені орыстілді субмәдениет Батыс пен Ресей жетістіктерін тиімді қабылдауға икемді болса, төлтума мәдени тип құндылықтар сабақтастығының кепілі болып табылады. ХХІ ғасырда болашағынан үміт күттіретін өркениет пен оның теориясы партикулярлық ұстанымдарға сүйенбеуі қажет. Тек ашық, сұхбатқа икемді, басқалармен үйлесімді этноөркениет қана заман талаптарына сай бола алады. ХІХ ғасырда Батыс үстемдік етсе, ХХ ғасыр капитализм мен социализмнің текетіресі түрінде болды, ал ХХІ ғасырда ахуал өзгерейін деп тұр. Әлем сахнасына С.Хантингтон жіктеген басқа да суперөркениеттер шығуы мүмкін.

Тоталитарлық мәдениеттен кейінгі Қ.ө.-де ұлттық ренессанс идеясы басқа да ТМД елдеріндегідей өзінің күрделілігімен көзге түседі. Көптеген архаистік мәдени бағдарлар (магия, хиромантия, гороскоптар, жалған діндарлық) көрініс тапты, қоғамда жаңа идеялардың аздығынан Ресейден, АҚШ-тан, Еуропадан, Қытайдан, мұсылман елдерінен алынған «дайын үлгілер» көбейіп кетті. Мәдениеттегі кейбір қайраткерлер бүкіл мәдениетке музейдегі экспонат сияқты қарады, мәдени тұлғаларға инвентаризациялар жасау олардың басты қызметіне айналды. Мерейтойлар, ежелгі оқиғалар, батырлар, хандар т. т. – басты мәдени тақырыптарға айнала бастады. Тек өнеркәсіп өнімдері ғана емес, сонымен бірге мәдени идеялар да «импорттан» алынды. Қазақ мәдениетінің қазіргі күрделі болмысы мен оны ары қарай дамыту жобаларына қатысты терең ойлар Елбасының және басқа да саяси қайраткерлердің еңбектерінде айтылған. Олар тек саяси мүдделіктен туындамаған, халық тағдырына қатысты шынайы қам жеуден түйінделген. Өркениеттік үдерістердің үрдістері мен мәнісін ашу қашан да ауқымды мәселе болып табылады. Бұл сипатта өзгермелі қоғамдағы жаңашыл мәдени феномендер өз талдауын күтіп отыр. Айталық, ғаламдану үрдісіндегі дарашылдық бастаулар; дәстүр, жаңашылдық және маргиналдық; мәдени инфрақұрылымдардың үйлесімділігі мен тиімділігі, нарық және мәдениет, виртуалды шындықтағы мәдени өзгерістер, мәтін және оны түсіндіру, симулакрум мәселесі т. т. ХХ ғасыр мен ХХІ ғасыр арасында БҰҰ адамзат

үшін жаңа өркениеттілік құндылықтарын ұсынды. Олардың арасында елдерді адамдық даму индексі бойынша салыстыру, орнықты даму ілімі, мәдени диалог пен төзімділік, бейбітшілік мәдениетінің маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Ғасырлардың талай қыр-сырларынан өткен Қ. ө-н ертедегі грек мифологиясындағы өзін-өзі жағып жіберіп, сол күлден қайта тіріле беретін қасиеті бар қиял-ғажайып құс – Феникспен теңеуге болады. Әлемдік өркениеттің ең ертедегісінің бірі Шумерден бастау алатын, сақтар, кейін ғұндар арқылы дүниенің жартысында ізін қалдырған, орта ғасырларда мәдениеттің тамаша үлгілерін адамзат қорына қосқан Кіндік Азия – әлемдік өркениеттілік қайнарларының бірі.

**ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ** – Жалпы адамзаттың рухани әлемінде Ақиқатқа қарай ұмтылудың даналыққа толы пайымдаулары сан түрлі формада көрініс береді. Сондықтан әрбір халықта өзіндік философия қалыптасқан. Олар болашақта әр қайсысы өз шамасы келгенше адамзаттың жалпы мәдениетіне шығармашылық тұрғыдан өз үлестерін қоса беретініне күмән келтіруге болмайды. Бұл тұжырымдарды толығымен кешегі түркілік заманнан бастау алған қазақ философиясына да байланысты айтуға болады. Философия әмбебапты дүниені әмбебапты заңдылықтарды пайымдайтын жоғары деңгейдегі зерделеуші құрылым болғанмен ол белгілі ұлттық тілдің көмегіне сүйенеді, оны құрал ретінде арқа сүйейді. Сондықтан философиялық пайымдаудың ұлттық типі туралы толық айтуға болады.

Түркілік және қазақ философиясының толыққанды зерттелуі үшін және оған қатысты ғылыми ізденістердің өрбуі үшін елімізде тәуелсіздік алған уақыттан бері қолайлы кезеңдер орнай бастағаны белгілі. Сонау тарихтың қойнауында жатқан рухани мұраларымызды, тарихи тұлғаларымызды қайта жаңғыртудың арқасында Қорқыт, әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Хусамеддин Сығнаки, Сүлеймен Бақырғани, Асан қайғы, Жалайыри, Дулати, Әбілғазы, Рабғузи, қазақ жыраулары мен би-шешендері және тарихтың берідегі «Зар-заман ақындары», Махамбет, қазақ ағартушылары – Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім сияқты есімдердің және ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының арқасын- да философиялық мағынада халықтың жадында қайта жанданғаны белгілі және олардың дүниетанымдық дәстүрлер тұрғысынан қазіргі кезеңде жан-жақты зерделеулерден өткізілу заңды құбылыс. Осы және т. б. ғұламалардың шығармашылығына қарап қазақ халқының басқа халықтар сияқты философиялық ойлау жүйесі тарихи маңызды құбылыс ретінде қалыптасқанын және оның қайталанбас өзіндік ерекшеліктері бар екендігін айтуға болады. Ал сонымен қатар халықтың әлем туралы терең рационалдық және көркем образдары мен түсініктерінен қалыптасқан дүниетанымына

қарап, оның тарихи процесте әртүрлі қиындықтарға телініп қалмайтын ұлттық рухы мен ділінің биік өзіндік қайталанбас деңгейі болғанын тұжырымдауға болады.

Қазақтардың түркілік дәуірі кезеңінде дәстүрлі дүниетанымы болғаны мамандарға белгілі. Қазақ хандығы дәуірінің ақын-жыраулары мен би-шешендерінің осы орнықты қалыпты әрі қарай рухани сабақтастықпен жалғастырады. Қазақ этносының дүниетанымның сан қырлы сипаттамасы мен дәстүрлері кейінгі дәуірлерде қайталанып отырады. Ал енді қазіргі заманның талаптарына сай қазақ философиялық ойы жаңа әдіснамалық ұстанымдарға сүйенеді және ол теориялық және практикалық тұрғыдан оның болашағы өркениетті мақсаттарға негізделген. Қазақстандағы кәсі-би философияның негізі өткен XX ғасырдың ортасында қаланып, «Ал-маты философия мектебі» деген құбылыс дүниеге келді. Қазіргі қазақ философиясының келбеті мен мазмұны қазақ елінде тарихи сипатта адам мәселесін қарастыруға негізделген зерделеулерді, рухани тамырларды дамытуға бағытталғанын атап өту керек.

**Әдебиет:** *Ұлттық идея және қазақ философиясы.* – Алматы, 2010. – 265 б.; *Ұлттық тәуелсіздік және қазақ философиясы.* – Алматы, 2011. – 265 б.; *Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер.* – Алматы, ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.

**ҚАЗАҚ ЭТИКАСЫ** – қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесін, моральды, адамгершілікті зерттейтін философиялық пән. Этика термині ежелгі грек тілінде «бірлесе өмір сүруші адамдар тобының мекен-жайы» дегенді білдірді, кейін әдеп туралы ілім мағынасына ие болды. Әдеп термині түрік халықтарының тіліне орта ғасырлардағы араб-мұсылман мәдениетінің ықпалымен енген. Көптеген мамандар этиканы әдептану деп аударып жүр. Этика ұлттық сипаты айқындалған ілімдер қатарына жатады. Өйткені әр халықтың орналасу аймағына, тіршілік салтына, өмір сүру дағдыларына байланысты ортақ мінез-құлық ережелері, жүріс-тұрысы, тыныс-тіршілігі қалыптасады. Қ. э-сы өзінің көл-көсір молдығымен де, адамгершілік қуат-тегеурінімен де, тарихи айқындылығымен де халықтың рухани өмірінде ерекше орын алды. Қ. э-сының ежелгі бастау қайнар көздері үш мың жылдай Еуразияның Ұлы даласында өркендеген скиф-сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мен түрік бірлестіктерінің мол мәдениетінен нәр алады. Осыдан 2600 жыл бұрын өмір сүрген скиф-сақ ойшылы, «ұлы жеті ғұламаның бірі» Анахарсис (Анарыс) өзінің әдеп және адамгершілік туралы терең пікірлерін айтқан. Мысалы, маскүнемдік туралы ол былай деген: «Бірінші тостақты, әдетте, денсаулық үшін, екіншісін – рахатқа бату үшін, үшіншісін – ардан таза болу үшін, төртіншісін – ақылдан алжасу үшін ішеді». Кіндік Азиядан табылған түріктердің атақты Күлтегін, Тоңыкөк жазуларында татулық, бақыт, дәулет

секілді әдеп ұғымдары жиі кездеседі. Қ. э-сының қалыптасуына Қорқыт ата үлкен үлес қосты. Оның үлгі-өнеге, өсиет-накыл сөздері қазақтармен қатар барша түрік халықтарында кең таралған. Қазақ топырағында әдеп-тануды арнаулы ілім ретінде қарастырған ғұлама-философ, әмбебап ғалым – Әбу Насыр әл-Фараби. Ол этиканы жақсылық пен жамандықты айыруға мүмкіндік беретін ғылым деп қарастырды. Оның түсінігінше, адам жаратылыстағы ең қасиетті жан. Сондықтан оған үлкен құрметпен қарау керек. Жақсылық дегеніміз білім, мейірбандық, сұлулық бірлігінде жатыр. «Бақытқа жол сілтеу» трактатында ойшыл баянды тіршіліктегі адами бақыт туралы сөз қозғайды. Түрік халықтарының этикасын дамытуға үлкен үлес қосқан ғұламалар қатарына Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани және т. б. жа-тады. Қазақ хандығы қалыптасқан кезден бастап Қ. э-сы негізінен ақын-жыраулардың даналық насихат жырларында дамыды. Олардың ауызекі мәдени мұралары – ұлттық қадір-қасиет пен өнегелі әдепті ғасырлар бойы жоғалтпай сақтап қалуға үлкен қызмет етті. Атақты қазақ ақын-жыраулары Асан қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай және т. б. ұлттық әдеп жүйесін заман талаптарына сәйкес жоғары тұғырға көтере білді. Олардың әлеуметтік-этикалық ойлары қазақ халқының әдептік сана-сезімінің қалыптасуына, кейінгі ұрпақты адамгершілік және ұлтжандылық рухта тәрбиелеуге үлкен әсерін тигізді. Қазақстандағы Ресей империясының отаршылдық саясаты халықты рухани жағынан күйзеліске ұшыратты, оның діні мен діліне, әдебіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне нұқсан келтірді. Халықтың тәуелсіздіктен айырылып, бодан болуынан ұлттық мінезде ұнамсыз қылықтар көбейе түсіп, жасқаншақтық, «құлдық психология» пайда бола бастады. Қазақ елі осындай тұйыққа тіреліп, одан қалай шығуды білмей, болашағын ойлап, қабырғасы қайысқан кезде халқымыздың Шоқан, Ыбырай, Абай сынды асыл перзенттері ұлттық әдеп жүйесінің күрделі мәселелерін шешуге ұмтылды. Абай әдеп тақырыбын қозғағанда иман мәселесіне көп көңіл аударады және оны арлылық пен ұяттың баламалары ретінде түсіндіреді. Абай өз халқының бойындағы кісілік қасиеттермен қатар, теріс қылықтарды да қатал сынға алды.

Абай қазақ этикасының түбегейлі ұстанымы – «Адам болудың талап-мұратын» жоғары деңгейге қойды. Қазақ этикасын кәсіби деңгейге көтерген ұлы тұлға – Шәкәрім. Ол өзінің «Үш анық» атты еңбегінде этиканы «ар ілімі» деп атап, әдептанудың көптеген мәселелерін теориялық тұрғыдан талдады. Шәкәрім ар-ождан о дүниеде де бар және осыған сену имандылықтың түп-қазығын құрастырады дейді. «Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты», – дейді ғұлама.

Ал әдеп жолы дегеніміз адам баласына пайда тигізу, жақсылық ету деп түсіндіреді. Ол үшін адам өз бойындағы кемшіліктерден арыла білуі керек, сөйтіп өз ар-ожданына кір келтірмейтіндей өмір сүруі қажет. Ар-ожданның мазмұнын нысап, қанағат, тәубе, әділет, намыс құрайды деп түсінеді.

Қ. э-сы Кеңес өкіметі тұсында қайшылықты жағдайда дамыды. Социалистік құрылыс қазақы әдеп пен мінез-құлық жүйесіне теріс әсерлерін тигізді.

Қ. э-сының басты мәселелері ретінде ұлттық әдеп жүйесін диахрондық және синхрондық талдау, ондағы дәстүр мен жаңашылдықтың арасалмағын айқындау, өтпелі қоғам мен ғаламдану жағдайындағы әдептік реттеу тетіктерін айқындау, нарық пен моральдың, табыс пен ізгіліктің арақатынасын айқындау, діни әдеп жүйесінің ерекшеліктерін сараптау, т.т. белгіленді. Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастарды енгізу мен азаматтық-құқықтық қоғам құру міндеттеріне байланысты кәсіптік этикалық алғашқы зерттеулер жарияланды. Бұл еңбектерде еліміздегі моральдық ахуалға ғылыми талдау беріліп, өтпелі қоғамға тән ауытқушыл қылықтың өрістеп кетуінің себептері мен халықтың әдеп мәдениетін жоғары деңгейге көтерудің жолдары қарастырылды. Қ. э-сын заман талаптарына сәйкес қалыптастыру мен дамыту қазақ зиялыларының келелі міндетіне айналып отыр.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т. 12. – Астана: Аударма, 2005.**

**ҚАЗАҚ ЭСТЕТИКАСЫ** адам мен әлемдегі әсемдік пен сұлулық туралы қазақ халқының ұлттық көркем мәдениетін зерттейтін философиялық пән. Эстетика термині ежелгі грек тілінен «сезінуші, сезімдік қабылдау» деп аударылады. Қазақ халқының қалыптасу барысындағы эстетикалық ой-пікірлерінің дамуы бірнеше кезеңдерден өткен. Халықтың эстетикалық құндылықтары алдымен фольклорда, тұрмыс-салт жырларында, аңыздары мен мифтерінде, батырлық және лирикалық эпоста көркем формада баяндалған. Қазақ эстетикасының келесі бір арнасы Қазақстан жерін мекендеген түрік тілдес ұлыстардың өзіндік мәдениеті, жазуы мен өнері болды. Көне түрік жазуындағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде», Қожа Ахмет Иасауидің «Даналық кітабында», Ахмет Йүгінекидің «Ақыл сыйында», Сүлеймен Бақырғанидің «Хәкім Атасында», т. т. эстетикалық мәдениет пен мұраттың түбегейлі мәселелері көркем суреттелді. Ислам Ренессансы эстетикасын қалыптастыруда қазақ топырағында дүниеге келген әл-Фараби ерекше орын алады. Ол өзінің «Музыканың үлкен кітабы», «Поэзия өнерінің каноны туралы трактат», «Поэзия туралы кітап» атты еңбектерінде эстетикалық болмыс пен таным туралы терең пайымдаулар айтты. Қазақтың төлтума эстетикалық мәдениеті хандық дәуірінде қалыптасты және ақын-жыраулар шығармашылығында өзінің шарықтау шыңына жетті.

Асан Қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар, Шал сияқты ақын-жыраулардың эстетикалық ізденістері көшпелілердің дүниені қабылдауын білдіреді.

Ақын-жыраулар эстетикасының құндылығы көркем мазмұнымен ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамындағы қуатты әлеуметтік- мәдени орны және қызметімен айқындалады. Сондықтан олардың алдында тек бұқара халық емес, ақсүйектер де ілтипат сақтаған. Ақын-жыраулар толғауларында бүкіл қазақ халқының ой-арманы мен эстетикалық түсініктері шынайы бейнеленген. Олардың шығармашылығында сұлулық пен әсемдікті, ерлік пен елдікті жырлау басым болып келеді.

Шоқан қазақтың ауызекі мәдени үлгілеріне алғашқы ғылыми талдау берді. Ыбырай Алтынсариннің эстетикалық көзқарастары оның сан қырлы педагогикалық қызметімен байланысты. Оның бұл бағытта қойған бағдарларына жататындары: «қазақтың келешегін дұрыс жолға қою; екіншіден, сенімсіз дүмше молдалардың өлшеусіз қанауынан халықты құтқару; үшіншіден, қазақтың әзірге жойылмай келген ешқандай дін ықпалына түспеген тәжірибелік негізге сүйенген дәстүрін сақтау». Өзінің шығармаларында ол халықтың қоғамдық өмірінде, оның рухани дамуында әдебиет пен өнердің қаншалықты орын алатындығын көрсетті. Мұнда ағартушының отаншылдығы айқын аңғарылады. Ыбырайдың «Орысқырғыз школы туралы» жобалары да, әйгілі «Қырғыз хрестоматиясы» да, тіпті жазылу себебін әркім әрқилы жоритын «Шариат-ул ислам» кітабы да дәстүрді үзбеу ыңғайында жазылды. Абай Құнанбайұлының эстетикалық ойлары мың жылдан артық тарихы бар жазба әдебиетіміз бен рухани мәдениетіміздің ХІХ ғасырдағы тарихи шындығы аясында қарастырылуы тиіс. Абай өзінің көркем шығармашылығында сол замандағы қазақ қауымының көкейкесті мәселелерін терең білдіре алды және олардың шешімін іздеді. Ол қазақ әдебиетінде тұңғыш рет табиғат пен адамның сұлулығын нақтылап айқындай түсті. Поэзияның көркемдігін шыңына жеткізе түсуді, мағынасын тереңнен толғау керектігін айтты.

Абайдың қара сөздерінде көрініс тапқан эстетикалық көзқарастар қазақтың көркем мәдениетін жаңа деңгейге көтерді. Шын мәнісіндегі халықтық бағыттағы ақын-жазушылар заман талабын терең сезіну мен сол жайында толғануды, алға және алысқа көз тігуді, тарих тамырының жанды соғысын суреткерлік және азаматтық жүрекпен ұғынуды Абайдан үйренді. ХХ ғасырдың басында Алаш зиялылары еңбектерінде әдеби- эстетикалық ілімдер қазақ әдебиетінің орыс мәдениеті арқылы Еуропа жә- не жәдитшіл татар мәдениеті арқылы оянған Шығыспен тоғысуы нәтиже- сінде қалыптасты. Терең эстетикалық ойлар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Ғұмар Қараштың, Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынұлының, Мағжан Жұмабайұлының, Міржақып



Дулатұлының, т. т. шығармаларында айтылды. Олардың талқылаған басты тақырыптарына қазақ сөз өнерінің ерекшеліктері, дәстүр мен жаңашылдық, өнердегі гуманизм мен имандылық, фольклордағы рәміздік кейіпкерлер, ұлтжандылық пен азаматшылдық, т.т. жатады.

Кеңес Одағында қазақ эстетикасы қайшылықты жағдайда дамыды. Бір жағынан, «мазмұны социалистік, формасы ұлттық мәдениет» дегенді басшылыққа алған тоталитарлық жүйе ұлттық көркем өнер түрлерін зерттеуге шек қойды. Екінші жағынан, «жан-жақты жетілген адам» дегенді мұрат тұту білім беру мен эстетикалық тәрбиеге назар аудартты. Бұл дәуірде көптеген ғалымдар мен өнер қайраткерлері қазақ халқы өнерінің тарихы мен типтік ерекшеліктерін зерттеуге үлкен көңіл бөлді. Олардың қатарында М.О. Әуезовтың, Ә.Х. Марғұланның, Е. Ысмайыловтың, М. Қаратаевтың, М. Базарбаевтың, Қ. Жұмалиевтің, А. Жұбановтың, Б. Ерзаковичтің, Ә. Қоңыратбаевтың т. т. еңбектерін атап өтуге тұрады. XX ғасырдың екінші жартысынан Қазақстанда кәсіби философиялық-эстетикалық бағыт қалыптаса бастады. Идеологиялық қысым жағдайында қазақ эстетиктері (Б.Р. Қазыханова, Қ.Ш. Нұрланова, Е.И. Байзақов, С. Ақатаев, М. Қаратаев, Е. Тұрсынов, М.М. Әуезов, Ә. Мұхамбетова, т. т.) ұлттық тарихи-мәдени мұрадағы көркем мәдениеттің өзіндік болмысына теориялық талдау берді. Әкімшіл-әміршіл жүйе осы авторлардың бір тобы дайындаған көшпелілер эстетикасына қатысты монографияны таратуға тыйым салды. Қазақстан Республикасында эстетикалық зерттеулер әлемдік жаңа өркениеттілік құндылықтарды қабылдау және ұлттық мәдени мұраны жаңғырту аясында өрістеді.

**Әдебиет: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ этикасы мен эстетикасы. Т. 12. – Астана: Аударма, 2005.**

**ҚАДІРӘЛИ Би Жалайыр.** Қ. би Ж. туралы тарихта тым үстірт, жалпы мәліметтер ғана сақталған. Өзі шыққан руы туралы ол Қосым биді өзінің әкесі, өзін «тарақ таңбалы жалайыр» дейді. Қ. Ж. Сібір хандығындағы ірі ұлыстардың бірінің басшысы болған. Тарихи «Жами ат Тауарих» (Жылнамалар жинағы) жазбасының авторы. Бұл шығарма бізге екі нұсқада жетті. Бірі Санкт Петербург ун-тінің кітапханасында, екіншісі Қазан ун-ті ғылыми кітапханасының Шығыс бөлігінде сақтаулы. Деректеме дәстүрлі кіріспеден, Рашид-ад-Диннің еңбегінен алынған аудармадан және оны өзін-ше қайталап, әңгімелеп шыққан бөлімнен және қысқаша жазылған тоғыз дастан мен қорытынды сөзден тұрады. Мұнда берілген тоғыз дастанның негізі Шыңғыс әулетінен шыққан Тоқтамыс, Темір, Құлтық, Қажы, Керей, Қажы Мұхаммед, Әбілқайыр, Мадқар, Ораз-Мұхаммед сынды хандардың жеке басына және олар шыққан руларға арналған, ал бір дастанда алтын ордалық атақты Едіге ханның қызметі туралы әңгімеленеді. Соңғы тоғыз

дастан кіріспе бөліммен қоса Қ. Ж-дың өзінің төл шығармасы. Оның өзі жазған бөлімдерінің құндылығы арқасында «Жами ат Тауарих» ел арасында кеңінен танымал шығармаға айналды. Әрбір дастан негізінен XIII–XVII ғасырларда Дешті Қыпшақта билік жүргізген жеке әулеттер туралы, ру тарихы сипатында ақпар береді. Өзінің әлеуметтік-саяси бағыты бойынша «Жами ат тауарих» Тұқа Темір әулеті тұсындағы қоғамдық әлеуметтік саяси т. б. тартыстарға құрылған тарихнама болып табылады. Дала тұрғындарының эпосы, лироэпосы және басқа да фольклорлық жанрлар мен бұрын аталмаған және біздің заманымызға дейін жетпеген Шығыс шығармаларының деректері дастандарды жазу үшін арқау болған. Қ. Ж-дың «Жами ат-тауа-рихы» өткен замандағы Қазақстанның тарихы ха- қындағы маңызды әрі құнды тарихи деректеме болып табылады. Тарихнама тұрғысынан алғанда «Жами ат-тауарих» әзірге бізге дейін жеткен бірден бір тарихи-әдеби ескерткіш. Шығармада көшпелі халықтардың сана-сезім, талғамы, дүниеге көзқарасы, болмыс-бітімі, ой-өрісі, тарихи білімі және т. б. айшықтары көрініс береді.

**ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ** (XV ғ.) – сахара эпосын жасаушылардың бірі, ерлік жырларын шығарушы жорық жырауы. Көшпелілер әулетінен шыққан Қ.ж. рубасы – көсем де, әскер басы – батыр да саналады. Қ. өмірі туралы дерек аз. Ол өз артына өмір хақында, атамекен, туған ел жайлы және әскери тақырыптағы сан алуан мол мұра қалдырған, алайда бізге жеткені мардымсыз. Жыраудың жырлары көшпелілердің болмыс, тіршілік, қоршаған орта туралы түсінігін бейнелейді. Қ. Ж. қиялының ұшқырлығы, суреттеу тәсілінің шеберлігі мен сонылығы орта ғасырларда қазақтың ақындық өнерінің жоғары дәрежеде әрі өзіндік сипатқа ие болғандығын көрсетеді. Ұлттық бояуы ашық, афористік толғаныс, көркем тіркестерге бай Қ. жырлары ғасырлар бойы қазақ жырауларының үлгі, өнеге мектебі болған. Жыраудың «Мадақ жыры», «Туған жермен қоштасу» тәрізді шығармалары көне поэзияның таңдаулы нұсқалары болып табылады. Онда көшпелі қазақ халқының өмірге көзқарасы, ой-толғамы бейнеленген.

### **ҚАЗЫБЕК БИ КЕЛДІБЕКҰЛЫ**

Қаз дауысты Қазыбек би– қазақ халқының XVII – XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүздің арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген және 1755 жылы қайтыс болған. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек — есімдері елге белгілі әділ билер болған.

Қаз дауысты Қазыбектің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болған. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би Әз Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса,

*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған.

Бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен.

Тәуке хан үйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – «Жеті жарғыны» жасатып, Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатты. Сөйтіп, ұлы үш бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді.

Ел «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетіне ұшырап, қатты күйзеліске түскен кезеңде Қазыбек би өзге де билермен бірге Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың ара-сын жарастыруға күш салды, оларды өзара ынтымаққа шақырды. Орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда Қазыбек би Абылайды құтқару үшін қолдан келген барлық дипломаттық айла-әрекеттерін жасаған.

**Дереккөздер:** Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010; Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.; Даланың дара ділмарлары. -Алматы: ЖШС "Қазақстан" баспа үйі", 2001, - 592 б.

**ҚАЗЫХАНОВА Батеш Рахымханқызы** (1929-2016), Шығыс-Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. Батеш Рахымханқызы Қазыханова - мәдениеттанушы, философ, философия ғылымдарының докторы, профессор, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті философия факультетін бітірген (қазір әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 1952). 1953 жылы М.В. Ломоносов ат. ММУ-да білімін жетілдіргеннен соң, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті философия факультеті философия кафедрасында оқытушы қызметін атқарады (1953-1954). Кейін Шымкент пединститутында аға оқытушы (1954-1957), ҚазМемҚызПИ-да аға оқытушы (1957-1961) болып жұмыс істейді. 1961-1968 жылдары Батеш Рахымханқызы Қазақстан ҒА Философия институтында аспирант, кіші және аға ғылыми қызметкер болады. 1968 жылдан Батеш Рахымханқызы Алматы мемлекеттік консерваториясы әлеуметтік ғылымдар кафедрасында профессор, кейін кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады.

Батеш Рахымханқызы Қазақстанның ғылыми-философиялық, ұстаздық кеңістігіндегі танымал тұлға болды, ол нағыз зиялы қауымның өкілі ретінде белгілі, шығармашылығымен елімізде алдыңғы қатарда тұрды. Оның еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланып келді, оған «Жоғары мектептің еңбегі сіңген қайраткері» атағы берілді, көптеген Құрмет грамоталарымен, медальдармен, төсбелгілерімен марапатталды. Шынайы ұстаз ретінде ол өзінің терең де жан-жақты білімін шәкірттері мен оқушыларына дарқан түрде бөлісті және Қазақстанда эстетикалық мектептің негізін қалаушылардың бірі болды. Ондаған жылдар бойы ол әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дағы Диссертациялық Кеңестің мүшесі болды және елімізде философия бойынша жоғары дәрежедегі мамандарды дайындауға тікелей ат салысты.

1961 жылы Батеш Рахымханқызы Қазақстан ҒА Философия институтының аспирантурасына оқуға түседі және онда «Қазақ халқының мәдени мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. 1973 жылы ол «Қазақ халқының эстетикалық мәдениеті» тақырыбында докторлық диссертацияны табысты қорғайды. Профессор Б.Р.Қазыханованың ғылыми баяндамалары эстетика бойынша ұйымдастырылған Халықаралық конгресстерде үлкен қызығушылықпен тыңдалды (Румыния, 1972 жыл), (Канада, 1984 жыл).

**Батеш Рахымханқызы Қазыханованың негізгі ғылыми еңбектері:**  
Қазыханова Б. Қазақ халқының эстетикалық мәдениеті // Қазақ этикасы және эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007. – 495 б.; Казыханова Б. Р. Роль художественного наследия в эстетическом воспитании. – Алма-Ата : Казахстан, 1967. – 225 с.; Казыханова Б. Возьми в дорогу красоту. - Алма-Ата : Онер, 1985. - 136 с.; Казыханова Б. Р. Пути в мир прекрасного (1990). **Байтенова Н.Ж., Масалимова А.Р.**

**ҚАЙТА ӨРЛЕУ, Ренессанс** – Батыс және Орталық Еуропада XIV ғ. – XVI ғ. мәдениеттің гүлдену дәуірі. Әлемдік сауда байланысы, өндірістің дамуы, әлеум. жағдайдың жақсаруы мәдениеттің барлық саласының прогрессивтік бағытта дамуына ықпал етті. Қ. ө. дәуірінің эстетикалық идеалы жетекші орынға шығарм. тұлғаны шығарды. Рухани және материалдық байлықты бірлестікте қарастырды. Қ. ө. дәуірінің мәдениеті сауда және өндіріс орталығы болған солтүстік және орталық Италияда өзінің классик. формасында көрініс тапты. Адамзат тарихындағы кәсіптік көркемдік шығарм.-тың бір кезеңі Қ. ө. дәуірінен бастау алады.

Антикалық идеалдар мен құндылықтарды жаңғырту және ортағасырлық мұрадан арылу ретінде қалыптасты. Алдымен Италияда пайда болып, кейіннен Еуропаның басқа аймақтарына да таралады – «Солтүстік Қ. Ө-і». Шын мәнінде бұл өтпелі дәуір болды, өйткені, онда ортағасырлық мәдениет пен антикалық мәдениет элементтері ұштасып жатты. Сөйтіп, бұл мәдениеттердің синтезі жасалды, кейіннен осы негізде Жаңа дәуір мәдениеті қалыптасты. Зайырлы мәдениеттің рөлі артады. Бұл дәуірдің мәдениеті гуманизм құндылықтарына негізделеді. Сондықтан бұл дәуір қайраткерлерін гуманисттер деп атайды: оның өкілдері осы дәуір мәдениетіне ой еркіндігі мен сын көзқарасты енгізді. Р. дүниетанымы антропорталықтық сипатта болды. Дүниенің орталық тұлғасы – адам, ал Құдай барлық заттардың бастауы. Қоғам – адамдар әрекетінің нәтижесі. Бұл дәуір адамның өзіндік санасы өзін таныту, өз күш, қабілетін сезіну ретінде көрініс табады. Сондықтан мұнда «алыптар» атанған ірі тұлғалар: Леонардо да Винчи, Тициан, Петрарка, Сервантес, Пико Делла Мирандолла, Бэкон, Кампанелла, Эрази және т. б. өмір сүрді. Адамдық әрекет – құндылық деп жарияланды. Адамгершілік дүниені (Құдаймен бірге) жаратушы деп түсініледі. Тән сұлулығына адамға деген қызығушылық қайта жаңғырады. Өнерде адам қуанышы мен бақыт, талап-тілектері мен құштарлықтары бейнеленеді. Өнерде антикалық адам идеалы, сұлулықты-үйлесімділік пен өлшем ретінде түсіну қайта жаңғырады.

**ҚАЙШЫЛЫҚСЫЗДЫҚ** – аксиоматикалық теорияға қойылатын талаптардың бірі. Егер аксиомалар жүйесінен аксиома мен оның терістетілген түрі бір мезгілде шығарылмайтын болса, онда бұл жүйе қайшылықсыз делінеді. Формальдық аксиоматикалық жүйедегі басты мәселенің бір – оның Қ-ғын матем. әдіспен дәлелдеу. Кезінде Лобачевский геометриясының салыстырмалы Қ-н дәлелдеу үшін Бельтрами, Пуанкаре, Клейн оның эвклидтік моделін құрған, яғни эвклид геометриясының ұғымдары арқылы оған түсінік берді. Сонда Лобачевский геометриясының Қ-ын дәлелдеу үшін Эвклид геометриясының Қ-на, мұны дәлелдеу үшін арифметиканың Қ-ына, соңғыны дәлелдеу үшін жиын теориясының Қ-ына сүйенуіміз керек. Өйткені мұнда белгілі бір матем. теорияның Қ-ын генетикалық сатыда төмен тұрған теорияның Қ-ына көшіру мақсаты көзделеді. Сонан кейін аты аталған әдіс континуум гипотезасы мен іріктеу, таңдау аксиомасына байланысты мәселелерді шеше алады. Осы Қ.-ты жеңу үшін Д. Гильберт өзінің математикасын ұсынды. Гильберт модель әдісін қолданбай формальдық жүйенің Қ-ын тікелей дәлелдеуді қарастырды. Дегенмен, Гильберт бағдарламасы орындалмады. Матем. ой дамуының ішкі логикасы математикадан метаматематикаға көшуді қажет етті. Математика мен метаматематика арасында оларды байланыстыратын

жалпы және өздеріне тән ерекше ұстындар бар. Гильберттің математикасы өз дамуында үлкен жетістіктерге жеткенімен матем. білімнің табиғатын және оның негіздеу мәселелерін түгелдей дерлік шеше алмады. Мұның дәлелі ретінде Гедель теоремаларын келтіруге болады. Бірінші теорема кез келген формальдық жүйенің формальданатын логикалық құралдар арқылы мүмкін еместігі жайында. Гедель бүкіл математика үшін тұтас аксиоматика жүйесін құруға және матем. білім түгел арифметиканы толық формальдауға және аксиомаландыруға ешбір болмайтындығын тамаша дәлелдеді. Аксиоматикалық әдіс – ғылыми білімді ұйымдастыру мен құру әдістерінің бірі.

**Әдебиет:** Нысанбаев Ә. *Математика және дүниетану.* – А., 1973; Клини С. *Введение в метаматематику.* – М., 1957; Нысанбаев А., Шляхин Г. *Развитие познания и математика.* – А.-А., 1971; Абдильдин Ж., Нысанбаев А. *Диалектико-логические принципы построения теории.* – А.-А., 1973.

**ҚАНАҒАТ** – барға риза болу, місе тұту, нысаптан шықпау, нәпсіге ермеу. Қ. ашкөзділікке жібермейді, біреудің дүние затына сұқтандырмайды, сұғанақтық жасаттырмайды. Қ-шыл кісі – барынша кішіпейіл, қарапайым, иі жұмсақ. Сондықтан да ол көпшіліктің көзіне түсе бермейді. Қ-шылық – қолдағы барына, қол жеткізген табыстарына разы болу, шүкіршілік ету. Әрине, кейбіреулер мұны адамшылыққа жарасатын көркем сипат, өмірде ортаймайтын қазына деп түсіне бермейді. Қаншама мол байлығы болса да, оны қанағат қылмайтындар да кездеседі. Мұндайларды жұрт көзі тоймайтын, қанағаты жоқ адам дейді. Ондайлар «болған сайын болсам деп, толған сайын толсам деп» ашкөздікке салынып, Кейде қанағат-нысабын ұмытады, көбіне жалған сөйлеп, екі жүзділікке барады. Адам қолындағы барының игілігін көріп, соған шүкіршілік қылса, өмірі де мәндірек, қызығырақ болар еді. Қ.-сыз адам ашкөз келеді. Қ-сыздық – тойымсыздық, өзі тойса да, көзі тоймаушылық. Бұл – ерсі қылық, адам болмысындағы тәрбиесіздік пен мәдениетсіздіктің белгісі.

**Әдебиет:** Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Т. 1. – Астана: Аударма, 2005.

**ҚАСАБЕК Аманжол Қасабекұлы** 1943 жылы 5 сәуірде Алматы облысында дүниеге келген.

М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген. Философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Әлеуметтану ғылымдары академиясының, Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі. 1969-1978 жылдары - Жамбыл педагогикалық институтының, Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтының аға оқытушысы. 1978-1988 жылдары - Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы Кәсіби біліктілікті арттыру институтының доценті. 1988-1991 жылдары - Алматы сәулет-құрылыс институты философия кафедрасының меңгерушісі. 1991-1994 жылдары - Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы Кәсіби біліктілікті арттыру институтының директоры болды және 1992 жылдан қазақ және шетел философиясы кафедрасын басқарды, 1998 жылдан - эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, 1995-1998 жылдары -

І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университетінің ректоры. 2000 жылдан Қазақ мемлекеттік заң университетінің кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Қазіргі уақытта І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры.

Аманжол Қасабекұлы Қазақстандағы философиялық зерттеулерді заман талабына сай жаңа деңгейге сай көтеріп, дәстүрлер сабақтастығын сақтай отырып, тарихи-философиялық пәндерді уақыт сұранысына байланысты қайтадан қарап, қазақ философиясының тарихы мен заманауи философиялық мәселелерді қарастыратын жаңа ғылыми бағыттың негізін қалады. А.Қ. Қасабек қазақ халқының бай рухани мұрасына сүйеніп, философия тарихының заманауи мәселелерін зерттеуді дамытуға ықпал етті. Ол Қазақстанда ғана емес, басқа да елдерде танымал болған «Социальная деятельность и социальное познание», «Искание истины», «Қазақ философиясы», «Тарихи-философиялық таным», «Шығыс философиясы», «Личностный характер философского познания», «Ғылым философиясы», «Құқық философиясы» секілді оқу және ғылыми басылымдарының авторы болып табылады.

**ҚАСИЕТТІ** (лат. *sacrum* – қасиетті) – барлық аса киелі құндылыққа, мінәжатқа жататын нәрселер. Теологияда Қ. дегеніміз Құдайға бағынышты болу. Қ-тінің рәмізі ретінде қасиеттеу рәсімі көрінеді, яғни күнделікті тіршілікке, трансцендентті мағына беретін рәсім. Қасиеттеудің жүйесі төмендегі қосындылардан тұрады: а) белгілі қоғамға тән қасиетті ойлар құрамынан; б) осы ойлардың абсолютті ақиқаттығына сендіретін психологиялық тәсіл мен иландыру құралдарынан; в) арнайы таңбалар жүйесінен; г) арнайы ұйымнан; д) арнайы жүйені қалыптастыруға көп уақыт кетеді, ол өзіне өткен және жаңа пайда болған дәстүрлерді сіңіреді. Қасиетті дәстүрдің және қасиеттеудің өміршең жүйесінің арқасында дін немесе идея қоғамның барлық кеңістігіне тарап, әлеуметтік топтармен қатар барлық буындарды біріктіреді. Таңдаулы объект қасиеттелген кезде қоғам нақты болмыстан гөрі, оның шынайлығына көбірек сенеді. Сондықтан қасиеттеу рәсімін идеологияның ең басты құралы деп санауға болады.

**Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 4. Ислам философиясы. – Астана: Аударма, 2005.**

**ҚАСЫМЖАНОВ Ағын Хайроллаұлы** (1931–2000). Философия ғылым- дарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың философия бөлімін 1954 ж. алғашқылардың бірі болып үздік бітіріп шы- ғады. Университеттің аспирантурасын аяқтағаннан кейін 1957–1963 жж. ҚазКСР Ғылым Академиясының философия және құқық институтының кіші ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді. 1960 ж. Мәскеудегі КСРО Ғылым Академиясының философия институтында «В.И. Лениннің «Фило- со-фиялық дәптерлерінде» диалектика, логика және таным теориясының сәйкестігі мәселесін байыптауы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1963-1966 жж. ҚазМУ-дың доценті. А.Х.Қ. Мәскеу қала- сында 1969 ж. «Диалектиканың логикалық аспектілері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. 1970 ж.

ҚазКСР Ғылым Академиясының ең жас корреспондент-мүшесі болып сайланады. Осы жылдары А.Х. Қ. жетекшілігімен әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық, логи-калық трактаттары алғаш рет араб тілінен қазақ және орыс тілдеріне аударылып, жарық көрді және ғылыми айналымға енді. 1976–1977 жж. А.Х. Қ. ҚазМУ-дың философия және экономика факультетінің деканы, 1977–1983 жж. ҚазМУ жанындағы жоғарғы оқу орындары оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтының директоры, 1983–1986 жж. ҚазМУ-дің философия тарихы және логика кафедрасының меңгерушісі. 1993 ж. А.Х. Қ. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің жанында «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы» атты республикалық ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталығын құрып, ұлы ғұлама-ойшылдың мұраларын түбегейлі зерттеуге жол ашады. 1996–1997 жж. Фулбрайт қорының шақыртуымен А.Х. Қ. Оклохома Мемлекеттік университетінде (АҚШ) «Дала өркениеті», «Орталық Азия мәдениеттануына кіріспе» атты тақырыптарында дәріс-тер оқиды және Стил-Уотерде (АҚШ) «Ортағасырлық мәдениеттің қайта жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми конференцияны ұйымдастырады. А.Х. Қ. 1994 ж. бастап 2000 ж. дейін ҚазҰУ-дің философия және саясаттану факультетінің философия және әлеуметтік таным әдіснамасы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

**Негізгі еңбектері:** «Аль-Фараби в истории культуры» (1975), А.Ж. Келбұғанов, К.М. Сатыбалдинамен «Круги в познании: ленинское учение о единстве исторического и логического» (1977), А.Ж. Келбұғановпен «О культуре мышления» (1981), «Аль-Фараби» (1982, 1997), «Қазақ» (1993), «Портреты: Штрихи к истории Степи» (1995, 1997), «Стелы Кошо-Цайдама» (1998), «Портреты. Степь глазами извне: от Геродота до Гумбольдта» (2001) және т. б.

**ҚОҒАМ.** Кең түрде алғанда, Қ. деп адамдардың арасында қалыптасатын сан алуан байланыстар мен қарым-қатынастардың жиынтығын айтамыз. Ғарыштағы Жер бетінде өмір сүріп жатқан саналы – адамдар бір-бірімен бірігіп, сан-қилы қарым-қатынастарға түсіп Қ-ды құрайды. Қ. ұғымының орнына көп жағдайда оған мән-мағынасы жағынан жақын категориялар қолданылады. «Ел» және «Қ.» категорияларын салыстырсақ, біріншінің географиялық жағы басымды. Мысалы, Қазақ елі – Азия құрылығының ортасында, мұхиттардан алыс орналасқан ел. «Қауым» және «Қ.» категорияларына келер болсақ, біріншіге жан-ұя, ру, тайпа, халық, ұлт секілді әлеуметтік ұйымдасу формалары жатады. Ал «мемлекет» пен «Қ-ды» салыстырсақ, – ол мұхиттағы айсберг сияқты: судың бетіндегі көрінетін алып мұздың кішкентай ғана бөлігі – ол мемлекет болатын болса, су астындағысы – Қ. Қ. өміріндегі сан-алуан қарым-қатынастардың ең негізгілерін ғана мемлекет заң арқылы ретке келтіре алады, қалғандары әдет-ғұрып, моральдық, эстетикалық, т. б. әлеуметтік нормалардың негізінде қалыпқа келеді. Сонау көне заманнан бері созылып келе жатқан үрдіс – Қ-дағы рухани, саналы байланыстарды негізгі деп есептеу. Өйткені, бір қарағанда Қ-ның жануар тобырынан айырмашылығы – ондағы рухтың пайда болып сол қоғамға тигізетін зор әсерінде болса керек. Қ. өмірінде өмір сүріп жатқан нақтылы тірі адам басқалармен саналы қарым-қатынасқа түседі. Ол өз



алдына неше-түрлі мақсат-мұраттар қойып, оларды іске асыруға тырысады. Яғни, идея әрқашанда алда, соңынан ол іске айналады. Олай болса, Қ. өмірін анықтайтын – билік басындағы ұлы тұлғалардың саналы іс-әрекеті.

**Әдебиет: Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: Бастау, 2008.**

**ҚОҒАМДЫҚ САНА** – қоғамның өзін-өзі, өзінің қоғамдық болмысын және қоршаған ортаны түйсінудің нәтижесінде пайда болатын қоғамдағы әртүрлі пікірлердің, теориялардың, идеялардың, діни сенімдердің жиынтығы. Ол қоғамдық болмысты бейнелейді, бірақ салыстырмалы түрде белсенді, яғни, қоғамдық болмысты бейнелеп қана қоймай, өзі де қоғамдық болмыстың дамуына белсенді әсер етіп отырады. Зерттеушілер қоғамдық сананың құрылымында қарапайым және теориялық, қоғамдық психология және қоғамдық идеология деңгейлерін, сонымен қатар, мынадай түрлерін: саяси сана, құқықтық сана, мораль, дін, өнер, ғылым және философияны атап көрсетеді. Қарапайым немесе әдеттегі сана – адамның қоршаған ортаны бейнелеудің тарихи жағынан алғанда алғашқы тәсілі, қоғамның рухани өмірінің ажырамас бөлігі. Кейбір ойшылдар қарапайым сананы тоғышарлық сана, жаңаға қабілетсіз деп, төмен бағалайды. Мысалы, осындай менсінбеушілік Гегельде кездеседі, бірақ ол қарапайым сана жалпы-адамзаттық мәдениеттің байлығын игеруге талпынса, ғылыми деңгейге дейін көтеріле алады деп сенеді. Ал Кант қарапайым санаға құрметпен қарады. Шынында да, қарапайым сана нақты өмір сүріп отырған адам-дардың, қоғамның құрамдас элементтерінің санасы, бір тұлғаның екінші тұлғадан айырмашылығын көрсететін және оларды бір қоғамдық тұтастыққа біріктіретін рухани микрокосм, адамдардың күнделікті өмірлерінің қарапайым уайым-қуаныштарының, үміттері мен түңілулерінің жиынтығы. Қарапайым сананы зерттеу арқылы қоғамның жалпы көңіл-күйі, тыныс-тіршілігі туралы мол мәлімет алуға болады.

### **ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ**

Қожа Ахмет Хазреті Сұлтан Яссауи (1093-1166 гг.) - суфизмдегі түріктік бағыттың негізін салушы, философ, ойшыл. Қожа Ахмет Яссауи Яссы (Түркістан) қаласында 1093ж., басқа деректерге қарағанда 1103ж., 1036ж., 1041ж. туған, ал 1166ж. Сайрам (Исфиджаб) қаласында өмірден өтті. Қожа Ахмет Яссауи алғашқы білімін өзінің әкесі шейх Ибрагимнен алады. Әкесі осы дүниеден қайтқанан кейін ханафи мазхабының белгілі өкілі Баха әд-Дин Испиджабидан тәлім-тәрбие алады. Осыдан кейін Отрардағы атақты Арыстан Бабқа білім алуға барады, ол сол кезде жергілікті мубайидиттердің жетекшісі болатын. Қожа Ахмет Яссауи өзінің ұстазынан өмірлік және рухани азықтан нәр алып, терең білімге ие болды. Ұстазы да осы дүниеден қайтқанан кейін ислам әлемінің тірегі болып есептелінетін Бұхараға жол тартады. Бұхарада Қожа Ахмет Яссауи рухани ұстаздары болып сол кездегі Орталық Азиядағы суфимнің белгілі өкілдері Әбу' әл-Фармази (Тусадан, 1084 ж. дүниеден қайтқан),

кезінде Әбу' әл-Фармазидің Ахмед әл-Газали (1126 ж. дүниеден қайтқан) және Йусуф әл-Хамадани (1049-1140) шәкірттері болған. Ахмад әл-Газали - философиялық мистицизмнің тарихындағы белгілі философ, сунниттік бағыттағы теолог, фикх саласындағы ғұлама әл-Газалидің кіші інісі. Сол замандағы белгілі мистикалық мектепті басқарған және де өзінің өмірін Алла жолына арнаған келесі ұстазы атақты шейх Қожа Юсуф Хамадани болды. Оның толық аты Әбу Йакуб Йусуф әл-Хамадани әл-Бузақджирди. Қожа Юсуф Хамаданиден екі бұтақ тарайды - парсылық, Әбу әл-Халық әл-Гиждуваниден және түркілік сопылардың негізін салушы Қожа Ахмет Яссауиден.

Суфизм исламдағы жаңа мистикалық-аскеттік ағым. Суфизм Орталық Азияда ІХ – Х ғасырларда кең етек жайды, көптеген сопылық тариқаттар қалыптаса бастады. Оларды басқаратындарды арабтілдес елдерде шейх деп, ал парсытілдес елдерде шейх немесе пір деп, түркітілдес халықтары арасында шейх, пір, ишан, баба, ата деп атады. Орталық Азияда неғұрлым кең тараған тариқаттарға - накшбандийа, йассавийа, кубравийа атты бағыттар жатады. Мубайидиттер, исмайлиттер, караматтар шафий, ханафий мазхабтарымен қатарлас қызмет жасады.

Жан-жақты рухани білімнің негізінде Қожа Ахмет Яссауи суфизмнің негізін жетік меңгерген деген атаққа ие болып, кезінде Арыстан баб қалыптастырған дәстүрлерді әрі қарай жалғастыру үшін Яссы қаласына оралады. Осы жерде ол "Яссауи" сопылық тариқатты негіздейді. Оның ізбасары болып Арыстан бабтың ұлы Мансұр болады. Иранда Яссауи ілімін Қожа Бекташи таратады. Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті Сүлеймен Бакырғани Хахим Ата да (Хорезмде 1186 ж. дүниеден қайтқан) болған. Қожа Ахмет Яссауи шәкірттері, сопылар, миссионерлер оның ілімін Түркістанда, Волга бойында, Хорасан, Әзербайджан, Кіші Азия халықтары арасында кеңінен таратты.

Қожа Ахмет Яссауи 63 жасында жер астына түсіп өмірінің аяғына дейін сонда өмір сүреді. Қожа Ахмет Яссауи мұны былай деп түсіндіреді: "Пайғамбар жасына 63 жасқа жеттім, мен үшін осы жеткілікті, Пайғамбар жасынан артық өмір сүрудің қажеті жоқ". Бізге жеткен аңыз бойынша, Қожа Ахмет Яссауи Аллаға құлшылық ету жолына түседі. Ол Яссы қаласындағы мешіттің қасындағы жер астына түсіп, бүкіл өмірін сонда өткізеді. 1166/67 ж.ж. Қожа Ахмет Яссауи қайтыс болады және әулие ретінде өзіне арнап салынған мавзолейде Яссы қаласында жерленеді, кейіннен ол жер мұсылмандар үшін киелі жерге айналады. Қожа Ахмет Яссауи негіздеген яссауи сопылық тариқаты және Түркістан қаласы Қазақстанның ортағасырлық рухани орталығына айналады. Ұлы шейх өмірден озғанан кейін өзі негіздеген сопылық тариқат белсенді түрде өз жұмысын әрі қарай жалғастырады, ал ол жерленген мавзолей Орталық Азиядағы ең киелі жерлердің біріне айналады. Кезінде [Караханидтердің](#) әмірімен салынған кесене монғол шапқыншыларының әрекетінің нәтижесінде қиратылады. Қожа Ахмет Яссауидің осы дүниеден қайтқанына 223 жыл өткенен кейін Әмір Темір (1336-1405) [«Хазрет Сұлтан» мавзолейін](#) салғызады. 1982 жылдан бастап ескерткіш мемлекет қорғауына алынған. Кезінде мавзолейде отыздан астам бөлмелер болған: мешіт, кітапхана, арнаулы рәсім жасайтын зал және т.б. бөлмелер.

Қожа Ахмет Яссауи өз еңбектерін алғаш оғыз-қыпшақ диалектісінде жазған түрк ойшылы болып есептеледі. Еңбектерінің ішіндегі әйгілі және кең тарағаны "Диуан-и хикмет" ("Даналық кітабы"), "Мират-ул Кулуб" ("Жан айнасы")[ Қожа Ахмет Яссауи "Мират-ул Кулуб" ("Зеркало души") Анкара, Билиг баспасы, 2000.

1146.], "Пақыр-нама" ("Кедей туралы аңыз" (кедей деген парсы тілінде дервиш дегенді білдіреді). Бірақ бізге бірнеше варианты жеткен және неғұрлым көпшілікке мәлім еңбегі "Диуан-и хикмет" ("Даналық кітабы"), қыпшақ диалектісінің негізінде ескітүрк тілінде жазылған және жалпы түркітлдес халықтарының ортақ рухани мұрасына жатады. Аталған еңбекте яссауи тариқатының негізгі принциптері мен идеялары қарастырылған. Қожа Ахмет Яссауи "Диуан-и хикметінде" исламды насихаттап, мұсылмандықтың халықтың арасында кең таралауына себепші болған. Түркітлдес халықтарының арасында "Диуан-и хикметті" "Түркітердің Құраны" деп атаған, себебі олар мұсылмандықты және Құранды Қожа Ахмет Яссауидің "Диуан-и хикметі" арқылы қабылдаған, сондықтан түркітер оны "Хазреті Сұлтан" - "Қасиетті Сұлтан" деп атаған, ал Түркістан екінші Меккаға айналды. Қожа Ахмет Яссауидің хикметтері исламды насихаттаумен қатар түркітлдес халықтарды рухани бірлікке шақырған. Қожа Ахмет Яссауидің "Диуан-и Хикметі" – жай ғана сопылық діни әдебиеттің ескерткіші емес, сонымен қатар көнетүрк мәдениетінің де ескерткіші және де көптеген түркологтардың пікірінше қараханидтердің әдеби дәстүріне де жатады.

Суфизмдегі түркітік бағытты зерттеушілердің пікірі бойынша, Қожа Ахмет Яссауи негіздеген сопалық тариқаттың өзіндік ерекшеліктері бар. Қожа Ахмет Яссауи негіздеген сопылық тариқат рухани әдептілікті жетілдірудің шарты ретінде және Алланы танып білуде міндетті түрде шарифат, тариқат, хақиқат, мағрифат сияқты сатылардан өту. Шариат дегеніміз исламның ұстанымдарына сай ізетті өмір сүру, тариқат бұл күнделікті тіршіліктен бас тартып мистикалық жолға түсу, мағрифат мистикалық таным арқылы экстаз жағдайында уақытша Құдаймен жақындасу, хақиқат дегеніміз күнделікті тіршілік сұраныстарын тежеу арқылы өзін өзі жетілдіру, фана жағдайында тұрақты түрде Алламен сұхбаттасу.

"Диуан-и хикметте" шарифат, тариқат, хақиқат, мағрифатқа ерекше көңіл бөлінеді. Қожа Ахмет Яссауидің пікірі бойынша, шарифат, тариқат, мағрифатсыз хақиқаттың болуы мүмкін емес (яғни Аллахпен жақындасу). Руханилықсыз, шынайы өзін өзі құрбандыққа әкелусіз, тіпті қажет болса өмірін де қиюға дейін барусыз адамды, оның табиғатын анықтау мүмкін емес. Қожа Ахмет Яссауи аскетизмге, сыртқы дүниеден бас тартып, шыдамдылыққа шақырады, себебі бұл о дүниеде рахатқа бөлендіреді. Ол әруақытта да адамдарды әділеттікке, шынайылыққа, жақсылыққа шақырады. Түрк тілінің әдеби айналымға енуі де Қожа Ахмет Яссауидің есімімен тікелей байланысты. "Баба" деп аталатын халық арасында уағыз айтушылар Қожа Ахмет Яссауи ілімін Түркістанда, Әзербайджанда, Кіші Азияда, Анадолияда, Волга, Хорасан және басқа жерлерге де кең таратты. Қожа Ахмет Яссауи түрк халықтары арасында жаңа исламдық өркениеттің кең таралу жолын айқындап берді. Ол жаңа діни идеология мен тәңіршілдік пен шамандыққа, зороастрийлікке негізделген бұқаралық сананы ұштастыра білді. Бұл жерде яссауи тариқатының ролі ерекше, әділеттілікті, әдептілікті, рухани тазару және адамның жетілдіруін насихаттау арқылы көпшілік көңілінен, түрк халқының көңілінен шықты. Қожа Ахмет Яссауидің осындай іс әрекетінің арқасында суфизм философиялық жүйе ретінде түрк халықтарының рухани танымымен дүниетанымымында ерекше роль атқара бастады. Егер де Қожа Ахмет Яссауиге дейін түрк халықтары Тәңірге құлшылық жасаса, ал одан кейін – Аллаға сене бастады. Суфизм арқылы түрк халықтары шығыс философиясын, әлемдік діндер философиясын тану мүмкіндігіне ие болды.

Қожа Ахмет Яссауидің сопылық тариқаты көбінесе ритуалдық-тәжірибелік сипатта болды және шарифат, тариқат, хақиқат, мағрифат сатыларынан өту

мәселелеріне, олардың әрқайсысының мақамын, тұрағын айқындауға жеткілікті көңіл бөлінді. Қожа Ахмет Яссауидің сенімі бойынша мурид дервиш болу үшін, суфий дәрежесіне жету үшін барлық 40 мақамнан өтуі қажет. Қожа Ахмет Яссауидің ілімі бойынша 40 мақам 4 сатыдан - *шаригат, тариқат, хақиқат, мағрифаттан тұрады*, олардың әрқайсысының өзінің *мақамдары бар*, тұрақтар, әрқайсысы жеке 10 сатыдан тұрады және де сопының рухани-әдептілік жетілу жолы болып табылады.

Осы жолды өтудің негізгі кезеңдері шаригат, тариқат, хақиқат, мағрифатпен қатар яссауи таркитының негізін *зікрді орындау тәжрибесі – Алланы еске алу болып табылады*. Орталық Азия мен одан да тыс жерлерде сопылық тариқаттардың ілімі мен тәжрибесінде зікр сопылық жолдың негізі болып табылады. Бұл тақырып Қожа Ахмет Яссауидің хикметтерінде де маңызды орын алады. Қалыптасқан әртүрлі түсінікке қарамастан барлығына ортақ нәрсе бар. Зікр бұл Алланы еске алу, ол сопының жүрегінде орын алып, жүрегінен жан айқайы болып шығады.

Қожа Ахмет Яссауидің "Диуан-и Хикметінде" «сама» деген сөзді жиі кездесуге болады. Әдетте суфизмде, бұл сөз музыканы тыңдау, билеу, көңіл көтеру дегенді білдіреді. Яссауи тариқатында «сама» деген зікр, намазды және Қожа Ахмет Яссауидің өзінің «Хикметтерін» оқуды білдіреді, оны орындаған кезде орындаушылар ән ырғағымен теңселіп тұрады. **Байтенова Н.Ж.**

**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Білім Қайнелұлы** (1945–2007) философия ғылымдарының докторы, профессор. Қ. еліміздегі дінтану мамандығының ашылуына себепкер болып, дінтану мамандығының стандартын жасақтауға, дінтанушыларға арналған типтік бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдар жасауға зор үлес қосты. Қ. діндер тарихы мен теориясы, дін философиясы саласында шығармашылық ізденістер жүргізді. Ол қоғам және адам өміріндегі руханилықтың мәніне, рухани құндылықтар мен қажеттіліктердің діни философиялық астарын зерделей отырып, дін мен дәстүр, діл мен діннің арақатынасына дінтанулық талдау жасады. Қ-тың жетекшілігімен бірнеше кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. **Еңбектері: Социально-философские поиски духовности. – А., 1998.**

**Информатизация общества: Социально-философский анализ. – А., 2004.**

**ҚҰНДЫЛЫҚ** – танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін маңызды деп танылуы. Қ. филос.-социологиялық ұғым. Қ. объектінің адам үшін қаншалықты маңыздылығын айқындайды. Қ-қа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады. Қ. қоғамдық-саяси, рухани, жағымды түрде көрініс табу мүмкін. Қазіргі кезеңде ұлттық, таптық, топтық Қ-тарға қарағанда, жалпы адамзаттық Қ-тар басымдылығы (өмір сүру құқы, еңбек ету, білім алу, теңдік, еркіндік, меншік, балаларға деген махаббат, үлкендерді сыйлау, жақынына жаның ашу, Отан сүйгіштік, кәсіпкерлік, қауіпсіздік, адалдық т. б.) маңызға ие болып отыр. Жалпы алғанда Қ-тар деп адам өмірінің бағытын анықтайтын, оған керек, мәнді, оның құрмет тұтатын, керек болса, бас иетіннің бәрін

жатқызуға болады. Қ-тар әлемінің өмір сүруінің терең себептері – адамның өзінде, оның саналы пенделігінде, өмірдің мән-мағынасын іздеуінде жатса керек. Өйткені, адам – ерікті ақыл иесі, ол өз тағдырын өзі күнделікті өмірге келетін мүмкіндіктерді таңдау арқылы жасайды. Адамның өзі, бір жағынан, дене болса, екінші жағынан – рух. Дегенмен де Қ-тар әлемін, негізінен, екіге бөлуге болады. Олар – материалдық және рухани Қ-тар. Қайсыбір ру- хани құбылыс өмірге келу үшін заттанса, яғни, материалдық қабыққа ие болса, онда шынайы өмірде материалдық және рухани Қ-тарды бір-бірінен қалайша айырып алуға болады? Оларды бөлудің негізінде адамдардың сан- алуан қажеттіктері жатса керек. Қажеттік деп адамның өмір сүруіне, оның жан-жақты дамуына керектінің бәрін айтуға болады. Бүгінгі қоғамдағы адамдардың қайсыбірі рухани қажеттіктерін оятып, ең жоғарғы сатыға көтерілді деп айту шындыққа жатпайды. Өкінішке орай, материалдық Қ- тарға құмартқан көпшілік бүгінгі таңда соның шырмауынан шыға алмай жатыр. Егер қайсыбір жануардың қажеттіктері оның инстинктері арқылы берілсе, адамның қажеттіктері оның сана-сезімдерінен өтіп, белгілі бір мүд- делерге айналады. Жануарлар бір нәрсеге мүдделі деп айту ақылға сыймай- ды, ол тек адамға ғана тән нәрсе. Өз мүдделерін іске асыру үшін адам алдына неше-түрлі мақсат-мұраттар қояды. Соңғыны іске асыру жолында адам өз ырқын шындап, неше-түрлі қиындықтардан өтуге дайын болуы керек. Орындалған мақсат-мұрат келесі сатыда жаңа Қ-тарға бағыттайды т.с.с.

Алдымен, бүкіл тіршіліктің Қ.-ғын атау керек. Ал оның ең биік шыңы – сана сезімі, рухы бар адам. Сондықтан ұлы И. Канттың моральдық императивтерінің бірі – адамды әрқашанда мақсат-мұрат тұт, оған ешқа- шанда құрал ретінде қарама – деген терең ойы еді. Ал бұл талаптан «адам бүкіл тіршіліктің патшасы болуы керек» – деген тұжырым шықпау керек. Керісінше, ол бүкіл тіршіліктің ең жетілген түрі болғаннан кейін, бәрін өзімен бірге көтеріп (коэволюция), гүлдетіп, үндесті (гармония) өмір сүруі қажет.

Әлеуметтік әділеттің талаптарын іске асыруда мемлекеттің ролін асыра бағалау қиын. Гегель айтқандай, «мемлекет – адамгершілік идеясы- ның шынайы болмысы», өйткені, оның негізгі мақсаты – қоғамның біртұ- тастығын қамтамасыз ету, төмендегі әлсіз әлеуметтік топтарға қамқорлық жасау. Тәуелсіз жас мемлекет алғашқы қадамынан бастап өзінің «әлеумет- тік» мәнін шынайы түрде көрсете білді. Экономикадағы сан-қилы қиындық- тарға қарамастан, зейнеркерлер, мүгедектер т. с. с. әлсіз топтарға уақытында жәрдемақылар төленіп, олардың көлемі жыл сайын өсуде. Сонымен қатар, қоғам өмірінде мейрімділік, қайырымдылық рухы әрбір азаматтың ішкі дүниесіне айналуы керек. Бүгінгі таңда неше-түрлі қайырымдылық қорлар әлсіз топтарға көмек беріп, оларға моральдық қолдау жасайды. Іскер топ- тардың өкілдері де бұл игі істерге жыл сайын көбірек үлес қосуда. Талай жылдар бойы қорланып қалған қиын әлеуметтік мәселелердің бәрін шешуге біршама уақыт керек. Әлеуметтік әділеттілік талаптарын мемлекет пен қатар бүкіл қоғам болып жұмыла шешу керек. Жоғарыда көрсетілген Қ-тарды өмірге енгізудегі құқық нормаларының орны ерекше. Жалпы алғанда, құқық деп біз әлеуметтік нормалар мен қарым қатынастардың мемлекеттің күшімен қорғалатын, сондықтан, олардың талаптары жалпыға бірдей

қадағаланатын ерекше түрлерін айтамыз. Себебі қоғам өмірінде басқа да әлеуметтік нормалар бар, мысалы, діни, моральдық, эстетикалық т. с. с.

**Әдебиет:** Мырзалы Серік. *Философия*. – Алматы: Бастау, 2008; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т. 12. *Қазақ этикасы мен эстетикасы*. – Астана: Аударма, 2007; Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007.

**ҚҰТ** – түркі-қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында береке орнады, байлықтың басы болды дегенді білдіретін киелі ұғым. Көне түркі заманында Қ. сөзі: 1) жан, өмірлік қуат, рух; 2) бақыт, жақсылық; 3) сәттілік, табыс, сыбаға; 4) ұлылық, дәреже; 5) ақиқатқа жету, нұрлану, шаттықа кенелу деген түрлі мағыналарда қолданылған. Қ. ұғымы, а) өсіп-өну құбылыстары мен заңдарына ұқсас; ә) тылсым рухтарға тәуелді негізде; б) көк Тәңірден келетін сыбаға деген наным-сенім ыңғайында қалыптасқан-ды. Тарихқа көз жүгіртсек, түркілерде Қ.-лық пен құтсыздық ұғымының мән-жайы тұрпайы натурализм деңгейінде, жеке адамның этикалық заңдарымен, тіпті елдің әдептілік дәстүрімен ұштастырыла тарқатылады. Қ. мәселесі тағы да адам мен жан-жануарлардың өсіп-өнуі тұрғысынан, байлық-молшылық сипатында сарапталынады. Ислам діні аясында Қ.-тың түп-тамыры Алладан келетін киелі нұр, қуат көзі, күллі береке деген түсініктер қалыптасты. Содан Қ. пайғамбардан халифаларға, халифалардан сопы-пірілерге көшеді деген рухани сабақтастық нышаны орнықты, сопылық дүниетаным етек алды. Осылай пайымдаған Ж. Баласағұни Қ. туралы түсінікті иманмен, ақыл-оймен тығыз байланыста ширатты. Халықтық әдет-ғұрыптарда а) Қ.-ты үлкеннен бата алу, атақонысын әулиедей көріп қастерлеу адамның басына қонатын «Бақыт Құсы» немесе Қыдыр деген рәсіммен бекіді; ә) отбасының, мал-жанның өсіп-өнуі, абырой-беделдің жоғарылауы басқа қонған Қ.-пен байланыстырылды. Содан әулеттің, шаңырақтың берекесін ұстап тұрған қарапайым адамдар (аналар, әйелдер) бүкіл тайпаның, халықтың Қ.-на айналған тұлғалар болады деген ырым орнықты. Тіпті ата-бабаларға қонған Қ. оның ұрпақтарына көшетініне, содан аруақты сыйлау, ата-баба өсиетін қатаң ұстану дәстүрі күш алатынына кәміл сенушілік туды. Қ. ұғымына қарама-қарсы түсініктер, ырым-нанымдар – апат, сор, жұт, аштық, жоқшылық, құлдық, қорлық, бейнет жағымды нәрсенің құлдырауын, кері кетуін білдірді. Қ.-а деген дәмеден қалың жұрттың басынан бағы тайған кезде, жаңа заманды аңсау сарыны да жан-жақты көрініс тапты, жаманнан жирену, үмітке ұмтылу құлшынысы білінеді.

**Л** **ЛАКАН Жак** (1901–1981) – француз ғалымы. Структуралық психол. талдаудың теоретигі және практигі. Л. «Париждегі фрейдизм мектебінің» негізін қалаушы. Ол өзінің ғылыми концепциясына Фрейдтің психологиялық аурудың диагностикасын қою мен емдеу барысында сөйлеу кемістігінің ерекше маңызы туралы ойын негізгі қазық етіп алады. Л. өзінің «психол. талдау барысындағы тіл мен сөйлеудің қызметі» атты бағдар-

*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

ламалық мақаласында Фрейдтің (Ол – Мен – Жоғарғы Мен) үштік схемасына «реалды-қиялдағы-символдық» үндес схеманы ұсынады. Л-ның байқауынша бұл үлгіде қиялдағы мен символдықтың байланысы ерекше орын алады. Жалпы Л. өзінің психол. талдауында құрылымдық лингвистика, антропология, риторика, т. б. ғылымдардың жетістіктерін үндестіре пайдаланады. Л-ның көзқарасы Ф. Де Соссюр, кейде З.Фрейд көзқарасынан алшақ түсіп жатады. Л. теориясы бойынша «форма мазмұнан ажырайды және адамның психикасына, сол арқылы оның тағдырына ықпал етіп абсолюттенеді».

Алайда, Л. психол. талдауында адамның «бейсанасыз» іс-әрекетін элеуметтік жағдайдан бөліп алып қарастырады. Л. ғылыми ізденістері нәтижесінде психол. талдау Францияда қоғамдық ой-сананың қалыптасуына ықпалды әсері болды.

**ЛАО-ЦЗЫ** (шамамен б.э.д. VI–V ғ. өмір сүрген) – қытай философы, даосизмнің негізін қалаушы. Л-ның ірі еңбегі – «Дао дэ цзин» («дао – жол туралы және дэ-нің пайдалы күші туралы кітап»). Екі бөлімнен тұратын еңбектің 81 тараудан тұратын канондық мәтіні 5000 иероглифті құрайды. Л. элеуметтік мұраты шағын ғана еркіндік пен теңдік жай тапқан шағын ел. Л. конфуциандық этикадағы иерархия мен ритуалға қарсы қарапайымдылық пен ұстамдылықты бағалады.

**ЛЕВИ-БРЮЛЬ Люсьен** (1857–1939) – француз философы әрі психологы. Алғашқы адамдар да қазіргі адамдар сияқты ойлаған деген логикалық бағыт ұстаған эволюционистерге (Э.Тайлор және т. б.) қарсы пікірде болды. Л.Б. «Логикаға дейінгі ойлау жүйесі» теориясымен белгілі. Л.-Б. тұжырымы бойынша «төменгі сатыдағы қоғамда» «ұжымдық таным» «даралық» танымнан үстем тұрады. Алғашқысы адамзат тәрбиесіне тәуелсіз және логикалық қайшылықтан ада, ал екіншісі адамның өмірлік тәжірибесіне негізделеді және адамзат білімінің өз сөзімен бірге дамып отырады. Л.-Б. ұстанған көзқарас Дюркгейм мектебінің бағытына жақын. «Ұжымдық таным» ұғымы сол мектеп көзқарасымен үндеседі. Шығарм. өмірінің соңына таман «логикаға дейінгі ойлау жүйесі» терминіне өз көзқарасын өзгертуін талап етті. Алғашқы және қазіргі ойлау жүйесі (екі тип) туралы еңбектерінде абсолютті қайшылық жоқ. Л.-Б. өзінің «Артта қалған қоғам ментальды қызметі» еңбегінде ғылыми айналымға алғаш рет «ментальдылық» ұғым-терминін әкелді.

**ЛЕВИ-СТРОС Клод** – француз этнографы, социолог, мәдениеттанушы, структуралық антропологияның негізін қалаушы. Алғашқы кезеңде Л.-С.К. Ж.-Ж.Руссоның, Дюркгейм социологиясының, психоталдаудың, марксизм-нің ықпалында болды. Л.-С. К-тың еңбектері қазіргі мәдениеттанудың негізін қалады. Л.-С.К. мәдениет құбылыстарын зерттеу барысында тарихи факторға ерекше назар аударды: мәдениеттің қайнар бастауына (жазуға дейінгі), мәдениаралық байланысқа тоқталды. Адамзаттың алғашқы кезеңіндегі ойлау жүйесінің теориясын қалыптастырды. Леви-Брюльдің «логикаға дейінгі ойлау жүйесі»

концепциясын сыңға алды. Мифологиялық ойлау жүйесін ұжымдық бейсанасыз деп, адамның басқа да танымдық-аспектілерінен бөлек қарастырады. Л.-С.К-тың мәдениеттің эмпирикалық типология туралы концепциясы ғылымда құндылығымен ерекшеленеді. Л.-С.К-тың «Құрылымдық антропология» (1983), «Қайғылы тропикалар» (1975), «Миф құрылымы» (1970) еңбектері көптеген тілдерге аударылған.

**ЛЕГИЗМ** – (лат. Lex (legis) – заң, қытайша фа цзя – сөзбе сөз: заң мектебі, заңшылдар) – Ежелгі Қытай философиясындағы негізгі алты мектептің бірі. Заң мектебінің негізін қалаушы ретінде дәстүрлі түрде ірі саяси қайраткерлер Гуань Чжун (б.д.д. 8–7 ғ.ғ. аяғы), Цзы Чань (б.д.д. 5 ғ.) және Ли Куй (б.д.д. 5 ғ.), У Ци (б.д.д. 4 ғ.) айтылады. Л. басты теоретиктері: Шан Ян (б.д.д. 4 ғ.), Шэнь Дао, Шэнь Бухай (б.д.д. 4 ғ.) және Хань Фэй (б.д.д. 3 ғ.). Біріншісінің көзқарастары «Шан цзюнь шу» («Шан аумағын басқарушының Кітабы») кітабында, ал екіншісінікі – «Хань Фэй-цзы» жазба ескерткішінде баяндалған. Л. теориясына көп дәрежеде үлес қосқан Шан Ян (Гунсунь Ян, б.д.д. 390–338). Л. негізгі доктринасы – заңның (фа) мемлекет пен қоғам өміріндегі шартсыз бастылығы туралы ілім. Заңды тек билеуші шығарады. Л. теоретиктері деспоттық мемлекеттің концепциясын жасады, ол билеушінің шексіз билігінің арқасында іске асатын болды. Шан Ян: «Егер барлық жерде заңды басшылыққа алатын болса, ел тәртіптен ләззәт алады», – деп жазды. Оның заңының концепциясы 1) билеушіге жәнтәнімен берілуге тәрбиелеудің негізі ретінде жазалау мен марапаттау жүйесін және 2) тектердің ранғын беру және қызметке тағайындау жүйесін қамтиды. Шан Янның әлеуметтік теориясының маңызды элементі

«халықты әлсіретудің» маңыздылығы, оны билеушінің ырқын бұлжытпай орындайтын құралға айналдыру болып табылады. «Халық ақымақ болса – оны басқару оңай». Яғни, халық пен билеуші антагонистік ара қатынаста ғана бола алады. Халыққа оқуға, ойлануға мүмкіндік бермеу керек, ол ауылшаруашылығымен айналысып, тек соғыс туралы ғана ойлануы керек. Ал мемлекет тек ауылшаруашылығы мен соғыс арқылы ғана байиды, күшейеді. Шан Янның бұл тезистерінің негізінде мораль, дәстүр, мәдениет адам табиғатымен – оның пайдаға деген туа біткен құлшынысымен сәйкес емес. Шан Янның ілімі Хань Фэйдің «басқару өнері» ілімімен ұштасып, императорлық Қытайдың доктринасына айналды. Л. үш кезеңнен тұрды, соның ең негізгісі, қысқа уақытқа қарамастан, б.д.д. 221–207 жж. болды. Л. Цинь империясының негізгі идеологиясына айналды, император Цинь Шихуан басшылыққа алған мемлекетті басқару жүйесінің теориялық негізіне айналды. Л. басшылыққа ала отырып, Цинь Шихуан Қытайды біріктірді. Л. басты идеологиялық қарсыласы конфуцийшілдік болды. Цинь Шихуанның бұйрығымен конфуцийшілдерді қуғындау кезінде 460 конфуцийшіл жерге тірідей көміліп, қалғаны Ұлы Қытай қорғанын салуға жіберілді.

**Әдебиет:** Переломов Л.С. Конфуцианство и легизм в политической истории Китая. – М., 1981. Книга правителя области Шан (Шан цзюнь шу). Ауд. Л.С. Переломов. – М., 1993. Китайская философия. Энциклопедический словарь. – М., 1994. Рубин В.А. Личность и власть в древнем Китае. – М., 1999.



**ЛИ** (қытай философиясында) – заттардың орналасу тәртібін, формасын, заңдылықтарын, т. б. білдіретін ұғым. Ойшылдар Лиді материалдық бастау Ци-ге қарама-қарсы материалдық емес, рухтық сипатта қарастырды. Кофуцийшілдікте Ли ұғымы адамдардың мінез-құлқының, өмірдегі түрлі нормалардың, тұрмыс-тіршілігіндегі түрлі оқиғалардың арақатынасын реттеп отыратын негізгі этикалық ұстаным деңгейінде түсінік берді.

**ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ** – (лат. *Lingua*, тіл) («лингвистикалық талдау философиясы», «күнделікті тіл философиясы» ретінде де мәлім) – аналитикалық философия бағыттарының бірі. XX ғ-дың 40-50 жылдары негізінен Англияда және АҚШ-та таралған. Л.ф-ның екі мектебі – Витгенштейн тікелей әсер еткен «Кембридж» мектебі мен Мур көзқарасының күшті ықпалын бастан кешірген «оксфорд» мектебі өмір сүрді. Ол философияның теріс сипатын теріске шығарады және дәстүрлі философиялық мәселелерді тілдің ойлауға бағдарсыз ықпалына байланыс-

ты туындайтын жалған мәселелер деп есептейді. Оның жақтаушыларының пікірінше, филос. мәселелердің жалған сипатын көрсетуге және олардың тіл қолдаушысындағы қателіктердің түп төркінін анықтауға тиіс, сөйтіп, «Кембридж» мектебінің өкілдері атап көрсеткендей, «емдік міндет» атқаруға міндетті. Өздерінің «метафизикадан арылу» жөніндегі ұмтылысында Л.ф. дәстүрлі философияның «онтологиялық метафизикасынан» бас тарту- мен қатар логикалық позитивизмнің «гносеологиялық физикасын» және оның «тікелей берілген» верификациялану ұстанымдары мен басқа да ұстанымдарын жоққа шығарады. Тілге талдау жасауды философияның бірден-бір ықтимал ісі деп есептеген. Л.ф-ның жақтаушылары, оның оксфорд тобының өкілдерінен өзгеше түрде жасанды үлгі тілдерді емес, табиғи сөйлеу тілін өзінің назар аударған объектісі етті. Бұл орайда олар әлдебір «мінсіз тіл» схемаларында табиғи сөйлеу тілдерінің байлығын егжей-тегжейлі қолданудың қиындығы туралы жалпы алғанда дұрыс ережені басшылыққа алды. Алайда, тіл мен ойлау қатынасының барлық филос. Мәселелеріне талдау жасаудан бас тартқан. Л.ф. тілдегі сөйлемшелерді қолданудың алуан түрлерін эмпирикалық суреттеуді мансұқ етті, тілдің мәнін түсінетін жолды жалпы және сайып келгенде, оны конвенционалистік тұрғыдан түсіндіруге келіп тіреледі. Ол үшін тіл дүниені бейнелеу құралы емес, конструкциялау құралы, ол әлдебір өзіндік мәні бар күшке айналады. Филос. мәселелерді ұсақтау, ғылым мен қоғамдық сананың өмірлік маңызды мәселелерінен аулақтау, схоластикалық тенденциялар – мұның бәрі тіпті буржуазиялық философтардың арасында да Л.ф-ға сыни көзқарас туғызды, әйтсе де Л.ф. өкілдері жұмыстарының метафилос. зерттеу үшін белгілі мәнін теріске шығаруға болмайды. Соңғы уақытта Л.ф-ны жақтаушылардың таза «талдаудың» ортодоксалдық айқындамасынан шегіну тенденциялары және мазмұнды филос.мәселелерге жүгінуі байқалып отыр.

**ЛОГИКА** (грек. *logike* – сөз, сөйлем, ақыл, ой) – дүниені танудағы абстрактілі ойлаудың формалары мен заңдары жөніндегі ғылымдар жиыны. Л.-ның негізгі мақсаты мен зерттеу пәні танымның ақиқаттылығы, танымдық тәсілдер мен әдістердің дұрыс жүйесін қалыптастыру. Л. ұғымы объективтік дүниенің, шындықтың даму заңдылықтарын бейнелеу мағынасында да қолданылады. Осы заманғы Л. кең мағынасында бірқатар салалар мен бағыттарға, тарауларға бөлінеді. Олардың ішіндегі ең бастылары – диалект. және формальдық логика. Мұның мәнісі: ойлау процесінің екі түрлі ерекшелігінің болуында. Біріншіден, ойлау дегеніміз – білімнің даму процесі, яғни заттар мен құбылыстарға тән жалпы және таным процесіне тән ережеге диалект. заңдылықтар мен оған негізделген таным тәсілдері мен амалдарды қолдану нәтижесінде ұғымдар мен пікірлердің, теорияның қалыптасуы. Осы тәсілдер мен амалдар, заңдылықтар диалект. логиканың зерттеу сала-

сы және пәні болып табылады. Екіншіден, ойлау процесінің қандайы болса да қалыптасқан ұғымдар мен пікірлерді (анықтама, жалпылау, ой қорыту, ұғымды шектеу, ажырату, пікірлердің бір формасын екінші формаға түрлендіру, бір пікірден логикалық жолмен екінші пікірге көшу, бір пікір арқылы екінші пікірді дәлелдеу немесе теріске шығару т. б.) пайдаланып, оларды қолдану арқылы білімді дамыту – осы түрлендірулер, логикалық амал-тәсілдер мен заңдылықтар, ұғымдардың бір-бірімен байланыстары, ерекшеліктері формальды логиканың зерттеу саласы, пәні болып табылады. Диалект. логика мен формальды логика мәселелері ерте заманғы филос. ілімдерде танымның мәні-мазмұны, пайда болуы және оның объективтік дүниеге қатысы жөніндегі мәселелерді зерттеуден туып қалыптасты, формальды Л. б. з. б. IV ғ-да Аристотель еңбектерінде жеке ғылым болып қалыптасады. Формальды Л. мәселелері философияның негізгі мәселесімен байланысты болатындықтан, формальды Л. философияның бір саласы болып саналды. XIX ғ-дың 2-жартысында формальды Л. математикалық (немесе символикалық) логиканың қалыптасуымен дербес ғылымға айналды. Оның зерттеу саласы: тұжырымдар мен дәлелдеу формаларын және олардың негізі болып табылатын логикалық заңдар жүйесін анықтау. Матем. Л-ның дамуы теориялық ойды зерттеу саласындағы маңызды бағытқа (метатеория) жол ашып, бірқатар логикалық жаңа пәндердің (металогика, семантика) қалыптасуының бастамасы болды. Осы бағыттағы зерттеулердің нәтижелері Л. мен философияның тығыз байланысты екенін бұрынғыдан да гөрі айқындай түсті. Дәстүрлі формальды Л. осы заманғы формальды Л-ның тарихи негізі болып табылады. Оның құрамына ұғым туралы ілім, ойлау заңдары жөніндегі ілім, пікір жөніндегі ілім және силлогистикалық тұжырым теориясы – силлогизм жөніндегі ілім, нақтылы ой қорытындысы мен силлогистикалық емес ой қорытындылары, логикалық қате жөніндегі ілім және дәстүрлі индуктивтік Л. жатады. Дәстүрлі Л-ның негізін қалаған Аристотель. Ол күнделікті өмір тәжірибесі мен сол кезде енді-енді қалыптаса бастаған ғылымдардағы ғылыми ойды қорыта келе силлогизм жөніндегі ілімнің негізін салып, пікірлер мен ой қорытындыларын логикалық форма жағынан талдаудың ең алғашқы үлгілерін жасады. Дегенмен кейбір ой қорытуларын, әсіресе матем. пікірлерді силлогистикалық схемаға сыйғызу мүмкін еместігін Аристотельдің өзі де аңғарады. Бұл мәселе кейіннен мегарлықтар мен алғашқы стоиктердің логикалық басқа да формаларды дедукцияны қарастыруына себеп болды. Орта ғасырлар мен қайта өркендеу дәуірінде Л-да зерттеулер осы бағытта жүреді (Галилей, Балла, Раме). XVII ғ-да математика мен тәжірибелік жаратылыстану ғылымдарының өріс алуы формальды Л-ның қолданылмалы мәні туралы және ғылым логикасы- на тән тұжырымның силлогистикалық емес формалары жөніндегі мәселені қойды. «Абстракцияның орнына – тәжірибе» деген ұранмен «табиғи ой Л-сы

деп аталған интуиция мен елестету дедуктивтік Л-ға қарсы қойылды. Жаңа замандағы индуктивтік Л-ның қалыптасуына Бэконның методол. идеялары бастау болды. Осы Л-ны Дж. Гершель идеяларына, себептілік ұстынына сүйеніп жүйелі түрде дамытқан Дж. С. Милль болды. Дж.С. Милльдің индуктивті ой қорыту теориясы мен Л. алгебрасының қалыптасуына байланысты XIX ғ. мен XX ғ. Л-ның зерттеу саласына айналады. Бұл кезеңдегі логикалық ойдың шектеліп қоймай, бастапқы идеяларын Лейбниц ұсынған дедуктивтік математикалық Л-ны қалыптастыруы болды. Л. тарихындағы «алгебралық логика» дәуірінің басты тұлғасы Дж. Пеано, Д. Морган және неміс математиктері Э. Шредер, П.С. Порец еңбектері матем. әдістерді Л-ға қолданудың нәтижесінде осы заманғы Л. алгебрасы қалыптасады. Л-лық сөйлемдерді геом. фигуралар арқылы жетілдіру әдісі И.Г. Ламберт еңбектерінде кездеседі. Бұл ілімді нағыз шыңына жеткізіп жетілдірген Дж. Венна болды. Ол кластар тобына толық балама болатын эвристикалық мәні бар диаграмманың графикалық аппаратын жасады. 20 ғ-дың аяғында Дж. Пеано, Пирс және Г. Фреге еңбектеріне байланысты дедуктивтік Л. саласы терең өзгеріске түседі, олар бұрынғы авторлардың тек алгебр. тұр-ғыдағы зерттеулерінің тар шеңберінен шығып, матем. Л-ны арифметика мен жиындар теориясын негіздеуге қолдана бастайды. Бұл кезеңнің табыстары әсіресе Л-ның аксиоматиканың құрылымын жасаған Фрегенің зерттеулерінен айқын көрінеді. Оның формальдандырған Л-сы осы заманғы есептеу Л-ның негізгі элементтерін түгелдей қамтиды. Фрегенің табиғи тілдердің логикалық құрылымы мен логикалық есептеудің семантикалық салаларындағы зерттеулері, өзі жетілдірген предикаттар логикасына сүйеніп формальданған арифмет. жүйесін жасауы осы заманғы матем. дәлел-дер теориясының дамуына бастама болды. Дж. Пеано символикасы осы заманғы Л-да қолданылатын таңбалар жүйесіне негіз болды. Бұл жүйе кейбір өзгерістермен Б. Расселдің А.Н. Уайтхедпен бірге жазған үш томдық «Математика ұстындары» деген еңбектерінде матем. анализді логикалық негіздеу мақсатында Л-ның дедуктивті аксиоматикалық құрылымын бір жүйеге келтірумен, одан әрі дамытылды. Осы еңбектің жарыққа шығуы және 1904 жылдан бастап шыға бастаған матем. Л. мәселелеріне арналған Д. Гильберт еңбектері осы заманғы логикалық зерттеулердің бастамасы болып саналады. Осы заманғы Л. дами келе әдісі жағынан математикалық, зерттеу пәні логикалық болып, деректі ғылым – математикалық логикасын қалыптастырды. Осыған байланысты Л. математиканың логикалық мәселелерін шешудің қажетті құралына айналды. Әсіресе сын матем. теориялардың қандай да болмасын қағидаларының дәлелденетіні немесе дәлелденбейтіндігі жөніндегі проблемаларды айқындауда ерекше орын алады. Зерттелініп отырған заттық саланың мазмұнының өзгеруіне не кеңеюіне байланысты оны зерттеудің әдіс тәсілдері де оған қолданылатын логикалық

амалдар да өзгеріп, жанарып отырады. Бұл мәселелердің қажеттілігі математиканың негізін талдап дәлелдеуге байланысты айқындала бастады. Жиын теориясын қалыптастыруда, дескрептивтік жиын теориясының мәселелерді шешудегі кездескен қиындықтардың логикалық мәні бар екендігі анықталды. Бұл мәселелерді шешу үшін жаңадан қалыптасып келе жатқан ғылым – матем. Л-ны қолдану қажет болды. К. Гедельдің (1939), П. Коэн мен (1963), П.С. Новиковтың (1951) еңбектері осы мәселелердің толық шешілуін қамтамасыз етті. Дамудың бұл кезеңнен өткен теорияларды дедуктивтік теориялар деп атайды. Тек осы теориялар үшін ғана дәлелдеген ілімді және қайшылықсыздық мәселелерін айқын тұжырымдауға болады. Ол үшін қазіргі заманғы Л-ның негізгі тәсілдерінің бірі дәлелдеуді формальдандыру әдісі қолданылады. Бұл әдісті қолдану идеясын ұсынған Д. Гильберт болатын. Дәлелдеуді формальдандыру әдісі мен формальды жүйе ұғымы тығыз байланысты. Формальды жүйеде мына элементтер болады: 1) мәнді сөйлемдерді құруға арналған мүлтіксіз дәл және формальды ережелерден тұратын тұжырымды синтаксисі бар формальданған тілді осы тілдің формалары деп атайды; 2) формулаларды ұғынудың және олардың ақиқаттылығын анықтайтын айқын семантикасы болады; 3) формальданған аксиомалар мен формальды қорытынды ережелерінен құрылатын есептеулер.

Бұл ережелер семантика мен үйлесімге келтіріледі, яғни дұрыс формаларға қолданғанда жаңадан дұрыс формула шығуға тиіс. Есептеу берілген қорытындыны және қорытылатын формулаларды анықтайды. 20 ғ-дың 70 жылдарында жартылай формальды жүйе жөніндегі идея дами бастады. Бұл жүйе де формальды жүйе сияқты, кейбір қорытынды жасау ережелерінің жүйесі болып табылады. Осы идея мен матем. Л-ның сатылап құру идеясын үйлестіру осы заманғы конструктивті математиканың бір құрылымына негіз болып отыр. Матем. Л. кибернетикамен тығыз байланысты, мәселен, матем. лингвистика және басқару жүйелерінің матем. теориясымен матем. Л-ның тілін машиналық математиканың жетілуіне байланысты жасалып отырған программалау теориясына толық қолдануға болатыны айқындалды.

**Әдебиет:** Аристотель. Аналитики первая и вторая, пер. с греч. – М., 1952; Яновская С.А. Основания математики и математическая логика, в кн.: Математика в СССР за тридцать лет. – М. – Л., 1948; Попов П.С. История логики нового времени. – М., 1960; Котарбинский Т. Лекции по истории логики. Избр. произв., пер с польск. – М., 1963. – С. 353–606; Стяжкин Н.И. Формирование математической логики. – М., 1967;

**ЛОГИКАЛЫҚ ПОЗИТИВИЗМ** – неопозитивизмнің дамуындағы XX ғ-дың 20–30 жылдарындағы Вена үйірмесіне байланысты кезең. Оның өкілдері М. Шлик, Р. Карнап, Л. Витгенштейн, Ф. Франк және махизм өкілдері. Л. п. мақсаты – матем. логиканың, семиотиканың, физиканың

және математиканың жетістігін идеализм мен агностицизмді растау үшін қолдану. Л. п. филос. мәселелерді ғылым тілін логикалық талдаумен ауыстырады. Карнаптың пікірінше, «логика – философияның мәні», ал «философия – ғылым логикасы». Ол философияны логикалық синтаксиспен теңестіреді. Л. п. философияның негізгі мәселесін ешбір ғылыми маңызы жоқ жалған мәселе деп есептейді. Ол танымдағы матем. логиканың рөлін асыра дәріптейді. Л. п. қазіргі ғылымның философиясын жасау жолында субъективтік-идеалистік философияны растады. Матем. логика философияны ешбір ауыстыра алмайды, ол – қазіргі матем. ғылымының қарқынды дамып отырған бір саласы. Л. п. теориялық білімді тәжірибелік негіздеу үшін верификация ұстынын ұсынды. Дегенмен теориялық пән тәжірибелік деңгейлер диалект. бірлікте болады. Л. п. ғылымның даму диалектикасын жоққа шығарады. Социологияда Л. п. марксизммен ешбір үйлеспейтін Нейраттың қате «эмпириялық социологиясына» соқтырды. Дегенмен Л. п. кейбір маңызды методол. мәселелерді күн тәртібіне қойды. Осыған байланысты Р. Карнаптың, Л. Витгенштейннің, А. Тарскийдің, Б. Расселдің және т. б. еңбектерінде ғылымның тілі, білімді формальдау, логикалық семантика, семиотика мәселелері туралы құнды пікірлер айтылған.

**ЛОГИЦИЗМ** – классикалық математиканы логикаға балап, оның негізгі және алғашқы ұғымдарын логикалық терминдермен анықтайтын, математика бағыттарының бірі. Л. өкілдері логика мен математиканы екі түрлі пән деп қарамай, бір ғылымның дамуындағы екі сатысы ретінде қарады. Олардың пікірінше математиканы логикаға балаудың зор мәні бар, мұның өзі математиканың нағыз табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Г. Фреге, Б. Рассел, А. Уайтхед және Р. Карнап классикалық математика негізінде натуралды сандар арифметикасы жатыр, сондықтан Г. Фреге өзі құрған логикалық-матем. жүйе арқылы алдымен арифметиканы, сонан соң бүкіл математиканы негіздемекеші болды. Бірақ Б. Рассел ол құрған логикалық-матем. жүйеден өзіндік элемент ретінде қоса қамтымайтын барлық шектеусіз сандар жиыны атты логикалық қайшылықтың барлығын ашты. Сонымен Фрегенің арифметиканы негіздеу үшін құрған формальдық жүйесі іштей қайшылықты болды. Оны жою үшін Рассел мен Уайтхед «Математика ұстындары» (1910–13) атты үш томдық көлемді еңбегінде жетілдірілген логикалық-матем. жүйесін немесе типтер теориясын құрды. Дегенмен олар да математиканы формальданған логикаға толық көшіре алмады. Өйткені бұл программаны іске толық асыру үшін ең алдымен арифметиканы формальдайтын (Фреге құрған формальдық жүйе), сонан кейін бүкіл математиканы формальдайтын (Рассел мен Уайтхед құрған) логикалық-матем. жүйе толық болуы қажет. Бірақ К. Гедель дәлелдеген бірінші теорема бойынша Рассел мен Уайтхедтің формальдық жүйесі

толық емес. Сондықтан да арифметиканы толық формальдауға болмайды. Демек, бүкіл математиканы логикаға толық көшіру де мүмкін емес. Л. бағдарламасын іске асыру жөнінде жүргізілген зерттеулер матем. логика мен математика негіздерін дамытуда едәуір үлес қосты.

**ЛОГИКА МАТЕМАТИКАЛЫҚ**, *математикалық логика* – формальданған жасанды тілдерді талдау арқылы ой формаларын зерттейтін матем. ғылымының бір саласы. Атақты орыс логигі П.С. Порецкий Л. м-ны пәні жағынан логика, ал оны зерттеу әдісі жағынан математика деп орынды анықтаған. Лейбниц формальдық логиканы алгебраландыру арқылы ғана математикамен жақындастырды, сөйтіп логика алгебрасының негізгі ұстындарын тұжырымдады. Логикалық есептер мен проблемаларды шешуші матем. тілдің (символиканың) үлкен маңыздылығы анықталды. Лейбниц алға қойған математика мен формальдық логиканың ара қатынасы туралы мәселе XIX ғ-дағы атақты логиктер Дж. Буль, Де Морган, Ч. Пирс т. б. еңбектерінде онан әрі зерттелді. Олар логиканың алгебралық теориясын немесе логика алгебрасын онан әрі дамытты. Г. Фреге пропозиционалдық есептеудің аксиоматикалық түсінігін ұсынды, логикаға логикалық функция ұғымын енгізді. Ол арифметиканы логикалық негіздеу үшін ұғымдарды есептеуді ұсынды. XIX ғ-да математика мен формальдық логика арасында қайшылық пайда болды. Егер формальдық логиканың дамуы матем. символиканы енгізу мен логиканы алгебраландыруды қойса, онда матем. ғылымның дамуындағы жаңа логикалық есептер мен мәселелерді шешу үшін формальдық логиканы жаңа сатыға көтеру қажет болды. Формальдық логика математиканың мұндай логикалық мәселелерін матем. дәлелдеудің мәні мен құрылымы, ұғымдардың табиғатын т. б. шеше алмады. Бұл қайшылықты шешу қазіргі Л. м-ның ғылым ретінде қалыптасуына, логика мен матем. ғылымдарының өзара әсер етуі арқылы онан әрі зор қарқынмен дамуына даңғыл жол ашты. Бұл бағытта Б. Рассел, А. Уайтхед, Г. Кантор, Д. Гильберт, К. Гедель, П.С. Новиков, А.Н. Колмогоров, А.А. Марков және т. б. жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Логикада матем. әдістерді талдану немесе логиканы математикаландыру нәтижесінде релелі-контакттылық схемаларды есептеу, логикалық процестерді модельдеу, қуатты электрондық-есептегіш машиналарды жасау, ой және дене еңбегін автоматтандыру мүмкін болды. Л. м. – кибернетика мен бионика логикалық құралдарының және формальданған тілдерді құрудың қайнар көзі. А. Черч Л. м. логистикалық әдіс арқылы білімді формальданған тіл ретінде зерттейді дейді. Формальданған жасанды логикалық тіл ұғымы – Л. м-дағы негізгі ұғымдардың бірі. Осындай тілдерді құру арқылы теориялық білімді зерттеу нәтижесінде адам ойлауының кейбір функцияларын кибернетикалық машиналарға беру мүмкін болды. Сөйтіп, Л. м. – әр түрлі логикалық

есептеулердің (көп және шексіз мәнді логика, конструктивтік логика т. б.) жиынтығы, оның аксиоматикалық әдіспен және матем. дәлелдеу ұғымын логикалық айқындаумен тығыз байланысты. Л. м. мазмұнды ойлаудың формальдық жағын зерттейді, сөйтіп математиканы негіздеу мәселелерін шешуге және ғылыми ойлауды, ғылыми білімді логикалық зерттеуге үлкен үлес қосты. Л. м. формальданған тілдерді құру арқылы ойлау процесін формальдау мақсатын қойды. Дегенмен білімді логикалық формальдау мүмкін емес. Оған К. Гегель мен А. Черч дәлелдеген атакты теоремалар дәлел. Өйткені білімді формальдау үшін құрылған формальдық тіл ешқашан да толық емес, яғни білімнің формальдық және мазмұндық жақтары ылғи диалект. бірлікте болады. Формальдау арқылы математика негізіндегі диалект. қайшылықтарды толық жою және оны абсолюттік негіздеу мүмкін емес. Сөйтіп, матем. ғылымының және Л. м-ның дамуы диалектика-ның форма мен мазмұнның, салыстырмалылық пен абсолюттіктің тығыз бірлігі жайындағы қағидасының формальдық жүйелер саласында да дұрыстығын дәлелдеді. Өзара байланыстағы қазіргі формальдық (матем.) логика мен диалектика осы заманғы ғылымның логикалық негіздері болып табылады. Формальдық логиканың дамуында оның өзіндік зерттеу пәні айқындалды, яғни қазір ол формальданған тілдерді құру мен жетілдіруді зерттейді. Ендеше, диалектика мен Л. м. ара қатынасы философия мен физиканың ара қатынасындай. Қазіргі позитивистердің Л. м. ғылымның жалпы логикасы мен методологиясы ретінде қарауы көптеген филос. қателіктер мен теріс нәтижелерге соқтырды. Неопозитивтік философия Л. м-ның танымдағы рөлін асыра дәріптейді. Л. м. жалпы ғылым методологиясы ретіндегі философияны ауыстыра алмайды, өз дамуындағы қиыншылықтар мен қайшылықтарды шешу үшін филос. ұстындарын (категорияларын) қажет етеді. Л. м. – өзіндік қолдану өрісі бар дербес ғылым. Ендеше диалектика – қазіргі ғылымның соның ішінде Л. м-ның да методол. және көзқарастық негізі.

**Әдебиет:** Нысанбаев Ә. Математика және дүние тану. – А., 1973; Новиков П.С. Элементы математической логики. – М., 1959; Гудстейн Р. Л. Математическая логика. – М., 1961; Карри Х. Основания математической логики. – М., 1969; Стяжкин Н.И. Формирование математической логики. – М., 1967; Черч А. Введение в математическую логику.– М., 1960. Т. 1.

**ЛОГОС** (грек. *logos* – ұғым, ой, сана) – көне грек философиясында бәріне ортақ заңдылық, рухани бастау, әлемдік сана, абсолютті идея. Грек философиясының негізгі ұғымдарының бірі. Заң мен тәртіп ретіндегі Л. туралы Гераклит былай дейді: бәрі де логос бойынша жасалады, ол мәңгі, жалпыға бірдей және қажет нәрсе. Кейбір философтар Гераклиттің логосын жалпыға бірдей парасатпен орынсыз теңдестірді. Платон мен Аристотель Л-ты болмыс заңы ретінде де, логикалық принцип ретінде де қарастырды.



Стоиктерде физ. және рухани дүниелер заңы белгіленді, өйткені олар пантеистік бірлікпен қосылады. Филон, Платон идеяларының жиынтығы ретіндегі, сондай-ақ жасампаздық құдірет күші құдай мен жаратылған дүние және адам арасындағы делдал ретіндегі Л. туралы ілімді дамытты. Неоплатонизм мен гностиктерде, бертінірек христостарға барабар етілген христиан әдебиетінде, схоластарда Л-ты осыған ұқсастырды. Жаңа заманда Гегель Л-ты өзінің философиясында абстрактілі ұғым деп атады. Россиядағы діни идеалистік философияның өкілдері ұлы құдіретті Л-ты қайта түзетуге тырысты. Шығыс философиясындағы дао және белгілі бір мағынада дхарма осы тәкілеттес Л-тар болып табылады.

**ЛОКК Джон** (1632–1704) – ағыл. философы. Л-тің еңбектері Англиядағы қайта жаңғырту дәуіріне жатады. «Адамның ақыл парасаты туралы» (1690) атты негізгі еңбегінде Гоббстың номинализмінің және Декарттың рационализмінің ықпалымен шиеленіскен эмпиризмнің таным теориясын дамытты. Декарттың туа бітті идеялар туралы ілімін теріске шығарған Л. тәжірибені барлық идеялардың бірден бір көзі деп жариялады. Идеялар не сыртқы әсердің сезім органдарына әсері нәтижесінде (сезіну идеялары), не жанның жай күйіне және қызметіне бағытталған назардың нәтижесінде пайда болады (рефлекс идеялары). Соңғысы субъективизмге жақындады. Сезіну идеялары арқылы біз заттардағы не бірінші, не екінші сапаны қабылдаймыз (Бірінші және екінші сапалар). Тәжірибеден алынған идеялар тек білім үшін материал, бірақ әлі білімнің өзі емес. Білімге айналу үшін идеялар материалын парасат қызметі өңдеуі тиіс, бұл қызмет сезінуден де, рефлексиядан да өзгеше және теңеуден, сөз тіркесінен және дерексіз ұғымнан (абстракциядан) тұрады. Осы қызмет арқылы қарапайым идеялар күрделі идеяларға айналады. Л. Гоббстан кейін тілді жалпы білім мүмкіндігінің шарты деп есептейді. Білімді екі идеяның бір біріне сай келуі (немесе сай келмеуін) ретінде айқындаған Л. ойымен зерделенетін білімнің бәрін, яғни идеялардың сай келуін парасат арқылы қарауды дұрыс деп есептейді. Керісінше, тәжірибелік білім тек қана ықтимал білім, онда идеялардың сай келуі тәжірибе факторларына сілтеме жасау арқылы қаралады. Біздің сыртқы заттардың өмір сүруіне сеніміміз сезімге сүйенеді. Білімнің бұл түрін (сенситивтік) Л. қарапайым ықтималдықтан жоғары қойса да, оны оймен зерделенетін білімнен төмен қояды.

**ЛОСЕВ Алексей Федорович** (1893–1988) – орыс философы, филолог, мәдениеттанушы. 1930 ж-дары оның еңбектерін басуға тыйым салынып, тек 1950 ж. рұқсат берілді. Л-тің 400 астам еңбектері жарық көрген. «Миф диалектикасы» (1930) еңбегінде миф тек поэтикалық таным, бейнелеу тұрғысынан ғана қарастырылмайды, ол «өмірдің өзі», өмірден алынған,

шынайы табиғаты қарастырылады. Сонымен қатар, миф догмаға айналып, қатып қалған қағида ретінде қалыпты өмірді қабылдаудан алшақ жатуы мүмкін. Л-тің ең танымал еңбегі, сегіз томдық «Антикалық эстетиканың тарихы» (1963–1988) еңбегі. Бұл еңбекте Сократ, Платон, Аристотель т. б. көне грек ойшылдарының портреті, олардың еңбегімен байланысты мәдениеттану мәселелері кеңінен таратылып айтылған. «Қайта өрлеу дәуірінің эстетикасы» еңбегінде Ренессанс дәуіріндегі «асқақтық» пен «төмендік» мәселесіндегі пікір қайшылығын көрсетеді. Л-тің сондай-ақ, «Антикалық космос және қазіргі ғылым», «Есім философиясы», «Музыка логиканың пәні ретінде», «Көркем форманың диалектикасы» «Философия. Мифология. Мәдениет» т. б. еңбектері жарық көрген. Л-тің мәдениеттану саласындағы идеялары замандастарының мәдени және гуманистік ой-танымына ықпалды әсері болды.

**МАГИЯ**, *сиқыр* (грек. *mageias* – сиқыршылық) – белгілі әрекетке және сөздерге кереметтей қасиет беріп дәріптеуші ерекше күш. М. әрекеттері әртүрлі болады. М-ң қарапайым қимылдан зікір салу сияқты көптеген адам қатысатын күрделі де салтанатты түрлері бар. М. мақсатына орай емдік (балгерлік), зиянды (дуа), тұрмыс-тіршілікке байланысты (аң-құсты, егіс даласын құнарландыру,) болып ерекшеленеді. М. Вебер М. «әлемді дуадан ажыратудың» көрінісі деп атайды. М-лық шаралар монотеистік діндердің өзінде де үлкен рөл атқарады: христиан дінінде икондар кереметіне деген сенім; исламда – бойтұмарлар, киелі мазарларға түнеу, құранды ұстану. М. күшке деген сенімнің түрі көп. Мыс., әртүрлі ырымдар, көз тиу, бақытты және бақытсыз күндер М-ның мән-маңызы, оның дінге қатысы туралы қарама-қайшы пікірлер білдірілді: сиқыр, дуа әрбір діннің қажетті бөлігі дейтіндер де, сиқыр, дуа мен дінді бір-біріне қарсы қоятындар да бар. Мәселен, Дж. Фрээр М. дінге қарама-қарсы деп есептеді. М. адамның объектіге тікелей әсер етуі және тілек-мақсатына жету жолындағы өз мүмкіндігіне деген сенімге негізделген, ол жоғарғы бір күштердің қолдап-қорғауына сүйенеді. М. алғашқы қауым адамы ойының көрінісі және жаратылыстан тыс күштерге деген сенімнің күшейе түсуімен тікелей байланысты болды. М. ұғымын әртүрлі салт-жоралар мен оларға сай ырымдардың жалпы белгісі құрайды. Сиқырлық салт-жоралғылар адам өмірінің сан қырлы саласында: бір жағдайларда шаруашылық жұмыстарына байланыстырылып, келесі бірде – некелік-жыныстық және отбасылық қарым-қатынастарға, үшінші бір жағдайда – денсаулықты қорғау және ауру-кеселдерді емдеу, кейбірде – тайпа аралық қарым-қатынастар, соғыс және өзге де жайттарға қатысты көрініс табады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде М-лық салт-жоралғыны орындаушылар «бақсылар» болып табылады.

**М**

**МАҒЖАН Жұмабаев** (1853–1938) – ұлы ақын, қазақ мәдениетінің үздік өкілі. М.Ж. бір жағынан, отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күрестің табанды қайраткері болса, екінші жағынан, орыс және еуропа мәдениетіне терең сусындаған тіпті, бүкіл Шығыстың атынан сөйлейтін теңбе-тең қарсыласына айналған. М.Ж. заманы О. Шпенглердің «Еуропа ақыры», Зия Гокалптың «Түркішілдік негіздері» жарық көрген, бүкіл әлемде отаршыл еуропашылдыққа қарсы күрес көтерілген кезең еді. Сондықтан М.Ж. шығарм.-да гуманитарлық емес, елсүйгіштік сезімі басым. Ұлы Абай мен Шәкәрім ислам мәдениетін, Шығыс пен Батыс өнерінен нәр алған әлем азаматы сезінсе, М.Ж. XX ғ. құндылықтарына сай ұлттық поэзия қалыптастыруға тырысқан. Егер В. Брюсов М.Ж. қазақ Пушкині десе, бұл өте нақты анықтама. Өйткені М. Пушкин сияқты ұлттық поэзияны дәстүрлі нұсқадан өз заманына сай жаңашыл нұсқаға көтерген ақын. М.Ж. өте әсерлі деңгейде символизм эстетикасын игерген дарынды ақын. М.Ж. ақпан төңкерісін үлкен үмітпен қабылдап, Кеңес үкіметі құндылықтарын көпке дейін қабылдай алмайды. «Күнбатысты қараңғылық қаптаған, Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған. Білген емес иман деген не нәрсе, Қарын деген сөзді ғана жаттаған». Міне, М.Ж. үшін марксизм қарын ілімі болды. Кеңес үкіметі заманын ол ақырзаман ретінде қабылдады. Заманның өзгергенін білсе де, оған икемделгісі келмеді. М.Ж. құндылығы осы тұтастығында, грек халқының бостандығы үшін қаза тапқан Байронға ұқсас бірбеткейлігінде. Қазақ поэзиясының атасы Абайды сүйетіндігін айта келіп, Мұхтар Әуезов (1929): «Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып жайлауы жарасқан арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі».

**МАКЛЮЭН Маршал** (1911–1980) – канадалық мәдениеттанушы. М. мәдениетте коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады деп есептейді. Байланыс құралдары мәдениеттің бейне-реңкін анықтайды және адамның сезімдік ағзаларының біреуінің немесе келесісінің қызметін жандандырады. Сондықтан мәдениеттер бір-бірінен адамның әйтеуір бір сезімдік ағзасының белсенді қызметіне байланысты өзгешеленеді. Коммуникацияның әрбір жаңа түрінің пайда болуы жаңа әлеум.-

экономикалық және мәдени құрылымдардың, жаңа «галактиканың» пай- да болуына әкелді. Сондықтан да ол тарихты бір-бірімен ұзақ уақыт бойы қатар өмір сүре алатын «галактикалардың» кезекпен ауысып отыруы деп таниды. Адамзат тарихын төрт кезеңге бөледі: жазу пайда болғанға дейінгі жабайылық кезең; фонетикалық жазу мыңжылдығы; «Гутенбергтік галактика» – баспа техникасының бес жүзжылдығы; «Маркони галактикасы» – қазіргі электрондық өркениет.

**МАҚАЛ МЕН МӘТЕЛ** – дәстүрлі танымның жағдайлық философиясы. М. мен м. жорадан тыс жағдайда туып, халықтың жеке-тұлғалық қиялына, пайымдалуға тиісті белгілі жағдайдың пайда болуына байланысты. Мыс., «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген мақал Әз Тәуке хан Жеті Жарғы-сын шығарар алдындағы нақты жағдайдан туындаған немесе «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар» деген мақал тотемизмнен генотеисттік құдай идеясына көшкенде өмірге келген. Бұл құбылыстың кітаби дәстүрден айырмасы, жағдайы туындамаса, мақал керексіз боп қалады. Ол өзіне тиісті бір жағдай ахуалында туып, тек соған ұқсас жағдайларды суреттеуге жаралған. Егер кітаби білім жағдайды өзі қалыптастыра алса, М. мен м. жағдайға тәуелділігінен танбайды. Мыс., «Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі» деген мақал данышпанның бүкіл философиясын ашып беретіндей деңгейде айтылған.

**МАҚСАТ** – белгілі бір межеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттің ой- санадағы көрінісі. М. тікелей міндет ретінде іс қимылды бағыттап, реттеп отырады. Адам өз ерік жігерін бағындыратын ішкі заң еңбегіндегі практикаға өзек болады. М. адам санасының белсенді жағын білдіре отырып, объективті заңдарға, қоршаған ортаның және субъектінің нақты мүмкіндіктеріне сай келуі керек, сонда сана адамдардың нысаналы қызметінде азаттық пен қажеттілік арасындағы диалект, қарым қатынас көрініс табады. М. шындықты жүзеге асыру үшін қажет белгілі құралдармен бірлесе іс- қимыл жасағанда ғана оны өзгерте алатын күшке айналады. М. келешек- тегі, таяудағы тікелей жалпылама, жеке, аралық және түпкі мақсаттарға бөлінеді. Шартты мағынада «М.» терминімен ғылымда (биол., кибер.) кері байланыс (мақсатқа лайықтылық) жолымен қол жеткізетін жүйенің жалпы күй-жайы белгіленеді.

**МАҚСАТҚА ЛАЙЫҚТЫЛЫҚ** сөздің кең шартты мағынасында белгілі бір мақсатқа, нәтижеге, алып келетін үдерістер мен құбылыстардың қасиеті. М.л. органик. дүниеде, қоғамдық жүйелерде, адамның іс-әрекеттерінде өзіне тән ерекшелікпен байқалып отырады. М.л. әр салада әр қилы болып келеді: органик. табиғатта – организмдердің белгілі бір жағдайға бейімделуі жә-

не реттеліп отыруу, даму үдерістерінің нысаналылығы формасында, қоғамдық өмірде – күні өткен құрылымдардың құрып бітуінен және қоғамның одан әрі дамуына жәрдемдесетін жаңа тәртіптің пайда болуынан, адамдардың белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған қызметінен және т. б. көрінеді. Кибернетика кең мағынасында М.л. деп кері байланыс әсерлерін түсінеді. Бұл жерде қажет және нақты нәрсенің арасындағы айырмашылық туралы хабарлама жүйесі талап етіліп отырған жағдайға барған сайын жақындай түсуінің себебіне айналады. М.л-тың ең жоғарғы формасын – адам қызметінің М. л-ғы, онда себеп-салдар байланысының аса маңызды буыны ретінде оған саналы мақсат келіп қосылады. Адамның әлдебір мақсатқа сай келетін барлық іс-әрекеті кең мағынасында «М. Л.» болып табылады. Сөздің неғұрлым тар мағынасында дәл қазіргі сәттің жағдайларына ғана емес, сондай-ақ дамудың жалпы бағытына сай келетін оның объективті заңдары мен қажеттерін білуге негізделген қызмет қана «М. л.».

«**МАНАС**» – қырғыздың ұлттық эпосы. «М.» эпосын Ш. Уәлиханов дала «Илиадасы» деп атады және қырғыз халқының энциклопедиясы деген анықтама берді. Бұл қаһармандық эпос қырғыздардың көпғасырлық тарихы барысында қалыптасты және дамыды. Ол екі этномәдени аймақта, яғни Оңтүстік Сібірде және Орталық Азияда пайда болып қалыптасты. Түркі-моңғол халықтарының бір-біріне әсер-ықпалы этногенетикалық байланыстарынан туындайды. Енесей ежелгі қырғыздары Тянь-Шань қырғыздарымен генетикалық туыс екенін – Талас руникалық ескерткіштері растайды. «М»-та пұтқа табынушылықтың бірталай белгілері: заттардың, сөздің құдіретіне деген сенім сақталған. Қойдың жауырынымен көріпкелдік жасауы туралы да бірнеше рет айтылады. Түркі халықтарының тотемі қасқыр – «бөрі» және түркілердің қаншық қасқырдан тарайтыны туралы аңыз – «М»-та көркемдік қалыпқа түсіп берілген. Батыр М-тың теңеу есімдері «көкжал», «көкбөрі Манас» – нақ бір қасиетті тотем сияқты айтылады. Көк аспанды қадір тұту Тәңірі ұғымымен байланысты. Эпоста Ұмай-ана Манас дүниеге келерде сол жерден табылып, анасының жеңіл босануына көмектеседі. Бұл тұста Ұмай-ана сәбилерді қолдап-қорғаушы ретінде көрінеді. Пұтқа табынудың сенім-нанымдар белгісі жерлеу рәсіміне байланысты эпизодтарда бейнеленеді. Қайтыс болған адамның сүйегін өртеу жоралғысы ежелгі қырғыздардың отқа қасиетті, тазартатын стихия ретінде табынғанын бейнелейді. Эпоста аңыздық тотем барлық хайуандардың қорғаушысы Қайып, сондай-ақ аңыздық бұғы құлжа бар. Бұғы тотеміне табыну Шығыс Сібір халықтары арасында кең тараған, Орта Азияда қырғыздарда ғана сақталған. «Бұғы» тайпасынан шыққан ыстықкөлдік қырғыздар бұғы мүйізді жартылай мифтік әйелді өздерінің

түп анасы санайды. Эпостағы М-ты әулие Қызырдың (немесе Айқожа қарт) мұсылман етуі және оған Мұхаммедтің сыйлығы – батырдың қару-жарағын беруі оқиғалары мұсылмандық дүниетанымның әсерімен енгізілген. М. қалмақтар мен қытайларға қарсы күресін тоғыз жасынан бастайды. Ол қырғыз халқын біріктіреді және халық оны хан етіп сайлайды. Соғыс жорықтарында ол жаудың батырларымен, жалғызкөз дәулерімен, сиқыршылармен, айдаһарлармен соғысады. Оған аты – Ақ-құла, Құмай тазысы, желмаясы және ақ сұңқар адал қызмет етеді. Адал жары Қаныкей дана ақылгөйі, көмекшісі болады. «М.» эпосы – қырғыз халқы мәдениетінің мыңжылдық тарихы: ол архаикалық (аңыздық) кезеңнен қырғыз этносының қалыптасуына дейінгі аралықтағы мәдени қабатты қамтиды. Эпостың көптеген аңыздық сюжеттері қазіргі қырғыз жазушысы Ш. Айтматов шығармаларының негізіне алынған («Қош бол, Гүлсары!», «Ақ кеме», «Жанпида»).

**МАРГИНАЛДЫҚ** (лат. *Marginalis* – шет, жиектегі, шекарадағы) – қоғамдағы әртүрлі үдерістердің нәтижесінде (көші-қон, этномәдени эрекеттестіктер, қоғамдық жүйелердің жаңғыртылуы және басқа) пайда болатын, өзге мәдениет. М. дәстүрлер мен нанымдарды иеленуші бола тұра бөтен мәдени құндылықтар мен әлеуметтік рөлдерді меңгеруге мәжбүр аралық, шекаралық әлеуметтік топтардың мәдени құндылықтары, дәстүрлері, нанымдары, бағдарлары және тұрмыс саясатының басқа да элементтерінің конгломераты. «М-ды тұлға» ұғымын 1920 жылдары өздері үшін жаңа урбанистік тұрмыс қалпына бейімдеуге мәжбүр жағдайға тап болған иммигранттардың мәдени статусы мен сана-сезімін белгілеу үшін Р. Парк ұсынды. Қоғамдық, ресми мойындалған стандарттардан өзгеше жарғылары мен бағдарлары оның көрінетін М-ды субмәдениеттердің өзіндік ерекшеліктері бар, мойындалған қалыптан белгілі бір деңгейде бас тарту – басымдық танытып отырған мәдениет өкілдерінің қабылдамауын, өздеріне күштеп тартуын туғызады (мыс., этникалық азшылықтардың жағдайы). Бұл мәселе 1930 жылдары Э. Стоунквисттің зерттеулерінде қарастырылды. М-қа тән, тұлғаның мәдени «екіұдайылануы», оның бағдарларының «мәдениаралық» болуы мәдени тұрғыдан өз-өзіне пара-пар болу үдерісін күрделендіре түседі. Бұл деперсонализацияға, сананың бөлшектенуі, мәдени потенциалдың фрагментарлығына бастауы мүмкін. Зерттеушілер сонымен қатар М-дықтың жекелеген жағдайларында тұлғаның мәдени байи түсуі мүмкін екенін жоққа шығармайды.

**МАРКУЗЕ Герберт** (1898–1979) – нем.-амер. философы, мәдениеттанушы. Франфурт мектебінің негізін салушылардың бірі, М. Хайдеггердің шәкірті. М-ге Гегель, Маркс, Ницше, Фрейд идеялары үлкен әсер

етті. 30 жылдардан бастап жеке адамның бостандығына қатер әкелетін индустриалды қоғам мәдениетіне қарсы бағытталған «сыни теорияны» жасауға қатысты. Ол «бір өлшемді қоғам» және «бір өлшемді адам» ұғымдарын енгізді. Бір өлшемді қоғам дегеніңіз – бұрынғы адамгершілік құндылықтарының бәрінен айырылған, басты құндылығы индустриалды даму болып табылатын тотальді жүйе; бұл қоғам жүйенің өз ішіндегі қандай да бір еркіндікке шек қоя отырып «сыртқы еркіндік» үшін күреседі. Бірақ күрес қанша нақты жүргізілгенімен адамға еркіндік берілмейді. Бір өлшемді қалып-күйден шығу-арылу үшін мәдени құндылықтардың өзгеруі және «ішкі еркіндікті» таба алу қажет. Бір өлшемді қоғам саяси және рухани теңгермешілдік қатерлі үрдісін тудырды және бұған «бір өлшемді» адамның қалыптасуына кінәлі құқық пен бостандықтың мән-мағынасына деген парықсыздығымен ғылыми, оқу-ағарту, білім мүмкіндік тудырды. Бір өлшемді қоғам, бір есептен, конструктивті жақтығынан қалыптасты, ал «иенің сол ауруына», оппозицияның болмауына әкеп соқтырды. Бір өлшемді қоғамның қауіптілігі – ол ерекше «адам типін», ештеңе айта алмайтын және айтқысы келмейтін, мемлекеттік құрылымдарға толық тәуелді адамды тудырады. Жалпылық қоғамда сананы баспасөз, теледидар, радио, жарнама, сән және т. б. арқылы қалыптастыру әдістері қоғам мүшелерінің пікірлері мен қажеттіліктерін ғана емес, ішкі сезімдері мен ақылдан тыс реакцияларын да манипуляциялайды. Ол қоғам мұндай жағдайда кез-келген идеологияға толық сенімсіздік танытатын, басты мақсаты – жеке адамның беделі болып табылатын шағын топтардың әрекеті құтқарады деп біледі. Олардың қарсы күші – психикалық құрылымдарды бұзу, ол бұғаудан «қуаныш ұстыны» мен рахаттану сезімі негізінде азат болу. «Тарихи материализм феноменологиясы» еңбегінде М. Марксті Хайдеггермен толықтыруға, яғни Х-дің қоғамды логикалық тұрғыдан талдау беймүмкіндігін, өйткені ол жеке-дара адамдардан тұратыны туралы ойымен толықтыруға ұмтылады. Қарсылық адамның өз табиғатына тән. Оның «теріс диалектикасының» маңызы теріске шығарудың шексіздігінде.

**Шығ. Эрос пен өркениет. Харьков. 1994; Бір өлшемді адам. – М., 1994.**

**МАРСЕЛЬ Габриель Оноре (1889–1973)** – франц. философы, драматург, театр және музыка сыншысы. Франциядағы католиктік экзистенциализмнің пайда болуы М. есімімен байланысты. Өзінің алғашқы «Метафизикалық күнделік» (1927) шығармасында ол адам, жеке адамның статусы экзистенция деген байламға келеді. «Адамдар адамдыққа қарсы» (1951) және «Мәселеге айналған адам» (1955) жұмыстарында философиялық сын пәні «адамсыздану технологиясы» бар ХХ ғ-ға сынмен қарайды. Оның пікірінше, философияның міндетін бүгінгі таңда өнер атқарады. Кьеркегордан бастап көптеген экзистенциалистерге тән театрға

қызығушылық осы қажеттіліктен туған, өйткені драма стихиясы – диалог, сөйлеу – интерсубъективтіктің құралы, ол объективацияны қажет ететін философияның әдістеріне көнбейді. «Ғылыми» философияда адам өмір кешуінің мәселелеріне байланысты даналықтың ұшқыны да жоқ. Адамдардың өзара қарым-қатынасы мәселесінде өнерге, музыкаға, кескіндеме өнері мен драматургияға басымдық берілуі тиіс. М. өркениет тарихын байланыстырушы буын ретінде рухани мұраға, өткеннің мәдениетіне үлкен назар аударады. М. мәдениет зерттеушінің басты міндеті – өркениеттің рухани мұрасы, мұраны, құндылықтарды анықтау деп біледі. Сондықтан да сол философияда алғашқы қатарға болмыстың пайдасын растайтын: ұғыну-қабылдау, сезіну, дүниенің «заттылығы» мен әмбебап қатынасқа қабілеттілігі мәселелері шығуы тиіс. М. болмыстың нағыз тыныстіршілігінде табиғаттың әсем көріністерінің рөлін ерекше атап көрсетті, ландшафтты өзіне қабылдай білудің сарқылмас қатыстылықтың формасы. Табиғат апаты – әлемдік қасірет. М. үшін табиғат пен гуманизм біртұтас, ал олардың синтезі – өнер.

**МАСЛОУ Абрахам** (1908–1970) – американ ойшылы, гуманистік «жағымды психоанализдің» негізін салушылардың бірі. Мәдениетті адамның негізгі қажеттіліктері арқылы талдады. Оның теориясының алғашқы тарауы – жан-жақты жетілген, кемелдікке ұмтылған тұлға. Мәдениеттің кемелдік өлшемі – оның қажеттіліктерін қанағаттандыруы және тұлғаның әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдай жасауы деп біледі. М-дың «жағымды психоанализінің» мақсаты: «Адам кім бола алар болса, сол болуы керек». М-дың зерттеу тақырыбы – шығармашылық, махаббат, ойын, болмыстың ең бағалы құндылықтары, сананың ең биік қалып-күйлері және олардың мәдениет қызметіндегі маңызы. М. өз тұжырымдамасын кез-келген мәдени институттарға (отбасы, білім, дін және т. б.) қолдануға болатын өмірдің жаңа философиясы деп біледі. М. теориясының өзегі – қажеттіліктің иерархияланған бес деңгейі. 1) физиологиялық қажеттіліктер, ағза қызметін қамтамасыз ететін қажетті жағдайлар; 2) адам өмірінің жеке адам деңгейінде, этномәдени қоғамдастық, адамзаттық біртұтастық деңгейіндегі маңызды шарттары – өз-өзін сақтауға, қауіпсіздікке, бейбітшілікке деген қажеттілік; 3) сүйіспеншілік пен қарым-қатынастың қажеттілігі; 4) өзін таныту, өз-өзін сыйлау, қадірлеуге деген қажеттілік; 5) қажеттіліктің ең биік түрі – маңыздылығын жоғарылату, өзінің әлеуеті мүмкіндіктерін жүзеге асыру және оны жетілдіруге – шығармашылыққа деген қажеттілік. Қазіргі индустриалды мәдениеттің репрессивтігін жете ұғына отырып М. негізгі белгілері қауіпсіздік деңгейінің жоғарылығы мен қабілеттердің мейлінше дамуы мүмкіндігі мен өзін-өзі жүзеге асыру болып табылатын идеалды қоғамның адамдардың әбден үндестік-үйлестікте бірігуінің моделін



жасады. Идеалды модельге бастар жол көптеген мәдени институттардың бағытын гуманистік бағытқа ауыстыру және адамдарының санасын өзгерту болып табылады деп білді. М. мәдениетті зерттеп тануда жаңа бағыт – трансперсональды психологияның негізін қалады.

**МАХАББАТ** – адам жанының асыл қасиеті, асқақ мұраты, таным тұғыры, риясыз, ынтық, нәзік сезімі. Батыстық философия тарихында Эмпедокл өзінің космол. ілімінде М. бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған бастапқы күш деп білді. Платон оны сезімдік және рухани М. деп екіге бөліп қарастырды. Сезімдік М. – сұлулыққа сұқтанатын М-тың төм. сатысы, ал рухани М. – адамның белсенді танымдық қызметінің қайнар бұлағы деп қарады. Христиан діні М-ты Христос Құдайдың негізгі сипаты деп санады. Соның нәтижесінде Құдайдыңөзі М. мағынасындауғынылды. Ортағасырлық христиан этикасында, сезімдік және рухани М. бір-біріне қарама-қарсы қойылды. Табиғаттан тыс тұрған күш – христиандық М. («адамды сүй») ілімі жасалды. Бұл ерекше М. («агапэ») «жақыныңды сүй», «жауыңды сүй» сияқты қағидалар негізінде таралды. Ағартушылар М. адам бойындағы табиғи сезімдер көрінісінің бірі деп есептеді. Мәселен, Шефтсбери М-ты ынтымақ сезімі және қоғамдық тәртіптер мен сұлулықтың ұйтқысы деп көрсетті. Гельвецийдің түсінігінше М. – адамзат өміріндегі тәрбие құралы және адам дамуының қайнар бұлағы. Сөйтіп, ағартушылар этикасы М. мәселесін элеум. өмірмен байланыста қарастырды. Марксизм ілімі М-ты өзінің әр алуан формаларында жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғам өмірінің мәнді жақтарын тікелей әрі тереңнен қамтып, рухани берілгендік пен қаһармандықтың қайнар бұлағы болып табылатын элеум.-таптық және жалпы адамзаттық ынтымақты бейнелейді деп көрсетті. Қазақ халқының рухани бастауларының бірі – шығыс мұсылман әдебиетінде М. жайлы жырлар ғасырлар бойы жалпы жұртшылыққа жол тауып, эстет.-көркемдік, этик.-ғибраттық зор маңызға ие болды. Орта ғасырларда М. ұғымы көркем шығарманың ғана нысаны емес, дүниетаным, дін, философия, эстетика салаларының өзекті мәселелері бастау алатын кәусар бұлақ саналды. Ортағасырлық мұсылман және христиан теологиясында, діни әдебиетте, сондай-ақ шығыс поэзиясында да басты тақырып М. болды, көптеген онтол., аксиол., гносеол. мәселелердің шешуін табар түйіні осы М. категориясы еді. М. ұғымының сырлы әлемін жүрек пен көкейкөздің (интуицияның) үлесіне қалдырып, оның эзотер., тылсым бейсаналық табиғатын мойындағанның өзінде, ғалам жаратылысының мәні, хақты тану мүмкіндігі, адам рухани ізденісінің түп мақсатына қатысты ақыл-ой деңгейіндегі толғаныстарды шешуде де М. филос. категория қызметін атқарды. Бұл бойынша М. – ғаламның, адамзат жаралуының телеол. себебі, оның рухани жетілуінің, эстет. ләззаттануының, этик. ғибраттануының негізі. М. әрбір адамды

бейтарап қалдырмайтын, адам өмірінің мәні мен маңызы, сырлы әлемі. Сондықтан М. жайлы әрбір адамның жеке көзқарасы, өзіндік ой-пікірі, түсінігі болуы және оның әр алуан болуы заңдылық. М. әрбір адамның әлемдегі, қоғамдағы, отбасындағы өзінің орнын белгілеуге, өзін-өзі, ақиқат мәнді, жаратылыс сырын тануға мүмкіндік беретін маңызды таным-түйсігі. Сол себептен М-тың сипаты да түрліше. Мыс.: адам мен Құдай, ер мен әйел, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен бала, туыс араларындағы М. Өз кезегінде адам мен Алла арасындағы М. – имандылықтың, ер мен әйел М-ы – отбасының, отанның беріктігінің, ұстаз бен шәкірт М-ы – білімнің, ата-ана мен бала, туысқандар арасындағы М-тар – елдіктің және т. б. қастерлі құндылықтардың кепілі әрі бастауы. Сонымен қатар адамның Отанына, туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілік сезімі де М-тың бір көрінісі. Ер-азаматтың қорғауға міндетті басты үш намысы – иман, Отан, отбасы М-қа негіз болар құндылықтар. М-ты осылайша жіктеуге М. иесі сезімінің нысанын, көздеген мақсатын белгілеуі негіз болады. М-тың сезімдік әсер тұрғысынан күйініш пен сүйініш, қорқыныш пен үміт өзара ұласа жүріп, адам бойында күйіп-жанған ынтық сезім, қанат бітірер ұшқыр қиял, риясыз пейіл, мейірім-шапағат түрінде көрініс беруі М-тың бар түріне тән жалпы сипаты болып табылады. Яғни М-тың қай түрі болсын адамды ізгілікке, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелейді. Адамдардың басым көпшілігін толғандыратын да, көптеген көркем шығармаларға өзек болған тақырып та ер мен әйел арасындағы М. Алғашқыда күйіп-жанған ынтық сезіммен басталған М. жұбайлық жұп құру кезінен бастап жаңа сатыға өтеді. Некедегі ер мен әйелдің отбасындағы өзара адалдығы, бір-біріне қамқорлығы, ортақ жауапкершілігі, ізгі мақсат, ортақ мүддеге жұмылуы алдыңғы орынға шығуымен М. жаңа сапалық өзгерісте дамып, тәрбиелік мәні артады. Демек, ер мен әйел арасындағы М. пен осындай басқа да М-тардың барлығы – олардың ешқайсысын жоққа шығармайтын, бірақ бүтіндей қамтып, әрқайсысының мәнін арттыратын адамның хақиқатты мақсат еткен Аллаға деген М-ының алғашқы сатыларының бірі. Хақиқатты сүю – адамды иманының, Отанының, отбасының қадір-қасиетін жете түсінуге баулитын, оларды да қатар сүйуге қайшы келмейтін М. Мұндай хақты сүю М-ы жайлы өз М-тарының нысаны етіп жаратушы Алланы қалаған, дәстүрлі қазақ қоғамында әулие ретінде құрметтелген, хақ сүйіспеншілігіне жеткен ғұламалар өз хикметтерінде жырлаған. Сондықтан М. ұғымын ғалам жаралуының сыры, адамның рухани кемелденуінің жебеушісі ретінде қарастырған Иасауи, Абай, Шәкәрім сияқты ғұламалар жырларына жүгініп, М. сырын түсінуге болады. Мұсылман діни танымында рухани кемелденудің шыңы болып табылар – «дидар талапқа» жеткізер басты күш-қуат осы М. Сондықтан ислам ғұламалары М-ты құдайдың «Халық» есіміне сай жаратушылық сипатының телеол. қағидасы ретінде қарастырды. Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) хадисінде:

«Хазірет Хақ субхана уа тағала: мен кеңістіктің бір бұрышында жасырынулы тұрған кен-қазына едім. Менің Тәңірі екендігімді ешкім білмейтін, өз құдіретімді білдіруге махаббатым ауып барша, ғаламды жараттым», – деді. Осы хадистен Тәңірінің адамға арналған М-ы барша ғалам жаралуының мақсатты себебі екендігі, яғни телеол. қағида туындайды. «Махаббатпен жаратқан адамзатты» деген қағида Абай, Шәкәрім секілді ислам ілімінен сусындаған қазақ ойшылдары шығарм-ның негізгі мәні мен маңызы болғандығы мәлім. Мұсылмандық шығыста М. тақырыбында жырланған субъект – объектілік қарым-қатынас айқын, ол – ғашық пен мағшұқтың өзіндік орындарымен, қолданылар теңеулерімен анықталады. Мәселен, субъект – ғашықты көбелекке, объект – мағшұқты отқа балап Ясауи былай жырлайды: «Көбелек боп отқа түстім, шоқ боп ұштым, мінеки». Ал Шәкәрім «Сорлы бұлбұл жазға асық боп, нұрлы гүлге айтты зар, Көбелек те отты алам деп, Шамға түсті боп құмар», – деген өлең Шығыс дәстүрінде қалыптасып, М-тың объект – субъектілік ішкі қарым-қатынасының мәнін ашатын от пен көбелек, раушангүл мен бұлбұл т. б. теңеулерге жиі барады. «Ариф ғашық тариқаттың дүр данасы» – деген Ясауи, «ариф» – хақты танушы ақиқатқа ішкі тәжірибе, өзін-өзі тану арқылы, өз тереңіне үңілу арқылы жетеді деп біледі. Ғұлама шығармаларында ғашықтық күйдің бейнеленуі мен адамның даму, жетілу, ақиқатқа жақындау сатысындағы халдері көрініс тапқан, онда ғашық халі ақиқатқа ұмтылушының танымдық сатыларына сай келеді. Осыдан М-тың гносеол. мәселелердің шешіміне қатысы аңғарылады. Ақиқатқа талпынудағы түпкі мақсат – хаққа жету. М. иесінің істеген ісінен, көркем мінез-құлқынан, ғалам, дүние сұлулығына ғажаптанып, одан ләззаттануынан, дидар талап етуінен эстет. ізденістің басты шарты М. екені байқалады. Ал ғашықтың иман және қорқыныш (хауф-рижа) пен үміт жайлы түсініктері мен ойларынан М. аксиол. құндылықтарды түзуші ретінде бағамдалады. Ғашықтық отының нәпсіні жалынымен тазартар күшін жырлауынан М-тың моральдық-этик. категория ретіндегі мәні ашылады. Ал мағшұқтың ғашық ынтызарлығын бейтарап жауапсыз қалдырмайтыны, жандүниесінің қалтарыс сырына дейін білетін достығы мен іліміне қарап, сол М-тың бастау көзі жаратушы ие деп білетіні көрінеді. Сопылық ілім онтол. тұрғыда ғалам жаралысының сырын М-тан іздейді. Абсолютті ақиқат өзінің құдіретін паш ету үшін бұл дүниені пернелеп жаратуының үш негізгі себебін атайды: 1) Құдай – абсолютті, кемел, ол өзінің М-ының нысаны – адамды жаратты. Алланың самадтығы (мұқтажсыздығы) шексіз, ол әуел бастан М. бастауы болғандықтан да сүйіспеншіліктің, мейірім-шапағаттың таусылмас кені. Алланың адам сүйіспеншілігін қалауы шындығында мұқтаждық емес – жомарттық, себебі хақтың достығына жеткен адамды шексіз рахым-шапағатқа бөлейді. 2) Құдай – абсолютті ғажайып, ол өзінің ғажайыбын паш еткісі келді. Сондықтан да ғаламды ол өзінің сипаттары сәулеленетін аса көркем «айна» етіп жаратты. Айнадағы бейне кейпіндегі жаратылыс дүниеге ғажаптану арқылы сол бейненен Жаратушыны, Ақиқат бастау түп иені танысын деп адамды жаратты. Адамзат бүкіл жаратылыстың ішіндегі жауһары, ең сүйіктісі. Ең сүйіктісі болғандықтан да ол – аса көркем жаратылыс, оны «Алла тағала өз бейнесінде

жаратқан» және ол өзінің ең сүйікті досын адамзат қауымы ішінде жаратты. Бүкіл ғаламды, жанды-жансыз дүниені осы екі дүниенің шамшырағы, екі ғаламның тәжі, Алланың сүйікті досы – Мұхаммедтің (ғ.с.) құрметіне, соған деген М-тының себебінен жаратты. Бүкіл жанды-жансыз, ірілі-кішілі, рухани және материалды заттар мен дүниені «Нұри Мұхаммедтің» яғни, хазірет пайғамбардың нұрынан жаратты. 3) Құдай абсолютті даналық – өзінің ұлы есімді даналық сипаты сәулеленетіндей нысан – адамзатты жара- туды қалады, Өз ақиқатын, ғылым құдіретін паш еткісі келді. Ал адам өзінің таным көзін жоғары ақиқатқа бағыттап, жаратушысын тани алатындай мүмкіндікпен ақылдың иесі етіп жаратылды. Адамның өзге жан иелерінен айырмашылығы да оның ақылында. М-тың түп иесі осылайша адамды жоғары ақиқатты танитындай нұрлы ақыл иесі етіп жаратуының өзінде үлкен М. бар. Ғұлама Абай өзінің 38-қара сөзінде «...ықыласпен оқып ұғып алыңыздар, оның үшін махаббат төлеуі махаббат. Әуелі адамның адамдығы, ақыл ғылым деген нәрселерменен... Талап, ұғым махаббаттан шығады. ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады... Қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» дейді. Яғни адамның ең асыл қасиеті – ақыл, ең асқақ мұраты

– танымға құмарлық. «Махаббатсыз, дүние бос, хайуанға оны қосындар» деген ақын адам «ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болғанда», жүрегін дүние достығынан босатып, хаққа арнағанда ғана адам атына лайық бола-рын айтады. Адам жаратылысының осы негізгі үш себептерін: 1) сүйіспеншілік үшін, 2) сұлулыққа ғажаптану үшін, 3) ақиқатты тану үшін деп ажыратқанмен де, осы талпыныстың бәрі М-тан бастау алады. Пәктікті сүйюге, сұлулықты түйсінуге, кемелдікті тануға талаптанудың барлығы М-тан шығады. «Не қылсаң да ғашық қылғын пәруәрдігер» деген Ясауидің ғашықтық дертін М. бастауының өзінен тілеуі сондықтан да түсінікті. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй сол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және хақ жолы осы деп әділетті. Осы үш сүю болады иманигүл, Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл» деген Абай да М-ты иманның негізі деп таниды. Имандылық жаршысы болған осы ғұламалардың М. жайлы пікірлері бір арнада тоғысады. Олар М. бастауы – Алла деп біледі. «Кәпір болса да берме азар» дейтін Ясауи де бүкіл адам баласын сүйюге, татулыққа, бауырмалдыққа үндейді. Ал Хақ жолы – әділдікті сүю – ізгілікті сүю, яғни ғаламның, табиғаттың үйлесімділігінен, заңдылығынан ғибрат алып, соған сай өмір сүру, сондай-ақ адамзат қауымындағы, адамның жаны мен тәніндегі бүкіл заңдылықтар мен құбылыстарды ретке келтіретін ақиқат ілімге сай өмір сүру. Абай «Бәлки ғадаләт барша ізгіліктің анасы дүр», «Ынсап ұят бұл ғадаләттен шығады» дейді. Иасауидің адамзатқа деген М-та үлгі тұтар адамы Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.), оның үмбеттерін сүюі мен ғаріп, жетімдер үшін қиыншылық тартуын «Диуани хикметте» жүйелі жырлайды. М. – қозғалыс бастауы, өмір бұлағы, хауф пен рижаның яки, қорқыныш пен үміттің диалектик. бірлігінен қанаттанған құс іспетті. Себебі «Диуани хикметте» әулиелер сұлтанының Хақ алдында өзін күнәһар сезіну қорқынышы бар. Сонымен қатар, Алла рақымынан-фазылынан (кешірімшілдігінен) үміт етуі жарыса келіп М. өрілімін түзеді. Алланың әділі (сынағы) бар, сондай-ақ фазылы бар дейді иман келтірушілер.

Әділі яки, сынағы тұрғысынан алсақ – шексіз пәктік иесі сұбхан Алланың сынағына төтеп берер, оның рахымына лайық, күнәдән пәк, Алламен достыққа, оған қауышуға лайықты адам баласы жоқ. Фазылы, яки кешірімділігі тұрғысынан алсақ – Құдай адамның таудай күнәларын оның тәубасына сай таудан да үлкен фазылымен қарсылап, кешіре алады. Сондықтан бұл М-тың қос қанаты қауіп пен үміт (рижаның) адамды тәубе мен тақуалыққа бастап, ынсаптылыққа тәрбиелейді. М. ақыл үлесі емес, жүрек несібесі, ал ақылдың жаяулар жазықтығы мен ділдің самғар кеңістігі тең емес. Ділдің шексіздігі ақыл аясына сыймайды. «Хақ алдында ақылы кәміл түк қыла алмас, ғашық өрті лапылдаса бір дем қоймас. Көбелектей отқа түсіп өзін білмес, Бұл сырлармен дүниеден тойдым мен» (Ясауи). Адам хақты тану үшін жаратылды деген қағида тұрғысынан оның жаратылыс сырының танымдық қыры айқындалады. Сонымен қатар адамның Хақты тану құралы ретінде ақыл мен жүректі атасақ, М. осы жүрек танымының азығы, күшқуаты, жебеушісі. «Ақыл мен хауас барлығын білмейдүр, Жүрек сезедүр. – Мұтакалимин мантикин бекер босқа ездүр» деген Абай өлеңі осыны нақты мәлімдейді. Осы тұрғыдан М. сопылық ілімдегі хақты танудың басты гносеол. категориясы ретінде көрінеді. Сопылық ілім бойынша, бұл дүниеде М-тың көп түрі бар. Адам жүрегінен жүз мыңдаған талап орын алуы мүмкін, бірақ осы көп талаптың барлығын қосқанда да дидар талабына сай келмейді. Нағыз ғашық құштарлық пен құмарлықтың барлығын жеңеді. Құштарлық пен құмарлықты жеңу жан қинар арпалыспен жетер аса ауыр азап. Басқа талаптардан жүректі босатып, таухид талапты орналастыру – асыл мұрат.

**Әдебиет: Мейірманов. – А. ҚҰЭ – 6-том.**

«**МАХАБХАРАТА**» – санскритпен жазылған көне үнді эпосы. «М»-ның маңызды ерекшелігі оның үстеме эпизодтарында заң, адамгершілік, билік парыз бен адамның діни міндеттері, яғни үнді философиясында «дхарма» ұғымына жинақталған мәселелерді түсіндіретін дидактикалық және философиялық мәні болып табылады. Дхарма туралы түсінік эпостың баяндамалы тарауларында да негізгі орын алады. Поэманың бас кейіпкері – Юдхишхира «дхарманың ұлы», қырғын соғыс өтетін Куру даласы «дхарма даласы», соғыстың өзі – «дхарма үшін шайқас» деп аталады. Басқаша айтқанда, «М»-да ерлік күрестері адамгершілік күрестеріне айналады. «М-да» көптеген өзге эпостарындай жеңіс-жетістіктердің жалғандығы, өмірдің өткіншілігі туралы сентенциялар жетіп артылады. Арджуна Карнуды, Бхима Дурьйодхануны өлтіруі керек, мұны жеңетін және жеңілетін жақ алдын-ала белгілі, соған қарамастан даңқсыз өмірден «даңқты өмірді» артық көреді. «М». ілімі бойынша адам тағдыр жазмышын өзгерте алмайды яғни «жазымштан озмыш жоқ». Алайда өлім мен өмір, жеңілістер мен жеңістер – өмірдің сыртқы арқауы ғана, ал шынайы құндылық – адамгершілік мән-мазмұнда: адам өзінің «менін» әлемнің рухани үйлесімімен жарастыра бірегейлендіре алған жағдайда ғана өмірінде биік мән мен мақсат болады. «М»-ның этикалық доктринасы үстеме поэма – индуизмнің діни ескерткіші «Бхагавадшарада» баяндалған. Кришна Аружунаға әлемді жеке тану, бөлек-бөлшек қабылдаудан қалай құтылуға боларын түсіндіреді. Ол тек үйреншікті өмірінен бас тартқанда ғана мүмкін. Мұндай безінушілікке

бейәрекетсіздік арқылы емес, керісінше риясыз әрекет, жасаған қандай ісінің жақсы-жаман нәтижесіне деген немқұрайдылық арқылы ғана қолжеткізуге болады. Тақуалық мінездің үш жолын – беймүдделі әрекет жолы, білім жолы және құдайға бас ию жолын ерекше бөле-жара көрсете отырып Кришна бірінші жолды ерекше бағалайды, өйткені онсыз одан кейінгі екі жолға түсу мүмкін емес. Үнді дәстүрінде «М». киелі кітап ретінде қадірленеді. Алғашқы көнеүнді эпосының мағынасы мен тереңдігі дидактикалық қабаты мен эпикалық баяндаудың біртұтастығы негізінде ашылады.

**МАХМҰД Қашқари** (Қашқари Махмуд ибн Хусейн ибн Мухамед – Қашқар, 1029 ж ) – көрнекті философ, энциклопедист-ғалым. Бұқара мен Самарқанда оқыды. Араб және парсы тілдерін жете білді. Өз еңбектеріне материал жинап, Мавреан, Хорезм және Ферғанадан Бұхараға дейін аралады. «Дивани лұғат әт-түрік» – Ортағасырдағы түркі мәдениетінің аса бағалы ескерткіші. М.Қ-дің екінші бір үлкен еңбегі «Китаб джавахир ан нахв лұғати әт-түрік» (Түрік тілдері синтаксисінің маржандары туралы кітап) кейінгі ұрпаққа жеткен жоқ. М.Қ. әл-Фарабидің «Диван әл-араб фи байан лұғати әл-араб» еңбегінен (әдеби шығармалардың араб тілінде жазылған жинағы) үлгі алды. М.Қ-дың «Диванының» танымдық мәні зор еңбек. Шығармада тайпалар тілдерінің лексикалық ерекшеліктері, түркі тайпалары, түркі тілдерінің классификациясы, тариха фонатикасы, грамматикасы жайлы құнды мәліметтер, тарих, неогр, этногр, поэзия және фольклор төңірегіндегі деректер, дүниежүзінің түркілер жасаған көне картасы бар. М.Қ-дің «Дивани» түріктердің энциклопедиясы болып табылады. Онда көптеген тарихи, мәд. лингвистикалық, этногр. материалдар жинақталып талданған. Бұл еңбек көп жылдық сахаттың, зерттеудің жемісі болды. Жетісудың, Ферғананың және Қашқарияның қала халқының этникалық құрамы, оғұздардың рулық тайпалық құрылымы, түркі тайпаларының жазба мәдениеті хақында «Диванида» келтірілген мәліметтердің аса үлкен мәні бар. Өрісі тар практикалық мақсаттардың ғана көздеген бұрынғы филол. еңбектерге қарағанда М.Қ. еңбектерінде туыстас тілдерді салыстырып-саралау тәсілі тарихта алғаш рет ғыл. ұстын ретінде қолданылды. Оның тілдерді зерттеуге қолданған тарихи және салыстыру тәсілдерін зерттеудегі жаңалық және тіл туралы ғылымға қосқан баға жетпес үлес болды. «Дивани» тек тарихи, филол. қана еңбек емес сондай-ақ X–XI ғғ. тұсындағы түрік халықтарының этикалық, эстетикалық талғам таразысынан, дүниетанымдық ой-толғауларының деңгейінен терең мәлімет беретін бағалы мәд. және әдеби ескерткіш. «Диванида» келтірілген өлең түрлері мен поэзия үлгілері гуманистік сипатта. Еңбекте түркі халықтарының филос. ой толғамдары, әлеуметтік және эстетикалық мұраттары айқын көрінеді. М.Қ-дің еңбектерінен сол дәуірде алдыңғы қатарлы ғалымдар мен ақындардың өмір сүргендігі аңғарылады, бұл түркілердің жазба әдебиеті XI ғасырдан әлде қайда, бұрын, VI-VII ғасырларда-ақ пайда болған деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. «Дивани» түрік тектес және басқа да халықтардың тарихи географиясы жөніндегі жазба ескерткіші. М.Қ.-дің картасы бойынша сол кездегі түрікі тайпаларының мекендерін дәл көрсетуге болады, ал оның орталығына Қашқар және Баласағұн қалалары орналасқан. Орта Азия мен

Қазақстан ғалымдары Бируни, Баласағұни мен М.Қ. арасында болған идеялар сабақтастығын және шығармашылық жақындықты атап көрсету қажет. М.Қ. мен оған жол ашар болған Бирунидің шығармашылық жақындығының айғағы – Бируни өзінің «Китаб ас-сайданасын» жазған кезде «Диванды» зерттеген. М.Қ-дің көптеген пікірлері мен тұжырымдары өзінің ғылыми құндылығын бүгінге дейін жоғалтқан жоқ.

**МӘДЕНИЕТ** (араб тілінде «маданият» – қала деген мағынаны білдіреді) – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері. Әлеум. болмыс адамсыз тірлік етпейді, оның табиғаттан айырмашылығы да осында. Ежелгі гректер күтімді, қолмен өңделген М. әлемін күтімсіз, өндеусіз, жабайы әлемнен айырғанда осы туралы ойлаған еді. Осы айырмашылық жасанды, өнерлі мен табиғи, өнерсіз нәрселердің қарама-қарсылығынан да байқалады. Философия тұрғысынан мәселе М-тің анықтамасында емес, адамзаттың әлеум. болмысын сақтау ісіндегі жетілу нұсқаларын анықтауда. Мұндағы ең басты нәрсе жаңарудың нақты кескіндерін суреттеуде, олардың өзара байланысын табуда. Мәдениеттану жағынан келсек, әрбір нақты М. әлеум. болмыстың жандануы мен жаңаруының белгілі баспалдақтары ретінде көрінеді. Бұл тұрғыда М-тің ең басты мәселесі адамзат болмысының жандану мен өзгеріске түсуінің немесе жаңару нұсқаларының арақатынасы. Бұл мәселенің жалпыға бірдей әмбебап шешімі жоқ. Егер адамзаттың ертедегі қауымдастықтарына басты қалып ретінде әлеуметтік ұйымның өзгерместігін қамсыздандыратын дәстүр көрінсе, одан кейінгі кездері жаңарудың маңызы артады, ал соңғы онжылдықтарда әр түрлі дәстүр мен түрлі жаңашылдықтың өзара кірігуі басты бағытқа айналғандай. М. – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығарм-ғы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік бостандығы мен тарихи зейіні, филос. жүйелері мен рәміз таңбалық өсиеттері, орын толмайтын шығындары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі, мұраты – осының бәрі М-пен біте қайнасқан. М-ке берілген көптеген анықтамаларды альтернативтік (баламалық) деп атауға болады. Адамдық арақатынастың бәрі белгілі бір мәдени деңгейде басталады, ал осы сыртқы ортаны өзгертуге бағытталған мақсатқа сәйкес әрекеттің нәтижелері адамдық мәндік күштердің заттандырылған көріністері болып табылатын М. туындыларында (материалдық немесе рухани) жүзеге асады, басқаша сөзбен айтқанда, М. дегеніміз – адамның өзін, қоғамдық, әлеум. қатынастарды жасау үдерісі. Материалдық М-ке адамның заттық пішінге түскен руханилығы, табиғи объект пен оның материалы заттарға, қасиеттер мен сапаларға айналған және мұның бәрі адам арқылы ғана болатын, демек, мәдени мақсатқа сәйкес міндеті және өркениеттік рөлі бар шығарм. қызметтің нәтижелері жатады. Рухани М-ке қарағанда материалдық М. табиғи объектілердің сапалары мен белгілеріне, адам материалдық заттарды, жейгін тамақ және өмір сүру үшін қажет басқа да жабдықтарды жасағанда негізгі материал немесе шикізат ретінде пайдаланылатын заттар түрлері, энергия және ақпаратқа тікелей тәуелді.

**М.** — адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері. Әлеуметтік болмыс адамсыз тірлік етпейді, оның табиғаттан айырмашылығы да дәл осы қасиетінде. Көне гректер күтімді, қолмен өңделген мәдениет әлемін күтімсіз, өңдеусіз, жабайы әлемнен айырғанда осы туралы ойланған еді. Осы айырмашылық жасанды, өнерлі мен табиғи, өнерсіз нәрселердің оппозициясынан да байқалады. Философия тұрғысынан мәселе мәдениеттің анықтамасында емес, адамзаттың әлеуметтік болмысын сақтау ісіндегі эволюция нұсқаларын анықтауда. Мұндағы ең басты нәрсе сақтау мен жаңарудың нақты кескіндерін суреттеуде, олардың өзара байланысын табуда. Мәдениеттану жағынан келсек, әрбір нақты М. әлеуметтік болмыстың жандануы мен жаңаруының белгілі баспалдақтары ретінде көрінеді. Бұл тұрғыда М-тің ең басты мәселесі адамзат болмысының жандану мен өзгеріске түсуінің, немесе жаңару нұсқаларының арақатынасы. Бұл мәселенің жалпыға бірдей әмбебап шешімі жоқ. Егер адамзаттың ертедегі қауымдастықтарында басты қалып ретінде әлеуметтік ұйымның өзгерместігін қамсыздандыратын дәстүр көрінсе, одан кейінгі кездері жаңарудың маңызы артады, ал соңғы онжылдықтарда әртүрлі дәстүр мен түрлі жаңашылдықтың өзара кірігуі басты бағытқа айналғандай.

**МӘДЕНИЕТ ФИЛОСОФИЯСЫ.** М. ф-ның пәні мәдениет түрлерін, олардың мағынасын философиялық талдау болып табылады. Басқаша айтқанда, М. ф. мәдениеттің идеясын, мақсаттарын, ұстындары мен алғышарттарын зерттейтін, әмбебапты және барлығын қамтитын феномен ретінде мәдениетті философиялық пайымдауға бағытталған философиялық пән болып табылады. «М. ф-сы» терминін XIX ғасырдың басында неміс философы А. Мюллер енгізді. М. ф. дербес сала ретінде XVIII ғасырдың аяғында – XIX ғасырдың басында бөлініп шыға бастағанымен, XX ғасырда ерекше қарқынды дамыды. XX ғасырдың басында М. ф. мәдениет эволюциясының әртүрлі кезеңдерін зерттеуге бет бұра бастайды. Осыған байланысты мәдениет феномендерін зерттеуде ерекше тәсілдерді қолданып, онымен айналысатын арнайы ғылым саласын қалыптастыру идеясы пайда болды. Мысалы, жаңақантшылар В. Виндельбанд (1848–1915) пен Г. Риккерт (1863–1936) «мәдениет туралы ғылымдар» мен «табиғат туралы ғылымдарды» ажыратуды ұсынды. Осылайша олардың тұжырымдамасы М. ф-ндағы оппозициялардың бірін – мәдениет пен табиғаттың арақатынасы мәселесін, сондай-ақ мәдениеттің құндылықтық (аксиологиялық) мәнін айқындады.

Мәдениеттің теориялық суреттемелерінің көптігі бұл феноменді пайымдаудың мүмкін болатын барлық варианттарын түгеспейді. Ғылымда танымал және белсенді түрде түсіндірілетін олардың кейбіріне тоқтала кетейік. Бұлар әртүрлі ғылыми теориялар негізінде М. ф. ұстындар мен тәсілдерін айқындап көрсетеді.

Мәдениетті бағалаудың, түсінудің, зерттеудің әртүрлілігі сияқты мәдениет әлемі де алуан түрлі. Біз «дәуір мәдениеті», «этнос мәдениеті», «ұлттық мәдениет», «христиандық мәдениет», «мұсылмандық Шығыс мәдениеті», «апполондық мәдениет», «Қытай мәдениеті» және т. б. ұғым-



дарды көп кездестіреміз. Осыған ұқсас барлық ұғымдар әртүрлі мәдени тұтастықтарды тарихи немесе әлеуметтік, философиялық көзқарастар тұрғысынан жіктеу нәтижесінде тізбектеледі. Білімнің әрбір гуманитарлық саласы мәдениеттің алуан түрлілігін өз негіздеріне сай белгілі бір классификацияда жіктеуге ұмтылады, мұның ақыры, бүтіндей алғанда, мәдениеттің типологиясына немесе философиясына әкеледі.

**МӘН** – белгілі бір нәрсенің мазмұны, барлық басқа заттармен салыстырғанда белгілі бір жағдайдың әсерімен өзгеріске ұшыраған қалпымен салыстырғанда оның ешнәрсеге қатыссыз бірегейлігі. «М» ұғымы кез келген филос. жүйе үшін, М-нің болмысқа және зат М-нің санаға, ой тұжырымдауға қатысы тұрғысынан алғанда бұл жүйені ажырату үшін өте маңызды. М-нің заттан тыс орны жоқ, оның басты қасиетінің өзі осында. Адам танымы бірте-бірте объективті дүниенің М-ін меңгеріп, барған сайын оған тереңдей түседі. Бұл ілім объективті дүниеге керісінше, оны іс жүзінде қайта құру үшін пайдаланылады. М. мен құбылыс әрекеті және сонымен бірге бір-бірінен ажырағысыз. М. алдымен құбылысқа ауысып, осыдан кейін барып М. ретінде көрінеді, ал М. құбылысы М-ді көрсетеді және тек сондықтан ғана ол құбылыстың бейберекет табиғатын аңғаруға және сол жөнінде ой тұжырымдауға мүмкіндік береді (салыстырмалы: Шындық, М. және Құбылыс).

**МӘТІН** – бұл жалпы (бір) тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтас-тық пен тұтастық мән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі. М. сөзінің этимологиясы семантикалық құрылымдардан тұрады; адамның жасаған нәрсесі, осы істелген нәрсе элементтерінің ішкі байланыстылығы, істелген нәрсенің шеберлігі және осы аталған үш семантикалық құрылымдарға сай оны үш пән – мәтінтану, герменевтика және поэтика зерттейді. М-тану қарастырылып отырған М-нің қай дәуірге немесе авторға тиесілі екендігін анықтайды. Герменевтика М-ді түсіндірумен айналысады. Киелі М-дер герменевтикасы экзегетика деп аталады. М-ді қарастыру шеберлігін поэтика зерттейді. Ол М-нің қалай құрылғанын, оның құрылымы мен композициясын зерттейді (формальды мектеп, құрылымдық поэтика, генеративті поэтика). М-ді қазіргі семиотика (мәдениет мәтін ретінде) мен мәтін философиясындағыдай тым кең мағынада түсінуге болады. В. Рудневтің жасаған М. тұжырымы жеті баптан тұрады. 1) мәтіннің барлық элементтері өзара байланысты (өзара байланысқан) (құрылымдық поэтика тезисі); 2) мәтін элементтерінің арасындағы байланыс қайталанып, өзгеріп отыратын бірліктер мотивтер ретінде айқындалады. (Мотивті талдау тезисі); 3) мәтінде кездейсоқ ештеңе жоқ (психоталдау); 4) М-нің әрбір жекеленген және үстірт көрінісінің (мәнінің) астында мифологиялық сипаттағы терең, әмбебап заңдылықтар жатыр (К.Т. Юнгтің аналитикалық психологиясы); 5) М. шындықты суреттемейді, ол онымен өзара күрделі қарым-қатынасқа түседі (аналитикалық философия және тілдік актілер теориясы); 6) бір М-дегі ақиқат нәрсе, басқасында жалған болып шығуы

мүмкін (мүмкін дүние (нәрсесі) семантикасы); 7) М. — қатып-сеііп қалған мән емес, ол автор мен оқырман және мәдени контекст арасындағы сұхбат (Бахтин поэтикасы).

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ** – мәртебесі конституцияда бекітілген, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздар осы тілде жүргізіледі. Әдетте мемлекет негізін құраушы әрі жердің байырғы иесі болып саналатын халықтың тілі М. т. болып бекітіледі. Бірақ ұзақ уақыт отар болып, өз тілін ұмыта бастаған кейбір елдерде отарлаушы елдің тілі М.т. болып бекітілген.

Мысалы: Үндістанда М. т. ағылшын тілі болса, хинди тілі тек тұрмыстық тіл деңгейінде қалып қойған. Марокконың, Алжирдің М. т-і араб тілі болғанымен, ресми тіл ретінде француз тілі онымен бірдей дәрежеде қолданылады. 1995 жылы қабылданған Конституцияда да қазақ тілі М. т. болып бекітілді, алайда сонымен қатар орыс тілі ресми түрде М. т- мен қатар қолданылады. 1996 жылы 4 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасы» мақұлданды. Қазір Қазақстан барлық ғылым-білім, мәдениет, техника салаларын М. т-ге көшіру кезеңін бастан өткеруде.

М. т. – көпұлтты (көптілді) мемлекетте халықтың ұлттық құрамына қарамай іс қағаздарын, мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту, мәдениет, баспасөз бен байланыс (почта, телеграф т. б.) орындарында, құқық қорғау мен әскер бөлімдерінде, сот істерін жүргізу т. б. міндетті деп саналатын саяси-құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл. М. т-ді жан-жақты дамыту және оның қолдану аясын (сфера) кеңейту үшін мемлекет тарапынан белгілі бір уақытқа жоспарланған жан-жақты бағдарламалар жасалады. М. т. әрдайым мемлекеттің қорғауында және оның қамқорлығында болады. Демократиялық қоғамда белгілі бір тілге мемлекеттік мәртебе беру оның басқа тілдерге қысымшылық көрсету болып табылмайды. Бұл туралы Республикамыздың Тіл туралы Заңында (1997 ж.) анық айтылған. Кеңес заманында КСРО-ның Конституциясында және басқа да мемлекеттік құжаттарда ашық айтылмаса да, орыс тілі іс жүзінде (де-факто) М. т. міндетін атқарды. Орыс тілінің осындай ерекше рөлі геральдикалық әдіспен анықталады. Мысалы, КСРО-ның елтаңбасы мен ақша бірліктерінде орыс сөздері үлкен әріппен беріліп, басқа ұлттық тілдердегі лексемалар кіші әріппен берілгені дәлел бола алады. Кейбір көпұлтты (көптілді) мемлекеттерде тілге берілетін мәртебе басқаша аталуы мүмкін: ресми тіл, ресми түрде қолданылатын тіл, ұлттық, конституциялық және аймақтық тілдер. Осыған байланысты «көпұлтты» және «көптілді» деген терминдердің синоним сөздері ретінде қолданылуын сөйлеу тіліміздегі қателердің бірі деп қараған жөн. Кезінде КСРО (Югославия т. б.) көпұлтты мемлекет болатын, себебі Одаққа өздерінің белгілі бір территориясы, шекарасы, басқару-әкімшілік органдары бар субъектілер енген болатын. Ал Қазақстан жайында ол басқаша, мұнда жоғарыда көрсетілген Одаққа тән ерекшеліктер болған жоқ, сол себептен де Республикамыз, әлеуметтік тіл білімі тұрғысынан қарағанда көпұлтты емес, көптілді елдер санатына жатады деу шындыққа сәйкес келеді. Көпұлтты

елдердің қатарына жататын мемлекеттің субъектілері (ұлттық республика, облыс, аймақ т. б.) өздерінің ұлттық тілдеріне мемлекеттік мәртебе беруге құқылы болса, көптілді елдерде мұндай еркіндік жоқ. Себебі көптілді елдің құрамына диаспора ретінде енген ұлт-ұлыстардың қалыптасуы солақай саясаттың, депортация т. б. нәтижелері болуы мүмкін, яғни бұл құбылыстардың тарихи мән-мазмұны жоқ.

**МЕНТАЛИТЕТ**, *діл* (лат. *menta* – жан құрылымы) – әлем картинасын жасайтын және мәдени дәстүр немесе қауымдастықтың бірлігін нығайтатын жалпы рухани көңіл-күй, наным-иланым, рух дағдысы, ойдың біртұтас жиынтығы. М. жеке және ұжымдық сананың өзіндік ерекшелігі бар деңгейлерін сипаттайды; бұл орайда М. – өзгеше ойлау типі. М. – табиғат және әлеум. жағдайлар салдарынан туындайтын және адамның өмір әлемі туралы ұғым-танымын ашатын жалпылық. М. терминін жанның негізгі орталық метафизикалық мәнін құндылықтар мен ақиқаттың түпдерек ретінде қарастыра отырып, американ философы Р. Эмерсон (1856) енгізді. М. қоғамның мәдениеті, рухани өмірі бейнеленгенде белгілі бір дәуірдің филос., діни, саяси, эстетикалық теорияларында көрінетін метаұғым болып табылады.

**МЕТАТЕОРИЯ** (гр. *Meta* кейін, және *teorema* – бақылау, қарастыру, зерттеу) – басқа бір теорияларды зерттейтін теория. М. белгілі бір теорияның қағидалары мен ұғымдар жүйесін зерттейді; оның шекарасын, жаңа ұғымдарды енгізудің және оның қағидаларының және т. б. анықтап оған әлдеқайда тиімді әдіс тәсілдер енгізуге ұмтылады. М. метатілде тұжырымдалады (метатіл және объектіл). Қазіргі кезде логиканың М-сы (Маталогика) және математиканың М-сы (Метаматематика) ерекше даму үрдісінде; оларда Гегельдің, Гильберттің С. Клинидің еңбектері ерекше роль атқаруда. Матем. емес пәндерде М. тек алғашқы қадам ғана жасады. М-ның ең басты міндеті – ғыл. теорияларды формализациялау шарттарын және сондай ақ формализацияланған тілдердің синтаксистік (логикалық синтаксис) қасиеттері мен семантикалық қасиеттерін (логикалық семантика) зерттеу. Кибернетика мен есептеу техникасының дамуына байланысты мұндай зерттеулердің маңызы ерекше арта түсті.

**МЕТАФИЗИКА.** «М.» термині біздің эрамызға дейінгі Іғ. Аристотельдің филос. мұрасының бір бөлігінің атауы ретінде шықты; сөзбе сөз алғанда ол «физикадан кейін келетін» деген мағынаны білдіреді. Аристотельдің өзі мұны «бірінші философия» деп атады: ол барлық ғылымдар үшін міндетті нәрселердің өзгермейтін және оймен ғана пайымдауға болатын, сезім мүшелерімен білуге болмайтын ең жоғарғы бастамаларын зерттейді-мыс. «М» термині кейінгі философияда осы тұрғыда қолданады. Ортағасырлық

философияда М. теологияның филос. дәлелдемесі ретінде қызмет етті. Шамамен алғанда XVI ғасырдан бастап «М.» терминімен қатар сол мағынада «онтология» термині де қолданылды. Декарттың, Спинозаның және т. б. XVII ғ. философтарының философиясында «М.» жаратылыстану және гуманитарлық білімдермен тығыз байланыста қолданылды. Бұл байланыс XVIII ғасырда әсіресе Вольфтың және т. б. онтологиясынан ығыстырылды. «М.» термині сол мағынада осы күнгі философияда әлі де кеңінен қолданылуда. Жаңа заманда М. ойлаудың антидиалектикалық тәсілі ретінде, заттар мен құбылыстарды өзгеріссіз және бір бірінен тәуелсіз қарастыратын, табиғат пен қоғамдағы дамудың қайнар көзі болып табылатын ішкі қайшылықтарды жоққа шығаратын дүниетанымдардағы сыңаржақтықтың нәтижесі ретінде пайда болды. Тарихи жағынан алғанда бұл Ежелгі дүние мен Қайта өрлеу дәуіріндегі дүниені тұтас, қозғалыстағы, даму үстінде қарастыратын ғылыми философиялық таным әдісінің орнына енді ғыл. білімнің тереңдеуіне және жіктелуіне байланысты дүниедегі нәрселерді бір бірінен байланыссыз қарастыратын бір қатар бөлек білім салаларының шығуына орай пайда болған ойлау тәсілін білдіретін болды. М. терминін «антидиалектика» мағынасында тұңғыш қолданған Гегель сондай-ақ бұрынғы «М-ның» әдетте антидиалект. сипатта құрылғанын ескерді.

**МЕРЛО-ПОНТИ Морис** (1908–1961) – француз философы, мәдениеттің феноменологиялық тұжырымдамасының өкілі. М.-П. пікірі бойынша адамды қоршаған әлем, мәдениет әлемі сияқты мағына мен маңызға толы әлем. М.-П. мағынаның пайда болуын шегіне жеткен, одан әрі бөлініп-бөлшектенбейтін интегративті құрылымның бір-бірімен байланысты үш деңгейде: жеке-тұлғалық өмір, интер субъективті коммуникация және мәдениет тарихы пайда болуын зерттейді. Мәдени әлемнің дамуы спонтанды алғашқы қабылдау деңгейінен кейін: сөз, тіл, әдебиет, өнер, ғылыми, саясат және т. б. конвенционалды символдану деңгейінде дамиды. Жеке өмірде әртүрлі себеп-дәйектер, мінез-құлық пен қимыл-әрекеттердің астасып-өріліп жататыны сияқты мәдениет тарихында да мораль, дін, өнер мен экономикалық құрылымдар әлеум. оқиғалармен астасып-жатады. Адам өмірі мен мәдениеттің мағына-мәнін мойындай отырып, белгісіздік, көп маңыздылық пен көпмәнділік танымның қандай да болсын жетіспеушілігінің қарапайым салдары деп емес, адам өмірінің, тарих пен мәдениеттің тарқатылмайтын, антологиялық құрылымы деп танылуы керек деген ойды білдіреді. Осы негізгі жағдайды ескергенде ғана біз табиғатпен, өзге мәдениеттермен және өзге адамдармен жемісті диалог орнату өнерін меңгереміз, ол қазіргі өркениет үшін өмірлік маңызды және қажет.

**Шығ.: Көз бен рух // XX ғасырдағы француз философиясы мен эстетикасы. 1 бас. – М., 1995; Философияны қорғау. – М., 1996.**

**МИЛЛЬ Джон Стюарт** (1806–1873) – ағыл. философы, логик, экономист, позитивизмнің өкілі. Философияда Юм мен Берклидің және Конттың ізбасары. Адам тек «құбылысты» ғана танып біледі, оның шекарасынан тыс шыға алмайды. М. логикада индуктивизмнің белді өкілі білім алудың әдісі ретінде дедукцияны теріске шығара отырып, ол индукциялық жолмен зерттеудің әдістерін жасау болды. М. этикада Бентамның утилитаризмінің ықпалында қалды. Саяси экономияда М. еңбек құнының классикалық теориясын өндіріс шығындары жайлы вулгарлық теориямен аустырды, Мальтустың тұрғын халық теориясын (Мальтусшілдікті) жақтады. Әлеум. саяси көзқарасы жағынан М. – либерал.

**МИМЕСИС** (грек. – ұқсау, еліктеу) – антика эстетикасының негізгі ұстанымы. Алғаш рет музыканы ғарыш үйлесімнің еліктемесі ретінде қарастыратын пифагоризмде көрініс тапты. М-тің салыстырмалы түрде алғандағы біртұтас теориясын Платон мен Аристотель қарастырды. Аристотель – еліктеудің объектісі, материалы, әдісі мен мақсатын ажырата отырып, эстетикалық категорияларды, өнердің табиғатын, оның түрлері мен жанрларын бір ұстаныммен түсіндіреді. Өнер өмір құбылыстарының көптүрлігін: кескіндеме өнерінде – бояу, әдебиетте – сөз, мүсін өнерінде – тас, кескіндемеде – көру, музыкада – көрерменге әсер етудің этикалық және эстетикалық үйлесімі беріледі. М. өнердегі еліктеудің үш түрін белгіледі: қандай да болсын олардың өзіне еліктеу, көпшіліктің ойындағы не айтуындағы өмірге еліктеу және болуы тиіс өмірге еліктеу.

**МИНИМАЛИЗМ** (ағыл. *minimal art* – минимальды өнер) – шығармашылық үдерісінде пайдаланылатын материалдарды мейлінше аз ауыстырып өзгертуден, қарапайымдылық пен формалардың біркелкілігіне шығатын көркемдік ағым. М-ге субъективтіктен – репрезентация, иллюзионизмнен – бас тарту тән. М. шығарм.-та калассикалық әдістер мен дәстүрлі көркемдік материалдарды қабылдамайтын, қарапайым геометриялық формалы, бейтарап түсті (қара, сұр) шығын көлемді өндірістік және табиғи материалдарды, индустриалық өндірістің сериялық әдістерін пайдаланады. Көркемдік құрал-жабдықтарды кескіндеме және мүсін өнерінде, өнердің басқа да түрлерінде театр, кинематография үнемдеп пайдаланылатын болды. Шығарм.-тың М-дік тұжырымдамасының артедерегі – оның дүниеге келу үдерісінің нәтижесі алдын-ала белгілі болуы. М. ХХ ғ. 60-шы ж. АҚШ-та пайда болды. Оның бастауы конструктивизм, суперматизм, дадаизм, абстракционизм, поп-арте. М. терминін енгізген Руолхейм. М-нің синонимдері (мағыналас сөздері) «салқын өнер», «сериялық өнер», «жүйелі кескіндеме өнері», «АБВ өнері» болып табылады. М-дегі шығарм. үдерістің түбегейлі түрде алдын-ала белгілілігі идеясы концептуализмде дами түсті:

өнерді кимыл-әрекет, айналаны қоршаған ортаны игерудің кеңістіктік-уақыттық түрі ретінде тану антиформа, өз-өзінен қирайтын өнер мен пост-минимализм ағымдарында үндес.

**МИСТИЦИЗМ** (грек. *mistikos* – сырлы, жұмбақ) – білімнің объектісін жанмен сезіну арқылы тура білуге болады дейтін діни-философиялық ілім. Болмысты мистика арқылы ұғыну рәсімі әлемді бейнелер, сезімдер, таңбалар арқылы қабылдау ұғымына қарама-қарсы. Егер тар мағынада алсақ М. дегеніміз құдаймен ешбір дәнекерсіз тура араласу тәжірибесі, осы сезімнің қуанышы, Болмыстың бірлігін сезінудің діни практикасы. Пантеистік діндерде М. адамның тұлғасыз шектен тыс Абсолютпен, осы Абсолют үкімі арқылы бірігу деп пайымдалады. Теистік жүйелерде имандының өз иманымен сұхбаты ретінде зерделенеді. Және бұл сұхбат құдай үкімі бойынша ғана емес діндардың ерікті қалауы негізінде де жүзеге асады.

**МИФ** – бұл ұғымға үш түрлі мағына беріледі: 1) көне аңыз, әңгіме; 2) мифошығармашылық (М. тудыру), мифологиялық космогенез; 3) тарихи-мәдени шартталған айырықша сана күйі. Адамзаттың негізгі М-терінің бірі – уақытты цикл ретінде қабылдайтын М-ологиялық санамен байланысты мәңгілік айналымдар туралы М. М-о шығарма космогенез ретіндегі М-тің екінші мағынасы – әлемнің хаостан жаралуы. Бұл космогониялық М-терге бастау береді. Олардың басты тақырыбы «қасиетті (киелі) тарих», дүниенің, адамның және т. б. жаралуы. Әдетте, М-те жаратылыс уақыты киелі сипатқа ие болады, ол үлгі ретінде құрметтелді. М-тің үшінші мағынасына байланысты М. – дүние танудың алғашқы рационалдық бітімі, оның бейнелі-рәміздік түсіндірмесі, қайта жаңғыру ретінде анықталады. М. өзі пайда болған дәуірдің дүниетүсінуін бейнелейді, ол – адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы бітімі. М. құрылымын, Леви-Брюль партиципация деп атаған. М-те әрбір объект, әрбір іс-қимыл басқа объектілермен, іс-қимылдармен ұштасып жатады. Адамды бейнелеу – бұл тек қана бейне емес, ол сол адамның бір көрінісі, оның бір бітімі. Сондықтан бөлшек – бұл тұтастық, тұтастықтың айқындалуының бір тұсы. Дүниеге діни көзқарас және соған сәйкес келетін дүниетүсіну типі алғашында мифологиялық сана шеңберінде қалыптасады. Алайда, М. пен дін арасында айырмашылық бар. Дін тылсым дүниені, трансцендентіні құдай деп таниды, ал М-те табиғи күштерде құдайлық қасиет бар. М. үшін (діннен айырмашылығы) табиғат құбылыстары (мыс., күн) мен мінез-құлық көріністері (мыс., ашу, ыза) – құдай. (Күн мен Ашу) М-логиялық бейнелер субстанционалды сипатта, олар нақты, шындықта бар нәрселер ретінде қабылданады. М-ке метафоралық тән емес, өйткені миф бәрін шындық ретінде бейнелейді. Тек кейіннен мифтің тілдік құрылымы метафоралық ерекшелік құрылым ретінде қабыл-

данады, сонда миф өзінің сакралді (құпия) мәнінен айырылады. Рәміздік емес шындықтың бөліктері ретінде қабылданатын бейнелерді тудырады. М. архаикалық сана үстемдік еткен дәуірде пайда болады, бірақ кейінгі мәдениеттерде де жойылмай сақталады. Әлеум. сананың өсуіне және адам өзінің дербестігі мен еріктілігін түсінгенде, яғни адамның табиғи және қоғамдық өмірмен тікелей тұтастығы бұзылғанда миф өзінің жалпылама құдіретін (сакралдылығын) жоғалтады.

**МИФОЛОГИЯ** – а) адамның өзін таныту құралы, адамның шығарм. қабілеттерін айқындаудың ежелгі, мәңгілік бітімі. Ол адамзат мәдениетінің барлық типтері мен бітімдерінің негізінде жатыр; б) миф теориясы немесе оның түсініктемесі. Мифтің жалпыға ортақ теориясы жоқ. Бірақ мифті түсіндіру мен зерттеу үзіліссіз жалғасып келеді. Алғаш рет миф философиясын Дж. Вико ұсынды. Ол миф қиял ойыны ретінде қалыптасады деп санады. Одан кейін, XIX ғ. ортасынан бастап М. этнографиялық материал ретінде зерттеле бастады. Э.Тайлор «Алғашқы қауымдық мәдениет» кітабында М. мен діни нанымдар негізінде анимизм жатады деп жазады. Бұл – қоршаған дүние туралы алғашқы қауымдық «балалық» таным ой. Түс көру, өлген адамның жаны туралы түсініктер ежелгі адамды «балалық» ойларға жетеледі. Г. Спенсер М. – таным құралдары мен мүмкіндігінің шектеулігінен туындаған құбылыстардың сырын қате түсіну (түсіндіру) деп санады. Дж. Фрезер үшін М. – магиялық әрекетті ақылға салып, әдеби тіл арқылы пайымдау. Мыс., қартайған көсемді өлтіру – ритуалына құдайдың өлімі туралы миф сәйкес келеді. Психологиялық мектеп пен оның өкілдері (В. Вунд, Л. Леви-Брюль, З. Фрейд, К.Г. Юнг) мифошығарм.-тың негізінде алғашқы қауым адамының дүниені қабылдауының ерекшеліктері жатыр, ол бір нәрседен туындаған сезімдерді, эмоцияларды сол құбылыстың немесе нәрсенің өзіне тән қасиет ретінде қабылдады деп санайды. XX ғ. әлеум. антропологияда Б. Малиновский мен К. Леви-Строс теорияларының ықпалы жоғары болды. Малиновскийдің пікірінше, М. – құбылыстың түсіндірмесі, яғни теория емес, ол шындық ретінде пайымдалған сенімнің көрінісі. М. – бұл белсенді әлеуметтік күш, Леви-Строс жеке мифті емес, олардың жиынтығын – таңбалық моделдендіруші жүйе ретінде қарастырады. М-лық ойлау тәсілі ой түйіндеуге, логикалық талдау жасауға қабілетті. Ол үшін таңбалық моделдендіруші жүйе ретінде миф құрылымы – қарым-қатынас құралы ретіндегі табиғи тілдің аналогы. Миф семантикасында жұптық (бинарлық) қарама-қарсылықтың: жоғары-төменгі, өмір-өлім және т. б. маңызы зор. Бұл оппозициялар сананың түбегейлі қайшылықтарын бейнелейтін-ді, ал М-лық сана оларды біріктіруге тырысады. XX ғ. мәдениетінде миф аса маңызды рөл атқарды: Бұл дәуірдің барлық мәдениеті іс жүзінде мифологиялық болып келеді; бұл мәдениеттануда «жаңа М-лық сана» (неомифология) анықтамасына ие болды.

**МОДЕЛЬ** (фр. *Modele* – үлгі, пішін) – зерттеу үшін арнайы жасалған бір объектіде басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту. Бұл М. деп аталады. Объектінің өзін тікелей зерттеу мүмкін болмаса, қиын әрі қымбатқа түссе не көп уақыт жұмсауды қажет ететін болса онда М-дің қажеттігі туады. Зерттеушіні қызықтыратын объекті мен оның моделінің арасында белгілі бір ұқсастық болуы тиіс. Ол М. мен объектінің физ. сипаттамасындағы ұқсастық немесе объекті деп М. атқаратын қызметтің ұқсастығына, не объекті мен оның М-інің «мінез құлқының» матем. түсіндірмесінің тепе-теңдігі болуы мүмкін. Әрбір нақты жағдайда М. өзінің рөлін объектіге сәйкестігін мүмкіндігінше толық анықтағанда ғана орындай алады. Мұдай сәйкестікті анықтаумен кейбір «ұқсастық критерийлерін» зерттейтін «ұқсастық теориясы» деп аталатын теория шұғылданды. М-дің табиғатына және ол сәйкес келуге тиісті объектінің жақтарына байланысты модельдерді «физикалық» не «математикалық» деп ажыратады. «Физикалық» М-ге қарағанда «математикалық» М. модельденетін объектіден гөрі физ. табиғаты өзгеше сипаттама түрінде іске асырылуы мүмкін. Тек объектінің модельденетін қандай матем. формулалармен түсіндірілсе, модельдің белгілі жақтары да сол формулалармен түсіндірілуі міндетті. М-дер мондай ақ «толық» немесе «жарым жартылай» болуы, объектінің кейбір қасиеттерін немесе оның орындайтын қызметін көрсетуі мүмкін (соңғы жағдайда М. функционалдық деп аталады) және т.с.с. Алайда түрлі М-дердің арасындағы шекара шарты айтарлықтай болып келеді. Қазіргі кезде электрондық есептеу машиналарында және М-деуші электрондық құралда М. кең өріс алды. Мұндай «М-дердің» негізгі артықшылығы олардың әмбебаптығы, қолайлылығы шапшаңдығы, және зерттеуге кететін шығынының аздығы. Табиғатты түрліше объектілерде (ең алдымен тірі организмдермен машиналарда) жүзеге асатын қызметтердің негізделген М-деу әдісі кибернетиканың негізгі бір бөлігі болып табылады. Экономиканың матем. М-дерін жасаудың (және соның негізінде экон. үдерістерді алдын ала болжаудың және оларды ЭЕМ-ді пайдалану арқылы басқарудың), күрделі және аса күрделі жүйелерді (экон. және демогр. үдерістерді) модельдеудің үлкен маңызы бар. ЭЕМ-нің көмегімен матем. М-дің жетістіктері алдын ала белгіленген жаңа хим. және биол. материалдар, тех. жүйелер жасау үшін тікелей тәжірибелер (М-дік тәжірибе) қолдану қажеттігінен құтылуға мүмкіндік береді. Ойлау үдерісінің М-і жалпы ғыл. танымның бір тәсілі ғана. Сезімдік және логикалық М-дер жасау үдерісінің негізгі заңдылықтары таным теориясының түрлі тарауларында (ең алдымен ақиқат жайлы ілімде) зерттеледі; оның жетістіктері М-дің ғыл.тех. теориясы мен практикасының негізін құрайды. Бұлардың диалект. таным теориясын одан әрі дамытып, нақтылай түсудегі маңызы үлкен.



**МОДЕРНИЗМ** (франц. *moderne* – ең жаңа, қазіргі) – XIX ғ.-дың соңы XX ғ.-дың ортасына әдебиет пен өнерде мәдениетте қалыптасқан филос.-эстетикалық қозғалыс. М. өнерде болып символизм (П. Верлен, А. Рембо, С. Малларме, О. Уайльд, В. Соловьев, А. Блок); эмпрессионизм (Г. Тракль, Ф. Кафка, Э. Мунк, А. Шенберг) және акмеизм (А. Ахматова, А. Гумилев, О. Мандельштам) арқылы көрініс тапты. М. реализмге қарсы қойылады. Бұл ретте М. өмір болмысты бейнелеуге емес, өз шындығын көрсетуге ұмтылады. Модернисттер үшін өмір шындығы ұғымы – аллюзиялар, реминисценциялар. Мұнда негізгі ұғым цитаталар, реминисценциялармен толыға, ұлғая келе интермәтінге айналатын «мәтін» болып табылады. Жеке адамның жан-дүние, сезімдерін бейнелеу идеясы екінші қатарға кетіп, алғашқыға сана шығады. М-ді норвегтік сыншы Э. Ховардсхолм шындыққа жанасу талабын жоққа шығаратын және айнала шындықты өзге аспектіде қабылдайтын өнер деп анықтайды. М. ұқсастық ұстынына негізделген өнер өз мүмкіндіктерін тауысқан, өлі, біздің өмірге деген қарым-қатынасындағы ешқандай жаңалық әкелмейтін өнер деп таныды. Өнердің өзегі сыртқы жоспардан ішке ойысты: бұл ретте суреткердің міндеті өмірмен қарым-қатынасқа өзінің жеке көркемдік әлемі аясында түсу, оқырман мен көрерменге шығарм. үдеріске мейлінше көбірек қатысуға мүмкіндік беретін таза субъективтік өнер жасау.

**МОДУС** (лат. *Modus* – өлшем, тәсіл) – жаңа дәуір философиясында нәрсеге тек әредікте ғана қайталанатын қасиетпен белгілеуге арналған филос. термин. Ол атрибуттан өзгеше қасиет. Спинозаның философиясында М. субстанцияның барлық өткінші күйлерін айтады. Күйлердің болмысының себебі оның өз ішінде емес, субстанцияда және оның атрибуттарында; М. заттардың шексіз көптігін және біртұтас, мәңгі және шексіз материалдық субстанцияның көрінісі болып табылады және оның екінші қасиеттерін білдіреді.

**МОЛДАБЕКОВ Жақан Жанболұлы** (1943 жылы 6 қараша, Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы Қостұра ауылында туған – 1918, Алматы) – философия ғылымдарының докторы (1992), профессор (1994). ҚР Әлеуметтік ғылымы (1995), Орталық Азия және Қазақстандағы Халық медицинасы (2006) академияларының академигі. Мәскеу мемлекеттік университетін (1970) және аспирантурасын (1973) бітірген. ҚазМУ-да (қазіргі Қазақ ұлттық университеті) аға оқытушы, доцент (1973 – 85), Алматы зоотехника-малдәрігерлік институтында (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық университеті) кафедра меңгерушісі, аға ғылыми қызметкер (1985 – 95), ҚазМУ-да декан (1995 – 97) қызметтерін атқарды. 1997 жылдан осы университеттің мәдени антропология кафедрасының профессоры болып сайланды. «Социально-философский анализ природы идеологического процесса» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

Жақан Жанболұлы отандық мәдениеттану тарихына бағытталған – «Қазақтану», яғни көшпенді өркениетінің қалыптасуының ерекшелігін сипаттайтын жаңа өзіндік мәдени бағытты ұсынды. Қазіргі таңда профессордың талантты шәкірттері күрделі де аз зерттелген отандық философия және қазақ мәдениеті мәселесіне қатысты жұмыстарды атқарды. Ол 450-ден астам ғылыми және оқу-

әдіснамалық еңбектер жарыққа шығарды. Олардың ішіндегі – монографиялар: «Идеология приоритета: переход к субъективно-сознательному». А.,1992 (7 б. т.), «Қазақ осы мың өліп, мың тірілген». А.,1998 (12 б.т.), «Государственность Казахстана: эволюция становления» А.,2001 (6 б.т.), Kasachtan. Historia – rojítika. Warszawa. 2000, б. 127-138 және т.б. оқулықтар және оқу құралдары: «Духовное согласие в Казахстане: концептуальный и социально-психологический анализ» (1997), «Роль миграции различных этносов в формировании демографической ситуации Казахстана» «Проблема социокультурной и психологической адаптации оралманов и их вхождение в казахстанское общество» (2009 ж). Профессор Ж.Ж. Молдабеков «Ежелгі шығыс философиясының» (Т.1), «Жаңа заман философиясының» (Т.6) құрастырушысы ретінде, көлемі 30 баспа табақтық осы томдарға арнайы алғы сөз, глоссарий, түсіндірмелер жазды, ойшылдардың шығармаларын аударды. Аталынған томдардың құрылымына, аудармалық сапасына, жалпы мазмұндық сабақтастығына жауапкершілікпен қарады. «Қазақтың халықтық философиясы» (Т.7) тұңғыш рет арнайы зерттелінді. Томды құрастырған, түсіндірмелік талдау жасаған проф. Ж.Ж. Молдабеков бұқаралық ақпаратта бұл томға пікірлер айтылды. Профессор Ж.Ж. Молдабеков «Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы» (Т.8, Қ. Әлжанмен бірге), «Қазақтың би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы» (Т.9, Д. Раевпен бірге) құрастырушысы әрі тұжырымдамалық түсіндірмесін жазған автор.

Ол шығармашылық топтың зерттеу жұмысының жетекшісі сияқты жоспарларды іске асырып жатқан І Халықаралық Философтар және ғылыми әдістанушылар конгресінде қатысты ( Бухарест қ-сы), Варшава университетінің студенттердің және мамандардың алдында (Польша, 1998) және Анкара қаласындағы мемлекеттік емес жоғары мектебінде сөз сөйледі (Турция, 1997). «ҚазҰУ үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы (2008) және ғылымға өзіндік үлесін қосқан үшін стипендиясы марапатына ие болды. Әлеуметтік Ғылым Академиясының Академигі, Акмеологиялық ғылымы және Ұлттық медицина және космоэнергетика ғылымдарының Халықаралық академигі.

**МОНТЕНЬ Мишель де** (1532–92) – қайта өрлеу дәуіріндегі фр. философы. М. ілімінің түп негізі – скептицизм. Оның пікірінше адам күмән-дауға хұқылы. Орта ғасырлық схоластика, католик дінінің догмалары, құдай тұралы христиандық ұғымның өзі де күмән тудырады М. жанның өлмейтіндігі жайлы діни ілімді жоққа шығарып, сананы материяның ерекше қасиеті деп білді. Агностицизммен салыстырғанда М.-нің скептицизмі дүниені танып білудің мүмкіндігін текке шығармайды. Оның моралінің басты принципі: адам діннің уағыздайтын о дүниедегі жұмақты жай ғана күтіп отырмай, бұл дүниедегі, Жер бетіндегі бақытқа да ұмтылуға тиіс.

**МОНТЕСКЬЕ Шарль Луи** (1689–1755) – фр. ағартушысы-философы, саяси ойшыл, социолог әрі тарихшы. Дүниетанымы бойынша – деист. М. қоғамдық адамгершілік тәртіптерді сақтаудағы діннің белгілі бір ролін мойындағандағымен, теология мен шіркеуді қатты сынға алды. М. қоғам мен

табиғат құбылыстары бағытынан жалпы заңдылықтар идеясын дамытты. Провиденциализмді жоққа шығара отырып, ол заңды «заттар табиғаты- нан туатын қажетті қатынас» деп түйді. Табиғи хұқ теориясының жалпы алғышарттарын мойындай отырып, М. дәйекті рационалистік концентрацияларды жақтаушыларға қарағанда, бұл теорияға сәйкес қоғамдық заңдардың әмбебап жүйесін жасау мүмкін емес деп санады, өйткені халықтардың өмір жағдайлары түрліше болып келеді. Осыдан басқару заңдары мен формаларының әртүрлілігі шығады. М. социологиядағы геогр. бағыттың негізін салушылардың бірі болды, қоғамдық тәртіптер мен әдет ғұрыптардың қалыптасуында климаттың, топырақтың, жер қыртысының т.с.с. ерекше маңызын атап көрсетті. Сонымен бірге М. қоғамдық ортаның роліне үлкен мән беріп, оның саяси құрылыс пен заңдар ұғымымен сәйкестігін тұжырымдады. Феод. абс. тәртіптерді сын төзіне алып, бурж. мен дворяндықтың саяси ынтымағының идеологы ретінде, орташа конституциялық монархия идеясын және өкімет билігін бөлісу ұстанымын жақтады.

**Негізгі шығармалары:** «Парсы жазбалары», «Римдіктердің шарықтауы мен құлдырау себептері туралы толғаныс», «Заңдар рухы туралы».

**МОРАЛЬ** – адамдар өздерінің мінез-құлықтарында басшылыққа алатын, олардың бір-біріне, қоғамдастықтың әртүрлі формаларына қатынасын білдіретін принциптердің, ережелердің, нормалардың жиынтығы. М. – қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі. Өзін сақтап қалу үшін қоғам адамдардың бәрі ұстануға тиіс ережелер қалыптастырып, олар арқылы жалпы адамдардың, жыныстардың және ұрпақтардың арасындағы қатынастарды реттеп отырды. М-дың пайда болуы туралы бірнеше тұжырымдамалар бар.

1) Діни түсінік бойынша, адамгершіліктік заң адамға сырттан, құдайдан беріледі.

2) Эмпирикалық тұжырымдама М. адамның, оның тәжірибесінің, тарихының дамуының, әдеп-ғұрыптары мен дәстүрлерінің қалыптасуының жемісі деп түсіндіреді.

3) Автономдық тұжырымдама бойынша М. адамға әуелден, генетикалық деңгейде берілген, сондықтан ол салыстырмалы түрде өзгеріске көп ұшырамайды және адамдардың индивидуалдық сапаларына байланысты әрбір адамда әртүрлі.

М-дың ұлттық, таптық және жалпыадамзаттық сипаты бар. Кезінде таптық М-ға шектен тыс назар аудару, оны әсірелеу қоғамға белгілі бір деңгейде зиян әкелгені белгілі. Қазіргі уақытта ұлттық М-дық құндылықтарды жаңғырту – ұлтты сақтап қалу, мысалы, қазақ ұлтын сақтап қалу факторы ретінде қарастырылып отыр. Бұл дұрыс қадам деп мақұлдай отырып, М-дың жалпыадамзаттық сипатын да естен шығармауымыз керек. Қоғамдық сананың басқа формаларымен салыстырғанда М. ең басты десек, артық емес, себебі адамның адами сипаты оның бойындағы адамшылығы арқылы, қоғамның даму деңгейі оның адамгершіліктік келбеті арқылы анықталатыны сөзсіз.

**МОРАЛЬДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР.** Адамның ішкі рухани өмірінде

жақсылық, абырой, ар-намыс, нарыз сияқты моральдық Қ-тардың бар екенін ешкім де теріске шығармас. Осы және т.с.с. рухани Қ-тарды жан-дүниесінде сақтап қалу үшін ол көп нәрселерден айырылуға дайын. Біздің ойымызша, моральдың арқауын «тұлға мен қоғам» арасындағы қарым-қатынастардан іздеу керек. Өйткені, адам басқа кісілермен сан-алуан байланыс, өзара іс-әрекетке түсіп қана өмір сүре алады, ол оның әлеуметтік табиғатын көрсетеді. Бұл арада моральдық сананың ережелік ерекшелігін алға тартуға болады, өйткені, күнбе-күнгі адамдардың миллиондаған іс-әрекетін ретке келтіру үшін олар ереже, қағида, идеал ретінде қорытылады. Моральдық сана шындықты алдын-ала болжай алады, оның талаптары күнделікті өмірлік қатынастардың әр жағына өтіп, бізді тиістік әлеміне әкеліп тірейді. Бұл арада біз моральдың аксиологиялық (Қ.) жағына келіп тірелеміз. Расында да, моральдық ережелер арқылы ғана өзіңнің, я болмаса, басқаның жүріс-тұрысын бағалауға мүмкіндік аласыз. Олай болса, ол тек қана бізге қоғам өмірінде өзінді қалай ұстау керек екенін көрсетіп қана қоймай, адамның ішкі руханиятының ажырамас бөлігіне айналады. Моральдық қағидалар адамдардың мәндік қасиеттерін құрайды. Сондықтан, адамның моральдық қағидаларды таңдап оны өз құндылықтарына айналдыруы оның өмір бағыты мен өмір салтын анықтайды. Сол себепті, саясаттан бастап нақтылы күнбе-күнгі адамдардың қарым-қатынасына дейін барлық әлеуметтік құбылыстар моральдық тұрғыдан бағаланады.

Моральдық қағидалар біздің алдымызға абстрактылық жалпыға бірдей талаптар қояды. Өмірдегі нақтылы қарым-қатынастар оның мазмұнын біршама өзгертуге мәжбүр етеді. Мысалы, ерлік пен батылдық – абстрактылық тұрғыдан алғанда – жақсы құндылықтар. Қиын-қыстау жағдайларда әр азамат өз елін қорғау жолында бұл қасиеттерді көрсете білу керек. Сонымен қатар, батылдық жемқор шен иелерінің, я болмаса, қылмыскерлердің де қасиеті болуы мүмкін. Уақытында Гитлер неміс халқына «мен сіздерді ар-ұждан сияқты құбыжықтан босатамын», – деген болатын. Осы уақытқа дейін фашизмнің жасаған сансыз зұлымдығы адамзаттың есінде қалуда. Өз халқымен күресіп, оны тарихтағы болмаған қуғын-сүргінге, репрессияға ұшыратқан сталиндік тоталитаризмге де сондай баға беруге болады. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, қандай да болмасын тоталитарлық қоғам мен бүкіл адамзаттық моральдық қағидалар ешқашанда бір-бірімен ымыраға келмейді.

Бұл арада біз моральдың бүкіл адамзаттық қарапайым қағидаларына келіп тірелдік. Олар бір қарағанда тұрпайы сияқты болғанымен қазіргі адамзат тағдырына өте маңызды болып отыр. Өйткені, тек қана бірлесіп, сабырлық пен төзімділік, қайырымдылық көрсетіп, зұлымдыққа жол бермей, мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешіп, ядролық соғыс пен экологиялық апатты болдырмауға болады. Сол сияқты нақтылы адами қарым-қатынастарда да төзімділік пек адалдықтың, біреудің қайғысына ортақ болу, аяушылық, үлкенді сыйлау, әке-шешеге риясыз құрмет көрсету т.с.с. Қ-тардың маңыздылығын асыра бағалау қиын.

**Әдебиет: Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: Бастау, 2008.**

**МҰРАТ** – категориясы кез-келген этикалық жүйенің түйінді ұғымына

жатады. Өйткені әдептік нормалар күнделікті күйбең өмірдің тар міндеттерінен жоғары, болашақпен байланысты тұжырымдалады. М. – тұлға немесе әлеуметтік топтардың мінез-құлқы мен арман-тілектерінің сипаты мен көріністерін айқындайтын «рухани күш, үлгі-өнеге. Арман мен М. құстың қос қанатындай өмір шындығынан туады, олармен рухтанған адам қиыншылық пен кертартпа қырсықтың сор батпағынан құтылуды аңсайды. Арман мен М. адамның өмірге деген құштарлығын арттыра түседі. Шындық – бұл іске асырылған арман болса, М. – алыстағы көкжиек. М. туралы нақтылы ұғымға жету үшін оны этномәдени контекстінде қарастырған жөн. Жоғарыда аталып өткендей, хандық дәуірінің ақын-жыраулары мұрат сияқты қазақтың ділдік, әдептік түсініктерін төлтумалық сипатта барынша суреттеп берген.

Жаңа қалыптасқан мемлекет үшін басты М. – ел берекелігі және оның тұтастығы жолындағы қажымас қайратты қажет ететін күрес. Бұл М-ты іске асыратын тұлғаға батырдың сомдалған бейнесі жатады. Қуаң даланы алғашқы игергендер – номадтар және басқа мәдени ареалдар (орман, тау, суармалы алқап және т. б.) оларды көп қызықтыра қоймаған. Көшпелілердің өзіндік санасында дала ол үшін ең қолайлы мекен болып есептелген. Қазақ сахарасы қазақ елінің балама түсінігіне айналған. Өзен мен көлдің өзі жайлауға ыңғайлы жер деп есептелген.

Адамзат ұрпағы өз мүмкіндігін табиғат құбылыстарымен де шамалай алатынын әсіресе үндестік сазы, үйлесім ұғымымен айқынырақ түсіндіруге болады. Өйткені жан иесі өзінің белгілі бір дәрежеде жаратылыс жұрағаты екенін сезінбей жүре алмайды. Әлде-бір адам болмысын, көңіл-күйі, жан сарайын, қажет кезінде сыртқы мүсін-келбетін жете таныту үшін де көркем шығармада жаратылыс құбылыстарының тікелей көмекке келетін сәттері аз емес. Үйлесімділік дейтініміздің бір көрінісі сол. Қазақтың өнегелі бата сөзінде ең бірінші үміт жерге, сосын сол жердегі ерге және осы ерді өсірген елге айтылады.

М. ретінде қастерленетін туған табиғат дәстүрлі қазақы дүниетанымда батыстық бағындырылуға тиісті түсінігінен мүлдем басқаша қабылданады. Тел (бинарлық) оппозицияға негізделген көшпелі қазақтардың тіліндегі табиғат туралы түсініктері ұтымды болған, табиғат көрінісі, кеңістік бітімі әрекет пен бірлікте ғана көрінеді. Біріншіден, М. шексіз ізгілік, мінсіз жағдаят, абсолютты жетілгендік деп түсіндіріледі. Бұл мағынада М. діни түсініктегі «жұмақ» ұғымына сәйкес келеді. Екіншіден, М. түпкі мақсат, арман-тілек, ең жақсы қоғам, мінсіз адам дегендерге жақын мағынада қолданылады. Бұл әр түрлі утопиялық ілімдерге тән позиция. Үшіншіден, М. ұғымы ішкі құндылығы жоғары және жеткілікті тұтастықпен байланыстырылады. М. жеке тұлғадан гөрі, жалпылама әлеуметтік тұтастыққа көбірек иек артады.

Қызығу – тіршілік иесі адамның өмірге деген құштарлығы және оны нәпсіқұмарлықпен теңеуге де болмайды. Нағыз кісіде қызығу имандылықпен бақыланып отырылады. «Қызығу» позициясы тіршілікті жандандыратын, оған мән мен мағына беретін бастауды білдіреді. Осы кісі құштарлықтан айырылып, тірі өліктің бір түріне айналып кетуі мүмкін. Қызығу абстрактыланған бейне емес, ол «өмір қызықтары» ретінде нақтылы көрініс табады. Қызықты өмірде М. тіршілік мақсаттарына айналады жә- не бұл

мақсаттар кісілік қасиеттерді бекітуге бағытталады. Әрине, бұл М-ты нәсіқұмарлыққа шақыру деп анайы түсіну дұрыс емес. Дәстүрлі әдеп адамдық толыққанды тіршілікпен бас тартуды қаламайды. М. жақын- даған сайын алыстай беретін сағым сияқты емес. Кейбір, әсіресе өмір туралы дұрыс түсінігі қалыптаспаған жастар, шындықтағы алғашқы қиындықтардан кейін-ақ өмір мен мұраттардың арасы түпсіз тұңғыық екен деп ойлап қалады. М. тек кітаптарда, адамзаттың қиял-армандарында ғана болады, ал адамдардың күнделікті әрекеттерінде оған орын жоқ деседі. Өмірді раушан гүлдермен безендіру үшін, гүлдегі тікенектерді де ескеру қажет. Ел М-ы мен ер М-ы бір-бірімен тұтас әрекет етеді. Хандық дәуірдегі толассыз жаугершілік елдік М-тарды алдыңғы қатарға шығарып отырады. «Өзім жаман болсам, ағам жақсы», «у ішсең де руыңмен іш» деп жариялаған қоғамда, оған қоса қатал, қуаң далада жалғыз өмір сүрудің мүмкіндігі жоқ еді. Сол себепті кісілік еркіндіктің өзі шектеулі болды. Әрине, рулар арасында оппозициялық қатынастар да белең алып отырды. Бұл, әсіресе, бейбіт кезеңдерге тән еді. Бірақ, тоқтаусыз сыртқы қауіп рулық еркіндікті ортақ мүддеге бағындырып отырды және жеке кісінің жоқтаушысы рулық мүдделер этникалық тұтастыққа тәуелді бола бастады. Саяси-потестарлы биліктің қай бөлігінде болмасын көсемдерді жеке басының қабілетіне байланысты қолдау, мойындау басым. Бұл меритократиялық ұстаным саяси биліктің өміршеңдігінің бірден-бір кепілі. Қай ру болмасын өзінің басшылығынан жігерлі адамды көруге ықтиярлы және мүдделі. Сол сияқты хан сайланар адамның ел тізгініне ие болар қабілетін айрықша ескереді. Яғни, хан-сұлтаннар ел мұратына сәйкес болуы міндетті. Айталық, ақын-жыраулар Абылай сияқты хандарды үлгі-өнеге тұтып, оларда кездесетін жеке кемістіктерді аяусыз сынап отырған. Мәселе – қазақ сахарасында қалыптасқан үйлесімділік пен ынтымақтастықтың ерекше бітімінде. Адамдық қарым-қатынастарды реттеуде ақын-жыраулар жоғары үлгі – ел М-ын білдіретін төрешілер қызметін атқарған. Егер елбасылар осы М-тарға сәйкес болмаса, ақын-жыраулар оларды аяусыз және өткір сынға алған.

**МҮТӘЛІПОВ Жүсіп** (25.7.1949 жылғы, Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Уәлиханов ауданы Нагорное ауылы – 1911, Алматы) – философия ғылымдарының докторы (2004), профессор (2006). ҚазМУ-ды (1971, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚР Гуманитарлық ғылым академиясының корреспондент мүшесі (2005). 1983 жылдан ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) 2011 жылға дейін оқытушы, профессор қызметтерін атқарды. Негізгі ғылыми еңбектері мәдениет философиясы, филос. антропология, дінтану, ғылыми философиясы мен тарихы, мәдениеттану саласына арналған. «Шығыс пен Батыс өркениеттері сұхбатындағы қазақ мәдениеті» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 120-дан астам ғыл. жарияланымның авторы.

Ж. Мүтәліпов өзінің «Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы» атты монографиясында (Алматы, 2012) «Қазақ өркениеті» ұғымына жан-жақты философиялық талдау берді. Оның ойынша, ұлтымыздың тарихи-мәдени тұлғасы мен табиғи өркениеттік болмысын ғылыми тұрғыдан тану заман талабына орай күрделеніп, тереңдей түсуде. Қазіргі кезде қазақ өркениетіне қатысты мәселелер шыңырау шегіне жетіп, Қазақстандық философтарының қызығушылығын тудырып,

теориялық пікірталастардың зерттеу объектісіне айналып отырған шағы. Демек, сындарлы дәуірлерде қуаң тарта бастаған төлтума мәдениетімізге жан бітіріп одан әрі нәрлендіре түсу, сондай-ақ ғасырлар қойнауының қалтарысында ескерусіз қалған ұлттық мәдениетіміз бен өркениетіміздің баға жетпес асыл мұраларын заңды иесіне қайта ұсынуға талпынған ғалым Ж. Мүтәліповтың еңбегі зор. Себебі оның философиялық ізденісінің негізгі міндеті - әлемдік өркениеттер тарихынан ерекше орын алатын және өзіндік шежіресі мол көшпелілердің далалық өркениетіне тарихи-философиялық және антропологиялық түсіндірме беру.

Ж. Мүтәліповтың қосавторлықта жариялаған «Мәдениеттану» және «Культурология» оқулықтары Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне арналған кітап көрмесінде «Онжылдықтың үздік кітабының бірі» (2001) деп танылған. Оның есімі «Алаштың ардагер азаматтары» деп аталатын ғұмырнамалық жинаққа енген.

**МУНЬЕ Эмануэль** (1905–1950) – жеке тұлғаны абсолюттік құндылық деп тануға негізделген философиялық тұжырымдама – француз персонализмінің негізін салушы. Жеке тұлға туралы персоналистік ілімнің өзегі: адам жер бетіндегі гуманистік міндеттерді атқаруға міндетті және жауапкершілігі мол. «Қызықты өмір» идеясы негізінде оны шығам. белсенділікпен атқаруы тиіс. Мәтін ұғымында мәдениет жеке тұлғаның «глобальді міндеті» адамның өзінің адамгершілікті тану жолындағы қызметі. М. «Персонализм» еңбегінде мәдениетке былайша анықтама береді «Мәдениет өмірдің әлде бір бөлігі емес, керісінше ол «глобальды міндет», әлем мен адам, өмір мен тіршілік, ондағы қарым-қатынас бәрі де мәдениет... Жеке өмір дегеніміз қор жинау және бір шеңбермен айнала беру емес, еркіндік пен биікке өрлеу болып табылатындықтан, мәдениет ешқашан білімнің ретсіз жинақталуы бола алмайды; оның мақсаты адамды түбегейлі қайта жасау және оның ішкі әлеміне деген сұраныс неғұрылым мол болғанда мәдениетті.

**МЫРЗАЛЫ Серік Қажы-Ахметұлы** (29.12.1944 ж. Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Көктерек ауылында дүниеге келген) философия ғылымдарының докторы, профессор. Негізгі ғылыми ізденістері қоғамның рухани өмірін, соның ішінде моральдың ерекшеліктері, мораль мен саясаттың байланысы, заманауи мәдениеттегі рухани жаңару үдерістері, қоғамның рухани ахуалының ерекшеліктеріне бағытталған. Сонымен қатар қазіргі таңдағы моральдың әлсіреуі мен рухани құндылықтардың дағдарысы туралы құнды еңбектердің авторы. 1968 жылы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институттың тарих факультетін аяқтап, 1969-72 жж. аралығында Абай атындағы ҚазПИ философия кафедрасында аспирантурада оқыды, 1974 жылы «Әлеуметтік нормалар және олардың даму заңдылықтары» атты кандидаттық диссертация қорғаған. Ал 1999 жылы «Өтпелі қоғамдағы саясат пен моральдың өзара байланысы мәселелері» атты докторлық диссертациясын қорғады. 2007 жылдан ҚР Әлеуметтік Академиясының корреспондент-мүшесі. Философиялық бағыттағы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқулық, оқу құралдарын жазып жарыққа шығарды. Қазіргі таңда, философия пәні бойынша Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының басым көпшілігі Мырзалы С.Қ. авторлығымен шыққан

оқулықтарды пайдаланады. Жалпы ғылыми мақалалар саны – 160 астам, оның 95-астамы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ғылыми журналдарда жарияланған. Ғылыми-педагогикалық жетістіктері үшін ҚазССР Жоғарғы кеңесінің «Құрмет грамотасымен», «Ағартушы үздігі» белгісімен, ҚР «Ғылымды домытудағы еңбегі үшін» блгісімен, Ы.Алтынсарин атындағы белгімен және т.б. марапаттарға ие.

## **Н** НАМЫС – қазақ халқының түсінігінде ең жоғарғы адами қасиеттер-

дің бірі. Н. өз бойына сан қырлы биік мағыналар мен асыл құндылықтарды жинаған, қазақ өмірімен біте қайнасқан, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан ұғым, қазақ табиғатының ажырамас бөлшегі. Н. әрбір адамның өзінің еркіндігі мен тәуелсіздігін, рухы мен жанын, ар-ұяты мен сенімін, саналы тіршілік етуші ретіндегі «Менін» аса жоғары, асқақ, өр дәрежеде қадір тұту, қастерлеу сезімін ақыл-оймен ұштастырып, сана деңгейінде игере білуі. Н-тың қарапайым түсінігі тек сезіммен байланысты қарастырылады. Жалған намыс осы сезім деңгейінен көтеріле алмайтын, ақылдың бақылауынан шығып кететін, соның нәтижесінде адамды адастыруы мүмкін. Ақиқат Н. жалған Н-тан жоғары, ол ақылмен үндеседі, оған бағынады. Мұның жақсы мысалдарын қазақ халқының қаһармандық және лиро-эпостарынан табуға болады. Эпостарда Н. батырдың қарапайым ішкі «Менінің» көрінісі ғана емес. Қазақ батыры әдетте өр мінезді, қызба, көзсіз ер, оның Н-ы рухани-психологиялық күш ретінде, бейсана деңгейде сыртқа шығады. Қазақ батыры Н-ты ақыл деңгейінде де түсіне білді, жеке Н-ты ұлттық Н-пен толықтырды. Батырлар жырындағы қарапайым жеке Н. одан күрделі рулық, жүздік және ұлттық Н. дәрежесіне дейін бірте-бірте дамиды. Батыр үшін ұлт, халқының Н-ы оның өзінің жеке Н-ынан, тіпті өмірінен де қымбат. Қамбар, Алпамыс, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай батырлар ұлт Н-ы жолында өлімге бас тіккен.

Қаһармандық жырларда мол суреттелген жеке және ұлттық Н-тың ұлттық рухани-құндылықтық феномен екендігін қазіргі заманда ерекше есте сақтау қажет. Н-ты тәрбиелілік, білімділік, даналық, ұстамдылықпен ұштастыра отырып ұлт, мемлекет деңгейіне көтеруге әбден болады. Ұлттық Н-сыздықтың тамырына үңілсек, оның түп-төркіні күні кешеге дейін үш ғасыр бойы саналы түрде жүргізілген отарлық саясат деуге болады. Соның нәтижесінде қазақ халқының ұлттық Н. туралы түсінігі біршама төмендеді. Ұлттық Н-тың қандай дәрежеде екенін 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары айқын көрсетті. Н. – ұлт пен мемлекет тәуелсіздігінің маңызды компоненті, қазақ ұлты үшін өмірмәндік мәселе. Ұлттық Н-сыз ел болып, жеке Н-сыз адам болып өмір сүрудің мәні жоқ.

Н-қойлық – бұл әр адамның ар-ожданын, имандылық қасиетін көздің қарашығындай сақтай білуде көрінетін қасиет. Н. ұғымы жеке адаммен қатар ұлт, этнос мақтанышына қатысты айтылады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде кісілікке жетелейтін рухани күштердің арасында Н. ерекше рөл атқарады. Н. адамдық Менді қайрай түседі; «ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дейді халық. Н. адамгершілік қасиеттің ең бағалы көріністерінің біріне жатады. Әрине, Н-тың түрлері көп. Ол Отандық Н., ұлттық Н., діни Н.,



жершілдік Н., рулық Н., жыныстық Н., отбасылық Н., мамандық Н. болып бөлініп кете береді. Н. бар жерде жігер бар, қайсарлық, алған мақсатқа жету үшін қиындықтарды жеңе алатын табандылық бар. Н-ы жоқ ар-ұяттан, тіпті адамдық бейнеден айырылады. Н. азаматтықтың басты бір көрінісі.

**НАТУРФИЛОСОФИЯ** – табиғат философиясы. Оның ерекшелігі табиғатқа тұтас күйінде қарап, оны үстүрт пайымдау арқылы түсіндіру. Жаратылыстану мен Н. арасындағы шек, Н-да басқа философия сияқты философия тарихында өзгеріп отырады. Ертеде Н. іс жүзінде жаратылыстанумен астасып, ежелгі гр. философиясында, әдетте, физика деп аталды. Ежелгі Н. табиғатты қисынды және жанды біртұтас нәрсе деп стихиялы және аңғал-диалект, түсіндіру және микрокосмос (адам) мен макрокосмос (табиғат) ұқсастығының идеясы жатады (Гилозоизм). Н-ның құрамдас бөлігі – космология мен космогония. Н. элементтері тіпті ортағасырдағы схоластикаға да тән, олардың мәні негізінен аристотельдік Н. мен космология ұстындарын, сондай-ақ ноеплотонизмдегі жарық метафизикасын элементтің геоцентристік бейнесіне бейімдеу болды. Қайта өрлеу дәуірінде Н. табиғаттың схоластикалық бейнесіне қарсы күресте көне, негізінен,

Н. ұғымдары мен ұстындарын сақтады, бірақ табиғат ғылыми білімнің неғұрлым жоғары дәрежесіне сүйеніп, бірқатар терең материалистік және диалект. идеяларды (мыс., табиғаттың және оны құрайтын дүниелердің шексіздігі идеясын, шексіз үлкен де және шексіз кішкене де қарама-қарсылықтардың үйлесу идеясын (Николай Кузанский, Дж. Бруно) дамытты. XVII ғасырларда жаратылыстанудың бірқатар салалары, ең алдымен матем. мен мех. Н-дан бөлінді, бірақ соңғысы олармен тығыз бірлікте қаралады. Ньютонның мех. мен астр. ұстындарын тұжырымдайтын басты еңбегінің «Натуральды философияның матем. негіздері» деп аталуы тегін емес. XVIII ғ. фр. және евр. Ағарту мен материализм философиясында Н-ның өткен жүз жылдың ішіндегі қол жеткен нәтежиесімен салыстырғанда өрісі кеңіп, тереңдеген барлық ғылымдардың энциклопедиялық байланысы идеясын ұсынған болатын. XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. бас кезінде Шеллинг Н-сы үлкен роль атқарады, ол табиғат күштері бірлігінің идеясын айқындады. Оның ізбасарларының бірі Л. Окен органик. дүниені дамыту идеясын ұстанды. Кейін (XIX ғ. аяқ кезі мен XX ғ. бас кезі) артқа қарай ондай қадамды В. Оствальд, Авенариус, Т. Липис, Дриш және ең жаңа жаратылыстану дағдарысын Н. көмегімен жеңуге тырысқан басқа да кейбір идеалист философтар жасады. Н. элементтері эмердженттік эволюция теориясында, Н. Гартманның «Сын онтологиясында» байқалады.

**НАТУРАЛИЗМ** (лат. *natura* – табиғат) – позитивизм философиясының әсерімен пайда болған көркемдік әдіс. Өнер табиғаты жаратылыстанудан алынған ұғымдармен түсіндіріледі. Суреткер өз шығармаларында кескіннің сыртқы ұқсастығына, шынайлығына ұмтылуға, жекелеген құбылыстарды айна-қатесіз баяндау мен бейнелеуге тырысуға міндетті болды. Н. ең алдымен Францияда пайда болды. Н. манифесті жеке адамның мәдениет саласындағы бірден-бір мүмкін және нақты себептері болатын «нәсіл» – «орта» – «сән» үш тағанын ұсынған болатын. И.Тэннің «Ағылшын әдебиеті

тарихына» атты еңбегі Н-ге кіріспе болды. Өнерде Н. жолын ұстанушылар адамды тұқым қуалаушылықтың заңды әсерімен материалдық ортаның енжарлы нәтижесі деп қарастырды. Жазушылардың арасында Н-нің белгілі өкілдері ағайынды Э. және Ж. Гонкурлар, Ги. де Мопассан, Э. Золя, Г. Гауптман, Дж. Мур және т. б.

**НӘПСІ** – діни әдебиеттерде жанның баламасы ретінде беріледі. Ол адам тәнінде екі түрлі қызмет атқарады: 1) тіршілік ету қабілетін қамтамасыз етсе; 2) жанның қалауын, тілегін білдіреді. Анахарсис: «Тіліңді, тәбетіңді, нәпсіңді тыйып ұста» – дейді. Ислам діні бойынша Н. адамның онтологиялық болмысы болып табылады. Н., «Адам ата мен Хауа ана» қиссасында Алла тағала адам денесін жаратқан төрт затының бірі оттан адамның– Н-нің жаратылғаны айтылады. Әл-Кинди, адам Н-ге байланса соншалықты еркін бола алмайды деп санайды. Әл-Газали қылықтары тек Н-лік және тәндік қалауларды орындауға бағытталған адамның жануарлар деңгейінен аса алмайтындығын атап көрсетеді. Сопылық дүниетанымда адамның басты мақсаты – жанды, көңілді Н-нің бұғауынан босату болып табылады. Шәкәрім философиясы бойынша, адамның қасында әрқашан Н. жүреді, ол адам серігі, оның толық жоққа шығаруға болмайды. Адам жаны Н-ге құмар келеді, әсіресе – тәні. Н-сіз адам жоқ. Н. – адамның жалғандық болмысы, оның шектеу күші – ақыл. Н-құмарлықпен шендеседі. Н-нің жетекшісі – құмарлық. Бірақ құмарлықтың екі жақты болатынын мойындау керек. Теріс құмарлықпен бірге, оң құмарлық та болады, мысалы, білімге, ғылымға, өнерге құмарлық. Теріс құмарлықты сипаттай келе, Шопенгауэр: «Құмарлық, өткір сезім қанша қызықты болса да адамның өмірі одан да қымбатты да ардақты екенін ұмытқан адамдар – құдайдан безгендер деген жөн» – деп айтқан. Мысалы, жұмақтағы Адам ата мен Хауа ананың жарасымды тіршілігі ұзаққа бармады, арасына тән азығы – Н. еніп, жасалған тиымдардан ауытқып, құдіретті жұмақ кеңістігінен қуылды. Осы сәттен бастап адамның жер бетіндегі ғұмыр-тіршілігінде – қайғы мен қасірет дейтін жаңа түсінік пайда болды.

**НЕГІЗ** – белгілі бір құбылыстың (нәтежиесіне) өмір сүруіне және оны айқындауға алғышарт жасайтын қажетті жағдай негізді анықтау, талқылау және одан нәтежие шығару үдерісін негіздеу делінеді. Философия мен нақты ғылымдар тарихы Н-ді іздестіру кезеңі болып табылады, әрі соның көмегімен табиғаттағы және қоғамдағы құбылыстарды түсіндіруге ұмтылады. Диалект. логика жүйесінің категориясы ретінде Н-ді Гегель түбірлі зерттеді. Оның көзқарасы бойынша Н. дегеніміз орныққан, шешімін тапқан қарама қарсылық. Гегель қарама-қарсылықты шешу, сайып келгенде Н.-дің абсолютті іс әрекетіне және абсолютті Н-ге әкелетінін анықтады. Гегельден кейінгі бурж. философияда Н. категориясы негізінен жалпы логикалық аспект ретінде қарастырылды. (Шопенгауэр, Вунд, Зигварт, Витгенштейн және т. б.). Н. диалектикасында және нәтижеге жаңа көзқарас негізінен шындыққа сүйенеді, негіздеудің көрініс беруіне жағдай жасайтын таза формальді Н. ді және деректерді іріктеу мен оларға түсінік беруде субъективизмді жоққа шығаратын жан-жақты талдау үдерісіне арқа сүйеуге

мензейді. Заттардың шынайы Н-іне олардың мәнін толық шешу арқылы, ішкі қозғалысы мен даму заңдылықтарындағы қарама-қарсылықтарды айқындау арқылы ғана қол жеткізуге болады.

**НЕОМИФОЛОГИЯЛЫҚ САНА**, *жаңа мифологиялық* – ХХ ғ. мәдени ментальдылықтың бір бағыты. Ғасыр басындағы символизмнен басталып постмодернизммен аяқталады. Н. ХІХ ғ. позитивистік санаға жауап ретінде пайда болды. Н.С. мәні – мәдениеттегі классикалық және архаикалық мифтерді зерттеуге көп көңіл бөлуінде. Сол сияқты мифол. сюжеттер мен мотивтер көркем шығармаларда кеңінен қолданыла бастайды. Осының бір мысалы У. Фолкнердің «Улисс» романы. У. Фолкнер қосымша фон ретінде Одиссей туралы және соған ұқсас мифтерді қолданады. ХІХ ғ-дың 20 жылдарынан, яғни әдебиетте модернизмнің гүлденген кезінен бастап, әрбір көркем мәтін тікелей немесе жанама түрде мифті қолдану негізінде құрылған. М. Булгаков «Мастер мен Маргарита», Т. Маннның, Г. Гессенің, У. Фолкнердің, Ф. Кафканың, Дж. Апдайктың шығармаларында мифті жиі қолданады. Ш. Айтматовтың «Боранды бекет» романында басқа да шығармаларында мифтерді қолданды. Шығарма сюжетінде миф ретінде тарихи аңыздар, тұрмыстық мифология, мәдени-тарихи шындық, өткен дәуірлердің көркем мәтіндері көрініс табады. Бұл ХХ ғ. көркем мәтінінің өзі мифологиялық сипат алуына әкеледі. Мыс., Г. Маркестің «Жүз жылға созылған жалғыздық» шығармасы.

**НЕОРЕАЛИЗМ**, *жаңареализм* – ХІХ ғ-дың аяғы ХХ ғ-дың басында Еуропада қалыптасқан философиялық ағым. ХІХ ғ. соңындағы италиян әдебиетінің реалистік дәстүрлеріне сүйене отырған италиянның жазушылары мен кинематографистері өз шығармаларының бас кейіпкерлігіне әлеуметтік өмірдің реалды жағдайларында өмір сүрген қарапайым адамды соғыстың сұмдықтарына, соғыстан кейінгі қайыршылыққа және жұмыссыздыққа қарсы тұрған қала мен ауыл адамын таңдады. Н-нің манифесті Р. Росселинийдің «Рим-ашық қала» (1945), Дж. де Сантиса «Рим сағат онбір», Л. Висконтидің «Рокко және оның ағалары», П. Джермийдің «Сицилия аспаны астында», В. де Сиканың «Велосипед ұрлаушылары» болып табылады. Н. әдебиетінде негізгі жанр «лирикалық құжат», яғни өз негізінде өмірбаяндық сәттерді көркем ой-қиялға ұластыра баяндау болды. Бұған мысал ретінде В. Пратолинийдің «Квартал» және «Отбасы тарихы», К. Левийнің «Христос Эболиде тоқтады» романдарын, Э. де Фелипоның «Неаполь – миллионер» және «Ұзын сирақты өтірік» пьесаларын келтіруге болады.

**НИГИЛИЗМ** (лат. *nihil* – ештеңе) – мәдениет құндылықтарын, адамгершілікті, мемлекетті жоққа шығару. Батыста филос. және этикалық Н. «уақыты өткен дәуірді» терістеу ретінде көрініс табады. А. Шопенгауэр нигилистік сипаттағы дүниеге толғаусыз қатынастың буддалық теориясын жасады. Ницше бұл теорияны өзінше қабылдап, Н-ді «барлық құндылықтарды қайта қарау» ретінде түсінуді ұсынды Ницше Н-ді христиан моралінің, гуманизмнің дағдарысы ретінде қарастырады М. Хайдеггер «Құдай өлді, Ницше сөздері» (1950) еңбегінде, Ницше нигилизмді тарих

барысында жүзеге асқан үдеріс ретінде түсінеді — деп жазды. Ол бұл үдерісті жоғары құндылықтардың құнсыздануы деп қарастырады. Құндылықтар идеологиясы кейіннен француз экзистенциалистерінің (Сартр, Камю) тұлғадан тыс моральдық императивтерден арылу идеяларында өз жалғасын тапты.

**НИЦШЕ Фридрих** (1844–1900) – неміс философы. «Өмір философиясының» негізін салушы ретінде белгілі. Оның батыс мәдениетінің генезисі туралы концепциясы философиялық («Трагедияның музыка рухынан туындауы», «Беймезгіл ойлар», «Заратустра осылай деді», «Антихристианшы» және т. б.) шығармаларында көрініс тапқан. Батыс мәдениетінің қайнар көзі – Грекия антикасы (Сократқа дейінгі кезең) деп таниды. Өйткені адамның өмір сүруін қамтамасыз ету жолында пайда болған бірегей болмыс, интеллект пен қиял символдары Апполон мен Дионистің тең құқылығы тек осы шынайы мәдениетте мойындалған. Ол мәдениетті «өмірге құштарлық», «билікке құштарлық» ұстындарымен салыстырады. Батыс философиясы мен мәдениеті болмыс қасіретінен жоғарылап, өмірдің кемелдеу формаларын жасайтын және өз әрекеттері үшін өзі жауап бере алатын «асқақ адамның» тұлғасын жасайды. «Асқақ адам» – қуаты дионистік және апполондық екі бастаумен толыққан өнердің трагикалық дәуірдің туындысы. Батыс мәдениеті дионистік бастауды «ақыл», құдай құндылықтарымен, яғни асқан апполондықпен басу жолымен дами бастады. Адамдардың табиғи күйі христиандардың, Құдай фикциясы, ол жаңа заманда – интеллект фикциясы тұрғысынан бұзылды. Мұның өзі, философтың ойынша батыс мәдениетін «Құдайдың өлуі» мен барлық құндылықтарды қайта бағалау туралы жар салған «еуропалық нигилизмге» айналған тұйыққа әкеліп тіреді.

**НОМАДОЛОГИЯ** – қазіргі постструктурализмдегі жаңа бағыт. Бұл бағыттың қалыптасуы Ж. Делез бен Ф. Гваттаридің «Капитализм және шизофрения» (1972–80) атты еңбегіне байланысты. Н-ның басты ұстанымдары осы жұмыстың екінші томында баяндалған. 1972 жылы шыққан бірінші томы Анти-Эдип деп аталған еді. Екінші томды қалыптастыру барысында Делез бен Гваттари оған кіріспе ретінде «Ризома» деген жеке кітапша шығарды. Ризома постмодернистік сананың бейнесі, ол – орталығы жоқ және кеңістікке жайылған ауа сияқты құрылым. Егер тереңде орныққан тамыр отырықшы мәдениетке тән болса, жер үстінде сусыған ризома көшпенділер мәдениетін бейнелейді. Себебі, көшпенділер кеңістікті бөлмей, кеңістікте бөлінеді. Н-дың бір біріне қарсы қоятын екі ғылыми нұсқасы – компарс пен диспарс. Компарста ғылым объектісі өзгеріске түседі. Диспарс – көшпенділер ғылымының қағидасы – ешнәрсені өзгертпей, тұтас күйінде қабылдайды. Ол бір-біріне материя мен форманы емес, материал мен қуатты қарсы қояды. Көшпенді кеңістік үстінде көш түзейді, бірінші көштен екінші көшке іргерлейді. Бірақ бұл көштер алған бағытқа тәуелді, ал отырықшылар үшін белгілі орын өзіне деген бағыт қалыптастырады. Н. көне нұсқаның орнын ойлаудың жаңа нұсқасын қорғамайды, ол ойдың өзін көшпенді қылуға ықпал жасайтын әлеуметтік құрылымды көксейді. Мұндағы мәселе саясаттың көшпендіге тән ой еркіндігіне көтеріле алуында.

**НООСФЕРА**, *ақыл-парасат сферасы* – биосфера дамуындағы, адамның рухани шығармашылығы шешуші мағынаға ие болатын ерекше кезең. Н. ұғымын ХХ ғ. 20 ж. француз философы, Э. Ле Руа енгізді. В. Вернадскийдің Ле Руа биосфера дамуындағы биохимиялық үдерістердің маңызын негізге ала отырып өз еңбектерінде биосфераның Н-ға эволюциялануын дамытты. Ол, заттың жандануы мен адами мағына алуын, «жерді» геологиялық дамуының заңды кезеңдерге бөлу және адамның бұдан кейінгі эволюциясы ой мен рух шешуші маңыз алатын дәуірмен байланысты деп пайымдайды. Араға ондаған жыл салып Н. теориясы Вернадский мен Тейяр де Шарденнің іс жүзіне бір кезде жасалған жұмыстарында өз дамуын тапты. Екі ғалым да дүниетанудың бастау тұсы Адам, өйткені адамның пайда болуы ғарыштың заттық эволюция үдерісімен байланысты дегенді негізге алады. Олар адамның пайда болуын сананың қуатты концентрациясымен, оның өз-өзімен тұйықталуымен байланыстырады, өйткені мұндай қалып дүниеден адамды ерекшелендіретін жеке тұлғаның негізінің пайда болуына бастайды деп есептейді. Бүкіл адамзат бірыңғай тұлғаға біріккенде Н-ның жасалуы аяқталады. Бірақ эволюция әрі қарай жалғаса жүре береді. Вернадскийдің пайымдауынша планета мен жер айналысы кеңістігінің жаңа қабаттарының қамти отырып саналы түзеуі, ал Шарден пікірінше Н-ның бұдан арғы эволюциясы адамзаттың Құдаймен қосылуымен қорытындыланатын сапалы өзгерістерге әкеледі. Екі теорияның елеулі ұқсастықтарымен бірге айырмашылықтары да бар: Вернадский ғылыми білімнің пайда болуы мен дамуын тіршілік иесі эволюцияның негізгі векторы деп танып жоғары бағалады.

**НҰРЖАНОВ Бекет Ғалымжанұлы** (1949 жылы т., Астана қ.) – философия ғылымдарының докторы (1992), профессор (1994), Әлеуметтік ғылым академиясының академигі. ҚазМУ-дың философия бөлімін (1973, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазМУ-да ассистент, доцент (1975–1987). Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технология институтының (1987–1994, қазіргі Тараз мемлекеттік университеті Алматы бөлімшесінде доцент, кафедра меңгерушісі. Қазақ экономика университетінде Гуманитарлық білім беру орталығының директоры (1994–1995) болды. 1995 жылдан бастап 13 жылдың бойы ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі, кейін профессор қызметін атқарады. «Диалектика Гегела: Бытие и свобода» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

Профессор Б. Нұржанов заманауи батыс философиясының, мәдениеттанудың ірі маманы ретінде, Ж. Бодриардың «Фатальные стратегии» еңбегін француз және ағылшын тілдерінен, Ж. Делездің, Ж.Ф. Лиотардың, Р. Жирардың, Ф. Джеймисонның еңбектері фрагменттерінің аудармашысы ретінде танымал болды. Оның басшылығымен кафедра жоғарғы сапалы мамандарды дайындаудың алғашқы ғылыми-танымдық орталығына айналды. 1997 жылы Б. Нұржановтың бастамасымен Қазақстанда тұңғыш рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 24.00.01 – мәдениет теориясы және тарихы мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы ғалым дәрежесі табысталатын диссертациялық кеңес құрылды. Б.Ғ. Нұржанов «Мәдениеттану» және «Философия» секцияларының мүшесі болды, «Мәдениет мұра»

бағдарламасының аясында қазақ тіліне аударылған 10-томдық «Постмодернизм және мәдениет» басылымының 7-8 томдарының қосалқы авторы әрі құрастырушысы болды. Ол ұлттық идеялар мәселесіне көп көңіл бөлді, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық идея Қазақстанның 2007-2009 жылдары тұрақты дамуының негізі ретінде» бағдарламасын жүзеге асыруға ат салысты. Б.Ғ. Нұржанов елімізде танымал «Культурология в новом ключе» (Алматы, 2011); «Модерн. Постмодерн. Культура» (Алматы, 2012); «На пути к культуре мира» (Алматы, 2000) және т.б. монографиялардың авторы.

**НЫСАНБАЕВ Әбдімәлік Нысанбайұлы** (01.05.1937 ж. т., Қызылорда обл. Сырдария ауд. Қарауылтөбе а.) – филос. ғыл. докторы (1977), проф. (1980), ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі (1989), ҚР ҰҒА – академигі (2003), Ресей әлеуметтік ғылымдар және Украина саяси ғылымдар академияларының акад., Ресей жаратылыстану ғылымдар академиясының шетелдік мүшесі және Түркия Республикасы Ататүрік мәдениет орталығының құрметті мүшесі, Бішкектегі Ш. Айтматов атындағы қоғамдық академияның академигі. Қазақстанның ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер (1994), Қырғыз Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер (1995).

Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика факультетін үш жыл сталиндік стипендиат болып бітірген (1960). Қазақстан Ғылым Академиясы Химия ғылымдары институтында, Философия және құқық институтында аға лаборант, кіші, аға ғылыми қызметкер, ғылым философиясы және әдіснамасы бөлімінің меңгерушісі, Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының Философия институтында аспирантурада оқыды, 1964 жылдың 24 желтоқсанында проф. И.В. Кузнецовтың ғылыми басшылығымен «Ақиқаттың табиғатын ашудағы сәйкестік ұстынының маңызы» атты тақырыпта мерзімінен бұрын кандидаттық, ал 1975 ж. «Математикалық білімді синтездеу мен дамытудың диалектикалық-логикалық ұстындары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. ҚР Ғылым академиясының Философия және құқық институтының директоры (1990–1991), Философия институтының директоры (1991–1999), ҚР Білім және ғылым министрлігі Философия және саясаттану институтының директоры (1999–2011) болды. Қазақстан Республикасы Президенті және Министрлер кабинеті аппаратының сараптаушысы (1994–1996), Тәуелсіз елдің энциклопедиясын даярлау мақсатында Қазақ энциклопедиясының Бас редакторы қызметін қоса атқарды. Академик Ә. Нысанбаевтың ғылыми басшылығымен тәуелсіз Қазақстанның ұлттық энциклопедияның түбірінен жаңа алғашқы төрт томы даярланды. Н. Ш. Уәлиханов атындағы бірінші сыйлықты (1974), Қазақ КСР-нің ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік (1984) және Түркия сыйлығын (1998), Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығын (1998), Моңғолияның «Дарын» компаниясының (1997) және Түркі әлемінің халықаралық сыйлықтарының лауреаты, «Дос-

тық» және «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдар мен құрметті профессор атақтарымен марапатталған. Қытайдың Хуажон ғылым және технология университетінің профессоры атағы берілді. 1991–2013 жж. аралығында 600-ден астам ғылыми еңбектер, олардың ішінде 37 ұжымдық және жеке монографиялар мен кітаптар, оқулықтар мен оқу құралдары бар. Көптеген еңбектері әлемнің 25 тілдерінде жарияланған. Философия мен саясаттану мамандықтары бойынша 67 ғылым докторлары, 99 ғылым кандидаттарын дайындады, Сөйтіп Ресейде, Қырғызстанда, Түркияда, Қазақстанда, Оңтүстік Кореяда, Иранда қызмет жасап тұрған халықаралық философиялық және саясаттанулық ғылыми мектеп қалыптасты. Н. Қазақстанның әлеуметтік ғылымдар академиясының президенті, ҚР БҒМ ҒК-нің Философия, саясаттану және дінтану институты директорының кеңесшісі. Ресейдегі «Социс», «Вопросы философии», «Философия образования», Түркияда, Әзірбайжанда шығатын журналдардың халықаралық редакциялық кеңесінің мүшесі.

Шығ.: Диалектическая логика. В 4-х томах. – Алма-Ата, 1985–1987 (в соавторстве); Диалектика и современная математика. – Алма-Ата: Қазақстан, 1982; Диалектико-логические принципы построения теории. – Алма-Ата, 1973; Адам және ашық қоғам. – Алматы, 1998; Қазақстан. Демократия. Духовное обновление. – Алматы, 1999; Глобализация и проблемы межкультурного диалога. – Алматы, 2004; Философия взаимопонимания. – Алматы, 2001; Независимость. Демократия. Гуманизм. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.

**НЫСАП** – ғылыми әдебиетке соңғы жылдары ғана ене бастаған, қазақ дәстүрлі әдебінде этикалық ұстаным ретінде қолданылатын ұғымдардың бірі. Н. – әдептіліктің басты нышандарының бірі. Ол әділдікті, турашылдықты, уәдесіне адалдықты, өзінің және басқалардың алдындағы шыншылдықты, өзге адамдардың да құқықын мойындау мен құрметтеуді қамтиды. Н-тылық адамдардың іскерлік іс-қимылдарына байланысты және олардың талаптары мен әрекеттерін қадағалап, әрі үйлестіріп отырудан туындайды. Адамдар арасындағы қанағат пен тойымсыздықты бағалау да Н-қа байланысты. Сондай-ақ ол адамның қоғамда атқаратын рөлі мен әлеуметтік ахуалының үйлесуін, кісілігі мен оны бағалаудың құқылық және міндеттілік қатынастарын көрсететін, жалпы адамзаттық ұғым түсінігіне сай келетін тұрмыс тәртібі. Сол үшін біреудің өз мүддесіне бағып әділдік, туралықты бұзғанын, мүмкіндігін пайдаланып, кісі ақысын жегенін, жамандық жасағанын, дүниеге, байлыққа көзі тоймай алдарқатып өтірік айтқанын көргенде, халық ондай адамды «Н-сыз» дейді. Сонымен Н. кісіліктің өлшемі, адамдықтың құндылық деңгейіне жатады.

**НУС** – (гр. *nous* – ақыл) – сана мен ойлаудың барлық актілерінің әлемдік жиынтығын білдіретін көне философияның негізгі ұғымдарының бірі. Бұл ұғым алғашқы да Анаксагор философиясында айқын көрінеді, онда ол формасыз материяны жасаудың және реттіліктің ұстыны ретінде айтылды. Бұл ұғым Платонда, әсіресе Аристотельде идеалистік тұрғыдан түсіндірілді, мұны адамның өзі мәңгі түсініп өтетін формалардың формасы деп ұғындырды. Бұл ұғым неоплатониктерде үлкен мәнге ие болды, олар

оған аристотелизм негізінде барлық дүниені ұғындыратын және белгілі бір форма беретін ерекше бір сезімнен тыс болмыс деп түсініктеме берді. Демокрит Н- ты шар тәрізді от деп түсінді. Ол Фалесте де космологиялық мәнге ие. Н. көне материалистерде табиғат заңдарының жиынтығы немесе сезімдік материалдық формада елес беретін оның көзі болып табылады. Гносеологияда Демокрит Н- ты дәлдік ұстыны ретінде танымға абыржушылық пен ретсіздік әкелетін толқымалы сезімдік құлшыныстарға қарсы қойды. Көне Н. өзінен жеке алғашқылықты тапқан орта ғылымилық ілімге қарағанда өзіндік қасиеті жоқ нәрсе.

## ОБАЛ ЖӘНЕ САУАП. Көшпелі қазақ мәдениетінде «О.» және **О**

«С.» түсініктерінің моральдық реттеуші қызметі жоғары болған және бұл ұғымдар діни мазмұн шеңберінен шыққан. О. – жақсы нәрсенің қадірін біл, оны тастама, түбінде оның зарын тартасың деген ұғымды білдіреді. Бұл – қоршаған ортаға зиян келтіруге, жамандық жасауға, яғни жандыны жәбірлеуге, жансызды бүлдіруге болмайды деген сөз. Мәселен, біреуге қиянат жасау – О. Нанның түйірін аяққа басу, не оны рәсуа ету де О. «Судың да сұрауы бар» дегендей тамақты босқа ысырап ету, соны жасау үшін төгілген терді, қажырлы еңбекті бағаламау деген сөз. Көргенсіздік пен әдепсіздіктің осындайлардан шығатынын түсіну қиын емес. Сөйтіп О. ұғымы біреуге қиянат жасаған жағдайдың бәрінде де орын алады. С. – бұл айналадағы жанды-жансыздың бәріне бірдей жақсылық жасауға, қамқорлық көрсетуге байланысты айтылатын ұғым. Мәселен, құстың ұясын түзеу, жетім-жесірге қарайласу, аяқ астындағы нан қалдықтарын көтеріп алу – бұл С. О. мен С. ұғымдары қазақ ырымдарында жан-жақты көрініс тапқан: «Қазақ шашты далаға тастамайды, жерге көмеді. Құс шашты ұясына салса – бас ауруға шалдырады, бас айналғыш болады, ұмытшақтық, жеңілтектік дертке шалдырады деп пайымдайды». О. мен С. нормалары ауызекі мәдениетте киелілік түсінігімен астас келеді. Оның негізінде анималистикалық, тотемистік және фетишистік көне нанымдар да жатыр.

**ОЙЫН, ОЙЫН ТЕОРИЯСЫ** – дәлел-дәйегі нәтижесінде емес, үдерістің өзінде болатын, қимыл-әрекет түрі. О-ның мәдениет пен оның жекелеген түрлерінің пайда болуы және жұмыс істеуінің негізі ретіндегі теориясы ХХ ғ. Х. Ортега-и-Гассет, И. Хейзинга, Е. Финк, Г. Гадамер және басқа мәдениеттанушылардың әртүрлі тұжырымдамаларынан пайда болды. Голанд ғалымы И. Хейзинга ежелден қазіргі кезеңге дейінгі мәдени шығарм.- ты ойын деп қарастырады. Ол Канттан басталып, Шиллер және т. б. жалғастырған өнер генезисін спонтанды, ешқандай да мақсаттан тәуелсіз, мүддесі жоқ қызмет ретінде О-нан тарата пайымдау дәстүріне сүйенеді. Ортега-и-Гассет көпшілік мәдениетінің негізі – О-ға элитарлық мәдениетті қарсы қояды. Шығарм.-тың еркін рухы, қиял ұшқырлығы, сырттай бақылаушылық шын өнердің О. өлшемдеріне үндес сипаттары. Финк мәдениеттің пайда болуын О-мен байланыстырылады, себебі О. болмаса адам баласы өсімдік тектес болар еді. Адам үшін О. бәрін де қамтитындықтан О. адамды табиғаттан жоғары дәрежеге көтереді де, мәдениет феномені пайда болады. Гадамер



тарих пен мәдениетті тіл стихиясындағы ерекше О. ретінде талдады: бұл ретте адам өзі қиялынан тудыратын рольден гөрі басқаша рөлде болады.

**ОЙЛАУ** – объективтік дүние ұғым, пікір, теория және т. б. түрде бейнелеудің белсенді үдерісі; бұл үдеріс белгілі бір мәселелерді шешумен, шындықты жанама бейнелендіру тәсілдерімен және оларды жалпылаумен байланысты жүзеге асады, айырықша түрде ұйымдасқан материя мидың жоғарғы жемісі. О-дың материалдық филиол. механизмдердерін жоғарғы нерв қызметі физиологиясыз зерттейді. Алайда О. мимен айырғысыз тығыз байланысты болғанымен, оны бүтіндей физиол. аппараттың қызыметімен түсіндіруге болмайды. О. биол. эволюциямен ғана емес, қоғамдық дамумен де байланысты. О. адамдардың өндірістік қызметінің үдерісінде туады және шындықты жанама жолмен бейнелендіруді қамтамасыз етеді. О. туу ерекшеліктері жағынан да, іске асу тәсілі жағынан да, нәтежиелері бойынша да қоғамдық сипатта болды. Мұның себебі О. адамзат қоғамына ғана тән еңбек және тіл қызметтеріне байланысты өмір сүреді. Сондықтан адам ойы сөйлеумен аса тығыз байланысты жүзеге асып, оның нәтижелері тілде бейнеленеді. О-ға абстракция, жалпылау, талдау және синтез сияқты үдерістер, белгілі бір мәселелер қойып, олардың шешілу жолдарын табу, болжамдар идеялар және т. с. с. ұсыну тән. О. үдерісінің нәтижесінде әрдайым белгілі бір ой пайда болды. О-ды шындықты жалпылау түрінде бейнелендіру қабілеті адамның жалпы ұғымдар құру қабілетінен көрінеді. Ғыл. ұғымдар құру тиісті заңдарды тұжырымдаумен байланысты. О-ды шындықты жанама жолмен бейнелендіру қабілеті адамның ой қорытынды, логикалық қорытынды жасауынан, дәлелдеу үдерісінен көрінеді. Бұл қабілет таным үдерісінен мүмкіндігін барынша кеңейтеді. Ол тікелей қабылдауға болатын фактілерді талдауға сүйене отырып, сезім мүшелерінің көмегімен қабылдауға болмайтын құбылыстарды танып білуге мүмкіндік берді. Ұғымдар және олардың жүйелері адамзаттың тәжірибесін (жалпылап) бейнелейді, адамдардың жинақталған білімі және шындықты одан әрі танып білуге негіз болып табылады. Адамның О-ын әртүрлі ғылымдар (жоғарғы нерв қызметінің физиологиясы, логика, кибернетика, психол., гносеология және т. б.) және түрліше тәсілдермен зерттейді. Тәжірибе зертеулердің ішінде соңғы кезде түрліше кибернетикалық құралдардың көмегімен ойлауды модельдеу формасында зерттеу тәсілдерінің рөлі артып отыр. Әрбір жеке адамның өмірінде ойлау таза ақыл ой үдерісі түрінде өмір сүрмейді, ол басқа психикалық үдерістермен айырғысыз байланысты болады, яғни адамның тұтас санасынан тәуелсіз өмір сүрмейді.

**ОНТОЛОГИЯ** (гр. *ontos* және *logos* – ілім, сөз). Көне дәуір және жаңа философияда жалпы болмыс, оның жеке түрлеріне тәуелсіз нағыз болмыс туралы ілім – О., яғни «бірінші философия» деп түсініледі. Бұл мағынасында О. болмыстың жалпы анықтамаларының жүйесі – метафизикаға барабар. Орта ғасырларда католиктік философтар Аристотельдің метафиз. туралы идеясын дін ақиқаттарына филос. дәлел болатын болмыс туралы ілім жасау үшін пайдалануға тырысты. Бұл әрекеттер Фома Аквинскийдің филос. теол. жүйесінде толық көрінді. Жаңа Заманда (XVI ғ.) О. метафизиканың ерекше

бөлімі, бүкіл тіршілік иесінің сезімнен тыс, материалдық емес құрылымы туралы ілім деп ұйғарыла бастады. «О.» терминін алғаш қолданған нем. фил. Р. Роклениус болды (1613). О. идеясы Вольфтің философиясында толыққанды көрініс тапты. Бұл философия жеке ғылымдар мазмұнымен байланысын мүлдем жоғалтып, О-ны көбінесе оның түсінік ұғымдарына (болмыс, мүмкіндік пен шындық, сан мен сапа, субстанция және акциденция, себеп пен іс әрекет және т. б.) абстрактілік дедукциялық және грамматикалық талдау жасау жолымен құрды. Гоббстің, Спинозаның, Локктың, XVIII ғ. фр. материалистерінің ілімдеріне қарама-қарсы тенденция орын алды. Өйткені тәжірибелік ғылымдардың деректеріне сүйенген бұл ілімдердің оң мазмұны жоғары дәрежелі филос. пән ретіндегі, гнесеология мен логикадан оқшауланған «бірінші философия» ретіндегі О. идеясын объективті түрде бұзды. классикалық нем. философиясының өкілдерінің (Кант, Гегель және т. б.) О-ны сынауы екі ұшты болды; бір жағынан, О. мазмұнсыз және тавтологиялық ұғым деп жариялады, екінші жағынан – бұл сын жаңа, неғұрлым жетілген О. (метафизика) жасауды оны трансценденталдық идеализммен (Кант, Шеллинг), логикамен (Гегель) алмастыруды талап етумен аяқталып отырды, логика мен таным теориясы идеясын болжап білді және осы арқылы ой қорытып, философия шеңберінен дүниені шын мәнінде дұрыс тануға шығу жолын көрсетті.

**ОПТИМИЗМ ЖӘНЕ ПЕССИМИЗМ** (лат. *Optimus* – ең жақсы, *pessimus* – ең жаман) – оқиғалар барысында екі түрлі қарама-қарсы көзқарастар: О. – жарқын болашаққа, қайырымдылықтың зұлымдықты, әділеттіліктің әділетсіздікті жеңетініне сенімділік. Оқиғалар барысы жамандыққа ғана апарады дейтін көзқарастардан, үмітсіздік билеген көңіл-күйден, жақсылық пен әділеттілік салтанатына сенбеушіліктен П. байқалады. Филос. тарихында ойшылдар О-стік дүниетанымды әркілы уағыздаған: мыс., ерте дәуірде Аристотель, Эпикур, ал жаңа дәуірде – Лейбниц. Лейбництің айтуынша, қазіргі дүние мүмкін болған дүниелердің ішіндегі ең дұрысы. Лейбництің шексіз О-мі түбінде өмірдегі зұлымдықты, бақытсыздықты қайғы-қасіретті ақтап шығады. П-нің негізін салушылар неміс философ иррационалистері Шопенгауэр. Э. Гартман және итальян ақыны Дж. Леонарди П. заманы өтіп бара жатқан таптарға, мыс., қазіргі заманғы буржуазияға тән көзқарас. О. мен П-ді сыңар жақтылықтан, зұлымдықтан қашып құтылуға болмайды, бірақ дүниені адам әрекеті арқылы жақсартуға болады деп есептейтін мелиоризм (лат. *Melior* – жақсы) өкілдері құтқаруға тырысты. Бұл сөз атауын XIX ғ. ағылшын жазушысы Дж. Элиот және француз философы Дж. Селли енгізген. Мелиоризмді жақтаушылар дүниені адамның жеке басын жетілдіру, білім арқылы ғана жақсартуға болады дейді.

**ОРТЕГА-и-ГАССЕТ Хосе** (1883–1955) – испан философы, мәдениеттанушы. О.-и-Г.-тің мәдениет философиясы «идеялар мен сенімдер» туралы іліміне негізделеді және бұл оның философиялық көзқарасының өзегін

кұрайды. Идеялардың бүкіл жүйесі сыртқы әсерге қарсы қимыл деңгейіне көтерілген идеялар ретінде қабылданады немесе қабылданбайды. Әлеум. өмірдің және кез келген мәдениеттің өзегін танытатын нанымдар жекелік және ұжымдық болады. Тарихи дағдарыс дәстүрлі сенім-нанымдардың құлдырау кезеңінде болады. Шектен тыс ритуалданған, өлі мәдениет адамға өмірде бағдар бола алмайды; ол идеялар мен нормалардан адам сенімін жоғалтады. Жаңа идеялар мен сенімдер іздеу дағдарысты кезеңдерді әртүрлі теориялармен, философиялық доктриналармен, дінбұзарлықпен толтырады, сонымен қоса көпшіліктің «жабайылануы» келеді. Тарихтың әрбір шешуші сәттерінде саяси сахнада осы жабайыларға жетекші болатын «Әрекет адамы» табылады. «Көпшілік көтерілісі» еңбегінде ол саяси қозғалыстарды – фашизм, коммунизм – «көпшілік қоғамның» және «көпшілік адамының» пайда болуымен байланыстырады. Сонымен қатар ол «Өнердің адамгершіліксізденуі» еңбегінде ол қазіргі мәдениеттің дағдарысының әр қырын және «көпшілік мәдениетінің» пайда болуын қарастырады. Ол үшін еуропалық контекстегі испан ойы, философияның болуы анықталмаған мәселе болды. Испандық болмыстың өзін драмалық деп қарастырады. Оның ұлттық дүниетаным ерекшеліктерінен бастап ірі ақындар мен суретшілердің портреттеріне дейінгі маңызды тақырыптарды қамтитын эсселері испан мәдени өміріне арналған. Испандық жағдайлар мен еуропалық таным тоғысында ортегиандық философиялық метафора пайда болды.

**Шығ.: Философия деген не? (1991). Өнердің адамгершіліксізденуі және басқа жұмыстары. (1991). Испания туралы этюдтар. (1994).**

**ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖАЗБАЛАРЫ** – жазба ескерткіштері V–X ғғ. түркі тайпаларының жоғары мәдениетінің үлгісі болып табылады. Осы жазулардың сыры мәлім болғанға дейін түркі тайпаларының жазу, сызуы болмаған деп есептелді. Ал бұл тастар олардың жоғары биік мәдениеті, жазуы, күрделі де жүйелі салт-дәстүрі болғанын айғақтайды. Орхон-Енисей жазбалары оны қалдырған VI ғ. түркі тайпаларының тарихи-мәдени сабақтастығын, тарихи жадының халық санасында терең тамыр жайғанын көрсетіп, Тоныкөк пен Күлтегіннің, Білге Бумын мен Істеме қағандардың халық қамын ойлаған толғаулары мен жан кешті батырлығын, өсиет сөздерін тасқа қашап жазғандар оны келешекке үлгі етеді. О-Е. ескерткіштерінің зерттелу тарихы XVII ғ. 2-ші жартысынан басталды. Ең алғаш рет 1662 жылы О-Е. жазуы жөнінде хабар берген адам – Амстердам қаласының бургемистрі Н. Витзен. Ескерткіштер үлгілерінің алғаш жарық көруі Сібірде 13 жыл айдауда болған швед офицері Стралленбергтің атымен тығыз байланысты. 1889 жылы Н.М. Ядринцев бастаған экспедиция Моңғолиядағы Орхон өзенінің бойынан үлкен екі ескерткіш тауып, бірі – Күлтегінге, екіншісі – Білге қағанға арналғанын айтады. 1893 ж. 15 желтоқсанда дат ғалымы В. Томсен оқып, түркі халықтарының төл ескерткіші екенін дәлелдейді. 1894 жылы В.В. Радлов О-Е. жазбаларын орыс тіліне аударды. Ескерткіштердің тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік мәнін зерттеуге С.Е. Малов, П.М. Мелиоранский, В.В. Бартольд, Н.Ф. Катанов сияқты Ресей ғалымдары үлкен үлес қосты.

**Әдебиет: Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. – А., 1991; Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – А., 1991; Малов С.Е. Памятники**

~~древнетюркской письменности. – М.-Л., 1951; Иоллыг Тегін. Күлтегін. – А., 1986; Кляшторный Г.С. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.-Л., 1964.~~

**ОРЫНБЕКОВ Мұқанмадияр Серікбекұлы** (28.07.1946 – 23.02.2006) – қазақстандық философиялық ғылымның дарынды өкілі О. философия ғылымының, әсіресе қазақ философиясы тарихын зерттеуде өзіндік із қалдырған ғалым, зерттеуші. Оның шығармашылық ізденістері философия және дінтану ғылымдарының өзекті мәселелерін қамтиды. М. Ломоносов атындағы ММУ-ді бітірген соң ғылым мен білім беру жүйесіндегі еңбек жолын Қазақ ССР Ғылым Академиясының Философия және құқық институтында ғылыми қызметкер болып бастады. КСРО Ғылым Академиясының аспирантурасында оқып жүрген кезінде табиғаттан берілген дарыны мен ізденімпаздығы, ғылымға құштарлығы айқын көріне бастады. 1967 жылдан бастап ол философия ғылымының өзекті мәселелерімен жүйелі түрде айналыса бастады. 1988 жылы «Ғылыми таным деңгейлері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Еңбек жолын ғылыми қызметкер ретінде бастаған ол аға ғылыми қызметкер, 1991–1995 жж. ҚР ҰҒА Философия институтының Қазақ философиясы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған кезде жаңадан қолға алына бастаған ұлттық философияны зерттеудің негізгі бағыттарын айқындауға қатысты мақалаларында қазақи ой-сананы зерттеудің бүгінгі мен болашағы туралы ой пайымдады. Оның ұйымдастырушы және жетекші ретіндегі қыры қазақ философиясы тарихын Тәуелсіздік кезеңіндегі философиялық ғылымға қойылатын талаптармен үндесіп жатты. Қазақ ұлттық университетінің философия және ғылым әдістемесі кафедрасын басқарған кезінде 1995–2005 жж. оның ұйымдастырушылық қабілеті жаңа қырынан көріне бастады. **Еңбектері:** *Предфилософия протоказахов.* – А., 1994.; *Философские воззрения Абая.* – А., 1995; *Проблема субстанции в философии и науке.* – А., 1972; *Ежелгі қазақтың дүниетанымы.* – А., 1996; *История философской и общественной мысли Казахстана.* – А., 1997; *Верования древнего Казахстана.* – А., 1997; *Духовные основы консолидации казахов.* – А., 2001; *Қазақ сенімдерінің бастаулары.* – А., 2002; *Генезис религиозности в Казахстане.* – А., 2005.

## Ө

**ОСПАНОВ Сапар Иманғалиұлы** (1949 – 2020 ж.ж.) - философия ғылымдарының докторы, Қазақтың Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының философия және саясаттану кафедрасының профессоры қызметін атқарды. 1972 жылы А.А. Жданов атындағы Ленинград университетін философия мамандығы бойынша бітірген. 1974-1979 жылдар аралығында КСРО ҒАның социология институтының жанындағы аспирантураны бітіріп, философия мамандығы бойынша "Әлеуметтік құрылым түсінігі (әлеуметтік қатынастарды жүйелік талдау мәселелері)" атты тақырыпта диссертация қорғады. 90-нан астам ғылыми еңбектің авторы. Солардың ішінде: «Құқық социологиясы» (Алматы, 2003).

«Социология деген не?» (Алматы, 1984). «Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттің қалыптасуы және конституциялық процесс» (авторлар ұжымы, Алматы, 2001), «Жаратушы әлде Заратуштра қалай деді?» (Алматы, 2003), «Әлеуметтану» (Алматы, 2005, авторлар ұжымы), «Об объекте и предмете социологии: логико-гносеологическое осмысление» (СОЦИС, 1998). Қазақстан әлеуметтанушылары Ассоциациясының мүшесі болды.

Өзінің философиялық зерттеулерінде Сапар Оспанов қазақ дүниетанымының тарихи тамырларына ерекше мән берді. Тарихқа XV ғасырдан “қазақ” деген атпен енсе де, ол сақ мәдениетінің төл мұрагерлерінің бірі. Сондықтан халқымыздың дүниетанымы мен ойлау мәдениетінің де мың жылдардан аса тарихы бар деуге әбден болады. Халқымыздың дүниетанымының ерекшелігі оның болмыс-тұрмысынан аңғарылуы заңды, сондықтан араб-парсы мистикалық пәлсапасын қазақ халқы дәл сол күйінде қабылдап қоймай, өзінің өмір сүру тәсілінің ерекшелігіне сай қабылдаған.

Жаңа дәуірге – машиналық индустрия пайда болғанға дейін - қазақ жеріндегі ең тиімді шаруашылық формасы көшпелі мал шаруашылығы болды. Сондықтан, біздің арғы бабаларымыз мындаған жылдардың шеңберінде осы іспен айналысты. Ол, біріншіден, табиғатқа бас иіуді, оған табынуды талап етті – қазақ халқы басқа да Шығыс халықтары сияқты ешқашанда табиғаттың патшасы болу, оны өз еркіне сай етіп қайта өзгерту мақсатын өз алдына қойған жоқ. Сондықтан, ежелден қазақ халқының қазіргі тілмен айтқанда экологиялық санасы биік етеді, оған тән саяси формалар – соғыс демократиясы, әрі кеткенде – алғашқы феодалдық қатынастар, дамыған феодализм қазақ жерінде ешқашанда болған жоқ, ол көшпелілік шаруашылық формасының табиғатынан шығады.

**ӨНЕРДЕГІ КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ** – эстетика тарихында өнердің түрлерін жүйелеп беретін ұғым. Кеңістіктік өнер, онда қозғалыс көп көрініс таппайды (архитектура, скульптура, живопись, графика), уақыттық өнер (музыка, балет, драма, пантомима т. б.) деп жүйеленген. Алайда, жүйелеудің бұл түрін барлық мамандар қабылдамады. Қазіргі эстетика мен өнерде кеңістіктік және уақыттық түр деп тануды қайта қарастыру керектігін айтады. Ал, жалпы ө. к. у. қашанда өз мәнін жоймайды.

**ӨРКЕНИЕТ** (лат. *civiles* – азаматтық) – тарих, антропология, мәдениеттануда кеңінен қолданылатын ұғым. Ө. ұғымы антикалық қоғамның жабайы ортадан сапалық ерекшелігінің анықтамасы ретінде сонау көне дәуірде пайда болды. XIX ғ. Ағартушылық кезеңінде әлеуметтік мәдени дамудың ең биік сипаттамасы ретінде қолданылады. XX ғ. О. Шпенглер мен А. Тойнби еңбектерінде бұл термин анық көрінген ерекшелігі бар жергілік-ті қауымдастық мағынасы, яғни «тарихи Ө-тер» (Қытай, Вавилон, Түркі, Мұсылман, орта ғасыр т. б.). Алайда Ө-ті жіктелеудің бірегей өлшемдері мен ұстанымдары әлі күнге дейін жасалған жоқ. Соңғы кездері Ө-ті бір аймақта тұратын халықтардың тарихи тағдырластығы, олардың арасындағы ұзақ та тығыз мәдени байланыс нәтижесінде әлеуметтік ұйымдасуы мен реттелудің – заңдық және саяси жүйелерде, шаруашылық түрлері формаларында, дін, философия, ғылым, білім жүйесі, көркем шығарм.-та

– этносаралық жергілікті қауымдастық деген анықтама кеңінен тарап отыр. Ө. категориясы мәдени типтерді зерттеу немесе мәдени-тарихи типологияны жасауда қолданылады. Сондай-ақ Ө. типтерін: шығыстық және батыстық деп бөледі, «жаһандық Ө.» және «техногендік Ө.» ұғымдары жұмыс істейді.

**ӨЗІНДІК САНА** – адамның өзін-өзі объективті дүниеден бөлуі, өзінің дүниемен қатынасын, өзінің істерін, әрекеттерін, ойлары мен сезімдерін, тілектері мен мүдделерін, өзін тұлға деп ұғыну және бағалауы. Хайуан өзінің тіршілік қареткетіне сай табиғат пен тікелей араласады. Адам болса табиғатпен қоғамдық практиканы еңбек құралдарын араға салып қатынасады. Ол табиғатпен тікелей байланыстан еңбектің арқасында бөлінеді, еңбек үдерісінде мақсаттары мен міндеттерінің табиғи материалмен арақатынасын анықтайды және өзінің мүмкіндіктерімен де санасып отырады. Табиғатты өзгерту барысында адамның өзі де өзгереді. Еңбек үдерісінде өнім өндіре отырып, адам қызметінің жемісінен өз ісін көреді. Адам басқаға өзі сияқты адам деп қарағанда ғана, өзін нақты тарихи жүйеге жататын адам ретінде ұғына бастайды. Ө.с.-ның қалыптасуында тіл маңызды рол атқарады. Ө.с. адамның мәд. тарихи субъект ретіндегі даму дәрежесіне сай көрінетін болады. Ең алдымен адам өзін объектіден айырады, ал өзін субъект ретінде және қызметінің объектісін заттармен практикалық істестік үдерісінде ғана ұғынады. Одан кейін Ө.с. рулық, ұжымдық түрде көрінеді: адам рудың аясында болады да, ру адамға тән мәнді қасиеттерді қорғайды, сақтайды. Тегінде жеке адамның Ө.с. рулық құрылыстың жойылуынан, өркениеттің пайда болуынан және жекелеген адамның оңашалануынан басталады. Ө.с. философия тарихында жеңімпаз ұстыны рөлін атқарады да, көбінесе адамның практикалық қызметін ұғыну осы ұстынмен шектеледі (Фихте, Гегель, жас гегельшілер). Сонымен бірге Ө.с. объективтік дүниенің өзін жасайтын бастама ретінде қарастырылады. Ал шынында Ө.с. жасампаз ұстаным ретінде, негізінен алғанда адамның практикалық қоғамдық өндірістік қызметінің нәтижесі ретінде ғана ұғынуға болады.

**ӨЛІМ** – организм тіршілігінің болмай қоймайтын тежелуі, жанды тіршілік иесінің өмір сүруінің қашып құтылмайтын табиғи ақыры. Диалектикалық материализм тұрғысынан өлім өмірдің қажеті және елеулі сәт. Адам үшін Ө. табиғи феномен ретінде ғана келмейді, сонымен қатар қоғамдық қатынастардың күрделі контекстіне енетін әлеуметтік және адамгершілік құбылыс ретінде де келеді. Адамзат қоғамы дамуының ерте кезеңінің өзінде-ақ өлген адаммен не істеудің формасын да, өлген адамның денесін жерлеу әдісін де реттеп отыратын әлеумет. ережелер қалыптасқан. Сонымен бірге өлімнің мағынасын, өлілер мен тірілердің байланысын мифологиялық түрде ұғыну жасалған. Адам тіршілігінің мейлінше жалпылама мәселелерін рационалды түрде (мифологиялық түріндегіге қарама-қарсы) ой-елегінен өткізудің түрі ретінде ежелгі философияның дамуы Ө. түсігіне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Бір ғажабы, жанның о дүниелік және басқаларының болуы туралы кейде қарама-қарсы келіп жататын пікірлер бір ғана мақсатқа – адамды Ө. фактісіне парасатты түрде көндіру үшін

пайдаланады. Христиан дінінде о дүниелік өмірге сену (тірілу) адамды Ө. үрейінен белгілі бір дәрежеде құтқарып, оның орнына тірі кезінде жасаған күнәлары үшін жаза тартудан қорқуды қояды. Стоик философтардың *memento meri* (лат. – Ө-ді жадыңнан шығарма) деген ұраннан қазіргі дүниеде де ықпалы кемімей отырған христиан этикасы көнбістік пен шыдамдылыққа шақыру ретінде пайдаланады. Ө. мәселесін объективтік түсінудің негізінде адамның индивид және тұлға ретіндегі элеум. мәні, оның қоғам мен және жалпы адамзатпен байланысы туралы түсінік жатыр. Адамның тіршілік етуіндегі және индивидуалдық жағындағы қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресін диалект. тұрғыдан түсіну ерекше маңызды. Ө. алдындағы шарасыздық, түңілушілік (сонымен бірге адамның жауапсыздығы) идеяларын шынайы гуманистік дүниетаным негізінде ғана толық жоюға болады, бұл дүниетаным Ө-нің ғыл. түсінігін де, оған рухани баға беруді де қамтиды.

**ӨМІР** – жеке дара биол. организмдер мен олардың жиынтықтарында (популяцияларда, түрлерде, және т. б.) іске асырылады. Әрбір организм өздігінен ұйымдасатын ашық жүйе болып табылады, ол жүйеде зат алмасу, өсу, даму және көбею үдерістерінің болуы тән. Ө-дің шыққан тегі мен мәні туралы биологтар мен философтар ұсынған бірқатар тұжырымдамалар белгілі. Линней (организмдерді құдайдың бір рет жарататынын мойындады) мен Кювье («катаклизмдердің» нәтежиесінде бұрынғы Ө. формасы жойылғаннан кейін неғұрлым жетілген Ө. формалары пайда болуының қайталанып отыратын актілерін мойындады) креационизм тұрғысынан көрінеді. Аристотельдің энтелехия туралы іліміне қарай өрлей түсетін витализм өмір үдерісін материалдық емес «өмірлік күштің» (нем. Филосф. Г. Дриш), «Ө-лік шабыттың» (Бергсон) ықпалымен түсіндіруге тырысты; эмердженттік эволюция мен холизмнің өкілдері де осыған ұқсас идеялар айтты. С. Аррениус Ө. ұрығының Жерге ғарыштан әкелінуі туралы болжам айтты. К. Бэр тірі және өлі материяның ежелден қапталдаса Ө. сүріп келе жатқаны туралы туралы тұжырымдама жасады. А.И. Опарин ұсынған теорияда бастапқыда белок тәріздес кешенді коллоидтық жүйелер

– коацерваттар, ал содан соң алғашқы жанды денелер түзілген деп жорамалданды. Қазіргі ғылым деректеріне сәйкес, абиотикалық жолмен пайда болған амин қышқылдарының қосылысы нәтежиесінде де екі түрлі басқаратын және басқарылатын (клетканың ядролары мен цитоплазмалар) кіші жүйеден тұратын материалдық жүйе түзілген. Клетканың ядросында нуклеиндік ДНК қышқылының молекулалары болады, олардың әрқайсысы атомдардың екі тізбегінен тұрады, ал атомдар ақпараттық (генетикалық) код альфавитін құрайтын, бір-бірімен сабақтас төрт негіз арқылы байланысты, бұл негіздердің орналасу реті организм тіршілігінің барлық үдерістерінің дәйектілігін анықтайды.

## П

**ПАРАДИГМА** (гр. *Paradejgm* – мысалы, үлгі) – қазіргі кезеңде ғылыми практикада жүзеге асырылатын нақты ғыл. зерттеуді айқындайтын

теориялық және методол. алғышарттар жиынтығы. П. мәселелерді таңдаудың негізгі және зерттеу міндеттерін ашу үшін үлгі болып табылады. «П». ұғымын амер. ғал. Т. Кун (1922 ж.т.) енгізген Кунның пайымдауынша («Ғылыми революциялардың құрылымы», 1942), П. зерттеу жұмыстарында туындаған қиындықтарды шешуге мүмкіндік береді, ғыл.рев. нәтижесінде ғылымның құрылымында болып жатқан және жаңа эмперикалық деректердің үндестігіне байланысты өзгерістерді байқауға жәрдемдеседі. Алайда «П.» ұғымында ғылым дамуының дүниетанымдық және әлеум. параметрлері жеткілікті деңгейде емес. Ғылымтану жөніндегі зерттеулерде ғыл. ойлау тұрпатындағы ұғымдар пайдаланылады.

**ПАРАДОКСТАР** (логика мен жиындар теориясында), (гр. *paradoxos* – күтпеген оқыс) – пайымдаудың логикалық дұрыстығын сақтау жағдайында жиындар теориясы мен формалды логикада туындайтын формалды-логикалық қарама-қайшылықтар. «П.» бірін-бірі теріске шығаратын (қарама-қайшы) екі пайымдау тең дәрежеде дәлелденетін жағдайда пайда болады. П. ғыл. теория шеңберінде де, кәдуілгі пайымдауларда да болуы мүмкін (мыс., барлық қалыпты жиындардардың жиыны туралы өзінің нерадоксы туралы Рассел келтірген: перидроза («Деревня шаштаразы өз деревнясының өздері қырынбайтын тұрғындарының ғана және солардың барлығының сақал мұртын алады. Ол өз сақал мұртын өзі алуы тиіс пе?)). Формалды логикалық қарама-қарсылық ақиқаты анықтау және дәлелдеу құралы ретінде пайымдауды жарамсыз ететіндіктен «П.» пайда болған теорияда кезкелген сөйлемді (ақиқат сөйлемді де, жалған сөйлемді де дәлелдеуге болады) «П.» көздерін анықтау және оларды жою тәсілдерін табу міндеті пайда болады. Диалект. талдау П-дың формалды логикада пән және пән-дік сала, логика мен жиындар теориясында жиын, сынып ұғымдарына, ғылымда жаңа (абстрактілі) объектілерді қарастыруды енгізуге мүмкіндік беретін абстракция ұстанымын қолдануға, абстрактілі объектілерді анықтау тәсілдеріне және басқаларға байланысты терең диалект. және гносеол. қиындықтардың айғағы болып табылатынын көрсетеді. Сондықтан барлық П-тың нақты шешімдерін философ. ой елегінен өткізу мәселесі формалды логика мен математиканың логикалық негіздерінің маңызды методол. мәселелерінің бірі (Антиномия, Сематикалық антиномиялар).

**ПАРМЕНИД** – ежелгі гр. философы. (б.з.б. VI ғ. жартысы мен V ғ. басы), әлейлік (Оңтүстік Италия), Элей мектебінің басшысы (Элеатар). П. дүниені қозғалмайтын, тұтас толтырылған шар түрінде елестетті. П. «ақиқат ілімін» (ақиқат болмыстың бірден бір және мәңгілік екендігі және оның қозғалмайтындығы, бөлінбейтіндігі, бос жері жоқ екендігі туралы) «пікір іліміне» (туындайтын және ауысатын, қозғалатын, бөліктерге бөлінетін, бір-бірінен бос қуыстар арқылы ажыратылатын көптеген заттардың өмір сүретіндігі туралы) батыл қарсы қойды. «Ақиқат ілімі» рас,



«пікір ілімі» шындыққа ұжасе қана. «Ақиқат ілімін» П. Гераклиттің және оның ізбасарларының диалектикасына саналы түрде қарсы бағыттады. «Пікір ілімінде» П. өзінің астр., физ. және физиол. болжамдарын баяндады. П-тің аңғал материалистік «физикасы» екі бастаманы: белсенді – от, жарық және инертті қараңғыны басшылыққа алады. Сезімнің көрсетуіне сенбеу, пайымдық білімді жоғары бағалау П. іліміне рационализм элементін береді, ал қозғалысты теріске шығару П-ті метафизикасының атасы етеді.

**ПАСКАЛЬ Блез** (1623–62) фр. философы, математигі және физигі, ықтималды теориялықтың негізін салушылардың бірі. П-дың филос. көз-қарастары қайшылықты сенімнің зердеден жоғарылығын мойындап, рационализм мен скептицизм арасында толқыды. П-дің логикалық көзқарасы (индукция және дедукция, толыққанды білім және б. жайындағы ілім) Декарттың метод туралы ілімін жалғастырды, Пор-Роялдың логикасына әсер етті. П. «Шет аймаққа хатында» католиктік дінді жақтаушыларды қатты сынады. Оған қарамастан П-дің әлемдегі адам және оның шексіздікке қатынасы туралы кейбір идеялары діни экзистенциализмді негіздеуге бағытталды.

**ПАНТЕОН** (грек. *panteon* – барлық құдайлар) – антикалық діндердегі «барлық құдайлардың Храмы», олардың ішінде П ғ. діни идеологияны қалыптастыру мақсатында салынған Рим пантеоны баршаға танымал болды. П. барлық құдайлар сөзінің екінші мәні басқада политеистік діндерге тән. Көнетүркі П-ның бас құдайы – Тәңір.

**ПАРЫЗ** – адамды өз болмысын адамгершіліктік құндылықтарға сай қалыптастыруға мәжбүрлейтін, ол үшін ішкі міндетке айналатын рухани қажеттілікті бейнелейтін философиялық-этикалық категория. Маңыздылығы жағынан П-ды ар-ұжданмен қатар қоюға болады. Ар-ұждан секілді П-да адамның адамгершілік санасын, тәртібін бақылап және реттеп отыратын ішкі механизм. Тұлғаның П-ын атқаруын сыртқы моральдық санкциялардың көмегімен бақылауға да болады. П-ды осы экстреверттік жолмен, сыртқы жағдайлардан (ол жалпы қоғам, оның мүшелері, қоғамда қабылданған салт-дәстүрлер, әдеп-ғұрып, қоғамдық пікір, белгілі бір моральдық ережелер болуы мүмкін) қорқып-сескенгеннен, басқаша айтсақ, «П-ды орындау» сезімінің басқаруымен атқару да кездеседі. Мұндай жағдайда көзге бәрі дұрыс секілді көрінгенмен, тұлғаның ішкі жан дүниесінде тыныштық болмай, адам тіпті күйзеліс пен қамығуға ұшырауы мүмкін. Ал интреворттік сипатқа ие П. адамның ішкі дүниесінің, ақыл-ойының талабынан туындайды, оған адам саналы түрде, еш қысымсыз, өз еркімен келеді. Сана деңгейінде түсініліп атқарылған осындай П. ғана адамға өзінің рухани-адамгершілік қуатын ашуға, өзін өз тағдырының қожасы ретінде сезінуге, өзін-өзі жасап-қалыптастыруға, өзінің табиғи сезімдерін шектеп, олардан ақыл-ойын жоғары қою арқылы адамшылық бастауларын дамытуға, сөйтіп, адамзат пен өзінің алдындағы П-ын атқаруына мүмкіндік береді. Яғни, саналы түрде, рационалдық деңгейде орындалған П. ғана адамның философиялық-антропологиялық сипатын аша алады. Қазақ халқы П.

ұғымын адам болу, адамшылық пен адамгершілікке жету мақсатымен тығыз байланысты қарастырады. Ақыл-ой адамға басқа тіршілік етуші мақұлықтар секілді инстинктер деңгейінде өмір кешу үшін емес, жоғары адами мақсаттарды орындау үшін берілген, сондықтан да өзінің табиғи қасиеттерін ақыл-ойдың көмегіне сүйене отырып жан-жақты дамыту, адам деген қасиетті атаққа сай болу – адамның басты П-ы.

Қазақ халқының дәстүр салтында П. бен қарыздың неше алуан түрлері бар. Олар: ұстаз алдындағы қарыз, табиғатты аялау, меймандостық қарыздары т. б. Адамға өз ісін жетік білу де басты П.

Шәкірттің ғылым сарайына енсем деп армандағаны – адамгершілік парыз. П-ын орындаған адам обал-сауапты жақсы біледі.

**ПАССИОНАРЛЫҚ** (лат. құштарлық, сезімдік) – кимыл-кәрекет, іс-әрекетті аңсаған құштарлық, жекелеген адамдарда да, топтарда да болуы мүмкін шектен тыс күш-қуатқа қабілеттілік. П. – Л. Гумилевтің этногенез («Этногенез және Жер биосферасы») теориясында негізгі термин болып табылады. Ол этностың пайда болу негізінде П. яғни ағзаның биосферадан сіңірген өте мол биохимиялық қуаты жатқан табиғи процесс деп қарастырады. П. тұқым қуалайтын биологиялық сапа ретінде қарастырылады; адам психикасында бейсана деңгейде болады. Пассионарлар (осы санаға келер) өздерінің бар екендігімен қалыпты ахуал жағдайды бұзады, өйткені олар кеше алмайды. Айнала қоршаған ортаға қарсыласу қажеттігі оларды біреуге және келесі әрекет жасауға мәжбүр етеді. Бұл ретте пассионарлар өз П-мен қалың көпшілікті ұйытады (психикалық тұрғыдан «жұқтырады»). Қолайлы жағдай туғанда жаңа этнос, мәдениет, өркениеттің негізіне айналатын алғашқы бірігулер осылайша пайда болады. П. көсемдер мен қаһармандарға ғана тән артықшылық емес, керісінше «пассионарлардың көпшілігі тобырдың, топтық нақ ішінде болады» – деп жазды өз еңбегінде Л. Гумилев.

**ПЕРСОНАЛИЗМ** – мәдениеттің басты құндылығы мен шындығы адам болып табылады деген түсінікті басшылыққа алатын ХХ ғасырдағы философиялық-мәдениеттанулық бағыт. П. тұлғаны абсолют ретінде түсінеді. Бұл түсінік тұлғаның еркіндігі идеясына жетелейді. П. тұрғыдағы тұлға үш негізі белгімен сипатталады: экстериоризация (адамның өзін сыртқы ортада жүзеге асыруы), интериоризация (адамның жан-дүниесіне үнілуі, оның рухани әлемі) және трансценденция (сананың жоғары, құдайлық құндылықтарға – ақиқатқа, сұлулыққа, ізгілікке бағытталуы). П-тер тұлғалық қарым-қатынасты адам өмірінің басты мақсаты деп санап, басты назарды соған аударды. П-тік қарым-қатынас (коммуникация) тұжырымы М. Шелердің этикалық іліміне және Э. Левинастың феноменологиялық этикасына жақын. Онда тұлғалық қарым-қатынастың нақты сипаты орнығады, себебі, әрбір индивидтің «мақсаты өзінде, сонымен қатар басқаларда да», ол Сен мен Меннің және Біздің кездесуіміз ерекше персоналистік тәжірибені – жан дүние қарым-қатынасын қалыптастырады.

**ПЛАТОН** (б.з.б. 428/427 – 348\347) – еж. гр. филос., Сократтың шәкірті, 30-дан астам филос. диалогтардың авторы («Софист «Парменид», «Теэтет», «Мемлекет» және т. б.). Сократтың, пифагоршылардың, Парменидтің және Гераклиттің ілімдерін кеңінен пайдаланды. Болмысты түсіндіру үшін заттардың денесіз формаларының өмір сүруі туралы теорияны дамытты, оларды «түрлер» немесе «идеялар» деп атап, болмысқа теңестірді. «Идеяларға» П. материя мен кеңістікке барабар етілген болмыс еместі қарама-қарсы қойды. Сезімдік дүние, П-ша «идеялар мен «материяның» туындысы, олардың арасында, екі ортада тұрады. «Идеялар мәңгілік», «аспаннан да биік» және олар пайда болмайды, өлмейді, салыстырмалы емес, кеңістік пен уақытқа тәуелді емес. Сезімдік заттар өзгермелі, салыстырмалы, кеңістік пен уақытқа тәуелді келеді. П. космологиясында «дүние жүзілік» туралы, психологиясында – жанның біздің денеміздің қараңғы қапасында екендігі туралы және жаңаша оның түрленуі туралы өлімге баса ден қойылды. П. таным түрлерін танылатын заттардың айырмашылықтарына тәуелді түр- де ажыратты. Шын ақиқат «түрлерді» ғана анық тануға болады. Адамның өлмес жанының идеялар дүниесі туралы есіне түсірді. Осындай танымның көзі болып табылатын, бұл дүниені ол ажалды тәнге қонғанға дейін аңиды. Сезімдік заттар мен құбылыстар туралы білім емес ықтимал «пікір» ғана болуы мүмкін. «Идеялар» мен сезімдік заттардың арасына П. пайымдық танымға түсінікті матем. объектілерді қояды. Таным әдісі – «диалектика», П. «диалектика» деп екі жолды көрсетті, олар; ұғымдарды қортындылау сатысымен жоғары тектеріне дейін өрлеу және ең жалпы ұғымдардан барған сайын жалпылығы кеми түсетін ұғымдарға қарай құлдырау. Бұл орайда құлдырау үдерісі сезімдік жалқы заттарға емес, тек «түрлерге» («идеяларға») ғана қатысты. Өзінің саяси көзқарастары жөнінен П. Афина ақсүйектерінің өкілі болды. Қоғам туралы ілімде мінсіз ақсүйектік мемлекетті бейнеледі, құл еңбегі осындай мемлекеттің алғы шарты болып табылды. («Зандар»); мемлекетті «философтар» басқарады. Оны «сақшылар» яғни «жауынгерлер» қорғайды; ерікті азаматтардың осы екі деңгейінен төмен тұрғандар – «қол-өнершілер». Маркстің сөздеріне қарағанда, П-ның утопиясы Египеттің касталық құрылысын Афинада әспеттеушілер болды. Маркс сондай- ақ П-ның грек «полисінің» («мемлекет. қалалардың») құрылуындағы еңбек бөлінісінің рөлін кемеңгерлікпен түсінгенін де атап өтті. П. ілімі философияның кейінгі эволюциясында көрнекті рөл атқарды.

**ПОЛИТЕИЗМ** (*poly* – көп, *theos* – құдай) – көп құдайшылдық, пұт-шылдық, көптеген құдайларға табыну. П. архаикалық қоғамдарда рухтарға, пір-перілерге табыну негізінде пайда болды. П-де тылысым дүние құдайлардың иерархиясы ретінде көрініс табады. Әрбір құдайдың жеке билігі, өз атауы, кескін-келбеті бар. Олар қоғам мен табиғаттың белгілі бір саласына үстемдік етеді. Пантеонның басында жоғарғы құдай немесе бірнеше құдайлар тұрады. П. басқа халықтардың құдайларын танудан бас тартпайды. П. салтында храмдар маңына топтасқан абыздар басты рөл атқарады. Ежел-

гі түркілердің, мысырлықтардың, гректердің, римдіктердің т. б. сол сияқты қазіргі Үнді мен Жапонияның діндері осындай сипатта.

**ПОППЕР Карл Раймунд** – ағылшын философы және социологы. Оның іліміне сай білімнің эмпирикалық және теориялық деңгейлері бір-бірімен тығыз байланыста болады. Кез-келген ғылыми білімге болжалдық сипат, қателесушілік тән. Ол ғылымда кез-келген тұжырымды теріске шығаруды білдіретін «фальсификация» (жалған деп тану) ұғымын енгізеді. Ғылыми білімнің дамуы батыл гипотезаларды ұсынып және оларды жоққа шығаруды жүзеге асырудан тұрады, сол арқылы ғылыми мәселелер шешіледі. Әлеуметтік философия саласында П. марксизмді сынға алады, ол қоғамдық дамудың объективті заңдылықтарын және әлеуметтік болжам мүмкіндіктерін теріске шығарады. П-дің идеалы «Ашық қоғам». «Ашық қоғам және оның жаулары» (1945) атты еңбегінде ол ашық және жабық қоғамдарды қарастырады. Ашық қоғам типіне батыс демократиясын, ал жабық қоғамға социалистік мемлекеттерді жатқызады. Соңғыларына тоталитарлық, қоғамның индивидтен жоғары тұруы, жеке жауапкерсіздік, идеялық догматизм тән. Оның пікірінше, бұл «трайбалистік», яғни өзінің құрылымы жағынан алғашқы қауымдық құрылыстық тайпалары тәрізді, өзін басқаларға қарама-қарсы қоятын қоғам. «Ашық қоғам» мүшелеріне рационалистік бағдар, әлеуметтік дамуды мақсатқа сай, саналы басқару, мемлекеттік институттарды азаматтардың қажеттілігіне сай біртіндеп қалыптастыру тән. Алайда батыс демократиясында оларды «ашық қоғам» деп санауға кедергі келтіретін кемшіліктер бар. Оның пікірінше «қоғамның өз еркі мен даму идеясы – қоғам физикалық зат сияқты белгілі бағытта, белгіленген жолмен дамиды деу таза холистік адасушылық».

**ПОСТИНДУСТРИАЛДЫҚ ҚОҒАМ** – экономикалық дамыған елдердің «индустриялықтан кейінгі» қоғам типіне өтумен сипатталатын қазіргі жағдайын білдіретін ұғым. Бұл терминді аталмыш қоғамның қызмет көрсету экономикасын қалыптастыру, ғылыми-техникалық мамандардың басымдылығы, жаңа «интеллектуалды» техниканы жасау сияқты негізгі белгілерін қалыптастырған Д. Белл ұсынды. Қоғам бір-бірімен тығыз байланыстағы факторлардың, техниканың, әлеуметтік құрылымның, саясаттың, рухани құндылықтардың жүйесі ретінде қарастырылады. Экономиканы өндірісті тек сандық жағынан өсіруден «тұрмыс деңгейін» жақсартуға бағыттау, экономикалық емес әлеуметтік бағдарламалар аймағын кеңейту қажет деген пікір айтылады. Беллдің айтуынша, П. қ-да капиталисттер табы жойылады,

ал олардың орнын оқыған, білім деңгейі жоғары жаңа билеуші элита басады. П. қ. теориясының әртүрлі аспектілерін – А. Тофлер, Ю. Хабермас, З. Бжезинский т. б. қалыптастырды.

**ПОСТМОДЕРНИЗМ** – дәл мағынасында модерннен кейінгі, қазіргі заман дегенді білдіреді. «Қазіргі заман» ұғымының нақты бір қатаң анықтамасы жоқ. Жаңа дәуір рационализімі, Ағартушылық кезеңінің ағымы, сондай-ақ XIX ғ. екінші жартысы. Әдебиет XX ғ. басындағы авангардта қазіргі заман ретінде қаралуы мүмкін. Сол себепті, осы дәуір кезеңдерінен кейінгінің бәрін П. деп атайды. П. термині 1917 ж. бастап қолданысқа енгенімен, оның кең таралуы мен терең түсінілуі 1960 ж. басталды. XX ғ. архитектурадағы мәнер атауы ретінде пайда болып, ол кейін әдебиет пен өнердегі өзгерістерді, сол сияқты әлеумет.-экономикалық, технологиялық және саяси аймақтағы өзгерістерді сипаттау мақсатында қолданылды. Франц. философ, П. Ж. Лиотардың «Постмодернизм тағдыры» еңбегінің негізінде П. термин-ұғым статусына ие болды. Ол П. туралы пікір-таласты философия мен мәдениет аймағына да таратты. Ол белгілі бір парадигманың үстемдігін жоққа шығарып, орталықсыздандыру ұстанымын орнықтырды. Философияда П. онтология мүмкіндіктерінің сарқылғандығын түсіну ретінде қалыптасады. П-тік эстетиканың ұстындары лабиринт пен ризома болып табылады. П. – Батыста индустриалдық қоғамның орнына келген жаңа постиндустриалдық қоғамның серігіне айналды. Енді құнды тауар ақша да емес, билік те емес, ақпарат болып табылады. П. үшін нақты шындық жоқ, тек виртуалды шындық қана бар (П. компьютерлер, видео мен интернеттің гүлденген кезінде пайда болуы да тегін емес). Сондықтан П. мәтіндердің нақтылығы мен олардың плюрализімін бекітеді. Лабиринт ұстанымы бойынша құрылып, Б.А.Қ. гипершындығын (Бодрийар) тудыратын «гипермәтін» ұғымы пайда болады. Ақпарат ағымы адамды виртуалды шындық жағдайына әкеледі. Адамның жеке Мені ұжымдық санамен алмастырылады. Бұл көпшілік-сәуегейлік мәдениетте төзімділік қатынасты анықтайды, ендігі жерде ол элитарлы мәдениетке қарама-қарсы қойылмайды. П. мәдениеттің құрағы, яғни өткен мәдениеттің әртүрлі элементтерінен құрастырылған құрақ ретінде сипаттауға болады. Бұл құрақта әлдебір дәстүрге, жанрға, стильге немесе дәуірге артықшылық берілмейді.

**ПОСТСТРУКТУРАЛИЗМ** – структурализмнің екінші толқыны, структурализмді сынаумен байланысты және оның алдыңғы шектеушіліктерінен арылуға бағытталған ағым. П-нің өкілдері – Ж. Деррида, Делез, Бодрийар, Лиотар, Ю. Кристева, М. Фуко т. б. П. басты міндеттерінің бірі – логосорталықтық метафизиканы сынау және мәдениеттегі тіл билігін және билік тілін айқындау. Деррида, метафизиканы деконструкция арқылы, яғни

мәтіндегі жүйеден тыс, маргиналдық элементтердің маңыздылығын көрсету арқылы жеңуге болады деп санайды. Ғылыми айналымға, осыған дейін тек тұрмыстық тілде қолданылған, сөздер мен ұғымдар енгізіледі, бірақ оларға бұрынғы мән-мағынаны толықтыратын және шектейтін жаңа мазмұн беріледі. Мәтін интерпретациясы – бұл мәтінге тікелей қатысы жоқ нәрсені түсіну. П. үшін адамды сипаттайтын негізгі категория тілек болып табылады. Ол адамның басқамен қарым-қатынасқа түсуге деген ынтасын айқындайтын әмбебап бітім. Ол жеке және ұжымдық іс-қимылдық барлық бітімін, әлеуметтік және мәдени шындық бітімдерін анықтайды. П-де қоғам мен мәдениетте «билік – бағыну» қарым-қатынасының жаппай көрініс табатын орны ретінде көрініс табады. Билік өзін адамдық қарым-қатынастардың барлық деңгейінде – саяси доктринадан қарапайым қарым-қатынасқа дейінгі аралықта жүзеге асырады. Сондықтан П. биліктің іске асу тәсілдерін анықтап, оған көптілікті, бірегейлікті және ыдыраңқылықты қарама-қарсы қоюды өз міндеті деп таниды.

**ПРАВОСЛАВИЕ** – христиан дінінің бір тармағы. Шығыс Еуропада және таяу Шығыста таралған. Христиан дінінің шығыс тармағы ретінде Рим империясынан соң (IV ғ.) пайда болып, шіркеулердің римдік-католиктік және гректік-православиялық болып бөлінгенінен кейін (XI ғ.) түпкілікті қалыптасты. П-нің діни ілімі қасиетті жазуға (інжіл) және қасиетті аңызға негізделеді. Жеті әлемдік соборларда қалыптасқан христиан діни ілімінің (IV–VII ғ.) негізгі қағидалары П. догматтары болып табылады. П-нің діни ілімінің өзіндік ерекшеліктерінде, шіркеулік ұйымдарында, осы христиан дінінің тармағы қалыптасқан, Византияның мәдени дәстүрлері көрініс тапты. Жердегі жоғары діни бедел – «құдайдың таңдаулысы» император деп жарияланады. Византия құлаған соң көптеген тәуелсіз шіркеулер пайда болды. П-де католицизмдегі Ватикан сияқты бір орталыққа бағынатын әмбебап шіркеулік ұйым жоқ. П. құдайдың үштік бірлігін, жаратушыны, әлемге, о дүниеге билік жүргізушіні, жазмышты алғашқы күнә белгісі бар (онда алғашқы күнә белгісі бар), адамзатқа аман қалу мүмкіндігін ашқан Иисус Христостың барлық адамдардың күнәсін өтеу миссиясын мойындаудан бастау алады. Шіркеу адам мен құдай арасындағы делдал болып табылады. Діни мейрамдар (рождество, пасха) мен (оразаларға) посттарға (көпкүндік көктемгі, жазғы, күзгі, қысқы – барлығы жылына 200 күннен артық) ерекше мән беріледі. Ежелгі Русь 988 ж. шоқынды. Шоқынумен бірге Руське жалпыславяндық кирилл жазуы келді. XVII ғ. орыс П-де жіктелу ағымы пайда болды. Ол дінбұзушылық деп танылды. Жіктелу діни қызмет рәсімдерін өзгертуге бағытталған патриарх Никонның реформаларына жауап ретінде орын алды. Жаңа ережелерді қабылдауға келіспеген христиандарды ескі дәстүршілдер (старообрядный) деп атады.

Олар қуғынға ұшырап, қатты жазаланды, сондықтан олар Сібір мен Еділ жағалауының адам аяғы баспаған жерлеріне қашуға мәжбүр болды. Бұл жерлерде олар өз қауымдарын құрды. Мұндай қауымдар Қазақ жеріне де келген. Қазіргі кезде Қазақстанда П-лік шіркеулер көп кездеседі, П-лік сенімдегі адамдар тұрады.

**ПРОТАГОР** (б.з.б. 480–410 ж. ш.) Аберден шыққан еж.гр. филос., софистердің ең белсендісі, дінсіздігі үшін Афиныдан қуылған (оның «Құдайлар туралы» деген кітабы өртеп жіберілген). Кейбір зерттеушілер П-дың сақталып қалған фрагментін: «Адам дегеніміз барлық нәрсенің: тіршілік еткені үшін тіршілік етушілердің, тіршілік етпегені үшін тіршілік етпеушілердің өлшемі» деп аударып, оны абсолюттік скептик ретінде түсіндірді. Бірақ гректің «жоқ» деген ұғымына сай келетін сөзді басқаша: «тіршілік еткендіктен тіршілік етушілерді» және т.т. деп аударуға да болады. Бұлайша түсіндірілген жағдайда П. субъективист те, скептик те емес; оның тезисінде материалистік сарындағы антропологияның элементі бар; бұл Секст Эмпериктің П. үшін «материя өтпелі» және «барлық заттардың негізгі себептері (логостар) материяда болып табылады» дегенге келіп сиятын сипаттамасына сай келеді.

**ПРОТЕСТАНТИЗМ** – христиан дінінің бағыты. П-нің негізгі идеясы әрбір діндар адам Құдай мен тікелей сұхбаттасуға, уағыздар айтуға, діни парыздарды атқаруға құқылы деп білуде (Баршаның әулиелігі ұстанымы). П-де священник күнәларды босатумен, тәубеге келтіру құқынан айырылған, оны діндарлар қауымы жалдайды және ол осы қауымға есеп береді. П. Қасиетті жазуды теріске шығарады, діни ілімнің бірден-бірі көзі – Інжіл деп жариялайды. Оны оқып, түсіну әрбір діндардың басты міндеті. Нағыз сенімнің куәсі – адал еңбекпен келген табыс. Інжіл өсиеттерін іс жүзінде қолдану қажет деп таниды. П. адам еркін терістеп (туа біткен күнә салдарынан), парасатты сенімге бағындырғанымен іс жүзінде бұл парасатпен еркіндікті ақтау болып табылады. М. Вебер «Протестанттық этика және капитализм рухы» атты еңбегінде Батыстағы адам әрекетінің барлық түрлерін рационализациялауға П-нің зор ықпал еткендігін атап көрсетеді. П. жеке бостандық, нарықтық қарым-қатынас, құқықтық мемлекет және табиғатты рационалды-техникалық қайта өңдеу принципі негізінде құрылған жаңа өркениеттің рухани өзегі болды.

**ПСИХОАНАЛИЗ** – XX ғ. мәдениетіне зор әсер еткен австриялық ғалым З. Фрейд қалыптастырған психологиялық ілім. Фрейд адам психикасының үш құрылымнан: Ол, Мен, Жоғарғы Меннен тұратыны туралы идеяны ұсынды. Көмескі сана өткеннен мұраланған психиканың терең қабаты ретінде көрініс табады. Оның қайнауларында адамның жасырын жан сезім-

дері, құмарлықтары мен ынта-назары ұялаған. Бұл құрылым «ләззаттану принципін» басшылыққа алады. Фрейд оларды «қайнаған құмарлықтардың қазаны» деп атайды. Адамның саналы Мені – Ол мен (көмескі сана) қоршаған дүние арасындағы делдал. Бұл құрылым «шындық принципін» басшылыққа алады, оның мақсаты – адамның көмескі санасына ықпал ету. Адамның Мені, Оны (көмескі сананы) өзіне бағындыруға тырысады, алайда кейде өзі Оның ықпалында болады. Жоғарғы Мен орындалуды мәдени тыйым салуларды бейнелейді. Жоғарғы Мен ұят ретінде, немесе көмескі кінә сезімі ретінде адам Меніне үстемдік етуі мүмкін. Көмескі санада белгілі бір жағдайларда сана аймағына шығып кететін элементтер болады. Мен қабылдау мен қозғалыс органдарының жүйесін бақылайды. Жоғарғы Мен сублимация арқылы Эдип комплексін шешкеннен кейін пайда болатын ең жас құрылым. Тыйым салынған либидо импульстары (жыныстық қуат) мәдени шығарм. қайнар көзі мен құпиясы. Мәдениет жағынан адамды жүйке науқасы неврозға ұшырататын тиым салулар жүйесі ретінде көрініс табады, ал екінші жағынан шығарм. фантазия және оның рәміздік бейнеленуі арқылы либидо энергиясының (қуатын) босатуға (сыртқа шығаруға) мүмкіндік береді. Фрейд адамның психологиялық өмірі туылған соң басталады деп санайды, ал жаңа туған сәбиді ол «*tabula rasa*» (таза тақта) деп атайды. Кейде ол организмнің анықталмаған бейімділігі туралы, тіпті адамның түс көруі мен қиялында орын алатын филогенездік сипаттағы, өзіне тән архаикалық еске түсірулер туралы айтады. Ф. психикалық үдерістер динамикасында инстинкті құмарлықтар шешуші рөл атқарады деп санайды. Оларды Ф. психикалық және тәндік аймақтарды байланыстыратын күштер ретінде қарастырады. Ол жыныстық құштарлықтар мен эгоның жыныстық емес, өзін-өзі қорғау инстинктері кіретін бастапқы дуализм туралы идеяны алға тартты. Ол жыныстық инстинкт – либидоға көп көңіл бөледі. Ол жыныстық құмарлықтың бастауы балалық шақта жатқандығын байқады. Ф. адам бойындағы агрессивтілікті жеке инстинкт деп қарастырады. Оның бастауы сүйек еттерінде жатыр, ал оның мақсаты – талқандау. Кейінгі еңбектерінде Ф. екі түрлі инстинктер бар деген болжамды алға тартты: олардың бірі тіршілікті сақтауға бағытталса, басқасы тіршілікке қарсы әрекет етеді, оны неорганикалық күйге қайтаруға талаптанады. Оның түпкілікті қорытындылары «Психоанализ очерктері» еңбегіндегі баяндалған өлім инстинктінің рөліне қатысты. Мұндағы махаббат инстинкті (эрос) мен өлім инстинктінің (танатос) дихотомиясы психоанализ теориясының басты тақырыбына айналды. Ф. психоаналитикалық теориясын оның шәкірттері мен ізбасарлары: А. Адлер, В. Раих, О. Ралк, К.Г. Юнг, Ш. Френчи және т. б. қабылдап, кейіннен оған түзетулер енгізді. Психоаналитикалық теорияны ХХ ғ. «ғылыми мифологиясы» деп атайды. Өйткені оның өкілдері мифологиялық материалдармен жұмыс істеді. Психоаналитикалық теория



миф, ритуал, дін т. б. мәдениет аспектілері мәдениеттанулық зерттеудің құрамдас бөлігіне айналды. Көптеген көркем шығарм. тұжырымдары көмескі сананың психоаналитикалық теориясына негізделді. Олар адам әрекетінің осы саласындағы түс көрудің, фантазияның, интуиция мен еркін ассоциациялардың айырықша рөлін негіздеуге талпынады.

**Р**

**РАДЛОВ Василий Васильевич** (1837–1918) – шығыстанушысы этнограф және археолог. Алтайға, Сібірге, Қазақстан мен Орта Азияға бірқатар экспедициялар жасады. Түркі халықтарының тілі мен ауыз әдебиетіне, этнографиясы мен археологиясына қатысты материалдар жинады. 1891 ж. Орхон экспедициясына жетекшілік етті, содан кейін дат ғалымы Томсенмен бірге көне түркі ескерткішінің мән-мазмұнын ашты. Ол көне қыпшақ ескерткіштерін, Ж. Баласағұнның «Құтадғу білігін», Тоқтамыс, Темір-Құтылығтың жарлықтарын аударып, басып шығарды. Алғашқы болып қазақ ауыз әдебиетінің сұрыптамасын жасауды ұсынды, оның терминологиясын анықтады, дидактикалық, эпикалық және лирикалық жанрларды ажыратты. Р. – түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеудің негізін қалаушылардың бірі. Ол «Солтүстік түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» (1882), «Моңғолиядағы көне түркі жазбалары» (1894–95), «Түркі тілдері морфологиясы баяндауға кіріспе ойлар» (1911) атты еңбектер жазды, 4 томдық «Түркі атаулары сөздігінің тәжірибесі» (1882–1909) жарыққа шығарды. Бірқатар еңбектері түркі тілдерінің сұрыптамасы мен тарихи диалектологиясына, этногенезіне арналған.

**РАМАЯНА**, *Рама өмірі* – санскрит тілінде жазылған Махабхарта сияқты ұлы үнді эпостарының бірі. Поэма тарихын құрайтын тарихи оқиғалар шамамен б.э.д. XIV–XII ғғ. камтиды. Эпостың ауызша пайда болуы туралы «Рамаяна» мәтінінде айтылады. Оның аңыздары ауыздан-ауызға беріліп лютноның сүйемелдеуімен айтылған. Оны алғашқы орындағандар Р-ның ұлдары – Куша мен Лава. «Р-ның» үнді дәстүрінде ерекше бағалатыны – жоғары әдеби құндылығы. Ал оның аты аңызға айналған авторы Вальмики – ұлы ақын деп танылған. Екі ғашық, Рама мен Ситаны күштеп ажырату – поэманың негізгі тақырыбы, ал сағыныш қасіреті – оның басты эмоциясы. Поэманың лирикалық сарынын күшейте түсетін тағы бір тәсіл – Айдохьи мен Ланки қалаларын суреттеу, ондаған табиғатты суреттейтін сюжеттер. Олардың әрқайсын эпикалық жырға тәуелсіз, кішкене лирикалық поэма ретінде қарастыруға болады. Вальмикидің «Р-сының» мазмұны мен негізгі сипаты сәйкес келетін Рама туралы қосынды поэма «Махабхартада» да бар.

**РАХАТ** – Ертедегі грек ойшылы Эпикур адам рақаттану үшін өмір сүруі қажет деген екен. Р. бақыттың ажырамас бөлігі болса, азап бақыт-

сыздықтың серігі. Р. шынайы және жалған болуы мүмкін, шынайы рақат адамның рухани өмір сүруінің басты арқауы. Шынайы Р-тың бірнеше түрі бар. Олар дене қажеттіктерін өтеу (тамақтану, сусындау, ұйқы, т. б.). Оларды тән Р-тары деп атауға болады. Бұлар хайуанаттар әлемінде де кездеседі. Р-тың енді бір көрінісі – жан Р-ы. Ол білсем, көрсем, үйренсем екен деген түсінік. Бұл екеуі де бала кезден ерекше байқалып жүрген Р-тың түрі. Кішкентайдан қалыптасқан жан Р-ы, ес кіріп, етек жапқан кезде тән Р-ының құлына адамның айналып кетуі де мүмкін. Осыдан барып басқа-ның азабына рақаттану, нәпсіқұмарлық, қатыгездік, өзін-өзі қинаушылық пайда болып, жалған Р-тар адам өміріне қайғы мен қасірет әкелетін кездері де болады.

**РАХЫМДЫЛЫҚ** – қайырымдылықпен егіз жақсы қасиет. Иманды адамның басты қасиеті – оның Р-ғы. Қасиетті Құран Кәрімде: «рахым, рахмет – жақсылық, ізгілік, мейірім, қамқорлық» делінген. Үйде де, түзде де басқаларға ерекше бір мейірімділікпен қарау, олардың қамын ойлау, жан ашырлық пен қамқорлық жасай білу – Р. Үлкеннің кішіге қамқорлығы, кішінің үлкен алдындағы ізеттігі, баланың ата-анаға деген мейір-шапағаты Р-тың тамаша көріністері. Кісінің Р-ғы тек өзінің жақын туған-туыстарына ғана емес, сонымен бірге бүкіл адамзатқа арналуы тиіс. Әсіресе, мүгедек, әлжуаз, жарлы-жақыбай кісілерге Р. жасау керек. Құранда да ондай кісілерге жәрдемдесу қажеттілігі ерекше ескерілген. Р-қа қарама-қарсы жаман қасиет – Р-сыздық. Ондай адам басқалардың тыныс-тіршілігіне немқұрайды қарайды. Ол тек өзі үшін, өзінің жеке үшін ғана өмір сүруді ұнатады. Р-сыздықтың тағы бір көрінісі – адамға жаны ашымаушылық. Р-сыз бала ата-анасымен және басқалармен дөрекі сөйлеседі, бейпілауыз келеді. Ол көп жағдайда өз қылығының әдепсіз екенін біле тұра, айылын жимайды, әдеп, ұят дегенді жинап қояды. Р-сыз атаулыдан сақтану керек. Әр кезде басқаға Р-ды болуға тырысу қажет.

**РАХМАТУЛЛИН Қасым Халиуллинович** (1920–2008). Р. Қ. Х. 19 қыр-күйек 1920 ж. Қостанайда, теміржол саласындағы жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1928 ж. бірден екінші сыныпқа түсті, ал 1932 ж. – Қостанай педагогикалық техникумына және 4 жылдан кейін (7 жылдың орнына) оқу үздігі ретінде бастауыш мектеп мұғалімі аттестатын алды. 1935 ж. Қ.Р. Қостанай облысы Жетіөзен ауданы жетіжылдық мектебінің директоры болды. А.С. Пушкин ат. Орал пединститутының география факультетінде өзінің білімін жалғастырды. Чкаловскідегі әскери училищені аяқтағаннан кейін, І-ші Украин майданының артиллерия полкының взвод командирі ретінде соғысқа аттанды. 1951 ж. Қ. Р. ҚазКСР ҒА философия секторының аспиранты атанды. «Кеңестік ғылым дамуы үшін сын мен өзіндік

сынның дамуы» (1955 ж.) тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын табысты қорғағаннан кейін Құқық институтында, Алматы жоғары партия мектебінде оқытушылық қызмет атқарды. 1968 ж. Р.К.Х. «Астрономиядағы даму принципі» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 1969 ж. профессор атағын алады. 1971 ж. Күзінде Қазақстанның Орталық комитеті Қ.Х-ті С.М. Киров атындағы ҚазМУ философия кафедрасының меңгерушісі ретінде жолдайды, бұл жерде жиырма жылға жуық меңгерушілік етеді. Оның жетекшілігімен 50-ден аса шәкірттері кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. ҚазСРО Жоғары Кеңесінің Мақтау қағазымен екі мәрте марапатталып, 1984 ж. «ҚазСРО ғылымының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы беріледі.

**Негізгі ғылыми еңбектері:** *Диалектический материализм и современная астрономия.* – Алматы, 1965; *Дүниенің қазіргі заманғы ғылыми картинасы.* – Алматы, 1985; *Принципы диалектики.* – Алматы, 1994.

**РАССЕЛ Бертран** (1872–1970) – ағыл. философ., логик, әлеуметтанушы-моралист, қоғам қайраткері. Р. қазіргі матем. логиканы дамытуға елеулі үлес қосты. Ол қатынастар логикасын дамытты, логикалық рәміз тілін жетілдірді. Уайтхедпен бірге Р. ғасырдың бас кезінде Фрегенің ізінше математиканы логикалық негіздеуге әрекет жасады (Логицизм). Оның қаламынан жаратылыстанудың филос. мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер мен әртүрлі социол. тақырыптарға арналған көптеген эссалар туды. Р. философия ғылымның, діннің және дағдылы сананың арасындағы «бейтарап жерді алып жатады, ал философияның мәні логикада, логикалық талдауда деп санады. Р. ағыл. неореализмінің, неопозитивизмнің бір түрі – «логикалық атомизмнің» негізін қалаушылардың бірі. Р. бойынша, адам сезімдік деректермен істес болады, олардың сыртында әлдебір тәуелсіз сезімдік элементтер («сенсibiliялар»), әлдебір «фактілер» немесе «фактілердің» агрегаттары тұрады. Фактілерді физ. деп те, психикалық деп те санауға болмайды – олар бейтарап («бейтарап монизм»). Р. бойынша «бейтарап монизм» кезеңінде эмпирикалық жағынан дәлелденетін нәрсені таза физика саласына емес, физиканың психологиямен ұштасуына жатқызу керек, ол қандай болса да эмирикалық ғылымның елеулі құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.

**Негізгі шығармалары:** «Біздің сыртқы дүниені тануымыз». 1915; «Ақиқаттың маңызын зерттеу». 1940; «Адам танымы, оның өрісі мен шекаралары». 1948.

**РЕНЕ Генон** (1886–1951) – француз философы. 1912 жылы ислам дін қабылдаған. Интегралды дәстүр ілімінің авторы. Басты жұмыстары: Индуистік ілімдерді зерттеуге жалпы кіріспе (1921), Теософия, немесе,

бір жалған діннің тарихы (1921), Спириттердің қатесі (1923), Шығыс пен Батыс, Қазіргі әлемнің дағдарысы, Әлем падишасы, Рухани және уақытша үкімет, Крест символикасы (1931), Болмыс ахуалының көпнұсқалығы (1932), Шығыс метафизикасы (1939), Көп болу патшалығы және уақыт жорамалы (1945) және т. б. Р. ілімінше, гуманизмге және техникалық прогреске қарсы Ақиқат бір түптен шығып, кейін, даму емес, азу үстінде болған. Сондықтан ең игі мақсат, көп болу патшалығынан безіп, бұрынғы ақиқатты тірлікке жету ләзім. Міне, осы мақсатта бұрынғы дәстүрлі танымдарды зерттеп, оларды интегралды дәстүрге айналдыру керек. Бұрын тірлік руханилығы мол сана патшалығы болған. Кейін сол тірлік бұзылып, сана орнын сан басып, әлем көп болу патшалығына ауысқан. Абыл мен Қабыл деген шығармасында Р. осы көп болу әлемінің қарама- қарсы күштері ретінде көшпенділер мен отырықшыларды атайды. Бұл екі таным бір біріне тәуелсіз, бірақ көшпенділер бұрынғы бірлікке, біртұтас Ақиқатқа жақындау. Отырықшылар, керісінше, бұл идеяға қарсы шығып, әлемде шашырандылықты және көп болу нұсқаларын көбейткен. Осының нәтижесінде руханилық азайып, қазір жоқ болудың қасында. Кезінде Қабыл Абылға қалай зұлымдық жасаса, отырықшылар да көшпенділерді жоқ қылады. Міне, осы тұрғыдан Р. дәстүрлі қоғамға бірігуді көксейді. Іс жүзінде тарих қайталанбайды, мұндай қоғамға бірігу мүмкін емес. Сондықтан қазіргі метафизика күйреген заманда Р. идеялары, қанша білімге толы болса да, кертартпалық сипатта көрінеді. Мыс., шайтанның мұнарасы ретінде ол Кеңес Одағы мен Америка Құрама Штаттарын атаған.

**РЕФЛЕКСИЯ** (лат. *Reflexio* – кейінге оралу) – бейнелеуді, сондай-ақ таным актісін зерттеуді білдіретін термин. Әртүрлі филос. жүйеде Р-ның мазмұны бірдей емес. Локтың ойынша, түйсік сыртқы заттармен тікелей ұштасады, ал бақылау сананың ішкі іс-әректтеріне бағытталғанда Р. ерекше білімнің бастамасы болмақ. Лейбниц үшін, Р. – адамның жан дүниесіндегі өзгерістерге көңіл бөліп, елеушілік, Юмның ұйғарымынша, идеялар – сырттан қабылданбайтын әсерлерді Р-лау. Гегель үшін Р. – екі түрлі нәрсенің мыс., мән мен құбылыстың өзара бейнеленуі. «Рефлексстеу» термині сананы өз өзіне үңілдіруді, өз психикалық күйіне ой жүгіртушілікті сипаттайды.

**РИМ КЛУБЫ** – жер жүзіндегі көптеген елдердің ғалымдарын, саяси және қоғам қайраткерлерін біріктіретін халықтық, үкіметтік жүйеге жатпайтын ұйым. Р.к. оның алғашқы президенті болған итальян экономисі, қоғам қайраткері және бизнесмені А. Печчейдің (1908–84) бастамасымен ашылды. 1984 жылдан Р. к-ның президенті – фр. ғалымы А. Кинг. Р. к. заңды түрде Швейцарияда тіркелген. Оның мүшелері қандайда болмасын ұйымның не елдің мүддесін арнайы ұсынбайды. Оның атқару комитеті

ұйымдық және үйлестіру қызметін жүргізеді. Р. к. жыл сайын жиналыстар, симпозиумдар, семинарлар өткізеді, саяси басшылармен және іскер әлемі өкілдерімен әрдайым кездесулер ұйымдастырады. Р. к. қызметі қазіргі ғаламдық мәселелерді зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған және адамзаттық даму барысында кездесетін қиыншылықтарды түсінісуді, соған лайықты қоғамдық пікірге ықпал етуді өзінің мақсаты деп санайды. Р. к-ның ынтабилдіруімен бірқатар зерттеу жобалары жасалынды, олардың нәтижелері мәлімдеме ретінде жарық көрді. Солардың қатарында: «Өсудің шектері» 1972, (жет. Д. Медоуз); «Адамзат үшін мақсаттар» 1977 (жет. Э. Ласло); «Үйленудің шегі жоқ» 1979 (жет. Дж. Боткин, М. Эльманджра, М. Малица); «Үшінші әлем: дүниенің төрттен үші» 1980 (жет. М. Гернье); «Болашаққа апаратын маршруттар» 1980 (жет. Б. Гаврилишин) және т. б.

**«РИГВЕДА»** – үнді мәдениетінің ең көне діни және әдеби ескерткіші. Ғалымдардың айтуынша, оның жырлары б.з.д. XV–VI ғ. шамасында келген. Егер «Веда» үнді арийлердің қасиетті білім жинағы болса, «Р.» – жырлар жинағы. Бұл жинаққа сол заман білімінің құдайлар, жын, ғарыш, ритуал, әлеуметтік құрылым, этикалық құндылықтардың бүкіл жиынтығы кірген. Бірақ «Р.» құдайларды жырлауға арналған мінәжәт ескерткіші болғандықтан, оның авторлары Тәңірлерді арийлер жағына шақырумен болған. Олардың міндетіне Тәңірлерді мадақтау, олардың батырлығы мен қасиеттілігін жырлау, құрбандық қабылдауға шақыру, арийлер үшін көмек сұрап, жалбарыну сияқты көптеген әрекеттер кірген. Бұл арада Құдай мен оған жалбарынушының арасындағы айырбас ахуалы тән. Мифология мен ритуал жағынан «Р-да» Авестамен ұқсастық көп.

**РИКЕР** Поль – француз философы, феноменологиялық герменевтика-ның өкілі. Р. тұлға – философиядағы іргелі ұғым болып табылады, онда мәдени мәндерге бастау беретін мағыналар бар деп түйіндейді. Р. адам мәдениетінің кез-келген құбылысының индивидуальды тілекте орын алған және қанағаттану тәсілінде ұялаған тарихы бар деп санайды. Сонымен қатар кез-келген мәдениет құбылысында адам субъективтілігінің болашаққа ұмтылуы көрініс табады, өйткені ол қасиеттілікке ұмтылу мен шартталған. Ол адам тәжірибесінің бастапқы шарты тілдік тәжірибе – қабылдауды, талап-тілекті, елесті (елестеуді) «сөзбен жеткізу» болып табылады деп санайды. Сондықтан мәдени шығарм. әрқашан рәміздік сипатта болып келеді. Тіл шындықты қайтара (екінші) түсіну болып табылады, бірақ болмысқа тиесілі нәрсе – тек тілде ғана бейнеленеді. Р. онтологиялық герменевтикасы тіл мәселесін тіршілік ету мен байланыстырып, тілге дейінгі тіршілікті түсінуге, адамның «екінші дүниені» жасауының құралы – тіл екенін көрсетуге мүмкіндік береді. Р. метафора теориясын жасады.

Метафора сөздерді фразаларға біріктірудің, олардың орнын ауыстырудың нәтижесінде туындайды. Метафора тілде алғашында болмайды. Бұл тұрғыда адамның тілдік тәжірибесінде метафораның пайда болуы адамның жалпы шығарм.-қа қабілеттілігін көрсетеді. Р. герменевтиканың міндеті – индивидтің белсенді әрекетіне негізделген тарихи-мәдени шығарм.-тың субъектісі ретіндегі адам рөлін негіздеу деп біледі.

**Шығ.:** Адам философияның пәні ретінде // *Вопр. филос., 1989, № 2; Герменевтика туралы очерктер. – М., 1995.*

**РИККЕРТ** Генрих (1863–1936) – неміс философы, мәдениеттанушысы. Неокантшыл Баден мектебінің өкілі. Өзінің таным теориясының тұжырымдамасын жасады. Тікелей болмыс ретінде берілген шындық иррационалдылық ретінде көрініс береді. Р. таным мен ғылымдардың екі типі: «табиғат туралы ғылымдар» және «мәдениет туралы ғылымдарды» ажыратады. Р. мәдениетті тәжірибенің айырықша аймағы ретінде қарастырады, онда жеке-дара құбылыстар құндылықтармен салыстырылады. Мәдениет туралы ғылымдарға ол «сананы» зерттеуге бағытталған танымды жатқызады, яғни тарихи-дараландырушы тәсілді – құндылықтармен салыстыра зерттейтін тәсілді атайды. Нақ осы құндылықтар жеке ерекшеліктердің өлшемін анықтайды, «мәндіге», «бірегейлікке», «қызығушылық тудыратынға» бағыттайды. Р. адами әрекеттің әртүрлі аймақтарына сай келетін «құндылықтардың алты аумағын» ажыратады, олар: ғылыми таным, өнер, пантеизм, этика, «жалпы өмір игілігі», тұлғалық құдайға сенім ретіндегі нигилизм. Олардағы маңызды құндылықтарға ол ақиқатты, әсемдікті, тұлғадан тыс қасиеттілікті, құлықтылықты, бақытты, тұлғалық қасиеттілікті жатқызады. Ақиқатты ол түсінік пен шындықтың сәйкестігі ретінде емес, түсініктердің өзара сәйкестігі ретінде қарастырады.

**Шығ.:** Табиғат туралы ғылымдар мен мәдениет туралы ғылымдар // *Мәдениеттану. XX ғасыр. Антология, 1995.*

**РИТМ**, *ырғақ* (грек. – лайықтылық, сәйкестік, үйлесімділік) – заттардағы немесе табиғат құбылыстарындағы (мыс., жыл мерзімдерінің, күн мен түннің ауысуы және т. б.), иә мәдени бұйымдардағы элементтердің, сәттердің алмасуы. Өнер теориясында Р. категориясы өнер туындысын жасауда ереже ұстынын білдіретін шама категориясымен тығыз байланысты. Динамикалық өнерлерде – музыкада, биде, метрикалық өленде Р. заңдары біртұтас. Көркем Р. адамды қоршаған дүниедегі ырғақтық заңдылықтарға бағытталған және адамның қабылдауының психофизиологиялық табиғаты мен ара қатынаста болады. Мыс., қазақ күйлерінің ырғағы адамның қоршаған орта ырғағын қабылдауын және оның ішкі толғаныстарын жеткізеді.

**РИТОРИКА**, *шешенді көнер* (грек. *Rhetorike* – шешендік өнері) – дәстүрлі ұғымда Р. деп шешендік өнерді, сөзбен сендіру өнерін айтады. «Шешендік – дейді, ұлы грек философы Платон – сендіру шеберлігі». Р. тек қана өнер емес, ол – ғылым. «Риторика атасы» Марк Фабий Квинтиллиан оны жақсы сөйлеу өнері және жақсы сөйлеу ғылымы деп атады. Басқа өнер түрлері сияқты Р. да пайда болғаннан бастап-ақ дүниені эстетикалық игеруді қа- жет етті. Р-ның бастауында адамдарды өзінің өнері мен тамсандырылған, иландырған артистер, бишілер мен әншілер тұрды. Алайда Р. рационалды білімділікке, нақты сағымнан, ақиқатты жалғаннан ажырата білуге де негізделді. Сондықтан Р-ның қалыптасуына тек артист емес, сол сияқты логик, философ, ғалым да зор үлес қосты. Р. – үштік бірлік. Ол сөз арқылы сендіру өнері, және мораль принциптеріне негізделген сөз арқылы білу үдерісі және ғылымы.

**РИТУАЛ** – әлеуметтік реттелген, рәмізделген жүріс-тұрыстың тарихи қалыптасқан бітімі. «Әдет-ғұрып», «салт-дәстүр» ұғымдары Р. ұғымымен тығыз байланысты. Р-ды, оның мәнін анықтау күрделі мәселе болып табы- лады. Сондықтан оның көптеген анықтамалары бар. Зерттеушілердің басым көпшілігі Р. анықтама бергенде, оны діни жүріс-тұрысты білдіретін катего- рия ретінде түсінуден бастайды. Мыс., Дюркгейм Р. – бұл «адам өзін қасиетті объектілермен қатынаста қалай ұстауы керектігін айқындайтын жүріс-тұрыс ережелері» – деп санайды. Дюркгейм Р. тыйым салынған объектілермен байланыстарын – негативті, ал құрбандық шалу, ата-баба аруағына табы- ну, күнәсін өтеу сияқтылармен байланыстыларын – позитивті деп бөлетін Р-дың сұрыптамасын жасады. Ол Р. әлеуметтік қызметі ұжымдық сезімді күшейту, әлеуметтік бірлікті қолдау деп санады. Осындай анықтамалар Р. адам әрекетінің сакральді (құпия) аймағына (күнделікті тұрмыстан бөлек) жатқызады. Малиновский Р. қатарына тек діни тәжірибені ғана емес, мисти- калық түсініктермен байланысқан магиялық тәжірибені де жатқызды. XIX ғ. – XX ғ. бірінші жартысында Р. зерттеуде Р. мен миф арақатынасы мәселесі үлкен орын алды. Антропологтардың қайсы біреулері Р. алғашқы, ал миф оның тұрақтануы, оны түсіндіру, рационализациялануы деп санаса, (Фрезер, Э. Лич, Робертсон-Смит); ал басқалары миф алғашқы деп санайды (Тайлор, Малиновский, Гуди). Қазір Р. мен мифті бір рәміздің көрініс табуының екі түрлі бітімі деп қарастырады. Олар бір уақытта және өзара байланыста бола- ды. Р. рәмізін француз әлеуметтану мектебінің структуралистік бағытының өкілдері зерттеді. Мыс., К. Леви-Строс структуралық лингвистика тәсілдерін қолдана отырып, Р. «тіл», немесе таңбалық жүйе ретінде зерттеді. Лич Р. «сакральдылық» (құпиялылық) аймағына шығу ретінде қарастырды. Онда күнделікті тұрмыс нормалары өз маңызын жоғалтады. Ол Р-дық актілер мен әдеттегі іс-қимылдардың аражігін ашу өте қиын, өйткені әр қимылдың

практикалық, аспаптық және ритуалдық аспектілері бар деп санайды. Яғни әрбір іс-қимылдың Р-дық өлшемі бар. Э. Гоффман қазіргі кездегі Р. қарастырып, олардан діни табынушылықпен байланысқан өткен уақыттағы Р. сакральдандыру адам тұлғасына да таралғанын, себебі қазір адам тұлғасының өзі қасиетті объектіге айналғанын көреді. Оларды «табиғи ритуалдар» – сәлемдесу, этикет, әңгімелеу, сөйлесу ритуалдары деп атайды. К. Лоренц Р. жүріс-тұрыс үлгілері ретінде қарастырады. Олар негізінен коммуникативтік қызмет, сондай-ақ бақылау, топты біріктіру, мәдени рәміздерді қалыптастыру қызметтерін атқарады. Қазіргі заманғы орыс ғалымы В. Топоров архаикалық Р. табиғатын талдап, Р. – ұжымдық іс-қимылға жатқызады. Ол әу бастан табиғат ырғағының заңдылықтарына бағынған, кейіннен адамдардың алғашқы әлеуметтік топтарының әлеуметтік ырғағын қалыптастырды деген қорытындыға келеді. Р. барлық ұжымдық және қоғамдық жүріс-тұрысты реттейді, оған мән-мағына және мақсаттық сипат береді. Р. әртүрлі қызметтер: діни-құқықтық (мораль, заң, тәртіп), қорғаныс (қауіпсіздік, әскери) және шаруашылық-экономикалық (еңбек) қызметтерін атқарады.

**РОМАНТИЗМ** (франц. *romantisme*) – XVIII ғ. соңы XIX ғ. ортасы аралығында байқалған Батыстың рухани өміріндегі идеялық және көркем қозғалыс. Германияда пайда болып, бүкіл Еуропа мен Ресейге таралды. XIX ғ. басында Еуропада тек Р-лық өнер (Д. Байрон, В. Гюго, В. Жуковский) ғана емес, Р. философия мен эстетикада (ағайынды Шлегельдер, Новалис, Ф. Шеллинг, Гельдерлин, Шлейермахер) қалыптасты. Р. – эстетикаға метафизикалық статус берді. Неміс Р-нің ерекшелігі – тарих идеясын адамзаттық рухани мәдениетінің қалыптасуы тарихы ретінде қарастыру, болашақ пен өткенге үңілу, ал осы шақты – тұрақтанбаған, ретсіз нәрсе деп түсіну. Р. тек идеологияда ғана емес, сондай-ақ сол дәуірдің белгілі бір дүние түйсінуі, дүниені қабылдауы ретінде қоғамдық психологияда да өз көрінісін тапты. Р-лық дүниетүйсінудің мәні – жалған дүниемен оған сай келмейтін жоғары мұрат арасындағы шешілмес қайшылықты мойындау.

**РУССО Жан Жак** (1712–1778) – француз философы, әдебиетші. Р. қоғамдық прогресстің құндылығы, адам табиғатының жетілуі туралы мәселені қойды. Р. қоғамдық прогресс – қарама-қарсы процесс және тұлғалардың мүдделеріне сай келмейді, ал ағартушылықтың дамуы адамзат даналағын арттырмайды деп санайды. Р. пікірінше адам ең алдымен эмоционалды жан. Тіршілік ету – бұл сезіне білу, өйткені жан сезімі парасаттан да жоғары. Тұлғаның өзегі – ұятта, ал ол ой толғауда емес, сезімде көрініс табады. Р. өзінің «Эмиль немесе тәрбиелеу туралы» атты педогогикалық шығармасында біздің барлық түсініктеріміз сыртқы дүниеден бастау алса да оларды бағалайтын (баға беретін) сезім біздің өз бойымызда ұяланады деп



жазады. Жан дүниеден бастау алатын сезімді Р. әрқашан сыртқы ортадан бастау алатын рационалдыққа қарама-қарсы қояды. «Арманшылдың серуені» атты еңбегінде Р. жеке адамның жаттануы мәселесін көтереді. Мәдениеттің жаппай «күйреуін» Р. жаттанудың жеткен шегі деп санайды. Ол бұл картинаны «Жаңа Элоиза» шығармасында суреттейді: Парижде адамдар «танымастай өзгерген, қоғам оларға өз мәндеріне сай келмейтін мәндік сипат дарытқан». Ол барлық әлеуметтік шарттылықтан, көлгірсіген ақылдықтан табиғилыққа, шын сезімге, мәдениеттен табиғатқа «түп бастауларға» қайтып оралуға шақырады. Р. – мұраты өткеннің басты сипаттарын, «табиғи қалыпты» қайта жаңғыртатын болашақ; онда адамдардың мүліктері ортақ, тең болады, саяси сала жойылады. Адамдар ер-кін өмір сүреді, заңдастырылған жеке меншік болмайды, олар бір-біріне тәуелді емес, тек «еркін одақтарға» бірігеді. Мораль қалыптасқанға дейінгі жабайылар осылай өмір сүрген, оларды әлеуметтік өмір бұзбаған. Р. өткенді қайта жаңғырту адам бақытына кепілдік бере алатын мәдениетті табиғаттандыруда деп санайды.

**РУХАНИ БАСТАУЛАР** – а) адам болмысының табиғаты мен оның тұтастығынан, адам дүниесінің тұрлаулы байлығынан, адамның тұрмыс-салттағы болмысының ережелерінен туындайтын төл құндылықтар; ә) адамды Құдайға жақындату, Жаратқан сый еткен байлықты адамзаттың береке-сін келтіруге, мәртебесін көтеруге жарату жолдары; б) әрі-сәріден түңілдіретін ауызбірлік пен өзара ықпалдастықта. Р. б. – адамгершіліктің тұнығында, адамзаттың бітімінде, әлемнің руханият тұрпатында, құдіретке құлшылық етуде. Р-лықтың мұндай шоқтығында шындық пен шымырлық, тазалық пен табандылық, жақсылық пен жарасымдылық астасады; өмірлік кеңістіктің кеңдігі мен үдемелі талпыныстың теңдігі тұрақты ұстанымға айналады; сезім мен сенімнің тереңдігі біртұтастық пен серіктестіктен демеушілік табады; еркіндік пен жігерлілік тұлғалықтың тұрақты табандылығын құрайды. Р. б.-да: а) көзбен көретін бейнелік және ұйып тартатын ұғымдық ағым-дар тоғысты; ә) адамның жасампаз күшінің қайнар көзі ашылды, индивидтің тұлғалық бейнесі жасалынды; б) ішкі және сыртқы агрессияшыл пиғылдың өрісі тарылды; в) өткеннің теріс үдерістерін тоқтатуға болады деген сенім бірте-бірте жалпы ұғым мен қағидатқа айналды. Бейне, ұғым, тіл, мәтіндегі басым да бағдарлы қатынастар үйлестігі, әрі дүниетанымдық маңызы айқын ұстанымдар Р-лықтың негізі мен құндылығын қалыптастырды. Бағдарлы ұстаным психикалық қызметтің түрлерін – түйсіктің, қабылдаудың, көңіл-назардың, естің, түсініктің, ойланудың, қиял-арманның байланыстарын реттеу; қобалжу мен қуаныш барысында адам болмысындағы құдіреттікті іздеу; әлем мен адамның руханият тұрпатын толықтыру; басқа рухани болашағын ескеру. Іргелі ұстанымда – бастама мен бағыт, руханилық негіз болады. Жаңа қағиданың қуаты – оның пәрменділігінде. Ізгі бастаулар адам-дар арасындағы тұтастық пен бірлікті дамытуға ықпалды болып келеді. Тен тұрмыс, әділ әрекет халықтардың өзара ықпалдастығын арттырады, асқақтатады. Р. байлықты қоғамдық болмыстан, қарым-қатынастан бөле-

*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

жара қарауға болмайтынын ұғындырады. Өмірдегі құдіреттілікті іздеу дегеніміз діни төзімсіздікке ұрынбау, әділетсіздікке көнбеу, күш көрсетуге немесе өзінше азып-тозуға берілмеу. Өркениет салтанатын қалыптастыру ісін ойланып, орындайды, ашуды ақылға жеңдіреді. Өмірде реніш те, қуаныш та, бейнет пен рахат та алма-кезек келіп отырады. Сондықтан осындай жағдайларды ескеріп, сабырлы болып, істің артын күту қажет. С-лы кісі басқа түскен ауыртпалықты көтере біледі. Өйтпеген жағдайда оның тез сағы сынып, мойырылып қалуы мүмкін. Адам ізгі тілек, үмітпен ғұмыр кешеді, оның кеудесінен үміт оты өшпейді. Қанағат пен ынсап С-дан қолдау табады. С. адамды жауапкершілік сезімге тәрбиелейді. Жеңілтек, ұшқалақ адам сабырсыз келеді, ол орынсыз күйіп-піседі, өзін демде отқа да, суға да тастайды, қайғы-қасіретке салынады, ұнжырғасы түсіп кетеді, тез сағы сынады, кейде бостан-босқа абыржып, арамтер болады, өз ерік-жігерін билей алмай әуре-сарсаңға салынып, орынсыз ашуланып, қызба, жеңілтек мінез көрсетеді.

**Әдебиет: Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова ж. т. б. – Алматы, 2007.**

### **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде жасалған. Онда ұлтымыздың жаңа тарихи даму кезеңінің негізгі мақсаттары көрсетілген, атап айтқанда: рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау және ұлғайту, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену. Осы мақсаттарға жету жолына бағытталған жобалар бағдарламада толық көрсетілген.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне біртіндеп, кезең-кезеңмен көшуі туралы жобасы тіліміздің дамуына жаңа импульс беріп, оны әлемдік кеңістікке шығаруға, сөйтіп халықты тілімізді толық меңгеруге ынталандыруға арналған. Ал 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне толық көшетін боламыз: осы уақыттан бастап барлық жазбаша дүниелер – БАҚ беттеріндегі жарияланымдардан бастап, кеңселік іс қағаздарын толтыруға дейін тек қана латын тілінде жүргізілетін болады. Оған дейін ақырын үйреніп, кириллицадан латынға біртіндеп өтетін боламыз.

«Қазақ тілінде 100 жаңа оқулық» жобасы жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік беруге, білім сапасын арттыруға және ұлттың өзіндік сана-сезімі мен оның тілін дамытуға бағытталған. Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық». Міне, осы шектіліктен арылу үшін, тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология саласы бойынша әлемнің ең үздік 100 оқулығын қазақ тіліне аудару ұсынылып отыр. Бұл бағдарламаның нәтижесі 5-6 жылдан кейін – кітаптар студенттердің қолына тигеннен кейін өз жемісін бере бастайды, сол кезде отандық жоғары оқу орындарының түлектері халықаралық еңбек нарығында бәсекеге төтеп бере алатын болады деп күтілуде.

«Қазақстанның 100 жаңа есімдері» атты жобасы еліміздің түкпір-түкпірінен әртүрлі жастағы және әртүрлі ұлттардың өкілдері арасынан жоғары жетістіктерге жетіп, отандастарына үлгі боларлық тұлғаларды дүйім жұртқа таныстырады. Осы

жобаға енетін 100 жаңа есім қазіргі Қазақстанның бетке ұстар бейнесі ретінде алынады.

«Қазақстанның киелі географиясы» атты жоба еліміздің тарихи-мәдени және символикалық киелі негіздеріне сүйенеді. Бұл жобаға жататын қасиетті орындар – елде туризм индустриясын дамытуға, сөйтіп халықты киелі жерлерге тартуға арналады. Сонымен қатар Елбасы өз мақаласында республикада жаппай спортты дамыту мәселелеріне де көбірек көңіл бөледі. Осы орайда аталған «Туған жер» жобасы елдегі әлеуметтік маңызы зор мәселелерді шешуге, азаматтарды өздері тұратын елді мекендерді абаттандырып, өлкені жандандыруға, дамытуға, сөйтіп жалпы қоршаған ортаны қорғауға баулуға бағытталған.

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін шетелге таныстыру жүйесін қолға алуды көздейді. Шын мәнісінде қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті мазмұндық жағынан да, қалыптық жағынан да ілгері дамытуға бағытталған. Осы орайда алдымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шетелдік қауым назарына ұсынылып, 2017 жылы 17–19 қазан күндері UNESCO-ның Париждегі штаб-пәтерінде онымен таныстыру рәсімі өткен болатын. Осы шара аясында шетелдік көрермен қазақстандық мәдениеттің әртүрлі бағыттарымен танысып, көптеген мәдени іс-шараларды тамашалады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы заманауи тәуекелдіктер мен жаһандық талаптарды ескере отырып, ұлттың рухани құндылықтарын жаңғыртуға, сондай-ақ Қазақстанның заманауи әлемдегі басекелік қабілеттілігін арттыруға, ұлттық сәйкестікті сақтауға, азаматтардың мәдени білімін және сана-сезімінің жоғары екендігін дәріптеуге бағытталған. Міне, осы сапалардың барлығы қазақстандықтар сүйенетін негізге, тірекке айналуы тиіс.

«Рухани жаңғырту» бағдарламасы қоғамды шоғырландыруға, зиялы қауым мен жастарды, барлық ұлт өкілдерін Елбасы жариялаған жарқын идеяның айналасына біріктіруге мүмкіндік береді. Бағдарламаның барлық бағыттарын іске енгізу әлеуметтің, ғылыми-эксперттік қауымдастықтардың, азаматтық қоғам өкілдері мен жастардың белсенді түрде атсалысуымен жүзеге асады.

**РУХ.** Қоғамның рухани саласы – ең күрделі, сонымен қатар, бір қарағанда байқалмайтын құбылыс. Біз желдің бар екенін білеміз. Бірақ, ол көзге көрінбейді. Сол сияқты жалпы Р-ты ешкім ешқашанда көрген жоқ. Бірақ, оның бар екеніне ешкім күмәндәнбайды. Егер «Р.» деген ұғымның шыққан тегін қарасақ, онда грек тілінде ол «пневма» – яғни, ауа, тыныс, үрлеу – деген сөздерге жақын, латын тіліндегі «спиритус» – көрінбейтін, жеңіл, тыныс деген сөздерге жақын мағына береді, ал орыстың «дух» деген сөзінің төркіні «дуновение», «дыхание», – деген сөздерге жақын. Дүниеге ең жалпы түрде қарағанда біз материя мен Р-ты ғана табамыз. Олар бір-біріне контрарлы, қарсы, сонымен бірге, бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайды. Ал осы екеуінің қайсысы дүниенің негізінде жатыр деген сұрақ – әрқашанда ашық, жоғарыда көрсеткеніміздей, оған ойшылдар әр-түрлі жауап береді. Болашақта да бұл сұрақ ашық болып қала бермек, өйткені, болмыстың шегіне жеткен негіздерін ашсақ, онда біз құдайлық дәрежеге

көтерілген болар едік. Алайда, адам Құдай емес, ол кеңістік пен уақытта шектелген пенде, ал дүние – шексіз. Сондықтан да көп жағдайда қарапайым адамдар Р-ты дінмен ұштастырып, оның түп-тамырын Құдайдың күш-күдіретімен байланыстырады. Әрине, бұл ғылыми талдауды талап етпейді, оған тек сену керек. Сондықтан да, бүгінгі адамзат қандай білім мен техниканың биік дәрежесінде болғанымен, миллиардтаған адамдар Құдайға сенеді. Бұл сенім оларға күш-қуат беріп, дүниедегі қиындықтарға тойтарыс беруге көмектеседі. Құдайдан адамды өзіне тартып алу үшін, Мефистофель (зұлымдықтың символы) адамға «сен маған жан-дүниенді берсең, мен саған мәңгілік өмір, өлместік берер едім», – депті, дейді Гете Мұндай жағдайда, әрине, адам дене ретінде сақталғанмен, өзінің нағыз адами өзегінен айырылып, зұлым пендеге айналар еді.

Кең түрде алғанда, Р. деп біз адамның психикалық өмірінің ең биік, санамен байланысты оны жетілдіруге, кемеліне келуге итермелейтін, дүние мен қоғамды бірлікке, үндестікке шақырып, осы жолда оны өзгертуге бағытталған көріністерін айтамыз. Р-тың қайнар көзі материалдық дүниенің терең қабаттарына кетеді. Ол заттардың біртұтастығын және бір-бірімен байланыстарын қамтамасыз етіп, оларды жетілуге итермелейтін күш. Уақытында П. де Шарден айтқандай, оны біз молекуланың өз ішкі тартуынан ақ байқауымызға болады. Оны Платон «морфе» (заттың болмыс формасы), Аристотель қайсыбір дененің «энтелехиясы» (оның болмысын анықтайтын ішкі мақсат-мұраты), В.Г. Лейбниц «монада» (көзге көрінбейтін рухани күш), – деп атап кеткен болатын. Егер өлі және тірі табиғатта оның осы ішкі күштері денесінен бөлінбей өмір сүрсе, адам дүниеге келіп, абстрактылық ойлау мүмкіндіктері пайда болысымен-ақ, олар оның санасында бейнеленіп, неше-түрлі категориялар, принциптер, нормалар, идеялар т.с.с. құндылықтарды тудырады. Сонымен, адам – дене және Р. Денесіз рух, рухсыз – дене жоқ. Дүниенің қызығына салынып, Р-ты аяққа басып, я болмаса, Р-ты биік ұстап, дене қажеттіктерімен санаспауға тағы да болмайды. Р-тың негізгі мақсаты – дүниенің бірлігін, үндестігін қамтамасыз ету, оны жетілдіру болғанымен, шынайы өмірде біз бұрмаланған, қирату, бөлу, қарсы қою, жоюға бағытталған Р-ты да байқауымызға болады. Оны халық «зұлым Р.» – дейді. Руханияттыққа келер болсақ, ол өмірді толыққанды безендіру, материя мен Р-ты бір-біріне қарсы қоймай, бірге жетілдіру, үндестікке жеткізу, адам өмірінің жан-жақтылығын, мейлінше бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету.

**Әдебиет: Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: Бастау, 2008.**

**РЫСҚАЛИЕВ Тлекжан Хасенұлы** 1938 жылы 17 желтоқсанда бұрынғы Орал облысы Орда ауданының Азғыр ауылында шаруаның отбасында дүниеге келген. 1957 жылы орта мектепті бітіріп, ауылда еңбек етеді. Кейін әскер қатарында болып, 1962 жылы Киевтің Т. Шевченко атындағы Ленин орденді мемлекеттік университетінің философия факультетіне оқуға түседі. 1968 жылдың қыркүйегінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия және құқық институтында аспирантураға емтихан тапсырып, күндізгі бөлімге оқуға түседі. Аспирантураны бітірген соң, 1971 жылы Алматы медициналық институтының философия

кафедрасына аға оқытушы болып жұмысқа орналасады. 1975 жылы Философия және құқық институтының диссертациялық Кеңесінде «Становление конкретного историзма Гегеля» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Ғылыми жұмысты жалғастыру мақсатында 1978 жылы Философия және құқық институтына аға ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналасады. 1983-1991, 1995-1997 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында (қазір М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) философия, әлеуметтік-гуманитарлық кафедраларының меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1991-1994 жылдары Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының философия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады. 1999 жылы ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Философия және саясаттану институтында «Философия тарихындағы даналық мәселесі» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. 2001 жылы Әлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланады. 2004 жылдан бастап Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде кафедра меңгерушісі, 2006 жылдан бері профессор болып қызмет атқарады. Т.Х.Рысқалиев философияның, соның ішінде қазақ философиясының ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған өзінің мектебін құрды. Республикада бұл салада Т.Х.Рысқалиевтің беделі жоғары. Бұл арада оның жарық көрген екі кітабы туралы айтудың реті келіп тұр. Олар

«Даналық пен түсініктің үлгілері» мен «Философия тарихына шолу» атты кітаптары. Профессор Т.Х.Рысқалиевтің жетекшілігімен бес кандидаттық диссертация қорғалып, қазір де бірнеше шәкірттері ғылыми жұмыстармен шұғылдануда. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін екі рет (1990 және 2006 жылдары) Б.Алтынсарин медалімен марапатталды.

**САНА-СЕЗІМ** (лат. *cum scientia* – санамен бірге) – әрбір адамның өзінің тіршілігін және әрекеттерін сезінуі. Тіршілік ету аз, сол тіршілік етуінді сезсең ғана саналы болғаның. Міне, осы қосарлану арқылы адам табиғат заттарынан бөлінеді. Бұл туралы Гегельдің тамаша анықтамасы бар: «Табиғаттың заттары тура және жалқы түрде тірлік етеді, ал адам болса, ол рух болғандықтан, қос тірлікке иелік етеді. Бір жағынан, ол табиғат заттары сияқты тірлік етеді, бірақ, екінші жағынан, ол өзі үшін де тірлік, өзін өзі зерделеп, өзі туралы ұғым қалыптастырады, өзі туралы ойланады және осы қызметінің арқасында рухқа айналады (Гегель. Эстетика. 1835). Психология тұрғысынан сана бір жағынан жарық сияқты көрінсе (сезінілу дәрежесіне байланысты біздің ойлармыз анық, немесе, анық емес), ал екінші жағынан, ниеттену һәм назар аудару қуатына байланысты. Іс жүзінде сезіну барысы назар аудару күш-қуатын да, ұшқыр қиялды да қажет етеді. С.-с. еске сақтау қабілеті және өз-өзінді қайта тексеру арқылы жүзеге асады. Бұл тұрғыда рефлексивтік сана-сезімнің жандануы үшін, әрекет тоқтатылуға тиіс. Егер адамзат тірлігінің ерекшелігі сол тірлікті сезінуге тәуелді десек, сана-сезім үшін де алдымен тірлік керек. С.-с. екі нұсқада тірлік етеді: тұлғалық және қоғамдық. С.-с. мазмұны адамның қызметі арқылы жүзеге асады. Сондықтан ол ниет пен идея ретінде көрінеді. Идея тек қана білім емес, болашақты

жоспарлау, практикалық әрекетке бағытталған ұғым. Идеяны жүзеге асыру үшін қайрат керек. Мұқтаждық пен қайрат С.-с. маңызды қосындысы. Әлеммен өзара байланысу арқылы адам оған қарым-қатынасын қалыптастырады. Ол үшін тек ой емес, сезім де қажет. Таным адам ішкі әлемінің қосындылары: мұқтаждық, қызығу, сезім, қайрат, еске сақтау қабілеті – бәріне де кірігеді. Осының бәрі адамды өз-өзін сезінуге, өзіндік С.-с. әкеледі. С.-с. зердеден тыс (бейсаналық) нәрселерге де байланысты. Фрейдизмде зердеден тыс нәрселер табанды түрде санаға қарсы қойылып, адам ғұмырындағы ең маңызды нәрсе деп тұжырымдалады. Бірақ С.-с. басты деп санайтын өзге де көзқарас бар. Зердеден тыс нәрсені санадан бөліп тастауға болмайды. Ол сана қызметінің жемісі. Бұрын санада бар нәрсе зердеден тыс нәрсеге көшеді. Сонымен бірге, адам психикасының тереңіндегі зердеден тыс нәрселер қайтадан С.-с. айналуы мүмкін.

**Әдебиет:** Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова және т. б. – Алматы, 2007.

**САНСАРА** (санскр. *sansara* – шыр айналу, айналып оралу, иірім) – үнді философиясы мен дінінің (индуизм, буддизм, жайнизм) негізгі концепцияларының бірі. С. бойынша тіршіліктің түрлерінің бәрі бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне айналу мүмкіншілігіне ие. С-ны мәңгілік қайта айналып келіп отыру идеясын жеткізетін ұғым деуге болады. Үнемі өзгеріске ұшырап отыратын әлемде заттардың негізі, мәні ешқашан жойылмайды, тек бір түрден екінші түрге ұдайы өтіп отырады. С. концепциясы бойынша өлім өмірге қарсы қойылған зауал емес, өлім – өмірдің басқа түрлеріне өту жолы.

**Әдебиет:** Бәшем А.Л. Чудо, которым была Индия. – М., 1977. Неру Д. Открытие Индии. – М., 1989.

**САНТАЯНА Дж.** (1963–1952) – тегі испандық американ философ-жазушысы, сыни реализм өкілі. С-ның көзқарастарын Э. Гуссерль феноменологиясына жақындастыратын позициялардың бірі, оның шындық ақиқатын іздестірудегі «түбегейлі скептицизмі». Э. Гуссерльдің феноменологиялық редукционизміне келіңкірейтін «түбегейлі скептицизм» арқылы С. ақиқаттығы күдік тудырмайтын шындықты – «мән патшалығын» немесе Платонша «идеялар әлемін» негіздейді. С-ның түсінуі бойынша мәндер әлемі әркім үшін жеке дара, өзіндік ерекшелікті әлем. Сондықтан да С. өзінің философиясының негізгі категориялары ретінде шынайы және жалған болмыс категорияларын алады. Эмпирикалық заттар әлемін С. «хайуандық сенімге» негізделген жалған болмыс деп таниды да шынайы болмысты «алогикалық», «қисынсыз», «бейберекет» өмірден емес, мәндер әлемінен, шынайы құндылықтар мен моральдық нормалар әлемінен табады. Нақты шындықты «жалған, үмітсіз, мәнсіз, абсурдты, сүрең» деп анықтайтын С. үшін өмірден безіну, эскапизм (ағылш. «escape» – безіну, қашу) тән. С. болмыстың метафизикалық жүйесін құрды, эстетика, мәдениет және әдебиет саласында көптеген ізденістер жүргізді. Поэзия, дін мен өнерді

*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

адам іс-әрекетінің ең биік шыңы деп тапқан С. оларды күнделікті күйбең тіршілік қажеттілігіне ғана бағышталған ғылым-техника әлеміне қарсы қояды, сөйтіп «рух аристократиясын» жақтайды. Философияның мәнін әлемді теориялық тұрғыдан түсіндіруден гөрі әлемге деген моральдық – эстетикалық қатынасты қалыптастыруынан іздеу керек деп түсінген С. өз шығармаларының көбін шынайы адами құндылықтарға арнайды. Мыс., «Болмыс әлемдері» (1927) атты шығармасында С. моральдың үш деңгейін көрсетеді – ақыл-ойға дейінгі, ақыл-ойдан кейінгі және рационалды. Ақыл-ойға дейінгі мораль күйінде адамзат хайуани соқыр сенім ырқы-нан босай алмайды, сондықтан да өмір түгелдей дерлік табиғилық жағдайда өтеді. Рационалды мораль тұрмыста өзінің жеткіліксіздігін сездіреді. Ал пострационалды мораль деңгейінде ғана рух өзінің шынайы бостандығына ие болып, ізгілік, әсемдік пен жоғары құндылықтарды қалыптастыра алады. Маңызды құндылықтар қатарына поэзия мен дінді қойған С. олардың күнделікті өмір мен шындыққа «үш қайнаса сорпасы қосылмайды» деп біледі, өйткені поэзия мен дін адам рухының тереңінен туындайды әрі сол таңғажайып терең руханиятты танытады. С. бақытты рухтың тәннен, дүниеден және білімнен тыс болуымен байланыстырады. Әлеуметтік тақырыпқа жазылған «Үстемдік пен билік» (1951) атты еңбегінде С. қоғамның дамуын өзін-өзі сақтау, материалдық игіліктерге ұмтылу сияқты инстинктермен түсіндіреді. Өзінің ізбасарларынан тұратын дәс-түрлі түрдегі филос. мектебі болмаған күнде де С-ның шығарм.-ы әлі күнге дейін көптеген ой ізденістеріне арқау болып келеді.

**Әдебиет:** Юлина Н.С. *Философия Дж. Сантаяны и американский реализм // Современный объективный идеализм.* – М., 1963; Луканов Д.М. *Дж. Сантаяна и экзистенциализм // Вопросы философии.* – М., 1981. 7 с.

**САТР Ж.П.** (1905–1980) – француз философы, жазушы, атеистік экзистенциализмнің негізін салушылардың бірі. С.-дың филос. көзқарастарының қалыптасуына феноменология мен экзистенциализм ерекше ықпал етті. Сондықтан да оның шығарм.-нда С. Кьеркегор, З. Фрейд, Э. Гуссерль, М. Хайдеггердің алатын орны зор. С. экзистенциалистік гуманизм қағидаларын қалыптастыруды өзіндік мақсат деп таныған, сондықтан да оның шығармаларының орталық мәселелері қашанда адаммен, оның әлемге, басқа да өзі сияқты жандарға, құдайға деген қатынасымен байланысты. Экзистенциализмнің «тіршілік (экзистенция) мәннен бұрын тұрады» деген негізгі идеясын бетке ұстаған С. адам тіршілігін шынайы болмыс деп түсінеді. «Адам субъективтілігі әлемінен, адамның өзіндік әлемінен басқа еш әлем жоқ», – дейді С. «Экзистенциализм дегеніміз гуманизм» атты шығармасында. Адами шындықта болмыстың үш көрініс түрі бар: «өзіндік болмыс», «өзі-үшін – болмыс» және «басқа-үшін – болмыс». Осылардың үшеуі де өмір сүрудің қарапайым нақтылығын құрастырады, тек абстрактілі түрде ғана ажыратылады. Адам тіршілігі, яғни экзистенциясы рационалды тануға келмейді, сондықтан да ол ешқашан зерттеу объектісі бола алмайды да, өйткені ол, біріншіден, өзіндік біртуар жеке даралық, сол себепті жалпы мәнділікке ұмтылмайды; екіншіден, экзистенция – біздің әрқайсымыз, өзіміз. Экзистенция күнделікті өмірдің сезімі мен тілегінен, сенімі мен

қаупінен, тәжірибесі мен үмітінен, қамы мен мұқтажынан құралады. Олай болса, экзистенцияға біз ғылымда қалыптасқан дәстүрлі объективтілік тұрғысынан қарай алмаймыз, оған өнерге жақын суреттеу әдісі ғана лайық келеді. Сондықтан болар С. өзінің көзқарасын жүйелі филос. трактаттар арқылы ғана емес, көркем шығарм. туындылары – романдар, пьесалар, эсселер және т. б. арқылы жеткізуге тырысты. Тіршілік онтологиялық тұрғыдан алғашқы болып табылған күнде тіршілік өзін жоқтан бар етеді, жоқтан жасайды. Адам мәнсіз әлемге лақтырылып жіберілген, әуелде ол ешкім де еш нәрсе де емес. Адам өмір сүре бастағаннан кейін ғана өзі туралы, өмір туралы, басқалар туралы түсінік құрады, келешекке ұмсынады, өзін-өзі жобалайды. Адам, ең алдымен, жоба, «өзі-үшін – болмыс», тек содан кейін ғана сол жобаны жүзеге асыру немесе асырмау, қол жеткізу немесе қол жеткізбеу. Сонымен адам өз мәнін өзі жасайтын тіршілік иесі болып шықты, ендеше өзімен болып жатқан жағдайлардың барлығы үшін адамның жеке басы ғана жауапты. Адамға таңдау еркі жазылған. Әрбір адам өзінің қандай болатындығын әрбір іс-әрекетімен, әрбір тілек талабымен анықтап отырады. Өмір сүру дегеніміз адамдардың біріккен тіршілік болмысы. С. да басқа экзистенциалистер сынды жеке экзистенцияның «басқаларға» салыстырмалы түрде тәуелді екенін мойындайды. Бұл мәселені шиеленістіре түскен С. «Басқаны» тұлға болмысының «бас ауыртарлық» сұрағы деп біледі. Менің «басқа үшін-болмысым» менің «өзім-үшін – болмысыммен» кереғар келіп, қақтығыс көзіне айналады деп түсінеді С. осы тұста ол адамдар арасындағы қарым-қатынастың гегельдік «үстемдік ету және бағыну» моделін келтіреді. «Басқаға» деген қатынас қашанда басқаның көз алдында өз басыңды еркін мойындатудан тұрады деп ұғынады С. үстемдік көрсету позициясы адамның жобаларының жобасы, іргетасы – «құдай болу тілегінен», өзіне-өзі жеткілікті «өзі-үшін – болмыс» күйіне талпынудан туындайды деп көрсетеді С. бостандық пен таңдау еркін иемденген адам үшін жауапкершілік мәселесі өте маңызды. Адам тек қана өз болмысы үшін емес, сонымен қатар әлем үшін, ондағы болып жатқан оқиғалар үшін өзінің ойымен, сөзімен, іс-әрекетімен, тілек-талпынысымен жауапкершілікті.

«Адам еркін болуға келгендіктен әлем тауқыметінің бәрін өз арқасымен көтереді», – дейді С. С-дың филос. және көркем әдебиеттік шығармалары жеке тұлғаның қадір-қасиеті, құндылығы, шығарм. мүмкіншілігі туралы көп сөз қозғайды. Саяси көзқарастары жағынан С. демократизм, марксизм, волонтаризм эклектикасын құрайды.

**Әдебиет:** Сартр Ж.П. Слова. – М., 1966; Сартр Ж.П. Пьесы. – М., 1967; Сартр Ж.П. Экзистенциализм – это гуманизм // Сумерки богов. – М., 1989; Сартр Ж.П. // Әлуметтік философия. – А., 1997; Кузнецов В.Н. Ж.П. Сартр и экзистенциализм. – М., 1970; Киссель М.А. Философская эволюция Ж.П. Сартра. – М., 1976; Ж.П. Сартр. Первичное отношение к другому: любовь, язык, мазохизм // Проблема человека в западной философии. – М., 1988.



*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

жылында мұғалімдік қызмет атқарды. 1961 жылы Қазақтың С.М. Киров атындағы Мемлекеттік Университетін физика мамандығы бойынша тәмамдап, Қаз ССР Ғылым Академиясының Философия және құқық институтына қызметке барады. 1970 жылы кандидаттық, 1990 жылы докторлық диссертация қорғаған, 1994 жылы профессор атағын иеленеді. 300-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және аудармашылық еңбектер жазған. Ғалым 20-дан аса жеке және ұжымдық монографиялардың авторы. М.Сәбит философия саласында 4 ғылым докторын, 15 ғылым кандидатын даярлаған. Ғылым бойынша мемлекеттік сыйлықтың иегері (1984). ҚР әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. Ы.Алтынсарин атындағы және «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Диалектикалық логика, ғылым философиясы, онтология және таным теориясы саласы бойынша көптеген зерттеулер жасады. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді қатысып, философия мен қоғамдық ой сериясының салалық редакция мүшесі ретінде бірнеше томдарға ғылыми редактор және аудармашы ретінде еңбек сіңірді.

Сәбит Мұраттың біраз еңбектері тәуелсіздік кезеңінде туындаған кейбір мәселелерді (соның ішінде, мысалы, тіл мәселесін), қазақ халқының мүдделері мен болашағына орай қазіргі мәдениеттің, ғылым мен білімнің дамуына қатысты өзекті ойларды қозғады. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің Философия және ғылым әдіснамасы кафедрасының меңгерушісі болған кезінде ғалым көптеген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың ұйымдастырушысы болды.

**Сәбит Мұраттың негізгі ғылыми еңбектері: Принцип противоречия в современной науке. Алматы, 1976., Роль категории «идея» в научном познании. Алматы, 1978., Логико-гносеологический анализ науки. Алматы, 1990. (бірге авторлықта орындалған) және т.б.**

**СӘРСЕНБАЕВА ЗӘУРЕ НҮРҰЛЛАҚЫЗЫ** - 1953 жылы Орал қаласында дүниеге келген. С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің философия факультетін 1976 бітірген соң Қаз КСР ҒА-ның Философия және құқық институтында (қазіргі кезеңде философия, саясаттану және дінтану институтында) 2017 жылы дүниеден өткенше табысты қызмет атқарды. Зәуре Нұрұллақызы 2003 жылы философия ғылымдарының докторы атанды және ол әкесі профессор, философия ғылымдарының докторы, философия факультетінің деканы болған, қоғамдағы дәстүрлер мәселесін ғылыми талдаумен айналысқан Сәрсенбаев Нұрұлланың тәрбиесін алған және ізін жалғастырғаны белгілі. З. Сәрсенбаева Ұлттық және ұлтаралық қатынастарды зерттеу Орталығында 1988-1994 жылдары қызмет атқарып, өмірбаянында шығармашылық жолын ұлтаралық қатынастарды зерделеуге арнады. Ол құндылықтар мәселесіне үлкен көңіл бөліп, елімізде аксиология саласында қомақты теориялық еңбектерді жазып қалдырды. Бірнеше рет осы бағытта ғылыми-зерттеу жобаларының жетекшісі болды және ұжымдық монографияларды жарыққа шығарды. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, «Қазақстан ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» құрметті төсбелгісінің

иегері (2014) атанды.

Сәрсенбаева Зәуре Нұрұллақызы 100-ден аса ғылыми мақалалары мен жеке және ұжымдық монографияларды өзінен кейін ғылыми мұра ретінде қалдырды, солардың ішіндегі маңызды еңбектері: *Этнос и ценности*. - Алматы, 2009.- 364с.; *Этнос және құндылықтар*. – Алматы, 2018. - 306б.

**СЕГІЗБАЕВ Ораз Аманғалиұлы** (1929–2006) философия ғылымдарының докторы, профессор. 1929 ж. Қызылорда қаласында дүниеге келді. 1951 ж. М.С. Киров атындағы ҚазМУ-дің тарих факультетін тәмамдайды. Аталмыш университетте 1956–1959 жж. аға оқытушы, 1959–1963 жж. философия кафедрасының доценті, 1968–1976 жж. философия және экономика факультетінің деканы, 1977–1980 жж. философия тарихы кафедрасының доценті, 1980–1982 жж. жаратылыстану факультеттеріндегі философия кафедрасының профессоры, 1982–1986 жж. этика, эстетика және ғылыми атеизм кафедрасының меңгерушісі, 1986–1995 жж. әлеуметтік таным философиясы мен методологиясы кафедрасының меңгерушісі, профессоры және 1995 ж. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің ғылым философиясы мен методологиясы кафедрасының профессоры қызметтерін атқарды. 4 ғылым докторлары мен 19 ғылым кандидаттарын дайындады. Ғалым өзінің шығармашылығында қазақ халқының философиялық ойын зерделеуге көптеген еңбектер жазды.

**Негізгі еңбектері:** «Традиции свободомыслия и атеизма в духовной культуре казахского народа» (1973), «Исследователь, мыслитель» (1974), «Казахская философия XV – начала XX века» (1996) және т. б.

**СЕЙТАХМЕТОВ Нұрлан Қадырұлы** (1950–2009) – философия ғылымдарының докторы, профессор. ҚР Ұлттық Ғылым Академиясында, Жоғары партия мектебінде, Абай атындағы ҚазҰПУ-да, Абылайхан атындағы ҚазМХҚХТУ-да, ҚазМемПУ-де қызмет атқарды. Ол өзінің саналы ғұмырын қазақстандық философиялық мектебінің тұлға философиясы деп аталатын жаңа бағытын негіздеуге арнады. Оның терең айналысқан саласы философия тарихы, оның ішінде немістің классикалық философиясы болып табылады. Ол сонымен қатар әлеуметтік философия және мәдениеттану саласының білікті маманы болатын. Өзінің ғылыми жұмыстарын шәкірттерге дәріс берумен сабақтастырды. 2007 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына иеленіп, грант арқылы Германия жерінде болып қайтты және соның нәтижесінде «Герман идеализмінің тұлғалық мағынасы» деген іргелі еңбек пайда болды. Н. Сейтахметов философиялық ақиқаттың қайнар көздерін анықтаумен айналысты, философияға тән адамгершілік негіздерді айқындады. Ол көптеген халықаралық деңгейдегі ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, философиялық шығармашылықтың болмыстық мағынасын анықтаумен айналысты. Оның жарық көрген көрнекті жеке және ұжымдық еңбектерінің қатарына «Диалектика свободы как творчество», «Личностный смысл

философской культуры»,

«Общение и личность», «Нравственный смысл германского идеализма», «Полисемантические и социально-философские контексты формирования толерантного сознания» және т. б. шығармалар жатады.

**СЕНІМ** – білімге негізделмесе де белгілі бір құбылыстың ақиқаттығына илану. Мәдениет тарихында С. деп әртүрлі құбылыстар, теориялар мен ойдан шығарылған таңғажайып жағдайларды ешбір дәлелдеусіз, шындық деп қабыл алуды атайды. Табиғаттан тыс күштерге көзсіз С. кез келген діннің құрамдас бөлігі болып табылады. Күнделікті қарым-қатнаста С. деп әлі теориялық жағынан да, тәжірибе жүзінде де дәлелденбеген ғылыми болжамдарға күдіксіз қарауды айтады.

**Әдебиет:** Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова және т. б. – Алматы, 2007.

**СЕКУЛЯРИЗАЦИЯ** (лат. *saecularis* – діни емес, кәдімгі өмір тіршілігі; зайырлы) – бастапқыда діни ұйымдардың жеке меншігінің, яғни шіркеулік жерлердің және мүліктердің мемлекет тарапына өту үдерісін білдіретін ұғым ретінде пайдаланылып келді. Осы аталған мағынасында С. көне уақыттан бастап орын алған болатын, өйткені дін иелері мен діни ұйымдардың шектен тыс пайда тауып, баюы көптеген зайырлы билік иелеріне жағымсыз болып көрінетін. Мыс., Көне Мысырда Аменхотеп IV перғауын (фараон) тұсында осындай үдерістер орын алған. XIX ғ-дың соңынан бастап батыс әлеуметтануында С. жалпы қоғамның діни және шіркеулік институттардың құрсауынан босануы деп түсіндіріледі. Яғни С.-діни институттардың әлеуметтік функцияларын шектеу, шіркеудің мемлекеттен шеттетілуі, білім беру жүйесін шіркеуден ажырату, ақыр аяғында осы шаралардың нәтижесінде діни көзқарастарды қоғамдық санадан ығыстырып, оның орнын ғылыми дүниетаныммен толықтыруды айтады. С.-ның мағыналық синонимі десакрализация (сөзбе сөз аударсақ – қасиеттен айыру, қасиетсіздендіру).

**Әдебиет:** Религия и церковь в современную эпоху. – М., 1976.

**СЕМАНТИКА** (грек. белгілеуші, білдіруші) – семиотиканың түрлі белгілік формалардың мәні мен мағынасын зерттеуге арналған бөлігі. С-ны семиотиканың өзіндік дербес бөлігі деп қарастыру Ч.У. Морристің ізденістерімен тікелей байланысты жүзеге асты. С. мағына теориясы мен референция теориясына бөліп қарастырылады. Мағына теориясында белгінің тілдегі ұғыммен байланысы (сигнификация – белгілену) қарастырылса, референция теориясында белгінің тілден тысқары шындыққа қатынасы (десигнация, немесе референция) тұжырымдалады. Лингвистикаға С. терминін XIX ғ-дың соңында М. Бреаль енгізді. Ол тілдік белгілердің мағынасының тарихи даму барысындағы өзгерістерге ұшырауын зерттей келе С. ұғымын енгізуді жөн деп тапты. С-ны логиканың бір саласы деп те қарастырады. Логикалық С. XIX ғ-дың соңы – XX ғ-дың басында меңгеріле бастады. С-ның логика саласында қарастыратын басты мәселесі – жалпылогикалық ортақ ұғымдардың мағынасы қандай, ол ұғым нені түсіндіреді деген сұрақтар С. мәселелерімен Дж. С. Милль, Г. Фреге,

Б. Рассел көп айналысты. Осылардың ішінде әсіресе Г. Фрегенің шығарм. ізденістері С-лық зерттеулердің биік белесі болып табылады.

**СЕМИОЛОГИЯ** – семиотика терминімен қатар қолданылатын термин. Ол тіл теориясын және оның басқа да белгілер жүйесімен байланысын білдіреді. С. терминін Ф. де Соссюр енгізген болатын. С-ны дамытуға Р. Барттың шығармалары көп әсер етті. Олардың түсіндіруі бойынша ақпарат алмасудың табиғи тілден басқа да көптеген белгілер жүйесі бар. Мәдениеттің алуан түрлі бөліктерінің әрқайсысы өзіндік бір тілдік жүйе деп танылуға құқы бар. Тағам, азық-түлік, киім-кешектен бастап әдебиет, кино, архитектура және т. б. – мәдениеттің тілдік жүйелері болып табылады. Мәдениеттің өзін де метатіл деп тануға болады, өйткені мәдениетті таңба-белгіден тысқары, яғни тілдік-белгілік жүйелерден бөлек қарастыруға болмайды. Адам әлемі – таңбалық әлем, адам болмысы – таңба-белгі болмысы. С. мәселелері тікелей мәдениет семиотикасымен де байланысты.

**СЕМИОТИКА** (греч. *semeion* – белгі) – белгілер жүйесінің (табиғи тілдің, жасанды тілдің, әртүрлі белгілік коммуникация мен адамдар және жануарлар әлемінде қалыптасқан сигналдық жүйелердің, компьютерлік бағдарламалардың т. б.) қасиеттерін зерттейтін филос.-теориялық ғылыми бағыт. С. XX ғ-да дүниеге келген кибернетика, құрылымдық поэтика, мәдениеттану, виртуалистика сынды пәнаралық күрделі ғылымдарға жатады. С.-ның дінгегін белгі ұғымы құрайды. Белгі деп белгілер жүйесінің немесе белгілі бір ақпарат тасушы тілдің өлшемдік бірлігін айтады. С. термині алғаш рет Дж. Локктың «Адам ақыл-парасаты жайында» атты еңбегінде белгілер туралы жалпы ғылым мағынасында пайдаланылған болатын. С.-ның негізгі принциптерін алғашқылардың бірі болып американ логигі Ч.С. Пирс қалыптастырды. Ол 1967 жылдың өзінде-ақ белгілердің алғашқы классификациясын жасамақшы болған еді. Сөйтіп ол бүкіл өмірін белгілер жүйесінің мәнін ашып, олардың өзара ерекшеліктерін анықтауға жұмсады. XX ғ-да С. құрылымдық лингвистиканың негізін қалаған Ф. де Соссюрдің ықпалымен лингвистикалық бағыт алды. Бұл үдеріске даниялық құрылымдық лингвистиканың көне бастаушысы Луи Ельмслев пен американдық философ Чарльз Моррис те үлкен ықпал етті. 1960 – 70 ж-да С.-ның ірі мектебі қалыптасты: франциялық (Клод Леви-Строс, Альгирдас Греймас, Цветан Тодоров, Ролан Барт, Юлия Кристева) және мәскеулік-тартулық (Ю.М. Лотман, З.Г. Минц, И.А. Чернов – Тартудан; В.Н. Топоров, Вяч. Вс. Иванов, Б.А. Успенский, И.И. Ревзин – Мәскеуден). С.-ның үш құрылымдық бөлігі бар. Олар: 1) синтактика – белгілердің бір-бірімен қатынасын зерттейді; 2) семантика – белгі мен оның білдіретін мағынасы арасындағы қатынасты анықтайды; 3) прагматика – белгінің сол белгіні жіберуші, қабыл алушы және белгілік іс-әрекет аясымен байланысын түсіндіреді. XX ғ-да С. жұртшылыққа кең танымал, көп ізденістерге жол ашқан ірі де күрделі пәнге айналды. Мәдениеттің көп салаларының бәрін



де, тіпті мәдениеттің өзін де (метатіл) тіл ретінде қарастыру әбден мүмкін болғандықтан оларды белгілер жүйесі деп танып, оларға өзіндік семантика беру нәтижесінде әдебиет С-сы, шахмат С-сы, жарнама С-сы, кино С-сы, музыка С-сы, мода С-сы, мәдениет С-сы және т.с.с. пайда болды. Орыс мәдениеттанулық мектептерінің қалыптасу барысында С-лық ізденістердің тигізген әсері зор. Мыс., орыс С-ның ірі тұлғасы тартулық Ю.М. Лотманның орыс әдебиеті мен орыс тұрмыс салтының С-на арналған еңбектері шынайы философиялық ізденістер де болып табылады.

**СЕПИР Эдуард** (1884–1939) – американдық этнолог, лингвист, философ; жалпы тілтану мәселелерімен, америкалық үндістердің тілі мен мәдениетін зерттеумен айналысқан ғалым. Ол мәдениетті салааралық деңгейде зерттеудің маңыздылығын ашып көрсете білген зерттеуші. Оның еңбектерінде тілдің әлем туралы көзқарастардың, дүниетанымның қалыптасуына тигізетін әсері туралы көп айтылады. Ол жазба тілі дамымаған халықтар мәдениетінің маңызын жоққа шығаратын концепцияларға қарсы шығып, тосқауыл қоя білген ғалым. С. тілді салт-дәстүр, фольклор аясында қарастырған, сөйтіп тілді мәдениет феномені ретінде барынша толық, жан-жақты зерттеген.

**Шығ.: Сепир Э. Язык: Введение в изучение речи. – Л.-М., 1934; Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М., 1993.**

**СИМВОЛИЗМ** (грек. *symbol* – белгі) – модернизмнің алғашқы көркем-әдеби бағыты. Ол XIX ғ-дың соңғы ширегі мен XX ғ-дың басында Еуропада, кейіннен басқа да жерлерде әдебиет пен өнер салаларында өріс алды. С-ның алғашқы отаны – Франция. С. эстетикасының негіздерін Поль Верлен, Артур Рэмбо, Стефан Малларме қалаған болатын. С. позитивистік көркем идеология – натурализмнің дағдарысына жауап ретінде пайда болды. С. өзі қатарлас идеалистік философиялық ағымдардың ықпалынан аулақ жатқан жоқ. Сол кезең философиясындағы күнделікті күйбең тір-шілік шындығының жалғандығы, құр бос күйгелектілігі және шынайы, бұлжымас, мәңгілік құндылықтардың трансцендентті әлемі туралы көзқарастар С – нен өзінің көркем көрінісін тапты. Сондықтан да С. сезімдік қабылдау шеңберімен шектелмеген жоғары шындық, жоғары ақиқат әлемін іздестіреді. Күнделіктіліктен жоғары жатқан шынайы құндылықтарды танытудың пәрменді құралы – поэтикалық рәміз (символ) деп таныған символистер үшін алыстағы шалғай сырды тек интуиция арқылы сезіну мүмкін болып көрінді. С-нің философиялық идеологиясы – платонизм, қосәлемділік: «идеялар әлемі» және «заттар әлемі». С. ағымында жазылған шығармалар шындықтан гөрі мистикаға, ақылға түсініксіз таңғажайып құбылыстарға, жұмбаққа жақын. Символистік шығармаларға құндылықтық рәміздер, астарлы сөздер, жалпылауыш ассоциациялар тән. С. принциптері М. Метерлинк, П. Валлеон, Р.М. Рильке шығармаларында көптеп кездеседі. Ресейлік С. орыс ойшылы В.С. Соловьевтың философиясының ықпалымен анықталады. Орыс символистерін әдетте екі топқа: «үлкенге» және «кішіге» бөледі. Үлкендеріне – Д.С. Мережковский, З.Н. Гиппиус, В.Я. Брюсов, К.Д.

Бальмонт, Ф.К. Сологубты жатқызамыз. Ал кішілеріне — А. Блок, А. Белый, Вяч. Иванов, И. Анненскийді тіркейміз. Символистердің түсінуінше, өнердің мәдениеттің басқа салаларымен салыстырғанда өзіндік ерекше, құпия, шалғай сырлы сиқыры бар, сондықтан да өнер өмірді, адамдар іс-әрекетін және дүниетанымын жаңғырта алады. Символистер А. Шопенгауэрдің «қаншама ойшыл болса, соншама өзіндік ерен әлемдер бар» деген тезисіне сүйене отырып, өздерінің рухани өмірінің, ішкі жан дүниесінің кілтін өзіндік тілмен, рәміз-белгілермен сыртқы әлемге жеткізгісі келді. Сондықтан болар символистер арасында біртуарлық, дара стильдік ерекшеліктер көптеп кездеседі. Суретші символистер өзіндік бояулар сөздігін жасап, бояу түсі арқылы өздерінің ішкі көңіл-күйін білдіруге тырысқан. Өйткені символистердің түсінуі бойынша түстің, бояудың суггестивті (сендіруші, иландырушы, мойындаушы) күші бар, сондықтан да бояу түстерінің пайдалану ретінде қарай көрерменді белгілі көңіл күйіне бөлеуге болады. Бояу түсі эмоциялық екпінділікті күшейтеді деген символистер әр түске өзіндік шалғай сырлы, рәміздік мағына бере қараған. Ал символист ақындар үшін поэтикалық мәтін - шынайы өмірдің суреттемесі емес, шалғай сырдың, бұл әлемнен тысқары жатқан құпияның көрінісі. Сондықтан да символист ақындар шығармаларынан мәтін-мифтерді көп кездестіреміз.

**СЕНЕКА Руций Анней** (б.з.б. 4 ж. ш. – б.э. 65 ж.) – римдік стоицизм (стоиктер) өкілі, император Неронның тәрбиешісі және соның үкімі бойынша өзін-өзі өлтірген. С-ның көптеген еңбектері («Луцилиге хаттар» және т. б.) бізге түпнұсқа түрінде жетті. Өз дәуірінің шиеленістерін бейнелеген С. ілімі өте қайшылықты болды. Гр. стоиктерінің пантеизмін сақтай, яғни дүниені материалдық бірлікте және зерделі тұтастықта қарастыра отырып, С. негізінен этикалық-ғибраттық мәселелермен шұғылданады, егер олардың шешімдері дұрыс табылса, оның сөзімен айтқанда, рухтың тыныштығы мен тұнықтығына (Атараксия) қол жетеді ол өзінің, негізінен дарашылдық этикасын қоғам және мемлекет міндеттерімен байланыстыруға тырысты. С. этикасы христиандық идеологияның дүниеге келуіне үлкен ықпалын тигізді.

**СИМУЛАКРУМ** (лат. *simulare* – жалған, өтірік, жасанды) – бұл термин түрлі мағынада қолданылады. Платон философиясында С. – көшірменің көшірмесі, бейнелегеннің бейнесі деген мағынада қолданылады да алғашқы көшірме, алғашқы бейнемен, түпнұсқамен салыстырғанда көшірменің көшірмесі, бейненің бейнесі ретінде шындықтан, яғни шынайы зат бейнесінен алшақтық деп қарастырылады. С. – ойдан шығарылған, қолдан жасалған, яғни нақты шындықтағы затқа «үш қайнаса сорпасы қосылмайтындай» бөлек нәрсе деп анықталады. Бұл С-ның репрезентативті моделі, яғни көшірмеде көшірме жасалған зат идеясының өзінің референт ретінде болуын талап ететін модель. С-ның екінші мағынасын немесе репрезентативті емес моделін Ж. Бодрийар, Ж. Делез және Ж. Дерриданың еңбектерінен кездестіреміз. Олардың түсіндіруінше, С-ның мәні оның референтсіздігінде, яғни көшірмеден көшірме жасалып отырған зат идеясына сай болудың қажет еместігінде, өйткені С. әуелден болмыс-шындықтың құрылымында кездеседі. Олар бар нәрсе, тұрған нәрсе және оны қайта

таныту, қайта көрсету мәселесін керексіз деп табады. Симуляция шындықтың өз бойында бар нәрсе болса, онда түпнұсқа туралы сөз болмаса керек деп түсіндіреді С-ның репрезентативті емес моделін жасаушылар. Солардың бірі – Жан Бодрийар үшін симуляция дегеніміз жасанды қылық көрсету, қылымсу-тәлімсу, жалғандық емес. Олардың арасындағы өзгешелікті Ж. Бодрийар төмендегідей мысалмен түсіндіреді. Мыс., кімде-кім өзін өтірік аурумын десе, онда оның жалған, жасанды қылық көрсеткені. Ал енді кімде-кім өзін ауырмаса да аурумын деп есептесе, ауруды симуляцияласа, онда ол адамның бойынан расында да ауру-дың «шынайы» белгілерін табуға болады. С. объективті процесс емес. Әлгі ауруды симуляциялаған адамды объективті тұрғыдан не науқас, не сау деп қарастыра алмайсың.

«Репрезентация белгі мен шындық арасында эквиваленттілік принципінен басталады, бірақ ол эквиваленттілік – утопия. Дегенмен де сол утопия негізі аксиома ретінде қала береді. Ал С. болса эквиваленттілік принципінің утопиялылығынан басталады, сондықтан да ол белгіні шындықты айқын танытатын құндылық ретінде қарастырмай, оны реверсия (орын ауыстыру, алмастыру) деп түсіндіреді». Шындықтың орнына гипершындықты қою керек дейді Ж. Бодрийар, себебі шындықты тану тіпті де мүмкін емес. Диснейленд – қиял әлемі – С.-ның шынайы моделі. Диснейлендте жүрген адамға одан сыртқары жатқан территорияның бәрі (Лос-Анжелес, АҚШ) – шындық емес, гипершындық болып көрінері рас. Сонымен, біздің шындық ретінде қарастыратын шындығымыздың өзі С.

**СИНКРЕТИЗМ** (грек. *synkretismos* – біріктіру) – «жігі ашылмаған», «біте қайнасқан» деген сөз тіркестерінің синонимі болып табылатын бұл ұғым қандай да болмасын құбылыстың жетілмеген, дамымаған, өзара жіктеле қоймаған бастапқы күйін білдіреді. Бұл ұғым көбінде алғашқы қауымдық немесе архаикалық мәдени кезеңге байланысты көп қолданылады. Өйткені дәл сол мәдени кезеңде мәдениет салаларының жіктелінбеген, дербестелінбегендігін байқаймыз. С-нің мәнін миф, мифологиялық сана өте жақсы анықтайды. Мифтердегі субъект-объектілік қатынастардың жоқтығы, жеке тұлғалық бастаманың көрінбеуі, адамның өзін айналасын қоршаған әлемнен бөліп-жарып қарамауы және т. б. С. көріністері болып табылады. Архаикалық мәдениеттегі ғылымдардың, өнер түрлері мен наным-сенімдердің жіктелінбеген бастапқы біртұтастық күйі – архаикалық мәдениеттің синкреттік сипатын танытады. Сондықтан да мәдениет тарихында зерттеушілер «алғашқы қауымдық С.» деген үлкен кезеңді айқындайды. Адамзат дамуының бұл сатысында қоғамдық өмір өзінің іріктелмегендігімен, біртұтастығымен, бір-бірімен етене тығыз байланыстылығымен сипатталады. Сол мәдени кезеңнің адамдарының дүниетанымындағы С. көріністерін алғашқы наным-сенім түрлерінен: фетишизм, анимизм, тотемизм және т. б. айқын көруге болады. Қазірде бұл терминмен эстетика, өнертану, мәдениеттану саласында әртүрлі өнер түрлерінің элементтерінің бірлестігі айқындалады.

**СКЕПТИЦИЗМ** (гр. *skeptikos* – қарастырушы, зерттеуші, сынаушы) – объективтік шындықты танып-білу мүмкіндігіне шүбә келтіретін филос.



концепция. С-нің ақыры агностицизмге және нигилизмге әкеледі. С. қоғам дамуының барысындағы бұрынғы қоғамдық идеалдардың ескіріп, жаңалары әлі күш ала қоймаған кезеңдерде белең алады. Филос. доктрина ретінде С. антикалық қоғамның тоқырауы тұсында (б.з.б. IV ғ.) бұрынғы филос. жүйелерге реакция түрінде пайда болды. Бұл жүйелер бір-бірімен қайшылыққа түсе отырып сезімдік дүниені ақылгөйлік пайымдар көмегімен түсіндіруге әрекеттенді. Пирронның, Аркесилайдың, Карнеадтың, Энесидемнің, Секст Эмпириктің ілімдерінде С. барынша айқын көрінді. Софистер дәстүрлерінде еліктей отырып, алғашқы скептиктер адамның тану қабілетінің салыстырмалылығын формальды дәлелсіздігін және оның әртүрлі шарттарға өмір жағдайларында, сезім орындарының күйін, дәстүрлер мен әдеттерге және т. б. байланыстылығын баса айтты. Жалпы қабылданған және дәлелденген білімнің мүмкіндігіне шүбә келтіру С-нің этикалық негізі болды. Антикалық скептиктер философияның негізгі көздеген мақсаты болып табылатын жан тыныштығына жету үшін жаңсақ пікірлер айтудан сақ болу керектігін уағыздады. Алайда, олардың өздері талқылаудан бас тартқан жоқ, қайта ақылгөйлік филос. догмаларды сынап, әрі С. пайдасын көздеген жайттар (тропалар деп аталатын) ұсынып, шығармалар жазды. Дегенмен де, С. ортағасырлық идеологияның догматизмін текке шығаруда елеулі рөл атқарды. Монтеньнің, Шарронның, Бейльдің және т. б. еңбектерінде теологиялық аргументтерге шүбә жасалды жеке материализмнің қанат жаюына негіз қаланды. Екінші жағының Паскальдің, Юмның, Канттың және т. б. С-і зерде мүмкіндіктеріне шек қойып, діни сенімге орын берді. Қазіргі философияда С-нің дәстүрлі аргументтерін позитивизм өзінше қабылдап, тікелей тәжірибе жасау арқылы тексерілмейтін болжамдарды, тұжырымдауды, пікірлерді жоққа шығарады. С. философияда таным элементі ретінде мойындалғанмен (күдік, өзара сын және т. б.), филос. концепция деңгейіне дейін абсолюттендірілмейді.

**СЛАВЯНОФИЛЬДЕР** – XIX ғасырдағы орыс қоғамдық ой-пікіріндегі консервативті саяси және діни-философиялық ағымның өкілдері. Ол ағымның өкілдерінің айтуы бойынша Ресейдің Батыс Еуропамен салыстырғанда өзіндік ерекше даму жолы бар деп қарастырылады. Славяншылдықтың негізін қалаушылар – И.В. Киреевский (1806–1856), А.С. Хомяков (1804–1860), К.С. Аксаков (1817–1860), Ю.Ф. Самарин (1819–1876) т. б. С-дің алғашқы идеялары әдебиетте 1839 ж. көрініс тауып, 1940–50 жылдары ары қарай дамыды. С-дің пайда болуына Ресейдің рухани өмірінде «батысшылдық» идеялық ағымның таралуы басты себепкер еді. Славяншылдықтың негізінде орыс мәдениетінің, тарихи дамуының, әлеум.-экономикалық құрылысының өзіндік қасиеттері туралы көзқарастар тұр. С. православиені, қауымдық құрылысты, орыс халқының көнбістік, төзімділік қасиеттерін, таптық жіктелудің шиеленіспегендігін орыс тарихының, орыс дінінің ерекшелігі деп есептейді. С. көп еңбектерінде шынайы ақиқат дін ретінде тек православиені қарастыру керек деген асыра сілтеушілікпен де айналысты. Сөйтіп тіпті православие дініне бас ұратын орыс халқының етегінен ұстаған жағдайда ғана басқа бұратана халықтар болашақтан үміт күте алады деген колониалистік көзқарастарды да кеңінен уағыздап отырды.

Қазан төңкерілісінен кейін (1917 ж.) С. көбінде шет елдерге қоныс теуіп, сондағы орыс эмиграциясының арасында таралды.

**СОПЫЛЫҚ** – Исламда XIII–IX ғасырларда пайда болған діни-мистикалық ілім. Сопылық ілімнің ислам әлемінде кең таралуы Жәми, Руми, әл-Фараби, әл-Ғазали, Хафиз, Омар Хайям секілді исламның классикалық кезеңінің ойшылдарына байланысты. Сопылық ілім адамды жетілдірудің жеке дара діни-мистикалық жүйесі болғасын, онда эзотерикалық сипат басым. Сопылық жолға түсу алдымен ұстаз табудан басталады. Кейін ұстаздың бақылауымен мұрит психофизикалық жаттығуларға көшіп, сопылық танымның ілімдік негіздерін ұғынуға көшеді. Сопылық тәжірибе арқылы күнделікті білімнің сынаржақтылығы әшкереленгесін шәкірт дүниені өзгеше тани бастайды: әртүрлі заттардың, дүниенің төрт бұрыншының қарама-қайшылығы сыдырылып, бірлігі айқындала береді. Бұл бірліктің негізі ретінде сопымен байланысқа түскен Ақиқат көрінеді. Сопылық жолға түскен танымның үш сатысынан өтеді: шарифатты тану, тариқатқа түсу, хақиқатқа жетіп, «фана» болу. Орта Азияға кең тараған Қожа Ахмет Ясауидің ілімі бойынша сопылықтың төртінші сатысы бар,

ол – маарифатқа жету. Христиан дінімен салыстырғанда исламның құдайы тұлғасыз болғандықтан, сопылықта микрокосм макрокосмда жоғалады. Әл-Халладж, әл-Бистамилар өздерін хақпен теңеген. Бірақ сопылық тұрғысынан «фана» буддизмдегідей жолдың ақыры емес, адам жанының мәңгілік ғұмырға көшуі. Сопылық жолының өзге діндермен ұқсастығы оның көп мәдени ықпалдан өтуін айғақтап, көптеген философиялық және танымдық сауалдар туындатады. Қазіргі араб ғалымдары Еуропадағы көптеген рыцарлық, масондық (қасиетті Августин, Ассиздік Франциск, Фома Аквинский, Дунс Скотт және т. б.) христиан философтарын еуропалық сопылық дәстүрге жатқызады. Орта Азиямен Қазақстанда орта ғасырдан бері сопылықтың Ясауи және нақышбандиалар бағыттары таралған.

**Әдебиет:** Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова және т. б. – Алматы, 2007.

**СОРОКИН Питирим .** (1889–1968) – орыс-американ социологы, эсер партия- сының бастушысы. 1920 жылдан бастап Петроград университетінің социо- логия кафедрасының профессоры болған. 1922 ж. эмиграцияға кетіп, 1923 жылдан кейін АҚШ-та өмір сүрген. 1930–59 жылдар аралығында Гарвард университетінің социология факультетінің деканы болған. 1964 жылдан бастап Американдық социол. ассоциацияның төрағасы болған. С-нің шығар- маларының орталық тақырыбы – элеуметтік-мәдени динамика. Оған төрт томдық «Элеуметтік және мәдени динамика» деген еңбек арнаған. С. өз ізденістерінде макросоциологиялық әдісті пайдаланады, сөйтіп мәдениет- тер мен өркениеттерді зерттеудің атомарлы өлшем бірлігі деп қарастырады. С-нің түсінігінде мәдениет мәндік жүйе, ол қоғамды біріктіруші (интегра- циялаушы) құндылықтардан тұрады. С. мәдениет пен өркениетті тепе- тең ұғымдар деп түсінеді, сондықтан да ол мәдениеттер мен өркениеттер- дің 3 түрін қарастырады: сезімдік тип (өмірдің сезімдік бейнелері басым); идеационалды тип (рационалды ойлау басым);

идеалистік тип (таным-ның интуитивтік түрі басым). Бұл 3-типтің бөлініп шығуына идеологиялық бір- тұтастықты қалыптастырушы діни, философиялық, этикалық-эстетикалық мән-мағыналар мен ғылымдағы құндылық – нормалар болып табылады. Идеология өзін материалдық мәдениет заттарында, мәдени тұлғаның іс-әрекетінде жүзеге асырады. Әрбір мәдениеттің өзіндік идеологиясы бола тұра олар өз алдында ең ірі мәдени супержүйелер идеологиясына бағыныштылық танытады. Мәдени супержүйелер идеологиясы, одан туып- дап жатқан принциптер көпшілікке ең ортақ ақиқат болып табылады. Ең шынайы және ақырғы ақиқат, ең басты құндылық неде деген сұраққа беріл- ген үш түрлі жауапқа қарай мәдениеттер, супержүйелер жоғарыда аталған үш түрге бөлінеді. Мәдениет дегеніміз С. үшін әртүрлі құбылыстардың қалай болса солай біріккен қосындысы емес, барлық бөлшектері бір

негізгі принципке бағынышты орналасқан біртұтастық. С. тарихи-мәдени үдерісті жоғарыда аталған мәдениеттің үш типінің бірін бірі алмастырып отыратын циклі деп түсінеді. Қоғамға мәдени қасиет беретін құндылықтар жүйесі адам табиғатының екіжақтылығынан туындайды, себебі адам тек сезінетін ғана емес, сонымен қатар ойлана білетін тіршілік иесі. Осыған байланысты әртүрлі мәдениет құндылықтары, қағидалары қалыптасады. Мәдени-әлеуметтік динамиканың, өзгерістердің маңызды факторы болып доминантты мәдени супержүйенің ыдырауы табылады. Мәдениет типінің түбегейлі өзгеруіне терең күйзелістер, соғыстар, төңкерілістер де әсер етеді. Қазіргі батыс мәдениетінің жай-күйін С. де дағдарыс күйі деп суреттейді. Дегенмен Шпенглер сынды тым пессимистік сарынды алға тартып, бүкіл батыс өркениетін өлімге байламайды. Оның айтуынша еуропалық мәдениет өзінің «сезімдік» типінің дағдарысына ұшырап отыр. Соның нәтижесінде енді идеационалды мәдениетке өтуге алғы шарттар жасалады дейді С.

**Әдебиет: Сорокин П. Социологические теории современности. – М., 1992; Гуревич П.С. Философия культуры. – М., 1995.**

**СОФИОЛОГИЯ** – құдайдың даналығы жайындағы ілімдер жинағы. С. Інжілдің (Библияның) мәтіндеріне, әсіресе Сүлеймен пайғамбардың Даналық кітабына сүйенеді. Б.з.б. бірінші ғасырлардағы гностиктердің ілімі бойынша София дегеніміз жеке тұлға. Ол тарихи даму үдерісінің бір ерен сатысында өз көрінісін табады. Еуропалық мистиктер Беме, Сведенборг, Пордедж және т. б.-лар да Софияны жеке тұлға деп таниды. С. мәселелері ХІХ ғ.-дың соңындағы – ХХ ғ.-дың басындағы орыс діни философтарының (В. Соловьев, П. Флоренский, Н. Бердяев, С. Булгаков және т. б.) шығармаларында кең талқыланады. С.-лық концепцияларға ортақ принциптер төмендегідей: София дегеніміз жеке тұлға. София Мәңгілік әйелдік Нәзіктік (немесе Мәңгілік Пәктік). София платондық идеялар әлеміне жақын, бірақ саналы біртұтас организм. София адам мәдениетінің бастау көзі. Болашақта адамзат Софияның ұжымдық көрінісі – Адамқұдай күйіне өтеді. София Шіркеуімен, Құдайанамен, Періштемен теңестіріледі. София әлемде, бұл дүниеде сұлулық, үйлесімділік, тәртіп және рет арқылы көрінеді.

**СОЦИУМ** (лат. *socium* – ортақ, бірлескен) – адамдардың біршама тұрақты үлкен бірлестігі. Қазақ тілінде кейде «әлеумет» деген ұғым арқылы қолданыс тапқан. Бұл бірлестік мүшелерінің өмір сүру жағдайының ұқсастығына байланысты мәдениеті де бар. С. деп ең кең мағынада түгел бір қоғамды айтуға болады. С-ның түрлеріне: рулық, этникалық, әлеуметтік-таптық және аймақтық бірлестіктерді жатқызуға болады.

**СОКРАТ** (Σωκράτης) (б.д.д. 470–399 ж.ж. төңірегінде) – ежелгі грек философы, даналықтың символы. Афинада тұрған. Батыс философиясы тарихында бірінші болып адам мәселесін философияның негізгі тақырыбына айналдырған. С. ешнәрсе жазып қалдырмаған. Ол туралы деректер Платонның диалогтарынан, Ксенофонт пен Аристотельдің еңбектерінен алынған. Ол деректерге қарағанда С. бүкіл Грекияға өзінің ілімінің ерекшелігінен гөрі өмір сүруінің, ойлау үрдісінің, күнделікті қатынастарда ешкімге ұқсамайтындығымен аты жайылған. Оның өзіндік кәсібі болмаған, ол Афинаның көшелерінде, базарларында, кез келген жерде адамдармен сұхбат құрған. Оның әңгімелері даналыққа жақын, ақиқатты іздеуге байланысты. Ол көбінесе: «Мен ешнәрсе білмейтінімді білемін. Кел екеуіміз сені де, мені де толғандыратын нәрселер туралы әңгімелесейік, сөйтіп ақиқатқа жетерміз», – дейтін. Ол белгілі бір көзқарасты уағыздамаған. Әңгімелерінің барысында сұраққа берілген жауаптардан қайшылықтарды тауып, оның әділеттілік дегеннің не екендігін білмейтіндігін анықтап, алғашқы айтқан тұжырымына қарама-қарсы тұжырымға келуге сұхбаттасушыны мәжбүр етеді. Бұл тәсілді С. майевтика деп атаған. Бұл нағыз диалектикалық метод еді. С. – диалектиканың ойлау мен танымның методы ретінде, яғни субъективті диалектиканың негізін қалаушысы. Сұхбаттарының ішкі әдісі жекеліктен, жалқылықтан жалпылыққа қарай жүру, индукциядан дедукцияға жету, ақиқатты іздеу, ойлау процесі сұрақ-жауап, сұхбат (диалог) ретінде өтеді. Оның негізгі тақырыптары сол кездегі грек, әсіресе Афина, қоғамындағы көкейтесті мәселелер. Ол адам, мемлекет, этикалық-адамгершіліктің негізгі ұғымдарын, категорияларын қамтыған. Адамды С. тек этикалық жағынан қарастырған. Дельфьдағы Аполлонның храмында жазылған «жеті данышпанның» «Өз өзінді таны» ұраны С-тың да ұраны болған. Өте сирек жағдайда ғана С. әңгімелерін құдайлар, ғарыш мәселелеріне арнаған. Аристотельдің сөзіне қарағанда, ол ізгілік, даналық, әділеттілік және т. б. ұғымдарына бірінші рет индуктивті дәлелдемелерді қолданып, жалпы анықтамалар берген. Этикадан ол қатаң рационализмді ұстанған, оның ойынша ізгілік біліммен бара-бар, ізгіліктің не екенін білетін адам жамандық жасамайды. Саяси көзқарастарында ол мемлекеттегі билік ізгі, адамгершілігі мол, әділетті және тәжірибелі азаматтардың қолында болуы керек деген ойды ұстанған.

Философия тарихындағы С-тың рөлі сұхбатты ақиқатты табудың негізгі методы ретінде пайдаланғанында. С-тың көптеген шәкірттері болған, солардың ішіндегі ең танымалысы – Платон. С-ты «жаңа құдайларды уағыздады, жастарды ақиқат жолдан тайдырды» деп жала жауып, сотқа

тартқан. Афиналық сот оны өлім жазасына кеседі, ол кашудан бас тартып, түрмеде у ішіп өлген.

Әдебиет: Платон. Апология Сократа // Сочинения в 3-х томах. Т. 1. – М., 1968. – С. 81–112; Ксенофонт Афинский, Сократич. Соч. – М.-Л., 1935; Лосев А.Ф.

**История античной эстетики. Софисты, Сократ, Платон. – М., 1969; Кессиди Ф.Х. Сократ. – М., 1988.**

**СОЛОВЬЕВ Владимир Сергеевич (1853–1900)** – орыс философы және діни қайраткері, публицист және ақын. Москва ун-тін бітірген (1873). С-тің көзқарасына христиан әдебиеті, сондай-ақ буддизмнің, неоплатонизмнің және басқа діни филос. жүйелердің идеялары елеулі ықпал етті. Ол нем. философиясынан (Биме, Шеллинг, Гегель, Шопенгауэр және т. б.) славяншылардан көп нәрені қабылдап пайдаланды. С. ілімінің өзегі баршаның біртұтастығы идеясы болып табылады. Ол абсолюттік, күдіреттілік аясы ретінде, ал реалды, нақты дүние – осы идеяның дербестелуі және жүзеге асуы ретінде қаралды (олардың арасындағы байланышы – әлемдік жан немесе софия, құдай даналығы). Шартсыз (біртұтастық) ақиқаттың жақсылық пен сұлулықтың мінсіз, жетілген синтезі ретінде, С-тің пікірінше, мистикалық, рационалдық (философиялық) және эмпирикалық (ғылыми) білімнің жиынтығы болып табылатын «тұтас» біліммен ғана ұғынылады. Және де оның негізін мистикалық білім: таным нәрсесінің еш шартсыз өмір сүруіне сену; индуиция немесе нәрсенің ақиқат идеясын беретін қиял; шығармашылық (немесе осы идеяның тәжірибе арқылы іске асуы) құрайды.

**СОФИСТЕР** (гр. *sophists* – өнерпаз, дана) – «даналықтың», «шешендіктің» кәсіби ұстаздары ретінде көрінген ежелгі гр. философтарын осылай атаған (б.з.б. V ғ.). С-дің бірегей мектебі болған жоқ. Діннен бас тарту табиғат құбылыстарын ұтымды түсіндіру, этикалық және әлеум. релятивизм – олардың ортақ көзқарасы болып табылды. С-дің негізгі тобы («аға» С.) құл иеленушілік демократияны жақтады. Оларға ортақ қасиет – табиғатты жалпы материалистік тұрғыдан түсіндіру. Бұл топтың өкілдері – Протагор, Гиппий, Продик, Антифондар – алғашқы антикалық ағартушы-энциклопедияшылар болды. Олар таным мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Кейбір С-тер болмыс пен танып-білу мәселелеріне байланысты жалаң қорытындыға келді. (Горгий). Ақсүйектер тобына жататын С. – Гипподам, Критий – филос. идеализмге ойысты. С. дау кезінде кейіппен «софистика» деген атқа ие болған әдісті қолданды. Бұл бағыт кейінгі С-де (б.з.б. IV ғ.) айқын байқалды. Оларды Аристотель «жалған даналық» ұстаздары деп атады.

**СПИНОЗА Барух (Бенедикт) (1632–1377)** – нидерландтық философ. Амстердамның еврей шіркеу қауымынан дінге еркін көзқарасы үшін аластатылған. С. философиядағы геом. әдістің негізін салды. С. ілімі испан феод. монархиясы езгісінен бостандық алған Нидерландының алдыңғы

қатарлы капит. елге айналған тарихи жағдайында қалыптасты. XVII ғ-да С. алдыңғы ойшылдар Ф.Бэкон және Р.Декартпен бірге білімнің мақсаты табиғатты меңгеру және адамды барынша жетілдіру деп есептеді. С. өзінен бұрынғы ойшылдардың ілімін бостандық туралы іліммен толықтырды: ол қажеттілік шеңберінде адам бостандығының қалай мүмкін болатынын дәлелдеді. С. осы мәселені шешу жолында өзінің табиғат туралы іліміне арқа сүйеді. Декарттың дуализміне қарама-қарсы С. өзіне өзі себепші (Causa Sui) табиғат қана өмір сүреді, ол өзінің болмысы үшін ешнәрсені де қажетсінбейді деп есептеді. «Жаратушы табиғат» ретінде ол – субстанция, немесе өзі атағандай ол – құдай. С. ешнәрсеге тәуелсіз болмыс немесе субстанциядан шектелген жеке заттар (модустар) дүниесін ажыратады. Субстанция біртұтас болса, модустар шексіз көп болып келеді. Шексіз ақыл ғана шексіз субстанцияны оның барлық түрлері мен қырлары бойынша тануы ықтимал. Бірақ адамның шекті пайымы субстанция мәнін шексіздік ретінде тек екі аспектіде «созылмалылық пайымы» ретінде және «ойлау» ретінде ғана ұғынады. Субстанцияның бұл атрибуттары – оның басқа, саны шексіз және бізге белгісіз атрибуттарының бірі. С-ның субстанция атрибуттары туралы ілімі жалпы алғанда алдыңғы қатарлы ойдың жемісі, дегенмен С. қозғалысты субстанцияның атрибуты деп санамады. С. адам туралы ілімді осы қағидаларға сүйене отырып құрды. С. бойынша адам созылмалылық модусқа денеге ойлау модусы – жаны сәйкес келетін тіршілік иесі. Алғашқы да, кейінгі де модустар бойынша, адам – табиғаттың бір бөлшегі. Жан модусы туралы ілімде С. адамның бүкіл күрделі психикалық өмірін тек зердеге және ынтықтыққа, яғни аффектілерге – қуанышқа, қайғыға және құмарлыққа әкеп шектеді. Ол ерікті зердемен теңестірді. С. бойынша, адамның мінез құлқы негізіне оның өзін-өзі сақтауы және өз пайдасын ойлауы жатады. С. ерік бостандығы туралы ілімді жоққа шығарды, еріктің әрқашанда белгілі бір себептерге тәуелді екенін мойындады, сонымен бірге ол қажеттілікті тануға негізделген құлық ретіндегі бостандықтың болуы мүмкін деп есептеді. Бірақ С. ілімі бойынша, бостандықта халық бұқарасы емес, тек ақыл иесі болуы мүмкін. Бостандықты осылай түсіну абстрактылы және тарихқа қарама-қарсы. С. таным туралы ілімінде рационализм бағытын жалғастырды. Ол интеллектуалді ақыл-ойға негізделген білімді төменгі түрі – сезім арқылы танудан жоғары қойып, тәжірибенің рөлін төмендетті. Ол интеллектуалды білімнің ең жоғарғы түрі деп шындықты тікелей ұғынуды, яғни ақыл интуициясын есептеді. Осыған орай ол Декартқа ілесе айқындық пен дәлдікті ақиқаттық критерийі деп жариялады. Діннің негізгі мақсаты – нәрсе табиғатын тану емес, тек адамдарды өнегелі өмір сүруге шақырды деді. Сондықтан дінде, мемлекетте ой бостандығына қиянат жасамауы тиіс. С. қоғам туралы ілімі бойынша Гоббсті жалғастырушы. Бірақ, оның Гоббстан ерекшелігі ол биліктің жоғарғы түрі монархия емес, демокр. билеу

деп есептеді және мемлекеттің шексіз билігін бостандық талаптарымен шектеді.

**СПЕНСЕР Герберт** (27.04.1820, Дерби, – 08.12.1903, Брайтон), ағылшын философы және социологы, позитивизмнің негізін қалаушылардың бірі. С. Конттың философиясын жалғастырушы болды. Оның философиялық көзқарастарының қалыптасуына Юм, Милль, Шеллингтің философиясы әсерін тигізген. С. философияны құбылыстар заңдылықтары туралы біртұтас білім ретінде түсінген. Философия, оның ойынша, жеке ғылымдардан тек саны, мөлшері жағынан ғана, білімнің біртұтастығының мөлшері тұрғысынан ерекшеленеді. С. әлемді тануға болатын және тануға болмайтын деп екіге бөледі. Ғылым тек сезіммен қабылдаулардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды ғана танып-білуге мүмкіндік береді, оның шын мәнінде не жатқанын зерттей алмайды. С. социологияда органикалық мектептің негізін қалаушы болып табылады. Қоғамның тапқа бөлінуі, оның әр түрлі институттар аумағында пайда болуын ол тірі организмдермен салыстыра отырып талдаған. С-дің философиясы XIX ғасырдың ортасындағы жаратылыстанудың принциптерін жинақтап, түйіндеді, оған метафизикалық талдау жасады; этнографияға, дін тарихына, психологияға тарихилық идеясын енгізді. Оның идеялары XIX ғасырдың аяғында өте танымал болды, махизм мен неопозитивизмге ықпалын тигізді.

**СТИЛЬ** (греч. *stylos* – үшкірленген ағаш қалақша). Ескі замандарда жазу-сызу қалыптасқан халықтардың көпшілігі қағаздың пайда болғанына дейін балауыз жалатқан тақтайшаларға *stylos*-пен сызып жазатын болған) – адамның белгілі бір іс-әрекетінің немесе оның жемісінің өзіндік, басқаға ұқсамастай ерекшелігі. Осы мағынасында С. материалдық және рухани мәдениеттің көптеген құбылыстарын анықтау үшін қолданылады. С-ді зерттеу барысында кездесетін бай терминология мен әр алуан принциптер оның күрделі ұғым екендігін аңғартады. Өнертану саласында XVIII ғ-дан бастап қолданысқа енген С. ұғымы қазірде жалпы филос., этикалық-эстетикалық, ғылыми, мәдениеттану және т. б. салаларда ерекше маңызға ие болып отыр. С-ге деген қызығушылықтың ғалым Ж. Бюффонның 1753 ж. Француз академиясына мүшелікке өту салтанатында айтқан «С. дегеніміз – адам» деген тұжырымдамасынан кейін өрбігені туралы талай зерттеулерден кездестіруге болады. Бюффон С-ді адам жеке басының ерекшеліктерінің көрінісі деп түсініп, оны белгілі бірі физиогномикалық қасиет деп есептеді. Адамның бет-пішініне қарап оның мінез-құлық ерекшеліктерін дөп басып айта алатын ілім – физиогномика болса, С-ді де адам іс-әрекетінің физиогномикасы деп қарастыруға болады дейді Ж. Бюффон. Осыдан аттай 200 жыл бұрын айтылса да ғалымның бұл ойларында С-дің кең көлемді

түсініктемесі бар. XIX ғ-да С.-ді теориялық деңгейде кең зерттеуге ат салысқан И.В. Гете болды. Ол «Табиғатқа жай еліктеу, мәнер, стиль» (1789) деген шығармасында С.-ді салыстырмалы тәсілмен зерттейді. Одан кейінде С. мәселесіне көп назар аударылып отырды. Мыс., Фр. Шиллер, И. Кант, Фр. Шеллинг, Г. Гегель, И. Тэн, А. Шопенгауер. Фр. Ницше, Г. Вельфлин, А. Ригль және т. б. еңбектерінен С. туалы ізденістерді кездестіруге болады. Тұңғыш болып мәдениеттану жүйесінде «мәдениет стилі» ұғымын енгізген О. Шпенглер болды. С. ұғымының мәдениеттануға енуі екі бағытта жүргізілді: өнертанудан өнер философиясы арқылы. Онда стиль «рух», «тағдыр» ұғымдарымен байланыстырылды. Бұл көзқарастар өз бастауын сонау В. Дильтей, О. Шпенглер шығармаларынан алады; этнография және мәдени антропология арқылы қалыптасады. Бұл салаларда С. белгілі бір ұйымдастырушы, біріктіруші принцип ретінде қарастырылады. О. Шпенглердің түсіндіруінше. С. мәдениеттің бір саласы болып есептелетін өнерде ғана кездеспейді, сонымен қатар С. жалпы мәдениеттің таңбалағыш, белгілегіш құралы ретінде мәдениет болмысының өзінен орын алады.

**СТРУКТУРАЛИЗМ** (лат. *structura* – құрылым, байланыс, рет) – XX ғасырдың 20 ж-нан бастап гуманитарлық білімдер (лингвистика, әдебиеттану, тарих, этнография және т. б.) саласында қалыптасып келе жатқан бағыт. Бұл бағыттың ерекшелігі оның құрылымдық тәсілді, модельдеуді, семиотика элементтерін пайдалануында жатыр. С-ның зерттеу нысанасы – белгілер жүйесінен құрастырылған мәдениет (тіл, ғылым, өнер, мифология, салт-дәстүр, мода, жарнама және т. б.). Бұл бағыттың С. деп аталу себебі де оның мәдениеттің түрлі салаларындағы құрылымдарды тауып және суреттеу мақсатымен тікелей байланысты, С. өзінің даму барысын- да бірнеше эволюциялық сатылардан өтті: біріншіден, құрылымдық лингвистикада С-ның өзіндік тәсілі пайда болды; екіншіден, философиялық С. дүниеге келді; үшіншіден, С. постструктурализм мен мәтін семиотикасына ыдырап кетті. 1920–40 жылдарда өзінің құрылымдық лингвистика аясында қалыптасуын басынан өткізген С. 50–60-шы жылдары, әсіресе Францияда, шарықтап шықты. С. сол кезеңнің басымдық танытқан интеллектуалдық парадигмасына айналды. К. Леви-Строс француз С-ның негізін қалаушы болып есептеледі. Өйткені ол тілдің жүйелік талқылаамасын өзінің антропологиялық ізденістерінде алғашқылардың бірі болып қолданды. Леви-Стростың түсінуі бойынша, адамдардың некелік қарым-қатынас ережелері мен туысқандық байланыстары адамзат мәдениетінде жеке тұлға мен ұжым коммуникациясының белгілі бір түрін туындатады. Бұл коммуникация түріндегі байланыстырушы буын – әйел. Ол отбасы, ата, тайпа арасын жақындастырушы, дәнекер рөлін атқарады. Аталар арасындағы әйел алмасу әуелде инцесті, яғни жақын туыстар арасындағы



жыныстық қатынасты болдырмау үшін жасалған шара еді. Кейінірек ол мәдени символизмге айналды. Тілде – сөз дәнекерлеуші орталық буын болса, туысқандық қатынаста – әйел алмасу, ал экономикада – товар алмасу. Кейінірек С-ді Ж. Лакан, М. Фуко, Р. Барт дамытты.

**Әдебиет:** Грецкий М.Н. **Французский структурализм.** – М., 1971; **Структурализм: «за» и «против» (сборник переводов).** – М., 1975. Автономова Н.С. **Философские проблемы структурного анализа в гуманитарных науках.** – М., 1977.

**СУБЛИМАЦИЯ** (лат. *Sublimo* – көкке көтеру, биіктету, жоғары қою) – мәдениеттануға психологиядан З. Фрейд еңбектерінің ықпалының нәтижесінде енген термин. Психологияда С. деп инстинктивті энергия түрлерінің қоғам мен жеке тұлғаның қажеттіліктеріне жарамды үдеріске айналуы арқылы қактығысты, жанжалды болдырмайтын психологиялық қалқан механизмін айтады. Психоанализ бойынша С-ның түр көріністерін либидоның (жыныстық энергия, жыныстық козудың) шығармашылық үдерісіне айналуынан; өткіртілділіктен; шиеленіскен жағдайды әзіл-сықақпен, ойын-күлкімен бәсеңсітуден және т. б. байқауға болады. З. Фрейд діни жөн-жоралардың, мәдени институттардың пайда болуын қалыптасуын және дамуын С. арқылы қарастырып, талдайды. С. термин ғылыми айналымға 1900 ж. З. Фрейд енгізгенімен де, оған дейін де С. идеясының болғандығын байқауға болады. Мысалы XVIII ғ. ақын-жазушылары Г. Штилинг пен Новалистің (Фридрих фон Харденберг), XIX ғ. философтары А. Шопенгауер мен Ф. Ницшенің шығармаларынан виталды (өмірлік) қуаттың әлеуметке жағымсыз жақтарын соған тиімділікке аудару туралы түсініктерді кездестіреміз. С. іске аспаған, жұмсалмаған табиғи әуестік-құмарлық қуатын мәдени салаларға – еңбекке, шығармашылыққа, өнерге С-ланады. Сөйтіп үйреншікті әуестіктер рухани жағынан энергияның қайта жаңғыруының нәтижесінде өнегелі іске айналады.

**Әдебиет:** З. Фрейд. **Я и Оно.** (1–2 т.). – Тбилиси, 1991; **Психология: словарь-справочник.** – Минск, 1998.

**СҮЙІСПЕНШІЛІК.** Моральдық саланың ең биік көрінісі – С. Тек сол арқылы ғана адами болмысқа жетуге болады. Керісінше жағдайда адам толыққанды өмір сүре алмайды. Оны шығармашылыққа жетелейтін, өмірді терең түсінуге жол ашатын, басқалардың терең ішкі сырын аша алатын – тек қана С. Көне грек ойшылы Эмпедокл алғашқы рет С. ұғымына ғарыштық мән беріп, оны жек көрушілікке қарсы қойды. Оның ойынша алғашында Ғарыш С-тің негізінде сапа жағынан әлі бөлінбеген біртұтастықты құрайды. Содан кейін жаугершілік С-ті ысырып біртектілікті бір-біріне қосып, әртектілікті бір-бірінен ажыратады. Келесі сатыда сүйіспеншілік қайта оралып әртектіні бір-бірімен қосып біртектілерді бір-бірінен ажыратады. Соның арқасында

тіршілік дүниеге келеді екен. Эмпедоклдың ойларының түйіні мынада: Дүние қайшылықты жаратылған. Заттар мен құбылыстардың қарама-қарсы жақтары бір-бірінсіз өмір сүре алмайды, бір-бірін тартып, сонымен қатар, өз болмысын сақтау жолында күреседі. Платон да өз еңбектерінде С. мәселесіне көңіл бөледі. Ол философиялық деңгейде грек мифологиясындағы Эротты (жыныстық С.) талдайды. Оның ойынша, Эроттың екі түрі бар: біреуі – жердегі, сезімдік құмарту болса, екіншісі – аспандағы идеалды, ой арқылы ғана жетуге болатын түрі. Эрот – байлықтың құдайы Порос пен кедейліктің құдайы – Пенидің баласы. Сондықтан, ол қайшылықты. Ол өне бойы төменнен жоғары қарай және әсемдікке ұмтылады. Адамдардың ең үлкен арманы – өлместікке жету болса, Эрот шығармашылық шабытын тудырып, С. арқылы жаңа ұрпақтарды дүниеге әкеледі, ал оның өзі адамға берілген мәңгілік пен өлместіктің бөлігі емес пе? Әсемдікке ұмтылудың екіншісі – ең биік жағы – Эрот жер мен аспандағы идеалды дүние арасындағы дәнекер. Ал нағыз әсемдік аспан әлемінде жатыр. Олай болса, платондық С. – ол Әсемдік, Ізгілік және Ақиқатқа деген құмарту. Өйткені, олар таза, мөлдір, материалдық қоспасы жоқ, құдіретті және біркелкі.

Әрине, махаббат сезімінің негізінде ғашықтардың бір-біріне деген жыныстық тартуы жатыр. Ғашықтардың сол жыныстық күш-қуаттары бір-біріне қосылуының негізінде Дүниеге жаңа өмір келеді емес пе? Сонымен қатар, махаббатты толығынан жыныстық тартуға теңесек, онда адамның басқа жануарлардан айырмашылығы неде? – деген сұрақ тумай қоймайды. Австрия ғалымы В. Франкл қазіргі батыс қоғамында кеңінен тараған көзқарас – махаббатты тәндік-сезімдік ләззәт алуға теңеу – қаншалықты жастарды жалған жолға түсіріп бақытсыздыққа әкелгені жөнінде айтады. Егер де адамның жүрегінде терең махаббат сезімі болмай, тек жыныстық ләззәтқа ғана ұмтылып, соны ғана ойласа, ол біріншіден, «Дон-Жуандікке» әкеліп, екіншіден, сол тұрпайы мақсаттың өзіне жетілдіре алмайды. Шындығында, адамның махаббат сезімі оның бүкіл жан-дүниесіндегі рухани күш-қуатпен безендіріліп толысады, неше-түрлі қиялдарды тудырып, шығармашылық шабыт әкеледі. Шын сүйген адам бүкіл дүниені ізгілік жолымен өзгертікісі келеді, дүниедегі сан-алуан құбылыстардың ғажаптығын, әсемдігін жете түсінеді, өзінің және сүйіктінің бойындағы бұрын ашылмаған жаңа қасиеттерді тауып, раушан гүлі сияқты ашылады, қуанышқа толы өмір тудырады. Нағыз өмірде болу дегеніміз – шын жүрегіңмен сүйу, махаббаттың отында лаулап жану, – дер едік. Сонда ғана толыққанды «мен бұл өмірде болдым!» – деп айтуға болатын сияқты.

Өзінің аса тереңдігі және риясыздығымен көрінетін С-тің түрі – әкешеше мен балалардың бір-біріне деген сезімі. Әсіресе, ана махаббатын асыра бағалау мүмкін емес. Ана өз балаларын, – олар қандай да болмасын, – барлық жан-тәнімен сүйеді, өйткені, олар оның ішінен шықты. Ана

эрқашанда өз балаларын қорғайды, оларды кешіре біледі. Әкенің балаға деген махаббатына келер болсақ, ол ана сезіміне қарағанда – өзгеше. Әке балаларын өзіне теңеп, өзіне ұқсас болғанын қалайды, олардың алдына үлкен талаптар қойып, олардың өмірде іске асуын армандап, тілейді. Әке балаларын эрқашанда өз ырқына көндіргісі келеді. Ана баланың алдына қойылған талаптар орындалмаса да, оны шүбәсіз сүйеді, оның жаңғыз ғана талабы – баласы бұл өмірде аман-есен болса екен дейді.

Адам қоғамы пенде болғаннан кейін, әрине, жаңғыз ғана әке-шешесі емес, сонымен қатар, басқа да туыс, жолдас-жора, көрші-көлемнің ықпалына түсіп, жақынды сүйу сезіміне шомылады. Жақынды сүйу дегеніміз – бізді қоршаған адамдарды өзімізбен тең құқықты ретінде қарау, оларға қамқорлық көрсету, өз жауапкершілігіңді сезіну, сыйлап, түсіністік дәрежесіне көтерілу, олардың өмірдегі жетістіктері мен қайғы-қасіретіне бірдей ортақ болу т.с.с. Жақынды сүйу адамды оның білімі мен мәдениеті өскен сайын өз халқын,

оның аянышты да батырлық тарихын, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарын, тілін, көркем сөзі мен өрнектерін, ғажап әуендерін т. с. с. сүйуге итермелейді. Өз халқын сүйген адам, әрине, сол халықты тудырған жағалай ортаны – табиғатты да сүйеді. Қазақ жері – жылы теңіздер аймалап жатқан Италия, ия болмаса Грекия емес. Біздің табиғатымыз қатал, ұлы өзендер елімізді қақ жарып ағып жатқан жоқ, теңіз бен мұхиттан да, өкінішке орай, алшақпыз. Десек те, басқа бір жұмақ жерге қазақ деген халық өз мекенін ауыстырмайды. Өйткені, осы топырақта ол жаратылды, бұл жерге оның кіндік қаны тамды, сансыз бұл өмірден озған бабалар осы жерді соңғы қаны тамғанша қорғай білді.

Енді міне, жоғарыда көрсетілген осы екі С. «Отан» деген терең ұғымды тудырады. Отанды сүйу дегеніміз – туған жер мен сол елді мекендеген халыққа деген С. болып табылады. Осы екі сезім бір-біріне қосылып оны күшейте түседі. Отаншылдық (патриотизм) – өте күрделі сезім, соның арқасында адам өзін үлкен біртұтас елдің ажырамас бір бөлшегі ретінде сезінеді. Олай болса, ол оның жетістіктері мен қателіктеріне – бәріне де ортақ. Отанды сүйу дегеніміз – елге жақсылық тілеп қана қоймай, өз үлесінді белсенді түрде мейлінше соның гүлденуіне қосу. Отанды сүйу дегеніміз – тек қана өз ұлтыңды ғана емес, сонымен қатар осы елде тұрып жатқан басқа ұлттар өкілдерін сүйу, оларды жаттатпау болып табылады. Өйткені, олар да біздің мемлекетіміздің гүлденуіне ат салысып, бізбен бірге өз тағдырын бөлісуде. Қазақ халқы – осы мемлекеттің негізін құрағаннан кейін – бұл мәселеге аса жауапты түрде қарауы керек. Сонымен қатар, Отанды сүйуге «жақсымызды асырып, жаманымызды жасырайық» – деген ұран жараспайды. Отанын шын сүйетін адам елдің кемшіліктеріне қамығып, оларды әшкерелей біледі. Өкінішке орай, бүгінгі таңдағы ұлттық өзіндік сын ұлы Абайдың заманындағы сыннан да төмен дәрежеде тұрғаны көпшілікке мәлім. Орынсыз өз-өзімізді

мақтай бергеніміз орынды емес. Өркөкіректік, тайыздық, асыра сілтеушілік, шыдамсыз Отансүйгіштік те жақсылыққа әкелмейді. Мұндай қасиеттегі адамдарға қиын-қыстау заманда толығынан сену де қиын шаруа. Нағыз Отанын сүйетін адамдар көп жағдайда оны үнсіз сүйеді. Отанын сүйетін адам өз елінің аянышты тарихын да жақсы біліп өз жүрегінен өткізіп, тарихтағы болған оқиғаларды өз өмірінде болған сияқты дәрежеде сезінеді. Сонда ғана ол халықтың болашағына ұқыпты қарап, оның қойнауында болып жатқан, бір қарағанда байқалмайтын үрдістерді аша алады.

**СУБСТАНЦИЯ** (лат. *substantia* – мән, түпкі негіз) – заттың біртұтастығының мәндік қасиетін, оның барлық өзгерістерінің негізін, себебін, тіршілік етуінің түп-тамырын білдіретін философиялық категория. Дүниенің бірлігі неде, сол бірлік неден туындайтынын көрсететін, ұғымдық дәрежеде түсіндіретін форма. Философиялық концепциялар дүниенің бірлігін анықтауына сай монизм (бір С.), дуализм (екі С.), плюрализм (бірнеше С.) болып бөлінеді. Антикалық философияда ең алғаш субстанция барлық заттардың негізінде жататын белгілі бір зат ретінде қарастырылды. Ол бөлінбейтін қарапайым зат (су, ауа, апейрон, от, атом т.с.с.). Кез келген өзгерістерде өзгермей, сақталып қалатын негіз. Аристотель С-ны заттан бөлінбейтін бірінші мәнмен теңестірген. Дүниенің бірлігі – формада. Аристотельдің форманы алғашқы себеп ретінде қарастыруы ортағасырлық философияда С-лық формалар туралы айтыстың тууына себепкер болған.

Жаңа дәуірдегі философияда С-ны түсінуде екі бағыт пайда болды. Біріншісі Ф.Бэконның эмпиризмінде орын алған С-ны болмыстың негізі, заттың формасы ретінде түсінумен байланысты. Декарт оған қарсы екі С. (материя және ойлау) туралы ілімін ұсынды. Олар бір-бірінен туындамайды, екеуі дербес бір субстанция. Спиноза пантеистік монизмді ұсынды: С. біреу, оның одан ажырамайтын екі жағы бар: көлемділік және ойлау. Классикалық неміс философиясы С-ға іс-әрекеттік сипат береді. Кант С. категориясын қабылдаудың, яғни тәжірибенің кез-келген синтетикалық бірлігінің болу мүмкіндігінің шарты деп қарастырған. Ол іштей өзгерісте болады деп, Кант С-ны диалектикалық тұрғыда түсіндіреді. Гегель Канттың ойын жалғастыра отырып, субстанцияның ішкі қайшылығын, оның өзіндік дамуын дәлелдейді. Ол С-ны идеяның даму сатысы ретінде қарастырады.

**СХОЛАСТИКА** (лат. *shola* – мектеп) – діни философияның бір типі, Орта ғасырларда Европада кең тараған, философияны теологияға бағындыруымен сипатталады. Ерте және кейінгі схоластика болып бөлінеді. Біріншісі – XI–XII ғасырларда, екіншісі – XII–XIV ғасырларға келеді. Ерте С-ның философиялық негізі – Платон мен неоплатониктердің ілімін христиан діні тұрғысынан талдау. Христиандық доктринаға формальды сипат беру С-лық

іс-әрекеттің басты құралы логика болуын қамтамасыз етті. Аристотельдің логикасын пайдаланған. Ерте С-ның өкілдерінің бірі – Ансельм Кентерберийский. Ол христиандық ілімнің әлемнің ешнәрседен жаратылуы, Қасиетті Үштіктің бірлігі мен бір-бірінен бөлектігі, жанның мәңгілігі туралы догматтарды рационалдық жолмен, логиканың көмегімен дәлелдеуге тырысты. Оның Құдайдың болмысын дәлелдеуі кеңінен танымал.

С-ның пайда болуынан бастап, бүкіл Орта ғасырлар бойы оның өкілдерінің арасында «универсалиялар туралы» деп аталатын дау пайда болды. Латынша «универсалис» дегеніміз – «жалпы», «бәріне ортақ», «әмбебап» деген мағына береді. Дау «жалпы, универсалия қалай өмір сүреді?» деген сұрақ төңірегінде болған. Бірден екі қарама-қарсы жауап бөлініп шыққан. Біріншілері «жалпы» шын мәнінде өмір сүреді деген, оларды «реалистер» деген. Екіншілері объективті шындықта «жалпылық» жоқ, онда тек жеке құбылыстар ғана өмір сүреді деген қорытынды жасайды. Жалпының орны – тіл, жалпылық тек тілде ғана бар, сөз арқылы ғана болады. Жалпы ол – зат емес, ол – атау. Латынша «атау» – *nomen*, сондықтан оларды «номиналистер» деп атаған. Атақты номиналист У.Оккам болды.

Шегіне жеткен реалистер мен номиналистердің аралығында да бірнеше бағыттар болды. Солардың бірі – концептуализм. Концептуализмнің өкілдері жалпы жеке өздігінен де өмір сүрмейді, сонымен қатар ол тек атау ғана емес. Номиналистерден өзгеше олар жеке құбылыстарда жалпыға тән нәрсе бар, ол ұғым арқылы беріледі, (латынша «ұғым» – «концептус»), ал ұғым сөз, атау арқылы беріледі. Концептуализмнің негізгі өкілдерінің бірі – П.Абеляр.

С-ның айрықша өкілі – Фома Аквинский. Фома Аквинскийдің және оның ізін басушылар – томистердің (латынша Фома – Thomas) ілімінің негізі – сенім мен білімнің бірлігі. Діни сенім мен діни таным бір-бірін жоққа шығармайды, оларды дұрыс пайдаланған кезде олар бірін-бірі толықтырады. Олар бір негізден пайда болады, бір мақсатқа апаратын екі жол.

**СЦИЕНТИЗМ** (лат. *Scientia* – ғылым-білім) – мәдениет жүйесіндегі ғылымның рөлін абсолюттеп, асыра мадақтап көрсету. Қоғамның өмірінде маңызды рөл атқаратын ғылымның үлгісі ретінде С. көбінде жаратылыстану ғылымдарын, позитивті ғылымдарды қарастырады. Сондықтан да С. философияда болсын, дүниетанымда болсын, әлеумет.-гуманитарлық мәселелерді талдауда болсын дәл, нақты ғылымдарға тән дағдылы аксиомалық құрылымның, анықтамалар жүйесінің, эксперименталды қайталанудың және т. б. болуын талап етеді. С. ғылыми-техникалық революцияның әсерінен, яғни ғылымның болашағына деген кәміл сенімнен, ғылымның адамзат тіршілігінің түбірлі мәселелерін шешудегі мүмкіндіктерін шексіз деп қарастырудан туындайды. Қазірде ғылымға көзсіз бас июден ғылымның

өзін, әсіресе оның туындатқан техникасын адамзатты қауіп-қатерлі жолға бастайтын күш деп қарастыратын, адамның шынайы адами мәнін тәркілейтін фактор деп танытын С-ге қарама-қарсы антисциентизм идеологиясы да пайда бола бастады.

**Әдебиет:** Гуревич П.С. *Закономерности и социальные перспективы научно-технического прогресса // Новая технократическая волна на Западе.* – М., 1986; Гайденок П.П. *Эволюция понятия науки.* – М., 1980; *В поисках теории развития науки (Очерки западноевропейских и американских концепции XX века).* – М., 1982.

**СЮРРЕАЛИЗМ** (фран. *Surrealisme* – реализмнен жоғарғы) – XX ғасырдың көркем мәдениеті саласындағы авангардтық өнердің бір бағыты. С. көркемдік ағым ретінде Францияда XX ғ-дың 20-шы жылдарында пайда болды. Бірнеше дағдарыс, тоқырау кезеңдерін басынан өткізген С. бірте-бірте тобырлық-сауықтық мәдениет элементтерімен араласа келе постмодернизмнің құрамдас бөлігіне айналды. Француз С-нің алдыңғы қатардағы өкілі – Андре Бретон «С-нің манифесінде» (1924) былай дейді: «С. – таза физикалық автоматизм», яғни ойға келген нәрсенің ешбір этикалық-эстетикалық, ақыл-парасаттық електен өтпеген таза көрініс. С. еркін ассоциациялар, түстің таңғажайып әлемі арқылы сыртқа шығарылатын, әлемге игерілетін адамның бейсаналық өмірін, оның шым-шытырық қалтарыс-бұлтарыстары көп тұстарын суреттеуді өнердің басты мақсаты деп табады. «С. манифесінің» авторы А.Бретон көбінде З.Фрейд, К.Г.Юнгтің психоанализ теориясына сүйенеді. Жалпы С-нің өкілдерінің бәрін де, С-нің өзін де психоанализ туындысы ретінде қарастыруға болады. С-нің негізі ұғымдары – «қиял», «ұйқыдағы түс көру», «галлюцинация» (көзге әр нәрсенің елестеуі), «сандырақ», «таңғажайып сиқырлы көріністер», «сананы» өзгеріске ұшыраған күйлері». С. өзін көркем суретте жарқын да айқын көрсетті. Көркемсуреттегі С-нің басы қосылмайтын нәрселерді біріктіру принципінің өзі қызықты С-тік картиналар эмоционалдық тосын күйге түсіріп, ес тандырырлық жағдайға әкеледі. Осындай сананың төменгі деңгейіндегі «тығулы» жатқан бейсаналық үрдістердің «автоматты» хаосы С. Дали шығармасында жиі кездеседі. С-нің көркемдік тәсілдері кинематографта Л. Бунюэль, А Сокуров шығармашылығында, абсурд театрында (С. Бекке, Э. Ионеско), теледидарда, кітап графикасында өз көрінісін тапты.

**Әдебиет:** *Антология французского сюрреализма: 20-ые годы.* – М., 1994.

**СУЖИКОВ Марат Мұхамбетқалиұлы** (20.09.1932–20.08.1995) – философия ғылымдарының докторы, профессор – 1932 жылы 20 қыркүйекте Астрахань облысында дүниеге келген. Ақтөбе қаласының мектебін бітіріп, 1953–1956 жылдары М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінің философия факультетінде оқиды, ғылыми жұмысты

Қазақ ССР Ғылыми Академиясында өз еңбек қызметінен бастайды. Ол осы ғылыми жұмысқа өзінің 40 жылдық өмірін арнады. 1960 жылы фило-софия ғылымдарының кандидаттық, 1969 жылы философия ғылымдарының докторлық диссертациясын қорғады. М.М.С-тың көптеген ғылыми еңбектері ағылшын, француз, испан және т. б. тілдеріне аударылған. Оған республикалық және одақтық баспаханаларда жарияланған 100-ге жуық ғылыми жұмыстары тиесілі, оның ішінде 21 жеке және ұжымдық монография. М.М. С-тың ғылыми еңбектерінің жалпық көлемі 200 б.т. 1974–1975 жж. М.М.С. Гавана Университетінде профессор-кеңесші ретінде, Варшава және Прага университеттерінде дәріс береді. 1988 ж. С. М.М. ұлттық және ұлтаралық қатынастар зерттеу Орталығының жетекшісі, ҚазССР ҒА-ның философия Институты директорының орынбасары болып тағайындалады. Ол Қазақстан ұлттарының ұлтаралық ынтымақтастығын, өзара келісім мен татулығын нығайтуда бағаланбас үлес қосты. М.М.С-тың ғылыми мұраларында ұлтаралық қатынастарды реттеу, ұлтаралық даулардың түпнегізі және оларды болжау проблемалары ерекше орын алады. Оның ғылыми және педагогикалық жұмыстарының нәтижелері үкімет наградаларымен атап өтіліп, республикадағы және оның шегіндігі ғылыми қауымдастық арасында кеңінен танылды. М.М.С. «Қажырлы еңбегі үшін» медалімен, Қазақ ССР-ының Жоғарғы Кеңесінің Мақтау қағазымен және тағы басқа мадақтамаларымен марапатталды.

**Негізгі еңбектері:** *Вымыслы и действительность.* – Алма-Ата: «Қазақстан», 1985. – 145 б.; *Некоторые философско-правовые проблемы совершенствования культуры межнациональных отношений.* – Алма-Ата: «Наука», 1989. – 3,4 п.л. (Г.С. Сапарғалиевпен бірге); *Напряженность или гармонизация? (развитие межнациональных отношений в Казахстане).* – Алма-Ата: «Қазақстан», 1991. – 6,6 п.л.; *Межнациональные отношения в Казахстане: теория и практика регулирования.* – Алматы: «Гылым», 1993. – 5 б.т.

**Т**

**ТАБУ** (полинезиялық тайпалар тілінен аударғанда «тыйым салу») – алғашқы қауымдық құрылыс мәдениетімен тығыз байланысты діни негіздегі үзілді-кесілді тыйым салуды талап ететін ұғым. Терминді алғаш рет ағылшын жиһанкесі Кук енгізген болатын. Т-да екі ұғым – киелілік пен тыйым салынғандық, қасиеттілік пен қорқыныш тоғысады. Т. бел-гілі бір тұлғаларға да, белгілі бір қоғамдық ұжымдарға да қатынасты қолданылады. Т. туралы терең теориялық ізденістер аз болғандықтан оның қолданыс аясы анықтала қойған жоқ. Дегенмен де, Т-ды діни-моральдық тыйым салу түрлерінен ажырата білген дұрыс, өйткені аталған соңғылары адамзат мәдениетінде кейінірек пайда болған күрделі құрылымды ұғымдар. Т-ланған әрекеттер мен заттар туралы Дж. Фрейзердің («Алтын бұтақ») шығармасынан көптеген мысалдар табуға болады. Фрейзер дін мен сиқырды (магияны) бір-біріне қарама қарсы қойып, Т-ды магияның теріс пішіні

ретінде түсіндіреді. Т. туралы психоталдаудан көп мәлімет жинақтауға болады. З. Фрейд өзінің «Тотем және табу» атты еңбегінде Т-дан көсемге деген екіұшты (амбивалентті) қатынасты: бір жағынан, көсемді қастерлеп, табынуды, екінші жағынан, іштей қызғану, жек көруді, бейсаналы түрде ұнатпауды байқаймыз дейді. Әлеуметтік антропология тұрғысынан (Малиновский, Радклифф-Браун және т. б.) Т-ды әлеуметтік бақылау мен қадағалау рөлін атқаратын құрал деп қарастырады. Т. қасиеттілік туралы түсінік қалыптасқан барлық мәдениеттерде кездеседі. Әр мәдениеттің өзіне сай заттарға, іс-әрекеттерге немесе сөздерді айтуға салынатын тыйым түрлері бар. Т-ды бұзған адам қатты жазаланатын болғандықтан оны ешнәрсеге, еш жағдайға қарамай орындауға тырысатын болған. Қазақ мәдениетіндегі кездесетін ата-ене, қайын аға, қайын, қайын сіңлілердің атын атамау, отты, ошақты аттамау, белгілі киелі жануар түрлерін қорғау және т. б. Т-лар қазақ халқының көне тотемистік, анимистік көзқарастарынан сыр тартады. Қазақ мәдениетіндегі тыйым салу жан-жоралғылары туралы Ш. Уәлихановтың шығармаларынан көп мағлұмат алынады.

**Әдебиет:** Дж. Фрейзер. *Золотая ветвь.* – М., 1980; Валиханов Ч. *Избранные произведения.* – М., 1986; Ғабитов Т.Х. *Қазақ мәдениетінің типологиясы.* – А., 1996; Штернберг Л.Я. *Первобытная религия в свете этнографии.* – Л., 1936; Радклифф-Браун А.Р. *Сравнительный метод в социальной антропологии* // *Антология исследований культуры.* – СПб, 1997. Фрейд З. *Тотем и табу.* – Тбилиси, 1991.

**ТАҒДЫР** – адам ғұмырындағы барлық жағдайларды алдын ала пешенесіне жазып қоятын табиғаттан тыс күш туралы діни мистикалық түсінікті білдіретін ұғым. Ежелгі гр. мифологиясы бойынша адамдардың, тіпті құдайларының да өмірі Т. құдайшыларының – мойралардың (римдіктерде – наркилердің) қолында. Кейін келе Т-ды әлемнің әміршісі әділетті Хақ тағала түрінде түсіне бастады (гр-де Тихе, Немезида). Христиандықта Т. құдайдың жазмышы, жоғарғы күші ретінде көрсетілді. Т-ды жазмыштың ісі ретінде түсіну қазіргі барлық діндерге тән (Фатализм). Кейбір діни бағыттар (мыс., католицизм, православие) құдайдың жазмышы туралы пікірді адамның ерік бостандығы идеясы мен эклектикалық түрде біріктіру арқылы Т. туралы түсініктің фатализмін әлсіретуге тырысады. Филос. емес мағынада Т. ұғымы жеке адамның немесе бүкіл халықтың өміріндегі түрлі жағдайлар қосындысының көрінісі ретінде қолданылады.

**ТАЙЖАНОВ АЛТАЙ ТАЙЖАНҰЛЫ** 1948 жылы 24 желтоқсанда Атырау облысы, Қызылқоға ауданында туған. Философия ғылымдарының докторы (1995), профессор (1996). ҚР Әлеуметтік Ғылымдар Академиясының академигі (1997). «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Ақтөбе қаласының және Ақтөбе облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденімен басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталған. 20-ға жуық жеке монографиялардың, оқу-әдістемелік, көмекші құралдардың,



арнаулы курстардың, бағдарламалардың, 600-ден астам ғылыми, мәдени-көпшілік, ақпаратты-танымдық мақалалардың авторы.

С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің философия факультетін бітірген соң 1975–1977 жж. Рудный индустриалды институтында қызмет атқарды. 1977-1997 жылдары Ақтөбе медициналық және педагогикалық институттарында, 1997-2003 жылдары Қ. Жұбанов атындағы мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры – ғылыми зерттеу және инновациялық-әдістемелік орталығының директоры болды. 2004 жылдан М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университетінің әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, профессор. Ғылыми жұмыстары мен ізденістері Мұхтар Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектеріне, қоғамдық-философиялық ой тарихына, әлеуметтік өмірдің маңызды салаларының бірі – тіл мәселесіне, жалпы руханият мәселелері мен оқу-тәрбиенің этномәдени аспектілеріне, елімізде болып жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өзгерістердің мәнін ашуға арналған.

А. Тайжанұлы қоғамдық-философиялық ой тарихының маманы ретінде өмірлерінің үлкен тәлім-тағылымдық мәні бар Әл-Фараби, Қ.А.Яссауи, Асан қайғы, Ж.Баласағұн, Махамбет, Пір Бекет, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай, Р.Тагор, Шәкәрім, Н.Байғанин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Қ.Жұбанов, М.Тынышпаев, М.Әуезов, Қ.Сәтпаев, Қ.Жұмалиев, А.Досжанова, Ғ.Мүсірепов, С.Бәйішев, Сүлеймен әулие, М.Тлеужанов, Р.Сыздықова, Ж.Әбділдин, М. Арын, М. Оспанов, Т.Досымовжәне т.б. мақалалар жазған.

А. Тайжановтың ғылыми басшылығымен Атырау, Орал және Ақтөбе облысы мен қаласының көптеген аспиранттары мен ізденушілері диссертациялық жұмыстарын қорғады. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының философия мен қоғамдық ой сериясының салалық редакция мүшесі ретінде де бірнеше жылдар бойы елеулі еңбек етті.

Еңбектері: «Мухтар Ауэзов - мыслитель» (Алматы, 1991); «Мировоззрение Мухтара Ауэзова» (Алматы, 1997); «Тағылымды танымдар» (Орал, 2007); «Парыз бен пайым» (Алматы, 2016); «Тұлғалар тағылымы» (Алматы, 2017); «Құдайберген Жұбанов және қазақ руханияты» (Ақтөбе, 2019) т.б.

**ТАЙЛОР Эдуард Бернетт** (1832–1917) – ағылшын этнографы, Англиядағы антропологияның негізін салушы. Антропологиямен ойламаған жерден 1856 ж. Мексикаға ғылыми сапармен жол тартқан ағылшын этнологы Г. Кристидің жанына еріп жүрген шағында танысады да қалған бүкіл өмірін соған арнайды. Т-дың көзқарастары Канттың эволюциялық теориясының

ықпалының арқасында қалыптасқан болатын. Ол мәдениет тарихын ілгерілемелі даму процесі ретінде қарастырады, өйткені мәдениеттің даму барысында құрал-жабдықтар болсын, өнер түрлері болсын, діни наным-сенім түрлері болсын – бәрі де жетілдірілу үстінде болады. Т. өзінің мәдениет тарихын, діннің бастауларын зерттеген шығармаларымен белгілі. Ол мәдени эволюционизм позициясын ұстанады, яғни мәдениеттің дамуы ілгеріге ұмтылу, өткеннен асып түсу, бұрынғыны жетілдіру деп түсіндіреді. Мәдениет прогресі бүкіл дүние жүзілік халықтардың (олардың әрқайсысының қандай даму сатысында тұрғандығына қарамастан) әкелген үлесіне тікелей байланысты. Оның айтуы бойынша «мәдениет туралы ғылым реформалар туралы ғылым». Мәдени реформалар көбінде діни наным-сенімдер мен табынушылық түрлерін жетілдіруден, күрделі де өнімді еңбек құралдарының пайда болуынан, жаңа өнер түрлерінің көбеюінен көрінеді. Т.-дың айтуынша, мәдениеттің көне кезеңдері туралы ежелден сақталып келе жатқан «қалдықтар», «көнегөздер» – әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер және т. б. көп мағлұмат береді. Осы орайда Т. діннің пайда болуын даярлаған көне наным-сенім түрлерін, соның ішінде әсіресе – анимизмді жете зерттейді. Ол діннің негізін адамның психикасынан, рационалды қызметінен іздестірген. Т.-дың аты әйгілі оқушыларының бірі – Дж Фрейзер.

**Шығ.: Первобытная культура. – М., 1989; Введение к изучению человека и цивилизации (Антропология). – П-М., 1924. Әдеб.: Токарев С.А. История зарубежной этнографии. – М., 1978.**

**ТАЛМУД** (көнееврей. – кітап) – Иудейлер діндегі киелі кітап. Т. «Көне өсиеттің» 5 кітабынан және дінге сенушілердің іс-әрекетін құқықтық нормалар тұрғысынан реттеуші трактаттардан тұрады.

**ТАЛИОН** (лат. *talio* – кек қайтару, өш алу) – қандас туыстар арасындағы қарым-қатынасты реттеуші алғашқы қауымдық қоғамда қалыптасқан салт-дәстүр. Ол салт-дәстүр бойынша туыстар арасында жасалған қиянат үшін пара-пар кек қайтарылуы керек. «Қанға – қан, жанға – жан» формуласы Т.-ның мазмұнын білдіретін ең танымал формула. Кейінірек, алғашқы тап-тық қоғамдарда Т. жасалған қылмысқа сайма-сай жаза кесуді талап ететін қылмыстық жауапкершілік принципіне ауысты. Т. – адамзаттың ақыл ойының ақиқат, әділеттілік туралы алғашқы қарапайым түсінігінің пайда болғандығының көрінісі. Т. алғашқы қауымдық қоғамда қанды кек қайтаруды ғана көздемей, сонымен қатар адамдар қарым-қатынасына қатал шек бола білді. Өйткені Т. пайда болмай тұрған кездерде жөнсіз кек қайтару орын алған болса, Т. арқылы алынатын кектің шамасы нақтыланды. Т.-ның негізінде алғашқы қауымдық қоғамдағы адам санасына және дүниетанымына қатысты «біздер» және «басқалар», «өзіміздікі» және «өзгелердікі», «жақын, бауырлас» және «бөтен» түсінігі жатыр. Т. бір мезгілде адамдарды бөліп

те, біріктіріп те отырған, себебі, ол бір рудан тарағандарды басқа ата-балаларынан өзгешелеп отырған, сонымен қатар, бір атаның ұлдарының басын ортақ жауға қарсылық тұрғысынан біріктірген. Т. орындау, жүзеге асырудың өзі қасиетті рәсім ретінде қарас-тырылғандықтан оған атаның еркек кіндіктері, әсіресе, соның ішінде, жапа шеккен жанның ең жақын туыстары қатысатын болған. Т. – алғашқы қауымдық қоғамда бой көрсеткен адамгершіліктің өзіндік ерекшелікті түрі. Т. көне салт-дәстүр қалдығы ретінде көптеген халықтарда әлі күнге шейін кездеседі. Мыс., тау халықтарының қанды кек қайтару принципінен толық қол үзбегендігін ешкім жоққа шығармайды. Жалпы Т. дүниежүзінің бүкіл халықтарының ертедегі даму сатысында кездескен. Қазақ халқының өмір салтында «барымта» сынды Т-ның түр көрінісі болған.

**Әдебиет:** Гусейнов А.А., Апресян Р.Г. *Этика.* – М., 1998; Дробницкий О.Г. *Понятие морали: Историко-критический очерк.* – М., 1974.

**ТАЛИСМАН** (грек. *telesma* – арнаулы, арбаулы) – көне сенім, көне ырымшылдық бойынша иесіне бақ-дәулет әкеліп, жолын ашады, бәлекеттен қорғайды деп сенетін зат, бұйым. Т-ға деген сенім ежелгі сиқыр-дуа, фетишизммен тығыз байланысты.

**ТАНАТОЛОГИЯ** (грек. мифологиясы бойынша Танатос – өлім құдайы; грек. «logos» – ілім) – өлім туралы ілім Т. адамның өлімге деген қатынасын анықтайды. Өлім – әрбір тіршілік иесін, әрбір тірі жанды қамтитын әмбебап құбылыс. Өлім деп тіршіліктің табиғи түрдегі соңын, аяқталуын айтады. Өлім уақыт ағымындағы барлық нәрселерге: қоғамға, мәдениетке, заттарға, адамдарға тиесілі. Өлімнің түрлері көп. Бір ғана адам өлімінің: физикалық (тәннің ыдырауы), биологиялық (өмірлік маңызы бар органдардың істен шығуы), психикалық (есінен адасу, алжасу), әлеуметтік (қоғамдық-практикалық белсенділігін жоғалту) деген түрлері бар. Өлімге деген қатынас адамдардың тұрақты ұжымдық көзқарастарының, көңіл-күй, эмоцияларының бірі. Сөйте тұра өлім ең құпия, ең жұмбақ құбылыстардың (феномендердің) бірі. Сондықтан да, адам ойы қашанда өлім мәселесін айналып өте алмайды. Өлім мәселесі философияның классикалық тақырыбы. Сонау Сократтың диалогтарынан басталатын талқылаулар осы қазіргі күнге дейін толастамады. Өлім тақырыбы өлім алдындағы қорқыныш мәселесімен тығыз байланысты. Өлімнен қорқу – тірі жанға, адамға тән қасиет. Бірақ, ол қорқыныштың бертін келе пайда болғандығын қазіргі мәдениеттанулық ізденістер нәтижесі байқатып отыр. Архаикалық мәдениетте өлім адамның рухының, жанының денені тастап кетуі деп танылған. Көзге көрінбейтін бу, ауа сияқты рух салмақсыз, шапшаң, өлмейтін нәрсе деп қарастырылған. Сондықтан да, денеден ұшып шыққан Жан басқа әлемге, о дүниеге өтеді де

онда өзінің үйреншікті өмірін ары қарай жалғастыра береді деп ұғынған. Соның нәтижесінде, көптеген мәдениеттерде өліктің жанына оның тірі кездегі киім-кешегін, қару-жарағын, ер-тұрманын бірге қоса жерлейтін болған. Өлім алдындағы қорқыныш-үрей кейінірек өлімді өмірден мүлдем басқаша күй ретінде қарастырудан пайда болады. Енді өлім құдайдың адамға жазған тағдыры тұрғысынан қарастырыла бастайды. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген ұстаным адамдардың панасында орын алған. Өлімнен қорқудың тағы бір себепкері дүниежүзілік діндердің – христиан діні болсын, мұсылман діні болсын – күнәһарлардың о дүниелік тартар азабы туралы түсініктері болды. Өлім туралы ойлану адамды рух және оның мәңгілігі туралы мәселелерге апарып тірейді. Адам жанының өлместігі туралы философтар сонау ертеден бастап ойланған болатын. Платон, Аристотель, Канттан бері қойылған мәңгілік рух мәселесі әлі күнге дейін ғылымның аса өзекті мәселелерінің бірі ретінде танылады.

**Әдебиет:** Психология смерти и умирания. – Минск, 1998; Розин В.М. Смерть как феномен культурно-антропологического и эзотерического осмысления / Введение в культурологию. – М., 1997.

**ТАНТРИЗМ** (санскр. тантра – орағыта айту, айла-әдіс; киелі мәтін; сиқыр) – өздерінің киелі мәтіндері ретінде тантраны танитын индуизмнің секталары мен мектептерінің жалпы атауы. Т-ге төмендегідей қасиеттер тән: секта құрамында төмен және ең төмен касталардың басым болуы; сектада арийлық емес тайпалардың өкілдерінің кездесуі; секталардың және олардың ғұрыптарының құпиялығы (эзотерикалығы); әдет-ғұрыптарының йогалық тәжірибемен байланыстылығы; брахмандық рәсімдер мен мораль нормаларымен шектелмеу; әйелдік жыныстық энергетикалық бастама туралы мифологиялық көзқарас. Т. философиясы бойынша әлем психикалық белсенділік бар болғандықтан ғана өмір сүреді. Психикалық энергия сөнетін болса онда әлем революцияға ұшырап, өзінің әуелгі «түксіз, бос» күйіне көшеді. Әуелгі күй жағдайында барлық қарама-қайшылықтар, себеп-салдарлық байланыстар, уақыт-кеңістік өлшемдер жойылады. Адам микро-космос болғандықтан космостың, ғаламның барлық қасиеттерін өз бойына жинақтаған, тіпті адам анатомиясы да ғалам анатомиясын қайталайды. Адамның іс-қылығы мен физиологиясы да эволюция мен революцияға ұшырауы мүмкін.

**Әдебиет:** Пятигорский А.М. Материалы по истории индийской философии. – М. 2012.

**ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫ**, *гносеология* (гректің *gnosis* – таным және *logos* – ілім сөздерінен), эпистемология – философияның тарауы (философиялық дисциплина), зерттеу пәні ретінде танымның жеке формалары емес, біртұтас танымның өзі алынатын теория. Таным процесінің мәні және оның жалпы

механизмі, танымның мүмкіндігі мен шекаралары, алғышарттары, жалпы негіздері мен әлеуметтік-мәдени детерминанттары қарастырылады. Таным теориясының басты мәселесі – білім мен шындықтың арақатынасы және онымен тығыз байланысты ақиқат, оған жетудің жолы, формалары және тәсілдері, рационалдылық пен иррационалдылық, таным мен түсінік, білім мен сенімнің өзара байланысы.

**ТАҢБА** – өзге заттың орнын толтырушы, әйгілеуші, белгілі бір хабарды сақтау, қайта өңдеу және жеткізу үшін қолданылатын зат. Егер таңбаның өзі денотат қызметін атқарса, оны қоршайтын мағыналық кеңістігі коннотат деп аталады. Т. ұғымының пайымдалуы философия, логика, лингвистика, психологияда маңызды орын алады. Т. ұғымының танымдық қасиетін таразылауға антикалық философтар көп зейін бөлген (Платон, Аристотель, стоиктер), бұл мәселемен XVII–XVIII ғ. философтары да айналысқан. XIX–XX ғ. Т. туралы арнайы ғылым – семиотика пайда болды (Пирс, Моррис, Соссюр, қазіргі структуралистер). Т. табиғатын зерделеу барысында Т. пайдаланатын ерекше әлеуметтік жағдайларды анықтау өте маңызды. Ондай жағдайлар тіл мен ойдың даму барысына тығыз байланысты. Стоиктердің ілімі бойынша, таңбалардың мағынасы олардың құрылымының екіжақтылығынан көрінеді, яғни, тура қабылданатын, мағынаға ие құбылыстардың біртұтастығынан байқалады. Осы байланыстың түрлі нұсқасынан түрлі анықтамалар туындайды. 1867 ж. Ч. Пирс Т-ны үш түрге бөлген – индекстік, иконикалық, символикалық. Бұл анықтама екі қарсы бөлінуге негізделеді – нұсқаулық пен ұқсастықтың және дәйектілік пен шарттылықтың қарама қайшылығына. Индекстік (нұсқаулық) қатынаста Т-лаушы мен Т-ланушының арасында нұсқалау байланысы болуға тиіс. Иконикалық қатынаста белгілі қажетке байланысты қарапайым ұқсастық басым. Символикалық Т-да таңбалаушы мен таңбаланушы ешбір нақты байланыссыз бір біріне теліне береді. Қоғамдағы байланыс құралы ретіндегі тілдер құрамына кіретін Т-ларды қатынас Т-лары деп атайды. Соңғылар жасанды және табиғи Т-лар жүйелеріне бөлінеді. Т-лар ілімінің жасалуы үшін математикалық логика мен метаматематика аясында жүргізілетін Т-лар жүйелерінің зерттелуі өте маңызды. Осының бәріне қарамастан Т-ның қордалы концепциясын жасау мәселесі әлі шешілген жоқ.

**ТАРИХТАНУ**, *тарих философиясы* – адамзат тарихын пайымдау ілімі. Тарихи сананың шынайылығы, бағыты, даму нұсқалары жөнінде пікір қалыптастырып, тарихи дамудың әмбебап, жалпыға бірдей заңын табуға, абсолюттік мағынасын зерделеуге тырысады. Тарихтың мән-мағынасын түсіну үшін оның белгілі метафизикалық тұрғыдан қарастыралатын кезеңдерін табу керек. Дәстүр бойынша мұндай кезеңдер үшке бөлінеді

– тарихи дамудың мағына құрастырушы мезгілін негіздейтін тарихтың басы, бүкіл ішкі заңдылығын ашатын тарихтың ақыры және осы екеуінің арасында тірлік ететін мұрагерлік нұсқалары. Т. тәсілі антикалық мәдениетте қалыптасып, еуропалық және исламдық ортағасырлық мәдениетте дамып, шарықтау шағын еуропа философиясының классикалық метафизикалық жүйелерінде, XX ғ-дың христиан дәстүріне жақын ағымдарда табады. Дәстүрлі шығыс мәдениеті (қытай және үнді-буддалық) адам мен дүниенің қарым-қатынасын өзгеше пайымдайды, сондықтан мол тарихи мұраға иелік еткенмен, арнайы Т. ілімін тудырмайды. Егер түркі тарихына келсек, түркі халықтарының тарихи санасы көшпенді және отырықшы тіршілік- тің арақатынасына байланысты. Көшпенді түркі-моңғол халықтарының тарихына үңілсек басты мақсаты көшпенділікті сақтау болды. Егер Атилла мен Шыңғысханды еуропа халықтары Тәңірінің қамшысы десе, расында да көшпенділер араласқан тұста отырықшылардың тарихы қарқынды түрде дамыған. Көшпенділер еуропалықтардың ықпалына көнбеуімен қымбат. Азия Еуропаның өзгесі, осы өзгешелікті сақтағанда ғана түркі- монғол халықтарының мағынасы сақталады. Орталық Азия Еуропа мен Азия арасындағы көпір емес, дербес ел, өзгеше өркениет. Егер «Ой сәулесі Шығыстан» дейтін тұжырымды мойындасақ, онда Орталық Азия Шығыстың темірқазығы, ежелгі бастауы.

**ТӘҢІРІ** (көнетүркі. – мықты, ер, күдіретті) – көне түркілердің діни наным-сеніміндегі тұлғаланбаған, шексіздік күйі есебіндегі аспанмен теңдестірілген басты құдай образы. Бұл сөзбен кәдімгі көк аспанды да атайтын болған. Көне түркілердің космогониялық түсінігін мына сөздерден байқаймыз: «Жоғарыда көк Т., төменде Қара жер жаралғанда, олардың екі арасында кісі ұлы жаралған екен». Бұдан біз жер мен аспанның тығыз байланыстылығын көреміз. Аспанды құдай деңгейіне көтеру одан қорқу емес, жаратылған әлемнен жаратушыны іздеу, бүкіл жаратылысты құдайдың күдіретінің көрініс табуы деп түсіну. Түркі жазуларында көшпенділердің барлық жеңістері Көк Т-мен байланыстырылған. Оның рақымымен елді басқарған қағандарға «Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген» деген атақ берілген. Түркілердің білген-көрген ең биік шыңы да тегіннен тегін Хан Т. деп аталмаса керек. Аспанды және оның шырақтарын қадірлеу белгілі бір заңды қажеттіліктен басқа аспанды құдай мекені деп танудан, руханият әлемі деп есептеуден туындап жатыр. Түркілердің Көкке де, Күнге де, Айға да, құтты мекендерге де тағзым еткені рас. Бірақ бұдан түркілердің монотеизмге (бірқұдайшылыққа) өресі жетпеді деген түсінік тумауы керек. Өйткені жекешеленбеген, тұлғаланбаған кейіпте болса да, Т. орталық құдай, жалғыз жаратушы болып есептелінген.

Әдеб.: Т. Ғабитов, Ж. Мүтәліпов, А. Құлсариева. Мәдениеттану. – А., 2000; М. Орынбеков Ворования Древнего Казахстана. – А., 1997; Н. Келімбетов.

Ежелгі дәуір әдебиеті. – А., 1991; Ә. Қоңыратбаев, Т. Қоңыратбаев. Көне мәдениет жазбалары. – А., 1991.

**ТӘУБЕ** – адамның ағат кеткен іс-қылығына өкініш білдіріп, келешекте оны болдырмауға үзілді-кесілді бел байлау, барға шүкіршілік ету, жаман әдет бойға сіңбей тұрғанда, тез Т-ге келіп, оны қайталамауға, жаманшылықтың орнығуына жол бермеу. Т. адамның өзін-өзі тәрбиелеудің бір жолы. Кімде-кім пендешілік жасап, теріс жолға түсіп қалса, дереу өзін-өзі жазғырып, адамшылық жолға түсуге бел байлап, бойын тез жинап алып, ар намысы алдында таза болуы жағын ойластыруы тиіс. Сонда ғана ол менің ожданым (ар-намысым) таза деп қысылып-қымтырылмай айта алады. Өзімен өзі және басқалармен үйлесімді қатынаста болу үшін адамға тәубешілдік қажет. Т-ге келу дегеніміз, адамның бұл дүниенің қыр-сырын түсініп, шектен шыққан нәпсіқұмарлықты тоқтатуға бағытталған әрекеті. Өз қатесін мойындай білу әркімнен батылдықты қажет етеді. Т-ге келу уайым философиясы емес. «Мен кереметпін, тек бәріне сұм заман кінәлі» деген позиция адамның әлсіздігін білдіреді. Қазақ мақалындағыдай «Жағам жаман болса, жеңім жақсы, өзім жаман болсам, ағам жақсы» деп отыра беруге де болмайды. Қазақы түсінік бойынша құдай Адам атаны балшықтан жаратып оған өзі жан берген. Адамның өмірдегі келеңсіз көріністердің барлығы осы хаостық табиғи денеден ұяланады. Адам өз нәпсіқұмарлығын жеңіп, құдайылық рухани жоғарылыққа жетуі қажет. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде нысап, несібе, Т. негізінен имандылық талаптарынан туатын кісілік құндылықтар ретінде қабылданған Ислам дінінің қазақ сахарасында нығаюына қатысты этикалық ұғымдардың діни мазмұны арта түсті. XV–XVI ғасырлардағы жырауларда кісілік құндылықтардың көшпелілік, тәңіршілдік түсіндірмелері мен суреттемелері басым болса, XVIII ғасыр ақын-жырауларында «обал», «сауап», «Т.», «несібе» сияқты мұсылмандық мағынадағы түсініктер жиі қолданыла бастады. Әрине, бұл ұғымдарда жалпы адамзаттық нормалар да көрініс тапты.

**ТӘН.** Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі әдептік реттеудің маңызды бір ерекшелігін ондағы жан мен Т. үйлесімділігі деп атауға болады. Бұл Т. мен жан сұлулығы ұғымында айқын байқалады. «Т-і сұлудың жаны да сұлу» деп түсінген халық үшін ұсқынсыздық бір бағытты болып келмейді. Халықтық дүниетанымда адамның Т-дік бастаулары ақталып шығады. Қазақтың әдеп жүйесінде аскеттік мұраттар терең ұяланбаған. Т. жеке даралық, өзіншілдік сипатта емес, керісінше, жалпы әлемдік, ғарыштық, халықтық тұрғыдан қарастырғанда толассыз жаңғыртулар мен өзгерістердің жетілу-дің кепіліне айналады. Т. өмір мен өлімнің, әке мен аналық жасампаздық-тың, өткіншілік пен мәңгіліктің рәмізіне айналады. Ең бастысы – Т. бүкіл табиғаттың толассыз жаңғыртушылық қабілеттілігінің адамдандырылған

бітіміне жатады. Ол молшылық, құттылық, дәулеттілік, шаттылық, көтеріңкілік, ләззат т.т. құндылықтарының отауы болып табылады. Ол – адам тіршілігінің салтанаты. Т-нің төменділігі шартты болып келеді. Төмендеу, бұл мағынада, Жер-Анаға жақындау, оның сіңіруші және қайтадан тудырушы стихиясымен бірегейленуді білдіреді. Тіпті, өлу дегеніміз (қазақша – «қайтыс болу») табиғатқа қайтып келуді білдіреді. Төмендеу дегеніміз тәннің төменгі мүшелерінің (ішек-қарынның, жыныстық мүшелердің) асты қорыту, оны табиғатқа шығару, махаббаттан ләззат алу, жүкті болу, нәрестені дүниеге әкелу сияқты қызметтерін түсіну деген сөз. «Ұлы сөзде ұят жоқ» дейді қазақ. Жоғарыда аталған нәрселер адамдық келбетті төмендетіп жібермейді (төмен ұғымын амбивалентті мағынада қолданып тұрмыз). Тұлғаның фәниден бақиға дейінгі тіршілігінде аса маңызды оқиғалар мен оларды атап өту астарында «төменгі Т.» құндылықтары тұр (құда түсу, үйлену, шілдехана, тұсау кесу, қайтыс болу, ас беру). Халық дәстүрінде астан жоғары құндылық сирек кездеседі. Сөйтіп төменгі жоғарғы болып шыға келеді. Тек адам санасында төменгі дене құнсыздандырылып, тыйым салынған игіліктерге айналып кетеді. Халық түсінігінде, Т. тұрмыстық жиі қолданудан біртіндеп қарадүрсінделуі мүмкін, ол тоғышар адамдардың топастықпен қайталайтын нәпсіқұмарлығына айналуы да ғажап емес. Бірақ Т. де бұл үшін жаратылған жоқ, Т. құмарлығын рухани бастаулардан алыстату дұрыс емес. Егер тірілердің есінде жақсы істері, ойлары, білімі, қайырымдылығы арқылы қалатын болса, ол адам қайта тууы мүмкін. Сөйтіп, адам өмірінің мәні алдыңғы ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін белсенді түрде игеруде, ізгілікті істерінде екен; сонда Т. өлгенімен жан мәңгі қалады.

**ТЕКТІЛІК** кісілік құндылық ретінде қазақ халқының күнделікті тіршілігіне етене еніп кеткен. Оның нақтылы көріністеріне жататындары: ата-баба аруағын ардақтау, ата-ана алдындағы перзенттік борышын ақтау, ағаны арқа тұту, құданы құдайдай сыйлау, күйеу баласын туған ұлындай көру, қыз баланы ерекше құрметтеп, әпке – екінші ана, «келіннің аяғынан, қойшының таяғынан», «келін келді – құт-береке келді», «балалы үй базар», «бала бауыр етің», «бір үйде қанша болсаң, бір-біріңе қонақсың», «жақсы жеңге – анадай абзал», «Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін», «төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бөле тату», «інім де, інім дегенше – күнім де», «ағасы бардың жағасы бар» және т. б. Бұл ұғым ортағасырлық түркі философиясында да жан-жақты қарастырылған (әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн және т. б.). Дәстүрлі қазақ мәдениетінде Т. рулық және генетикалық қатынастардың басым мүдделілігін білдіреді. Т-тің нақтылы тарихи формасына жеті аталық үрдіс жатады. Қазақтың «жеті атасының атын білген бала, жеті рулы елдің қамын жейді» деген нақыл сөзі бар. Жеті аталық үрдісті әдебиетте инцестке тыйым салудың дәйекті түрі десе, көптеген зерттеушілер жеті аталық үрдісті «туысқандық қоғамның» айқын көрінісі деп қарастырады.



Миф, әфсаналардан бастап ортағасырлық жырауларға дейін әйел Т-гінің маңызы туралы талай ғибрат сөздер айтылған: Шығыс халықтарының ішінде қазақ сияқты санаулы ғана халықтың әйелдері бетіне паранжы салмай, дидарын ашық ұстап, қымсынбай еркін жүруі де көшпелілер өмірінде әйел баласы ер адаммен бірдей, тең дәрежеде болғандығын білдіреді. Әйел-ананы құрметтеуге, қастер тұтуға деген мазмұнды этиканың қалыптасуына не себеп?! Ол – көшпелі өмір салтынан туындайтын әлеуметтік қажеттілік. Көшпелі өмір салтында әйел-ана еш уақытта еңбектен қол үзіп ажыраған емес. Яғни, отбасы бақыты, ру амандығы, ел тағдырына қатысты қазақ әйелдерінің қоғамдық жауапкершілігі ерлерден еш кем болмаған.

Эталон ретінде алынған тарихи арғы тек (аруақ) идеализацияланған бейнеге жатады. Мысалы, Ноғайлы дәуірінде осындай дәрежеге жеткен кісіге Едіге жатады. Ноғайлы-қазақтың «Едіге батыр» жырында ол керісінше, тарихи тұлға, ел қамқоршысы, аты аруаққа айналған адам ретінде жырланады. Эпоста Едіге Түкті Баба Шашты Әзиздің ғажайып түрде дүниеге келген ұлы ретінде түсіндіріледі. Түкті атадан жаралуы Едігені текті етеді.

Халық даналығында Т. бірнеше мағынада қолданылады. Оның біреуі – қауымнан, қалың бұқарадан өзінің ерекше қасиеттерімен бөлініп шыққан текті кісі. Бұл, әсіресе, Темір би, Абылай хан және батырлар суреттемелерінде айшықтана түседі. Текті адам «көпшіліктен» өзгеше жаралған тұлға. Көпшілік, әдетте, өзінен суырылып шыққанды ұнатпайды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы түсінік бойынша көпшілікті аталы (текті) кісі басқару қажет. Текті адамның өмір кредосын былай түйіндеуге болады: бұл дүниеде толыққанды өмір сүріп, халық жадында өз ерлігі және елдігімен мәңгі қалу.

Т. – адамның болмысындағы ата-бабасынан берілетін жақсы қасиеттердің рухани сабақтастықпен берілуі, оның ұрпақтан ұрпаққа парасаттылықтың үлгісі ретінде жалғасуы, ділде сақталуы. Т. құбылысының өзіндік бітім-болмысы адамның жеке ғұмырында кездейсоқ қалыптаспайды. Ол үшін кісіге ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық және т. б. бейімділіктері болуға тиісті. Дегенмен, адамды бекерден бекер көпшілік «текті жан» деп атамайды. Ол үшін адамның әлеуметтік ортада өзін жақсы жағынан көрсете білуі де тиіс. Яғни, Т. адамға ағзаның құрылымындағы гендік түрде беріле салатын биологиялық қасиеттер ғана емес. Сонымен қатар, адамның қоғамдық ортадағы өзін-өзі жетілдіру арқылы белгілі бір биік беделге жетуі де таза Т. деп танылмайды. Әрине, өзінің жеке басының кемшіліктерімен, анайы іс-әрекеттерімен күреспеген жанды халықтың қырағы көзі теріс бағалап отырған. Сондықтан, қандай текті жерден адам шыққанымен де ол өмірде өз жолын таба алмаса, өзінің қарайған жеке басының ғана мүддесінің аясынан, ауқымынан аса алмайтын жан болса, онда оның барша халық үшін жартымды қадірі де болмаған. Яғни, Т. негізгі өлшемдерінің бірі адамның халқының нағыз азаматына айналуы болып

табылады. Осыған орай «Жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз» дейді халық. Жоғарыда нақыл сөздер Т. кейде тұқымдық жолмен тікелей беріле салмайтын кездері болатындығын, кез келген адамның «текті жан» атануына мүмкіндіктер бар екендігіне мегзейді. Т. жолындағы адам әрқашанда Ақиқат заңдылығының әлеуметтік ортада орныға түсуіне өз үлесін қосады. Сондықтан ол өзінің тұлғалық руханилығының нығая түскенін қалайды, осы жолдағы барлық ауыртпалықтарды көтеруге дайын екенін білдіреді. Ал пендешіліктің, нәпсіқұмарлықтың теріс жолына түскен азамат тіршілікте тексіздіктің шыр-мауына шырмала түседі, ол көбінесе, жасампаздық істерден гөрі табиғи сұраныстарының қисынымен өмір сүргенді қалайды. Бірақ, ол өзінің жеке басының мәртебесін көтеру мақсатында әртүрлі айлы-шарғыға баруы мүмкін. Өзін-өзі әлеуметтің алдында бекіте түсу үшін ол үнемі ұлылар санатына қосылуға ұмтылады, кішкентай жетістіктерін зорайта көрсетуге тырысады. Осындай жасанды әрекеттер нағыз шынайы Т. қалыптасуына әкелмейді. Өйткені, нағыз текті адам барынша қарапайым, сыпайы, мейірімді, кешірімді болып келеді, әлсіздерге қол ұшын беріп отырады. Оның тұлғалық рухани көкжиегі ешкімді шеттетпеуге, төмендетпеуге итермелейді. Ал Т. іздеген пенде көптеген томдардан тұратын шығармалар жазғанымен, көптеген атақтарға, материалдық игіліктерге қол жеткізгенімен ол шынайы рухани биікке көтеріле алмауы мүмкін. Себебі, кісінің нағыз Т. тарихтың өзі сараптан өткізіп береді. Бұл сынақтан өтудің бірден-бір жолы адами руханилықтың құрылымын дүниетанымда нығайта түсу, халқының мүддесі үшін аянбай қызмет ету болып табылады. Міне, осындай Т. танылған азаматтар саны көбейген сайын қоғамдағы көптеген қайшылықтар шешімі тезірек табылады.

**ТЕОЛОГИЯ** (грек. *theos* – Құдай және *logos* – ілім, сөз) – Құдай жайлы дін ілімі. Т. ұғымын зерттеушілердің дені теистік діни ілімдермен байланыстырады. Т. ұғым ретінде христиан діні келгенге дейінгі Платон еңбектерінде де кездеседі. Платон бұл ұғымды өзінің Құдай жайлы ілімінде қолданбаса да, филос. тұрғыдан талданатын мифологияға байланысты қолданған. Кейіннен Т. термині Гомер, Гесиод, Орфейдің поэмаларына қатысты қолданылып, оларды теолог деп атады. Аристотель Т. терминімен «Бірінші философияны» атап, оны құдайлық мәңгілік заңдылықтарды зерттейтін жоғары дәрежедегі теор. ілім деп таниды. Стоиктер Т-ның үш тегін бөліп көрсетті: ақындықпен байланысты мифол. Т., философиямен байланысты физ. Т., ресми дін өкілдері мен заңгерлерге қатысты саяси Т. Христиандықтың әр түрлі ағымдарының догматтарында да бұл терминді жиі қолданды. Бірқатар христиан апологеттері антик. философия мен Т. арасында қарама-қайшылық жоқ. Т. жайлы аристотельдік түсінікті және

нанымға негізделген діни сенімді үйлестіруге болады деп білді. Ал қайсы-бір апологеттер бұған қарсы болып, осы тақырыптағы пікірталас ұзаққа созылды. XIII ғ-да Т. – Құдай және оған сенім жайлы жүйелі ілім деген ұғым қалыптаса бастады. Т-нің негізінде метафиз. күшке, құдіретке сенім жатқандықтан ол априорлы, яғни, тәжірибе жасамай сенетін мәселе. Жалпы монотеистік діни қағидалармен сәйкестігіне орай Т. терминін қазіргі ислам-тануда иллахиат ұғымының баламасы ретінде қолданады. Т. аянға, яғни, Құдай сөзіне (қалам) негізделіп, Жаратушы болмысын материалдық дүниедегі заттар мен құбылыстарды талдау арқылы дәлелдейтін физ. Т., құдайлық бұйрық және ерік тұрғысынан адамгершілік моральдық принциптерді талдап, Алланың болмысын дәлелдейтін догмат. Т., Алланың барлығы мен сипаттарын тануда адам мүмкіндігінің шектеулілігін, қолданатын ұғымдарының шарттылығын дәлелдеу арқылы құдайдың барлығы мен шексіз құдіретін дәлелдеуге тырысатын теріс Т. болып методол. тұрғыда жіктеледі.

**ТЕОРИЯ** (грек. *theoria* – пайымдау, анықтау) – белгілі бір құбылыстың, шындықтың заңдылықтары мен байланыстары жайлы жан-жақты, толық мағлұмат беретін тұжырым. Т. өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логик. байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды. Т-ның мазмұны белгілі бір ұғымдар мен тұжырымдарға негізделіп, арнайы логик.-методол. принциптер мен ережелерге сүйеніп баяндалады. Т. көбінесе болжамдық, тұспалдық сипатқа ие. Т-ның кең көлемді теор. материалды жүйелеуге, сипаттауға бағытталған сипаттамалы немесе логикаға негізделген дедуктивті түрлері бар. Логик. көзқарас тұрғысынан Т. өзара байланыстағы гипотетик.-дедуктивтік жүйені құрайды. Кез келген теор. қорытынды негізгі тұжырымнан (аксиома, анықтама, қағида) тұрады немесе бірнеше ойтұжырымдардың логик. қорытындысы (теорема, нәтиже) болып табылады. Эпистемол. мәнде Т. үнемі дамып, өзгеріп отыратын білімдер жүйесі. Қазіргі ғылым методологиясы Т-ның негізгі төрт құрамдас бөлігін айқындайды: Т-ның теор. тұрғыдан түсіндірілуге тиісті тәжірибелік нәтижелері мен деректік жиынтығынан тұратын эмпирик. негізі; әр алуан жалпы заңдылықтар мен қағидаттардан тұратын теор. негізі; белгілі бір логик. және методол. реттегіштер; дәлелдерден, қорытындылардың жиынтығынан тұратын негізгі теор. жүйе. Т. практик. іс-әрекетті, тәжірибені қорытып, оны жаңа жағдайда ғана қолданбай, ол тәжірибе нәтижелерін шығарм. тұрғыдан өзгерту арқылы практиканың алдына жаңа талаптар қойып, оның өрісін кеңейте түседі. Ғыл.-тех. төңкеріс заманында Т-ның практикаға қатысты ғыл.-өндірістік маңызы айқын көрінеді. Сондықтан, практика Т-ның ақиқаттылығын дәлелдеумен қатар, оны дамытып, жетілдірудің негізі.

**ТЕОСОФИЯ** (грек. *theos* – Құдай, *sophia* – даналық, білім – құдайтану) – Құдайды сиқыр, сыр арқылы, басқа әлеммен байланысу арқылы тануға

болады деп сенетін ағым. Т. шіркеу догматтарын мойындамайтын, тіке-лей ішкі тәжірибе, мистик. интуиция арқылы Құдайды тануға болады деп білетін көзқарас. Т. өкілдері анимизм, космология, астрологияның қағидалары мен білімдерін пайдаланып, адам санасының тылсым сырларын зерттеп, билеуге тырысады. Т. өкілдері қатарында Е. Блаватскаяны (1831–1891) атауға болады. Ол амер. Г. Олкотпен бірігіп, 1875 ж. Нью-Йоркте «Теософиялық қоғам» құрып, «Құпиялы доктрина» (1888), «Теософия кілті» (1889) атты кітаптар жариялады. Т-ны адамның жаны мен тәніне, табиғатқа астарлы формулаларды, буддизм, брахманизм, т. б. ағымдардағы тәсілдерді пайдалану арқылы үстемдік ету деп тануымен оккультизмнің бір түрі деуге болады. Т. схоластик. негізден ажырап, сиқыр, сыр арқылы діни сенімнің дәмін татуға бейім діндарлықтың жаңа түрі.

**ТЕЙЯР ДЕ ШАРДЕН Пьер** (1881–1955) – француз палеонтолог ғалымы, философ және теолог. 1899 жылдан иезуиттер орденінің мүшесі, 1911 жылдан шіркеу қызметкері. Т-нің адам және әлем туралы көзқарастары ортодоксты томистік көзқарастарға ұқсамайды, өйткені ол «христиандық эволюционизм» концепциясын қалыптастырды. Әлемнің эволюциялық даму ерекшеліктерін ескермеуге тырысқан діни ілімдерден өзгеше түсініктеме бергені үшін Т-ді шіркеу басшылары сабақ беруден аластатып, филос.-теологиялық шығармаларын жарық көрсетуге тыйым салған болатын. Дегенмен де, 1960-шы жылдардан бастап оның көзқарастарын көптеген модернистік ағымдардың өкілдері кең қолдана бастады. Т. адамның пайда болуына алып келген әлемнің эволюциясын діни тәжірибе мен ғылымның қол жеткізген жаңалықтарын біріктіре отырып анықтауға тырысты, сөйтіп «ғылыми феноменологияны» жасамақшы болды. Күрделі ұйымдастырылған сана мен руханилық иесі адамды Т. бүгін ғарыштың алдын-ала жоспарланған эволюциялық дамуының нәтижесі деп түсіндіреді. Т. концепциясына пантеизм, яғни, бүкіл тіршілікке ыдыратылған құдай идеясы тән. Т. бойынша құдай – «универсуум құрылымының» әрбір бөлшегінде ерекше рухани күш жігер түрінде көрсетілген, ол эволюцияның қозғаушы және бағыттаушы күші болып табылады. Әлемдік эволюцияны Т. бірін-бірі алмастырған төмендегідей сатылардан өтеді деп біледі: «өміралды», «өмір», «ой» және «шалғай өмір». Аталған эволюциялық сатыларды «ой» деңгейінде дүниеде адам баласы пайда болған. Ол өз бойына психикалық энергияны жинақтап, «ноосфераны» туындатады. «Шалғай өмір» сатысы адамдардың рухани бірігу күйін білдіреді. Т.Ш-нің тарихи-философиялық көзқарастарына оптимизм, гуманизм, христиандық либерализм тән. Ол болашақта христиан діні мен гуманизм, ғылым мен мистика бірігіп, қазіргі заманның қауіп-қатерлеріне төтеп берер жол табады деп сенген.

**Шығарм.: Феномен человека. – М., 1987. Әдебиет: Левада Ю.А. «Феномен Тейяра» и споры вокруг него. // Вопросы философии, 1962; Зеньковский В.В.**

**Основы христианской философии. Т. 2. – М., 1964; Бабосов Е.М. Тейярдизм: попытка синтеза науки и христианства. – М., 1970; Сахарова Т.А. От философии существования к структурализму. – М., 1974.**

**ТЕКСТОЛОГИЯ** (лат. *textum* – мата, киім, байланыс, өрме, грек. *Logos* – ілім) – филология, әдебиеттану, тарих және мәдениеттануға көмекші пән. Ол жазба мұраларының ең көнелерін жинақтап, басын біріктіріп, жариялаумен, әдебиет пен фольклорды зерттеумен айналысады. Т. көне мәтіндерді атрибуциялау, яғни, олардың қай тарихи дәуірге тиесілі екендігін және қай авторға тиеселі екендігін анықтау ісімен қатар сол мәтіндердің мазмұнын талдап талқылайды.

**Әдебиет: Бахтин М.М. Проблема текста в лингвистике, философии и других гуманитарных науках // Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М., 1979; Руднев В.П. Основания философии текста // Научно-техническая информация. Сер. 2. – М., 1992.**

**ТЕХНИКА** (грек. *Techne* – өнер, шеберлік, машық, кәсіп) – қоғам мен табиғатты байланыстырып жатқан феномен. Т-ны кең және тар мағынасында қарастыруға болады: тар мағынасында Т. – индустрия, өндіріс, кәсіп дегенді білдіреді (экономикалық Т., өндірістік Т., әскери Т., машина – жабдықтар, тұрмыстық Т. т. б.), кең мағынасында Т. деп өнерді, шеберлік түрін айтады (ойлау Т., бейнелеу Т., би-өлең Т., т. б.). Т-ның мәні адамға аз күш жұмсатып, көп нәтижеге жеткізуде жатыр. Т. мәдениеттің негізін қалайды. Адам Т-ға өзінің адам ретінде қалыптасуымен қарыздар. Бірақ Н. Бердяевтің «Техника туралы сұрақ адамзат пен оның мәдениетінің тағдыры туралы сұрақ» дегенін естен шығармаған дұрыс. Расында да қазіргі техниканың даму қарқыны, оның игі әсерімен қатар кері ықпалының көбеюі ақылы бар адам баласын ойландырмай қоймайды. Батыста Т-ны философиялық – мәдениеттанушылық ізденістердің нысанасына айналдыру И. Бекманнның «Технология туралы нұсқау немесе мануфактура, фабрика және шеберлікті тану» (1777 ж.), Э. Капптың «Техника философиясының негіздері» (1877 ж.) атты шығармаларының дүниеге келуімен байланысты жүріп отырды. Бұл екеуінің Т. концепциясы «органопроециялық» сипатқа ие болды, өйткені олар Т-ны адамның өз органдарын, дене ағзаларын табиғи материалға проекциялау нәтижесі деп түсіндірді. Мыс., экскаватор – үлкен алақан уысы; автомобиль – желаяқ және т. б. Т. тақырыбын Дессауэр, Хайдеггер, Ясперс шығарламаларынан да көптеп кездестіреміз. Мыс., Хайдеггердің айтуы бойынша, Т. – адамның өзін-өзі жүзеге асыру тәсілі әрі сол арқылы болмыс қыр-сырын, жұмбағын шешу жолы.

**Әдебиет: М. Хайдеггер. Время и бытие. – М., 1993; Н. Бердяев. Человек и машина // Вопросы философии. № 2, 1989; Новая технократическая волна на Западе. – М., 1986; Тавризян Г.М. Техника, культура, человек. – М., 1989.**

**ТЕХНИЦИЗМ** – техниканы қоғам тағдырын анықтауыш күш деп түсіндіретін әлеуметтік-психологиялық нұсқау және саяси-қоғамдық ой бағыты. Т. қоғамдағы елеулі өзгерістер тікелей техниканың әсерімен жүзеге асады деп ұғындырады. Т. идеологиясы адамзат үшін техниканың дамуы қашанда ізгілік көзі деген үстірт көзқарасқа негізделген. Т. идеологиясының мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар ілімдерінде кездесуін олардың адамзат мәдениетінің тарихи негізгі сатыларын техниканың белгілі бір аспектілерімен байланысты қарастыруларынан байқаймыз. Мыс., олардың бірі (Дж Ленский сияқты) мәдени кезеңдерді еңбек құрамының өзгерісімен байланыстырса, келесісі – қуат көзінің өзгерісімен, үшіншісі (М. Маклюэн сынды) – қарым-қатынас, ақпарат алмасу құралдарының өзгерісімен байланыстырады.

**ТЕХНОФОБИЯ** (грек. *techne* – техника, *fobia* – қорқыныш) – техникалық прогрессті теріс қабылдау, техникаға үміт артудан гөрі оның әкелер қауіп-қатерінен үрку, техниканы адамның жауы деп санау. Т. идеологиясы адамзатты жөн-жосықсыз тұтынушылық жолында техниканың құлы болып, соның бір тетігіне айналып кетуден сақтандырудан туындайды. Т. адамның жеке басының тұлғалық ерекшеліктерін техника жоққа шығарады деп үрейленеді. М. Голдман, Дж. Форестер, Д. Медоуз өздерінің Т-лық концепцияларында экологиялық кризис себептерін ғылыми-техникалық революциядан табады. Олар технологиялардың дамуын осы қазіргі деңгейден ары асырмау керек, тек сонда ғана әлемде табиғат пен техника арасындағы тепе-теңдікті («глобальды тепе-теңдікті») қалыптастыруға болады деп түсіндіреді.

**ТИПТЕР ТЕОРИЯСЫ** – түрлі сатылардағы объектілерді айыру үшін енгізілетін формальдық логиканың құрылу тәсілі. Т. т. есептелу предикаттарының кеңейтілген жүйесі, яғни әр түрлі типтердің айнымалыларын қамтитын аксиоматик. жиын теориясында парадокстар мен антиномияларды болғызбау тәсілдерінің бірі ретінде көрінеді. Алғаш рет Т. т-н кластар логикасына қолданған Э. Шредер (1890). Т. т-ның толық жүйесін құрған Рассел – Уайтхайдтың жүйелеуі бойынша бұл теорияның формальды объектілері мынадай типтерге бөлінеді: индивидтер (1 тип), предикаттар (2 тип), предикаттардың предикаты (3 тип), т. б.

**ТОБЫР** – белгілі бір ортақ мүддемен уақытша топтасқан адамдар жиыны. Т-дың әлеум. құрылымы қарапайым: көсемінен және өзгелерінен тұрады. Дегенмен, Т. жекелеген тұлғалардың жай ғана жиынтығы да емес. Зерттеушілердің пікірінше Т-ға тән жалпы сипаттамалар: 1) әсершілдік Т-дың ішіндегі адам одан басқа адамға қарағанда әлдеқайда әсершіл. Олар

көпшіліктің пікірін, сезімін, әрекетін неғұрлым тез қабылдап, ортақтасады; 2) анонимділік – жеке тұлға өзін көптің ішінде танылмайтындай сезінеді. Т. біртұтас топ ретінде әрекетке барып, оның жекелеген мүшелері өзін жеке тұлға деп санамайды; 3) тұтқиылдық Т. құрамындағы адамдар болжамсыз мінез-құлыққа, эмоцияға бейім, олар көптің ішіндегі өз әрекеттері жайлы ойланып, сарапқа салмайды; 4) қамсыздық Т. құрамындағы адам топпен біртұтас қимылдайтын танылмайтын көптің бірі болғандықтан өздерін әлеум. бақылаудан, жауапкершілік пен жазадан тыс сезінеді. Т-ды қалыптасу жолына және мінез-құлқына байланысты бірнеше түрге бөлуге болады: кездейсоқ Т., шартты Т., экспрессивті Т., әрекетшіл Т. Социол. зерттеулерде, көбінесе әрекетшіл Т-ға көбірек көңіл бөлінеді. Әрекетшіл Т-дың маңызды белгілерінің бірі – эмоционалдық халдегі, ашу-ызамен күш көрсетуге бейімділік. Әдетте бұл топтың қаскүнемдік пиғылдарын бағыттайтын, өзгелерден бұлтасқыз бағынуды талап ететін көсемі болады. Бұл жиынның мақсатты орындалысымен тез тарқап кетеді. Көптеген социолог зерттеушілер Т-дың пайда болу механизмі мен оның ішіндегі адамның ақылға сыйымсыз мінездерін зерттеп, оның «жұқпалы аурудай» әсер етіп, жеке тұлғалардың өз ісін бақылауы мен баға беруі жоғалатынын айтқан. Француз ғалымы Г. Лебонның Т. санасын билейтін «ұжымдық ұмтылыс» туралы пайымдаулары бойынша жеке тұлғалардың санасы өшіп, топ мүшелері Т-ға ғана тән дертке ұшырап, тасқын судай нөпір күшке айналып, бейбастақ әрекеттерге барады. Америкалық психолог Р. Тернердің «пайда болатын құлықтар» жайлы теориясы бойынша Т-дың мінез-құлқы айрықша ерекшеліктері бар қайталанбайтын құбылыс.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Т. ұғымын «көп» атауымен атап, көптің тобырлық сипаты сонымен қатар халықтық санасы бар екені ашылып, бұл мәселені жан-жақты пайымдайды. «Көп қорқытады, терең батырады», «Көп түкірсе – көл» т. б. мақал-мәтелдерде Т. ұғымының мағынасы ашылады. Абайдың афоризмдерінде «Сократқа у ішкізген, Жанна Д'аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» – деп, адамның нәпсісімен тікелей байланысты хайуандық сипатының Т-дың мінез-құлқынан көрініс табуын айтады. Есті ердің де өзгеден артықшылығы, ел басқаруда халықты Т-ға, дүлей күшке айналдырмай, ақылмен жөнге салып, елдік, халықтық қасиетін ашу деп біледі. «Халық айтса – қалт айтпайды», «Халықтың жасы құдайдан бір жас кіші», «Көптің көзі көреген», т. б. мақалдарда көп ұғымының тобырлық сипатымен қатар халықтық сипаты да бар екендігі және бұның халық ділімен, руханилық қасиетімен байланысты екендігі айқындалады. «Халық» сөзінің өзі Құдайдың жаратушылық құдіретін білдіретін көркем сипатының бірі.

**ТОРАЙҒЫРОВ Сұлтанмахмұт** (28.10.1893, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Уәлиханов ауд. – 21.5.1920, Павлодар обл. Баянауыл ауд.) – ақын, ағартушы. Т-тың 3 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған. Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр к-не таяу жерге қоныстанған. Т. алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды. Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Т-тың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, баянауылдық Әбдірахман молданың (1908) қаталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған. 1911 ж. жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. 1912 ж. Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі, бірақ мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығып қалады. Т. енді медреседе оқуды қойып, орысша оқу іздейді, қала маңындағы елде жаз бойы бала оқытады. Шығыс Қазақстанда жалданып бала оқытқан ол 1916 жылдың күзіне дейін әуелі Қатонқарағайда, кейін Зайсанда болады, орыс тілін үйренеді. 1916–17 жылдардың қысында Томскіде орысша оқиды. Өмірден көп қағажу көріп қажыған ақын арманына жетіп көңілі көте-ріледі. «Шәкірт ойы» өлеңінде «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды», «Мұздаған елдің жүрегін жылытуды» армандайды. Осы тұста әлем әдебиетінің классик. үлгілерімен, саяси кітаптармен танысты. 1917 жылғы ақпан айындағы төңкерістен кейін Семейде жаңа құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатынасып, «Алаш ұранын» жариялады. Бірақ ауруы асқынып кеткендіктен оқуды да, жұмысты да тастап, 1918 ж. сәуірде еліне біржола оралады. Онда Колчак үстемдігінен кейін қайта жанданған совдеп жұмысына араласып, ел шаруаларының дау-шарларын әділ шешуге қатынасты. Т. 1912 жылдан бастау алатын шығарманың жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды. «Туған айдай болып туып, күнді алуға бел буады», тұрмысты жеңуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады. Алғашқы үгіт мәндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирик. кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді. Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді («Осы да әділдік пе?», «Бір адамға», т. б.). Ол



өмір шындығын көркем бейнелей келе, қазақ өлеңінің мазмұнын кеңейтті, сырға толы лирик. жырлар туындады. Көптеген әңгіме, очерктер, әдеби-сын мақалалар жазды, екі роман («Қамар сұлу», «Кім жазықты?»), төрт поэмасын [«Таныстыру» (1917–18), «Адасқан өмір» (1918), «Кедей» (1919), «Айтыс»] жариялады. Т. «Қамар сұлуда» әйел теңсіздігі мәселесін көтере отырып, дәуір шындығын әлеум. тұрғыда талдаса, «Кім жазықты?» романында ауыл өмірінің шындығын жан-жақты суреттей келе, қазақ халқының шаруашылық тұрғыдан дамымағанын, талапсыздық пен шаруаға қырсыздықты, жалқаулықты, алауыздықты сынайды. Т. поэма жанрын жаңа арнада дамытты. Ол сюжетсіз поэмаларында өмірдегі сан түрлі мәселелерді кеңінен қамтып, өршіл ой-түйіндерін бүкпестен, өткір де ашық насихаттауға тырысты. Алғашқы поэмасы «Таныстыруда» Алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтарды таныстырып, олардың «бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай» екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен коса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкәрімді ерекше атап көрсетеді. «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларының негізгі сарыны қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу болып табылады.

**Шығ.:** Толық шығ. жин., Қ-о., 1933; Таңд. шығ. – А., 1957, 1987; Избр. – А., 1958; Шығ. жин. 3 томдық. – А., 2002–05.

**ТОТЕМШІЛДІК** – ру-тайпаның белгілі бір жан-жануарлармен, өсімдіктермен тылсым туыстық байланысы бар деп білген ежелгі наным-сенімі. Бұл атау Солт. Америкада тұратын оджибве тайпасының «ототем – оның тегі» сөзінен шыққан. Зерттеушілер Т-ті адамдардың тұрмыс-салтында ерекше орны бар жануарларды киелендіріп, қасиетті деп санауымен, тіптен табынуымен байланыстырады. Т-тің алғашқы кезеңдерінде бұл наным тотемдік хайуанды тамаққа пайдалануды да жоққа шығармады. Кейіннен Т-ке әлеум., қандас туыстық қарым-қатынастармен байланысты түсініктер енді. Ру-тайпа мүшелері өздерінің арғы тегін белгілі бір хайуанмен байланыстырып, оны қолдап, жебеуші күш деп білді. Т. аясында көптеген тыйымдар туындады, олар қазіргі ғылым тілінде табу деп аталады. Т-тің ертедегі адамдардың қоғамдық өмірінде өзіндік маңызы болды. Ол адамдардың белгілі бір ортақ нанымға тоқайласып, ортақ тыйымдар мен ырымдарға жүгініп, ынтымақтасуына ықпал етті. Т-тің неғұрлым айқын белгілері бар наным-сенімдік түрлері америкалық үндіс тайпалары мен австралиялық аборигендерде сақталған. Қазақ халқының салт-дәстүріндегі табулар мен тыйымдар бұрынғы Т. нанымдарына меңзейді. Мыс., Түрік қағандығы кезеңінде түркілердің арғы тегі көк бөрі деген сенім болды. Қасқырды тікелей өз атымен атамай «ит-құс» деп атауы осының мысалы.

Сондай-ақ белгілі рухани адамдардың, батырлардың тұлғасы аңыз-әңгімеге арқау болып, оларды ерекше күш-қайрат пен қалыптан тыс қабілеттің иесі деп сенумен байланысты, оларға көмектесетін ғажайып киелі жануарлардың барлығына да сенген. Мәселен, Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) бурасы, Жәнібек батырдың жолбарысы, Абылай ханның, Райымбек батырдың бурасы, т. б. Бұл нанымдар ол жануарларды тікелей тотемдік мағынада қабылдамағанымен, айрықша рухани дәрежеге ие адамдарға ерекше қасиетті жануарлардың қапысыз қызмет жасап, қалыптан тыс рухани деңгейде түсінісетіндіктерінің ишарасы болған. Батырлар жырларындағы, ертегілердегі кейіпкерлердің астындағы атымен немесе басқа жануарлармен тілдесуі де, ерекше рухани кемелдікке жеткен адамның ұшқан құс, жүгірген аңның тілін біледі деген сеніммен үндеседі. Сондықтан Т-ті аң-құсқа табыну деп үстірт қарамай адам мен табиғаттың ерекше үйлесімін бұзбай өмір сүрген адамдардың жаратылыс дүниесінің киелілігін сезіне білуімен түсіндіруге болады.

**ТОФФЛЕР (Toffler) Алвин** – америкалық социолог, публицист, «пост-индустриялық қоғам» тұжырымдамасы авторларының бірі. «Болашақпен қақтығыс» (1970), «Үшінші толқын» (1980) және басқа еңбектерінде адамзат қоғамы жаңа технол. төңкерісті басынан өткізіп жатқандығы және мұның ақыры әлеум. қатынастардың үздіксіз түбегейлі жаңарып, қалыптан тыс индустриялық өркениеттің құрылуына әкелетінін айтты. Қазіргі мемлекеттердің қоғамдық құрылымы ғыл.-тех. төңкеріспен бірге келген экон., әлеум. салалардағы қайшылықтарға төтеп бере алмай, жаһандық деңгейдегі дағдарыстарға соқтырады. Түбегейлі демократ. реформалар жасау арқылы әділетті қоғам құруға, дағдарыстардан шығуға болады деп білді.

**ТӨЛЕ БИ,** Төле Әлібекұлы (1663, қазіргі Жамбыл обл. Шу өңірі, Жайсаң жайлауы – 1756, қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд. Қазығұрт өңірі) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Т. б. Қазыбек бимен және Әйтеке бимен бірлесе отырып, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы болып табылатын Жеті жарғының қабылдануына ат салысты. Ордабасы жиыны кезінде Т. б. басшылық жасап, жоңғар басқыншылығына қарсы бүкіл-халықтық тойтарыс беруге ұйтқы болды. Шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, Ресей мен Қытай секілді екі алпауыт мемлекет арасында оңтайлы саясатты жүргізген Абылай ханды өкіл бала етіп тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Т. б-дің қызметі орасан. 1742 ж. Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына түсіп қалғанда оны тұтқыннан босатуда Т. б. белсенділік танытты. Тарихи жырларда қазақ билеушілерінің атынан Әбілқайыр хан мен Т. б-дің Орынбор әкімш-нен Абылайды

тұтқыннан босатуға өтініш жасағандығы айтылады. Қазақтың үш жүзінен Т. б. бастаған 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады. Т. б. ішкі және сыртқы саясатта сара бағыт ұстанды. Хандық пен мемлекет тұтастығын, тәуелсіздігін діттеп, жаугершілікте дұшпан қолында қалған қалалар мен жерлерді қайтаруға күш салды. 1734 ж. Ресей патшасы Анна Иоанновнаға және 1749 ж. Орынбор губернаторы И. Неплюевке хат жолдап, бодандықты қабылдауға ризашылық танытты. Бұл сол тарихи кезеңде шарасыздан жасалған қадам болатын. Ол жоңғар шапқыншылығынан титықтаған халықтың жағдайын жақсартуды бірінші кезекке қойды. 1748 ж. орыс сауда керуені тоналғанда, бұған кінәлі Қойгелді батырды билер алқасына шақыртып, оған бұл шығынды жұрт көзінше төлеттіреді. 1748 ж. Әбілқайыр хан қаза тапқанда оның баласы Ералы сұлтан әкесінің құнын даулап Т. б-ге шағымданады. Т. б. Әбілқайырдың өлімі үшін айыпкерлердің Жеті жарғы заңына сәйкес жеті құн төлеуі туралы шешім шығарады. Ералы айыпкерлерден екі құн алып, төрт құнды кешіреді де, әкесін өлтіруге қатысушылардың бірі Сырымбет батырды жетінші құн орнына өз қолымен өлтіреді. Әбілқайырдың балалары бұған да тоқтамай, Барақ сұлтанның жауапқа тартылуын Т. б-ден сұрайды. Бас сауғалап қашып жүрген Барақ сұлтан Т. б-ге өзі келіп, жасаған ісі үшін сотқа тартуды сұрайды. Т. б. билер сотына қазақ билерінің ішінен, Барақ сұлтанның ұсынуы бойынша төрт белгілі биді (Жалған би, Сырлыбай би, Даба би, Қабек мырза) қатыстырады, өз тарапынан бірнеше биді шақырады. Билер алқасында Т. б. Барақ сұлтанды ақтап алады. Т. б. Әбілқайыр ханның өлімі үшін жеті адамның құнын кескенде де, Барақ сұлтанды ақтап алғанда да, туысы Қойгелді батырға тоналған орыс сауда керуенінің өтеуіне екі мың жылқы төлеуге билік шығарғанда да елдің елдігін бұзбауды, әлі келгенше халықтың тыныш жағдайын, тұтастығын сақтауды көздеді. Т. б-дің бұл секілді еларалық сипаттағы билігімен қатар ұлыс ішіндегі дауларды шешкен билігінен де оның мемл. деңгейдегі парасаттылығы, ойының саралығы мен ниет-тілегінің тазалығы танылады. Т. б. хан, сұлтандардың, бектер мен билердің өзара қырқысының ұлт тәуелсіздігі мен бостандығына ешнәрсе бермейтіндігін сезініп, татулықты жақтады. Оның елге танымал «Елге бай құт емес, би құт» дейтін қанатты сөзі айқын аңғартады. Бізге келіп жеткен аңыз-әңгімелерде Т. б-дің ұлт бірлігін нығайтуды барынша жақтағандығы айтылады. Сондай аңыз-әңгімелердің бірінде Т. б. өз көңілін сұрай келген Қазыбек, Көкі, Мәлік, Ержан билердің еліңізге қандай өсиет қалдырасыз деген сұрағына былай деп жауап берген екен: «Жүзге бөлінгендердің жүзі қара. Руға бөлінгендердің құруға асыққаны. Атаға бөлінгендер адыра қалады. Көпті қорлаған көмусіз қалады. Хан азса халқын сатады. Халық азса хандыққа таласады». Т. б-дің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін көптеген өсиет сөздері қалған.

Оның шешендік сөздері айтпақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем тенеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындылығымен ерекшеленеді. Оның Данагүл есімді келінінің де есімі көпке танымал. Т. б. Шымкент, Түркістан және Ташкент қалаларында көпшілік пайдаланатын ғимараттар салу ісіне белсене араласқан. Т. б. халық арасында «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» деген атпен танымал.

**Әдебиет:** *Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. Сб. Документов и материалов.* т. 1. – А., 1961; *Төле би.* – А. 1991; *Үш пайғамбар.* – А., 1992; *Төле би мен Қойгелді батыр.* – А., 1992; *Левшин А.И., Описание киргиз-кайсацких или киргиз-кайсацких орд и степей.* – А., 1996; *Қазақстан тарихы, 3-т.* – А., 1998.

**ТРАЙБАЛИЗМ**, *рушылдық* – қоғамдық жікке бөлінушілікті тудыратын этнос ішіндегі ру-тайпалар мен жеке адамдар бойындағы тайпалық, рулық сезім, құбылыс. Т. негізінен билікке таласушылықты, сеператизмді қоздыратын құбылыс ретінде саяси мәдениеті төмен, демокр. ин-ттары нашар дамыған елдерге (Азия, Африка елдері, т. б.) тән. Этногенет. тегі тайпалық-рулық құрылыс негізінде қалыптасуына және ғасырлар бойы жүздік құрылымдар бойынша басқарылуына байланысты қазақ халқында тайпалық, рулық сезім осы күнге дейін сақталған. Қазақ дәстүрлі әдет құқығы бойынша әр адам өз шыққан тегі мен жеті атасын білуі тиістігі тұқым тазалығы мен тектілік қасиеттің орнығуына, адамдар арасында туыстық қатынастардың жойылмауы мен сол арқылы халықтың өзін-өзі сақ-тап қалуына жағдай жасады, мемл. басқару құрылымын оңтайландырды. Дегенмен, жеке адамдар арасындағы ірілі-ұсақты билікке таласушылық ру-тайпалардың залалды бақталастығы мен бәсекелестігіне, дау-жанжалға ұласып, рулық сезім рушылдық-жікшілдікке соғып отырды. Қазақ еліндегі Т. өзге елдердегі жершілдік, этностық жікшілдік секілді құбылыстарға ұқсас қызмет атқарды, тиісінше қазақ мемлекеттілігін нығайта түсуге кедергі жасады. Қазақ хандығы дәуірінде Тәуке ханның «Жеті жарғысы» рушылдық құбылыстарға батыл тосқауыл қоюымен ерекшеленді. Әр кезеңдерде өмір сүрген қазақ зиялылары рушылдықты «мемлекетке іріткі салатын қоғамдық дерт» ретінде бағалап, оны біржола жоюды, елдік, мемлекетшілдік сананы жоғары қойып, орнықтыруды ұсынды. XX ғ-дың соңынан бастап қазақ қоғамында урбанизация және нарықтық үдерістердің күшеюі Т-нің бәсеңдеуіне ықпал етті.

**ТОЛЫҚТЫРМАЛЫҚ ҰСТЫН** – квант механикасына байланысты Н. Бордың ашқан тәсілдемелік принципі. Ол принцип бойынша микроәлемге қатысты физикалық объектіні дәлірек суреттеу үшін оны бірін-бірі жоққа шығаратын қосымша суреттеу жүйелерін пайдалана отырып анықтау қажет делінген. Квант механикасының негізінде энергия мен материяның аз мөлшерлері өз бойында бір мезгілде бөлшектік те, толқындық та қасиеттерді

жинақтайды деген түсінік жатыр. Өлшеніліп отырған материяның қандай күйде болатындығы өлшеушіге, дәлірек айтсақ, оның өлшеу тәсіліне тәуелді. Бір тәсілмен алынған өлшеу нәтижесінде жарық кванты өзін толқын ретінде танытса, екінші тәсілді пайдалану барысында ол бізге бөлшек (корпускула) болып көрінуі де мүмкін. Яғни, егер микроәлемде элементарлы бөлшектер бір мезгілде әртүрлі күйде бола алатын болса, онда біздің макроәлемде, «үлкен» әлемімізде де сондай болуы әбден ықтимал. Әлемнің екіжақтылығын ескере кетсек, онда әлемдегі біз де бір мезгілде тірі және өлі болуымыз мүмкін. Бізге сырттан қарап тұрған бақылаушының күйіне байланысты біз бір мезетте не өлі, не тірі күйде боламыз. Бақылаушы біздің жүйеден тысқары, ал ол бақылаушының өзінің күйі оның жүйесінен бөлек орналасқан тағы басқаға байланысты әрбір жүйе басқа ірі жүйенің құрамдас бөлігі ғана және сол өзінен жоғары тұрған жүйеге қатысты ол тек бақылау жүргізіліп отырған объект есебінде Н. Бор өзінің тұжырымдаған принципінің тәсілдемелік мәнін жақсы түсіне білген: «тірі организмдер, сана иесі – адамдар мен олардың мәдениеттері ішкі біртұтастыққа ие, ал ол біртұтастықты сипаттап, көрсету үшін суреттеуді қосымша тәсілі қажет». Т.п. біздің физиологиямыз арқылы да түсіндіріледі, себебі біздің бас миымыздың жартышарларының функционалдық ассиметриясы Т.п. жүзеге асырудың табиғи механизмі болып табылады.

**Әдебиет:** Бор Н. *Атомная физика и человеческое познание.* – М., 1960; Руднев В.П. *О достоверности // Логос. Вып. 9. 1997; Налимов В.В. Вероятностная модель языка.* – М., 1979.

**ТОМИРИС**, *Тұмар* – біздің заманымызға дейінгі бір мыңыншы жылдары бүкіл Еуразия даласын мекендеген скиф-сақ тайпаларының бірі массагеттердің батыр, жауынгер әйел патшасының аты. Т. ешкім алдына қарсы шығып, тоқтата алмаған парсы патшасы Кирге қатты соққы беріп, әскерін талқандап, өзін қолға түсірген. Бұл оқиға туралы әйгілі тарихшы Геродот өзінің «Тарих» шығармасында (б.з.д. 440–430 ж.ж.) былай дейді: «Парсыларды жеңгеннен кейін массагеттер падишасы Томирис торсыққа толтырып қан құйғызып: «Сен қанға құмартып едің, енді шөлің қансын!» деген сөздер айтып, оған Кирдің басын салдырған.» Т. Бейнесі – рәміздік бейне. Ол көне көшпенділер мәдениетіндегі еркін де қайсар әйел бейнесінің рәмізі, әйелге деген ілтипатты қатынастың көрінісі.

**ТОТАЛИТАРЛЫҚ** – қоғамдық жүйенің, мемлекеттік құрылымның тарихи ұйымдасу түрі. Кез келген мемлекеттің билігі, басқару жүйесі белгілі бір саяси сипатта қалыптасады. Яғни ол тарихи тұрғыда демократиялық, немесе антидемократиялық үлгіде көрініс беруі мүмкін. Ал Т. көбінесе биліктің бір қолға, басқарушы мемлекеттік күшке барынша жинақталуын,

бір тұтастануын білдіреді. Ол қоғамның барлық саласын қамтитын тұтастанған, антидемократиялық биліктің көрінісі. Т. жүйе көбінесе халықтың рухани дамымаған әлеуметтік қабатының мүддесін қорғауды, жалпы-халықтық мүддені барынша жоғары деңгейде алдына мақсат еткен сипатта өрбиді, ол сонымен қатар осы алдамшы құндылықтарын жүзеге асыру кезеңінде қарулы күштерге, тегеуірінді органдарға барынша арқа сүйейді, оларды өз мақсаттарына барынша қолданады. Шын мәнінде Т. принципті бағыт ретінде ұстанған қоғам жалған құндылықтарды қоғамдық санаға тереңдете орнықтыруға тырысады, адамдарды бір-біріне жау етіп, оларды бір-бірінен қашықтата түседі. Мәселен, осындай әлеуметтік-саяси жағдай ХХ ғасырдың ортасында фашистік Германия мен коммунистік КСРО-да орын алды. Сонымен қатар өткен ғасырдың екінші жартысындағы Чилидегі Пиночеттің басқару кезеңіндегі диктатуралық режим әлеуметтанушы ғалымдар арасында Т. қоғам деп бағаланады. Осындай сипаттағы мемлекеттік жүйелер адамзат тарихында талай рет көрініс берген. Кез келген қоғамның өзінің ішкі тұтастығын бекіте түскен сайын тарихи субъект ретінде мықтырақ болатынын байқайды. Бірақ бұл тұтастықтың қалыптасуына антигуманистік тәсілдер мен әдістер қолданылады. Тіптен, Т. жүйенің іргетасы нығая түсуі үшін кейбір мемлекеттерде ұлттық идеяның өзі де тетік ретінде пайдаланылады. Кезінде Германияда ұлттық идея ретінде немістердің басқа ұлттардан ерекше биік тұратын халық ретінде артықшылығы танылды. Әрине, мұндай мемлекеттік идеология қоғамдағы ұлтшылдық отын маздата түсті, кәдуілгі сананың ең төменгі қабаттарына қоздырғыш фактор ретінде әсер етті. Еврейлер мен орыстар ең теріс мағынадағы этникалық таптаурындық сипатта бейнеленді. Осындай психологиялық қайшылықтар қоғамдағы дүниетанымдық бұрмалануларды туғызды. Ол түбінде әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына әкеліп соқтырды. Ал коммунистер болса алдарына жаңа қоғам құру мақсатын қоя отырып, сол жолға кедергі болғанның барлығын өздеріне жау санаған болатын. Сондықтан «халық жауы» айдары талай азаматтардың кеудесіне тағылып, оларды жалындаған жас шағында қыршынынан қиылуға әкеліп соқтырды. Бір отбасында тәрбиеленген екі азамат, көрші тұрған ауылдас, бірге жұмыс істейтін әріптес жандар бір-біріне сенбейтін, жау ретінде қарайтын күйге жеткен болатын. Т. жүйе сонымен қатар қоғамдағы ең алдыңғы қатарлы азаматтарды, озық ойлы жандарды құрбандыққа шалуға ұмтылды. Өйткені, ойлы азаматтар Т. қоғамдағы еркіндіктің жоқ екенін, ұлт өзінің ең негізгі рухани байлығынан айрыла бастайтындығын халыққа бірте-бірте жеткізе бастайды. Т. билік мұндай бостандықты, дүниетанымдық алуандықты қаламайды. Сондықтан авторитарлық режим қудалаудың бастауын ең озық тұлғалардан бастайды. Өйткені, олар тіптен басқа құндылықтық, мағыналық бағыттағы қоғамның қалыптасуын көк-

сейді. Осы сәйкессіздікті Т. қоғам күшпен шешуге тырысады. Міне, осындай кара күшке сүйенген Т. сипаттағы жүйенің қалыптасуына қандай тарихи, мәдени, әлеуметтік, дүниетанымдық себептер негіз болады. Оған ең алғашқы себеп болатын нәрсе әрбір адамның ішінде отырған рухани жетілмеушілік, тереңде жатқан пендешіліктің өзімшілдік құрылымдары. Яғни әрбір пенденің көбінесе әлеуметтік жүйеде өзінің жеке басының ғана мүддесін үнемі жоғары қоюға бейімділігі жатады. Т. қоғамды бекіте түсушілер, тұтастанған билікті мызғымас күйге жеткізушілер адамның бойындағы осы осал жерді үлкен шеберлікпен қолданып отырған. Сондықтан Т. іргетасын әлеуметтік дүниеде, мемлекеттік құрылымда адамдардың өздері нығайта түскенін байқамай да қалады. Әйтпесе, өзінің жеке басын қорғау үшін отандастарын, қандастарын сатып кету Т. қоғамда көптеген пенделер үшін күнделікті әдетке айналмас еді ғой. Т. қоғам деп теріс сипаттама берілгенмен кез келген қауымдастық, мемлекет өзінің әлеуметтік дамуын тоқтатпайды, яғни ол да тарихи процесте белгілі бір жетістіктерге қол жеткізеді. Білім беру, сауда-саттық, мәдени ошақтар кейде біршама өркендеуі де мүмкін. Шығармашылық жолындағы азаматтар Т. қыспақтың өзінде керемет дарынды туындылар жасауға тырысады. Мәселен, М. Әуезов өзінің «Абай жолын» ХХ ғасырдың бел ортасында жазған еді. Еркін ойды қудалай отырып авторитарлық сипаттағы қоғамды орнықтыра түсу үшін, антидемократиялық принциптерді бекіте түсу үшін Т. қоғамға экономикадағы біршама жеңістер ауадай қажет екені белгілі. Сонда қарапайым халықта әлеуметтік жағдайдың біршама түзелгеніне малданып басқарушы биліктің жақтасына айналады. Шындықты айтуға ұмтылған бірен-саран азаматтардың үні әлеуметтік жағдайын біршама түзей бастаған көпшіліктің шуылына көміліп кетеді, рухани құндылықтардың маңыздылығын айтқан тұлғалардың сөздері ұлтшылдықты алға тартқан тобырдың көлеңкесінде қалады. Т. қоғамның ең теріс жақтары да осы тобырлық сананың барынша мемлекеттенуінде, тұрпайы идеологияның басымдық танытуында. Міне осыны шебер пайдаланатын билік жүйесі экономиканы өте қатал тәртіптің күшімен дамытуға ұмтылады. Болмаса Т. жүйе қоғамды барынша қыспақта ұстай отырып басқа елдердің жетістіктерін теріске шығаруды идеологиялық қаруға айналдырады. Сондықтан ондай ортада ақпараттық бұрмалаулар, шектеулер, цензура, адал жандарды қаралау қоғамның негізгі идеологиялық қаруына айналады. Міне, сондықтан тарихта Т. бағдарлар белең алған мемлекеттерде демократиялық институттардың дамуына мүмкіндіктер жоқтың қасы болған деуге болады. Т. қоғам дінге деген қатынасын барынша екіжүзділікпен ұстайды. Өйткені, Т. режим өздерінің билігін жүзеге асырып отыруға қажетті дінбасыларды ғана ұстауға тырысады, басқаларын қудалайды. Шынайы діншілдік, руханилық этикалық құндылықтарды жоғары ұстайтын болғандықтан Т. принциптердің дүниетанымдық негіздерімен

үнемі қайшылықта болады. Сондықтан ешқандай діннің этикалық принциптері, адамгершілік нормалары Т. жүйеде ашық мойындалмайды. Кейде формалды түрде мойындалса да олардың шынайы сипатының өркендеуіне жол берілмейді. Тіптен, Кеңес үкіметі жағдайында атеистік идеология күшпен енгізілгені, қалалар мен ауылдардағы шіркеулер мен мешіттердің жаппай қиратылғаны, нағыз дінге сенушілердің қудаланғаны белгілі. Міне, сондай нәубаттың құрбандарының қатарына қазақ халқының көрнекті тұлғасы Шәкәрімді жатқызуға болады. Т. қоғамның тағы бір зобалаңына ұлттың ішкі құрылымын ыдыратуға тырысуды жатқызуға болады. Кеңес үкіметінің билігі кезеңінде қазақтардың біршама бөлігі өзінің тарихи отанынан басқа елдерге көшуіне, қазақ диаспорасы құбылысын қалыптасуына әкеліп соқтырды. Міне, осы тарихи дүрбелеңге толы заманның салдарлары әлі күнге дейін рухани мәдениетте білінеді. Мәселен, қазақ халқының үштен бір бөлігі өзінің тарихи отанынан тыс жерлерде өмір сүруде, қазіргі кезеңде ата-бабасының туған жеріне жетуді арман етеді. Осы тарихи әділетсіздікті жөндеу үшін, үйлесімділікті қалпына келтіру үшін тек қана мемлекет, немесе оның кейбір органдары ғана емес жалпы қандастар, отандастар болып барлығымыз да ат салысуымыз керек. Онсыз Т. қоғамның бүлдірген дүниесін жөндеу өте ұзаққа созылады. Осындай әрекеттерді, игілікті істерді диаспоралары бар барлық алдыңғы қатарлы елдердің көбісінен байқаймыз. Бұл талпыныстар нағыз ұлтжандылықтың, этноәлеуметтік кеңістіктегі әділеттілікті орнатудың әрекеттері болып табылады. Сөйтіп, Т. қоғам кездейсоқ орнай қалмайтын, өзінің тарихи, психологиялық алғышарттары бар тарихи құбылыс болып табылады. Оның тарихи уақыты біткеннің өзінде салдарлары ұзақ мерзімге созылады және ол бірнеше ұрпаққа жететіндей мұра тастап кетеді. Міне, сондай мұралардың қатарына басқаша ойлауға бейімділік танытқандарды қудалау жатады. Яғни, ресми түрде Т. деп бағаланбаған қоғамдардың өзінде кейде билік пен оппозицияның арасындағы кикілжің өзара тартыстарға толы болады және ол қоғамдағы әртүрлі саяси ойындардан көрініс беруіне әкеліп соқтырады. Осы қақтығыстардың нәтижесі кейбір жекелеген тұлғалардың тағдырына барынша кері әсерін тигізуі де мүмкін. Міне осындай үрдістер адамзат тарихының көптеген кезеңдерін қамтиды. Бұл процестердің пайда болуы мен қайта-қайта көрініс беруін тежеу үшін оның болмыстық іргетасын жою керек. Сондықтан әрбір адамның дүниетанымындағы құрылымдарды рухани жетілдіру арқылы ғана жалпы қоғамдағы ахуалды биік деңгейлерге көтеруге болады. Бұл әрекеттердің нәтижесінде адамаралық сенім, келісім тереңдей түседі, қорқыныштардың орнына өзара түсіністік қатынастар орнығады. Яғни бұндай жағдайды қалыптастыру үшін мемлекеттегі адам құқын қорғаудағы әрекеттері де пәрменді болуға тиісті. Сонымен қатар Т. жүйенің санадағы қалдықтарын жою үшін қоғамдағы демократиялық институттар-



дың жұмысын жетілдіре түсу керек. Ал бәрінен де маңызды нәрсе қоғамдағы азаматтардың басым бөлігінің руханилыққа, рухани мәдениетке қарай бет бұруын атауға болады. Ал руханилық ұстанымдары отбасында, мектеп пен әр түрлі оқу орындарында, кез келген мәдени ошақтарда, жалпы әлеуметте қалыптаса бастауы тиіс. Сонда ғана Т. құбылысының тамырына балта шабылады, қоғамның келбеті гуманистік, өркениеттенген сипат алады.

**ТҰТАСТЫҚ** – объектінің ішкі бірлігі, оның қоршаған ортадан даралануы, сондай-ақ осындай қасиеттерге ие объектінің өзі. Философия тарихында Т. ұғымын түсіндірудің екі бағыты бар: Т. объектінің барлық қасиеттерінің, қырларының және байланыстарының танымдылығы ретінде жан-жақты қамтылуы және Т. объектінің ішкі құрылымын, яғни оның ерекшелігін, өзгешелігін анықтайтын нәрсе ретінде түсіндіріледі.

**ТҰЛҒА** – біртуар Мен ретінде алынған жеке адам. Т. ұғымы «индивид», «адам» ұғымдарымен салыстырыла анықталады. «Адам» ұғымы барлық адамдарға тән қасиеттер мен қабілеттерге мінездеме беру үшін қолданылады. Бұл ұғым адамның жануарлардан, өсімдіктерден, машиналардан т. б. айырмасын атап көрсетеді. Индивид – адамзаттың дара өкілі, адамдық ақыл, ерік-жігер, көзқарас т. б. да әлеум.-психологиялық сипаттармен анықталушы жан иесі. Т. болып туылмайды, Т. болып өсу барысында қалыптасады. Жас нәресте – адам, бірақ жеке тұлға емес, себебі ол өзінің іс-әрекеті үшін әлі жауап бере алмайды. Т. болу дегеніміз өзінің ешкімге ұқсамайтындай бірегей ішкі рухани дүниесін құрай білу, қалыпты дамып, өмір тәжірибесі мен өзіндік қасиетке ие болу, әлеуметтік ортадан өз орнын таба білу. Адамның Т-лық қасиеттері оның іс-әрекеттегі белсенділігінің өрістеуіне ықпал етеді. Адамның белсенді қимыл-әрекеті оның мінез-құлқынан, ниет-тілегі мен бағыт-бағдарынан айқын байқалады, сөйтіп жеке адамның ішкі дүниесінің сыры, жан сарайы сыртқа білініп тұрады. Т-ның қасиетті құпиясы оның еркін рухында жатыр. Соның арқасында адам өзіне дейінгі ұрпақтар мұрасын – мәдениетті жасампаз түрде қайта қарап, өзгертеді. Т-ның шынайы айқындалатын саласы – адамгершілік, мораль. Сыртқы мақсаттарға бет бұрмай өзінің рухани еріктілігін ізгі ықтиярымен тоғыстыра білу Т-ны танытушы іс. Осы жайында неміс классикалық философиясының ірі тұлғасы – Кант былай деген: «Адамзатқа, оның ішінде өзің де, басқаларға да барлық уақытта мақсатқа жетудің тек бір құралы емес, тек мақсат деп қатынас жасап, әрекет істе». Т.-ны зерттеуде З. Фрейд, К. Юнг, Н. Бердяев, А. Камю, Ж. Сартр, М. Хайдеггер, К. Ясперс, Х. Ортега-и-Гассет, Э. Фромм, М. Бубер т. б. көп үлес қосты.

**Әдебиет: Общение и личность. – А., 1996; Энциклопедический словарь по культурологии. – М., 1997.**

**ТҮСІНУ** – ойлау әрекетінің нәтижесінде белгілі бір оқиғаның немесе құбылыстың мағынасы жайлы ой-тұжырымға келу. Т. мүмкіндігімен сан алуан құбылыстардың себеп-салдарын, елеулі белгілерін, өзара байланысын, маңызы мен мағынасын ұғынуға болады. Басқа адамның амал-әрекетінің, ой-пікірінің мазмұнын ұғынуда, кез келген ақпаратты қабылдап, оған лайық ой түйю Т. арқылы жүзеге асады. Т-дің арқасында адам қоғамдық және мәдени ортада, өзара қарым-қатынаста, ақпараттық кеңістікте өз орнын, өзіндік ой-пікірінің лайықты мүмкіндігін айқындайды. өзгенің ой-пікірін, көңіл-күйін, мақсатын түсінбей тұрып, өзіндік ой-пікір тұжырымдау, қарым-қатынасқа түсу мүмкін емес. Сондықтан Т-дің алғышарты өзгемен санасу, онымұқият тындау. Ғылымдағы Т. жүзеге асуы үшін арнаулы методол. ережелер, логик. қисындар, ғыл.-теор. нәтижелер пайдаланылады. Мәселені дұрыс түсіну үшін адамға тиянақты, саналы білім, ақыл-парасат, дағды қажет. Т. үшін мәселенің негізгі мәнін іздеу, түйінін шешетін сұрақ қоя білу, дәл тұжырымдау, жалпылау, топтастыру, т. б. шарттарды орындау керек.

**ТҮРКІШЛІК** – түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым. ХІХ ғ-дың соңына қарай қарқын алды. Сол тарихи кезеңде Т-ті насихаттаушылардың көш басында И. Гаспринский тұрды. Ол Т-і «Тілде, пікірде, істе – бірлік» деген ұранмен шығарған өзінің «Тәржіман» газеті арқылы насихаттады. Т-ті Түркияда насихаттауда Ю. Акчурин белсенділік танытты. ХХ ғ-дың басында Ресей империясының қол астында отарлық езгінің тауқыметін тартқан түркі халықтарының азаттық қозғалысының өрбуіне Т. елеулі дәрежеде ықпал етті. Бірінші орыс революциясы кезінде негізінен түркі халықтарының өкілдері қатысқан бүкілресейлік мұсылман съезі 3 рет өткізіліп, түркі халықтарының мүддесін қорғау мақсатында «Ресей мұсылмандары одағы» атты партия құрылды. Ә. Топчибашев, А. Ибрагимов, С. Мақсұдов секілді қайраткерлер Т-тің ықпалымен түркі халықтарының мүддесін қорғау жолындағы әрекеттерін күшейтті. Уақытша үкімет жағдайында түркі халықтарының саяси әрекеттерін үйлестіріп отыру мақсатында Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі ұйымдастырылды. Кеңестік билік орнағаннан кейін Т. реакциялық пиғылдағы ағым ретінде бағаланып, оны насихаттауға қатысы бар деген азаматтар ашық қуғындалды. Көрнекті татар қайраткері М. Сұлтанғалиев осындай қуғындаудың құрбаны болды. Сол кезде Түркияда Т-ті насихаттаушы тұлға ретінде Зия Гөкалп танылды.

**Әдебиет:** Мұхамметдинов Р.Ф. *Зарождение и эволюция тюркизма. – Казань, 1996; Зия Гөкалп. Түрікшілдіктің негіздері. – А., 2000; Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – А., 2002; Мараш И. Религиозное обновление в тюркском мире (1850–1917). – Казань, 2005.*

**ТҮРКІ ЭТИКАСЫ** – түркі халықтарына ортақ моральдық, адамгершілік, құқықтық құндылықтар мен салт-жоралғылар, әдеп жүйесінің түп бастауы. Т. э. Түркі дүниетанымындағы адам мәселесінің орт., негізгі мәселе болуымен айқындалып, адамның әлемдегі орны және оның жаратылыспен үйлесімде өмір сүруі, рухани-адамгершілік, діни-танымдық ұстанымдары негізінде қалыптасты. Т. э. еуразиялық кеңістіктегі қазақ, өзбек, қырғыз, т. б. түркі тілдес халықтардың ұлттық этик. көзқарастары мен ұстанымдарының қалыптасуына игі ықпал етті. Дәстүрлі қоғам өмірі құқықтық, діни-киелілік негіздегі жарғылар мен тыйымдар жүйесі бойынша қалыптасқан. Бұл қоғам бірыңғай экон. тіршілік салты мен қандастық негіздегі бірлікке сүйенді. Көшпелі мәдениет пен тұрмысты жалғастыру оны сыртқы дұшпаннан бірлесе қорғана алатын ру немесе тайпа болғанда мүмкін болады. Ұран – рудың текті, намысты, даңқты тарихын білдіретін, қуат беретін дәстүрлі символы болып табылады. Ұранның негізгі қызметі ру арасындағы бірлікті нығайту, ортақ мақсат үшін шайқаста ру мүшелерінің батылдық-жүректілігін күшейтеді. Жалпы қазаққа «Алаш» ұраны ортақ болса, жекелеген рулардың өзіне тән ұраны бар. Сонымен қатар әрбір рудың өзіне тән «таңбасы» мен «ені» бар. Алғашқыда дәстүрлі түркі қоғамы адамының Тәңір алдында моральдық әрекеттерге қарағанда культтік әрекеттері басым болды. Уақыт өте келе діни нормаларға негізделген моральдық ұғымдар мен этик. ұғымдар қалыптасты. Бұл ұғымдар мен түсініктер дала өркениетінің моральдық-құқықтық жүйесі, салт-дәстүрі мен әдеттерінде нақышталған. Дәстүрлі дүниетаным адамының рухы, оның мекені, өлім, өмірдің мәні жайлы толғануы түркі мифологиясынан көрініс тапқан. Мәселен, «сүйек – рухтың ұясы» ұғымымен байланысты: сүйек – «тек-жануар» – субстанция ретінде ұрпақтар арасындағы жалғастықты, генетик. негізді, қонақтың сол шаңыраққа туыстық дәрежесін анықтады, осыған байланысты қонаққа мүше тарту әдебі қалыптасты. Табиғат жағдайының каталдығы, сыртқы дұшпандармен дамылсыз күрестер көшпелілерге жауынгерлік рух пен қатал әрі ұдайы қозғалысқа негізделген мінез дарытқан. Шыншылдық, жомарттық, қамқорлық, ержүректік, адалдық, сүйіспеншілік пен достықты қастерлеу осы қасиеттер төңірегінде қалыптасқан рухани құндылықтар болып табылады. Көшпелі қоғамдағы адамның ең жиіркенішті әдеті – жалған сөз, өтірік айту. Түркі қоғамының адамы үшін туған жерінің әрбір тау-тасы, ойы мен қыры, сай-саласы мен бел-белесі сол кеңістікте тұнып тұрған тарихын, болған оқиғаларды, сол кеңістіктегі көңіл-күйлерін еске алу болғандықтан кеңістіктің өзі еске алу теориясы қызметін атқарған. Яғни, әлем – көшпелі адамның өз рухымен болған тұтастықты, үндестікті, ғарыштық үйлесімді қамтамасыз ететін айна. Сондықтан Т. э. табиғатпен үндестікте өмір сүрген адамның тұрмысы мен дүниетанымының ішкі үйлесімін түзуші жүйе.

**ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ** – ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан мәдениеттің жалпы атауы. Түркілердің алғашқы ата қонысы Шығыс Тянь-Шань мен Алтай өңірі болған. «Халықтардың ұлы қоныс аударуының» нәтижесінде қазіргі Қазақстан, Орта және Алдыңғы Азия, Шығыс Еуропа территорияларына кең таралып орналасқан түркілер қазіргі түркі тілдес халықтардың барлықтарының этникалық субстраты болып табылады. «Түрік» деген термин тұңғыш рет 542 жылы аталады. «Түрік» этнонимі алғашқы кезде белгілі бір адамның ата-тегі шонжар таптан немесе әскери ақсүйектерден шыққанын білдірген (ғылымда этносқа қатысты – «түркі» терминін қолдану қалыптасқан, біз соған арқа сүйейміз). Кейінірек бұл сөздің семантикасы ұлғайып, билік жүргізуші, үстемдік етуші, ержүрек батыр шыққан тайпа символына айналған. 552–745 жылдар аралығында Орталық Азияны мекендеген көптеген тайпалық одақтардан біріккен ежелгі феодалдық мемлекет – Түрік қағандығы өмір сүрген. Түрік қағандығының әлеуметтік, саяси және қоғамдық өмірінде әскери істер аса маңызды орын алған. Түркілердің алғашқы көсемдерінің бірі – Бумын қаған болған. Оның билік жүргізген кезінде көптеген көрші елдер түрік қағанатына бағынышты өмір сүрген. Түрік қағанаты тұсында түркі тілінің өрісі барынша кеңіп, ұланғайыр өлкедегі негізгі тілге айналған. Түркілердің өзіндік жазуы болған. қ. Орхон-Енисей жазуы. Сол көне түркі жазбаларынан түркілердің дүниетанымдық көзқарастары, наным-сенімдері туралы көп мағлұмат алуға болады. Түркілер негізгі планеталармен жұлдыздардың қозғалысын жетік біліп, олардың әрқайсысына жеке-жеке ат қойып белгілеген. Көне түркілер аспан денелерінің қозғалысына қарап ауа райын, жыл маусымдарының қандай болатынын күні бұрын анықтай алған. Олардың өзіндік ай календарлары, жыл қайыру жүйесі болған. Көне түркілер геометрия, математика ғылымдарынан біршама хабардар болған, оны су жүйелерін салуға, күрделі ғимараттар, қарауыл төбелер тұрғызуға т. б. пайдаланған. Олар металды, түрлі минералдарды еріту әдістерін, шөптердің емдік қасиеттерін білген. Шаруашылығы тікелей малмен байланысты болғандықтан мал асырау мен емдеудің неше түрлі әдістерін де жетік меңгерген. Ежелгі түркілер негізінен қос күшке – Көкке және Жерге сыйынатын болған. Көк Тәңірінің рақымымен елді билеген қағандар «Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген» деп аталған. Түркі жазуларында олардың барлық жеңістері Көк Тәңірімен байланыстырылған. Әрбір түрік өзін Тәңірінің үкімін орындаушысы ретінде сезінген. Көне түркілердің космогониясын, яғни әлем құрылымы туралы көзқарастарын төмендегі жолдардан байқауға болады: «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара жер жаралғанда екі арасында кісі ұлы жаралған екен». Түркілер әлемнің төртбұрышты моделін жасаған: «ілгері» (күн шығыс), «кейін» (күн батыс), «бері» (күн ортасы – оңтүстік), «ары» (түн ортасы – солтүстік). Бұл модель

«Күлтегін» жырында төмендегідей баяндалған: Ілгері – күн шығысында, Оң жақта – күн ортасында, Кейін – күн батысында, Сол жақта – түн ортасында Осының ішіндегі халықтың бәрі маған қарайды. Ежелгі түріктер үшін Көк пен Жер – Судан кейін тұрған күдіретті күш – әйел, ошақ басы құдайы Ұмайға да табынған. Ол бала-шағаны, Үй берекесін қорғайды деп сенетін болған. Түркі халықтарының мәдениетінде персонификацияланбаған, шексіз аспан әлемімен теңдестірілген Көк Тәңірінің монокультімен қатар аспан шырақтары, құтты мекен, от-суға да бас игенін білдіретін дәйектер кездеседі. Ертедегі миф – аңыздардың, ертегілердің кейіпкерлерінің Күнсұлу, Күн астындағы Күнікей аталулары, күнді құдай ретінде бейнелеу, күнбасты кескіндердің кездесуі; жаңа туған айға тағзым етіп, табыну; отты киелі құбылыс деп есептеп, онымен тазарту, аластау әрекеттерін жасау және т. б.-дан біз көпқырлы түркілік ой желісін танимыз.

**Әдебиет: Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова және т. б. – Алматы, 2007; Ә. Қодар. Қанағат қағанаты. – А., 1994.**

**ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫ** – әлем өркениетінің озық тәсілдеріне сүйенген, түркілік дәстүрлі дүниетанымды жаңаша зерделеуге талпынған герменевтикалық философия. Егер батыс классикалық философиясы әр философтың жеке дүниетанымына байланысты жаңа рухани кеңістік ашып, осы кеңістіктер кезегімен бір-бірін жойып отырса, Т. ф-сы дәстүрлі түсініктер мен тұлғаларға жаңа нәр беріп, жаңа сұхбатқа шақырады. Т. ф-ның міндегі бұрынғы кеңістіктерді жою емес, қайтадан ашу. Т. ф-сының мазмұндық болмысы – ақиқат іздеу, білім мен таным мәселелерінен гөрі белгілі құндылықтар жүйесін зерделеуге бейім. Демек, Т. ф-нда таза ф-тан гөрі біз және өзгелер пайымына негізделген идеологиялық ұстаным басым. Т. ф. дәстүрінің тарихына үңілсек, ой машығының дамуының алғашқы кезеңі көне Түркі, Шығыс өркениетіне қатысты, екінші кезеңі исламдық Шығыс өркениетіне, үшінші кезеңі қазіргі Батыс өркениетіне байланысты. Алғашқы түріктер, Ашина түріктері, Алтай тауларынан көшіп, тарала қоныстанғанымен Шығыстық ой дәстүрін сақтады. Т. ф-сының екінші кезеңі исламдық Шығыс өркениетіне байланысты. Бұл белгілі. Бірақ Шығыс өркениеті тек ислам мәдениетімен шектелмейді. Егер жоғарыда айтылған жағдайлардың бәрін пайымдауға көшсек, түркілер үш өркениеттік кезеңде басқа өркениет иелерімен тең дәрежелі ғұмыр кешкенін көреміз. Бұл түркілердің өркениет үстіндегі өркениет екенінің дәлелі. Бар жұмбақтың шешуі түркілердің көшпенділік табиғатында жатыр. Көшпенділер бір шеңберде тұрмайды. Еуропалық танымдық білімнің ерекшелігі, ол зейініне түскен затты қабылдаумен шектелмей, оған әртүрлі қатынас жасап, мазмұнын өзгертіп жібереді. Сондықтан еуропалық эллинистік мәдениетінен

құралған танымның құралы кітап, ал түркілік иероглифтік зерденің құралы – таңба. Егер әріптер бір-біріне қосып оқығанды қажет етсе, таңба – жалқы және ерекше. Тілін білмеген адам таңбаны оқи алмайды. Осыдан таңбалы мәдениеттің құпиялылығы туындайды. Осы құпиялылық, белгілі білімді сыртқа шашпай, іште сақтап қалу әдеті түркі ұлтының менталдық ерекшелігін қалыптастырған. Түркі сөйлегенде мақалдап, жұмбақтап сөйлейді. Мақалдап сөйлейтіні, ол өзін алдын ала ақтап алады. Себебі мақал әрқашанда дәстүрдің беделіне сүйенеді. Ал түркінің жұмбақтайтыны, бұл тәсіл арқылы ол ашықтан-ашық жатқан дүниені құпиялылықпен бүркеп, тағы да дәстүр аясына кіргізеді. Сонымен, мақал мен жұмбақ дәстүрдің, дәстүрлеудің құралы, дәстүрдің ауызша кітабы мен философиясы. Біздің осы ойымызды «Тәңірі – тану – таңба» үштігінен құрылған сөзтізбегі де растайды. Тәңірі түркі санасын менталдық ерекшелікке танушы, осы ерекшелік белгісімен бүкіл дүниені таңбалаушы. Сондықтан ол жәй Тәңірі емес «түркі Тәңірісі» деп аталады. Орхон ескерткіштерінде түркі қағаны былай дейді: «Түркі ұлты жоқ болмасын деп Түркі Тәңірісі менің ата-бабаларымды және мені жіберді. Мен қаған болғаннан кейін күндіз отырмадым, түнде ұйықтамадым. Түркі ұлты аш еді, тойындырдым, жалаңаш еді, киіндірдім, кедей еді, бай қылдым». Түркілер де қағанынан айырылған сәттерде: «Дәулетті ұлт едім. Дәулетім, қуатым қане? Қағаны бар ұлт едім, қағаным қане? Қай қағанға жұмысымды, шаруамды сеніп, тапсырамының деп қайғыратын. Ұлт пен қаған арасындағы қатынастың қаншалықты сенімді екені осы сөйлемдерден түсінікті болса керек. Міне, ежелгі түркілерде отансүйгіштік сезімі осыншама биік деңгейде болатын. Ешқандай түрік өз елі, яғни, ұлты үшін өмірін және сүйікті нәрселерін пида студен тартынбайтын. «Өйткені ил (ел) Көктәңірінің жер бетіндегі көлеңкесі болатын. Көктәңірі түркілердің пікірінше өте қасиетті болатын. Махаббат түнінде жер бетіне түсіп, бір бойдақ қызды немесе ағашты жүкті етіп, осы құтты-берекелі елдің өрбуіне себеп болыпты. Біздің бұдан байқайтынымыз ежелгі түркілерде жарату идеясынан гөрі тұқым өрбіту идеясы басым болған. Түркілік құдай сондықтан ғана түрік Тәңірісі деп аталады. Біз бұдан түріктердегі құдай түсінігі тотемизмнен дамығанын байқаймыз. Себебі бұрын түріктер өздерін бірде Көк бөріден, бірде Бөрі-анадан өрбіткен. Оғыз-намеде Көк бөрі Оғыз қағанның қолын бастаушы. Осы мысалдардың бәрінде Көк бөрі адамзат пен Көкті, космосты біріктіруші киелі ата, тотем. Өсе келе түркілер жабайы тотемистік көзқарастардан бас тартып, абстракты құдай ұғымына дейін көтерілген. Осының нақты дәлелі ретінде «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар» деген қазақтың мақалын келтіруге болады. Мұнда ит адамнан қорықса, бөрі Тәңіріден именеді. Тәңірі барлық дүниені ымыраға келтіруші, хұзырында ұстаушы орасан кең ауқымдағы құдырет. Тәңірлік ұстанымы бұзылған қатерлі замандарда түркі азаматтары

жағдайды түзетіп, қалпына келтіру керек. «Өлімнен намыс күшті» – бұл түркі жауынгерлерінің бұлжымас қағидасы. Түркілерде намыс ұғымы ажал ұғымынан басым болған. Бұл тұжырымды растайтын мысалды жыраулар поэзиясынан да келтіруге болады». Жалаңаш барып, жауға ти, Тәңірі өзі біледі, Ажалымыз, Қайдан-ды...». Бұл жолдар «Күлтегін» ескерткішіндегі «Уақытты Тәңірі жасар, Адам баласы бәрі өлгелі туған» деген мізбақпас ой нұсқасымен керемет сәйкестікте. Егер Т. ф-ның стилистикасы мен эстетикасына көшсек, бұл құбылыс таңбалық мәдениетке жататын болғасын, онда ішкі монологтан сыртқы таңба, автордан – өнер туындысы басым. Мыс., Йоллыгтегіннің жазулары кейіпкерлерінің атында, Қорқыт – Қорқыт туралы аңыз арқылы әйгіленеді. Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк туралы жазулар түркі мәдениетінің дәуірлеу шағында жасалған империялық мәдениеттің нұсқасы. Сондықтан мұнда халықшылдықтан гөрі дегдарлық, жыраулық, эпостық поэзиядан гөрі тарихи хроника басым. Шынында да бұл жазулар ауыз әдебиеті туындысы емес, таста қашалып, буындық сынтас әрібімен жазылған. Ал таста қашалған әріптер Хаммурапи заманынан бері империялық мәдениеттің белгісі.

**ТІЛ** – таным мен коммуникация мақсаттары үшін қолданылатын таңбалық жүйе. ХІХ ғ-дың 60–70 ж-да иелдік тілтанушы Д. Уитни тілді ерікті және шартты белгілердің жүйесі деп тұжырымдайды. Т. – адам баласының ой-санасында танылған әлемдік бейненің, болмыстың ұғымдық белгісі. Адамзат Т. арқылы табиғаттағы барлық заттар мен құбылыстарға атау береді. Ұлттық таным мен ұлт тілінің бірлігі, байланысы осы арада тоғысады. Әрбір ұлт өкілдерінің парасат-пайымы, білім деңгейі, көзқарасы мен менталитеті, өзіндік дүниетанымы, болмысты тануы, игеруі тілде бейнеленеді, тілде сақталады. Ата-бабадан мирасқа қалған ана тілі – адамдар арасындағы қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар көнеден келе жатқан тарихи танымды жеткізуші қызметін де атқарады. Адамзаттың табиғатты танудан түйсінгендері негізінде жеке адамның түсінігі қалыптасады. Егер халықтық дүниетаным Т. арқылы жетпесе, қоғам да, мәдениет те дамымаған болар еді. Демек, тілдің дамуы қоғамдық өмірмен, мәдени дамумен тығыз байланысты. Тілдік таңбаның ұғымды таңбалауы мен оның болмысқа қатынасы өте күрделі. Т. мен ойлаудың арасы, болмыс пен атаудың байланысы туралы мәселе ертеден-ақ ғалымдардың назарын аударған. Ежелгі философтар еңбектерінде тілге көп көңіл бөлінген. Осыған сәйкес номинализм теориясының зерттеле бастауының да терең тарихы бар. Платон, Сократ, Аристотель, әл-Фарабидің ғыл. трактаттарында сөз жүйесі жайында жазылған толғамды ой-тұжырымдар мольнан кездеседі. Тілсіз рухани мәдениет те биікке жете алмайды, халықтың рухани күші – тілде. Тілі дамымаған халықтың рухы да дамымақ емес. өйткені «өнер алды – тіл»

(М. Қашқари), сөз атасын таныған қазақ халқы үшін («Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би») сөздің киесі, қасиеті де биік. Халық тілінің рухпен бірлігін тілдің ішкі табиғатын тану арқылы ғана түсінуге болады. Т. – заман ағымы негізінде түзілген таным, халықтың өмір сүру тәсілінің, әдет-ғұрпының, дәстүрінің, мінезінің, жалпы болмысының көрінісі. Білім шыңы – Т. десек, оның жасаушы иесі – халық. Т-дің дамуы адам баласының ішкі рухани қажеттілігін қанағаттандырудан туындайды. Бұл қажеттілік заттар мен құбылыстардың сандық, сапалық белгілері мен қимыл-қозға- лысын, әрекеттің амалын, түр-түсін, мөлшерін, т. б. ерекшеліктерін атау, таңбалау негізінде болады. Адам түйсігінде танылған ұғымды белгілеу нәтижесінде сөз қалыптасып таңбаланса, сөз арқылы дүниетаным, ұлттық ойлау жүйесі көрінеді. Демек, дүниенің кілті – Т-де. Т-дің дамуы арқылы адам баласының дүниетанымы сатылы дамиды. Яғни, ата-баба білігі балаға Т. арқылы дарып, болмыстың қасиеті мен белгілері терең таныла түседі. Т-де ертедегі танымның ізі, ел жасаған парасат пен кісіліктің пайымы жатыр. Басты мақсат сөздегі ойды оқу, пайым тереңіне зерделеу мен дұрыс байлам жасай білуде. Т. – жалпы мәдениет пен адамзат дүниетанымының тұғыры. Болмысты тану арқылы жасалған ұғым Т-дік таңбаға айналғанда, мифосимволик. бейнелер жүйесі қалыптасады. Т. – «дыбыс-таңба» жүйесі ғана емес, тілдің сақталуы арқылы халықтың бүкіл ғұмырындағы таным-түсінігі ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Басқаша айтқанда, сөз жүйесі арқылы халықтың ойлау жүйесі, материалдық және рухани мәдениеті жетеді. Ғ. Мүсірепов «Т-ін білмеген түбін білмейді» дейді. Т. – танымның дамуына сәйкес жетіліп, өркендеп отыратын тарихи процесс. Т-дің дамуы адам түсінігінің артуымен байланысты, тіліміздегі туынды сөздердің молдығы – осы дамуды белгілеуден туындаған таңбалар. Сөз – болмыс туралы адам ұғымының баламасы, танымның эквиваленті. Сөзжасамдық процесс нәтижесінде жасалған туынды сөздер де – таным баламасы. Ойлау, тіл, қарым-қатынас – Т-дің өмір сүруінің негізі. Болмысты тек ойлау арқылы тану мүмкін емес, Т. – ойдың ең басты қаруы. Адам баласының табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тануы тек Т. арқылы ғана жүзеге асады. Т. мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты. Адам баласының ойлау жүйесінің өресі тілдің оралымдылығымен, бейнелілігімен астасып жатады. Бұл туралы ХІ ғ-да шығыс ойшылы Ж. Баласағұн «Сөз – ойдың көрінісі» деп жазған болатын. Адам қоршаған ортаны танып-біліп, алған білігін, таныған ұғымын сөзбен таңбалайды, атау туындатады. Сөздің жасалу жүйесі мен атау ретінде қалыптасуы күрделі де ұзақ процесс. Табиғат болмысының адам санасындағы бейнесін таңбалау мүмкіндігі негізінде атау жасалады, сөйтіп танылған зат не құбылыс туралы хабар жеткізу, жадта белгілеу қажеттігі орындалады. Т. – шындық өмірдегі зат пен құбылыстың адам санасында бейнеленген таңбасы, осы таңбаның тілдік жүйеде анықталып, атау ретінде



калыптасқан мағыналық түрі. Атау арқылы әлем бейнесі тілде таңбала-нады. Әлем бейнесінің белгісі, қасиеті, қимыл-қозғалысы, әрекеті, сапасы мен мөлшері, жағдайы, көлемі, т. б. көрініс табады. Т. адам танымының бейнелеуіш қызметінің нәтижелерін де таңбалайды. Адамзаттың әлем бейнесі белгілері мен қасиеттерін тануы бірте-бірте болатын күрделі құбылыс. Осы тұста зат не құбылыстың түрлі ерекше белгілері танылып, түрлі мағыналы атаулар жасалады.

**УАҚЫТ** – кеңістікпен қатар болмыстың формасы. Ол болмыстың **У** құрылымын анықтайды, өйткені У. арқылы болмыс өзінің ұзақтылығын, объектілердің бірін-бірі алмастыруын табады. Егер материяның тіршілік ету тәсілі – қозғалыс болған болса, онда қозғалыс өзін кеңістік пен У. формасында айқындайды. Кеңістік пен У-ты қозғалыстың көріну формалары немесе оның сыртқы өлшемдігі десе болады. Сонымен, У. – қозғалыстың формалары мен құрамды бөліктерінің бірінен бірі туындап ұласу формасы. Ғылым тарихында қалыптасқан қағидалардың бірі: материя кеңістікте шексіз, уақыт жағынан мәңгі. У. бірінен соң бірі болатын құбылыстардың өмір сүру ретін белгілейді, яғни кез келген материалдық процесс бір бағытта – өткеннен болашаққа қарай дамиды. Материалистік философия кеңістікпен У-ты адамдардың ойлауынан тыс, материяның объективтік формалары деп қарастырады әрі олардың бір бірінен бөлінбестей бірлікте екенін мойындайды. ХХ ғ-ға дейін ертедегі натурфилософтардың атомдық көзқарасына сәйкес кеңістік бос қуыспен теңдестіріліп, У. біркелкілікпен түсіндірілген. Қазіргі заманғы физика ол түсінікті жоққа шығарады. Бұл жөнінде әсіресе А. Эйнштейннің салыстырмалы теориясы үлкен жаңалық әкелді. Ол макробөлшектердің кеңестіктегі қозғалысы сәуленің жылдамдығына (секундына 300 000 км) жақындаған сайын оның массасы шексіз ұлғая беретіндігін және ол бөлшектің тұрқының да қысқара түсетіндігін дәлелдейді. Яғни дененің кеңестіктегі қозғалысы шапшандаған сайын оның кеңістік сипаты да өзгереді, ол денедегі уақыттың да ағымы баяулай түседі. Қозғалыстың өзгеруі кеңестікті де, уақытты да өзгертеді. У. пен кеңістіктің қазіргі заманғы теориясын жасауда Н. Лобачевскийдің, Б. Римманның, К.Ф. Гаустің идеялары маңызды рөл атқарды. Адамның дүниетанымы дамыған сайын У. пен кеңістіктің объективтік шындық екендігі жайлы барған сайын терең де дәл мәліметтер берілуде. Салыстырмалық теория- сының әсерінен У. материяның төртінші өлшемі (алғашқы үш өлшем: ұзындық, ен және биіктік кеңістіктің сипаттамасы) деп танылады. У. өзінің анизотроптығымен, яғни қайта оралмастығымен, бір бағыттылығымен анықталады. ХХ ғ-да У. мәселесін зерттеуге көп назар аударғандардың бірі логикалық позитивизм өкілі Ганс Рейхенбах болады. Оның физика ғылымы жетістіктеріне сүйене отырып келген қорытындысы төмендегідей:

уақыттың ағымы өткеннен келешекке қарай жылжиды. Г. Рейхенбах былай дейді: біріншіден, «өткен ешқашан қайтып оралмайды»; екіншіден, «өткенді өзгерту мүмкін емес, ал болашақты өзгерту әбден мүмкін»; үшіншіден, «болашақ туралы түбегейлі шынтуайтты, дәйекті мәлімет беру мүмкін емес». Термодинамикалық заңдылықтар тұрғысынан дәлелденетін бұл теория мәдени-элеуметтік У. концепциясын қанағаттандыра алмайды.

**УӘЛИХАНОВ Шоқан (Мұхамедханафия) Шыңғысұлы (1835 – 1865)**

– қазақ ғалымы, этнографы, тарихшысы, қоғам қайраткері. Қазақстандағы ағартушылық идеясының негізін қалаушы. У. өз бойында еуропалық білімділік пен Шығыс халықтарының мәдениетін терең ұштастыра білді. Зерттеушілер У. шығармашылығын екі кезеңге бөледі. 1) Қалыптасу кезеңі (Петерборға барғанға дейінгі уақыт, яғни 1855–1859). 2) Кемелдену кезеңі (1859–1865). Алдымен У. өз ауылындағы мұсылман-діни мектебінде білім алады, араб және т. б. Шығыс халықтарының тілдерін оқып үйренеді. Осы кезде ол өз халқының салт-дәстүрлері, діни нанымдары, дүниетанымы мен аңыз-әңгімелері туралы мол мәліметтер жинақтайды.

1847 ж. У. Омбыдағы кадет корпусына оқуға түседі. Бұл Шоқан өмірі мен қызметіндегі бетбұрыс кезең болды. Осы оқу орынында У. ортасына, қоғамға деген көзқарастары қалыптасып, орнығады. Шоқанның азамат, ғалым, ойшыл ретінде қалыптасуына Г. Потанин, С. Сотников, А. Померанцев, К. Гаутковский, Н. Костылецкий Ф. Достоевский, С. Дуров сияқты орыс ғалымдары мен ойшылдарының ықпалы зор болды. Солар арқылы У. В.Г. Белинский мен Н.Г. Чернышевскийдің, А.И. Герценнің саяси-элеуметтік идеяларына қанық болады. Шоқанның ғылыми ой-пікірлерінің қалыптасуында П.П. Семенов-Тянь-Шанский үлкен рөл атқарды. Орыс саяхатшысы Шоқанды ғылымда толық зерттелмеген көшпенді халықтардың көне тарихы мен бай мәдениетін зерттеуге бағыттады. Осы уақытта У. халық мәдениеті мен ауыз әдебиеті туралы көптеген деректер жинайды. Соның нәтижесінде ол «Үлкен қырғыз-қайсақ аңыз-әңгімелері», «Тәңір», «Абылай туралы жыр», «Қазақ халық поэзиясының формалары туралы», «Қырғыздардың арғы тегі», «XVIII ғ. батырлары туралы тарихи аңыздар» атты мақалаларын жазады. У. бұл еңбектері басылып шықпағанымен, олардың қолжазбалары шығыстанушы ғалымдар арасында танымал болды.

У. 1856 ж. М.М. Хоментовский экспедициясының құрамында болып, Ыстық көлге саяхат жасады. Қырғыз халқының энциклопедиялық поэмасы – «Манасты» алғаш рет жазып алып, орыс тіліне аударды. «Ыстық көл сапарының күнделігі», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы» және т. б. еңбектерінде У. түркі халықтарының салт-дәстүрі мен тұрмысын зерттеудің ғылыми әдіс-темесін жасайды. У. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Даладағы

мұсылмандық жөнінде» еңбектерінде діни нанымдардың қалыптасуы, діннің қоғамдағы орыны мен қызметі туралы ғылыми сараптамалар жасайды.

Ғалым халықтың рухани мәдениетімен қатар материалдық мәдениетін зерттеуге де өз үлесін қосты. Ол архитектуралық ескерткіштердің суретін көшіріп салып, олардың жобалану ерекшеліктеріне назар аударады. У. халық дүниетанымы, мәдениеті, діни нанымдары мен салт-дәстүрлері оның тұрмыс-тіршілігімен және өмір сүріп отырған ортасымен тығыз байланыста болады деген қорытындыға келеді. Шоқан Ресей отарлау саясатының ұлттық мәдениетке кері әсерін де ашық айыптады. «Сот реформасы туралы жазбалар» еңбегінде саяси реформалардың халық менталитетіне сай еместігін және оның рухани-мәдени дамуға зор нұсқан келтіретінін жазады. У. еңбектері Орталық Азия мен Қазақстан тарихын, мәдениетін зерттеудің алтын қоры болып табылады.

**УНАМУНО Мигель де** (1864–1936) – испан философы, ақын. У-ның көзқарастары экзистенциалдық философияның алғашқы көріністеріне жатады. Оның философиялық позициясының қалыптасуына Августиннің, испан ортағасырлық мистиктерінің, Б. Паскальдің, С. Кьеркегордың, неміс романтиктерінің, А. Шопенгауердің, Ф. Ницшенің, Бергсонның шығарм.-ы көп ықпал етті. Бірінші дүниежүзілік соғыстың әсерінен «Пенделер мен халықтардың есірікті жан күйзелістері» атты шығармасын жазған, Испаниядағы Примо де Ривераның әскери диктатурасының ылаңын өз басынан өткізген, елінен жырақта сегіз жыл эмиграцияда жүріп, республика жеңіске жеткеннен кейін туған жеріне қайтып оралған У. үшін торығушылық сарыны орынды. У-ның философиялық рефлексиясы жүйесіздеу, өйткені философтың өзіндік көзқарастары оның поэзиясы, прозасы, эссеистикасы мен драматургиясына тоғысып жатыр. Түрлі жанрлар саласында көріне білген У-ның шығармашылығының негізінде жеке бастың өлместігі, рухтың мәңгілігі идеясы тұр. Өлім туралы сұрақтар алдында ақыл-ой скептицизмі ашынған сезіммен қосыла келе «қасіретті өмір сезімін» тудырады. Ол сезім адам тіршілігінің өмірлік (витальды) дінгегі. Сонымен жеке «басты» мәңгілігі мәселесі адам мәселесінің өзіндік түр көрінісі болып табылады. Адамдық шындықты У. экзистенция, өмірден өмірдің өзінен тысқары (трансцендентті) жатқан мән-мағына іздеу деп түсінеді. Сондықтан да У. құдай идеясын адамның мәңгілік болмысқа деген талпынысы арқылы түсіндіреді және де оны жеке бас өлместігінің кепілдігі деп қарастырады. У. адами шындықты уақыт шеңберіндегі адамның өзін-өзі шексіз құрастыруы, өзін-өзі сомдауы деп біледі. Адами болмыс дегеніміз биография дейді У. Сондықтан да адамды әдеби кейіпкер, персонаж ретінде қарастыруға да болады. У. белгілі бір мағынада философияны «әдебиеттендірумен» айналысты, өйткені ол экзистенциалдық новелланы философияның және болмысты» ең лайық түр көрінісі деп таниды.

**УНИВЕРСАЛИЙЛЕР**, *амббантар* (лат. *universalis* – жалпы) – орта-ғасырлық философияда жалпы идеялар осылай аталады. У. жайлы пікірталасында ол жалпы идеялар шындық па, объективті ме немесе олар заттардың жай атауы ғана ма деген мәселе төңірегінде өрбісе «заттар да» өмір сүреді (орташа реализм, Фома Аквинский көзқарасы). Бұған қарама-қарсы көзқарас: У. тек ақыл – ойда ғана, «заттардан кейін», ақыл-ойдың құрылысы түрінде. (Концептуализм) немесе тіпті жай сөз түрінде ғана (шегіне жеткен номинализм, Росцелин, Оккам) болады.

**УПАНИШАДТАР** – Ведалардың төртінші және соңғы бөлігі. Онда ведалық әнұрандардың (гимндердің) философиялық мағынасы ашып көрсетілген. У-дың ең ежелгісі б.з.б. VII ғасырға жатады. У-да пайғамбарлардың Құдай, рух және космос туралы түсініктемелері берілген. Барша заттардың қайдан пайда болғандығы, қалай өмір сүретіндігі және олардың жойылып біткеннен кейін қайда кететіндігі, рухтың мазмұны, рухтың туып-өлу тамұғынан (сансарадан) арылу жолы, карма және т. б. мәселелер У-дың негізгі мазмұнын құрастырады. У-дың барлық саны – 108. Оның 16-ға жуығы «негізгі», «ұлы» У. деп аталады. У. санскрит тілінде жазылған.

**Әдебиет:** Кейпер Ф. *Труды по ведийской мифологии.* – М., 1986; *Литература и культура древней и средневековой Индии.* – М., 1979. Неру Д. *Открытие Индии.* Кн. 1. – М., 1989.

**УТИЛИТАРИЗМ** (лат. *utilitas* – пайда) этикалық, мәдениеттанулық, дүниетанымдық ұстын. У. бойынша әрбір феномен әкелер пайдасы тұрғысынан бағалануы және қарастырылуы тиіс. У-нің негізін қалаған ағылшын моралисі И. Бентам болды. Оның айтуынша әрбір іс-әрекет өнегелі болуы үшін адамның жеке мүдделерін қанағаттандыруы тиіс. Тек сөйткенде ғана іс-әрекетпен «көп адамға үлкен бақыт» сыйлайсың.

**Әдебиет:** Милль Дж. С. *Утилитаризм.* СПбг, 1900. *Утилитаризм // Философская энциклопедия.* М., 1970.

Ұ

**ҰҒЫМ** – дүниені танып-білу сатысындағы белгілі бір тұтастықта қарастырылып отырған заттың мәнін оның қалыптасуы тәсілін анықтау арқылы олардың теориялық танымының формасы. Білімдердің дамуы негізінен алғанда Ұ-ның тереңдей түсуінен (берілген нәрселер жайлы) бір Ұ-нан нәрселердің әлдеқайда тереңірек мәнін көрсетіп олардың әлдеқайда дәл бейнеленуі болып табылатын басқа Ұ-ға өтуінен көрінеді. Ұ. белгілі бір тілдік формаларда бейнеленіп, тілдің соған сәйкес сөздік мәнін құрады. Ұ-ның бір логикалық функциясы практикада және танымда бізге керекті нәрселердің қайсыбір белгілері бойынша ойша бөліп көрсету болып табылады. Осы функцияның арқасында Ұ. сөздерді белгілі бір нәрселермен

байланыстырады, ал бұл сөздердің дәл мәнін анықтап, ойлау процесінде оларды қолдауға мүмкіндік береді. Нәрселердің класын бөліп алып, бұл нәрселерді Ұ-да жалпылау табиғат заңдарын танып білудің қажетті шарты болып табылады. Әрбір ғылым белгілі бір ұғымдарды қолданады, оларда сол ғылым жинақтаған білімдер топтастырылады (тұжырымдалады). Ұғымның қалыптасуы, бейнелендірудің сезімдік формаларынан оған өтуі күрделі процесс: мұнда дүниені танудың салыстыру, талдау мен синтез, абстракциялау, идеализациялау, жалпылау сияқты әдістері және ой-қорытындысының айтарлықтай формалары қолданылады.

**ҰЖДАН** – Мұхаммед пайғамбар: «Муфтилер саған пәтуа берсе де сен ұжданыңмен ақылдар» – деп бұйырады. Ұ. – адам болмысының «төрешісі», «қазысы». Ұ. үні – бұл адамға қойылатын қоғамдық талаптардың басқа түрге айналдырылған үні және адамгершілігінің көрсеткіші. Ұ. белгілі бір құндылығымен және тұрақтылығымен сипатталатын өмірлік іс-әрекет бағытына негіз болып табылады, борыш туралы ұғым да осыған сүйенеді.

**ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ** – адам мен табиғатқа, құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның көзқарасын білдіретін, қоршаған ортамен қатынасын қалыптастыратын қоғам мүшелеріне ортақ, ұлттық негіздегі жүйе. Ұ. д. адамның дүниені теор. және практик. жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-практик. тәсіл. Дүние мен адамның қатынасындағы әмбебап негіздерді өзара байланыстырып, қабыстырып тұрған тетік – мәдениет, ал ол қашанда этн. сипатта болады. Егер дүниетаным мәдениеттің рухани мәйегін, күре тамырын құраса, онда әрбір этномәдениеттің өзіндік дүниетанымды бар екендігі анық. Осыған сай әлемде қанша ұлттық мәдениет бар болса, сонша ұлттық дүниетанымдық жүйе болады.

Қазақ ой-санасының алғашқы кезеңдерінде дүние, оны түсіну мен ақпаратты жинап, сақтап және жалғастыратын коммуникативтік қызметті атқарушы үлгілік-бейнелеу (тасқа қашалған суреттер) және символдық-белгілік (таңба-ру белгілері) жүйелер болса, оның орнын басқан вербальды-дискурсивті ойлау орта ғасырларда қалыптасты. Енді басты рөлді халықтың ауызекі тілі атқара бастады, бірақ бұл тұрмыстық коммуникация қызметінің аумағынан шықпайтын тіл емес, адамдардың араласуының шығарм. формасына тән дискурсивтік, яғни пайымдық тіл еді. Қазақ дүниетанымдық ойының тағы бір ерекшелігі оның Ұ. д. ретінде шынайы патриотизмі, халқына сүйіспеншілігі, халық бақыты, мүддесі және болашағы үшін күресу жолдарын өз қадірінше анық, жан-жақты көрсете білуінде. Біртұтас көзқарас, дүниені жан-жақты танып-білу, оның заңдылықтарын, таным процесін, әлеум. мәселелерді дұрыс түсіну, ойлау түрлерінің жүйесін анықтау соңғы ғасырлардың үлесіне тиеді. Дегенмен, халықтың шығарм-

нда қоршап тұрған табиғат пен әлеум. орта туралы ой-танымның қордалы жиынтығы болды. Олар негізінен бір қалыпқа сыя бермеуі мүмкін, бірақ адамдардың бай практик. өмірін, халық даналығын көрсететін филос. мәні бар еді.

Зерттеушілердің басым бөлігі Ұ. д-ның қалыптасуында миф пен діннің ерекше рөлін атап көрсетеді. Дүниетанымның тек рационалдық парадигмаға негізделген батыстық түрінен басқа да формалары жеткілікті. Мыс., К.

Ясперс өзінің «Тарихтың мәні мен міндеттері» атты еңбегінде дүниетанымның мынадай типтерін атап өтеді: 1. Адамгершілік өлшемін берген әулиелер. 2. Филос. жасампаздар. 3. Филос. жаңғыртушылар. 4. Ұлы жүйе құрушылар. 5. Даналық өрісіндегі философтар. 6. Поэзиядағы философтар.

Қазақ дүниетанымының мынадай ерекшеліктерін атап өткен жөн: 1. Қазақ дүниетанымы филос. емес сарындағы даналық тәжірибесіне жатады. 2. Қазақ дүниетанымы табиғатты кие тұтумен сипатталады, оның терең экол. мазмұны бар. 3. Қазақ дүниетанымы көшпелілік менталитетпен тығыз байланысты. 4. Қазақ дүниетанымы онтол. және гнесеол. мәселелерден гөрі этика мен антропологияға көбірек көңіл бөледі. 5. Қазақ дүниетанымында аксиол. мәселелерге, әсіресе, рухани құндылықтарға ерекше назар аударылады. 6. Қазақ дүниетанымы өзінің ғарышпен, әлеммен үндестігі арқылы сипатталады. 7. Филос. мәселелер негізінен экзистенц., дидактик. және прагматик. сипатта қарастырылады. 8. Қазақ дүниетанымында байлықтан, табыстан гөрі ар-намыс, қанағат, тәубе, әділеттілік, т. б. адамгершілік мұраттар жоғары қойылады. 9. Ұжымдық мүдде жеке мүддеден жоғары саналады.

Өзіндік болмыс ұғымына жақын тұрған дүниетанымдық ерекшелік ұғымы, көбінесе салт-дәстүрде, рухани мұра мен адамдардың мінез-құлықтарында басым қолданылады. Бұл ұғым қоғамның сапалық ерекшелігін көрсетуде белсенді түрде көрінеді. Шығыс қоғамының ерекшелігі – тұрақты рухани мұраны әлеум. байлықпен тығыз бірлікте қарастыруында. Ол адам тіршілігін қалыптастыратын дүниетанымдық әмбебаптылық дәрежесінде қолданылады. Сондықтан да шығыс «философемі» дәстүрлі көркемжәнедіниәдебиеттерде шоғырланып, зерттеушілерді дүниетанымдық жүйенің әлеум. қырын қарастыруға, дүниетанымдық бағыттағы мәтіндерді тануға итермелейді. Дүниетанымдық типтердің алмасуы барысында ғыл. еңбектерде мифол., дәстүрлік және жаңашылдық кезеңдер ерекшеленеді. А.Х. Қасымжанов қазақ халқының рухани мәдениетіндегі мынадай кезеңдерді бөліп алады: 1. Мифология. 2. Ренессанс (Қайта өрлеу). 3. Ағартушылық. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы түркі тайпаларының этн. бірігуі тұсында қалыптасқан. Қазақ дүниетанымының дәстүрлі кезеңі түркі номадизмінің мәнін өз бойына неғұрлым толық сіңірген, өйткені ол ХХ ғ-дың басына дейін көшпелі мал ш-н сақтап келді. Ұ. д-дағы дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасы ең алдымен уақытты белгілі бір этнос

өмір сүруінің негізі деп білген түсінікпен байланысты. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында уақыт адамнан бөлінбеген және «уақытты өткізу (немесе өлтіру)» ол үшін мүлдем жат. Дәстүрлі дүниетаным уақыттың сызықтық емес циклдік өлшемін пайдаланады және оның негізіне кәдуілгі табиғи ритмдер жатады. Мыс., қазақтың ай атауларын алсақ: «көкек» – құстардың оралу уақыты, «мамыр» – жаңару кезеңі, «отамалы» – мал барынша тойынады, «қазан» – шөптің таусылуы, «қаңтар» – күннің қысқаруы, қаңтарылуы, т. б. Минут, сағат, секунд сияқты уақыттың сызықтық өлшемдерінің орнына қазақтар «ат шаптырым», «ет асым», «сүт пісірім», «бие сауым», т. б. өлшемдер қолданады.

Көшпелінің дәстүрлі дүниетанымы болмыстың тұлғалық тылсымдық ырғақтарына мән береді. Адам өмірі өткінші жағдайдан «бақи дүниеге» өтпелі кезең ретінде қарастырылады. Бұл өмірде адамға мәңгілікпен жақындасу мүмкіндігі беріледі. Ең басты шарт – «адам болу» (Абай).

Этномәдениет уақытын бағыттарына қарай шартты түрде реликтілік (сақталу) және динамик. (өзгермелі), архаик. (көне), актуалды (өзекті) және футуристік (келешектік) деп бөлуге болады (Л.Н. Гумилев, А. Тойнби). Ұ. д. әр халықтың болмыс формаларымен тығыз байланысты. Өйткені әр халықтың орналасу аймағына, тіршілік салтына, өмір сүру дағдыларына байланысты ортақ мінез-құлық ережелері, жүріс-тұрысы, тыныс-тіршілігі қалыптасады.

**ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ.** Ұ. м. екі ұғымның тұтастануынан көрініс табады. Этнос (грек. тілінде – топ, тайпа, халық деген мағынада) белгілі бір жайда және қоғамдық жағдайда нақты тұрақты болып қалыптасатын халық немесе біртұтас этникалық сана-сезімдегі тұлғалардың, әлеуметтік топтардың, қауымдардың жиынтығы. Ұ.м-тің анықталған белгілері мен ерекшеліктері бар: бір тілде сөйлеу, біртұтас өзіне тән ұлттық экономика, бөлінбейтін, біртұтас территория, ортақ діл, ұлттық психология. Ұ.м. дегеніміз әр халықтың өзінің бүкіл тарихи даму барысында жинақталған материалдық және рухани мәдениетінің қалыптасуы, оның шоғырланған қорытындысы, ғасырлық қазынасы. Ұ.м. құндылықтарына әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер жатады. Олар адамның бір-бірімен қатынас жасауын, ұлттың өмірін, басқалармен қарым-қатынасын реттейді. Отбасы мәдениеті, тіл мәдениеті, ұрпақ тәрбиелеу мәдениеті де ұ.м. құндылықтарында ерекше орын алады. Ұ.м. – ұлттық мінезімен, менталитетімен ерекшеленеді. Ұ-қ мінез сол халықтың тек өзіне ғана тән қасиеттері. Оған жүріс-тұрыс, сөйлеу ерекшеліктері, парықтылығы мен парасаттылығы, өзін-өзі ұстауы, көзқарастары, күлуі, жақсы көруі, жарасуы т. б. жатады.

Тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақ елі алдында ұлттық архетиптерді сақтай отырып, оларды қазіргі әлемдік мәдениет құндылықтарымен үйле-

сімді ету міндеті тұр. Қазақстан үшін бүгінгі жаһандану дәуіріне аяқ басар тұста осы желеумен кіріп жатқан, мәдени төмендеуге ұшырататын көптеген діндік, ділдік ықпалдар шырмауында қалып қою қауіпі бар. Бүгінгі таңда қазақ мәдениеті алдында ұлт дәстүріне негізделген жолмен немесе бұқаралық мәдениет үрдісімен жүру жолын таңдау қажеттілігі өзекті мәселе болып тұр. Қазіргі қазақстандық мәдениетте екі субмәдениет (қазақтілді және орыстілді) бар екендігі белгілі. Бұл типтік айырмашылықты дұрыс қолдану қазақ Ұ. м-інің мүмкіндіктерін арттырады. Өйткені орыстілді субмәдениет Батыс пен Ресей жетістіктерін тиімді қабылдауға икемді болса, төлтума мәдени тип құндылықтар сабақтастығының кепілі болып табылады. ХХІ ғасырда болашағынан үміт күттіретін мәдениет партикулярлық ұстанымдарға сүйенбеуі қажет. Тек ашық, сұхбатқа икемді, басқалармен үйлесімді этномәдениет қана заман талаптарына сай бола алады. ХІХ ғасырда Батыс үстемдік етсе, ХХ ғасыр капитализм мен социализмнің текетіресі түрінде болды, ал ХХІ ғасырда ахуал өзгерейін деп тұр. Әлем сахнасына С. Хантингтон жіктеген басқа да суперөркениеттер шығуы мүмкін. Тоталитарлық мәдениеттен кейінгі Қазақ өркениетінде ұлттық ренессанс идеясы басқа да ТМД елдеріндегідей өзінің күрделілігімен көзге түседі. Көптеген архаистік мәдени бағдарлар (магия, хиромантия, гороскоптар, жалған діндарлық) көрініс тапты, қоғамда жаңа идеялардың аздығынан Ресейден, АҚШ-тан, Еуропадан, Қытайдан, мұсылман елдерінен алынған «дайын үлгілер» көбейіп кетті. Тек өнеркәсіп өнімдері ғана емес, сонымен бірге мәдени идеялар да «импорттан» алынды. Өркениеттік үдерістердің тенденциялары мен мәнісін ашу қашан да ауқымды мәселе болып табылады. Бұл сипатта өзгермелі қоғамдағы жаңашыл мәдени феномендер өз талдауын күтіп отыр. Айталық, ғаламдану үрдісіндегі индивидуалистік бастаулар, дәстүр, жаңашылдық және маргиналдық, мәдени инфрақұрылымдардың үйлесімділігі мен тиімділігі, нарық және мәдениет, виртуалды шындықтағы мәдени өзгерістер, мәтін және оны түсіндіру, симулякр мәселесі т. т.

Ұ.м-тің анықталған белгілері мен ерекшеліктері бар: бір тілде сөйлеу, біртұтас өзіне тән ұлттық экономика, бөлінбейтін, біртұтас территория, ортақ діл, ұлттық психология. Ұ.м. дегеніміз әр халықтың өзінің бүкіл тарихи даму барысында жинақталған материалдық және рухани мәдениетінің қалыптасуы, оның шоғырланған қорытындысы, ғасырлық қазынасы. Ұ.м. құндылықтарына әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер жатады. Олар адамның бір-бірімен қатынас жасауын, ұлттың өмірін, басқалармен қарым-қатынасын реттейді. Отбасы мәдениеті, тіл мәдениеті, ұрпақ тәрбиелеу мәдениеті де ұ.м. құндылықтарында ерекше орын алады. Ұ.м. – ұлттық мінезімен, менталитетімен ерекшеленеді. Ұ-қ мінез сол халықтың тек өзіне ғана тән қасиеттері. Оған жүріс-тұрыс, сөйлеу ерекшеліктері, парықтылығы мен парасаттылығы, өзін-өзі ұстауы, көзқарастары, күлуі, жақсы көруі, жарасуы



т. б. жатады. Мәдениеттердің даму барысында, мәдениеттер сұқбатының күшеюінде әлемдік халықтардан барған сайын мол экономикалық- мәдени, әлеуметтік-саяси, ғылыми-технологиялық ықпалдарды қабылдау нәтижесінде ұлттық мәдениеттерде біркелкілік артады.

**ҰЛТТЫҚ РУХ** – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты. Ұ. р. жалпы ғаламдық рух пен жеке адамдық рухтың дәнекері болғандықтан, кез келген ұлттың, мәдениеттің өкілі өзінің әлемдегі орнын өзіндік ұлттық төлсанасы арқылы бағамдауы заңды құбылыс. Сондықтан жеке адамның таным терезесі ұлттық таным тұрғысынан, әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды игеріп, рухани игіліктерге өз үлесін қосады. Қай халықтың болсын бойында өз табиғатына тән өзге де қайталанбас қасиеттері, мінезі, ділі болуы Ұ. р-пен тікелей байланысты. Көзбен көріп, қолмен ұстайтын зат болмағандықтан, Ұ. р-тың көрініс беруі ұлт өкілдерінің көркем шығарм-нан, халық даналығынан, ғасырлар бойы сабақтастығын үзбеген рухани мұраларынан көрінеді. Әрбір ұлттың өзіне тән Ұ. р-ы бар дегенде, оның өзі жайлы дүниетанымынан, дүниеге көзқарастары мен мінез-құлқынан, мұрат-мақсатынан даму, өзгеру, кейде әлсіреу, яғни үнемі қозғалыс үстіндегі құбылыс екенін аңғарамыз. Ұлт болып ұюдың өзі этностың мекендік және мезгілдік факторларына байланысты болуымен қатар, оның табиғи, тарихи, рухани бітім-болмысы, ұлттық санасы, ділі, мінезі, мәдениеті, әлеум.-саяси мұрат-мүдделерінің қалыптасып, тұлғалануы үздіксіз процесс және Ұ. р-тың түлеп-толысып отыратын өміршеңдігінің көрінісі. Ұ. р-тың буырқана бой көрсетер тұсы бодандық бұғауына қарсылық, тәуелсіздік мұратына ұмтылыс сәті болса, сол кезеңдерде қордаланған көркем рухани мұралардың ерлікке, елдікке үндер күш-қуатының маңызы бұғаудан босанып, болашаққа бет түзеген, баянды бағдарын айқындаған ұлттар үшін де зор. Ұлттың рухани тәжірибесін саралап-салмақтау үшін мол мағлұмат беретін басты байлығы оның сөз өнері. «Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» деп А. Байтұрсынұлы айтқандай, Ұ. р-тың көркем образдар арқылы бедерленуі қазақ әдебиетінен көрінеді.

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ»** - Қазақстанның бірінші Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбегі. Мақалада қазақ халқының ежелгі заманнан бергі рухани мәдениеті мен материалдық мәдениетінің ерекше тұстары баяндалады. I. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 1. Атқа міну мәдениеті. 2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия. 3. Аң стилі. 4. Алтын адам. 5. Түркі әлемінің бесігі. 6. Ұлы Жібек жолы. 7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны. II. Тарихи сананы жаңғырту. 1. Архив – 2025. 2. Ұлы даланың ұлы есімдері. 3. Түркі әлемінің генезисі. 4. Ұлы даланың ежелгі өнері және технологиялар музейі. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 6. Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі.

**ҰЯТ** – этикалық категория. Ұ. адамды қашан да жамандықтардан, әдепсіз қылықтардан тиып, сыпайылыққа, кісілікке, имандылыққа жетелейтін білім мазмұны, моральдық норма. Ұ. моральдық нормаларға сай адамның іс-әрекеттерін бір жағынан шектеп, екінші жағынан белгілі істерге жетелейтін адамға ғана тән моральдық сапаның бірі. Адамның бойындағы адамгершілік, имандылық, инабаттылық, ізеттілік, кісілік, кішіпейілділік, қайырымдылық және т. б. ұяттан деп саналады. Қазақта «Құдайдан ұялмағаннан ұял, құдайдан қорықпағаннан қорық» – дейтін нақыл сөз бар. Мұхаммед пайғамбар: «Ұят – иманнан» – дейді. «Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ» (Абай), «Кімде-кім адамдардан ұялмаса, ол Алла тағаладан да ұялмайды» (Мың бір хадис), «Адамдар алдында ұялу – жақсы сезім, бірақ бәрінен жақсысы – өзіңнен-өзің ұялу» (Л.Н. Толстой),

«Қызара білу, ұяла білу – адам бойындағы ең тамаша адамгершілік қасиет» (Ч. Дарвин), «Ұ. кейде заңдар шектемеген нәрсені шектейді» (Сенека), «Жақсының жаты болмас, жаманның ұяты болмас», «Ұяты бар бет әдемі» (мақалдар), «Ұ. – адамның барлық құштарлықтарының ішіндегі ең тамашасы, махабаттың анасы» (М. Сервантес). Ф. Ницше Ұ-ты жанның қасиеті деп санайды және «жан» құпия, құпия болған жердің бәрінде Ұ. болады деп есептейді.

Ұ. адамның өзінің әлеуметтегі іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімін танытады. Ұ. – адамгершіліктің бір жемісі, сонымен қатар ар-намыстың қосшысы. Ұ-ты іс-қылық намысыңды келтіреді, арыңа тиеді. Ұ. жоқ жерде береке-бірлік жоқ, әдеп-инабаттылық жоқ. Ұ.-тың бір көрінісі – ұялу – адамның өзінің не жақын адамдарының оқыс істері мен жағымсыз қылықтарына байланысты көңіл-күйін білдіруі. Ар-ұятқа қатысты түсініктер – мадақтау, көтермелеу, табалау, күйініш пен сүйініш. Адам бойындағы адамгершілікке тән мұндай қасиет-ерекшеліктер оның әр қилы іс-әрекеттері мен өзге адамдармен қарым-қатынасынан айқын көрініп тұрады.

## Ф

**ФАНАТ**, *фан* (франц. *fanatique*, лат. *fanaticus*) – фанатиктің қазіргі күнделікті қарым-қатынас барысындағы жаңа атауы. Ф. қандай да бір нәрсеге немесе белгілі бір адамға шексіз табынады, беріле сүйеді. Ф-тың түрлері көп: рок группа Ф-ы, спорт клубының Ф-ты және т. б. Бұл термин көбінде жастардың субмәдениетін қарастыру барысында кең пайдаланылады.

**ФАНАТИЗМ** (лат. *fanaticus* – буырқанған, бұлқынған, есінен адасқан) – өзінің ұнатқан қалағанына, өзінің наным-сеніміне, белгілі бір идеяға деген қатты құштарлық, нық сенгендік, таза берілгендік көрсету. Ф-нің теріс жағы – оның басқалардың көзқарасына мән бермей, оларға төзімділік көрсете алмауы.

**ФАТАЛИЗМ** (лат. *fatum* – тағдыр, лат. *fatalis* – қашып құтылмайтын) – антидиалектикалық дүниетанымдық тұжырымдама. Ф-ге сәйкес дүниеде орын алатын барлық құбылыстар мен процесстер алдын-ала белгіленіп қойылған, яғни әлемде тағдыр, жазмыштың бұлтартпас үкімі жүреді. Ендеше

*Философиялық энциклопедиялық сөздік*

бұл әлемде бостандыққа, шығарм.-қа орын қалмайды, бәрі де қажеттіліктің үстемдігіне бағындырылған. Дүниедегі заттар мен құбылыстар, оқиғалар мен жағдайлар реті о баста, алдын-ала белгіленіп «маңдайға жазылып»

қойылған. Ф-нің варианттары көп, бірақ солардың бәріне ортақ нәрсе – орын алып отыратын жағдай қисыны адамға байланысты емес, ендеше оның қолында тұрған жоқ деп қарастырыулы. Теологиялық Ф. тарихтағы оқиғалар мен адам өмірінің қилы жағдайларын құдайдың күдіретімен анықталады деп түсіндіреді.

**ФЕМИНИЗМ** (лат. *femina* – әйел, ұрғашы) – қоғамдағы әйел ролі және құқығын кеңейту, сөйтіп оған ерлермен тепе-тең деңгейдегі жағдайлар жасауды талап ететін қоғамдық қозғалыс және рухани ағым. Ұғымды француз тіліне 1840 жылдар шамасында француз экономист-философы Шарль Фурье өз еңбектері арқылы енгізген. Бұл ұғым екі деңгейде анықтауды қажет етеді, өйткені Ф., бір жағынан, әйелдердің өз құқық, бас бостандықтарын қорғау үшін бастаған қоғамдық қозғалысы, екінші жағынан, әйелдің қоғамдағы орнын анықтайтын әлеумет.-философиялық, социологиялық, психологиялық, мәдениеттанулық ілімдер жиынтығы. Ф-нің тарихына көз жүгіртер болсақ, онда Ф-нің бастауында әйелдерге сайлау құқығын беруді талап еткен ХХ ғасырдың басындағы суфражизм қозғалысының тұрғандығын көреміз. ХХ ғасырдың басында пайда болған бұл қозғалыс өз мақсаттарына жеткеннен кейін біраз уақыт Ф. мәселесі қойылмады десе де болады. Бірақ ХХ ғасырдың ортасынан бастап, әсіресе 70-ші жылдарда Ф. қозғалысының «екінші толқыны» пайда болды. Соның нәтижесінде түрлі ұйымдар мен партиялар дүниеге келді. Ф-нің бастапқы сатыларында әйелдер жыныстар теңдігін заң тұрғысынан, азаматтық мәртебе тұрғысынан қарастырса, қазірде әйелдер эмансипациясының идеологтары кең мәдени-әлеуметтік талқылаулар нәтижесінде әйелді қанау мен қорлаудың терең әлеуметтік-мәдени тамырларын ашып отыр. Ф. идеологтарының лидерлері – алдыңғы қатардағы жол бастаушылары бүкіл батыс мәдениетінің патриархалды, маскулиндік (еркектік) қасиетін анық көрсете білді. Олардың айтуынша, маскулиндік дәстүрлі мәдениетте шынайы адами қасиеттер тек еркектік ізгіліктермен теңдестіріледі де әйел баласы тек тән (нәпсімен) және оның қызметтерімен (нәпсіқұмарлық, ұрпақ жалғастырушылық) ғана танылады. Қоғамның барлық жақтарының қарама-қайшылықтары еркектіліктің (маскулиндіктің) ақылмен, парасатпен, қисынмен, мәдени шығармашылықпен, ал әйелдіктің (феминдіктің) табиғи бастамамен, иррационалдықпен, сезіммен, қирату, бұзып-жоюмен байланыстырылуынан туындайды. Соның нәтижесінде әйел мен еркектің түрлі гендерлік (жыныстық) рөлдері туралы көзқарас қалыптасады. Билік рәмізі – фаллос (еркек жынысының мүшелік ерекшелігі) қоғамдық санада орнығып, тек саяси сахна ғана емес, бүкіл мәдениетте фаллоцентристік принципке бағынады. Қазіргі Ф-де жыныстар қарым-қатынасы мәселесі биліктік қатынас түрі ретінде қарастырылады. Адамзаттың бір бөлігі ғана,

яғни еркектер билікті уысына жиып, мәдениет нормалары мен мән-мағыналарын қағидалау еркіне ие болғандықтан еркектер өз бастарының мүдделерін бүкіл адамзат мүддесі ретінде көрсетеді. Сондықтан жыныстар тепеңдігін қамтамасыз ету үшін бүкіл мәдени құрылым негіздерін өзгерту керек деп түсіндіреді замандас феминистер. Ф. теориясын жасауға барынша ат салысқан ғалымдар: М. Фуко, Ю. Кристева, Ж. Бодрийар, Ж. Деррида, Ж. Делез, Ф. Гваттари, Ф. Соллерс т. б..

**ФЕНОМЕНОЛОГИЯ** – XX ғасыр философиясының ықпалды бағыты. Ф-ның тура мағынасы құбылыстарды суреттеу, немесе зерттеу. Ф. классикалық бағытқа айналуы Э. Гуссерльдің есіміне байланысты. Ф. ұстанымдары бойынша, әлем дегеніміз әлемнің санада құбылуы. Зерттеушінің назары әлемге емес, әлемдегі заттарға емес, соларды ұғынудағы сананың әрекетіне аударылуға тиіс. Әлемнің санада құбылуы феномен деп аталады. Болмыс оның санадағы құбылуы ретінде алынғанда ғана біз нағыз танымға, таза ақиқатқа жетеміз. Сананың басты сипаты ретінде Ф. интенция саналады. Интенция дегеніміз сананың затқа бағытталуы. Егер жоғарыда санадан тыс болмыс жоқ десек, іс жүзінде таза сананың болуы да мүмкін емес. Сана тек бір нәрсе жөніндегі сана ретінде тірлік етеді. Заттың санада берілуі емес, сананың затты қабылдау нұсқасы қымбат. Міне, осыны түсінгенде ғана Ф-лық редукция жасалады. Ондай жағдайда өзге әлемнің бәрі жақшаға шығарылып, зерттеуші оның санадағы бейнесімен ғана қалады. Осы бейнені зерделеу барысы интенционалдық талдау деп аталады. Мұндай талдаудың негізінде бір жағынан белгілі мағынасы бар сананың объектісі бөлінсе, екінші жағынан, құбылудың өзгермелі тәсілі, сананың өзгермелі нұсқалары дараланады. Бұл бір біріне тәуелді құбылыстарды Гуссерль ноэзис және ноэма деп атайды. Ноэзис – сананың интенционалды нұсқасы, ноэма – санаға өзгеріс енгізетін оның нақты мағынасы. Сөйтіп, Ф-лық редукция арқылы сананың ноэтикалық және ноэматикалық құрылымын суреттеуге болады. Ф. маңызды ұғымдарының бірі интерсубъектілік. Гуссерль Ф-лық редукцияны үш түрге бөлген: психологиялық, эйдетикалық, трансценденталды. Осыған байланысты Ф. зерттеудің үш дәрежесі бар: дескриптивтік, эйдетикалық және трансценденталды Ф. психологиялық редукция психикалық тәжірибенің таза нәтижелеріне арналған. Ф. редукцияның бұл сатысында зерттеуші тәжірибе шеңберінде қалады. Эйдетикалық редукция жасалғанда феномендердің тәжірибеден тыс таза мағынасы зерделенеді. Бұл тәсіл қиялдың еркін нұсқалары деп аталады. Трансценденталды редукцияда субъекті мен объект бір біріне кірігіп, жаңа мағына жасайды. Шығарм.-ның соңғы кезеңінде Гуссерль өмірлік әлем ұғымын енгізеді. Өмірлік әлем трансценденталды субъектіліктің жемісі. Әрбір тұлғаны қоршаған орта қалыптастырса, жеке субъектіні тану аз, оны өмірлік әлемімен бірге тұтас зерделегеніміз жөн.

**ФЕТИШИЗМ** (франц. *fetich* – тұмар, қасиетті күш бар зат) – көбінде алғашқы қауымдық құрылыс, архаикалық мәдениетіне тән жансыз заттарға қасиетті деп табыну. Фетиштер арқылы рухани киелі күштер әрекет етеді, қамқорлық көрсетіп, қорғап қоршайды деген түсінік алғашқы адамзаттың мифологиялық-синкреттік санасына сай туындаған болатын Ф. ретінде әрбір затты қарастыруға болады, тек ол үшін сол затқа өзіндік қуат-күш берілсе болғаны. Егер затқа адамша сөйлеп, жалбарынып, табынып, одан бірдеңе сұрап қатынасқа түсетін болса, онда біздің көз алдымызда Ф. тұр деп білуіміз керек. Фетиштер адамзаттың «балалық шағының» бір көрінісі, өйткені қоршаған ортаның көп қыр-сырын түсіне білмеген алғашқы аталарымыз үшін табиғатта, өмірде кездесетін заттардың өзіне де ай-рықша сиқырлы ғажайып күш телінген. Сөйтіп, соқыр сенім объектісі – фетиштер арқылы адам табиғат күштеріне билік етіп, оларды адамдардың айтқанына көндіруге болады деп түсінген. Ф. Батыс Африкада бүгінгі күнге дейін жақсы сақталып қалған. Ал енді Ф. элементтерін бүкіл дүние жүзіндегі мәдениеттерден кездестіруге болады. Мыс., әлемдік діндердегі – Иконаларға табыну (христиан діні), қасиетті «баспалдақтарға» сыйыну (буддизм), «қара тасқа» ғажайып күш ретінде қарау (мұсылмандық); өмірде – капитал өз-өзінен, еңбекке байланыссыз өседі, байлық байлықты өзіне тартады деп ақшаға, алтынға бас ұрушылық түрлері; өкімет күдіретіне, саяси мекемелерге, идеологиялық ұрандарға мойынсыну т. б. – фетишизмнің түрлі көріністері.

**Әдебиет:** Тайлор Э. *Первобытная культура.* – М., 1990; Фальк-Ренне А. *Путешествие в каменный век.* – М., 1985; Семенов Ю.И. *Как возникло человечество.* – М., 1966; *Введение в культурологию* (под.ред. Е.В. Попова). – М., 1996.

**ФИЛОСОФИЯ** – (грек. *philo* – сүйемін, *sophia* – даналық; тікелей мағынасы – даналықты сүйу) – әлемнің, дүниенің, қоғамның және ойлау жүйесінің ортақ заңдылықтары туралы ғылым. Ф-лық ой дамуы адамзат қоғамының қай кезеңінде де болған. Әсіресе, көне Шығыс өркениеттерінде. Бірақ дін мен мифологиядан өзгеше дүниетаным ретінде ол Ежелгі Грекияда қалыптасты. Ф. адамның қоршаған дүниеге қатынасының жалпы формалары мен заңдылықтарын зерттейтін ілім. Ф. қоғамның экон. қатынастарынан туындайды және қоғамдық сана формаларының бірі. Ф-ның негізгі мәселесі – сананың материяға, ойлаудың болмысқа қатынасы. Осы тұрғыдан Ф. адам проблемасын зерттейтін адамзат мәдениетінің ерекше саласы. Бүкіл филос. жүйелер қай тұрғыда болмасын адам болмысының оның ойлауына қатынасы туралы мәселеге келіп тіреледі. Ф. термині алғаш Пифагордың еңбектерінде пайдаланылған, ал айрықша білім саласы ретінде Ф-ны Платон енгізді. Ф. құл иеленушілік қоғамда дүниеге келді. Ол кезеңде

Ф. адамның объективтік дүние және өзі туралы түсініктерінің жиынтығын құрайтын ілім. Бұл жағдай, антика заманындағы білім деңгейінің төмен екендігін көрсетеді. Қоғамдық практикаға ғыл. білімдерінің көбеюіне байланысты жеке ғылымдар философиядан бөліне бастады. Ф-ның сана формасында пайда болуы белгілі бір қажеттіліктерге байланысты туындайды. Біріншіден, дүниені білу үшін ең алдымен ол туралы жалпы көзқарас болуы қажет. Екіншіден, дүниені тереңдей тану үшін ол туралы дұрыс, рационалды ойлау әдісі, логика және дүниетаным теориясы қалыптасуы керек. Міне, осы қажеттіліктердің нәтижесінде Ф-ның ойлаудың болмысқа қатынасы туралы мәселесі алдыңғы қатарға шықты, ал оның шешімі таным логикасының негізінде жатты. Ф. көптеген салалардан тұрады. Мыс., онтология, гносеология (таным теориясы), логика, методология, этика, эстетика, психология, социология, философия тарихы.

**ФИХТЕ Иоганн Готлиб** (1762–1814) – Канттан кейінгі классикалық неміс философиясының өкілі. Дін мен философияны Иена мен Лейпцигте зерттеді. Иена және Берлин ун-ттерінің проф-ры Ф. сөзловиелік артықшылықты сынады, феод. бытыраңқылықты жойып Германияның бірігуін аңсады. Ол «практикалық» философияның – мораль мен мемл. құқылық құрылысты негіздеу мәселелердің мәнін атап өтті, бірақ «практиканы» тек моральдық сананың әрекеті деп санады. Ғыл. жолдармен жасалған теориялық жүйені, яғни ғылым туралы ғылымды «практикалық» философияның алғышарты деп есептеді. Ф-нің (1794) «ғылым туралы ілімінің» негізінде субъективтік идеализм теориясы жатыр. Ф. «өзіндік заттар» жөніндегі И. Кант тұжырымдамасын ескермей, танымның алуан түрлі формаларын субъективтік-идеалистік бір бастамадан шығармақшы болды. Оның пікірінше ол бастама: дүниені жаратушы әрекет иесі қандай да бір абсолютті субъект болып табылады. Ф-нің «Мені», жеке адамның «Мені» емес, Спиноза субстанциясын ұқсайтын субстанция да емес, адамзат санасының шексіз моральдық белсенді іс-әрекеті. Осы «Мен» деген мистикалық бастамада Ф. жеке «Менді» жасады. Жеке «мен» деп ол абсолютті емес, шектелген субъект мен жеке адамды немесе эмпирикалық «Менді» оған қарсы тұрған эмпирикалық табиғатты түсінеді. Ф. ақиқатты тікелей пайымдау арқылы қабылдайтын ақылды, яғни «интеллект туалды интуицияны» саналы таным органы деп мойындады. Ф. үшін басты мәселе – бостандық мәселесі. Ол еркіндікті себепсіз акт емес, қажеттілікті түсінуден туған әрекет деп түсінеді.

**ФЛОРЕНСКИЙ П.** (1882–1937) – орыс философы. 1904 ж. Мәскеу ун-нің физико-математика ф-ін, 1908 ж. Мәскеу рухани академиясын бітірген Ф. 1911–17 жж. арасында философия тарихынан дәріс оқыды. 1917 ж-дан

кейін жаратылыстану, техника, өнертану салаларында жұмыс істеп жүрген Ф-ді 1933 ж. кеңес өкіметі негізсіз репрессиялаған болатын. Ф. өзінің филос.-шығарм. жолын Вл. Соловьев, С. Булгаков, Е. Трубецкойлардың артын ала софиологиядан бастаған. Ал орыс софиологиясының негізгі идеясы – «жаппай тұтастық» (всеединство) идеясы. Ф-дің ойшыл ретіндегі өзіне тән ерекшеліктері мынадай: платонизмді, антикалық грек руханиятын алға ұстау; өзінің діни-философиялық тезистерін нақты ғылыми дәлелдемелер арқылы толықтыру; қазіргі жаратылыстану ғылымдарының идеялары мен тәсілдерін діни дүниетаныммен ұштастыруға деген талпыныс. Ф-дің көптеген идеялары кейініректе символизмнің, семиотиканың қалыптасуына ықпал етті. Ф-дің ізденістері Вяч. Иванов, А.Ф. Лосев, К. Юнг, Э. Кассирердің рәміз туралы түсініктеріне жақын. Ф. лингвистика, икона метафизикасы, өнертану, математика, эксперименталды және теоретикалық физика салаларында ізденістің бірыңғай тәсілдемелік негізін қалыптастыруға тырысты. Сөйтіп алғашқылардың бірі болып белгілер жүйесінің ортақ теориясын дайындауға ат салысты. Мәдениет философиясында Ф. эволюционистік көзқарастардан бас тартты. Ол мәдениетті бір мезгілде бір кеңістікте орын алып отырған процесс деп түсінбейді. Әрбір мәдениеттің тек өзіне ғана тән өмір сүру ырғағы, түр өзгеріске ұшырайтын төңкеріліс кезеңдері бар деп таныды. Өз шығармаларында Ф. орта ғасырлар мен Қайта Өрлеу мәдениетіне көп тоқталады. Ф-дің айтуы бойынша, Еуропаның ренессанстық мәдениеті өзінің өмір сүруін тек XX ғ-дың басында ғана тоқтатты. Сондықтан да қазір жаңа мәдениет типінің қалыптасу процесі жүріп жатыр дейді Ф. Ф. мәдениетті алғашқы, өз өзіне жеткілікті құндылық деп қарастырмайды, ол үшін ең жоғары құндылық – дін, діни табынушылық. Ф-дің қол астынан өнертану, мәдениеттану мәселелеріне арналған көптеген шығармалар, мақалалар туындады. Мыс., «Культ, религия, культура» (1917); «Троица-Сергиева Лавра в России» (1921); «Иконостас» (1924).

**Шығ.:** Флоренский П.А. *Собрание сочинений. Статьи по искусству. Т. 1. – М., 1985.*

**ФОЛЬКЛОР** (лат. *Folk* – халық *lore* – ілім, ғылым) – халық арасында кең таралған, белгілі әрі халықтың өзі туындатқан шығармалар (аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, билер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер және т. б.). Ф. ұғымын ғылыми айналымға ағылшын археологы Джон Томс енгізген болатын. Ф. деп халықтық мәдениеттің шығармалар жиынтығын айтады.

**ФОРМАЛИЗМ** (франц. *formalisme* – лат. *formalis* – форма, пішінге қатынасты) – шығарманың пішініне артық мән бергенсіп, мазмұнды мансұқ ететін ағым. Ф. «таза форманы ғана құнды көркем элемент» деп қарастырудан



көрінеді, яғни көркемдік форманы мазмұннан бөліп алады. Ф. нышаны ХІХ ғ-да байқалып, ХХ ғ-да кеңінен тарады. Ф-нің түр көрністеріне: футуризм, кубизм, абстракционизм, сюрреализм, фовизм, ташизм, экспрессионизмді т. б. жатқызуға болады. Бұлардың барлығына ортақ принцип – өнерде адамгершіліктен, саясаттан тәуелсіз, өмір шындығынан арылған «таза» эстетикалық шығармалар жасау. ХХ ғ-дың 20-жылдары Ресейде Ф. бағыты эстетикада, өнертануда кеңінен қылаң бере бастады. Тікелей генетикалық байланысы көрінбесе де орыс формализмі жалпыеуропалық Ф-нің бір бұтағы болатын. Ресейде Ф. формальдық мектеп деген ортақ атпен белгілі. Формальдық мектеп әдебиеттануды дүниежүзілік деңгейге көтерді, сөйтіп прагалық құрылымдық лингвистиканы, тарту – мәскеулік құрылымдық поэтиканы және жалпы еуропалық структурализмді даярлады. Формальдық мектептің рухани бастаушысы Виктор Шкловский болды. Формальдық мектептің тарихы В. Шкловскийдің «Сөздің қайта тірілуі» деген 1914 ж. жарық көрген мақаласынан басталады да, сол автордың 1930 ж. жарияланған «Бір ғылыми қателікке ескерткіш» деген мақаласымен бітеді. Орыс Ф-і өнер теориясында ОПОЯЗ (поэтикалық тілді зерттеу қоғамы), МПК (Мәскеу лингвистикалық үйірмесі) арқылы, ал іс жүзінде – абстракционизм, футуризм болып көрінеді. ОПОЯЗ мүшелерінің (Е.Д. Поливанов, Л.П. Якубинский, О.М. Брик, Б.М. Эйхенбаум, Ю.Н. Тынянов) ұстанған позициясы бойынша, өнер тарихы көркемдік форманың имманентті дамуының нәтижесі болып табылады да, ал мазмұн көркем туындыға еш қатынасы жоқ сыртқы категория болып қала береді. Ф. үйреншікті «мазмұн» және «бітім», «форма» дихотомиясын «материал» және «айла-әрекетпен» алмастырды. Өнертануда көркемдік бітім қандай да болмасын материал бітімі ретінде танылды. Мұндай көзқарастар үшін эстетикалық қызметтің мәні адамға, қоғамдық қарым-қатынасқа, этикаға, дінге т. б. құндылықтарға немқұрайлы материалды қарастыруда болып табылады. Сондықтан да бұл бағытты кейде материалдық эстетика бағыты деп те атайтын. Ф-нің өкілдері «стиль» ұғымын өте көп пайдаланады. Олар жалпы өнердің даму тарихын тікелей «стильдер тарихына» теңестіруді де қояды. Формалистер үшін стиль дегеніміз мазмұннан тысқары жатқан бітім қалыптастырушы принцип.

**Әдебиет: Шкловский В. О теории прозы. – Л., 1925; Тынянов Ю. Поэтика. История литературы. Кино. – М., 1977; Хрестоматия по теоретическому литературоведению. Тарту, 1976.**

**ФРАНК С.Л.** (1877–1950) – орыс діни философы және психологы. 1922 ж. эмиграцияланған. Оның философиялық жолы «заңды марксизмнен» діни идеализмге, экзистенциализм мен феноменологияға дейін созылып жатыр. Ф-тың философиясының негізгі тақырыбы – рационалды ойды діни сеніммен ұштастыру; адам және оның өмірінің мәні. Ф. мәдениет

мәселелерін де ықыласпен зерттеген. Сол кездегі Еуропа мәдениетінің жай-күйін талқылай келе Ф. жұбанышсыз тұжырымға келеді. Оның айтуынша ғылым мен мәдениеттің прогрессіне деген сенім түгелдей жойылды, мәдениеттің ескі құндылықтары ешкімді өзіне тартпайды. Ф. социализмді көп сынға алды.

**Шығ.:** Франк Л.С. *Философия и жизнь*. – СПб, 1910; Франк Л.С. *Душа человека*. – М., 1917; Медведев П.Н. *Формальный метод в литературоведении*. – Л., 1928.

**ФРОММ Эрих** (1900–1980) – неміс-американдық философ, неотрей-дизмнің («мәдени психоталдаудың») негізін қалаушылардың бірі, әлеум. философияның франкфурттық мектебінің көрнекті өкілі. Ф. қоғам дамуындағы психол. және әлеум. факторлардың өзара байланысын анықтауға талпыныс жасаған. Ф-ның қалыптасуына Г. Маркузе, Т. Адорноның әлеум. философиясының, З. Фрейдтік психоталдаудың ықпалы зор болды. Өз еңбектерінде Ф. капитализмнің марксистік тұрғыдан сыналуын экзистенциализм, философиялық антропология және психоталдаумен ұштастыра білген. Ф-ның синтездік тәсілі, өткір тілі, анық ойы және де қоғамдағы өзекті мәселелерді орынды қоя білуі оны 60-шы жылдары бүкіл зиялылардың кумирі қылды. Оның шығармаларының атауларының өзі («Еркіндіктен безіну», «Адам деген адам», «Сау қоғам», «Үміт революциясы», «Махаббат өнері», «Иемдену әлде болу» және т. б.) Ф-ның публистикалық, саяси-этикалық бағыт-бағдарлы философиясынан хабардар етеді. Ф. барлық шығармаларын батыс өркениетінің дағдарысынан бастайды. Техникалық тұрғыдан өте қуатты, бірақ рухани кемтар күйге түскен батыс өзін-өзі жою жолында тұр дегенді айтады Ф. Ф. өз шығарм-нда үнемі ХХ ғасырдың екі ұлы тұлғалары – Маркс, Фрейдпен сұхбат жүргізіп отырады, себебі оларды рухани әлемде төңкеріс жасаған ерен ойшылдар деп таниды. Ф.-ның мәдениеттанушылық және антропологиялық ізденістерінің орталық нүктесі – экзистенциалдық (өмірлік) қажеттіліктер туралы ілім. Экзистенциалдық, яғни өмірлік мәні бар қажеттіліктердің бар саны – бесеу, оларға: қарым-қатынасқа түсу, трансценденциялау, тамыр жою, өзіндік лайықтылық пен бағыт-бағдар жүйесіне деген қажеттіліктер жатады. Осы аталған қажеттіліктерді «шынайы», яғни адам табиғатына сай жолмен қамтамасыз етуге де болады және невротикалық, ауру, «жалған» әдіспен де қамтамасыз етуге болады. Адам болмысының «шынайы» және «жалған» деп бөлінуіне Ф. сау және ауру, биофильді және некрофильді, гуманистік және авторитарлық, «болмыс» және «иемдену» сынды қарама-қайшылық модустарын лайық деп санайды. Нормадағы, сау өмір салтын ұстанған адам, яғни «шынайы» болмыс ақыл еркіндігін әлемге ашықтықты, басқалардың қайғысы мен қуанышына ортақтастықты, өзіне және басқаға деген сүйіспеншілікті

танытады. Ал «жалған» болмыс немесе невротикалық өмір салты өмірге деген шекті көзқарастарды, өзінің іс-әрекетінің шынайы себептерін көре білмеуді, соқыр сезім мен жан толқыныстарының ырқында кетуді білдіреді. Ф-ның түсінуінше, адам қажеттіліктерінің ең негізгісі – қарым-қатынасқа деген талпыныс. Бірақ шынайы қарым-қатынасқа түсу – оңай жұмыс емес, сондықтан да көпшілік шынайы қарым-қатынас орнына ресми, жасанды әрекеттерді қояды. Мыс., махаббаттың орнын секс, есірткі т. б. жабады. Ал Ф-ның айтуы бойынша ең дөрекі және патологиялық қарым-қатынас түрі – «садомазохизм», яғни не өктемдік көрсету арқылы, не бағыныштылық арқылы байланысқа түсу. Екінші экзистенциалдық қажеттіліктің – трансценденцияның көзін адам табиғатының өзінен іздеу керек, өйткені адам өзінің өмірінің мәні мен мағынасын бұл жалғаннан тысқары әлемінен, рух әлемнен, тарихтан, мәдениеттен табады. Адам ешқашан өзі өмір сүріп отырған кеңістік-уақыт аясымен шектелмейді. Ф-ның айтуынша, адамның шынайы трансценденциясы мәдени шығармашылықта ғана, яғни әлемді ақиқат, ізгілік және сұлулық тұрғысынан өзгертуде ғана жүзеге асады. Мәдени шығармашылыққа мүмкіншілік жоқ болған жағдайда адамның шығармашылық импульстері сыртқа шыға алмай қалады, сөйтіп күйрету, бұзу – вандализм, қылмыс импульсына айналады. Үшінші қажеттілік түрі – тамырын тереңге жаю, адамның өзін белгілі бір қауымдастықтың – отбасы, ұлт, халық өкілі деп тану қажеттілігі. Тарихи даму барысында адам қауымдастығының түрлері өзгеріп тұрады. Соған байланысты адам өзінің әлеуметтік және рухани тамырларынан айырылуды қиынсанды. Сондай жағдайларда көне архаикалық тайпалық сезімдердің өркениеттілік санасына фашизм немесе коммунизм, расизм немесе ұлтшылдық түрінде енбеуін қадағалау керек. Өзіндік идентификация сынды келесі қажеттілік адамның өзін сыртқы объектімен, басқа біреумен теңдестіруінен туындайды. О баста адамдар өзін тотеммен, өлген аруақпен, патшамен, құдаймен және т. б. теңдестірген. Идентификация процесі өмір бойы жүріп отыратын процесстердің бірі. Мыс., ғашық жан әлемге сүйіктісінің көзімен қарайды. Сау идентификация адамның өзін ұмытпауын, өзіндік Менінен айырылмауын талап етеді. Өзінді Цезарь не Наполеонға ұқсасам деп армандап, соларға еліктеуге болады, бірақ есі түзу адам ешқашан өзін Цезарь, Наполеонмын деп танымайды. Идеалмен идентификациялау тұлғаның рухани жетілуінің бір баспалдағы болып табылады. Бесінші қажеттілік құндылық бағыт-бағдар мен табыну, пір тұту объектісіне қатысты дүниелер. Ф. оны діни қажеттілік деп те атайды. Діндердің өзін Ф. гуманистік және авторитарлық деп бөліп қарастырады. Кальвинизм, фашизм, коммунизмді Ф. авторитарлық діндер деп біледі. Ал гуманитарлық діндерге буддизм, даосизм, Иисус ілімін, Сократ, Спинозаның этикалық көзқарастарын жатқызады. Дін деп Ф. өмірлік бағыт-бағдар беріп, табыну объектісін танытатын көзқарастар

жүйесін айтады. Ф-ның ұғынуы бойынша, діннің түрі мәдениет пен қоғам түрімен анықталады. Демократиялық еркін қоғамда гуманистік діни сана қалыптасып, монархиялық, деспотиялық басқару типінде авторитарлық діндерге жол ашылады. Гуманистік діндердің белгілері: өмірді шешуді талап ететін жұмбақ мәселе, Талап деп тану; өзін-өзі жетілдіруге талпыну; адамды құндылықтар жүйесінің негізі деп қарастыру; әлемге ашықтық және барлық тіршілікке қатынастылық; эгоизм, ашкөздіктен босану; еркін тану; үміт, қайсарлық, аяушылық сезімін қалыптастыру. Ендеше Ф. үшін құдай адамшылық, ізгілік символы болып табылады. Ал адамның болмыс тиянақтылығын аңсауы Құдайды, дінді қажетсінуі арқылы көрініс табады. Рухани мәдениетті синтездеу тақырыбы – Ф. Философиясының ерекшелігі.

**Шығ.: Фромм Э. Психоанализ и этика. – М., 1993; Фромм Э. Душа человека. – М., 1992; Фромм Э. Иметь или быть. – М., 1991; Фромм Э. Адам кой ма, қасқыр ма? // Әлеуметтік философия. Хрестоматия. – А., 1997.**

**ФУКО М.** (1926–1984) – француз философы, мәдениет тарихшысы, француз структурализмінің көрнекті өкілі. Ф-ның шығарм.-нда үш негізгі кезең айқын жіктелінген: 60-шы жылдардағы «білім археологиясы», 70-ші жылдардағы «билік тамыры (генеалогиясы)», 80-ші жылдардағы «тіршілік ету эстетикасы». «Білім археологиясына» сай кезеңде Ф. өзінің жұртқа көп танымал еңбектерін: «Клиниканың пайда болуы. Дәрігер көзқарасының археологиясы» (1963), «Сөздер мен заттар: гуманитарлық ғылымдар археологиясы» (1966), «Білім археологиясын» (1966) жазып шықты. Бұл кезеңдегі Ф. зерттеулерінің басты мақсаты – мәдениеттің белгілі бір салаларының, таным түрлерінің тарихи өзгермелі алғышарттарын зерттейтін өзіндік пәнді құрастыру. Аталған алғышарттар өзі қалыптасқан мәдени дәстүрдегі семиотикалық қарым-қатынас түрінің ерекшелігіне байланысты, яғни сол кезеңнің «сөздері» мен «заттарының» ара қатынасына тәуелді түрде пайда болады. Ф. «сөздер» мен «заттар» қарым-қатынасының (эпистеманы) – таным көкжиегінің бірін-бірі ауыстырып отыратын үш: қайта өрлеу дәуірлік, классикалық рационалистік және қазіргі замандық түрін ажыратады. Қайта өрлеу дәуіріндегі сөз немесе тіл көп заттардың ішіндегі бір зат есебінде қарастырылды; классик. рационализм тұсында тіл адам ойын жеткізетін құрал ретінде алынды; қазіргі эпистемада тіл шындықты құрастырушы өзіндік тәуелсіз күш деп саналады. «Білім археологиясы» медицина, оның ішінде психиатрия, биология, гуманист. ғылымдардың тарихи алғышарттарын анықтайды. Ф-ның шығарм. жолының екінші кезеңіне «Бақылау және жазалау» (1975), «Білімге деген талпыныс» («Сексуалдылық тарихының» 1-ші томы, 1976) еңбектері сай келеді. Бұл кезең барысында Ф.- ны билік мәселесі, белгілі бір әлеуметтік институттардың қызмет етуінің алғышарттары қызықтырады. Ф. билік – білім комплексін талдап, биліктің

адамның танымдық көзқарасына тигізетін әсерін көрсетеді. Ф. бойынша билік түрі нақты шындықты, таным объектісін және оны аңғару «рәсімін» құрайды. Билік – білім ара қатынасы тарихи түрлі кезеңдерде түрліше болып келеді. Қазіргі замандағы билік – білім «диспозициясы» Ағартушылық дәуірінен ХІХ ғ-ға өту шамасында қалыптасқан болатын деп түсіндіреді Ф. біздің уақытымыздағы биліктің басты ерекшелігі оның бір адам бойында жинақталмағандығы (мыс., монархиямен салыстырғанда), бір орталық танбағаны. Бұл билікке «бәрін бәрінің бақылауында ұстауы» («паноптизм»), тәріп және катал қағидалық тән. Нәтижесінде бұл билікке индивидтерді басқарудың өзіндік стратегиясы, оларды қадағалаудың, жекешелеудің өзіндік процедурасы, жөн-жосығы сай келеді. Айтылғандардың анық айғағы ретінде түрме сынды әлеуметтік институтты алып қарастырады М. Фуко. Биліктік қарым-қатынас қоғамның өне бойын түгелімен қамтымай тұра алмайды: оны мектептен де, казармадан да, дәрігер бөлмесі мен жанұя, от басынан да көреміз. Ф-ның 1980-ші жылдардағы шығармалары – «Ләззат алу жолдары», «Өзіңе деген қамқорлық» («Сексуалдылық тарихының» 2, 3 томдары) моральдық субъектінің «еркін» іс-әрекеттерінің түрлерін және мүмкіншіліктерін қарастырады. Бұл тұста Ф. адам құмарлықтарын, тілек-талаптарын талдайды.

**Шығ.: Фуко М. Слова и вещи. Археология гуманитарных наук. – М., 1977; Фуко М. Археология знания. – Киев, 1996; Фуко М. Воля к истине: По ту сторону власти и сексуальности. Работы разных лет. – М., 1996; Фуко М. История безумия в классическую эпоху. – СПб, 1998; Фуко М. Забота о себе. – Киев, 1998.**

**ФУТУРОЛОГИЯ** (лат. *futurum* – болашақ, грек. *logos* – білім) – адамзаттың болашағы туралы мағлұмат беретін білім саласы. Бұл терминді 1943 ж. неміс социологы О. Флехтхейм ұсынған болатын. Оның ойынша Ф. – «болашақ философиясы». Содан бастап Ф. – болашақты болжайтын ғылым ретінде қарастырылып келеді. 60-шы жылдардағы «постиндустриалдық қоғам» теориясы (Д. Белл, Р. Арон. Б. де Жувенель) – Ф.-ның жаңа көрінісі.

**Әдебиет: Гвишиани Д.М., Лисичкин В.А. Прогностика. – М., 1968; Бестужев-Лада И.В. социальное прогнозирование. – М., 1969; Футурология // Философский энциклопедический словарь. – М., 1989; Будущее человеческого общества. – М., 1971.**

**Х**

**ХАБЕРМАС Ю.** (1929 ж. туған) – неміс философы,

әлеуметтанушысы, мәдениеттанушы. Х. әлемге белгілі әлеуметтанушы-философтар Хоркхаймер мен Адорноның ізбасары ретінде, франкфурт мектебінің теориясын сыни тұрғыдан қайта қарастырған «екінші толқын» өкілі ретінде белгілі ғалым. Х. көзқарасы бойынша әлемдегі дағдарыстар мәдени-әлеуметтік сипатқа ие, сондықтан да қандай да болмасын экономикалық, саяси құбылыстың түк-

пірінен мәдени факторларды таба білген жөн. Қазіргі мәдени-әлеуметтік жүйеде мотивация, рационалдылық және легитимация дағдарысы бар деп ұғынған Х. әсіресе солардың соңғысы (легитимация дағдарысы) туралы көп ойланады, өйткені заңдылық және құқық – мәдениеттің маңызды бөліктері болып табылады. Ол дағдарысқа кез болған қоғамды тек рухани мәдениет, өнер тұрғысынан қайта жандандыруға болады деп есептейді. Х. ілімінің маңызды элементі – коммуникативті іс-әрекет теориясы. Х. адам іс-әрекетінің қос түрін көрсетеді: коммуникативтік және стратегиялық. Стратегиялық іс-әрекеттің мәні оның белгілі бір мақсат-мүддені көздейтіндігінде, соған қызығушылығында. Алға қойған мақсатқа жету барысында адамдар бір-бірін қайткен күнде де – мейлі саналы түрде, мейлі бейсаналы күйде алдап-арбауға бейім тұрады. Стратегиялық іс-әрекет типі әлеуметтік бірлесу (интеграция) тұрғысынан алып қарағанда жат- сынуға, индивидтің ұжымға лайықтылық қасиеттерін жоғалтуына әке-леді; мәдениет саласында – мән-мағынадан айырылуға, құндылықтық бағыт-бағдардан жұрдай болуға; тұлға деңгейінде – салт-дәстүрден қол үзіп, әртүрлі психопатологиялық процесстерге душар болуға бастайды. Керісінше, осы айтылған зұлматтардың барлығын болдырмайтын іс-әрекет типі – коммуникация, қарым-қатынас, сұхбатқа негізделген іс-әрекет. Сұхбаттық, коммуникациялық іс-әрекет типі реттелген нормативтік-құқықтық органы, заңға негізделген өзара қарым-қатынас әлемін, тұлғаны жетілдіретін, дамытатын рухани кеңістікті даярлайды. Шынайы бірлесудің (интеграцияның) тек қана сұхбаттық дискурсте мүмкін екендігін көрсеткен Ю. Хабермас философиялық, жалпы, гуманитарлық ғылымдардың диалог тақырыбына бет бұруына көп ықпал етті.

**Әдебиет:** *Новейшие течения и проблемы философии в ФРГ.* – М., 1978; *Давыдов Ю.Н. Критика социально-философских воззрений франкфуртской школы.* – М., 1977; *Социальная философия франкфуртской школы.* – М., 1978.

**ХАЙДЕГГЕР М.** (1889–1976) – неміс философы, Э. Гуссерльдің шәкірті. 1914 ж. «Психологизмдегі пікір туралы ілім» деген диссертациясын жарыққа шығарады. Марбургта профессор болып жүріп 1927 ж. «Болмыс пен Уақыт» кітабын шығарады. Бұл шығарманың өте ықпалды болуының себебі (мыс., Сартр бұдан «Болмыс пен Ештеңенің» бүкіл талдау тәсілін алса, Камю «абсурд» ұғымын алған) мұнда адамның белгілі жағдайға түсуі терең экзистенциалдық талдаудан өтеді. Бірақ сәл кейінірек философ Болмыс пен Уақытқа кіріспе жазып, ең басты назарды адамға емес, болмысқа аударады. Хайдеггерше, болмысты ұмыту батыс философиясының тағдырына айналған, оны осы ұмытшақтығынан құтқару керек. Осы кезден бастап, болмыс туралы ілім қалыптастыру Х. өмірлік мақсатына айналады. (Ақиқаттың мағынасы туралы, Гуманизм туралы хат,

1947). Х. ойы болмыс ақиқатының жалғыз жаршысы ретіндегі ақындық тілді талдауға жақын. Қатаң ойдан гөрі шабытты ойға берілгіш, декаденттік дәуірі мен атомизм заманының пайғамбары Х. қазіргі заман ойына датерең ықпал етіп, өзіне тартуда. Оның басты шығармалары қатарында Кант және метафизика мәселесі (1929), Ешқайда апармайтын жолдар, (1950), Соқпақ (1953), Метафизикаға кіріспе (1953), Ойлау дегеніміз не (1954), Философия дегеніміз не (1956), Ұқсастық пен айырма (1957), Уақыт және болмыс (1962) деген шығармаларын атауға болады. Х. үшін философия болмыс туралы ілім. Болмыс пен тірлік, болу мүмкіндігі мен нақты бар болу бір емес. Болмыс бар тіршіліктің өзгеру мүмкіндігі. Сондықтан болмыстың атойын тыңдау керек. Болмыс пен тірлік, мән мен мағына бір болмағандықтан Х. батыс философиясының классикалық философиясын сынап, деструкция ұғымын енгізеді. Деструкция дегеніміз философияның үйреншікті схемаларын бұзып, жаңаша пайымдау. Бұл тұрғыда Хайдеггерше, ежелгі грек философтары ақиқатқа жақын болған. Сондықтан ол осы философияның көп қағидаларын қайта жаңғыртады. Егер Декарт философиясы күмәндану бағытында дамыса, грек философиясы таңдану, таңырқау бағытында дамыған. Егер өмірді соқпақ жол деп есептесек, ол жолға аттану мен жол басына қайта оралудан тұрады. Ал жалпы, болмыстың үйі – тіл. Ойлау процесі тіл арқылы жасалады. Тілсіз ой жоқ. Тіл сөйлеу, тыңдау, ұғыну қарым-қатынасынан тұрады. Ақиқат дегеніміз *aleteia* – жасырынбау. Бұл ақиқаттың грекше ұғымы. Адамзат өмірінде мән-мағынадан гөрі оқиға басым. Әр оқиға оған жаңаша, тың қатынас жасағанды талап етеді. Осы тұрғыда Х. өмірінің соңғы ширегінде шығыстық ойлау тәсіліне, мысалы, дзэн-буддизмге жақындағанын айта кеткен ләзім.

**ХАНТИНГТОН С.** – Гарвард университетінің профессоры, конфликтолог, мәдениеттанушы, саясаттанушы. 1993 ж. «Нью-Йорк таймста» жарияланған «Өркениеттер қақтығысы: жеңуші мәдени салада айқындалады» атты мақаласы саясаттанушылар, тарихшылар мен мәдениеттанушыларға көп ой салды. Х. айтуы бойынша әлемдік саясат өзінің жаңа сатысына көшті. Ендігі жерде дүниедегі болып жатқан қақтығыстар, конфликтер көзі идеологияда, экономикада емес, мәдениетте болмақ. Мәдениеттер, өркениеттер қақтығысы – дүниежүзілік саясаттың үлкен мәселесі дейді Х. Алдыңғы ғасырлардағы теке-тірестік, кикілжің көбінде елбасыларының – монархтар, императорлар, патшалардың арасындағы түсініспеушіліктен, солардың жаңа жерлерге көзін сүзген ашқарақтығынан туындап отырса, кейінірек ұлт пен ұлт, халық пен халық арасындағы жанжалдар пайда бола бастады. Ал бірінші дүниежүзілік соғыстан бастап оларды» орнын идеология толтырды – алғашқыда коммунизм, кейінірек нацизм мен либералды демократия. «Қырғи-қабақ соғыс» кезінде жанжал

екі ұлы державалар арасында өрбіді, олардың екеуі де ұлттық мемлекет емес еді, идеологиялық қарсыластар еді. «Қырғи-қабақтық» «суық» соғыс- тың аяқталуымен идеологиялық жанжал саясаты да тәмәм болды. Ендігі жерде өркениеттік өзіндік идентификация алдыңғы шепке шығып отыр. Болашақта әлемдік саясатты, әлемнің кейпін жеті-сегіз ірі мәдениеттер, өркениеттер қарым-қатынасы құрастырады. Х. төмендегідей ірі өркениеттерді атап көрсетеді: батыс, конфуцийлік, жапон, ислам, индуистік, православие-славяндық, латынамерикалық және африкалық. Х. ірі жанжал, қақтығыстар өркениеттердің бөлініс аймағында орналасады деп есептейді. Өркениетаралық ыдырау аймағының бірі Еуразия континентіндегі мұсылмандық және христиандық мәдениеттердің тоғысқан жерлері – Югославия, Ресей территориялары. Екінші мәдени қақтығыс аймағы – мұсылмандық және индуистік өркениет өкілдерінің тығыз орналасқан жерлері. Өркениеттер қақтығысының себептеріне Х. төмендегілерді жатқызады: өркениеттер арасындағы айырмашылықтар өте терең орналасқан, олар тарихты, тілді, мәдениетті, салт-дәстүрлерді, ал ең бастысы – дінді қамтып жатыр. Сондықтан да олар бір күнде, бір жылда өзгере қоймайды. Әлем кішірейіп келеді. Адамзат қол жеткізген ғылыми-техникалық жаңалықтардың нәтижесінде адамдар қарым-қатынасы тез өрбіп, күн өткен сайын кеңейіп келе жатыр. Қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде әркім өзінің өркениеттілік ерекшеліктерін баса түсініп, өзіндік өркениеттік идентификацияға ие болады. Өркениеттер бөлінісінде дін аса маңызды рөлге ие. Өркениеттік өзіндік сананың пайда болуына «өзінің бастауына оралу» құбылысы ықпал етеді. Саяси-экономикалық ерекшеліктермен салыстырғанда мәдени ерекшеліктер баяу өзгеріп отырады, сондықтан да оларды шешу де, келісімге келтіру де қиынырақ. Экономикалық регионализм сынды нәрселер де өркениеттік өзіндік сананың ұлғаюына әкеледі. Қазіргі таңда басқа өркениеттермен салыстырғанда батыстық өркениет өзінің даму шыңында тұр. Батысқа тосқауыл болар ұлы держава – КСРО-ғы ыдырағалы бері Батысқа өзінің әскери қуатымен теңдес түсер ел жоқ. Экономикалық тұрғыдан, Жапонияны есептегенде, Еуропаға бәсекелестік тудырар тағы да ешкім жоқ. Сонымен Батыс саяси салада да, қауіпсіздік саласында да, экономика саласында да алдыңғы шепте. Сондықтан да әлемдік саясаттың өзекті мәселелерін де Батыс (АҚШ, Ұлыбритания, Франция), экономикалық мәселелерін де Батыс (АҚШ, Германия, Жапония) шешеді. Х. айтуынша, болашақтағы әлемдік саясаттың мәселелері Батыс пен басқа өркениеттер әлемінің арасындағы қақтығысқа байланысты болады. Батыс пен батыстық емес өркениеттер қатынасы үш түрлі вариантта жүзеге асуы мүмкін: біріншіден, батыстық емес өркениеттер Солтүстік Корея, Бирма сияқты өздерін Батыс ықпалынан шығарып алу үшін изоляциялануы мүмкін; екіншіден, батыстық құндылықтар мен әлеуметтік институттарды қабыл



алып, Батыстың «Жүрдек поездының соңғы тепшегіне жабысу», үшіншіден, Батысқа экономикалық және қауіпсіздік тұрғысынан төтеп бере алатын, сөйтіп таразының басын теңдестіретін қарсы салмақты ұйым құра білу. Х.-ның жорамалдауы бойынша, болашақта адамдардың өркениеттік өзіндік идентификациясы басым бола бастағанда бірнеше өркениетке тиеселі жұрты бар мемлекеттерге – «қосынды» мемлекеттерге өте қиын болады, өйткені олар өзара іштей қырқысу нәтижесінде мемлекеттік біртұтастылыққа нұқсан келтіреді. Х. осы тұста Югославияны, Кеңестік одақты мысалға келтіре кетеді. Расында да Х.-ның бұл жорамалының іс жүзінде көрінгенін жоққа шығара алмаймыз.

**Әдебиет:** Хантингтон С. Столкновение цивилизаций // Полис 1994. 1; «Цивилизационная модель» международных отношений и ее импликации // Полис. 1995. 1; Глобальные проблемы и общечеловеческие ценности. – М., 1990; А. Уртембаев. Война цивилизаций: определится ли победитель? // Шахар. 1994. 2.

**ХАОС** (грек. *chaos* – көнегрек әлемнің алғашқы бейформалы күйі) – көнегрек мифологиясында бастапқы шексіз тұңғықты білдірген ұғым. Ол бойынша Х. дүние жаратылыстан бұрын болған бұлдыр тұман, түпсіз тұңғық, болмыстың ығы-жығы, ретсіз, бей-берекет араласып жатуы дегенді ұғындырады. Кейіннен сол астан-кестен, ұйқы-тұйқы ретсіздіктен болмыс формалары бөлініп шықты деп түсіндіріледі.

**ХАРИЗМА** (грек. *charisma* – шапағат, рақым, құдайы сый) – белгілі тұлғаны немесе құбылысты, ерекше қасиетке теліп, оған әулие ретінде табыну. Харизматикалық көсем деп өте мықты беделге, ақылгөйлікке ие, шексіз тартымды, батыр адамдарды атайды. Х. атауы алғаш рет Э. Трельч пен М. Вебердің әлеуметтанулық концепцияларында қолданған.

**ХАСАНОВ Марат Шамұратұлы** (29.10.1941 жылы туған) - философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының профессоры, отандық мәдениет философиясының негізін қалаушылардың бірі, еуразияшылдықтың зерттеушісі, әлеуметтік-гуманитарлық білім методологы, философия мен ғылым әдіснамасы кафедрасының негізінде алғашқы «Шығыс-Батыс: мәдениеттер диалогы» (1992, 1995) халықаралық симпозиумдарының бастамашысы, 1995 жылдан «Демократия және мәдениет» Қоғамдық қорының директоры, 2001 жылдан «Еуразия» қоғамдық-саяси және әдеби-көркем журналының негізін қалаушы және бас редакторы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағының иегері (2016), «Қазақстан өзгермелі әлемде: әлеуметтік-мәдени импульстар және Еуразиялық өркениеттік нұсқаулықтар» атты ҚР БҒМ (2015-2018) ғылым грантының жетекшісі.

Хасанов Марат Шамұратұлы 1970 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетін, ал 1975 жылы аспирантурасын бітірді. М.Ш. Хасанов философия кандидаты (1976), философия докторы (1988) академиялық дәрежелерінің, доцент (1979), профессор (1990) академиялық

атақтарының иегері. 1990-2000 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философиялық кафедраларының меңгерушісі, 1995-2000 жж. Қазақстан Республикасы Жоғары аттестаттау комиссиясы төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

Өзінің педагогикалық, ғылыми және мемлекеттік қызметі кезінде М.Ш.Хасанов диалектика теориясы мен практикасына, саясат, мәдениет және білім философиясын дамытуға сүбелі үлес қосты. Философияның осы салаларындаоның 170-тен астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектері бар. Ол Мәскеу, Санкт-Петербург, Обнинск (Ресей), Рига (Латвия), Таллин, Тарту (Эстония), Оклахома (АҚШ), Тайпей (Тайвань), Берлин (Германия) қалаларында өзінің баяндамаларымен сөз сөйледі. Ол 2 доктор, 13 философия және саясат ғылымдарының кандидаттарын дайындады.

**Негізгі ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектері:** «Философия негіздері» монографиясы (2019; В.Ф.Петрова, А.М. Хасановамен бірлікте), «Қазіргі қазақстандық философия» (2019; В.Ф. Петрова, А. М. Хасановамен бірлікте); «Ғылым тарихы және философиясы» оқулығы (2018; В.Ф. Петровамен бірлікте), «Ғылым тарихы мен философиясы» (2018; В.Ф. Петрова, Б.А. Джаамбаевамен бірлікте); «Қазақ өркениетінің философиясы (Тарих, теория, практика)» (2017; В.Ф. Петрова, Д.Р.Шайдулинамен бірлікте); «Философия» оқулығы (2017; В.Ф.Петровамен бірлікте); «Демократияның трансформациясы. Тарих, теория және практика» (2017; В.Ф. Петровамен бірлікте); «Философияға кіріспе» (2015; В.Ф. Петровамен бірлікте); «Ғылыми білім философиясы» (2015; В.Ф. Петровамен қосавторлықта).

**Л.Ә.Асқар**

**ХЕЙЗИНГА И.** (1872–1945) – нидерландық философ, тарихшы, мәдениеттанушы, мәдениет тарихы бойынша іргелі еңбектердің авторы, мәдениеттің «ойындық теориясын» жасаушылардың бірі. Мәдениеттегі мифтің, қиялдың ролін анықтап, ойынды мәдени қалыптасудың негізгі принципі деп таныған Х. концепциясы М. Мосс, К. Леви-Строс пікірлеріне сай келеді. Х-ның теориялық зерттеу пәні – мәдениет тарихы, соның ішінде әсіресе ортағасырлық, қайта өрлеу дәуірінің мәдени жай-күйі. Х. мәдениетті экономика, саясат, құқық, тұрмыс, салт-дәстүр, өнер біте қайнасып жатқан үлкен жүйе деп қарастырады. Мәдениеттің пайда болуы мен даму барысын зерттей келе, көптеген факті – материалдарға жүгіне отырып Х. ондағы ойын элементінің маңызын ашып көрсетеді. Ешбір практикалық мақсат-мүддені көздемеген, өзіне-өзі жеткілікті, спонтанды әрекет түрі

ретінде ойын мәдениет бастауында тұр әрі сол мәдениеттің ішкі мазмұны мен қозғаушы күші болып табылады. Ойынның мәдениет тудырушы фактор екендігін Х. қиялдың жемістілігімен байланыстырады. Адамның қандай да болмасын материалдық іс-әрекеті бастапқыда қиял қызметімен қайткен күнде де байланысты, себебі адам бір заттай материалдық дүниені жасап шығармас бұрын оны ой елегінен өткізеді. Ойынның әлі күнге дейін өз билігін жүргізетін арнайы мәдениет салалары – поэзия, өнер, дәстүр және т. б. Жалпы қай кезеңнің қай мәдениетін алып қарастырсақ та оның «ойындық» пен «саликалық» элементтерінің ара қатынасынан тұратындығын байқауға болады дейді Х. Сонымен, Х. еңбектен гөрі ойынды адам мәдениетін қалаушы күш деп таниды. Х. мәтіндерінен «ойын» ұғымының ортақ, өзіне-өзі тепе-тең келетін анықтамасын таппайтыны сияқты «саликалықтың» да түсіндірмесін кездестірмейсің. Бірақ Х. бойынша түгелдей дерлік ірі дәуірлер, кезеңдер мәдениеті идеалға, мұратқа жету «ойынын» ойнайтын болған, мысалы, антикалық «алтын ғасыр» идеалы, інжілдік кедей-кепшік идеалы, рыцарлық идеал, Ренессанстық антик мәдениетін жаңғырту идеалы т. б. жоғарыда айтылғанға дәлел бола алады. Ойынның мәдениет тарихындағы рөлі үнемі өзгеріс үстінде. Мәдениеттің формаларының көбейіп, жіктелуіне байланысты мәдениеттегі ойындық элемент артқы шепке жылжиды. Еуропа мәдениетінің тарихында бұндай құбылыс XVII ғ-дан басталады деп есептейді Х.; өйткені содан бастап қоғамда өмірге деген ашық прагматикалық қатынас қалыптасты. Х. өркеніет пен мәдениет ұғымдарын бөліп қарастырмайды, оларды мағынасы жағынан тепе-тең ұғымдар деп біледі. Мәдениетті түсіну үшін төмендегідей үш принципті есте ұстаған жөн: біріншіден, рухани және материалдық құндылықтар бірін-бірі теңдестіреді; екіншіден, мәдениетте жалпыға ортақ идеал, мұрат кездеспей тұрмайды; үшіншіден, әр мәдениет өзіне тән табиғатқа, дүниеге деген қатынасты туындатады. 1930–40 ж-да жарық көрген шығармаларында Х. көпшілік мәдениетін сынға алады және де XX ғ-дағы еуропалық мәдениеттің дағдарысын философиядағы иррационализм мен интуитивизмнен, қоғамдық өмірдегі миф культінен, адамгершілік құндылықтарының бағасыздануынан, ұжымдық эгоизмнен көреді. XX ғасырдың тоталитарлық режимдерінің куәгері болған Х. бүкіл жан-тәнімен өзінің антифашистік, пацифистік бағдарын білдіреді.

**Шығ.: И. Хейзинга. Осень средневековья. – М., 1988; И. Хейзинга. «Homo ludens» М., 1992; И. Хейзинга. «В тени завтрашнего дня». – М., 1992; Г. Тавризян. «О. Шпенглер и И. Хейзинга: две концепции культуры». – М., 1987.**

**ХИНАЯНА** (санскр. кіші дөңгелек, кіші арба) – буддизмнің екі бағытының бірі (махаянамен бірге). Х. махаянамен салыстырғанда ертерек пайда болды деген түсінік бар. Термин б.з.б. бірмыңжылдықта пайда болды

деп жорамалданады. Х. деп буддалық мектептер мен ағымдардың ішіндегі ең консервативті, көбінде палийлік канон – трипитакаға (буддизмнің діни-философиялық мәтіндер жинағы) негізделінгенін айтады. Х.-ны ұстанушылар жоғары шындық пен жоғары рахат күйі – нирванаға тек қана ат төбеліндей аз рухани элита (таңдаулылар) ғана жетеді деп түсінеді. Буддизмнің Х-лық варианты әсіресе Цейлон аралында көп қоныс тепкен. Х-ны Махаянадан («Үлкен дөңгелек», «Үлкен арба») төмендегідей қасиеттері өзгешелеп тұр: Егер Махаянада Будда құдай деп танылса, Х.-да Будда – тарихи тұлға, Шакьямуни (Шакья тайпасынан шыққан данышпан); Будда адамдарды басқарушы, олардың тілек-талаптарын орындаушы құдай емес, ол тек қана жол көрсетуші, өнегелі тұлға; Х-да әрбір адамның Будда болу мүмкіншілігі бар, ол үшін тек Шакьямуни өнегелі өмір жолынан өту керек; Будда Х.-да тіршілік иесінің ең биік мұраты ретінде қарастырылады; Х-дағы ең негізгі принцип – индивидуализм, яғни ешкім ешкімді қорғай да, тазарта да, босата да алмайды, ешкім ешкім үшін ештеңе жасай алмайды, өйткені тек адамның өзі, оның ықтияры, ерік-жігері, шешімділігі, төзімділігі мен даналығы ғана адамды жарқын болашақ пен жарық жолға бастайды; Х-да нирвана ең биік жетістік ретінде анықталады. Нирвана күйінде адам толығымен мына фәни жалғаннан, құбылыстар әлемінен, феноменальды дүниеден жоғарыға көтеріледі; Х-да дәруіштік, дуаналық, яғни жұрттан безіп, саяқ тұрушылық – рухани жетілем деушілердің ең алғашқы сатысы. Х-да құбылыстар әлемі (сансара) мен рухани бейқамдық әлемі (нирвана) қарама-қарсы қойылады. Х-ның діни-әдеби мұрасына: «Милинда-панна», «Висуддхимагга», «Атхасалини», «Дхаммапада», «Абхидхамматтха-сангаха», «Паритта», «Абхидхармакоша», «Лалитавистара» жатады.

**Әдебиет:** Бонгард-Левин Г.М., Грантовский Э.А. *От Скифии до Индии. Древние арии. Мифы и истории.* – М., 1983; *Литература и культура древней и средневековой Индии.* – М., 1979; Лукьянов А.Е. *Становление философии на Востоке. Древний Китай и Индия.* – М., 1989.

**ХОЛИЗМ** (грек. *holos* – бүтін, түгел) – 1926 жылы оңтүстік африкалық философ Я. Смэтс тұжырымдаған тұтастықтың, бүтінділіктің тәсілдемілік принципі. Х. формуласы төмендегідей: «Бүтін қашанда өзінің бөлшектерінің қосындысынан үлкен». Х. бүтіндікті, тұтастықты философияның орталық ұғымы ретінде қарастырады да оның мазмұнына объективтілік пен субъективтілікті, материалдық пен идеалдылықты сыйғызады. Я. Смэтстың айтуы бойынша органикалық тұтастықтың ең жоғары түрі – адам. Х. американдық философиядан өзінің мүдделестерін тапты. Х. принципі феноменология мен гештальтпсихологияда кеңінен пайдаланылады. Х. идеяларын А. Мейер-Абих (Германия), А. Леман (Франция) жалғастырды.

**Әдебиет:** Кремянский В.И. *Структурные уровни живой материи.* – М., 1969; *Американский холизм.* – М., 1989.

**ХРОНОТОП** (грек. *chronos* – уақыт, *topos* – кеңістік) – мәдени кеңістік пен уақыттың бірлігін білдіретін ұғым. Бұл ұғым бастапқыда жаратылыстану ілімдерінен алынған. Ал белгілі орыс мәдениеттанушысы М. Бахтин Х. ұғымын көркем шығармаға қатысты қолданады: «әдеби-көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бітімінің табиғи бірлікте көрінуі. Мұндай уақыт қоюланады, сығылысады, сөйтіп көркемділігімен көзге түседі; ал кеңістік болса шоғырланады, тарихтың сюжеттік, уақыттық қозғалысына бағындырылады. Уақыттың белгілері кеңістік – уақытпен өлшеніп, уақыт арқылы ұғылады» (М. Бахтин. Вопросы литературы и эстетика. – М., 1975., 234 б.). Х. ұғымын тек көркем әдебиетке ғана қатысты емес, сонымен бірге жалпы мәдениетке байланысты қолданудың маңызы зор. Мәдениеттануда бұл ұғым М. Бахтиннің «Франсуа Рабле және ортағасырлар мен Ренессанстың халықтық мәдениеті» атты кітабында орынды пайдаланылған. Бұл шығармада «Х» ұғымы халықтық санадағы негізгі тылсымдық түсініктер деңгейінде алынған. Х. ұғымын кейбір мәдениеттанушылар белгілі уақытта белгілі кеңістікте орын алатын оқиғаларды айқындау үшін де пайдаланады. Аурухана, жаңа дүниеге келген нәрестелер үйі, неке қию сарайы, жерлеу бюросы, түрме және т. б. – хронотоптық бейнелер, өйткені ол жерлерде адамдар белгілі бір уақытта нақты кеңістікте кездесетін болғандықтан олар туралы уақыт-кеңістік ажырағыссыз ассоциациялар қалыптасқан. Х.-тың мәдениеттанулық пайдалану аясы кең және эвристикалық мәні зор.

**Әдебиет:** Бахтин М. Вопросы литературы и эстетика. – М., 1975; Бахтин М. Формы времени и хронотопа в романе // Эстетика словесного творчества. – М., 1979; Бахтин М. Слово о романе // Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975.

**ЧЕЧИН** Михаил **Никифорович** (1903–1982). Ч. М.Н. 1903 ж. 21 қарашасында дүниеге келген. 1923 ж. М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дің философия факультетіне оқуға түседі. Оқу барысында М.Н. Ч. философия тарихшысы ретінде қалыптаса бастайды және оған Кеңес Одағының белді философы В.Ф. Асмус ықпал етеді. Ол В.Ф. Асмустың жетекшілігімен «Фихтенің соғыс философиясы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. 1950 ж. бастап М.Н. Ч-нің педагогикалық және ғылыми өмірі С.М. Киров атындағы ҚазМУ-де өтеді. 1969 ж. ММУ-де «Ламарк-тың эволюциялық іліміндегі философиялық негіздер» атты докторлық диссертациясын қорғайды.

**ШАМАНИЗМ** – қазақша баламасы, бақсылық, бақсыға табыну. Дәстүрлі ой машығының ең көне түрлерінің бірі. Тотемизмнен кейінгі, монотеисттік діндерден бұрынғы ритуалды-магиялық дүниетаным. Ш-дегі ең

Ч

Ш

басты нәрсе бақсы мен бақсы жүргізетін ритуал. Бақсы әрекеттерінің бәрі де магиялық ойлау тәсіліне құрылған. Магия дегеніміз нақты дүниеге ықпал ету. Осы әрекеттердің барысында біраз ауыз әңгімелер пайда болады, олар бірте-бірте белгілі халықтың мифологиясын құрайды.

**ШАМА** (өлшем) – нәрсенің немесе құбылыстың сапалық және сандық айқындылығының табиғи бірлігін білдіретін филос. категория. Сапа жағынан айрықша (ерекше) әрбір объектіге белгілі бір сандық сипаттама тән, бұл сипаттамалар өзгергіш және қозғалмалы. Алайда олардың бұл өзгергіштігінің белгілі бір шекарасы болады, сол (шекарадан өтісімен сан өзгерістеріне ауысады ( сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне өту заңы). Міне осы шекара Ш. деп аталады. Екіншіден берілген объектінің сапа өзгерісі оның сандық сипаттамасы мен Ш-ның өзгерісіне әкеледі. Сан мен сапаның байланысы мен бірлігі сол объектінің табиғатына тәуелді. Егер объектінің дамуын қадағалап көрсек, онда бұл процестің бір айрықша сапалық дәрежесінен басқасына өту нүктесі Ш. өзгерісінің түйінді нүктесі болып көрінеді. Мұндай түйіндердің жүйесіне Ш-лардың түйінді бағыты деп атау келісілген. Философия тарихында Ш. категориясын алғаш рет Гегель зерттеді.

**ШӘКӘРІМ Құдайбердіұлы** (1858–1931) – қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, дін тарихшысы, моралист, тарихтанушы. Жастайынан Абайдың тәрбиесінде болған Ш. ұстазының бүкіл ойларын толық нұсқаландырып, дамытады. Абайда әңгіме, интуиция ретінде кездесетін ниеттер Ш. шығарм-нда дамыған нұсқасын табады. Мыс., «үш сүюден» тұратын Абайдың иманигүл ілімін Ш. «Үш анық» кітабында Ұят туралы ілімге айналдырады. Абайдың өсиетімен қажылыққа аттанып, Стамбұлда т. б. қалаларда болып, Шығыстану, түрік тарихы, дінтану ілімімен айналысуға мүмкіндік алады. Егер Абай Құдай табарақа уатағаланың барлығына үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әртүрлі сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, – десе, Ш. осы тұжырымды көптеген материалдар арқылы дәлелдеуге тырысады. Абайдың сыншыл реформалық бағытын Ш. жалғастырады. «Үш анық» кітабында Ш. сол кездегі көп еуропалық ағымдардан деректер келтіре отырып, өзі этикалық максимализмге негізделген Ар-ұятты дәріптеу ілімін жасайды. Міне, осы арада ол Құдай бір де дін көп , бірақ осы жалған айырмашылыққа алданбай, тура Құдайды іздеу керек деген тұжырым жасайды. Тура дінді іздеу ұлттың әлемдік ойға – ой қосуының кепілі. Тіпті, алға озудың бірден бір шарты.

**ШВЕЙЦЕР Альберт** (1875–1965) – нем-фр. гуманист-философы, теолог, прогресшіл қоғам қайраткері. Көп жылдар бойы Ламбарене село-

сында (Габон. Экваторлық Африка) емші болып, өз қызметін гуманистік мұраттар жолындағы күреске арнады. Өзінің филос. көзқарастары (Ш. оларды «жаңа рационализм» деп атады) негізіне дүние туралы білімді емес, өмір фактісін, «өмірдің өзіне сүйсіну» фактісін алып, «өмірдің өзіне сүйсіну» бүкіл философияның принципі болуға тиіс деп санады. Ш. бұл принципті өркениеттің кеселді зардаптарына қарсы өзінше бір «сүзгі» ретінде қарастырып, оны адамзатты моральдық жағынан жетілдірудің үміті деп білді. Алайда Ш. гуманистік мұраттарды жүзеге асыруға жеткізетін нақты жол әлеум. өзгерістерде емес, жекелеген адамдардың «өз табиғатын» жақсартуға бағытталған жеке күш-жігерінде деп санады. Ш-дің адамзат болашағына оптимистік көзқарасында діни сарын болды, Христтің бейнесін этикалық түрде түсіндіруге бейім тұрды. Жалпы алғанда Ш-дің дүниетанымда сындарлы жүйе болған жоқ, ол әртүрлі филос. концепция біріктірді. Ш. соғысқа қарсы болып, ядролық қаруға тыйым салуды жақтады. Бейбітшіліктің Нобель сыйл. лауреаты.

**ШЕЛЛИНГ Фридрих Вильгельм Йозеф** (1775–1854) – нем. философы, нем. классикалық идеализмнің көрнекті өкілі. Иенада, Эрлангенде және Берлинде проф.; Мюнхен Ғыл. акад.-ның мүшесі. 90-жуық табиғат фило- софиясы мәселесі жөнінде еңбектер сериясын жазды. Канттың идеясы мен Лейбництің тірі монадалар мен табиғаттың дұрыс күштері туралы ілімін саралай отырып, табиғатты түсінуге қайшылықтар арқылы даму идеясын енгізді. «Трансценденталдық идеализм жүйесінде» (1800) Фихтенің субъек- тивті идеализмін өз жүйесінің объективті идеализімен ұштастыруға тырысты. Ш. бойынша философия санасыз рухани табиғаттың дамуы қалайша сананың пайда болуына жеткізеді және тек субъект қана болып. табылатын сана қалайша объектіге айналады деген екі сұраққа жауап беруге тиіс болады. Бірінші сұраққа «табиғат философиясы», «екіншісіне – «трансценденталдық идеализм» ілімі жауап береді. Еркіндік туралы Ш. ілімі «Адам еркінің мәні туралы және осыған байланысты заттар туралы философиялық зерттеулерде» (1809) жан-жақты дамытылды. Фихтемен бірге Ш. еркіндікті ұғылған қажеттілік деп түсініп, еркіндік құбылысын жекелеген адамның ерлігі емес, қоғамның жетістігі деп білді. Алайда ақырында өзінің осы көзқарасымен қайшы келіп, Ш. еркіндік мәселесін мистификациялап, жеке негіз еркіндіктің түп тамыры, ал ол негіздің көзі «ой жететін дүниеде» деп жариялады. 1815 ж. Ш-тің дүниеге көзқарасында мистик. элементтердің мейлінше күшеюімен белгілі. Ш-тің ықпалы ең алдымен Гегельде және басқа да көптеген жаратылыстанушыларда анық байқалды. Сондай-ақ оның ілімі натурфилософтар және славяншылар арқылы орыс философиясына да ықпал жасады.

**ШЕТТЕТУ** – адамдардың түрлі формадағы қызметі мен оның нәтижелерін соған қарсы немесе үстемдік құрып отырған жағдайдан асып түсетін дербес күшке айналдыру. Ш. механизмі бірқатар жағдайларға байланысты көрініс табады: өмірдің сыртқы күштерінің ықпалының алдында тұлғаның дәрменсіздігі; өмір сүрудің абсурдтығы туралы таным; адамдар арасындағы элеуметтік тұрғыдағы міндеттердің орындалмауы, жоғалуы; басым бағытты құндылықтарды мойындамау; жалғыздықты сезіну; қоғамдық байланыстардан адам өзінің сырт қалуын байқауы; тұлғаның өзіндік «менді» жоғалтуы. XX ғ-да адамның табиғатпен бірлестігінің, үндестігінің жоғалуын ғалымдар Ш. салдары деп таниды. Қазіргі адамдардың мәдениеттен Ш-інің түрлі аспектілерін қазіргі философия саласы зерттейді.

**ШЕШЕНДІК ӨНЕР** – софистикалық бағыттағы далалық риторика мектебі. Шешендердің мақсаты қалай болғандада өзінікін дәлелдеу, сөз сайысында жеңіп шығу. Өте көне замандардағы семиттік дәстүрге ұқсас Сүлеймен пайғамбардың екі ананың дауын шешкені сияқты, қазақ шешендік өнері дау-дамай, талас-тартыстың нақты шешімін табуға тырысқан. Осы себептен Ш. ө-ді қазақ дәстүрлі тірлігінің қарама-қайшылығынан туындаған қазылық тәжірибесінің тармағы деп тұжырымдауға болады.

**ШЛЕЙЕРМАХЕР Фридрих Эрнст Даниэль** (1768–1834) – нем. протестант теологы әрі философ, көп ж-дар бойы уағызшылық қызметпен айналысты, Берлин ун-тінің проф-ы болды. Ш. көзқарастарында Спинозаның, Канттың, Фихтенің, Шеллингтің, Якобидің және т. б. идеялары ұштасып жатады. Оның философиясында романтикалық, ағартушылыққа қарсы тенденциялар басым болды (Романтикалық мектеп). Ол дінді, адамгершілікті субъектінің ішік көңіл күйінен шығарады. Ш. көзқарасынша шексіз-шетсіз болмыс негізін. дүн. жүз. бірлік немесе құдай құрайды, онда барлық қайшылықтар ымыраласып, тікелей білімге ұласуы мүмкін. Ш. Спинозаның «Ескі өсиетті» сынауын жалғастырып, оны «Жаңа өсиетке» таратты. Оның идеялары христиан дінінің барлық көздерін одан әрі мінеуге дем берді (жас гегелшілдер). Алайда осы сынның бәрі діни дүниетаным шеңберінде шыға алмады. Ш-дің діни-филос. көзқарастары 19 ғ-дағы протестантизм идеологиясына елеулі ықпал жасады: оның дінді уағыздау әрекеті қазіргі протестантизм өкілдерінің тарапынан сынға алынды (Диалектикалық теология). Философ немесе жазушы өмірінің рухани бірлігін айқындау әрекеті (Ол Платон мәселесі дейтіннің – Платонның авторлығы, оның шығармаларының тұпнұсқалылығы мен реттілігі, оның мәтінін қайта құру арқылы анықтау туралы мәселенің бастаушысы болды) Ш-ді герменевтикамен жақындастырды.



**ШОҚАЙ Мұстафа** – аса көрнекті қазақтың саяси қайраткері. М. Ш. Ақмешіт (Қызылорда) қаласында 1890 ж. дүниеге келген. Мұстафа – Түркістандағы атақты әулетке жататын Торғай Датқаның немересі. Бастауыш білімді ол ана тілінде алып, сосын Ташкент гимназиясын бірінші дәрежелі атақпен бітіріп, Петербургтің императорлық университетінің хұқық факультетіне оқуға түседі. Қайда оқыса да байсалды, алғыр қабілет танытқан, зеректік көрсеткен. Өте жас кезінен саясатқа араласады. Оқып жүргенде тек ғылыми мәселелермен айналыспай, ұлттық күрес жағдайын, отанының болашақ құрылысын терең методологиялық тұрғыдан зерттеп, практикада жүзеге асыруға тырысқан. Қазақ рухының кеңістігінде М. Ш-дың орны бір төбе. Мұстафа тек қазақ емес бүкіл түркі қауымының ұлы перзенті, түркі халықтарының тарихында ерекше орын алатын тарихи тұлға. «Біз – түркмендер, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, башқұрттар, татарлар – бәріміз бір түркі жанұясының мүшелеріміз. Біртұтас мемлекет құруға, бір түркі ұлт болуға тырысу керек... Түркістан бұл түркілер. Түркістанның түркізмі оның түріктік болмысы төрізді табиғи нәрсе. Бұл жөнінде айқаймен мәлімдеудің ешбір қажеті жоқ, өйткені Түркістан өзінің болмысынан ажырай алмайды. Сондай-ақ өзінің шыққан тегін және өзінің руластарын мойындау сияқты оңбағандықты да қабылдай алмайды», – дейтін. М. Ш. Орта Азия халықтарының ортақ түркілік тегі мен түбі туралы айтқанда, одан ол жүз бұтақты, тоқсан торапты шежірелі із іздемейді. Тек қана елі мен жеріне апат пен опат әкелетін Елдің елдігін сақтайтын – тарих. Тарихсыз болашақ жоқ. М. отаршылдықтан құтқарар рухани тірек пен сүйеніш іздейді. Ш-дың негізгі мақсаты – түркі халықтарының құлдық сезімінен тезірек айығып, оянуына, өмір мұратына жетуі болып табылады. Оған бұл қасиетті істе – қайрат қажыр, жігер, қуат берген – осы Тарих. Оның «түркішіл» болғанының мәні осында. Өзіміз қазіргі түркілік тұтастыққа ұмтылып отырған идеялар сонау ХХ ғасырдың басында, ойшыл, сарапшыл ғалым М. Ш. ұсынған болатын. Міне, осы ұлағатты ойлар елімізге келген тәуелсіздіктің аркасында жүзеге аса бастауда. Ол өмірінің соңына дейін (1941 ж. 27 желтоқсанда Берлинде қайтыс болды) ұстанған бағытынан тайған жоқ, Алаш жұртының бірігіп ел болып, тәуелсіз қуатты мемлекет құруына жанын да, тәнін де тігіп адал қызмет етті. М. Шоқай «Ақиқаттан ардақты ештеңе жоқ» дейтін. Сол үшін күресті.

**ШОПЕНГАУЭР Артур** (1788–1860) – неміс ойшылы. Гегельге қарсы шығып, қайрат пен ұғымға негізделген жаңа ілім жасаған. 1813 ж. Йенде диссертация қорғап, 1818 ж. өзінің Әлем қайрат пен ұғым ретінде деген басты туындысын шығарған. 1820–31 жж. Берлинде сабақ беріп, ақыры, Гегельдің даңқына тойтарыс бере алмай, дәріс беруден бас тартып, ун-тік қызметтің табанды қарсыласына айналады. Ш. айтуынша, оның көп ойлары үнді

философиясына жақын өмірге жігерлену концепциясынан туындайды. Ш. танымында тірі өмір, өлі дүние құбылыстарының бәрі жігерге негізделген, себебі бәрі бірнәрсеге ұмтылады. Осы ұмтылыстардан пайда болып, жігер мен қатар ұғым қалыптастырады. Ш. моралистикасы жан ашу, аяу сезіміне негізделіп, Канттың мораль философиясын тереңдетуге тырысқан.

**ШПЕНГЛЕР Освальд** (1880–1936) – нем. философы, өмір философиясының өкілі, мәдениет теоретигі, тарихшы, публицист. Ш-дің тарих философиясын баяндайтын негізгі шығармасы – «Европаның құлдырауы» (1– 2 т., 1918 – 22) – Германия бірінші дүн-жүз. соғыста жеңіліс тапқаннан кейін көп кешікпей жарыққа шықты және зор табысқа жетті. Ш. «ескі пруссиялық рухты», монархияны, дворяндық сословиені және милитаризмді дәріптеді. Ш. үшін соғыс – «ең жоғары адам болмысының мәңгілік формасы». Ш. тарихи прогресс ұғымын теріске шығарып, тарихты материалистік тұрғыдан түсінуге фатализмді карама-қарсы қояды. Ш. – тарихи релятивизмнің жақтаушысы. Ол бүкіл дүниежүз. – тарихи дамудың заңды бірлігін жоққа шығарады. Онда тарих бір-қатар тәуелсіз, қайталанбай, томаға-тұйық циклды «мәдениеттерге», жеке-дара тағдыры бар және пайда болу, гүлдену, күйреу кезеңдерін бастан кешіретін ерекше организмдерге бөлінеді. Тарих философиясының міндетін Ш. «мәдениеттің жаны» негізіне алынатын әрбір «мәдениеттің» «морфологиялық құрылымын» тануға әкеліп саяды. Ш-ге сәйкес, ХІХ ғ-дан бастап, яғни капитализм жеңгеннен кейін Батыс мәдениеті құлдырау сатысына аяқ басты. Теориялық жағынан Ш-ге жақын тарих философиясын Тойнби де дәріптеді.

**ШҮЛЕМБАЕВ ҚАТЫРШАТ ШАПАҒАТҰЛЫ** 1937 жылдың 5 наурызында Павлодар облысының Баянауыл өңірінде дүниеге келген. Әкесі Шапағат Ысқақұлы Баянауыл өңіріне белгілі ақын, педагог және ұзақ жылдар бойы мектеп директоры болған азамат еді. Абай атындағы ҚазПИ-дің филология факультетін бітіргеннен кейін философия мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын (1977) және докторлық диссертациясын (1985) Мәскеу қаласында дін философиясы бағытында қорғайды. Ол Ы.Алтынсарин атындағы медальдің және т.б. наградалардың иегері. Ұзақ жылдар бойы Абай атындағы ҚазПИ-дің философия кафедрасының меңгерушісі, тарих факультетінің деканы болды. Бірнеше рет (1972 және 1978 жылдары) дінтану пәні бойынша оқулықтар жазды. Оның еңбектерінде қазақ халқының рухани және мәдени ерекшеліктері философиялық сараптаудан өткізілді. Оның ұйымдастыруымен бірнеше халықаралық конференциялар өтті. Ол Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Ғылымдар Академиясының негізін қалаушылардың бірі және оның ғылыми жетекшілігімен 30-дан аса ғылым кандидаттары мен докторлары дайындалды.

**Еңбектері:** Маги, боги, действительность. Алма-Ата: Казахстан, 1975- 254с.; Образ жизни. Религия. Атеизм. Алма-Ата, 1983.-214с. Дереккөздер: С. Торайғыров атындағы ПМУ. Өмір-өзен: Қатыршат Шапағатұлы Шүлембаев туралы естеліктер. - Алматы, 2002. - 126 б.

## **ШЫҒЫС ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ КЕМЕЛДЕНГЕН АДАМ МӘСЕЛЕСІ**

Жан-жақты жетілген адам мәселесі бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда өзінің маңыздылығын жоймаған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары біздің елімізде, жалпы дүниежүзіндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты бұрынғы құндылықтар өзінің мән-мағынасын жойса, жаңа құндылықтар әлі бой көтере алған жоқ. Әлеуметтік идеал, жан-жақты жетілген адам мәселесі, әсіресе Шығыс философиясында терең түп-тамыры бар және кең тараған философиялық ілім. Адам туралы алғашқы көзқарастар Ежелгі Шығыс дүниесінде қалыптасты. Ежелгі Үнді философиясында адам мәселесі Ведь әдебиетінде, соның ішінде Упанишадьы тектінде кездеседі. Онда ең алдымен әдептілік жағынан өзін-өзі жетілдіру, осы дүниедегі қайғы қасіреттен құтылу жолдары туралы қарастырылады. Ежелгі Үнді философиясында осы дүниенің әсерінен қаншама құтыла алғанына байланысты адам жетілген болып есептелінеді. Осы дүниенің әсерінен құтылу дегеніміз – жеке адам жанының (атманның) дүниежүзілік жанмен (брахманмен) қосылуы. Ежелгі Үнді философиясында – буддизмде – жан-жақты жетілген адамның жеке бастық моделі негізделеді. Буддизм адамның жетілуінің психологиялық жағына, оның ішкі дүниесіне көбірек көңіл бөлді. Буддизмде негізделген жан-жақты жетілген адам ілімі бойынша осы дүниеден безген, өзінің ішкі дүниесіне көбірек көңіл бөлген адамды “жетілген адам” деп қарады.

Ежелгі Қытай философиясында да “жан-жақты жетілген адам” мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Қытайдың ұлы философы Конфуций адам мен социум арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіру мақсатымен “жан-жақты жетілген адамның” әлеуметтік-нормативтік моделін, әлеуметтік идеал ретінде цзюнь цзы немесе “парасатты ер” ілімінің негіздеді. Конфуцийдің осы ілімі бойынша адамның адам болуы “өзі үшін” емес, қоғам үшін болып табылады. Ұлы философ адамды оның әлеуметтік қызметін орындауы тұрғысынан алады, ал тәрбиелеуді – адамның өзінің әлеуметтік қызметін тиісті түрде орындауға бағыттау деп түсінеді. Егер Конфуций адамның әлеуметтік табиғатына көбірек көңіл бөліп, оны ең алдымен әлеуметтік-табиғи құбылыс деп қарастырса, Лао-цзы адамның табиғи жағына көбірек көңіл бөліп, оны табиғи әлеуметтік құбылыс деп қарайды.

Араб тілдік мұсылман философиясында да осы мәселеге (әл-инсан әл-кәмил) ерекше назар аударған. Бұл мәселе екі қарама-қарсы ағым шеңберінде: рационализм мен иррационализм тұрғысынан қарастырылды. Рационализмді ұстанушы философтардың пікірі бойынша жан-жақты жетілген адам дегеніміз тек қана әдептілік нормалары мен принциптеріне сәйкес келген адам ғана емес, сонымен қатар парасатты, білімді, бүкіл өмір болмысын ақыл-ойға негізделген адам деп есептеді. Олардың пікірі бойынша әдепті адам деп білімді, парасатты адамды айтса, ал білімді адам міндетті түрде әдепті деп танылды. Ал иррационалистік философия бойынша, ол ең алдымен суфизм философиясы, әл-Ғазали философиясы, онда жан-жақты жетілген адам деп дәстүрлі түрде әдептілік тұрғысынан жетілген адамды қарастырды. Бірақ олардың осы мәселелер бойынша ерекшелігі, жетілген адамның жоғары көрінісі ретінде - өзіне, өзінің ішкі дүниесіне үңілген, өзінің өмірін Абсолюттік ақиқатты тану арқылы Құдаймен жақындасуға арнаған, тариқат жолына түскен адамды айтады.

Ұлттық қазақ философиясында осы мәселе жалпы Шығыс философиясы шеңберінде қарастырылып, адамды этика, адамгершілік мәселесі тұрғысынан қарай отырып, сонымен қатар білімділікке, парасаттылыққа да ерекше назар аударылып отырылды. “Қазақтың” немесе “түркі тілдес халықтарының Конфуцийі” деген атаққа

ие болған Ж. Баласағұн Конфуций сияқты адам мен адам, адам мен мемлекет арақатынасы, әсіресе мемлекетті басқару мәселелеріне көбірек көңіл бөлуіне байланысты, жан-жақты жетілген адам мәселесін осы тұрғыдан қарастырады. Әл-Фараби бұл мәселені “идеалдық қоғам”, осы “идеалдық қоғамды” басқару тұрғысынан қарастырады. Әл-Фараби бақыт мәселесіне, ең алдымен адамның осы дүниеде бақытты өмір сүруінің жолдарын іздестіруге өзінің философиясын бағыттады. Сонымен қатар, әрбір жеке адамның жетілуінде ақыл-ойдың, парасаттылық пен білімнің ролін ерекше жоғары бағалады.

Отандық философияда жан-жақты жетілген адам ілімін неғұрлым толық және жоғары дәрежеде дамытқан Абай болып табылады. Абай осы мәселе бойынша Батыс және Шығыс философиясын зерттеу арқылы “толық адам” ілімін өте ауқымды мәселе ретінде қарастырған. Абайдың осы ой-толғаулары мен философиялық ізденістерінде адам мәселесі орталық орын алады. Абай адам мәселесін жан-жақты философиялық, биологиялық, психологиялық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қарастырады. Абайдың бүкіл философиясының квинтэссенциясы, негізгі принципі ретінде “Адам бол!” деген ой тұжырымын алуға болады. Абай өзінің бүкіл болмысын, білімі мен өмірлік тәжірибесін, поэзия мен прозасын, бүкіл ой-толғанысы мен философиясын адам бойында кісілік пен адамгершілікті, білімділік пен парасаттылықты, әділеттілік пен қайратты, елдің қамын, бүкіл адамзат қамын ойлайтын, дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адамды тәрбиелеуге жұмсады. Адам үшін оның өміріне мән беріп тұрған негізгі нәрсе - өз бойындағы адамилықты жоймау, бүкіл өмір бойында адамға лайықты өмір сүру. Осы дүниеге адам болып келгендіктен, осы дүниеден де адам болып кету керек. Адамның адамдық қасиетін өмір сүру барысында жоғалтып алмау бұл да адамның ең алдымен өз алдында, басқа адамдар алдындағы жауапкершілігі, ол адам тарапынан белгілі бір ерік-жігерді, қайратты қажет етеді. Абайдың “толық адам” ілімі – адам, адамдылық, адамгершілік принциптеріне негізделген. Абайдың осы мәселені өзінің терең мағыналы философиялық жүйесінің орталық, өзекті мәселесі ретінде алуы оның өз халқының бойында адамилықты дамыту, тәрбиелеу, адамның өмірінің соңына дейін өзінің адамдық қалпын сақтай алуы, бір сөзбен айтқанда “адам болуын” тілеген ой-толғанысының, жүрек қобалжуының нәтижесі деп қарау керек.

**Байтенова Н.Ж.**

**ІЗГІЛІК** – адамзатының моральдық табиғатын құрайтын, рухани болмысын айқындайтын этикалық категория. Адамның кісілік оң іс-әректің, әдет-дағдысын, мінез-құлқын белгілейтін антропотектік қасиеттерінің жиынтық атауы. І. – адамға ғана тиесілі болатын, оны басқа тіршілік иесінен ерекшелеп тұратын, адамды өз болмысы шеңберінде болу мүмкіндігін қамтамасыз ететін субстанциялық бастаманың бірі. І. – моральдық-рухани құндылық. І. – адамға тән табиғи ерік бостандығының көріну формасы. Б.Рассел, «Ізгілік – бұл, Табиғатпен үйлесімдіктегі ерік. Жеке адамның өмірінде ізгілік – жалғыз ғана игілігі», -десе, Стоиктердің пікірінше, ең жоғарғы игілік – ізгілік. «Ізгіліктің мәні ерікте болғандықтан, адам өміріндегі, шын мәнінде, жақсы немесе жаманның бәрі тек өзіне ғана байланысты», -деп жазады Б.Рассел. І. – тек индивидтің өзіне ғана тәуелді құбылыс. Адам қандай жағдайда болмасын, тіпті ізгілікті күйде өлу – оның өз қолында болмақ. Сол себепті әр адам дүниелік құмарлықтардан азат бола алса, кемел еркіндікке

жетіп, ізгілікті бола алады. Әр адам өз тағдырының иесі, өйткені ешқандай сыртқы күш оны ізгі қасиеттерінен айыра алмайды. Егер біз ізгілік – жалғыз ақиқи игілік екенін түсінетін болсақ, онда біздің үлесімізге ешқандай шын жамандықтың қол сұға алмайтынын көреміз. Адам бойындағы І. – жан құмарлығынан, зұлымдық – тән құмарлығынан туатынына ерекше мән беретін, тән қалауын жан қалауына жеңдіру – рухтың мықтылығы деп білген Сократ. Аристотельдің айтуынша, адамзат игілігі – ізгілікке лайықты рух әрекеті. І, ол – рухтың әрекеті саналатын бақыт. Демек бақыт – І. Ізгілікті мақсат бақытқа жету құралы. Сонымен, мақсат – біздің қалауымыз болса, құрал – біздің ойлауымыз бен таңдауымыз. Ал құралға қатысты әрекет таңдау бойынша немесе өз еркімен жүзеге асуы тиіс. Сонымен бірге ізгіліктің әрекеттері құралдармен байланысты. Ізгі адам – жан қалауын бірінші орынға қойған адам. Ең қарапайым әрі ізгілікті жол – өзгеге залал келтірмей, өз-өзінді жетілдіру. Сократ: «Ешкім де саналы түрде ағаттық жасап, күнәлі болмайды, барлық адамдарды ізгілікті ету үшін тек білім қажет», -десе, Платон да ізгілік пен білім арасындағы тығыз байланыс туралы тұжырым жасайды. Спинозаның ойынша, І. білімсіз мүмкін емес, өйткені білім ғана тұлғаның энергиясын ары қарай өмір сүруіне қажетті бағытта алып жүре алады. Энергия біздің тілектерімізден шығады, ал Тілектің бағыты Ақыл ойдан келеді. Ахмет Байтұрсынов: «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік – сол білімді іске асыра білу дағдысы», -деп көрсетеді. Білім – І. ордасы мен қордасы десек артық емес. Аристотельдің айтуынша, кең пейілді адам барлық жақсыға лайықты болуына байланысты сәйкесінше мейірімділіктің де жоғары деңгейіне жетуі тиіс. Нағыз кең пейілді адам мейірімді болуы керек, ал кең пейілділік – ізгіліктің тәжі іспеттес. Сондықтан шынайы кең пейілді болу өте қиын. Оған бекзаттық пен ізгі мінездің көмегінсіз қол жеткізу мүмкін емес. Жүсіп Баласағұн: «Ей, ізгі жан, ізгілік ет, жаңылма, ізгілікті жұтпас қарттық, қабыр да!.. Ізгілігің қартаймайды, қалады, ғұмыры ұзақ, аты алысқа шабады!», -дей келіп, «Тірлік емес, ізгі ат тіле – тілесен, ізгі атың – тірлігің ол, білесің! ...Атың ізгі болса – тірлік татымды!», -дегенінде І. мінездің маңызы мен мәні жатыр. Ахмет Йассауидің: «...Ізгілерге ізет ет, ...», -дегені сондықтан болар. «Бір жылдығын ойлаған бидай егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мәңгілігін ойлаған баласының бойына ізгілік егеді», -дейді қазақ нақылы. І. – жарқын позитивтілік, ақ жүректілік, зұлымдықтың алдындағы қорқыныштан емес игілік үшін қуанышқа ұмтылу, адамның өзіне тілейтін жақсылықты басқаға да сыйлауға ұмтылу, соқыр сенімнен бойын аулақ ұстап, қарым-қатынаста бәріне адалдық таныту, дүниенің қауіп-қатермен бетпе-бет келгендегі көрегенділігі, ақиқатты қолдау, әділ болу, шанашыр болу, өз мүддесін ел мүддесіне жегу, ел үшін білімін, күш-қуатын, ар-намысын жұмсау, ынсапты да мейірімді болу, атақ-даңқты қумау, тіршіліктің шынайы рахатына ұмтылу, өлімге емес, өмірге көңіл бөлу. І. жалпы әлемнің үйлесімді дамуындағы негізгі онтологиялық субстанциялардың ретін құрайды. Ізгі іс – адамның адами болмысын құрастырушы уникалның бірі. Ізгі әрекет – жалпы руханилықты қалыптастырушы элемент.

**Әдебиет: Бертран Рассел. Батыс философиясының тарихы. Астана: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. -2020.; Түркістан газеті. № 51(1117) 24 желтоқсан 2015.; Реми Хесс. Философияның ең таңдаулы 25**

кітабы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. –2018.; Ұлт рухы: қанатты сөздер / Е.Зәңгіров –Алматы: «Ағна-б», 2015. -160 б.; Мекемтас Мырзахметұлы. Мені Абай ілімі тазартты //Almaty Akshamy №116 (5779), 28.09.2019.

## ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЭТИКА – моральдың негізі адам табиғатынан Э

тамыр алады дейтін этикалық теориялардың бір түрі. Этикаға эволюциялық көзқарасты ағылшын ғалымы. Г. Спенсер қалыптастырған. Алайда Э. э-ның негізгі идеялары филос. эмпиризм және этик. сентиментализмнен алынып, осы ілімді жаратылыстану ғылымы тұрғысынан негіздеуге тырысқан екінші бір ағылшын ғалымы Ч. Дарвин тарапынан ұсынылған еді. Дарвиннің негізгі идеялары бойынша: қоғам элеум. инстинктер арқасында өмір сүреді, адам тілінің арқасында қоғамдық пікір туындайды, элеум. инстинкт әдетпен бекиді, т. б. Э. э. адамның моральдық мінез-құлқын қоршаған ортаға бейімделу функциясы ретінде қарастырады. Адамгершілік өлшемі бүкіл тіршілікті қамтитын даму процесі деп саналады. Оның дамуына ықпал ететін – ізгілік те, қарсы әрекет ететін – зұлымдық. Э. э. зерттеушілер этика-филос. көзқарастардың теор. мұраларынан бас тартып, моральды мақсатты немесе адаптивті мінез-құлық формасы ретінде сипаттайды.

**ЭЗОТЕРИЗМ** (ағылш. *esoteric* – жұмбақ, белгілі адамдарға ғана анық жасырын сыр) – ұстаздан таңдаулы шәкіртке ауызба ауыз таралатын ілім. Мыс., Пифагордың ілімі солай таралған. Бұл ұғым экзотеризмге, яғни, қоғамдық дәрежесі бар ілімге қарсы. Әрбір терең ілімде, эзотерикалық, тек таңдаулыға, және экзотерикалық, жалпыға арналған нұсқалары. Ежелгі гректерде филос. ілімдерден бұрын діни мистериялар, яғни, жасырын діни жиындар болған. Мысалы, Элевсиндік мистериялар кезінде болған жағдайларды қатысушылар жарияламауға ант берген. Э-нің шығу себебі таным түрлерінің күрделілігіне байланысты. Ешбір мән бейнелі түрде ақырына дейін көрінбейді. Мәннің танымға жатпайтын кейбір қырлары арнайы символдар арқылы ғана белгіленеді, болмыстың құпия қырлары осы символдарды пайымдау арқасында ғана сезініледі. Э. көп нәрсеге шектеу қояды – белгілі діннің сырын паш етуге, жат кісілерді жасырын ілімнің ауызша, немесе, жазбаша символикасын үйретуге. Э-ң ең төмен сатысы үнсіздікте қабылданатын сыр, ортаңғы сатысы, айтуға тиісті емес сыр, жоғарғы сатысы, тұжырымдауға көнбейтін ең терең сырлар. Сонымен қатар Э. таза діни сипатқа тәуелді емес. Э. болмыстың ең ақырғы мәнісін интуиция, ұят, және мистикалық жан саяхаты арқылы тануға байланысты.

**ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ** (лат. *eksistentia* – өмір сүру) – адам өмірінің мәні, оның тұлғалық болмысы жайлы батыс философиясындағы иррационалистік бағыт. Адамның өзіндік Менін тануы өмір мен өлімнің мәні, еркіндіктің мағынасы, адамгершілік, рахымдылық, сұлулық, әділеттілік пен ақиқат, адамның дүниеге келудегі мақсаты, қоғамдағы орны сияқты көптеген филос. мәселелердің шешімін табуға итермелейді. Э. бағыты

өкілдерінің көзқарасы бойынша: өзіндік Менін түйсіну және өзгемен санасу адамды саналы әрекетке жетелейді. Өзгенің бостандығына қол сұққан жағдайда бостандықтың қадірін білетін адамның ар-ожданы бас көтеруге тиісті. Қоғам егер осындай еркін тұлғалардан құралса, онда үйлесімді, шығармашылық байланыстағы, бірін-бірі түсінетін, әрқайсысы өз құқығын білуімен қатар, өз міндеті мен жауапкершілігін толық сезінетін толыққанды қауымға айналады деп білді. Э. филос. бағыт ретінде ХХ ғ-да қалыптасты. Ол адамгершілік құндылықтар күнделікті тұтынушылық қажеттіліктердің тасасында қалған, техногенді, индустриалды, қатыгез қоғамға қарсылық ретінде туындады. Ғаламдық дағдарыстар мен соғыстар және төніп келе жатқан эколог. апат адамгершілік құндылықтардың құлдырауына, адамның өз қолымен жасалған бірақ, өзіне жат дүниесінде адамның өмірінің мәні мен болмысы жайлы сұрақтар неғұрлым шиеленісе түседі. Адамгершілік құндылықтарға бет бұру бұл бағыттың басты ерекшелігі. Э-ның негізгі өкілдері: М. Хайдеггер, К. Ясперс, Н.А. Бердяев, Ж.П. Сартр, Г. Марсель, А. Камю, сондай-ақ олардың идеялық қолдаушылары: Аугустин, Ф. Шеллинг, С. Кьеркегор, А. Шопенгауэр, Ф.М. Достоевский, Ф. Ницше. Э. еур. әдебиеттің, театрдың, басқа да өнер салаларының дамуына ықпал етті. Қорқынышқа байланысты көптеген шығармалар туындап, оны жену, адамгершілік құндылықтарды адам тіршілігінің баянсыздығы тұрғысынан қарастыру басты тақырыпқа айналды.

**ЭКСТРЕМИЗМ** (лат. *extremus* – ұшқарылық) – саяси және идеологиялық ұшқары көзқарас пен әрекетке бейімділік. Э. – әралуан әлеум.- саяси бағыттағы радикалды партияларға, топтарға, қозғалыстарға (анархия, фашизм, коммунизм, шовинизм, діни фундаментализм, т. б.) тән ерекшелік. Э. саяси өмірдегі көрінісі қалыптасқан қоғамдық құрылымдар мен институттарды тұрақсыздандыру мен бұзуға бағытталған зорлық-зомбылық әрекеттерімен белгілі. Экстремистік әрекеттердің барлығы дерлік халық арасында тынышсыздық туындатуды, арандатуды: террористік акциялар ұйымдастыру, көпшілікті басбұзарлық, тәртіпсіздік қозғалыстарға тартуды көздейді. Э-ді туындататын факторлардың қатарында: әлеум. құрылымдардың күйреуі, бұқара көпшіліктің кедейленуі, экон. және әлеум. күйзеліс, мемл. билік пен оның ин-ттарының әлсіреуі, орындаушылық тәртіптің төмендеуі, бұрынғы құндылықтық жүйенің ыдырауы, т. б. жатады. Э. өз идеологиясында демагогтық ұрандарды қолданып, дұшпанның бейнесін жасап, өшпенділікті өршітуге тырысады және адамдарға қиындықтарды тезірек шешу, тәртіп, әлеум. қамсыздандыру жайлы уәделер береді. Ол үшін еркін ойды басып-жаншып, өздерінің құндылықтық, саяси, идеолог. жүйелерін тезірек орнату керек деп сендіруге тырысады. Экстремистік топ мүшелерінің сана сезімі, қоршаған ортаны қабылдауы, құндылықтық жүйесі, әлемнің санадағы бейнесі өзгерісті күйге түседі. Ұйым мүшелері өздерін қоғамға жат сезініп, ескі қоғамдық құрылымды күрт өзгертіп, ол үшін көтеріліс, төңкеріс, террор сияқты әдістерді қолдануға тырысады. Э. идеология мен практикада жаңа мінсіз қоғам құру туралы идеясымен жастарды, қоғамның неғұрлым белсенді мүшелерін экстремистік әрекеттерге тартуға тырысуымен қауіпті.

**ЭЛЕЙ МЕКТЕБІ** – б.з.б. VI–V ғ-ларда Ежелгі Грекияда болған философиялық мектеп. Оңт. Италиядағы грек колониясы – Элей қ-ның атымен аталған. Өйткені мұнда Э. м-нің ірі өкілдері тұрды. Ілім негізін қалаған Колофондық Ксенофан, ал басты өкілдері элейлік Парменид пен Зенон және Мелисс Самосский болды. Э. м. тұңғыш рет ойлауды (санадағы болмысты) сезімдік қабылдауға (сезімдік қабылдау болмысына) қарсы қойды. Ол адам түйсігінің және сезімдік болмысының тұрақсыз, аумалы-төкпелілігін ескере отырып, танымдағы басты рөлді ойлау процесіне береді. Э. м. философия тарихында тұңғыш рет болмыстың біртұтастығы жайлы ұғымды ұсынып, оны филос. ойдың негізіне айналдырды. Э. м. біртұтас болмысты шындықтың әрбір ұсақ элементінде болатын үздіксіздікті өзгермейтін, бөлінбейтін нәрсе деп түсінді. Кейіннен бір тұтас өзгермейтін болмыс ұғымы Платон мен неоплатонизм философиясының қайнар көзіне айналды.

**ЭЛИТА ТЕОРИЯСЫ** (франц. *elite* – үздік, таңдаулы) – қоғамның ілкі топтарының ерекше миссиясы мен әлеуметтік-саяси және интеллектуалдық белсенділігі және қалған адамдардың енжарлығы туралы теориялар. Бұл теориялар негізделуіне байланысты ажыратылады. Биол. теориялар бойынша биол.-генетик. белгілеріне байланысты (Р. Уильямс, Э. Богардус) адамдарды аса көрнекті және қатардағы, белсенді және енжар, ақыл-есі дұрыс немесе кеміс деп негіздейді. Психол. теорияларда (Г. Джилберт, Б. Скиннер) – біреулердің қабілеттілігі мен екінші біреулердің қарабайырлығына түрткі болатын психол. қасиеттерге сілтейді. Осы сияқты психик.-аналитик., әлеум.-психол., технократтық және ғыл. теориялар бар. Белгілі бір мәселелерді түсіндірудегі алуан түрлі өзгешеліктеріне қарамастан барлық Э. т. үшін: қоғамды әрқашан элитаға және бұқараға бөлетін – адамдардың табиғи тең еместігі туралы; ғыл.-тех. және әлеум. прогрестің қозғаушы күші ретінде элитаның қажеттігі туралы; біреулердің сөзсіз үстемдік етуі және басқалардың сөзсіз бағынышты болуы туралы; көпшіліктің үстінен қарайтын билеуші азшылықтың толық құқылығы мен заңдылығы туралы; тарихи процеске ешқандай игі ықпал етпеуін былай қойып, өз бойына өркениет жетістіктеріне қарсы шығуы мүмкін «іріткі күштерді жинақтаған» бұқараның енжарлығы мен аморфтығы туралы жорамалдар ортақ болып табылады.

**ЭПИСТЕМА** (грек. *epistemos* – білім) – нақты тарихи кезеңдегі білім шеңберін белгілейтін тәжірибеден бұрын ерілген тарихи өзгермелі құрылымдар. Э. ұғымы М.Фуконың «Сөздер мен заттар. Инсаният ғылымдарының археологиясы» төмендегідей жіктелген: Қайта өрлеу (XVI ғ.), классикалық рационализм (XVII–XVIII ғ.), қазіргі Э. (XIX–XX ғ.). Бұл жіктеудің негізі – сөз бен зат арасындағы қарым-қатынас немесе тілдің мәдениеттегі маңызы. Қайта Өрлеу кезеңі үшін сөз бен зат арасында сәйкестік тән, яғни, тіл зат арасындағы зат, классикалық рационализмде тіл ой әйгілеудің құралы, қазіргі кезде тіл өзара дербес күш. Фуконы әртүрлі әңгімелеу рәсімдерінің мүмкіндік аясы қызықтырады. Ол сана мен мәдениеттің түрлі дәрежелік жүйесінде әйгіленетін құрылымдар мен



тәуелділіктерді қалтықсыз қағазға түсіруге тырысады. Таным ақылға сиымды құндылықтар мен дербес қалыптардан тыс қарастырылады. Зерттелуге тиісті нәрсе өрлеу, өңделу барысындағы танымның тарихы емес, оның мүмкіндік кеңістігінің тарихы. Фуконың пікірінше зерттеудің нәтижесінде «тәжірибелік танымның алуан түрлі нұсқасын келтірген білім кеңістігінде пайда болатын кескіндер әйгіленуге тиіс. Мәселе дәстүрлі ұғымдағы тарихтан гөрі археология ұғымына жақындау». Э. мен парадигма белгілі дәрежедегі ұқсастық пен айырмашылық бар. Бұл екеуі де белгілі кезеңнің құрылымдық ерекшелігіне мегзейді. Бірақ егер парадигма ғылымдар арасындағы тәртіп негізіне сүйенсе, Э. танымдық ұстанымның мәдени-тарихи шекарасын ашып береді.

**ЭПОС** (грек. *epos* – сөз, баяндау, әңгіме, өлең) – 1) әдебиеттің тегі. Э-тың жанрлары: аңыз, ертегі, әңгіме, новелла, повесть, роман, роман-эпопея; 2) ауыз әдебиетіндегі генеол.-эпикалық жанрлар: батырлық, қаһармандық, тарихи жырлар, қисса-дастандар. Э-та оқиға баяндау тәсілімен беріледі және бүкіл бір кезең, дәуір кеңінен қамтылып, эпикалық тыныста жан-жақты суреттеледі. Әлемдік Э-тың үздік үлгілері – «Илиада», «Одиссея», «Махабхарата», «Манас», жазба әдебиетіндегі ірі Э-тық шығармалар, Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», М. Әуезовтің «Абай жолы» т. б. Эпостық жырдың көлемі өте ауқымды болады. «Манас» жыры сияқты белгілі қаһарманның өміріне құрылып, кейін оның арғы тегі, тарихын, оқиғаларды тізбектеп, циклдік жүйемен ұзақ баяндалуы мүмкін. «Қырымның қырық батыры» деген қазақ жырын алсақ, онда тұтас бір дәуірдің ұрпақ ауысу арқылы жырланғанын көреміз. Сонымен қатар эпостық жырда қиял-ғажайып ертегіге ұқсас құбылыстар кездеседі: батырлар суға салса батпайды, отқа түссе күймейді. Батырдың аты да, қаруы да, әйелі де киелі. Әсіресе, батырдың аты мен әйелі оның ақылы мен икемділігінің бейнесі іспетті.

**ЭТИКА** (грек. *ethos* – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын ежелгі теориялық пәндердің бірі. Термин және айрықша зерттеу пәні ретінде өз бастауын Аристотель еңбектерінен алады. «Э.» термині Аристотельдің ар-ождан мәселесіне арналған үш шығармасының («Никомах этикасы», «Евдем этикасы», «Үлкен этика») атауына кірген. Аристотель Э. жайлы сөз қозғағанда негізгі үш мәселеге тоқталып, этик. теория, этик. кітаптар, этик. іс-тәжірибе туралы айтады. О баста грек тіліндегі Э-ның латын тіліндегі баламасы ретінде мораль қолданылса, кейіннен білім беру дәстүрінде Э. – ілім мәнінде, мораль – оның пәні ретінде қарастырылды. Әдетте, Э-лық ой-толғамдар адамдардың мінез-құлықтары мен салт-дәстүрлерінің әралуан екендігін баяндаудан басталады. Сократ әр-түрлі мінез-құлықтарды бағалап, саралау үшін парасатқа жүгіну керек деп білді. Платон адам жан-жақты ұйымдастырылған мемлекетте өмір сүріп, оның басшылығын дана-философтар атқарғанда ғана рухани және мінез-құлық кемелдігіне жете алады деп білді. Парасат иесі ретінде өз мүмкіндіктерін жүзеге асырған адам, өз өмірінің жоғ. мақсатын айқындап, мемлекеттің негізі болып

табылатын саясатқа, экономикаға Э-лық нормалармен жетекшілік жасайды.

Э. ұғымы жайлы Д.Юмның «Адамның табиғаты» туралы трактатында жан-жақты айтылады. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында Э. ұғымының баламасы ретінде ар-ождан ұғымы қолданылып, негізгі тақырып ретінде ұсынылған.

**ЭТНОС** – этникалық қауымдастық. Э. термин ретінде б.з.б. VI–V ғ-ларда Грекияда қалыптасып, алғашқыда «тайпа, шығу тегі грек емес халық» деген мағына берді және XVIII ғ-ға дейін ғыл. айналымға ене қойған жоқ. XIX ғ-дағы ғыл. әдебиеттерде ол «халық» мағынасында пайдаланылды. Э. түсінігінің ғыл. анықтамасын неміс этнологы А. Бастиан, орыс ғалымы С.М. Широкогоров жасауға ұмтылды. XX ғ-дың 60-жылдарына дейін кеңестік ғылымда этнология дербес ғылым статусын иемденбегендіктен Э. термині мүлде қолданылған жоқ. Кейіннен 1960–70 ж. кеңестік зерттеушілер С.А. Токарев, Ю.В. Бромлей, Л.Н. Гумилев, т. б. тарапынан Э-тың ғыл. мән-мағынасы мен қолданыстағы орны нақтыланды. Қазіргі таңда Э-қа өзіндік жалпы белгілері мен ерекше мәдениеті, психологиясы, тілі, сонымен қатар өз қауымы мен атауын сезінетін белгілі бір аумақта тарихи тұрғыдан қалыптасқан адамдардың тұрақты био-әлеум. қауымдастығы ретінде баға берілген.

**ЮМ Дэвид** (26.04.1711, Эдинбург, Шотландия, – 25.08.1776, сонда) – **Ю**

ағылшын философы, тарихшы, экономист, публицист. Ю. жаңаеуропалық агностицизмнің негізгі принциптерін жүйелеп, позитивизмнің бастауында тұрды. 1739–40 ж. «Адам табиғаты жайлы трактатын» жариялады. Отанында Ю. «Эссе» (1741) атты қоғамдық-саяси, моральдық-эстетик. және экон. тақырыпқа арналған еңбегімен, ал, Францияда «Діннің негізгі тарихы» шығармасымен кеңінен танылды. Психик. детерминизм тұрғысынан ерік-жігер бостандығын жоққа шығарып, Беркли дамытқан субстанция сынын қолдана отырып, рухани субстанция ұғымын сынады. Социологияға байланысты пікірлерінде Ю. «билік құдайдан» деген ежелден келе жатқан идеяға да, мемлекеттің шығуына байланысты өз заманындағы басқа пікірлерге де қарсы болды. Ю-нің пікірінше қоғам отбасылардың ұлғайып өсуімен пайда болған саяси билік немесе халық бағынып үйренген «әскери билік». Оның заңдылығын билікте ұзақ уақыт тұруымен және жеке меншікті қорғай білуімен анықтауға болады. Ю-ның позитивистік идеяларының ықпалымен XIX–XX ғ-ларда эмприокритицизм, неопозитивизм, лингвист. философия сияқты позитивистік ілімдер дамыды.

**ЯН мен ИНЬ** – дәстүрлі қытай мифологиясының һәм философиясы- **Я**

ның басты космологиялық түсініктері. Бұлардың ең жалпы мағынасы, Я. – аспани дүниеге сілтесе, И. – жердегі әлем. Бұлардың қосарланған бол-мысы және жұп жазбауы бүкіләлемдік процесстердің, адам өмірінің, таза танымның және есті әрекеттердің мәнісін түсіндіреді. Я. мен И-ге дүниені тәртіптеуші күш ретінде көрінеді. Сонымен қатар И. менен Я. Төмендегі-дей сипаттар тән: әйелдік және еркектік, қараңғы және жарқын, суық және

жылы, жұмсақ және қатты, нұсқа беруші және нұсқа қабылдаушы, туушы және тудырушы. Бірте-бірте бұл сипаттар субстанциялық қағида тудырушы ци ұғымына ауысады. Я. мен И. – жеңіл аспани және ауыр жер субстанциясы. Әсіресе, Я. менен И. қарым-қатынасын және оның нақты өзгеруін тану арқылы әлемдік болмыстың оқиғалық нұсқасындағы жалпы мен қатар жалқыны да қабылдау мүмкіндігі туралы ұғым аса маңызды еді. Осы қағидаға Қытайдың ең беделді көне кітабы «И-Цзин» (Өзгеріс кітабы) құрылған. Барлық әлемдік даму Я. менен И. қарым-қатынасынан туындайтын оқиғалар алмасуынан тұрады. Символикалық түрде Я. тұтас горизонталды, ал И. үзік сызық ретінде бейнеленеді. Олардың жұптары 64 гексаграммаға біріктіріледі. Гексаграммадағы әрбір сызық оқиғаның дамуын көрсетеді. Я. менен И. байланысты жарық және көлеңке сызықтар арқылы қытайлықтар өзінің қазіргісі мен болашағын тануға талпынған. Себебі Я. мен И. космос пен адамзаттың барлық нүктесіне кірігулі болғандықтан адам денесіндегі белгілі байланысы белгілі әрекетке жетелеп, өмірлік күш ци-ге ықпал ету арқылы денсаулық пен психологияға ықпал еткен. Дүниетанымның қоснұсқалығы, әлемдік тірлікті қарама-қайшы күштердің қарым-қатынасы ретінде қабылдауы қытай философиясының ерекшелігін құрап, оның саяси-әлеуметтік, этикалық және ритуалдық болмысына әсер етеді. Іс жүзінде мұнда ешбір метафизикалық түсініктің нышаны да жоқ. Бірақ көріпкелдік мәселесіндегі И-Цзинның өте үлкен беделділігі Я. менен И. ерекше аналитикалық мүмкіндігіне нұсқайды.

**ЯСПЕРС Карл** (1883–1969), неміс ойшылы және психиатры, экзистенцияшылдар ілімінің белді өкілі. Оның түсінігінше, экзистенциализм – біздің нақты болмысымыз және трансцендетті ұмтылыстарымыз арасындағы, ғылым мен дін арасындағы айырмашылық. Білімнің таным ісіндегі жеңілісі, адамзат талпынысындағы бақыт ұғымының жеңілісі – нақты жоруы жұмбақ құдайы белгілер. Я. бұрынғы ақыл күшіне сүйенген ойшылдар зерттемеген азап, айқас, күнә, өлім ұғымдарын зерделейді. Адамаралық қатынастарды ол махаббатты қастандық деп атайды. Белгілер ілімі мен діни сезімінде Я. философиясы шарықтау шегіне жетеді. Я. әсіресе «Тарихтың мағынасы мен мәні» деген 1949 жылы шыққан тарихтану еңбегі құнды. Адам мен тарих адамзат болмысының негізқалаушы өлшемі. Бұл тұрғыда Я. басты ұғымы ситуация: тарихтың белгілі сәтіндегі қайталанбас оқиғалар легі тарихтың сол дәуірдің өзгешелігін құрайды. Тарихты ғылым арқылы болжаудың мүмкін еместігін дәлелдей отыра, Я. әлемдік процесстің нақты болмысын негіздіген төрт кезенді атап өтеді. Я-ше, бірінші екі кезенде адамзатта тіл, еңбек құралдары мен от тұтату қабілеті пайда болған. Осы жаңалықтардың нәтижесінде Үндістан, Мысыр, Бабыл мен Қытайда б. з. д. үшінші-бесінші мыңжылдықтарда биік мәдениет өркендейді. Үшінші кезең – кіндікті уақыты, немесе, пайғамбарлар дәуірі (б. з. д. VIII–II ғғ.). Адамзат

өзін өзі ұғып, өзінің мүмкіндіктерімен қатар, жауапкершілігін сезініп, жергілікті тарихтан әлемдік тарихи кірігуге көшеді. Төртінші кезеңде (XVII–XX ғғ.) Еуропада ғылыми-техникалық цивилизация қалыптасады. Егер Я. саяси-этикалық ізденістеріне келсек, 1946 жылы ол неміс ұлтының тарихи күнәсін мойындаған «Күнә туралы мәселе» еңбегін шығарады, 1958 ж. шыққан «Атом бомбасы мен адамзат болашағы» жұмысы соғыстан кейінгі салқынқабаттықтың мәдени-психикалық маңызын зерделейді, 1967 жылы шыққан «Германия қайда барады?» кітабы ГФР өміріндегі авторитарлық қаупіне тоқталады.

## МАЗМУНЫ

<b>Оқырман назарына .....</b>	<b>3</b>
<b>Алғы сөз.....</b>	<b>4</b>
<b>А.....</b>	<b>7</b>
<b>Ә.....</b>	<b>96</b>
<b>Б.....</b>	<b>117</b>
<b>В.....</b>	<b>149</b>
<b>Г.....</b>	<b>156</b>
<b>Ғ.....</b>	<b>181</b>
<b>Д.....</b>	<b>190</b>
<b>Е.....</b>	<b>229</b>
<b>Ж.....</b>	<b>241</b>
<b>З.....</b>	<b>264</b>
<b>И.....</b>	<b>273</b>
<b>Й.....</b>	<b>304</b>
<b>К.....</b>	<b>305</b>
<b>Қ.....</b>	<b>331</b>
<b>Л.....</b>	<b>350</b>
<b>М.....</b>	<b>361</b>
<b>Н.....</b>	<b>390</b>
<b>О.....</b>	<b>399</b>
<b>Ө.....</b>	<b>404</b>
<b>П.....</b>	<b>406</b>
<b>Р.....</b>	<b>416</b>
<b>С.....</b>	<b>426</b>
<b>Т.....</b>	<b>452</b>
<b>У.....</b>	<b>485</b>
<b>Ұ.....</b>	<b>488</b>
<b>Ф.....</b>	<b>494</b>
<b>Х.....</b>	<b>504</b>
<b>Ч.....</b>	<b>511</b>
<b>Ш.....</b>	<b>511</b>
<b>І.....</b>	<b>516</b>
<b>Э.....</b>	<b>517</b>
<b>Ю.....</b>	<b>523</b>
<b>Я.....</b>	<b>523</b>

# ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

Редактор:

Мұқабаның дизайнын жасаған және беттеген

Басуға 2021. Пішімі 170/240 Шартты  
баспа табағы 32,8. Офсеттік басылым.  
Таралымы 1000 дана.